Stanford University Libraries
3 6105 210 245 127

Digitized by Google

Digitized by Google

Digitized by Google

Digitized by Google



Казакстан мугалімі

11

Digitized by Google



Дарбай Әбенов — «Эмбанефтъ» өндірістік бірлестігінің Балықшы барлау-бұрғылау басқармасының мұнай мен газ скважиналарын пайдалану мен бұрғылау бұрғышысы. Ол еңбектегі үздік жетістіктері үшін 1983 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы лауреаты атағына ие болды. Тәжірибелі тәлімгер өз білімін жас жұмысшылармен алмасады.

Суретті түсірген **Е. Шлей** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

11 ИЮНЬ 1984

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVI СЪЕЗІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ТОЛЫҚ ОРЫНДАЙМЫЗ

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі», № 11. 1984 ж.

НОМЕРДЕ:

ҮГІТШІНІҢ БЕСЖЫЛДЫҚҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ

У. Ноғайбаев. Экономикалық тұрғыдан мүдделілік 2
Бесжылдықтың еңбек ырғағы 3

КОМПЛЕКСТІ ТӘРБИЕ АЯСЫ

Ж. Боданов. Ортақ қазына 4

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

В. Павличенко. Әйел-ана туралы қамқорлық 6

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

К. Саржанов. Көгілдір айдын сыйы 7

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

С. Досқожаев. Техникалық творчество көкжиегі 9

ОТ-ЖАЛЫНДЫ ЖЫЛДАР ШЕЖІРЕСІ

Ұлы туысқандық жеңіп шықты (3 июль — Минскінің неміс-фашист басқыншыларынан азат етілуінің 40 жылдығына) 11
Халық ерлігі мәңгі жасайды (Цифрлар мен фактілер) 13

ҰСТАЗ ТРИБУНАСЫ

Ағалар тәжірибесі — жастарға 14

БІЗ ТҰРАТЫН ЖЕРДЕ

Демалыс күні маршруттарымен 20

МӘДЕНИЕТ ПЕН МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б. Ысқақов. Оянған өлке ақыны 23

ӨМІРГЕ ЕНГЕН ЖАҢА ҒҰРЫПТАР МЕН ДӘСТҮРЛЕР

М. Тәжин. Бүгінгі басты міндет 25

СҰРАҚҚА ЖАУАП

А. Бұлғақбаев. Жаңа кодекс 27

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ӘҢГІМЕЛЕР ҮШІН

Екі дүние — екі өмір салты 29

Digitized by Google

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН МҮДДЕЛІЛІК

У. НОҒАЙБАЕВ,
Жаңа Жамбыл фосфор заводы № 2 агломерация цехының смена мастері, үгітші

Заводта көптен бері еңбек етемін, онымен бірге жобалау, құрылыс, технологиялық, ұйымдастыру сатыларын, даму қиыншылықтарын өткердім, енді қазір завод тұрақты жұмыс ырғағына көшті деп кәміл сеніммен айтуға болады. Өткен жылдың қорытындылары, үстіміздегі жылдың өткен айларының нәтижелері осы жайлы әңгімелейді. Мысалы, біз өткен жылдың жоспарын 16 ноябрьде орындадық, жоспардан тыс көптеген мың сомның өнімін өткіздік.

Дегенмен біздің қаншалықты нығайғанымыз туралы, әлбетте, адамдардың туған заводқа деген қарым-қатынасы бәрінен де айқын дәлел болады. Мысалы, бұрын кадрлардың тұрақтамаушылығы бізді қатты қинады. Қазір біз бұл туралы тіпті еске алмаймыз. Мысалы, мен мастер болып істейтін «Д» сменасында алғашқы жұмысшыларды пенсияға шығарып салдық. Олар — газ тазалау операторлары М. Яковлева, В. Шумилова, шихта мөлшерлеуші Л. Валькавская, Ф. Гуляева. Әйтсе де олардың ешқайсысы жұмыс істеуін тоқтатқан жоқ. Адамдардың денсаулығы жақсы, еңбек жағдайы көңілден шығады, жақсы топтасқан коллектив, — міне, бұл әйелдерді заводта қалдырды.

Өз күшімізге деген сенім біздің басқа да бірқатар кәсіпорындармен бірге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мақұлдаған еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1,5 процент арттыру және өнімнің өзіндік құнын қосымша 0,6 процент кемітуі туралы бастама көтеруімізге право берді.

Белгіленген жоспардың ақиқатқа айналуы үшін осы екі цифрды әрбір жұмысшының сана-сезіміне жеткізу, олардың қалай құралатынын іс жүзінде көрсету қажет болды. Әрбір цехта, сменада, бригадада түсінік жұмыстары жүргізілді. Саяси хабаршылар , үгітшілер, цех бастықтары, партия тобы жетекшілері жұмысшы аудиториясының алдында сөз сөйледі. Партия және комсомол оқуы, экономикалық білім беру жүйесінде бірыңғай тақырып бойынша сабақтар өтті.

Бұл күндері біздер, үгітшілер ерекше жауапкершілікті сезіндік. Мысалы, сменаның аға агломератшысы Н. Кословцев сияқты үгітшілеріміздің әңгімелерінде мен үшін ерекше маңызды не? Оның жалпы қағидаларды әрдайым нақты мысалдармен, практикалық кеңестермен нығайтуы маңызды. Заводтың байырғы жұмысшыларының бірі ретінде оның өз білімін жаңадан келгендермен алмасуын тыңдаудың өзі бір ғанибет. Жұмыстағы іркілістерге қарсы күреске ерекше назар аударады. Үгітші агломашинаның бір сағат тоқтап қалуы цехқа мың сомнан астам мөлшерде шығын келтіретінін есептейді.

Біз сменада күн сайын қайсыбір мәселе бойынша әңгімелер өткіземіз. Адамдардың назарын ең бастысы — біздің жарыста не нәрсеге және қалай қол жеткізгенімізге, нені жедел түзеуге аудару үшін бес-жеті минуттың өзі жетіп қалады. Бүгінде біздің әрқайсысымыз жоспардан тыс процентердің артында не тұрғанын жақсы білеміз. Еңбек өнімділігін 1,5 процент арттыру— бұл завод үшін қосымша 2 миллион сом, өзіндік құнды 0,6 процент кемітуі— тағы 900 мың сом береді.

Кәсіпорында кез келген адамнан сұрасаңыз, ол еш кідірместен осы цифрларды атайды.

Коллективтің өндірістік өмірі — қиындықсыз емес: бірде шикізат дымқыл күйінде түседі, енді бірде уату машина істен шығып қалады. Сондықтан да біз еңбек өнімділігін арттыру жолдарын іздестірудеміз. Бұл үшін ерекше бір нәрсенің қажеті жоқ сияқты. Іркіліссіз жұмыс істеп, электр энергиясын, коксты ұқыпты жұмсау қажет. Және бұл көп жағдайда біздің әрқайсысымызға тәуелді. Біз бір оралымсыздықты байқап қалсақ, «түзеліп кетер» деп отырмаймыз. Бірден шаралар қабылдаймыз.

Біздің активистер әріптес жолдастарымен тиісті жұмыстар жүргізеді, әрқайсысының ортақ істің жоғары нәтижелеріне деген жауапкершілігі мен мүдделілігін арттыруға тырысады. Агломератшылар мердігерлікпен жұмыс істейді және біз сменада слесарь-электрик К. Жүнісов пен слесарь-механик С. Тойшиевтың бәрімен бірдей еңбекке қатысу коэффициенті бойынша сыйлық алуына қол жеткіздік.

Сменадағы жұмыстың жақсаруына ұстаздық та ықпал етеді. Біздің жастарымыздың үйренетін, өнегеге алатын адамдары баршылық. Аға агломератшы М. Башко, салқындатқыш операторы

Digitized by Google

Б. Сапарбаев, смена бастығы, тәжірибелі жұмысшы О. Досанов сияқты еңбеккерлер оларға әрдайым көмекке келеді, ақылын айтады. Ал цех бастығы Виктор Николаевич Семеновты жұмысшылар агломерация «профессоры», сонымен бірге нағыз педагог деп те атайды— ол тәрбие жұмысын шебер жүргізеді.

Жоғары міндеттемелердің орындалуы — біздің қолымызда екеніне кәміл сенемін. Бұл әрбір адамның өз жауапкершілігін, өз парызын қаншалықты сезінуіне байланысты. Бұл туралы біз өз әңгімелерімізде талай рет айттық. Содан мынадай қорытындыға келдік: әзірге біз бригадалық мердігерліктің күшін нашар пайдаланамыз. Оның жекелеген элементтері ғана енгізілді. Мысалы, біз еңбекке қатысу коэффициентін толтырғанмен, бригада советінің протоколы бухгалтер үшін сенімді документ бола бермейді. Мердігерліктің басқа құрамдас бөлімдерімен де жағдай осындай. Ал шаруашылық есеп негіздерін жер-жерде енгізу және жетілдіру қажеттігі туралы пікірді К. У. Черненко жолдас бірнеше рет атап көрсетті. Ол сонымен қатар материалдық көтермелеуде гиісінше әділдік, ал кейде тіпті, керек десеңіздер, жомарттық та жетіспей жататынын атап көрсетті. Осы талапты біздің де жүзеге асыруымыз қажет.

Сонымен қатар бізде моральдық факторлар да елеулі роль атқара алар еді деп ойлаймыз. Кейде біз шаруагерлік, алғырлық танытқан, қиын сәтте жолдасына көмектескен, өзінің кәсіптік шеберлігінде бір саты жоғары көтерілген, оқуда, қоғамдық істерде көзге түскен адамдар туралы жылы лебіз білдіру мүмкіндігін қалыс қалдырамыз. «Молнияларды», «жауынгерлік листоктарды» әлі де аз шығарамыз, ал қабырға газеттері, негізінен, мерекелер қарсаңында ғана шығады. Ал әрбір адамның қосқан үлесін әділ бағалау, кең жариялылық, пікір алмасу, іскер өзара сын адамдардың белсенділігін дамытуға, олардың экономикалық ой-пікірін, өндіріске шаруагерлікпен қарауды қалыптастыруға бұрынғыдан да жақсы көмектесер еді.

Жазып алған А. БЕКТҰРҒАНОВА.

Бесжылдықтың еңбек ырғағы

Павлодар. Дүниежүзілік және отандық практикадағы салмағы 30 мың тоннадан асатын көмір тиелген алғашқы эшелон Екібастұз станциясынан Урал электр станциясына сапарға шықты.

Еліміздің темір жолдары арасында ауыр салмақты поездарды жүргізу жөніндегі біріншілікті берік ұстай отырып, Тың магистралінің еңбеккерлері жыл соңына дейін салмағы 20 мың тоннадан астам составтардың жүйелі қозғалысын ашуды ұйғарды.

Шымкент. Қазақстанның оңтүстігіндегі шөлейтті жерлерден қайтарып алынған жаңа Қызылқұм алқабы күріш өсірушілерінің әрбір жұмыс минуты салмақтырақ бола түсті. Мамандандырылған сегіз совхоз коллективі жаппай тұқым себуге кірісті. Шаруашылық есептегі бригадалардың бәрі әр гектардан 50—60 центнерден — жоспардағыдан қыруар көп астық алуды белгілей отырып, жармалық дақылдарды өсірудің индустриалдық әдісін меңгереді.

Қарағанды. «Казметаллургстрой» тресі «Прокатстрой» басқармасының коллективі он бірінші бесжылдықтың төрт жылының тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады. Қазақстан Магниткасының әртүрлі объектілерін өз күштерімен салуда 7 миллион сомнан астам қаржы игерілді.

Өндірістің тәжірибелі ұйымдастырушылары — аға прорабтар А П. Василюк, А. Н. Ашратзянов, бригадирлер Н. М. Гольцев, В. А. Бронников, Ю. А. Скударный, А. И. Алешкевич басқаратын еңбек коллективтері социалистік міндеттемелерді орындау үстінде үздік еңбек етті.

Алматы. Октябрьдің XX жылдығы атындағы Алматы заводы тұтынушыларға жаңа модельді токарь станоктарының алғашқы партиясын жөнелтті. Ол бұрынғы станоктардан өндеу жұмысының жоғары дәлдігімен, металдың аз жұмсалуымен ерекшеленеді, бұрынғылардан екі есе қуатты.

Ақтөбе. «Актюбхимпласт» бірлестігінің коллективі биыл табысты еңбек етуде. Бұйымдардың жеті түрі құрметті бес бұрышпен шығарылады. Жуырда Алматыда өткен жәрменкеде оған республиканың көптеген кәсіпорындары қатысты, «Актюбхимпласт» мамандары халық тұтынатын товарлардың 27 жаңа түрлерін ұсынды, олардың көпшілігі «Новинка» белгісімен шығарылатын болады.

Digitized by Google

ОРТАҚ ҚАЗЫНА

Адамдарға, ең алдымен жастарға патриоттық және интернационалдық тәрбие беруде музейлерге жауапты роль жүктелуде. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумы бұған айрықша назар аударды.

Біздің Жамбыл облысында қазір облыстық тарихи-өлкетану музейі, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» музей-қорығы және 20-дан астам қоғамдық және мектеп музейі жұмыс істейді. Осы мәдениет ошақтарының бәрі партия ұйымдарының партия мен халықтың революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін насихаттауларына көмектеседі.

Қала жұртшылығы 1981 жылы облыстық тарихи-өлкетану музейінің 50 жылдығын салтанатпен атап өтті. Музей үлкен жолдан өтті. Музейдің алғашқы ғылыми-тақырыптық экспозициялық жоспарын қазіргі белгілі ғалым, өнертану ғылымының докторы Л. И. Рempel жасады.

Қазір музей қала орталығындағы ең жақсы үйлердің біріне орналасқан. Оның жалпы көлемі 1455 шаршы метр, ал музей қорында 20 мыңнан астам экспонат бар. 13 залда біздің өлкеміздің көне дәуірден қазіргі күнге дейінгі жолы жақсы бейнеленген.

Совет дәуірі бөлімінің экспозициясы онда орталық орын алады, ол өлке территориясында Совет өкіметін орнатып, нығайту тақырыбымен ашылады. Олар үнемі жаңартылып, облысымыздың экономикалық, әлеуметтік және рухани өмірінде болып жатқан өзгерістерді кеңінен бейнелейтін өнімдердің жаңа түрлерімен, документтермен, суреттермен толығуда. Оларды жинау үшін облыс аудандарына экспедициялар ұйымдастырылады.

Бізде жинақталған Ұлы Жібек жолының бойында жатқан қала — орта ғасырлық Тараздың материалдық мәдениеті бұйымдарының көлемді коллекциясы үлкен ғылыми және тәрбиелік құнды заттарды бейнелейді, Ленинград, Алматы, Фрунзе ғалымдары осы экспонаттарды жиі қарайды.

Жыл сайын музейде 46 мың адам болады. Олармен үлкен жұмыс жүргізілуде. Музейдің кәсіпорындармен коллективтік шарттар жасауы, лекциялар оқу, жылжымалы сурет көрмелерін ұйымдастыру үшін еңбекшілер мен оқушылар коллективтеріне бару, қаланың бірқатар мектептеріндегі тақырыптық сабақтар өзін толығынан ақтауда. Музей қызметкерлерінің маршруты шалғай мал шаруашылығы учаскелері мен егіс бригадаларына дейін созылады. Қызықты кездесулер клубының мәжілісі тартымды өтеді.

Музейдің салтанаттар залында октябряттардың таңдаулы топтарын пионерге қабылдау, пионерлер дружиналарының облыстық слеттерін өткізу дәстүрге айналды.

Музейдің көркемөнер бөлімі жергілікті суретшілер еңбектерінің көрмесін ұйымдастырады. Жылжымалы көркемөнер көрмелері аудандық мәдениет үйлерінде қойылады. Бірқатар жылдардан бері Жамбыл қаласының оқушылары үшін бейнелеу өнері жөнінен лекторий жұмыс істейді. 1981 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша облыстық музей Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің вымпелімен наградталды.

Облыстық музейге қоғамдық негіздегі музейлерге методикалық көмек беру міндеті жүктелді. Ал осы қоғамдық музейлерде 18 мыңнан астам бұйым сақталады, өткен жылы ғана оларда 26 мыңдай адам болды. Музей ісінің энтузиастары үшін музей заттарын дұрыс есепке алып, сақтау, экспозицияларды әзірлеу мәселелері жөнінен семинарлар өткізіледі, жеке-жеке кеңестер беріледі.

Осы көмектің пәрмеңділігі жайлы мына факті әңгімелейді: алғашында қоғамдық негізде жұмыс істеген 2 музей соңғы бірнеше жылда облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалдары болды. Осы филиалдар жастарды өз өлкесін, өз облысымыздың ғана емес, бүкіл республикамыздың абырой-даңқын көтеруші адамдар үшін мақтаныш сезіміне тәрбиелеу жөнінен үлкен жұмыс жүргізеді. Халық ақыны әрі композитор Кенен Әзірбаевтың Красногор ауданындағы әдеби-мемориалдық музейі — аса танымал болды. Музей залдарына саяхат ақынның магнитофонға жазылған күмбірлеген дауысын естуден басталады. Музей қорларында Кенен Әзірбаевтың творчествосы жайында сыр шертетін «Жамбылдың ізбасары», «Кененнің қанаты» атты деректі фильмдер бар.

Музейдің Мойынқұм филиалының экспозицияларында аудан жетістіктері, оның атақты адамдары—екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ж. Қуанышбаевтың, Социалистік Еңбек Ерлері Д. Итба-

Digitized by Google

сова мен К. Біртаевтың істері көрсетілген. Филиал қызметкерлеріне партия ұйымдары үлкен көмек көрсетеді. Мойынқұм аудандық партия комитетінің бірінші секретары А. Назарбеков музей советінің председателі.

Жаңатас қаласындағы Қаратау өндірістік бірлестігінің бертінде құрылған еңбек даңқы музейі оқушыларға кәсіптік бағдар беру, жастарды тәрбиелеу орталығына айналды. Музей экспозициясы кеншілердің Мәдениет сарайы үйіне қойылған.. Музей энтузиастары сарай қызметкерлерімен бірге еңбек ардагерлері мен өндіріс озаттарын атауға қатысады.

Жамбыл ауданының «Аққөл» колхозының музейі селодағы таңдаулы музейлердің бірі болып табылады. Оның экспозициясы облыстық музей қызметкерлері жасаған тақырыптық-экспозициялық жоспар бойынша құрылған. Ол жаңа Мәдениет сарайына орналасқан.

Талас ауданының Тамды селосында ауыл шаруашылық құралдарының қызықты музейін ескінің көзін ардақтай білетін К. Төлепбергенов құрған.

Облыстық музейдің қызметкерлері «Пионерлер мен оқушылардың «Менің Отаным — СССР» деген Бүкілодақтық туристік өлкетану экспедициясына» қатысушы таңдаулы экспедициялық отрядтар өкілдері облыстық слетінің жұмысына белсене қатысады. Олар іздестіру және бұйымдарды жинау саласында экспедициялық отрядтарға берілетін тапсырмаларды әзірлейді. Ал қазір мұндай жұмыс бізде әр мектепте дерлік жүргізіледі. Слет барысында ұйымдастырылатын көрмелер көрнекі түрде көрсеткеніндей, балалар өз жерлестері, айналадағы табиғаттың байлығы мен алуан түрлігі, ауызша халық творчествосының тамаша үлгілері, қазақ халқының декоративті-қолданбалы өнерінің бұйымдары туралы көптеген жаңа және қызықты жайларды біледі.. Мерке, Шу, Талас және Қордай аудандарының, Қаратау мен Жаңатас қалаларының оқушылары құнды материалдарды ұсынады. Жамбылдың В. И. Ленин атындағы № 1 мектебінің музейі мектептердің көне музейлерінің бірі болып табылады. Онда 2 мыңнан астам экспонат бар.

Бізде балалардың тарихи түрғыдан құнды болып табылатын, өздері тапқан документтерді салтанатты жағдайда тапсыруы жақсы дәстүрге айналды. Жамбылдың Калинин атындағы мектебінің оқушылары осы дәстүрдің негізін қалады. Олар Отанымызды қорғаушылардың, өз жерлестерінің жеке заттары мен суреттерін музейге сыйға берді. Шу ауданындағы Новотроицк селосының пионерлері Кавказдың ерлік қорғанысына қатысушы Мәметбек Жаңғылбаевтың сөмкесін, қызыл әскер кітапшасы мен наградаларын тапсырды. Қордай ауданындағы Трудовик селосының оқушылары бірегей сақ дулығасын тауып, музейге берді.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына әзірлікке байланысты музей үлкен жұмыс жүргізеді. Облыстық музейде соғыс ардагерлерімен кездесулер өтеді. Совет Одағының Батырлары Н. Г. Фазлаев пен А. Ф. Петров, соғыс ардагерлері С. К. Керімбаев, В. И. Шубин, К. Сүгірбеков және басқа жолдастар оларда жиі болып тұрады. Оқушылар мен студенттердің өздері де ардагерлер үшін әдеби-музыкалық композициялар әзірлейді. Мұндай кездесулер есте ұзақ сақталады.

Музей қызметкерлері көктем мен күзгі айларда әскерге алынатын жастар алдында лекциялар оқиды.

Жамбыл локомотив депосы жауынгерлік және еңбек даңқы музейінің әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі жемісті жұмысын айрықша атап өткіміз келеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жамбылдық теміржолшылар есімдері жазылған обелиск музей үйі алдында тұрғызылған. Экспозицияларда соғысқа қатысушылардың документтері, хаттары, суреттері, жеке заттары көптеп қойылған. Жамбылдықтар азаттық шайқасы барысында қаны төгілген барлық батыр қалалардың топырағы салынған урналар осында сақталады.

Локомотив депосы музейінің залдарында жастарды армияда қызмет етуге салтанатты жағдайда шығарып салады. Бертінде облыстық тарихи-өлкетану музейі локомотив депосының жауынгерлік және еңбек даңқы музейімен бірлесіп, Берлинге шабуыл жасаушы әскерлерге қару-жарақ жеткізуге қатысқан Н. Т. Алферинмен кездесу өткізді. Социалистік Еңбек Ері Т. Аппаевпен, еліміздің құрметті теміржолшылары Б. Пірмановпен, А. Г. Воробьевпен депо музейінде кездесу темір жол училищесі оқушыларының жадында ұзақ сақталады.

Облыстың партия ұйымдары тәрбие жұмысында, КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь және 1984 жылғы февраль, апрель Пленумдарында ұсынылған үлкен міндеттерді жүзеге асыруда музейлердің ролін көтере түсуде. Қалалар мен аудандарда қоғамдық негіздегі музейлерді дамытудың жоспарлары бар. Идеология активінің тәрбие жұмысында музейлер мүмкіншіліктерін жақсы пайдалануына қамқорлық жасалуда. Облыстық музей қызметкерлерінің сөз сөйлеуі партия және совет қызметкерлерін даярлау курстарының программасына енгізілді. Музейлерде үгітшілердің, саяси хабаршылардың, ұстаздардың, мектептер мен басқа оқу орындары оқытушыларының семинар сабақтары жүйелі өткізіледі. Музейлердің мол байлығы олардың күнделікті жұмысына көмектесуде.

Ж. БОДАНОВ.

Digitized by Google

Жалпы саяси мәселелер жөніндегі әңгімелер үшін

ӘЙЕЛ-АНА ТУРАЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Совет өкіметі орнаған алғаш күндерден-ақ біздің елімізде балалар мен аналар, семьяны нығайту және жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу туралы қамқорлық Коммунистік партия мен мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Жүкті әйелдерге, көп балалы және жалғызілікті аналарға мемлекеттік көмекті ұлғайту, аналар мен балаларды қорғауды күшейту, «Ардақты ана» жоғары атағын тағайындау және «Ана даңқы» ордені мен «Ана» медалін бекіту туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 8 июльдегі Указы мұның жарқын дәлелі. Он бала тәрбиелеп өсірген аналар үшін «Ардақты ана» құрметті атағын, «Ардақты ана» орденін тоғыз бала өсіргенде — бірінші дәрежелі Ана даңқы орденін, сегіз бала тәрбиелегенде екінші дәрежелі «Ана даңқы» орденін, жеті баласы болса үшінші дәрежелі «Ана даңқы» орденін, алты баласы болса — бірінші дәрежелі «Ана медалі» мен бес бала тәрбиелеп өсірген аналарға екінші дәрежелі «Ана медалін» тапсырады.

Құрмет белгілерін тапсыру әйел-анаға тұрақты өсіп келе жатқан жан-жақты мемлекеттік қамқорлықпен ұштастырылады. Еліміз экономикалық қиыншылықтарды бастан өткерген Ұлы Отан соғысы кезінде әйел-аналарға материалдық көмек көрсетудің кең программасы қарастырылды. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 12 сентябрьдегі қаулысымен семьяның әр мүшесіне шаққанда орташа жиынтық табысы айына 50 сомнан аспайтын жұмысшыларға, қызметшілерге, колхозшылар мен басқа да азаматтарға ай сайын 12 сомнан жәрдем беру енгізілді.

Осы көмектерді төлеу үшін Қазақстанда жыл сайын 96 миллион сомнан астам мемлекеттік қаржы жұмсалады. Балаларды тәрбиелеу жалпыхалықтық сипат алуда. Бұл үшін әйелдер мен балалар консультацияларының және поликлиникаларының, бала бақшалары мен ясли-лерінің жүйесі көңінен дамытылуда. Оларды балалар бақшасында, үйлерінде, ясли-лерінде, пионер лагерьлері мен мектептен тыс мекемелерде тәрбиелеуге мемлекет жыл сайын 5 миллиард сомнан астам қаржы бөледі. КПСС XXVI съезі балаларға қоғамдық және семьялық тәрбие беруді тиімді ұштастыруды қамтамасыз етіп, жұмыс істейтін аналардың жағдайын жеңілдету үшін балалары бар семьяларға мемлекеттік жәрдем көрсетуді күшейтудің жаңа шараларын бекітті.

Белгіленген программада КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 22 январьдағы «Балалары бар семьяларға мемлекеттік көмек көрсетуді күшейту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы айрықша орын алады. Жұмыс істейтін әйелдерге жаңа туған және жас балаларды күтуі үшін бала бір жасқа толғанша ішінара ақы төленетін демалыс және бала бір жарым жасқа толғанша жалақысы сақталмайтын демалыс беріледі. 12 жасқа дейінгі екі және одан да көп баласы бар әйелдердің жыл сайынғы еңбек демалысы үш күнге ұзартылды. Екінші және үшінші баланы туғанда 50 сом және 100 сом мөлшерінде біржолғы жәрдем тағайындалды. 1918 жылдың 1 декабрінен бастап жалғызілікті аналарға төленетін мемлекеттік жәрдем мөлшері әрбір балаға айына 20 сомға дейін арттырылды және оларды төлеу балалар 16 жасқа, оқушы балалар 18 жасқа толғанға дейін жалғастырылады.

Біздің республикада 55 мыңнан астам ана балаларына көтеріңкі мөлшерде жәрдем ала бастады.

СССР Заңында аналарды пенсиямен қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктер де қарастырылған. Мысалы, бес және одан да көп бала туып, оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген және 15 жыл еңбек стажы бар аналарға 50 жастан пенсия тағайындалады.

Аналар мен балаларды жан-жақты қорғау, еңбек жағдайын жақсарту еліміздің өндірістік және қоғамдық өміріне белсене қатысумен ұштастыру үшін ана-ғұрлым қолайлы жағдай туғызуға ықпал етуде.

Бүгінгі таңда республика халық шаруашылығының түрлі салаларында үш миллионнан астам әйел еңбек етеді, олардың жүздеген мыңы — жас балалары бар әйелдер және ондаған мыңы — көп балалы аналар. Бірқатар қалалар мен аудандарда үйдегі еңбек фабрикалары мен комбинаттары құрылды, оларда балалары бар 6 мың әйел және ардагер жұмыс істейді.

Қостанай облысының Семиозер ауданынан Калинин атындағы сегізжылдық мектебінің мұғалімі, 10 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана Ж. Омарова ана міндетін еңбек қызметімен табысты үш-

8 июль — «Ана даңқы» орденінің тағайындалуының 40 жылдығына

Digitized by Google

КӨГІЛДІР АЙДЫН СЫЙЫ

К. САРЖАНОВ,
Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрі

Қазіргі уақытта еліміздің тоған, көл және басқа да товарлы шаруашылықтары жылына 200 мың тоннадан астам тағамдық балық береді. Азық-түлік программасы он жыл ішінде осы өнімді өндіруді 3 есе ұлғайту міндетін қойып отыр. Оны жүзеге асыруға қазақстандықтар өз үлестерін қосуда. Олар бесжылдықтың үш жылының жоспарын барлық негізгі көрсеткіштер бойынша ойдағыдай орындады. Тапсырмадан тыс 1,3 мың тонна балық ауланды, 9,45 мың тонна балық өнімі шығарылды. Үш жыл ішінде жоспардан тыс 1,3 миллион сомнан астам кіріс алынды, ал еңбек өнімділігі осы уақыт ішінде 8,1 процент өсті.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, республика Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болған Орал балық комбинаты мен Октябрьдің 50 жылдығы атындағы балықшы колхозының, СССР Балық шаруашылығы министрлігі мен тамақ өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен наградталған Қостанай балық заводы мен Өскемен тоған шаруашылығының, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі мен тамақ өнеркәсібі жұмысшылары республикалық комитетінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алған Жамбыл балық заводы мен Алматы облысының 1 Май атындағы балықшы колхозының коллективтері 1983 жылдың жұмыс қорытындылары бойынша социалистік жарыста жақсы нәтижелерге жетті. Өндіріс озаттарының қатары да көбейіп келеді. Мысалы, Шымкент тоған шаруашылығында республиканың еңбек сіңірген балықшысы О. Алданбековтың бригадасы гектарына 29 центнерден, ал бригадир өзіне бекітілген алаңда 82 центнерден балық өсірді. Осы тәжірибе кеңінен насихатталып, өндіріске енгізілуде.

Саланың озат еңбеккерлері арасында «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігінің атақты бригадирі И. Демеуов, Шымкент балық комбинатының балық сұрыптаушысы Т. Делева, «Зайсанрыбпром» бірлестігінің балықшысы Ш. Айдарғалиев, Алматы тоған шаруашылығының звено жетекшісі Я. Ваккер және басқалар бар.

Сала кәсіпорындары барған сайын ырғақты әрі тиянақты жұмыс істеуде. Бұл — партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, шаруашылық басшыларының мемлекеттік, еңбек және технологиялық тәртіпті арттыру, еңбекті ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі жұмыстарының нәтижесі. Оны ұйымдастыру мен ынталандырудың бригадалық формасы мейлінше кеңінен таратылуда.

Қазір салада жұмыс істейтін барлық адамдардың 70 процентінен астамы онымен қамтылған, 335 бригада құрылды, олардың 68 проценті еңбекке қатысу коэффициентін қолдану арқылы бірыңғай нарядпен жұмыс істейді. Осының бәрі тастырады. Көп жылғы және мінсіз еңбегі үшін ол «Қазақ ССР-інің халық ағарту үздігі» белгісімен наградталды. Үлкен төрт баласы жоғары білім алды, қызы Мақпал Алматы халық шаруашылығы институтында, ұлы Мейрам Қостанай педагогика институтының даярлық курсында оқиды, қалған үшеуі — мектеп оқушылары.

Көкшетау облысының Арықбалық ауданынан «Лобановский» совхозының сауыншысы, 11 бала тәрбиелеген П. Г. Ескендірова үлкен табыстарға жетуде. Ол «Ардақты ана» құрметті атағымен қатар еңбек наградасы — «Құрмет Белгісі» орденіне ие болды.

Торғай облысының Арқалық станциясында стрелкашы, 11 баласы бар ардақты ана Б. Тілеугенова туралы жылы лебізбен айтады. Оның алты баласы облыс кәсіпорындарында еңбек етеді, ұлы Болат Совет Армиясы қатарында борышын өтеп жүр, кішкентай үшеуі — мектеп оқушылары, алты жасар қызы Кенжегүл бала-бақшаға барады. Гурьев қаласындағы «Каспий» магазинінің жұмысшысы, 10 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана А. Ізмұханбетова және республикамыздың басқа да көптеген әйелдері еңбекте және бала тәрбиелеуде үлгі-өнеге болып табылады.

Оныншы және он бірінші бесжылдықтар жылдары ішінде ғана Қазақстанда тұратын 350 мыңға жуық көп балалы аналар «Ана даңқы» орденімен және «Ана медалімен» наградталды, 24453 әйелге «Ардақты ана» құрметті атағы берілді.

В. ПАВЛИЧЕНКО,
Қазақ ССР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің пенсия және жәрдем басқармасының бастығы.

8 июль — балықшы күніне.

Digitized by Google

Азық-түлік программасында Қазақстанның балық шаруашылығын дамыту жөнінен қойылған өте қауырт тапсырмаларды шешуге айтарлықтай көмектесуде. Он бірінші бесжылдықта балық өнімдерін шығару 7 процент, консервілер — үш еседен астам көбеюге тиіс. Товарлы балық шығаруды 2,1 есе және 1990 жылға дейін 3 есе арттыру қарастырылып отыр.

Озық тоған шаруашылықтарының, таңдаулы бригадалар мен звенолардың тәжірибесі үлкен резервтер мен мүмкіндіктердің бар екенін қуаттайды. К. У. Черненко жолдастың аграрлық-өнеркәсіптік комплекс проблемалары жөніндегі Бүкілодақтық экономикалық кеңесте сөйлеген сөзінде тұжырымдалған қағидалар мен қорытындыларды жүзеге асыра отырып, біз үстіміздегі жылдың өзінде-ақ тоғандардың балық өнімділігін гектарына 15,5 центнерге дейін жеткізуді және жоспардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатын алға қойдық.

Сонымен қатар біз кейбір қиындықтарға да кездесіп отырмыз. Мысалы, республиканың балық өсіретін ірі су қоймаларынан ирригациялау, суландыру қажеттеріне және басқа да халық шаруашылығы мақсаттарына су ресурстарын барынша көп пайдалану салдарынан кейде гидрохимиялық және гидробиологиялық режимдерінің орны толмас өзгерістері болады, бұл олардағы балық қорларының азаюына әкеп соғады. Сондықтан да біздің товарлы балық шаруашылығын жедел дамытуға бағыт алуымызға тура келді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және республика үкіметінің тұрақты көмегі арқасында қысқа мерзім ішінде тоған балық шаруашылығы мен балық қорларын жасанды жолмен көбейту мейлінше кең өріс алды. Жасанды жолмен алынатын балық үлесі де көбеюде, онда 1983 жылы жалпы аулаңатын балықтың 12 процентінен астамы өндірілді.

Сонымен қатар 1983 жылғы жұмысты талдау балық шаруашылықтарының бәрі бірдей өз мүмкіндіктерін пайдаланбайтынын көрсетті. Мысалы, тоған қорының техникалық жағдайының нашарлығынан өндірістік қуаттар толық жүктелмейді. Сондай-ақ жобалар мен құрылыс барысында жіберілген қателіктер де өз әсерін тигізеді. Бұл күндері шаруашылықтардың көпшілігінде жөндеу-құрылыс учаскелері құрылуда, олар жыл сайын тоғандар мен гидротехникалық құрылыстарды күрделі жөндеуден өткізеді. Мұның өзі үстіміздегі жылы ашық тоғандарды пайдалануды 80 процент және жетілдіру тоғандарын 90 процентке дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Тұқы және улы өсімдіктермен қоректенетін балықтар өндіруді оңтүстікте ғана емес, сондай-ақ орталық және солтүстік облыстарда да ұлғайтумен қатар оларды бірге өсіру қыруар ұлғайтылады.

Д. А. Қонаев жолдас «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XII пленумында біздің нанмен қатар мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтуға, балықты да көбірек беруге тиіс екенімізді айтты.

Осы міндетті шеше отырып, балық шаруашылығының еңбеккерлері барлық күш-жігерін жоспар мен 1984 жылға қабылданған міндеттемелерді орындауға жұмылдыруда.

Бүгінде салада шығарылатын балық өнімнің сапасын жақсартуға, оның түрін көбейтуге көп көңіл бөлінеді. Оның 98 процентінен астамы қазіргі уақытта бірінші сортпен өткізілуде. Көптеп сұралатын қақталған және ысталған балықтарды, балық тағамдарын өндіру артады, Алматыға таяу тірі балық базасы құрылысын жобалау жүргізілуде. Оны іске қосуға орай астана халқы тірі балықпен жыл бойы қамтамасыз етіледі.

Республиканың басқа да ірі өнеркәсіп орталықтарында осындай шараларды жүзеге асыру белгіленуде.

Суды негізгі тұтынушылар — су шаруашылығы, энергетика және электрлендіру министрлігінің, балық шаруашылығы объектілерін салушы Главрыбовхозстройдың жол берілген артта қалушылықтың орнын толтырып, объектілерді белгіленген мерзімде және жақсы сапамен пайдаланылуға беруді қамтамасыз етуі өте маңызды. Салада өріс алған еңбек өнімділігін 1 процент арттыру және өнімнің өзіндік құнын 0,5 процент кемітуі жолындағы социалистік жарыс еңбекшілердің өз міндеттерін табысты орындап шығатынын көрсетеді.

Ұқыпты бол!

Колхоздар мен совхоздардың қоғамдық шаруашылығы үшін еңбек өнімділігінің

1 % **өсімі:**

— өнімнің шамамен 1,1 миллиард сомға өсуін бейнелейді;

— тікелей ауыл шаруашылығында 150 мың еңбеккердің, ал тұтасынан аграрлық-өнеркәсіптік комплексте 300 мың адамның еңбегін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Digitized by Google

Экономика мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

ТЕХНИКАЛЫҚ ТВОРЧЕСТВО КОКЖИЕГІ

Ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске жедел енгізу, қолда бар өндірістік потенциалды жақсы пайдалану, ауыр дене еңбегі мен біліксіз еңбектің үлесін қысқарту, экономиканы басқаруды жетілдіру, шаруашылық механизмін қайта құру — түбегейлі міндеттер осындай, оларды шешпейінше партияның атап көрсеткеніндей, қоғам прогресі мүмкін емес. Осы қағидалар мен тұжырымдардың Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализатор қоғамының ұйымдарына, әр жаңашылға тікелей қатысы бар, ғылыми-техникалық прогрестің барлық учаскелері мен бағыттарында олардың қимыл-әрекетінің нақты программасын құрайды.

Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының Қазақстан ұйымы қатарында 555 мың адам бар, олар 6680 бастауыш ұйымға біріккен. Қоғамның құрамында 256 мың жұмысшы, 131 мың әйел, 213 мың жас өнертабысшы бар.

Республика экономикасын өркендетуге зор үлес қосқаны үшін 502 өнертапқыш пен рационализатор «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнертапқышы» және «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген рационализаторы» құрметті атағына ие болды. Олардың ішінде Алматы жолаушылар автомобиль транспорты басқармасының № 2 автобус паркінің фрезершісі Л. Киткин, Торғай облысының Фурманов атындағы совхозының бригадирі Р. Гегомян, Қазақтың мемлекеттік университетінің катализ және техникалық химия кафедрасының меңгерушісі К. Жұбанов және басқа көптеген адамдар бар.

1983 жылғы Бүкілодақтық социалистік жарыстың қорытындысы бойынша Шығыс Қазақстан облысы бірінші, Алматы облысы екінші орын алды, Солтүстік Қазақстан облысы мадақтау сыйлығымен аталды. Өткен жылы техникалық творчествоға 162 мың қазақстандық қатысты. Республика халық шаруашылығына жалпы экономикалық тиімділігі 275,4 миллион сомдық 1700 өнертабыс пен 140,6 мың рационализаторлық ұсыныс енгізілді. Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы ұйымдарының қатысуымен өткізілген 7 мыңнан астам байқау мен конкурс барысында 47,6 мың конкурстық жұмыс енгізілді.

Творчестволық комплексті бригадалар одан әрі дамытылуда. Республикада қазір 15,5 мың осындай бригада бар. Олар жыл сайын 42 мыңға жуық ұсыныс енгізеді. Қоғамдық конструкторлық бюроларда 8 мыңнан астам адам, жылына 13 мыңнан аса ұсыныс әзірлейді. Мәселен, Қарағанды металлургия комбинатында творчестволық бригада мүшелері М. Ақбиев, В. Енин, Н. Золотарев және басқалар динамдық болатты қышқылдандырудың жаңа технологиясын ұсынды, ол жылына 5 мың тоннадан астам металл үнемдеуге көмектесті.

«Казпромтехмонтаж» тресі Павлодар монтаж басқармасынан құрамында учаскенің аға прорабы В. Васюхин, учаске прорабы Н. Смирнягин, слесарь-монтажшы В. Нефедов, слесарь-монтажшы У. Жақсыбергенов бар творчестволық комплексті бригада 1983 жылы 6 ұсыныста өндіріске енгізді, олар бес адамды шартты түрде босатуға, 10 кісінің еңбегін жеңілдетуге, 5,2 тонна металл үнемдеуге — барлығы 34,8 мың сом үнемдеуге көмектесті.

Техникалық творчествоға әйелдер белсене қатысуда. Өткен жылдың қорытындылары бойынша 6 адам — Петропавл ет-консерві комбинаты компрессор қондырғыларының машинисі Е. Ткачева, Алматы ет комбинаты химия лабораториясының бастығы Л. Вдовина және басқалар Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы Орталық советі сыйлығының лауреаттары болды. Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының республикалық сыйлығына он адам: Балқаш кен-металлургия комбинатының аға мастері С. Абдуллина, Батыс Қазақстан темір жолы сигнализация және байланыс дистанциясының инженері С. Фаткулина, Петропавлдың «Комсомолка» тігін фабрикасының аға конструкторы Ф. Тоқмұханбетова және басқалар ие болды.

Республика жаңашылдарының көптеген коллективтері, еңбекшілердің творчестволық бірлестіктері, жекелеген өнертапқыштар мен рационализаторлар үстіміздегі жылы еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге бағытталған көтеріңкі социалистік міндеттеме қабылдады. Олардың ішінде «Карагандауголь» өндірістік бірлестігінің Костенко атындағы шахтасынан № 1 учаскенің коллективі бар, ол ұйымдық-

30 июнь — рационализатор мен өнертапқыш күніне.

Digitized by Google

техникалық шаралар, өнертабыс пен рационализаторлық ұсыныстың енгізу есебінен өнімділікті 5 процент арттырып, жұмыс істейтін бір адамға шаққанда көмір қазуды айына 600 тоннаға жеткізуге, тұтасынан учаске бойынша жыл ішінде 1 миллион тонна көмір қазуға міндеттенді.

«Целиноградсельмаш» бірлестігінің жаңашылдарды «Партияға жауабымыз — Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының әр мүшесінің жеке үлесі» девизімен жұмыс істейді. Олар биыл 450 рационализаторлық ұсыныс пен 5 өнертабысты енгізіп, осының есебінен еңбек өнімділігі өсімінің бір бөлігін, материалдық және энергетика ресурстары үнемінің 32 процентін қамтамасыз етуге, өндіріс шығынын 360 мың сомға қысқартып, барлығы 1,5 миллион сом үнем алуға міндеттенді. Көкшетау облысындағы Чкалов ауданының «Красная звезда» колхозының рационализаторлары 156 мың сом үнем беретін 18 рационализаторлық ұсынысты енгізуді, 11 тонна бензин мен 18 тонна басқа мұнай өнімдерін үнемдеуді белгіледі.

Осы және басқа инициативалар мен міндеттемелер республика жаңашылдарының өнертабыс пен рационализаторлық ұсыныстарды пайдаланудан 1984 жылда 265 миллион сом, ал он бірінші бесжылдықта — 1.315 миллион сом мөлшерінде үнем қорын жасау жөнінен қосымша социалистік міндеттеме қабылдауына көмектесті. Мұның өзі бұрынырақ қабылданған міндеттемедегіден 65 миллион сом көп.

Ғалымдардың, мамандардың, жұмысшылардың қаншама өнертабыстары мен бағалы ұсыныстары жыл сайын түрлі салаларда мақұлданады. Әйтсе де олардың бәрі өндіріске енгізілмейді. Мәселен, үстіміздегі бесжылдықта Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігінде өнертабыстардың жартысына жуығы, Геология министрлігінде — әрбір бесіншісі ғана практикада қолданылды. Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінде ауыр қол еңбегі әлі де орын алған, кірпіш заводтарында автомат-кірпіш жасағыш нашар енгізілуде.

Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының республикалық советі 25 министрлікпен, ведомствомен, кәсіподақтардың салалық республикалық комитеттерімен бірлесіп жарыс ұйымдастыруда. Жекелеген салалар жарысының шарттарында жаңашылдардың қол еңбегін қысқартуға қосқан үлесін ескеру, материалдық ресурстарды үнемдеу қарастырылуда.

Село еңбеккерлері алғырттық, икемділік жағынан ешкімнен қалыспайды. Оның үстіне Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының республикалық және облыстық советтері село жаңашылдарына тұрақты қамқорлық көмек беруді ұйымдастырады. Өнеркәсіп орындары активистерінің қатысуымен жыл сайын мыңнан астам консультациялар, семинарлар, байқаулар және басқа шаралар өткізіледі. Бұл жұмыста Соколов-Сарыбай кен байыту, Өскемен титан-магний комбинаттарының, Екібастұздың «Богатырь» көмір разрезінің жаңашылдары жыл сайын ерекше көзге түсуде. Сонда да есептің нашарлығынан және жаңалықтарды техникалық жағынан рәсімдеуде білікті көмектің жетімсіздігінен ауыл шаруашылығы өндірісінде рәсми бекітілетін рационализаторлық ұсыныстар саны баяу өсуде.

Партияның XXVI съезі мен КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдары белгілеген ғылыми-техникалық прогрестің жаңа көкжиектері Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының ұйымдары алдына еңбекшілерді өндірісті жетілдіруге мүмкіндігінше көбірек тарту міндетін қойып отыр. Жалпы білім беретін мектеп реформасына, халық ағартудың бүкіл жүйесін одан әрі дамытуға орай оқушы жастармен жұмысты жетілдіре беру жағын айрықша ойластыру керек. Бүгінгі таңда республиканың барлық мектептері мен мектептен тыс мекемелерінде Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының небары 7 техникалық профильдегі 49 техникумда 6 бастауыш ұйымы бар. Ал балалар көп нәрсені жасай алады. Мәселен, бұл жолы Алматыда өткен Бүкілодақтық ғылым, техника және өндіріс апталығы осыны көрсетті. Онда Қостанай облысының Лисаков қаласының № 14 орта мектебінен контактылы дәнекерлеуге арналған аппарат жасаған оқушы В. Жагорников үлгі-өнеге болды.

Жоғары оқу орындарында жастардың техникалық творчествосын мейлінше жоғары дәрежеге көтеру керек. Қазақтың политехника, Павлодардың индустриалды және Целиноградтың инженерлік құрылыс институттарындағы бастауыш ұйымдар жұмысы үлгі қызметін атқарады.

Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының бастауыш ұйымдары кәсіптік-техникалық училищелердің көпшілігінде жұмыс істейді. Демек олар негізінен Қарағанды облысында тиімді жұмыс жасайды. Сарань № 61 қалалық кәсіптік-техникалық училищесінің тәжірибесі кеңінен таратуға тұрарлық, онда жас рационализатор мектебі бар. Рационализаторлық негіздерін, өндіріс проблемалары мен міндеттерін оқып-үйреніп, кәсіпорынға келген жас жұмысшылар техникалық творчествоға құлшына кіріседі.

Алда үлкен міндеттер тұр. Біз партия, совет органдары, кәсіподақ және комсомол ұйымдары тарапынан жасалатын тұрақты қолдау мен көңіл бөлуден олардың табысты шешілетінін күтеміз.

С. ДОСҚОЖАЕВ,
Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы Қазақ республикалық советінің председателі.

Digitized by Google

От-жалынды жылдар шежіресі



ҰЛЫ ТУЫСҚАНДЫҚ ЖЕҢІП ШЫҚТЫ

Жау оккупациясының үш жылы ішінде гитлершілдер белорус халқының бүкіл қоғамдық игілігін тонап, қалаларды талқандады, селолардағы 1200 мың құрылысты өртеді, 7 мың мектепті үйіндіге айналдырды. Республика территориясында 2200 мың бейбіт тұрғын мен совет тұтқындары құртылды. Алайда Белоруссия күресті, күш жинады. 1944 жылдың жазына қарай мұнда жақсы қаруланған 374 мың партизан қимыл-әрекет жасады.

1944 жылғы июнь айында совет әскерлерінің Батыс Двинадан Припятьқа дейін орасан зор шабуылы басталды. Белорус операциясы майдан бағытымен 1000 километрден асатын және ішке қарай 600 километрге жететін орасан зор территорияны қамтыды. 9,5 мың қару-жарақпен және миномётпен, 900 танкімен және шабуыл зеңбірегімен, 1300 самолетпен қаруланған сегіз жүз мыңдық жау армиясын совет әскерлері қоршауға алып, талқандады. Советтік Белоруссия толық азат етілді.

Туысқан республика территориясындағы осы шайқастарға қазақстандық көптеген жауынгерлер қатысты. 6-шы гвардиялық армия қолбасшысы генерал-полковник И. М. Чистяков Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне жолдаған хатында былай деп жазды: «Қазақ халқы қамқорлық жасаушы армия әскерлері биыл туған Белоруссияны азат ету жолындағы жазғы шайқастарды бірінші болып бастады... Біздің гвардиялық туларымыз астынан Совет Одағының барлық халықтарының ұлдарын көруге болады, күн сәулетті Қазақстанның ержүрек ұлдары жауынгерлік қатардың алғы шебінде келеді».

Қазақстандықтар — соғыс және еңбек ардагерлері, 62-ші гвардиялық дербес Лодзинск авиация полкының бұрынғы ұшқышы А. Жұмабеков пен атқыштар дивизиясы № 88 радио взводының командирі Г. Борисов Минск үшін шайқастар туралы өз естеліктерін алмасады.



А. ЖҰМАБЕКОВ

БЕЙБІТ АСПАН ҮШІН

Биыл Жеңіс күнін Москвада өзімнің полктастарым арасында қарсы алдым. Біз жауынгерлік жолдарды, әсіресе, Минскінің іргесінде қырық жыл бұрын өткен оқиғаларды еске түсірдік...

Мен осы күнге дейін авиациялық қызметтен қол үзгенім жоқ. Жастайымнан азаматтық ұшқыш болуды армандадым. 1937 жылы Алматы қалалық комсомол ұйымы маған Тамбов ұшқыштар мектебіне жолдама берді. Бірақ бейбіт аспанда ұзақ ұша алмадым. 1942 жылы августе әскерге алындым. Жауынгерлік сыннан алғаш рет Курск түбінде өттім. Совет әскерлерінің 1944 жылдың жазындағы шабуылы кезінде мен 1-Белоруссия майданының 16-әуе армиясының 62-авиация полкның құрамында соғыстым. Майдан шебі Барановичи, Бобруйск, Могилев, Витебск арқылы өтті. Мұнда жау бекіністері мықты еді. Біздің майданның әскерлері Минскіге оңтүстіктен жақындап келді. Біздің полк түнде бомбалады. Ұшқыштар партизандармен тығыз байланыс жасап, оларға не қажеттің бәрін жеткізіп тұрды. Бұл жауапты да қиын тапсырма еді. Менің полктасым Борис Лахтинге Совет Одағының Батыры атағы берілді: ол түнгі ұшу сапарларын орындап, орманға ешбір алаусыз, айдың жарығымен шеберлікпен қонып жүрді. Тағы бір тәжірибелі ұшқыш Василий Мухортовты еске аламын. Алдын ала айтайын, Белоруссияның Орталық музейіндегі экспозицияда біздің полктың қызметіне арналған бөлім бар.

Мен басқа бір жауынгерлік тапсырманы орындадым — тосқауылшы-истребительдерді орналастыру үшін біздің аэродромдарымызға майдан

3 июль — Минскіні неміс-фашист басқыншыларынан азат етудің 40 жылдығына

Digitized by Google

шебіне жақын жерден орын іздедім.

Майдан шебін бойлай ұша отырып, мен селолардың тек мұржалары ғана қалғанын көрдім. Бірақ бұл жергілікті тұрғындардың патриоттық рухын жасыта алмады. Біздің әскерлер жердің бір бөлігін қайтарып алса болды, шаруалар соқаны реттеп, жер жырта бастайды. Мұнда бізге деген мықты сенім жатыр еді. «Келетіндеріңді, фашистердің тепкісінде қалдырмайтындарыңды білдік», — дейтін олар. Бір шешей есімде қалыпты. «Балам, біздің самолет аспанда бесік сияқты тербетіледі — көз қуантады, —деді ол, — ал фашистердің самолеті лашындай құлдилайды, маған соны түсіндірші?».

Мен белорус техниктер, сенімді, адал жолдастар Иван Матюшпен және Борис Ковалевпен мықтап достасып кеттім. Бөріміз бірге осы жерде қайтадан бейбіт уақыт туатын кезді армандаушы едік.

Біздің полкта саяси-тәрбие жұмысы жақсы жолға қойылды. Біз майдандағы жағдайлар туралы ең соңғы қабарларды алып тұрдық. Әсіресе, Минскіге шабуыл қарсаңында саяси әзірлікке үлкен көңіл бөлінді. Мен ол кезде комсомолец едім. Біздің политрукымыз Арутюнов көрнекі үгітке әрдайым қамқорлық жасайтын. Бірде өзімнің базама оралсам, «Ұшқыш жолдастар, сіздер комсомолец Алмабек Жұмабеков сияқты ұшыңыздар!» деген транспарантты көрдім. Бұл мені көп іске міндеттеді.

23 июньде біздің майданның қуатты шабуылы басталды. Дұшпан қорғанысы үзілді. Мұнда біздің авиация да оны соққылады. Жау орманға бойлай ене алмады — партизандардан қорықты. Ал жол бойларында оны біздің бомбардировщиктер шабуылдады. Біршама шағын учаскеде қуатты советтік жауынгерлік техника шоғырландырылды. Ұшқыштар жау артиллериясы мен жаяу әскерлерін құртып, әуе ұрыстарын жүргізді.

Үш күннен кейін жаудың бобруйскілік тобы жойылды. Біздің 1-ші Белоруссия майданының әскерлері Белоруссия астанасына қарай ентелей жылжыды. Жауынгерлік ұшу сапарлары кезінде қираған Минскінің панорамасы көрінді. Қала өртеніп жатты. 3 июльде 3-ші Белоруссия майданының әскерлері 1-ші Белоруссия майданының белсенді қолдауымен Минскіні азат етті. Мұнда танкистер айрықша роль атқарды. Бұл күн туысқан республика астанасын фашистік басқыншылардан азат ету күні болды.



Г. БОРИСОВ.

БІЗДІ МИНСК БАУЫРЛАСТЫРДЫ

Мен армияға Қарағандыдан шақырылдым. Байланысшы болдым. Басқа жауынгерлермен бірге Қазақстан астанасында құрылған 88-ші атқыштар дивизиясына жіберілдім. Ол кейіннен де негізінен қазақстандықтардың есебінен толықтырылып отырды.

Минскіні және Белоруссияны азат ету операциясы кезінде мен 88-ші және көрші дивизиялардың бөлімдерімен және бөлімшелерімен байланысты қамтамасыз еткен радиовзводтың командирі едім. Үнемі алғы шепте — Орта Витебск — Борисов аудандарында болуға тура келді. Әрбір километрге 175 артиллерия зеңбірегінен, 44 танк пен өздігінен жүретін зеңбіректен келді. Совет армиясы жау қорғанысын бұзып өтуге осылай дайындалды. Әскерлер Борисовтан Минскіге қарай тез жылжығаны соншалық тіпті телефон байланысын қамтамасыз етуге үлгере алмады. Сондықтан да біздің радистер үшін жұмыс көп болды.

Жауынгерлік өмірдің ең қиын сәттерінде бізге жерлестеріміз қолдау жасады. Біз Қазақстаннан хаттар, посылкалар алып тұрдық. Мен басқарған взводтың құрамында негізінен қазақстандықтар болды. Қасымовты, Жұматаевты, Тагировты, Собольковты, Держаевты еске аламын. Болмашы тыныңу сәттерінде туған жер туралы айтып, хаттарға жауап жаздық. Металлургтермен, малшылармен, мектеп оқушыларымен хат жазысып тұрдық. Біз жерлестеріміздің еңбек істеріне ықылас білдірдік, ал олар бізді жауынгерлік ерліктерге жігерлендірді.

Жас коммунист ретінде мені ротаның комсомол ұйымының секретары етіп сайлады. Бізде саяси хабарлар тұрақты өткізілді, газеттер, сондай-ақ кейде әскери тақырыптағы көркем шығармалар оқылды. Б. Горбатовтың очерктері, олардың ішінде әсіресе, «Өмір мен өлім туралы» очеркі жауынгерлердің көңіл-күйін көтерді. Біздің взводтың үгітшілері Александр Бабушкин (қазір Жамбылда тұрады) мен Григорий Желебовский (қазір Семей облысында) осы күнге дейін есімде. Екеуі де майданда коммунист болды. Олар жауынгерлерді Совет информациялық бюросының мәліметтерімен таныстырды, туысқан Белоруссияға түскен ауыр сын, оны азат ету жолындағы күрестегі интерна-

Digitized by Google

ционалдық парыз туралы әңгімелер өткізді.

Көп азап шегіп, жеңіске жеткен, батыр қалаға айналған Минскі біздің бәрімізді, полктастарды бауырластырып жіберді.

Мен бұрынғы радист, минскілік Нонна Красильниковамен хат жазысып тұрамын. «Поиск» тобынан белорус балалары мені іздеп тапты. Мен оларға тағы бір қаруласымның адресін хабарладым. Уақыт пен ұрпақтар байланысы осылай жүзеге асырылуда.

Қазақ ССР Орталық статистика басқармасының жастары алдында жиі әңгіме өткіземін, мен осында құрметті демалысқа шықтым, онда партбюро мүшесі бола отырып, тәрбие жұмысымен айналысамын. Ардагер ретінде мен үшін соғыс пен бейбітшілік туралы әңгімеден артық көкейтесті тақырып жоқ.

«Социалистік Отанның хауіпсіздігі» жөніндегі біздің қамқорлығымыз парасатты ойлайтын кез келген адамға түсінікті,— деді К. У. Черненко жолдас Москвадағы «Орақ пен Балға» металлургия заводының жұмысшыларымен кездесуде. — Әрбір советтік семьяға өткен соғыстың салған жарасы ешқашан жазылмайды». Сондықтан да біз, ардагерлер бұл туралы есте сақтап қана қоймай, сондай-ақ өз елі үшін, бейбітшілік үшін күресе білетіндей жеткіншектер өсіруге ұмтыламыз.

Әзірлеген
А. МОЛЧАНОВА.

Халық ерлігі мәңгі жасайды

(Цифрлар мен фактілер)

1914 ЖЫЛ

18 ноябрь. Москва түбіндегі Волоколамск тас жолының Гусенево ауданында 8-ші гардиялық атқыштар дивизиясының командирі, генерал-майор И. В. Панфилов ерлікпен қаза тапты. 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясына оның есімі берілді.

Ноябрь. Алматыда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театры үйінің құрылысы аяқталды.

1 декабрь. Алматы ауыр машина жасау заводы іске қосылды.

3 декабрь. Совет информациялық бюросы Қарағандының № 33/34 шахтасының машинисі Тютяев ноябрьдің 23 күні ішінде айлық норманы 721 процент орындағанын хабарлады.

5 декабрь. Совет информациялық бюросы Ақтөбе облысындағы фабрикалық-заводтық оқудың Бершоғыр мектебі 250 забойшы мен электр слесарін даярлап жатқанын хабарлады. Оқушылар оқуды өндірістегі жұмыспен қабыстырады, олардың көпшілігі ересек жұмысшылар нормасын асыра орындайды.

7 декабрь. «Правда» газеті Сарқанд, Еңбекшіқазақ, Іле, Шелек және Алматы аудандарының колхозшылары Москваны қорғаушы 8-ші гвардиялық Қызыл тулы атқыштар дивизиясының жауынгерлеріне жаңа жылдық сыйлық ретінде 11 мың килограмм темекі, 2 мың килограмм қант, 2 мың килограмм алма, 25,5 тонна ет, 3 мың пұт астық бөлді.

9 декабрь. Совет информациялық бюросы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазір Шымкент облысы) Арыс ауданы «Октябрь» колхозы председателінің орынбасары Үрбікүл Өтебаева өз міндетін өте жақсы атқаратынын хабарлады. Оның жетекшілік етуімен колхозда малға арналған 10 жаңа қора салынды, қысқа жем жеткілікті дайындалды.

11 декабрь. Совет информациялық бюросы Жамбыл облысындағы Луговой ауданы мақта тапсыру жоспарын 305 процент орындағанын хабарлады.

12—14 декабрь. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің III пленумы болды. Пленум жұмысты соғыс жағдайына бейімдеп қайта құруға байланысты комсомол ұйымдарының міндеттері туралы қаулы қабылдады.

13 декабрь. «Комсомольская правда» газеті Қазақстан еңбекшілері еліміздің қорғаныс қорына 42 миллион сом бергені туралы хабарды жариялады. Республика колхозшылары қорғаныс қорына 4097 тонна астық, 12 мың центнер ет, 2 мың килограмм бал берді.


15 декабрь. Совет информациялық бюросы Балхашмедьстройда көптеген әйелдердің бірнеше кәсіпті меңгеріп, оларды ойдағыдай атқаратынын хабарлады. Моторшы Быконь моторларды өте жақсы қамтумен қатар токарь станогында жұмыс істеп, бір жарым нормадан орындайды. Моторшы Камнева бетон араластырғышты, лебедканы және басқа механизмдерді жөндейді. Жоғары Ертіс пароходствосында 200-ден астам әйел ерлер кәсібін табандылықпен меңгеруде.

20 декабрь. Совет информациялық бюросы руда қазудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындаған, Москваның даңқты қорғаушыларының жеңістерімен жігерленген Ащысай кеншілері социалистік жарысты айрықша күшпен өрістетті. № 5 Шығыс учаскесінде күн сайын руда қазу 180 процентке жетеді. Забойшылар Қарсақбаев пен Мәмбетовтың әрқайсысы 2—3 забойдан қамтиды.

23 декабрь. «Комсомольская правда» газеті Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пленумы жастар арасынан 28 мың жұмысшы әйелді, 2 мың атты әскерді және 75 мың шаңғышыны даярлау жайлы шешім қабылдағаны туралы хабар жариялады.

(Жалғасы бар).

Digitized by Google



АҒАЛАР ТӘЖІРИБЕСІ—ЖАСТАРҒА

Жігіттер мен қыздарды еңбек коллективтерінде тәрбиелеуді одан әрі жақсарту шараларын қолдану, олардың ең қысқа мерзімде кәсіптік шеберлікті игеруіне, коллективтің қоғамдық өміріне белсене қатысуына көмектесу.

Қазақстан жастары тәлімгерлерінің слетіне қатысушылардың үндеуінен.

ТӘЛІМГЕРЛЕРДІҢ АСҚАҚ ПАРЫЗЫ

(Қ. Т. ТҰРЫСОВТЫҢ баяндамасынан)

ТӘЛІМГЕРЛІК Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ Ленин партиясы капиталистік езгі мен бәсеке механизмін талқандап, СССР-дің туысқан халықтарының өзара қатынасының, жолдастық ынтымақтастықтың және еңбектегі социалистік жарыстың жаңа принциптерін орнатқан кезде басталды. Жас жұмысшыларға революциялық дәстүрлерден сусындаған, саяси көзқарасы кең қарт күрескерлер тәжірибесі қажет деген лениндік ой осынау тамаша қозғалыста жарқын бейнеленді.

Байырғы жұмысшылардың қамқорлығының таңдаулы дәстүрлері совет жастарының алғашқы бесжылдық, Ұлы Отан соғысы, халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында табысты еңбек етіп, Сібір мен Қиыр Шығыстың жетістіктерін игеріп, тың және тыңайған жерлерді көтеруіне көмектесті.

Қазір тәлімгерлік жаңа мазмұнмен молықты. Ол Қазақстанда да сапалық жаңа сатыға көтерілді, тәрбие берудің белгілі бір жүйесі болып қалыптасты.

Бұдан 15 жыл бұрын Қарағанды мен Балқаштың, Павлодар мен Өскеменнің, Алматы мен Шымкенттің озық кәсіпорындарының байырғы жұмысшылары В. И. Ленинның туғанына 100 жыл толуына әзірлене отырып, жас әріптестерінің көсем юбилейін лайықты істермен қарсы алуына көмектесу үшін оларды қамқорлыққа алуды ұйғарды. Бағалы бастама республикада барлық жерде таралды.

1974 жылы июльде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Қарағанды облысының партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының тәлімгерлікті одан әрі дамыту жөніндегі жұмыс практикасын мақұлдап, оны республиканың барлық кәсіпорындары мен ұйымдарында таратуды ұсынды. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті 1981 жылы қабылдаған «КПСС XXVI съезінің шешімдеріне сәйкес тәлімгерлікті одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы патриоттық қозғалыстың жаңа шептерін белгіледі.


Бүгінгі таңда өмірлік тәжірибеден сусындаған, жоғары білікті 160 мыңнан астам жұмысшы, колхозшы, қызметші өз тәрбиеленушілерінің кәсіптік шеберлікті меңгеруіне көмектесіп, оларды қоғамдық жұмыс дағдыларына баулуда. Тәлімгерлердің 500-ден астамы Социалистік Еңбек Ерлері, әрбір екіншісі дерлік коммунист. Олардың көпшілігі ВЦСПС пен ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Жастар ұстазы» белгісімен наградталды, 48 адам «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген жастар ұстазы» атағына ие болды.

Алғашқы тың игерушілердің атақты ұрпақтарымен бірге Социалистік Еңбек Ері В. В. Киричек өмірдің бай мектебінен өтті. Ол тыңдағы «Червонный» совхозында трактор-егіс бригадасының бригадирі болып жұмыс істеген жылдардың ішінде 35 жас механизаторға өмірге жолдама берді. Оның шәкірттерінің бәрі коммунистік еңбек екпінділері болды, олардың арасында халық депутаттары, совхоз мамандары, бригадирлер бар. Қазір атақты тың игеруші Көкшетау облысының Куйбышев ауданындағы тәлімгерлер советін басқарады. Оған ВЦСПС пен ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Жастар ұстазы» белгісі тапсырылды.

«Экибастузуголь» өндірістік бірлестігінде экскаватор машинисі Х. Т. Досмағамбетовтың есімі жақсы мәлім. Ол еңбектегі аса үздік жетістіктері үшін Ле-

Үстіміздегі жылы 16—17 апрельде өткен жастар тәлімгерлерінің алғашқы республикалық слетінің материалдары.

Digitized by Google



Суретте: жастар тәлімгерлерінің алғашқы республикалық слетіне қатысушылар (солдан оңға қарай) Қарағанды облысының Горбачев атындағы шахтасының № 7 участке бригадирі Н. Ступаков, Орал облысының Ворошилов атындағы машина жасау заводының токары Р. Хайрутдинов, «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігі «Узеньнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының аға операторы Н. Бережная, Торғай облысының «Курск» совхозының механизаторы К. Өтешев, Семей облысының Калинин атындағы ет комбинатының аға мастері Р. Тілеубекова және Алматы облысының Ұйғыр ауданынан «Еңбек» совхозының аға шопаны С. Тұрсынов.

Суретті түсірген В. ЗИНИН, Ю. БЕККЕР (ҚазТАГ).

нин орденімен наградталды, республика Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Оған Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген жастар ұстазы атағы берілді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Социалистік Еңбек Ері, Алматы мақта-мата комбинатының тоқымашысы Л. Л. Кочетова өзінің кәсіптік жоғары шеберлігімен, айрықша еңбек сүйгіштігімен, сөзі мен ісінің бірлігімен жастарды өз соңынан ілестіре біледі. Еңбек сіңірген жастар ұстаздары: СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері, Қостанай облысы «Харьков» совхозының механизаторы К. Б. Дөненбаева, Социалистік Еңбек Ері, Жамбыл қант комбинатының жөндеуші слесарьлар бригадирі Н. А. Гребенюков, Ленин орденінің иегері, СССР-дің құрметті металлургі, Қарағанды металлургия комбинатының болат балқытушысы А. Жүнісов, Социалистік Еңбек Ері, коммунистік еңбек екпіндісі, «Қзылордастрой» тресінің электр слесары В. И. Цой және басқа көптеген өз ісінің тамаша шеберлері жаппай сый-құрметке бөленді.

Қарағанды облысында тәлімгерлік қозғалысына көп көңіл бөлінеді. Қалалар мен аудандардың бәрінде, ірі кәсіпорындардың көпшілігінде тәлімгерлер советі құрылып, белсенді жұмыс істейді. Мұнда тәлімгерлер жиналыстарда бекітіледі, олардың есептері жүйелі тыңдалып, жұмыс тәжірибелері қорытылады. Облыста түрлі ұрпақ өкілдерінің кездесулері, еңбек әулеттерін атау, жұмысшы табы қатарына қабылдау дәстүрге айналды. Облыста мыңнан астам комсомол-жастар бригадасы коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атақты жеңіп алды. 25 мыңнан астам жұмысшы бесжылдықтың үш жылының жоспарлы тапсырмасын мерзімінен бұрын аяқтады.

Шығыс Қазақстан облысында жастарды тәрбиелеу мен еңбекке даярлау ісін одан әрі жетілдірудің комплексті программасы енгізілді. Жер-жерде тәлімгерлікті дамытуға байланысты мәселелер кәсіпорынды әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарларына, коллективті шарттарға қосылуда.

Шымкент облысындағы Кентау қалалық тәлімгерлер советінде құнды тәжірибе жинақталған. Кәсіпорындарда тәлімгерлік жұмыс туралы ереже талдап жасалған, «Жастардың таңдаулы ұстазы» атағына арналған байқау өткізіледі. Қаланың комсомол-жастар коллективтерінің бәрі социалистік міндеттемелерін ойдағыдай атқаруда.

Павлодар облысының Ермак ауданындағы тәлімгерлердің аудандық университеті жұмыс істейді. Жас жұмысшыларды тәрбиелеу проблемалары жөнінен слеттер мен ғылыми-практикалық конференциялар жүйелі өткізіледі.

«Шеберлік пен тәжірибе—жас жеткіншекке» — түсті металлургия кәсіпорындарында осындай девизбен тәлімгерлер

Digitized by Google

қозғалысы өріс алды. Ленин орденді Балқаш кен-металлургия комбинатында тәлімгерлікті ұйымдастыру тәжірибесін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мақұлдады. Осы кәсіпорынның базасында Бүкілодақтық семинар-кеңес өткізілді.

Жастардың байырғы жұмысшылардың еңбек өнімділігіне жетуіне бағытталған тәлімгерлер инициативасы жеңіл өнеркәсіп орындарында барған сайын таралып келеді. Автомобиль транспорты ұйымдарында тәлімгерлер мен қамқорлықтағылардың еңбек достығы шарттары қолданылуда.

Селода тәлімгерлер қозғалысы баға жетпес роль атқарады. Бүкіл елімізге әйгілі алғашқы тың игерушілер, Социалистік Еңбек Ерлері М. Е. Довжиктің, Ж. Демеевтің, В. А. Дитюктің және басқа көптеген адамдардың еңбегі жастар үшін үлгі-өнегеге айналды. Күріш өнімділігі жөнінен дүние жүзінің рекордшысы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ы. Жақаевтың, атақты қой өсіруші екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ж. Қуанышбаевтың ізбасарларының қатары жылдан-жылға молайып келеді.

БҮГІНГІ ТАҢДА республика халық шаруашылығында әрбір үшінші еңбекші — 30 жасқа жетпеген адамдар. Жыл сайын республиканың еңбекшілер семьясына 300 мыңдай жігіт пен қыз қосылады. Бір миллионнан астам жас еңбеккер бесжылдықтың үш жылының тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шықты. Он мыңнан астам комсомол-жастар коллективі, жарты миллионға жуық жігіт пен қыз 1984 жылға үстеме жоспар қабылдады. Әрбір төртінші жас жұмысшы — коммунистік еңбек екпіндісі.

Сонымен бірге жас жұмысшылардың көпшілігі өнімділік нормасын орындай алмайды. Кадрлардың тұрақтамаушылығы әлі де басым. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында атап көрсетілгеніндей, «Кейбір жас адамдардың азаматтық қалыптасуының кешеуілдеуі мен саяси аңғалдығы, масылдығы, олардың бүгінгі таңда қоғамға қажет жерлерде еңбек еткісі келмейтіндігі алаңдатады».

Қызмет көрсету, денсаулық сақтау, мәдениет пен өнер салаларында, ғылыми мекемелерде тәлімгерлер советтерінің жұмысы әлі онша тиімді емес.

Тыңның даңқты юбилейі қарсаңында комсомол артта қалған совхоздар мен колхоздарды, аграрлық-өнеркәсіп комплекстерінің басқа кәсіпорындарын қамқорлыққа алды. Үстіміздегі жылдың өзінде ауыл шаруашылығы жоғары оқу орындарының 3,5 мың түлегі тың игерушілер қатарына қосылады. Кәсіподақ және комсомол ұйымдары осы жас энтузиастардың бәріне байырғы жұмысшылардың бекітілуіне қамқорлық жасауы керек.

Тәлімгерлерді іріктеу барысында олардың осыншалықты күрделі тапсырманы орындауға қаншалықты даяр екенін сөзсіз ескеру қажет. Сонымен бірге тәлімгерлердің беделін көтеру, олардың еңбегін моральдық және материалдық жағынан ынталандыру туралы тұрақты қамқорлық жасаған жөн. Бұл мақсатта баспасөзді, көрнекі үгітті, жергілікті радио хабары мен телевизияны пайдалану керек. Еңбек коллективтерінің өздерінің шын мәніндегі сарқылмас мүмкіншіліктерін мейлінше толық әрі тиімді пайдалану қажет. Еңбек коллективтері туралы былтыр қабылданған СССР Заңының 13-статьясында олар «кадрлардың біліктілігін арттыру, жаңа кәсіптерге үйрету, ұстаздықты дамыту мәселелерін қарайды» деп тура айтылған. Еңбектің тәлімгерлік формасына ауысуға орай тәлімгерлер ролін арттыру өте-мөте маңызды.

Республикада тәлімгерлік проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары әлі де дұрыс жолға қойылмағанын айтқан орынды болар.

Көптеген еңбек ардагерлері, байырғы өндірісшілер кәсіптік-техникалық училищелерде тұрақты тәрбие жұмысын жүргізіп, оқушылар топтарымен достық одақ шарттарын жасайды. Мәселен, слетке қатысушылар, Жезқазған мен Талдықорған облыстарынан өндірістік оқу мастерлері, Социалистік Еңбек Ерлері В. М. Раковский мен О. Р. Адлер «Кәсіптік-техникалық училищелер түлектеріне — өндіріс озаттарының тәжірибесі» деген бағалы инициатива жасады. Қазір мәселе былай қойылып отыр: кәсіптік-техникалық училищенің әрбір оқушылар тобының бригада, участке, смена түрінде коллективті тәлімгері болуға тиіс. «Кәсіптік-техникалық училище тобы — коммунистік еңбек бригадасының резерві» девизін жер-жерде жүзеге асыру қажет.

Жасөспірімдер үшін қосымша түрде жас техниктер клубтарын, көркемөнер мен техникалық творчество үйірмелерін, физкультура-спорт клубтарын ашып, еңбек және демалыс лагерьлерінің жүйесін ұлғайту талап етіледі. Осының бәрі жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасын жүзеге асыруға қосылған нақты үлес болмақ.

Тәлімгерлер мен жас жұмысшылардың 1984 жылдың тапсырмасын, тұтасынан он бірінші бесжылдықты толық және асыра орындау жолындағы жарысын барған сайын кеңінен өрістету керек.

Саяси жағынан белсенді, еңбек ете білетін, оны қадірлейтін, жемісті жұмыс істей алатын, өз Отанын қорғауға әрдайым әзір тұратын адамдарды қалыптастыруға көмектесу — әрбір тәлімгердің парызы.

Digitized by Google

ӨЗ ЖЕТКІНШЕКТЕРІМІЗДІ ДАЯРЛАУДАМЫЗ

Ж. БЕЙІСОВ,
Балқаш кен-металлургия комбинатының өндірістік оқу мастері, ұстаздар советінің председателі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген жастар ұстазы

Біздің комбинатта ұстаздық қозғалыстың дамып келе жатқанына 15 жыл болды. Мыңнан астам еңбек ардагері жас жұмысшыларды тәрбиелеумен айналысады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «КПСС XXVI съезінің шешімдеріне сәйкес ұстаздық қозғалысты одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы бұл қозғалысқа жаңа серпін берді. Біз жұмысшы-педагогтарды іріктеуге және оқытуға ерекше назар аударамыз. Олар, мысалы, металлургия цехының балқытушылар бригадирі, Ленин, Октябрь Революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, Совет кәсіподақтары сыйлығының лауреаты Б. Ф. Манаенков, электролизшілердің комсомол-жастар коллективінің бригадирі, СССР-дің құрметті металлургі А. Құсайынов өте беделді де сыйлы адамдар. Олардың қамқорлығында болған жастардың өздері ұстаздар, мастерлер болды. Жастарды тәрбиелеуге жұмысшы әулеттері де үлес қосуда. Олардың арасында жарыс ұйымдастырылды. Жыл сайын жиырма таңдаулы жұмысшы әулеті анықталады, оларға ескерткіш ленталар, дипломдар, ақшалай сыйлықтар тапсырылады.

Әр жылда коллективке 500-ден астам жігіт пен қыз қосылады, ал бізде барлығы 5 мыңға жуық адам бар, әрбір үшінші — жас жұмысшы. «Таңдаулы комсомол-жастар бригадасы», «Кәсібі бойынша таңдаулы жас жұмысшы», «Оқу және өндіріс үздігі» атақтарын алу жолындағы жарыс жолға қойылды.

Мен ұстаз ретінде жас кеншілердің резервін кәсіптік-техникалық училищелерден көремін. Оларға көп көңіл бөлу қажет. Бізде кадрларды орнықтыру мақсатында жыл сайын қалалық кәсіптік-техникалық училищенің үш оқу озаты мен үш жас өндіріс озатына осы училищенің бұрынғы түлегі, Социалистік Еңбек Ері Н. Г. Чекушина атындағы жүлде беріледі. Кәсіптік-техникалық училищенің таңдаулы мастерлерінің біреуі комбинаттың атақты адамдары атындағы жүлдеге ие болады.

Мен былай деп ойлаймын: жастар кейбір кездері жаман қылықтарға қалай барады? Оның себебі, өзінің күш-жігерін жұмсауды, бос уақытын пайдалы іспен толтыруды әрдайым біле бермейді, осыны біздер, ұстаздар өз жұмысымызда міндетті түрде ескеруіміз қажет.

Біз жастарды техникалық творчествоға тартуға ұмтыламыз. Бүгінде 500-ден астам жас жұмысшы рационализатор және өнертапқыш болып табылады. Аса таңдаулыларға «Комбинаттың жас жаңашылы» деген атақ беріледі. Жастардың кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқуына қамқорлық жасаймыз. Қыздар мен жігіттер қоғамдық өмірге, спорт және мәдени-көпшілік шараларға, көркемөнер творчествосының Бүкілодақтық байқауына белсене қатысады.

Комбинатта ұстаздар мектебі бесінші жыл жұмыс істейді. Ұстаздар советтері жұмыстың озық тәжірибесін жинақтайды, өзара тексерулер ұйымдастырады, патриоттық қозғалыс шамшырақтары туралы әңгімелейтін плакаттар, буклеттер шығарады. Біз мектеп реформасының негізгі бағыттарын оқып-үйрендік және оны жүзеге асыруға көмектесуді өз парызымыз деп есептейміз.

АРТТА ҚАЛУШЫЛАРҒА КӨМЕКТЕСЕЙІК

А. РОМАНЮТА,
«Северная» шахтасының № 1 учаске бастығы, Ленин, Октябрь Революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

«Северная» шахтасындағы № 1 учаскемізді кадрлар ордасы деп бекерге айтпайды. Жас шахтерлердің әрқайсысына ұстаздар бекітілген, олар советте, шахтаның белгілі адамдарының жастармен кездесу кештерінде қамқорлығындағы жастармен жұмыстың нәтижелері туралы есеп береді.

Менің бұрынғы тәрбиеленушілерімнің ішінде № 2 учаске бастығы Б. И. Козлов, № 3 учаске бастығының орынбасары Н. Н. Иващенко, бас инженердің орынбасары М. Х. Оразбаев бар. Николай Пирог учаскеге мектеп партасынан келді. Жігітте ең бастысы — ауыр кен ісіне қызығушылық бар екені байқалды. Ұстаздардың қамқорлығы мен көмегі оның таңдаулы слесарь, кейін учаске механигі болуына мүмкіндік туғызды. Кейін Николайға сол кезде артта қалған үшінші учаске сенің тапсырылды. Оған сенім көрсетумен қатар көмектестік те. Бүкіл смена болып забойға келдік. Жұмысты жаңа бастағандарға білгіштер ретінде емес, достар ретінде, коллективтік тәжірибе алмасуға келдік. Оның нәтиже-

Digitized by Google

сі кешіккен жоқ. Қазір № 3 учаске 1000 тонналық жүктелімге нық тұрды. Шахтада ұстаздық етудің жаңа түрі — жоспарды орындай алмай жүрген учаскелерге, бригадаларға нақты көмек көрсетуді қарастыратын коллективті ұстаздық осылай пайда болды.

Шахтамыз Октябрь революциясының 60 жылдығы атындағы шахтамен көптеген жылдар бойы жарысуда. Біздің жарыстас жолдастарымыз жоғары өнімді механикаландырылған комплекс алды, бірақ оны пайдалану үшін оларда дағды мен жеткілікті білім болмады. Сол кезде біздің учаскенің аса тәжірибелі жұмысшылары олардың жаңа техниканы меңгеруіне көмектесті. Кейіннен олар жарыста жеңіске жеткен кезде біз өз «жеңілісімізді» өкінішпен емес, нағыз жұмысшы мақтанышы сезімімен мойындадық, өйткені олардың еңбек жеңісінде коллективтік ұстаз ретінде біздің учаскенің де үлесі болды.

Шахтада мен ұстаздар советін басқарамын. Оның жұмысы көп жағдайда кадрлардың тұрақтамауын азайтуға көмектесті. Қазіргі уақытта ол толық жойылды. Мысалы, соңғы жылдары біздің учаскеден адамдар құрметті демалысқа ғана кетті.

Ұстаздар өндірістік істер аясымен шектеліп қалмайды, сондай-ақ жастарды спортпен, туризммен, көркемөнермен айналысуға тартады. Олар өз қамқорлығындағы жастардың семьяларына жиі барады.

Шахта бірінші тоқсанның жоспарын табысты орындады, жоспардан тыс 14 мың тонна көмір берілді, 196 погон метр тау-кен орны ашылды. Осы табыстарда біздің учаске кеншілері еңбегінің де үлкен үлесі бар екенін айтқан жөн. Слетке аттанар алдында мен оның жиырма жылдық жұмысын қарап, біздің осы уақыт ішінде мемлекеттік жоспарды бірде-бір орындамай қалмағанымызды мақтанышпен сезіндім.

Слетке қатысушылардың партияның еңбек өнімділігін 1 процент арттыру және өзіндік құнды 0,5 процент кеміту жөніндегі тапсырмасы орындалып қана қойлмай, асыра орындалады деп сендіремін. Демек тәжірибелі шахтерлер ғана емес, сондай-ақ жас жұмысшылар осылай жасайды.

Қазақстан көмір өнеркәсібі қалыптасуының ең күрделі кезеңдерінен өткен ағa ұрпақ өкілдері, біздер өз орнымызға кімдердің келетініне немкетті қарай алмаймыз. Мүдделі ұйымдар, ғалымдар коллективтік ұстаздықты одан әрі дамытудың нақты ұсыныстарын, методикасын жасауға көмектесуге тиіс деп ойлаймын. Бұл жерде республикалық газеттер, журналдар, телевизия өз ролін атқара алады. Осы мәселе бойынша салалық семинарлар өткізу де пайдалы болар еді.

БАҒАЛЫ ТӘЖІРИБЕНІ ПАЙДАЛАНАЙЫҚ

В. ШИН,
Талдықорған облысы Қаратал ауданындағы «Үштөбе» сохозының звено жетекшісі

Жетісу жерінен өз ісінің тамаша шеберлері, 130-дан астам Социалистік Еңбек Ері өсіп шықты. Олардың еңбек ерлігі біздің жастар үшін Отанға шексіз қызмет етудің үлгі-өнегесі, адамгершілік қасиеттің қалыптасуы үшін берекелі негіз болып табылады. Біз облыс жастарының таңдаулы ұстаздары Социалистік Еңбек Ерлері, «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының председателі Н. Н. Головацкийдің, атақты қызылшашылар мен жүгерішілер З. Сейітованың, Б. Тәтенованың, М. Ниязованың, «Еңбекші» совхозының директоры З. Тамшыбаеваның, механизатор П. Астаповтың және басқалардың есімдерін мақтанышпен атаймыз.

Социалистік Еңбек Ері О. Р. Адлер слетке қатысушы болды. Бертінге дейін ол «Қызылағаш» совхозының механизаторы еді. Ал қазір ол жүрек қалауымен селолық кәсіптік-техникалық училищеге өндірістік оқу мастері болып ауысты. Бұл — жастарға қамқорлық жасаудың тамаша үлгісі.

Мен еңбек жолымды соғыстың ауыр кезінде 16 жасымда бастадым. Сарымсақ өсірумен айналысамыз. Менің звеномда негізінен жастар. Бәрі де адал жұмыс істейді, біз қазір 1986 жылдың есебіне еңбек етіп жатырмыз.

Өз шәкірттеріңнің дербес еңбеккер болғанын көру қуанышты ғой. Совхоздың комсомол ұйымы осыдан бірнеше жыл бұрын менің шәкіртім Алла Кимді жаңадан ұйымдастырылған бөлімшеге құс өсіруші етіп жіберді. Қазір оның өзі құс өсірушілердің комсомол-жастар звеносын басқарады. СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Мен Алланы өзімнің туған қызымдай мақтаныш етемін.

Ұстаз ретінде өзімнің қамқорлығымдағы жастардың бос уақыттарын қызықты да мазмұнды өткізуіне қамқорлық жасаймын. Біздің совхозда корей халық музыка-дарама театры жұмыс істейді. Звеномыздағылардың бәрі оған қатысады.

Совхоз еңбеккерлері Азық-түлік программасын жүзеге асыруға сүбелі үлес қосуда. Мемлекетке күріш тапсыру жөніндегі бесжылдықтың төрт жылының жоспары асыра орындалды, пияз, ет және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін сату жөніндегі тапсырма орындалды. Мұнда еңбек ардагерлерінің де, жастардың да үлкен еңбегі бар.

Digitized by Google

АЯЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚТА

С. ГАВРИЛЮК,
Шортандыдағы Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты тәжірибе шаруашылығының трактор-егіс бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты

Адамның шынайы жеке қасиеті, оның қабілеттері коллективте, үлкен бірлескен еңбекте ғана ашылатынын өмір қуаттайды. Бұған тәжірибе шаруашылығымыздағы орта мектеп оқушыларының өндірістік бригадасына коллективтік ұстаздық ету үлгісі арқылы көзіміз жетті.

Біз басты күш-жігерді балалардың мектеп орындығынан бастап-ақ өздерін жер иесімін деп сезінуіне бағыттаймыз. Мектеп реформасы біздің алдымызға осындай міндет қойып отыр. Егінші кәсібінің маңызды да құрметті екенін, танаптар мен фермалардағы жұмыстың бұрынғыға қарағанда анағұрлым қызықты бола түскенін, барған сайын терең білімді талап ететінін оларға жеке үлгі-өнегеміз арқылы көрсетуге ұмтыламыз.

Біздің Шортанды мектебі оқушылардың өндірістік бригадасы шаруашылықтың құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оған 525 гектар жер бекітіліп берілді, демек оның әр гектарында егіншіліктің топырақ өңдеу жүйесінің бүкіл комплексі сақталады. Жұмыс көлемі ғана емес, сондай-ақ шығындардың толық есебі де көрсетілетін технологиялық карталар жасалады. Бригада қажетті техникамен қамтамасыз етілген.

Жасөспірімдер ересектермен бірге социалистік жарысқа қатысады. Өткен жылғыдай құрғақшылық жылдың өзінде олар әр гектардан 15 центнерден астам астық алды.

Мектеп ауыл шаруашылығы өндірісінің еңбек ресурстарын толықтырудың басты резерві болды және бола береді. Бірақ, өкінішке орай педагогтардың қызметі көбіне жоғары оқу орындарына түскен түлектердің санымен бағаланады. Еңбексүйгіш адамдар — механизаторларды, малшыларды тәрбиелеген педагогтар құрметке, жоғары бағаға лайықты емес пе?

Қазір нан қадірі туралы өте көп жазылып та, айтылып та жүр. Ол әрбір диқанға жақсы таныс. Сондықтан да біз, село жастарының ұстаздары жастарды диқан еңбегіне, нанды қастерлеуге тәрбиелеуден оз міндетімізді көреміз.

ЖҰМЫСШЫ-ПЕДАГОГТАРҒА РАХМЕТ

Г. ДИҚАНБАЕВА,
Ю. А. Гагарин атындағы Алматы өндірістік тігін бірлестігінің тігінші-моторисі, СССР Жоғарғы Советінің депутаты

Бізде жиырма жылдан астам уақыттан бері қастерлеп сақтап, молайтып келе жатқан жақсы дәстүріміз бар. Гагариншылардың әрбір ұрпағы өзіне лайықты жеткіншек даярлайды.

Кәсіпорынға жыл сайын 300-ден астам жастар еңбек етуге келеді. Олардың әрқайсысының жұмысшы өмірбаянында өндірістегі алғашқы қадамдармен және алғашқы еңбек жеңістерімен байланысты адамдар бар. Мен үшін ол—Л. С. Митятина. Фабрикаға қалай келгенім есімде. Шынымды айтсам, күрделі өндірісті меңгеріп кете аламын ба деп күмәндандым, өз ісінің шеберлері, ардагерлерге жете алмайтын шығармын деп ойладым. Нақ сол кезде менің ұстазым — Лидия Сергеевна көмекке келді. Осы бір қайырымды, байсалды әйел менің сенімді досыма, ұстазыма айналды. Ол менімен кәсіптік шеберлігін алмасты, жеке үлгі-өнегесімен жұмысшы абыройының заңдары бойынша өмір сүруді үйретті. Осы бір сәтті пайдалана отырып, қымбатты Лидия Сергеевнаға, сондай-ақ жастарды жаңа еңбек асуларына бастап келе жатқан Антонина Ивановна Пахомчикке, Нәзкен Сексенбайқызы Меркеевaға және басқаларға шын жүректен шыққан алғысымды білдіргім келеді.

Республика комсомолының Орталық Комитеті «Не жақсының бәрі — балаларға» деген девизбен балаларға арналған товарлардың түр-түрін шығаруға комсомол ұйымдары тарапынан көрсетілетін қамқорлық көмектің комплексті программасын жасады. Біздің бірлестіктің жастар коллективі программаны орындауға лайықты үлес қосады. Мысалы, 1984 жылдың бірінші тоқсанында ғана жоспардан тыс 217 мың сомның өнімі шығарылды.

Біздің бірлестікте әзірше алты комсомол-жастар коллективі жұмыс істейді. Бұл аз. Оның құрамына әрбір алтыншы жас еңбеккер ғана кіреді. Істің осындай жағдайы жалғыз бізде ғана емес. Сондықтан да жастардың жаңа еңбек бірлестіктерін құрып, бұрыннан барын нығайту үшін біздің барынша көп күш-жігер жұмсауымыз қажет.

Қазақ республикалық кәсіподақ советінен, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінен жастар ұстаздарының, комсомол-жастар коллективтерінің бригадирлері мен топ комсоргтерінің оқуын жиірек ұйымдастыруын, озық тәжірибені кеңінен насихаттауын өтінгіміз келеді.

Digitized by Google



ДЕМАЛЫС КҮН МАРШРУТТАРЫМЕН

Біздің еліміздің әрбір еңбеккерінің жылына 110—120 күнге жуық бос уақыты — демалыс, жексенбілік, мерекелік күндері болатыны есептелген. Осы уақытты орынды пайдалану үшін қандай шаралар қолданылуда?

Облыстық «Ленинское знамя» газетінің беттерінде үлкен әріптермен терілген «Жексенбілік күн штабы» деген рубрикамен берілетін жолдар петропавлдықтардың назарын міндетті түрде аударады. Украина, Белоруссия және Россия Федерациясының бірқатар қалаларының үлгісімен бұдан бірнеше жыл бұрын қалада осындай штаб құрылды. Оның құрамына партия, совет, кәсіподақ және комсомол органдарының, «Білім» қоғамының, мәдени-ағарту мекемелерінің, физкультура және спорт жөніндегі комитеттің өкілдері кірді.

Штабқа әртүрлі шаралар туралы мәліметтер бір ай бұрын келіп түседі, содан кейін мәжілісте тұрғындардың демалысын ұйымдастырудың нақтыланған жоспары жасалады. Сөйтіп штаб қалада демалыс күндері тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыру жөніндегі барлық жұмысты жоспарлауда үйлестіру орталығына айналды. Қаланың аудандарында тұрғылықты жер бойынша, оның ішінде демалыс күндері атқарылатын жұмыстың барлық жауапкершілігін аудандық партия комитеттері жанындағы қоғамдық үйлестіру советтері өз міндетіне алған.

Мысалға Петропавлдың Киров ауданын алайық. Мұнда советті аудандық партия комитетінің бірінші секретары О. Ж. Сақтағанова басқарады. Аудандық партия комитеті жанындағы үйлестіру советі өзінің практикалық қызметінде микроаудандардағы қоғамдық советтерге сүйенеді. Олардың шекаралары мұнда тұрғындардың бос уақытының барлық пункттері бірдей бөлінетіндей етіп белгіленген. Әрбір микроауданда ірі өнеркәсіп орындарының біреуі базалық, басты пункт ретінде бөлінген. Осындай коллективтің бірінші жетекшісі әдетте қоғамдық советтің председателі болып табылады. Бұл советтер тұрғылықты жерлердегі бүкіл бұқаралық-саяси, мәдени-ағарту, тәрбие және спорт жұмыстарының ұйымдастырушыларына айналды.

Аудан көлемінде тұрғындармен жұмыс жүргізу жөніндегі идеологиялық карта-схема жасалды. Микроаудандардың әлеуметтік паспорттары әзірленді, адамдардың мәдени сұраныстарын білу жөнінен анкета жүргізіледі.

Мұнда тұрғылықты жер бойынша жұмыстың үлгі схемасы осындай. Ол демалысты үзіліссіз, айқын мақсатпен ұйымдастыруға, барлық проблемаларды шешуге комплексті тұрғыдан қарауға көмектеседі. Осыған қол жетуде ме? Бұл сұраққа белгілі бір дәрежеде жауап беру үшін ауданның 14 және 15 апрельдегі демалыс күндерінің маршруттарымен жақынырақ танысайық. Бұл күндердің демалыс жоспарларында ондаған әртүрлі шаралар бар екенін айтқан жөн. Мұның өзі олардың кейбіреулеріне ғана тоқталып, баяндаудағы хронологиялық жүйеліктен біраз шегінуді талап етеді.

...Көктемнің орта тұсы болса да, бұл күні таңертең термометрдің сынап бағанасы минус он екі градустық белгіге дейін төмендеді. Осындай кезеңде бұрын болып көрмеген аяз «Правда» газетінің жүлдесі жолындағы дәстүрлі кроссқа толық құрамда шыққан 35 ұйым мен кәсіпорынның 700-ден астам кировтық спортшыларын тоқтата алмады. Ол осы бір ертеңгілік сағатта қаланың басты көшесі — Ленин атындағы көшенің кең тротуарларын өздерінің қатысуымен жандандырған жанкүйерлерді де тежей алмады. Мұнда дене мәдениеті мен спорттың назардан қалыс қалмағаны бәрінен байқалады...

Материалдық-спорт базасы туралы. Ауданда екі стадион, 20 спорт залы, 7 атыс тирі жұмыс істейді, барлық мектептер жанынан спорт алаңдары жабдықталған, 80-нен астам аулалық алаң бар. Бір жылдың ішінде хоккей корттарының саны үшеуден отыз бірге көбейді. «Динамо» стадионында жаңа спорт павильонының құрылысы аяқталып келеді, теміржолшылардың микроауданында спорт комплексін тұрғызу көзделген.

Кировтықтарда 62 дене шынықтыру коллективі бар. Бір жылдың ішінде ғана 5 спорт мастері, 54 мастерлікке кандидат, 231 бірінші разрядты, 11,5 мыңға жуық көпшілік разрядты спортшы даярланды. Ал барлығы 37 мыңға жуық адам спортпен тұрақты айналысады.

Аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Ф. Ш. Шарафутдинов пен аудандық комсомол комитетінің секретары Н. Нұрпейісов жеңімпаздарға — Киров атындағы заводтың жұмысшысы В. Нетиевскийге, вагон депосының жол серігі Л. Илюхинаға және басқаларға наградалар тапсырып жатқан кезде — демалыс күнінің басқа адрестерімен танысайық.

...Міне, облыстық өлкетану музейінің есігі адамдардың алдынан қонақжай-

Digitized by Google

лылықпен ашылуда. Көрермендер келіп жатыр.

Бүгін гидтер өлкеде Совет өкіметінің орнатылуы және Солтүстік Қазақстанның алғашқы комсомолецтері туралы екі экскурсия өткізуге әзірленуде. Тарихтың даңқты беттері бүгінгі жастарды толғандырады.

...Шалғай Подгорный микроауданының Юрий Гагарин атындағы № 14 орта мектеп пионерлері туды салтанатты түрде «Заря» кинотеатрының залына алып кірді. Залда — балалар мен ересек адамдар. Көпшілігі семьяларымен келіпті. Президиум столында мектеп директоры Л. А. Виноградовамен қатар қамқорлық жасаушы ұйымдардың, аулалық клубтардың, қоғамдық право тәртібі пунктінің өкілдері, учаскелік милиционер отыр. Жыл сайын алғашқы космос сапарының датасына орайлас өткізілетін «Мектеп абыройы үшін» мерекесі микроауданның барлық тұрғындары үшін дәстүрге айналды, оған қатысушылар — пионерлер, комсомолецтер, шаруашылық басшылары, қоғамдық активистер — жиналғандарға өздерінің істері мен таяудағы жоспарлары туралы әңгімелейді.

...Ал бұл уақытта Мәдениет сарайында әскер қатарына шақырылушы жігіттерді Совет Армиясына шығарып салуда. Облыстық партия комитетінің секретары А. Н. Пенчук, соғыс және еңбек ардагерлері, әскери борышын өтеген жауынгерлер оларға әкелердің жауынгерлік дәстүрлерін молайта беруге ізгі тілек білдіреді. Сахнадан совет адамының патриотизмі мен интернационализмін дәріптейтін әндер шырқалуда.

Біз көптеген қоғамдық орындарда болдық.

Аудан территориясында облыстық драма театры, филармония, қалалық мәдениет және демалыс паркі, шахмат-дойбы клубы, Мәдениет үйі мен екі завод клубы, пионерлер үйі, қалалық және аудандық музыка мектептері, үш кинотеатр, екі кітапхана, 5 тұрақты үгіт пункті, 8 үгіт алаңы мен балалардың 8 аулалық клубы, 5 қоғамдық право тәртібі пункті орналасқан.

...Барлық жерден өмірді анағұрлым мазмұнды, әсерлі етуге ұмтылушылық байқалады.

...Жергілікті кәсіпорындар өндіретін халық тұтынатын товарлар экспозициясы орналастырылған көрме залына бұл күндері келушілер көп болды.

...Орталық балалар кітапханасының қызметкерлері И. Авдеева мен Г. Зуева әзірлеген «Суретші-атеистер» деген сурет сағаты мен «Ырымшылдық қалай пайда болды» деген атеистік оқулар жас оқырмандар үшін қызықты болды.

...Демалыс күндерінің бірінде Киров атындағы заводтың клубында өткен «Арай» халық би ансамблінің жаттығуы жиналғандардың бәрін үлкен әсерге бөледі. Мұнда өз коллективінің юбилейі құрметіне қойылатын концертке әзірлік өтіп жатқан еді (көркемдік жағын басқарушысы —М. М. Ворожбитова, балетмейстер — Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері В. И. Хренов). Міне, жас бишілердің қол шапалақтауымен сахнаға осыдан 20 жыл бұрын шыққан адамдар жұптасып вальс әуенімен билей жөнелді.

Аудан қазір бес көркемөнер коллективі халықтық деген атақты жоғары ұстап келеді. Ал Киров ауданында барлығы 85 көркемөнер коллективі бар. Оларға қатысушылардың жалпы саны — алты мың адамнан асады.

...Империалистік елдердегі насихат орталықтарының совет жастарына қарсы идеологиялық диверсиялары туралы хабарды тыңдауға жатақхананың қызыл мүйісіне жиналған темір жол техникумының оқушылары «Білім» қоғамының лекторы П. Н. Злобинді көпке дейін жібермеді. Әңгіме тоғышарлық құбылыстар, өмірге тұтынушылық тұрғыдан қараудың неге әкеп соқтыратыны, барлық мәселелер бойынша дұрыс өмір позициясын ұстау қажеттігі туралы пікірлер алмасуға ұласты.

Тұрғылықты жер бойынша жұмыс активистері адамдарды осындай өмір позициясына сөзімен де, ісімен де тәрбиелейді. Ал оларды барлық жерде кездестіруге болады. «Восход» аулалық клубында — партия және еңбек ардагері К. С. Шульгина мен педагог-ұйымдастырушы Л. К. Навесова қоғамдық жұмыстың нағыз энтузиастары. Киров микроауданындағы қоғамдық тәртіпті сақтаудың тірек пунктінде — З. Д. Ермилова, Н. М. Чистов, Л. С. Иосилевич, Х. Ф. Губайдуллин сияқты совет мүшелері және басқалар. Олардың арқасында қиын жасөспірімдердің көпшілігі дұрыс өмір жолына түсті. Жас коммунист Р. Габтельмаликов жүргізетін жеке тәрбие жұмысы мұның нақты мысалы. К. Сашаның бастапқыда өмірі қалыптаспады. Жайсыз семьяда өсті, мектепте оқып жүргеннің өзінде ұрлық жасап, сол үшін шартты түрде сотталды. Ренат қиын жасөспірімді екі жыл бойы қамқорлығына алып, оны, былайша айтқанда, адам қатарына қосты. Жас жігіт кешкі мектепті бітірді. Қазір Ренатпен бірге заводта үздік еңбек етеді. Және осындағы тірек пункті жанында халық жасақшысы болып табылады.

Қоғамдық тәртіптің әрбір тірек пункті жанындағы депутат топтары адамдарға, олардың денсаулығына, тұрмыс жағдайын жақсартуға үлкен қамқорлық жасайды. Киров микроауданында оны Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Киров атындағы заводтың монтажшысы Л. С. Авдеева басқарады. Мұнда ол сайлаушыларды қабылдаумен қатар көлемді түсінік жұмыстарын жүргізеді. Мысалы, біздің тірек пунктіне баруымыз қарсаңында онда наркологтардың ішімдікке салынушы адамдармен кездесуі өтіпті. Лидия Степановна да бұл тұрғыдан салмақты сөз айтты.

«Ауданда 300-ге жуық депутат бар,— деп әңгімеледі аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары С. К. Тасеменова, — олардың бәрі де үлкен қо-

Digitized by Google

ғамдық жұмыс жүргізеді...». Олардың қатысуымен «Таңдаулы үй», «Таңдаулы аула» атағын алу жолындағы жарыс өтуде. Еңбек ардагері Л. Т. Медуница басқаратын үй және көше комитеттерінің аудандық советі оны ұйымдастырумен және қорытындыларын шығарумен айналысады. Оның қамқорлығының арқасында үй және көше комитеттері арасындағы социалистік жарыс қорытындылары бойынша 29 үйде «Таңдаулы үй» деген әдемі тақтайша пайда болды. Социалистік жарыс жеңімпаздарына арнаулы дипломдар тапсырылды.

...Біз рейд өткізген күндері микроауданның көптеген тұрғындары көктем қарсаңында қаланы тазарту жөніндегі сенбілікке ұйымшылдықпен шықты, үгіт алаңдарының айналасындағы территорияны ретке келтірді. Ал ауданда 8 үгіт алаңы бар. Май айында олардың бәрі тұрғылықты жер бойынша жүргізілетін жұмыстың негізгі орталықтарына айналады. Ал олардың міндетін әзірше тұрақты үгіт пункттері атқаруда. Үгіт коллективтері өз жұмыстарын нақ солардың базасында құрады.

Көптеген істер туралы әлі де әңгімелесуге болар еді. Мысалы, тұрғындардың әртүрлі топтары арасында жұмыс істейтін «Товарищ», (майдангер достар клубы) «Театральная гостиница», «Будущий воин», «Девичник», «Юный моряк», «Светофор», «Парус» (театр-поэзия), «Олимп», «Тұлпар» спорт клубтары сияқты көптеген клубтардың қызметі туралы айтуға болады. Ауданның барлық тұрғындары дерлік қатысатын бұқаралық мерекелер ұзақ есте сақталады. Мысалы, жыл сайын өткізілетін гүлдер көрмесін бәрі де асыға күтеді...

— Бұқаралық-саяси жұмыста қандай жаңалықтар бар?

— Оның ауқымы кеңейіп, мазмұны тереңдей түседі, үгіт адресі нақты болады, — деп жауап берді аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Э. С. Красикова. — Бюрода тұрғылықты жер бойынша жүргізілетін идеялық-тәрбие жұмысының екі жылға арналған перспективалы комплексті жоспары бекітілді. Жоспарда өздерін жақсы жағынан көрсете білген информациялық кештер, ашық хат күндері, бірыңғай саяси күндер, «дөңгелек стол» басындағы кездесулер, партия, соғыс және еңбек ардагерлерінің әңгімелері бар. Информациялық-насихат топтарының әңгімелерін өткізуді жалғастырамыз.

Адамдардың демалысын ұйымдастырушылардың жауапкершілігін арттыру үшін нақты күндер белгіледік: әрбір сейсенбіде — информациялық-насихат топтары тұрғындармен кездеседі, әрбір бейсенбіде — басты партия ұйымдары өткізетін бұқаралық шаралар, әрбір сенбіде — мәдени-ағарту мекемелерінің шаралары, әрбір жексенбіде — мектептердің өнер көрсетуі өткізіледі.

Әзірше барлық партия ұйымдары бірдей инициатива көрсетіп отырған жоқ. Ішінара айтқанда, біз үй басқармалары коллективтерінен көп нәрсе күтеміз. Күндізгі уақытта үгіт алаңдарында кино көрсету әзірше проблема болып табылады. Бұл үшін арнаулы аппаратура жоқ...

Қалада адамдардың демалысын ұйымдастырушылық мәнінде мазмұнды өткізу үшін көп істер атқарылуда. Бірақ сонымен қатар кейде тұрғылықты жер бойынша жүргізілетін жұмыста адамдарға ықпал ету мүмкіндігі пайдаланылмайды. Біз болған жерлердің бәрінде қызу жұмыстар атқарылуда.

Ал теміржолшылар Мәдениет сарайының тұрақты үгіт пунктінде (оның үгіт коллективі жақсылар қатарында саналатын, оның тәжірибесі туралы буклет шығарылған) уақытша тыныштық орнаған. Бірнеше активистен басқа онда ешкім болмады. Мұнда жұмыстағы «маусымаралықтан» әлі арылмапты. Сайлау науқанынан кейін көрнекті үгітті алып тастапты, ал жаңасын безендіруге ешкім асығар емес.

Немесе басқа мысал келтірейік. Энергетиктердің Мәдениет сарайында автомобильшілер мен жолшылардың көркем-өнер коллективтерінің байқау-конкурсы бос залда өтті.

КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында тұрғылықты жер бойынша жүргізілетін идеялық-тәрбие жұмысының жүйесін жетілдіруге ерекше мән берілді. Идеологиялық жұмыста, Д А Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумында атап көрсеткеніндей, кезкелген «қуысқа» жол беруге болмайды. Әр кісінің рухани баюы үшін аса қолайлы кезең — демалыс күндері адамдардың бос уақытын терең мазмұнмен толықтыру өте-мөте маңызды.

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының рейд бригадасы

Петропавл қаласы.

Digitized by Google

ОЯНҒАН ӨЛКЕ АҚЫНЫ

Ілияс Жансүгіров қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі деп орынды есептеледі. Талантты ақын, прозашы және драматург туған әдебиетімізде социалистік реализм принциптерін орнықтыра отырып, дәуірімізге лайықты үн қосты. Совет өкіметін орнату жылдарында алғаш көрінген оның поэтикалық дарыны жаңа дәуір творчествосымен кемелдене түсті.

Басқа да көптеген совет жазушылары сияқты, І. Жансүгіров революция оятқан халық бұқарасының ортасынан шықты және халық өкіметінің еңбекшілері үшін ашылған әдебиеттің даңғыл жолына түсті. Ол 1894 жылы 1 майда Қапал уезі Ақсу болысының № 4 ауылында туды (қазір Талдықорған облысы Ақсу ауданының «Қызылтаң» совхозы). Анасынан ерте айырылды. Оның әкесі Жансүгір Берсүгіров сауатты адам болатын, қазақтың ауызша халық творчествосының үлгілерін жинаумен айналысатын. І. Жансүгіров олардың көпшілігін Совет өкіметі кезінде ғана альманахтар мен журналдарда жариялады.

Әкесі баласына көп нәрсені үйретті. Ілияс бала кезінде-ақ оқи білді, домбыра тартып, ән айтатын. Зерек, қабілетті бала әкесінен халықтың ән-жыр творчествосы мен шешендік өнерге игі әуес қойлықты мұра етіп алды.

І. Жансүгіров Қараағаш қазақ орталау мектебінде білім алды. Ол ауылда тұрып, мұғалім болды. Оның поэзиядағы алғашқы қадамы шамамен 1915 жылы басталады. Бірақ оның алғашқы өлеңдері 1917 жылдың 22 августында «Сарыарқа» (Семей қаласы) газетінің бетінде жарияланды. Жас кезінде жазған өлеңдерінің бірнеше дәптерін («Балдырған», «Қызыл жалау» деп аталады) 1957 жылы ақын Қ. Бекхожин Алматы қаласындағы А. С. Пушкин атындағы республикалық көпшілік кітапханасының архивінен тапты. Олардың көпшілігі ақынның бес томдық шығармалар жинағының бірінші томына енгізілді.

Жансүгіровтың ертеректе жазылған өлеңдерінің негізгі тақырыбы—шынайы махаббат, әншілер мен музыкант-күйшілердің өнері, туған жер табиғаты («Бұлбұлға», «Әншіге»). «Мұңды құс» деген өлеңінде өмірдің басқа бір жағын қозғайды. Ақын адамдардың творчестволық жағынан өсуіне мүмкіндік бермеген революцияға дейінгі кезең туралы қапалана әңгімелейді. Жансүгіровтың поэзиясында осы өлеңнен бастап жаңа тақырып — әлеуметтік тақырып барған сайын айқын көрініс тапты. Ол өз шығармаларында гуманизм, адалдық, әділдік идеяларын жақтай отырып, сол кездегі қатал заңдарға қарсы шығады.

1919 жылы Орта Азия ақ гвардияшылар мен басмашылардан азат етілгеннен кейін Ілияс Жансүгіров Ташкент қаласына барып, екі жылдық мұғалімдік курсқа түсті. Сонда оқи жүріп, ол «Ақжол» газетінің редакциясында (Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы) корректор болып істеді, онда газет жұмысының бірталай тәжірибесіне ие болды.

Ол сол жылдары жазылған өлеңдердің кейбірін Алматының «Тілші» және «Кедей еркі» газеттерінде жариялады. Оянған халықтың мақсаттарымен және талаптарымен сәйкес өзінің ежелгі арманы туралы ерлікпен жырлаған, 1920 жылы жазылған «Арыным» деген өлеңін ерекше атап өткен жөн:

Арылтамыз аспанды аршып тұманнан,
Тазалаймыз жерді жонып жуаннан,
Тапсыз, тату, мерекелі, өнерлі
Ел жасаймыз еңбегіне қуанған.

Осы жылдарда «Тілші» газетінің беттерінде І. Жансүгіровтың «Ортақшыл партия» деп аталған тағы бір өлеңі жарияланды. Оны қазақ поэзиясының осы тақырыпқа арналған алғашқы шығармаларының бірі деп есептеуге болады. Ақын өлеңдерінде қазақ еңбекшілерінің ұлы Коммунистік партияға берілгендігін білдірді, оның дана және әділ саясатына үміт артады. Сол жылы жазылған «Еңбекшілерге» деген өлеңінде ақын Совет өкіметін халық өкіметі ретінде бағалай отырып, қазақ кедейлерін еңбекке және білім алуға шақырады, демек ақынның пікірі бойынша бұл оның мұқтаждықтан толық азат етілуінің кепілі.

Digitized by Google

Туған ауылына оралып (1921—1922 жылдар), І. Жансүгіров оның өміріне терең және жіті қарайды. Мұғалімдік қызметпен қатар ол халықтың кедей және жалшы жіктері арасында жұмыс жүргізеді, кедейлер одағына кіреді. Және жоғары азаматтық тақырып оның творчествосында кеңінен жырланады.

1922 жылы І. Жансүгіров Алматыға келіп, «Тілші» газетінің редакциясында жұмыс істей бастады. Келесі жылдың февраль айында ол Алматы қазақ-қырғыз институтын басқарды. 1923—1924 жылдар ерекше жемісті жылдар болды. Осы екі жыл ішінде ақын елуге жуық өлең жазды. Олардың көпшілігі «Тілші» беттерінде басылды.

1924 жыл — Жансүгіровтың өмірі мен творчествосында ерекше орын алады. Бұл — оның Коммунистік партия қатарына өткен жылы. Коммунист ақынның творчествосы идеялық-тақырыптық жағынан байыды, саяси жағынан ұштальды, көркемдік жағынан жетілдірілді. Бүкіл елімізді дүр сілкіндірген В. И. Ленинның мезгілсіз қазасын халықпен бірге қайғыра отырып, ол «Ленин өлді» деген өлең жазды, онда халық көсемі мен революция кемеңгерін тұңғиық түнектен жарыққа алып шыққан кеме жүргізуші капитан бейнесінде берді.

1925 жылы ол Москвадағы Коммунистік журналистика институтына түсті. Өзінің үлкен қабілеттерін көрсете отырып, жақсы оқыды. Оқуды қолға кеш алған ақын (31 жасқа қараған) оның қуаныштары мен қиындықтарын беріле ұғына отырып, тарихты, философияны, әдебиет пен журналистиканы, орыс тілі мен әдебиетін терең оқып үйренді. Институттағы оқу жылдарында оның поэтикалық дауысы үлкен күш алды. Ақынның осы кезеңдегі творчествосында өнеркәсіп тақырыбы көрнекі орын алады.

Москвадан оралған І. Жансүгіров «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Социалистік Қазақстан») газетінде қызмет істей бастады. Алғашқы екі жинақ («Беташар», 1927, «Сағанақ», 1928) және республикалық газет беттерінде жарияланған жаңа, көркемдік дәрежесі жоғары өлеңдері І. Жансүгіровтың есімін Қазақстанда кеңінен танымал етті. Оның шығармаларының тақырыбы кеңейіп, саяси пікірі ұштальды, сөздің үгітші күші салмақтырақ естілді. Осы жылдарда оның творчествосында СССР халықтарының лениндік достығының ұлылығы анағұрлым толық ашылады.

І. Жансүгіровтың поэзиясында ұлтазаттық қозғалысы, дүние жүзі пролетариатының империализмге қарсы күресі мәселелері айрықша орын алады. «Гималай» толғауы осы тақырыпқа арналған көрнекі шығармалардың бірі болып табылады. Шығыстың еңбекші бұқарасының капитал тепкісіндегі ауыр жағдайын бейнелей отырып, ақын олардың ұлы күші мен жарқын болашағына кәміл сенім білдіреді.

1932 жылы Совет Жазушылары одағының қазақстандық комитеті құрылды. Оны басқару І. Жансүгіровке тапсырылды. Қазақ жазушыларының жас кадрларын тәрбиелеп, қазақ совет әдебиетін социалистік реализм рухында дамыту үшін өзінің барлық күш-қайратын жұмсай отырып, І. Жансүгіров Қазақстан жазушылар одағын төрт жыл басқарды. Оның он жылдан сәл астам уақыт ішінде жазған жиырмадан астам очерктері, әңгімелері, фельетондары, енген жинағы 1933 жылы шықты.

Осы жылдары І. Жансүгіров шағын очерктерден, әңгімелер мен фельетондардан анағұрлым маңызды прозалық шығармаларға ауысады, өзінің «Жолдастар» деген алғашқы көлемді романын жазады.

1934 жылы Ілияс Жансүгіров СССР жазушыларының І съезіне делегат болады, сонда СССР Жазушылар одағы басқармасының мүшесі болып сайланды. Сондай-ақ Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланады.

Жансүгіров әдебиеттің өзара ықпал ету шарттарының бірі — көркем аударма ға ерекше көңіл бөлді. Ол А. С. Пушкиннің «Гаврилиада», «Евгений Онегин», М. Ю. Лермонтовтың «Черкестер» Н. А. Некрасовтың «Шойын жол», А. М. Горькийдің «Дауылпаз туралы жыр» поэмаларын, В. Маяковскийдің, Д. Бедныйдың, А. Жаровтың, И. Уткиннің, сондай-ақ Гете мен Гейненің бірнеше өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

І. Жансүгіровтың қызметінің соңғы ең жемісті кезеңі (1930—1937) әдебиеттің барлық жанрындағы ірі жетістіктермен, оның ішінде поэзиядағы аса көрнекі табыстармен сипатталады. «Құлагер» поэмасын оның творчествосының шыңы және қазақ совет поэзиясындағы аса көрнекі шығармалардың бірі деп атауға болады.

Ілияс Жансүгіров бірнеше пьеса да жазды, оның ішінде «Кек», «Түрксиб», «Исатай-Махамбет» сияқты ірі шығармалар бар. Олардың бәрі кезінде қазақ театрларының репертуарына енді.

І. Жансүгіровтың тамаша творчествосы қазақ совет поэзиясының қалыптасуына, оның одан әрі дамуына ықпал етті. Осы тұрғыдан Ілияс Жансүгіровтың мұрасы маңызын жоғалтпайды. Ол болашақта да бізбен бірге болады.

Б. ЫСҚАҚОВ,

филология ғылымдарының кандидаты.

Digitized by Google

БҮГІНГІ БАСТЫ МІНДЕТ

Қоғамымыздың даму тәжірибесін бағалай келіп, КПСС XXVI съезі қоғамның тапсыз құрылымының қалыптасуы түбірінен және негізінен толысқан социализмнің тарихи шеңберінде өтеді деп тұжырым жасады. Таптар арасындағы айырмашылықтардың жойылуы әлеуметтік саясат алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ол таптық шеңберінен шығатын айырмашылықтарды жоюға, әрбір әлеуметтік топтың ерекшеліктері мен мүддесін мейлінше ескеруді талап ететін проблемаларды шешуге барынша шоғырландырылуда. Осыған орай, КПСС XXVI съезінде атап көрсетілгеніндей, осы айырмашылықтарды территориялық тұрғыдан теңестіру қажет.

Әлеуметтік-территориялық айырмашылықтар дегеніміз — бұл өмір жағдайы мен салтындағы, сондай-ақ түрлі аймақтар мен елді мекендер тұрғындарының әлеуметтік құрылымындағы айырмашылықтар. Бұл айырмашылықтар нақты тарихи факторларға байланысты. Демек түрлі аймақтардың тұрғындары өзіндік әлеуметтік топты құрайды. Мұндай топтарды бөлудің аса маңызды шарттары — өмірлік қызмет жағдайларының бірлігі және қоғамдық еңбек бөлісінде белгілі бір орындарының болуы. Мұндай топтардың ерекшеліктерінің бірі сол, олар сол жерде тұратын еңбекші халықты ғана емес, сондай-ақ барлық тұрғындарды қамтиды. Басқа әлеуметтік топтарға қарағанда территориялық айырмашылықтар сол елді мекеннің немесе аймақтың табиғи ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Барлық әлеуметтік-территориялық айырмашылықтар аймақтық және елді мекендік екі топқа бөлінеді Оның біріншісіне облыстық, республикалық экономикалық аудандардың арасындағы айырмашылықтар жатады. Екіншісін қалалық және селолық елді мекендер арасындағы айырмашылықтар, сондай-ақ осы елді мекендердің оз ішіндегі, мысалы, үлкен және шағын қалалар арасындағы айырмашылықтар құрайды. Мұндай бөлу аудандардағы тұрмыстық қызмет жағдайлары тұтастығының елді мекендер дәрежесіндегіге қарағанда азырақ көрінуіне байланысты. Елді мекендер ауқымында территориялық аймақта тұратын адамдардың тікелей қатынас жасауының мүмкіндіктері болуының да маңызы зор, мұның өзі өмір салты мен жағдайының маңызды сипаттамасы болып табылады.

Түрлі елді мекендер мен аймақтардағы халық тұрмысының жағдайы ең алдымен ондағы өндіргіш күштердің орналасуына, яғни экономикалық сипаттағы факторларға тәуелді. Халық табысының дәрежесі тұрмыс жағдайының маңызды сапалық көрсеткіші болып табылады. Дегенмен совет адамдарының ақшалай табысының негізгі көзі болып табылатын еңбекақының салалық айырмашылығы елеулі екені белгілі. Жекелеген аймақтар мен елді мекендер өз кезегінде өндірістің мүлде әртүрлі салалық жиынтығымен сипатталады. Мұның өзі әртүрлі территориялық аймақтардың материалдық әл-ауқатына ықпал ететіні сөзсіз.

Алайда, әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды экономикалық дамудың тікелей салдары деп қарастыру қате болар еді. Сол аймақтың немесе елді мекеннің дамуының тарихи ерекшеліктері кемелденген социализм жағдайында олардың сақталу себептерінің бірі болып табылады. Тарихи факторларды ұлттық факторлармен араластыруға болмайды. Бір республиканың, мысалы, Қазақстанның ауқымында жекелеген аудандардың дамуының айырмашылықтары бар. Мәселен, халқының үштен екісі селолық жерлерде тұратын Торғай облысы тұрғындары тұрмысы мен қызметінің халқының 90 проценті үш қала мен қалалық типтегі 14 поселкеде шоғырланған Маңғышлақ облысы тұрғындарының тұрмысы мен қызметінен елеулі айырмашылығы бар.

Табиғи факторларға қарай да елді мекендер мен аймақтар арасында айырмашылық болады. Табиғи факторлардың өзінде ешқандай әлеуметтік сипат болмайды. Алайда адамдардың әртүрлі топтары бірдей емес жағдайларда тұрғанда ол жағдайлар жөніндегі қатынастар әлеуметтік қатынастар болып табылады. Мұндай әлеуметтік айырмашылықтар қолайсыз жағдайда тұратын аудандардың тұрғындары үшін ол жағдайларды белгілі дәрежеде теңестіруді талап етеді.

Тұрмыс салтындағы айырмашылықтар ең алдымен еңбек саласындағы айырмашылықтар арқылы анықталады. Сол бір әлеуметтік-кәсіптік топтар, мәселен, түрлі елді мекендердегі өнеркәсіп жұмысшылары көптеген әлеуметтік салалардың даму дәрежесі жағынан елеулі түрде ерекшеленеді. Жетекші өнеркәсіптік орталықтардағы автоматтандырылған ірі ауқымды өндіріс және мәдениет шағын қалалардың ұсақ өндірістеріне қарағанда талап-тілек, қажеттілік, инициативалық дәрежесі жағынан өзгеше қызметтерді қалыптастырады. Негізгі әлеуметтік сапалар тек қана еңбек саласында жүзеге асырылып жатады.

Алайда, тұрмыс жағдайы мен салты территориялық дифференциялауда анықтаушы бола тұрып, еңбек адамның алуан түрлі өмірін түгел қамти алмайды. Халықтың мәдени қызметі адамның әлеуметтік тұрғыдан өсуі элементтерінің бірі болып табылады. Мәде-

Digitized by Google

ниет саласындағы территориялық айырмашылықтар да әлеуметтік дамудың жалпы деңгейіне әсер етеді. Қалалар мен селолардың бәрі бірдей қазіргі адамның мәдени талап-тілектерін бірдей қанағаттандыра алмайды. Ал мәдени қызметтің театр спектаклі, консерваториядағы концерт, сирек кездесетін библиографиялық басылымдар сияқты бірегей формаларын тек қана ірі қала көрсете алады. Бұл арада қаланың мәдени дәстүрлері, тек мәдениеттің материалдық базасын дамыту арқылы ғана жасалмайтыны белгілі. Әртүрлі елді мекендердегі қарым-қатынас ортасының әртүрлі болуы сияқты әлеуметтік-территориялық айырмашылықтардың маңызды элементін де атап көрсеткен жөн. Бұл әр адамның жалпы мәдениетінің өсуіне, оның кәсіптік шеберлігінің ұштауына әсер етеді. Мысалы, республикадағы барлық жоғары оқу орындарының үштен біріне жуығы, ғылыми-зерттеу мекемелерінің көпшілігі Алматыда шоғырланған. Бұл қайсыбір облыс орталығына қарағанда ғылыми байланыстың жемістірек болуы, ғылыми қызметкердің өсуі үшін жағдай жасайды. Әрине, бұл мысалдың өзіндік ерекшелігі бар, бірақ мәдени қызметтің театрларға, музейлерге, кітапханаларға және басқаларға бару сияқты бұқаралық формалары да әр ауданда әртүрлі болып келеді. Мысалы, 1980 жылдың басында мың адамға есептегенде музейлерде Гурьев облысында 50, Шымкент облысында 270 кісі болды, ал театрларда Қызылорда облысында 130, Қарағанды облысында 360 кісі болды. Демек аталған бағыттарда халыққа қызмет көрсету арасындағы айырмашылық тиісінше 5 және 3 еседей болды, ал 1970 жылы облыстар бойынша ол 18 есеге дейін барған еді.

Әрине, жекелеген деректер негізінде қорытынды жасауға болмайды, сонда да халыққа мәдени қызмет көрсетудің территориялық айырмашылықтардың нақты түпкі негізі болатындығын атап көрсеткен жөн. Мысалы, Қазақстанның әртүрлі облыстарында халықтың әдебиеттерді, мерзімді баспасөзді оқуға, демек өз білімін көтеруге жұмсайтын уақыты оларға қызмет көрсететін кітапханалар торабы деңгейіне қарай әртүрлі болып келеді. Тағы да мысал келтірейік, 1980 жылдың басында Қостанай облысының әрбір тұрғынына есептегенде көпшілік кітапханаларда 8 кітап пен журналдан келді. Ал Маңғышлақ облысында тиісінше 4 данадан болды. Облыстар бойынша мың адамға келетін клубтар тұрғысынан айырмашылық 2,5 есеге тең. Бұл да әртүрлі аудандардағы халықтың мәдени дамуында мүмкіндіктер бар екендігін әбден айқын көрсетеді.

Осылардың бәрі шын мәнінде совет адамдарының әл-ауқаты мен тұрмыс дәрежесінің артқандығын сипаттайды. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында былай деп атап көрсетілді. «Бізде тұрмыс дәрежесін көтеру» деген формула жиі қолданылады. Бірақ оны кейде үстірт түсіндіріп, халықтың табысы мен тұтыну заттары өндірісінің өсуін ғана ескереді. Шындығына келгенде тұрмыс дәрежесі дегеніміз әлде қайда кең де бай ұғым. Оған адамдардың санасы мен мәдениетінің; оның ішінде тұрмыс, мінез-құлық мәдениетінің және... парасатты тұтыну мәдениетінің тұрақты өсуі де енеді. Оған үлгілі қоғамдық тәртіп те, денсаулық, дұрыс тамақтану да, оған халыққа қызмет көрсетудің жоғары сапасы да енеді (бізде бұл істе бәрі бірдей әлі де онша мәз еместігі белгілі). Оған бос уақытты адамгершілік-эстетикалық тұрғыдан толық құнды етіп пайдалану да енеді. Қысқасы, жинақтап айтқанда социалистік мәдениеттілік деп атауға лайық нәрсенің бәрі енеді».

Бірыңғай жалпы халықтық меншік, қоғамдық өмірдің барлық саласының жоспарлы дамуы, аймақтардың, қалалар мен селолардың әлеуметтік-экономикалық өркендеу дәрежесін теңестіру аудандар мен елді мекендер мүдделері антагонизмінің объективті алғы шарттарына жол бермейді. Территориялық аймақтардың өзіндік мүдделері болуының жөні басқа. Ол мүдделер жалпы халықтық мүдделерге қайшы келмейді, қайта жалпы халықтық мүдделердің нақты жағдайдағы көрінісі болып табылады.

Әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды жоюдың нақты механизмдері қандай? Бұл — ең алдымен әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы дәрежесін теңестіру. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын теңестіру өндірісті барынша автоматтандыру және механикаландыру жолымен жүргізілуде. Бүкіл елімізде автоматтандырылған учаскелер, цехтар, өндірістер көбеюде. Ғылыми-техникалық революцияны өрістету мен территориялық айырмашылықтарды жоюдың тығыз байланысты екендігін атап көрсету керек. Кәсіпорындардың қандай территорияда орналасқандығына қарамастан өндіріс енді жаңа тұрпатты, жалпы мәдени, кәсіби білімі жоғары қызметкерді талап етеді. Өндірісте қол еңбегінің қысқартылуы материалдық әл-ауқат дәрежесіндегі территориялық айырмашылықтарды да азайтады.

Еліміздің біртұтас халық шаруашылығы комплексі жағдайында өндірісті автоматтандыру мен комплексті механикаландырудың тек жекелеген аудандарда жүргізілуі мүмкін емес. Территориялық жағынан бытыраңқы жатқан технологиялық тізбектің барлық буындары бірыңғай циклға қосылғанда ғана олардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі толық көрінеді. Сонымен ғылыми-техникалық прогресс қана әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды

Digitized by Google

ЖАҢА КОДЕКС

1984 жылы 22 мартта оныншы сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс сегізінші сессиясында Қазақ ССР-інің әкімшілік право бұзушылық туралы кодексі қабылданды. Қазақ ССР Юстиция министрінің орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген юрисі А. Б. БҰЛҒАҚБАЕВ оқырмандар сұрағына жауап береді.

Республикада әкімшілік кодексі алғаш қабылданды. Көптеген жылдар бойы республикалық әкімшілік заңы негізінен қоғамдық тәртіпті сақтау, санитарлық, өрттен сақтау, жол қозғалысы, хауіпсіздік техникасы, айналадағы ортаны қорғау ережесін бұзу сияқты түрлі қылықтар үшін жауапкершілік туралы жекелеген, бытыраңқы нормативтік актілерді басу арқылы дамытылды. Енді осы нормалардың бәрі жүйеленіп, біртұтас актіге кодификацияланды. Оның үстіне кодексте жергілікті жағдайды ескеру арқылы өмір мен практика талаптарына сәйкес жаңа нормалар енгізілді. Онда материалдық право, сондай-ақ әкімшілік право бұзушылық туралы істі жүргізу мәселелері нормалары бойынша ықшам,

---

жоюға көмектесумен қатар оның жетістіктерін енгізуді шапшаңдатады.

Әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды жоюдың аса маңызды факторы — әртүрлі аймақтар мен елді мекендердегі еңбек сипатының айырмашылықтарын жою. Техникалық тұрғыдан озық өндіріс еңбек ресурстарының қалыптасқан салалық құрылымына онша тәуелді болмайды. Еңбектің мазмұны мен сипатындағы айырмашылықтар сол ауданға тән жұмыс түрлерін анықтайды. Ғылыми-техникалық революция олардың салалық құрылымын республикалардың, облыстардың, қалалардың комплексті даму бағытына қарай шұғыл өзгертіп отырады. Жоғары дамыған өнеркәсіптік комплексі мен энергетикасы, механикаландырылған ауыл шаруашылығы өндірісі және қуатты транспорт жүйесі бар Қазақстан ғылыми-техникалық революцияның әртүрлі аудандардың әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесін теңестіруге бұлайша әсер етуінің айқын мысалы бола алады. Халық шаруашылығының комплексті дамуының тікелей әлеуметтік нәтижесі болады. Кәсіпті таңдау мүмкіндіктеріндегі территориялық айырмашылықтар жойылады. Бұл — әлеуметтік теңдіктің аса елеулі көрсеткіші.

Әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды жоюдың басқа да маңызды факторлары бар. Мәселен, әрбір адам жеке мүддесіне қарай емес, өзінің қабілеті толық ашылуы қамтамасыз етілетін жерде тұратын болады. Әрбір елді мекенде дамыған мәдени және өндірістік ортаны құру, қызметтің түртүрін қамтамасыз ету, жоғары медициналық және мәдени қызмет көрсету тіпті де мүмкін емес. Өйткені бұл үшін әрбір елді мекенді ірі қалаға айналдыру қажет болар еді. Ал бұдан шығудың жолын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Әңгіме елді мекендердің топтық жүйесі жайында болып табылады. Бір-бірімен қатар орналасқан көптеген қарапайым елді мекендерге қарағанда топтық жүйеде тығыз өндірістік, мәдени және тұрмыстық байланыстар болады. Бұл жүйелердің қалыптасу негізінде объективті себептер жатыр, олар — өндіріс ауқымының, халықтың қоныс аударуының артуы, транспорттың дамуы т. б. Осының арқасында әрбір адам территориялық негізде өзінің қабілетін көрсетіп, қажетін қанағаттандырады. Мұның өзі әлеуметтік дамудың зор мүмкіндіктері болады деген сөз.

Біз әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды жою проблемаларының кейбір жақтарына ғана тоқталып өттік. Бұл айырмашылықтарды жою басқа әлеуметтік айырмашылықтарды жоюға, яғни әлеуметтік бірлестікті қалыптастыруға тығыз байланысты екені анық. Аймақтар мен елді мекендер арасындағы әлеуметтік-территориялық айырмашылықтардың ерекшеліктері қоғамдық қарым-қатынастың сипатына байланысты.

Коммунистік партия алдағы жылдар мен ондаған жылдарда, сондай-ақ қоғамның саяси және идеологиялық қондырғысында, рухани өмірінде елеулі өзгерістер болатынын негізге алады. Сондай маңызды міндеттердің бірі — қоғамдағы әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды зерттеп білу және оларды жою.

М. ТӘЖИН.

Digitized by Google

тиянақты баяндалады. Мұның өзі кодексті пайдалану үшін мейлінше ыңғайлы етеді.

Қазақ ССР-інің әкімшілік право бұзушылық туралы кодексіне тән көріністердің бірі —оның 1980 жылғы 23 октябрьдегі әкімшілік жауапкершілігі туралы ССР Одағы мен одақтас республикалар заңдарына дәлме-дәл сәйкес келуі, ал олардың текстісі құрылымын сақтау арқылы толығынан келтірілген, тек жекелеген нормалар дамытылып, Қазақ ССР компетенциясына сәйкес сараланды.

Кодексте әкімшілік қылыққа тұңғыш анықтама берілген. Ондай теріс қылық деп мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпке, социалистік меншікке, азаматтардың праволары мен бостандықтарына, басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғу сияқты правоға қарсы, айыпты (қасақана немесе абайсыз) әрекет, яки заңда әкімшілік жауапкершілік көзделген қаракетсіздік танылады, ол үшін заңда әкімшілік жауапкершілік көзделген, онда жазалауды күшейтуге емес, право бұзушылықтың алдын алуға, адамды тәрбиелеуге және оның сана-сезімін көтеруге баса көңіл бөлінетіні баяндалады. Сендіру әдісі мемлекеттік күштеу әдісімен іскер қабыстырылуға тиіс. В. И. Ленин былай деп атап көрсеткен: «Біз алдымен сендіруіміз керек, содан кейін күштеуіміз керек. Біздің қайткен күнде де әуелі сендіруіміз керек, ал содан кейін барып күштеуіміз керек».

Осыған орай мемлекет органдары, қоғамдық ұйымдар, еңбек коллективтері право бұзушылықтың алдын алуға бағытталған шараларды талдап жасап, жүзеге асыруға, мұндай қылықтарға ықпал жасайтын себептер мен жағдайларды анықтап, жоюға тиіс.

Нақты қылық үшін негізгі бір, яғни бір негізгі және қосымша бір әкімшілік жазасының қолданылуы мүмкін екені жаңалық болып табылады. Бір право бұзушылық үшін бір мезгілде арнаулы праводан айыру және штраф салу сияқты шараларды қолдануға жол берілмейді. Право бұзушының тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде түзеу жұмыстарын өтеуі жойылды. Алғашқы ескерту әкімшілік жазаның дербес түрі ретінде қаралады. Әкімшілік право бұзушылықты болғызбау, істе дер кезінде және дұрыс қарауды қамтамасыз ету, әкімшілік право бұзушылық туралы істер жөніндегі қаулылардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында адамды әкімшілік ұстауға, тікелей өзін тексеруге, заттарды тексеруге және заттар мен документтерді алып қоюға жол беріледі. Кодексте әкімшілік күштеудің осы процесуалдық шараларын қолданудың реті мен шарты толық баяндалады.

Кодекс әкімшілік қылық салдарынан келтірілген мүліктік залалды өтеу міндеттілігі принципін баянды етеді. Әкімшілік комиссияға халық депутаттарының поселкелік, селолық және аудандық Советтерінің атқару комитетіне, жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияға кінәлінің мүліктік залалды өтеуі туралы, егер оның соммасы 50 сомнан аспайтын болса әкімшілік жаза қолдану правосы беріледі. Ал аудандық (қалалық) халық соты залалдың мөлшеріне қарамастан шешуге праволы. Бұл шара тәртіп бұзушыға ықпал жасау нәтижелілігін күшейтіп, залалды жедел өтеуді қамтамасыз етуі тиіс.

Тұңғыш рет кодексте істің шешіміне шағыну инстанциясы дәлме-дәлдікте белгіленген. Органдардың және лауазымды адамдардың штрафтан басқа әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына инстанциялық тәртіппен шағым жасау туралы заңның нұсқауы принципті тұрғыдан жаңалық болып табылады. Қазақ ССР Конституциясының 56-статьясына сәйкес әкімшілік право бұзушылық туралы іс бойынша қаулы жөнінде шағымдану мүмкіндіктері ұлғайтылған. Егер бұрын штрафты дұрыс салмауға жасалған шағым негізінен сотта шешілсе, енді затты тегін алу немесе конфискациялау, аң аулау правосынан айыру, түзеу жұмыстары т. б. секілді қайсыбір ықпал ету шараларының бәрін қолдану жөніндегі шағымдар соттық бақылау жүйесіне түседі. Осының бәрі әкімшілік күштеу шараларын қолдану жүйесіне заңдылықты одан әрі орнықтыруға ықпал ететіні даусыз.

Кодекс 1984 жылғы 1 октябрьден бастап күшіне енгізіледі. Осы қысқа мерзім ішінде көлемді ұйымдық және праволық-тәрбие жұмысын жүргізуге тура келеді. Юстиция мен сот органдарының қызметкерлері, жолдастық соттардың мүшелері, ауызша үгіт активистері осы жұмысқа белсене қатысып, өндірісте, оқу орындарында, тұрғылықты жерде, жергілікті баспасөзде, радио мен телевизия арқылы сөз сөйлеуге тиіс .

Кодекс кемелденген социалистік қоғамның талаптарын бейнелейді және оның қағидаларын практикада дұрыс қолдануды қамтамасыз ету заңдылық пен право тәртібін нығайтуға, ұйымшылдық пен тәртіптілікті арттыруға көмектеседі.

Digitized by Google

Халықаралық өмір мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

ЕКІ ДҮНИЕ — ЕКІ ӨМІР САЛТЫ

Әлеуметтік құрылысы мен экономикалық даму дәрежесі жағынан әртүрлі үлкен де шағын, көне де жас екі жүзден астам тәуелсіз мемлекет — планетамыздағы елдердің қауымдастығы бүгінде осындай.

Қарама-қарсы әлеуметтік екі система — социализм мен капитализмнің қайсысына жататындығына қарай түптеп келгенде мемлекеттердің халықаралық бағыты, ішкі саясаты, оларда өтіп жатқан процестер туындайды. Жалпы дағдарыстың үдей түскен ауыртпалығынан және отарлық системаның ыдырауы жағдайында капитализм дүниесі милитаризмге, жаңталаса қарулану мен соғысқа ойыса отырып, өзіне тән қайшылықтар мен жанжалдарға барған сайын шырмала түсуде. Бұл — болашағы жоқ қоғам.

Өзінің жасампаздық жоспарларын сенімді түрде жүзеге асырып жатқан, стратегиялық инициативаға ие болып отырған, адамзат тарихының сара жолын салушы жаңа социалистік дүние оған қарсы тұр.

Төменде келтірілген, дүниежүзілік статистика мен баспасөзден алынған цифрлар мен фактілер әлеуметтік системасы әртүрлі мемлекеттер дамуының өмірінің негізгі бағыттарын сипаттайды.

ТАРИХИ ІЛГЕРІЛЕУДЕ

Социализм елдерінің экономиканы дамытуда, адамдардың тұрмыс дәрежесін арттыруда атқарған істері — тұтас бір дәуір.

КПСС Орталық Комитетінің партияның XXVI съезіне Есепті баяндамасынан.

Социализм елдері Жер шары территориясының 26,2 процентін (35,6 миллион шаршы километрін) алып жатыр. Онда 1463 миллион адам — Жер шарындағы халықтың 33,1 проценті тұрады.

Экономикалық Өзара Көмек Советіне енетін, анағұрлым мейлінше ширақ әрі тұрақты дамып келе жатқан социалистік мемлекеттердің халқы 442,5 миллион адам — Жер шары халқының шамамен 10 процентін құрайды.

* * *

Туысқан елдердің коммунистік және жұмысшы партияларының еркімен Экономикалық Өзара Көмек Советі құрылған 1949 жылы социализм жаулары ол сөзсіз күйрейді деп сәуегейлік жасады. Дегенмен социалистік достық одақтың осы коллективті органы пролетарлық интернационализмнің маркстік-лениндік принциптерін ынтымақтастық негізі ете отырып, өзінің бүкіл қызметі арқылы мемлекетаралық жаңа экономикалық қарым-қатынастардың артықшылығын дәлелдеді. Экономикалық Өзара Көмек Советі елдерінің қуатты экономикалық және ғылыми-техникалық потенциал құруына ықпал етті. Олардың өнеркәсіп өндірісі 1950 жылдан 1982 жылға дейін 13 есе (экономикалық жағынан дамыған капиталистік елдерде — 3,8 есе) өсті.

1950 жылы барлық социалистік елдердің дүние жүзілік өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі 20 процеттей болса, қазір 40 процеттен асты.

* * *

Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдерде соңғы онжылдықта экономикалық өсу қарқыны индустриалдық жағынан дамыған капиталистік мемлекеттердің көрсеткіштерінен екі есе асып түсті. Экономикалық Өзара Көмек Советі елдері жан басына шаққанда өнеркәсіп өндірісінің дүние жүзілік орташа деңгейінен үш еседен астам басым түседі. Экономикалық Өзара Көмек Советі елдерінде жан басына шаққанда Европалық экономикалық қауымдастық («Ортақ рынок») мемлекеттеріне қарағанда көмір — 2,1 есе, газ — 2,2, мұнай — 4,4, темір рудасы — 6,5 есе көп өндіріледі, болат 14 процент, күкірт қышқылы — 17, минералдық тыңайтқыштар — 46, мата — 18 процент көп шығарылады.

* * *

Соңғы он жыл ішінде социализм елдері дүние жүзіндегі энергия көзінің (мұнай, көмір, т. б.) өндірісі өсімінің тең жарымын қамтамасыз етті. Экономикалық Өзара Көмек Советі елдерінде ол 1973 жылғы 1,9 миллиард тонна шартты отыннан қазіргі уақытта 2,5 миллиард тоннаға жуық өсті.

* * *

Экономикалық Өзара Көмек Советі елдерінде электр энергиясын өндіру 1960 жылдан бергі кезеңде 4,5 еседен астам көбейді. Олардың дүние жүзілік электр өндірісіндегі үлесі 17 проценттен 21 процентке дейін өсті.

Осы кезең ішінде Европалық экономикалық қауымдастық елдерінде электр энергиясын өндіру 3 есе артты, ал олардың дүние жүзілік өндірістегі үлесі 18

Digitized by Google

проценттен 15 процентке дейін кемиді. АҚШ-тың үлесі 1983 жылы 29 процентке дейін кеміп кетті, ал 1960 жылы 38 процентке жеткен еді.

* * *

Экономикалық Өзара Көмек Советі елдерінде шойын қорыту 1960 жылғы 60 миллион тоннадан 1982 жылы 138 миллион тоннаға дейін өсті. Олардың дүние жүзілік шойын өндірісіндегі үлесі 18 проценттен 23 процентке дейін артты. Европалық экономикалық қауымдастық елдері бойынша бұл цифрлар тиісінше 70 миллион тоннаға және 77 миллион тоннаға тең. Осы кезеңде олардың дүние жүзілік өндірістегі үлесі 27 проценттен 17 процентке дейін, ал АҚШ-тың үлесі 24 проценттен 8,6 процентке дейін құлдырады.

* * *

Өткен он жыл ішінде Экономикалық Өзара Көмек Советі елдері ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін 1,5 еседен астам ұлғайтып, өнім жинауды жан басына шаққанда төрттен біріне арттырды. Достық одақ мемлекеттері — ірі ауыл шаруашылығы аймақтарының бірі. Дүниежүзілік ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің 20 проценті, ішінара айтқанда, бидайдың 30 процентке жуығы, қара бидайдың — 70, арпаның —33, сұлының 44,5, картоп пен қант қызылшасының 44,3 проценті оның үлесіне келеді.

* * *

Экономикалық Өзара Көмек Советі елдерінің және Югославия Социалистік Федеративтік Республикасының 540 ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымы айналадағы ортаны қорғау саласында бірлесіп қызмет етеді.

* * *

Социалистік достық одақ елдерінде өткен екі он жыл ішінде мата өндіру —60 процентке жуық, сырт киімдік трикотаж — 3,3 есе, іш киімдік трикотаж — 2,5 есе көбейді. Аяқ киім өндіру екі есе дерлік артты.

* * *

Соңғы 25 жыл ішінде социалистік достық одақ елдерінің еңбекшілері 75 миллион жаңа пәтер алды. Осы уақыт ішінде 69 миллион орындық мектеп, 14 миллион орындық мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі, сондай-ақ ондаған мың аурухана, поликлиника, мәдени-тұрмыстық объекті тұрғызылды.

* * *

Совет Одағында соңғы жиырма жыл ішінде халықтың нақты табысы екі еседен астам артты. Әлеуметтік қамсыздандыру сапалық тұрғыдан дамытылды. Бүгінде пенсия төлеудің өзіне жылына 37 миллиард сомға жуық қаржы жұмсалады.

Халықтың қоғамдық тұтыну қорынан алған төлемдері мен жеңілдіктері (білім беру, медициналық қызмет көрсету, мәдени-ағарту, спорт ғимараттары т. б.) 1983 жылы 134.5 миллиард сом болды немесе 1982 жылға қарағанда 5,9 миллиард сом көп.

ДАМУ ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ

Ұлттық езгіден азат болған жас елдер қазір ұлттық қалыптасу мен әлеуметтік дамудың күрделі кезеңін өткеріп отыр. Отарлық дәуірден мирас боп қалған мешеулік, өзара алауыздықтар мен жанжалдар етектен кейін тартады. Әлі де буыны қатаймаған елдерге жаңа отаршылдар неше түрлі тұзақ құрып, қатер төндіреді.

СССР-дің құрылуының 60 жылдығына арналған Москвадағы салтанатты мәжілістің материалдарынан.

Жер шары халқының шамамен тең жартысы (2 миллиардтан астам адам) орталық тәуелділіктен азат болған мемлекеттердің территориясында тұрады. Бұл мемлекеттер Жер шары территориясының жартысына жуығын алып жатыр. Алайда дүние жүзілік өнеркәсіп өндірісінің 9 проценті ғана олардың үлесіне келеді. Бұл елдерде жұмыссыз адамдардың саны 300 миллионға, сауатсыздардың саны 800 миллионға жетеді, әрбір он адамның төртеуі үнемі жоқшылықта азап шегуде және тойына ас ішпейді.

* * *

АҚШ басқа елдердің халықтарына таңып отырған «экономикалық тәртіп» американ монополияларының ашықтан-ашық тонау объектісіне айналдырған дамушы мемлекеттердің экономикасына өте-мөте кесел келтіруде. Бұған инвестициядан пайда түсіру, кредиттерге жоғары процент қою, саудадағы теңсіздік арқылы қол жеткізеді. Халықаралық қайта құру және даму банкісінің баяндамасында мойындалғанындай, өзінің шикізаты мен товарларын экспортқа шығаруда да, күрделі қаржы мен заем саласында да Батысқа тәуелді дамушы елдер өте ауыр жағдайда қалып отыр. Оларда жан басына шаққанда табыс күрт азайды, ал Батыспен саудадағы кері баланс 1982 жылы 118,2 миллиард доллар болды (1980 жылғымен салыстырғанда екі есе көп).

Дамушы елдердің сыртқа берешегі күрт өсіп, 1983 жылдың соңына 700 миллиардтай долларға жетті. Осы елдердің көпшілігі экспорттан түсетін қаржысының 60 проценттен 100 процентке дейінін қарыздарын өтеуге және процент төлеуге жұмсауға мәжбүр болды. 1982—1983 жылдары жоғарыда аталған елдердің экспорттан алған қаржысы олардың төлем міндеттемелерінен 1,5—2 есе кем түсті.

Digitized by Google

ДАҒДАРЫС АУЫРТПАЛЫҒЫ

Капитализм дүниесіне келетін болсақ, біз бұл қоғам системаның жаппай дағдарысының едәуір тереңдей түскеніне куә болып отырмыз.
КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының материалдарынан.

Индустриялдық жағынан дамыған капиталистік елдер дүние жүзіндегі бұрынғы позициясы мен ықпалынан айырыла отырып, дүние жүзілік өнеркәсіп өндірісіндегі өзінің үлес салмағын ұдайы азайтып келеді. Егер 1950 жылы олардың үлесі 80 процент болса, 1960 жылы — 57, ал қазір шамамен — 50 процент қана.

1983 жылы Батыс Европа елдерінде өнеркәсіп өндірісі 1979 жылдың дәрежесінен 3—4 процент, АҚШ-та —4—5 процент төмен болып шықты.

* * *

Жанталаса қаруланууды үдетуші әскери-өнеркәсіп монополиясы енді капиталистік экономиканың көшін бастап келеді. Олардың кірісі бейбіт мақсатқа арналған өнім өндірумен айналысушы корпорациялардың табысынан 50—60 процент асып түседі. АҚШ-тың сенат комиссиясының деректері бойынша, Пентагон мен НАТО елдерінің әскери ведомстволарына қару-жарақ беретін 164 американдық әскери-өнеркәсіп корпорациясының кіріс нормасы 200 процентке жуық, ал үш монополиянікі — 500 процент құрайды.

* * *

Ресми деректер бойынша, өнеркәсібі дамыған капиталистік елдерде толық жұмыссыз адамдардың жалпы саны 6,5 миллионнан (орташа есеппен 60-шы жылдарда) қазіргі уақытта 34 миллионға дейін өсті. Ақиқатында «артық адамдардың» саны 45—50 процент көп. Абсолюттік цифрлар бойынша жұмыссыздықтың қазіргі деңгейі капитализм тарихында 1932 жылы болған ең жоғары рекордтан асып кетті.

Әдейі төмендетілген ресми деректер бойынша еңбекке қабілетті халықтың 10 процентінен астамы, ал кәсіподақтардың деректері бойынша екі есе көп, — АҚШ-тағы жұмыссыздар армиясы осындай.

* * *

Өнеркәсіптік жағынан дамыған капитализм елдерінде жұмыссыздықтың одан әрі өсуін тоқтату үшін, Батыс сарапшыларының есептеуінше 80-ші жылдардың соңына дейін 18—20 миллион жаңа жұмыс орнын құру керек, ал оны 1979 жылдың деңгейіне дейін кеміту үшін тағы да 15 миллион жұмыс орны қажет болар еді. Алайда жұмыссыздықтың өсу себептерін талдау мынадай тұжырымға келтіреді: ол қазіргі жоғары деңгейде ұзақ уақыт сақталады, тіпті өсуі де мүмкін.

* * *

Капитализмнің ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік зардаптарын, атап айтқанда, жұмыс орындарын «аяусыз қысқартып», жұмыссыздықтың өсуіне ықпал ететін автоматиканы, өнеркәсіп роботтарын өндіріске жаппай енгізудің зардаптарын жоя алмайтыны барған сайын айқын бола түсуде. Мысалы, Германия Федеративтік Республикасында микропроцессорлар өндірудің салдарынан құрылатын әрбір жаңа жұмыс орнына өнеркәсіп пен әкімшілік секторларында жойылатын бес жұмыс орнынан келеді.

* * *

Германия Федеративтік Республикасында, ресми деректер бойынша, 2,4 миллион жұмыссыздар бар (еңбекке қабілетті халықтың 9,2 проценті). Бұл соғыстан кейінгі жылдар ішіндегі жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі.

Жапонияда соңғы он жыл ішінде жұмыссыздардың саны 780 мыңнан 1 миллион 627 мың адамға дейін көбейді.

Жұмыс істейтін халықтың есебін жүргізетін кәсіподақтар жұмыссыздардың орташа жылдық санын 4—5 миллион адам деп бағалайды (еңбекке қабілетті халықтың 8 проценті).

* * *

Капиталистік мемлекеттердің 2—3 миллион еңбекшісі жыл сайын жұмыс іздеу мақсатында отанын тастап басқа елдерге кетеді. Қазіргі уақытта Европалық экономикалық қауымдастық елдерінде ғана шетелдік 6,5 миллион жұмысшы бар. Еңбеккерлердің бұл тобы ауыр қанауға ұшырайды.

ЮНКТАД деректері бойынша 1961—1972 жылдары АҚШ-та, Ұлыбританияда және Канадада жұмысшы күші импортынан 46 миллиард доллар үнемделді.

* * *

Капиталистік елдерде халықтың түрлі әлеуметтік жіктері өкілдерінің табыс деңгейін бөліп тұрған құлама туралы, атап айтқанда, мынадай мысал әңгімелейді. Жапонияның аса ірі капиталистерінің бірі К. Мацуситаның жылдық табысы 1 миллиард 100 миллион иен құрайды. Білікті жапон жұмысшысының жылдық орташа жалақысы — 3 миллион 500 мың иен. Сөйтіп, К. Мацусита жұмысшының бір жылдық табысын күн сайын «табады».

* * *

АҚШ-та жалақы мөлшерінің өсімі 1972 жылдан бастап товарлар мен қызмет көрсету бағасының өсуінен үнемі артта қалып келеді. Жоғарыда аталған кезең ішінде электр үшін төленетін ақы 240 процент, транспорт қызметі — 264, тұрғын үйлерге арналған сұйық отын 526 процент артты. Медициналық қызмет көрсету құны рекордтық дәрежеге жетті. Соңғы 16 жыл ішінде ол 5 еседен астам көтерілді.

Digitized by Google

* * *

АҚШ-та 1978 жылдан бері ресми белгіленген «кедейлік дәрежесінен» төмен тұратын адамдар жігі ұдайы көбейіп келеді. Қазір олардың саны 35 миллион адамға жетті (бүкіл халықтың 15,5 процентгейі). Европалық экономикалық қауымдастық елдерінде осындай адамдардың саны 30 миллионға жуықтады.

АҚШ-та 1981 — 82 финанс жылында ғана ең алдымен халықтың өте кедей жіктеріне көмек көрсетуге бағытталған 250 әртүрлі әлеуметтік программа жойылды немесе қысқартылды. Мұндай құбылыс Англияда, Германия Федеративтік Республикасында, Бельгияда, Жапонияда және басқа да елдерде орын алып отыр.

Капиталистік дүниенің аса бай елі — АҚШ-та 3 миллионға жуық адамның баспанасы жоқ, ал 46,5 миллион адам үнемі тойына тамақ ішпейді. Германия Федеративтік Республикасында жұмыс пен баспана іздеп жүрген, яғни үйсіз-күйсіз қаңғырған адамдарды ұялғансып «қоныс теппеген жандар» деп атайды. Олардың саны 100 мың адамға жетті.

* * *

Жұмыссыздық, тіршілік ету үшін бостан-босқа күнкөріс амалын іздеу, торығушылық адамдарды жиі-жиі қылмысқа итермелейді, алкоголизмге, есірткіге үйір етеді. Мысалы, 1982 жылы Германия Федеративтік Республикасында 4,3 миллион тәртіп бұзушылық (бұның алдындағы жылмен салыстырғанда 5,4 процент көп), алкоголизмнен зардап шегуші 1,2 миллион адам, — 80 мың нашахор тіркелді. Өздеріне қастандық жасау әсіресе жастар арасында үнемі көбейе түсуде.

* * *

Гэллап институтының деректері бойынша, 1982 жылы АҚШ-та әрбір төртінші семья қылмыс құрбаны болды. Шамамен 4 мың адам атып өлтірілді.

АҚШ-та әрбір 25 минутта кісі өлтіріледі, әрбір 9 минутта әйелдерді зорлайды, әрбір 59 секундта кісі тонайды, әрбір 5 секундта пәтерге түседі.

ИЮЛЬ АЙЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР

1 — Теңіз және өзен флоты қызметкерлерінің күні.
1 — Халықаралық кооперация күні.
8 — Балықшы күні.
10 — 1918 — Советтердің Бүкілроссиялық съезі алғашқы Советтік Конституция — РСФСР Конституциясын қабылдады.
11—1921 — Монғолиядағы халық революциясының жеңіс күні.
13 — Вильнюс қаласының неміс-фашист басқыншыларынан азат етілгеніне 40 жыл (1944).
15 — Металлург күні.
19 — Никарагуадағы революция жеңісіне 5 жыл (1979).
21 — 1940 — Литвада, Латвияда және Эстонияда Совет өкіметі қалпына келтірілді.
22 — Сауда қызметкерлерінің күні.
27 — Киев мемлекеттік университетінің құрылғанына 150 жыл (1834).
29 — СССР Әскери-Теңіз Флотының күні.

Мұқабаның төртінші бетінде: Совет халқының еліміздің халық шаруашылығын дамытудағы жетістіктерін насихаттауға арналған тақырыптық қондырғы.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,
М. Горький көшесі,
№ 50 үй. Телефондар:
33-80-07, 33-80-56.
33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.

Сдано в набор 11.05.84 г. Подп. к печати 28.05:84 г. УГ00107: Формат 70×108¹/₆₁. Печ. листов (усл. 2. Уч. идз: л. 3,52: Печать высокая. Тираж 65424 (казахское издание — 33189 экз. русское издание — 32235 экз.). Заказ 119. Цена 15 коп.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана, Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Индекс 75328.

Digitized by Google



Digitized by Google

«Плакат» баспасы.



Digitized by Google



Қазақстан ұғітшісі

12

1984

Digitized by Google



Жезқазған облысы. Коммунист Гүлбану Төлепқызы Сүлейменова «Урожайный» совхозында механизатор болып жұмыс істейді. Озат жұмысшы — «Құрмет Белгісі» орденінің иегері. Ол үш орақ науқаны ішінде астық бастыру жөнінен бесжылдық жоспарды орындап шықты. Ол жаңа егінге арналған жер жыртуды өте жақсы сапамен өткізді, енді орақ дер кезінде әзірленуде.

Г. Т. Сүлейменова Ұлытау аудандық Советінің депутаты ретінде көлемді қоғамдық жұмыс жүргізеді.

Суретті түсірген В. Зыбин (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, біріғіңдер!

Қазақстан үгітшісі

12 ИЮНЬ 1984

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС
XXVI
СЪЕЗІНІҢ
ШЕШІМДЕРІН
ТОЛЫҚ
ОРЫНДАЙМЫЗ

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі» № 12. 1984 ж.

НӨМЕРДЕ:

Лениншe өмір сүрейік, жұмыс істейік, күресейік. К. У Черненко жолдастың 1984 жылғы 28 мамда комсомол ұйымдары секретарьларының Бүкілармиялық кеңесінде сөйлеген сөзі . . 2

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ—БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

А. Бөкубаев. Егін қаулай нөктеді 8
Н. Павленко. Есесі қайтар шаралар 10

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Садырбаев. Басты бағытта 12
Н. Танцюра. Тұтынушылар тілегі ескерілуде . . 14
С. Долгов. Орденді Қарағанды 16
Қ. Ғабдуллина. Бастама көмегі 16
Қ. Агешин. Уақыт сынынан өткен достық . . . 18

ОТ-ЖАЛЫНДЫ ЖЫЛДАР ШЕЖІРЕСІ

С. Бакалейко. Достықтың жеңілмес күші . . . 19
Халық ерлігі мәңгі жасайды 20

МӘДЕНИЕТ ПЕН МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Кельберг. Өнердің тәрбиелік ықпалы . . . 21

МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Н. Чистяков. Қарсы насихат пәрмеңділігі . . 23
Ә. Болғанбаев. Асыл мұра, бай қазына . . . 25
1984 жылдың июль—сентябрь айларына арналған лекциялардың, әңгімелердің, саяси хабарлардың үлгі тақырыбы 28

СҰРАҚҚА ЖАУАП

Ә. Жақыпов. Газеттер мен журналдар — әр семьяға 29

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Поляковский. «Қалампыр революциясы»: жеңістер мен шегіністер 30

Digitized by Google

ЛЕНИНШЕ ӨМІР СҮРЕЙІК, ЖҰМЫС ІСТЕЙІК, КҮРЕСЕЙІК

К. У. ЧЕРНЕНКО жолдастың

1984 жылғы 28 майда комсомол ұйымдары секретарьларының Бүкілармиялық кеңесінде сөйлеген сөзі

Қымбатты жолдастар!

Бүгін біз үшін көп жағынан ерекше күн. Сәтімен орайлас келіп, біздің кеңесіміз Шекарашы күні ашылып отыр. Ал шекарашылар, тегінде, қазірдің өзінде мерекелік көңіл күйіне берілген болар. Белгілі дәрежеде бұл менің де өз мерекем. Өйткені менің партиялық өмірбаяным, менің партиялық жұмысым шекара әскерлері қатарында басталды ғой. Демек мен сіздердің бәріңізді осы мерекемен ерекше сезім үстінде құттықтаймын. **(Қол шапалақтау).** Кеңесімізді әрі іскерлік, әрі сонымен бірге салтанатты жағдайда өткізу үшін сіздер мен бізде басқа да себеп бар. Ал бұл себепті кездейсоқ деп тіпті де айта алмайсың.

Табыс дегеніміз — талант пен табандылықтың, инициативалылық пен үлкен еңбектің ұштасуы, деседі. Ал жауынгер жөнінде, мен бұған жауынгерлік ерлікпен де деген сөзді қосып айтар едім. Социалистік Отанымызды қарумен қорғау ісінде сіңірген зор еңбегі, комсомолец-жауынгерлердің Отан үшін ұрыстарда көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы және армия мен флот жастарын тәрбиелеу жөніндегі жемісті жұмысы үшін Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флотының комсомол ұйымы Қызыл Ту орденімен наградталғанын сіздерге хабарлауға қуаныштымын. **(Ұзақ қол шапалақтау).** Менің шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар, жолдастар. **(Қол шапалақтау).**

Бұл награда, әрине, шынайы қуаныш сезімін туғызады. Бірақ мен бір нәрсеге кәміл сенімдімін: ол біздің армия комсомолының зор да маңызды міндеттері туралы байсалды, іскерлік әңгіме қозғауымызға бөгет жасамайды. Оның үстіне, ол міндеттерді күрделі халықаралық жағдайда, әскери хауіптің, ядролық соғыс қатерінің, едәуір өсе түскен идеологиялық күрестің аса шиеленіскен жағдайында шешуге тура келіп отыр.

Реакцияшыл империалистік топтар қазіргі дүние жүзілік дамудың басты тенденциясына төзгісі келмейді. Олар тарих доңғалағы өзінің табиғи қозғалысында социализмге, ұлттық бостандық пен әлеуметтік әділет принциптерін барлық жерде бірдей орнықтыруға қызмет істейтінін түсінеді. Сондықтан да олар халықаралық істерді күш көрсету позициясынан әрекет жасай отырып жүргізуге тырысады, тарихтың заңды барысын бұзуға ұмтылады. Олардың адам айтқысыз кең көлемді қару-жарақ программалары осыдан келіп туындайды. Олардың әскери-стратегиялық тепетеңдікті бұзамыз деп жанталасқан әрекеттері осыдан келіп туындайды.

КПСС, Совет Одағы мемлекеттер арасындағы қатынастардың, олардың әлеуметтік құрылысына қарамастан, бейбіт қатар өмір сүру, тату көршілік және тең праволық қатынастары болу үшін қажет нәрсенің бәрін істеп отыр және әлі де істей береді. Өздеріңіз білесіздер, СССР, социалистік достық одақ елдері халықаралық шиеленісті жұмсартуға, бейбітшілікті баянды етуге бағытталған инициативаларды әрдайым жасап келеді.

Әңгіме халықтардың хауіпсіздігі туралы болған кезде, сыртқы саясат, дипломатия көп нәрсе істей алады. Бірақ бәрін бірдей емес. Дүние жүзілік аренада ізгі ниеттен аулақ және парасат үніне тас керең саяси күштермен де істес болуға тура келеді. Ал мұндай жерде біздің қорғаныс потенциалымыздың тежегіш қуаты айрықша роль атқарады. Қазірде ол совет халқының жасампаз еңбегінің ғана кепілі емес, сондай-ақ жер бетіндегі жалпыға бірдей бейбітшіліктің де кепілі болып отыр. **(Ұзақ қол шапалақтау).**

Міне, жолдастар, бүгінгі таңда сіздерге де қандай жауапкершілік жүктелетінін көріп отырсыздар. Біз кәміл сенеміз: сіздер осы жауапкершілік биігінде боласыздар. Армия комсомолының даңққа бөленген бүкіл тарихы — осының кепілі.

Комсомолецтердің азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысының майдандарында-

Digitized by Google

ғы, біздің мемлекеттік шекарамызды күзету кезіндегі қаһармандық ерліктерін партия мен халық есте сақтайды. Есте сақтайды және оларды мақтан етеді. Совет адамдарының барлық ұрпақтары үшін олар әрқашанда патриоттық, жауынгерлік борышқа адалдықтың жігерлендіруші өнегесі болады. Біздің армиялық комсомол өз әкелерінің тамаша дәстүрлерін қастерлеп сақтап, еселей түсуде. Бүгінгі таңда комсомолец жауынгерлер абыроймен орындап жатқан интернационалдық борыш — осының сүбелі дәлелі.

Қазіргі әскери қызмет — әрине, оңай іс емес. Ол тынымсыз еңбекті, жүйелі жаттығуды, ерік-жігерді шыңдауды, психологиялық ұстамдылықты және тұрақты жинақылықты талап етеді.

Біздің бүгінгі армия, әрқашанғысындай, осы заманғы техникасымен және жақсы жаттыққандығымен ғана емес, сондай-ақ өзінің идеялық ожданымен, жоғары моральдық-саяси рухымен де күшті. Командирлермен, саяси қызметкерлермен бірге сіздер әрбір жауынгердің өзі орындайтын жауапты міндетті терең түсінуін қамтамасыз етуге тиістісіздер.

Айтулы юбилейге — совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына әзірлене отырып, — әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі жұмысты кеңінен өрістету керек. Жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік және оның жауларына деген өшпенділік сезімін, жоғары саяси, таптық қырағылықты, ерлікке үнемі әзір болуды бұрынғыдан да зор табандылықпен тәрбиелеу керек. Және бұл жұмысты сөзуарлық азырақ, творчество, жаңашылдық ізденіс көбірек болатындай етіп жүргізу керек, жастар арасындағы жұмысты мұнсыз көзге елестету мүмкін емес. «Соғыс ісін шындап үйрену керек!» деген лениндік өсиет — армия комсомолының бүкіл жұмысына негізгі өзек болуға тиіс.

Совет Армиясы — патриоттық есеюдің де мектебі, сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі шынайы социалистік интернационализмді тәрбиелеудің де мектебі. Бүгінде оның қатарында еліміздің барлық ұлттарының өкілдері бар. Және де осында туған жауынгерлік достық дәнекерлері олардың көпшілігін кейіннен бүкіл өмір бойы байланыстырып отырады.

Біздің армия интернационализмінің тағы бір қыры — оның Варшава Шартына мүше туысқан елдер армияларының жауынгерлерімен нығая түскен байланыстары туралы да айтқым келеді. Осы байланыстарды барынша сақтап, дамытып отыру — сіздердің маңызды міндеттеріңіз. Ал сіздер бұл міндетті де, сөз жоқ, орындап шығасыздар.

Міне, жолдастар, армия комсомолының істері мен қам-қарекеттері жайында айтқанда, бүгін сіздердің орталарыңызға салғым келген ойлар осындай еді.

Тегі, сіздер енді орденді тапсыратын да уақыт болды ғой деп ойлап отырған боларсыздар. **(Залда қозғалыс).** Бірақ оған асықтырмаңыздар. Дмитрий Федорович Устинов маған трибунаны бергеннен кейін соны пайдаланып, біздің бүкіл комсомолдың жұмысы туралы кейбір пікірлерімді де айта кеткім келеді. Оның үстіне, біздің таяу уақытта Саяси Бюрода комсомолға партиялық басшылықты жақсарту туралы, жастарды тәрбиелеудегі оның ролін арттыру туралы мәселені жан-жақты қарамақ ойымыз бар.

60 жыл бойы біздің комсомол Ленин есімімен аталып келеді. Комсомолдың VI съезі, бұл шешімді қабылдай отырып, былай деп айқын атап көрсеткен еді: «жастар белсенділігінің дұрыс бағытын, олардың шынайы большевиктік шыңдалуы мен шыныққуын қамтамасыз ететін бірден-бір қарт гвардия төңірегіне бірікканде ғана жастарға лениндік тәрбие беруге қол жетуі мүмкін».

Сол кезеңде бұл қағида ең алдымен «партиялық жас жеткіншектерді» коммунистердің аға бөлігіне қарсы қою әрекеттеріне қарсы бағытталған. Сонымен бірге онда өзінің саяси маңызын жоймайтын бір ой бар еді. Ол: **социалистік қоғамда ұрпақтардың революциялық сабақтастығының ең басты шарты мен аса маңызды кепілі — партияның жастар қозғалысына басшылығы** деген ой болатын. Сондықтан КПСС бұл принципті тынымсыз жүзеге асырып келеді. Бұл тұста ол, әлбетте, тек өзінің ғана беделін көздемей, қайта жаңа қоғам құрылысын лайықты жалғастыру мүдделерін бірінші орынға қояды.

Партия мен комсомолдың қоғамдық ұйым ретіндегі талапкерлік сипатын барынша дамыта отырып, оның даусыз ұйымдық дербестігін атап көрсете отырып жүзеге асырады. Өйткені, В. И. Ленинның айтқанындай, «жастар толық дербес болмайынша өздерін жақсы социалистер етіп даярлай да **алмайды,** социализмді **ілгері** бастыра беруге әзірлене де **алмайды».** Бұл лениндік қағиданың актуальдылығы бүгінгі таңда да айтылған кезіндегіден кем емес.

Сіздер, қымбатты жолдастар, дербес, еңбек өміріне қадам басқанда, совет адамдарының бұрын болып көрмеген мүмкіндіктері бар ұрпағына жатасыздар. Күні кеше қиял сияқты көрінген ерлік істер сіздердің қолдарыңыздан әбден келеді. Бірақ, әйтеуір, тоқмейілси көрмеңіздер. Бізге, аға ұрпаққа қарағанда, қазіргі совет жастарының өмір сүруі бір жағынан оңайлау да, ал бір жағынан қиындау да болар.

Қанекей, сіздердің құрбыларыңыздың басым көпшілігін өмір жолы алып келген немесе сөзсіз алып келетін салаға ден қояйықшы. Мен өндірісті, экономиканы айтып тұрмын.

Партияның шақыруымен комсомол еліміз үшін ең маңызды міндеттерді

Digitized by Google

шешу ісін шабыт-жігермен қолға алуда. Оның орасан зор Байкал—Амур магистралі құрылысына және рекордтық қысқа мерзімде салынған Уренгой—Помары — Ужгород газ құбырына, Россияның Қаратопырақсыз аймағын түлетіп, Сібірдің, Қиыр Шығыстың, Қиыр Солтүстіктің байлықтарын игеруге қосқан үлесі қомақты. Станок жанында, комбайн штурвалында, ғылыми лабораторияларда миллиондаған жігіттер мен қыздар күнбе-күнгі қарапайым жұмыста қаһармандық көрсете отырып, комсомолдық даңқ шежіресіне жарқын жаңа беттер жазуда. **(Қол шапалақтау).**

Ленин комсомолының елімізді дамытуға қосатын үлесі өсіп, молая беретініне біз кәміл сенеміз. Одан да гөрі жеткізіңкіреп айтайын: таяудағы бесжылдыққа және келесі ғасырдың басына дейінгі кезеңге арнап жоспар жасағанда, біз нақ осы қазіргі жастарымыздың шебер қолына, ұшқыр ақыл-ойына, еңбек ожданына едәуір дәрежеде үміт артамыз. Өйткені бұл жоспарларды орындау жөніндегі жұмыстың негізгі денін бүгін таңдағы комсомол жасындағы жастар атқарады ғой.

Біздің халық шаруашылығымыз өзін интенсивтендіру арнасына көшіру өте-мөте қажет болатын дәрежеге жетті. Өздеріңіз білесіздер, партия өндірістің тиімділігін арттыруға, еңбекті мейлінше жақсы ұйымдастыруға, оның өнімділігін өсіруге бағытталған барлық инициативаларды жігерлі түрде қолдап отыр. Ал енді осынау зор творчестволық іске бүкіл комсомолымыздың белсене қосылғаны жақсы-ақ.

Өндірісті ғылым мен техниканың ең соңғы жаңалықтары негізінде құру керек, жаңа, озық атаулының бәрін енгізу керек — міндет міне осылай қойылып отыр. Ол жастардың алдынан өздерінің талантын, қабілетін көрсетуге шын мәнінде бұрын-соңды болып көрмеген мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар кездесетін қиыншылықтар да аз болмайды, өздеріңізге көтеріңкі жауапкершілік алуға тура келеді. Қазіргі өндірістің талаптары міне осындай.

Жалпы, көріп отырсыздар, өмір диалектикасы өз дегенін істейді. Жұмыс істеу сіздерге әрі жеңіл, әрі өзінше қиын да болады.

Сіздер совет адамдарының саналы өмірге кемелденген социалистік қоғам жағдайында аяқ басқан алғашқы ұрпағының өкілдерісіздер. Осы факті хақында, әсіресе оның қандай міндеттер жүктейтіні хақында жиірек ойланыңыздар. Бұдан, тегінде, өздеріңіз дұрыс қорытынды жасай алатын боларсыздар. Бірақ басты бір қорытынды жөнінде айтпай кете алмаймын. Оның мәні мынада: сіздердің үлесіңізге дүние жүзілік тарихта әлеуметтік прогрестің ең жоғары дәрежесіне жеткен қоғамда туып, өсу бақыты тиді. Бірақ бұдан, әрине, енді сіздерге тек өздеріңізден бұрынғылардың еңбек жемісін татып, рахаттану ғана қалды деген мағына тумасқа керек. Тіпті де олай емес! Сіздер партиямыз кемелденген **социализмді жетілдіру** деп айқындап берген, оңайға соқпайтын санқырлы жұмысқа білек сыбанып, бар күшпен кірісулеріңіз керек. Өздеріңіз білесіздер, партияның XXVII съезінде қабылданылатын КПСС Программасының — тарихи ұзақ мерзімге арналған программаның жаңа редакциясының негізіне жан-жақты салмақталған дәл осы ғылыми тұжырым алынып отыр.

Сіздер, жастар, бұл жұмысты қызу ынта-жігермен қолға алатын боласыздар деп сенемін. Атап айтқым келеді, жолдастар: совет адамдарының қазіргі ұрпағының және, әрине, комсомолецтердің, жастардың Отан алдындағы, тарих алдындағы сіңірген еңбектері ең алдымен біздің елімізде орнатылған социализмді жетілдіру міндеттерін қаншалықты табысты орындағанымызға қарап өлшенетін болады. Немесе, басқаша айтсақ, оны социалистік мұратқа толық сәйкестендіру үшін, біздің өмірімізден әлеуметтік әділеттілік идеясына — біздің дүниетанымымыздың өзекті идеясына қайшы келетін нәрсенің бәрін жою үшін қаншалықты ілгері басатынымызға қарап өлшенетін болады.

Біз өз қоғамымызды социализм жайындағы ең асқақ, ең талапшыл ұғымдарға барлық жағынан бірдей сай болатындай ете аламыз және солай істеуге тиістіміз де. Бұл — Маркс, Энгельс, Ленин ғылыми тұрғыдан негіздеген ұғымдар. Бұл — бүкіл дүние жүзіндегі еңбек адамдарын, халық бұқарасын социализм жолындағы күреске жігерлендіретін ұғымдар. Бұл — біздің қол жеткенге тоқмейілсіп қалуымызға, кемшіліктермен және олқылықтармен ымыраласуымызға ешуақытта да жол бермеген ұғымдар.

Адам тек жас шағында ғана романтик, арманшыл болады деген пікірлерді сіздер, бәлкім, естіген боларсыздар. Жас ұлғайған сайын бұл сөзсіз ұмыт болады-мыс дегенді де естідіңіздер. Жан-жағыңнан күнделікті тірліктің қам-қарекеті қаумалап кеткенде арман үшін, асқақ мұраттарға ұмтылу үшін орын қалмайды, деседі. Несі бар, кейбір адамдарда солай болатыны да рас. Бірақ бұл тіптен де табиғаттың заңы емес. Қайткен күнде де біздің елде мұның ырықсыз ықпалы болмайды және болуға да тиіс емес.

Біз басқа принцип бойынша, революционерлер принципі бойынша өмір сүреміз. Біз жаңа қоғам құру жолындағы күрескерлерді: «Армандау керек!» деп шақырған Лениннің өзімізге өсиет еткен принципі бойынша өмір сүреміз. Владимир Ильичтің өзі жастық шағында да, кемел жылдарында да, әрдайым, өмірінің соңғы күніне дейін кім-кімнен де ерек шабытпен құштарлана армандай білді. Оның басты арманы — біздің Отанымыздың коммунистік болашағы жайындағы арман — совет халқының ақыл-

Digitized by Google

ойында, жүрегі мен ісінде өмір сүруде. Біз ол арманнан ешқашан айрылған емеспіз, ешқашан айрылмаймыз да. (**Қол шапалақтау**). Ал қазір, біздің артымызда социалистік құрылыстың ондаған жылдары қалғанда, біз өзіміздің перспективаларымызды бағалағанда неғұрлым көреген, неғұрлым шыншыл болып отырған кезде, біз өзіміздің ең мәртебелі мақсатымызды — коммунизмді жүзеге асырудың жолын да дұрысырақ, сенімдірек салуды үйрендік.

Жолдастар, біздің алдымызда тұрған міндеттердің сонылығы **комсомол қызметінің формалары мен әдістерін, стилінің өзін жақсарту** туралы мәселені алдыңғы орындардың біріне орынды түрде қоятыны түсінікті.

Әуелі жұмыс формалары туралы. Бұл жерде ең алдымен не нәрсеге назар аударған жөн болар еді?

Біріншіден, әлі де болса көп реттерде комсомол ұйымдары жаңа міндеттерді «жауыр болған», жаттанды тәсіл-құралдармен шешуге тырысады. Кейбіреулер, Ленинның сөзімен айтқанда, **«жаңа қоғамдық-экономикалық және саяси жағдайды ақпара алмай,** жағдайдың өзгерістерін есепке алмай, тек «жарқын» ұранға елігіп кетіп», сөйтіп «өз тактикасында барынша **икемді** болу қажеттігі» жайын ұмытып кетеді.

Жұмыс формалары қатып қалған, өзгермейтін нәрсе емес. Олар үнемі дамытып отыруды қажет етеді. Оның үстіне жастарға тән жаңаға құштарлықты ескермеуге болмайды. Көптеген жылдарға созылған жорықтар мен байқаулар, олардың «жарнамасы» ауық-ауық өзгертіліп отырғанына қарамастан, жастар үшін өзінің әсерлілігінен айрылып бара жатқанына келісетін боларсыздар.

Екіншіден, жұмыс формалары мен жастардың арта түскен материалдық және рухани қажеттері аралығында белгілі бір алшақтық бар. Комсомол ұйымдары осымен байланысты тенденцияларға көңіл бөлуге, оларға қажетті бағыт беруге әрдайым үлгіре бермейді. Комсомол жұмысы әлі де барлық жерде бірдей жігіттер мен қыздардың өмірлік жоспарларын ескере отырып құрылмайды. Комсомол комитеттері кейде жастарды шындап толғандыратын көкейтесті проблемалардан шет қалады. Жастардың кейбір бөлігінің комсомолда белсенді қызметтен аулақтайтыны сондықтан емес пе екен!

Ақырында, комсомол жұмысының формаларын таңдаған кезде, әрине, жас ерекшеліктері, білім дәрежесі, жастардың белгілі бір қызмет түріне ынтасы мен бейімділігі ескерілуге тиіс. Алайда бұл талап та іс жүзінде әрдайым сақтала бермейді.

Көріп отырсыздар, бұл жерде жинақталған қайшылықтар аз емес.

Комсомол комитеттерінің қазіргі қолданылып жүрген жұмыс формаларына сын тұрғысынан талдау жасап, оларды белгілі мағынада қайта қарағаны жөн болар еді деп ойлаймын. Комсомолға әрқашан тән болған творчестволық ізденіс, жаңашылдық, нақты өмірден туындайтын батыл эксперимент бұл жолы да одан айнымайтынына кәміл сенемін.

Мұның өзі өмір алға қойып отырған жаңа міндеттерді ойдағыдай шешу үшін ғана маңызды емес. Комсомол өзі әрдайым белсене шұғылданып келген проблемаларды шешу ісінде де оның көбірек инициатива мен творчество көрсетуіне тілек білдіргім келеді. Әңгіме, мысалы, жігіттер мен қыздарға адамгершілік — эстетикалық және дене тәрбиесін беру туралы, оларды отандық және дүниежүзілік мәдениеттің таңдаулы жеңістерінен сусындату туралы және, әлбетте, қоғамдық тәртіпті нығайтуға әрбір комсомолецтің белсене қатысуы туралы болып отыр.

Енді басшылық ету стилі жөнінде. Соңғы жылдары комсомол комитеттерінің оны жетілдіру жөнінде бірқатар шаралар қолданғаны қуанышты. Алайда тындырылған іс, жолдастар, зор жұмыстың бастамасы ғана.

Ол жұмыстың мәні мынада: бір жағынан, ВЛКСМ қатарында ұйымшылдықты, реттілікті, тәртіпті күшейту, ал екінші жағынан — комсомолецтердің инициативасы мен белсенділігін дамыту керек. Бұл орайда жоюды керек ететін басты бөгет — көптеген комсомол комитеттерінің, сондай-ақ пионер ұйымдарының да қызметіндегі формализмнің, әсіре ұйымшылдықтың және даңғазалықтың әжептәуір бой алуы. Бұл туралы, естеріңізде болар, партияның XXVI съезінде де, Орталық Комитеттің 1983 жылғы июнь Пленумында да әңгіме болған.

Сол баяғы алуан түрлі «шаралармен» әуестенушілікті алып қарайық. Бұл кемшілік жайында талай рет айтылды. Алайда елеулі өзгеріс бола қойған жоқ. Ал толып жатқан қозғалыстар мен науқандарға құштарлық сөзсіз формализмге апарып соқтырады емес пе. Анықтай келгенде, көп реттерде олардың көбісі «қағаз жүзіндегі қозғалыс» қана болып шығады да, «қамтылды» деген көз сүріндірер талай миллиондық цифрлар одан анағұрлым жұпыны болып шығады. Оның үстіне кейбір «шаралардың» көрінеу жарқылдақтық қана сипаты болатыны, олар, былайша айтқанда, сыртқы әсерге ғана арналатыны да құпия емес.

Әңгіме, әрине, бұқаралық науқандардан, жарқын манифестациялардан бас тарту жайында болып отырған жоқ. Бұл жерде өлшемді білу керек, оларды өткізу одақтың тәрбиелік жұмысын **толықтыруға** тиіс екенін есте ұстау керек.

Формализмге, қағазбастылыққа, бюрократизмге қандай істе де төзуге болмайды. Ал ВЛКСМ қызметінде, мұның үстіне оның пионер ұйымына басшылық

Digitized by Google

етуінде бұған тіпті де төзуге болмайды. Барлық нәрсені регламенттеуге, комсомол ұйымдарының жұмысын жоғарыдан берілген директивалардың «алақандай аясына» сиғызуға ұмтылу демократиялық, талапкер ұйым ретіндегі комсомол негіздерінің өзіне қайшы келеді.

Комсомол комитеттерінің ВЛКСМ мүшелері арасында да, балалардың коммунистік ұйымында да күнделікті, нақты ұйымдастырушылық және тәрбие жұмысын күшейту жағына қарай неғұрлым шұғыл бетбұрыс жасауы керек. Комсомол қызметкерлерінің жастар бұқарасымен байланысын нығайту олардың қызметін барлық бастауыш ұйымдарда жанды, творчестволық ахуал жасауға бағындыру маңызды. Жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудегі, әрбір жас адамның бойында жоғары дүниетанымдық және адамгершілік-саяси мәдениет, буржуазиялық идеологияның ықпалына, тоғышарлық-тұтынушылық психологияның қандай да болсын формаларына қарсы тұрақты иммунитет қалыптастырудағы, партия алға қойған міндеттерді шешудегі комсомол ролінің арттырылуы орасан дәрежеде міне осыған байланысты.

Сонымен бірге бұл міндеттердің орындалуы **комсомолға партиялық басшылықты жақсартуды да,** онда орын алып отырған кемшіліктерді жоюды да талап ететінін біз түсінеміз. Бір жағдайларда біз комсомол ұйымдарына шамадан тыс қамқорсу фактілерін кездестіреміз. Бұдан жастар қателесіп кетер-ау деген белгілі бір хауіптенушілікті аңғару қиын емес. Ондай позициямен келісуге болмайды. Әйтпеген күнде жастарды, былайша айтқанда, бүкіл өмір бойы жөргекте ұстауға тура келер еді, өйткені, Маркстің мысқылдап ескерткеніндей, «Адам жүруді үйренгенде құлауды да үйренеді және тек құлай жүріп қана жүруді үйренеді». Комсомолға көбірек сенім көрсету керек. Бірақ бұл талапшыл сенім болуға тиіс. Әрине, басқа бір ұшқарылыққа — комсомолдың істері мен қам-қарекеттерін мүлдем елемеуге жол беруге болмайды.

Бұл тұста айта кеткім келетіні — комсомолға партиялық басшылықтың дәрежесі туралы біз әсте де парткомдарда тыңдалған мәселелердің саны бойынша ғана баға бермекші емеспіз. Ең алдымен, жастар ортасында болып жатқан әлеуметтік, идеологиялық процестерге тұрақты түрде, терең ден қою, оларды жүйелі талдап отыру, комсомол ұйымдарының жұмыстың негізгі бағыттарын, ең пәрменді формаларын таңдап алуына көмектесу маңызды.

Осының бәрін асқан әдептілікпен істеу керек. Барынша көз жеткізу, жолдастық назар аудару, практикалық көмек көрсету — жастар ұйымдарына партиялық басшылық стиліне қойылатын міндетті талап міне осындай. Бұл жерде, Ленинің сөзімен айтқанда, «саяси» көзқарастардың үстіне «педагогикалық» көзқарасты да еске алу» қай жердегіден болсын көбірек қажет.

Бұл жерде көп нәрсе партиялық басшылардың жастармен жанды, тікелей араласуына байланысты. Жастар еңбек ететін, оқитын, демалатын жерлерде жиірек болуды, толғағы жеткен мәселелер жөнінде олармен бүкпесіз әңгімелесуді әдетке айналдыру керек.

Мұның өзі тағы да саяси көзқарас тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ, мен айтар едім, психологиялық көзқарас тұрғысынан да маңызды. Ондай байланыстар кезінде өзің де жастардан жігер алып, үйреншікті фактілерді жаңаша көре бастайсың, қазіргі жастардың нақты ерекшеліктерін, оларды ерекшелеп тұратын қасиеттерді жақсы түсіне бастайсың. Өйткені жастар, Ленин айтқандай, «амалсыздан» социализмге басқа жолмен, олардың әкелерінің жүрген жолындай **емес, ондай формада емес, ондай** жағдайда **емес,** басқаша жолмен жақындауға мәжбүр болып отыр».

Әңгіме, әрине, жастарға жағынып-жалбақтау, оларды алдарқатып мақтау жайында болып отырған жоқ. Біз идеялық, принциптік позицияда әрқашан дәйекті де бекем болуға тиіспіз. Біздің осындай қалтқысыз сенімімізді жастардың бойына дарыту керек.

Комсомолға басшылық ету дегеніміз — комсомол ұйымдарының бір өзінің қолынан келмейтін жастар проблемаларын шешуде оған көмектесуде деген сөз. Мен, ең алдымен, әлеуметтік проблемаларды айтып тұрмын. Бүкіл идеологиялық жұмыстағы сияқты, жастарды тәрбиелеуде де, ол жақсы ойластырылған әлеуметтік-экономикалық саясатқа сүйенгенде ғана нағыз табысқа қол жетеді. Ал жастардың әлеуметтік тұрғыдағы проблемалары аз емес. Мен ең кең мағынада айтылатын білім алу мен оқу мәселелерін бірінші кезекке қояр едім.

Партия белгілеген және мектеп ісінің реформасы бойынша қазірдің өзінде жүзеге асырылып жатқан ірі қадамдар сіздерге белгілі. Олар әрбір жас адамның дербес еңбек өміріне неғұрлым жақсы даярлануына, бейнелеп айтсақ, ұзақ жылдар бойы өзіне жоғары қайтарым беретіндей капитал жасауына көмектесуге тиіс.

Әрбір жас адам мектепті немесе жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін де өз білімін жаңартып, тереңдете алатындай болуы үшін жағдайлар туғызуға да жерде қамқорлық жасау керек. Қазіргі өндірістің серпінді дамуы да, жеке адамның жан-жақты жетілуінің міндеттері де осыны талап етеді.

Социологтардың айтуынша, жас жұмысшылар арасында кадрлардың тұрақтамауының негізгі себептері — еңбектің мазмұны мен жағдайына қанағаттанбаушылық. Мұның өзі солай да. Партияның өндірісті қайта құру, жаңғырту ба-

Digitized by Google

ғыты бүгін таңда осы проблеманы анағұрлым жігерлі түрде шешуге мүмкіндік береді.

Бұл проблеманың қас қағым сәтте жойыла қалмайтыны түсінікті. Ал егер комсомол осы процеске неғұрлым белсендірек қатысатын болса, еңбек жағдайларын өзгерту, еңбектің мазмұнын байыту әлдеқайда тезірек жүрген болар еді. Бұл арада білімді, инициативаны, творчестволық тапқырлықты қолданатын өріс өте кең, ал біздің жастарымыз бұған кенде емес. Қайсыбір жерлерде, сірә, жан тыныштығына құмарлармен күрес жүргізуге де тура келер. Қысқасы, бұл арада да, Лениннің атап айтқанындай, «Совет өкіметінің бұйрық беруі немесе партияның белгілі бір ұран тастауы жеткіліксіз», «жас ұрпақтың өзі осы істі қолға алуы керек».

Үлкен проблема — жас семьяларды жайлы тұрғын үймен қамтамасыз ету. Өздеріңіз білесіздер, тұрғын үй құрылысының көлемі жағынан дүние жүзінде біздің елге тең келетін ел жоқ. Дегенмен тұрғын үй проблемасының өткірлігі әлі де күн тәртібінен түскен жоқ, сондықтан оны шешу үшін қосымша резервтерді іздестіру қажет. Осыған орай, бәлкім, кооперативтік негізде тұрғын үй алу үшін жас семьяларға ұзақ мерзімді несиелер беру мүмкіндігін ойластырған жөн болар. Ал комсомол жастар кооперативтері құрылысын қамқорлыққа алған болар еді.

Сонсоң, бүгін айтқым келген соңғы мәселе. Қазір комсомол қатарында бір жарым миллионнан астам коммунистер бар. Ең дұрысы — комсомолға дәл солар арқылы ықпал жасау. Өктемдікпен емес, әрине. Қайта, Лениннің сөзімен айтсақ «бедел күшімен, жігер күшімен, үлкен тәжірибелілік, үлкен сегізқырлылық» үлкен дарындылық күшімен» ықпал жасау керек. Коммунистің комсомолдағы жұмысы — бұл жауапты партиялық жұмыс. Сондықтан оны абыройлы атқару керек. **(Қол шапалақтау).**

Жалпы комсомол кадрларының мәселесі, былайша айтқанда, түйінді мәселе. Мұнда бәрі — идеялық сенімділік пен кіршіксіз адамгершілік, ұйымдастырушылық алғырлық және жастардың өздеріне тән ерекше талап-тілектеріне сергек қарау қабілеті, кәсіптік кемелділік және жастарға тән жалынды жігер — орасан маңызды. Міне сондықтан да комсомол кадрларын іріктеу, сондай-ақ совет, шаруашылық және, әлбетте, партиялық жұмысқа жоғарылату проблемалары партия комитеттерінің ұдайы басты назарында болуға тиіс. Комсомолда басшылықтың жақсы мектебінен өткен адамдар өз еңбегімен мұндай сенімді ақтайтынына кәміл сенемін. Осының бәрі толық көлемінде армия комсомолына да қатысты екені түсінікті.

Ал енді, жолдастар, КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы мен СССР Жоғарғы Советі Президиумының құрметті тапсырмасын орындап, Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флотының комсомол ұйымына жоғары мемлекет наградасын — Қызыл Ту орденін тапсыруға рұқсат етіңіздер!

(Бәрі орындарынан тұрды. Ұзақ, ду қол шапалақтау үстінде К. У. Черненко жолдас Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты комсомол ұйымының туына орден тақты. Залдағы адамдар былай деп ұран салды: «Совет Одағы Коммунистік партиясының даңқы арта берсін! Арта берсін! Арта берсін!», «Совет Қарулы Күштерінің даңқы арта берсін!», «Ленин комсомолының даңқы арта берсін!»).

Digitized by Google

ЕГІН ҚАУЛАЙ КӨКТЕДІ

А. БӘКУБАЕВА,

Көкшетау облысы КПСС XXIII съезі атындағы совхоз кітапханашысы, үгітші

Міне, көктемгі науқан бесінші трактор-егіс бригадасының танаптарына да келді. Біздің бригадіріміз, облыстық партия комитеті бюросының мүшесі, Ленин орденінің иегері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты К. Смағұловтың еңбек өмірбаянында бұл көктем бірінші емес. Демек оның өзі сияқты бригаданың басқа мүшелері: Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Е. Қуанышевті, Б. Баяшевті, Ж. Сәтбаевты және басқа да көптеген механизаторларды толғандырды. Олардың сезімі маған да жақын. Бригадада үгітшінің міндетін 4 жыл атқарамын, адамдармен бауырластым, олардың ой-пікірін, проблемаларын, мүмкіндіктерін жақсы білемін. Әйтсе де, көктемнің бір күні бір жылға азық болатын маусым сонша толық қайтарымды талап етті. Демек жаңа егіннің негізі қалана бастады ғой.

Қысқы және көктемгі агрономиялық шараларды орындау цифрлары қуантады. Сонда да тұқым себуде жұмыста болмашы кідіріске жол бермеуге тырыстық. Әрқайсымыз әңгімелерімізбен адамдарды бірде-бір іркіліс болмайтындай, кез келген механизатор өзі үшін де, жолдастары үшін де жауапкершілікті сезінетіндей, өз ісінің совхоз, аудан көлеміндегі мәнін айқын түсінетіндей көңіл-күйде болуына ұмтылдық. Сондықтан да егіс науқанының табысты өтуі мен үшін қуанышты.

Біздің трактор-егіс бригадамыз шаруашылықта таңдаулы болып саналуы кездейсоқ емес. Совхозымыз өз тарапынан ауданда және облыста таңдаулылардың бірі болып табылады. Бесжылдықтың басынан бері Бүкілодақтық социалистік жарыста жеңіске жеткен үшін КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен екі рет наградталды. Отан қоймасына үш жылдың жоспарындағы 48100 тоннаның орнына 57182 тонна астық құйдық, немесе бесжылдық тапсырманың 71 проценті орындалды. Үстіміздегі жылды мемлекетке астық тапсыру жөнінен бесжылдықты орындау жылы ету ұйғарылды. Сөзде тұру үшін танап еңбеккерлері элеваторға 22918 тонна бидай мен арпа жөнелтуге, совхоздың 16150 гектар егістігінің әр гектарынан жоспардағы 14,5 центнердің орнына 16 центнерден дән жинауға тиіс. Аталған цифрларды біздің бригададағы адамдардың әрқайсысы біледі. Біз бұл туралы әрдайым айтамыз. Олар көрнекі үгітте бейнеленді.

Бригада коллективі 3268 гектардың әр гектарынан кемінде 18 центнерден өнім алуға берік ұйғарып отыр. Түпкі мақсат осындай және бригада диқандары оны қазірдің өзінде көріп отыр, сол үшін бүкіл күш арқылы күресуде.

Бригада биылға арналған межелерін көпшілік алдында қорғады. Бригада советінің мүшелері мамандармен бірге барлық жұмысты егжей-тегжейлі ақылға салып өлшеді. Әрбір танаптың нақты жайын: ауыспалы егіс орнын, алғы егісті, ластану дәрежесін, топырақтағы фосфор, органикалық заттар құрамын, күзгі және қысқы жауын-шашыннан жиналған ылғалды, күзгі өңдеу жұмыстарының сапасын талдады. Тұқым сапасы ескерілді. Әрбір танап бойынша осы деректерге сүйене отырып, ықтимал шығымдылықты анықтадық. Оған минералдық тыңайтқыштарды қатар аралыққа енгізуден түсетін қосымша өнімді қостық, жиналыста механизаторларды өз есептерімізбен таныстырдық, ойланып, өз пікірлерін ортаға салуды ұсындық.

Енді міне міндеттеме жұрт алдында қаралды. Әңгімелерде ауа райы туралы еске алынбағаны қуанарлық жәйт. Адамдар техниканың сенімділігі, еңбекті ұйымдастыру, тұқым себу сапасы, шеберлік дәрежесі туралы, сондай-ақ олардың пікірінше, масақтың сапалы болуға тиіс екені туралы айтты. Бір сөзбен айтқанда, коллектив мөлшермен емес, жақсы ойластырылған қауырт міндеттемелер қабылдады.

Сонда біз неге үміт артамыз? Ең алдымен дәнді дақылдар танабының төрттен бірін парға орналастырдық. Осы алаңды арамшөптен тазарта отырып, культиватормен төрт рет толық өңдеп шықтық. Пардың әр гектарына 47 тоннаға дейін органикалық тыңайтқыш енгізілді.

Қалған дәнді дақылдар алқабын өткен күзде өңдегенбіз. Пішенмен және жусанмен анағұрлым көп зақымданған учаскелер екі рет культивацияланды. Қыста зябь жыртылған жерде үш ізбен қар тоқтатылды. Бұл күзгі жауын-шашындарды қоса қанда топыраққа 110 миллиметр құнарлы ылғал берді. Осының есебінен зябь бойынша жоспарлы түсім, ал парда сапалы күтім жасаудың есе-

Digitized by Google

бінен тағы да қосымша кемінде 2 центнер өнім қамтамасыз етіледі. Енді тұқым туралы айтайық. Өткен жылдары бригада егістігінің 32 процентін «Омск-9» сорты, тиісінше 68 процентін «Саратов-29» сорты алып жатты. Бірақ бұл өзін сонша толық ақтамады. Сондықтан да биыл «Омск-9» сортын бидай танабында 20 процентке дейін қысқартып, «Саратовты» 80 процентке дейін ұлғайттық.

Осылайша, агрономиялық қызмет есептеріне қарағанда жоғары сапалы тұқымдық материал және сорттардың анағұрлым тиімді арақатынасы арқылы бригада бойынша егіннің орташа шығымдылығын жоспардағыға қарағанда тағы да кемінде 2 центнер арттыруға болады.

Егінге қосылатын қалған түсімге жақсы өзірленген техника, ал ол коллективте жеткілікті, диқандардың жоғары шеберлігі, табандылығы және еңбекті ұйымдастырудың прогрессивті формасы есебінен қол жетуге тиіс.

Біздің диқандар бірыңғай нарядпен екінші жыл еңбек етуде. Ол өндіріске енгізілген кезде кейбіреулер енді социалистік жарысты, оның жариялылығын арттыру туралы алаңдаудың қажеті жоқ деген сөздер айтты. Материалдық жағынан мүдделі механизаторлар енді өздері-ақ жақсы жұмыс істейді деп ойлады. Алайда, керісінше, ұгітшілердің ісі мен жауапкершілігі арта түсті. Мысалға социалистік жарысты алайық. Б. Баяшевтың звеносы барлық сменалық нормаларын 150 процент, звено жетекшісінің өзі 165 процент орындады. Еңбек табыстарымен баршаны жедел таныстыру, сол арқылы артта қалушыларды екпінді еңбекке жұмылдыру — міне, осыны өзімнің тікелей міндетім деп есептеймін.

Немесе басқа бір сәтті алайық. Тыңайтқыштарды танапқа жеткізетін, олардың қоймаларын қамтитын адамдардың жұмысы бұрын онша еленбейтін. Адалын айтсақ, біздер, үгітшілер оларды назардан тыс қалдыратынбыз. Соның салдарынан тәжірибе талай рет көрсеткендей, өкініштi қателіктер орын алды. Биылғы науқанда, менің жұмысымның негізгі орталығы егіс даласы болса да, мен тыңайтқыштар пайдаланылуға әзірленетін жерлерде, танаптарға тыңайтқыштар жеткізілетін маршруттарда болуға тырыстым. Адамдарға бригададағы және көрші коллективтердегі тұқым себу барысы туралы хабарлап отырдым, осы жайында жауынгерлік листоктарға арнайы жаздым. Олардан, мысалы, қайсыбір звеноның табысында минералдық тыңайтқыштар қоймасы жұмысшыларының, оларды тасымалдаумен айналысатын жүргізушілердің де сіңірген еңбегі бар екенін әркез атап көрсеттім.

Немесе аудандық аграрлық-өнеркәсіп бірлестігі бойынша біздің серіктестеріміз — Госкомсельхозтехниканың мастер-баптаушыларын алайық. Бұрын олар өздерімен өзі болатын. Қазір жағдай өзгерді. Мастер-баптаушылар қызметі социалистік жарысқа тартылды, бір күннің немесе бескүндік қорытындыларын шығару барысында аудандық аграрлық-өнеркәсіп бірлестігі бойынша серіктестеріміздің түпкі нәтижеге қосқан үлесі — жекелеген механизаторлар, звено, бригада сепкен немесе өңдеген гектарлардың саны мен сапасы есепке алынды. Техникалық қызмет ақауларды жөндеу үшін дер кезінде келмесе, — техникалық қызмет көрсетуді үстірт орындаса — көрсеткіші төмендетілді. Осы кемшіліктер туралы жауынгерлік листоктарда, «молнияларда» айтылды, жарыс экранында бейнеленді. Міне, қазір мастер-баптаушылар өз міндеттерін «өте жақсы» орындады. Сонымен қатар егіс агрегаттарына қызмет көрсетумен айналысатын адамдар қазір бізде барлық диқандармен бірдей көтермеленеді және жазаланады. Біздің бригада советі оларды бескүндіктер және егіс қорытындылары бойынша сыйлықтармен наградтауды ұйғарды. Бұл істің жайын айтарлықтай жақсартты.

Бірыңғай наряд үгітшіден экономика мәселелерімен көбірек айналысуды талап етеді. Біздің бригадада өткен жылы бір центнер астықтың өзіндік құны жоспардағы 7,5 сомның орнына 5,88 сом болды. Эталонды бір трактордың өнімділігі 930 гектардың орнына 1141 гектарға жетті. Мұның бәрі жақсы. Дегенмен, экономистер менің өтінішім бойынша істің жағдайын талдаған кезде, жаңа мүмкіндіктер анықталды. Ішінара айтқанда, бригада техникаға анағұрлым ұқыпты күтім жасау есебінен жанар-жағар май материалдарын үнемдеу режимін күшейтуі қажет.

Көктемгі науқан күндеріндегі жұмыс тәжірибесі орақ науқанын өткізу барысында да толық пайдаланылатын болады. Тыңның 30 жылдығы құрметіне біздің бригада 1984 жылы мол астық алу жолындағы облыстық жарыстың инициаторы болды. Осының бәрінің күзде толымды масақпен есесі қайтады.

Жазып алған Е. КУХТА.

БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕҢБЕК ЫРҒАҒЫ

Алматы облысы. «Луч Востока» колхозының еңбеккерлері шымкенттіктер үндеуін қолдай отырып, қысқа 7 мың тонна пішен, 12 мың тонна сүрлем, құнарлы азықтың көп мөлшерін дайындауды ұйғарды.

Қостанай. Соколов-Сарыбай комбинатының жас кәсіпорыны — Қоржынкөл руднигі тез дамып келеді. Өткен жылдың июнь айында бұл жерден руда тиелген алғашқы эшелон жіберілді, ал жуырда миллионыншы тонна руда тиелген темір жол составы жөнелтілді.

Digitized by Google

ЕСЕСІ ҚАЙТАР ШАРАЛАР

Еліміздің аграрлық-өнеркәсіптік комплексінде қолда бар ғылыми және өндірістік потенциалды дұрыс пайдалануға, бөлінген күрделі қаржыдан анағұрлым жоғары қайтарым, барынша аз шығын жұмсай отырып, көбірек өнім алуға баса көңіл бөліп отырған бұл күндері Қазақстанда екінші тың деп орынды аталатын жерлер азық-түлік ресурстарын молайтудың маңызды резерві болып табылады. Олардың есебінен республика қосымша 15 миллионға жуық гектар алаңды ауыл шаруашылығы айналымына енгізе алатынын айтсақ та жеткілікті.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі КПСС XXVI съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, осы мәселе бойынша «Қазақ ССР-інде сортаңды жерлерді игеру жөнінде» шаралар туралы» арнаулы қаулы қабылдады. Ол 1981—1990 жылдарда сортаңды жерлерді игеру жөнінен аса көлемді жұмыс жүргізуді қарастырады.

Партия, совет және шаруашылық органдары оны жүзеге асыру жөнінен көптеген жұмыстар атқарды. Құнарлылығы шамалы 7 миллион гектар жерлерде зерттеу жүргізілді, 4 миллион гектардай жердің технологиялық жұмыс жобалары әзірленіп, берілді, ал 1,6 миллион гектар жер айналымға енгізілді.

Сортаңды жерлерді игеруге байланысты проблемаларды анағұрлым тиімді шешу үшін облыстар бойынша нақты жылдық тапсырмалар әзірленіп, жүзеге асырылуда. 1983 жылы Жамбыл, Алматы, Целиноград және Талдықорған облыстарының диқандары оны ойдағыдай атқарып шықты. Тың аудандарының совхоздары мен колхоздары бұрынғыдай айрықша жұмыс көлемін орындады. Мысалы, қостанайлықтар 58 мың гектар, көкшетаулықтар 29 мың гектардан астам сортаңды жерлерді игерді. Тұтасынан республика бойынша 1981—1983 жылдары 700 мың гектарға жуық сортаңды жерлер мелиорацияланды.

Озық коллективтердегі өсіп келе жатқан жұмыс көлемі — ең алдымен, еңбектің тиянақты, ойластырылып ұйымдастырылуының, техниканы жоғары өнімділікпен, химиялық мелиорантарды, тұзға төзімді шөп тұқымдарын шебер пайдаланудың нәтижесі.

Сельхозхимияның механикаландырылған отрядтары мен арнаулы жылжымалы механикаландырылған колонналары Орал, Целиноград, Көкшетау, Қарағанды облыстарында сортаңды жерлерді мелиорациялауды шебер жүргізеді.

Мұнда басқарудың жаңа органдары — аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер мен олардың советтері барған сайын үлкен роль атқаруда. Олар серіктестердің — кәсіпорын, шаруашылық коллективтерінің жұмысын шебер үйлестіре отырып, олардың жалпы күш-жігерін түпкі жоғары нәтижелерге жетуге бағыттайды.

Мысалға Целиноград облысының Атбасар ауданын алайық. Құнарсыз жерлерді игеру проблемасы аудандық партия комитетінің бюросында талай рет талқыланды. Шаралардың тиянақты жоспары жасалды. Ауданда мамандандырылған механикаландырылған отрядтар құрылды. Коммунистер аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік шеңберінде белгіленген межелерге жетуге бағытталған серіктестер арасындағы тиімді социалистік жарысты жолға қойды. Осы мақсатқа кәсіпорын және шаруашылық коллективтеріндегі бұқаралық-саяси жұмыс та бағындырылды. Соның нәтижесінде бесжылдықтың өткен үш жылы ішінде мұнда бұрын құнарсыз жерлердің 20 мың гектары игерілді, бұл жоспардағыдан 2,5 мың гектар көп. Целиноград ауданында да 15 мың гектардан астам сортаңды жерлер мелиорацияланды. Мұнда Киров атындағы совхоздың еңбеккерлері өте жақсы жұмыс істеді, онда өткен жылдың өзінде ғана 1,3 мың гектар жер игерілді.

Егіншілер мелиорацияланған сортаңды жерлерде әжептәуір өнім алады. Мысалы, 1983 жылы Қостанай тәжірибе станциясында шабындықты натрийлі сортаң жерлерде әрбір гектарға РКС-2 қопсытқыш құралмен терең мелиоративті өңдеу арқылы 8 тоннадан фосфогипс енгізу нәтижесінде 136 гектар алаңның әр гектарынан 20 центнерден судан шөбі жиналды. Сондай-ақ бұл жерде осы мелиорантты қолдану барысында 467 гектар алаңның әр гектарынан 12,5 центнерден бидай мен сұлы алынды.

Игерілген сортаңды жерлер басқа да көптеген шаруашылықтарда тиімді. Оларда шығымдылықтың өсуі өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдеріне сүбелі қосымша.

Сонымен қатар құнарлылығы шамалы жерлерді жақсартуға барлық жерде бірдей тиісінше мән берілмейді. Кейбір жерлерде осы маңызды іс кейінге қалдырылуда. Республикада сортаңды жерлерді игеру қарастырылған 15 облыстың төртеуі ғана өткен жылдың тапсырмасын орындады. Әсіресе Ақтөбе, Семей, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жезқазған облыстары едәуір артта қалушылыққа жол берді, олар жылдық тапсырманы 26—44 процентке ғана орындады. Павлодар облысында одан да аз — 22,2 процент болды, ал Торғай облысының шаруашылықтары 22,2 мың гектардың орнына небары 300 гектар жерді ғана игерді.

Арнаулы машиналар мен құралдардың, ішінара айтқанда үш ярусты және плантажды төрт корпусты плугтардың, химиялық, мелиоранттарды енгізуге

Digitized by Google

арналған машиналардың жетіспеушілігі құнары шамалы жерлерді жаңартудың үлкен тосқауылы екені даусыз. Оның үстіне совхоздар мен колхоздар мемлекеттік стандарт талаптарына сай келмейтін фосфогипс алады. Олардың СССР Трактор және ауыл шаруашылық машиналарын жасау, Химия өнеркәсібі, Түсті металлургия министрліктерінен нақты әрі дереу көмек күтуге хақысы бар, олар КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің жоғарыда аталған қаулысына сәйкес, республиканың ауыл шаруашылығын сортаңды жерлерді жедел игеру үшін қажетті материалдық ресурстармен қамтамасыз етуге тиісті.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумында былай деп атап көрсетті: «Мемлекеттік жоспар үшін алаңдаушылық, тіпті, керек десеңіздер, мазасыздық бізде бір сәтке де басылмауға тиіс».

Сортаңды жерлерді игеру — шұғыл, маңызды мемлекеттік міндет. Белгіленген тапсырмаларға сәйкес үстіміздегі жылы республикада олардың 450 мың гектары көтерілуге тиіс. Осы жұмысты дер кезінде және жоғары сапалы орындау ғана тез арада қосымша мыңдаған тонна ауыл шаруашылығы өнімін алуға, еліміздің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға сүбелі үлес қосуға мүмкіндік береді.

Н. ПАВЛЕНКО,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі бөлімінің нұсқаушысы.

Әңгімелерде айтыңыз

Жемшөптің берік қорын жасайық!

Шымкент облысы ауыл шаруашылығының еңбеккерлері республика аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің барлық қызметкерлеріне осындай үндеу арнады. Осы үндеу Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде мақұлданды. («Социалистік Қазақстан» газетінің, облыстық газеттерінің үстіміздегі жылғы 12 майдағы сандарын қараңыз).


Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «1984 жылы республиканың совхоздары мен колхоздарында жемшөп дайындауды ұйымшылдықпен өткізу жөніндегі шаралар туралы» қаулысын орындай отырып, шымкенттіктер мал қолға қарайтын кезеңде әрбір шартты малға жоспардағы 18 центнердің орнына кемінде 21 центнер жемшөп өлшемін дайындауға, қоғамдық мал шаруашылығын және халықтың меншігіндегі малды жемшөппен толық қамтамасыз етуге ұйғарды. Қысқа арнап 1.600 мың тонна жай жемшөп, соның ішінде 1.050 мың тонна пішен және 300 мың тонна пішендеме, 1 миллион тонна сүрлем, 30 мың тонна витаминді шөп ұнын, 200 мың тонна түйіршіктелген және брикеттелген жемшөп дайындау белгіленді.

Мал қолға қарайтын кезге дейін 187 жемшөп цехы, соның ішінде 18 жаңа цех әзірленіп, іске қосылады, мұның өзі бүкіл жемшөпті малға тек әзірленген күйінде беруге көмектеседі. Құрама жем кәсіпорындары белокты-витаминді үстемелері бар құрама жем сапасын жақсартып беруге міндеттенеді, «Госкомсельхозтехника» кәсіпорындары шаруашылықтарды машиналармен, жабдықпен, запас бөлшектермен үздіксіз жабдықтауға, техникаға техникалық күтім көрсетуді қамтамасыз етуге міндеттенеді. Жемшөп дайындаушылар үшін қажетті мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасалады, олармен бірге ересек адамдардың бәрі де жұмыс істейтін болады. Бригадаларда құрылған 587 уақытша партия және партия-комсомол топтары, 258 депутаттық топтар және 422 халықтық бақылау постысы жоспарлар мен тапсырмаларды ойдағыдай орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетеді.



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google



Экономика мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

БАСТЫ БАҒЫТТА

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко Москва қаласы Куйбышев ауданының сайлаушыларымен кездесуде былай деді: «...Экономиканы интенсивті дамытудың проблемаларын әлдеқайда жігерлірек шеше аламыз және шешуге тиіспіз». Бұл өндіріспен тікелей байланысты салалық кәсіпорындарға айрықша жауапкершілік жүктейді. Партия органдарының басшылығымен жүргізетін күнделікті жұмысымыз бүгінде бесжылдықтың төртінші жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыруға бағытталған

Ғылыми-техникалық прогресті тездету мәселелеріне үлкен көңіл бөлінеді. Оны жүргізу формалары көп жақты: бұл «Әрбір инженер мен техникке — бесжылдыққа арналған жеке творчестволық жоспар», «Ауыр еңбек механизмдерге жүктелсін» деген девизбен социалистік жарыс ұйымдастыру, еңбекшілердің қалың бұқарасын рационализаторлық және өнертабыспылық жұмысқа тарту т. б. Он бірінші бесжылдықтың үш жылы ішінде ғана түсті металлургияда, мысалы, жаңа техниканы өндіріске енгізу есебінен өндіріс шығындары 66 миллионнан астам сомға кеміді, жоғары категориялы өнімнің үлес салмағы 2 процент артып, 37,4 процент құрады. Жұмысшылардың механикаландырылған еңбекпен қамтылу дәрежесі 2,5 процент өсіп, қазір 56,6 процент құрайды.

Түсті металлургиядағыдай, қара металлургия еңбекшілері де 1983 жылдың жоспарын техникалық-экономикалық барлық көрсеткіштер бойынша орындады. Жоспардан тыс 50 миллионнан астам сомның өнімі өткізілді. Товарлы өнімнің бүкіл өсімі еңбек өнімділігін арттыру есебінен қамтамасыз етілді.

Жезқазған кен-металлургия және Домской кен байыту комбинаттарының, Павлодар алюминий және Шымкент қорғасын заводтарының коллективтері Бүкілодақтық жарыста аса жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болды. Ақтөбе ферросплав заводының, Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттарының, Краснооктябрь боксит руда басқармасының т. б. коллективтері республикалық жарыста жоғары нәтижелерге жетті.

Саланың 180 озық бригадасы мен жетекші кәсіп жұмысшыларының «Әрбір жұмыс күніне — өндірістік тапсырманы асыра орындау кепілдігі» деген шақыруына қара және түсті металлургия кәсіпорындарының 2400-ден астам бригадасы үн қатты. 1800 бригада үш жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Қарағанды металлургия комбинаты қаңылтыр прокат цехының вальцовщиктер бригадирі С. Дрожжиннің «Әрбір жұмыс орнындағы жоғары қайтарым үшін» деген инициативасын 1345-тен астам бригада қостады. Олардың бәрі де айлық және жылдық тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындайды, ал Жезқазған кен-металлургия комбинатында Н. Макаровтың бригадасы тәулік сайын міндеттемедегі 1185 тоннаның орнына 1300 тонна руда қазуға қол жеткізуде. Ащысай полиметалл комбинатында терең скважиналар бұрғышысы Т. Қаражанов өз графигінен 2 жыл және 4 ай алда келеді, бұрғышылар Т. Смағұлов, В. Боровик, Е. Отаев, В. Иванов 1985 жылдың жоспарын аяқтап қалды. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. Жанасбаев басқаратын Ақшатау кен байыту комбинаты бұрғышыларының комсомол-жастар сменасы жарысушылардың алғы шебінде келеді. Осы бригадада сала бойынша жоғары еңбек өнімділігіне — бір сменада 110,2 погон метрге қол жетті.

Еңбекті бригадалық ұйымдастыруды, оның жоғары формасы — бригадалық мердігерлікті қолдану еңбек өнімділігін арттырудың және еңбек тәртібін нығайтудың аса маңызды факторларының бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасымен 6 мыңға жуық бригада, яғни өнеркәсіп-өндіріс жұмысшыларының 65,6 проценті қамтылды. Осының есебінен 1983 жылы 640 мың сом үнемделді, 200-ден астам адам шартты түрде босатылды.

Кәсіпорынның сабақтас коллективтері арасындағы жарысты өрістетуге үлкен мән беріледі. Мысалы, сала кәсіпорындарында «Проходка — өндіру — таза металл» жарысы пәрменді бола түсті. Ол шахталарды пайдаланылуға әзірлеуден дайын металл шығаруға дейінгі бүкіл циклды қамтиды. Мәселен, Ащысай шахта-проходкалау басқармасы — «Ачполиметалл» комбинаты — Жәйрем кен байыту комбинаты — Шымкент қорғасын заводы. Салада түсті және қара металлургияның көптеген кәсіпорындары осы схема бойынша жарысады, ал бір-

15 июль — металлург күніне

Digitized by Google

қатары жүк тиеу-түсіру жұмыстарының іркілісін қысқарту үшін темір жолмен де қосымша шарт жасасты.

Еңбек коллективтері туралы Заңның енгізілуіне байланысты үнем мен ұқыптылық жолындағы жарыс анағұрлым пәрменді бола түсті. Шикізатты, материалдарды және отын-энергетика ресурстарын тиімді пайдаланудың Бүкілодақтық қоғамдық байқауына салада жұмыс істеушілердің 60 проценті қатысты. 19 мыңнан астам ұсыныс берілді, олардан экономикалық тиімділігі 31,38 миллион сом 15138 ұсыныс енгізілді.

Еліміздің озық кәсіпорындарының бастамасын қолдай отырып, қара және түсті металлургия кәсіпорындарының барлық коллективтері еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1 процент арттыру және өзіндік құнды 0,5 процент кеміту жөнінен 1984 жылға социалистік міндеттемелер қабылдады. Төрт ай ішінде атқарылған жұмыс нәтижелері көрсеткеніндей, тұтасынан сала қабылданған социалистік міндеттемелерді ойдағыдай атқаруда, ал бірқатар кәсіпорындар олардан едәуір асып түсуде. Ащысай полиметалл, Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний, Жезқазған кен-металлургия, Донской, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаттарының, Павлодар алюминий, Ертіс химия-металлургия заводтарының және саланың басқа да бірқатар кәсіпорындарының коллективтері социалистік міндеттемелер мен үстеме жоспарларды мерзімінен бұрын орындады.

Кәсіподақ ұйымдары еңбекшілердің денсаулығын нығайтуды салада жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстағы басты бағыт етіп алды. Үстіміздегі жылдың январында Түсті металлургия, Денсаулық сақтау министрліктерінің президиумы, «Еңбек» ерікті спорт қоғамының орталық советі мен кәсіподақтардың республикалық комитеті алғаш рет бірлескен мәжіліс өткізді. Әрбір кәсіпорын және тұтасынан сала бойынша таяудағы жылдарға арналған комплексті программа бекітілді.

Бірінші жетекшілер бастаған дәрігерлік-инженерлік бригадалар мен денсаулық штабтары құрылды. Қарағанды және Балқаш комбинаттарында денсаулық цехтары ұйымдастырылды және Өскемен қорғасын-мырыш, Ащысай полиметалл, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаттарында, сондай-ақ Павлодар алюминий заводында денсаулық цехтарын ұйымдастыруға дайындалуда. Еңбекшілерді толық диспансерлеуді өткізу жөніндегі жұмыс басталды.

Осы жұмысты табысты өткізу үшін салада 25 стадион, 50 спорт залы, 14 жүзу бассейні, 16 шаңғы базасы және басқа да спорт ғимараттары бар. Бізде бүгінде 34 санаторий-профилакторий бар және жоспар бойынша осы бесжылдықта олардың саны нормаға жеткізілуге тиіс.

Салада Азық-түлік программасын орындау жөнінен де үлкен жұмыстар жүргізілуде. Барлық кәсіпорындарда қосалқы шаруашылықтар құрылды. Өткен жылы ғана 2000 тоннадан астам ет, 1,5 мың тонна сүт, 1700 тонна овощ және ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа да түрлері өткізілді.

«Майкаинзолото» руда басқармасы, Өскемен қорғасын-мырыш, Соколов-Сарыбай, Жәйрем, Лисаков кен байыту комбинаттары және басқа да біздің таңдаулы коллективтеріміз Бүкілодақтық жарыста әрдайым жоғары көрсеткіштерге жетті, СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде аталды.

Бесжылдықтың соңына дейін жұмыс істейтін бір адамға есептегенде 20 килограмнан ет және 35 килограмнан сүт алып, асханаларда ыстық тамақпен толық қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр. «Денсаулық — еңбек өнімділігінің басты факторы» — Павлодар алюминий заводының және басқа да бірқатар кәсіпорындардың коллективтері осындай инициатива көтерді.

Жүргізілген шаралар тәрбие жұмысында елеулі табыстарға жетуге көмектесті. 1983 жыл ішінде қыдырымпаздық 20 процент қысқарды, жұмыс уақытының ысырабы 32 процент, кадрлардың тұрақтамауы 18 проценттен 15 процентке дейін, жабдықтардың бір күндік іркілісі 33 процент, өз тілегімен жұмыстан шыққандар саны 32 процент кеміді.

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы февраль және апрель Пленумдарында жұмыс стилін жетілдіру, жүргізілетін жұмыстар үшін жауапкершілікті дәлме-дәлдікте шектеу қажеттігі атап көрсетілді.

Бірінші кезекте, Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумында айтқандай, жоспарларын орындамайтын кәсіпорындар санының күрт қысқартылуына қол жеткізу маңызды. Осыған орай металлургтер алдына ғылыми-техникалық прогресті тездету, өндірісті жаңғырту, жаңа өндірістік қуаттар мен өнім түрлерін игеру жөнінен үлкен міндеттер тұр. Мұның ең алдымен жоспарды орындамайтын Ертіс полиметалл, Қарағайлы, Ақшатау кен байыту, Текелі қорғасын-мырыш комбинаттарына және басқа да кәсіпорындарға қатысы бар.

Қарағанды металлургия комбинатындағы жаңа өндіріс — қаңылтыр цехының еңбек коллективін топтастыруға көбірек көңіл бөлу қажет. Республика қара металлургиясының осы алыбы елімізде шығарылатын қаңылтырдың 70 процентін беретін болады. Ал бүгінде жобалық сортаменттер өнімінің жоспарланған мөлшерін шығаруды игеру маңызды.

Біздің парызымыз — сала кәсіпорындарының барлық коллективтері жоспарлар мен міндеттемелерді орындай алатындай етіп социалистік жарыс пәрменділігін арттыра беру.

А. САДЫРБАЕВ,
металлургия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы республикалық комитетінің председателі.

Digitized by Google

ТҰТЫНУШЫЛАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛУДЕ

Біздің әрқайсымыз тұтынушымыз, сондықтан да сауда қызметкерлерінің күні біздің ортақ мерекеміз болып табылады. Қазақ ССР Сауда министрі Н. Д. ТАНЦЮРА «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының тілшісімен әңгімеде республикамызда сала қызметкерлерінің өздерінің асқақ қызметін қалай орындап жатқаны жайлы әңгімелейді.

— Николай Дмитриевич, халыққа қызмет көрсетудің перспективалы формаларын дамыту, сауда мекемелерінің жұмыс режимін жетілдіру туралы айтсаңыз екен.

— Халықтың өзіне қызмет көрсетуі сауданың аса перспективалы формаларының бірі болып табылады. Қалалар мен жұмысшы поселкелерінде 4 мың магазин осылай жұмыс істейді. Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде ғана олар сегіз жүз магазинге көбейді. Енді оларда товарлардың 60 процентten астамы, ал Семей, Қостанай, Целиноград облыстарында — 70 процентten астамы сатылады.

Республикада универсамдар жүйесі жедел дамып келеді. Егер бесжылдықтың басында небары 17 универсам болса, енді осындай 58 магазин бар.

Тұтынушыларға қолайлы болу үшін мәдени-тұрмыстық, шаруашылық және галантерея товарларының 10 процентке дейінгі азық-түлік магазиндерінің арнаулы бөлімдері арқылы өткізіледі. Республикада 350 азық-түлік магазині тұрғындарға алдын ала жасалған заказ бойынша қызмет көрсетеді. Бесжылдықтың соңына дейін осындай тағы 50 магазин ашамыз. 150-ге жуық магазинде аса көлемді товарларды (мебель, тоңазытқыш, кір жуатын және тігін машиналары, тұрмыстық электр приборлары) үлгілері бойынша сатуды және үйге жеткізуді ұйымдастырамыз.

Адамдар көп болатын жерлерде өткізілетін жәрмеңкелер — көктемгі-жазғы немесе күзгі-қысқы маусымның басталуына арналған базарлар тұрғындар арасында танымал. Мамандандырылған магазиндер саны да көбейіп келеді. Мәселен, Алматыда «Мода», «Кілем», «Хрусталь», «Тұрмыстағы техника», Оралда — «Жастарға арналған товарлар» т. б. магазиндері ашылды.

Қосымша қызмет көрсету түрлері — мата пішу, тігін бұйымдарын қонымды ету, магазиндер жанындағы кафетерий мен буфеттер ұлғайып келеді.

СССР Министрлер Советінің «Халыққа қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер жұмысы режиміндегі елеулі кемшіліктер туралы» қаулысын орындай отырып, біз мамандандырылған 3 мың магазиннің жұмыс режимін реттедік. Өнеркәсіп товарларының 420 магазині бір жарым-екі сменалық жұмысқа (сағат 9—11-ден 20—21-ге дейін) ауыстырылды. 365 магазин екі сағаттық үзілісі болатын жұмысқа көшірілді, 410 магазин демалыс күнінсіз жұмыс істейді. Азық-түліктік емес 830 магазин демалыс күндері жұмыс істейді. Республикада 258 кезекші магазин бар. Колхоз рыноктарының жұмыс режимі қайта қаралды (сағат 6—8-ден сағат 18—21-ге дейін).

Әйтсе де әзірше осы мәселе барлық жерде бірдей шешілген жоқ.

— Ал еңбекшілердің жұмыс орындарына сауданы жақындату мәселелері қалай шешілуде?

— Өнеркәсіп орындары мен құрылыстарда азық-түлік товарларына заказ қабылдайтын 260-тан астам тұрақты пункт жұмыс істейді. Бесжылдықтың 3 жылы ішінде заказ бойынша товар айналымы тұтасынан 3,3 есе, ал өнеркәсіп орындарында — 4 еседен астам өсті. Сондай-ақ көптеп және күнделікті тұтынылатын товарларды сату ұйымдастырылуда.

— Сала қызметкерлері сауда қызметі сапасын жақсарту үшін қалай күресуде?

— Еңбек сайысын дамыту арқасында жұмыс сапасы артып келеді. Биыл Қостанай универмагы мен Алматы қалалық «Гастроном» конторы «Россия» магазинінің коллективтері бесжылдықтың төртінші жылының жоспары мен социалистік міндеттемесін табысты орындау жолындағы социалистік жарыс инициаторы болды.

Қарағанды, Өскемен, Қостанай, Көкшетау, Целиноград универмагтары тұтынушылардың орынды беделіне бөленді, онда тұтынушы аз уақыттың ішінде керекті товарларын алады. Республиканың осы және басқа универмагтарында товарлар «Бәрі әйелдерге арналған», «Бәрі ерлерге арналған», «Үйдегі қызметке арналған товарлар», «Спорт және туризм», «Мәдени товарлар» деген тұтыну комплекстері бойынша топталған.

Өткен жылы Қарағанды облыстық атқару комитетінің қоғамдық тамақтану басқармасы мен Алматы облыстық аяқ киім саудасы жөніндегі «Заря» көтермебөлшек сауда бірлестігінің коллективтері республикадағы жарыстың жеңімпаздары деп танылды. Олар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен наградталып, Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі республикалық Құрмет тақтасына жазылды.

---

22 июль — сауда қызметкерлері күніне.

Digitized by Google

Сала социалистік жарысының көшін бастаушылар арасында Қызылорданың асханалар мен ресторандар тресі № 3 шаруашылық есептегі асханасының аспаз-бригадирі С. Н. Бисенбаева, Никольск қалалық сауда басқармасының № 11 шаруашылық есептегі кәсіпорын меңгерушісінің орынбасары М. И. Сергеева, Қостанай қалалық өнеркәсіп тауарлары саудасы басқармасының № 6 шаруашылық есептегі магазинінің «Кеңсе тауарлары» бөлімінің меңгерушісі Р. Ф. Әлғожина және басқалар бар.

— Кәсіпорындармен байланыс кеңінен тұтынылатын тауарлар шығару сапасына қалай ықпал етуде?

— Өнеркәсіп орындарымен ұзақ мерзімді 20-дан астам келісім, 20-ға жуық достық одақ шарттары жасалды. Біздің заявкаларымыз бойынша мәдени-тұрмыстық, шаруашылық және галантерея тауарларының 500-ден астам түрін өндіру игерілді. Көптеп сұралатын, шарттық бағалар бойынша тауарлар шығару көбейді. Егер бесжылдықтың алғашқы жылында ол 4,4 миллион сом құраса, өткен жылы 33 миллион сомдай болды.

Сауда ұйымдары тауар беру міндеттемесінің сақталуын қадағалайды. Олардың сапасына айрықша талапшылдықпен қарайтын болды. Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде сауда жүйесіне түскен Сапа белгісі бар бұйымдар 202 миллион сомға жуық, «Н» индексімен — 150 миллион сомдай көбейді.

Жыл сайын тігін, трикотаж және аяқ киім бұйымдарын жаңарту 60 процентке жуық құрайды. Тұтынушылар талаптарына сай келмейтін киімдердің, аяқ киімдердің, мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы тауарлардың көптеген үлгілері қабылданбайды.

Сауда ұйымдарының заявкалары бойынша ұсақ нан-тоқаш тағамдары көптеп өндіріле бастады. Мұның өзі жыл сайын 8 мың тоннадан астам ұн үнемін береді.

— Ал қоғамдық тамақтануды ұйымдастыруды жақсарту үшін не жасалды?

— Республикада қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының қызметін күн сайын 4,5 миллион адам пайдаланады. Олардың тең жартысы — өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың еңбеккерлері, студенттер мен оқушылар. Жыл сайын 1,2 миллиардтан астам сомның өнімі өндіріледі.

Үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде қоғамдық тамақтану жүйесі 117 мың орынға өсті, ал бесжылдықтың соңына дейін ол тағы 883 мың орынға дерлік көбейеді. Кәсіпорындарды индустриалдық негізге ауыстыру жүзеге асырылуда.

Өткен жылы Өскеменде, Семейде, Шымкентте, Теміртауда өндірістік-кулинария комплекстері құрылды. Бесжылдықтың соңына дейін Қазақстанның облыс орталықтарының бәрінде осындай комплекстер құру белгіленді.

Тамақтану уақытын қысқарту мақсатында есеп айырысудың абонементтік формасын пайдаланып, ертеңгі, түскі және кешкі комплексті тамақтарды сату қолданылуда. Механикаландыру тамақтану комбинаттарының адамдарды қабылдау қабілетін 2—3 есе көбейтіп, өздері өндіретін өнімді өткізуді 50 процент молайтуға көмектесті.



«Плакат» баспасы.

Петропавлдың «Комсомолка» тігін фабрикасының, Семейдің сырт киімдік трикотаж фабрикасының, Алматының Ф. Э. Дзержинский атындағы трикотаж бірлестігінің және басқа бірқатар кәсіпорындардың жұмысшылар асханасы жақсы лебізге лайық.

— Сала қызметкерлері алдында қандай міндеттер тұр?

— Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құру мен техникалық жағынан қайта жарақтандыру, қоймалар жұмыстарын механикаландыру «Өнім беруші магазин» тұйық циклы бойынша ыдыс-жабдықтарды қолдану арқылы тауарлар жеткізудің прогрестік технологиясын енгізу жөнінен үлкен жұмыс атқаруға тура келеді.

Мамандандырылған бөлшек сауда жүйесін ұлғайту, мәселен, жер-жерде балалар магазиндерін құру, халыққа қызмет көрсетудің прогрестік басқа формаларын енгізу қажет. Жоспарлы тапсырманы орындауда әзірше орын алған артта қалушылықты жою, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Он бірінші бесжылдықта сауданы одан әрі дамыту және халыққа сауда қызметін көрсетуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы салаға қойған талаптардың бәрін жүзеге асыру керек.

Әңгімені жүргізген

А. МОЛЧАНОВА.

Digitized by Google

ОРДЕНДІ ҚАРАҒАНДЫ

Бұдан жарты ғасыр бұрын Қарағанды қырдағы шағын поселке болатын, оның айналасында киіз үйлер мен сабан жер үйлер орналасқан еді. Мұнда жалғыз ғана бір қабатты кірпіш үй болды.

Қарағандының жұмысшы табы іргелес ауыл тұрғындарының есебінен толықтырылды. Олар шахтерлер мен құрылысшыларға айналды. Олардың күшімен төрт пеші бар механикаландырылған алғашқы үлкен кірпіш заводы тұрғызылды, ол жылына 18 миллион кірпіш берді. Мұның өзі тұрғын және әкімшілік үйлерінің күрделі құрылысын бастауға мүмкіндік туғызды. Қарағанды Қазақстанның өнеркәсіптік мәні бар орталығына тез айнала бастады.

Біздің қаламызды осы күнге дейін көркейтіп тұрған алғашқы күрделі құрылыстар — Мемлекеттік банк, тау-кен техникумы және басқа да үйлер бар. Өнеркәсіп алаңы қазір облыстық атқару комитетінің үйі тұрған жерге орналасты. Құрылыс бригадаларын өз ісіне берілген, жоғары класты маман Григорий Ильясов басқарды.

Біз — жас еріктілер тобы — құрылыста еңбек еттік, бетон жұмыстары үшін арматура дайындадық. Енді қала көшелерімен келе жатып, өзіңнің комсомолдық жастығыңды еске алғанда жүрегіңді қуаныш сезімі кернейді.

Жас қаланың алдына еліміздің үшінші көмір базасына айналу міндеті қойылды. Қарағандылық кеншілер өздерінің украиндық бауырларынан көмек беруді өтінді. Олар қызу ұн қатты. Техника тиелген және еріктілер жайғасқан эшелондар осында жөнелтілді. Олардың арасында Василий Архипович Митрофаненко, Гайнулла Хайруллин және басқалар сияқты көмір қазудың атақты шеберлері болды. Барлығы 400-ге жуық адам еді. Олардың құрметіне Киров ауданындағы көшелердің біреуі Донбасс деп аталды.

Ал іле мамандар даярлау үшін өзінің оқу орындары — тау-кен техникумы, кейіннен Костенко есімімен аталған № 1 тау-кен училищесі ашылды, қазір оның базасында № 2 қалалық кәсіптік-техникалық училище жұмыс істейді.

Екінші бесжылдықтың соңында Қарағандыда 15 шахта жұмыс істеді. Донбасста практикадан өткен жас жұмысшы-қазақтар Б. Мәулетов, А. Сағынов,

БАСТАМА КӨМЕГІ

Алматы теміржолшыларының атқаратын ролі туралы айтып жату артық сияқты. Үлкен міндеттерді орындауға еңбекшілердің творчестволық бастамасы көмектесуде.

Алматы локомотив депосының коллективі бұл тұрғыдан жақсы мысал бола алады. Мәселен, тепловоз машинисі Б. Житкеевтың ай сайын үнемделген отынмен бір рет сапарға шығу туралы шақыруы жаппай қолдау тапты. Машинист Т. Өтеғұловтың «Әрбір сапарға тиімділік пен сапа» деген бастамасын Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық комитетінің бюросы мақұлдады және депо коллективінде, сондай-ақ темір жолдың басқа бөлімшелерінде қызу қолдау тапты. Қазақстан Компартиясы XV съезінің делегаты А. Баньковтың «Он бірінші бесжылдықта үнемделген отынмен он бір смена жұмыс істейік» деген бағалы еңбек бастамасы да кең серпін алды.

Қазіргі уақытта Алматы станциясының локомотив депосында 1700-ге жуық адам еңбек етеді, олардан 1260 кісі коммунистік еңбек екпіндісі құрметті атағына ие болған.

Коллективте социалистік жарыс маңызды роль атқарады. Ол селқостықты, енжарлықты жоюға көмектесуде, еңбекке коммунистік көзқарасқа тәрбиелеудің маңызды құралы ретінде қызмет атқаруда. Өткен жылдың қорытындылары бойынша 138 адам социалистік жарыс жеңімпазы атанды, олардан 22 адам «Он бірінші бесжылдық екпіндісі» белгісімен наградталды. Олардың арасында тепловоз машинисі Е. А. Симаков, мастер Т. С. Талпықов, слесарь В. А. Илларионов және басқалар бар.

Төрт комсомол-жастар колоннасынан машинист-нұсқаушы К. Кесекбаев басқаратын коллектив Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен Алматы темір жол басқармасының «Комсомол-жастар маршрутының жеңімпазы» дипломына ие болды.

Социалистік жарысты ұйымдастыруда, жаңа еңбек табыстарына жетуде рационализаторлардың қызметі аз емес. М. А. Измайлов, В. И. Коновалов, В. М. Колодин «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген рационализаторы» атағын жоғары ұстап келеді. А. В. Перевозников, В. П. Мазепа, А. В. Гощик, М. И. Аллой, А. И. Аришенков «Темір жол транспортының таңдаулы рационализаторы» белгісімен наградталды. Өткен жылы механикалық жабдықтарды жөндеу жөніндегі мастер М. А. Измайлов экономикалық тиімділігі 28.456 сомдық 30 ұсыныс, фрезерші В. И. Коновалов — 5.781 сомдық 29 ұсыныс, слесарь С. А. Қапалбеков — 5.875 сомдық 20 рационализаторлық ұсыныс енгізді. Өнертабысшылардың ізденістері тепловоздарды жөндеу процесін

Digitized by Google

Ф. Серғазин және басқалар украин кеншілерінің тәжірибесін насихаттады. Қарағанды бассейнінің шахтасында Алексей Стаханов ізбасарларының қозғалысы кеңінен өріс алды. № 1 шахтаның забойшылар бригадирі Т. Күзембаев олардың бірі болды. Стахановшы Г. Боженок алғашқы құлату машинисі болды. Кейіннен ол Горбачев атындағы шахтаны, ал Түсіп № 1 шахтаны басқарды.

Көмір қазуды механикаландыруды енгізу өндірісті және соның негізінде еңбек өнімділігін арттыру тарихында Т. Күзембаевтың бригадасы шын мәнінде орасан зор роль атқарады. Ол жылдар бойы бассейннің озық бригадасы атағына ие болып келді, ал бригадирдің өзіне Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Оның ізбасарлары: № 31 шахтада — В. Сиқымбаев, № 3—26 шахтада — М. Рақышев, № 20 шахтада — В. Кухта, Д. Вагодельщиков және басқалар көбейді.

Партиялық және шаруашылық жұмысқа туысқан Украина өкілдері: қалалық партия комитетінің секретары болып сайланған И. И. Бакимир, «Қарағандауголь» тресінің басқарушысы болып тағайындалған М. А. Костенко келді. Шахтерлер оларды қарапайымдылығы, адалдығы, көмекке әрдайым әзір тұратыны үшін қатты сыйлады.

Сонау өткен жылдарға ойша шолу жасай отырып, менің замандастарымның қалай өмір сүргенін еске аламын. Біз ол кездерде жұмыс істедік, оқыдық, ал кешке қарай жастардың ашық-жарқын дауыстары жұмысшы клубтары мен қызыл мүйістерден естілетін. Көркемөнерге жаппай қатысатын. Үгіт бригадалары құрылыс алаңдарында өнер көрсетті, частушкалардың міндетті түрде нақты адресі болатын.

Біздің бейбіт еңбегімізді соғыс үзіп жіберді. Жас қыздар шахтерлердің жұмыс киімдерін киіп, майданға кеткен әкелері мен ағаларының орнына забойға түсті. Қыздар басқаратын комсомол-жастар бригадалары дүниеге келді. № 31 шахтада Е. Цветкова, А. Пирожкова бригадир болды.

Соғыс жылдарында бассейнде үш көмір разрезі мен 30 жаңа шахта салынып, пайдаланылуға берілді. Көмірді ашық әдіспен өндіру ұлғайды. Қарағанды шахтерлері Жеңіс күнін екпінді еңбекпен жақындатты.

Қазіргі Қарағанды бейнесі адам танымастай өзгерді. 60-шы жылдардың басынан бері Қарағандыда көмір, машина жасау өнеркәсібінің, энергетиканың, тамақ индустриясының ондаған кәсіпорындарын қамтитын қуатты өндірістік комплекс құрылды. 1978 жылы қарағандылық шахтерлер кен орны

жетілдіруге бағытталған. Он бірінші бесжылдықтың төртінші жылына еңбекті көп қажет ететін процестерді механикаландыруға байланысты жаңа міндеттемелер қабылданды. Еңбек жолын енді бастаған теміржолшылар рационализаторлардың қатарын толықтыруда, олардың кәсіптік жағынан қалыптасуына жас мамандар советі көмектеседі. Комсомолецтер өткен жылы 48 мың сом экономикалық тиімділік берген 70 ұсыныс жасады.

«Халықтық инициативаны, — деді К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы февраль Пленумында, — дер кезінде көре біліп, қолдау — біздің прогресіміздің аса ұлы, былайша айтқанда, сарқылмас резерві осында».

Депода ұйымдастырылған экономикалық талдау және техникалық нормалаудың қоғамдық бюросы өнертабысшылар қозғалысының дамуына ықпал етеді. Олар техникалық жағынан негізделген ондаған нормаларды қайта қарады. Депода инженер-техник қызметкерлердің бүкіл коллективтің белсенділігін дамытудағы ролін арттыру жөнінен елеулі жұмыстар жүргізілуде. «Жұмысшы бастамасына — инженерлік қолдау» девизімен 13 творчестволық бригада жұмыс істейді. Олар экономикалық тиімділігі 310 мың сомдық 512 рационализаторлық ұсыныс берді. Коммунист А. В. Гощиктің бригадасы үлгі көрсетуде. Биыл осы коллектив өз күшімен жаңа дайындама цехына жапсарлас орын салуды жоспарлады, онда ауа салқындатқыштарды жөндейтін тасқынды желі, тоңазытқыштар секциясы және басқа да жабдықтар орнатылады, ал оларды дайындауға рационализаторлар А. А. Краев, Г. И. Тканов, В. Ф. Останков, П. Л. Безугляк, Г. И. Резников сүбелі үлес қосуда. Олардың резина құймасына арналған пресс пен металл кесетін станогы қазір іске қосылды.

Депо коллективі өз мүмкіндіктерін есептей отырып, он бірінші бесжылдықтың төртінші жылына көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады. Москвалықтардың «Еңбегіне қарай абыройы мен даңқы» деген бастамасын қолдай отырып, теміржолшылар халық шаруашылығы жүктерін тасымалдау жоспарын 30 декабрьге дейін орындап шығу, депо еңбеккерлерінің творчестволық белсенділігін дамытып, өнертабысшылық және рационализаторлық ұсыныстарды енгізе отырып, 330 мың сом мөлшерінде экономикалық тиімділік алу ұйғарылды.

Коллективте берік дәстүрге айналған еңбекке коммунистік көзқарас жолындағы қозғалысты одан әрі дамыту белгіленген міндеттерді орындауға ықпал ететін болады.

К. ҒАВДУЛЛИНА,
философия ғылымдарының кандидаты, Алматы темір жол транспорты инженерлері институтының оқытушысы.

Digitized by Google

игерілген күннен бергі миллиардыншы тонна көмір шығарды.

Қарағанды республиканың маңызды мәдениет орталығы болып табылады. Мұнда мәдениет және спорт сарайлары, екі орыс және қазақ драма театры, музыкалық комедия театры, мемлекеттік цирк жұмыс істейді. 1951 жылы Қарағандыда 24 мектеп қана болды, қазір 105 мектеп бар. Алпысыншы жылдардың орта шенінде үш жоғары оқу орны болса (педагогика, медицина, политехника), жетпісінші жылдары олардың саны алтыға жетті, оның ішінде мемлекеттік университет бар. Қалада 10 ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді.

Қарағанды шахтерлері мен барлық еңбекшілері қаланың жарты ғасырлық юбилейін үлкен өрлеумен және еңбек табыстарымен қарсы алды. Оныншы бесжылдықтың қорытындылары бойынша ол КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПСтің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен наградталды. Ал енді Қарағандының туында Еңбек Қызыл Ту ордені. Қала осы жоғары наградаға еңбекшілердің социалистік құрылыста сіңірген еңбегі, елімізді индустрияландырудағы үлкен ролі және Ұлы Отан соғысында неміс-фашист басқыншыларын талқандауды қамтамасыз етуге қосқан елеулі үлесі үшін ие болды. Мұның өзі қарағандылықтарды жаңа еңбек асуларына жігерлендіреді.

С. ДОЛГОВ,
еңбек ардагері, Ленин орденінің иегері.

Журнал почтасынан

Уақыт сынынан өткен достық

Қатты сырқат менің белсенді еңбек етуіме мүмкіндік бермейді. Дегенмен адамдарға өз пайдамды тигізуге күшім жетеді. Өзімнің барлық уақытымды еңбек және соғыс ерлері туралы материалдарды жинауға арнаймын.

Қарағандының 50 жылдығына байланысты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталуы туралы хабар осы хатты жазуыма себепші болды.

Өзімнің жазбаларымды қарап отырып, аңызға айналған сонау жылдардың оқиғаларына тоқталдым. Алғашқы бесжылдық жылдарында партия мен үкімет еліміз бойынша үшінші қуатты көмір базасын (Донбасс пен Кузбасстан кейін) Қарағандыда құру туралы шешім қабылдады. Қарағандылықтар өздерінің украин достарына былай деп жазды: «Бізге сіздердің тәжірибеңіз, сіздердің көмектеріңіз қажет», Донбасстың шахтерлері бұл шақыруға қызу үн қосты. 380 ерікті (солардың ішінде мен де бар едім) Қарағанды кеншілеріне көмекке баруға тілек білдірді.

Ұлы Октябрьдің 14 жылдығында достық поезы Қазақстанға аттанды. Ондаған жылдар өтті, қазір қазақстандық және украиналық шахтерлер КПСС XXVI съезінің шешімдерін мерзімінен бұрын орындау үшін жарысуда . Осыдан көп жыл бұрынғыдай, Донбасс пен Қарағанды кеншілерінің бір-бірінен үйренуі, ал озық тәжірибенің олардың ортақ игілігіне айналуы мені, еңбек ардагерін өте қуантады.

«Қазахфильм» студиясында екі республика шахтерлерінің байланыстары туралы деректі лентаның шығарылуын білу қуанышты болды. Онда еңбек ардагерлерінің, сондай-ақ Украинадан Қазақстанға келген адамдардың да естеліктеріне айрықша орын берілген, сол жылдардың суреттері пайдаланылған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарағанды қаласының әйелдері Донбасстан келген жетім балаларды өз қамқорлықтарына алды.

Кинолентада Қарағанды шахтерлерінің бүгінгі күні де бейнеленген, олардың украиналық әріптестерімен нығая түскен байланысы көрсетілген. Фильм советтік республикалардың достығы мен туысқандығы тарихының жарқын беттерінің бірін халық зердесінде сақтауға көмектеседі.

П. АГЕШИН,
еңбек және соғыс ардагері.

ТОЛЫҚ ҚАЙТАРЫММЕН

Ленин атындағы совхоздың кітапханашысы Дағира Мірғалиеваның күнде ертемен фермаға асығыс бара жатқанын көресің. Ол жаңа кітаптар әкеледі. Үгітшілердің социалистік жарыс бюллетенін, жауынгерлік листокты безендіруіне көмектеседі. Сауыншылармен әңгімелеседі.

Үгіт-бұқаралық жұмыста көп нәрсенің активистің өзіне байланысты екенін Дағира түсінеді. Сондықтан да ол коллективтің барлық ісінің ортасында жүруге, еліміздегі және шетелдегі барлық оқиғалардан хабардар болуға тырысады. Бұл істе партиялық ағарту жүйесіндегі оқуы да көмектеседі.

Басқа үгітшілер де: ферма меңгерушісі Т. Естілеуов, мал дәрігерлік техник У. Жаманқұлов, зоотехник М. Мұратов өз жұмыстарында белсенділік көрсетеді. Олардың көмегі арқылы совхоздың үгіт бригадасы фермаға жиі қонаққа келетін болды.

Малшылар үстіміздегі жылы өнім дайындауды бес процент ұлғайтуды ұйғара отырып, жоғары социалистік міндеттеме қабылдады.

Е. ҚҰРМАНБЕКОВ.
Қобда ауданы.

Digitized by Google



ДОСТЫҚТЫҢ ЖЕҢІЛМЕС КҮШІ

Біздің көп ұлтты еліміздің еңбекшілері, барлық совет адамдары Советтік Украина территориясының неміс-фашист басқыншыларынан азат етілуінің 40 жылдығын жарқын мереке ретінде атап өтуде. Демек бұл жеңіс — совет адамдарының майдандағы және жаудың тылындағы ерлік күресінің нәтижесі ғой.

Сол кезде совет халқы өзінің топтасқандығы мен моральдық-саяси бірлігін көрсетті. Оның күш-жігері мен инициативасы халықтардың мызғымас достығына сүйенді. «Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында, — деп атап көрсетілді КПСС Орталық Комитетінің «Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылуының 60 жылдығы туралы» қаулысында — туысқан халықтар иін тіресіріп Отанды қорғады, жаппай ерлік пен жеңіске ұмтылған жалынды жігер көрсетті, фашист басқыншыларын талқандап, дүние жүзінің халықтарын құлдық пен апаттан құтқарып қалды».

Ұлы Отан соғысында орасан зор ерліктері үшін батыр қала жоғары атағына ие болған қалалар арасында көне, ерлікке толы тамаша Киев те болды.

Украина астанасы фашистердің тепкісінде азапты 778 күндерді басынан өткерді. Оккупанттар басып алған, бірақ бас имеген қала осы қиыншылық кезінде жауға қарсы ерлік күрес жүргізді. 1943 жылдың 5 ноябрі күні кешке қарай шайқастар тікелей соның көшелерінде болды. Мұнда совет бөлімшелерімен иық тіресе отырып, полковник Л. Свобода басқарған Чехословакияның 1-ші дербес бригадасы ортақ жаумен күресті. 1943 жылдың 6 ноябрі күнгі түнде Украина астанасында бостандықтың Қызыл туы желбіреді. 1-ші Украин майданының жауынгерлері Отан аманатын ерлікпен орындап шықты — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 26 жылдығы қарсаңында еліміздің маңызды саяси, әкімшілік, өнеркәсіп және мәдениет орталығы азат етілді.

Киев үшін шайқастарда көп ұлтты Отанымыздың барлық халықтарының ұл-қыздары батылдық пен ерлік көрсетті. І-ші Украин майданының Совет Одағының Батыры атағына ие болған 700 жауынгері арасында 33 ұлттың өкілі болды. Даңқты жауынгерлер: орыс Н. Петухов, белорус В. Алексеенко, қазақ Ә. Досухамбетов, грузин Г. Бердашвили, башқұрт М. Ахмедов және Совет Одағы туысқан халықтарының басқа да көптеген өкілдерінің есімдері украин халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

Украина территориясын толық азат ету төрт Украин майданының жауынгерлеріне, Азов әскери флотилиясына, дербес Приморье армиясына, Қара теңіз флотына жүктелді. Жауды талқандауда партизандар мен астыртын жұмыс жүргізушілер маңызды роль атқарды. Республика территориясында 23 астыртын облыстық, 685 қалалық және аудандық партия комитеті, мыңдаған партия ұйымдары құрылды. Астыртын облыстық партия комитеттерінің секретарьлары: Ворошиловоградтың—И. Яковенко, Днепропетровскінің—Н. Сташков, Житомирдің—Г. Шелушков, Кировоградтың — П. Василина, Полтаваның — С. Кондратенко және басқалар ерлікпен қаза тапты. Краснодон қаласында іс-әрекет жасаған «Жас гвардия» астыртын комсомол ұйымына қатысушылардың ерлігі аңызға айналды. Украинаның көптеген облыстарының комсомол ұйымдары фашистерге қарсы күрес тарихына жарқын беттер қосты.

Атақты командирлер С. Ковпак, Д. Медведев, М. Наумов, Н. Попудренко, А. Сабуров, А. Федоров және басқалар бастаған партизандар жауға қуатты соққы беріп отырды. Отанымыз өз ұлдары мен қыздарының даңқты ерлігін жоғары бағалады — 95 партизан мен астыртын жұмыс жүргізуші Совет Одағының Батыры атағына, ал С. Ковпак пен А. Федоров осы атаққа екі мәрте ие болды.

Партизандардың Қызыл Армия жауынгерлеріне көрсеткен көмегін атап көрсете отырып, І-ші Украин майданының қолбасшысы, генерал М. Ф. Ватутин 1944 жылдың февралында былай деп жазды: «Біз партизан отрядтары Овруч үшін тамаша жүргізген шайқасты, біздің жауынгерлермен өзара әрекет жасай отырып, Ровно мен Луцк сияқты және басқа да ірі қалаларды азат ету жолындағы шайқасты қуанышпен және мақтанышпен атап өтеміз».

1944 жылдың көктемінде совет жауынгерлері Оң жағалаудағы Украинаны фашистерден тазартып, гитлершілерді Қырымнан қуып шықты. Соғыс шежіресіне жаңа ерлік беттері жазылды. Николаев үшін шайқастарда 68

Украинаның неміс-фашист басқыншыларынан толық азат етілуінің 40 жылдығына.

Digitized by Google

десантшы Совет Одағының Батыры жоғары атағына ие болды. Олардың арасында көптеген ұлт өкілдері — орыстар М. Коновалов пен П. Артемьев, украиндар В. Кипенко мен Г. Ковтун, белорус А. Лютный, татар А. Абдулмеджидов, азербайжан А. Мамедов, қырғыз А. Хайрутдинов т. б. болды.

Украин ССР территориясын жаудан толық азат ету 1944 жылдың күзінде Карпатта совет жауынгерлерінің шабуылымен байланысты болды.

Совет Қарулы Күштерінің ұлы ерлігі — республика территориясында аса ірі операцияларға жетекшілік еткен Г. Жуков, Н. Ватутин, А. Василевский, И. Конев, Р. Малиновский, К. Москаленко, К. Рокоссовский және басқалардың қолбасшылық өнерінің жарқын дәлелі.

Сол күндерде Қазақстанда құрылған 72-ші және 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының жолы фашистік басқыншыларға қарсы қаһармандық ерлікпен атап өтілді. Жоғары атаққа ие болған 4 мыңға жуық Совет Одағы Батырларының арасында 43 ұлттың өкілі болды.

Советтік Украина үшін шайқаста біздің социалистік Отанымыздың барлық халықтары достығының мызғымас күші жан-жақты ашылды. Енді қазір Украин ССР-ін фашистік оккупанттардан азат етудің 40 жылдығы жылында Украина еңбекшілері қаһарлы сын жылдары көмекке келген барлық туысқан халықтарға жалынды алғыс сөздерін білдіреді.

С. БАКАЛЕЙКО,
тарих ғылымдарының кандидаты.

ХАЛЫҚ ЕРЛІГІ МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

(Цифрлар мен фактілер)

1942 ЖЫЛ

4 январь. Совет информациялық бюросы Сокольный руднигінде А. Давыдченконың бұрғышы кәсібін меңгеріп, сменасына екі нормадан орындайтынын хабарлады. Рудникте майданға кеткен күйеуін алмастырған үй шаруасындағы әйел Слепова күрделі машиналарды басқарып, сменалық тапсырманы 200 процент орындады.

8 январь. Совет информациялық бюросы Қарағандыдағы № 26 шахта коллективінің көмірдің өзіндік құнын кемітіп, 458 мың сом үнемдегенін хабарлады.

14 январь. Совет информациялық бюросы Қарағанды облысында соғыс кезінде өндіріске 300 әйел мен қыздың келгенін хабарлады. Олардан 217 адам трактор мен комбайнды, 130 кісі слесарь кәсібін меңгерді. 30 қыз қопару машиналары машинистері, 42-і тұтандырушы болуға даярлануда. Қоңырат руднигінде Мария Кудля токарь кәсібін меңгеріп, сменасына 5 нормадан 9 нормаға дейін орындайды.

21—24 январь. Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің VI пленумы болды, ол бүкіл жұмысты әскери жағдайға қайта құру барысы, көктемгі егіске әзірлік және оны өткізу туралы және басқа да мәселелерді талқылады.

23 январь. Кенді Алтайда «мыңыншылар» қозғалысы барынша дамытылды. Жұмысшылар мен инженерлердің коллективтік творчествосы кен жыныстарын қазуда дүние жүзілік рекордтардың бастамасын қалады. «Правда» Лениногор руднигінің бұрғышысы Г. Хайдиннің бір сменада норманы 2300 процент, Сокольный руднигінің бұрғышысы С. Худяковтың сменалық нормасын 3475 процент орындағаны туралы хабар жариялады.

30 январь. Совет информациялық бюросы Сокольный руднигінің бұрғышысы Дмитрий Овчаруктың бір сменада нормасын 3130 процент орындағанын хабарлады.


1 февраль. «Казахстанская правда» Лениногор руднигінің жас бұрғышысы Виктор Лобановтың көп перфораторлы бұрғылауды қолданып, 137 текше метр руданы құлатқанын және тапсырманы 2453 процент орындағанын хабарлады. Ал 30 январьға қараған түнде бұрғышы Николай Добродеев бір сменада 206 текше метр руда құлатып, нормасын 3780 процент орындады. Совет информациялық бюросы да 4 февральда Антонина Казакованың нормасын 2780 процент, ал Анна Давыдченконың 2400 процент орындағанын қосып, осы жайында хабарлады.

6 февраль. СССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қазақстан мұнай өнеркәсібі еңбеккерлерінің үлкен тобын үкіметтің мұнай өндіруді ұлғайту, қорғаныстық мұнай өнімдері мен қару-жарақ шығару жөніндегі тапсырмасын үлгілі орындағаны үшін наградтады. Наградталғандардың арасында мұнай өндіру мастерлері мен операторлары Низен Бермағанбетов (Мақат кәсіпшілігі), Балғаным Досбаева (Байшонас кәсіпшілігі), Әбіл Оразов (Ескене кәсіпшілігі), Нұржан Досмағанбетов (Қосшағыл кәсіпшілігі) және басқалар болды.

11 февраль. Совет информациялық бюросы Батыс Қазақстан облысының Приурал ауданында соғыс күндерінде 209 әйелдің трактор жүргізуді үйреніп, тракторшы мамандығын алғандығын хабарлады. Трактортшылар курсында тағы 231 әйел оқып жүр.

(Жалғасы. Басы журналдың 7, 11 сандарында).

Digitized by Google



Мәдениет пен мораль мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

ОНЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК ЫҚПАЛЫ

Дискотека жастардың демалыс кештерінің жаңа, қазіргі заманғы вариантын бейнелейді. Ол эстрадаға, киноға, музыкаға, театрға бейімделген ойын-сауықтарға, «көгілдір алауға», көңілділер мен тапқырлар клубына... тән элементтерді қабыстырады. Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлеріне арналған методикалық құралда олардың қызметі былай деп анықталады: «Дискотека халықтың демалысын ұйымдастыру, көркемөнер творчествосын дамыту, музыкаға деген рухани қажеттерді, құштарлықты қанағаттандыру формасы болып табылады. Оның қызметі келушілердің мәдени дәрежесін арттыруға, көркемдік талғамға, би және музыка мәдениетіне тәрбиелеуге, мазмұнды демалысты ұйымдастыруға ықпал етуге тиіс». Бұл жерде «қайсыбір дискотеканың ең алдымен өзінде танымдық бөлім бар екені» атап көрсетіледі.

Алайда дискотекалардың көпшілігінде жас адамдардың бір-бірімен араласу мүмкіндіктері әзірше жоқ: музыканың шамадан тыс жаңғырығы олардың сөзін естіртпейді . Ғалымдар, дәрігерлер, социологтар «шамадан тыс шудың зияны өбден мүмкін екенін» (академик Преображенский) ескерте отырып, бұл туралы жиі жазады. Аса қуатты дыбыс аппаратураларына әуестенушілік, мысалы, Жезқазғандағы дискотекалардың көпшілігіне тән. Бұл қалалық конкурста да аталды. Өз программаларын жюри талқысына ұсынған сегіз коллективтің бәрінің программалары олардың жақсы талғамды қалыптастырмайтынын, жастарға музыкалық білім бермейтінін көрсетті. Олар әртүрлі музыкалық топтар мен әншілер туралы болмашы хабар ғана береді.

Дистотеканың идеялық мазмұны, оған білікті басшылық жасау туралы мәселе өткір қойылып отыр. Істің мәні мынада: оларда шынайы мерекені сезіне алатындай көркемдік дәрежесі жоғары музыка барлық кезде бірдей шырқалмайды. Дискотека қораптарында адамның рухани дүниесін жұтатуға бағытталған буржуазиялық поп-музыканың арзанқол дүниелері жиі кездесіп қалады. Бұл көркемдік сапасы төмен заттар ең алдымен эстетикалық талғамы қалыптаса қоймаған адамдарға теріс ықпал етеді, тіпті адамның өзі үшін музыкалық классиканың ұлы шығармаларының сырына бойламаған, осы шығармалар арқылы оған эстетикалық парықсыздық вирустарына қарсы «күшті вакцина» егілмеген кезеңге дейін өте қауіпті.

«Идеялық тайталас ымырасыз жүргізіліп отырған қазіргі дәуірде, — деді Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумында, — идеологиялық жұмыстағы әрбір ағаттықты, кез-келген «қуысты» адамдардың, ең алдымен жастардың ақыл-ойы мен көңіл-күйіне ықпал етуде барған сайын небір құйтырқы әдістер қолданып отырған дұшпандарымыздың пайдаланып кетуі мүмкін.

Жастардың көңілді жеңіл музыка мен билерге құштарлығы, деп атап көрсетеді Д. Кабалевский, «одан проблема туғызу жастардың өзін проблемаға айналдырумен бірдей екені» әбден табиғи жағдай.

Жасөспірімдердің шынайы қанағат сезіміне бөленуге қабілетті, шын мәнінде қызықты ырғақты эстрадалық әндерге әуестігі де табиғи нәрсе. Леонид Утесов, Пит Сигер, Джо Дассен, Андриано Челентано, Джани Моранди, Дин Рид, Карел Готт, Ковач, Мирей Матье, Алла Пугачева, София Ротару репертуарындағы таңдаулы әндерді еске алудың өзі жеткілікті.

Қырсық әдемі ырғақтарға әуестенуде ғана емес, ең алдымен жүрдім-бардым ұйымдастырылған дискотека салдарынан жастар арасына буржуазиялық музыка индустриясының парықсыздығының, әдепсіздігінің өту мүмкіндігінде. Өйткені жастар «диск» пен «битлзге» ғана әуестенбейді, ол халық әндеріне де мықтап көңіл аударады. Жанна Бичевскаяның Алматыдағы концерттерінің табысты өтуі осыны тағы да құптайды.

Совет композиторларының шығармалары, ішінара айтқанда, Қазақстан композиторлары Е. Рахмадиевтің, Ғ. Жұбановаңың, Н. Тілендиевтің, М. Сағатовтың, К. Дүйсекеевтің, В. Львовскийдің, Т. Қажығалиевтің, Е. Хасанғалиевтің, Ә. Бейсеуовтың және басқалардың әндері зор ықыласпен қабылданады. Жастармен әңгімелерде Алматының «Арай», Москваның «Автограф», Риганың «Зодиак» және басқа да советтік вокальды-аспаптар ансамбльдері олардың күшті, өскелең ықыласын туғызатыны көрінеді. Орындаушылардан Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, Ақжол Мейірбеков кеңінен танымал.

Дегенмен отандық жастар әндері дискотека программаларында неліктен сирек шырқалады. Совет әндері 66 жыл бойы біздің өмірімізді, совет адамын толғандыратын әртүрлі құбылыстарды бейнелеп келеді. Дәстүрлерге адалдығы, бүгінгі күннің тынысын әрдайым сезі-

Digitized by Google

нетіні үшін оны бүкіл дүние жүзінде ұнатады. Әйтсе де совет композиторлары туралы қарапайым да қызықты әңгімені дискотекаларда тым сирек естисіз, — тек тақырыптық программа конкурстарында ғана айтылады. Ал олардың адамның жан-дүниесін тебірентетін әуенді таңдаулы әндері қайырымдылыққа үйретеді және белгілі бір мағынада адамның ішкі дүниесін, адамгершілік бастауын қалыптастырады.

Шебер ұйымдастырылған дискотекалар жасөспірімдердің музыкада өздері үшін әлі ашпаған жайлар туралы ойлануына, таңдаулы совет және шетел вокальды-аспапты ансамбльдерімен, аңғұрлым дарынды орындаушылармен жақын танысуына көмектесе алады. Және ең бастысы — дискотекалар келушілердің назарын мода ағымына емес, нағыз мазмұнды өнермен бауырауға міндетті. Бұл жерде музыкалық тәрбие берудің, оның іргетасының негізі болып табылатын классика, елеулі музыка мен фольклор туралы сөз болып отыр.

«Дискотекалар — филармония емес! Мұнда симфония тыңдау үшін емес, көңіл көтеріп, би билеу үшін келеді!» деген наразылық айтылуы мүмкін. Дұрыс, бірақ көптеген адамдар филармонияға, консерваторияға және опера театрына бара бермейді, ал бұл үшін дискотека мүмкіндіктерін пайдалана отырып, біз бұқаралық аудиторияны үлкен, маңызды өнермен бауырауға міндеттіміз. Бұл тұрғыдан Қазақстан композиторлары да көп жұмыс атқара алады.

Қазақ эстрадасына батыс үлгісіндегі тұрпайы «музыкалық консервтерге» қарсы қоюға болатын жаңа, сапалы, алуан түрлі репертуар қажет. Біздің республикада бұқаралық жанрларға әзірше аз көңіл бөлінеді. Мазмұны әуенді увертюралар, поэмалар, би сюиталары, попурри, фантазиялар т. б. өте жеткіліксіз мөлшерде шығарылады. Осы музыкалардың бәрі мазмұнды симфониялық және опера өнерін қабылдауға арқау болар еді.

Демалыс пен билерге бағытталған дискотекаларда терең мазмұнды музыка жоқ емес. Істің мәні, ой-өрісті кеңейту мен көңіл көтеру тұрғысынан оны жоспарлай білуде.

Таңдаулы дискотекалардың кеңінен танымал болуының сыры мынада: олар қызықты кездесулер клубтарына айналып, келушілерге модалы дискілер әуенімен «сілесі қатқанша билеуді» емес, слайдтарды, әуесқойлық фильмдерді көрсетумен, ғалымдардың, ақындардың, артистердің әңгімелерімен ұштасатын алуан түрлі мазмұнды программаларды ұсынады. Қостанай облысы Боровской аудандық мәдениет үйінің «Уақыт ырғағы» дискотекасы өз программаларын: тақырыптық, танымдық және ойын-сауық деген үш бағыт бойынша әзірлейді. Біріншісі туралы ерекше айтуға болады. Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдығы құрметіне «Тең праволы республикалар аясында» программасы әзірленді. Ол аудандық насихаттышылық шеберлік мектебінің тыңдаушыларына, жас сайлаушыларға, мектептердің комсомол активіне, № 45 селолық кәсіптік-техникалық училище оқушыларына көрсетілді.

СССР-дің құрылуының 60 жылдығына арналған «Мұндай басқа елді білмеймін» деген программада туысқан республикалардың «Россияның асқақ әуені», «Балтика жағалауынан келген қонақтар», «Киев — Минск, Кишинев — Қостанай достық поезы» әндері шырқалды.

Тақырыптық программаларда аудан өмірінен алынған фактілер көрініс табады. Мысалы, өткен орақ науқаны кезінде дискотекада «Ауданның егістіктерінде» рубрикасы жүргізілді, социалистік жарыс барысы туралы хабарлар берілді, озаттар аталды. Өткен жылы «Уақыт ырғағы» дискотекасының программаларын ауданның 9 мың еңбеккері тамашалады.

Оралдың «Омега» заводының Александр Чернявский басқаратын «Бригантина» дискотекасының көермендер аудиториясы өте көп.

Оның «Айналадағы ортаны қорғау», «Композитор Александр Зацепин», «Соғыс жылдарының әндері» сияқты танымдық программалары өте қызықты өтеді.

Дискотека кәсіпорынның комсомол комитетімен және кітапханасымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Слайдтар, хроникалды-деректі фильмдер пайдаланылады. Дискотека репертуарында көерменлердің түрлі топтарына арналған 20-дан астам программа бар. «Бригантина» өндіріс озаттары, социалистік жарыс жеңімпаздары үшін концерт қояды. Дискотеканы ұйымдастырушылардың өздері табысты еңбек ететінін, кәсіптік шеберлік конкурстарына, жастардың «Әкелер даңқы жолымен» Бүкілодақтық жорығына қатысатынын атап өткен жөн.

Алматыда В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтының, темір жолшылардың, үй құрылысы комбинатының мәдениет үйлерінің және басқалардың дискотекалары анағұрлым маңызды және алуан түрлі жұмыс істейді.

Павлодар темір жолшылары мәдениет үйінің «Дорога» дискотекасы «Грампластинкалар балымен» ашылды. Ең алдымен оны жүргізуші — вагон депосының токарі К. Кузюр дискілердің құрылу тарихы туралы әңгімеледі. Содан кейін «Силуэт» фабрикасының жұмысшысы П. Қаурова басқаратын көркемөнерпаздар ансамблі — «Мода-ритм» театры өнер көрсетті. Қорытынды бөлімінде бәрі қазіргі заманғы әзілді би билеуді үйренді. Дискоклубты құрамына аудандық кәсіподақ, комсомол комитеттерінің өкілдері мен мәдениет үйінің қызметкерлері кіретін совет басқарады.

Музыкалық ойын-сауықтарды көрсететін Алматының «Теміржолшылар»

Digitized by Google

Методикалық шеберлік мектебі



ҚАРСЫ НАСИХАТ ПӘРМЕНДІЛІГІ

КПСС XXVI съезі біздің насихатымыздың ғылыми жағынан негізделуін, оның пәрмеңділігін, оперативтілігі мен тартымдылығын арттыру, қазіргі заманғы империализм идеологиясы мен саясатының адамгершілікке жат мәнін терең және тиянақты түрде ашу міндетін қойды. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумы қарсы насихаттың жақсы ойластырылған бірыңғай жүйесін құру қажеттігіне назар аударды. Осының бәрі еңбекшілерге саяси тәрбие берудің түрлі формалары мен бағыттарының идеологиялық, таптық сипатын күшейтуге бағытады. Қазір әрбір үгітші, саяси хабаршы және насихатшы өздерінің әңгімелері мен лекцияларын олардың айрықша қарсы насихат өткірлігіне мән бере отырып құрады.

Партия қазіргі кезеңде осы мәселеге неліктен сонша үлкен мән береді? Өйткені Советтер елі дүниеге келгенінен-ақ социалистік идеология буржуазиялық идеологиямен үнемі күресіп келеді. Бұл жерде оның бірнеше себептері бар. Оның бастыларын атайық. Бұл — идеологиялық күрестің «психологиялық соғысқа» ұласуы, империализм тұрғысынан оның мақсаты — социализмді қоғамдық-саяси система ретінде жою. Бұл—өмірдің барлық саласын қамтыған капитализмнің жалпы дағдарысы, антагонистік қоғамдағы тап күресінің күшеюі. Бұл бір жағынан империализмнің, ең алдымен Америка Құрама Штаттарының агрессиялық мәні, олардың және НАТО блогының халықаралық шиеленісті ушықтыруы, әскери жанжалдар ошақтарын өршіту, екінші жағынан насихаттың көмегімен Батыстың өмір салтын, қанаушылық пен әлеуметтік теңсіздікті, нәсілдік кемсітушілікті өзінің халқын және басқа халықтарды, қанау мен зорлық-зомбылық жасауды, жанталаса қаруландыруды уағыздайтын реакциялық буржуазиялық идеяларды таратуға белсенді түрде ұмтылу.

Осы жағдайлардың бәрі біздің бүкіл қарсы насихат жұмысымыздың дәрежесін арттыру қажеттігін талап етеді.

Біздің қоғамдағы қарсы насихаттың мақсаты — адамдарды табанды идеологиялық иммунитетке, ақиқатқа буржуазиялық көзқараспен қарауға таптық ымырасыздық сезіміне тәрбиелеу, қалың халық бұқарасының өмірінде жоғары саяси және еңбек белсенділігін орнықтыру.

Қарсы насихаттың өршілдік, дәйектілік және ымырасыздық сияқты осындай жетекші методологиялық принциптерін кезінде В. И. Ленин анықтаған еді. Ашықтан-ашық әшкерелеу буржуазияны «сөзден ұстау» міндетін қоя отырып, ол осыны нақты жағдай мен тарихи сәттердің ерекшеліктерін ескеріп, абайлап, білгірлікпен істеуге үйретті.

Қарсы насихатты әдетте, алдын алу және әшкерелеу аспектілері ерекше-

---

мәдениет үйі дискоклубының өз қолтаңбасы бар.

Таңдаулы дискотекалардың тәжірибесі олардың табыстарының төрттен үш бөлігі би программасын ғана жүргізіп қоймай, музыка әлемі мен демалушы жас адамдар арасындағы байланыстырушы буын, төреші болып табылатын дискотеканы жүргізушінің таланты мен шеберлігіне байланысты екенін көрсетіп отыр.

Өкінішке орай, оны жүргізушілердің көпшілігі қайсыбір шетелдік вокальды-аспапты ансамбльдердің құрамын ғана жариялайды, ең жақсы дегенде дискінің конвертінде жазылғанды қайталап айтып шығады. Оның салдарынан музықаға жол табудың жеңіл тұтынушылық варианты пайда болды. Көрермендер қайсыбір ансамбль творчествосымен үстірт танысады, қойылған шығарманы талқылау, бір топты екіншісімен салыстыра білу, әуенді-ырғақты структурадан, үйлесімді және тембрлі тілден жаңа лепті есту, әннің текстік және музыкалық-көркемдік бөлігін салыстыра білу дағдыларын үйрене алмайды.

Екі жақты байланыс (жүргізуші — зал), келушілерге арналған бейнелі, тауып айтылған сөз, суырып салып айту және күтпеген ілікпе сөздерге тез жауап қайтару — осының бәрі қатысушыларды селқостықтан серпілтіп, өздерін еркін және ашық-жарқын ұстауына мүмкіндік туғызады.

Ең алдымен кешті жастар ортасының жетекшісі болу үшін дискотеканы жүргізушінің өте көп нәрсені білуі қажет. Бұл істе методикалық әдебиет, ішінара айтқанда, ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Жастар эстрадасы» деген репертуарлық жинағы, онда «Дистотеканы ұйымдастырушыларға көмек» рубрикасы ашылған, «Клуб и художественная самодеятельность» журналы көмекші болуға тиіс. Дискотекалардың табысы жүргізушінің кәсіптік даярлығы мен мәдениетіне көбірек тәуелді. Шебер басшылық ету нәтижесінде олар жастарға идеялық және эстетикалық тәрбие беру ісіне үлкен пайдасын тигізе алады.

А. КЕЛЬБЕРГ,
музыка зерттеуші, СССР Композиторлар одағының мүшесі.

Digitized by Google

лендіреді. Коммунистік нанымды, саяси қырағылықты, жат көзқарастарға ымырасыздықты қалыптастыру алдын алудың негізгі мазмұны болып табылады. Өшпенді идеологиямен күрес көп жақты. Совет адамы адамзат тарихындағы жаңа қоғамды орнықтыра отырып, оған өзінің еңбегі, өзінің барлық істері арқылы қатысады.

Алдын алушы қарсы насихат жүйесіне социалистік өмір салтының артықшылықтарын көрсету кіреді. Онсыз бүгінде бірде-бір өңгімені немесе лекцияны құруға болмайды .

Алдын алушы қарсы насихат өткеннің сарқыншақтарымен күрестен ажыратылмайды. Социалистік сана-сезімді орнықтыру ұсақ буржуазиялық психологияның қайталануымен табанды тайталас үстінде өтеді. Міне, сондықтан да ұрлық, алыпсатарлық, парақорлық, біздің құрылыстың гуманизміне жат паразиттік тіршіліктің әртүрі сияқты құбылыстарға төзімсіздік жағдайын жасау маңызды. «Олармен күресте бұқараның белсенділігіне, заңның бұлтартпас күшіне дәйекті түрде сүйену, жеке адамның парасатты қажетін, мүдделерін қалыптастыру жөнінде нысаналы жұмыс жүргізу қажет» — КПСС Орталық Комитетінің 1982 жылғы июнь Пленумының материалдарында атап көрсетілгендей, алдын алу насихатының негізгі элементтері осындай.

Буржуазиялық идеологияның негізгі міндеті: капиталистік системаны қорғай отырып, социализм мен коммунизмнің беделін түсіруге әрекеттену. Міне, сондықтан да негізсіз және күні өткен идеяларды сынау, түрлі бейнедегі антикоммунистік залымдық әрекеттер мен психологиялық зиянкестіктерді объективті түрде талдау, империалистік насихат пен оның арнаулы қызметтерінің зұлымдық әдістері мен тәсілдерін көрсету алдын алушы қарсы насихаттың басты мазмұны болуға тиіс. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды бұқпантайлап бұзу, тезисті алмастыру, біздің кемшіліктеріміз бен қиындықтарымызды драмалық етіп көрсету, жалған тұжырымдар, логикалық бұрмалау, империализмнің кеселдері мен қылмыстарын социалистік қоғамға жабу, беделді сілтемелерге сүйеніп, айғақты заттарды аударыстыру т. б. олардың бастылары болып табылады.

Мәселен, социалистік елдерде адам праволары бұзылуда-мыс деген әртүрлі өсектерді ойдан шығара отырып, буржуазиялық идеологтар Вашингтон басшыларының өз елінде адам правосына қалай қысым жасайтыны, Оңтүстік Африкадағы апартеид режимін желепжебеп, бүкіл дүние жүзіндегі аса реакцияшыл диктатураларды қолдайтыны туралы үндемейтіні кездейсоқ емес. Адамның еңбек ету, тұрғын үй, білім алу, денсаулық сақтау сияқты негізгі әлеуметтік-экономикалық праволары туралы маңызды әңгімені олар диссиденттер тобы туралы даурығумен алмастырады. Біз елімізде атеистік жұмысты жетілдіру қажеттілігі туралы айтсақ, ал батыстың «радио үндері» бізді «дінге сенушілерді қудалайды» деп айыптайды. КПСС Орталық Комитетінің мектеп реформасы туралы жобасын талқылау шын мәнінде бүкілхалықтық қолдау тапты, онда еңбек тәрбиесіне үлкен мән беріледі, ал буржуазиялық насихат оқушылардың жалпы мәдениетін дамытуға залал келтірілген қайсыбір еңбек ету міндетшілігін енгізді деген пайымдаулардан жалығар емес. Жергілікті баспасөзде жарияланған мал аусылының пайда болуы туралы хабар АҚШ мемлекеттік департаментінің дәрежесінде Уралда дайындалатын бактериологиялық қарудың ақаулығы туралы зұлымдық өтірікке арқау болды. Оның мақсаты не? Жұртшылықты «советтік қатермен» үрейлендіріп, қарулануға жаңа қаржылар талап ету, өздерінің бактериологиялық қару өндірісін күшейту.

«Лениншіл жас» газетінде жарияланған көл-көсір үйлену тойы туралы сын мақаладан және «Қазақ әдебиетіндегі» алкоголизмдердің залалы туралы корреспонденциядан «Свобода» радиостанциясы «ұлттық дәстүрлерден арылу және қазақ жастарының спирттік ішімдіктерге бойы ұруы туралы» қорытынды жасады. Біздің республикада болып қайтқан Англияның Рейтер агенттігінің тілшісі Марк Вуд Москва «олардың патшалық ізашарлары сияқты отарлау және орыстандыру саясатын» жүргізіп отыр-мыс деп жазды. Бұл тұжырым қандай негізде жасалды? Сөйтсек, қазақтар европалық костюм киеді, киіз үйлерде тұрмайды және түйемен көшпейді, ал жергілікті музыкалық және көркем дәстүрлер музейлер мен мемлекеттік халық театрларында ғана сақталады екен. «Свобода» радиостанциясы Алматыда миллионыншы тұрғынның тууы туралы хабарға ашу-ызалы түсінік берді.

Бұқаралық информация құралдары насихат пен қарсы насихатты таратудың басты жолы болып табылады. Біздің кезімізді «информациялық дүмпу» дәуірі деп атау кездейсоқ емес.

80-ге жуық ел шетелдік аудиторияға радио хабарын таратады. Информацияны халықаралық дәрежеде таратумен телеграф агенттіктері айналысады, осыған арналған басылым тираждары көптеген миллиондармен есептеледі.

Қазіргі жағдайда реакцияшыл сыртқы саяси бағытты жүзеге асыруда капиталистік барлаудың ролі күрт артып отыр. АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы ғана СССР-ге және социалистік достық одақтың басқа елдеріне қарсы шпиондық және зиянкестік қызметке жылына 2,5 миллиард доллардан астам қаржы жұмсайды. Қарсыластар СССР территориясына идеологиялық тұрғыдан зиянды, антисоветтік әдебиеттерді жеткізудің тұрақты каналдарын жолға қою үшін қыруар күш-жігер жұмсайды.

Батыс елдерінің бізге қарсы жүргізіп отырған зиянкестік идеологиялық жұмысының ауқымы өсіп келеді.

Digitized by Google

АСЫЛ МҰРА, БАЙ ҚАЗЫНА

Адам баласының асыл ойларын заманнан заманға тоздырмай, жоғалтпай, көздің қарашығындай аялап, сақтап келе жатқан сандығы — сөз. Мұхтар Әуезов «Әлемде сөзден күшті не бар екен», — деп көзінде тебіреніп жазған болатын. Көз жеткізбегенді сөзбен жеткізуге болады. Жақсы мен жаманның, есті мен есердің айырмасы сөзінен танылады. Піл көтере алмаған салмақты тіл көтеріп тұрады. Тіл қылыштан да өткір. Оқ жарасы жазылғанмен, сөз жарасы жазылмайды. Еттен өткен таяқтан, сүйектен өткен сөз жаман. Қанарлы сөз қамал бұзады. Сөзден жарқылдап от та шығады, бірақ оқ та сөзге тоқтайды. Қол бастаудан сөз бастау қиын. Сөздің басы бір пышақ, аяғы бір құшақ. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды. Жарым сөзге жарты әлемнің тағдыры сыйып тұрады. Сөз идеяның, сезімнің, ойдың жанды көрінісі. Олай болса, кімде-кім осы рухани байлықты неғұрлым көп біліп, орнын тауып, тиісті жерінде мәнерлеп сөйлей білсе, сол кісі білгір, ділмар, шешен деп танылған. Әрі қысқа, әрі нұсқа етіп тұжырымдап айтылған түйінді ой-пікір шешендік сөз деп аталған. Шешендік сөздің шығуы мен дамуы жалпы адам қоғамының даму тарихымен тығыз байланысты. Мұны белгілі бір дәуірдің жемісі деп қарауға болмайды. Қазақтың ауыз әдебиеті мұраларындағы шешендік сөздің бір бұтағы мақал-мәтелдерге келіп тіреледі. Мақал-мәтелдер өмірдің ащысы мен тұщысын түйіндеп, сомдап, қолына қару етіп ұстады. Мәселе сол қаруды кім қайда және қалай қолдана білуінде. Тілдегі сөз байлығы ұрпақтың таусылмас қазынасы десек, мақал-мәтелдер шешендік сөздердің қаймағы мен қатығы деп есептеледі. «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді», «Сөздің көркі—мақал», «Мақал сөздің тұздығы» деген нақыл тегіннен тегін шықпаса керек. Мақал-мәтелдердің жоғалмай, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, мәңгі жасауындағы басты бір себеп, олардың өмір шындығын аз сөзбен көп мағыналы етіп бейнелеуінде. Орнын дәп басып, қолданған нақыл сөзге әдетте ешкім дау айта алмайды.

Мақал-мәтелдер негізінде өте ерте заманнан келе жатқан халықтық тарихи мұра екендігін біламіз. Сонымен қатар қазіргі біздің советтік дәуіріміздің шындығын бейнелейтін мақал-мәтелдер де аз емес. Мысалы: «Жылылық күннің көзінде, даналық Ленин сөзінде», «Ленин сөзі күннен де мәйірімді», «Партия айтса болғаны, жеңістің қолға қонғаны», «Өзен басын таудан алады, партия күшті халықтан алады», «Партия қайда болса — жеңіс сонда», «Партия сөзі барлық жеңістің көзі». «Сынның өзі ащы болғанымен, жемісі тәтті», «Еңбексіз елге сыймас», «Егін ексең тыңға ек,— онан өнер өнім көп», «Еңбегі жоқтың, өнбегі жоқ», «Төртіпке бас иген құл болмайды», «Опасызда отан жоқ», «Отан үшін отқа түс — күймейсің, арың үшін алыссаң — өлмей-

---

Мысалы, Құрама Штаттардағы 170 антикоммунистік және антисоветтік ұйымның 50-ге жуығы Советтік Қазақстан мен Орта Азияны ғана «зерттеумен» айналысады. «Свобода» радиостанциясы күн сайын екі сағаттан қазақ және өзбек тілдерінде хабар жүргізеді. Соңғы жылдары шет елдерде «Қазақстан—шетелдіктердің көзімен» хабарлар сериясы жиілеп кетті, онда біздің республикамызда болған жекелеген тілшілер мен туристердің Батыс баспасөзінде, радио мен телевизиясында жалақорлық әңгімелеріне түсініктеме беріледі. Арнаулы орталықтардың тапсырмасы бойынша турист есебінде шпиондар, зиякестік антисоветтік әдебиеттер, арнаулы аппаратура, құпия жазу құралдары т. б. біздің республикамызға жіберіледі.

Мысалы, Германия Федеративтік Республикасынан астыртын жолдармен «Фриденштимме» («Голос мира») миссиясы басшыларының бірі, Қазақстанның бұрынғы тұрғыны Вальтер Пеннер Целиноград облысының Макин қаласына баптис-жікшілдер үшін посылка жіберген, онда төрт радиоқабылдағыш, кассеттер топтамасы бар жапондық үш портативті магнитофон, көптеген түрлітүсті суреттер мен кинопленка, антисоветтік мазмұндағы әдебиеттер, жапондық фломастер түріндегі құпия жазуға арналған қарындаштар, бес мың сом совет ақшасы болды.

Осындай деректерді пайдалана отырып, үгітші, лектор—қарсы насихатшы өшпенді информацияны әзірлеу және тарату механизмін, капиталистік елдердің әртүрлі арнаулы қызметкерлерінің жұмыс әдістері мен формаларын ашып, көрсете алады. Бұл бөлімдер идеологиялық иммунитетті қалыптастыруға, тұрғындардың кейбір топтары арасында, әсіресе, батыстық насихат қаншама үміт артатын жастар арасында әлі де орын алып отырған саяси аңғалдық пен енжарлық оқиғаларын жоюға ықпал етеді.

«Голоса Америкидің» орыс тіліндегі 12 тұрақты рубрикасының жетеуі жастарға арналған. Оларды батыстық өмір салтының артықшылықтарына сендіруге, КПСС пен Совет үкіметінің саясатына сенімсіздік туғызуға әрекеттенеді. Зиянкестік «Свобода» радиостанциясы СССР халықтарының 17 тілінде жастар хабарын береді, онда жігіттер мен қыздарды «үнсіздікті бұзуға», «тәуекел етуге үйренуге», «іске көшуге» т. б. шақырады. Сондай-ақ Би-Би-Си мен «Немецкая волнаның» СССР-ге берілетін хабарларының кемінде 70 проценті

Digitized by Google

сің», «Теңге тиыннан, ынтымақ ұйымнан», «Екпіндінің өзі де екпінді, сөзі де екпінді», «Жалқаудан жаман жоқ, оқымаса маман жоқ», т. т.

Үгітшілер мен насихатшылар әр дәуірдің өз кезінде туған отты сөздерді еңбекші бұқарамен сұхбаттасып сөйлескенде нәтұрлым көбірек қолданса, сөйлеген сөзі соншалықты тартымды да әсерлі болмақ. «Тіл жүйрік емес, шындық жүйрік» деген халықта болған шындықты жұтаң сөздермен емес, нақтылы ұтымды сөздермен жеткізе білу үгіт-насихат шеберлеріне қойылатын ең басты талаптың бірі екендігі сөзсіз. Қазақ халқының басынан кешкен өткен өмір тәжірибелерін, шынайы ақыл-ойын, жарасты сөзімін бейнелейтін мақал-мәтелдер телегей теңіз дәуге болады. Тек осыларды ел арасынан көптеп жинап, көркем әдебиеттен құныға оқып, әркім өзінің сөйлеген сөзінде орайын тауып пайдалана білуге машықтануы керек. Тыңдаушы халықтың көңілінен шығу үшін оның жүрегіне баратын жол іздеуіміз керек. Әр халықтың өз жүрегінен жарып шыққан өз сөзі (мақал-мәтелдері) өзіне дауа, шипа әрі ем деп есептеледі. Өз емін өзіне қолданса ғана сол халықтың көңілі көншиді, ләззат алады, рахаттанады. Олай болса, білген білімді өз сөзіңмен емес, халықтың өз сөзімен түсіндіруге тырысу керек. Мақал-мәтелдерді ойлаған ойға үйлестіріп дәл қолданса, тыңдаушының ықыласын аударады, тыңдаған үстіне тыңдай бергісі келеді, жалықпайды.

Тыңдаушының мейірімді ықыласы сөйлеушіге де ерекше жігер береді. Сөйлеуші сөйлеген сөзі арқылы ішімдегі тілімде, тілімдегі түрімде деп түр-түсін құбылтып, сөйлеуге жол ашады. Жақсы сөз сүйіндіреді, жаман сөз күйіндіреді. Сондықтан партиялық үгіт-насихатты жаттанды сөздермен, біреу түсінгенмен, енді біреулер түсіне бермейтін ауыр терминдермен бүркелемеу керек, анық айтып, ақ сөйлеген жөн. Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып, халықтың өз сөзін өзіне сөйлеп беру керек. Сөзіңе қарап өзіңді таниды жұрт. Сөзінде нәр мен сәл болмаса, сені ешкім тыңдамайды, есептеспейді. Ауыздан шыққан сөз керемет құдірет-күш. Жақсы сөз айтып алысты жақын, дұшпанды дос етуге болады. Бал тамған тілден у да тамады. Сөз ауыздан шыққанша — өзіңдікі, шыққаннан кейін — өзгенікі. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйлеу керек, ойламай сөйлеу — көздемей мылтық атқанмен бірдей. Ойламай сөйлеген опық жейді. Мал мүйізінен, адам сөзінен ұсталады. Сөйлемес бұрын сөзіңді сұрыптап ал. «Алтынды еріте білмеген ірітеді, терінді илей білмеген шірітеді», «Балық аулай білмеген суды лайлайды» керін келтіріп, мақал-мәтел екен деп кез-келгенін, талғаусыз қойып қалуға болмайды. Әрқайсысының қалаулы орнын тауып, қиыстырып қалай білу керек. Аңдамай, сөйлесең, ауырмай өлесің. Сөз — тәрбиеші. Еңбекшілерді, оның ішінде жас ұрпақты жақсы сөзбен тәрбиелеп, коммунистік адамгершілікке баулуға болады. Жұрт алдында шыншыл бол, инабатты, үлгілі, аталы сөз сөйлеу — үгітшілердің ізгі борышы.

Үгітшілер мен саяси хабаршылардың мағынасын өзі жете түсінбейтін мақал-мәтелдерді бей-берекет, талғаусыз қолдана салуларына болмайды. «Қолың көтермейтін

жастарға арналған. Буржуазиялық теоретиктер жастар туралы арнаулы ғылым — юнологияны жасады.

Біздің қарсы насихатымыздың сыртқы функциясы ТАСС хабарлары арқылы жүзеге асырылады, ол күн сайын жеті тілде материалдар әзірлеп, 550 шетелдік агенттікке, 110 елдің редакциялары мен өкілдіктеріне береді. Советтік мерзімді баспасөз 140 елде таратылады, әдебиеттер 63 тілге аударылады, В. И. Ленин шығармалары 48 тілде шығарылады. Советтік өмір салтын насихаттай отырып, АПН жыл сайын осы проблематика бойынша шет тілдерде 40 кітаптан 50 кітапқа дейін және 180—200 кітапшалар шығарады. Мысалы, КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаевпен бұрынғы ұлт аймақтарының жедел дамуы, «Керуен соқпағынан космодромға дейінгі» совет адамдарының интернационализмі туралы әңгіме өте актуальды болып табылады.

Дұшпандық насихаттың өтіріктері мен жалаларын, оның манипуляторлық тәсілдерін әшкерелеуге, оның таптық-саяси мәнін ашуға Бүкілодақтық радио хабарлары ықпал етеді, ол тәулігіне 78 тілде 150 елге 250 сағат хабар береді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Информация агенттігі — ҚазТАГ халықты саяси хабардар етудің пәрменді қайнары болып табылады, оның информациясын 14 республикалық, 33 облыстық, 7 қалалық және 286 аудандық газеттер, Қазақ радиосы және телевизиясы алады.

Бұл қарсы насихаттың басты функцияларының бірін орындауға — Қазақстан Компартиясының XV съезінде атап көрсетілгендей, «Қазақстан еңбекшілерінің тарихи жетістіктерін» тиімді көрсетуге ықпал етеді.

Бұл жерде адамдардың идеялық жағынан жеткіліксіз шыңдалуы, олардың саяси теріс жолға түсуі, діни фанатизм мен ұлттық сарқыншақтар, моральдық азғындау мен жеке меншіктілік көңілкүй әсер етеді. Осындай адамдар батыс насихатының ықпалына ұшырайды.

Демек, бүгін де идеологиялық қарсыластарымыз қандай бағытта күресе де, қарсы насихат антисоветтік тіміскі әрекеттердің қандай түрі болмасын оның жолын бөгейтін берік қорған ұйымдастырып, идеологиялық зиянкестердің таяныштарын жұлып тастап, біздің қоғамның жетістіктерін кеңінен көрсетуге, сонымен бірге капиталистік ақиқатты иланымды сынауға міндетті.

Н. М. ЧИСТЯКОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты.

Digitized by Google

шоқпарды беліне қыстырма» деген нақыл тегіннен-тегін айтылмаса керек.

Барлық даналық халықта. «Кен байлығы жерде, сөз байлығы елде» деген халықтың өз сөзін өзінен үйренуден жалықпау керек. Әсіресе көпті көрген көнелер мен құлағы түрік естілерді тыңдай берсең, пайдадан басқа зиян жоқ.

Үгітшілер мен саяси хабаршылар барлық жағынан, әсіресе сөз байлығы жағынан тыңдаушылардан анағұрлым озық тұруы кажет. Ол үшін көп оқып, көп білу керек. Мол дайындықсыз жұрт алдына шығуға болмайды. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз», «Оқысаң озарсың, оқымасаң тозарсың», «Алмас қылыш майданда берік, асыл сөз майданда да, сайранда да серік». «Ақыл — тозбайтын тон, білім — таусылмайтын кен», «Ойлай берсең дана боларсың, ойнай берсең бала боларсың», «Бой жетпегенге ой жетеді, қыран жетпегенге қиял жетеді». «Жат жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл», «Қағазға тіл бітірген — қалам, жансызға жан бітірген — адам» —міне, осы халық даналығын бәріміз де ту етіп ұстауымыз керек. Ұлы адамдардың бәрі де халықтан үйренген. Әсіресе оның ауыз әдебиетін құныгып оқыған. А. М. Горький бұл жайында: «Сөз жасау ісімен шұғылданғанда, біз бай фольклорымызды, әсіресе біздің айқын мақалдарымыз бен мәтелдерімізді білуіміз қажет. «Мақал мың жасайды». Сөздің қарапайымдылығына да асқан ұлы даналық жатады, мақалдар мен мәтелдер әрқашан қысқа, бірақ олардың әрқайсысына тұтас бір кітаптағы ақыл мен сезім сыйып тұрғандай», — деді.

Мақал-мәтелдер мазмұнды, әрі ықшам да ұтымды болғандықтан, сөйлегенде ғана емес, жазғанда да оларды өте жиі пайдалануға болады. Мәселен, В. И. Ленинның кейбір мақалаларының тақырыптары былай аталады. «Асыққан қалалар ұятқа», «Бұлбұлды ертегімен жемдемейді», «Сау басына ауру тілеп алу», «Көкек қоразды мақтайды». Сонымен қатар өз сөздерінде В. И. Ленин «Ештен кеш жақсы», «Аз болса да жақсы болсын», «Жеті рет өлшеп, бір рет кес», «Ағаштың тасасынан орманды көрмейді», «Қойға шапқан батырың, батырды көрсе қой болар», тәрізді халық мақалдарын өте жиі пайдаланып отырған.

Мақал-мәтелдер халықтың өмірі мен іс-әрекеттерін, тұрмысы мен кәсібін, үміт-тілегін, мінез-құлқын, тәлім-тәрбие, адамгершілік тәрізді сан алуан мәселелерді жанжақты қамти отырып, даналық қорытындылар жасайды. Бұлар келелі ой, кең мазмұнды бір ауыз сөзге сыйғызып түйіндеудің тамаша үлгісі деп есептеледі. Мақал мен мәтелдерден халықтың сергек ақыл-ойы, тапқырлығы көрінеді. Сондықтан үгітшілер өзінің сөйлеген сөздерінде бұларды кеңінен пайдаланып отыруды әдетке айналдыруы керек.

Мақал-мәтелдер әр заманның өзіне лайық көбейе береді. Әсіресе ақын-жазушылардың мақал-мәтелдерге үндес жасалған сөз өрнегі нақыл сөзге айналып, халық арасында кең таралып кетеді. Бұларды белгілі авторы болғандықтан, мақал-мәтелдерден ерекшелеп, қанатты сөздер деп жүр. Қанатты сөздердің де мән-мағыналары терең, құрылым-құрылысы жағынан өте ықшам, әрі көркем, айтуға жеңіл болып келеді. Мәселен, қазақтың кемеңгер ақыны Абай жасаған қанатты сөздердің неше алуан түрлері бар.

Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің атасы ұлы Абай болды десек, оның реалистік озық идеясын, нақыл сөз жасаудағы үлгілі дәстүрін онан кейінгі шыққан ақын-жазушылар жалғастырып, қазақ әдеби тілін асыл сөздермен одан әрі кемелдендіре түсті: «Естілердің сөзін ескеріп жүрген адам өзі де есті болады» деген Абай айтқан қағидаға сүйенсек, үгітшілердің осылардың бәрінен хабардар болуы қажет.

Бұл тұрғыдан қазақ совет жазушыларының бірер нақыл сөздерін мысалға келтіру артық болмас. **С. Сейфуллин:** «Шырқ айналар шіркін тауық, жемің болса қолыңда», «Тар жол — тайғақ кешу», «Сыр сандықты ашып қара. Ашып қара сырласым. Сым пернені басып қара, басып қара жырласын!». **М. Әуезов:** «Ар жазасы — бар жазадан ауыр жаза», «Бөрінің артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ермейді», «Маңына ұрық шашпаған жақсылық, жапанда жалғыз өскен бәйтеректе тұл болады да қалады». **Ғ. Мүсірепов:** «Жақсы ойдың тууы қандай қиын болса, өлуі де оңай емес», «Сабаумен тулақты ұрып қалған дыбысқа, сабау да ортақ, тулақ та ортақ» «Өзінде пәтуа жоқтың сөзінде де пәтуа қайдан болсын, ой мешеулігі — өнер мешеулігінің себепшісі», **Ғ. Мұстафин:** «Жақсы тәртіп әдетке айналса—ырыс, жаман тәртіп әдетке айналса — қырсық», «Асқанға аспан да аласа», «Теңіздей терең халық ішінде алмастай асыл ойлар жатыр».

Қанатты сөздердің авторы белгілі болғанымен, оның түпкі иесі — халық. Бұлар да бара-бара мақал-мәтелдік сипат алып, көптің игілігіне айналып кететіндігі сөзсіз. Демек, шешендік сөз, мақал-мәтел, нақыл сөз, қанатты сөз дегендердің аты басқа-басқа болғанымен, іс жүзінде атқаратын қызметі жағынан шек қойып, бір-бірін ажырату қиын. Бәрі де, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, халықтың ең кажетті мүддесін өтейтін асыл қазынасы болып мәңгі-бақи сақталады. Қазақ совет әдебиетінің қадірлі ақсақалдарының бірі Ғабит Мүсіреповтің сөзімен айтсақ, «Қазақ халқы бар тарихын, көше жүріп өткізсе де батпаққа батырмай, құмға шаштай, жұртында қалдырмай, шабындыға алдырмай барлық жинаған сөз байлығын, күй мен жырын бізге жеткізді. Бұл бәрімізге де қымбатты мұра, бай қазына». Олай болса, барды бағалай отырып, біз өз ана тілімізді жан-жақты жетілдіріп, байытып, онан озық мәдениет пен саясаттың, ғылым мен техниканың ең өткір құралына айналдыруға ат салысайық.

Ә. БОЛҒАНБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы.

Digitized by Google

1984 ЖЫЛДЫҢ НЮЛЬ-СЕНТЯБРЬ АЙЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЛЕКЦИЯЛАРДЫҢ, ӘҢГІМЕЛЕРДІҢ, САЯСИ ХАБАРЛАРДЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫБЫ

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

КПСС пен Совет мемлекеті саясатының революциялық сабақтастығы және таптық сипаты.

Жұмысшы табы — жасампаз тап.

Кемелденген социализм қоғамын жан-жақты жетілдіру — партия мен халықтың стратегиялық міндеті.

Совет адамдарының практикалық істері — партия алға қойған міндеттерді шешу кепілі.

Советтік демократия — жұмыс істеуші демократия.

Еңбекшілерді мемлекеттік істерді басқаруға кеңінен тарту — Советтер жұмысының жаңа табыстарының кілті.

Совет Одағы халықтарының интернационалдық ажырамас бірлігі мен туысқандық достығы — біздің қоғам күшінің өміршең бастауы.

Жастар қозғалысына партиялық басшылық жасау — социалистік қоғамда ұрпақтардың революциялық сабақтастығының бірінші кезекті шарты және маңызды түйіні.

Тең праволы республикалардың туысқандық семьясында. (1920 жылдың 26 августында Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советі Қазақ АССР-ін құру туралы Декрет қабылдады, ал 1936 жылдан одақтас республика).

Идеологиялық жұмысқа — нақтылық, іскерлік, нәтижелілік.

Жаңа оқу жылы — жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасын жүзеге асырудың алғашқы жылы.

Советтер елінде әйел — ана туралы қамқорлық (8 июльде СССР Жоғарғы Советі Президиумының жоғары атақ — «Ардақты ана» атағын тағайындау және «Ана даңқы» ордені мен «Ана» медалін белгілеу туралы Указының шыққанына 40 жыл).

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

1984 жылдың жоспарын толық және асыра орындау жолындағы социалистік жарысқа кең өріс.

КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы декабрь, 1984 жылғы февраль және апрель Пленумдарының қондырмаларына сәйкес еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыру және өзіндік құнды кеміту жөніндегі социалистік міндеттемелер біздің коллективте қалай орындалуда?

Еліміздің еңбек тынысы.

Қолда бар өндірістік потенциалды толық пайдаланайық.

Біздің кәсіпорында техникалық қайта жарақтану, ғылымның жаңа жетістіктері мен озық тәжірибені өндіріске енгізу қалай жүргізілуде?

Өнім беру жөніндегі шартты міндеттемелерді орындау — еңбектес жолдастар алдындағы парыз.

Қайта құруға, жаңа қуаттарды жасауға жұмсалған шығындарды жедел өтейік.

Металл, отын, энергия, ресурстардың басқа да барлық түрлерін үнемдеуге нақтылы іспен кірісейік.

Ауыл шаруашылығын дамыту — экономикалық, сондай-ақ, бірінші кезектегі әлеуметтік-саяси міндет.

Астық — қамқорлық жасайтын басты міндетіміз болды және болып қала береді.

Тыңның 30 жылдығы құрметіне астықты Отанға көп берейік.

Юбилейлік егіннің астығын ұйымшылдықпен, тез және ысырапсыз жинап алайық.

Суармалы гектардың қайтарымын үнемі арттыра берейік.

Жаз кезінде етті, сүтті және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін көп өндірейік.

Қой шаруашылығы — біздің екінші тыңымыз.

Шымкенттік жемшөп дайындаушылардың инициативасына — кең өріс және қолдау.

Қалың еңбекшілер бұқарасының тұрмысын дәйекті түрде жақсарту — Коммунистік партияның басты бағыты.

Халық тұтынатын товарлар өндіру — халық шаруашылығының барлық саласының ісі.

Айналадағы ортаны қорғауға, табиғатты көркейтуге қамқорлық жасайық.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әлеуметтік әділеттік идеясы — коммунистік дүниетанымның өзекті идеясы.

Отан игілігіне арналған еңбек — адамның саяси саналылығының ең сынған өткен түйіні.

Партияның адамдардың инициативасын жан-жақты дамыту, еңбек коллективтерінің ролін арттыру бағыты.

Партия мен халық алдындағы біздің жұмысшы парызымыз.

Барлық деңгейде көбірек дербестік ға

Digitized by Google

нытып, экономика тиімділігін арттыру үшін ізденістерді батыл жүргізейік.

Коллективте еңбекке құрметпен қарау жағдайын қалыптастырып нығайтайық.

Жұмысшы кәсібінің беделі.

Байырғы жұмысшылар — біздің халқымыздың алтын қоры.

Оқу орындары мен еңбек коллективтерінің іскерлік достық одағын нығайту.

Бұқараның еңбек мектебі, өмір мектебі, саяси жұмыс мектебі — ең сенімді мектеп.

Партия комсомолға жауапты істерді сеніп тапсырды және тапсыра береді.

Жастарды Отанға сүйіспеншілік, оның жауларына өшпендлік сезіміне, жоғары саяси, таптық қырағылық сезіміне, ерлікке үнемі әзір тұруға тәрбиелейік.

Қоғамға жат құбылыстармен күрес — партия мен мемлекеттің тиянақты бағыты.

Физкультура қозғалысының бұқаралығы жоғары болсын (11 август — физкультурашы күніне).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Совет Одағы бір ғана жолды — бейбіт қатар өмір сүру мен өзара тиімді халықаралық ынтымақтастық жолын ұсынады.

Совет адамдары бейбітшілікті сақтауға болатынына кәміл сенеді. 1941 жылдың июні қайталанбайды.

Біз Отанымыздың және социалистік одақтастарымыздың тәуелсіздігіне қол сұғуға батылы барғандардың кез келгеніне тегеурінді тойтарыс беруге әзірміз.

СССР және оның одақтастары диалогқа әзір, бірақ әскери басымдылыққа жол бермейді.

Социалистік достық одақ елдерінің халықтары болашаққа кәміл сеніммен қарайды.

СССР-дің ұлттық тәуелсіздік, әлеуметтік және экономикалық прогресс жолындағы халықтар күресін қолдауы.

Халықтардың дүние жүзілік ядролық соғыс өрті қаупін жою үшін күрестегі белсенді қозғалысы.

АҚШ-тың милитаристік бағыты — халықаралық жағдайды сауықтыру жолындағы басты тосқауыл.

Американ әкімшілігінің өзінің милитаристік бағытын бүркемелеу жолындағы жарнамалық тәсілдері.

1 сентябрь — Халықаралық бейбітшілік күні.

СССР-дің қорғаныс потенциалының тежеуіш қуаты — жер бетіндегі жалпыға бірдей бейбітшілік кепілі.

Сұраққа жауап

Газеттер мен журналдар — әр семьяға

— Республикада әр семья неше дана газет және журнал жаздырып алады? Қазақ ССР Байланыс министрлігінің баспасөзді тарату жөніндегі «Союзпечать» басқармасының мерзімді басылымдарға жазылу бөлімінің бастығы Ә. Ә. ЖАҚЫПОВ осы сұраққа жауап береді.

— Республика тұрғындарының мерзімді басылымдарға жазылуы жыл сайын көбейіп келеді. Мәселен, үстіміздегі жылы ол өткен жылмен салыстырғанда 3 процент, яғни 19735574 данадан 20330319 данаға дейін, соның ішінде селода — 3,8 процент, яғни 9578209 данадан 9947907 данаға дейін өсті.

Небары бір жыл ішінде орталық басылымдарға деген сұранымның өскені туралы мынадай көрсеткіштер әңгімелейді: газеттерге жазылу — 9,9 процент, журналдарға жазылу — 1,1 процент өсті.

Мынадай деректерді салыстырған қызықты. Егер бұдан 20 жыл бұрын республика халқының әрбір мың адамына арналған мерзімді басылымдардың бір жолғы тиражы 644 дана болса, енді 1315, ал селода — 1465 дана құрайды. Осыдан барып орта есеппен әр адамға қанша газет пен журналдан келетіні анықталады. Бұл әр семьяға шаққанда жақсы көрінеді. Бұдан он жыл бұрын орта есеппен әр семьяға газет пен журналдың 5,6 данасынан келді, енді 6,5 данадан айналады, еліміз бойынша көрсеткіш 5,9 дана құрап отырғанда нақ осылай болып отыр.

Жергілікті жерлерде баспасөзге жазылудың өсуі былай түсіндіріледі: мұнда ол орталық басылымдарға шектеусіз жазылу жүргізіледі. Республикалық газеттер мен журналдар ғана ерекшелік болып табылады, олар қағаздың лимитінен директивалы органдар бекіткен тираж мөлшерінде таратылады.

Қазіргі уақытта баспасөзді тарату жаңа формаларын — оларды жеткізудегі үзілістерді, мерзімнің бір бөлігіне және коллективті түрде жазылуды пайдалана отырып, 9 мыңнан астам газет пен журналдарға, ғылыми-техникалық информация басылымдарына еркін жазылуға болады.

Digitized by Google

Бірқатар капиталистік елдерде көптеген жылдар бойы социалистік және социал-демократиялық партиялардың өкімет басында болғанын (қазір де отыр) біздің оқырмандар жақсы біледі. Олар еңбекшілерді таптық өткір күрессіз-ақ буржуазиялық системаны біртіндеп «трансформациялау» негізінде социализмге әкелуге және олардың өмірін әділдік, молшылық және еркін даму жағдайында қамтамасыз етуге талай рет уәде берді. Алайда, олар іс жүзінде, ешбір жерде, бірде-бір елде өз уәделерін орындамады, капитализмді социализммен «ауыстырмады», ия олар оны істей алмады және өзгертуге тырысқан да жоқ. Бұған, ішінара айтқанда, Португалияның мысалынан көз жеткізуге болады, онда қазіргі премьер-министр М. Соареш бастаған социалистік партияның басшылығы, Португалия компартиясының соңғы съезінде атап көрсетілгендей, «1974 жылғы ұлттық-демократиялық антифашистік революция жеңістерін күйрету саясатын» жүргізіп, «капиталистердің өкімет басына оралуына ықпал етуде».

«ҚАЛАМПЫР РЕВОЛЮЦИЯСЫ»: ЖЕҢІСТЕР МЕН ШЕГІНІСТЕР

Осыдан он жыл бұрын «Португалия», «апрель», «қалампырлар» деген сөздермен қатар «революция» деген сөз қолданыла бастады. Бұл былай болды: 25 апрельде таңсәріде Салазар — Каэтанудың диктаторлық режиміне қарсы оппозициялық Қарулы күштер қозғалысын (ДВС) құрған жас және ержүрек капитандар әскерлерді қазармалардан алып шықты. Оларды бірден қалың халық бұқарасы, ең алдымен жұмысшылар қолдады, сөйтіп жеңімпаз көтерілістің нәтижесінде жарты ғасыр дерлік өмір сүрген фашистік диктатура құлатылды.

Бұл ұмытылмас кез, көп азап шеккен халықтың бостандық пен қарапайым азаматтық праволарына ие болған, алғашқы национализациялау, тұңғыш тәуелсіз сыртқы саясат қадамдары, Апрель революциясының басты нәтижесі демократиялық құрылысты құру кезі болды.

Жаңа Португалияның дүниеге келуі мен орныгуы таптық күрестің шиеленісуін туғызды (және бұл табиғи құбылыс): ескі құрылыстың күштері өз позицияларын ешбір жерде және ешқашан шайқассыз бермейді. Көптеген саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер осы күнге дейін жалғасып келе жатқан күрделі де қиын революциялық процестердің барысында жүзеге асырылды. Өйткені, Португалия коммунистік партиясының (ПКП) Бас секретары Альваро Куньял жолдас атап көрсеткеніндей, «нағыз революция революциялық актімен шектелмейді, бұл азды-көпті уақытқа созылатын, жеңістері мен шегіністері де, өрлеуі мен құлдырауы да мүмкін процесс».

Бұл сөздерді, әсіресе Апрель революциясының демократиялық жеңістеріне қауіпті қатер төніп отырған қазіргі кезде есте сақтау ерекше маңызды — ол ішкі және сыртқы реакциялардың бірлескен акцияларының салдары.

Мына бір жағдайды ескерту артық болмайды: 1974 — 1975 жылдары Қарулы күштер қозғалысының инициативасымен банктер мен қамсыздандыру компаниялары, сондай-ақ өнеркәсіптің жетекші салаларындағы аса ірі кәсіпорындар национализацияланды. Иелері жаңа өкіметке экономикалық соғыс жариялап, кәсіпорындарды жауып, елден қашуға әрекеттенген заводтар мен фабрикалар мемлекеттік бақылауға алынды немесе оларға жұмысшылардың өзін-өзі басқаруы енгізілді. Революциядан кейінгі алғашқы жылдары латифундистерден елдің оңтүстігіндегі 1170 мың гектар шұрайлы жер экспроприацияланып, 550 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды, 70 мың еңбеккер олардың иесіне айналды.

Қарулы күштер қозғалысының басшылары монополия мен олигархияның бұрынғы үстемдігінің экономикалық базасы толығынан дерлік жойылды және ескі тәртіпке оралу жоқ, мүмкін де емес деп есептеді. «Қалампыр революциясының» өрлеу кезеңінде көпшілігіне фашистік диктатураның оп-оңай құлағанынан естері шыққан Салазар—Каэтану режимін жақтаушылар жеткілікті дәрежеде қарсылық көрсетуге қабілетсіз, сондықтан да қорықпай-ақ, тылды нығайтпай-ақ, бірден революциялық процесті тездетуге болатын сияқты көрінді. Португалия коммунистері осын-

Digitized by Google

дай үстірт көзқарасқа қарсылық білдірді — олар Португалия жеріндегі демократия мен әлеуметтік прогресс жауларын жете бағаламаудан сақтандырды. Сақтандыру еленбеді... Міне, соның салдары: біраз уақыт қалтарыста бой тасалаған революция жаулары АҚШ-тың және НАТО-ның басқа да елдерінің монополияларының моральдық және материалдық қолдауы арқылы қайта топталды, содан соң оңтайлы сәт келгенде қарсы шабуылға ауысты.

Олар ірі капитал, шетелдік монополия және жер олигархиясы билігін қайта қалпына келтіруге едәуір дәрежеде қол жеткізді. Өздеріңіз ойлап қарақыздаршы: соңғы төрт-бес жыл ішінде национализацияланған немесе мемлекеттік бақылауға алынған кәсіпорындар иелерінің бәрі дерлік аман-есен Португалияға оралды. Оларға орасан зор компенсация төленді, жұмысшылардың басқаруында болған 1000-ға жуық кәсіпорын қайтарылып берілді. Аграрлық реформаға шабуыл жасау салдарынан кооперативтерден 600 мың гектардан астам өте құнарлы жер, 1700 трактор, ауыл шаруашылығының 12 мың басқа да машинасы алынып, латифундистерге берілді. Бүгінде небары 360 кооператив қалды. 50 мыңға жуық шаруа жұмыстан айырылды.

Осының бәрі неден болып отыр? Португалия демократтары мен антифашистерінің пікірі бойынша, «қалампыр революциясының» өз жауларына бірқатар маңызды позицияларда ырықсқаны үшін социалистік партия басшылары, ең алдымен 1976 жылдың жазында өзінің алғашқы министрлер кабинетін құрған Мариу Соареш бастаған оңшыл қанаттың лидерлері жауапты. Португалия коммунистік партиясының республика жиналысында (парламентте) кепілді көпшілік дауысқа ие болатын, оның үстіне елді демократияландыру процесін жалғастыруға мүмкіндік туғызатын коалициялық үкімет құру ұсынысынан бас тартқан од ашылықтың «бір тектес» үкіметін құрып, революциялық жеңістерді заңды түрде бекіткен Португалияның жаңа конституциясына қайшы келетін бағыт алды.

Социалистік партия лидерлерінің инициативасымен ірі капитал мүдделеріне жауап беретін бірқатар декреттер республика Жиналысы арқылы өткізілді. Олардың бірі өкімет басындағылардың саботажшы-қожайындар тастап кеткен, жұмысшылардың басқаруындағы кәсіпорындарды күшпен тартып алуға кірісуіне көмектесті. Министр — социалист Баррету әзірлеген «Жаңа аграрлық реформа негіздері туралы» заң үкіметтің алдынан кооперативтерден жерді, ауыл шаруашылық техникасын және малды тартып алып, оларды латифундистерге тапсыру мүмкіндігін ашты.

Сонсоң ірі капитал М. Соареш басқаратын министрлер кабинетіне өзінің тікелей өкілдерін енгізуді талап етті және соған қол жеткізді. Сөйтіп батыс германиялық ХДС—ХСС қаржыларына құрылған социалистік партияның социал-демократиялық орталықпен (СДЦ) альянсы топтастырылды. Социалистік партияның «бір тектес» үкіметі, социал-демократиялық орталық пен оңшыл — буржуазиялық социал-демократиялық партия (СДП) лидерлері құрған, ағылшын консерваторларының ақшасынан пайда болған капиталистер мен помещиктердің «бір тектес» кабинетіне дейінгі жол ұзақ болған жоқ. Социалистік партия лидерлерінің жол берушілігі мен келісуі арқылы олар 1982 жылдың сентябрінде Батыс Европадағы аса прогресшіл 1976 жылғы конституцияны ревизиялауды жүзеге асыра алды. Ревизия көмегімен ел президентінің праволары күрт шектеліп, құрамына Қарулы күштер қозғалысының ұйымдастырушылары кірген және революция кепілі болған революциялық совет жабылды.

Мариу Соареш өткен жылдың жазынан бері социалистік және социал-демократиялық партиялардың өкілдері кірген үкіметті қайтадан басқарып отыр. Португалияда кеңінен тараған пікір бойынша, қазіргі коалициялық үкімет капиталистер мен латифунистер позицияларын толық қалпына келтіруге қол жеткізумен қатар демократиялық құрылысты жойып, трансұлттық корпорациялармен тығыз байланысты монополиялардың бүкіл билігін қайта орнатуды өзінің алдына міндет етіп қойған сияқты.

Жуырда осы жолдар авторының Португалияда болып қайтуына тура келді. Кәсіподақ басшыларымен және солшыл партияның көрнекті қайраткерлерімен, «Апрель капитандарының» бірімен (олардың барлығын дерлік соңғы уақытта саяси сахнадан таюға мәжбүр етті, ал Қарулы күштер қозғалысы тарап кетті), түрлі идеологияны ұстанған жетекші экономистермен және журналистермен әңгімелер, жасыратыны жоқ, келеңсіз тұжырымдарға әкелді: соңғы он жыл ішінде Португалиядағы жағдай нақ қазіргідей ешқашан нашар болған емес. Экономикалық дағдарыс күрмеуі шиеленісіп барады. 1983 жылдың екінші жартысында — еске сала кетейін, бұл социалистік партия мен социал-демократиялық партия коалициялық кабинетінің өкімет басына келген алғашқы алты айы еді — нан 36,5 процент, қант — 49 процент қымбаттады, электр энергиясына төленетін ақы тең жартысына жуық, газ — 60 процент өсті. Толық немесе ішінара жұмыссыздар саны, Португалия еңбекшілерінің жалпы конференциясы — Ұлттық интерсиндикалдың (ВКПТ—НИ) деректері бойынша, еңбекке қабілетті, халықтың 33 процентке жуығын құрайды — Батыс Европа үшін абсолюттік «рекорд»! «Диариуди нотисиаш» газеті (сөз орайына қарай бұл үкіметке жақын газет екенін айтайық) былай деп хабарлады: 150 мың жұмысшы мен қызметшіге төленетін жалақы 4—6 айға және одан да көп кешіктірілген.

Digitized by Google

Менімен әңгімелескен адамдар реакциялардың монополиялар мен олигархиялардың экономикалық және саяси билігін әлі де толығынан қалпына келтіре қоймағанын, бірақ олардың еңбекшілердің демократиялық бостандықтары мен праволарын шектеу немесе оны жоққа шығару ісінде елеулі табыстарға жеткенін атап көрсетті. Ереуілдерге қарсы заңдар қабылданған, манифестацияға қатысу правосы шектелген. Үкіметтің қолдауымен антикоммунистік науқан күш алып отыр деп ойлаймыз. Бейбітшілік жолындағы күреске немесе «Португалия—СССР» қоғамының қызметіне қатысқаны үшін мемлекеттік қызметтен шығару оқиғалары қазірдің өзінде баршылық.

1974 жылдың 25 апреліндегі революция қан төгіссіз-ақ болды. Бүгінде барған сайын қан жиі төгілді. Ең алдымен аграрлық реформаны жүргізу аймағы — Алентежу провинциясында жиі кездеседі. Мысалы, «Санта София» кооперативіне (Монтемор — о — Нову уезі) 14 «джиппен» сап ете түскен жандармдар шаруалардан жердің көп бөлігі мен малды тартып алып, бұрынғы помещиктерге беруге әрекеттене отырып, қарулы күш жұмсады.

Менімен әңгімелескен адамдар М. Соареш үкіметінің коллективтік шаруашылықтарды жоюға ұмтылуының негізінде жатқан екі басты себепті атады. Олардың бірі экономикалық сипат ұстайды: Португалияның «Ортақ рынокқа» кіру ниетімен байланысты батыс европалық үлгіге сәйкес ауыл шаруашылығы моделінің формаларын аграрлық реформа аймағында енгізу. Екінші себептің саяси сипаты бар: кооперативтерді талқандап, коммунистердің провинциядағы ықпалын әлсірету.

Мойта және Алпиарса қалаларындағы солшыл муниципалитеттердің басшылары өз әңгімелерінде коалициялық үкіметтің коммунистік партия мен Португалияның демократиялық қозғалысы құрған коалиция — халықтар бірлігі жолындағы одақ (СЕН) бақылайтын жергілікті өкімет органдарына қарсы шабуыл жасап отырғанын айтты.

— Оның үстіне солшыл муниципалитеттердің сайлаушылар аманаттарын орындай отырып, ядролық соғыс қатеріне қарсы белсенді күрес жүргізетіні үкіметке ұнамайды,— деді одан әрі Б. Аполониа. — Халықтар бірлігі одағының инициативасымен муниципалдық жиналыс Мойтаны ядросыз аймақ деп жариялады. Бірнеше мың адам бізде қандай болмасын жаппай қырып-жоятын қаруды орналастыруға және Португалия территориясы арқылы өткізуге тыйым салу талабы астына қолдарын қойды. Біздің ұранымыз: «Португалияда ядролық қаруға орын жоқ!».

Португалияның бейбітшіл жұртшылығының алаңдауына толық негіз бар. Бортында ядролық қарулары бар американдық сүңгуір қайықтар Лиссабон портына келеді. Вашингтон мен Лиссабон арасында Алентежу провинциясында «спутниктерді қадағалау станциясы» деп аталатын станция салу туралы уағдаластыққа қол жетті — АҚШ оның көмегімен Португалияны Пентагонның космос соғыстарына әзірліктеріне тартқысы келеді.

«Қалампыр революциясының» он бірінші жылындағы Португалия осындай. Егер революция жауларының жоспарлары еңбекшілердің, барлық демократтар мен антифашистердің барған сайын табанды қарсылығына ұшырап отырғанын атап өтпесек бұл көрініс толық болмас еді. Осы жаппай қозғалыстың көш басында Португалия коммунистік партиясы келеді.

1983 жылдың декабрінде болған Португалия коммунистік партиясының X съезінде сөйлеген сөзінде Алваро Куньял жолдас Апрель революциясы Португалия тарихының шындығы болып мәңгілік қалады деп атап көрсетті. Демократиялық альтернатив үшін, қазіргі үкімет саясатына қарсы күрес — Португалия коммунистік партиясының таяудағы міндеттерінің бірі осындай, деп мәлімдеді съезд делегаттары Португалияның 200 мың коммунисі атынан.

В. ПОЛЯКОВСКИЙ.

Мұқабаның төртінші бетінде: Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі «Ауыл шаруашылығы» павильонының залы. Суретті түсірген **В. Суслин.**

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-07, 33-80-56.

33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, В. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. ЖҮРСІМӘМБЕТОВА.
Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.

Сдано в набор 26.05.84. Подп. к печати 12.06.84. УГ01185. Формат 70×108¹/₁₆. Печ. листов (усл.) 2. Уч. изд. л. 3,52. Печать высокая. Тираж 65424. (казахское издание — 33189 экз. русское издание — 32235. экз.). Заказ 120. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана, Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google



Digitized by Google

ОТАНЫМЫЗДЫҢ ӨМІРБАЯНЫНА ӨЗ ҮЛЕСІМІЗДІ ЖАЗАМЫЗ



93

Қазақстан ҰҒІТШІСІ

13
1984

Digitized by Google



Талдықорған облысы Панфилов ауданының «Үшарал» колхозының звено жетекшісі К. Бердіғұлова жүгеріден жоғары өнім алуға қол жеткізуде. Ол басқаратын звено он жыл бойы шығымдылықты гектарына 169 центнерге дейін жеткізді, бұл жоспардағыдан 2,3 есе артық. Күлғайшаның жастар ұстазы ретіндегі тамаша қасиеттері де осыдан көрінді.

К. Бердіғұлованың еңбектегі орасан зор жетістіктері Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі» ордендерімен, СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын және күміс медальдарымен аталды. Өткен жылы оған Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Суретті түсірген **Е. Шлей** және **В. Колинко** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

13 ИЮЛЬ 1984

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС
XXVI
СЪЕЗІНІҢ
ШЕШІМДЕРІН
ТОЛЫҚ
ОРЫНДАЙМЫЗ

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі», № 13 1984 ж.

НОМЕРДЕ:

Мол астық үшін күрес 2

ҮГІТШІНІҢ БЕСЖЫЛДЫҚҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ

Р. Щербаков. Жолдас бригада 4

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Т. Төлепбергенов. Кадрлар даярлауды жақсартайық 6

ТЫҢНЫҢ ДАҢҚТЫ ДӘСТҮРЛЕРІН МОЛАЙТА БЕРЕМІЗ

Н. Просалова. Алғашқы тыңгерлерге теңелуде 8

Б. Досымбаева. Ізгі тәжірибе баршылық . 10

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

Егінді тез және ысырапсыз жинап алайық . 13

Л. Киселева. Істерімен үн қатады 15

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

С. Лялькина, К. Төлібов. Саяси мәдениет . 17

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж. Тайғашынов. Болат жолдарда . . . 19

С. Музыка. Құрылысты тез, сапалы салайық 20

МӘДЕНИЕТ ПЕН МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. Соловьев. Бұқаралылық және шеберлік . 23

БІЗ ТҰРАТЫН ЖЕРДЕ

Демалысқа — жүртшылық қамқорлығы («Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналы рейдінің материалдары) 25

АТЕИСТІК ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР ҮШІН

И. Кальченко. Ықпал жасау құралдарымен . 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б. Барахта. Қытай: кезекті эксперимент немесе «сяо шуды» кім желеп-жебейді . 30

Digitized by Google

МОЛ АСТЫҚ ҮШІН КҮРЕС

Жаңа ауыл шаруашылығы жылы дер шағына жетті. Әдеттегідей, ол селолықтар үшін жаңа толғаныстармен және қамқарекеттермен байланысты. Қазақстанның егіс танабы 25 миллион гектардан асады. Және осы ұлан ғайыр бүкіл алаңда көктемгі науқанның қызу күндері аяқталды. Ал 30 миллион гектар алаңда жемшөп дайындау науқаны өріс алды. Тың игерудің 30 жылдығы жылында барлық жерде адамдар Азық-түлік программасының міндеттерін шешуге лайықты үлес қосуға берік ұйғарып отыр.

Алынатын нақты межелер социалистік міндеттемелерде көрсетілді. Үстіміздегі жылы кемінде 29 миллион тонна астық өндіруге тура келеді, демек оның 50 процентін қатты және бағалы сорттар құрайды. Кемінде 19,5 миллион тонна пішен мен пішендеме салу керек. Мемлекетке 1501 мың тоннадан астам мал мен құс етін сатып, Отанға басқа да қаншама өнім беру қажет.

Еңбекшілер арасындағы үгіт-насихат және саяси-тәрбие жұмысы село алдында тұрған проблемаларды табысты шешуді қамтамасыз етуге тиіс. Ол партияның аграрлық саясатын дәйекті түрде жүзеге асырудың жалпы арнасында жүргізілуге тиіс, оның негізгі бағыттары аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің проблемалары жөніндегі Бүкілодақтық экономикалық кеңесте тағы да нақты аталды. Олар — өндірісті одан әрі интенсивтендіру, егіншіліктің, ауыспалы егістің ғылыми негізделген жүйелерін, еңбекті ұйымдастырудың озық формаларын енгізу, барлық шаруашылық механизмдерін жетілдіру. Орасан зор күрделі қаржылар мен ресурстар селоға берілуде, деп атап көрсетті К. У. Черненко жолдас Бүкілодақтық экономикалық кеңесте, ендігі басты мақсат қолда бар нәрсенің бәрін толық қайтарыммен пайдалану.

«Біз үшін ең басты қам-қарекет астық болып келді және солай болып қала береді... Партия, еліміз, халық республикадан Қазақстанның мол астығын күтеді. Сондықтан облыстық партия комитетінің секретары мен облыстық атқару комитетінің председателінен бастап механизаторға дейін біздің бәріміз көрсетілген сенімнің және тікелей өз жауапкершілігіміздің биігінен көрінуге тиіспіз», — деді Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумында. Әлбетте, осының бәрін шын мәнінде терең түсінетін адамдар табысқа жетеді.

Мысалы, Қостанай облысы Наурызым ауданының еңбеккерлері жыл сайын жоғары нәтижелерге жетуде. Мұнда Г. Козлов атындағы совхоздың өзі ғана мемлекетке жыл сайын төрт миллион пұттан астам астық тапсыратыны белгілі. Диқандардың еңбек жеңісіне ауызша саяси үгіт активистері де өз үлесін қосуда.

Осы ауданның партия ұйымдары тұқым себуден бастап егін жинауға дейінгі астық жолындағы күрестің барлық барысын идеологиялық жағынан қамтамасыз ету үшін көп іс атқарды. Мұнда өткен орақтың өзінде ғана диқандар арасында 76 лектор, 400-ге жуық саяси хабаршы мен үгітші, он үгіт бригадасы, екі үгіт поезы, қырық жылжымалы кітапхана мен автоклуб жұмыс істеді.

Идеологиялық жұмыстың жинақталған пайдалы тәжірибесін биылғы астық жолындағы күрес барысында кеңінен пайдалану керек.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Шымкент облысы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің аграрлық-өнеркәсіп комплексінің барлық еңбеккерлерін жемшөп дайындауды ұйымшылдықпен өткізуге шақырған үндеуін мақұлдады, жемшөп базасын жасамайынша мал шаруашылығын жедел дамыту мүмкін емес. Шымкенттік әрбір шаруашылықта жемшөп дайындаудың нақты жоспарлары, пішен жинау науқанын идеологиялық жағынан қамтамасыз етудің формалары мен әдістері жасалып, бекітілді. Олардың арасында «Еңбегіне қарай абыройы мен атағы» принципі бойынша көзге түскен адамдарды моральдық және материалдық жағынан ынталандыру шаралары қарастырылды. «Жасыл конвейер» еңбеккерлеріне қызмет көрсету үшін информациялық насихат топтары мен мәдени-үгіт бригадалары құрылды.

Шымкенттіктер бастамасын қолдау жөніндегі үгіт-бұқаралық жұмысын кеңінен жүргізе отырып, активистер, үгітшілер мен саяси хабаршылар жемшөп дайындаудың ортақ міндет екенін есте ұстауға тиіс. Оған механизаторлармен бірге еңбекке қабілетті барлық тұрғындардың қатысуы керек. Шаруашылықтарға кәсіпорын, әртүрлі ұйым коллективтері, мектеп оқушылары елеулі көмек көрсетуге міндетті. Ортақ күш-жігерді жұмылдыру, оларды мақсатқа жетуге бағыттау — партия сөзін бұқараға жеткізетін адамдардың аса маңызды міндеті.

Суармалы жерлердің қайтарымын арттыру жолдары да үгіт активінің назарында болуға тиіс. Республикада мелиорацияланған алаңдар ауыл шаруашылығы жерлерінің балансында небары бес процентті ғана алып жатқанын, өйтсе де өсімдік шаруашылығы өнімінің төрттен бірінен астамын беретінін ескертейік. Мұнда резервтер әлі де аз емес. Ең алдымен, олар ғылыми негізделген егістерді енгізуде, агротехникалық жұмыстар сапасын арттыруда жатыр. Тал-

Digitized by Google

дықорған облысындағы Алакөл ауданынан «Ынталы» совхозы коллективінің жылдан-жылға жақсы еңбек етуінде үгіт-бұқаралық жұмыс активистерінің еңбегі аз емес, мұнда негізгі дақыл — қант қызылшасының орташа шығымдылығы гектарына 500 центнерге дейін жеткізілді және оны мемлекетке тапсыру жөніндегі бесжылдық жоспар орындалды. Еңбекті көп қажет ететін дақылды өсіру технологиясын қатаң сақтау — олардың әңгімелерінің аса маңызды тақырыбы. Партия комитетінің бұқаралық-саяси жұмыс жоспарын дала қостарынан, қызыл мүйістерінен міндетті түрде көресің. Осында социалистік жарыс шарттарының стендісі де бар, онда өнімділік нормасымен қатар сапа көрсеткіштерінің графасы да орын алған.

Үгітшілер мен саяси хабаршылардың астық жолындағы күрестің барысында адамдардың назарын өндіріс тиімділігін арттырудың ең басты, өзекті мәселелеріне тұрақты аударып отыруы маңызды. Еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формаларында, бұл практикада дәлелденгендей, еңбек өнімділігін арттырудың нақты және маңызды резерві жатыр. Мысалы, он бірінші бесжылдықтың үш жылы ішінде Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданының КПСС XXIII съезі атындағы совхозынан С. Смағұлов басқаратын трактор-егіс бригадасы ауа райының қолайсыз жағдайына қарамастан, гектарына орташа есеппен 17,5 центнерден өнім алды, бұл шаруашылық бойынша орташа көрсеткіштен едәуір жоғары.

Орал облысының «Правда» газеті атындағы совхозынан бордақылау комплексінің малшылары төлдердің орташа тәуліктік салмақ қосуын бір жыл ішінде біржарым есе арттырды. Ал үстіміздегі жылы еңбек өнімділігін 2 процент арттыру және өнімнің өзіндік құнын 1 процент кеміту белгіленді, мұның өзі кемінде 200 мың сом таза кіріс береді. Малшыларды осындай жоғары асуларға жұмылдыруда бордақылау комплексінің бригадир-операторы, үгітші А. Ляйманның сөзі үлкен роль атқарды.

«Егер мердігерлік жағдайындағы социалистік жарыс туралы айтсақ, — деп есептейді Жезқазған облысы Ақтоғай ауданындағы «Қызыларай» совхозының бригадирі, үгітші А. Арынбаев,— онда ол белгілі бір дәрежеде өзгеруде. Түпкі өнім өндіру тәуелді болатын бригада коллективтері арасындағы жарыс алдыңғы қатарға қойылады. Ал жеке жарыс сапалық көрсеткіштерді жетілдіруге бағытталған».

А. Арынбаевтың бригадасы өткен жылы гектарына жоспардағы 60 центнердің орнына 122 центнерден жүгері алды. Бұл коллектив осындай жоғары міндеттемелерді үстіміздегі жылға да қабылдады. Осындай озық бригадалар мен звенолардың жұмыс тәжірибесін кеңінен тарату және енгізу — үгіт активінің басты міндеттерінің бірі.

Сонымен бірге бригада коллективтерінің, советтерінің ролін, әрбір адамның еңбегін ынталандырудағы моральдық формаларды арттыру қажет. Мысалы, Целиноград облысы Маринов ауданының «Журавлевский» совхозының № 5 трактор-егіс бригадасында еңбекке қатысу коэффициентін анықтау барысында еңбек тәртібін сақтау да, адамдардың қоғамдық жұмысқа қатысуы да, жас механизаторларға қамқорлық көмек те ескеріледі.

Партия идеологиялық жұмыс жаппай және тұрақты жетілдіріліп отыруға тиіс деп үйретеді. Осыған байланысты социалистік жарысты ұйымдастыруда бюрократизм мен формализмнің болмашы көрінісінің өзіне жол бермей, оның мәнін принципті түрде жаңа деңгейге көтеру қажет.

Үгіт-бұқаралық жұмыста кемшіліктерді қалыс қалдырмай, білгірлікпен, нақты және түсінікті етіп жүргізген дұрыс. Ішінара айтқанда, аграрлық-өнеркәсіп бірлестіктерінің әзірше толық қуатпен жұмыс істей алмайтынын ескерген жөн. Және бұл партия комитеттерінің, барлық идеология активінің басты назарында болуға тиіс. Осының барысында шаруашылық органдарын ауыстыруға болмайды — қайта КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының шешімдері талап еткендей, адамдарда экономикалық ойлаудың жаңа дәрежесін қалыптастыра отырып, оларға барлық қолайлы құралдармен тиімді көмек көрсету қажет.

Идеологиялық жұмыс саласында бағалы тәжірибелерді белсенді түрде іздестіру және табу маңызды. Мысалы, аудандық аграрлық-өнеркәсіп бірлестігі серіктестерінің арасындағы жарыс барған сайын күнделікті практикаға енуде. Көптеген өнеркәсіп орындары мен шаруашылықтар оның жеңімпаздары үшін өзара арнаулы жүлделер тағайындай бастады, аудандық баспасөз орталықтары жариялылық тұрғысынан барған сайын үйлестіру орталықтарына айналуда. Серіктестердің істері туралы қажетті информацияны кәсіпорындардың, шаруашылықтардың анықтама-информация орталықтарында да тұрақты жинақтау керек.

Бүгінде шешілетін міндеттердің ауқымы мен тереңдігі бәрімізден іске өте жақсы жинақылықпен және тиянақтылықпен қарауды талап етеді. Қазақстанның мол астығы, барлық ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді одан әрі ұлғайту жолындағы биылғы күрестің нәтижесі тікелей осыған тәуелді.

Digitized by Google

ЖОЛДАС БРИГАДА

— Мен қалай бригадир болдым? — деп күлімсірей сауал қойды Гурьянов. — Оп былай еді. Өзімнің өндіріске қажет екенімді түсіндім. Демек төменнен көп нәрсе айқын байқалады ғой.

Әзілдеп тұр ма, әлде шын ойы ма — бірден аңғармайсың. Бірақ Александр Николаевич төменгі жақтан дегенім қатардағы монтажшы позициясынан қарау деп түсіндірді.

Бұл осыдан жеті жыл бұрын болды. Құрылыста құрылыс материалдарын жеткізудегі іркілістерге, содан барып айдың аяғында жоспар орындалмауына дағдыланып кеткен еді. Осындай жағдайға бой ұсынды. Әйтпегенде қайтеді, кейбір құрылысшылар жұмыста іркіліссіз болмайды деп пайымдады.

Ал Гурьяновтың бұған көндіккісі келмеді. Басқа біреулер ойын іркіп қалған кезде, әсіресе кемшілікті көріп қалса, Гурьянов ашығын айтады. Партия бюросында жас коммунистке коллективте үгітші міндетінің тапсырылуы осы себептен еді.

Бірде Гурьянов кәсіпорынның сол кездегі басшысы М. Б. Угайға (екі механикаландырылған колонна қосылғаннан кейін ол бас инженер болды) жанына батқан ойын айтып салды. Ойын ақтарып салды да жауап күтті.

— Егер олай болса, Александр,— деп ұйғарды Марс Борисович,— бригадир өзің боласың. Сен бізде активиссің. Міне, жұмысты жақсы істеуге болатынын дәлелде. Кемшіліктерді көріп, олар туралы айту қанша дегенмен соларды жоюдан жеңіл ғой.

Іс тің бәрі шығыл және күтпеген жағдайға бұрылды. Өзіне тән мінезімен Гурьяновтың осындай жағдайда кейін шегінер жері қалмады. Нақ сол кезде Александр одан әрі бұрынғыша жұмыс істеуге болмайтыны туралы шындап ойланды, бірақ жаңаша қалай жұмыс істеу керек екенін әлі біле қойған жоқ еді. Бригадалық мердігерлік туралы, әрине, оқыды, бірақ оның не екені және Қызылорда жерінің жағдайында қалай жаңаша жұмыс істеу керек екенін елестете алмады.

1977 жылдың майында Главриссовхозстройдан № 11 жылжымалы механикаландырылған құрылыс колоннасына методист келіп, «Бригадалық мердігерлік және оны жылжымалы механикаландырылған колонналарда енгізу» деген тақырыпта кеңес өткізді. Бір ғана, тіпті өте пайдалы әңгіменің өзі, әрине, аздық етеді ғой. Гурьянов қонақ үйге орналасқан методистке келіп, кешірім сұрады да, блокнотын алды:

— Бәрін де толығырақ түсінсем екен.

Демек Александр сол кезден бастап өзін қызықтырған нәрселердің бәрін блокнотына жазып алуды әдетке айналдырды.

Методист өткізген кеңесте бәрі де ықыласпен тыңдап, мердігерліктің шынында үлкен күш екеніне келіскенін атап өткен жөн, бірақ бригаданы жасақтай бастаған кезде энтузиастар қыруар азайып қалды.

Гурьянов қатты алаңдап, адамдардың неліктен күмәнданатынын түсінбеді. Мердігерлік бригадаларға, әсіресе, еңбекті дұрыс ұйымдастырмаудан, материалдарды жеткізудегі оралымсыздықтардан жиі тоқтап қалатын коллективтерге пайдалы екенін ұғынды. Оны ықыласпен тыңдады, бірақ өз бригадаңда қалай болатынын көрелік, сосын байқармыз деді.

«Істі бірінші бастағандарға көбіне қиын болады, бірақ әйтеуір біреу болмаса біреу бірінші болуға тиіс қой. Әйтпесе іс алға баспайды». Бұл сөздер оның блокнотынан алынды, онда адамның мінез-құлқының мәні бар.

Мердігерлік құрылыста дүрмек жағдайдан шығарумен ғана тынған жоқ. Әкімшілікпен шарт жасасу — жартылай іс, ең бастысы — жұмысты жаңа арнаға салу қажет болды. Бұл тұрғыдан шарт өз ролін атқарды — бригада коллективі мен колонна басшылығы арасында өзара тәртіп орнатты.

«Құрылыста заводтағыдай конвейер болуға тиіс,— деп оқимыз Гурьяновтың блокнотынан. — Біздің колоннада бұл үшін мүмкіндіктер баршылық. Олардың ең бастысы — уақытты босқа өткізбеу, іркілістерді қысқарту, материалдар мен механизмдерді жеткізу графигін нақты сақтау, қалғанын бригаданың өзі-ақ атқарады».

Іркілістер. Бұл құрылыстағы ауыр сөз. Жұмыс күнінің бір минутын қалт жібермеу арқасында қалыптасатын тәртіп пен ұйымшылдық бірден нашарлап кетеді. Ал Гурьянов өзіне де, өзгеге де босаңсуға жол бере алмайды. Бұл, әрине, алғашында бәріне бірдей ұнаған жоқ, кейбіреулері шыдай алмай, бригададан кетіп қалды, бірақ жаңадан келген адамдар тәртіпке тез көндікті.

Блокнотқа тағы бір қарайық.

«27 ноябрь. № 201 үй. Бүгін оны монтаждауға кірістік, бірден кідіріс: цемент таусылып қалды. Тоқтап тұрмыз. Міне, саған, мердігерлік».

«1 декабрь. Автокранды күткенімізге екінші күн. Ерітінді тапшы, оны өзіміз

Digitized by Google

жасауға ұйғардық. Өкініштісі сол, оған қаншама уақыт кетеді».

«8 декабрь. Әйтеуір бәрі реттелді. Цемент те, плиталар да жеткілікті. Автокран да бар. № 15-ші үйдің құрылысын да қатар бастауды ұйғардық. Оңай болмайды, бірақ онсыз артта қалушылықты жоя алмайсың.

Өзімді кіналаймын: партия бюросына неге бұдан ертерек өтініш жасамадым. Тиісті адамдарды біраз «қысымға» алып еді, іс оңға басты, тіпті қосымша панель тасығышты да бөліпті».

«10 декабрь. Бұл бір сәтті күн болды. Көңіл-күй көтеріңкі. Жігіттермен еңбек өнімділігін арттыру қажеттігі туралы сөйлестім. Олардың өздері үйді жаңа жылға дейін толық бітіру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауды ұсынды».

Бұл бригадалық мердігерліктің қалай енгізілгеніне кейбір көріністері ғана. Иә, өмірде бәрі бірдей жатық шыға бермейді. Алайда, Александр Гурьянов абыржыған да жоқ, шегінген де жоқ. Тресте, тіпті облыстың өзінде осындай жоғары асуларға жеткен басқадай құрылыс бригадасы жоқ шығар. Механикаландырылған колоннада қорытындылар шығарған кезде бәрі таңқалды — еңбек өнімділігі 125 проценттен асады, үйлерді тұрғызу мерзімдері қысқарып, сапасы жақсаруда, материалдар үнемі көбеюде.

Қазір барлық бригадалар гурьяновтықтардың үлгісімен шаруашылық есепте жұмыс істейді. Мұнда жұмыстың жаңа әдісіне ауысуға баршаны сөзімен де, ісімен де белсенді түрде үгіттей білген Гурьяновтың сіңірген еңбегі зор. Адамдардың оны республика Жоғарғы Советінің депутаты етіп сайлауы кездейсоқ емес.

«Жағдайың қалай, жолдас бригада?» — деп жазыпты бірде Гурьянов блокнотына. Сол кезде ол Алматыда, Жоғары Совет сессиясына келген еді, бірақ өз құрылысын есінен шығармады. Жолдас бригада — бұл жалпы ұғым, ал нақты айтсақ, олар — Анатолий Гусев, Сұлтан Шүкіров, Сергей Кан, Вячеслав Глухов, Евгений Юн және өзімен бірге совхоз поселкелерін салысқан, барлық нәрсені теңдей бөліскен басқа да адамдар.

Гурьянов бригадасы алғаш өнімділікті 300 процентке жеткізген кезде, механикаландырылған колоннадағы кейбіреулер күмәнданды. Мүмкін емес, егер шын болса, онда бұл кездейсоқ жағдай деп ойлады. Шындығында, бұл таңғажайып нәрсе емес, мердігерлік еді. Үш жүз процент — бұл аса жоғары ұйымшылдықтың нәтижесі, бұл завод конвейерінің дәлдігіне жеткізілген; яғни Гурьянов бұдан бірнеше жыл бұрын армандаған құрылыстың тасқынды әдісі. Бригада бір айдың ішінде тапсырмадағы екі үйдің орнына олардың алтауын тапсырды.

Мердігерлік колоннада, тіпті Гурьянов бригадасының өзінде толық қуатымен жұмыс істейді деп тұжырымдауға әлі ертерек. Ол материалдармен бірқалыпты қамтамасыз етпеу салдарынан ырғақты жұмыс істей алмайды. Мұны болдырмау үшін өздерінің өнеркәсіп базасы салынуда, темір-бетон бұйымдары заводы қайта құрылуда. Қазір Гурьяновтың коллективі осында еңбек етуде.

— Істі одан әрі жетілдіру қажет,— дейді бригадир. — Бұрын қолға қарындаш алып, есеппен айналысу ойға да келмеген ғой. Қазір есептеуді бәрі үйренуде.

Бригада коллективі еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1 процент арттыру және өнімнің өзіндік құнын қосымша 0,5 процент кеміту жөніндегі бүкілхалықтық бұқаралық инициативаны қолдады. Бұл жылдық тапсырманы мерзімінен жарты ай бұрын орындауға мүмкіндік береді. Құрылыс материалдары мен электр энергиясынан 3,5 мың сом үнемделеді.

Және ең соңында мынаны айтайық. Александр Николаевич өндірістен қол үзбей политехника техникумын бітірді, гидромелиоративтік институтта сырттай оқиды. Оның бос уақыты жоқ. Ол сағат бойынша есептелген. Ертеңге, одан кейінгіге қалдырмай, қазір, бүгін бәрін үлгеру керек.

Р. ЩЕРБАКОВ,
біздің штаттан тыс тілшіміз.
Қызылорда қаласы.

Бесжылдықтың еңбек ырғағы

Шымкент. Мақта-мата комбинатында жіп иіру өндірісін қайта жарақтандыру мерзімінен бұрын аяқталды. Орнатылған жабдық бұрынғы жабдықтардан біржарым еседей өнімді.

Пневматикалық иіру машиналарын іске қосуға орай жіп тартушы, кеттельші кәсіптері қысқартылды. Босатылған екі жүз он адам басқа мамандықтарды меңгерді.

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумының шешімдеріне жауап ретінде комбинатта станоктар мен машиналарды қамту аймағын ұлғайту жолындағы жарыс өріс алды. Негізгі өндірістердің барлық жұмысшылары көтеріңкі міндеттемелер қабылдады, олардың жеті жүзге жуығы жоспарлы жүктелімнен бір жарым —екі есе асып түсті.

Бесжылдықтың басынан бері комбинат тапсырмаға қосымша екі миллионнан астам сомның өнімін шығарды.

Өскемен. Үй құрылысы комбинатында А. Попов басқаратын бригада құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін 122,5 процент орындады. Жоспардан тыс 105 мың сомның күрделі қаржысын игерді. Бір құрылысшының монтаж жұмысындағы айлық еңбек өнімділігі 122,6 процент болды.

Digitized by Google



КАДРЛАР ДАЯРЛАУДЫ ЖАҚСАРТАЙЫҚ

КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының шешімдері партия ұйымдарынан идеология кадрларының идеялық-теориялық білімі мен кәсіптік шеберлігін үнемі арттыруды, оларды даярлау мен қайта даярлау жүйесін жетілдіруді талап етеді.

Осы мәселелердің бәрі үнемі зерттеліп, партия комитеттерінің мәжілістерінде қаралады. Соңғы уақытта облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі олардан «Балықшы ауданының партия ұйымдарында үгіт активін іріктеу мен тәрбиелеу жөніндегі жұмыс туралы», «Ембі аудандық партия комитеті жанындағы идеология активі мектебінің жұмыс практикасы туралы» мәселелерді талқылады.

Балықшы аудандық партия комитеті «Алғабас» мамандандырылған шаруашылық бірлестігі парткомының ауызша саяси үгіт кадрларымен жұмыс, «Гурьеврыбпром» бірлестігі саяси хабаршылар тобының қызметі, Жамбыл атындағы колхоз үгіт коллективінің жұмысы туралы есептерін тыңдады. Ембі аудандық партия комитетінің идеология комиссиясы шалғай учаскелердегі бұқаралық-саяси жұмысты күшейту, «Қосшағыл» совхозы партия ұйымында үгітшілер мен саяси хабаршыларды аттестациялау пәрменділігін арттыру туралы ұсыныстарды талдап жасады.

Өткен жылы идеология кадрларын аттестациялау қорытындыларын қорыта отырып, облыста саяси хабаршылар мен үгітшілер саны азайғанын, мұның есесіне олардың сапалық құрамы жақсарғанын айту керек. Жұмыс есебінің журналы жүргізіледі, үгітшілер мен саяси хабаршылар күнделіктері күнделікті практикаға енді, активистердің өздерінің атқарған қоғамдық тапсырмалары жайлы партия жиналыстарында есеп беруі жиі қолданыла бастады. Осының бәрі үгіт-бұқаралық жұмыстың өмірмен байланысын нығайтуға жәрдемдесті.

Облыс саяси хабаршылары мен үгітшілерінің бәрі партиялық және комсомолдық оқу, экономикалық білім беру жүйесінде оқиды. Саяси хабаршылар топтары мен үгіт коллективтерінің жетекшілері—идеология активі мектептерінің тыңдаушылары, ал оларды аудандық партия комитетінің секретарлары басқарады. Облыстық партия комитетінің саяси оқу үйі жыл сайын мектептердің бәрін үлгілі оқу жоспарларымен қамтамасыз етеді. Оларда бұқаралық-саяси үгіт жұмысы методикасын оқып үйренуге көп көңіл бөлінеді. Оқудың активті формаларын—рефераттар әзірлеп, қорғауды, нақты шаруашылық және идеологиялық ситуацияларды талдауды, кәсіпорындар мен шаруашылықтардың өндірістік-экономикалық қызметін талдауды, еңбек коллективіндегі тәрбие жұмысының жайы жөнінен оқу-практикалық тапсырмаларды орындауды кеңінен пайдалану ұсынылады.

Новобогат, Мақамбет аудандарының идеология активтері мектептерінде белгілі бір оңды тәжірибе жинақталды. Пікірталас, пікір, тәжірибе алмасу тыңдаушылар белсенділігін арттырудың жақсы құралына айналды.

Идеология активінің Ембі аудандық мектебі жақсы жұмыс істейді. Аудандық партия комитетінің екінші секретары М. Завершинская оның жетекшісі, ал насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі У. Құмарғалиев пен бұқаралық-саяси жұмыс мәселелері жөніндегі нұсқаушы Е. Сатанқұлов бөлімшелерге бекітілген. Аудандық партия комитетінің барлық секретарьлары, бөлімдерінің меңгерушілері, тәжірибелі насихатшылар, ірі партия ұйымдарының секретарьлары лекция оқиды. Курстың барлық тақырыптары бойынша әңгімелесулер өткізіледі, практикалық тапсырмалар орындалады. Мұнда семинарлар мазмұнды да қызықты болады. Мектепте сабақ, әдетте, әр айдың соңғы сенбісінде өткізіледі. Оқу жылы аяқталғаннан кейін ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылады.

Партия ұйымдары активтің күнделікті жұмысына бағыт бере отырып, саяси хабаршылар топтарының және үгіт коллективтерінің жетекшілерімен нұсқау кеңестерін өткізеді, оларда сондай-ақ теориялық білім де, методикалық ұсыныстар да беріледі.

Шағын партия ұйымдары мен шалғай елді мекендер үгітшілерінің оқуын ұйымдастыру аса қиын учаске болып табылады. Сондықтан аудандық партия комитеттері олар үшін кусталық және аймақтық семинарларды жүйелі шақырады. Сондай-ақ өндіріс салалары бойынша үгітшілермен кеңестер өткізіледі.

Партия комитеттерінің саяси оқу үйлері мен кабинеттері активистер әңгімелерінің үлгі тақырыптарын ай сайын талдап жасап, жергілікті хабарларды әзірлейді, қажетті әдебиеттер тізімін жасайды. Таңдаулы саяси хабаршылар мен үгітшілердің жұмыс тәжірибесі қорытылып, таратылады. Соңғы уақытта саяси

Digitized by Google

оқу үйі қалалық және аудандық партия комитеттерінің үгіт-бұқаралық жұмысы, үгіт коллективтерінің жұмысын ұйымдастыру, үгітшілер жұмысының формалары мен әдістері, саяси хабаршыларды мамандандыру жөнінен методикалық советтердің құрылымы мен қызметі туралы ұсыныстар мен методикалық талдауларды әзірледі. Аудандық партия комитеттері мен партия комитеттері жанынан анықтама-информация орталықтары құрылды, онда статистикалық деректер, методикалық, информациялық материалдар, насихаттың көрнекі және техникалық құралдары қойылған.

Партия мен үкімет шешімдерін, озық өндірістік тәжірибені насихаттауда саяси хабаршылар мен үгітшілер белсенділігі өсіп келеді. Олардың көпшілігі өнім шығаруды молайту, еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту, үнем мен ұқыптылық жолындағы социалистік жарыстың инициаторлары, өндіріс резервтерін пайдалану жөніндегі байқау конкурстарының ұйымдастырушылары болуда. Бұлар — саяси хабаршылар: Индер ауданының Амангелді атындағы совхозынан Т. Темірболатов, Доссорнефть мұнай-газ өндіру басқармасынан Ш. Ерекешев, Қызылқоға ауданының Энгельс атындағы совхозынан С. Берниязов, үгітшілер: Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясынан Социалистік Еңбек Ері З. Балкенжиев, «Гурьеврыбпром» бірлестігінен Т. Юдин, «Қызыл ту» совхозынан Ш. Сағынов және басқалар. В. И. Ленин атындағы Гурьев мұнай өңдеу заводында активистер коллективте еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жұмысты шебер жүргізді. Осы кәсіпорында службалардың, бригадалардың бәрі социалистік жарыспен қамтылған, оған іс жүзінде әр жұмысшы қатысады.

Индер борат руднигінде саяси хабаршылар тобы 20 адамнан тұрады. Топтың жұмыс жоспары ай сайын жасалып, партия комитетінің мәжілісінде бекітіледі. Хабардың графигі, өткізілетін орны мен уақыты, тақырыбы көрсетіледі. Әр саяси хабаршы өзі әзірлеген тақырып бойынша бір ай ішінде бірнеше учаскеде сөз сөйлейді. Кәсіпорынның партия комитеті активпен кеңестерді, нұсқауларды жүйелі өткізеді, қажетті анықтама-информация материалдарымен қамтамасыз етеді.

Кәсіпорынның С. Есмағанбетов, С. Рахметова, Г. Симасина т. б. секілді саяси хабаршылары өздерінің партиялық тапсырмаларын жақсы атқарады. Коллективтің он бірінші бесжылдықтың үшінші жылын мерзімінен бұрын аяқтап, жоспардан тыс жүздеген мың сомның өнімін өткізуінде осындай активистердің қызметі аз емес.

Облыс пен республиканың көптеген басқа озық кәсіпорындарындағыдай, рудник еңбеккерлері үстіміздегі жылы еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1 процент арттыру және өнімнің өзіндік құнын қосымша 0,5 процент кеміту жөніндегі социалистік міндеттемені орындау жолында еңбек етуде.

Сонымен бірге партия ұйымдарының жұмысында ауызша саяси үгіт кадрларын іріктеу және оқыту жөнінен елеулі кемшіліктер баршылық. Бірқатар коллективтерде активистердің семинарлары мен нұсқау кеңестері жүйелі өтпейді. Кейбір жерлерде үгіт-бұқаралық жұмыс кадрларын оқыту жүйесі жоқ.

Идеология активі мектептерінің жұмысында да кемшіліктер бар. Олардың кейбіреулерінде оқу лекторий түрінде құрылады, практикалық сабақтар, тыңдаушылармен әңгімелесулер сирек өтеді, кейбір пәндердің методикалық толымдылығы әлі де жеткіліксіз.

Осының бәрі партия ұйымдарының бұл бағытта күшті жұмыс істеуіне тура келетінін әңгімелейді.

Т. ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ,
Қазақстан Компартиясы Гурьев облыстық комитеті саяси оқу үйінің консультанты.

МАҚАЛДАР МЕН МӘТЕЛДЕР

ҮЛГІ-ӨНЕГЕ ТУРАЛЫ

Ел алғысын алсаң,
Елеулісі боларсың,
Әдет — әдет емес, жөн — әдет.

«Сіз» деген әдеп,
«Біз» деген көмек.

Талап — талмас қанат.

Адамдықтың белгісі —
Иіліп сәлем бергені,
Шын достықтың белгісі —
Көп кешікпей келгені.

Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар.
Жігітке жетпіс өнер де аз.
Ұста соққан от арба,
Шын көлік қой сапарға.

Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.

Кедеймін деп қысылма,
Өнерің болса қолында;
Өнерлінің ырысы —
Жарқырап жатар жолында.

Сөзің қысқа болсын,
Қолың ұста болсын.

Өнерлінің алтыны қолында,
Байлығы жатар жолында.
Бәйшешек гүл — жердің көркі,
Өнер-білім ердің көркі.

Digitized by Google

АЛҒАШҚЫ ТЫҢГЕРЛЕРГЕ ТЕҢЕЛУДЕ

«Одесса» менің туған совхозым —
Тыңның байтақ төсінде
Даңқың шықты еңбекпенен, өнменен
Және тынысымен көктемнің...

Бұл жолдар — 1954 жылы комсомолецтер мен жастардың алғашқы отрядымен Қазақстанның шексіз ақ селеулі даласына келген, тусыраған жерлерде алғашқы бораздаңы тартқан, алғашқы тың астырына қуанған адамдардың шығарған өлеңінен алынған.

Қара теңіз жағалауындағы батыр қала есімімен аталған совхоз онымен осы күнге дейін тығыз байланыс жасап тұрады. Бізге жыл сайын студенттердің құрылыс отряды келеді. Одессалықтардың үгіт бригадалары да бірнеше рет келіп қайтты Біздің орта мектебіміздің көптеген түлектері Одессаның оқу орындарында оқиды.

Біздің шаруашылық астық, ет, сүт өндірумен айналысады. Ауа райының күрделілігіне қарамастан, он бірінші бесжылдықтың үш жылы ішінде біз мемлекетке астық тапсыру жөніндегі тапсырманы едәуір асыра орындадық, жоспардағы 27.3 мың тоннаның орнына 44 мың тонна астық тапсырылды. Бесжылдықтың төртінші жылының есебіне 6614 тонна құйылды. Үш жылдың сүт пен ет өндіру және оны мемлекетке тапсыру жөніндегі тапсырмалары да асыра орындалды. Жоспардағы 3650 тоннаның орнына 3710 тонна сүт, жоспардағы 785 тоннаның орнына 795 тонна ет өткізілді.

Бүгінде атқарылған жұмыстарды қорытындылай отырып, алғашқы тың игеруші Н. П. Таран, В. Г. Табаков. Ю. М. Покраснеев, өндіріс озаттары Д. П. Глушко, Э. Баймлер, Б. Бәкібаев, С. С. Пичевский, В. П. Дмитриенко коллективке серпін беретінін атап өткен жөн. Олар көптеген бастамалардың инициаторлары, жарыс көшін бастаушылар, жас дикандар мен малшылардың ұстаздары.

Өткен егін орағында партия комитетінің мүшесі В. Э. Райн басқаратын № 3 егіс комилексі аса жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Аудандық жарыста бірнеше рет жеңімпаз боп шыққан коммунистер И. И. Миллер мен С. Бәкенов басқаратын звенолар егін орағында үздік еңбек етті, олар 200 процент және одан да жоғары өнімділікке жетіп отырды.

Совхозда Ленин орденінің иегері, механизатор, У. У. Кәрішеваға айрықша құрметпен қарайды. Тоғыз баланың анасы, партия комитетінің мүшесі Үміт Уәйісқызы өз жұмысын қоғамдық өмірге белсене қатысуымен шебер ұштастыра біледі, халық депутаттары облыстық Советінің депутаты болып табылады.


Алғашқы тың игерушілер: комбайншыдан директор орынбасарына дейін өскен А. И. Липка, совхоздың бас бухгалтері А. И. Трегубова өздерін шаруашылық өндірісінің жақсы ұйымдастырушылары ретінде көрсете білді. Жас коммунистер, бригадир — малшылар С. А. Омарова мен А. А. Манапов тәжірибелі басшылармен қатар еңбек етеді.

Алғашқы тың игерушілер ерлігі — аға ұрпақтың ісін лайықты жалғастырушы ұлдары мен немерелері үшін жігерлендіретін үлгі. Бұзау күтуші В. Я. Шмелева «Одесса» совхозы құрылғаннан бері еңбек етіп келеді. Оның қызы Галина педагогика институтын бітіріп, туған жеріне оралды, мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып істейді. Валентина Яковлевнаның өзі жас шамасына қарай құрметті демалысқа шығуына болса да, әлі еңбек етуде, өз тәжірибесін жастармен алмасады. Тағы да бір озат сауыншы А. А. Гамова еңбек еткен 30 жыл ішінде өз шеберлігін көптеген адамға үйретті.

Совхозда Табаковтардың, Ковалевтардың, Шпехтердің еңбек әулеттері қалыптасты. Ұлы Отан соғысының ардагері, жуырда ғана құрметті демалысқа шыққан Ф. А. Ковалев жиырма жылдан астам уақыт механизатор, жүргізуші болып еңбек етті. Оның әйелі Евгения Парфентьевна — сауыншы, ал еңбекте аса жоғары нәтижелерге ғана жетіп қоймай, қызы Ольгаға өз шеберлігін үйрете білді. Жас коммунист О. Ф. Ковалева — аудандық партия комитетінің мүшесі, коллективте үлкен беделге ие болған.

30 жыл ішінде адамдар да өсті, село да танымастай болып өзгерді. Типтік үлгімен салынған орта мектеп, балалар комбинаты, жылуы, газы, телефоны бар жайлы тұрғын үйлер, асфальтталған көшелер және басқалар оның бейнесін айрықша өзгертті. Шаруашылық экономикасының дамуына адамдардың мәдениетінің, білімінің, материалдық әл-ауқатының өлшеусіз өскен дәрежесі, еңбек және тұрмыс жағдайының жақсаруы ықпал етеді. Мұнда шаруашылықты экономикалық жағынан бұрынғыдан берік нығайту; ал селоны көркейте түсу мақсатымен біріккен 18 ұлттың өкілдері өмір сүріп, еңбек етуде.

Digitized by Google



Көкшетау облысы. Тыңның 30 жылы ішінде Көкшетау облысы Қазақстан мен еліміздің ірі астықты өлкелерінің біріне айналды. Мұнда 2,6 миллион гектар жаңа жер игерілді, 150-ден астам жаңа совхоз салынды. Ұмытылмас елу төртінші жылы Буденный атындағы совхоз да құрылды. Енді ол тыңдағы Куйбышев ауданының озық, мықтап өркендеген шаруашылықтарының бірі. Тыңның алғашқы бороздасын тартқан ДТ—54 тракторы село орталығында, мектепке тақау тұрғырға қойылған. Мұнда алғашқы тың игерушілердің балалары мен немерелерін пионер және комсомол қатарына қабылдайды, ардагерлер жастармен жиі кездеседі. Олардың ішінде туысқан Украинаның өкілі, агроном Василий Петрович Химич бар, ол Социалистік Еңбек Ері болды.

Суретте: В. П. Химич жоғары класс оқушыларымен кездесуде.

Суретті түсірген **С. Мағзұмов** (ҚазТАГ).

Жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді табысты орындау, Азық-түлік программасын жүзеге асыруға үлес қосу — бұл партия комитетінің ұйымдық және тәрбие жұмысы бірлігінің, басшылардың, мамандардың совхоз еңбеккерлерін тәрбиелеуге қатысуының нәтижесі.

Социалистік жарысты ұйымдастыру бағытында үгітшілер көптеген істер атқаруда. Тың ерлігінің юбилейіне, сондай-ақ СССР Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік барысында үгіт коллективі партия комитетінің басшылығымен өз жұмысында өздері де үгітші, саяси хабаршы болып табылатын, еңбекте үлгі көрсетіп жүрген алғашқы тың игерушілердің бай тәжірибесін ұтымды пайдаланады. Мысалы, В. В. Шульга бұзаулардың салмағын арттыру жөнінен көтерінкі міндеттеме алып, оны орындап шықты.

Бригадир, үгітші А. А. Манапов басқаратын товарлы сүт фермасының коллективі 1984 жылдың бірінші тоқсанының жоспарын 4 март—сайлау күніне дейін орындады.

Үгітшілер Р. З. Кутуеваға, Г. А. Батянға, С. А. Омароваға, насихатшылар, саяси хабаршылар А. Н. Драгомаренскийге, А. Г. Канафинге, Н. Т. Бондаренкоға тән адамдарды иландыра білу шеберлігі коллективтің күрделі өндірістік міндеттерді табысты шешуіне көмектеседі.

Шаруашылық басшылары, партком мүшелері еңбеккерлермен фермада, шеберханаларда кездеседі. Жарысқа ерекше көңіл бөлінеді. Партия комитетінің информация-анықтама тобы «Социалистік жарыс бюллетеньдерін», «молнияларды», «көрсеткіш экрандарын» шығарады. Жеңімпаздар құрметіне еңбек даңқы жалауы көтеріледі, олардың семьяларына алғыс айтылған хаттар жолданады. Еңбеккерлердің жетістіктері салтанатты түрде атап өтіледі. Осының бәрі партия белгілеген міндеттерді орындауға көмектесуде.

Н. ПРОСАЛОВА,
Целиноград облысы Алексеев ауданындағы «Одесса» совхозы партия комитетінің секретары.

Digitized by Google

ІЗГІ ТӘЖІРИБЕ БАРШЫЛЫҚ

Республиканың барлық кітапханалары совет адамдарының еңбек ерлігінің 30 жылдығын кеңінен атап өтті. Осы атаулы оқиғаға арналған кеш біздің кітапхана қызметкерлері мен оқырмандар активінің жадында сақталады, онда жазушылар, ақындар, композиторлар, әншілер сөз сөйледі.

Олар тың игерудің өз творчестволарында қандай қуатты серпінге айналғанын көрсетті.


Юбилейге вестибюльде безендірілген көрме арналды. Республикалық кітапханаңың әрбір бөлімі бұл оқиғаға өз үлесін қосты. Методикалық бөлім кітапханалар үшін кітап көрмелерін, оқырмандар конференциясын, кештер ұйымдастыруға, үгітшілер мен саяси хабаршылардың әңгіме өткізуіне көмектесетін «Астық — Отанымыздың байлығы» деген ұсыныстар әзірледі.

...Кітапханалар тың эпопеясына өз үлесін қосты. Олар партия мен үкіметтің тың және тыңайған жерлерді игеру, мол өнім алып, мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасау жөніндегі міндеттерін шешуде қоғамдық және ауыл шаруашылығы ұйымдарына көмектесуге ұмтылуда. Демек тың жерлердегі жұмыс жоғары кәсіптік даярлықты, ғылыми жаңа білімді талап етті. Кітапхана қызметкерлері жаңа, әдеттегіден өзгеше жағдайда бұқаралық-саяси жұмысты жастардың жаңа кәсіптерді меңгеріп, тыңнан өз орнын табатындай етіп құрды.

Жас тың игерушілер үшін кітаптар жинауға, оқырмандарға, олардың ішінде Совет Армиясының демобилизацияланған жауынгерлері, ауыл шаруашылығының жас мамандары, комсомолдық жолдамамен келген өндірісшілер мен мектеп түлектері бар еді, қызмет көрсетуге жұртшылықты кеңінен тарту сол кезде кітапхана жұмысын ұйымдастырудың маңызды ерекшелігі болды.

Тың игеру аудандарындағы кітапханалар қамқорлық көмек алып отырды. Бұл іште Қазақ ССР А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасының қызметкерлері үлкен роль атқарды, олар селода мамандықтар бойынша оқырмандар конференцияларын, озаттармен кездесулер, диспуттар өткізуге көмектесті. 1954 жылдың өзінде ғана біздің кітапхана 600 кітаптан бес шағын кітапхананы жинақтап, Ақмола (қазіргі Целиноград) және Павлодар облыстарына жөнелтті. Сонымен қатар ол В. И. Ленин атындағы СССР Мемлекеттік кітапханасымен ты-

Жаңа кітаптар



— Бүкіл осы жерді көтеру үшін, оған тұқым сеуіп, егін өсіріп, оны жинап алу үшін қандай орасан зор жұмысты атқару керек болғанын тек космостан ғана көруге болады! Егін егілген даланың бейнесі орақ қарсаңында қалай өзгеретінін — республиканың солтүстігінде ашық жасыл түстен науқан ерте басталатын оңтүстігінде көз шағылыстырғандай сары түске дейін өзгеретінін космостан ғана көруге болады, — деді космонавт Алексей Леонов бір интервьюінде кең байтақ Қазақстан даласы туралы. Көтерілген тыңның кешегісі мен бүгінгісі жайында «Нан туралы аңыз» фотоальбомын қазақ және орыс тілдерінде шығарған республикалық «Өнер» баспасы осы ұлылықты фотопублицистика тілімен бейнелеуді өз міндетіне алған. Осы басылымды әзірлеу жұмысына республиканың таңдаулы фотожурналистері И. Будневич, В. Григорьев, Ю. Кельдин, В. Коренчук, Г. Линкевич, Қ. Мұстафин, Г. Попов және басқалар тартылды, онда мемлекеттік архивтен сирек кездесетін суреттер пайдаланылды. Авторлар фотокітапқа Қазақстанның барлық облыстары еңбеккерлерінің істері туралы түрлі-түсті суреттерді енгізген. Ғасырлар бойы

Digitized by Google

ғыз байланыс жасап, жас энтузиастарға арналған «экспресс— информация» алып тұрды.

Кітап тасушы, кітап беру пункттері, филиалдары сияқты көшпелі қызмет көрсетудің әртүрлі формалары кеңінен пайдаланылды. Әдебиеттер сырттай және кітапханааралық абонемент көмегімен жеткізілді.

Тыңда кәсіподақ кітапханаларының жүйесі анағұрлым тез дамыды. Тұқым себу және егін жинау науқандары кезінде олардың қызметкерлерінің қатысуымен ең шалғай учаскелерде, қырмандарда, бөлімшелерде, бригадаларда әңгімелер өткізілді, қабырға газеттері, «молниялар», «жауынгерлік листоктар» шығарылды, социалистік жарыс экрандары безендірілді.

Кәсіподақ кітапханалары мәдениет органдарымен, барлық жүйелер мен ведомстволардың кітапханаларымен тығыз байланыста жұмыс істеді. 1954 жылы олардың жұмысын зерттеп, практикалық көмек көрсету үшін біздің қызметкерлер Семей, Көкшетау, Қостанай, Ақмола (Целиноград), Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарына барды.

Сол кезеңде жаңа міндеттерге сәйкес облыстық кітапханаларда методикалық бөлімдер құрылды. Біздің кітапханада бұл бөлім кеңейтілді, сондай-ақ озық тәжірибені насихаттаумен айналысқан кітапханалардың бас мамандарынан ғылыми-методикалық совет ұйымдастырылды. Кітапшалар шығарылды, республикалық газеттерде хабарлар басылды. «Қазақстан кітапханасы» информациялық листогы, тың аудандары кітапханашыларының тәжірибе алмасуы жөнінен плакаттар шығарылды. Мысалы, Қостанай облыстық мәдениет басқармасы қызметкерлері Амангелді селолық кітапханасының тәжірибесін таратты.

Тыңда бұқаралық кітапханалардың кең жүйесін өрістету жастарды аса маңызды саяси және шаруашылық міндеттеріне жұмылдыруға қосылған сүбелі үлес болды. Жастар арасында кітаптарды кеңінен насихаттаудың осындай тәжірибесі бұрын болмаған еді.

Қазіргі уақытта СССР-дің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға байланысты тың аудандары елімізді астықпен қамтамасыз етуде, мал шаруашылығын одан әрі дамытуда әлі де маңызды роль атқаруда. Сондықтан да осы аудандардың кітапхана жұмыстарындағы басты бағыттардың бірі — ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге белсенді ықпал ету. Ғылыми-зерттеу, информациялық және методикалық қызметтің үйлестіру орталығы — республикалық мемлекеттік кітапхана коллективі олардың жұмысының идеялық дәрежесін одан әрі арттыруға, аграрлық-өнеркәсіптік комплексті дамытудағы ролін күшейтуге қамқорлық жасайды.

Б. ДОСЫМБАЕВА,
Қазақ ССР-інің А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасы ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі.

тусырап жатқан даланы оятқан өзгерістерді жырлаған халық ақындары мен жыршыларының әндері оның бөлімдері арасында үйлесімді байланыс тапқан.

Бұдан отыз жыл бұрын қарлы борандар мен бұрқасындарда комсомол эшелондары тыңға аттанды. Жергілікті тұрғындар жүз тілде дерлік сөйлейтін жаңа қоныстанушыларды жылы қарсы алып, бауырларына тартты. Көптеген совет адамдарының өмірбаянына жарқын бет болып енген, өздерінің жақсы қасиеттерін көрсете білуіне көмектескен тың осылай басталды.

Фототілшілер астық жолындағы шайқастың орталығында бір ерекше мәні бар сурет түсірген: диқан ауыр жұмысқа әбден пісіп-қатқан, қарулы қолымен сондай қиын жолмен келген, күттірген егіннің піскен бір уыс дәнін мәпелеп ұстап тұр. Міне, бұл жанқиярлық еңбек үшін туған жерге деген сүйіспеншілік үшін басты награда.

«Нан туралы аңыз» фотошежіресі деректі әңгіменің ақиқаттығымен ақ селеулі далада брезент шатырларды алғаш тіккен, тусырап жатқан, шыммен құндақталған жерде плугпен мәңгілік «автограф» қалдырған, осы жерде поселкелер, қалалар, мал шаруашылығы комплекстерін, институттар мен Мәдениет сарайларын салған, бау-бақшалар мен жүзімдіктер отырғызған адамдардың өмірі мен істері туралы сыр шертеді. Игерілген тың — бұл біздің көп ұлтты Отанымыздың барлық халықтарының достығы мен туысқандығының жүзеге асырылуы деген басты ой кітаптың негізгі арқауы болып табылады.

«Нан туралы аңыз» — коммунистер партиясы белгілеген міндеттер және оларды адамдардың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін жүзеге асыруы туралы әңгімесі. Еліміздің Азық-түлік программасы осы үлкен істің жалғасы болды. «...бұл — жалпыхалықтық міндет, — деп атап көрсетті Д. А. Қонаев жолдас.— Сондықтан оны шешуден ешкім босатылмайды. Біздің әрқайсысымыз өз үлесімізді қосуға міндеттіміз, әрі ол неғұрлым сүбелі болса, бүкіл халық үшін, әрбір совет семьясы үшін солғұрлым жақсы болады».

Г. ЛИПАТНИКОВА,
«Өнер» баспасының аға редакторы.

«Нан туралы аңыз». Фотоальбом. Құрастырушылар В. Глуховцев, Г. Фрумкин, М. Әубәкіров. Редакторы С. Гусакова, «Өнер», 1984 жыл.

Digitized by Google

ИДЕЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТЕ ШЫҢДАЛУ МЕКТЕБІ

26—27 майда Алматыда тың игерудің 30 жылдығына және студенттік құрылыс отрядтарының 25 жылдығына арналған осы отрядтарға қатысушылардың Бүкілодақтық слеті өтті. Слет материалдары 27—28 майда орталық, республикалық және жергілікті баспасөзде жарияланды.

Осы маңызды саяси оқиға туралы әңгімелерде партия мен үкіметтің жастарды даңқты тың дәстүрлеріне тәрбиелеуге қандай орасан зор мән беретінін атап көрсету керек. В. И. Ленин атындағы Сарайдағы пленарлық мәжілісте жылы шыраймен қарсы алған КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшелері К. М. Аухадиев, В. Ә. Әшімов, Е. Ф. Башмаков, К. Қ. Қазыбаев, З. К. Камалиденов, О. С. Мирошкин, Н. Ә. Назарбаев, Ю. Н. Трофимов, ВЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші секретары В. М. Мишин, КПСС Орталық Комитетінің жауапты қызметкерлері В. М. Петров, Л. Г. Ромашкин, космонавт-ұшқыш, екі мәрте Совет Одағының Батыры Г. М. Стрекалов, Жоғарғы Совет Президиумының председателі мен Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасарлары, одақтық және республикалық министрліктер мен ведомстволардың, оқу орындарының, одақтас республикалар ЛКСМ Орталық Комитеттерінің басшылары слет жұмысына қатысты.

Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, республиканың Жоғарғы Советі Президиумы мен үкіметі атынан құттықтау сөзінде тың астығынан да, металдан да, біздің республикамызда жасалатын нәрсенің бәрінен де халықтар достығының ұлы күші айнадағыдай көрінеді, деп атап көрсетті. Өткен жылы ғана Азықтүлік программасын жүзеге асыруға байланысты объектілерде студенттік отрядтар 95 миллион сомның құрылыс жұмыстарын орындады, көптеген тұрғын үйлер салынды, республикада жыл сайын 100 миллион сомнан астам күрделі қаржы игеріледі. Ширек ғасыр ішінде олар Қазақстанда барлығы 2 миллиард сом игерді. Н. Ә. Назарбаев өндірістік және қоғамдық қызметтегі жоғары көрсеткіштері үшін Москва қалалық, Ленинград облыстық, Украинаның және Қазақстанның республикалық студенттік құрылыс отрядтарына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің ескерткіш Қызыл туын тапсырды.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдастың тілектестігінде, ВЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші секретары В. Мишиннің баяндамасында, слетке қатысушылардың сөйлеген сөздерінде атап көрсетілген патриоттық қозғалыстың интернационалдық сипаты мен оның болашақ мамандарға коммунистік тәрбие беруде, кәсіптік қалыптасуы мен азаматтық шыңдалуында атқаратын зор ролін әңгімелерде көрсету қажет.


Студенттік еңбек бригадалары алғашқы бесжылдықтар жылдарының өзінде-ақ екпінділіктің даңқты дәстүрлерінің бастауы болды. Ұйымдасқан бұқаралық қозғалыс негізін қалаған ұмытылмас 1959 жылдан бері студенттік отрядтар 15 миллиард сомнан астам күрделі қаржы игерді. Жыл сайын 180 мыңнан астам жігіт пен қыз Бүкілодақтық екпінді құрылыстарда еңбек етеді. Өткен жазда олармен бірге дүние жүзінің 108 елінің 12 мыңнан астам жас өкілі жұмыс істеді.

Слетте комсомол комитеттерінің, студенттік құрылыс отрядтары штабтарының, студенттік отрядтардың болашақ мамандарды идеялық-саяси және еңбекте шыңдаудағы, кәсіптік даярлаудағы ролін арттыру міндеті қойылды.

Слетке қатысушылар КПСС Орталық Комитетіне, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдастың атына бірауыздан қабылданған құттықтау хатта студенттік отрядтардың даңқты дәстүрлерін қастерлеп сақтап, еселей беруге, патриоттық қозғалысқа жат көріністермен күресуге, әрдайым Ленинше, коммунистерше өмір сүріп, оқуға, еңбек етіп, күресуге ұмтылатынымыз деп партия мен үкіметті сендірді.

Digitized by Google

Азық-түлік программасы — бүкілхалықтық іс



Бүгінде біздің алдымызда астық, техникалық дақылдар өндіруде және халықты тамақ өнімдерімен, ең алдымен етпен, сүтпен, жеміспен және овощпен қамтамасыз етуде неғұрлым жоғары шептерге шығу міндеті тұр.

К. У. Черненко жолдастың аграрлық-өнеркәсіп комплексінің проблемалары жөніндегі Бүкілодақтық экономикалық кеңесте сөйлеген сөзінен.

Егінді тез және ысырапсыз жинап алайық

(ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР)

✦ Орақ науқаны жақындап келеді. Бұл әрбір дихан, аграрлық-өнеркәсіп комплексінің әрбір еңбеккері, партия ұйымдары үшін жауапты сын. Тыңның ерлік эпопеясының 30 жылдығында мемлекетке 16,6 миллион тонна астық, 340 мың тонна шитті мақта, 2,1 миллион тонна қант қызылшасын, 600 мың тонна картоп, көптеген овощ тапсыру — Қазақстан диқандарының абыройлы ісі.

✦ Қатты, бағалы және күшті бидай сорттарын өндіруде Қазақстан жетекші орын алады. Өткен жылы республикада олардың үлес салмағы 84 процент болды. Қазақстандық астықтың жоғары сапалы сорттары еліміздің барлық аймақтарында нан тағамдарының сапасын арттыру үшін негіз болып табылады. Мұндай астыққа деген сұраныс өте көп, және біздің диқандардың міндеті — оларды өндіруді барынша үдету. Мемлекет қатты және күшті бидайларды өндіруге жұмсалатын шығындарды еселеп өтеуде. Қатты бидайлардың сатып алу бағасы жұмсақ бидайдан 70—100 процент, күшті бидайды сатып алу бағасы 30—50 процент көп (клейковинасының құрамына қарай) тағайындалды.

1982 жылы Қостанай облысының «Путь к коммунизму» колхозында гектарына 23 центнерден қатты бидай жиналып, мемлекетке оның 5,4 мың тоннасы сатылды. Сапасы үшін қосылған үстеме 360 мың сомнан асты. Колхоз өткен жылдың жоспарын да орындап шықты.

✦ Орақта уақыт факторы шешуші роль атқарады. Еліміздің егістіктерінде бір минуттың ішінде 12 мың гектар егін жиналады. Биылғы егін орағында елімізде 12797 мыңнан астам комбайн мен жатқа, 1,3 миллионнан астам жүк автомобилі жұмыс істейтін болады. Осы орасан зор күшті мейлінше жоғары өнімділікпен пайдалану қажет.

✦ Дәні әбден піскен масақ көп тұра алмайды. Ғалымдардың зерттеулері көрсеткеніндей, Қазақстанның солтүстік облыстарында егін жинаудың қолайлы мерзімі 15—20 күннен аспайды. Осы мерзімнен кейінгі алғашқы алты күнде өнімнің 6 проценттен астамы рәсуа болады, тоғыз күннен кейін оның ысырабы 10 процент, ал жиырма күннен кейін 23 проценттен астам құрайды. Тәртіп пен ұйымшылдыққа үлкен көңіл бөлінетін озық шаруашылықтарда егінді ору мен бастыруды 10—15 күн ішінде аяқтайды, соның нәтижесінде астық ысырабына жол бермейді. Барлық коллективтер осындай дәрежеде жұмыс істеуге тиіс.

Науқанның әрбір күні мен әрбір сағатының қайтарымы, ең алдымен, оған өзірлік дәрежесіне тәуелді. Әрбір коллективке қойылатын бірінші кезекті талап — егін жинау машиналарын орақ басталардан кемінде екі апта бұрын өзірлеу.

✦ Бригадалық мердігерлік орақ қарқынын тездетуге міндетті. Оны енгізген коллективтер еліміздің 75 миллион гектар егістігін өңдейді. Олар, әдетте, алаңның бір өлшемінен өнімді 10—30 процент көп алады. Бүгінде Қостанай облысының өзінде ғана 800-ден астам мердігерлік бригада мен звено жұмыс істейді.

✦ Алдағы орақта техниканы пайдаланудың өзін ақтаған ірі топтық әдісін кеңінен қолдану қажет. Сонымен бірге еңбек өнімділігі біржарым есе және одан да көп артады. Комбайншылар жұмысының вахталық әдісін кеңінен енгізу қажет, мұның барысында олар бірін-бірі екі-үш сағаттан кейін ауыстырып отырады. Бұл еңбекте жоғары қайтарым мен сапаға қол жеткізуге, егін жинау мерзімін қысқартуға көмектеседі.

✦ Еңбекшілердің еңбек өнімділігін жоспардан тыс кемінде 7 процент арттыру және өнімнің өзіндік құнын 0,5 процент кеміту жөніндегі бүкілхалықтық міндеттемені орындауы айтарлықтай дәрежеде егін жинау конвейерінің барлық буынындағы ұйымшылдыққа тәуелді. Қазақстанның солтүстік облыстарында ғана астықтың өзіндік құнын 1 процент кеміту бесжылдық ішінде орташа есеппен 30 миллион сомнан астам экономикалық тиімділік алуға мүмкіндік береді. Бұл қаржы 4 мыңнан астам жайлы пәтер құрылысына жетеді.

Digitized by Google

✦ Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнының қырық процентке жуығы жанар-жағар май материалдарының үлесіне келеді. Еліміздің ауыл шаруашылығында жанар май шығынын бір процент кеміту жыл ішінде 20 миллионнан астам сомды үнемдеуге көмектеседі. Осы салада әрбір трактор мен автомобильден жылына орташа есеппен небары 100 килограмм жанар май үнемделсе, онда жылына ол 420 мың тоннадан астам құрайды.

Осыны жақсы түсіне отырып, көптеген бригадалар, звенолар, сондай-ақ жекелеген механизаторлар үстіміздегі жылға жанар майды үнемдеп жұмсау жөнінен нақты міндеттемелер қабылдады. Мысалы, Қостанай облысы Урицкий ауданының А. П. Чехов атындағы совхозынан В. И. Ермаковтың мердігерлік бригадасы биыл оның шығынын 5 процент кемітуге ұйғарды. М. В. Ломоносов атындағы совхоздан В. А. Татаренконың бригадасы 8 тонна дизель отынын үнемдейді.

✦ Егін жинау мерзімі мен сапасы жолындағы күресте дикандармен қатар олардың аграрлық-өнеркәсіп комплексіндегі серіктестері —автомобильшілерге, темір жолшыларға, астық қабылдау пункттерінің еңбеккерлеріне де үлкен жауапкершілік жүктелген. КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы қолда бар бүкіл транспортты дер кезінде тиісті техникалық жағдайға келтіру, егін жинау кезінде жүргізушілердің жоғары өнімді еңбек етуі мен дұрыс демалуы үшін қажетті жағдай жасау жөнінен жасаған шараларын жүзеге асыру тұрғысынан республикада көлемді жұмыстар жүргізілуде. Астықты комбайндардан тасудың, комбитрейлерлік және үлестік әдістері кеңінен қолданылуға тиіс. Соның арқасында айналым тіркемесі бар автомобиль 4—5 комбайнды қамти алады, автомобильдердің кідірістері 15 процент кемиді, комбайндардың іркілісі 3—4 есе қысқарады. Жүк тасымалының өзіндік құны 30 процент азаяды, ал орақ мерзімі 1,5—2 күнге қысқарады. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Е. Е. Төлемісов басқаратын Көкшетау облысы Володар автокомбинатынан жүргізушілер бригадасының екпінді жұмысы барлық автомобильшілер үшін үлгі-өнеге бола алады. Өткен орақта «Шалқар» совхозында олар бес автомобильмен және жиырма автомобиль тіркемесімен 22 комбайнды қамтып, әр автомобильдің 110 тонналық күндік өнімділігін қамтамасыз етті, мұның өзі жұмыстың қарапайым әдісіне қарағанда бес еседен көп.

✦ Сағаттық график астықты элеваторларға және астық қабылдау пункттеріне тасымалдауды ұйымдастырудың негізі болуға тиіс. Соның нәтижесінде автомобильдің тәуліктік өнімділігі кемінде төрттен біріне өседі. Астық дайындаушылардың еңбек өнімділігі кемінде 20 процент артады.

✦ Бұл күндері астық және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін тасымалдауға арналған әрбір автомобиль мен темір жол вагонын дер кезінде әзірлеу, барлық транспорт құралдарының мықтап бекітілуін мұқият тексеру, ысырапқа жол бермейтін тетіктермен жабдықтау қажет. Егер астық жапқышы жоқ автомашинамен тасылса, желсіз күнде жол жақсы болғанның өзінде 50 километрлік аралықта 30—40 килограмға дейін дән ысырап болады.

✦ Егін жинау сапасы картоптың, овощтың және егіншіліктің басқа да барлық өнімдерінің сапасы мен сақталу мерзімін дәл анықтайды. Сондықтан да стандартсыз картоп бағасының мемлекеттік стандартқа сәйкес келетін картопқа қарағанда 28 процент төмен белгіленуі кездейсоқ емес.

✦ Егер қант қызылшасының қанттылығы небары 1 процент арттырылса, онда республиканың қант заводтары 20 мың тонна қант бере алады. Мұның өзі бір жыл ішінде жарты миллионға жуық адамды қантпен қамтамасыз ету үшін әбден жетеді.

Бір шаршы метр алаңда бір масақ қалдыру еліміздің ауқымында 1,5 миллион тоннаға жуық астық жиналмай қалды деген сөз. Бір шаршы метр алаңда бір картоп қалдыру 26 миллион тонна ысырапқа соқтырады. Бір шаршы метр алаңда бір қиярды немесе помидорды тастап кету 200 мың тонна овощ жиналмай қалды деген сөз.

✦ Танап беретін барлық өнімді толық пайдалану маңызды. Сабан, қызылша жапырақтары, ұқсатылған овощ қалдықтары — мал шаруашылығы үшін жемшөп ресурстарын толықтырудың елеулі резерві. Мысалы, сабанның бір тоннасы қосымша 120—150 жемшөп өлшемін бере алады.

✦ Республиканың оңтүстік облыстарында дәндік жүгерінің сабақтарын толық пайдаланбау салдарынан 1,5 миллион тонна сүрлем зая кетеді.

✦ Жемісті ұқсату барысында әзірше 10 мың тонна сықпа рәсуа етіледі, тиісінше өңдеу арқылы оны іске жаратуға болады.

✦ Тұрмыстық қызмет көрсету жүйесінің қызметкерлері де орақ науқанына өз үлесін қосуға тиіс. Науқанға қатысушыларға тұрмыстық, медициналық, мәдени қызмет көрсетуді барлық жерде жолға қою, оларды қамқорлыққа алу және көңіл бөлу маңызды.

✦ Егінді тез және ысырапсыз жинап алу, мемлекетке танап пен фермалардың өнімдерін сату жөніндегі міндеттемелерді орындау дегеніміз партияның XXVI съезінің және КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының, Қазақстан Компартиясы XV съезінің шешімдерімен белгіленген он бірінші бесжылдықтың төртінші жылының және тұтасынан бесжылдықтың тапсырмаларын орындау жолындағы күресте тағы бір маңызды қадам жасау деген сөз.

Digitized by Google



Орал облысы. Еліміздің бір топ механизатор әйелдері бертінде Паша Ангелина атындағы сыйлыққа ие болды. Олардың ішінде «Каменский» совхозының трактористі, комсомолец Айгүл Өтебаева да бар. Бұдан үш жыл бұрын № 13 селолық кәсіптік-техникалық училищені бітіргеннен кейін өзінің ағалары Бейбітпен және Жеңіспен бірге совхоздың үшінші товарлы сүт фермасында тракторшы боп жұмыс істей бастады. Ол нормасын бір жарым есе асыра орындайды.

Суретте: (солдан оңға қарай) малшы Ж. Өтебаев, совхоз комсомол комитетінің секретары К. Садықова, малшы Б. Өтебаев және тракторшы А. Өтебаева.

Суретті түсірген В. Сальников (ҚазТАГ).

ІСТЕРІМЕН ҮН ҚАТАДЫ

«Первомайский» совхозының еңбеккерлері үстіміздегі бесжылдықта жақсы жұмыс істеуде. Бесжылдықтың үш жылының жоспарын мемлекетке сүт сату жөнінен 1983 жылдың сентябрінде-ақ орындап шықты. Олар тапсырмадағы 67100 центнердің орнына 69 мың центнерге жуық сүт тапсырды.

Өткен жылы шаруашылық дикандары егінді біршама бітік өсірді, орақты тез, жоғары сапамен өткізді. Соның нәтижесінде мемлекетке астық сату жөнінен бесжылдықтың үш жылының жоспары қыруар асыра орындалды. Мемлекетке тапсырмадағы 19 мың центнердің орнына 108 мың центнерге жуық астық тапсырылды. Шаруашылықтың әйгілі комбайншылары Н. П. Перерва, А. А. Бондаренко, М. И. Чубов егін жинауда жоғары өнімді еңбек үлгісін көрсетті.

Сауыншылар Е. Молчанова мен З. Бәрібаева да социалистік жарыстың көш басында келеді.

Коллективтің өндірістік табыстарының әр жағында коммунистердің үлкен бұқаралық-саяси жұмысы жатыр. Мысалға шаруашылықтың төртінші бөлімшесінің сүт фермасын алайық. Мұнда коллектив еңбегі, оның жоспарлары мен тамаша адамдары туралы әрдайым қызыл мүйістен білуге болады. Ол үгіт жұмысының орталығы болып табылады. Адамдар мұнда жаңа газет-журнал оқуға, фермадағы, совхоздағы еңбек сайысының барысымен танысуға келеді. Ең соңғы жаңалықтарды үгітшілер Т. И. Куницкая мен З. И. Штепенкодан жиі білуге болады. Аудандық байқау барысында екінші орынға ие болған көрнекі үгіт солардың қамқор қолдарымен безендірілді.

Рыбаковск селолық клубының меңгерушісі Татьяна Ивановна Куницкаяның үгітші болып істегеніне көп уақыт өткен жоқ, бірақ ол совхоз еңбеккерлерінің барлық істеріне белсене араласуы, адамдармен жұмыс істей білуі арқасында олардың беделі мен сеніміне ие болып үлгерді.

Ол өзінің қоғамдық тапсырмасы туралы былай деп әңгімелейді.

— КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының материалдарында насихат пен үгіттің іскерлігі мен нақтылығын, оның өмірмен, шаруашылық және саяси міндеттерді шешумен байланысын күшейту қажеттігі айтылды. Сондықтан біз коллективтік және жекелеген социалистік міндеттемелерді көрнекі, әдемі безендіруге тырысамыз. Қабырға газетін кеңінен пайдаланамыз:

Digitized by Google

озаттар құрметіне «жауынгерлік листоктар» мен «молниялар» шығарамыз, «Бүгін кім алда» стендін тұрақты жаңартып отырамыз. Содан кейін тәжірибелі шеберлердің жоғары көрсеткіштерге қандай жолмен жеткендері туралы әңгімелейміз.

Партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерін, СССР-дің Азық-түлік программасын жүзеге асыру жолындағы күрес — біздің әңгімелеріміздің басты тақырыбы. Әңгімені өмірмен тығыз ұштастыруға тырысамыз. Үгітші ферманы аралаған кезде жақсы бір істі байқап қалса, сол туралы айтады, жемшөптің ұқыпсыз жұмсалғанын көрсе, назарды осы фактілерге аударады.

Партияның екпінді еңбекке шақырған үндеуіне іспен жауап бере отырып, бөлімше малшылары қабылданған міндеттемелерді орындау жолындағы жарысты кеңінен өрістетті. Оларда жоспардағы 22600 центнердің орнына 23 мың центнер сүт алу керек деп жазылған. Сауыншылар: III дәрежелі Еңбек даңқы орденінің иегері, еңбек ардагері Е. Молчанова, «Құрмет Белгісі» орденінің иегерлері М. Лошаденко, М. Шиц, коммунист, селолық Советтің депутаты И. Опушко, малшылар З. Қадырбеков, Я. Реймер, Т. Меңдібеков және басқалар еңбек сайысын бастап келеді.

Үгітшілер олардың тәжірибесін кеңінен насихаттайды. Олар өз әңгімелерінде еңбек тәртібі мәселелеріне де көп көңіл бөледі. Тәртіп бұзушылық оған кінәлі адаммен қатар халық шаруашылығына да үлкен залал келтіретінін нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, малшыларды толғандыратын мәселелердің бәрінің активистерге қатысы бар. Міне, сондықтан да фермада оларға бәрі дән риза.

Л. КИСЕЛЕВА,

Қазақстан Компартиясы Мартөк аудандық комитеті саяси оқу кабинетінің меңгерушісі.
Ақтөбе облысы.

Ұқыпты бол!

Ағаштың үнемделген әр текше метрінен:

310 килограмм газет қағазын немесе
235 килограмм жемдік ашытқыны, литр
90 спиртті,
170 килограмм жасанды жібекті,
600 трикотаж костюмін **алуға** болады.

Идеология жұмысының хроникасы

Петропавл. Идеология комиссиясының мәжілісі болды, онда Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің секретары А. Н. Пенчук жиналғандарды Винница облыстық партия комитеті идеология комиссиясының жұмысының тәжірибесімен таныстырды. Мұнда жұмыстың қызықты да тиімді түрлері: түрлі мәселелер бойынша практикум-семинарлар, қызықты да түбегейлі зерттеулер жүргізіледі, жастарға, әсіресе кәсіптік-техникалық училище оқушыларына адамгершілік тәрбие беруге көп көңіл бөлінеді.

Облыстық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі С. П. Пресняков идеология комиссиясының екі жыл ішінде өткізген шаралары туралы хабарлады.

Алматы. Республиканың астаналық облысының еңбек коллективтерінде өткізілген «Бейбіт еңбек сақшылығында» тақырыбындағы бірыңғай саяси күнге қатысушылар планетаның бейбіт аспаны үшін күресуге берік ұйғарғандықтары, Отанымыздың экономикалық қуатын екпінді еңбекпен нығайтатындықтары туралы мәлімдеді.

1300-ден астам саяси баяндамашы жұмысшылармен, құрылысшылармен, село еңбеккерлерімен кездесті. Лекциялар мен әңгімелерде КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдастың сөздерінде баяндалған Коммунистік партия мен Совет үкіметінің бейбітшіл сыртқы саяси бағытының мәні аталды. Совет адамдарының бейбіт жасампаз еңбегін қорғаудың, еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыру, өнімнің өзіндік құнын қосымша кеміту жолындағы күресті күшейту маңызды екендігі атап көрсетілді.

Талдықорған. Панфилов қаласында соғыс ардагерлерінің аудандық слеті өтті. Слетке қатысушылар алдында аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары А. Н. Әбдікәрімов, ардагерлер С. А. Әубәкіров, Е. С. Сүлейменов, И. Семятов, Н. М. Феоктистов сөз сөйледі. Ардагерлердің көпшілігі аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің Құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен наградталды.

Слетке қатысушылар аудан ардагерлерінің бәріне арналған үндеу қабылдады.

Қостанай. Фрунзе атындағы совхоздың жылжымалы үгіт пунктінде Қамышин аудандық партия комитетінің баспасөз орталығы мен совхоздың баспасөз тобының күнделікті бүкіл хабарлары жинақталған. «Молниялар», жауынгерлік және сатиралық бетшелер, жарыс экрандары дала жұмыстарының барысын бейнелейді. Мәселен, «молниялардың» бірі Е. И. Соловьевтің нарядсыз жұмыс істейтін бригадасына арналды, ол бидай егуді ауданда бірінші болып аяқтады.

Digitized by Google



САЯСИ МӘДЕНИЕТ

Коммунистік құрылыстың қазіргі дәуірінде шешіліп жатқан міндеттердің ауқымы, қоғамдық өмірдің экономикалық, саяси-әлеуметтік және рухани жүйелерінде белгіленген қайта құрылымдардың түбегейлілігі қоғамымыздың әр мүшесінде оған деген саналы, творчестволық қатынасты қалыптастыру қажеттігін талап етеді. Сондықтан КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында «Адамдарды рухани жағынан дамыту жөнінде көлемді жұмыс жүргізілмейінше, кемелденген социализмді жетілдіру мүмкін емес» деп айрықша атап көрсетілуі кездейсоқ емес. Рухани жағынан даму ең алдымен жоғары саяси мәдениетті, нақты таптық позицияны қалыптастыруды қарастырады.

Бұл міндет мына себептен де маңызды: біздің кезімізде дүниежүзілік аренада идеологиялық күрес барынша ширеленісті. Буржуазиялық насихат социалистік құрылысты тұрақсыздандырып, халықтың түрлі топтарын, ең алдымен біздің жастарымызды дұрыс ойдан жаңылыстыру үшін идеологиялық зиянкестік пен арандатушылықтың түрлі өте-мөте айлалы да зұлымдық әдістері мен құралдарын іске қосады.

Саяси мәдениет туралы айтқанда, ең алдымен оның қондырмалық сипатын ескеру қажет. Ол өзіндік қоғамдық құбылыс ретінде таптардың қоғамдық өндірістің тарихи белгілі бір жүйесінде алатын орнына, олардың өндіріс құралдарына деген қатынасына, олардың еңбекті қоғамдық ұйымдастырудағы ролін т. б. қарай ерекшеленетін таптар өмір сүрген жерде орын алады. Демек, ол тап өзінің объективті жағдайын ескеріп, өзінің түбегейлі мүдделерін сезініп, оларды жүзеге асыру үшін практикалық белгілі бір қадамдар жасай бастағанда ғана қалыптасады.

Социалистік қоғамда қанаушы таптар қалдықтарын жойғаннан кейін және адамдардың өндіріс құралдарына қатынасында олардың әлеуметтік теңдігі орнаған соң қарама-қарсы саяси мүдделердің орын алуы үшін негіздер түпкілікті жойылып келеді. Осының нәтижесінде жаңа, социалистік, тұрпаттағы саяси мәдениет қалыптасуда, ол кемелденген социализм тұсында социалистік қоғамдық қатынастардың нығаюы мен адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы — совет халқының орнығуы, жалпы халықтық мемлекетті одан әрі жетілдіру, социалистік демократияның кеңеюі, партиялық басшылық жасау ролінің өсуі нәтижесінде одан әрі дамытылды.

Адамдардың саяси толысу дәрежесі ең алдымен түрлі қоғамдық ұйымдардың қызметіне, саяси митингілерге, демонстрацияларға, жиналыстарға, партияның маңызды программалары мен мемлекеттік жобаларды бүкілхалықтық талқылауға қатысуы, баспасөзде, радио мен телевизияда т. б. сөз сөйлеуі арқылы анықталады.

Енді еңбекшілердің қалың бұқарасы Советтер арқылы (оларда 2,3 миллион депутат және 21 миллионнан астам активист бар), кәсіподақтар (олардың құрамында 131 миллионнан астам адам бар), комсомол (42 миллионнан астам жігіт пен қыз) және басқа көптеген бұқаралық ұйымдар арқылы мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға, саяси, шаруашылық және әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешуге белсене қосылады. Еңбекшілердің қоғамдық-саяси қызметінің нәтижелілігі мен өнімділігін мынадай деректер арқылы бағалауға болады: Еңбек коллективтері туралы заң жобасын талқылауға 110 миллионнан астам адам қатысты, 130 мыңдай ұсыныс пен ескертпе енгізілді, олардың көпшілігі қабылданған документте ескерілді. КПСС Орталық Комитетінің «Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттары» жобасын талқылауға арналған жиналыстарға 120 миллион адам қатысты, 7 миллион кісі сөз сөйледі. Партия, совет органдарына, газеттер мен журналдардың редакцияларына мектеп реформасы жөнінен еңбекшілерден көптеген хаттар түсті. 1,2 миллион ұсыныс жасалды.

Осының бәрі — советтік демократияның артықшылығының, сондай-ақ халықтың қалың жіктерінің мемлекет істеріне деген түбегейлі мүдделілігі мен хабардар екенінің, олардың азаматтық белсенділігі мен саяси мәдениетінің өсуінің даусыз дәлелдемесі.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Философия және право институтының қызметкерлері 1965, 1970, 1975, 1981 жылдары жүргізген нақты социологиялық зерттеулердің деректері де еңбекшілердің саяси толысуының жоғары дәрежесін қуаттайды. Талдау көрсеткеніндей, қоғамға пайда келтіру, біздің ілгері қарай басуымызға кедергі жасайтын жағымсыз құбылыстарға қарсы белсенді күрес жүргізу ниеті, коллектив тапсырмасын толық орындау, оның сенімін ақтау тілегі жұмысшылардың қоғамдық-саяси қызмет-

Digitized by Google

ке қатысуының жетекші дәлелі болып табылады. Алматы ауыр машина жасау заводының, Алматы үй құрылысы комбинатының, Ф. Э. Дзержинский атындағы трикотаж өндірістік бірлестігінің және осы зерттеулер жүргізілген басқа кәсіпорындардың қоғамдық жұмысқа қатысушы жұмысшыларының көпшілігі мақ осыны басшылыққа алады.

Адамдарда саяси мәдениетті қалыптастыру дегеніміз оларды ел иесі сезімі, социалистік патриотизм, Отан тағдыры үшін жауапкершілік т. б. секілді маңызды азаматтық сапаларға тәрбиелеу деген сөз. Олар қоғамдық-саяси, сондай-ақ еңбек жүйесінде қалыптасып, көрінеді. К. У. Черненко жолдас Москвадағы «Орақ пен Балға» металлургия заводының жұмысшыларымен кездесуде сөйлеген сөзінде атап көрсеткеніндей, «Адамның саяси саналылығының ең сыннан өткен өлшемі» нақты еңбек. Өйткені, еңбек қызметі (негізінен материалдық өндіріс жүйесінде) КПСС-тің ішкі және сыртқы саясатының табыстарын нақты қамтамасыз етеді, Отанымыздың және бүкіл социалистік елдердің достық одағының қуатын нығайтады, коммунистік құрылыстың түпкі мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі.

Осыған орай еңбек коллективтеріндегі күнделікті тәрбие жұмысында саяси үгіт активистерінің, бүкіл идеология активінің ролі өлшеусіз өсіп келеді. Олар жұмысшы ортасында әр кісінің ортақ іс үшін дербес жауапкершілік ахуалын жасауға міндетті. Адамдарды үйреншікті, былайша қарағанда қатардағы фактілердің әр жағынан саяси маңызы зор құбылыстарды көре білуге баулу керек. Біз үшін лениндік көрегендік жұмысшы инициативасын бағалаудың класеикалық үлгісі болып табылады. В. И. Ленин алғашқы коммунистік сенбіліктерге «зор тарихи маңыз» беріп, оларды «түбегейлі коммунизмнің жанды өркендері», «коммунизмнің факті жүзінде басталуы» деп атады. Осы бастаманың қазіргі ауқымын елестету үшін В. И. Лениннің туғанына 114 жыл толуына арналған Бүкілодақтық коммунистік сенбілікке 157 миллионнан астам адам қатысқанын айтудың өзі жеткілікті. Сондай-ақ басқа атаулы күндер құрметіне, қалалар мен селоларды көгалдандыру мен көркейту жөнінен өткізілетін бұқаралық сенбіліктер дәстүрге айналды. Социалистік жарыс және еңбекке коммунистік көзқарас жолындағы бұқаралық қозғалыс еңбек ерлігінің жарқын көрінісі болып табылады. Осы қозғалысқа қатысушыларды батыл бастамалар, еңбекке деген творчестволық көзқарас, ел экономикасын одан әрі өрге бастыру, халықтың әл-ауқатын өсіру, социализм позициясын, оның қорғаныс қуатын нығайту жолында оның тиімділігі мен сапасын арттыру ерекшелендіреді.

Бүгінде лениндік мынадай сөздердің мән-мағынасын барлық жас еңбеккерлердің сана-сезіміне жеткізу керек: «...бүтіндей бүкіл қоғамның... пайдасына түсетін **әрбір пұт астықты, көмірді, темірді** және басқа өнімдерді сақтау үшін **қатардағы жұмысшылардың** ауыр еңбекті жеңіп шығатын жаңқиярлық қамқорлығы туған жерде коммунизм басталады». Оларды өз коллективтерінің аса саналы мүшелерінің, республикада кеңінен мәлім озаттар мен жаңашылдар — Семей облысынан шопан Ж. Шүленбаевтың, қызылордалық күріш өсіруші, Социалистік Еңбек Ері С. Жұмабековаңың, маңғышлақтық мұнайшы Г. Шевченконың, Целиноград облысынан сауыншы Е. Заболоцкаяның және басқа көптеген адамдардың үлгісі арқылы өндірісте ұқыптылыққа баулу керек.

Қазіргі жағдайда өндірістік белсенділік дегеніміз еңбекті физикалық тұрғыдан интенсивтендіру ғана емес, негізінен оны ұйымдастырудың аса тиімді түрлерін барынша іздестіру екенін атап көрсету керек. Қазірдің өзінде көптеген адамдар үшін экономиканы басқарудың практикалық мектебіне айналған, шаруашылықты жүргізу мектебіне айналған еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасын барынша көбірек насихаттап, енгізу керек. Біздің көзқарасымыз тұрғысынан қаралып отырған осы мәселе бұқараның мемлекеттік маңызды істерді басқаруға нақты қатысуы, оның барысында білім қабылданады, еңбекшілердің саяси мәдениетін одан әрі арттыруға арналған қажетті іскерлік пен дағды қалыптасады.

Совет адамдары саяси белсенділікті барынша көбірек көрсете алатын қоғамдық өмірдің басқа салалары да баршылық. Шын мәнінде қарапайым күнделікті істерден — еңбек тәртібін сақтаудан, өндірісте үнем мен ұқыптылық туралы қамқорлықтан бастап бейбітшілік пен әлеуметтік прогресс жолындағы күрес, халықаралық жұмысшы және ұлт-азаттық қозғалысын қолдау секілді тікелей саяси акцияларға дейін олардың саяси сапасының қатысы болмайтын өмірлік қызмет жүйесі жоқ.

Кемелденген социалистік қоғамның еңбекшілердің саяси мәдениетін одан әрі арттыру үшін кең мүмкіншіліктері бар. Сондықтан идеология майданының барлық жауынгерлерінің міндеті мынада: осы резервтерді тауып, күнделікті бұқаралық-саяси жұмыста іскер пайдалану.

С. ЛЯЛЬКИНА,

Москваның В. И. Ленин атындағы мемлекеттік педагогика институтының аспиранты,

К. ТӘЛІПОВ,

философия ғылымдарының кандидаты.

Digitized by Google

Экономика мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

БОЛАТ ЖОЛДАРДА

Қазақстанның болат магистралі еңбеккерлерінің көп мың адамдық отряды транспорт құралдарын тиімді пайдалануды арттыруға, үстіміздегі жылдың және тұтасынан бесжылдықтың жоспарларын орындауға табандылықпен қол жеткізуде. Өткен жылы тағайындалған тапсырмадан тыс 6 миллион тоннадан астам жүк тасылды. Екібастұз көмірін, рудаларды, минералдық тыңайтқыштарды, мұнай өнімдері мен құрылыс материалдарын тасымалдау өсті. Биыл жылжымалы составты пайдаланудың сапалық көрсеткіштері жақсарды, жүк поездарының жылдамдығы мен орташа салмағы артты. Жыл басынан бері 6 мың тоннадан астам дизель отыны, 30 миллион киловатт-сағат электр энергиясы, бір миллион сомның материалдық ресурстары үнемделді.

Қол жеткен табыс — Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика үкіметінің темір жол транспортындағы істерді жақсарту, кәсіпорындар қызметіне партиялық басшылық жасау дәрежесін арттыру туралы тұрақты қамқорлығының нәтижесі.

Алматы, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Шымкент облыстық партия комитеттері, Арыс қалалық және Ақадыр аудандық партия комитеттері, республиканың көптеген басқа да партия комитеттері теміржолшыларды екпінді еңбекке жұмылдыру жөнінен үлкен жұмыстар жүргізуде. Темір жолдың өткізу қабілеттілігін арттыру, саланың материалдық-техникалық базасын дамыту жөнінен ірі шаралар жүзеге асырылуда. Үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде жүздеген километр желі **электрлендіріліп,** жүздеген километр екінші және қос рельсті қосымша жолдар салынды.

Мысалы, Целиноград облыстық партия комитетінің инициативасы бойынша автотранспорт, жол-құрылыс, темір жол ұйымдарының күшімен бұл бағытта көп нәрсе жасалуда. Тұтасынан республикада көп жылдан бері алғаш рет транспорт құрылысшылары пайдаланушылармен достық одақта күрделі қаржыны игеру жоспарын табысты орындады.

Жұмыс тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруда социалистік жарыс үлкен роль атқаруда. Мысалы, Батыс Қазақстан темір жолында ғана еңбек сайысының барлық түрімен 66 мыңнан астам адам қамтылған, олардан 20 мыңға жуық еңбеккер коммунистік еңбек екпінділері болып табылады.

Еңбек Қызыл Ту орденді Тың темір жолының, Батыс Қазақстан темір жолы Қызылорда бөлімшесінің коллективтері 1983 жылдың экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарын және қабылданған көтеріңкі міндеттемелерді табысты орындағаны үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларымен наградталды.

Партияның еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1 процент арттыруға және өнімнің өзіндік құнын қосымша 0,5 процент кемітуге қол жеткізу туралы шақыруы еңбек коллективтерінде кеңінен қолдау тапты. Осындай міндеттемелерді барлық темір жолдар, бөлімшелер мен темір жол кәсіпорындары қабылдады.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті үстіміздегі жылдың басында Тың темір жолы Қостанай бөлімшесі коллективінің жүк тасымалдаудың бесжылдық жоспарларын барлық номенклатура бойынша мерзімінен бұрын орындау туралы инициативасын мақұлдады. Осы тәжірибені енгізу республика кәсіпорындарының көпшілігін жылжымалы составпен қамтамасыз етуді елеулі түрде жақсартуға, транспорт құралдарын пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Москва қаласының өнеркәсіп, құрылыс және транспорт кәсіпорындары коллективтерінің темір жол тораптарынан жөнелтілетін әрбір вагон мен контейнердің ақаусыз болуын қамтамасыз ету жөніндегі инициативасы кеңінен қолдау тапты. Шымкенттің «Фосфор» өндірістік бірлестігінің, цемент заводының, Түркістан құрылыс материалдары комбинатының коллективтері бұл инициативаны бірінші болып қостады. Мұнда қосымша жолдар бөлініп, жылжымалы составты жөндеу үшін арнаулы бригадалар құрылды.

Өткен жылы Орал облыстық партия

---

5 август — теміржолшы күніне.

Digitized by Google

комитеті астық тасуға арналған вагондарды жөндеуде теміржолшыларға көмектесу жөнінен көп іс атқарды. Дәнді дақылдарды жаппай жинау кезінде облыстық партия комитеті жанынан құрылған штаб жылжымалы составтарды жөндеу жұмыстарының жоғары дәрежесін ұйымдастыруға көмектесті. Республика бойынша 1983 жылы барлығы 32 мыңнан астам вагон және 2,8 мыңға жуық контейнер жөнделді.

КПСС Орталық Комитеті мақұлдаған Москва темір жолының ауыр салмақты және ұзын составты поездарды құрастыру және өткізу жөніндегі тәжірибесі творчестволықпен пайдаланылуда. Мысалы, өткен жылы Тың темір жолында 97 мыңнан астам ауыр салмақты состав өткізілді, онда қосымша 53 миллион тоннаға жуық жүк тасылды, мұның өзі 1982 жылға қарағанда 46 процент көп. Екібастұз — Тобыл полигонында салмағы 8—9 мың тонналық поездар мен Тобылдан Қарағанды мен Жаңаауылға дейін алты мыңыншылар тұрақты жүре бастады. Осы магистральдің локомотив деполарының машинистері Екібастұздан Қарталыға дейін салмағы 15 мың, 16 мың, 18 мың тонналық және одан да көп өте ауыр поездарды жүргізудің инициаторлары болды.

Қазақстан, Урал және Батыс Сібір электр станцияларына отынды іркіліссіз жеткізу жолындағы күресте Екібастұз шахтерлерінің, теміржолшыларының және энергетиктерінің достық еңбек одағы нығайып келеді.

Павлодар, Семей және Өскемен транспорт тораптарында ұйымдастырылған сабақтас кәсіпшілер жарысы вагондардың, автомобильдердің және кемелердің жүк тиеу-түсіру операциялары кезіндегі іркілістерін қысқартуға ықпал етуде.

Әдеттегідей, екпінді еңбек жолындағы бүкілхалықтық қозғалыстың алғы шебінде өндіріс озаттары мен жаңашылдарының көптеген отряды келеді. Көш бастаушылар арасында Социалистік Еңбек Ері, Қызылорда локомотив депосының слесары У. Әбішев, Маңғышлақ локомотив депосының машинисі А. Шүкіров, Екібастұз депосының вагон қараушылары А. Вовянко мен Э. Кузнецов,

ҚҰРЫЛЫСТЫ ТЕЗ, САПАЛЫ САЛАЙЫҚ

Жыл сайын республика картасында жаңа қалалар мен поселкелер көбейіп келеді, олар қазіргі заманғы инженерлік және архитектуралық ойдың жетістіктерін ескеру арқылы тұрғызылуда. Селолар үлкейіп, көркейтілуде, оларда адамдардың толыққанды өмір сүруі үшін, Азық-түлік программасын табысты орындау үшін барлық жағдай жасалған.

Бесжылдықтың үш жылы ішінде Қазақстанда 24 миллиардтан астам сом күрделі қаржы игеріліп, негізгі қорлар іске қосылды. 230 ірі кәсіпорын мен цех қатарға қосылды, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жаңа өндірістік комплекстер салынды. 18 мың шаршы метрден астам жайлы үй, немесе 321 мыңнан астам қазіргі үлгіде салынған пәтерлер пайдаланылуға берілді. 224 мыңнан астам орындық мектептер, көптеген мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, ауруханалар мен поликлиникалар, клубтар мен кинотеатрлар, демалыс үйлері мен санаторийлер тапсырылды. Республика құрылысшылары бүкіл еліміздегідей, өздерінің творчестволық еңбегімен совет адамдарының әл-ауқатын одан әрі арттыру үшін материалдық негіз жасауда.

Партияның екпінді еңбек ету жөніндегі шақыруына іспен жауап берушілер арасында КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПСтің, ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болған Бүкілодақтық социалистік жарыс жеңімпаздары: «Кустанайтяжстрой», «Югстройконструкция», «Казспецсельмонтаж» және «Казхимэлектромонтаж» трестерінің, сондай-ақ «Каратауфосфорстрой» тресі «Рудстрой» құрылыс-монтаж поезының коллективтері бар.

Таңдаулы коллективтердің өндірістік табыстарының негізінде ең алдымен еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің прогрестік формаларын, оның ішінде бригадалық мердігерлік әдісін кеңінен қолдану жатыр. Өткен жылы республикада орындалған құрылыс-монтаж жұмыстары көлемінің жартысына жуығын мердігерлік коллективтер жүзеге асырды.

Республиканың Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы және Селолық құрылыс министрліктерінің, «Главалмаатастрой» мен «Главриссовхозстройдың» ұйымдарында тасқынды бригадалық мердігерлік барған сайын кеңінен қолданылуда. Мысалы, өткен жылы Алматы үй құрылысы комбинаты оның көмегімен құрылыс-монтаж жұмыстары жылдық көлемінің 96 процентін орындады. Бұл тұрғыдан Ермак құс фабрикасының құрылысы үлгі болады, оны № 5 Павлодарсельстрой тресінің небары төрт бригадасы мерзімінен бұрын және үздік сапамен тұрғызды.

Еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасы республикада құрылысты ұйымдастырудың тораптық әдісін қолдану үшін негіз болған алмаспайтын тасқынды бригадалық мердігерлік түрінде де творчестволықпен дами түсті. Қараған-

12 август — құрылысшы күніне

Digitized by Google

Қандыағаш станциясының кезекшісі Б. Біржанов және басқалар бар.

1600-ге жуық теміржолшы барлық буындардағы халық депутаттары Советтерінің депутаттары болып сайланды. Олар транспорт жұмысын жақсарту үшін көп іс атқаруда. Олардың арасында СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Ақтөбе локомотив депосының машинисі В. Кряк, республика Жоғарғы Советінің депутаттары: Қарағанды локомотив депосының машинисі В. Корниенко, Павлодар локомотив депосының машинист-нұсқаушысы Н. Борзых, Қарағанды облыстық Советінің депутаты, сигнализация және байланыс дистанциясының электр механигі С. Асылбекова және басқалар бар.

Қазір ең басты мәселе — қолда бар қуаттарды интенсивті пайдалану, барлық буында ұйымшылдық пен тәртіпті нығайту. Дегенмен жүктерді барлық номенклатура бойынша тасымалдау әзірше толық мөлшерде қамтамасыз етілмей отыр. Транспорт құралдарын пайдаланудың сапалық көрсеткіштері төмен, басқарудың автоматтандырылған жүйелері, жаңа техника мен прогрестік технология баяу енгізілуде. Поездар жүрісі графигінің бұзылу оқиғаларына жол беріледі. Жолаушыларға қызмет көрсету мәдениеті жаңа дейгейге көтерілуге тиіс. Қозғалыс хауіпсіздігі мен тасымалданатын жүктердің сақталуы барлық жерде бірдей ойдағыдай емес. Теміржолшыларды тұрғын үймен, мектептермен, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерімен қамтамасыз ету, қажетті еңбек және тұрмыс жағдайын жасау мәселелері партия, совет, шаруашылық органдарынан ерекше қамқорлық жасауды талап етеді.

ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің апрель Пленумында атап көрсеткендей, КПСС XXVI съезінің, партияның Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының шешімдеріне сәйкес қоғамдық өмір мен өндірістің барлық салаларындағы оңды ілгерілеушілікті баянды етіп, еселей түсу қажет.

Республика болат магистралі еңбеккерлерінің патриоттық өрлеуі, күш-жігермен еңбек етуі олардың алдында тұрған проблемалардың табысты шешілуін қамтамасыз ететініне сендіреді.

Ж. ТАЙҒАШЫНОВ,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің транспорт және байланыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

ды металлургия комбинатының ақ қаңылтыр цехы нақ осылай салынды, мұның өзі құрылыстың аяқталар кезінде жұмыс қарқынын екі есе тездетіп, бірінші кезекті 1982 жылы іске қосуды қамтамасыз етті. Осы тәжірибе Жаңа Жамбыл фосфор заводы, Жезқазған кен-металлургия комбинаты сияқты ірі өнеркәсіп комплекстерінің 16 құрылысында, автомобиль магистралінің, Үлкен Алматы каналының т. б. құрылысында одан әрі таратылды. 1984 жылы он төрт таңдаулы құрылыс бригадасы «Злобиннің әдісі бойынша жұмыс істейтін бригадалар еңбегін үздік ұйымдастыру» жолындағы республикалық конкурстың жүлдегерлері атанды. Олардың арасында В. И. Онофрейчуктың, К. Э. Шуллердің, Н. К. Мякотиннің, Ф. Г. Эрштейннің, Н. В. Тарасенконың, К. А. Шопанаевтың, Г. Е. Мозердің, Ф. М. Шафиковтың бригадалары және басқалар бар.

Құрылыс индустриясының материалдық-техникалық базасын мақсаттылықпен дамыту құрылыс-монтаж жұмыстарының тиімділігін арттыруға көмектесуде. Республикада ірі панельді үй құрылысының 29 кәсіпорны жұмыс істейді.

Целиноградта, Жаңатаста, Жамбылда және Талдықорғанда жаңа үй құрылысы кәсіпорындары қатарға қосылды. Ақтөбеде, Ермакта, Қарағандыда, Қостанайда, Оралда, Петропавлда, Павлодарда, Семейде, Теміртауда үй құрылысы комбинаттарын жақсартылған сериялы үйлердің детальдарын шығаруға ауыстыру жөнінен қайта құру жүргізілді. Арқалық, Гурьев және Екібастұз комбинаттарының құрылысы жүзеге асырылуда. Кәсіпорындарда құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастырылуы үнемі жетілдірілуде, қалыптаудың прогрестік конвейерлі әдістері, көлемді және басқа да жаңа конструкциялар мен детальдарды шығаруға арналған автоматтандырылған және механикаландырылған желілер кеңінен қолданылады, материалдық және энергия үнемдейтін процестер енгізілуде.

Құрылысшылар алдында тұрған міндеттер күрделі де жауапты. Тек биыл 8,3 миллиард сомнан астам мемлекеттік күрделі қаржыны игеру және ішінара айтқанда, 5,3 мың шаршы метрден астам тұрғын үйді, 68,5 мыңнан аса орындық мектептерді, көптеген мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, кәсіптік-техникалық училищелерді, ауруханалар мен поликлиникаларды пайдаланылуға беру қажет.

Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы құрылысы саласында жаңа кәсіпорындарды, комплекстер мен қуаттарды іске қосу қажет. Мердігерлік ұйымдардың 4,8 миллиард сомға жуық құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауына тура келеді.

Белгіленген жоғары межелерге жету үшін еңбек өнімділігін кемінде 3,5 процент арттыруды қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін қолда бар өндірістік-өнеркәсіптік потенциалды кеңінен пайдалану,

Digitized by Google

ОТАНДЫҚ СИМВОЛИКАМЕН

Киімдердегі, сувенирлер мен басқа да бұйымдардағы айшықты, көрнекі символдар әшекей үшін ғана емес, эстетикалық талғам үшін де қызмет етеді. Сонымен қатар суреттерде нақты идеялық мағына жатыр.

Коммунистік адамгершілікке жат оғаш суреттері мен жазулары бар көптеген шетелдік жапсырмалар адамдардың орынды наразылығын тудырады. Бұдан олар буржуазия идеологтарының осындай жолмен біздің ортаға жат көзқарастар мен әдет-ғұрыптарды енгізуге тырысқан әрекеттерін дұрыс аңғарады. Осыған байланысты журнал оқырмандары біздің республикада отандық символикамен шығарылатын товарларды ұлғайту үшін алдын-ала қандай жұмыстар жасалып жатқанын білгісі келеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жеңіл өнеркәсіп және халық тұтынатын тоғарлар бөлімі меңгерушісінің орынбасары **В. Г. МАНАКОВ** осы сұраққа жауап береді:

— Журнал оқырмандары бұл мәселені орынды көтеріп отыр. Шынында да, біздің мұраттарымызға, советтік өмір салтына лайық, біздің патриоттық және интернационалдық сезімімізді айбынды етіп көрсететін тақырыбы жағынан әртүрлі, көрнекі орындалған отандық символиканы белсендірек жасау қажет.

Республикада осы бағытта нақтылы жұмыстар жүргізілуде. Жергілікті өнеркәсіп орындары символикамен 200-ге жуық бұйым түрлерін шығарады. Олардың ішінде омырауға тағатын әртүрлі белгілер, ескерткіш орындар, Алматы қаласының көріністері бейнеленген значоктар топтамасы, көркем керамика, тоқыма және металл галантереясының бұйымдары, зергерлік және басқа да заттар бар. Ұлттық киімдегі балалар ойыншықтарын, ұлттық музыка аспаптарының үнсіз миниатюраларын, қазақ халқының көрнекті қайраткерлері мүсіндерінің сериясын шығару жолға қойылды. Совет Армиясының фашистік Германияны жеңіп шығу Жеңісінің 40 жылдығы құрметіне совет халқының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігін бейнелейтін сувенир-сыйлық бұйымдарының сериясы әзірленуде.

Жеңіл өнеркәсіп орындарында ұлттық ерекшелігі бар нәрселердің, жол қозғалысы хауіпсіздігінің белгілері бар балалар бұйымдарының түр-түрі жақсартылып, оларды шығару ұлғайтылуда. Республикалық киім модельдері үйі Европаның 1984 жылғы конькимен сырғанау чемпионатының, СССР халықтарының VIII жазғы Спартакиадасының эмблемалары бар бұйымдар үлгісін жасады.

Эмблемасы, белгісі, символы, ұлттық өрнегі бар товарлар тұрмыс қызметі, орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі орындарында, машина жасау министрлігінің кейбір кәсіпорындарында жасалады.

Дегенмен тұтасынан республика бойынша отандық символикасы бар бұйымдар жеткіліксіз шығарылады. Олардың идеялық және көркемдік мазмұны қойылатын талаптарға жауап бермейді, бірқатар жерлерде қолданылатын символиканың тәрбиелік ролі әлі де төмен.

Осы жұмысты жандандыру мақсатында отандық және ұлттық символикасы бар товар шығаруды ұлғайту, түр-түрін көбейту, сапасын арттыру және безендірілуін жақсарту мәселелері жөнінен республикалық ведомствоаралық үйлестіру советі құрылды. Товарлар шығаратын салалық министрліктер мен кәсіпорындарда техникалық және ұйымдастыру шаралары жасалды. Кәсіпорындарды қажетті технологиялық жабдықпен, жоғары сапалы шикізатпен, фурнитурамен, өңдейтін және буып-түйетін материалдармен қамтамасыз ету жөнінен шаралар қабылдануда. Халық тұтынатын товарларға арналған таңдаулы эмблемаларға, отандық және ұлттық символдарға жыл сайын республикалық конкурстар өткізу белгіленді.

құрылыстарды жоғары заводтық өзірлік бұйымдарымен толырақ қамтамасыз ету, озық тәжірибені жер-жерде қолдану қажет.

Осы проблемаларды табысты шешу үшін КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Күрделі құрылысты басқаруды жоспарлауды және ұйымдастыруды жақсарту туралы» қаулысының талаптарын сөзсіз орындауды, еңбек, материалдық-техникалық және отын-энергетика ресурстарын үнемдеу режимін қатаң сақтауды, партияның XXVI съезінің талаптары мен КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының шешімдеріне сәйкес жоспарлау мен өндірістік тәртіпті одан әрі нығайтуды қамтамасыз ету қажет. Қазір партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының, құрылыс индустриясының барлық еңбеккерлерінің бірлескен күш-жігері нақ осыған бағытталуда.

С. МУЗЫКА,
Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті председателінің орынбасары.

Digitized by Google

Мәдениет пен мораль мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

БҰҚАРАЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Дене тәрбиесі мен спорттың бұқаралылығын одан әрі өрге бастыру туралы» қаулысын орындау жөніндегі жұмыс республиканың спорт комитеттерінің, физкультура коллективтерінің, ерікті спорт қоғамдары советтерінің назарында тұр.

Бүгінде кәсіпорындардағы, мекемелердегі, оқу орындарындағы, колхоздардағы, тұрғылықты жер бойынша физкультура-сауықтыру және спорт-бұқаралық шараларға 5 миллионнан астам адам қатысады.

Өткен жылы ғана республикада жаңадан 710 физкультура коллективі құрылды, тұрғылықты жерлердегі физкультура-сауықтыру клубтарының саны біржарым еседей көбейді, тұрғындарды дене мәдениетімен және спортпен айналысуға тартудың жаңа формалары кеңінен енгізіліп келеді. Мыңдаған адамдар жүгіруші, шаңғышы, жүзуші күндерінде, ГТО апталығында және басқа бұқаралық шараларда мәрелергешығады.

Физкультура мен спорттың бұқаралық сипаты өсіп, спорт алаңдарында, денсаулық трассаларында, шаңғы және кросстық дистанцияларда, жаппай дем алатын орындарда онымен жеке және семья болып айналысу формалары кеңейді. Мәселен, Өскеменде қала іргесіндегі «Денсаулық поезы», Алматыда биік таудағы «Медеу» мұз айдынында жаппай коньки тебу көбірек танымал болып отыр. Ақтөбеде, Қарағандыда, Қызылордада жүгіруші күнінде оған қатысушылар көптеп жиналады. Республиканың барлық қалаларында дерлік өткізілетін «Бүкіл семьямызбен — мәреге!» деген ұранмен өтетін жарыстар салауатты өмір салтын насихаттауға айналды.

Жүзу, мәнерлеп сырғанау, теннис, денсаулық топтар, абонементтік топтар саны қыруар ұлғайды. Алматының Орталық бассейнінде ғана 52 абонент тобы жұмыс істейді, мыңнан астам адам астананың Орталық стадионындағы денсаулық топтарында айналысады, мұнда тәжірибелі нұсқаушы-методистер өткізетін аэробика, ырғақты гимнастика сабақтары өте-мөте танымал.

Қарағандыда Н. Әбдіров атындағы спорт комбинаты тұрғындар арасында көлемді сауықтыру жұмысын жүргізеді. Оның спорт орындарын күн сайын мыңнан астам адам пайдаланады. Мұнда «Ритм» денсаулық тобының сабақтары жақсы танымал, оның сабағын Қазақстан спортының тәжірибелі нұсқаушы-ардагері Ш. Дүйсенова жүргізеді.

Спорт ғимараттары Бүкілодақтық социалистік жарысының қорытындылары бойынша Н. Әбдіров атындағы спорт комплексі СССР Спорт комитетінің наградаларымен аталды.

Спорттық-сауықтыру жұмысының бригадалық формаларына көп көңіл бөлінетін болды. «Бүкіл бригадамен — стадионға» деген ұранмен өтетін Бүкілодақтық сырттай жарыстарға 5 мыңға жуық өндірістік бригада мен ауыл шаруашылығы звеносы қосылды.

Еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін дене мәдениетін дамыту жөніндегі шаралар республика халық шаруашылығының көптеген салаларының өлеуметтік-экономикалық даму жоспарларына және кәсіпорындардағы коллективтік шарттарға енгізілуде. Бұл Қарағандының Костенко атындағы шахтасында, Ақтөбенің хром қоспалары, Қостанайдың химия талшықтары заводтарында, Алматыдағы «Октябрьдің XX жылдығы» заводы мен үй құрылысы комбинатында және басқа да жерлерде міндетті іске айналды. Республикалық министрліктер мен ведомстволарда дене мәдениеті мен спортты дамытуға ықпал ететін қоғамдық советтер жұмыс істейді. Олар Геология, Автомобиль транспорты, Байланыс, Финанс, Энергетика және электрлендіру және басқа да министрліктер жанынан белсенді жұмыс істейді.

ГТО комплексі жөніндегі жұмысты күшейту дене мәдениеті мен спортты жаппай дамытудың негізі болып табылады. Өткен жылы 1 миллион 907 мың жаңа значкистер даярланды. ГТО комплексінің республикалық апталығына 1 миллион 712 мың адам қатысты, 445 мың адам спорттың жазғы түрлері бойынша нормаларды тапсырды, 12 мыңнан астам спорт шаралары өткізілді. ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Былғары доп», «Алтын шайба», «Үміт мәрелері», «Бәрі мәреге шығады» және басқа да жүлделері үшін жарыстар бұқаралық сипат алды.

Республикада партия және совет органдарының зор көңіл бөлуі арқасында материалдық-спорт базасы жылдан жылға кеңейіп, нығайып келеді. 131 стадион, 103 бассейн, 4876 спорт залы, 1949 атыс тирі, 202 шаңғы базасы, 10 мыңға

11 август — физкультурашы күніне.

Digitized by Google

жуық баскетбол және 14 мың волейбол алаңы жұмыс істейді. Спорт құралдары мен жабдықтарының прокат қоры кеңеюде.

Өткен жылы ғана Алматыда жабық 50 метрлік «Динамо» жүзу бассейні, тауспорт базасындағы жаттығу-спорт комплексі мен пансионат, Петропавлда төрт залды спорт корпусы, Павлодарда жүзу бассейні және басқа да ірі спорт ғимараттары іске қосылды.

Материалдық-спорт базасын нығайту жөніндегі жұмыс алуан түрлі. Қызылорда облысының Сырдария ауданы әрбір шаруашылықта спорт алаңдарының комплексін жасау жөнінен инициатива көтерді. Ауданның барлық шаруашылықтарында қысқа мерзім ішінде футбол алаңы, жүгіру жолдары, қол добы, волейбол, баскетбол алаңдары жабдықталды. Республика Спорт комитетінің коллегиясы мақұлдаған Сырдария ауданының инициативасын Қызылорданың және Қазақстанның басқа да облыстарының көптеген аудандары кеңінен қостады.

Харьковтықтардың әдісі бойынша мектептер, тұрғын үй алаңдары жанындағы спорт алаңдарын стандартсыз жабдықтау кеңінен таралды. Шығыс Қазақстан облысында қазірдің өзінде 200-ден астам спорт алаңы бар, олар Павлодар, Целиноград, Қарағанды және басқа да облыстарда белсенді түрде салынуда.

Алматы орман санаторийінің мектеп-интернатында стандартсыз жабдықтарды жасау тәжірибесі қызықты, онда дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Н. Н. Гребенюк жоғары класс оқушыларының көмегімен 100-ден астам әртүрлі жабдық жасады. Мұның өзі барлық оқушылардың үзілістерде, сабаққа дейін және басқа да бос уақыттарда спортпен айналысуына мүмкіндік береді.

Республиканың спорт комитеттері ағарту және кәсіптік-техникалық білім беру органдарымен бірлесіп, жер-жерде оқушы жастардың дене тәрбиесін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруда.

Нақ физкультура мен спорт қозғалысының бұқаралығы көптеген мастерлерді тәрбиелеуге ықпал етеді. Қазақстан спортшылары Бүкілодақтық және халықаралық жарыстарға қатыса отырып, республика мен еліміздің намысын абыроймен қорғайды.

Өткен жылы 21 халықаралық кластың спорт мастері, 396 СССР спорт мастері даярланды. Бес қазақстандық әлем чемпионы атанды, олар — ватерполшылар Н. Меңдіғалиев пен С. Котенко, конькиші В. Козлов, велосипедші С. Наволокин, баскетболшы Н. Ольхова. Боксшы С. Нұрқазов, мерген С. Шахворостов Европа чемпиондары атанды. Төрт қазақстандық Сараеводағы қысқы Олимпиадалық ойындарға қатысты.

Алматының көгалдағы хоккей жөніндегі «Динамо» командасы он мәрте СССР чемпионы атағына және екі мәрте Европа чемпионы атағына және екі мәрте Европа чемпиондарының кубогына ие болды. Жоғары лигада ойнаған Алматы үй құрылысы комбинатының волейболшы қыздары СССР чемпионы атағын жеңіп алды. Биыл «Динамо» қоғамының ватерполшылар командасы табысты ойын көрсетті.

Қазақстан спортшылары 1983 жылы СССР халықтарының VIII жазғы Спартакиадасында екінші топта бірінші орынға ие болды, сол үшін оларға СССР Министрлер Советінің жүлдесі тапсырылды. Біздің спортшылар Спартакиадада 9 алтын, 10 күміс және 10 қола медальды жеңіп алды.

Біздің спортшылар үстіміздегі жылды да табысты бастады. Боксшылар, велосипедшілер, гимнасшылар, спорттың жекелеген және қысқы түрлерінің өкілдері өз жеңістерімен қуантты.

Сонымен қатар кейбір облыстық ұйымдар физкультура қозғалысының бұқаралылығын дамыту жөнінен жүйелі, жоспарлы жұмыс жүргізбейді. Мұның ең алдымен Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Жезқазған облыстарының спорт комитеттеріне қатысы бар.

Торғай, Гурьев және Ақтөбе облыстарында селодағы спорттың материалдық базасы нашар кеңейтілуде. Физкультура ұйымдарының республиканың еңбекшілері мен оқушыларын өз қатарына анағұрлым көбірек тартуға қол жеткізуі қажет. Бұған КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының шешімдеріне сәйкес құрылып жатқан мәдени-спорт комплекстері елеулі дәрежеде ықпал ете алады, олар көптеген ұйымдардың күш-жігерін біріктіреді.

Мәдени-спорт комплекстері үйлестіру советтерінің жұмыс жоспарына енгізілетін дене шынықтыру-спорт шараларының тұрғындар міндесіне жауап беруі маңызды. Ал оларды жарқын, мерекелік жағдайда, есте қалырлықтай өтіп өткізу керек.

Жалпы білім беретін мектептердің бәрінде бірдей ертеңгілік гимнастика өткізілмейді; балалардың денсаулығын ескеру арқылы олардың арнаулы топтары құрылмайды. Оқушылардың «Жастар» спорт қоғамының осы мәселелерге айрықша көңіл бөлуі қажет.

Әртүрлі жас шамасындағы адамдарды «Денсаулық үшін қозғалыс» деген Бүкілодақтық конкурсқа әлі де кеңінен тарту, жүгіру әуесқойлары клубтарының санын ұлғайту, денсаулықтың жаңа топтарын құру, денсаулығын нығайту, жұмыс қабілеттілігін арттыру мақсатында дене шынықтыру жаттығуларымен өздігінен айналысуды ұйғарған адамдардың да инициативасын қолдау қажет, мұның өзі түптеп келгенде біздің еліміздің экономикалық және қорғаныс потенциалын нығайтуға ықпал етеді.

М. СОЛОВЬЕВ,
Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Физкультура және спорт істері жөніндегі комитет председателінің орынбасары.

Digitized by Google



Бізде жеке адамның барған сайын толық дамуы үшін зор материалдық және рухани мүмкіндіктер бар. Алайда сонымен бірге оның игіліктерін әрбір адамның ұтымды пайдалануының маңызы ерекше.

КПСС Орталық Комитетінің партияның XXVI съезіне Есепті баяндамасынан.

ДЕМАЛЫСҚА — ЖҰРТШЫЛЫҚ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Бұл әдеттегі демалыс күндері еді. Текеліктердің әрқайсысы оларды үй шаруаларымен және қоғамдық тапсырмалармен, оқумен және демалыспен, семьялық міндеттермен және осы күндері қалада белгіленген шаралармен байланыстыра отырып, өздерінше жоспарлады. Ал шарын жұмысшылар қаласы — Текеліде белсенді демалысқа арналған орындар аз емес.

Қалалық мәдениет сарайы сенбілік және жексенбілік шаралар үшін негізгі база болып табылады. Мұнда ұрпақтар кездесуі, жұмысшы қатарына қабылдау, өндіріс озаттарын атау, тақырыптық кештер, атаулы күндер мерекесі, лекциялар, көркемөнер концерті өткізіледі. Демалыс күндерінде партия, кәсіподақ, комсомол комитеттері өкілдерінің, депутаттардың, еңбек коллективтерінің кеңінен қатысуы арқылы некеге тұру және жаңа туған сәбилерді салтанатты түрде тіркеу, алтын және күміс тойларды атау осы ғұрыптарға қоғамдық сипін береді. Ай сайын әрбір сенбіде — жас семья клубы жұмыс істейді. Демалыс күндері «30 жастан асқандар үшін» деген кештерді өткізу дәстүрге айналды. Сарайда мәдениет университеті, төрт әуесқойлар бірлестігі және 7 көркемөнер коллективі жұмыс істейді.

Біз рейд өткізген кештердің бірінде Мәдениет сарайы «өмірді кімнен үйренуді» ұйғарған жоғары класс оқушыларының қарауына берілді. Фойе мен көрермендер залында «Адам еңбегімен абыройлы», «Егер сендер еңбекті сәтті таңдап, оған барлық ықыласыңды салсаң онда бақыт сендерді өзі табады» деген еңбек туралы нақыл сөздер жазылған.

Халық шаруашылығына, туған қалаға қажетті мамандық таңдау туралы әңгіме болды. Рудниктің комсомол ұйымының секретары С. Әжібеков, мұғалім М. Н. Тараненко, прокуратураның аға тергеушісі В. Ф. Злобин, геолог Л. Д. Лисогор, товаровед О. И. Пригорская, қалалық № 185 кәсіптік-техникалық училище оқушысы А. Каклягин және басқалар жасөспірімдермен әңгімелесті.

Осы кеште орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Н. В. Подколзина өткізген «Тамаша әлемді сақтайық» деген тақырыпқа арналған әңгіме қорғасын-мырыш комбинаты мен энергетиктердің үгіт алаңдарына басқа бір ересектер аудиториясын жинады. Әңгіме тақырыбы бойынша Мәдениет сарайы көркемөнерпаздарының концерті болды.

...Көктемнің кешіккеніне қарамастан, үгіт алаңдары май айының басында ашылды. Аулаларда өткізілетін әртүрлі шаралар адамдар үшін үйреншікті көрінісе айналды. Мәдениет сарайы үгіт бригадасының «Сен тұратын үй» деген программасы игі лебіздерге ие болды. Ол қандай үгіт алаңында өткізілуіне қарай жаңартылып отырады. Мұнда тұрғын үйді сақтау, аулаларды көгалдандыру, микроаудандардағы тамаша адамдар туралы әңгіме болады. Адамдардың бірқалыпты өміріне кедергі жасайтындарды сынға алады. Ал бұл мәселелер жиналғандардың көбінің қызу қолдауын тудырады. «Орыс суретшілері дінмен күресте», «Медицина және дін» және тағы басқа атеистік тақырыптарға арналған әңгімелер көпшіліктің жадында сақталды.

Үгіт алаңдарында еңбек коллективтері үгіт бригадаларының өнерін ықыласпен қарсы алады. Қалалық сауда басқармасының үгіт бригадасында «Сізге қалай қызмет көрсетеді» деген айшықты программа бар. Автотранспорт кәсіпорны мен жолаушылар автотранспорты кәсіпорнының «Тормоз» және «Светофор» үгіт бригадалары кемшіліктерді сынайды. «Искатели» үгіт бригадасы геолог кәсібінің насихатшысына айналды...

Жексенбілік күн маршруты бізді Спорт сарайына әкелді. Демалыс күндері оған 300—400 адамға дейін келеді. Мұнда волейбол мен баскетбол, ауыр және жеңіл атлетика, бокс секциялары жұмыс істейді. Сенбі сайын денсаулық тобы жиналады. Бұл сарай — облыстағы таңдаулы спорт базаларының бірі. Мұнда рейд күні де волейболдан облыс біріншілігі қарсаңындағы жаттығу өтіп жатты.

Текеліде спорт әуесқойлары жиналатын басқа да орындар — балалардың ау-

Digitized by Google

лалық клубтары бар. «Романтик» клубында жаттықтырушы А. В. Симонов жүргізетін ауыр атлетика секциясының сабағына тап келдік. Мұнда кәсіптік-техникалық училище мен іргелес мектептерден балалар көп екен. Қиын деп аталатын жасөспірімдер ықыласпен айналысуда. Осы секцияның мүшелері игі іс жасады — жақын жердегі алаңқайда стадион жасады. Қазір ағаштар отырғызылған жасыл алаң көз қуантады. Жасөспірімдердің спортпен қалай айналысып жатқанын терезелерінен көрген ересек адамдар да біраз жүгіріп алу немесе футбол ойнау үшін алаңға келеді. «Романтиктік» спорт секцияларында ғана 130-ға жуық жасөспірім бар. Сонымен қатар басқа да үйірмелер, әуесқойлар бірлестіктері жұмыс істейді.

Осы клубтағы радио үйірмесі балаларға жақсы танымал. Кинофото түсіру үйірмесі де игі даңққа ие болды. Оның жетекшісі В. И. Никитин бізге былай деді: «Менің кейбір жасөспірімдерімді қиын деп атайды. Бірақ маған олар ешқандай ауырлық түсірмейді. Бәрі де іске құштар. Әуесқойлық фильмдерді ынтамен түсіреді. Олардың соңғы жұмысы — Жеңіс күніндегі қала мерекесі».

— Биыл хоккейшілерге арналған киім алдық,— деп әңгімелейді педагог-ұйымдастырушы З. П. Евдакова. — Қалалық коммуналдық шаруашылық басқармасы бұған бір жарым мың сом қаржы бөлді. Қалада аула клубтары арасындағы жарыстар тұрақты өткізіледі. Мектептермен бірге «Алтын шайба», «Былғары доп» жүлделері үшін жарыстарға қатысамыз. Балалар немен айналысса да, олар басқалар үшін игі іс жасауға тырысады — бала бақшаларға қамқорлық жасайды, микроаудандағы жас көшеттерді күтеді, тұрғындар алдында концерт қояды.

Төрт аула клубының бәріне адамдар үнемі көп жиналады. Мысалы, рейд кезінде «Юность» клубында бір мезгілде 100-ге жуық адам болды. Ең кең бөлмеде кино үйірмесінің мүшелері өздерінің фильм түсіруді қалай үйренгендерін көрсетті. Көрермендер мен үйірме жетекшісі — киномеханик Н. Ф. Вдовина әбден риза болды. Ал көрші бөлмеде қуыршақ театрының дайындығы жүріп жатты, ол біраз жылдан бері облыстық көркемөнер байқауына қатысып келеді. Клубтың басқа бір бөлмесінде шахматшылар турнирі өтіп жатса, келесі бір бөлмеде стол теннисін ойнап жатты. Ал «Юность» аула клубы жаңа тұрғын үйде барлығы 9 бөлмені иемденіп отыр, оған 400-ден астам адам қатысады. Клуб жұмысына бала кезінен қатысқан, қалалық кәсіптік-техникалық училищенің үшінші курсында оқитын Сергей Долянин қазір радио үйірмесін өзі жүргізеді. Балалардың байыту фабрикасында да аға жолдастары бар. Иван Коноплев пен Виктор Крейник клубты жабдықтауға көмектеседі, жасөспірімдермен бірге туристік жорықтарға шығады.

Қалада жас жеткіншектердің бос уақыттарын ұйымдастыру үшін орын бөлуге таршылық жасалмайды. Осы істі қорғасын-мырыш комбинатының партия ұйымы өзінің басты міндеттерінің бірі деп есептейді. Демек ол бүгінде клуб жұмысына қатысушылардан өздерінің болашақ еңбеккерлерін көреді. Және нағыз педагогтар З. П. Евдакова, А. В. Симонов, М. А. Подгорная, В. И. Никитин, тағы басқалар олардың демалыс күндерін мазмұнды өткізе білуге үйретеді.

Кинотеатрлар да демалыс күндері бұқаралық-саяси жұмысты жүргізеді. Мұнда «Бейбітшіліктің лениндік бағытымен», «Атеист» және «Жас атеист», «Маскүнемдікке қарсы тұрайық» т. б. деген 19 киноклуб пен киноуниверситет жұмыс істейді. Балалардың мамандандырылған «Мир» кинотеатры сенбі сайын балалардың қарауына беріледі.

...Тәкеліктердің көпшілігі бос уақыттарында көркем өнермен айналысады. Халық таланттарының қалалық байқауы табысты өтті. Қалада өнер көрсету үшін арнаулы киімдері мен музыкалық аспаптары жоқ еңбек коллективтері кездеспейді. Әрбір демалыс күні қайсыбір коллективтің өнерін көруге болады. Сенбі күні біз қорғасын-мырыш комбинатының Октябрьдің 30 жылдығы атындағы клубындағы әзіл-сықақ кешінде болдық. Көрермендер ойын-сауыққа қатысушылардан өздерінің әріптес жолдастарын танып жатты.

Рейдтің екінші күні—жексенбі денсаулық күні деп жарияланды. Спорт киімін киген әртүрлі жас шамасындағы адамдар ертемен спорт алаңдарына бет-теді. Олар стадионға көптеп жиналды. ГТО нормаларын тапсыруға және спорт сайыстарына қатысушылар арасында. әдеттегідей, қалалық партия комитетінің бірінші және екінші секретарьлары Р. З. Төреғожин мен В. И. Ходова, қалалық атқару комитетінің председателі Т. А. Рябусова, қорғасын-мырыш комбинатының директоры Е. Н. Шкуратов, қалалық комсомол комитетінің бірінші секретары А. С. Беляев және басқа да басшылар болды. Мұның өзі, сөз жоқ, пайдалы шараның бұқаралылығын қамтамасыз етті.

Қала тұрғындарының өскелең рухани қажеттерін айқындайтын тағы бір цифр келтірейік. Екі демалыс күні ішінде кітапханаларда мыңнан астам адам болды.

Рейд тәкеліліктердің бос уақыттарын пайдалы өткізетін, өзінің қорғамдық белсенділігін жұмсайтын, тамаша дем алып, сүйікті ісімен айналысатын, жаңа еңбек аптасы үшін күш жинап, жақсы көңіл-күйге серпін алатын жерлері бар екенін көрсетті. Мұнда, әсіресе, бүкілхалықтық мейрамдар қызықты өтеді. Мысалы, стадионда ұйымдастырылған Жеңіс күні мерекесінде қаланың әрбір үшінші тұрғыны болды.

Осының бәрі Тәкелі қалалық партия комитеті мен қалалық атқару комитетінің демалыстың материалдық базасын

Digitized by Google

нығайту және адамдарды оны мазмұнды пайдалана білуге тәрбиелеу, рухани ортақтықты, адамдардың демалыс сағаттарындағы бірлігін қалыптастыру, жаңа әдет-ғұрыптарды, мерекелерді, салт-жораларды енгізу жөніндегі көлемді де дәйекті жұмысының нәтижесі.

Еңбек коллективтерінде қалалық партия комитеті күндерін тоқсанына бір рет—жұма күні, бірыңғай саяси күндер мен ашық хат күндерін өткізу кезінде партия қызметкерлері адамдардың тілектерін, олардың мүдделерін зерттейді, мұның өзі қала тұрғындарының бос уақыттарын ұйымдастыруға көмектеседі. Осы мақсатпен насихат және үгіт бөлімінде үгіт алаңдарының, мәдениет университетінің жұмысы, тұрғылықты жер бойынша атеистік тәрбиенің жолға қойылуы туралы мәселелер қаралды.

Үстіміздегі жылы қалалық Совет атқару комитетінің мәжілістерінде «КПСС XXVI съезінің шешімдеріне сәйкес көркем творчествоны одан әрі дамыту туралы», «Қалалық Мәдениет үйінің советтік ғұрыптар мен салттарды енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмысы туралы», «Мәдени-ағарту мекемелерінің атеистік тәрбие жөніндегі жұмысы туралы» мәселелер тыңдалды.

Текеліде 1978 жылдан бері мәдениет комплексі жұмыс істейді. Қазір ол мәдени-спорт комплексі болып қайта құрылуда. Қалалық атқару комитеті председателінің орынбасары Г. Т. Кобзев басқаратын оның үйлестіру советі ересектер мен балалар демалысын ұйымдастырады.

Қалада мұндай жұмыстың белгілі тәжірибесі жинақталды. Дегенмен бәрі бірдей тиісті дәрежеде атқарылып жатқан жоқ. Мысалға үгіт алаңдарын, ең алдымен үгіт алаңдарын безендіруді алайық. Өйткені «Үгіт алаңы» деген жазуы бар қалқаннан, әңгіме жүргізушіге арналған орындық пен столдан басқа (оның өзі барлық жерде емес) ештеңе жоқ. Жабық сахна да, көрнекі үгіт те, жұмыс жоспары да, үгіт алаңы советі мүшелерінің тізімі де жоқ... Бұл алаңның иесі кім екенін біле алмайсың.

Қорғасын-мырыш комбинатының, энергетиктердің, № 41 құрылыс-монтаж басқармасының, жолаушылар автотранспорты кәсіпорнының, коммуналдық кәсіпорындар комбинатының және № 1 жөндеу-құрылыс учаскесінің партия ұйымдары басшылық жасайтын үгіт алаңдарының бәрі бірдей жұпыны. Мұнда бұқаралық-саяси жұмыс қыруар жақсартуды талап етеді. Ал ол партия ұйымдары еңбек коллективтерінде жүргізетін жұмыстардың жалғасына айналған жоқ, олардың таңдаулы дәстүрлерін жеткілікті насихаттамайды.

Сонымен қатар тұрғылықты жер бойынша жеке тәрбие жұмысы нашар жүргізіледі. Мұнда қамқорлық жасаушы партия ұйымдары мен право тәртібінің тірек пункттері арасында тығыз байланыстар жоқ. Демалыс күндерін өткізу шеңберінде тұрғындар арасындағы атеистік жұмысқа көбірек көңіл аудару, дінге сенушілерді, әсіресе, олардың балаларын бұқаралық шараларға тарту, олар үшін қызықты істер табу қажет. Бұқаралық-саяси жұмыстың жоғары нәтижелілігіне ұмтылу керек.

«Қазақстан үгітшісі»—
«Агитатор Казахстана» журналының рейд бригадасы.
Текелі қаласы,
Талдықорған облысы.

Әңгімелерде пайдалан

СУ—ЗОР ИГІЛІК

Біз пайдаланатын су — адам еңбегінің өнімі, материалдық зор игілік, бірақ ол бізге тегінге түспейді. Бұл арада материалдық ресурстар жүйесінде су да отын, металл, ағаш секілді ресурс екені туралы сөз болып отыр. Оның үстіне сусыз олардың бірде-бірін алу мүмкін емес.

◆ Ірі қаланың әр тұрғынына тәулігіне кемінде 500 литр су жұмсалады. Өнеркәсіп оны ондаған есе көп талап етеді.

◆ Бір тонна никель өндіруге 800—850 тонна, бір тонна алюминийге — 1500 тонна су жұмсау қажет.

◆ Егіншілікте бір килограмм өнім алу үшін 250—300 килограмм (ал қуаңшылық аймақта — 500—600 килограмм) су талап етіледі.


◆ Халық шаруашылығында 450-ден астам сала бар. Олардың әрқайсысы керекті материалдық байлықтарды өндіреді. Әйтсе де мұндай әр сала жылына тұтас бір өзеннің суын «ішетінін» ұмытуға болмайды. Мәселен, қара металлургияда технологиялық қажеттер үшін Дон өзені беретін судың мөлшеріндей су пайдаланылады. Ал мұның өзі жылына 27,4 миллиард текше метр ғой.

◆ Суды аз-аздап жұмсауға бола ма? Сөйтсек, болады екен;

— Тұйықталған су айналымына негізделген технология енгізілуде, онда су алғаш пайдаланылғаннан кейін ағызылып жіберілмейді, тазартылып, жаңа шеңбер бойынша қайтадан технологиялық циклге оралады. Бүкіл химия, мұнай-химия өнеркәсібі дерлік, машина жасау өнеркәсібіндегі көптеген заводтар осындай әдіспен жұмыс істейді.

Суды үнемдеу туралы қамқорлық — мамандардың ісі ғана емес, бұл әр адамның қимыл-әрекетінің, әр адамның біздің тіршілік жүйемізді сақтау туралы қамқорлығының ісі.

Digitized by Google



Атеистік тәрбиені ұйымдастырушылар үшін

ЫҚПАЛ ЖАСАУ ҚҰРАЛДАРЫМЕН

КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумы еңбекшілердің ғылыми, материалистік дүниетанымының қалыптасуына баса көңіл бөлді. Пленум қаулысында былай делінген: «Халық арасында ғылыми-материалистік көзқарастарды неғұрлым белсенді насихаттау, атеистік тәрбиеге көбірек көңіл бөлу қажет. Діншіл адамдарды қоғамдық өмірге кеңірек қатыстыру, советтік әдет-ғұрыпты неғұрлым табанды енгізу қажет».

Аудандық партия комитеті жанынан құрылған және жұмыс істейтін атеистік тәрбие жөніндегі аудандық совет өзінің күнделікті жұмысында нақ осы талаптарды басшылыққа алды. Совет 12 адамнан тұрады, оны аудандық партия комитетінің секретары басқарады. Совет атеистік кадрларды іріктеуге, партия ұйымдарының барлық атеистік жұмысын жақсартуға көп көңіл бөледі.

Атеистік тәрбие жөніндегі совет барлық атеистік шараларды әзірлеп, өткізуде аудандық партия комитетінің белсенді көмекшісі, сол шаралардың көпшілігінің инициаторы болып табылады. Ол өзінің қызметін аудандық партия комитетінің бюросында бекітілген жылдық жоспар бойынша құрады. Онда атеистік жұмысты ұйымдастырушылармен тоқсан сайын әртүрлі тақырыпта өткізілетін аудандық семинарлар жетекші орын алады.

Мысалы, лекторлардың, үгітші-атеистердің, атеистік жұмысты ұйымдастырушылардың «Партияның XXVI съезінің шешімдеріне және КПСС Орталық Комитетінің «Идеологиялық, саяси-тәрбие жұмысын одан әрі жақсарту туралы» қаулысына сәйкес ғылыми-атеистік жұмыстың міндеттері туралы» деген тақырыпта семинары болды. Облыстық партия комитеті саяси оқу үйі меңгерушісінің орынбасары Е. М. Көпиева «Оқушыларға атеистік тәрбие беру» деген тақырыпта лекция оқыды. Аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры А. Н. Томяк, Дария орта мектебінің атеистік жұмысты ұйымдастырушысы Л. Г. Землянушнова, Чувашинский орта мектебінің мұғалімі О. К. Соколова жұмыс тәжірибесімен алмасты.

Сондай-ақ «Идеологиялық жұмыстағы атеистік тәрбиенің орны мен ролі» деген тақырыпта идеология қызметкерлерінің кеңесі өткізілді. «Атеистік тәрбие және жастар» деген тақырыпта ғылыми-практикалық конференция болды.

Совет жұмысының жоспарында тұрғындардың діндарлық дәрежесін анықтау үшін еңбекшілер арасында сұрақ қою сияқты маңызды пункт бар. Социологиялық зерттеулер көрсеткеніндей, аудан еңбеккерлерінің көпшілігі атеистер, сонда да діни ықпалға түсіп, діни әдет-ғұрыптарды орындайтын адамдар әлі де бар екен. Анкета жүргізу бірқатар селолар мен еңбек коллективтерінде жүргізілетін атеистік жұмыстың жақсы және әлсіз жақтарын анықтауға көмектесті.

Аудандық партия комитеті бүкіл идеологиялық жұмысты бағыттай отырып, еңбекшілерге атеистік тәрбие беруді одан әрі жетілдіруге тұрақты көңіл бөледі. Мәселен, бюро мәжілістерінің бірінде тұрғындар арасында атеистік насихатты күшейту жөнінен шаралар бекітілсе, енді бірінде X партсъезд атындағы колхоз партия комитетінің діндарлар арасындағы жекелеген жұмыстың тиімділігін, еңбекшілер арасындағы атеистік үгіттің пәрменділігін арттыру жөніндегі жұмысы талқыланды.

Аудандық партия комитеті партия активін КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерінен туындайтын атеистік тәрбиенің міндеттері туралы хабардар етеді. Партия активінің түрлі топтарына арналған лекция түріндегі осындай информациялар жүйелі түрде өткізіледі.

Партия ұйымдарының жоғары партия органдары шешімдерін, аудандық партия комитетінің жоспарлары мен шараларын орындауды тексеру жүйелі өткізіледі. Бастауыш партия ұйымдары өз кезегінде діндарлық көріністердің дәрежесі мен сипатын, елді мекендер мен еңбек коллективтеріндегі атеистік жұмыстың жайы мен тиімділігін тұрақты қадағалайды.

Колхоздар мен совхоздардың барлық 15 партия комитеті мен партбюросында атеистік жұмысты ұйлестіру жөнінен советтер құрылған. Әйелдер, балалар мен жастар арасында дінге қарсы насихатты күшейту жөніндегі шаралар жасалып, жүзеге асырылуда.

Бастауыш партия ұйымдарында осы бағытта 40 атеистік тәрбиені ұйымдастырушы және 21 үгітші-атеист жұмыс істейді. 49 лектор-атеист лекциялық насихатпен айналысады. Олар өткен жылы ғана атеистік мәселелер бойынша 50-ден астам әңгіме өткізді.

Аудандық партия комитеті бюросының шешімі бойынша атеистерді тео-

Digitized by Google

риялық және практикалық жағынан даярлау дәрежесін арттыру мақсатында атеистік насихат кадрларының екі жылдық мектебі ұйымдастырылды. Тыңдаушылар ғылыми атеизм негіздерін, қазіргі діни идеология мәселелерін, атеистік жұмыс методикасын оқып үйренеді. Олар әрбір сабақта практикалық жұмыс тәжірибесін алмасады. Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қызметкерлері жаңа атеистік әдебиеттерге үнемі библиографиялық шолулар жасайды. Тақырыптық кинофильмдер көрсетіледі.

Аудандық партия комитеті Орал облыстық партия комитетінің марксизм-ленинизм университетімен бірлесе отырып, ғылыми атеизмнің кешкі бөлімін ашты, оның жұмыс істегеніне міне, үш жыл болды. Мұнда мұғалімдер, медицина қызметкерлері, кәсіподақ және комсомол активистері оқиды.

Тыңдаушылар «Қазіргі заманғы идеологиялық күрестің актуальды проблемалары», «Кемелденген социализм», «Ғылыми атеизм негіздері», «Атеистік жұмыс методикасы», «Маркстік-лениндік философия» және басқа да пәндерді оқып үйренеді.

Университеттің кешкі бөлімінің оқу жоспарында К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің дін және атеизм мәселелері жөніндегі шығармаларын оқып үйренуге көп көңіл бөлінеді. Тыңдаушылар ұйымдастырушылық және лекторлық жұмысқа, рефераттарды әзірлеуге, социологиялық зерттеулер жүргізуге тартылады. Өткен жылдың июнь айында 30 тыңдаушы оқуларын табысты аяқтап, насихатшылар, лекторлар, үгітшілер мен атеистік тәрбиені ұйымдастырушылар отрядын толықтырды.

Аудандық партия комитеті жыл сайын аудандық партия комитетінің қызметкерлерін марксизм-ленинизм университеті ғылыми атеизмінің сырттай бөліміне оқуға жібереді.

Мысалы, Кирсанов орта мектебінің директоры А. Ш. Байболатов, Раздольненский халық депутаттары селолық Советінің председателі А. Н. Соколов, «Дружба» колхозының машина-трактор шеберханасының меңгерушісі В. А. Волков, халық депутаттары Чеснаковский селолық Советінің председателі П. Г. Мякущин, Чеботарев орта мектебінің мұғалімі Ф. В. Сковородько, Чувашинский орта мектебінің директоры В. Ф. Людвиг және басқалар осы бөлімді бітіріп шықты.

Қазір олар адамдармен жекелеген жұмыстарды белсенді түрде жүргізеді, лекциялар мен баяндамалар жасайды. Осының бәрі лекциялардың идеялық-саяси мазмұнын жақсартуға, медицина, педагогика, ауыл шаруашылығы тақырыбы бойынша барлық лекциялық насихаттың атеистік бағытын күшейтуге мүмкіндік берді. Мысалы, «Медицина және дін» онкүндігі өткізілді. Оның барысында 36 лекция оқылды, 18 санлық бюллетень шығарылды, медицина мекемелерінде 7 атеист мүйісі ұйымдастырылды, 29 топтық әңгіме, радио постысының 2 әңгімесі өткізілді.

Аудандық «Сельский труженик» газетінің беттерінде ай сайын атеистік тақырыптағы материалдар жарияланады. Жергілікті радио хабары бойынша «Атеист» радио лекторийі ұйымдастырылды.

Ғылыми атеизм бөлімі түлектерінің көпшілігі ғылыми атеизм негіздері мектебінің насихатшылары, лекторлар болды, олар жаңа азаматтық ғұрыптар мен мерекелерді енгізуге белсене қатысады.

Аудан орталығында нәрестеге салтанатты түрде ат қою сияқты азаматтық ғұрып ұйымдық жоғары дәрежеде өтеді. Бұл күні Мәдениет үйінің үстінде Мемлекеттік жалау көтеріледі. Жалаудың сабы ленталармен көмкеріледі. Қанша лента болса — сонша балаға сол күні ат қойылады. Мәдениет үйінің кіре берісіне айшықты хабарландыру ілінеді. Бұл оқиға қарсаңында жаңа туған нәрестеге, олардың ата-аналары мен туыс-қандарына арналған стенд әзірленеді. Онда құттықтаулар, нәрестенің туған күні мен сағаты, оның салмағы туралы хабар, ата-анасы қойған аты жазылады.

Қонақтар жаңа туған нәрестелерді тіркейтін мерекелі безендірілген залға шақырылады, онда «СССР-дің жаңа азаматының тууы және ат қою туралы актіге» қол қойылады.

Жас азаматтың құрметіне Совет Одағының және Қазақ ССР-нің гимндері орындалады.

Жастарға идеялық-адамгершілік тәрбие беруде аудандық тарихи өлкетану музейі үлкен роль атқарады. Онда партия, соғыс және еңбек ардагерлері жастарға комсомол билеттерін тапсырады. Пионерлер, мектеп оқушылары музейге жиі келеді.

Жұмысшы табы қатарына қабылдау ғұрпы да дәстүрге айналды.

Соңғы жылдары Зерде вахтасын әзірлеп, өткізу практикасы қыруар толықты. Жеңіс күні қарсаңында жауынгерлік даңқ орындары бойынша автомотожорығы, «Майдангерлер, омырауларыңызға ордендеріңізді қадаңыздар» деген ардагерлер кездесулерінің кештері өткізіледі.

Осының бәрі жастарды аға ұрпақтың даңқты дәстүрлеріне тәрбиелеуге көмектеседі, олардың көз алдында біздің советтік өмір салтымызды орнықтырады, келеңсіз көріністермен, адам санасындағы ескіліктің сарқыншақтарымен, оның ішінде діни наным мен көзқарастарға қарсы белсенді күресуге мүмкіндік береді.

И. КАЛЬЧЕНКО,
Қазақстан Компартиясы Приурал аудандық комитетінің секретары.

Digitized by Google

ҚЫТАЙ: КЕЗЕКТІ ЭКСПЕРНМЕНТ НЕМЕСЕ «СЯО ШУДЫ» КІМ ЖЕЛЕП-ЖЕБЕЙДІ

«Сяо шу» — кішкентай тышқан, шығыс календары бойынша 1984 жылдың символы — Қытай Халық Республикасының жарнамалық плакаттары мен почта маркаларынан, «Жэньминь жибао» газетінің беттері мен сауда проспектілерінен жымия қарайды. Оңтүстік-Шығыс Азияның көптеген елдерінде шығарылған Қытай гороскопы тышқан жылы барлық кәсіпкерлерге бизнесте табыс пен сүбелі пайда әкеледі деп дәмелендіреді.

Бірақ гороскоп аты гороскоп қой, ал Пекин әкімшілігі жүргізіп отырған «ашық есік саясаты» батыс фирмалары мен компанияларына нақты, оның үстіне қыруар табыс әкелуге тиіс. Таяу болашақта және шетел мемлекеттерімен сауда-экономикалық байланыстарды жеделдете дамыту мақсатында жаңа қолайлы жағдай жасау жолындағы осы бағыттың бұлжымайтындығы және Қытайға шетел инвестициясын тарту туралы Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас секретары Ху Яобан мен Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Советінің премьері Чжао Цзыян Жапонияға, АҚШ-қа және Канадаға барған сапарында талай рет айтқан еді.

Индустриалдық жағынан дамыған капиталистік елдермен сауда-экономикалық байланыстарын нығайту, соңғы уақытта Қытай Халық Республикасының партия және мемлекет басшылары талай рет атап көрсеткеніндей, «Ұзақ мерзімді, стратегиялық» сипат ұстайды. Жыл басынан бері Қытайда осыған орай бұл бағытты халық арасында барынша насихаттауға айрықша көңіл бөлінумен қатар оны жүзеге асыруға жаңа серпін беру үшін түрлі шаралар да қолданылуда.

Дүние жүзінің барлық мемлекеттерімен сауда-экономикалық байланыстарын тең праволы және өзара тиімді негізде дамытуға ұмтылатыны туралы айта отырып, Қытай басшылығы соған қарамастан көптеген жылдардан бері индустриалдық жағынан дамыған капиталистік елдерде Меркурий үшін даңғыл жол салуды ашықтан-ашық қалайды. Енді Қытай Халық Республикасының сыртқы сауда айналымының үштен екі бөлігіне жуығы Жапонияның, Гонконгтың, АҚШ-тың, Европалық экономикалық қауымдастықтың үлесіне келеді.

Ресми деректер бойынша Қытай Халық Республикасының сыртқы саудасының мөлшері 1983 жылы 42 миллиард долларға жуық құрады, экспорт сомасы 1982 жылмен салыстырғанда 11,2 процент, ал импорт — 21 процент өсті. Үстіміздегі жылы, сыртқы экономикалық байланыстар мен сыртқы сауда министрі Чэнь Мухуаның пікірі бойынша, елдің өнеркәсіп потенциалын жаңарту және халық шаруашылығының жаңа объектілерін салу үшін қазіргі заманғы техника мен технологияны шетелдерден көптеп әкелу есебінен Қытайдың сыртқы саудасының мөлшерінің өсімі жалғаса береді.

Жүз жылдықтың соңына қарай төрт есе ұлғайту жоспарланып отырған қытай-жапон саудасының мөлшері өткен жылы 10 миллиард доллар болды. Қытай-американ саудасының көлемі 1983 жылы 5 миллиард долларға жуық мөлшерге жетті. 1983 жылдың октябрінде Қытай Халық Республикасының сыртқы істер министрі У. Сюецянь өзінің сапары құрметіне чикаголық бизнесмендер ұйымдастырған қабылдауда сөйлеген сөзінде Қытай Халық Республикасы мен АҚШ арасындағы екі жақты сауданың жалпы көлемі жыл сайын орта есеппен 63 процент өсе отырып, 1979 жылдан 1982 жылға дейін 18,2 миллиард долларға жеткенін атап көрсетті. Соның нәтижесінде Құрама Штаттар ауқымы жағынан Қытайдың Жапония мен Гонконгтан кейінгі үшінші сауда серіктесіне айналды.

Қытай Халық Республикасының қазіргі басшылығы халық шаруашылығын дамытудың актуальды міндеттерін шешу, ішінара, экономика тиімділігін арттыру, ғылым мен техниканың бірқатар салаларында дүние жүзінің дамыған елдерінен артта қалушылықты жою және таяудағы жиырма жыл ішінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жылдық өндірісін төрт есе ұлғайту жоспарына қатысты үлкен үміттерін «ашық есік саясатын» жүргізумен байланыстырады. Қытайдың таяу жылдардағы сыртқы экономикалық байланыстарының перспективалары туралы айта отырып, Чжао Цзыян американ-қытай сау-

Digitized by Google

дасының қоғамы Вашингтонда ұйымдастырған түскі қонақасыда былай деді: «Біз социализмді қытай ерекшелігімен құруды ұйғардық. Бұл үлкен капиталды, озық техниканы, басқа елдер тарапынан көмекті талап етеді».

Қытай ең алдымен, технологияны, топтама жабдықтарды алуға, елді ғылыми-техникалық революция жетістіктеріне қатыстыруға мүдделі болып отыр. Өйткені, «Гуанмин жибао» газетінің мойындауы бойынша, Қытай Халық Республикасы ғылым мен техниканың бірқатар саласында бүгінде дүние жүзінің дамыған елдерінен 20—30 жылдай артта қалып отыр. Елдің басшылығы сыртқы экономикалық байланыстарды сыртқы капиталистік рынокқа бағдарлай отырып, Қытай Халық Республикасына шетел монополияларын енгізу жолымен осы проблемаларды шешуге ұмтылуда. Соңғы төрт жыл ішінде американдық компаниялармен және фирмалармен ғана жүзден астам шартқа, оның ішінде 30 аралас кәсіпорын құру жөніндегі шартқа қол қойылды.

Өткен жылдың жазында Рейган үкіметі екі жылдық сөзбұйдаға салудан кейін Қытайға саудада «одақтас емес дос мемлекет» статусын ұсынуды ұйғарды. Вашингтон әкімшілігінің бұл қадамын Пекинде ерекше қанағаттанғандықпен қарсы алды, өйткені Қытай Халық Республикасына АҚШ-тан және басқа да батыс елдерінен «қос мақсатта» деп аталатын, яғни әскери мақсатта да пайдалануға болатын қазіргі заманғы технология мен жабдықтарды алуға біршама зор мүмкіндік берілуде. Мемлекеттік департаменттің деректері бойынша, 1983 жылы әкімшілік Қытай Халық Республикасына 1982 жылғы 350 миллион доллармен және 1981 жылғы 200 миллиондай доллармен салыстырғанда жалпы мөлшері 800 миллион доллардың қазіргі заманғы технологиясына экспорттық лицензия берді. Үстіміздегі жылы жалпы мөлшері 1,5 миллиард долларға жуық кемінде осындай 3600 экспорттық заявка түседі, деп есептейді «Вашингтон пост» газеті.

Байқаушылар атап көрсеткендей, Чжао Цзыянның АҚШ-қа сапарының барысында ядролық салада ынтымақтастық жөніндегі қытай-американ келісімін жасау туралы екі жақты келіссөздер қыруар ілгері жылжыды. Мұның өзі жапон және француз фирмаларымен қатар американ компанияларының Қытай Халық Республикасында сегіз атом электр станциясының құрылысына қосылуына мүмкіндік туғызады, оларды жүз жылдықтың соңына қарай іске қосу белгіленген. Алдын-ала жасалған бағалар бойынша, осы жобаларға арналған жабдықтардың құны 25 миллиард доллар құрайды.

Қытайдағы шетелдік фирмалар мен компаниялардың қызмет ауқымы өте кең және Қытай экономикасының көптеген салаларын қамтиды. Американдық тоғыз компания, оның ішінде «Экссон» және «Оксиденталь петролеум» сияқты белгілі компаниялар жағалаулардағы мұнай байлықтарына барлау жүргізуде. «Фоксборо» компаниясы автоматты өлшем приборлары мен электронды есептеу машиналарын шығаруды жолға қойды, Қытай Халық Республикасында жапониялық «Хитати» концернінің үш тасқынды желісінен жыл сайын 180 мың ақ-қара түсті және 200 мың түрлі-түсті телевизор шығарылады. Бір сөзбен айтқанда, бірлесген немесе шетелдік инвестицияға негізделген кәсіпорындар бүгінде мұнай шығару және көмір өнеркәсібінде, электр энергетикасында, құрылыс индустриясында, ауыл шаруашылығында және туризмде жұмыс істейді. 1983 жылы, ресми деректер бойынша, Қытайда осындай 200-ге жуық кәсіпорын жұмыс істеді.

Қытай Халық Республикасының шаруашылық даму проблемаларын капиталистік елдерге сүйену жолымен шешуге ұмтылу Батыстың қолына Қытайдың ыңғайлы экономикалық бағытта дамуына ықпал етудің нақты тұтқасын ұстатады. Мысалы, «айрықша экономикалық аймақтарда» толығынан шетелдік капиталға қарайтын кәсіпорындар мен фирмалар құруға рұқсат етілген, оларға жүргізілетін мемлекеттік бақылау бәсеңдетілген, қыруар салық жеңілдіктері енгізілген. Оның үстіне сыртқы қысымның салдарынан Пекин жыл сайын одан әрі ығысуға мәжбүр болып отыр. Қазірдің өзінде жұмсалған қаржыдан түскен кіріс, ресми деректер бойынша, бірлескен кәсіпорындарда 17 процент құрайды, мұның өзі дамушы елдердің өзіне қарағанда едәуір көп. Сонда да 1983 жылдан бері шетелдік кәсіпкерлер жаңа жеңілдіктер алды. Мәселен, олар енді шетелдік мамандардың жеке табысынан ұсталатын салықтан екі жылға босатылуда, «айрықша экономикалық аймақтарда» шығарылатын өнімді сыртқы, сондай-ақ ішкі рынокта да өткізуге алғаш рет рұқсат етілді, Қытай Халық Республикасының заңдарында қарастырылмаған пункттерді шарттар мен келісімдерге енгізуге право берілді.

Шетелдік инвеститорлар актуальды экономикалық проблемаларды шешуде Қытайға пәрменді де жан-жақты көмек көрсетуге тіпті де мүдделі емес. Керісінше, барынша көп кірісті тез алуға ұмтылып, шетелдік кәсіпкерлер көбіне Қытай өнеркәсібінің кейбір салаларын дамытуға зиян келтіреді.

Халықаралық капиталистік рыноктағы дағдарысты құбылыс, көптеген батыс мемлекеттерінің бәсекелестік күресі, протекционистік саясаты Қытай Халық Республикасының экономикасына елеулі ықпал ете бастады.

Елеулі финанс қиыншылықтары байқалуда, Қытай Халық Республикасы мемлекеттік бюджетінің дефициті үш миллиард юань мөлшерінде сақталып отыр. Шетелдік мамандардың бағалауынша, 1983 жылы елдің сыртқы қарызы

Digitized by Google

бес миллиард доллардан астам құрады.

Соңғы уақытта Пекин шетелдік банк кредиттеріне бет бұрды. 1983 жылдың соңында Қытай Халық Республикасы Жапониядан, Франциядан, Англиядан, Канададан, Италиядан, Германия Федеративтік Республикасынан, Швейцариядан және АҚШ-тан 30 миллиард долларға жуық қаржы алу туралы келісім жасады. Қытай Халық Республикасы Халықаралық валюта қоры мен қайта құру мен дамудың Халықаралық банкісіне кіргеннен кейін Пекин проценттік аз өсіммен кредиттер алуды белсенді түрде іздестіруді жалғастыруда.

«Ашық есік саясаты», Қытай баспасөзі атап көрсеткендей, парақорлық, коррупция сияқты елеулі қылмыстардың өсуіне түрткі болды. Шэньчжэнь басты «айрықша экономикалық аймағы» орналасқан Гуан-дун провинциясында 1982 жылы мыңнан астам контрабанда кемелері ұсталып, ресми адамдар араласқан 20 мыңға жуық контрабанда оқиғалары ашылды.

Қытаймен сауда-экономикалық байланыстарын дамыта отырып, Батыс саясатшылары мен монополиялары Қытай Халық Республикасына өздері үшін пайдалы экономикалық бағытты ғана емес, сондай-ақ саяси бағытты да таңуға ұмтылуда. «Стратегиялық серіктестік», «әскери ынтымақтастық» — Пекинмен экономикалық байланыстар туралы өңгіме қозғалған кезде батыс қайраткерлерінің лексиконында бұл сөздер міндетті түрде пайдаланылады. Олар Чжао Цзыянның бертіндегі АҚШ-қа сапарында да талай рет айтылды. Батыстың Қытайға байланысты қазіргі бағытының айлалы әрекетінің көрінісін аша отырып, Жапонияның «Майнити» газеті бұл процестің ең алдымен Ақ үйдің Қытай Халық Республикасының Совет Одағымен жақындасу мүмкіндігінен қауіптенуімен байланысты екенін атап көрсетті.

«Сяо шу» тышқанының моншақтай қара көздерінің жарқылы жұмбақ. Ол біреулерін өзге ұлттың байлығын ашықтан-ашық пайдалану есебінен орасан зор пайда табуға, екіншілерін алыс болашақта фантастикалық «нефрит сарайларына» енуге үміттендіреді.

Б. БАРАХТА.

Біздің анықтама бөліміміз

АВГУСТ АЙЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР

1 — 1975 — Хельсинкиде Европадағы хауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің Қорытынды актісіне қол қойылды.

— Бұдан 60 жыл бұрын (1924) СССР Қызыл Ту ордені белгіленді.

5 — 1963 — Москвада СССР, АҚШ, Ұлыбритания үкіметтерінің өкілдері атмосферада, космос кеңістігінде және су астында ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы Шартқа қол қойды.

11 — Физкультурашы күні.

12 — Құрылысшы күні.

15 — 1945 — Кореяны жапон басқыншыларынан азат ету аяқталды.

16 — Совет мемлекеті мен партия қайраткері, В. И. Ленинның інісі Д. И. Ульяновтың туғанына 110 жыл (1874—1943).

18 — Герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері Эрнест Тельманның қаза тапқанына 40 жыл (1886—1944).

19 — СССР Әуе Флоты күні.

23 — Румынияның фашистік езгіден азат етілгеніне 40 жыл. Румын халқының ұлттық мейрамы.

24 — Кишинев қаласының неміс-фашист басқыншыларынан азат етілгеніне 40 жыл (1944).

26 — Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлар Советінің Қазақ АССР-ін құру туралы Декреті қабылданды, 1936 жылдан — одақтас республика.

— Совет мемлекетінің қайраткері, В. И. Лениннің апасы А. И. Ульянова-Елизарованың туғанына 120 жыл (1864—1935).

27 — Бұдан 65 жыл бұрын (1919) Халық Комиссарлар Советі Советтік Россияда кино ісін национализациялау туралы декрет қабылдады.

— Совет киносы күні.

29 — Словакия ұлттық антифашистік көтерілісінің басталғанына 40 жыл (1944).

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-07, 33-80-56.

33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Р. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. ЖҰРСІМӘМБЕТОВА.
Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.

Сдано в набор 11.06.84. Подп. к печати 26.06.84. УГ01212. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл) 2. Уч.-изд. л: 3,52. Печать высокая. Тираж 65082. (казахское издание — 33124 экз., русское издание — 31958 экз.). Заказ 221. Цена 15 коп.

Индекс 75328.


Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



«Плакат» баспасы

Digitized by Google



СПОРТ КОМПЛЕКСІ – ДЕНСАУЛЫҚ ЦЕХЫ

«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0134-2436



Қазақстан мұғалімі

15

Digitized by Google



Талдықорған облысы. Тамаша еңбеккер, қоғамдық жұмысқа белсене қатысушы З. О. Байтағұлова өткен жылы еңбектегі аса көрнекі жетістіктері үшін Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды. Ол 30 жылдан астам уақыт бойы Талдықорғанның темір-бетон бұйымдары заводында бетон қоспаларын өндіру жөніндегі оператор болып жұмыс істеді. Облыстық Советтің депутаты болып сайланды. «Құрмет Белгісі» және III дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерімен наградталды.

Көп балалы ана Зақан Омарқызын пенсияға шығарып салды, әйтсе де ол өз кәсіпорнында лаборант болып жұмыс істеуді жалғастыруда, жастардың құрметті тәлімгері бола отырып, жұмысшы жеткіншектерін тәрбиелеуге қатысуда.

Суретті түсірген **Е. Шлей** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

15

АВГУСТ

1984

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVI СЪЕЗІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ТОЛЫҚ ОРЫНДАЙМЫЗ

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі», № 15. 1984 ж.

НОМЕРДЕ:

КПСС Орталық Комитетінде. Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы . . . 2

З. Керімқұлова. Білім күні — бүкілхалықтық мереке 7

ҮГІТШІНІҢ БЕСЖЫЛДЫҚҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ

Р. Ахатов. Эксперимент өтуде 10

Бесжылдықтың еңбек ырғағы 11

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

В. Папст. Тиянақты әзірлік 12

А. Манапов, А. Дубровин. Сәлем, орақ-84! . 12

В. Филатов. Жер-ана туралы қамқорлық . 15

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Г. Байжапов. Туыстас қалалар 17

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

К. Рахымғалиев. Республиканың көгілдір отыны 19

Т. Мұқаев. Еңбекті қорғау—әрі адамның ісі 21

МӘДЕНИЕТ ПЕН МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Чесноков. Политехника институтына — 50 жыл 23

БІЗ ТҰРАТЫН ЖЕРДЕ

М. Дабылов. Үлкен үйдің жас иелері . . 25

ҰСТАЗ ТРИБУНАСЫ

В. Афанасьев. Кәсіпке баурайық 27

ӘҢГІМЕЛЕРДЕ АЙТЫҢЫЗ

Жұмыссыздық жөніндегі жәрдеммен қалай тіршілік етуге болады 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

И. Мельников. «Әлеуметтік сериктестік»: шексіз уәделер 29

АНЫҚТАМА БӨЛІМІ

Сентябрь айындағы атаулы күндер 31

Digitized by Google

КОМСОМОЛҒА ПАРТИЯЛЫҚ БАСШЫЛЫҚТЫ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ЖАСТАРҒА КОММУНИСТІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ОНЫҢ РОЛІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ

КПСС Орталық Комитеті комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы мәселе қарады. Қаулыда былай деп атап өтілген: Ленин комсомолы партияның сенімді резерві, жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие беруде, коммунизм мұраттарының салтанаты жолындағы күресте оның белсенді көмекшісі ролін лайықты атқарып келеді. Өзінің қатарына 42 миллион жігіт пен қызды біріктіріп отырған ВЛКСМ советтік қоғамның саяси системасында маңызды орын алады, экономиканы, ғылым мен мәдениетті дамытуға, социалистік демократияны одан әрі өрістетуге, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға белсене қатысып келеді.

Комсомолецтер, жастар аға ұрпақтар ісін абыроймен жалғастырып келеді, партияның шақыруы бойынша еліміз үшін неғұрлым маңызды міндеттерді шешуді шабыт-жігермен қолға алады. Миллиондаған жігіттер мен қыздар өздерінің күнделікті дағдылы жұмысы арқылы комсомол даңқы шежіресіне барған сайын жаңа беттер жазуда. Байкал-Амур магистралін, Уренгой-Помары-Ужгород газ құбырын салуға, Россияның Қаратопырақсыз аймағын түлетуге, тыңды, Сібірдің, Қиыр Шығыстың, Қиыр Солтүстіктің байлықтарын игеруге, Азық-түлік және Энергетика программаларын жүзеге асыруға комсомолдың қосқан үлесі зор.

Лениннің өсиеттеріне адал КПСС мынаны басшылыққа алады: жастар қозғалысына партияның басшылығы социалистік қоғамда ұрпақтардың революциялық сабақтастығының ең бірінші шарты және аса маңызды кепілі, комсомолдың идеялылығының, жауынгерлігінің және творчестволық белсенділігінің кепілі. Осынау принцип мүлтіксіз жүзеге асырылып келеді. XXVI съездің, КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарының шешімдерінің ықпалымен комсомолға партиялық басшылықтың мазмұны молығып, оның формалары мен әдістері жетілдірілуде. Комсомол ұйымдарында жұмыс істейтін коммунистер арқылы жастарға жасалатын партиялық ықпал күшейе түсті. Жастар арасындағы жұмысқа мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, партия, еңбек және соғыс ардагерлері белсене қатысуда.

Сонымен бірге кемелденген социализмді жетілдіру міндеттері, дүние жүзілік екі система тайталасының күшейе түсуі комсомолға партиялық басшылықты, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің бүкіл ісін одан әрі жақсартуды, оның социалистік құрылысқа қатысуын жандандыруды талап етеді. Жастардың кейбір бөлігінің арасында еңбектегі және қоғамдық енжарлық, индивидуализм, тәртіпсіздік және басқа теріс көріністер бар екенін де ескеру қажет.

ВЛКСМ Орталық Комитеті, жергілікті комсомол органдары өз қызметінің стилі мен әдістерін баяу қайта құруда, комсомол кадрларымен жұмыста елеулі олқылықтарға жол береді. Комсомол ұйымдары жас адамға ықпал етудің қолда бар мүмкіндіктерін әрдайым тиімді пайдалана бермейді, жаңа міндеттерді «таптаурын», жаттанды тәсілдермен және құралдармен шешуге тырысады. Көп реттерде олар жастар арасындағы жаңа әуестіктерді тез байқап, оған тиісті бағыт беріп отыруға үлгере бермейді.

Партия органдары комсомол ұйымдарына талапшыл сенім көрсету орнына, оны көбіне-көп жөнсіз шектеулермен, қамқорсумен алмастырады, ал кей жағдайларда олардың істері мен қарекетіне кәдуілгі немқұрайдылық байқатады. Көптеген партия комитеттері комсомол активімен жүргізілетін жұмысты әлсіретіп жіберді, комсомолдағы, жастар арасындағы жұмыстың игі тәжірибесін жеткілікті қорытып, енгізіп отырмайды.

КПСС Орталық Комитеті былай деп атап көрсетті: жеткіншек ұрпақты тәрбилеу ісін одан әрі жақсартуды аса маңызды партиялық, мемлекеттік және жалпы халықтық іс деп санау керек. Сайып келгенде, бұл Отанымыздың болашағын сенімді түрде қамтамасыз ету мәселесі екендігін басшылыққа алу керек.

Қазіргі жағдайда комсомолдың III съезінде сөйлеген сөзінде В. И. Ленин-

Digitized by Google

нің жастарға айтқан: коммунизмді үйрену керек деген тарихи өсиеті барған сайын актуальды бола түсуде. Партия ұйымдарының борышы — жігіттер мен қыздарды ұлы Ленинның өмірі мен қызметі үлгісінде, партия мен халықтың революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлерінде коммунизмге үйрету, жастарға толық сенім көрсету, сонымен бірге оған талапшылдықты арттыру, социализмнің тарихи тағдыры үшін оның жауапкершілігін көтеру.

Одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттеріне, өлкелік, облыстық, округтік, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, бастауыш партия ұйымдарына комсомолға партиялық басшылықты күшейту, жастар тәрбиесінде оның ролін арттыру мәселелері бойынша партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарының шешімдерінің, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдастың Орталық Комитеттің 1984 жылғы февраль және апрель Пленумдарында, комсомол ұйымдары секретарларының Бүкілармиялық кеңесінде сөйлеген сөздеріндегі нұсқауларының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету ұсынылды. Комсомолдың, жастардың басты міндеті — партия кемелденген социализмді жетілдіру деп сипаттаған сан қырлы қиын жұмысқа аянбай қосылу, жастарды коммунизм ісіне қалтқысыз берілгендік рухында, совет қоғамының лайықты азаматтары етіп тәрбиелеу деп саналсын.

Жас адамдардың бойына марксистік-лениндік дүниетаным, таптық санасезім, буржуазиялық идеологияға, әлеуметтік әділет идеясына қайшы келетін нәрсенің бәріне ымырасыздық табанды түрде қалыптастырылсын. Жастардың бойына қазіргі заманғы білімдерді игеруге деген табиғи қажеттілік дарытылсын, олар жасампаздық қызметке, экономикалық және әлеуметтік дамудың өзекті міндеттерін шешуге, мемлекет пен қоғамды басқаруға белсенді тартылсын. Жастарды тәрбиелеудің, білім берудің және оқытудың бүкіл ісі олардың бойында коммунистік моральды тәрбиелеу ісі болуына күш салынсын.

Комсомолға партиялық басшылық, деп атап көрсетілген КПСС Орталық Комитетінің қаулысында, жоспарлы, жүйелі сипатта болуға, жастар одағының барлық буындарының белсенді, мақсатты қызметін қамтамасыз етуге тиіс. Жастар арасында болып жатқан әлеуметтік-идеологиялық процестерге тұрақты да терең бойлау, оларды жүйелі түрде талдап отыру, комсомол ұйымдарының негізгі бағыттарды, жұмыстың нағұрлым пәрменді формаларын таңдап алуына көмектесіп отыру маңызды.

Бұл орайда барынша сенім мен жолдастық ықылас көрсету, пайдалы бастамаларды қолдап отыру, «ақыл айту арқылы емес, жұмыс арқылы» (Ленин) үйретіп, қатарға тарту керек. Осының бәрі жастар ұйымына партиялық басшылық стилінің міндетті талабы деп саналсын.

Комсомол ұйымдарының тұрмысы мен қызметі мәселелерін жүйелі қарап, оларға жастардың әлеуметтік проблемаларын шешуде көмек көрсету қажет. Мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруда комсомол өзінің зор праволарын нағұрлым толық пайдаланатын болуы үшін жағдай жасалсын. Жастардың оқуының, еңбегінің, тұрмысы мен демалысының барлық көкейтесті мәселелері міндетті түрде комсомолдың тікелей қатысуымен шешілуге тиіс. Комсомолецтер мен жастарды партия жиналыстарына шақыру практикаға енгізілсін. Партия комитеттері мен бюросының құрамына комсомол ұйымдарының секретарларын, жастардың нағыз жетекшілерін сайлау орынды деп саналсын. Партияға комсомолдың таңдаулы түлектері, ең алдымен жұмысшылар мен колхозшылар арасынан таңдап алынсын. Партияға ВЛКСМ мүшелерін ұсынғаны үшін комсомол ұйымдарының жауапкершілігі арттырылсын.

Жастар одағының қызметінде партиялық ұйтқының ролін арттыруға тұрақты қамқорлық жасап отыру керек. Коммунистің комсомолдағы жұмысы — жауапты партиялық жұмыс екені және оны абыроймен орындау керектігі естен шықпайтын болсын. Әрбір жас коммунист еңбектегі жанқиярлықтың, идеялық сенімділіктің, мінсіз жеке мінез-құлықтың үлгісін көрсетуге тиіс.

Партия комитеттері совет, кәсіподақ, шаруашылық органдарының, қоғамдық ұйымдардың жастар арасындағы жұмысын күшейту шараларын қолдануға, олардың іс-қимылын үйлестіруді жақсартуға тиіс. Партиялық басшылардың жастармен үнемі әңгімелесіп отыруы, коммунистердің, барлық басшы кадрлардың жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие беру ісіне белсене қатысуы туралы партия талабының мүлтіксіз жүзеге асырылуына күш салынсын. Олар жастар еңбек ететін, оқитын, тыныратын жерлерде жүйелі түрде болып, толғағы жеткен мәселелер жөнінде олармен ашық, бүкпесіз әңгімелесуге, оларға толымды жауаптар беруге тиіс.

ВЛКСМ Орталық Комитеті, республикалық, өлкелік және облыстық комсомол комитеттері шаруашылық және әлеуметтік-мәдени құрылыс жоспарларын жүзеге асыруға комсомол ұйымдарының қосатын үлесін молайтуға міндетті. Партия елімізді дамытудың перспективаларын айқындағанда едәуір дәрежеде қазіргі жастар қолының шеберлігіне, батыл ой-пікіріне, еңбектегі шабыт-жігеріне үміт артатынын әрбір жас еңбеккердің бойына ұялату керек. Олар социалистік жарысқа табандылықпен тартылсын, комсомол-жастар коллективтерінің қозғалысы дамытылсын, жастарға тәрбие беруде олардың беделі

Digitized by Google

мен ролі арттырылсын. Жастардың күш-жігері қоғамдық өндірісті интенсивтендірудің, ғылыми-техникалық прогрестің, комплексті автоматтандырудың, электрониканы, атом энергетикасын дамытудың, материалдардың, техника мен технологияның принципті жаңа түрлерін жасап, енгізудің негізгі бағыттарына, шаруашылық жүргізудің экономикалық әдістерін меңгеруге шоғырландырылсын.

Бұл орайда, кең ауқымды шараларға назар аудара отырып, комсомол ұйымдарының «шағын» делінетін, күнделікті, нақты істерді екінші кезекке қалдырмауы өте маңызды, өйткені сайып келгенде елеулі нәтижелер осылардан өсіп шығады.

Партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының, шаруашылық басшыларының жас жұмысшыларға, колхозшылар мен мамандарға жоғары өнімді еңбек үшін, кәсіптік шеберлігін арттыру және жақсы тыныру үшін тиісті жағдайлар жасау жөнінде тұрақты қамқорлық жасап отыруы қажет. Тәлімгерлік дамытылып, жетілдірілсін, жастардың бойында еңбекке деген сүйіспеншілік, салдыр-салақтыққа, қырсыздыққа, маскүнемдік пен бойкүйездікке ымырасыздық сезімі тәрбиеленсін. Тек жұмысшылармен және шаруалармен бірге істеген саналы және тәртіпті еңбекте ғана, деп көрсеткен болатын В. И. Ленин, нағыз коммунист болуға болады.

ВЛКСМ Орталық Комитетіне, министрліктер мен ведомстволарға екпінді комсомол құрылыстарына, оларда еңбек коллективтерін қалыптастыруға формальды-бюрократтық көзқарасты батыл жою ұсынылды. Әрбір комсомол-жастар құрылысы жігіттер мен қыздар үшін азаматтық есеюдің, еңбекте және саяси шыңдалудың, шын мәніндегі екпінді еңбектің нағыз мектебі болуы қамтамасыз етілсін.

КПСС Орталық Комитеті, делінген қаулыда, жастарға идеялық-саяси және адамгершілік тәрбие беруді партия және комсомол ұйымдарының бірінші дәрежелі міндеті деп санайды. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының нұсқауларын басшылыққа ала отырып, бұл жұмысты кең көлемде жүргізу, жастардың әртүрлі категорияларының ерекшелігін, оның білім дәрежесін, хабардарлығын, мүдделері мен бейімділігін ескеру, жас адам тұлғасы қалыптасатын салалардың барлығын қамту керек. Комсомолдың тәрбиелік күш-жігерінің пәрменділігі арттырылсын, олар шаруашылық және мәдени құрылыстың нақты міндеттерін шешумен тығыз ұштастырылсын. Бұқаралық насихат пен үгіттің, саяси ағартудың, қарсы насихат жұмысының сан түрлі формалары жеткіншек ұрпақтың бойында қазіргі қоғамдық дамудың заңдылықтарын марксшік-лениндік тұрғыдан терең түсінуді, советтік патриотизм мен социалистік интернационализмді қалыптастыруға бағындырылсын. Жігіттер мен қыздар туысқан социалистік елдер халықтарымен достық және бірлік, капиталистік және дамушы мемлекеттер еңбекшілерінің азаттық күресімен ынтымақ рухында тәрбиеленсін. Балалық шағынан бастап жастардың бойына Отанымыздың даңқты тарихына, Мемлекеттік Гербіне, Совет Одағының Гимніне және еліміздің Мемлекеттік жалауына құрмет, социалистік мұраттардың дұрыстығына мызғымас сенім ұялату қажет. Жастарға атеистік тәрбие беру күшейтілсін, социалистік әдет-ғұрып тұрмысқа табанды түрде енгізілсін.

Кемелденген социализм қоғамының жас адамына жоғары идеялық-адамгершілік қасиеттер, ең алдымен коммунистік сенім, әлеуметтік белсенділік, еңбекқорлық пен санаға сіңген тәртіп, ортақ іс үшін жауапкершілік, семья, коллектив, қоғам жөніндегі мәдениеттілік пен ізгілік, заңға құрметпен қарау, туындаған қиыншылықтарды жеңе білу қабілеті тән болуға тиіс.

ВЛКСМ Орталық Комитеті, совет, кәсіподақ және шаруашылық органдары, қоғамдық ұйымдар жастардың демалысын ұйымдастыруды жақсартуға барынша мұқият назар аударуы керек. Ғылыми-техникалық және көркем творчестволы, физкультура мен спортты, жастар туризмін кеңінен дамыту, жастардың тұрғылықты жерінде, әсіресе жатақханаларда олардың арасындағы жұмысты жақсарту шараларының жүйесі жасалып, жүзеге асырылсын. Жігіттер мен қыздардың бос уақытын мағынасыз қызыққұмарлықпен өткізбеуі, барлық демалыс түрлері олардың идеялық жағынан баюына, дене тәрбиесінің дамуына, жоғары мәдени талап-тілегі мен эстетикалық талғамы қалыптасуына, отандық және дүние жүзілік мәдениеттің таңдаулы жетістіктерінен сусындауына көмектесетін болуы маңызды. Салапкер бірлестіктер дегенді бетперде етіп жастар арасына бисаясаттықтың, әдепсіздіктің, батыс модасына көзсіз еліктеудің еніп кетуіне жол берілмесін. Комсомол қызметкерлері жастардың коллективтік демалу формаларына тікелей қатысуға, жігіттер мен қыздардың демалысын тікелей ұйымдастырушылар болуға тиіс. Әрбір комсомол ұйымының, әрбір комсомолецтің парызы — қоғамдық тәртіпті күшейту жолында белсене күресу, кезекті науқан немесе жорық жариялаумен шектеліп қалмай, бұл істі байсалды жүргізу.

СССР Мәдениет министрлігі, СССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, СССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, СССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, творчестволық одақтар ВЛКСМ Орталық Комитетімен тығыз ынтымақтаса отырып, совет адамының рухани, идеялық-адамгер-

Digitized by Google

шілік күшін жарқын түрде терең ашып көрсететін, қоғам игілігіне арналған еңбекті, Отан үшін жасалған ерлікті мадақтайтын әдебиет пен өнердің көркемділігі жоғары шығармалары жасалуына күш салатын болсын. Бұған мәдениет шеберлері, жас творчестволық интеллигенцияның талантты өкілдері кеңінен қатыстырылсын. Балалар мен жеткіншектерге арналған кино және телевизия фильмдеріне, музыкалық және әдеби шығармаларға ерекше талап қойылатын болсын. Әдебиет пен өнерге идеясыздық пен сорақылықтың еніп кетуінің барлық арналары жабылсын, буржуазиялық «жаппай мәдениет» ықпалына сенімді тосқауыл қойылсын.

Орталық және жергілікті газеттер мен журналдардың редакциялары, радио мен телевизия, ТАСС, Жаңалықтар баспасөз агенттігі жастар тақырыбын түрлендіріп, мақалалар мен хабарлардың идеялық мазмұнын, кәсіптік деңгейін арттырсын. Комсомолға партиялық басшылықтың және жастар арасындағы жұмыстың практикасы толығырақ жазылып, комсомол басшысының бейнесі неғұрлым жарқын ашып көрсетілсін. ВЛКСМ Орталық Комитеті, партия комитеттері комсомол баспасөзінің қызметін жақсарту шараларын қолданатын болсын.

Партия және комсомол комитеттеріне, Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флотының, ДОСААФ-тың саяси органдарына, партия және комсомол ұйымдарына жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруді күшейту, олардың бойында социалистік Отанды қорғау жөніндегі құрметті парызды орындау туралы жоғары жауапкершілік сезімін баулу ұсынылды. Жастардың бойында өз Отанына деген сүйіспеншілік және оның дұшпандарына деген өшпенділік, жоғары саяси, таптық қырағылық, ерлікке ұдайы әзірлік сезімі бұрынғыдан да табандылықпен тәрбиеленсін. Әскер қатарына шақырылатын жастар арасындағы жұмыста олардың моральдық-саяси, әскери-техникалық және дене тәрбиесіне көп көңіл бөлінсін. «Соғыс ісін шындап үйрену керек!» деген лениндік аманат армия комсомолының бүкіл жұмысының өзегі болуға тиіс. Әскери-патриоттық жұмыста совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына әзірлік кеңінен пайдаланылсын.

КПСС Орталық Комитеті партия комитеттеріне, ВЛКСМ Орталық Комитетіне, жергілікті комсомол органдарына жоғары және арнаулы орта оқу орындарының өмірінде, әрбір студенттің және оқушының бойында маркстік-лениндік теорияны, партия саясатын терең оқып-үйренуге, өзі қалап алған мамандықты меңгеруге қажеттілікті, Отанға қажет жерде еңбек етуге әзірлікті қалыптастыруда комсомол ұйымдарының ролін одан әрі арттыру мәселелерін ұдайы назарда ұстауға міндеттеді. КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумының шешімдерін басшылыққа ала отырып, мектеп реформасын оның барлық негізгі бағыттары бойынша жүзеге асыруға байланысты жұмыс табанды түрде дәйекті жүргізілсін. Оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруда, оқушыларға еңбек, кәсіптік даярлық беруде комсомол педагогикалық коллективтердің сенімді тірегі болуға тиіс. Мектеп комсомол ұйымдарының жұмысында инициатива мен талапкерлікті, творчестволық негіздерді барынша дамытуға ерекше назар аударылсын. Өндірістік комсомол ұйымдарының мектептерге, кәсіптік-техникалық училищелерге, пионер дружиналарына қамқоршылығы күшейтілсін.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымына басшылық жақсартылсын. Әрбір отрядта тартымды, идеялық және эмоциялық жағынан мазмұнды пионер жұмысын жүргізу, пионерлер мен октябрляттардың бойында дұрыс өмірлік позицияның берік негіздерін қалыптастыру қажет. Пионерлер арасындағы жұмыс мәселелері партия ұйымдарында қаралып отырсын.

Семьяда, орта және жоғары мектепте, еңбек коллективінде, пионер және комсомол ұйымдарында оқыту мен тәрбие берудің бүкіл ахуалына коллективизм, идеялылық, масылдыққа, дүниеқорлыққа, енжарлыққа, біздің моралімізге, еңбекшіл өмір салтымызға үйлеспейтін нәрсенің бәрімен ымырасыздық рухы өзек болып, ол жан-жақты дамыған адамды қалыптастыруға белсенді жәрдемдесетін болсын. Партия және кәсіподақ ұйымдары балалар тәрбиесі үшін ата-аналарға талапты күшейтуі керек.

КПСС Орталық Комитеті былай деп атап көрсетті: коммунистік құрылыста ВЛКСМ ролінің арта түсуі комсомолды ұйымдық-саяси жағынан одан әрі нығайтуды, оның барлық буындарының, әсіресе бастауыш комсомол ұйымдарының жауынгерлігі мен талапкерлік сипатын күшейтуді талап етеді. Комсомол жұмысы аса зор қоғамдық мазмұнға, біздің халқымыздың бүкіл қамқаракетіне толы болуға, жігіттер мен қыздарды романтикамен, творчестволық ізденіспен, пайдалы істермен еліктіруге тиіс.

Комсомол комитеттері комсомол жұмысының стилін, формалары мен әдістерін жақсартуға айрықша көңіл бөлуі керек. К. У. Черненко жолдастың бұл жұмыстың мәнісі, бір жағынан, — ВЛКСМ қатарында ұйымшылдықты, реттілікті, тәртіпті арттыру, ал екінші жағынан — комсомолецтердің инициативасы мен белсенділігін дамыту деген нұсқауы ұдайы басшылыққа алып отырылсын. Комсомол ұйымдарының қызметіндегі формализм мен әсіре ұйымшылдық, сырттай әсерге құрылған дабыра науқандарға әуестік батыл жойылсын. Комсомол қызметкерлері көп уақытын жастар коллективтерінде өт-

Digitized by Google

кізуге, бұқаралық шараларда ғана емес, күнделікті өмірде де жастармен араласуға, оның қам-қарекетіне терең үңіліп, жігіттер мен қыздар арасындағы жұмыстың бұқаралық және жекелік формаларын іскерлікпен ұштастыруға тиіс. Үш-жігер тікелей бастауыш ұйымдар мен комсомол топтарындағы жұмысқа шоғырландырылсын, комсомол жиналыстарының ролі арттырылсын. Әрбір комсомолецтің қоғамдық тапсырманы адал орындауына, өз ұйымының істеріне белсене қатысуына күш салынсын. ВЛКСМ мүшелерін есепке алуда тиісті тәртіп орнатылсын. Комсомолец атағы жоғары ұсталып, жас лениншілдер одағына мүше екендігі үшін мақтаныш пен жауапкершілік сезімі тәрбиеленсін. Қатаң жеке-жеке қарау негізінде ВЛКСМ қатарына жұмысшы, село, армия және оқушы жастардың лайықты өкілдерінің қабылдануы қамтамасыз етілсін, комсомол қатарын қауырт өсіруге жол берілмесін. Комсомолға қабылдау жас адамның өміріндегі айтулы, ұмытылмас оқиға болуға тиіс.

Одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттері, өлкелік және облыстық партия комитеттері, ВЛКСМ Орталық Комитеті, комсомол комитеттері комсомол кадрлары арасындағы жұмысқа ерекше назар аударып, оны комсомол қызметін күшейтудің өзекті буыны деп қарайтын болсын. КПСС Орталық Комитеті мұнда барлық нәрсенің — идеялық сенімділік пен адамгершілік тазалықтың, ұйымдастырудағы алғырлық пен жастардың өзіндік ерекшелігі бар талап-тілектеріне сергек құлақ асу қабілетінің, кәсіптік кемелділік пен жастарға тән жігердің орасан зор мәні бар екендігін атап көрсетті. Мансапқорлық пен немқұрайдылықтың, іске сын тұрғысынан қарамаудың, қызмет бабын пайдаланудың әр қилы көріністеріне батыл тойтарыс беріп отыру қажет.

Кадрларды іріктеу және орналастыру кезінде коллектившілдік, жоғары принциптілік пен талапшылдық қамтамасыз етілсін. Жұмысшылар, колхозшылар, жас мамандар арасынан еңбек коллективтерінде тәрбиеленген, жастардың арасында беделі бар жігерлі комсомолецтер комсомол органдарына белсендірек ұсынылсын. Комсомолдағы басшы жұмысқа әйел жастар кеңінен тартылсын. Кадрлардың белгілі бір тұрақтылығына күш салынсын. Өзін жақсы жағынан көрсеткен комсомол активистері партия, совет және шаруашылық жұмысына батылырақ жоғарылатылсын.

Комсомол органдарының құрылымын жетілдіру жөніндегі шаралар жүзеге асырылсын, бұл ретте ең алдымен қалалық және аудандық комсомол комитеттері, әсіресе селолық комсомол комитеттерін нығайту көзделсін. Комсомол кадрларының саяси біліміне зор мән бере отырып, партиялық жоғары оқу орындарында және ВЛКСМ Орталық Комитеті жанындағы Жоғары комсомол мектебінде оларды даярлауды кеңейту қажет деп табылды.

СССР Ғылым академиясына, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясы мен марксизм-ленинизм институтына, СССР Педагогика ғылым академиясына, ВЛКСМ Орталық Комитеті жанындағы Жоғары комсомол мектебіне жастарға коммунистік тәрбие берудің актуальды проблемаларын ғылыми зерттеуді жақсарту тапсырылды. Бұл жұмысқа қоғамтанушы ғалымдар, партия және комсомол қызметкерлері кеңінен қатыстырылсын.

КПСС Орталық Комитеті партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, еңбек коллективтері жаңа қоғам құрылысын лайықты жалғастыратын, ел тағдыры үшін, социализм мен бейбітшілік тағдыры үшін тарихи жауапкершілік биігінде болатын, аға ұрпақтардың тәжірибесін игеріп қана қоймай, сонымен бірге оны өзінің жасампаздық істерімен байыта алатын жастарды бұдан былай да өсіріп тәрбиелей береді деп сенім білдіреді.

Digitized by Google

БІЛІМ КҮНІ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ МЕРЕКЕ

ҮСТІМІЗДЕГІ жылғы 1 сентябрь — тамаша дәстүрлердің бірі — Білім күнін бастайды, совет адамдары оны тағайындауды партия мен үкіметтің жеткіншек ұрпақ туралы, совет мектебі туралы, біздің елімізде білімнің ролі мен беделін арттыру туралы орасан зор қамқорлығының тағы бір көрінісі ретінде қарайды. Мереке шын мәнінде бүкілхалықтық мейрам болады, өйткені әр семьяның, әр адамның дерлік мүддесі халыққа білім берумен байланысты. 100 миллионға жуық азамат мектептерде, жоғары оқу орындарында, техникумдарда, біліктілікті арттырудың түрлі курстарында оқиды.

Бұл күні жер-жерде қоғамдық-саяси шаралар, салтанатты жиналыстар, митингілер, линейкалар, ардагерлермен, өндіріс озаттарымен, тәлімгерлермен кездесулер өтеді. Оқу жылының басталуына арналған дәстүрлі рәсімдер — алғашқы қоңырау, студенттер қатарына, жұмысшы табы резервіне қабылдаулар жарқын, әрі есте қаларлықтай болуға тиіс.

Республикада мұндай шараларды өткізу тәжірибесі баршылық. Павлодарда, мәселен, оқу жылының басталуына арналған салтанатты линейкаға оқушылармен және олардың ата-аналарымен бірге еңбек коллективтерінің өкілдері, еңбек ардагерлері, өндіріс озаттары, партия, совет, комсомол қызметкерлері, шаруашылық басшылары келеді. Олардың белсене қатысуымен алғашқы сабақ өтеді, биыл ол сабақтар тыңды игерудің 30 жылдығына арналады. Білім күні жалпы қалалық мерекеге ұласады — мектеп үйлері мен көшелер безендіріледі, кино театрларда, парктерде, стадиондарда балалар үшін бұқаралық шаралар өткізіледі.

Еңбек коллективтерінде де партия комитеттерінің бұл күнге жақсылап әзірленуі керек. Халық ағарту қызметкерлерінің, лекторлардың, насихатшылардың, ғалымдардың білімнің, ғылым мен мәдениеттің даму перспективасы туралы лекциялары, әңгімелері, сөздері, мектеп мұғалімдерімен және оқушыларымен кездесулері осы күнге сәйкестендіріледі. Мектептен, кәсіптік-техникалық училищеден және басқа оқу орындарынан келген жастар айрықша ықыласқа бөленуге тиіс. Еңбек коллективтерінде оқу мен еңбекті ойдағыдай қабыстырушы жұмысшыларды, оқу орындары мен өндірісте жастармен көлемді жұмыс жүргізетін тәлімгерлерді мадақтау ұсынылды. Сондай-ақ творчестволық коллективтер, мәдениет мекемелері, баспасөз, телевизия, радио, республиканың партия-насихат активі мерекеге белсене қатысуға міндетті.

Салтанат білім, ғылым мен мәдениет саласындағы жетістіктерді кеңінен насихаттау, жастарға арналған лениндік өшпес өсиетті жүзеге асыру — коммунизмді үйрену белгісімен өтуге тиіс. КПСС XXVI съезі мен Қазақстан Компартиясы XV съезінің, КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь және 1984 жылғы апрель Пленумдарының шешімдерін, «Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының Негізгі бағыттарын» жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауға айрықша көңіл бөлінуге тиіс.

СОВЕТ МЕКТЕБІ халқымыздың тарихымен және күнделікті өмірімен тығыз байланысты. Ол дүние жүзілік мәдениет шыңдарына қарышты самғауда, мемлекетіміздің тасқынды экономикалық және әлеуметтік прогресінде баға жетпес роль атқарды. Маңызды меже алынды — жалпыға бірдей міндетті орта білім алуға ауысу аяқталды. Тарихта тұңғыш рет түбегейлі халықтық мектеп құрылды, ол іс жүзінде барлық азаматтардың білім алудағы теңдігін қамтамасыз етті. Таптар мен әлеуметтік топтардың білім дәрежесі жақындасты. Соңғы 20 жыл ішінде қала мен село тұрғындары арасында осы көрсеткіш жөніндегі алшақтық екі есе, ал дене еңбегі мен ой еңбегі қызметкерлері арасында үш есе кеміді. Жұмыс істейтін халықтың 87 процентінің жоғары және орта (толық және орталау) білімі бар, ал 1959 жылы халықтың небары 43 процентінің осындай білімі болды.

Партия мен үкіметтің халық ағарту жүйесін жетілдіріп, дамыту туралы қамқорлығы үнемі өсіп келеді. Жыл сайын бюджеттен жалпы білім беру қажетіне ғана бөлінетін қаржы 17 миллиард сомдай құрайды. Тоғызыншы, оныншы бесжылдық пен он бірінші бесжылдықтың үш жылы ішінде қаржыландыру қайнарлары есебінен жаңадан 18 миллиондай оқушы орны іске қосылды, олардың тең жартысынан астамы селода берілді. 33 мың түрлі мектептен тыс мекемелер, пионерлер үйлері мен сарайлары, жас техниктер, натуралистер станциялары жұмыс істейді, музыка, көркем сурет және спорт мектептерінің кең жүйесі құрылды. 1983 жылы пионер, сауықтыру-спорт лагерьлерінде, еңбек пен демалыс лагерьлерінде, экскурсиялық-туристік базаларда 28 миллионға жуық бала мен жасөспірім болып қайтты. 132 мың мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде 15,5 миллион бала тәрбиеленеді.

Digitized by Google

Бізде бұрын ешуақытта балаларды оқытып, тәрбиелеу үшін соншалықты қуатты да алуан түрлі мүмкіншіліктер болған емес. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында атап көрсетілгеніндей, бүгінде еліміздің бүкіл тарихындағы ең сауатты, кәсіптік әзірлігі ең жоғары жас ұрпақ дербес өмірге қадам басып отыр. Қазіргі уақытта СССР-де 44,5 миллион адам оқитын 143 мың жалпы білім беретін мектеп, 7 мың кәсіптік-техникалық училище, 890 жоғары оқу орны, 4,4 мың орта арнаулы оқу мекемесі жұмыс істейді.

Революцияға дейін халқының небары 2 процент ғана оқып, жаза білген, 22 адамның ғана жоғары оқу орнының дипломы болған Қазақстанда қазір 8,5 мың мектеп, 463 кәсіптік-техникалық училище, 242 техникум, 55 жоғары оқу орны бар. Оларда 4 миллиондай адам, яғни республиканың әрбір төртінші тұрғыны оқиды. Жұмыс істейтін жастарға жалпы білім беру айтарлықтай дамытылды. Қазір кешкі және сырттан оқытатын мектептерде 300 мыңға жуық жас өндіріс оқиды, орта білім туралы әрбір бесінші аттестатты кешкі мектеп береді.

Халық ағартудың маңызды әлеуметтік функциясы ішінде мектепке дейінгі тәрбие айрықша орын алады. В. И. Ленин балалар бақшасы мен яслиін коммунизм өркендері деп бекерге атаған жоқ. Нақ олар мыңдаған әйелдердің еңбек етіп, қоғамдық жұмыспен айналысуына мүмкіндік береді, әр баланың жанжақты тәрбиеленуін, мектептегі оқуға қажетті даярлығын қамтамасыз етеді. Республикада соңғы жылдары мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің саны шұғыл көбейді. Оларда 900 мыңнан астам бала тәрбиеленеді. Әйтсе де оларға деген қажеттілік әлі де толық қанағаттандырылған жоқ. Балалар мекемелері, әсіресе Шымкент, Қызылорда, Гурьев, Жамбыл облыстарында жетіспейді. Сондықтан республикада реформаны жүзеге асыру барысында 1990 жылға дейін халықтың оларға деген қажетін толық қамтамасыз ету үшін мектеп жасына дейінгі балалар мекемесінің жүйесі кеңейтіледі.

ЕҢБЕКШІЛЕР мен халықтың ерекше жіктерінің балаларына бірдей білім бермейтін буржуазиялық мектепке қарағанда совет мектебі жалпыға бірдей политехникалық білімді қамтамасыз етеді. Бүгінде АҚШ-та, мәселен, 26 миллион сауатсыз және 30 миллион шала сауатты адам бар, олар әліппенің жеңіл желпі сөздерінің өзін оқи алмайды. Осы елде бес миллионға жуық баланың мектепке қатысу мүмкіндігі жоқ. Ортақ рынок елдерінде 15 миллион сауатсыз адам бар. Мұндай мысалдарды одан әрі шексіз жалғастыра беруге болады. ЮНЕСКО деректері бойынша, 1980 жылы жер шарында 804 миллион сауатсыз адам болды.

Осы деректерді Совет Одағында халық ағартудың дамуымен салыстыру дүние жүзіндегі аса демократияшыл системамыз үшін заңды мақтаныш сезімін тудыратыны даусыз. Сондай-ақ бүгінгі күндерде білім, ғылым тікелей өндіргіш күшке айналып келе жатқанын атап көрсеткен орынды. Осыған орай еңбек коллективтерінде экономикалық білім мен саяси оқудың ролі өсе түсуде. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының қондырмаларына сәйкес белгіленіп жатқан мектеп реформасы мектеп жұмысын, бүкіл халық ағартуды кемелденген социализм қоғамының жағдайлары мен қажетіне сай келетін сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеру мақсатын көздейді. Партияның мектеп ісін жетілдіру жөнінен белгілеген ірі қадамдары туралы айта келіп, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдас былай деп атап өтті: «Олар әрбір жас адамның дербес еңбек өміріне неғұрлым жақсы даярлануына, бейнелеп айтсақ, ұзақ жылдар бойы өзіне жоғары қайтарым беретіндей капитал жасауына көмектесуге тиіс».

Жер бетіндегі ең сауатты адам бола отырып, совет халқы білімге деген құштарлығын бәсеңдеткен жоқ. Барлық адамдардың игілігі үшін қоғамға білім керектігін елімізде әр кісі біледі. Жұмыссыздықты тудыратын қалталылар дүниесінде істің жайы басқаша. Мәселен, АҚШ-та 1982 жылы жоғары білімді химиктердің 60 проценті ғана мамандығына қарай жұмысқа орналаса алды, ал 17 проценті жұмыссыздар қатарына тап болды.

КПСС Орталық Комитетінің апрель Пленумы тағы да атап көрсеткеніндей, оқу процесінің дүниетанымдық бағытын, қоғамдық даму заңдарын терең білуді қамтамасыз ету — басты міндет. КПСС Орталық Комитетінің «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы» қаулысында жастарға идеялық-саяси және адамгершілік тәрбие беру бірінші кезекті маңызды іс болуға тиіс деп көрсетілді. Осыған орай мынадай міндет қойылуда: «Жастардың бойына қазіргі заманғы білімдерді игеруге деген табиғи қажеттілік дарытылсын, олар жасампаздық қызметке, экономикалық және әлеуметтік дамудың өзекті міндеттерін шешуге, мемлекет пен қоғамды басқаруға белсенді тартылсын».

Оқушыларға еңбек тәрбиесі мен кәсіптік бағдар беруді түбегейлі жақсарту, оқуды өнімді еңбекпен қабыстыру реформаның өзекті идеясы болып табылады.

Digitized by Google

Бұл, партия мен үкімет документтерінде атап көрсетілгеніндей, бірінші кезекті экономикалық, әлеуметтік және адамгершілік мәні бар міндетті бейнелейді. Демек, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу дегеніміз адамның өзінің басты сапаларына баулу, қоғам өмірі де, жеке адам өмірі де құрылатын негізді жасау. Келешекте мектептің әрбір түлегі кәсіпті меңгеруге білікті емтихан тапсыруға тиіс. Қоғамға пайдалы өнімді еңбек мектепте міндетті пәнге айналуда. Сонымен бірге реформа кәсіптік-техникалық білімнің беделі мен маңызын айтарлықтай көтереді. Кәсіптік-техникалық училище алдына жаңа кәсіптер бойынша жұмысшылар даярлауды ұлғайтып, оқушылар қабылдауды шамамен екі есе көбейтудің перспективалық мақсаты қойылуда.

БЕЛГІЛЕНГЕН істерді ойдағыдай жүзеге асыру мектептің, семья мен жұртшылықтың күш-жігерін тығыз қабыстыруды, барлық совет адамдарының белсене қатысуын талап етеді. «Мектеп ісі әрбір еңбек коллективі, әрбір кәсіпорын, колхоз, мекеме, министрлік пен ведомство, қоғамдық ұйым басшысы үшін, барлық ата-аналар үшін өзінің төл ісі болуға тиіс», — делінген «Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының Негізгі бағыттарында».

Осы принципті талаптарға сәйкес еңбек коллективтерінің жеткіншектер тәрбиесіне, оны еңбекке, дербес өмірге даярлауға қатысу жөніндегі пайдалы бастамаларын одан әрі белсенді түрде дамыту керек. Біздің республикамызда 177 мектепаралық оқу-өндірістік комбинат, оқушылардың 3 мыңнан астам өндірістік бригадасы мен еңбек бірлестігі құрылып, жұмыс істейді, еңбек және демалыс лагерьлерінің жүйесі кеңейді, әр мектепте өздерінің еңбек шеберханасы мен кабинеттері бар. Осының бәрі өндірістік коллективтердің белсенді қатысуы арқылы жасалды.

Мектеп реформасы мектеп пен кәсіпорын арасындағы өзара қатынастарға жаңа форма береді, бір мезгілгі қамқорлық қатынастың дәстүрлі ауқымын кеңейтеді, еңбек коллективтерінің мектеп ісі, жастардың оқуы мен тәрбиесінің сапасы үшін жауапкершілігін айтарлықтай көтереді. Бұл бағытта Целиноград облысының, оның тәжірибесін бертінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті қорытты, сондай-ақ Шығыс Қазақстан мен Павлодар облыстарының, Теміртау, Балқаш және басқа қалалардың партия ұйымдары көлемді ұйымдық жұмыс жүргізеді. Оқу базасын нығайтуға көмек көрсетумен қатар өндірістік коллективтер тәрбие шараларын жүргізу туралы қамқорлық жасайды, вожатыйларды, үйірме жетекшілерін, тәлімгерлерді бөледі, тұрғылықты жер бойынша балалармен жұмыс ұйымдастырады, көлемді кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізеді.

Мектеп реформасын жүзеге асырудағы басты тұлға — мұғалім. Республикада мұғалімдердің 200 мыңдық отряды мен кәсіптік-техникалық білімнің 18 мың инженер-педагог қызметкері бар, олардың арасында жоғары наградаға ие болған адамдар, еңбек сіңірген мұғалімдер аз емес. Мұғалімдер, барлық еңбекшілер партия мен үкіметтің жалақыны арттыру және педагог қызметкерлердің жауапты қызметті табысты орындауы үшін оларға қосымша жағдай жасау туралы шешімін қанағаттанғандықпен қабылдады.

Мұғалім еңбегі — қауырт, қаншама ой еңбегін, уақытты талап ететін еңбек екені жақсы мәлім. Мұғалімнің идеялық-саяси және кәсіптік жағынан өсуі үшін жағдай жасауды жетілдіруге күнделікті, практикалық көмек беру ең алдымен партия, совет органдарының ортақ ісі болуға тиіс. «..педагогикалық коллективтерді олардың қызметіндегі елеулі өзгерістерге бағдарлай отырып,—деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас республика партия ұйымы Орталық Комитетінің XIII пленумында жасаған баяндамасында,—біз оқу процесінің терең мазмұнды болуына және коммунистік тәрбиенің ойластырылған жүйесімен үнемі толықтырылып отыруына, ең басты нәрсе — жеткіншек ұрпақты саяси, моральдық және дене тәрбиесі тұрғысынан шыңдау, оның партияға берілгендігі, оның социализм жеңістерін қорғауға әзірлігі, оның жат идеологияның күмәнді «игіліктерін» белсене кейін серпіп тастауы—тау-тау ақпарлар мен есептер тасасында қалып қоймауына жәрдемдесуге міндеттіміз».

Мектеп жаңа оқу жылы қарсаңында тұр. Халық ағарту мен кәсіптік-техникалық білім жүйесі қызметкерлерінің озық педагогтық тәжірибеге, партия, совет органдарының практикалық көмегіне сүйеніп, семьямен, еңбек коллективтерімен тығыз бірлікте жеткіншек ұрпақты оқытып, тәрбиелеу жөнінен өздерінің алдына қойылған жауапты міндетті абыроймен орындап шығатыны күмән туғызбайды.

З. КЕРІМҚҰЛОВА,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ғылым және оқу орындары бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Digitized by Google

ЭКСПЕРИМЕНТ ӨТУДЕ

Р. АХАТОВ,
М. И. Калинин атындағы Петропавл электр изоляциясы материалдары заводының жоспарлау-өндіріс бөлімінің бастығы, үгіт коллективінің жетекшісі

Партия мен үкіметтің шешімдеріне сәйкес үстіміздегі жылдың басынан біздің завод коллективі кәсіпорын праволарын кеңейту және олардың өндірістік қызмет қорытындылары үшін жауапкершілігін нығайту жөніндегі экономикалық эксперимент жағдайында еңбек етуде. Оның негізгі міндеттерінің бірі — жұмыс істеушілердің аз санымен және материалдық шығындарды аз жұмсау арқылы жоспарды орындау.

Турасын айтқанда, жұмысшыдан директорға дейін бүкіл коллектив жұмысының жаңа сапасы туралы сөз болып отыр. Соның нәтижесінде бүкіл өндіріс тиімділігі күрт артуға тиіс. Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына ауысуға әзірлік коллектив арасында көлемді түсінік жұмысын жүргізуді талап етті. Мұның барысында идеология активіне, саяси хабаршылар мен үгітшілерге елеулі жауапкершілік жүктелді.

Завод басшылары еліміздің түрлі қалаларында арнайы ұйымдастырылған курстарда даярлықтан өтті. Комиссия және экспериментті жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысшы тобы құрылды. Экономистер жасалған график бойынша үгітшілермен сабақ өткізді. Активистер осы шараға әзірлік және өткізу барысы туралы коллективке тұрақты хабарлап отырды. Нақты мысалдар арқылы әрбір бригадаға, жұмысшыға эксперименттің не беретінін көрсету, оларға ондағы өздерінің алатын орнын анықтауға көмектесу басты мақсат болды.

Завод парткомы эксперимент талаптарына сәйкес үгітшілердің жұмыс жоспарын бекітті. Жоғары органдардың директивалы материалдары мен нұсқаулары көбейтіліп, басылды, олар жұмысымызда бізге үлкен көмек көрсетті. Активистер баспасөз беттеріндегі мақалалардан да көптеген пайдалы жайларға қанықты.

Біз көрнекі үгітке ерекше көңіл бөлдік. Үлкен стенд әзірленді, онда эксперимент жөніндегі негізгі материалдар қойылды, жаңаша жұмыс істеу нәтижелері бейнеленді, бұл туралы түрлі хабарлар, шаруашылықты жүргізудің прогрестік әдісін белсенді түрде енгізіп жатқан адамдар туралы деректер берілді. Осындай стендтерді әрбір цехта жасады, онда барлық бригадалардың, учаскелердің, жекелеген жұмысшылардың жұмысы бейнеленуде.

«Экономикалық экспериментке қатысушыларға» деген көрнекі безендірілген арнайы бланкілер де жасалды. Онда жүргізілетін шараның мәні қысқаша баяндалып, бір айға арналған нақты тапсырмалар цифрлармен көрсетілді. Осындай қағаз келесі ай басталардан 5 күн бұрын әрбір бригада мен әрбір жұмысшыға беріледі.

Біз өз әңгімелерімізде адамдарды еңбек өнімділігін күрт арттырудың және шығарылатын өнімнің өзіндік құнын кемітудің резервтерін іздестіруге жұмылдырамыз. Бұдан кәсіпорын да, коллективтің әрбір мүшесі де ұтуға тиіс екенін түсіндіреміз. Бригаданың жоспарды жұмыс істеушілердің жоспардағыдан бес-он процент аз санымен орындауы барысында үнемделген жалақы бригаданың қарауында қалады және ол еңбекке қатысу коэффициентіне сәйкес бөлінеді. Сондай-ақ материалдық ресурстардың үнемделгені үшін де қосымша сыйлық төленеді. Мұның барысында біз адамдардың назарын тұтынушыларға қажетті өнімді қатаң номенклатура бойынша шығаруға тиіс екеніне аударамыз. Бірдебір бұйым қоймада қалуға тиіс емес.

Өнім беру жөніндегі шарттар мен міндеттемелерді ескере отырып, өндіру жоспарын экономикалық экспериментке қатысушы кәсіпорынның шаруашылық қызметінің негізгі бағалау көрсеткіші болып табылады. Сондықтан да біздің активистер коллективтегі әрбір адамда өнімді тұтынушыларға дер кезінде жөнелту үшін жеке жауапкершілік сезімін қалыптастыруға көп күш-жігер жұмсайды.

Біз өнім берудегі іркілістердің өнеркәсіпке қандай шығын келтіретінін нақты мысалдар арқылы көрсеттік. Біздің заводтың тәжірибесі осы жайлы нақты бейнелейді. Мынадай факті келтірілді. Өткен жылы Павлово-Посад қаласының Свердлов атындағы жібек-тоқыма фабрикасы бізге техникалық капрон жеткі-

Digitized by Google

зуде үнемі іркілістерге жол берді. Осының салдарынан номенклатура бойынша жоспарды орындау қамтамасыз етілмеді және біздің 50-ден астам тұтынушымыз өздеріне қажетті бұйымдарды толық ала алмады. Оның үстіне завод өндіріс жоспарын қамтамасыз ету мақсатында капронды бірнеше мың километр қашықтықтан әкелуге мәжбүр болды, мұның өзі өнімнің өзіндік құнының едәуір қымбаттауына әкеп соқты. Сөйтіп өнім берушілердің біреуінің оралымсыздығынан сайып келгенде көптеген коллективтер зиян шекті.

Үгітшілер жүргізетін жұмыс жақсы нәтижелер берді. Лак дайындаушы А. Саулова, жұмысшы Г. Садықова, технолог Н. Ғабдуллин, бригадир М. Рылин аса белсенді үгітшілер. Өткен жылмен салыстырғанда көп нәрсе өзгерді. Өнімнің белгіленген түрлері мүлтіксіз сақталады, жоспар беделі артты. Бұл тұтасынан завод жұмысының нәтижелеріне де әсер етті. Үстіміздегі жылдың 6 айы ішінде өткізілетін өнім көлемі жөніндегі жоспар асыра орындалды.

Тапсырмадан тыс 600 мың сомның электр изоляциясы материалдары шығарылып, өткізілді. Сапасы жоғары категориялы өнімнің үлес салмағы жоспардағы 52,7 проценттің орнына 54,3 процент құрады. Еңбек өнімділігінің өсімі жөніндегі жоспарлы тапсырма 104,2 процент орындалды. Өнімнің өзіндік құны 325 мың сомға кемітілді. Шартты міндеттемелерді орындау жөніндегі жұмыс қыруар жақсарды. Бұйымдардың барлық негізгі номенклатурасы бойынша жоспар орындалды.

Адамдардың шаруашылықты жүргізудің жаңа әдісінің артықшылығын түсініп, үлкен өрлеумен еңбек етуінің арқасында жұмыстағы сапалы бетбұрысқа қол жетті. Коллективте он адам қазірдің өзінде он бірінші бесжылдық тапсырмасын орындап шықты. Олардың арасында пропитші Ф. Горская, каландршылар Н. Михайлова, Н. Наумова және басқалар бар. Кәсіпорында алпыс төрт адам 1985 жылдың есебіне еңбек етуде.

Пропитші М. Захаринаның бригадасы бірінші тоқсанның тапсырмасын 1984 жылдың 4 мартына—СССР Жоғарғы Советінің сайлауы күніне дейін орындауға міндеттеме алып, оны абыроймен орындады. Г. Есмағанбетова басқаратын престеушілердің комсомол-жастар бригадасы жоспарлы өнімділікті ай сайын 2 процент арттыруға міндеттенді. Ол да өз сөзіне берік. Адамдар барлық істе творчестволық инициатива көрсете отырып, толық қайтарыммен еңбек ететін осындай мысалдарды завод бойынша көптеп келтіруге болады.

Біздің активистер К. У. Черненконың КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумында бұқараның инициативасы мен творчествосын кеңінен өріс тетпейінше, оларды қоғамдық өмірдің түйінді проблемаларын шешуге мейлінше белсене қатыстырмайынша халық шаруашылығын басқаруды одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты орындау мүмкін еместігі туралы айтқан сөзін іскімылдың жауынгерлік программасы ретінде қабылдады.

Біз осы бағытта тұрақты жұмыс істей отырып, бұған қол жеткізуге болатынын түсінеміз.

БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕҢБЕК ЫРҒАҒЫ

Павлодар. «Экибастузуголь» өндірістік бірлестігінің «Богатырь» разрезінен С. Зубконың озық бригадасы стахановтық қозғалыстың елу жылдығын рекордты жетістіктермен атап өтуге ұйғарды. Ол бесжылдық тапсырманы юбилей күніне дейін орындап шығуға міндеттеме алды.

Осы бастаманы бірлестікте ондаған бригада, смена, звено қолдады. С. Киласьевтің, Н. Вовкодавтың, В. Маковенконың экипаждары жарыста алда келеді.

Алматы. Үлкен Алматы каналы іске қосылды. Оның үшінші бөлігі каналды пайдалану басқармасына тапсырылды. Жобалаушылар он жылға есептеген құрылыс екі есе тез аяқталды.

Бартоғай суы жол бойындағы 50 мың гектар егістікті суландыра отырып, Алматыға келді.

Үлкен Алматы каналының құрылысы — еліміздің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға қосылған елеулі үлес.

Қарағанды. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау заводы Грязинск культиватор заводына арналған заказды мерзімінен едәуір бұрын орындады. Қанат Әшірбековтың бригадасы жауапты тапсырманы орындау жолындағы жұмыста көзге түсті, ол әр смена сайын норманы 25-30 процент асыра орындады, өнімді алғашқы ұсынғаннан-ақ тапсырды.

Завод еңбеккерлері үстіміздегі жылдың басынан бері жоспардан тыс барлығы 10 мыңнан астам сомның өнімін шығарды.

Талдықорған. Панфилов ауданының «40 лет Октября» колхозы ет дайындау жөніндегі бесжылдық тапсырманың орындалғаны туралы рапорт берді.

Digitized by Google

ТИЯНАҚТЫ ӘЗІРЛІК

Танаптағы егін жетіліп келеді. Астықтың алтын тасқыны Отан қамбасына құйылатын уақыт жақындап қалды. Сол кезде біздің, элеватор қызметкерлерінің, диқандардан эстафетаны қабылдауымызға тура келеді. Бұл — тыңның юбилейлі жылындағы ерекше жауапты эстафета. Бұған біз жерге тұқым себілерден көп бұрын әзірлендік.

Аманқарағай элеваторының партия ұйымында астықты қабылдауға әзірлік туралы мәселе өткен науқан қорытындыларын шығару барысында-ақ талқыланды. Қол жеткен табыстарды нығайту және еселей түсу міндеті алға қойылды. Ал бесжылдықтың үш жылы ішінде өткен бесжылдықтың осы кезеңімен салыстырғанда еңбек өнімділігі 14 процентten астам артты. Бұған материалдық-техникалық базаны одан әрі кеңейту және жетілдіру ықпал етті.

Біздің элеватор бұдан 45 жыл бұрын ұйымдастырылған еді. Оның екінші рет құрылуы тың игерумен байланысты. Және бүгінде бұрынғы шарын қоймалардың орнында жаңа жабдықтармен жарақтанған қазіргі заманғы кәсіпорын бой көтерді. Өткен жылы ғана астық қабылдау пункттерінің саны көбейді, тиеу-түсіру жұмыстарының аймақтары кеңейді. Өндірістік учаскелерде барлық технологиялық желілер жүйесі бойынша жабдықтар мен механизмдерді анағұрлым жетілдірілген және өнімді түрлерімен ауыстыру жүзеге асырылды. Автомашиналардан астық анализін алуға арналған жаңа сұрыптағыш, клейковинаны жууға арналған аппарат және алпыс тонналық автотаразылар шаруагерлік тәсілмен орнатылды. Астық кептіргіштердің оттықтары қайта жасалды. «Кустанайская—40» астық кептіргіште басқару пульті мен темір жол вагондарының үстіңгі саңлаулары арқылы астық тиеуге арналған екі жүк тиейтін орын құрылды.

Автомобиль жүктерін түсіргіштер қуаттарының күрт артуымен байланысты астық қабылдау көлемі де ұлғайды. Сондықтан да қосымша үш норий мен автоматты қабылдау конвейері орнатылды. Қазір қайта құруға дейінгі екі тасқынды желінің орнына үшеуі жұмыс істейтін болды, мұның өзі астық қа-

СӘЛЕМ, ОРАҚ-84!

Монтайтас астық қабылдау пунктіне жалғасатын алқызыл ұрандармен және транспаранттармен мерекедегідей безендірілген алаңға ертемен адамдар ағыла бастады, автомашиналар ағылып келуде. Алаң үстінде биік тұғырда еліміздің және республиканың алқызыл туы желмен тербелуде.

...Жданов атындағы және «Шанақ» совхоздарынан жаңа егіннің баданадай дөндері тиелген автомашиналар колонналары алаңға келіп жатыр. Олардың қораптарына егінді қысқа мерзімде әрі ысырапсыз жинап алып, Отанымызға бағалы өнімді мүмкіндігінше көп беруге шақырған ұрандар мен шақырулар ілінген.

Алғашқы қызыл керуенге арналған салтанатты митингіні аудандық атқару комитетінің председателі К. Айтақанов ашты. Ол Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің бірінші секретары Т. Жұмановқа құттықтау үшін сөз берді.

— Ауданымыздың еңбекшілері,— деді сөз сейлеуші,— мемлекетке жібек піллә-сін тапсыру жөніндегі жылдық жоспарды, ет пен сүт өткізу жөнінен жарты жылдық жоспарды табысты орындап шықты. Енді аудан еңбеккерлері алдында Отан қамбасына, социалистік міндеттемеде белгіленгеніндей, жоспарда қарастырылған 58 мың тоннаның орнына 72 мың тонна астық жөнелту міндеті тұр. Мұндай міндет егіншілеріміздің күшіне сай келеді деп ойлаймын.

Т. Жұманов жиналғандарды мерекемен құттықтап, олардың орақ-84-те игі табысқа жетуіне тілектестік білдірді.

— Үстіміздегі жыл диқандарды еркелете қойған жоқ,— деді Жданов атындағы совхоздың озат комбайншысы, Ленин орденінің иегері А. М. Стриганов.— Көктем кеш шықты, әрі салқын болды, ал марттан бері танаптарымызға бір тамшы жаумады. Биыл астықсыз қалатын сияқты едік, бірақ адамдар қол қусырып отырған жоқ, егіншіліктегі жұмыста өзінің күш-жігерін еселей түсті, енді міне, сүйсіне қарауларыңызға болады..., — деп сөз сөйлеуші қолымен астық тиелген машиналарды көрсетті.

Біз, механизаторлар, биылғы орақ тағдыры үшін терең жауапкершілікті сезіндік, орақ техникасын науқанға шаруагерлікпен әзірледік, көбіне аласа егінді оруға тура келгенімен, ол бізді ұятқа қалдырмайды. Биыл мен қызым Маринамен бірге жұмыс істеймін, біздің мін-

Digitized by Google

былдау жөніндегі өнімділікті 2 есе ұлғайтуға, ал қажет кезде астық қабылдауды, тиеуді, өңдеуді және кептіруді бір мезгілде жүргізуге және түрлі дәнді дақылдарды қатар қабылдауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ жоғары галереяда қосымша екі конвейерді орнату жұмыстың нақтылығы мен жеделділігін арттыруға ықпал етті.

Бұрын жаппай астық дайындау кезінде, әсіресе, астық шаруашылықтардан құрғақ күйінде түсетін кезде оны қабылдау қиындайтын, қабылдау транспортерінің екеуі де толық жүктелімде жұмыс істесе де түсіру жұмыстарының барысында автотранспорттың үлкен іркілістері пайда болатын. Элеватор рационализаторлары әрбір автомобиль көтергіштің өз транспортер-желісі мен норийі болуы үшін төрт автомобиль көтергіштің екеуін алдын-ала көтеріп, екі екінші транспортер жасауды ұсынды. Осының есебінен астық қабылдау 2 есе артты. Жүздеген автомашиналардың жүк түсіру жұмыстары барысындағы күнделікті іркілістері жойылды, олардың жүк айналымы өсті. Бүгінде элеватор сағаттық график бойынша тәулігіне 12 мың тоннаға дейін астық қабылдай алады, осы график бойынша элеватор үшінші жыл жұмыс істейді.

Элеватор өнертапқыштары астықты темір жолдан жөнелтуді және қабылдауды тездету жөнінен үлкен жұмыстар атқарды. Учаскелердің бірінде вагондардың жоғарыдағы саңылаулары арқылы қоймалардан астық тиеудің екі орны монтаждалды, мұның өзі осы жерлерде тиеу жұмыстарының уақытын 30 процент қысқартты. Жүз елу тонналық темір жол таразылары шаруагерлік тәсілмен салынды.

Осы жұмыстардың нәтижесінде элеваторда темір жол вагондарының іркілістері жоқ және жыл сайын Тың темір жолынан вагондарды мерзімінен бұрын жөнелткені үшін сыйлық алатын болды.

Элеватор қызметкерлері бидайдың бағалы және күшті сорттарын дайындауды ұлғайтудың мемлекеттік үлкен маңыздылығын түсіне отырып, дайындалатын астықтың жалпы мөлшерінде олардың үлес салмағын арттыруда. Лаборанттар биыл да масақтағы дәннің сапасын егін жиналғанға дейін, дер кезінде тексерді. Сондықтан да шаруашылықтар бидайдың күшті сорттарын бірінші кезекте жеткізе алады. Элеваторда бидайдың бағалы және күшті сорттары жеке партияларға бөлініп, белгіленген жерге сол күйінде жөнелтіледі.

Кәсіпорын коллективі оныншы бесжылдықта қол жеткен жоғары еңбек табыстары үшін Бүкілодақтық социалистік жарыста он екі тоқсан бойы, республикалық жарыста үш рет және облыстық жарыста бір рет жеңімпаз болды. Үстіміздегі бесжылдықта да оған СССР Дайындау министрлігінің, ауыл шаруашылығы және дайындау жұмысшылары кәсіподағы Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы және КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ

деттемеміз: маусым ішінде кемінде 1000 тонна астық бастыру.

«Шанақ» совхозының директоры А. Жұмабаевқа сөз берілді:

— Шаруашылығымыздың масақты дәнді дақылдар танабы 13420 гектар. Аз жер емес, сондықтан асығуға тура келеді. Бүгінде біз 2000 гектардан асатын егінді бастырдық. Мұнда С. Гольцберт, Ф. Карий, Ш. Әкімов, В. Нұриев, С. Еремин секілді тәжірибелі комбайншыларымыздың қызметі зор, олар жұмыста жоғары қарқын алып, совхоз механизаторлары арасындағы социалистік жарыс көшін бастап келеді.

— Бізде де астық танабы көлемді алқапты — 20 мың гектарды алып жатыр, — деп толықтыра түскендей болды сөз сөйлеген Жданов атындағы совхоздың директоры С. Құрбанов.— Биыл әр гектар қиынға түсуде: егін тым аласа өсті, оларды ору барысында айрықша ұқыптылық пен епті лік керек. Шаруашылықта ісмер комбайншылар баршылық. Бұлар — орақта күн сайын бір жарым-екі нормадан орындаушы Ш. С. Әбішев, А. Чирков, С. Асқарбеков, С. Жақыпбеков. Бізге егін жинауда Шымкенттің № 2580 автоколоннасының жүргізушілері айтарлықтай көмек көрсетуде. Совхоз еңбеккерлерінің мақсаты — биыл бір миллион пұт астық тапсыру.

Митингіде Ленин астық қабылдау кәсіпорнының директоры И. Тастеміров сөз сөйледі, ол коллектив түсіп жатқан астықты дәлме-дәлдікте және іркіліссіз қабылдайды деп сендірді.

Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Т. Жұманов қызыл лентаны қиды, сөйтіп ашылған қақпа арқылы автомашиналар колоннасы енді, оларды ұлттық киім киген бір топ қыздар дәстүрлі дәм-тұзбен қарсы алды.

Лаборанттар М. Өтеева мен Б. Зағидуллина іске кірісті, астықтың сапасын дереу анықтауда.

Жданов атындағы совхоздан жүргізушілер А. Қадыров, Я. Н. Фокт, М. Члухадзе, «Шанақ» совхозынан Е. Әйменов, М. Петров, Б. А. Титов қабылдау пунктінің алаңына астықтарын бірінші болып төкті.

Бұл күні ждановтықтар мен шанақтықтар Отан қамбасына жаңа егіннің 200 тоннадан астам астығын жеткізді.

А. МАНАПОВ, А. ДУБРОВИН,
(Облыстық «Южный Казахстан» газеті).
Ленин ауданы,
Шымкент облысы.

Digitized by Google

Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы бірнеше рет тапсырылып, СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі Бүкілодақтық Құрмет тақтасына жазылды.

Қол жеткен табыстар — партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, үгітшілердің, бүкіл идеология активінің көп жылғы қажырлы жұмысының нәтижесі. Коллективте 66 адам коммунистік еңбек екпіндісі атағын жоғары ұстап келеді, олардан 13 адам коммунист. 40 тәлімгер жас жұмысшыларды өз қамқорлықтарына алған. Коммунистер — № 2 учаскенің аға мастері И. Ванзидлер, мастер Н. Қожахметов, слесарь В. Смиж, комсомолец жұмысшылар В. Федченко, Ф. Лабер өзгелерді өздерінің жеке үлгіөнегесімен соңдарынан ерте отырып, нағыз шешуші, қиын учаскелерде қажырлы еңбек етуде. Лаборанттар М. Материй мен И. Л. Вильгельм — тәжірибелі тәлімгерлер.

Партия ұйымы коллектив мүшелерінің идеялық-саяси нанымы мен еңбек белсенділігін арттыру туралы тұрақты қамқорлық жасауда. Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді даярлауға және олардың біліктілігін тікелей өндірісте арттыруға үлкен мән берілуде. Аттестациялау дер кезінде өткізіледі. Басшы жұмысқа және аналұрлым жоғары инженер-техник қызметтерге өздерінің өндірістік көрсеткіштерін, біліктілігі мен идеялық-саяси дәрежесін тұрақты арттырып отыратын таңдаулы қызметкерлер ұсынылады. Мысалы, бұрынғы көмекші жұмысшы А. Тыдерко смена мастеріне дейін, слесарь Ю. Расчетов пен трактор тіркемесінің жүргізушісі Л. Шефер учаске механиктеріне дейін өсті. Кадрлар негізінен кәсіпорында тәрбиеленеді. Барлық жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер экономикалық оқумен қамтылған, 4 адам Қостанай механика-технологиялық техникумында сырттай оқиды.

Коллективтің әлеуметтік дамуы жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Элеватор территориясында кулинария, дүкен, асхана, шаштараз жұмыс істейді. 250 орындық клуб, 90 орындық бала бақша бар. Кәсіпорынды көгалдандырудың және эстетикалық тұрғыдан безендірудің бесжылдық жоспары жасалып, жүзеге асырылды. Элеватордың 3600 шаршы метр территориясы асфальтталды, 500-ден астам саялы ағаш отырғызылды, гүлзарлар егілді. В. И. Ленинның барельефі бар еңбек даңқы аллеясы — біздің мақтанышымыз, ол жаз кезінде фонтанмен көркейе түседі, Құрмет аллеясына суреттері қойылған озаттар арасында тәлімгер-үгітшілер: сепараторшы А. Дүйсекеева, кептіру мастері В. Стеблянко, транспортерші О. Гофман, астық тиеу машиналарының машинисі В. Базулина және басқалар бар.

Бұл күндері қуаты тәулігіне 150 тонна құрама жем өндіретін жаңа құрама жем заводының бірінші кезегі іске қосылуда. Элеватор оны меңгеруге, жаңа егін өнімін қабылдауға әзір.

В. ПАПСТ,
Аманқарағай элеваторы партия ұйымының секретары.
Қостанай облысы.

Журнал почтасынан

СТУДЕНТТЕР ҮЛЕСІ

С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогика институтының студенттері тыңның мүшелді мерекесін екпінді істермен қарсы алуда.

Олар жазда жоспардағы 800 мың сомның орнына бір миллион жүз мың сомнан астам күрделі қаржы игерді, мәдени-тұрмыстық және ауыл шаруашылығының 30 объектісін салды.

Отряд жауынгерлерінің белсене қатысуымен совхоздарда балалар демалатын жеті лагерь тұрғызылды. Сегіз үгіт бригадасы алпыстан астам өнер көрсетті. Мектеп кітапханаларына 650-ден астам кітап тапсырылды. Екі жүзден астам лекция оқылды. Студенттер селоларды, мәдениет тарихы ескерткіштерін көріктендірді, басқа да жұмыстарға қатысты.

Бұрынғысындай, біздің студенттер село мектептері мен балалар үйінің кабинеттерін, пионер бөлмелерін, жауынгерлік және еңбек даңқы мүйістерін, спорт алаңдарын жабдықтауға, көрнекі құралдар дайындауға, сондай-ақ дала қостары мен селолық клубтарды безендіруге көмектесті. Тұрғындар Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен еңбек ардагерлерінің пәтерлері мен үйлерін жөндеуге көмектескені үшін біздің жігіттерге жалынды алғыстарын айтты.

Екпінді еңбек күндері құрылыс алаңдарында жұмыс істеп, тапқан 13 мың сом Бейбітшілік қорына аударылды. Биыл жазда тоғыз отряд жұмыс істеуде. Олар облыс құрылыстарында бір миллион сомға жуық қаржыны игереді.

В. САКОВЦЕВ,
С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогика институтының доценті.

Digitized by Google

ЖЕР-АНА ТУРАЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Жер-ана... Асыраушы жер-ана. Осы сөздерде бәрі: біздің әрқайсысымыздың жерге деген қарым-қатынасымыз, оның біздің өміріміздегі ролі, оның адамзат мекені ретіндегі мәні айтылған.

Тың эпопеясын еске алайық. Қазақстанның өзінде ғана тусырап жатқан даланың 25 миллион гектары егістікке айналдырылды. Қазір осы егіс даласының арқасында біздің республика еліміздің ірі астықты өлкесі болып табылады. Он бірінші бесжылдықтың үш жылы ішінде ғана Қазақстан егіншілері Отан қамбасына 2,5 миллиард пұттан астам немесе жылына 853 миллион пұттан астық құйды.

Біздің елімізде ауыспалы егіс алаңдарын кеңейту үшін күрес тұрақты жүргізіледі. «Табиғатты, ауыл шаруашылық жерлерін, атмосфералық ауаны, су қоймаларын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау күшейтілсін,— деп жазылған КПСС XXVI съезінің материалдарында, — Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және ұдайы ұлғайтып отыру қамтамасыз етілсін».

СССР-де, оның ішінде Қазақстанда партия белгілеген бағытты жүзеге асыру үшін елеулі қадамдар жасалды. Айналадағы ортаны қорғау және Жер туралы Заңдар қабылданды. Еліміздің Конституциясында арнаулы статья бар. Сайып келгенде, табиғат қорғау мақсаттарына жұмсалатын қаржылар жылдан жылға артып келеді. Егер оныншы бесжылдықта осы жұмыстар үшін 9,3 миллиард сом бөлінсе, ал он бірінші бесжылдықта — 10 миллиард сом болды. Бұл — кәсіпорындардың, бірлестіктердің, колхоздар мен совхоздардың жеке қаржыларын есептемегенде осындай болып отыр.

Сонымен қатар біздің республикада табиғатты қорғауға жұмсалатын қаржы да өсуде. Бесжылдықтың өткен үш жылы ішінде ғана олар 100 миллион сомға жуық құрады. Әрине, бұл жұмсалған күш-жігер өз жемісін беруде. Мысалы, соңғы үш жыл ішінде өнеркәсіптік суларды ағызып жіберу бір миллион текше метрден астам қысқарды, зиянды қоспаларды атмосфераға жіберу бірнеше миллион тонна азайды. Тыңайған алқаптарды өңдеу, карьерлерді, разрездерді, жыраларды іске қосу есебінен егістікке жарамды алқапқа 25 мың гектардан астам қалпына келтірілген жер қосылды. Қазіргі уақытта Қазақстанда жыл сайын 9 мың гектарға дейінгі бұрынғы өндірістік территориялар егістік және басқа ауыл шаруашылық жері айналымына қосылады. Республикада Қарағанды жерді қалпына келтіру жөнінен жетекші орын алады. Мұнда үстіміздегі бесжылдыққа бұрын өнеркәсіптік пайдалануда болған территорияны қалпына келтірудің комплексті жүйесі жасалды. Оның мәні төмендегідей.

Біраз уақыттан бері Қарағандыда шахта жұмыстарының орнында дәстүрлі террикондар жасалмайды. Яғни жыныстарға арнаулы алаңдар бөлінбейді, оны әртүрлі үйінділерге апарып тастайды. Осы қалдықтардың өздігінен тұтануына жол бермеу үшін оларды инертті материалдармен қабаттап салады. Осындай әдіспен қазірдің өзінде тоғыз миллион текше метр жыныс үйілді. Оның үстіне осылай ұқсатып үйілген қалдықтардың төрттен үші темір және автомобиль жолдарының құрылысы және оларды қалпына келтіру үшін пайдаланылды.

Қалдықтарды үюдің ұтымды тәсілі қыруар экономикалық пайда береді. Пайдаланылған қарағандылық «шөмеленің» әрбір тоннасы инертті материалдарды таза қолданудан 15 процент арзан. Оның үстіне қалпына келтірудің осындай әдісі үйінділер жатқан бұрынғы жерлерді тамаша егістікке айналдыруға мүмкіндік береді. 2,5 мың гектардан астам құнарлы жер айналымға қосылды. Қазір облыс орталығында ескі террикондарды қайта құру жұмысы барынша қызу жүргізілуде. 103 терриконның он жетісі қазір жаңа тәсіл бойынша салынды. Еңбекті көп қажет ететін осы жұмысты таяудағы бес жыл ішінде толық аяқтау жоспарлануда. Соның нәтижесінде 20 мың гектарға жуық жыртуға жарамды жер дайындалады.

Практиканың көрсеткеніндей, жұртшылық белсенділік көрсететін жерде, әдетте, жерді тиімді пайдалану проблемасы анағұрлым табысты шешіледі. Сол Қарағанды облысын алайық. Мұнда көп уақыттан бері Қазақ табиғат қорғау қоғамының бөлімшесі белсенді жұмыс істейді, оның негізін қаланың үгітшілері мен насихатшылары құрайды. Табиғаттың бірнеше мың энтузиаст-әуесқойлары 1100 бастауыш ұйымға біріккен. Міне, олар өткізілетін барлық табиғат қорғау шараларына бақылау жүргізіп, өздері де солардың инициаторлары ретінде танылып жүр.

Осы проблема Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында да жақсы шешілуде. Олардың біріншісінде вагон депосының, құрылыс ұйымдарының еңбеккерлері өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Сенбіліктер мен жексенбіліктер кезінде олар қала маңындағы аймақта 6 гектар қолайсыз жерді: төбелерді, жыраларды өңдеді. Және осы қалпына келтірілген территорияда 23 мыңнан астам бау-бақша учаскесі отырғызылды. Қазір бұл Петропавл маңындағы көрікті жерлердің бірі. Оның тағы бір пайдасы бар: осындай жолмен меншікті қосалқы шаруашылықтар да дамуда.

Digitized by Google

Павлодардың шетінде, мысалы, «30 лет Казахстана» колхозының еңбеккерлері көп уақыттан бері қоқыс тастайтын жерге айналған 18 гектар бос алаңды өңдеп, жылу электр цехы магистралінің жылуын пайдалана отырып, теплица тұрғызды. Жақсартылған және күтілген жабық егістік бүгінде шаруашылыққа бір миллион сомға дейін кіріс береді.

Жерді қалпына келтіру процесі өте қиын және қымбатқа түсетіні сөзсіз. Және өзінің игілікті жұмысын табандылықпен, мақсаттылықпен жүргізетін адамдар ғана нәтижелерге жетуде. Семей облысы Бөкебай орман шаруашылығының орманшы-үгітшісі Александр Леонтьевич Шанявский нақ осындай адам болып табылады. Ол өзінің үлгі-өнегесімен, жанды сөзімен адамдарды Ромаданов орман шаруашылығындағы 5400 гектарға созылып жатқан, өртеңнен қалған ағаш түбірлерін қопаруға бастады. Бүгінде мұнда, қалпына келтірілген жерде адамның табиғатқа деген сүйіспеншілігінің мәңгілік ескерткіші ретінде қуатты қолдармен жасалған жас орман жайқалып өсіп келеді.

Жер-анаға деген шынайы шуағерлік қарым-қатынас фактілерін әлі де көптеп келтіріп, оны қалпына келтірудің әдістерін атауға болады. Дегенмен қазақстандық ғалымдар ұсынып отырған жерді қалпына келтіру тәсіліне анағұрлым толығырақ тоқталайық. Ол әсіресе карьерлерді қалпына келтіруде тиімді. Бұл әдіс топырақ-өсімдік қабатын алып, оны карьердің өн бойына орналастыруды қарастырады. Қазу жұмыстары ауқымының ілгерілеуіне қарай карьердің алдын-ала дайындалған бортына оның ең соңғы контурының екі жағынан жыныстардың потенциалды құнарлы қабаттарының ленталы үйінділері орналастырылады. Қайтар жолда: карьердің орталық өсінен борттарға уақытша ленталы үйінділер орналастырылып, топырақты-өсімдік қабаты салынады.

Жерді қалпына келтірудің осындай тәсілінен гектарына 12 мың сомға дейін экономикалық пайда алынады Бұл—біріншіден. Екіншіден, ол республикамыздың жер ресурстарын анағұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, мұның жер қойнауынан жыл сайын 62 миллион текше метрге дейін жыныс шығарылатын Қазақстан үшін маңызы зор. Демек, территорияның шамалы бүлінуі ықтимал, өкінішке орай олардың біраз бөлігі ауыл шаруашылығы айналымынан шығып қалады. Және осы алаңдар онша аз емес. Өздеріңіз ойлаңыздаршы. Республиканың Орталық статистика басқармасының деректері бойынша, 1982 жылдың 1 январына дейін-ақ 200 мың гектардан астам жерді кәсіпорындар өз қажеттері үшін ауыспалы егістен бөліп алды.

Жерге ұқыпты қарау проблемасы сонша ап-айқын сияқты: алаңның бірде-бір гектары бос қалмауға тиіс. Өнеркәсіп жерді толық қайтаруға міндетті. Алайда, тәжірибе көрсеткеніндей, бұл ақиқат заңды түрде әрдайым қабылдана бермейді. Қазақ ССР-інің Жер туралы Заңының 221-ші статьясы былай деп тұжырымдайды: жер оның иесі — колхоздар мен совхоздар болып табылатын мемлекетке қайтарылуға тиіс. Әйтсе де осы статьяны Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы, Құрылыс материалдары өнеркәсібі, Автомобиль жолдары министрліктері жиі бұзады, олар жыл сайын шаруашылықтардан қыруар территорияны бөліп алып, оны қалпына келтіру жөніндегі жоспарды ешқашан орындамайды.

Горғайдың боксит рудниктерінде осы проблемамен нашар айналысады. Мұнда карьерлер арнасына алаңдар барған сайын көптеп алынуда, олар қазір бір мыңнан астам гектарға жетті. Өңделген учаскелерді қалпына келтіру мүлдем жүргізілмейді. Соның салдарынан иесіз қалған карьерлер желмен, ағынды сулармен бүлінеді, сөйтіп жаңа алаңдарды басып қалады.

Жерге елеусіз тәсілмен де жиі залал келтіріледі. Мысалы, егістікті қандырып суаруды алайық. Соның салдарынан олар батпақтанады, сортаңданады, бір сөзбен айтқанда, істен шығады. Осындай фактілер Жамбыл облысының кейбір шаруашылықтарында орын алып отыр.

Осы және жоғарыда аталған фактілер жерге ұқыпты, жанашырлықпен қарау қажет екенін тағы да иланымды әңгімелейді. Өнеркәсіптің бөліп алған территориялары жыл сайын ұлғайып, ал бағалы ауыл шаруашылығы алқаптарының азаятынын үнемі есте ұстау қажет. Осы жағдайларда жерді қалпына келтіру, оны егістікке жарамды жерлерге айналдыру егіс танабын толықтырудың маңызды резерві болып табылады. Осы резервті үнемі іске қосып отыру —біздің ортақ парызымыз.

Тағы бір нәрсені есте ұстаған жөн: шығындар жоғары болғандықтан қайтарым екі есе көп болуға тиіс. Мысалы, қосымша өнімнің 1 сомдық құнына жұмсалатын шығын орташа есеппен бүлінген жерлерді қалпына келтіруде 4 сом құрайды. Демек, қалпына келтірілген алқаптар адамның еңбегі үшін қайтарымын еселеп өтеуге тиіс.

Қазір, күз қарсаңында барлық қалпына келтірілетін алаңдарды іске қосу ерекше маңызды. Бұл осындай егістік үшін анағұрлым қолайлы кез: жұмсақ топырақ ылғалды тез сіңіреді және оған егілген егін тез жетіледі. Осындай егістің әрбір гектары тиімді «жұмыс істеуі» үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет.

В. ФИЛАТОВ.
«Народное хозяйство Казахстана» журналы бас редакторының орынбасары.

Digitized by Google

Жалпы саясн мәселелер жөніндегі әңгімелер үшін

ТУЫСТАС ҚАЛАЛАР

Бейбітшілікті, халықтар арасындағы достық байланысты нығайту жолындағы күресте туыстасқан қалалар қозғалысының маңызы зор. Бұл қозғалыс соғыстан кейін өріс алды. Оның дамуында әлемнің 60 елінің үш мыңнан астам қаласын біріктіретін Туыстасқан қалалардың дүниежүзілік федерациясының атқарған ролі үлкен.

СССР-де шетелдермен достық және мәдени байланыстың советтік қоғамдарының одағы шеңберінде қызмет істейтін советтік және шетелдік қалалар байланысы жөніндегі Ассоциация советтік 140 қаланың социалистік емес елдердің 300 қаласымен байланысын үйлестіріп отырады.

Біздің республикамыздың астанасы да туыстасқан қалалардың дүниежүзілік федерациясының жеке мүшесі болып табылады. 1981 жылдың ноябрінде Касабланка қаласында (Марокко) туыстасқан қалалардың оныншы юбилейлік Дүниежүзілік конгресі өтті, оның жұмысына Алматының делегациясы да қатысты. Бұл форум туыстасқан қалалардың коммуналдық шаруашылықты жүргізу, айналадағы ортаны қорғау, денсаулық сақтау, ағарту, спорт, тағы басқа салада бірлесе отырып қызмет істеу ісін нығайтудағы маңызды кезең болды.

Алматы делегациясы сондай-ақ Туыстасқан қалалардың дүниежүзілік федерациясының өткен жылғы сентябрьде Лилль (Франция) қаласында өткен Халықаралық Советінің XXIX сессиясына да қатысты. Сессияда үстіміздегі жылдың сентябрінде Монреаль қаласында өтетін Туыстасқан қалалардың дүниежүзілік федерациясының XI конгресіне дайындалу жөніндегі мәселе де қаралды. Сондай-ақ «Туыстасқан қалалар қозғалысы — әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамудың құралы» деген мәселе де талқыланатын болады.

Қазақ достық қоғамы Алматы қалалық атқару комитетімен бірлесе отырып, біздің астанамыздың туыстасқан Модена (Италия) және Браззавиль (Конго Халық Республикасы) қалаларымен байланысының дами түсуіне ықпал етуде. Бұл істе «СССР — Италия», «СССР — Конго Халық Республикасы» қоғамдарының қалалық бөлімшелерінің қызметі маңызды роль атқарады.

Алматы мен Модена арасындағы байланысты жүзеге асыруда информациялық-насихат жұмысы, атап айтқанда италия жұртшылығын совет халқының коммунистік құрылыстағы жетістіктерімен, Алматы еңбекшілерінің халық шаруашылығы міндеттерін, КПСС XXVI съезінің шешімдерін орындаудағы табыстарымен таныстыру маңызды орын алады. Модена мен Браззавильге «Советтік Қазақстан біртұтас семьяда», «Алматы және алматылықтар», «Қазақстан спорты», «Советтік Қазақстанның балалары», «Қазақстан ғылымы» деген, тағы басқа көлемді сурет көрмелері жіберілді.

Қала мэрі Джермано Булгарелли бастаған Модена муниципалитетінің делегациясы Алматыға екі рет келіп кетті. Олар «СССР — Италия» қоғамының Алматы қалалық бөлімшесінің құрылтай конференциясына қатысты. Алматы қалалық атқару комитетінің делегациясы жауап сапармен Моденада болып қайтты. Ол — Орталық Италиядағы көне қала. Онда транспорт құралдарын жасайтын өнеркәсіп дамыған.

Қазақстан астанасы мен Браззавиль арасындағы екі жақты байланыс 1981 жылдың сентябрінде Конго Халық Республикасы астанасы муниципалитетінің сол қаланың мэрі Габриэль Эмуенге басқарған делегациясы Алматыда болған кезде орнады. 1981 жылдың 22 сентябрінде екі астананың туыстасқандығы жайындағы келісімге қол қойылды.

1982 жылдың мартында Алматыда «СССР — Конго Халық Республикасы» қоғамының қалалық бөлімшесі құрылды. Оны құру жөніндегі құрылтай конференциясының жұмысына Конго Халық Республикасының СССР-дегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Жакоб Оканза қатысты.

Алматы мен Браззавиль арасындағы қарым-қатынастың дамуына көбінесе Совет Одағы күндері, атап айтқанда, Конго Халық Республикасында 1982 жылдың майында өткен Қазақ ССР күндері ықпалын тигізді. Осы шараларға қатысу үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің председателі, ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі президиумының председателі, академик Қ. Медеубеков басқаған ресми делегация және құрамына студенттердің «Айгүл» ансамблі кірген Қазақ достық қоғамының бір топ активистері дос елге барып қайтты.

Делегация Браззавиль тұрғындарына сый ретінде қолданбалы өнер мен ұлттық сувенирлер бұйымдарынан тұратын көрме, сондай-ақ Қазақстан мен оның астанасы жайындағы әдебиеттер топтамасын, республиканың, Алматының экономикалық және мәдени дамуындағы жетістіктерін көрсететін әртүрлі көрмелер берді. Әуесқой артистер конголық көрермендерге концерт қойды.

Ал өткен жылдың май айында Браз-

Digitized by Google



Жезқазған облысы. Қ. И. Сәтбаев атындағы Ленин орденді Жезқазған кен-металлургия комбинаты мыс балқыту заводының коллективінде Бейбітшілік вахтасын өткізу дәстүрге айналды. Металлургтер белсенді жұмыс айлығының қорытындылары бойынша бейбітшіліктің Советтік қорына сегіз мың сомнан астам қаржы аударды.

Суретте: металлургия цехының кран машинисі, Халықтар Достығы орденінің иегері С. Демқұлов пен конверторшы, сменаның партия тобының жетекшісі М. Әйтенов — Бейбітшілік вахтасына қатысушылар.

Суретті түсірген **В. Зыбин** (ҚазТАГ).

завиль қаласы муниципалитеті жанындағы Конго еңбек партиясы қызметін тексеру және бақылау комиссиясының председателі Нги Франсуа бастаған муниципалитет делегациясы Алматы қаласында болды. Қонақтар алматылықтардың тұрмысымен және еңбектегі жетістіктерімен танысты. Браззавильде тоқыма және тамақ өнеркәсібі дамыған. Сондықтан конголықтар өздеріндегідей кәсіпорындарды қызыға көрді. Олар балалар мекемелерінде де болды. Африка күніне байланысты қала жұртшылығының салтанатты жиналысына, сондай-ақ 28 гвардияшы-панфиловшылар паркінде туыстас қалаларға, екі астананың экономикалық және мәдени байланыстарына арналған көрмені ашуға қатысты.

1982 жылдың октябрінде Югославияның Зеница қаласының делегациясы Теміртауға келген кезде осы екі қаланың туыстасуы жөнінде шартқа қол қойылды. Зеницадан келген делегация мүшелері — қала мэрі С. Тарабар және кен-металлургия комбинатының директоры Р. Деспот Қазақстанның осы өнеркәсіп орталығымен танысты. Югославия делегациясы келердің алдында Қазақ ССР делегациясының құрамында Теміртау қалалық атқару комитетінің председателі С. Д. Бейсенов Зеницаға барып қайтқан еді. Құрамына еңбекшілер өкілдері мен Теміртау көркемөнерпаздар коллективі кірген арнаулы топтың Зеницаға барып қайтуы да туыстасқан қалалар қарым-қатынасының нығаюына ықпалын тигізді.

Алматы қалалық атқару комитеті Қазақстан астанасының туыстасқан қалалармен қарым-қатынасын және достық байланысын нығайту жөніндегі шаралардың перспективалық жоспарын жасады. Астананың халықаралық байланыстарына жұртшылық пен қала тұрғындарын тарту жөнінде комиссия құрылды.

Үстіміздегі жылы Модена қаласы муниципалитеті делегациясының Қазақстанға келуі жоспарланып отыр. Ал алматылықтар делегациясы Браззавильге барып қайтпақ. Біздің республикамыз Туыстасқан қалалардың дүниежүзілік федерациясының қызметіне өзінің үлесін қосып келеді, қалалардың дамып, гүлденуінің, олардың тұрғындарының көкейтесті проблемаларын шешудің басты шарты ретінде бейбітшілік жолындағы күрес бұл федерацияның басты мақсаты болып табылады.

Р. БАЙЖАНОВ,
Шетелдермен достық және мәдени байланыстың Қазақ қоғамы президиумы председателінің орынбасары.

Digitized by Google

Экономика мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

РЕСПУБЛИКАНЫҢ КӨГІЛДІР ОТЫНЫ

КПСС XXVI съезі газ өнеркәсібінің алдына жауапты міндеттер қойды. Олар СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1981—1985 жылдарға және 1990 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарында айқын анықталды. Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің коллективтері осы міндеттерді шешуге белсене қатысуда.

...Алматыға алғаш рет сұйытылған газ әкеліне бастаған, яғни республиканы газдандыру ісі басталған күннен бері 25 жылдан астам уақыт өтті. Осы жылдар ішінде тұрғындарды көгілдір отынмен ұдайы қамтамасыз ету үшін сенімді база жасау жөніндегі шаралардың үлкен комплексі жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта оны 13 миллионнан астам адам пайдаланады. Тұрғын үйлерге газ беру дәрежесі 87,7 процентке, ал Қостанай, Көкшетау, Целиноград, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Торғай облыстарында 100 процентке дерлік жетті.

Қазір Қазақстан газдандыру ауқымы жағынан елімізде жетекші орындардың бірін алады.

3,3 миллионнан астам пәтерге, 1700 өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы кәсіпорнына, 8300 коммуналдық-тұрмыстық объектіге газ берілді. Көп қабатты тұрғын үйлерді сұйытылған газбен бір орталықтан қамтамасыз ету үшін 15 мыңнан астам жер астынан болат резервуарлар монтаждалды. 17 газ толтырғыш станция, 250 баллон ауыстыру пункті салынып, іске қосылды. Бес мың километрге жуық газ желілері пайдаланылуда.

Өткізілетін газ көлемі қыруар өсті. РСФСР-дің газ өңдеу заводтарынан темір жол цистерналарымен республикаға әкелінген, сондай-ақ Гурьев, Павлодар мұнай өңдеу және Маңғышлақ газ өңдеу заводтарының сұйытылған және табиғи газы өткен жылы тұтынушыларға 1980 жылмен салыстырғанда 1,1 есе көп таратылды.

Республиканың газ шаруашылығы қолективтері техникалық-экономикалық негізгі көрсеткіштерді жүйелі түрде орындайды. Өткен жылы тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету көлемі жөніндегі жоспар 106,6 процент, оның ішінде селолық жерлерде — 113 процентке жуық орындалды.

«Чимкентоблгаз», «Талдықурганоблгаз», «Джамбулоблгаз», «Кокчетавоблгаз» өндірістік бірлестіктерінің коллективтері социалистік міндеттемелерді орындауда аса үздік нәтижелерге жетті. Өткен жылғы социалистік жарыс қорытындылары бойынша «Петропавловскоблгаз» өндірістік бірлестігінің коллективі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен наградталды.

Саланың озат еңбеккерлеріне қол жеткен табыстары, адал еңбегі және қоғамдық өмірге белсене қатысқаны үшін «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұнай және газ өнеркәсібінің қызметкері» деген құрметті атақ берілді, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет, грамоталары, «Он бірінші бесжылдықтың екпіндісі» белгісі, Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің және жергілікті өнеркәсіп пен коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорын жұмысшылары кәсіподағы республикалық комитеті президиумының Құрмет грамоталары тапсырылды.

Біз социалистік жарыс озаттары — «Гурьевоблгаз» бірлестігінің газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесары И. Сәлемжанов, «Петропавловскоблгаз» бірлестігінің газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі мастері Т. В. Бородин, «Казгазстроймонтаж» тресі № 1 құрылыс-монтаж басқармасының газбен дәнекерлеушісі А. К. Аксименко т. б. сияқты сала ардагерлерін орынды мақтаныш етеміз.

Қазақ ССР-нің Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарайтын кәсіпорындардың көптеген коллективтері өздерінің кәсіптік мерекесін қарсы ала отырып, жаңа табыстарға қол жеткізді. Үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылдығы ішінде республика тұтынушыларына 254 мың тонна сұйытылған газ және 3 миллиард текше метрден астам табиғи газ таратылды.

Осы кезең ішінде тұрмыстық қызмет көрсету көлемі 103 процентен астам орындалды.

Қол жеткен табыс — барлық коллективтердің адал еңбегінің нәтижесі. Олардың арасында «Талдықурганоблгаз» және «Петропавловскоблгаз» өндірістік бірлестіктерін ерекше атап өткен жөн.

Республика газ шаруашылығы еңбеккерлерінің табысы — бұл саланың партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының мақсатты жұмысының нәтижесі. Сонымен бірге алда үлкен де күрделі міндеттер тұрғанын атап өту қажет. Үстіміздегі жылдың жоспарында тұтынушыларға 530 мың тонна сұйытылған жә-

2 сентябрь — мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне.

Digitized by Google

не 5796 миллион текше метр табиғи газ босату, 8160 мың сомның тұрмыстық қызметін көрсету, 27 миллионнан астам сомның мердігерлік жұмыстарын орындау, 72 километр газ желілерін іске қосу қарастырылды.

Сұйытылған газды өткізу көлемі жылдан жылға өсіп келеді, ал газ толтыратын станцияларды, баллондарды ауыстыратын пункттер, өндірістік базалар құрылысын кеңейту және қайта құру тұтыну қарқынынан артта қалып отыр. Газ толтыратын станциялардың бәрі бірдей осы уақытқа дейін қазіргі заманғы технологиялық жабдықтармен, хауіпсіздіктің автоматты құралдарымен жарақтандырылмаған. Тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру мәселелері толық шешілген жоқ.

Бірлестіктер газ жабдықтарының запас бөлшектері, жер асты газ желілерінің мықтап бекітілуі және изоляциясының жайы, сондай-ақ олардың электрхимиялық тоттанудан сақталуын тексеруге арналған қазіргі заманғы приборлар мен жабдықтар жетіспеушілігін сезінеді.

Біз осы мәселелердің көпшілігін биыл «Казгазтехника» экспериментті тәжірибе заводын іске қосумен байланысты шешеміз деп ойлаймыз.

Республиканы газдандыруды одан әрі дамыту және тұтынушыларды газбен қамтамасыз етуді жақсарту үшін газ толтыратын станциялар мен қоймалар салу, Семейде, Ақтөбеде, Оралда станцияларды қайта құру жұмысын жүргізу, бірқатар газ қоймалары мен «Бухара—Урал» магистралды газ құбырынан құбыр тарту, «Орта Азия—Орталық» магистралды газ құбырынан «Индер—Гурьев» газ құбырын жүргізу белгіленді.

Өндірістік процестерді механикаландыру және автоматтандыру, үнем мен ұқыптылық есебінен еңбек өнімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлу қажет.

Республика газшылары өздерінің кәсіптік мерекесін еңбек тартуларымен қарсы ала отырып, төртінші жыл мен тұтасынан он бірінші бесжылдықтың жоспарын толық орындап, сол арқылы КПСС XXVI съезінің шешімдерін жүзеге асыруға, лайықты үлес қосуға берік ұйғарып отыр.

К. РАХЫМҒАЛИЕВ,
Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті председателінің орынбасары.

МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ЕКПІНДІ ВАХТАСЫ

(ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР)

Қазақстан мұнайшылары өздерінің кәсіптік мерекесін еңбектегі жаңа табыстармен қарсы алуда. Алғашқы жарты жылдықтың жоспары мұнай өндіру жөнінен 100,8 процент және газ шығару жөнінен 103,5 процент орындалды. Бесжылдықтың басынан бері мұнай өндіру қарқыны 12 процент өсті.

Бұрғылау жұмыстарының қарқыны мен көлемі де артты. Үш жарым жыл ішінде 3,3 миллион метрден астам кен қабаты бұрғыланды, жүздеген мұнай және газ скважинасы іске қосылды.

Тапсырма еңбек өнімділігін, товарлы өнім шығару мен оны өткізу жөнінен асыра орындалды.

Мұнай-газ өндіретін басқармалар арасында «Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына — 40 екпінді еңбек аптасы» ұранымен социалистік жарыс инициаторларының бірі — «Комсомольскнефть» коллективі алда келеді.

«Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасынан мастерлер Ж. Бағманов пен А. Убиевтің комсомол-жастар бригадасы, Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасынан мастер А. Еремин мен Жетібай бұрғылау жұмыстары басқармасынан Р. Зиганшиннің бұрғылау бригадалары еңбекте аса жоғары нәтижелерге жетіп, скважиналарды проходкалау жөнінен бесжылдықтың төрт жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты.

КПСС XXVI съезінің Батыс Қазақстанда мұнай мен газды геологиялық барлау жұмыстарын кеңейту, Бозашы түбегінде мұнай қойнауын игеруді жеделдету туралы нұсқаулары дәйекті түрде орындалып келеді. Бесжылдықтың үш жылы ішінде саланы дамытуға бір миллиард сомнан астам қаржы жұмсалды. Мұнайшылардың Гурьев облысында Теңіз, Маңғышлақ облысында Қаражамбас пен Қаламқас вахталық поселкелері бой көтерді.

1981 жылы құрылған «Актюбинскнефть» бірлестігі дами түсуде. Биыл оның коллективі мұнай шығаруды 1983 жылмен салыстырғанда 2,3 есе көбейтеді. Мұнай қойнауы аймағында жаңа қала — Октябрьск салынуда.

Үстіміздегі бесжылдықта сала қызметкерлері 200 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй алаңын және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы тұтасынан бірқатар объектілерді алды.

Республика мұнайшыларының бесжылдықтың үшінші жылында мұнай мен газ өндіруді үдетуіне, 1 миллион метр кен қабатын бұрғылап, жүздеген мұнай және газ скважиналарын іске қосуларына тура келеді. Жаңажол қойнауында мұнай шығаратын алғашқы комплекс іске қосылады. Теңіз қойнауын барлау қарқыны үдей түседі.

Digitized by Google

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ — ӘР АДАМНЫҢ ІСІ

Т. МҰҚАЕВ,
Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі

Республикада еңбек жағдайы мен хауіпсіздік техникасын жақсарту жөнінен үлкен жұмыс жүргізілуде. Қазақстанның халық шаруашылығында үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде ғана өндірісті механикаландыру мен автоматтандыру жөнінен 50 мыңнан астам шара орындалды. 460 комплексті механикаландырылған және автоматтандырылған желі орнатылды. 500 цех пен өндіріс комплексті механизацияға ауыстырылды. Еңбекті ұйымдастырудың озық формалары, өте жаңа технологиялық машиналар мен жабдықтар, жұмыс хауіпсіздігі шараларының жүйелері жер-жерде кеңінен енгізілуде. Еңбекті қорғау және хауіпсіздік техникасы жөніндегі шараларға жыл сайын республикада 200 миллионнан астам сом жұмсалады.

1983 жылдың соңында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі өткізген еңбекті қорғау және хауіпсіздік техникасы жөніндегі республикалық кеңес осы мәселелерді талқылауға арналды. Онда аварилар мен өндірістік жарақаттан сақтандыру жөніндегі жұмыстың негізгі міндеттері мен бағыттары белгіленді, еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған ұсыныстар қабылданды. Сонымен бірге хауіпсіз және авариясыз жұмыс әрбір коллективтің, әрбір еңбеккердің бұған қандай қамқорлық жасауына шешуші дәреже байланысты екені ерекше атап көрсетілді.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдаған еңбекті қорғау жөніндегі профилактикалық жұмыстың бірыңғай жүйесін жасаған Лениногор полиметалл комбинаты коллективінің тәжірибесі республика халық шаруашылығының барлық салаларында қолдау тапты. Бұл жүйе хауіпсіздік нормалары мен ережелерін сақтауға бақылау ұйымдастыруды, жұмысшыларды, инженер-техник қызметкерлерді, қоғамдық ұйымдарды хауіпсіздік нормалары мен ережелерін қатаң сақтау жөніндегі белсенді жұмысқа тартуды, сол үшін олардың жауапкершілігін арттыруды қарастырады.

Ол оқу-тәрбие, моральдық және материалдық ынталандыру шараларын және хауіпсіздік техникасы нормалары мен ережелерін насихаттау жөніндегі шараларды қамтиды.

Комбинатта құрамына озат жұмысшылар мен қоғамдық инспекторлар, жетекші мамандар енетін еңбекті қорғауға көмектесу советтері жұмыс істейді.

Еңбекті қорғау мен хауіпсіздік техникасы жөніндегі профилактикалық шаралар коллективтік шартқа енгізілген. Цехтар, сменалар мен бригадалар арасында еңбекті қорғау және хауіпсіздік техникасын жақсы жолға қою жолындағы жарыс ұйымдастырылған. Осының барысында хауіпсіздік ережелерінің талаптарын дәлме-дәлдікте орындағаны үшін мадақтау және оларды бұзғандары үшін жазалау қарастырылған. Цехтарда плакаттар көркемделген, оларда шаралардың қалай жүзеге асырылып жатқаны көрсетіледі, осы маңызды іске тиісті жауапкершілікпен қарамайтындар сынналады.

Комбинаттың әрбір инженер-техник қызметкері коллективте хауіпсіздік техникасы жөніндегі жұмыс күнделігін жүргізеді, онда коллективте еңбекті қорғау жөнінен жүргізіліп жатқан шаралар ескеріледі. Инженер-техник қызметкерлердің хауіпсіздік техникасын жақсартуға қосқан үлесі төрт баллдық жүйе бойынша бағаланады. «Өте жақсы» деп бағалау барысында сыйлық мөлшері 15 процент көбейтіледі. «Жақсы» деген бағаға сыйлықты толық мөлшерде алуға право береді, «қанағаттанарлық» бағада сыйлық 50 процент кемиді, «нашар» бағада одан толық мөлшерде айырады.

Қ. И. Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатында басталған «Еңбек хауіпсіздігіне — жұмысшы бақылауы!» қозғалысы да аса бағалы. Оның мәні — барлық жұмысшыларды хауіпсіз еңбек жолындағы күреске тарту.

Жұмысшы жиналыстарында қабылданған бастаманың басты шарттары мыналар:

— әрбір жұмыс орнында қамтитын механизм мен жабдықтарды, сақтандыру құралдары мен тетіктерін дер кезінде тексеру және хауіпсіз жағдайға келтіру;

— жұмыс орнының мәдениеті мен эстетикасын сақтау;

— өндіріс процесінде еңбекті қорғау мен хауіпсіздік техникасы талаптарының қатаң сақталуы үшін өзінді және қасында жұмыс істеуші адамды қадағалау.

Хауіпсіздік техникасы ережелерінің бұзылуын байқаған адам ол жайлы әріптес жолдастарына ескертіп, мастерге баяндауы тиіс. Осындай әрбір оқиға коллективті талқыланатын мәселеге айналады.

Комбинатта әрбір сменада түрлі кәсіп жұмысшыларынан комиссиялар құрылды. Олар кемінде айына бір рет, ал қа-

Digitized by Google

жет болған кезде одан да жиі тексеру жүргізеді, екінші сменаның жұмысшылары бірінші сменаны, үшіншісі — екінші сменаны т. б. тексереді. Барлық ескертулер арнаулы журналға жазылады. Цех бастығы тәулік сайын журналды қарап, жауапты адамдар мен анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін тағайындайды. Бастама шарттары социалистік жарыс туралы ережеге енгізілді. Жарыс нәтижелері бойынша сменалардың, учаскелердің, қызметтер мен цехтардың хауіпсіздік техникасын жолға қою жөніндегі таңдаулы жұмысшылары анықталады.

Бастаманы өндіріске енгізу жұмысшылардың хауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етудегі белсенділігін едәуір арттырды. Мысалы, Социалистік Еңбек Ері Д. Баймағанбетовтың бригадасы 15 жыл бойы кен орындарындағы жерасты жұмыстарының күрделі жағдайында сменалық тапсырмаларды үнемі асыра орындай отырып, жарақатсыз және авариясыз еңбек етіп келеді. Бригадада — бұл да социалистік міндеттемелерде жазылған — ең алдымен еңбек хауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жұмыстар атқарылады. Аса тәжірибелі жұмысшылар тәжірибесі аздау адамдарды үйретеді. Республика кәсіпорындарында көптеген коллективтер осы бригаданың үлгісімен еңбек етеді. Міндет мынада: жарақатсыз және авариясыз жұмыс істеуді баршаның қатаң қағидасына айналдыру.

М. И. Калинин атындағы Шымкент қорғасын заводында өндірістік жарақаттану мен авария оқиғалары күрт азайды, онда жыл сайын еңбек жағдайын жақсартуға ғана 500 мың сомға жуық қаржы жұмсалады. Соңғы жылдары негізгі өндірістер қайта құрылды, еңбек жағдайын жақсартатын табиғат қорғау орындары мен объектілерінің құрылысы аяқталды. Заводта «Еңбегіне қарай абыройы мен даңқы!» деген бастама кеңінен қолдау тапты, негізгі кәсіп жұмысшыларының 70 процентке жуығы бригадалық мердігерлік бойынша еңбек етеді. Өндіріс мәдениеті жоғары коллектив атағын алу жолындағы жарыс кең өріс алды, хауіпсіздік техникасы жөніндегі цехтық және заводтық советтер белсенді жұмыс жасайды. Еңбек хауіпсіздігі мәселелері партия және кәсіподақ комитеттерінің мәжілістерінде жүйелі қаралады. Мастер М. Р. Шарафутдинов басқаратын кәсіподақ комитеті жанындағы еңбекті қорғау жөніндегі завод комиссиясы белсенді жұмыс атқарады. Завод директоры О. Ж. Қобдабергенов күн сайын өзінің жұмыс күнін цехтарды аралаудан бастайды және селекторлық кеңесте бөлімше басшыларының хауіпсіздік техникасы жағдайы туралы баяндамаларын тыңдайды.

Сондай-ақ профилактикалық жұмыс Павлодар алюминий заводында, Соколов-Сарыбай кен-байыту, Өскемен титан-магний комбинаттарында және басқаларда жақсы ұйымдастырылған. Енді өндірістік коллективтердің 80 процентінен астамы жарақатсыз және авариясыз еңбек етеді.

Өнеркәсіп орындарында хауіпсіздік техникасы мен профилактикалық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі істің жайы республиканың Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің коллегиясында министрліктермен, ведомстволармен және кәсіподақ комитеттерімен бірлесе отырып жүйелі түрде қаралады. Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау органдары профилактикалық ұсыныстар береді. Еңбекті қорғау және хауіпсіздік техникасының жағдайы талаптарға жауап бермейтін, жұмысты хауіпсіздік ережелерін бұза отырып жүргізу оқиғаларына жол беретін кәсіпорын басшылары, жауапты адамдар әртүрлі жауапкершілікке тартылады.

Еңбекті қорғау жөніндегі жұмыс немқұрайды жүргізілетін кәсіпорындар әлі де баршылық. Мысалы, Ащысай полиметалл комбинатында, «Қарағандауголь» бірлестігінің бірқатар шахталарында әртүрлі техникалық және ұйымдастыру шаралары аз дайындалмайды, бірақ олар толық жүзеге асырылмайды. Осы кәсіпорындар басшылары еңбекті қорғау жөніндегі профилактикалық шаралардың маңызын жете бағаламайды, өндіріс технологиясын баяу жетілдіріп, ұйымдастырады, тапсырманы орындаушылық тәртібін нығайту жөнінен батыл шаралар қабылдамайды. Инженер-техник қызметкерлер жүргізетін тексерулер көбіне үстірт сипат ұстайды, хауіпсіздік ережелерінің бұзылуына жол беретін себептер анықталмайды.

Әрбір кәсіпорында осы мәселелермен жүйелі түрде айналысу маңызды. Еңбек коллективтері және олардың кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді басқарудағы ролін арттыру туралы СССР Заңының аса маңызды талаптарының бірі нақ осында.

Әрбір еңбеккердің хауіпсіз жағдайды қамтамасыз ету жолындағы жауапкершілігін табанды түрде арттыру қажет. Мұнда байырғы жұмысшылар мен қызметшілер айрықша роль атқарады. Д. А. Қонаев жолдас партия ардагерлерімен және жастар өкілдерімен кездесуде жекелеген кәсіпорындарда хауіпсіздік техникасының ойдағыдай еместігін атап көрсете отырып, былай деді: «...әсіресе кәсіпорындарда өндірістік тәртіпті, еңбек тәртібін нығайтуда, жастар арасындағы жұмысты жақсартуда ардагерлеріміздің бізге көмектесуін сұраймыз».

Ұғітшілердің, саяси хабаршылардың, лекторлардың өз әңгімелерінде осы мәселелердің бәрін барынша жиі көтеруі, көрнекі үгіт құралдарын кеңінен пайдалануы өте-мөте қажет. Бір сөзбен айтқанда, еңбекті қорғауды және хауіпсіздік техникасын жетілдіру үшін мүмкіндіктер, резервтер көп, оларды озық тәжірибеге сүйене отырып, толығырақ пайдалану қажет.

Digitized by Google

ПОЛИТЕХНИКА ИНСТИТУТЫИА—50 ЖЫЛ

В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институты 1934 жылдың 1 сентябрінде құрылды, деп есептеледі, сонда республиканың алғашқы техникалық жоғары оқу орны — Қазақтың тау-кен металлургия институты ұйымдастырылған еді. Біз еліміздің байырғы жоғары оқу орындарының туысқандық көмегіне өзіміздің табыстарымызбен қарыздармыз. Институтты құрып, қалыптастыруға, мысалы, Краматорск машина жасау және Кривой Рог кен-руда институттары зор көмек көрсетті. Олар жабдықтардың қыруар бөлігін берді. Кен факультеті Москвадан келген жоғары білікті мамандармен жасақталды. Х. К. Аветисян, И. И. Бок, А. В. Бричкин, Л. Г. Кушев, В. Д. Пономарев, А. С. Попов, В. В. Стендер, т. б. секілді көрнекті ғалымдар алғашқы күндерден-ақ кадрларды даярлаумен айналысты.

1960 жылы ол политехника институты болып қайта құрылды, ал 1970 жылы халық шаруашылығы үшін аса білікті мамандар даярлауда және В. И. Ленинның туғанына 100 жыл толуын атап өтуде қол жеткен табыстары үшін оған дүние жүзі пролетариаты көсемінің есімі берілді. Және бүгінде ол өзінің ғылыми-педагогикалық потенциалы жөнінен еліміздің жетекші оқу орындарының қатарына жатады.

Өткен уақыт ішінде жоғары оқу орнында 35 мыңнан астам маман даярланды, олардың көпшілігі өнеркәсіптің түрлі салаларында, жобалау ұйымдарында және ғылыми-зерттеу мекемелерінде маңызды орын алады. Мысалы, Қазақстанның Түсті металлургия министрлігі аса ірі кәсіпорындарының 28 бірінші басшыларының 18-і — біздің түлектер. Республика геологиялық қызметінің жетекші буыны да негізінен біздің түлектермен жасақталған. Институтты бітірушілер арасында 12 Совет Одағының Батыры мен Социалистік Еңбек Ері, 44 Лениндік сыйлықтың лауреаты, одақтас республикалар Ғылым академияларының 18 академигі мен корреспондент-мүшесі бар екенін мақтаныш етеміз.

Біздің институтымыз үлкен интернационалды коллективті бейнелейді. Мұнда еліміздің көптеген ұлттарының 15 мыңнан астам студенті, оның ішінде социалистік және дамушы елдердің өкілдері оқиды.

Институттың Алматыдағы, Зыряндағы, Өскемендегі, Шевченкодағы, Гурьевтегі, Лениногордағы күндізгі бөлімнің 8 жалпы техникалық факультетінде және Қаратаудағы филиалында 28 мамандық бойынша кадрлар даярланады.

Қазақ политехника институтының базасында үш жоғары оқу орны — Алматы энергетика және архитектура-құрылыс және Рудный индустриалды институттары ұйымдастырылды. 1100 педагог және 700-ден астам ғылыми қызметкер болашақ мамандарды оқытумен және тәрбиелеумен айналысады, олардың арасында Қазақ ССР Ғылым академиясы мен ВАСХНИЛ-дің 9 академигі және корреспондент-мүшесі, 34 профессор, ғылым докторы және 500-ге жуық доцент, ғылым кандидаты бар.

Институттың профессор-оқытушылар коллективі ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс талаптарына, КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь, 1984 жылғы апрель Пленумдарының шешімдеріне, жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасына сәйкес жоғары мектепті жетілдіру міндеттеріне жауап бөретін жаңа прогрестік формалар мен әдістерді талдап жасап, оларды оқу процесіне енгізудің инициаторы болып табылады.

Институт республиканың жоғары оқу орындары арасында бірінші болып мамандарды даярлау сапасын басқарудың комплексті жүйесін әзірлеп, енгізді. Өнеркәсіп өндірісі мен құрылыс ұйымдастырушыларының факультеті жұмыс істейді, онда халық шаруашылығы мамандары қайта даярлықтан өтеді.

Өндіріспен байланысты нығайту мамандарды даярлаудың сапасын арттырудың маңызды резервтерінің бірі болып табылады. Институттың республикалық Түсті металлургия және Геология министрліктерінің 13 ұйымымен және кәсіпорнымен, Қазақ ССР Ғылым академиясының кен істері, металлургия және байыту институттарымен, «Қызыл ту» фирмасымен, Павлодар облысының «30 лет Казахской ССР» және Талдықорған облысының «40 лет Октября» колхоздарымен шарттары бар.

Политехника институты республиканың геология, кен істері, металлургия, автоматика мен есептеу техникасы саласындағы жетекші ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Халық шаруашылық маңызы бар негізгі және қолданбалы зерттеулер көптеген кафедраларда, 12 проблемалық және салалық лабораторияда жүргізіледі. Белгілі ғалымдар, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері Б. Р. Рақышев, И. Ә. Онаев, техника ғылымдарының докторлары И. Е. Ерофеев пен Л. Г. Ро-

Digitized by Google

манов осы зерттеулерге ғылыми басшылық жасауды жүзеге асырады.

Теориялық және эксперименттік зерттеулер негізінде есептеу машиналарын қолдану арқылы басқарудың автоматтандырылған жүйелері жасалып, Қазақстанның Түсті металлургия министрлігі, СССР Минералдық тыңайтқыштар өндірісі жөніндегі және Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрліктері кәсіпорындарында енгізілді (ғылыми жетекшілері — профессор Ә. Ә. Әшімов, доцент Г. М. Тоқтабаев).

Оныншы бесжылдық пен он бірінші бесжылдықтың үш жылы ішінде экономикалық тиімділігі 69 миллион сомнан асатын 38 миллион сомға жуық ғылыми зерттеу жұмыстары орындалды. Институттың жетекші ғалымдарына екі Лениндік (Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ш. Е. Есенов пен корреспондент-мүшесі Г. Ц. Медоев) және алты СССР Мемлекеттік сыйлықтарының берілуі жүргізілген ғылыми зерттеулердің жоғары сапасы туралы дәлел болады.

Студенттердің 30 процентке жуығы ғылыми-зерттеу жұмыспен қамтылған. Олар үстіміздегі бесжылдық жылдары ішінде ғана халық шаруашылығы үшін 510 мың сомның жұмысын орындады. Өткен жылы әрбір бесінші дерлік диплом жұмысы өндіріске және оқу процесіне енгізуге ұсынылды. Студенттердің конструкторлық бюросының 33 жұмысы СССР халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде көрсетілді.

Ғылыми-өндірістік отрядтар өздерін еңбек семестрі кезінде жақсы жағынан көрсетті. Мысалы, профессор Е. Л. Лимановтың инициативасымен ұйымдастырылған «Буровик» отряды өткен жазда 170 мың сомның жұмысын, «Поиск» отряды 52 мың сомның іздестіру-түсіру жұмыстарын орындады.

Институт коллективі Азық-түлік программасын жүзеге асыруға белсене қатысады. Біз жыл сайын егін жинауға көмектесеміз. Өткен еңбек семестрінде «Политехник» құрылыс отрядының студенттері Маңғышлақ облысында 22 тұрғын үй салды. 156 адам наградалармен және грамоталармен, олардың төртеуі — ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Бесжылдықтың жас гвардияшысы» күміс белгісімен аталды. «Қаратау» комплексті ғылыми программасы фосфорит өндіруді ұлғайтуға бағытталған. ВАСХНИЛ-дің корреспондент-мүшесі С. М. Мұхамеджановтың басшылығымен гидрогеолог-ғалымдар суармалы егіншілікті одан әрі дамытуға және суармалы жерлердің көлемін ұлғайтуға пәрменді көмек көрсетуде.

Институттың партия ұйымы, бүкіл коллективі партияның XXVI съезі мен КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыра отырып, болашақ мамандарда ғылыми дүниетанымды, табанды идеологиялық иммунитетті, белсенді өмір позициясын, жоғары моральдық және іскерлік қасиеттерін қалыптастыруды басты міндеті деп санайды. Институтта бұқаралық-саяси жұмыс практикасына үлкен мән беріледі. Институтта бұқаралық кәсіп факультетінің жұмыс істегеніне тоғыз жыл болды, ол осы уақыт ішінде 15 мыңнан астам лектор, мәдени-көпшілік және спорт жұмыстарының ұйымдастырушыларын даярлады. Олардың қатысуымен сұрақ және жауап кештері, саяси диспуттар, саяси хабарлар, бірыңғай саяси күндер өткізіледі.

Профессор А. Ержанов басқаратын «Білім» қоғамы бастауыш ұйымының мүшелері өткен жылы ғана қаланың, облыстың және республиканың еңбек коллективтерінде, аса ірі өнеркәсіп орындарында, құрылыстарда, жастар жатақханаларында 2350 лекция оқыды.

Партиялық насихатта бұқаралық информация құралдары: «За инженерные кадры» көп тиражды газеті (редакторы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Д. К. Кішібеков), радио газеті, қабырға газеті зор роль атқарады.

«Политехник» спорт клубының 21 спорт секциясында өткен жылдың өзінде ғана 2300-ден астам ГТО значкистері, 200-ге жуық разрядшы-спортшылар, 14 мастерлікке кандидат және 3 СССР спорт мастері даярланды.

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің студент жастарға патриоттық және интернационалдық тәрбие беру ісіне қосып отырған үлесі айтарлықтай. Комсомол комитетінің инициативасымен 9 майда Жеңіс күніне арналған «Жұлдызды жорық» үшінші жыл өткізіледі. Алматының мыңдаған студенттері, Москвадан, Омбыдан, Новосибирскіден, Прибалтикадан келген қонақтар, сегіз социалистік елдің студенттері институт өткізген интернационалдық ынтымақ апталығына қатысты.


Институт коллективінің 1981-1982 жылдардағы жемісті еңбегі СССР Жоғары және арнаулы білім министрлігінің және жоғары мектеп пен ғылыми мекемелер ағарту қызметкерлері кәсіподағы Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен және бірінші дәрежелі дипломымен, ал өткен жылы — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, республика Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен аталды.

Біздің оқытушыларымыз еліміздің жетекші жоғары оқу орындары — Москва мемлекеттік университетінде, Москваның болат және балқыма, Москва мен Ленинградтың политехника және энергетика, Губкин атындағы Москва кен және мұнай институттарында өз білімдерін көтереді.

Біз еліміздің жоғары оқу орындарымен творчестволық байланыс жасаудан, оны өзара байытудан мамандарды даярлауды одан әрі жақсартудың перспективаларын көреміз.

В. ЧЕСНОКОВ,
В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институты партия комитетінің секретары.

Digitized by Google



ҮЛКЕН ҮЙДІҢ ЖАС ИЕЛЕРІ

Алматы үй құрылысы комбинатының жаңа жатақханаларында қыздар мен жігіттердің демалысы мен оқуы үшін қажетті жағдайлардың бәрі жасалған. Буфеттер мен асханалардың жұмысы еңбек режимін ескеру арқылы ұйымдастырылды. Кітапхана, сабаққа дайындалатын бөлме бар. Жатақханалармен қатар Мәдениет сарайы, спорт комплексі салынған.

Үй құрылысшыларының оқуына ерекше көңіл бөлінеді. Жүзден астам адам тікелей комбинатта жұмысшы жастар мектебінде оқиды, бұл үшін төрт класс жабдықталған. 90 адам жоғары оқу орындарының сыртқы және кешкі бөлімдерінде, 50 адам техникумдарда оқиды. Оқу орындарына түсушілерге арналған даярлық курстары ұйымдастырылған.

Комбинатта партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының күш-жігерін жастармен жұмыс жүргізудің осы учаскесіне бағыттауға көмектесетін жатақханалардағы жұмыс жөніндегі совет құрылды. Совет материалдық базаны нығайту, жас құрылысшыларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін қарайды. Оның жұмыс жоспары тұрғындардың талап-тілектері мен ұсыныстары ескеріліп жасалады, басшылармен келісіледі, жатақхана советтерінде қаралады, комбинаттың партия комитетінде, заводтық жұмысшылар комитетінде және комсомол комитетінде бекітіледі. Бұл шараларды қайталамауға, жұмысты комплексті түрде, бірыңғай жүйемен құруға көмектеседі. Өндіріс пен қоғамдық ұйымдар басшыларының тұрғылықты жер бойынша жас еңбеккерлермен кездесулері жиі өткізіледі.

Барлық жатақханаларда КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь, декабрь және 1984 жылғы апрель Пленумдарының материалдары, КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің және ВЦСПС-тің «Социалистік еңбек тәртібін нығайту жөніндегі жұмысты күшейту туралы» қаулысы талқыланды. Осыдан кейін өндірістік тәртіп те, біздің жастарымыз тұратын үйлерді күтіп ұстау жағдайы да айтарлықтай жақсарды.

Комбинаттың комсомол комитеті мен кәсіподақ ұйымы үлгілі жатақханаға, бөлмеге жарыс ұйымдастырды, байқаулар мен конкурстар өткізеді. Оның барысында жатақхана советтерінің ролі артты. Басқарудың осы органдарының өкілдіктері ауқымды, оларды өз үйінің иесі деп атауға әбден болады.

«Комсомол прожекторының» штабы тұрғын үй-тұрмыс жағдайын жүйелі түрде бақылап отырады.

Комбинатымыздың Мәдениет сарайының қызметкерлері түрлі клубтарды, үйірмелерді, лекцияларды, тақырыптық кештерді, диспуттарды, атақты адамдармен кездесулерді, оқырмандар конференциясын ұйымдастыруда жастар жатақханаларының тәрбиешілеріне көмек көрсетеді. «Бүгін дүние жүзінде», «Адам және заң», «Неке және семья», «Дін туралы ақиқат», «Әсемдік әлемінде», «Жастарға арналған музыкалық жұма» деген тақырыптағы лекторийлер бірнеше жыл қатарынан жүргізіліп келеді. Таңдаулы лекторлар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғалымдар, медицинаның жетекші мамандары, юристер, Мәдениет сарайы музыка студиясының қызметкерлері лекция оқиды.

Ауызша журналдар жатақханалардан тұрақты орын тапты. Олар жастарды қызықтыратын сұрақтарға жауап беруге көмектеседі. Мысалы, «Юность» жатақханасында «Тың — халық ерлігі!» деген ауызша журнал өткізілді.

Жастармен кездесуде алғашқы тың игеруші Мүбиін Әбішев болды. Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдығы қарсаңында прозашы Қалмұқан Исабаевтың және ақын Леонид Кривощековтың қатысуымен ауызша журнал өткізілді. СССР-дің құрылуының 60 жылдығына арналған «Бәріміз — ұйымшыл семьямыз» атты тақырыптық кеш есте қалармақтай өтті. Ол жас жұмысшылардың әрбір үйі көптеген ұлттардың өкілдерін біріктіретінін көрсетті. Түрлі халықтардың әндері мен билері орындалды. Кештерді әзірлеуге үлкен активтің қатысуы арқасында олар қызықты, тартымды өтеді.

«Молодость» жатақханасында интернационалдық достық клубы жұмыс істейді. Клуб үйі тақырыптық тұрғыдан көркемделген.

«Ал, жігіттер!» және «Беу, қыздар-ай!» деген конкурстар тапқырлық, күштілік пен ептілік, аспаздық қабілеттер сияқты әртүрлі сайыстарды ұсынады. Қыздар мен жігіттер кеште өздерінің жатақхана жобаларын әзірлеп, оларды қорғап шықты. № 2 құрылыс-монтаж басқармасының сыршылар звеносының жетекшісі, ВЛКСМ XIX съезінің делегаты Анаргүл Нұрлыбаева, № 8 құрылыс-монтаж басқармасының сыршысы Ирина Тельнова, № 4 құрылыс-монтаж басқармасының сыршы-сылақшысы Тойған Әділбекова және басқалар осындай шаралардың белсенді қатысушылары болып табылады.

Digitized by Google

Жатақханаларда «Білім» қоғамының қалалық ұйымымен бірлесіп өткізілетін диспуттар дәстүрге айналды. Биыл «Біздің интернационалдық семьямыз», «Өзіңді анықтай білу дегеніміз не?», «Қажет етемін және керек», «Адамның бойындағы қасиеттердің бәрі жарасымды болуға тиіс» деген тақырыптар талқылауға ұсынылды. Кездесулер ұзаққа созылатын болды. Олар ашық сырласу, жүрек тебірентерлік жағдайда өтті.

Жастардың әртүрлі топтарының талап-тілектерін барынша толық қанағаттандыруға, олардың ой-өрісін, творчестволық қабілеттерін дамытуға ықпал етуге ұмтылу жатақханаларда әуесқойлық бірлестіктер мен клубтардың құрылуына жағдай жасады. «Молодежный» клубы танымал болды. Ол адамдардың бір-бірімен араласуына көмектеседі. Еркін жағдай әртүрлі мәселелер бойынша пікір алмасу тудырады. Мәдениет сарайы мәдени-бұқаралық жұмыс секторының меңгерушісі А. А. Туранская клубты басқарады. Клуб мүшелері үшін Медеуге, Қапшағай және «Горная сказка» демалыс аймақтарына саяхаттар ұйымдастырылды.

Соңғы уақытта жатақханаларда дискотекалар барған сайын кеңінен таралып келеді. Мұнда жастар белгілі әншілердің творчествосымен, қазіргі эстрадалық музыканың бағыттарымен танысады. Демек дискотекалар музыкалық талғамды қалыптастыруға белсендірек ықпал етуі үшін осы бағыттағы жұмысты жетілдіре түсу қажет.

Әрбір жатақхана коллективі Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына арналған Бүкілодақтық байқауға қатысуда. Конкурс программалары жанрлардың әртүрлілігімен, жақсы орындаушылықпен ерекшеленеді. Концерттерде көркем творчестволық бұқаралылығы айқын көрінеді. Оны әзірлеуге Мәдениет сарайының қызметкерлері үлкен көмек көрсетуде, онда жастар әртүрлі үйірмелерге, халық балет театрына (жетекшісі — Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Н. В. Викентьева), халықтар биінің халық ансамбліне (жетекшісі — Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Д. С. Арсентьев), әртүрлі үйірмелерге қатысады. Б. Ысқақов басқаратын қазақтың халық аспаптар ансамблінің құрылғанына қазірдің өзінде бірнеше жыл болды. Жастардың мұндай шараларға қатысуы олардың көркемдік талғамын дамытуларына, бос уақыттарын пайдалы өткізуіне, рухани жағынан толысуына көмектеседі.

Р. Иткинина, К Конкарев, Н. Төлегенов, Л. Уәлинова және басқалар комбинат еңбеккерлеріне, қамқорлықтағы әскер бөлімдерінің жауынгерлеріне, қаламыздың қонақтарына арналған концерттерге жиі қатынасып, өнер көрсетеді.

Әрбір құрылысшы үшін дене шынықтырумен және спортпен айналысуды табиғи қажетке айналдыру үшін комсомол, кәсіподақ комитеттері көп жұмыс істеді. Бұл тұрғыдан тұрғылықты жер бойынша да көптеген жұмыс жүргізілуде. Қоғамдық негізде құрылған барлық секцияларды әдетте комбинаттың жетекші спортшылары басқарады. Олар — ауыр атлетика, волейбол, бокс, футбол, теннис, шахмат-дойбы секциялары. Жыл сайын спорт мерекелері, жазғы және қысқы шағын олимпиадалар өткізіліп тұрады.

Комсомол комитеті Ұлы Отан соғысына қатысқан Л. Г. Косенко басқаратын ДОСААФ бастауыш ұйымымен бірлесіп комбинатта өткізетін бұқаралық-қорғаныс жұмысы соңғы уақытта жақсара түсті. Жатақханалар жастары қамқорлықтағы № 9 және № 65 мектептер оқушыларымен бірге спорттың қолданбалы түрлері мен эстафеталар жарыстарына қатысады.

Комбинат жігіттері мен қыздары Совет жастары күніне арналған сенбілікке қатысты. Тапқан ақша жастар мен студенттердің Москвада өтетін халықаралық фестивалінің қорына аударылды. Балаларды қорғау күні бөбекжай жас үй құрылысшыларынан шағын кітапхана алды.

Жатақханалардағы тұрмыстық, оқу және демалыс жағдайлары көбінесе тәрбиешілерге байланысты. Бізде А. Сүлейменова, Н. В. Васильева, А. Теменева, Б. Әдібаева сияқты жігерлі, инициативалы адамдар жұмыс істейді. Олар өз тарапынан активистердің көмегіне сүйенеді. Жастар үйлерінің тұрғындары М. Ақпанбаева, Р. Мусинова, К. Нұрқасымова, М. Аралов, Э. Усинова және басқалар жатақханаларда көлемді қоғамдық жұмыс жүргізеді.

К. У. Черненко жолдас комсомол ұйымдары секретарьларының Бүкілармиялық кеңесінде былай деді: «...таяудағы бесжылдыққа және келесі ғасырдың басына дейінгі кезеңге арнап жоспар жасағанда, біз нақ осы қазіргі жастарымыздың шебер қолына, ұшқыр ақыл-ойына, еңбек ожданына едәуір дәрежеде үміт артамыз». К. У. Черненко жолдастың сөзі комсомол ұйымдарында оқылды.

Комбинаттағы қызметкерлердің 50 проценті — 30 жасқа жетпеген адамдар. Алматы үй құрылысы комбинатының еңбеккерлері жыл сайын 63 миллион сомның дерлік құрылыс-монтаж жұмыстарын атқарады, 390 мың шаршы метр тұрғын үй, оның үстіне ондаған мектеп пен бала бақша тапсырады. Кәсіпорын коллективі мемлекеттік жоспар мен социалистік міндеттемені тиянақты орындайды. Мұнда да жастар үлесі үлкен. Жыл сайын таңдаулы 80-ге жуық комсомолеціміз КПСС қатарына өтеді.

М. ДАБЫЛОВ,
Алматы үй құрылысы комбинаты кәсіподақ комитетінің председателі.

Digitized by Google



Тәлімгерлік дамытылып, жетілдірілсін, жастардың бойында еңбекке деген сүйіспеншілік, салдыр-салақтыққа, қырсыздыққа, масқүнемдік пен бойкүйездікке ымырасыздық сезімі тәрбиеленсін.

ҚПСС Орталық Комитетінің «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы» қаулысынан.

КӘСІПКЕ БАУРАЙЫҚ

В. АФАНАСЬЕВ,

Орал локомотив депосының слесары,
Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген жастар ұстазы

Мен депоға қырық жылдан астам уақыт бұрын, Саратов қолөнер училищесін бітіргеннен кейін келдім. Сол уақыттан бері менің бүкіл өмірім Орал локомотив депосымен тығыз байланысты.

Менің барлық құрбыларым сияқты соғысқа қатыстым. Ленинград блокадасының басынан аяғына дейін Ораниенбаум плацдармында болдым, талай рет «тіл әкелу» үшін барлауға шықтым. Осы жерден біз фашистерге қарсы шабуылға аттандық.

1947 жылы әскер қатарынан оралдым — сөйтіп өзіміздің депоға қайта келдім. Мұнда электрик, бригадир, мастер болып істедім. Мені кәсіподақ комитетінің председателі етіп сайлады.

КПСС Орталық Комитетінің «Совет халқының 1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығы туралы» қаулысы маған соғыс және еңбек ардагері ретінде атаулы датаға өзірлік күндерінде жастардың еңбек және саяси белсенділігін одан әрі арттыруға бұрынғыдан да көбірек көңіл бөлуге бағыт-бағдар береді.

Қалалық кәсіптік-техникалық училище, мектеп оқушыларымен кездесулерде соғыстан кейінгі жылдарды, бірге еңбек еткен адамдарды жиі еске аламын және жұмысшының біздің елімізде ғана білімді маман, өндіріс командирі бола алатынын үнемі атап өтемін. Және оған мысалдар да аз емес. И. Андреев депоға жасөспірім кезінде келді. Институтты сырттай оқып бітірді, инженер болды. Қазір ол депоның партия ұйымын басқарады. Цехта менімен бірге Михаил Трухачев жұмыс істеді. Қазір ол — инженер-технолог. Валерий Саратовцев те жұмысшыдан инженерге дейін өсті.

Менен мастер қызметін атқарып жүріп, жас жеткіншектерді даярлау үшін слесарь болып ауысуға қалай ұйғарғаным туралы жиі сұрайды.

Ашығын айтайын: мұндай тілек бірден туындаған жоқ, ол біртіндеп пайда бола бастады және жақын адамдарым үшін де күтпеген оқиға емес еді. Бұдан бірнеше жыл бұрын мен слесарьлар бригадасын басқардым, базалық кәсіптік-техникалық училищеміз топтарының бірін қамқорлыққа алу туралы шарт жасастық.

Олар оқулары аяқталғанша біздің қамқорлығымызда болды. Мамандыққа бауырау үшін олармен таңдаулы слесарьлар конкурстарын өткіздік, кейін сайыс қорытындыларын да бірге шығардық. Көптеген балалар бізде практикадан өтті.

Жастарға қамқорлық жасау жұмыстарын атқарған жылдар ішінде мен болашақ жұмысшылардың өмірлік тәжірибесі бар өндіріс ардагерлерінің тұрақты қолдауын қандай қажет ететінін сезіндім. Сондықтан да мен өзімнің кәсіптік шеберлігімді, жұмысшы дәстүрлеріне деген өз көзқарасымды жастармен алмасқым келді. Біз коллектив рухы деп атайтын ахуалды жастар неғұрлым ертерек сезінсе, бұл олардың қалыптасуы үшін солғұрлым пайдалы екенін білемін.

Бұл үшін ең алдымен не керек? Үлкендердің, оларды тәрбиелеушілердің үлгі-өнегесі керек деп ойлаймын. Алексей Стаханов «іспен үгіттеу» деген сөзді жиі қолданған, бұл жерде сөз емес, ең алдымен ісі, мінез-құлық, адам позициясы, оның иланымы бәрінен жақсы айтатынын ескеріп отыр.

Мысал келтірейін. Менімен бірге Юра Глушко жұмыс істеді. Бірде мен оған поезд тораптарының оралымды байланыстарын тазалауды тапсырдым. Әп-сәтте Юра қасыма келді де: «Дайын!» деді.

Оның жасында бәрі де бос уақыт табу үшін істі тез орындауға тырысатынын түсінемін. Жұмысты тез істеу аз, оны өзіңе де, өзгелерге де ұнайтындай етіп жасау керек екенін түсіндірдім.

Юрийдің үлкендердің ақыл-кеңестерін тыңдап, өзінің де, өзгенің де еңбегін сыйлауды дағдыға айналдырып, ар-ождан мен жұмыс істей бастағанына ризамын. Қажет кезде мені алмастырады. Мен оған сенемін. Өткен шақта айтып отырған себебім сол, қазір Юрий Армия қатарында қызметін өтеуде.

Digitized by Google

Бұрын біздің цехта ауыр аппараттар—реверстерді жөндеу көдімгі столдарда жүргізілетін. Екі жүз килограмдық детальдардың асты-үстін қарап шығу үшін көмек сұрауға тура келетін. Бірде маған реверстердің кез келген жаққа айналып тұруы үшін, оларды верстакқа «отырғызу» керек деген ой келді. Осы идея туралы балалармен ақылдастым. Менімен бірге көпшілігінің оны байқап көргілері келді. Реверстерді қолмен көтермеу үшін цехта көтергіш орнаттық. Егер біз бұрын жөндеу жұмысына 60 сағат жұмсасақ, қазір оны екі есе тез атқарамыз. Түптеп келгенде осы ұсынысты енгізу жылдық жоспарларды өте тез аяқтауға ықпал етті, біз осы жоспарды бірнеше жылдан бері мерзімінен бұрын орындап келеміз.

Тәлімгерлік жұмыста бәрі бірдей ойдағыдай бола бермейтіні белгілі. Менің тәрбиеленушілерімнің де тәртіп бұзатын кездері болады. Сол кезде жасөспірімдердің жекелеген ерекшеліктері мен іс-әрекетінің мәніне қарай шаралар қолданылады. Тұтасынан мен өз шәкірттеріме ризамын. Виктор Зеленковпен және Володя Коноплямен көп жылдан бері достық қарым-қатынастамыз. Армия қатарында борышын өтеп жүрген өзімнің бұрынғы шәкірттерім Юрий Глушкодан, Александр Боровицкийден, Виктор Чурановтан, Сергей Дубовойлардан көптеген хат алып тұрамын.

Ал қазір менің қасымда білікті жұмысшы қатарына қосылатын жаңа балалар — Виктор Парфенов, Владимир Кавера, Николай Молоданов бар. Өзімнің оларға қажет екенімді сезінемін және мұны мақтаныш етемін.

Жазып алған В. МОНАРШЕНКО.
Орал қаласы.

Әңгімелерде айтыңыз

Жұмыссыздық жөніндегі жәрдеммен қалай тіршілік етуге болады

Жұмыссыздық — капиталистік елдердегі еңбекшілер трагедиясы. Әсіресе, кешегі мектеп оқушылары мен жас мамандардың өмірден өз орындарын табуы қиынға түсуде. «Сен жас болғандықтан жұмысты Америкада жүрттың ең соңынан табасың, егер сен жас, оның үстіне негр болсаң, жұмыс мүлдем табылмайды», — деп жазады Е. Кавелина «Комсомольская правданың» апталық қосымшасы — «Собеседникте» жарияланған «Үзіліссіз трагедия» деген мақаласында (№ 16, июнь, 1984 ж.) жастарға нәсілшілдік, жастық және бизнес дүниесіндегі басқа да кедергілер бегет болып отырған шарасыз жан-дүниенің қайғы-қасіреттері мен материалдық ауыртпалықтары туралы.

Жұмыссыздарға, буржуазиялық насихат бүкіл дүние жүзіне үсті-үстіне қайталап отырғанындай, жәрдем төленеді, сондықтан да тоғығатындай ештеңе жоқ. Бірақ шын мәнінде осылай ма! «Жұмыссыздық жөніндегі жәрдеммен қалай тіршілік етуге болады» деген сұраққа АПН-ның Лондондағы тілшісі Сергей Воловец біз төменде жариялап отырған («Собеседниктің» сол номерін қараңыз) нақты цифрлармен жауап береді.

Адам жұмысынан айрылды. Осы бір бақытсыздықтың анағұрлым «жеңіл» оқиғасын алайық: үйленбеген, оның балалары жоқ, жергілікті қалалық советтің әлеуметтік көмек қаржысынан төленетін өз бөлмесі бар. Осындай «бақытылар» Ұлыбританияның төрт миллиондық жұмыссыздар армиясының тым аз бөлігін құрайды. Бұл жағдайда жұмыссыз адам аптасына 26 фунт стерлинг мөлшерінде (ресми бағыт бойынша ағылшындық 100 фунт — бұл 112 сом) жұмыссыздық жөнінен жәрдем алады. Осы қаражаттың қандай дәрежеде өмір сүруге мүмкіндік беретінін қарастырып көрейік.

Көшеде күніне екі рет тамақтану үшін (нан мен екі-үш сосиска және бір кесе кофе) 2 фунт, немесе аптасына 14 фунт қажет. Күніне бір қораптай сигарет шегетін темекішіге бұл аптасына 7 фунтқа түседі.

Газет сатып алу үшін (және жұмыс туралы хабарландыруларды оқу үшін) аптасына 1 фунт 20 пенс қажет. Осы хабарландырулар бойынша автоматтан телефон соғу — яғни, аптасына кемінде 3 фунт жұмсау деген сөз (телефон арендасы айына 20—30 фунт тұрады.

Демек бюджет баяғыда-ақ шамадан асып кетті. Үнемдеп көруге болады. Темекі шекпеуге немесе, мәселен, тамақты үйде әзірлеуге болады. Бағасын анықтап көрейік: 1 килограмм ет (арзаны) — 4 фунт; 0,5 килограмм май — 2,5 фунт; 250 грамм ірімшік — 1,5 фунт; бір батон нан — 0,4 фунт; овощтар — бір аптаға (картоп, пияз, сәбіз т. б.) 4 фунт тұрады.

Бұл жерде, өзіміз көріп отырғандай, бюджет тағы да қыруар асып кетті.

Сатып алынатын ең арзан киімдер топтамасы: жейде — 5 фунт; шалбар — 8 фунт; бешпет — 20 фунт, ботинка — 15 фунт тұрады.

Апталық шығындарға мыналарды қосу қажет: қырынатын ұстара — 90 пенс; сабын — 30 пенс; тіс пастасы — 30 пенс; кір жуатын автомат — 1 фунт.

Ағылшын және американ медиктерінің зерттеулері осындай қаржымен ұзақ уақыт өмір сүрудің неге әкеп соқтыратынын көрсетеді: жылына 50 мың жұмыссыз адамның түрлі сырқаттардан мезгілсіз қайтыс болуын және психиатриялық клиникаларда 60 мыңнан астам рет болуын бейнелейді.

Digitized by Google

Халықаралық өмір мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін



«ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК»: ШЕКСІЗ УӘДЕЛЕР

«Әлеуметтік серіктестік»... Оның мағынасы мынаған саяды: жұмысшы табы мен «шаруашылық» (яғни ірі капиталистік кәсіпорын) серіктестер, демек ынтымақтастығы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, капитализм системасы ұшыраған дағдарысты дүмпулерді басуға тиісті серіктестер болып табылады-мыс деген ұғым туғызу.

Екі жақ бірдей, деп өзеурейді «әлеуметтік серіктестікті» уағыздаушылар, экономикалық өсім үшін құрбандықтар шалуға тиіс. Ақиқатында бұл әрдайым тым бір жақты болып шығады. Жұмысшылардан кәсіпкерлердің жоғары кіріс алуына (ол өндірісті ынталандырады-мыс) және жалақының төмен дәрежесінің сақталуына қарсы шықпауға («өз» капиталисінің бәсекелік қабілетінің мүддесі үшін) келісуді талап етеді. Оның есесіне «серіктестік» еңбекшілердің қажетті өмірлік мүдделерін ішінара қанағаттандыруға жол береді-міс.

ЗЕРДЕДЕГІ ТҮЙІН

Германия Федеративтік Республикасының, Ұлыбританияның, Францияның, Австрияның, Швецияның, Швейцарияның және басқа да дамыған капиталистік елдердің монополистік топтары да, сондай-ақ еңбекшілері де түрлі формадағы «әлеуметтік серіктестік» жүйесімен жақсы таныс. Оны қорғаушылар, ал олардың арасында буржуазиялық саясатшылар мен қазіргі социал-демократия делегаттары бар, қаншама мадақтау жырларын шырқады. Бойды билеген әрбір әуенді уағызды монополистік капитал жомарттықпен төледі.

Монополияларды осындай «құрбандықтарға» баруға не мәжбүр етеді? Буржуазия қасақана ұсынған «әлеуметтік серіктестіктің» танымалдығы немен түсіндіріледі? Және Батыстың бұқаралық информация құралдары неге оны ауыздарынан көбік аққанша қорғайды?

Осы сұрақтардың жауабы сондай жеңіл де емес. Оның дәлелді де көрнекі болуы үшін әңгімені оған тән бір көріністен бастаған жөн болар.

«Правданың» шетелдік тілшісі ретінде менің «әлеуметтік серіктестікпен» таныcуым академиялық та, сырттай да сипат ұстаған жоқ. Австриядағы «әлеуметтік серіктестік» туралы мақаламды жариялап, мен Батыста қозғауға болмайтын құмырсқаның илеуінің астын үстіне шығардым. Бұл шындық менің алдымнан барлық көрнекілігімен ашылды.

...Таңертең Венада тиражы бойынша ешбір басылым тең келмейтін көркемдігі шамалы «Кроен цайтунгты» қолыма алып, мен бірінші беттен «арам ниетті» мақаланың шыққаны туралы хабарлаған үлкен аншлагты оқыдым. Екінші бетте Австрияның аса көрнекті саяси қайраткерінің осыған байланысты ашулы интервьюі беріліпті. Екінші және үшінші күні де буржуазиялық баспасөз мақалада келтірілген әрбір факті даусыз болса да оның адресіне ызалы жебесін бұрқыратып жатты.

Біраз уақыттан соң Австрия телевизиясынан телефон соқты, «әлеуметтік серіктестік» туралы пікірталасқа шақырды. Шақыруды қабылдауға немесе қабылдамауға менің хақым бар еді. Менің оған қатысуыма бір жағдай себеп болды: пікірталасқа екі коммунист (Австрия телевизиясы үшін тым сирек оқиға) — Брунн шыны фабрикасы өндірістік советінің председателі Фридрих Яник пен «Фольксштимме» газеті редакторларының бірі Лутц Хольцинге жіберіліпті.

Кездесуді ұйымдастырушылар «әлеуметтік серіктестіктің» адвокаты ролін ойнауға аса тәжірибелі буржуазиялық саясатшылар мен социологтарды шақырыпты. Алайда олар дақ тұрғысына көтеріле алған жоқ және пікірталасқа қатысушы екі коммунистің қисынды логикасының қысымымен берілді. Ал телекамера алдындағы шайқастың «бейтарап» қатысушысы, Австрия жазушысы Христина Нестлингерге қелетін болсақ, ол «әлеуметтік серіктестікті» «консервативті ақау» деп үйлесімді анықтады, онда олардың біріне әдейі бағыныштылық ролі берілген.

РЕФОРМИЗМ ПЕРЗЕНТІ

«Әлеуметтік серіктестіктің» мәнін тереңірек ұғыну үшін реформалар және революциялар деген ұғымдарға көңіл аудару қажет. Олар бір-біріне қарама-қарсы. «...социалистік революцияға қарсы реформизм, — деп жазды В. И. Ленин,— қазіргі «алдыңғы қатарлы», білімді бур-

Digitized by Google

жуазының формуласы...» (Толық шығармалар жинағы, 20 том, 332 бет).

Қазіргі реформистердің әуені көне, бірақ оларды жоғары екпінмен айтады: социалистік революцияның қажеті тіпті де болмай қалды және капитализмнің социализмге эволюциялық ұласуының нақты мүмкіндігі пайда болды. Олар «халықтық капитализм», буржуазиялық демократияның таптық сипаттан арылғаны туралы тақырыпқа көбірек ойысады.

«Әлеуметтік серіктестіктің» австриялық моделі Батыста барынша дәріптелетін, ширек ғасыр бойы дерлік кеңінен тараған үлгі болып табылады. Оның механизмі қалай жұмыс істейді?

Австрияда парламентте қамтылған барлық үш партия — социалистік, халықтық және бостандық партиялары «әлеуметтік серіктестікті» айтады. Оны мемлекеттік-монополистік капитализм системасында екі негізгі тап: бір жағынан, кәсіпкерлер мен сауда-өнеркәсіп палатасының, екінші жағынан, жұмысшы палатасы мен австриялық кәсіподақтар бірлестіктерінің мүдделерін бейнелейтін жетекші ұйымдар жүргізеді.

Елде «әлеуметтік серіктестік» органдары буржуазияның зәресін ұшырып, жүздеген мың жұмысшылар мен қызметшілерді көшеге шығарған 1950 жылғы бұқаралық октябрь ереуілінен кейін құрыла бастады. Сол кезде заңды түрде рәсімделмеген бұл органдардың шешетін мәселелері бүкіл ел үшін өмірлік маңызды проблемалар болып табылса да осы күнге дейін «серіктестер» арасындағы келісімдер негізінде ғана жұмыс істейді. Паритетті комиссия ұсыныстарына сәйкес, мысалы, парламент, шын мәнінде баға, жалақы, баж салықтары, кредиттер, инвестиция саласындағы шешімдерді, бір сөзбен айтқанда, ұлттық өнімді таратудың барлық мәселелері бойынша ескі үлгіні қайталайды.

Паритетті комиссия істерінде бірінші роль атқаратын Австрияның сауда-өнеркәсіп палатасының председателі Рудольф Заллингермен болған әңгімені еске аламын. Австриялық капиталистердің орта бөйлы, етженді старейшинасы гимназиялық қайырымды мұғалімнің күлкісімен өзінің «серіктестері» туралы мақтанышпен пікір айтты. Олар, оның сөзіне қарағанда, уағдаластыққа деген парасатты ниеттерін білдіреді.

— Біздің серіктестік Австрияға күткен әлеуметтік дүниені беруде, — деді ол. — Жүйе жоғары конъюнктурада жақсырақ жұмыс істейді және дағдарыс кезеңінде іркіліс береді. Әрине, кәсіпкерлер, кейде өздерінің наразылықтарын білдіреді. Олар кәсіподақтар өте жоғары жалақы мен тым төмен бағаға қол жеткізуде деп сенеді. Дегенмен біз «әлеуметтік серіктестік» тұтқасымен айтарлықтай іс атқардық. Сыншылар жеткілікті болғанымен, одан жақсыны олар таба алмады...

КОММУНИСТЕР КӨЗҚАРАСЫ ТҰРҒЫСЫНАН

— ...Таптық! — Австрия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, шыны фабрикасы өндірістік советінің председателі Фридрих Яник осылай деп сеніммен айтты, біз онымен Венаға таяу шағын Брунн қаласында әңгімелестік.. — Егер Заллингер мырзаның айтқаны дұрыс болса, онда біздің совет еңбекшілердің правосын «әлеуметтік серіктестіктің» дәріптелген заңдарынсыз-ақ қорғай отырып, Австрияның басқа кәсіпорындарының жұмысшыларына қарағанда қалайша үлкен табыстарға қол жеткізді?

— Жалақыға да, пенсиялық қамтамасыз етуге де, еңбек демалыстарына, ақы төлеу тәртібіне де, — деп түгендеп шықты Яник, — совет талаптарының бәріне қожайындардың лажсыздан келісуіне тура келді. Әкімшіліктер «Кәсіподақ басшыларына барыңыздар, мұндай мәселелерді фабрикада емес, жоғары саясаттшылар дәрежесінде — паритетті комиссияда шешу қажет» деп талай рет жалтаруға әрекеттенді.

Брунн шыны фабрикасы иелерінің даужанжал жағдайында «кәсіподақ басшыларына барыңыздар» деп әрекеттенуінің астарына назар аударыңыздар. Дегенмен кәсіпорынның кәсіподақ ұйымдары мен өндірістік советтері «әлеуметтік серіктестік» мәжбүр етіп отырған «ойын ережелері» шеңберінде қандай да бір шешуші дауысқа ие бола алады? Бағалар, айталық, үнемі және үздіксіз өсіп келеді, ал еңбекшілердің жалақыны арттыру туралы қайсыбір талаптары көптеген сатылардан өтуге тиіс, тіпті содан кейін де оларды паритетті комиссия мәжілісі столының астына әдейі қарамай жылы жауып қоя алады.

— Бүкіл осы жүйенің мағынасы, — деді Саяси Бюро мүшесі, Австрия коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Эрвин Шарф таяудағы әңгімемізде — ең алдымен оның серіктестерді мемлекеттік-монополистік жүйеге шырмауында жатыр. Оларды картельдер мен тұтынушылар, мультимиллионерлер мен қатардағы пәтер жалдаушылар, жер алпауыттары мен шаруалар, кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасында «баршаның пайдасы үшін» келісушіліктің, қайсыбір біріктіруші мүдделері мен мүмкіндіктері бар деген сияқты өтірікті таратуға бірге қатысуға міндеттейді.

Австрия компартиясының программасында «әлеуметтік серіктестікке» әділ баға берілген. Капиталмен «серіктестіктің» негізгі принципі, — делінген бұл документте, — бұқараның қайсыбір белсенділігін басып-жаншу, төбетоптың сөзбайласуының кепілді мүмкіндігі».

Digitized by Google

Швейцария еңбек партиясы да «әлеуметтік серіктестікке» осылай принципті баға береді. «Біз, — делінген Швейцария еңбек партиясы X съезінің шешімдерінде,.. — «қатысуды» қара бастың қамы ретінде қарайтын реформистік концепцияны әшкерелеуге тиіспіз... Біз оған өз концепциямызды: кәсіпорында жеңіп алған жаңа праволарды таптық күресті тереңдету құралы ретінде қарсы қоюға тиіспіз».

СОЛҚЫЛДАҚ ТАЯНЫШ

Түрлі елдердегі мемлекеттік-монополистік капитал, кәсіпкерлер серіктестіктің өздеріне, «өз үйіне арналған» модельдеріне тоқталады.

Батысгерманиялық модель ең алдымен мына себептен дәріптелді: оның шеңберінде «халықтық капитализм» барынша жарнамаланды. Германия Федеративтік Республикасының еңбекшілері капиталистік меншікке негізінен «халықтық акциялардың» көмегімен тартылды.

«Әлеуметтік серіктестік» саясатындағы бұл бағыт тіпті де жаңалық емес. В. И. Ленинің өзі еңбекшілер арасындағы меншікті жою саясатында «демократияландыруды» емес, капиталды барынша орталықтандыруды қараған еді. «Халықтық акциялар» тағдыры лениндік пікірдің тура дәлелі болып табылады. Оның қандай болғанын Германияның жұмыс берушілер Одағының бұрынғы председателі Х. М. Шляйердің «Әлеуметтік модель» кітабының беттерінде жасаған мойындауынан бағалауға болады: «Бүгінде осы бағалы қағаздардың (халықтық акциялар — И. М.) үлкен бөлігі жеке меншік иелері мен биржашылардың қолына қайта түсті».

Соғыстан кейінгі уақытта «қатысу» жүйесін жасау саласында Ұлыбританияның жетекші саяси партиялары — лейбористік, либералдық және тіпті консервативтік партиялар көп нәрсеге үлгерді. Либералдар, мысалы, программа қабылдады, онда өндірістік советтердің құрылуы мен акциялардың жинақталуы арқасында жұмысшылар «кәсіпорынның ортақ иелеріне» айнала бастады деп маңызды түрде қуаттады. Ал шындығында, капиталмен «серіктестік» ағылшын еңбекшілеріне не береді — биылғы көктемде Британ аралдарында белең алған шахтерлердің жалпы ұлттық ереуілі осы жайлы жақсы әңгімелейді.

Шведтік мысал «әлеуметтік серіктестіктің», «төменде» тұрған қатысушыларын тағы да шұбәланып қарауға бейімдейді. 1977 жылдың январынан қолданылған «бірге қатысу туралы заң» (яғни жұмысшылар мен қызметшілердің кәсіпорын істеріне ықпал жасау правосы туралы) еңбекшілер үмітін ақтамады.

1983 жылдың соңында Швецияның

Анықтама бөлімі

СЕНТЯБРЬ АЙЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР

1 — **Халықаралық бейбітшілік күні**

2 — **Бүкілхалықтық мереке — білім күні.**

2 — **Мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күні.**

3 — Француз және халықаралық социалистік қозғалыс қайраткері Жан Жорестің туғанына 125 жыл (1859—1914).

4 — 90 жыл бұрын, 1984 жылдың июнь-сентябрінде В. И. Ленинің «Халықтар достары деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегі жасырын түрде жекелеген басылымдармен жарияланды.

6 — Бельгия және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері Жюльен Ляонның туғанына 100 жыл (1884—1950).

8 — Журналистердің халықаралық ынтымақ күні.

9 — **Танкшілер күні**

— 1948 — Корей Халық-Демократиялық Республикасы жарияланды.

— Болгариядағы социалистік революцияға 40 жыл (1944). Бостандық күні— болгар халқының ұлттық мерекесі.

15 — 1946 — Болгария Халық Республикасы болып жарияланды.

16 — **Орман қызметкерлерінің күні.**

22 — Таллин қаласының неміс-фашист басқыншыларынан азат етілгеніне 40 жыл (1944).

24 — 1911 — КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко туды.

— 1970 — Советтік «Луна—16» автоматты станциясының Жерге қайтып оралатын аппаратының көмегімен космос кеңістігін игеру тарихында тұңғыш рет Жерге Ай топырағы жеткізілді.

27 — Бүкіл дүниежүзілік туризм күні.

28 — Гватемала еңбек партиясының құрылғанына 35 жыл (1949), 1952 жылға дейін — Гватемала Коммунистік партиясы.

— Бұдан 120 жыл бұрын (1864) Лондонда Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі (I Интернационал) құрылды.

29 — Совет жазушысы Н. А. Островскийдің туғанына 80 жыл (1904—1936).

30 — **Машина жасаушының күні.**

Digitized by Google

социал-демократиялық үкіметі «еңбекшілер қорлары» деп аталатынды құру туралы шешімді риксдаг (парламент) арқылы өткізді. Кәсіпорынның валюта биржаларындағы үстеме пайдасынан қаржы бөлу және кәсіпкерлердің пенсия қорына бөлетін жанрларын 0,2 процент ұлғайту есебінен осы қорды жасау жүзеге асырылады. Осындай жолмен алынатын қаржыларды кәсіпорын акцияларын алуға жұмсау белгіленуде.

1990 жылы аяқталуға тиісті осы науқанда көптеген түсініксіз жәйттер бар.

Бір ғана нәрсе айқын: швед социал-демократтарының қадамы, одан экономиканы национализациялау әрекетін байқаушы буржуазиялық партиялардың наразылығын тудырса да, ол капиталистік экономика қондырмаларына қатер төндірмейді.

«Әлеуметтік серіктестік» қолданылатын жердің бәрінде ол жаппай жұмыссыздықты қысқарту туралы мәселені шешуге өзінің дәрменсіз екенін көрсетті. Толық жұмыссыздардың саны 35 миллион адамға жетті, мұның өзі 1929—1933 жылдардағы «ұлы дағдарыс» кезіндегіден 11 миллион адамға көп, — индустриалдық жағынан дамыған капиталистік елдер қазір осындай ауыр жүкті арқалап отыр.

«Әлеуметтік серіктестік» жүйесінің мәніне неғұрлым терең үңілген сайын жалаңаш король туралы андерсендік ертегі солғұрлым жиі еске түседі. Өмірдің өзі серіктестіктің идеологиясы мен практикасының бейшаралығын айқын көрсете отырып, өтіріктің пердесін ысырып тастайды. «Әлеуметтік серіктестіктің» шын мәніндегі шешімдері алдынала белгіленген және аса қуатты кәсіпкерлер, сауда-өнеркәсіп палаталарының функционерлері, кәсіподақтардың ат төбеліндей реформистік тобы мен үкімет өкілдері еңбекшілерге оны таңды.

Коммунистер, жұмысшы табының авангарды «әлеуметтік серіктестік» күйреуге тиіс екеніне көміл сенеді. Ол, В. И. Ленин атап көрсеткеніндей, «алдау, жарамсақтану, сылдыр сөз, миллиондаған уәде беру, тиын-тебенді садақа ету, маңызсыз нәрседен жеңілдіктер беріп, маңыздыларын сақтап қалу тәсілінен басқа ештеңе емес» (31 том. 173 бет). Ал алдамшылықтың солқылдақ таянышында ұзақ тұра алмайсың.

И. МЕЛЬНИКОВ.

«ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ» — «АГИТАТОР КАЗАХСТАНА» ЖУРНАЛЫНА

1985 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ӨТУДЕ

Журнал қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады. Оның бір данасының бағасы 15 тиын тұрады. Бір жылға жазылу бағасы 3 сом 60 тиын.

Барлық байланыс бөлімшелерінде, құрылыстардағы, кәсіпорындардағы, совхоздар мен колхоздардағы, мекемелер мен оқу орындарындағы қоғамдық баспасөз таратушылар арқылы журналға жазылуға болады. Журналдың почта индексі — 75826.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-07, 33-80-56.

33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕКЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Р. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. ЖУРСІМӘМБЕТОВА.
Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.

Сдано в набор 11:07:84. Подп. к печати 26.07.84. УГ01261, Формат 70×108¹/₁₆. Печ. листов (усл) 2. Уч.-изд. л. 3,52. Печать высокая. Тираж 65132. (казахское издание — 33153. экз: русское издание — 31979. экз:). Заказ 123. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google



нан болса, ән де болады

Digitized by Google



Казақстан үгітшісі

16
4 1984
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google



Целиноград облысы. Вишнев ауданы «Ижев» совхозының бригадирі, алғашқы тың игеруші Иван Алексеевич Трененковқа жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді орындауда қол жеткен орасан зор жетістіктері үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Атақты диқан дақылдар өсіру жөніндегі ең озық агрономиялық тәсілдерді қолданады, жастардың тәжірибелі тәлімгері болып табылады. Журналдың осы номерінен оның мақаласын оқисыздар.

Суретті түсірген **А. Павский, М. Венгловский** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

16

АВГУСТ

1984

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

КПСС XXVI СЪЕЗІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ТОЛЫҚ ОРЫНДАЙМЫЗ

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі», № 16.

НОМЕРДЕ:

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде. «Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына — 40 екпінді еңбек айтасы» ұранымен социалистік жарыс өрістету жөніндегі республиканың озық коллективтерінің инициативасы туралы 2
Халық ерлігі мәңгі жасайды 4
В. Костров. Инициатива — табыс кілті . . 6

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

И. Трененков. Мерекелі жылғы орақ . . 9
Әр колхозшы мүдделі 12

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

А. Қасымжанов. Бағалы еңбек 14

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Жигулин. Міндеттеме жолдарынан . . 16
В. Васильев. Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде 18
Ә. Исабеков. Орман — бүкілхалықтық байлық 19

БІЗ ТҰРАТЫН ЖЕРДЕ

Ю. Семыкин. Үйдегі ұқыптылық 22

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Басты тұлға — мұғалім 24

КӨРНЕКІ ҮГІТ

А. Шыңбаев. Тиімді экономика жолында . . 27

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Линник. Әскери бизнес агенті 30

Digitized by Google

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

«СОВЕТ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ӨТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСІНІҢ 40 ЖЫЛДЫҒЫНА — 40 ЕКПІНДІ ЕҢБЕК АПТАСЫ» ҰРАНЫМЕН СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС ӨРІСТЕТУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАНЫҢ ОЗЫҚ КОЛЛЕКТИВТЕРІНІҢ ИНИЦИАТИВАСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті былай деп атап өтеді: «Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына — 40 екпінді еңбек аптасы» ұранымен социалистік жарыс өрістету жөніндегі Москва қаласы еңбекшілерінің патриоттық бастамасы республика кәсіпорындарында кеңінен таралуда. Қол жеткен табыстарды баянды етіп, еселей түсуге ұмтыла отырып, көптеген еңбек коллективтері он бірінші бесжылдықты мерзімінен бұрын аяқтау және өндіріс тиімділігін одан әрі арттыру жөнінде жаңа, неғұрлым қауырт міндеттемелер қабылдады.

КПСС XXV съезі атындағы Өскемен конденсатор заводының коллективі ішкі шаруашылық резервтерді жұмылдыру, прогресті технология мен еңбектің бригадалық формаларын кеңінен енгізу, жұмыс уақытын ұтымды пайдалану есебінен Жеңіс күніне бесжылдықтың аяқ шеніне жоспарланған еңбек өнімділігі дәрежесіне жетуге міндеттенді. Экономикалық эксперимент жағдайында жұмыс істей отырып, шартты міндеттемелер бойынша өнім беруді дер кезінде және толық көлемінде қамтамасыз етуге, өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырманы асыра орындауға, едәуір мөлшерде металл, электр және жылу энергиясын үнемдеуге, сондай-ақ сым орау бөлімін қайта құруға және 12 станокты жаңғыртуға міндеттенді, мұның өзі жұмыс істей отырып қуаттармен қағазпленкалы конденсаторлар шығаруды 2,5 есе ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жамбыл суперфосфат заводының еңбекшілері 10 декабрьге бесжылдықтың төрт жылының тапсырмасын аяқтауға, еңбек өнімділігі жөніндегі жоспарды 4 процент асыра орындауға және өнімнің өзіндік құнын 0,7 процент кемітуге ұйғарды. Жеңіс мерекесіне дейін қосымша 5,5 мың тонна минералдық тыңайтқыштар шығарып, оларды ауыл шаруашылығына берудің жартыжылдық программасын қамтамасыз етуге міндеттенді.

«В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігі коллективінің социалистік міндеттемесінде еңбек өнімділігі жөніндегі тапсырманы бір процент асыра орындау, өнімнің өзіндік құнын 0,5 процент кеміту көзделген. 1200-ден астам жұмысшылар, 10 бригада өздерінің бесжылдығын 1985 жылғы 9 майға орындап шығады.

Қостанайдың «Большевичка» тігін фабрикасының коллективі үстіміздегі жылдың және 1985 жылдың төрт айының жоспарын мерзімінен бұрын орындайды, 300 жұмысшы әйел, немесе әрбір бесінші жұмысшы Жеңіс юбилейіне дейін жеке бесжылдық шептеріне жетеді.

Сондай-ақ В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш және Лисаковск кен-байыту комбинаттарының, «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының, «Целиноградсельмаш» және «Қызылту» өндірістік бірлестіктерінің, Алматы төмен кернеулі аппаратура заводының, Қарағандының «Киров» шахтасының, Жамбыл ГРЭС-інің коллективтері Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығын лайықты қарсы алу жөнінде көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті москвалықтардың бастамасы бойынша «Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына — 40 екпінді еңбек аптасы» ұранымен социалистік жарыс өрістеткен КПСС XXV съезі атындағы Өскемен конденсатор және Жамбыл суперфосфат заводтарының, «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінің, Қостанайдың «Большевичка» тігін фабрикасының, В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының, «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының және республиканың басқа да озық кәсіпорындары еңбек коллективтерінің патриоттық инициативасын мақұлдады.

Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары, совет және кәсіподақ орган-

Digitized by Google

дары, республика министрліктері мен ведомстволары он бірінші бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындау және өндіріс тиімділігін одан әрі арттыру үшін зор халық шаруашылық маңызы бар осы қозғалыс инициаторларының барлық жерде қолдау табуын қамтамасыз етуге міндетті. Ішкі резервтерді барынша толық пайдалануға, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруға, материал және еңбек ресурстарын ұтымды пайдалануға, әрбір жұмыс орнында тәртіп пен ұйымшылдықты нығайтуға еңбекшілерді жұмылдыру жөніндегі ұйымдастырушылық және бұқаралық-саяси жұмыс кеңінен өрістетілсін.

Республикалық және облыстық газеттердің редакциялары, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, ҚазТАГ Жеңістің 40 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыстың барысын жүйелі түрде жазып отыруға, таңдаулы коллективтер мен өндіріс озаттарының тәжірибесін белсендірек насихаттауға, олардың қабылданған міндеттемелерді орындау жөніндегі жұмыс жолдары мен формаларын тереңірек ашып көрсетуге тиіс.

Жеңістің 40 жылдығына — 40 екпінді апта



Алматы. Старшина Григорий Жидков Ұлы Отан соғысының шайқас алаңдары арқылы мыңдаған километр жол жүрді. Үшінші дәрежелі Даңқ орденімен және жауынгерлік медальдармен наградталды. Енді міне, Октябрьдің XX жылдығы атындағы Алматы станок жасау заводында 35 жыл еңбек етуде. Ұста-дайындама цехының ол басқаратын комплексті бригадасы өндірістік тапсырмаларды ай сайын 115—120 процент орындайды.

Суретте: Г. И. Жидков өз шәкірттері — электрмен дәнекерлеушілер: туысқаны Виктор Жидковпен, Евгений Литвиновпен және ұлы Анатолиймен бірге тұр.

Суретті түсіргендер **И. Беккер** және **М. Чумин** (ҚазТАГ).

Шевченко. «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы бірінші цехының № 1 комсомол-жастар бригадасы Совет Одағының Батыры Әлия Молдағұлованы бригада мүшелерінің тізіміне енгізуге ұйғарды. Юбилейлік вахта кезінде тапқан ақшаны Советтік бейбітшілік қорына аударады.

Ж. Әлімбаев пен О. Еңсегенов басқаратын осы бригада Қаламқас қойнауында екі жыл бойы «Жұмыс істеушілердің аз санымен объектілерді көбірек қамтиық» деген ұранмен еңбек етуде. Мұнай мен газ өндірудің ішкі резервтерін пайдалану есебінен 24 адамның орнына 19 адам тапсырманы атқарады. Бірінші жарты жылдықтың жоспары 105,8 процент орындалды.

Жамбыл. Жамбыл суперфосфат заводында партия-шаруашылық активінің жиналысы өтті, онда москвалықтардың инициативасы қосталды. Еңбекшілер Жеңіс юбилейін лайықты қарсы алу жөнінен коллективтік және жекелеген көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады. Мысалы, сульфатты ұнтақты кептіру аппаратшысы Р. Гашенко жабдықтардың бос айналымын және аз жүктеліммен жұмыс істеуін жою есебінен 30 тонна мазут пен 5 мың киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеуді ұйғарды. № 1 жемшөптік обесфторлы фосфат цехының коллективі алдағы он ай ішінде жоспардан тыс 1360 тонна трикалийфосфат өндіруге, өнімнің өзіндік құнын 0,8 процент кемітуге, еңбек өнімділігін 2,4 процент арттыруға сөз берді.

Завод коллективі 1984 жылдың тапсырмасын 10 декабрьге дейін орындауды, жоспардан тыс 3 миллион сомның өнімін шығаруды, өнімнің өзіндік құнын қосымша 0,7 процент кемітуді ұйғарды. Жеңістің 40 жылдығына дейін жоспардан тыс 1000 тонна минералдық тыңайтқыш шығарып, Октябрьдің 68 жылдығына дейін өнім өндіру жөнінен бесжылдық жоспарды аяқтау белгіленді.

Семей. Жолаушылар транспорты автомобиль басқармасының партия комитеті еңбекшілерді тәрбиелеуде Жеңістің 40 жылдығына әзірлікті белсенді түрде пайдалануда. Тақырыптық көрнекі үгіт безендірілген. Соғыс жылдарының батырларына, оның атаулы оқиғалары мен

Digitized by Google

аса маңызды операцияларына арналған екпінді апталар ұйымдастырылды. Жоспарда батырларды еске түсіру күндері және соғыс ардагерлерімен кездесулер көзделген. № 1 такси паркінде бұрынғы майдангерлердің қатысуымен «Алау» өткізілді.

Целиноград. Облыстың 224 еңбек коллективі июнь айында сенбіліктерде тапқан қаржыларды, 136 мың сомнан астам сыйлықты Советтік бейбітшілік қорына аударды. Олардың арасында Бестөбе руднигінің, Комсомольск жөндеу-механика заводының, Казгипросельхозвод институтының, Тың темір жолы есептеу орталығының т. б. еңбекшілері бар.

Старый Колутон селосынан соғыс ардагерлері Бейбітшілік қорына 400 сом аударды. «18 лет Казахстана» колхозынан колхозшы И. Хилько өзінің үш мың сомнан астам ақшасын Бейбітшілік қорына берді.

ХАЛЫҚ ЕРЛІГІ МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

(Цифрлар мен фактілер)

1942 ЖЫЛ

12 февраль. «Казахстанская правда» Сокольный руднигінің бұрғышысы Василий Дементюктың бұрғылау жөнінен жаңа дүниежүзілік рекорд жасап, тапсырманы 4714 процент орындап, 1000 тонна руда шығарғаны туралы хабар жарияланды. Бұл туралы Совет информациялық бюросы 13 февральда хабарлады.

15 февраль. Республика комсомолжастарының жексенбілігі өтті. Жастар барлық тапқан қаржыны Қазақстан Комсомолы атындағы танк колоннасының құрылысына аударды.

19 февраль. Калинин облысының Сутоки селосында Алматы қаласының аудандық комсомол комитетінің бұрынғы секретары, политрук Рашид Жанғозин бастаған 16 гвардияшы-панфиловшы ерлік жасады. Батырлардың шағын тобы фашистердің назарын өздеріне аударып, сол арқылы өз батальонының алға жылжуын қамтамасыз етті. Он алты батырдың он үші қаза тапты, бірақ жауға берілмеді. Жауынгерлер Жанғозинді партия билетін қолына қысып жатқан күйі тауып алды.

23 февраль. Совет информациялық бюросы Қазақ ССР еңбекшілерінің Қызыл Армияның 24 жылдығына байланысты 125 вагон әртүрлі сыйлықты майданға жөнелткенін хабарлады. Алматы облысынан ғана 8000 килограмм балық, 5022 килограмм шошқа майы мен сары май, 2337 килограмм печенье, 10531 килограмм тәтті тоқаш, 12532 килограмм конфет, көптеген жеміс-жидек пен басқа да сыйлықтар жіберілді. Ойыл ауданындағы «Құрман» колхозының звено жетекшісі орденді Шығанақ Берсиев посылканың ішіне салынған хатта жауынгерлерге былай деп жазды: «Сіздерге колхоз учаскесінде тағы бір сый әзірлеп жатырмын. Өткен жылы менің звеном дүниежүзілік рекорд жасады — гектарына 155 центнерден тары алды. Қазір мен өз звеномнен үстіміздегі жылы гектарына 170 центнерден тары жинайтындай болып, көктемге әзірлендім. Гитлершіл бандиттерді аямай құртыңдар, ал біз тылда жанқиярлық еңбегімізбен сендердің жауды жеңіп шығуларына көмектесеміз».

25 февраль. Түрксибтің саяси бөлімі бөлімшелердің барлық саяси бөлімдеріне, негізгі партия комитеттерінің секретарлары мен әйелдер советтерінің председательдеріне Қызыл Армияның жүргізуші жауынгерлеріне күнделікті қамқорлық жасаушы Луговой станциясы әйелдерінің бастамасын қолдауға шақырған хат жолдады.

Февральдың соңы. Неміс-фашист оккупациясынан азап шеккен балаларды тәрбиелеуге алуға шақырған Алматы жұртшылығы әйелдерінің жалпы қалалық жиналысы болды.

1 март. Алматыда болған өнер қайраткерлері Л. Александровская, Л. Орлова, Б. Чирков, Н. Крючков, М. Ладынина, С. Эйзенштейн, Г. Александров, И. Пырьев және басқалар Қазақстанның барлық өнер қызметкерлерін материалдық көмек көрсетуге — эвакуацияланған балалардың пайдасына концерттер ұйымдастыруға шақырды.

11 март. Алматы мен Алматы селолық ауданы әйелдер активі қалалық жиналысының Советтік Қазақстанның барлық әйелдерін майданға аттанған әкелерінің, ағаларының және күйеулерінің орнын басып, екі адам үшін жұмыс істеуге шақырған Үндеуі жарияланды.

15 март. «Казахстанская правда» Сокольный руднигінің бұрғышысы Григорий Дворянщиковтың нормасын 3764 процент орындап, 960 тонна руда шығарғанын хабарлады.

16 март. Алматыда құрылған 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен Ленин орденімен наградталды.

27 март. Алматыда СССР Ғылым академиясының сессиясы ашылды.

10 апрель. СССР Халық Комиссарлары Советінің қаулысымен СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы президиумының председателі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа «Қазақ ССР-і Жезқазған ауданының кен қойнаула-

Жалғасы. Басы 7, 11, 12-ші сандарда.

Digitized by Google

ры» деген ғылыми еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлық берілді.

17 апрель. Алматы № 1 тігін фабрикасының жұмысшысы Валентина Новикова нормасын 836 процент, ал 29 майда — 1160 процент орындады.

26 апрель. «Казахстанская правда» СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен Қарағанды көмір бассейнінің 58 жұмысшысы, инженер-техник қызметкері, партия және шаруашылық басшылары ордендермен және медальдармен наградталғанын хабарлады. Наградталғандардың арасында № 20 шахтаның құлатушылар бригадирі Ғазиз Әбдірахманов — Ленин орденіне, № 3 -бис шахтасының құлатушысы Жәкен Мұқанова — Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды.

5 май. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің «Совет Одағының Батыры И. В. Панфиловты және 28 гвардияшы-панфиловшыларды мәңгі есте қалдыру туралы» қаулысы жарияланды.

7 май. Жаркент қаласы Панфилов қаласы болып аталды. Талдықорған облысының Қоғалы ауданы Гвардия ауданы болып аталды.

11 май. СССР Жоғарғы Советінің Президиумы еңбектегі, әсіресе, жаңа жерлерді игерудегі, егіс алаңдарын арттырудағы орасан зор табыстары үшін ауыл шаруашылығы озаттарын наградтау туралы Указ қабылдады. Қазақ ССР-інің солтүстік-шығыс облыстары бойынша 354 озат, олардың ішінде 19 адам — Ленин орденімен, 47 адам — Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

28 май. «Правда» Қазақстан колхоздарының қант қызылшасы мен мақта егуді аяқтағанын хабарлады. Республикада қызылша егісінің алаңы 1941 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық ұлғайды. Қорғаныс қорына жоспардан тыс 16 мың гектардан астам масақты дақылдар егілді.

— Ленинградты ерлікпен қорғаушыларға арналған сыйлықтар тиелген эшелонды апарушы делегация Алматыдан Ленинградқа аттанды.

Май. Қазақстан өнеркәсібі еңбеккерлерінің үлкен бір тобы, оның ішінде, Шығыс Қазақстанның бұрғышылары ордендермен және медальдармен наградталды. Мысалы, Ғ. Хайдин Ленин орденіне, А. Казакова — Еңбек Қызыл Ту орденіне, А. Давыдченко — «Құрмет Белгісі» орденіне ие болды.

2 июнь. «Правда» Қазақстан колхозшыларының қорғаныс қорына 20 мың гектар егін еккенін хабарлады.

6 июнь. СССР Ғылым академиясының Урал, Батыс Сібір және Қазақстан ресурстарын қорғаныс мақсатына жұмылдыру жөніндегі комиссиясының председателі, СССР Ғылым академиясының президенті, академик В. Л. Комаров Алматыға келіп, КазТАГ-тың тілшісіне Қазақстан ресурстарын қорғаныс қажеттеріне пайдалану туралы интервью берді.

10 июнь. Совет информациялық бюросы Қазақ ССР-і колхоздарының көктемгі егістің мемлекеттік жоспарын орындағанын хабарлады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 600 мың гектар артық себілді. Каучукты өсімдік егу жоспары 131 процент орындалды. Қант қызылшасының плантациясы өткен жылмен салыстырғанда үш есе, күнбағыс егісі 30 мың гектар кеңейді, картоп пен овощ егісінің алаңдары ұлғайтылып, Отанымыздың қорғаныс қорына 25 мың гектардан астам алаңға себілді.

— «Правдада» М. И. Калинин атындағы Семей ет комбинаты мен Любинск сүт-консерві заводы жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерінің, инженерлерінің, техниктері мен қызметшілерінің ет және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының Бүкілодақтық социалистік жарысын ұйымдастыруға шақырған үндеуі жарияланды.

16—18 июнь. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің IV пленумы болды, ол өз жұмысын жастардың ауыл шаруашылығы фермаларына қамқорлық көмек көрсетуіне, жастар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысқа арнады.

20 июнь. «Правда» Қазақстан колхоздарының қорғаныс қорына және фашистік оккупациядан азап шеккен колхоздар мен колхозшыларға көмек ретінде 42 мың гектардан астам алаңға дәнді дақылдар сепкенін хабарлады.

21 июнь. «Казахстанская правда» Қарағанды — Сортировочная станциясынан вагон депосының электрмен дәнекерлеушісі Андрей Безверховтың арнаулы тетік жасап, сменалық нормасын 2021 процент орындап, депода ең жоғары еңбек өнімділігіне қол жеткізгенін хабарлады.

24 июнь. «Казахстанская правда» Сокольный руднигінің бұрғышысы Ярмоленко жолдастың нормасын 1640 процент орындағанын хабарлады.

29 июнь. Алматыда атақты балерина Галина Уланованың гастролі болды.

— Қазақстан колхоздары мен совхоздарының егістіктерінде қалалардың 160 мыңға жуық тұрғыны, соның ішінде 103 мың оқушы жұмыс істеді.

5—9 июль. Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің VII пленумы болды. Пленум республиканың колхоздары мен совхоздарында егістіктерге күтім жасау, егін жинау және ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және басқа да мәселелер туралы қаулы қабылдады.

12 июль. Жезді руднигінде марганец рудасының алғашқы тонналары шығарылды. Қазақстан рудасы уралдық рудамен қатар Урал мен Сібірдің металлургия заводтарында домналық ферромарганец өндірісінің негізгі базасына айналды. Жаудың Совет Одағы марганецті болатты шығара алмайды деген үміті жүзеге аспады.

Digitized by Google

ИНИЦИАТИВА — ТАБЫС КІЛТІ

(Методикалық талдау)

Еліміздің алдында қандай міндеттер тұрса да, Коммунистік партия оларды үнемі еңбекшілердің сарқылмас инициативасы мен творчестволық күш-жігеріне сүйене отырып шешеді. «Халықтық инициативаны, және де, мейлінше кең мағынада — жұмыс орнындағы іске жанашырлық, творчестволық көзқарастан мемлекетті, қоғамды басқаруға белсене қатысуға дейін, — дер кезінде көре біліп, қолдап отыру — біздің прогресіміздің аса ұлы, былайша айтқанда, сарқылмас резерві міне осында,— деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы февраль Пленумында сөйлеген сөзінде. — Біздің экономикамыз өзінің әрбір ірі жетістіктігі үшін белгілібір дәрежеде еңбек коллективтерінің творчестволық бастамаларына, бізде айтылып жүргеніндей, олардың өзіндік үстеме жоспарларына қарыздар».

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы февраль және апрель Пленумдарының, он бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советі бірінші сессиясының шешімдері партияның халық инициативасын дамыту, еңбекшілердің барлық мемлекеттік және қоғамдық істерді басқарудағы ролін арттыру, олардың бесжылдық тапсырмасын орындау үшін күрестегі белсенділігін көтеру туралы орасан зор қамқорлығын білдіреді.

«Коммунистік партияның социалистік жарысты, еңбекшілердің инициативасы мен творчестволық белсенділігін одан әрі дамыту туралы қамқорлығы» деген тақырыптағы әңгімені әзірлеу мен өткізу үшін төмендегідей жоспарды ұсынамыз.

1. Халықтың зор инициативасы, бұқараның еңбек белсенділігі — социалистік құрылыс демократизмінің жарқын көрінісі, біздің қоғам прогресінің сарқылмас резерві. Кемелденген социализм жағдайында бұқара творчествосы мәнінің артуы.

2. Біздің кәсіпорында еңбек коллективі туралы Заң қалай орындалуда?

3. Инициатива қолдаумен күшті.

4. Он бірінші бесжылдықтың жоспарлары мен социалистік міндеттемелерін табысты орындау жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістетілсін.

1. Солтүстік Қазақстан облысында екі жыл бойы қуаңшылық болды, әйтсе де Мамлют асыл тұқымды мал заводында гектарына 22 центнерден астық жиналды. Егіннің тұрақты шығымдылығы туралы сөз еткенде, шаруашылықта оларға тыңайтқыштарды шебер пайдаланудың қандай күшті ықпал еткені туралы әңгімелеуді естен шығармайды. Совхозда құрылған химияландыру пункті тыңайтқыштар мен гербицидтерді енгізу жөніндегі бүкіл жұмысты өз қолына алды. Демек, осы пунктті құру үшін штаттағы қосымша қызметкер қажет болған жоқ. Қазір жыл сайын 9—10 мың гектар егістік улы химикаттармен өңделеді,— мұның өзі бұрынғыдан үш есе көп. Соның арқасында егістік арамшөптен қыруар тазарды. Сортаңды жерлерді мелиорациялау ауқымды негізде жүргізілуде.

Коллективте осы игі өзгерістердің бәрін асыл тұқымды мал заводының байырғы қызметкері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген агрономы, Социалистік Еңбек Ері Б. Тұрсынқұловтың табандылығымен және күш-жігерімен байланыстырады, ол агрохимиялық қызметті жаңаша ұйымдастыруды ұсынды. Агрономның идеясы коллективте қолдау тапты, және қазір ол қосымша алынған жүздеген тонна астық пен жемшөпке айналды.

Мұнда кез келген еңбек коллективінің өмірінде жиі кездесетін жалпы қатардағы мысал келтірілді, дегенмен ол еңбекшілердің инициативасының, творчестволық бастамасының экономиканы және өздің қоғамымыздағы барлық істерді дамытуға жасайтын ықпалының қандай орасан зор екені туралы өзінше айқын түсінік береді.

Бұқараның инициативасы, еңбектегі күш-жігері біздің қоғамымыздың өз табиғатымен пайда болды, оның барысында еңбекшілер өндіріс құралдарының нағыз иелері болып табылады және оның табысты дамуына мейлінше мүдделі. Жаңа қоғам еңбекшілер мүддесі үшін ғана емес, сондай-ақ еңбекшілердің еңбегімен және күш-жігерімен құрылуда. «Бұқараның жаңды творчествосы — жаңа жұртшылықтың негізгі факторы, міне, осы,— деп атап көрсетті В. И. Ленин. — ...жаңды, жасампаз социализм халық бұқарасының өзі жасаған игілігі болып табылады». Ұлы көсемнің пікірі бойынша, еңбекшілерді социалистік мемлекет істерін басқаруға кеңінен тарту оның күштерін еселей түсуге қабілетті. Біздің өміріміз де лениндік пікірді күн сайын қуаттап отыр.

Әңгімелерде қазіргі жағдайда бұқараның творчестволық инициативасының, олардың еңбек және қоғамдық белсенділігінің мәні мейлінше өсіп отырғанын көрсету маңызды. Бұл толысқан социализм қоғамының экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуының барлық барысымен талап етіледі.

Digitized by Google

Ең алдымен, барлық совет адамдарының мүдделікпен және іскерлікпен қатысуынсыз экономиканы интенсивті даму жолына көшірудің тарихи міндетін табысты шешу мүмкін емес. Ал бұл «дереу жоғарыдан да, төменнен де бастау керек» міндеттің нақ өзі. Халық шаруашылығын басқаруды жетілдіре отырып, біздің партиямыз демократиялық централизм бастауының екеуін де дамытуда, орталықтандырылған басшылықты нығайту жергілікті органдардың, өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындардың шаруагерлік дербестігін кеңейтумен және инициативаларымен, олардың жұмыстың түпкі нәтижелері үшін мүдделілігі мен жауапкершілігін күшейтумен ұштасады.

Сөз сөйлеуші еңбек коллективтері мен өндірістің барлық еңбеккерлері инициативаларының орасан зор мәнін төмендегідей мысалдар арқылы сипаттай алады. Өнімнің өзіндік құнын жоспардан тыс 0,5 процент кеміту үстіміздегі жылы бір миллионға жуық совет азаматтарын қоныстандыруға болатын қосымша 300 мың пәтер құрылысы үшін жеткілікті қаржы алуға мүмкіндік береді.

Түсетін пайда, көріп отырғандарыңыздай, өте зор, ал ол, шағын жылғалардан арналы өзен жасалғандай, әрбір кәсіпорындағы, әрбір жұмыс орнындағы үнемдеуден құралады.

Ал коммунистік тәрбие міндеттерін шешуде инициатива сондай маңызды. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумы идеологиялық жұмыс бүкіл партияның, оның барлық ұйымдарының ісі екенін атап көрсетті. Бұған әрбір коммунистің, әрбір саналы еңбеккердің тікелей қатысы бар.

Сонымен бірге қоғамның барлық істеріне белсене қатысу — жаңа адамды, коммунизм ісі үшін табанды күрескерді қалыптастырудың маңызды түйіні және сөзсіз шарты. КПСС Орталық Комитетінің «Идеологиялық, саяси-тәрбие жұмысын одан әрі жақсарту туралы» қаулысында «Еңбекке, қоғамдық өмірге белсене, творчестволықпен араласу — адамның идеялық, азаматтық кәмелеттігінің өлшемі» екені туралы пікірдің бөліп көрсетілуі кездейсоқ емес.

Лениндік өсиеттерді орындай отырып, Коммунистік партия бұқараның тарихи творчествосының тұрақты өсуі үшін ұдайы қамқорлық жасап келеді. Бұл бағыт КПСС XXVI съезінің және партияның кейінгі Пленумдарының шешімдерінен өзінің лайықты көрінісін тапты. Бұл жолда еңбек коллективтері және олардың кәсіпорындарды, мекемелерді және ұйымдарды басқарудағы ролін арттыру туралы Заңның қабылдануы ірі қадам болды.

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумының «Халық депутаттары Советтерінің жұмысын одан әрі жақсарту туралы» қаулысы совет адамдары инициативасының жаңа өрлеуіне белсенді ықпал етуге тиіс. Идеялық-тәрбие жұмысын күшейту, социалистік жарысты ұйымдастыруды жетілдіру жөнінен қабылданған шаралар партияның еңбекшілердің инициативасын дамыту туралы қамқорлығынан туындаған. Бүгінде біздің елімізде жүзеге асырылып жатқан ірі ауқымды экономикалық эксперимент осыған бағытталған, оған жеті жүзден астам коллектив қатысуда. Эксперимент жағдайында еңбек коллективтерінің жұмыстың түпкі нәтижелері үшін праволары кеңейіп, жауапкершілігі артуда, олардың өндірісті басқарудағы ролі өсуде.

2. Бір жыл бұрын күшіне енген еңбек коллективтері және олардың кәсіпорындарды, мекемелерді және ұйымдарды басқарудағы ролін арттыру туралы Заң еңбек коллективтерін шаруашылық және тәрбие міндеттерін табысты шешуге жұмылдырудың пәрменді құралы болды. Еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1 процент арттыру және өнімнің өзіндік құнын қосымша 0,5 процент кеміту үшін резервтер іздестіру барысында еңбек коллективтерінің ролі, олардың толысуы айқын көрінді.

Көптеген коллективтер өндірістік тәртіп пен ұйымшылдықты нығайту, артта қалушыларды қатарға қосуда әрбір адамды өндіріс иесімін деп сезінуге тәрбиелеу үшін өздеріне берілген кең мүмкіндіктерді тиімді пайдалануда.

Бірақ іс барлық жерде бірдей осындай емес. Өткен жылы Талдықорған облысының Үштөбе киіз үй жасау фабрикасында үш жүзден астам қыдырымпаздық оқиғасына жол берілді. Жұмыс уақытының ысырабы еңбек өнімділігін кейін тартты. Салдыр-салақтық жас жұмысшыларды тәрбиелеуге кедергі келтіреді. Алайда материалдық және моральдық залалға қарамастан, тәртіп бұзушылардың көпшілігі өз коллективтері алдында жауап берген жоқ. Мұнда, әдетте, ықпал жасау шаралары көптеген бұйрықтар берумен және басшылар кабинеттерінде әртүрлі ақылкеңестер айтумен шектеледі.

Заң коллектив қолына тәртіпті нығайтумен, әркімге еңбегіне қарай деген әділ принципті жүзеге асыру жолындағы бақылауды күшейтумен байланысты үлкен праволарды берді.

Өз бригадасының, цехының, кәсіпорнының түрлі жақтарын қамти отырып, сөз сөйлеуші заң қағидаларының қалай жүзеге асырылып жатқанын талдауға тиіс. Мұнда ең бастысы — әрбір коллективтің күш-жігерін еңбекте жоғары нәтижелерге жетуге, еңбеккерлердің творчестволық инициативасын жан-жақты дамытуға бағыттау.

3. Еңбекшілердің инициативасын жан-жақты қолдау, дамыту — қайсыбір әкімшілік және партиялық инстанция үшін міндетті талап. Және осы талап мүлтіксіз сақталатын жерлерде бастаманың пайдалы коэффициенті әрдайым жоғары болады.

Бұқараның инициативасына партиялық тұрғыдан қарауды, мысалы, В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында үйренуге бо-

Digitized by Google

лады. Мұнда еңбек өнімділігі жыл басынан бері 11 процент өсті, ал шығын 0,8 процент кеміді. Қаншама электр энергиясы мен материалдар үнемделді. «Бүкіл коллективтің инициативасы мен мүдделілігі бұған қол жеткізуге көмектесті»,— дейді комбинат директоры, СССР Жоғарғы Советінің депутаты А. С. Куленов.

Комбинаттың қоғамдық ұйымдары мен дирекциясы бірде-бір іскер ұсыныстың елеусіз қалмауына үнемі ұмтылып отырады. Барлық цехтарда өндіріс резервтерін іздестіру жөніндегі комиссиялар жұмыс істейді. Әрбір бөлімшеде еңбекшілердің шикізатты, материалдарды үнемдеу, еңбекті ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі ұсыныстарының журналдары жүргізіледі.

Әлбетте, мұнда ең бастысы, «жұмысшы ұсынды — басшы жүзеге асырды» деген үстірт схема бойынша жұмыс істемейді, жұмысшылар, инженерлер, техниктер, қызметшілер барлық міндеттерді шешуге өздері тиянақты қатысады. Техникалық идеяларды дербес қайта әзірлеуге және оларды өндіріске енгізуге қабілетті ірілендірілген творчестволық бригадаларды құру үлкен тиімділік берді. Творчестволық бригадалардың көмегімен, ішінара айтқанда, еңбекті көп қажет ететін бірқатар процестер механикаландырылды және бесжылдықтың үш жылы ішінде 230 еңбеккер өндірістен шартты түрде босатылды.

Ал сіздің коллективте инициатива қалай қосталуда? Пайдалы бастамалар одан үнемі тұрақты орын ала ма? Және инициатива тұрақты өсіп отыруы үшін не істеу керек?

4. СССР мен Қазақ ССР Орталық статистика басқармаларының 1984 жылдың бірінші жарты жылдығындағы халық шаруашылығы жұмыстарының қорытындылары туралы жарияланған хабарламаларынан біздің экономикамыздың алға тағы бір қадам жасағанын көруге болады. Тапсырмалардың барлық негізгі көрсеткіштер бойынша қыруар артуы совет адамдарын қуантады. Егер барлық резервтер пайдаланылса, біздің табыстарымыз бұдан да жоғары болар еді. Біздің еліміз бесжылдықтың ең жауапты асуларына шыққан кезде осыны тереңдеп түсіну өте-мөте маңызды.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XII пленумында атап көрсеткеніндей, бесжылдық тағдыры едәуір дәрежеде төртінші жылдың жоспарларын орындауға байланысты. Әңгіме, деп атап көрсетілді пленумда, үстіміздегі жылдың жоспарларын, тапсырмалары мен міндеттемелерін сөзсіз орындау туралы, артта қалушыларсыз, екпінді жұмыс істеу туралы болып отыр.

Республиканың барлық қалалары мен аудандарында «Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына — 40 екпінді еңбек аптасы» ұранымен социалистік жарысты өрістету жөніндегі патриоттық инициатива қызу қолдау тапты. Балтық заводының бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жөніндегі бастамасына жер-жерде іскерлікпен үн қатуда. Көптеген коллективтер өздерінің бесжылдық тапсырмаларын стахановтық қозғалыстың 50 жылдығына — 1985 жылдың августына дейін аяқтауға міндеттеме алды.

Осы патриоттық бастамалардың еңбек коллективінде қалай қосталып жатқанын әңгімелей отырып, үгітшілер, саяси хабаршылар, баяндамашылар еңбекшілердің белсенділігін еңбек өнімділігін арттыруды жеделдету, өнім сапасын жақсарту, өндірістік қуаттарды, энергияны, шикізатты, жұмыс уақытын анағұрлым толық пайдалану, өнім беру жөніндегі тапсырмаларды бұлжытпай орындау сияқты мақсаттарға қол жеткізуге бағыттау қажеттігін жан-жақты атап көрсетуге тиіс. Еңбек өнімділігін арттыру мен өзіндік құнды кеміту жөніндегі тапсырмаларды толық орындамайтын, жалақы мен басқа да ресурстардың артық жұмсалуына жол беретін коллективтерді жарыс жеңімпаздары қатарында атау төзуге болмайтын факті. Кейбір коллективтерде осының барысында еңбек тәртібінің жайы еленбейді.

Қазір село еңбеккерлерінде жауапты кезең. Мұнда жұмыстар кең ауқымда атқарылуда: егін жинау, жемшөп дайындау, фермаларды мал қыстатуға әзірлеу жүргізілуде, және барлық жерде талмай іздену мен іске деген саналы қарым-қатынас қажет.

Қызылорда облысы Сырдария ауданының Абай атындағы совхозында жасалғандай, артта қалушы коллективтердің санын күрт қысқарту — орасан зор маңызы бар іс, онда барлық бригадалар мен фермалардың коллективтері жоспарлар мен міндеттемелерді толық орындауда. Және мұнда адамдардың инициативасы мен табандылығы шешуші роль атқарды. Товарлы-сүт фермасындағы жұмыс ұзақ уақыт алға баспады. Әйтсе де оны басқару зоотехник, КПСС мүшесі Нұрмақаш Жанұзақовқа тапсырылды. Жас маманның жеке үлгі-өнегесі, күш-жігері адамдарды соңынан ерте білді және бүгінде ферма ауданда таңдаулылардың бірінен саналады.

Әрбір жұмыс орнында жоғары еңбек өнімділігіне жету жолындағы қозғалыстың инициаторлары — Қазақстан Магниткасынан С. Дрожжиннің бригадасының мүшелері еңбектің озық әдістерінің нүсқаушыларына айналды. Олар көрші бригадаларда талай рет жұмыс істеп, өз шеберліктерін көрсетті, жастарды үйретті.

Біздің қоғамымызда инициативаның жасампаз потенциалы орасан зор. Және үгітшілердің, саяси хабаршылардың, бүкіл үгіт-насихат активінің бірінші кезекті парызы — оның дамуына тұрақты ықпал ету. Шаруашылық және мәдени құрылыстың барлық учаскелеріндегі жаңа табыстардың кепілі осында жатыр.

В. КОСТРОВ.

Digitized by Google



МЕРЕКЕЛІ ЖЫЛҒЫ ОРАҚ

И. ТРЕНЕНКОВ,
Целиноград облысы Вишнев ауданындағы «Ижев» совхозы трактор-егіс бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері

Мен орақка жаңадан қатысушы емеспін. Әр науқанда жан-тәнімнен жұмыс істеуге ұмтыласың. Әйтсе де осы күзде бұрынғыдан да жақсы еңбек еткім келеді. Жуырда маған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, сондықтан да осындай жоғары наградаға лайықты болу үшін көп іс тындыру қажет.

Биыл біз егінді бітік өсіру үшін бәрін жасадық. Алайда, өткен жылдардағыдай, ол бізге оңайға түспейді.

Соңғы жылдардағы қуаңшылыққа қарамастан, бригадамызда егін шығымдылығы үнемі артып келеді. Егер біз 1981 жылы гектарына 10,8 центнерден астық жинасақ, келесі жылы — 13,6, ал өткен 1983 жылы 17 центнерден алдық. Бұл көптеген көрші шаруашылықтарға қарағанда және тұтасынан Вишнев ауданы бойынша екі еседен астам көп. Оның үстіне біз бидайдың аса сапалы қатты және күшті сорттарын ғана береміз.

Осы нәтижелерге жетуімізге көп нәрсе және ең алдымен әрбір еңбеккердің іске деген саналы көзқарасы, жоғары біліктілігі көмектеседі, Біз бригадалық мердігерлік бойынша екінші жыл жұмыс істейміз, және мұның өзі әрбір адамды өндірістің нағыз иесімін деп сезінуге тәрбиелеуде шешуші болды. К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында былай деп атап көрсетті: «...жұмыстың бұл формасына көшкен коллективтерде, әдетте, еңбек өнімділігі мен еңбек тәртібі жоғары болады. Мұнда әрбір қызметкердің еңбек үлесі мен табысы арасындағы байланыс одан айқынырақ көрінеді». Мұның дұрыстығына біз өз тәжірибеміз арқылы иландық. Мердігерлік бізден агротехникалық талаптарды қатаң сақтауды талап етті. Бізге бекітілген бүкіл алаңда егіншіліктің топырақ қорғау жүйесі толық игерілді.

Коллективтік мердігерліктің рентабельділік мәселелеріне мықтап көңіл бөлуді, шығындардың қалай және неден қалыптасатынын, өнімнің өзіндік құнына не ықпал ететінін талдауды талап етті. Соның нәтижесінде 1983 жылдың өзінде ғана механизаторлар 17 тонна дизель отынын үнемдеді, мұның өзі оның жалпы мөлшерінің 7 проценті.

Коллективтік мердігерлік бойынша жұмыс істей отырып, бригада коллективі 5 мың гектардан астам алаңның әр гектарынан жоспардағы 11,4 центнердің орнына 17 центнерден астық алды. Сонымен бірге бір центнер өнімнің өзіндік құны жоспардағы 6 сом 68 тиынның орнына 4 сом 96 тиын құрады. Осының есебінен 380 мың сом кіріс алынды. Бригада бойынша комбайн өнімділігі төрт жүз елу гектарға дейін артты, бригада мүшелері жиырма тоғыз адамнан жиырма екі адамға дейін қысқарды

Бригада мүшелері совхоздың партия ұйымы мен дирекциясының басты назарында, олар оған үнемі қажетті көмек пен қолдау жасап отырады, онсыз коллективтік мердігерлікті қолдану мүмкін емес. Совет пен бригадирдің келісімінсіз механизаторлар мен техниканы басқа жұмыстарға тартуға, оларды алмастыруға ешкімнің хақысы жоқ.

Бригадирлер орақ алдында дәстүр бойынша аудандық партия комитетіне диқандар советіне жиналады. «Міне, Иван тағы да егін шығымдылығы жөнінен бізден озып кетті» деген сөздерді естисің. Осыған орай ең алдымен пар туралы бірер сөз айтқым келеді. Егістікте пар үлесі соңғы бес жыл ішінде бізде 20 процент құрады, осы уақыт аралығында ешқашан гектарына 18 центнерден кем астық алған емеспіз. Ал көптеген шаруашылықтарда бұл фактор әзірше жете бағаланбайды.

Біз осы жазда танапты төрт рет өңдедік, Июльдің бірінші онкүндігінде қыша ықтасынын ектік. Ылғалды барынша көбірек жинау үшін осылай істейміз.

Аңызды сақтай отырып, топырақты жалпақ тілгішпен және терең қопсытқышпен өңдеу де әсерін тигізді. Біз мұны «К-700» тракторларымен август-сентябрь айларынан кешіктірмей атқарамыз. Соның арқасында дақылдар күзгі-қысқы ылғалды 70—90 процент сіңіреді.

Коллективтік мердігерлік әрбір адамның үлесін мейлінше дәлме-дәлдікте анықтауға көмектеседі, Механизаторлардың біліктілігі, оның кластығы, орындалатын жұмыстардың разряды ескеріледі. Бригада советі ай сайын еңбекке қатысу коэффициентін анықтайды. Бір айдың қорытындылары бойынша еңбекке қатысу коэффициенті 1,5 болса — бұл жалақыға қосымша қосылған тағы да 90 сом деген сөз. Ал жұмыста жалқаулыққа салынған адам төмен коэффициент — 1,5 алады және

Digitized by Google

мұның өзі бірден жалақыдан көрінеді. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін адам жылдық қосымша ақыдан да айрылуы мүмкін. Ол өткен жылы ғана тапқан әр сомға 80 тиыннан келді. Бір сөзбен айтқанда, активистер адал егінші жалақыға жаңа қарым-қатынас жағдайында ешқашан залал шекпейтініне, керісінше, жұмысты адал істеу, ұқыптылық, құнттылық, жеке творчество — осының бәрі түпкі жоғары нәтиже барысында материалдық жағынан есептеп өтелетініне механизаторларды иландыра білді.

Бағаның көтермелеу шкаласымен қатар бригадада бір айға есептелген қыдырымпаздық, жұмыстағы ақау, техникаға ұқыпсыз қарағаны үшін төмендетілген коэффициенттер қолданылады.

Өткен жылы бір механизатордың орташа айлық жалақысы 350 сом болды, бұл соңғы үш жыл ішіндегі орташа жалақыдан 30 процент жоғары. Еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің жаңа жағдайындағы жұмыстың механизаторларға да, мемлекетке де пайдалы екені осыдан көрінеді.

Біз тыңның 30 жылдығы тойланған жылда мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспарын орындауға ұйғардық.

Біз облыстың атақты комбайншыларымен бірге «Бір сағат іркіліс, бір грамм ысырап болмасын» деген ұранмен жұмыс істеуге сөз бердік. Бізде егін жинауды идеологиялық жағынан қамтамасыз ету мәселелерінің бәрі мұқият ойластырылған. Біріншіден, біз өткен жылдардағы оракта қолданылған бұқаралық-саяси жұмыстың таңдаулы формаларын ескердік. Екіншіден, жарысқа ерекше іскерлік пен пәрменділік сипат беретін жаңа формаларды тауып, пайдалануға тырыстық.

Бізде орақ қарсаңында өткен бригадалық жиналыстар, механизаторлар кеңестері бағалы ұсыныстардың жақсы қайнарына айналды. Жүз тонна астық бастырған комбайншы негізгі және қосымша жалақымен қатар ақшалай сыйлық алады, ал комбайнына қызыл жұлдызша салынады деп ұйғардық. «Астық бастыруда гектар санын қуалап, аңызда килограмдап емес, центнерлеп дән қалдыруға болады ғой», — деді механизаторлардың бірі. Түпкі шешім мынадай болды: егер жарыс қорытындысын шығару жөніндегі комиссия немесе агрономиялық қызмет аңыздан бастырылмаған масақ не басқадай бір ақау тапса, жүз тоннадан екі рет астық бастырса да, комбайн экипажы қосымша жалақыдан айрылады.

Үстіміздегі жылы бізде жылжымалы үгіт пункттері жабдықталды. Олар қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етіліп, көрнекі үгітпен безендіріледі. Мұнда демалыс бөлмесі де жабдықталды. Осындай үгіт пункті үнемі егіс басында болады. Және мұның өзі үгітшілер үшін өте қолайлы. Мұнда жарыс қорытындыларын, «молния» шығаруға, озаттарды табысымен құттықтап, ұқыпсыздарды ұялтуға болады. Озық тәжірибені насихаттауды өзімнің басты міндеттерімнің бірі деп есептеймін. Біздің мақсатымыз — артта қалушыларсыз еңбек ету, сондықтан да озаттардың жетістіктері әрбір адамның игілігіне жедел айналуға тиіс.

Әрбір бескүндік қорытындылары бойынша егіс қосында жарыс жеңімпазының құрметіне еңбек даңқы жалауын

Сіздің блокнотыңызға

ДИҚАН, ЕСІҢДЕ САҚТА!

☐ Жиналмаған бір масақ — бұл 0,8 грамм астық ысырабы.

☐ Егер егістіктің әр шаршы метрінде бір масақтан қалса, онда ысырап гектарына 8 килограмм құрайды. 25 миллион гектар масақты дақылдар егістігі бар біздің республика ауқымында астық ысырабы 200 мың тонна болуы мүмкін.

☐ Әр масақтан бір дән бастырмасақ — гектарына 100 килограмнан астам ысырап болады.

☐ Егер Азық-түлік программасында белгіленген астық өндірудің орташа жылдық көлемін еліміз бойынша бір процент арттырсақ, онда он бірінші бесжылдықта Отан қамбасына қосымша 2,38—2,43 миллион тонна, ал он екінші бесжылдықта — 2,5—2,55 миллион тонна астық құюға болады.

ЕГІНШІЛІК ТУРАЛЫ

Диқаншы жерін мақтайды,
Балықшы көлін мақтайды.
Кәсіпқор кенін мақтайды.

Егіннің жайын еккен білер.

Жердің сәні егін
Ердің сәні білім.

Жеріне қарай егін ек...

Қыс азығын жаз жина.

Арпа, бидай ас екен,
Алтын, күміс тас екен.

Жаздың бір күні,
Қыстың мың күнін асырар.

Диқан болсаң,
Жеріңнің басында бол...

Digitized by Google

көтеруіміз дәстүрге айналды. Күндік анағұрлым жоғары өнімділікке қол жеткізген таңдаулы механизаторлардың үйіне құттықтау ашық хаттарын, телеграммалар жібереміз. Әрбір адамның жеке есеп беті оның еңбек қызметін жақсы бейнелейді. Бұған еңбеккердің тапсырмасы мен міндеттемесі жазылады, олардың орындалуы, жұмыс сапасы, машиналардың техникалық жағдайын тексеру нәтижелері көрсетіледі. Егер ескерту болмаса, есеп бетіне алғыс жазылады. Күн сайын ертемен барлық бригадаларға таратылатын жарыстың арнаулы бюллетеньдері әрбір адамның саптағы орнын бейнелейді. Еңбек сайысының барысы жергілікті радио материалдарында да жарияланады.


Біздің бригаданың механизаторлары зор ынтамен еңбек етуде. Алғашқы бескүндік қорытындылары бойынша коллектив шаруашылықта таңдаулы деп танылды. Бізге жарыстағы жеңісіміз үшін ту салтанатты түрде тапсырылды, осыған орай егіс қосына мектеп оқушылары келіп, таңдаулы механизаторларға гүл шоқтарын тапсырды.

Осының бәрі екпінді жұмысқа бейімдейді. Социалистік жарыс көшін бастаушылар Юрий және Василий Морозовтар, Владимир Лимп, Виктор Якуби, Петр Овчинников және Петр Ищенко биыл 8—10 мың центнерден астық бастыруға міндеттенді. Отанымызды тыңның мол астығымен қуанту үшін күш-жігерін аямай жұмсаушы біздің таңдаулы дикандарымыз Б. Бетке, Л. Куликов және бригаданың басқа да мүшелері биылғы оракка жеке үлкен үлестерін қосты.

Жазып алған
Г. ТЕРЕЦ.

РЕСПУБЛИКА ЕГІСТІКТЕРІНДЕ





Республиканың шексіз егіс далаларында моторлар гүрілі тәулік бойы бір тынбайды. Жемшөп дайындау жалғастырылуда, егін жинау жұмыстарының ауқымы барған сайын солтүстікке қарай ойысып барады.

Торғай облысы Октябрь ауданының Панфилов атындағы совхозының жемшөп дайындаушылары шөп шабуды жоғары қарқынмен және жақсы сапамен жүргізуде. Қоғамдық мал үшін 4600 тонна ірі жемшөп дайындау жоспарланды. Бүгінгі күнде жемшөптің үлкен бөлігі мал қыстайтын орындарға жеткізілді.

Шаруашылықтың таңдаулы бригадирлерінің бірі А. М. Сивоздрав басқаратын № 6 бригада социалистік жарыс көшін бастап келеді. Механизатор Е. С. Якимко шөп шабуда жоғары нәтижелерге жетуде, оны сіздер жоғарғы суреттен көріп отырсыздар. Евгения Семеновна күндік тапсырмасын 130—140 процент орындайды.

* * *

Төменгі сурет Жамбыл облысы «Асы» совхозының егіс даласында түсірілді. Шаруашылық коллективі биыл 50 мың центнер астық жинады, бұл жоспардағыдан бір мың центнер көп. Бұған жүргізушілер Р. Сатанов, А. Достанбетов және Б. Жамантаев (солдан оңға қарай) өз үлестерін қосты.

Суреттерді түсіргендер
Б. Әбділбеков және Г. Кошкинцев.

(ҚазТАГ).

Digitized by Google

ӘР КОЛХОЗШЫ МҮДДЕЛІ

«Егінді дер кезінде және ысырапсыз жинап алайық» — Шымкент облысы Сайрам ауданының озық шаруашылықтарының бірі — «Победа» колхозының коллективі осындай ұранмен еңбек етуде. Колхоздың партия комитетінің секретары Р. Тойшыбаев овощ жинау жолындағы жарысты идеологиялық жағынан қамтамасыз етудің қалай ұйымдастырылғаны туралы біздің тілшіміз В. А. Суховаға әңгімелеп берді.

— Біздің колхоздың диспетчерлік пунктіне барлық 36 бөлімшеден жұмыс барысы туралы хабар жүйелі беріліп тұрады. Партия комитеті әрбір колхозшының социалистік жарыс жайын жедел біліп отыруы үшін қамқорлық жасайды. Бұл үшін диспетчерлік пункттен күн сайын радиогазеті беріледі. Активистер орталық усадьбадан қаншалықты шалғай болса да оларға бүгінде кімнің алда келе жатқаны, кімнің қатарға қосылуы қажет екені он минуттың ішінде мәлім болып отырады. Бригадирлер, үгітшілер, бригадалар мен цехтар советтерінің мүшелері хабарды әрбір адамға дерлік жеткізеді. Бригада қостарында, учаскелерде, клубтарда «молниялар», «жауынгерлік листоктар», «комсомол прожекторының» басылымдары безендіріледі. Үгіт бригадасының қатысуымен әрбір бескүндік қорытындылары бойынша жеңімпаздарды егіс басында салтанатты түрде мадақтаймыз.

Біздің шаруашылық көп салалы. Біз 16 мың гектар ауыл шаруашылығы алқабында егін, овощ пен бақша дақылдарын өсіреміз, мал, бау, жүзім шаруашылықтарымен және шарап жасаумен, жемшөп дайындаумен айналысамыз. Әрбір сала — бұл, мысалы, толық механикаландырылған товарлы-сүт фермасы сияқты қазіргі заманғы техникамен, аса жаңа жабдықтармен жабдықталған цех. Жұмысты жоғары дәрежеде жүргізу үшін электрлендіру, механикаландыру, құрылыс, қосалқы кәсіпорын цехтары құрылды. Барлық учаскелерде екі мың колхозшы еңбек етеді.

Егін жинау — өте жауапты кезең. Овощ өсірушілер оған бірінші болып кірісті. Өзінің құрамы жағынан негізінен көп ұлтты — 60 адамнан тұратын үлкен бригадалар осы қиын учаскеде еңбек етеді. Мұнда тұқым себуден бастап әрбір күнде өнім үшін күрес жүргізіледі.

Өзара тексеру жарысқа жауынгерлік серпін береді. Партия комитеті, кәсіподақ комитеті, колхоз басқармасы өкілдерінен, мамандардан, бригадирлерден, озаттардан құрылған комиссия егін егу аяқталғаннан кейін ерте көктеген өсімдіктерге күтім жасау кезінде егістіктерді тексереді. Оның қорытындылары партия комитетінің кеңейтілген мәжілістерінде талқыланды. Жас бригадир, КПСС мүшелігіне кандидат Ә. Мадалиев басқаратын коллективтің егістігі барлық кезеңдер бойынша таңдаулы деп бірауыздан аталды.

Озық бригада өткен жылы жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша асыра орындады, ал биыл қияр мен помидорды бірінші болып тапсыра бастады, капуста жинау жөніндегі жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындады. Оған өзгелер де теңелуде. Капуста жинау жөніндегі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаған коммунист Ә. Қазақбаевтың, Б. Ибрагимовтың және Н. Мұсаевтың бригадалары озаттар қатарына шықты.

Қабілетті ұйымдастырушы, мирасқор овощ өсіруші Әбдіжапар Мадалиев коллективте көтеріңкі көңіл-күй орнатып, колхозшылардың жас шамасы 18 жастан 60 жасқа дейін болса да, олардың әрқайсысымен ортақ тіл таба біледі. К. Балғанбаев, А. Қазақбаева, З. Мұсалиева, Д. Атханова бригадада жақсы тәлімгерлерге айналды. Және бүгінде жас овощ өсірушілер Ш. Зуппаров, У. Халилова, А. Құралова, М. Юсупова және басқалар ардагерлерден қалыспайды.

Тек факті

ЖАҢА ОВОЩ ТАСЫҒЫШ

Октябрьдің 40 жылдығы атындағы Борск кеме жасау және жөндеу заводында жасалған бас теплоход-овощ тасығыш Волгада жүзу сынағынан табысты өтті.

Бұл кеме — үстіміздегі онжылдықтың соңына дейін мамандандырылған овощ тасығыштың түтас флотилиясын шығаруды қарастырған Азықтүлік программасына сәйкес кәсіпорын коллективі меңгерген жаңа сериялы кемелердің бірі.

Биылғы маусымның өзінде Волга пароход шаруашылығының өзеншілері жаңа кемені пайдалануға алады. Овощ тасығыш навигацияның соңына дейін жұмыс істей алады — өйткені кеме корпусының өн бойымен қосымша металл қаптамасы өтеді. ол оның тіпті қалыңдығы 20 сантиметрге дейінгі мұзды жарып өтуіне мүмкіндік береді.

В. НОСКОВ.

Горький облысы.

Digitized by Google



Шымкент облысы Сайрам ауданының «Победа» колхозында овощ пен жеміс өсірумен қатар мал шаруашылығына да үлкен көңіл бөлінеді. Мұнда сүт комплексі жұмыс істейді, онда 1400 сиыр ұсталады. Комплексте еңбек жағдайын жақсарту үшін барлығы қарастырылған, малды күту процестерінің бәрі механикаландырылған, мұның өзі сүт өнімінің өзіндік құнын қыруар кемітуге мүмкіндік берді.

Бұқаралық-саяси жұмыс жақсы жолға қойылды. Колхозда үгіт коллективі белсенді жұмыс атқарады. Апта сайын қабырға газеті шығарылады. Ондағы материалдар нақтылығымен және өткірлігімен көзге түседі.

Малшылар коллективінің іскер еңбегі мен талпынысы биыл әр сиырдан сүт сауууды 3500 килограмға дейін жеткізуге көмектеседі, мұның өзі жоспарлы тапсырмадағыдан 500 килограмм көп.

Суреттен сіздер қабырға газетінің кезекті номерін безендірумен айналысып жатқан сауыншылар Нағима Байраманова (сол жақта) мен Гүлләрия Рысқұлбекованы және комплекс меңгерушісі Кибар Машедовты көріп отырсыздар.

Суретті түсірген **А. Ыдырысов** (ҚазТАГ).


Бізде Мадалиевтер әулеті өздерінің еңбексүйгіштігімен танымал. Биылғы көктемде колхозда осы әулет қарттарының ерлі-зайыпты өмірінің 50 жылдығын салтанатты түрде атады. Осы семьяның 11 мүшесі арасында әртүрлі мамандық иелері бар. Мысалы, Әбдуқалық егіс бригадасын, Әбдірахман — бау шаруашылығын басқарады, Рахметолла — мектеп директоры. Дегенмен орақтың қызу кезеңі басталғанда олардың бәрін бірге көруге болады. Мұнда олардың ата-анасы инициатива көрсетеді.

Адхам мен Мәрзия — пенсионерлер, сонда да науқан күндерінде олар егіс басына келіп, өз құрбыластарын, үй шаруашылығындағы әйелдерді семьялық звено құруға үгіттейді. Колхозда ұрпақтар байланысының қалай нығайып келе жатқаны осы семьяның үлгі-өнегесінен жақсы байқалады. Және колхозшылар балаларының әкелерімен және аналарымен бірге егіс басында жұмыс істеуінде, туған селосында біржола қалуында мектеп директоры Р. Мадалиевтың да сіңірген еңбегі зор. Бізде жас колхозшылар коллективтің төрттен үш бөлігін құрайды, олардың 517-і — комсомолецтер.

Бізде қалыптасқан дәстүр бойынша жыл сайын овощ, пияз өсіріп, жинайтын семьялық звенолар құрылады, оған пенсионерлер де, жасөспірімдер де кіреді. Колхоз жасалған шартқа сәйкес оларға техника, су, улы химикаттар, тыңайтқыштар береді. Және егін шығымдылығы мен оның жоғары сапасын арттыру резервтерінің бірі осында екенін айтқан жөн. Мұнда гектарына жоспардағы 17 тоннаның орнына 40—50 тоннадан пияз алады. Және әрбір звеноның жыл қорытындылары бойынша жалақысы да үлкен — 4—5 мың сомға дейін жетеді. Әбдіқадыровтардың, Ғабдіжапаровтардың, Мангалқұловтардың, Мәліковтердің, Әбдіраевтардың, Есали-

Digitized by Google

Жалпы саяси мәселелер жөніндегі әңгімелер үшін



БАҒАЛЫ ЕҢБЕК

Ойшыл, әрі революционер ретінде Ленин өмірге ерте араласты. Тек көзқарасы ерте қалыптасып қоймай, бүкіл өмірі бойы сол жолдан таймай, өз өмірі арқылы революциялық күрестің ұлы үлгісін көрсетті. Ол Россияның жарты ғасырлық — XIX ғасырдың 40-шы жылдары— Белинский мен Герценнен басталған революциялық теорияны іздеу тәжірибесін қорыта отырып, олардың ержүрек іс-әрекетін жоғары бағалады.

В. И. Ленинның пролетариат партиясының теориясы, тактикасы және ұйымдастыру мәселелеріне, диалектикалық және тарихи материализм, саяси экономия мен ғылыми социализм теориясы мәселелеріне арналған «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген шығармасы XIX ғасырдың соңында Россиядағы социал-демократиялық қозғалысқа және марксизмді таратуға кедергі болған либерал халықшылдардың теріс көзқарасын әшкерелейді.

Егер «ақыл-парасат» алгебрасы» ғылыммен, ал ғылым халық мүддесімен, саяси ұйымдармен тығыз байланысты болмаса ең қасиетті революциялық қозғалыстың өзі перспективасыз деген қорытындыға келді. В. И. Ленин 25 жасында тарихи оптимизм, демократия және гуманизмге толы Маркстің мына қағидасын басшылыққа алады: «Тарихи қимылдың негізді болуымен бірге, демек, сол қимыл өз ісі болатын бұқараның ауқымы да өсе бермек», яғни бұл қоғамды революциялық жолмен қайта құру ісі неғұрлым терең болса, қалың бұқара оған соғұрлым саналы түрде белсенді қатысып отырады деген сөз. Бұл қағиданы Ленин «өте бір терең мағыналы» қағида деп атады.

Әлеуметтік шындықты ғылыми тұжырымдау және революциялық стратегияны белгілеу барысында Ленин марксизмнің теориялық системасын басшылыққа алды. Тек саяси зорлық-зомбылыққа қарсы күресу ғана емес — сол зорлық-зомбылықтың құрбаны, өз қол күшінен басқа ешқандай меншігі жоқ, нағыз еңбекші мәдениетін көрсететін — пролетариат екендігін дұрыс көрсете білу Маркс пен Энгельске тән ерекшелік болып саналады.

Бұл Ленинның өзінің, ол құрған большевиктер партиясының ұраны болды, ал бүгінгі күні әлемдегі ықпалды партия— Советтер Одағының Коммунистік партиясының девизіне айналып отыр. Маркс ілімінің «тартымды күші» ретінде Ленин оның ең жоғары және қатал ғылыми теорияны революциямен ұш-

---

евтердің семьялық звенолары таңдаулылардың бірі болып табылады.

Күннің ыстығы 50 градусқа дейін жеткен қуаңшылық жаз жағдайында тез бүлінетін осыншама овощ өсіру оңай емес, ал оны дер кезінде және ысырапсыз жинап алып, тұтынушыларға жеткізу одан да күрделірек. Біз «танап-магазин» жүйесінің тоқтаусыз жұмыс істеуіне ұмтыламыз. Адамдарды моральдық және материалдық жағынан көтермелейміз, түсінік жұмыстарын жүргіземіз. Бізде, мысалы, ерте пісетін стандартсыз қиярдың бір килограмынан 10 тиын жоғалтатынымызды және осы өнімнің жоспарға енгізілмейтінін бәрі біледі. Колхоз экономикасының ауқымын да елестете алады. Мысалы, еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1 процент арттыру мен өнімнің өзіндік құнын қосымша 0,5 процент кеміту тұтасынан шаруашылыққа 175 мың сом кіріс береді.

Колхозда овощты дер кезінде және ысырапсыз жинап, танаптан тасу үшін барлық мүмкіндіктер пайдаланылуда. Таңертеңнен сағат 3-ке дейін келесі күнге ыдыс пен автотранспортқа заявка беріледі. Бұл өте маңызды, өйткені егінді жаппай жинау кезінде күн сайын 180 тоннадан овощ тапсырамыз. Адамдар уақытпен санаспайды. Және бұл жерде, өкінішке орай, Сайрам жеміс-овощ базасы транспорт жағынан кесел келтіреді. Біз резервтерді іздестіріп, колхоз машиналарын іске қосамыз. Бірақ әрқашан мұның сәті түсе бермейді. Өткен жылы осы себептен қаншама өнім рәсуа болды. Әрине, РАПО, аудандық атқару комитеті басшыларынан көмек сұраймыз. Олар көмектеседі. Жуырда іс кикілжіңге дейін барды. РАПО-дан телефон соққаннан кейін бірден 12 автомашинаны тапты. Бірақ осындай көмек сұрауға мәжбүр етпегені жақсы болар еді.

Біздің шаруашылық жылдан жылға барынша рентабельді болып келеді. Өткен жылы ғана 12,5 миллион сом кіріс алынды. Біз овощ шаруашылығы сияқты көп жағдай ауа райына тәуелді учаскеде міндеттемелердің орындалуына ұмтыламыз. Үстіміздегі тыңның юбилейлік жылында біз мемлекетке бұрнағы жылғы жаздағы берешекті өтеу үшін жоспардағы 9 мың тоннаның орнына 12 мың жуық овощ сатуды ұйғардық.

Digitized by Google

тастыра білуі деп есептеді. К. Маркстің «Гегельдің право философиясына сын» деген еңбегінде айтылған «Сын шынжырды безендірген алдамшы гүлді сол шынжырдан жұлып тастағанда адамзат қиял атаулыдан және қуаныш атаулыдан жұрдай болған түрінде осы бұғауда жүре берсін деп жұлып тастаған жоқ, мұны сол адамзаттың шынжырды лақтырып тастап, жанды гүлге қолын созуы үшін істеді» деген образды цитатты В. И. Ленин өз еңбегінде келтіре отырып, Маркстің «тіршілікке ымырасыз сын» қағидасын ұмытпауды ұсынады.

Сын ешуақытта өз қорытындыларының алдында, не алдын ала айқындалған аумақ көлемінде қалып қоймайды. Бұл сынның негізгі тереңдігі «қару сынын» — «сын қаруымен» алмастырудың болмайтындығын түсіну. «Пролетариат философия арқылы рухани қару тапса, философия,— дейді К. Маркс,— пролетариат арқылы өзінің материалдық күшін тапты». Маркс өзінің сыншыл, ғылыми-материалистік көзқарасын қалыптастыруда және оны дамыту барысында арманшылдықтың «алдамшы гүлдерін» жұлып тастап отырды. Дегенмен осы «алдамшы гүлдер» шын сын жоқтығынан «улы гүлдерге» айналып, өздерінше адамзат тарихы «сыншыл ойшылдардан» тұрады, олар дүниені алдымен өз санасында өзгертіп, сонан соң сыртқы дүниеге әсер етеді»,— деп ойлады.

Ленин ұлы ұстаздардың ғылыми-теориялық ілімдеріне сүйене отырып, «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінде Россияға марксизмнің таралуына бөгет болғандардың бет пердесін ашып, «жалған, әшекей гүлдерін» алып тастап, марксизм ілімін таратуға кесірін тигізуші жалған «халық достары»— халықшылдарға күйрете соққы берді. Марксизмді «кінәлап отырған кімдер?— Еңбекшілерді азат ету жөніндегі «үкімет» пен «қоғамға», яғни барлық жерде де еңбекшілердің мойнына бұғау салып отыруға буржуазия органдарына үміт артушы адамдар кінәлап отыр»,— деп көрсетеді.

Россияда дүниеге келген революциялық-марксистік партияның шын мәніндегі программалық документі болған осы еңбекте «жалған халық достары» — либерал халықшылдардың философиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси көзқарастары сын тезіне алынып, орыс марксистерінің міндеттерін белгіледі, жалпы марксизмге терең талдау жасалып, оның творчестволық сипаты ашылды.

Халықшылдар — тек жалған достар ғана емес, олар Н. Г. Чернышевский негізін салған орыс халқының революциялық-демократтық ойының мирасқоры болғысы келеді. Қасиетті мұраның нағыз мұрагерлері — еңбекші халыққа поптық жұбату, көпірме мылжың немесе халықшылдардың «теориясын» уағыздайтындар емес, «нағыз күрес ұранын» берген марксистер.

Жоғарыдағы тезистерді дәлелдеу үшін, Ленин керемет бай идеяларды ұсынды, оларда марксизмнің шығуы және мәні, пролетариаттың азаттық қозғалысының теориясы, ғылыми негізділігі, перспективалығы жан-жақты қаралып, тиесілі бағасын алды. Кімде-кім маркстік ілімді шыңдап, байсалдылықпен игергісі келсе, онда В. И. Лениннің аталған теориялық еңбегіне соқпай өтуге болмайды, онда ұлы көсемнің көзқарасы жүйелі әрі жан-жақты баяндалған.

В. И. Лениннің еңбегінің маңызы — марксизм теориясына творчестволықпен қарау, кең программалы теориялық зерттеу және оны келешекте іске асыру. Халықшылдардың көзқарасының жалған екенін дәлелдеу өз алдына да, ал оның түбірін ашу, материалдық негізін дәлелдеу бір басқа десе де бұл жетімсіз болады, сондықтан Ленин өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген күрделі еңбегінде әртүрлі ағымдар тудыратын шындыққа бүтіндей жүйелі түсінік беріп, маркстік ілім негізінде дамытты.

В. И. Лениннің «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегі жарық көрген соң-ақ әйгілі болып, ол теориялық талас тудырып, кезіндегі жалған ғылыми ойларға үлкен соққы берді. Міне, содан бері 90 жыл өтті. Бүгінде 90 жыл бұрын көрегендікпен айтылған В. И. Лениннің мына сөздері іске асты: «Орыс жұмысшысы абсолютизмді құлатып, орыс пролетариатын (барлық елдердің пролетариатымен қатар) ашық саяси күрестің тура жолымен, жеңімпаз коммунистік революцияға бастап апарады».

Лениннің бұл кітабы бүгінгі күнде — бізге әлеуметтік құбылыстарды — партиялық, таптық тұрғыдан түсінуге, идеялық жауларымыз — халықтың жалған достарына соққы беруге көмектеседі. Лениннің социализм мен демократияны біріктіру идеясы Коммунистік партияның бейбітшілік Программасының негізі бола отырып, КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумында, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдастың сөйлеген сөздерінде творчестволық тұрғыдан одан әрі дамытылды.

В. И. Лениннің маркстік-лениндік философия, саяси экономия және ғылыми социализм теориясы мәселелері жөнінен идеялық-теориялық материалдарға бай бұл еңбегі қазіргі уақытта да коммунизм үшін күресушілердің айбынды қуралы болып табылады. КПСС XXVI съезіне қатысып, сөз сөйлеген коммунистік және жұмысшы партияларының өкілдері мұны айқын қуаттады. Лениндік осы тарихи еңбек бүгінде де коммунизм ісіне қызмет етуде.

А. ҚАСЫМЖАНОВ,
Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі.

Digitized by Google

Экономика мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін



МІНДЕТТЕМЕ ЖОЛДАРЫНАН

Еңбек Қызыл Ту орденді «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігі коллективінің 1984 жылға арналған социалистік міндеттемесінде мынадай пункт бар: еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырманы 5 процент асыра орындап, оның жалақымен салыстырғанда басымырақ өсуін қамтамасыз етеміз.

— Осы жолдардың ар жағында көп мың адамдық коллективтің орасан зор жұмысы, оның батыл ізденістері жатыр, — деді біздің тілшімізге бірлестік партия комитетінің секретары **Виктор Савельевич Жигулин**. — Еңбек өнімділігінің өсімі мен бірлестіктің басты өнімдері — трактор шығаруды жыл сайын үдету трактор жасаушылар коллективінің мүмкіндіктері мен толысуы туралы мейлінше жарқын сипаттайтын көрсеткіш болып табылады.

«Қазақстан» маркалы алғашқы трактор 1968 жылы августе бас конвейерден шықты. Алты жарым жылдан кейін жүз мыңыншы «Казахстанец» әзірленді. Үстіміздегі жылы конвейерден алынған соңғы, бес жүз мыңыншы машинаны шығаруға небары екі жыл қажет болды. Демек бұл межеге және осынша қысқа мерзімде біз жұмыс істеушілердің аз санымен жеттік.

— Ал үстіміздегі бесжылдықта еңбек өнімділігінің жайы қалай?

— Үш жыл ішінде жалақының 8,3 процент өсуі барысында өнімділік 18,5 процент көтерілді. Өнеркәсіптік-өндірістік қызметкерлер саны да қысқарды, осы уақыт ішінде 9 мың тонна прокат және 60 миллион киловатт-сағат электр энергиясы үнемделді.

Әйтсе де біздің резервтеріміз соншалықты сарқылған жоқ. Ондай резервтер өте көп. Ресурстарға келсек, біз үстіміздегі жылы 1.650 тонна қара металл прокатын, 12 миллион киловатт-сағат, электр энергиясы мен 13 мың гигакалорий жылу энергиясын, 920 тонна шартты отын мен 600 тонна мұнай өнімдерін үнемдеу мақсатын алға қойып отырмыз.

Әрине, бұл цифрлар оқырмандарға көп жайды баяндай алмайды. Біздің істерімізді көзге көрнекі түрде елестету үшін үнемделген материалдар мен энергетика ресурстары 350 трактор өндіруге жеткілікті екенін айтайын. Осы машиналар екі-үш совхозды олармен жабдықтауға жетеді. Демек бізде бір тракторды шығаруға жұмсалатын металл прокатының шығыны 1980 жылмен салыстырғанда 193 килограмм.

Халық тұтынатын товарлар шығару да жылдан-жылға үдетіліп, олардың номенклатурасы өсіп келеді. Үстіміздегі жылы ғана кеңінен тұтынылатын товарлар өсімі 22 процент артады. Біздің өндірісімізден 5,5 миллион сомның осы товарлары республиканың сауда жүйесіне түседі.

— Виктор Савельевич, трактор жасаушылардың көп мың адамдық коллективінің табыстарына қандай факторлар әсер етті?

— Үнемдеу, адам күштерін және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану тұрғысынан ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін, өндірісті механикаландыру мен автоматтандыруды пайдалануға баса көңіл бөлеміз. Инженерлік-техникалық службалар өздерінің роботтық комплекстерін әзірлеп, оларды мамандарған цехтарға енгізу жөнінен көп нәрсе жасады. Қалдықсыз технология енгізілді, ішінара айтқанда, қазіргі уақытта ұнтақты металлургияны, салқын жаныштау, шлицті бөлшектерді салқын түрде созу әдістерін енгізу жолында жұмыс істеудеміз, мұның өзі барлық жағынан қыруар үнем береді.

Біздің екінші бір ірі резервіміз — адамдар біліктілігінің артуы. Үстіміздегі жылы 5200 трактор жасаушы біліктілігін арттырады, соның ішінде 3000 адам екінші және сабақтас кәсіптерге үйретіледі.

Әрине, белгіленген межелерге жету социалистік жарысты дәлме-дәлдікте ұйымдастырудан, дұрыс жолға қойылған бұқаралық саяси жұмыстан ажырамайды. Еңбек өнімділігінің өсімі, материалдар мен энергетика ресурстарын

Digitized by Google

үнемдеу, өнім сапасын жақсарту жөніндегі көрсеткіштер өндірістік бригадалар мен сменалардың бәрінің міндеттемелерінде бар. Барлық инженерлер мен техниктер, көптеген жұмысшылар 1984 жылға арналған жеке творчестволық жоспарлар жасады.

Коммунистер өріс алған социалистік жарыс авангардында келеді. Олар жарысқа серпін беріп, қалғандарын өз соңдарынан ілестіруде. Бүгінде трактор жасаушылар теңелетін адамдар арасында автомат цехының бұрғышысы, КПСС XXVI съезінің делегаты Сапура Ыбырайқызы Есімжанова, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, № 1 болат құю цехының электр монтері Надежда Константиновна Журавская, трактор құрастыру цехының слесары, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Анатолий Изосимович Казачков пен оның жұмыстас әріптесі, Павлодар облыстық партия комитеті бюросының мүшесі Надежда Григорьевна Семенова, еңбегі сіңген трактор жасаушы, пластмасса учаскесінің бастығы Кенжебек Дәуленұлы Дәуленов, сондай-ақ біз орында мақтаныш ететін кәсіпорынның еңбегі сіңген ондаған басқа адамдары бар.

Біз озық тәжірибені насихаттауды жақсартуға ұмтыламыз. Мұнда партия комитетінің анықтама-информация орталығы енді елеулі роль атқарады. Бұл жерде үгітшілер, саяси хабаршылар, насихатшылар патриоттық бастамалар, таңдаулы өндірісшілер тәжірибесі туралы өздеріне қажетті мәліметтерді жедел таба алады. Цехтың идеология активі ай сайын одан міндеттеменің қалай орындалып жатқаны туралы анықтама материалдарын алады.

Біздіңше тағы бір маңызды сәт бар. Бізде мынадай тәртіп енгізілді, ол бойынша айтылған мәселелер, ұсыныстар, сын-ескертпелер бірден партия ұйымына жеткізіледі. Мұның өзі коллективте болып жатқан істің бәріне мейлінше дереу ұн қатуға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде енді нақты істер табысты шешілуде, адамдар белсенділігі өсіп келеді.

— Иә, мұндай үн қату бұқаралық-саяси жұмыстың жоғары пәрменділігінің бірінші шарты деп айтуға болады, Павлодарлық трактор қалай жетілдіріліп, өнім сапасы қалай жақсартылып жатқаны туралы айтуды өтінген оқырмандар хаттары редакцияға келіп түсуде.

— Әңгімені «ДТ-75МХ» «Қазақстан» тракторының херсондық модификациясынан бастайын, ол «ДДА-100 МА» жауындатқыш агрегатына арналған. Өткен жылы осы модификацияға мемлекеттік Сапа белгісі берілді.

Партия мен үкіметтің халық шаруашылығын жоғары өнімді техникамен қамтамасыз ету жөніндегі шешімдерін орындай отырып, павлодарлық трактор жасаушылар каркасты кабинасы бар ДТ-75МЛ тракторы мен осы трактордың өнеркәсіптік модификациясы—ДТ-75МП «Қазақстан» тракторының конструкциясын жасап, шығаруға әзірледі.

ДТ-75МЛ тракторы қазіргі трактормен салыстырғанда техникалық-экономикалық және сапалық көрсеткіштері өте-мөте көтеріңкі, ауыл шаруашылығы жұмыстарында өнімділігі жоғары. Осының есебінен механизаторлардың еңбек жағдайын жақсартуға, жекелеген тораптар мен бөлшектердің беріктілігі мен пайдалану мерзімін ұзартуға, техникалық қызмет көрсетудің еңбекті көбірек керексінуін кемітуге қол жетуде. Госкомсельхозтехниканың машина сынау станциясының тұжырымы бойынша каркасты кабинасы бар ДТ-75МЛ тракторында механизатордың еңбегі онша қауырт емес деп танылды. Осы маркалы тракторларды шығару 1986 жылдан басталады. Ал алдағы перспективада біздің конструкторларымыз двигателінің қуаты 120 және 130 ат күшіне тең және гидромеханикалық транссмиссиясы бар ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік Т-6 тракторының моделін жасады. Осы трактордың модельдерінде отандық және шетелдік трактор жасаудың жаңа жетістіктері пайдаланылады, олар негізгі тораптар мен жүйелердің күрделі жөндеуге дейін ресурсын 12 мың сағаттан астам қамтамасыз етеді.

Еңбек хауіпсіздігі мен гигиенасы жөніндегі нормативті талаптардың бәрін қанағаттандыратын жаңа каркасты кабина өндірісін әзірлеу аяқталып келеді. Мұндай кабинасы бар тракторлар еліміздің түрлі аймақтарында машина сынау станцияларында сыналып, мамандардан жоғары баға алды. Оларды үстіміздегі жылы шығаруды бастауды ұйғарып отырмыз.

Бірлестікте біздің тракторларымыз пайдаланылатын шаруашылықтар да запас бөлшектердің жұмсалу нормасын кеміту жөнінде жүргізіліп жатқан жұмысты маңызды деп есептейміз. Алдынала жасалған есептеулер бойынша, бесжылдықтың соңына қарай 1980 жылға қарағанда олар кемінде 20 процентке кемітілуге тиіс.

— Ал шығарылып жатқан тракторлар моделінің сапалық көрсеткіштері қалай өсті?

— Ең алдымен үстіміздегі бесжылдықта рекламациялар екі еседей, Павлодар трактор заводының тораптары бойынша үш еседен астам кемігенін ескертейін. Егер бұдан біраз уақыт бұрын біздің заводымыздың тарапына рамалар дәнекерленуінің сапасыздығы, жүріс жүйесі тораптарында майдың ағуы, бекіткіштің нашар тартылуы, борттық передачалардың істен шығып қалуы тұрғысынан заказ берушілерден жиі шағымдар жасалса, қазір бұл ақаулар жойылды немесе барынша азайтылды.

Біз трактор бөлшектері мен тораптарын сырлау технологиясының жүз про-

Digitized by Google

центтік сақталуына қол жеткіздік, бекіткіш детальдардың гальваникалық жабылуына деген қажетті толық қамтамасыз етеміз. Трактордың жүріс жүйесінің аспа кореткасы, бағыттаушы доңғалақ және сақтаушы ролик секілді тораптары «Литол-24» консистентті майымен майланады. Мұның өзі аталған тораптарда пайдаланудың нормативті мерзімінде қосымша май құймай-ақ және оны алмастырмай-ақ подшипниктердің жұмыс істеу қабілетін қамтамасыз етіп, техникалық қызмет көрсетуді тең жартысына жуық қысқартуға көмектесті.

СССР Ғылым академиясы Сібір бөлімшесінің академик А. Г. Аганбегян бастаған ғалымдарының қатысуы арқылы талдап жасалған жұмыс тиімділігін арттырудың комплексті программасы бірлестікте үшінші жыл қолданылуда. Оған басқа алты негізгі және қосалқы программалармен қатар мақсатты комплексті «Сапа» программасы енгізілген. Оған бірлестіктің бас инженері В. Т. Чава жетекшілік етеді. Осы программа қазірдің өзінде айтарлықтай нәтижелер беруде. Өткен жылдың өзінде ғана ақаудан болатын ысырап жарты миллион сомдай кемітілді, «Азық-түлік программасына — жоғары сапалы, сенімді, энергетикалық қуатты техника» ұранымен социалистік жарыс айтарлықтай күшейді. Жұмысшылар арасында «Сапа үздігі» және «Ісмер шеберлер» құрметті атағын алу жолындағы жарыс кеңейді. Өндірістің үш жүзден астам озаты осындай титулға ие болды. Сапалы еңбек үшін моральдық және материалдық ынталандыру шараларының комплексі талдап жасалды. Мәселен, ай сайынғы сыйлықтың 50 проценті сапалы өнім шығаратын жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерге төленеді. Ал сапаның жеке таңбасымен жұмыс істеу правосына ие болған жұмысшыларға негізгі тарифті ставкаға 10 процент көлемінде үстеме төленеді.

Үгітшілер мен саяси хабаршылар өздерінің күнделікті түсінік жұмыстарында шығарылатын өнім сапасы мәселелеріне көп көңіл бөледі.

— Соңғы сұрақ: коллектив бірінші жарты жылдықты қалай аяқтады?

— Жоспар мен социалистік міндеттеме барлық көрсеткіштер бойынша толық орындалды. Халық шаруашылығы өткен жылдың осы кезеңіне қарағанда бірнеше жүз трактор көп алды, оларды шығару сол еңбек ресуртарымен қамтамасыз етілді. Өнімнің өзіндік құны жүздеген мың сомға кемітілді. Сөйтіп сертімізде берік тұрмыз.

Еліміздің озық кәсіпорындарының бесжылдықты мерзімінен бұрын аяқтау және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығын лайықты қарсы алу жөніндегі инициативасы коллективте қызу қосталды.

Коллективіміздің социалистік міндеттемесін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мақұлдағанын біздің бәріміз мақтаныш етеміз. 1200 жұмысшы, 10 бригада 1985 жылғы 9 майға дейін бесжылдық тапсырмасын орындайды. Ұлы Жеңіс құрметіне арналған жарыс өндірістің барлық резервін мейлінше пайдалануға бағытталған.

Әңгімені жүргізген В. ВЛАДИМИРОВ.

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КӨРМЕСІНДЕ

Халық шаруашылығы жетістіктерінің республикалық көрмесі қазір екінші рет қайтадан құрылғандай болып отыр. Бұл күндері павильондарды қайта құру, алаңдарды кеңейту, экспозицияларды жаңарту жөнінен үлкен жұмыстар жүргізілуде. «Қазақстан байланысы» және «Госкомсельхозтехника» павильондарының құрылысына әзірлік аяқталып келеді. Көрме территориясы 50 гектарға дерлік кеңейтіліп, көріктендірілуде. Ол Әл-Фараби көшесіне дейін созылады. Қосымша алаңда демалыс аймағын жасау жоспарлануда, онда жеміс бақтарының үлгі учаскелері, гүлзарлар мен раушан гүлі алаңы, бассейндер, архитектуралық шағын формалар, балалар қалашығы орналасады.

Қайта құру көрме коллективінің республика еңбекшілері жетістіктері мен тәжірибесін насихаттау жөнінен жұмыс жүргізуіне кедергі келтірмейді. «Ауыр өнеркәсіп» павильонында бертінде еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын кеміту жолдары, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды автоматтандырып, механикаландыру туралы әңгімелейтін экспозициялар жасалды. Бұл туралы «Машина жасау өнеркәсібінде қалдықсыз және қалдығы аз технологияны жасау және енгізу тәжірибесі» деген тақырыптық көрме-семинарда толық әңгімеленеді, ол августың екінші жартысында өтеді. Оған республиканың жетекші кәсіпорындары қатысады.

«Құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі» павильонының экспозициялары жаңартылады, онда республиканың озық коллективтерінің құрылыс индустриясының дәрежесін арттыру,

Digitized by Google

ОРМАН — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ БАЙЛЫҚ

Ә. ИСАБЕКОВ,
Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрінің орынбасары

Орманның адам өміріндегі маңызын жете бағалау қиын. Ол ағаш, тамақ өнімдерін, техникалық және емдік шикізаттарды алудың қайнар көзі болып табылады. Қазіргі уақытта орман өнімдерін пайдаланбайтын халық шаруашылығының бірде-бір саласы жоқ. Сонымен бірге орман — бұл айналадағы табиғатты сақтау және жақсарту жөніндегі орасан зор табиғи лаборатория. Оның әсіресе су, топырақ қорғаудағы және денсаулық сақтаудағы ролі орасан зор.

Қазақстанда орман қоры 21 миллион гектардан астам алқапты алып жатыр, оның ішінде жаппай орманды алқап 8,6 миллион гектарға жетеді. Ормандар республиканың бүкіл территориясын периметр бойынша жасыл желекпен қоршаған және барлық табиғи аймақтарда өседі. Бізде қайың мен теректі ормандар, қарағайлы шоқтар мен орманды белдеулер, таулы және сексеуіл ормандары, өзендер жағасында тоғайлы бұталар бар. Оларда жыл сайын 2,5 миллион текше метрге дейін ағаш дайындалады.

Республика үкіметі емдеу, демалыс, туризм аймақтарын ұйымдастыру үшін айналадағы ортаны сақтау режимімен 1.315 мың гектар орманды жерді, сондай-ақ, қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының төңірегінен жалпы көлемі 120 мың гектар жасыл аймақтарды бөлді.

Мемлекеттік орман қорының территориясында құрылған 4 мемлекеттік қорық, 53 табиғи заказник және 29 аңшылық шаруашылығы бірегей орман көріністерінің, сирек және азайып бара жатқан ағаш түрлерінің, бұталы және шөпті өсімдіктердің сақталуына қызмет етеді. 168 орман шаруашылығы мен 25 орман-мелиорация станциясы орман шаруашылығын тікелей жүргізуді жүзеге асыруда.

Орман шаруашылығының қызметкерлері бүгінде ормандарды тұрақты пайдалануды, оларды адамдардың қазіргі, сондай-ақ, болашақ ұрпақтарының мүдделері үшін қалпына келтіруді қамтамасыз етуді өздерінің басты міндеті деп есептейді. Осы аса маңызды принцип-

16 сентябрь — орман қызметкерлерінің күніне.

материалдар мен конструкцияларды ұтымды пайдалану жөніндегі тәжірибесі баяндалады. Келушілер жаңадан құрылған өндірістер — Қазақстан Магниткасындағы қаңылтырды салқын прокаттау цехымен, Жәйрем кен байыту комбинатымен және басқалармен танысады.

Жыл сайын өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға халық шаруашылықтық зор маңыз берілуде. Осы мәселелер бұл күндері жұмыс істеген «Республиканың өнеркәсіп орындарында шығарылатын өнімнің техникалық дәрежесі мен сапасының жайы және оларды жақсарту шаралары туралы» салааралық көрме-семинарда көрініс тапты. Оған стандарттау мен метрологияның Қазақ республикалық орталығы, сондай-ақ республиканың министрліктері мен ведомстволары қатысуда.

«Жеңіл өнеркәсіп» павильонындағы халық тұтынатын товарлардың тұрақты көрмесі партия мен үкіметтің осы маңызды мәселелер жөніндегі шешімдерінің қалай орындалып жатқаны туралы әңгімелейді. Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Шымкент облыстарының кәсіпорындары аса тартымды экспонаттар ұсынды.

«Ауыл шаруашылығы» және «Тамақ өнеркәсібі» павильондарында «Қазақстанның аграрлық-өнеркәсіптік комплексі жұмыс істеуде» деген экспозиция жасалды. Онда озық шаруашылықтардың мысалы арқылы село еңбеккерлерінің Азық-түлік программасын жүзеге асыру жолындағы күресі туралы материалдар арасында қазақстандық ғалымдар жасаған егіншіліктің топырақ қорғау жүйесін енгізудің тиімділігі көрсетіледі, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің индустриалдық технологиясы, мал шаруашылығын өнеркәсіптік негізге ауыстыру насихатталады.

«Тың және тыңайған жерлерді игеру — партия мен халықтың ұлы ерлігі» деген тақырыптық көрме келушілерде зор ынта-ықылас тудырды, ол осы көрнекі оқиғаның 30 жылдығы қарсаңында ашылған еді. Селолық елді мекендерді салудың таңдаулы жобаларының көрмесі де тыңның мүшелді мерекесіне сәйкестендірілді.

Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті ұйымдастырған «Село құрылысындағы индустрияландыру» деген тұрақты көрме бағалы тәжірибені насихаттайды.

Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің мал қораларында қара малдың, қойлардың, жылқының, түйелердің, шошқалардың асыл тұқымдарының, сондай-ақ терісі қымбат хайуандар мен құстардың байқауы ұйымдастырылды.

«Айналадағы ортаны қорғау және республиканың ауа және су бассейндерінің

Digitized by Google

тер СССР Конституциясы мен Қазақ ССР Конституциясында, СССР мен одақтас республикалардың орман заңдары Негіздерінде, Қазақ ССР орман шаруашылығы кодексінде тұжырымдалған.

Оныншы бесжылдық пен үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде бізде орман алаңы 362 мың гектарға ұлғайды, ал ағаш қоры 13 миллион текше метрге дейін өсті. Жамбыл, Ақтөбе, Қызылорда және басқа облыстардың шөлейтті және жартылай шөлейтті аудандарында жайылымды жерлердің құнарлылығын арттыру мақсатында орман шаруашылықтары даланы қорғайтын ағаш егістерін отырғызу жөніндегі жұмыс көлемін ұлғайтуда.

Ормандардың төрттен үш бөлігіне жуығын авиациялық жолмен күзету жолға қойылды. Ауа райының қуаңшылығына қарамастан, қабылданған шаралар нәтижесінде ормандарды өрттен сақтау қамтамасыз етілді. Орман зиянкестерімен күрестің биологиялық әдістері барған сайын кеңінен енгізілуде.

Әсіресе, мектептер орман шаруашылықтары жүргізіп отырған табиғатты қорғау жөніндегі үлкен жұмысты атап өткен жөн. Семей облысының Бородулиха орман шаруашылығы, Павлодар облысының Шалдай және Шығыс Қазақстан облысының Октябрь орман-мелиоративтік станциясы жанындағы мектеп орман шаруашылықтары табиғат байлықтарын молайтуға белсене қатысқаны, оқушыларға еңбек тәрбиесін берудегі табыстары, тұрғындар арасында жүргізген үлкен түсінік жұмыстары үшін жуырда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен наградталды.

Орман ресурстарын анағұрлым толық және тиімді пайдалану жөніндегі шаралар дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Майда жапырақты ағаш түрлерін дайындау мен ұқсату көлемі 770 мың текше метрге дейін өсті, пайдалы ағаш өнімі бір жарым еседен астам көбейді. Ағаш дайындау мен оны ұқсату қалдықтары қазір анағұрлым толық пайдаланылуда. Өткен жылғы осы қалдықтардың 240 мың текше метрі іске жаратылды.

Облыстардың кәсіпорындары орман өнімдерін, ағаш материалдарын өндіру мен өткізудің, аң-құс аулаудың, витаминді жапырақ ұнын өндірудің, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы және күнделікті шаруашылық товарларын шығарудың жоспарлы тапсырмаларын табысты орындауда. Бесжылдықтың басынан бері жоспарға қосымша 5,4 миллион сомның өнімі, оның ішінде 2,2 миллион сомның халық тұтынатын товарлары өзірленді.

Еліміздің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға белсене қатыса отырып, біздің коллективтер ауыл шаруашылығына жасалатын көмекті күшейтті. Жыл сайын оның қажеттері үшін 3 миллион гектарға жуық жайылымдық, шалғындық және егістік жерлер дайын-

---

ластануымен күрес» деген жаңа бөлімде табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен оларды қалпына келтірудің озық тәжірибесі көрсетілген. Бертінде мұнда табиғаттың бірегей мүйісі құрылды.

Экспозицияларда еңбек адамдарына құрметті орын берілуде. Мұнда Жамбыл облысының Жамбыл атындағы совхозының атақты қой өсірушісі Ж. Қуанышбаевтың, Талдықорған облысы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының председателі Н. Н. Головацкийдің, Қостанай облысы «Харьков» совхозының трактористі К. Б. Дөненбаеваның, Целиноград облысы «Шуйский» совхозының егіс бригадасының бригадирі М. Е. Довжиктің, Павлодар облысы «30 лет Казахской ССР» колхозының председателі Я. Т. Герингтің, Орал облысы «Красный маяк» совхозының бригадирі М. Жүнісовтың және басқалардың портреттері қойылған.

Республика халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі тәрбие жұмысының таңдаулы тәжірибесін насихаттайды. «Тәлімгерлік — жұмысшы даңқының эстафетасы» деген көрме жастар ұстаздарының республикалық слеті қарсаңында ашылды. Ол жұмысшы-педагогтардың жас адамдардың кәсіптік шеберлігін арттырудағы, коммунистік тәрбие берудегі және оның жеке басының үйлесімді дамуындағы ролін ашады. Оның базасында тәлімгерлік озық тәжірибесінің сегіз салалық мектебінің сабағы өтті. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетімен және республиканың бірқатар министрліктерімен бірлесе отырып, «Жастардың ғылыми-техникалық творчествосы» (НТММ-84) деген экспозиция әзірленуде. Ол ноябрьде ашылады.

Өндірісті ұйымдастырудың, еңбекті ғылыми ұйымдастыру мен басқарудың прогрестік формаларын енгізу мәселелері тұрақты экспозицияларда, тақырыптық көрмелерде кеңінен баяндалады. Осы проблемалар ауыл шаруашылығында, сондай-ақ ет-сүт өнеркәсібі орындарында еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасын енгізу тәжірибесіне арналған семинарда талқылануда.

Мамандардың оқуына көп көңіл бөлінуде. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана 87 тақырыптық көрме-байқау, ғылыми-практикалық конференция мен озық тәжірибе мектебі ұйымдастырылып, өткізіледі.

Еңбекшілер демалысын ұйымдастыру мақсатында түрлі мәдени-көпшілік шаралар өткізілуде, оған Қазақстан астанасының мыңдаған тұрғындары мен қонақтары келуде.

В. ВАСИЛЬЕВ,
Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі директорының бірінші орынбасары.

Digitized by Google

дау үшін 180 мың текше метрден астам ағаш қоры бөлінеді, 150 мың текше метр құрылыс материалы мен пайдалы ағаштар, 17 миллион сомның ағаштан жасалған өнімдері және басқа бұйымдары беріледі. Қосалқы шаруашылықтар өсіп келеді. Мысалы, Семей облысы Новошульба орман шаруашылығының коллективі 1982 жылдың қорытындылары бойынша таңдаулы қосалқы шаруашылығы үшін ВЦСПС Дипломымен наградталды. Мұнда өткен жылы 108 центнер мал мен құс еті өткізілді. Әрбір еңбеккерге есептегенде 54 килограмм ет, 103 литр сүт алынды. Биыл 400 центнер сүт және 14—15 тонна мал мен құс етін алу жоспарланып отыр.

Орман шаруашылығының техникалық дәрежесін арттыруда ғалымдар мен өндіріс жаңашылдары үлкен роль атқаруда. Олардың күш-жігері арқасында бізде орманға күтім жасаудың прогрестік әдістері игерілді, отырғызылатын материалдарды теплицаларда өсіру жолға қойылды. Питомниктер мен орманды алқаптарда енді гербицидтер кеңінен пайдаланылады. Жұмыстарды механикаландыру дәрежесі ағаш дайындауда 90—98 процентке, ағаш егуде — 92 процентке, ағаш кесілген жерді баптауда — 60 процентке дейін жеткізілді. Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының орман шаруашылықтары микроклиматты реттеудің автоматтандырылған жүйесі бар полиэтиленді теплицалар жасауға кірісті. Мұнда тамыр түйнектері әбден жетілмеген отырғызу материалдарымен орман дақылдарын өсіру де игерілді, осы әдісті Алтай мен Алматы орман тәжірибе станцияларының қызметкерлері әзірледі.

Республика орман шаруашылығының қызметкерлері өздерінің кәсіптік мерекесін жұмыстағы жақсы нәтижелермен қарсы алуда. Алты айдың жоспары барлық көрсеткіштер бойынша толық орындалды. Орман дақылдарын отырғызу жұмысы ұйымдастырылып, қысқа мерзімде өткізілді.

Біздің саланың таңдаулы кәсіпорындары арасында Қостанай облысының Басаман, Семей облысының Новошульба орман шаруашылықтары, Павлодардың Шарбақты орман-мелиорация станциясы, Көкшетаудың Бөрілітөбе, Целиноградтың Сандықтау орман шаруашылықтары, Павлодар облыстық орман шаруашылығы басқармасы бар, олардың коллективтері Бүкілодақтық және республикалық социалистік жарыс жеңімпаздарының қатарында аталды.

«Жетекші кәсіптің таңдаулы жұмысшысы», СССР-дің және Қазақ ССР-нің «Орман шаруашылығының таңдаулы бригадасы» атақтарын алу жолындағы жарыс кеңінен өрістеуде. Қостанай облысының Басаман орман шаруашылығынан В. П. Журавлева мен Семиозер орман шаруашылығынан Д. Д. Дикухтың, Семей облысының Канонер орман шаруашылығынан Ж. Смайловтың бригадалары, Павлодар облысынан Шалдай орман шаруашылығы ағаш тасу автомобилінің жүргізушісі А. М. Турьяновский, Семиозер орман шаруашылығының трактортшы-машинисі А. А. Болибок, орманшылар: Талдықорған облысының Сарқанд орман шаруашылығынан А. Күзеубаев пен Семей облысының Бөкебай орман шаруашылығынан Б. Айтжанов еңбек сайысының танылған жүлдегерлері болып табылады.

Саланың еңбек коллективтері еңбек өнімділігін қосымша 1 процент арттыруға және өнімнің өзіндік құнын 0,5 процент кемітуге міндеттеме алды. Бұл үстіміздегі жылдың өзінде ғана 300 мың сомға жуық кіріс береді. Алайда бізде көптеген резервтер әлі де пайдаланылмайды, сондықтан да міндет — экономикалық жұмысты анағұрлым табанды жетілдіру, бригадалық мердігерлікті батылырақ енгізу.

Жеті кәсіпорын еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жарты жылдық тапсырманы орындай алмады. Оған Солтүстік Қазақстан облысының Полуден және Согринск орман шаруашылықтары, Талдықорған облысының Алакөл және Панфилов, Жамбыл облысының Жамбыл және Көктерек, Көкшетау облысының Үрімқай орман шаруашылықтары жатады. Жыл соңына дейін артта қалушылықты жою қажет.

Қалған уақытта бесжылдық жоспарды орындау үшін 142 мың гектар орман дақылдарын, 11 мың гектар егістікті қорғайтын ағаш егістері отырғызылады. Питомниктерде 600 миллионнан астам көшеттер мен бұталар өсіру қажет.

Халық орманды әрдайым жақсы көреді. Енді орман алқаптарына адамдар көптеп баратын болды. Жеке меншік автомобиль табиғаттың ең шалғай мүйістеріне жаппай баруға жол ашты. Мұның өзі жақсы, дегенмен орманға адамдардың бәрі бірдей ұқыпты қарамайтыны туралы айтпауға болмайды. Кейде тиым салынған жерлерде жас ағаштарды сындырып, от жағады.

Апрель-май айларының өзінде ғана Алматы облысында өрттің салдарынан 50 гектар тамаша орман бүлінді. Біздің қызметкерлер жоғары жеделділік пен жанқиярлық көрсетпегенде, бұдан анағұрлым көп мөлшерде залал келтірілген болар еді. Ал сөндірілмеген шоқ, темекі тұқылдары т. б. сияқты ұқыпсыздық өрттің шығу себебі болып табылады. «Бақанас» совхозынан шопан Садықов, Бәрібаев атындағы совхоздан Оралбаев, Алматы ет комбинатының жұмысшысы Скоблева және басқалар осындай ұқыпсыздық үшін жауапкершілікке тартылды. Кінәлі адамдарға 1500 сомнан астам айып салынды. Бірақ, әрине, бұл қаржы барлық шығынның орнын толтыра алмайды — өйткені орман ондаған жылдар бойы өсіп жетіледі ғой, сондықтан да әрбір адам біздің жасыл желекті байлығымыздың нағыз иесі болуға тиіс.

Digitized by Google



ҮЙДЕГІ ҰҚЫПТЫЛЫҚ

Целиноградта жыл сайын тұрмыстық қажеттерге босатылатын электр энергиясының 7—8 миллион киловатт-сағаты үнемделеді. Бұл керамика комбинаты сияқты кәсіпорынның бір айлық тұтыну мөлшеріне тең. Ауыз суды, жылуды үнемдеу жөнінен үлкен жұмыс жүргізілуде, тұрғын үйді ұқыпты ұстау жолындағы қозғалыс кең өріс алды.

Белең алған жағымды өзгерістер — ұйымдық-техникалық және тәрбие шараларын тығыз қабыстырудың нәтижесі. Мысалы, қалада электр энергиясын қатаң үнемдеудің режимін қамтамасыз ету үшін құрамына негізгі бақылаушы органдардың өкілдері мен халық депутаттары кірген штаб құрылды. Қалалық атқару комитеті қаланың, жарнамалардың, маңдайшадағы жазулардың сырттай жарық түсіруінің, сауда кәсіпорындарының және басқа да коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілердің күзет жарығының нормативтерін тағайындады. Табиғи жарыққа қарай жарық беру аспаптарын жандырып және сөндіріп тұратын фотореле жаппай қолданылуда.

Энергияны қадағалау қызметінде тұрғын үйлерді тексеру кестесі жасалды, ол мүлтіксіз сақталады. Оның мақсаты — энергия ысырабының себептерін дер кезінде анықтау, оның барлық үйлерге міндетті түрде берілуін қамтамасыз ету.

Анағұрлым үнемді электр есептегішті енгізу де ысырапты азайтуға ықпал етті. Абоненттің телефон арқылы алғашқы хабарлауы бойынша есептеу приборларын ауыстыру ұйымдастырылды. Электр энергиясын тұтынуға бақылау жасауды жақсарту үшін жаңа үйдің баспалдақ алаңдарында электр есептегіштер орнатылуда.

Тұрғындардың өздерінің көмегі барған сайын тиімді бола түсуде. Олардың қатысуымен үй басқармаларында үнем режимін сақтау жөнінде топтар құрылды. Жиналыстарда баспалдақ алаңдарында жарықты дер кезінде сөндіруге жауапты адамдар тағайындалды.

Қалалық және аудандық Советтер депутаттарының басқаруымен электр энергиясын рәсуә етіп пайдалануды анықтау жөнінен бұқаралық рейдтерді өткізу практикаға енді.

Электр энергиясы мен жылуды үнемдеу жөніндегі нақты міндеттер көрнекті үгітте, баспасөзде бейнеленеді. Ішінара айтқанда, электр қадағалау қызметті электр энергиясын үнемдеу туралы тұрғындарға жарнама әзірледі. Онда, мысалы, ванна комнатасында, әжетханада, дәлізде жарық түсіру үшін қуаты 15—20 ваттық электр шамдарын пайдалану жеткілікті екені айтылған. Бұл едәуір экономикалық тиімділік береді және сонымен қатар тұрмыстық қолайлылықты төмендетпейді. Бірақ жарық беруді реттеу үйде электр қуатын үнемдеудің бірден-бір жолы емес. Телевизорды, кір жуатын машинаны, тоңазытқышты және басқа да электр приборларын дұрыс пайдалану арқылы да оны үнемдеуге болады. Бұл туралы тұрғындармен әңгімелерді үгітшілер, депутаттар, үй комитеттерінің мүшелері өткізеді.

Бізде қалада орын алған ауыз су тапшылығы күнделікті проблема болып табылады. Бұл тұрғын үйлер мен өндірістік объектілердің тез көбеюі нәтижесінде пайда болды. Қазір сумен қамтамасыз етуді түпкілікті түрде жақсартуға мүмкіндік беретін қуатты су құбырының екінші желісі салынуда. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, халық депутаттары Целиноград қалалық Советінің атқару комитеті өнеркәсіп орындарын техникалық сумен қамтамасыз ету жүйелерін дамыту жөнінен шұғыл шаралар қабылдауға міндеттейтін шешім қабылдады. Іс темір-бетон бұйымдарын дайындауда хлорланған ауыз суды қолдануға дейін барды. Суды тұтыну лимиттері тағайындалды. Бұл ауыз судың 2 процентгейін босатып, оны тұрғындарға беруге мүмкіндік жасады. Енді барлық кәсіпорындарды техникалық суды пайдалануға ауыстыру ұйғарылды.

Сонымен қатар судың аса тапшылығына қарамастан, көптеген тұрғын үй-коммуналдық бөлімдер, басқармалар және тұрғындардың біраз бөлігі суды ысырап ететіні анықталды. Қалалық атқару комитеті депутаттардың басшылығымен мамандар тобын құрды, ол тұрғын үйлер қорына тексеру жүргізді. Оның барысында келеңсіз көрініс анықталды, үйлердің үштен екісіне жуырында тұтынатын су есебін жүргізетін приборлар жоқ екен. Үйлердің ішкі жүйелерінің реттегіш арматурасының бұзылып қалуынан су көптеп ысырап болған. Тексеру қорытындылары қалалық Совет атқару комитетінің талқылауына ұсынылды. Қалалық атқару комитеті өзінің шешімімен тұрғын үй-коммуналдық контор басқармасын 1985 жылға дейін үйлерді су өлшеуіштермен жабдықтауға міндеттеді.

Осы трсте ай сайын су ысырабын тексерудің кестесі әзірленеді. Тексеру нәти-

Digitized by Google

желері бойынша актілер жасалады, онда анықталған ақауларды жоюдың мерзімдері белгіленеді. Тағайындалған мерзім өткеннен кейін қайтадан тексеру жүргізіледі. Мысалы, өткен жылдың бірінші тоқсанында осындай әдіспен ақаулы санитарлық-техникалық арматура арқылы судың рәсуә болуының 156 оқиғасы анықталды. Екінші тексеруге дейін судың ысырап болуының 104 ақауы жойылды. Халық депутаттары қалалық және аудандық Советтерінің әкімшілік комиссиялары су ысырабын тоқтатпаған басшыларға айып салды.

Сумен қамтамасыз етуді жақсартудың және оны үнемдеудің резервтерінің бірі — су құбыры жүйелерінде оның ысырабына жол бермеу. Бізде суды осылай ысырапшылдықпен жұмсауды анықтау үшін электронды-акустикалық аппаратура пайдаланылады. Оны қолдану рәсуә болатын жерді қысқа мерзім ішінде анықтап, ақауды дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Оның үстіне күні бұрын бекітілген кесте бойынша су құбыры жүйелері мен арматураның профилактикалық бақылаулары және алдын-ала жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Осы шаралардың бәрі түсінік жұмыстарымен нығайтылуда. Тұрғылықты жер бойынша үгітшілер, депутаттар, үй басқармасының қызметкерлері тұрғындардың назарын, бір қарағанда онша еленбейтін, кейбір адамдардың әртүрлі сусындарды салқындату үшін пайдалануда, кір жуу мен ыдыс жууда, үй қасындағы учаскелерде бақшаларды суаруда суды шамадан тыс жұмсауы сияқты мәселелерге аударады.

Үнем жолындағы күресте шешілмеген мәселелер баршылық. Бізде ведомстволық тұрғын үйлері бар кәсіпорындар көп. Оларға су өлшегіш аппаратураны алу үшін лимиттер бөлінбейді. Бұл қыруар шығынға әкеп соғады, сондықтан да біз Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінен осы мәселені шешуді өтінеміз.

Ю. СЕМЫКИН,
Целиноград облыстық коммуналдық шаруашылық басқармасының бас инженері.

Сіздің блокнотыңызға

Күрделі құрылыста еңбек өнімділігінің 1 процентті:

— құрылыс-монтаж жұмыстарының қосымша шамамен 700 миллион сом өсімін береді;

— алынған қаржы ірі атом электр станциясының немесе минералдық тыңайтқыш өндіру жөніндегі заводтың құрылысына толық жетеді.

Идеология жұмысының хроникасы

Талдықорған. Облыстың қалалары мен аудандарында «Ұқыпты болайық» деген тақырыпта бірыңғай саяси күн өтті. Еңбек коллективтерінде және тұрғылықты жерлерде сөз сөйлеген баяндамашылар партия мен үкіметтің материалдық және отын-энергетика ресурстарын тиімді жұмсау мәселелері жөніндегі шешімдерінің қалай орындалып жатқанын әңгімеледі.

Ақтөбе. Облыстық ғылыми-техникалық кітапхана Бүкілодақтық өнертабысшылар мен рационализаторлар қоғамының облыстық советімен бірлесе отырып, озық тәжірибені насихаттау күнін өткізді. Оған қатысушылар — өндіріс озаттары, инженерлер . шикізат пен отынды үнемдеу, ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізу жөніндегі жұмыс тәжірибелерін алмасты.

Көкшетау. Мұнда үгіт бригадалары жетекшілері мен активистерінің семинары өтті. Оған қатысушылар қала мен село еңбеккерлерінің жарысын идеологиялық жағынан қамтамасыз ету тәжірибесімен танысты, музейлерде, көрме залында, клубтарда болды.

Целиноград. Тың Есілі өңірінің кәсіптік-техникалық училищесінің сегіз мыңнан астам түлегі биыл жұмысшы табының қатарына қосылады. «Еңбекші жастар» деген жұмысшы мамандығының дәстүрлі мерекесі осы оқиғаға арналды, ол Целиноградта В. И. Ленин атындағы орталық алаңда өтті.


Партия, совет, комсомол қызметкерлері, базалық кәсіпорындар өкілдері, жастар тәлімгерлері, соғыс және еңбек ардагерлері, өндіріс озаттары түлектерді еңбек өмірбаяндарының басталуымен құттықтауға келді. Алаңда үрмелі оркестрлердің марш-парады өтті. Құрама хор «Тыңның жас резервтері» деген әнді орындады.

Орал. Оның тұрғындары қаланың 1919 жылғы ерлік қорғанысының оқиғаларын қастерлеп сақтауда. Блокададан босатудың жылдығын революциялық дәстүрлер күні ретінде атап өту жақсы әдетке айналды.

Облыстық тарихи-өлкетану музейі қорғанысқа қатысушылар туралы суретті документтердің жылжымалы көрмесін әзірледі. Ескерткіштер мен обелискілер жанында салтанатты пионер линейкалары, партия, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер өтті. Қорғанысқа қатысушылар А. В. Болотин мен И. Я. Тишин солбір ерлік күндері туралы әңгімеледі.

Бұл күні облыс кітапханалары мен клубтарында әкелер мен аталардың ерлігіне арналған лекциялар, әңгімелер, әдебиеттер кормелері, кештер өткізілді.

Digitized by Google



Мәдениет және мораль мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

Халық мұғалімі — жас өрімнің рухани дүниесінің мүсіншісі, қоғам өзінің ең қымбаттысы, ең құндысы — балаларды, өзінің үмітін, өзінің болашағын сеніп тапсыратын сенімді өкілі. Осы аса ізгі және аса қиын кәсіп бұған өз өмірін арнаған адамнан тұрақты творчествоны, ойдың тынымсыз жұмысын, орасан зор жан жомарттығын, балаларға сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап етеді.

«Жалпы білім беретен және кәсіптік мектеп реформасының Негізгі бағыттарынан».

БАСТЫ ТҰЛҒА—МҰҒАЛІМ

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттары жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу оны еңбекке даярлау мен кәсіптік бағдар беруді айтарлықтай жақсарту ісіндегі сапалық жағынан жаңа кезеңді анықтады. Біздің Қазақ ССР Оқу министрінің бірінші орынбасары В. К. СИДОРОВПЕН интервьюіміз — мұғалім, бүгінде олардың алдында тұрған талаптар туралы.

— Виктор Кузьмич, мектеп реформасына байланысты ең алдымен мұғалімнің неге бейімделуіне тура келеді?

— Реформа халық ағарту алдына үлкен міндеттер қойып отыр. Мысалға еңбек тәрбиесін алайық. Оны жолға қоюды түбегейлі жақсарту үшін алғышарттар қазірдің өзінде жасалуда. Оқу министрлігі реформаны жүзеге асыру жөніндегі комплексті шаралар жоспарын әзірледі. Мұндай жоспарлар әрбір мектепте де бар. Республиканың Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Финанс министрлігімен бірлесе отырып, тиісті есептер жасалуда. Кәсіпорындарда арнаулы цехтар жоспарлы түрде құрылатын болады, мектепаралық өндірістік комбинаттар т. б. қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықталуда.

Еңбек коллективтерінің мектеп оқушыларын тәрбиелеудегі, оларды еңбекке, өмірге даярлаудағы ролі күшейтілуде. Және бұл жерде «ұсақ-түйектер» болуы мүмкін емес. Мұнда бәрі де маңызды. «Жеткіншектердің жақсы ұйымдастырылған еңбегі, өндірістегі мұлтіксіз ырғақ пен реттілік, жұмысшы бірлігінің, коллективизмнің рухы,— деді КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдас «Орақ пен Балға» металлургия заводының жұмысшыларымен кездесуде,— балаларды іс жүзінде өмір ғылымына үйретуге тиіс. Олардың кәсіпті таңдап алып, игеруіне көмектесуге тиіс».

Бізде мектептер мен өндірістік коллективтердің бірлескен жұмысының тамаша үлгілері баршылық. Олардың бірі — Қарағандының Октябрь ауданының педагогтары мен жұмысшы коллективтерінің тығыз достық ынтымақтастығы. Олардың ортақ күш-жігерімен құрылған мектепаралық өндірістік оқу комбинатын жабдықтармен жарақтандырылуы, реттілігі, өнім көлемі жөнінен қазіргі заманғы заводқа батыл теңестіруге болады. Жоғары класс оқушылары жыл сайын халық шаруашылығына қажетті жарты миллионға жуық сомның өнімін шығарады. Ол аудан шахталарының, заводтарының, фабрикаларының және құрылыстарының заказдары бойынша жасалады.

Балалардың еңбек тәрбиесін күшейту бағытында оқулықтар мен оқу құралдарын қайта өңдеу, мектеп кабинеттерін техникалық жағынан тұрақты жарақтандыру жүргізілуде. Алда үлкен жұмыстар тұр, алайда қазірдің өзінде жаңаша жұмыс істеу қажет. Еңбек пәнінің мұғалімі ғана емес, сондай-ақ барлық пән мұғалімдері нақты практиканы көрсететіндей сабақтарды өткізуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, мұғалімнің әлеуметтік ролі артуға тиіс. Еңбек тәрбиесін, кәсіптік бағдар беруді ғана емес, оқу процесінде оқушыға өмірлік жоспарларды, мақсаттарды, әрбір жас адам өзін арнауға тиіс басты нәрсені қалыптастыру маңызды.

— Мектеп оқушыларының еңбек тәрбиесін күшейту мұғалімнің қазіргі заманғы өндіріс негіздері білімдерін меңгеруін талап етеді, — мұндағы жолдар қандай?

— Партия мен үкіметтің педагог кадрларын даярлауды жетілдіру туралы қаулысында педагогикалық оқу орындары түлектерінің осы заманғы өндіріс негіздерін, политехникалық, еңбекке баулу мен тәрбиелеуді ұйымдастыру әдістерін зерттеп білуіне ерекше назар аудару қажеттігі айтылған. Педагогика институттарының студенттері үшін мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру жөніндегі кеңейтілген курсы енгізілді. Жоғары оқу орындарын ертерек бітір-

---

7 октябрь — мұғалім күніне

Digitized by Google

гендерге көмек ретінде мұғалімдер білімін жетілдіру институттарының жұмысы қайта құрылуда, онда пән мұғалімдеріне сабақ методикасын үйретумен қатар олардың аймақтарының шаруашылық ерекшеліктерімен тығыз байланыста экономикалық білім негіздерін береді.

— Сабақты нақты, өмірлік практикаға жақындатудың қандай тәжірибесі бар?

— Озат мұғалімдердің жұмыс тәжірибесі мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру ісінде маман-практиканттармен ынтымақтастықтың қаншалықты игі ықпал ететінін көрсетті. Айталық, Орал облысындағы Бітік орта мектебінде химия пәнінің мұғалімі Ш. С. Сақташев жемісті еңбек етуде, ол оқыту процесінде лекцияларды да, диспуттарды да, тақырыптық конференцияларды да, мақсатты экскурсияларды да, практикалық сабақтарды да қолданады. Мысалы, мұғалім «Топырақты химиялық жолмен мелиорациялау» тақырыбы бойынша өткен сабаққа «Первомайский» совхозының бас агрономы А. Молдағалиевті шақырды, ол оқушыларды мелиорация түрлерімен таныстырып, ғылымның ауыл шаруашылығын дамытудағы ролі туралы әңгіме өткізді. Сонымен қатар бізде мұғалімдердің көпшілігі творчестволықпен жұмыс істейді. Республикада 430-дан астам еңбек сіңірген мұғалім, ондаған мың халық ағарту үздігі, Социалистік Еңбек Ерлері, еліміздің халық мұғалімдері бар.

Әдебиет сабақтарына қарағанда дәлме-дәлдіктегі ғылымдарға үйрету барысында творчествоға еркіндік аздау деген әңгімелерді естисің. Дегенмен Алматының № 54 мектебіндегі математика сабағында балалар өз мұғалімдері Александр Иванович Аршиновты ерекше зейін қойып тыңдайды. оның пәні олар үшін нағыз поэзия, педагог өзінің сүйікті ғылымын сондай бір шеберлікпен ұсынады. Ал Теміртаудың № 9 мектебі химия пәнінің мұғалімі Вера Николаевна Сметанинаның сабағында отырып, айналаңдағы адамдардың бәрі химияны оқып-үйренуге шындап берілгеніне сене бастайсың. Дегенмен мектепке, балаларға немқұрайдылықпен қарайтын басқа да мұғалімдер кездеседі, оларды көбіне сабақ беруші деп атайды. Мұндай адам мектепте ғана емес, барлық жерде немқұрайлы жұмыс істейтін болады. Міне, сондықтан да педагогика институттарына қабылдау барысында адамның азаматтық, жеке басының әлеуметтік саналылығы факторын, жанқиярлық еңбекке даярлығын ескеру өте-мөте маңызды. Мектеп өзіне шексіз берілген адамдарды қажет етеді.

— Сан қуалаушылыққа тиым салынды. Енді мұғалім жұмысының сапасы қалай анықталады?

— Иә, қазір мұғалімнің бағаның номиналды шкаласы бойынша оның проценті үшін есеп бермеуге правосы бар. Бұдан 15—20 жыл бұрын осындай жағдай мектептердің практикасында болды. Үлгерім проценттері, әрине, шығарылады, бірақ бұл мұғалімнің қызметіндегі басты көрсеткіш болмайды. Балалардың білімі мен шеберлігінің нақты дәрежесі негізгі түйін болады.

Сонымен бірге бір пәннен нашар үлгеретін кейбір балалардың кластан класқа шартты түрде көшірілуіне жол беріледі. Осындай жағдайда сан қуалаушылық, бағаны көтермелеу негіздері өзінен-өзі жойылады. Оның үстіне мектеп оқушылары коллективінің дербес басқаруын күшейту міндеті қойылып отыр.

— Мектеп ісі реформасының Негізгі бағыттарында оқушылардың бойында марксшіл-лениндік дүниетанымды қалыптастыру оларға коммунистік тәрбие берудің мызғымас негізі болып табылатыны атап көрсетілген. Бұл мұғалімдерге жоғары жауапкершілік жүктейді ғой...

— Қазір партия ұйымдары, халық ағарту органдары педагогтардың марксшіл-лениндік оқу проблемасына өте принциптілікпен және нақты қарауда. Жер-жерлерде мұғалімдерге арналған ғылыми коммунизм мектептерінің жүйесі құрылды. Мұғалім семинарларға қатысып, рефераттар қорғай отырып, жүйелі дүниетанымдық даярлықтан өтеді.

Мұғалімдердің саяси хабардарлығы жақсарады. Жезқазған облысында, мысалы, педагогтар коллективтерінде, сондай-ақ мектеп оқушылары арасында бірыңғай саяси күндер дәстүрге айналды. Облыстық партия комитетінің бірінші секретары Н. Г. Давыдов, облыстық атқару комитетінің председателі К. Б. Жұмабеков, облыстық, қалалық және аудандық ұйымдардың басқа да басшылары, кәсіпорын директорлары баяндама жасайды. Целиноград облысында педагогтармен қызықты жұмыс жүргізілуде. Мұнда мұғалімдерге арналған информациялық конференциялар, сұрақ және жауап кештері жүйелі ұйымдастырылады. Қарағандыда, Өскеменде, Петропавлда педагогтар озық заводтарға, облыстың совхоздары мен колхоздарына зор ықыласпен экскурсиялар жасайды.

Осының бәрі мұғалімдердің ой-өрісін анағұрлым кеңейтіп, белсенділігін дамытады, оларды қалалар мен аудандардың бұқаралық-саяси өмірінің белсенді қатысушыларына айналдырады, оқушылармен күнделікті жұмысына баға жетпес материал береді.

Ал мектеп оқушыларының идеялық-саяси тәрбиесіне келетін болсақ, мұнда диспут-клубтар, пікірталас ұйымдастыру сияқты белсенді формалар артықшылыққа ие болуда, онда оқушылар пікірталасы кезінде өз нанымдарын қалыптастыру үшін кез келген сұрақты қойып, оларға білікті жауаптар алады. Әрине, саяси сауатты, идеологиялық даярлығы бар мұғалім ғана осындай пікірталастарын ұйымдастырып, оларды шеберлікпен бағыттай алады. Біздің мін-

Digitized by Google

детіміз — осындай мұғалімді қалыптастыру.

— Реформаның Негізгі бағыттарында, партия мен үкіметтің қаулысында педагогтардың еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту жөнінен ірі шаралар қарастырылған. Олар біздің республикамызда қалай жүзеге асырылады?

— Бұл шаралар көп қырлы, және оларды мұғалімдер терең алғыспен қарсы алды. Біріншіден, үстіміздегі жылдың сентябрінен бастау көзделген жалақыны арттыру. Содан кейін — санаторийлік емдеуді жақсарту жөніндегі шаралар. Біздің республикамызда мұғалімдердің білімін жетілдірудің 21 институты бар, олардың әрқайсысы жанынан санаторий-профилакторий ашылады. Олардың екеуі Алматы мен Арқалықта қазірдің өзінде іске қосылды. Әдеттегідей, жыл сайын 50 мыңға жуық педагог қайта даярлықтан өтетіндіктен, олардың бәрі бір мезгілде Қазақ ССР Оқу министрлігінің профилакторийлерінде денсаулықтарын жақсартуға мүмкіндік алады, Денсаулық сақтау министрлігімен келісе отырып, мұғалімдерді кемінде екі жылда бір рет кәсіптік медициналық тексеруден өткізу ұсынылды. Мұғалімдер мен олардың балалары үшін салалық санаторийлер мен демалыс үйлеріне жолдама бөлу барлық базалық және қамқорлық жасаушы кәсіпорындардың міндеті болып есептеледі.

Әрине, әртүрлі еңбек коллективтерінің мүмкіндіктері де әркелкі және тұрғын үйге деген қажетті барлық жерде бірдей қанағаттандыра алмайды, әйтсе де мұғалімдерге қамқорлық жасау барлық жерде өсті.

Селолық жерлерде мектеп қызметкерлеріне тұрғын үй салу, мал ұстау үшін кредиттер беру қарастырылды. Колхоздар мен совхоздар мұғалімдер үшін бөлшек сауда бағасы бойынша тамақ өнімдерін бөлетін болады.

Материалдық көтермелеумен қатар моральдық ынталандыру да күшейтілді. Балаларды тәрбиелеумен байланысты емес жұмысқа тартпау үшін мұғалімдерді түрлі қосымша жұмыстардан босату жөнінен шаралар қабылдануда. Биылғы оқу жылынан бастап аттестациялау арқылы таңдаулы мұғалімдерге сыйлық беру жүйесі енгізіледі, ерекше көзге түскен педагогтарға Н. К. Крупская атындағы сыйлық, сондай-ақ Ы. Алтынсарин атындағы медаль беріледі. Мұғалімдердің творчестволық жағынан араласуы және мәдени демалысы үшін ағарту қызметкерлерінің жаңа үйлері ашылады.

Республиканың көптеген еңбек коллективтерінде мұғалімдерге зор көңіл аударатыны біздің бәрімізді қуантады. Бұл тұрғыдан Павлодар облысынан бірер факті мынадай. Алюминий заводының дирекциясы мен кәсіподақ комитеті мұғалімдерге санаторийлер мен демалыс үйлеріне жыл сайын жолдама бөлу туралы шешім қабылдады. Олардың балаларына заводтың пионер лагерьлерінен орын беріледі. Июнь айында Екібастұз бен Ермактың әрқайсысында мұғалімдерге 17 пәтерден бөлінді.

Партия, совет, кәсіподақ органдарының, еңбек коллективтерінің осы қамқорлығына мұғалімдер жеткіншек ұрпақты оқыту және тәрбиелеу жөніндегі барлық жұмыстағы жаңа өрлеумен жауап береді.

Интервьюді жазып алған
Г. ЧУМАКОВА.

Сіздің блокнотыңызға

В. И. Ленин ағарту мен мектеп туралы

Адам баласы жасап шығарған байлықтың бәрін білумен ой-өрісіңді байытқанда ғана коммунист болуға болады.

...біздің мектеп жастарға білім негіздерін беріп отыруға тиіс, оларға коммунистік көзқарасты өздері жасай білушілікті үйретуге тиіс, оларды білімді адам етіп шығаруға тиіс.

Қазіргі заманғы жастарды тәрбиелеу, оқыту, үйрету жұмысының бәрі де оларды коммунистік моральға баулу болып шығуы керек.

Өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды жаңарту үшін біз қалай да өз алдымызға: бірінші — оқу керек, екінші оқу керек, үшінші — оқу керек деген міндет қоюымыз керек, сонан соң ғылымның бізде құр жансыз әріп болып немесе модылы желсөз болып қалмауы... ғылымның шынымен қанға да, тәнге де сіңуін, тұрмыстың нағыз мүшелді бір элементіне толық және шындап айналуын тексеріп отыруымыз керек.

Өздеріңді мұғалімдік қызметтің тар шеңберімен шектеуге болмайды. Мұғалімдер еңбекшілердің күресіп жатқан бүкіл бұқарасымен қосылып кетуге тиіс. Жаңа педагогиканың міндеті — мұғалімдік қызметті социалистік жолмен ұйымдастыру міндетімен байланыстыру.

...пролетариат өзінің авангарды — коммунистік партия арқылы да, жалпы алғанда әралуан пролетарлық ұйымдардың бүкіл бұқарасы арқылы да бүкіл халық ағарту ісіне мейлінше белсенді, мейлінше негізді түрде қатысуға тиіс.

Еңбекшілер білімге ұмтылуда, өйткені білім оларға жеңіс үшін қажет.

...біз халық мұғалімінің рухани жағынан көтерілуі жөнінде де, оны өзінің шын жоғары атағын ақтауға барлық жағынан әзірлеу жөнінде де, ал бастысы, бастысы және бастысы — оның материалдық жағдайын көтеру жөнінде де ұдайы, бұлтармастан, табанды түрде жұмыс істеу арқылы жетуге тиіспіз.

Біз коммунистік ағарту ісінің қызметіне жүз мыңдаған керекті адамдарды қоюға тиіспіз.

Digitized by Google

ТИІМДІ ЭКОНОМИКА ЖОЛЫНДА

Жуырда «Актюбтяжстрой» бірлестігі жұмысшыларының әңгімелерін тыңдауыма тура келді. «Осыншама жағар май үнемдеуге болады деп ешқашан ойламаған едім, — деді комбинезон киген жас жігіт Құрмет тақтасын көрсетіп. — Сегіз тонна отын жолда жатпайды ғой». «Ал мұны кім есептеп шығарған екен?» — деп күмән келтіруге тырысты оның жолдасы, бірақ оны ешкім қолдамады. «Жарайсың, Виктор! Бәрімізге жақсы үлгі көрсетуде!» — деді басқалары.

Автогрейдер машинисі Виктор Захарович Пащенконың Құрмет тақтасындағы суретінің астындағы жазулар жұмысшылардың осыншама қызу, талқы лауын тудырды Ол он жыл ішінде сегіз тонна жанар май мен машина майын үнемдеді. Ықшамды жазулар ешкімді немқұрайды қалдыра алмады.

Құрмет тақтасы жанында болған әңгіме көрнекі үгіттегі нақтылықтың, ондағы нақты адрес болуының қаншалықты көп мәні бар екенін тағы да еске салды. Нақты айқындылық, жеделділік, бейнелілік, жалындылық, коллективтің міндеттерімен тығыз байланыс сияқты, үгіт-көркем безендіру принциптерімен қатар осы талапты партия ұйымдары бұрынғыдан жақсырақ ескеретін болды. Бұған жуырда аяқталған көрнекі үгіттің облыстық байқау-конкурсының барысында көз жеткіздік. Өткен жылдарға қарағанда, ол «Экономика үнемді болуға тиіс» деген нақты тақырып бойынша өтті.

Өндірістің жоғары тиімділігі жолындағы күресте, еңбекшілерді бесжылдық тапсырмасын орындауға жұмылдыруда көрнекі үгітті қолданудың аса бағалы тәжірибесін қабыстыру ниетімен осы талап етілді.

Байқау-конкурс пен оның қорытындылары бойынша өткізілген облыстық көрме барысында көптеген, ең алдымен социалистік жарысты жария етудегі қызықты жаңалықтарды табудың сәті түсті. Қазір барлық кәсіпорындарда стендтер орнатылды, оларда бесжылдық тапсырманы аяқтаған бригадалар мен жекелеген жұмысшылар жария етілуде. Олардың материалдары үнемі жаңартылып тұрады және өзіне жаппай көңіл аудартады.

Мысалы, Ақтөбенің хром қоспалары заводындағы социалистік жарыс мүйістерінде қайсыбір бригаданың және бүкіл завод коллективінің бесжылдық тапсырманы аяқтауына қанша күн қалғанын көруге болады. Сөйтіп коллективтегілердің бәрі ортақ еңбектің перспективасын көреді. Трикотаж бірлестігінде бесжылдықтың орындалуы туралы рапорттарды салтанатты түрде тапсыру рәсімі жасалды. Мұнда Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тоқымашы Тәуірше Камалқызы Бисенованы бірінші атады, бүгінде оның еңбек календарында 1988 жыл. Жолдастары озат жұмысшы әйелді қызу құттықтай отырып, оған бесжылдықтың орындалған күні белгіленген алқызыл лента байлады. Бисенованың фамилиясы бірлестіктің Құрмет кітабына жазылды. Бұл жерде бізде облыстық және аудандық газеттерде бесжылдық тапсырмаларын аяқтаған жұмысшыларды құттықтаулар жарияланатыны туралы айтқан орынды. Олар бірінші беттерде суреттерімен бірге басылады.

«Жеңістің 40 жылдығына — 40 екпінді апта» деген патриоттық қозғалыс күш алуда. Коллективтерде әр аптаға арналған көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылданады. Әрбір екпінді вахтаның жеңімпаздары туралы әңгімелейтін «молниялар» альбомдарға жиналады. Олар, СССР-дің құрылуының 60 жылдығы құрметіндегі бүкілхалықтық жарыс материалдары сияқты кәсіпорынның еңбек даңқы музейлерінде сақталады, ал аса бағалылары ескерткіш ретінде, облыстық тарихи-өлкетану музейіне тұрақты сақтауға тапсырылады. Жауынгерлік даңқ мүйістері, «Еңбекте де шайқастағыдай болайық» деген стендтер жер-жерде жабдықталуда, оларда соғыс ардагерлері, кәсіпорын коллективінің қаһарлы соғыс жылдарында майдан заказдарын қалай орындағандары туралы әңгімеленеді.

Бізде еңбекшілерді еңбек өнімділігін арттыру қарқынын жеделдету, жаңжақты үнем мен ұқыптылық жолындағы күреске жұмылдыру үшін көрнекі құралдар кеңінен пайдаланылуда. Мысалы, Ақтөбе ферросплав заводының цехтарында «Осы цифрларды есте сақта» деген стендтер безендірілді. Оларға цехтар және тұтасынан кәсіпорын коллективтерінің еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыру және өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі өз міндеттемесін қалай орындап жатқаны туралы хабар ілінеді. Осы көрсеткіштердің завод, оның бөлімшелері мен жекелеген бригадалары үшін қандай табысқа ұласатыны, түрлі агрегаттар мен машиналардың бір сағат іркілісінің қандай шығындарға соқтыратыны көрсетіледі. Оның үстіне осының бәрі өсу тұрғысынан беріледі — міндеттемелердің қалай орындалып жатқаны ай сайын әңгімеленеді. Экономикалық қызмет бұл ту-

Digitized by Google



Алматы мақта-мата комбинатының алпыс тоқымашысы он екінші бесжылдық есебіне еңбек етуде. Социалистік Еңбек Ері Л. В. Кочетова жеті жылдың тапсырмасын үш жыл және төрт ай ішінде, 1984 жылдың 1 майына дейін орындап шықты.

СУРЕТТЕ: еңбектес жолдастары, комбинат дирекциясы мен қоғамдық ұйымдарының өкілдері Лидия Васильевнаны еңбек жеңісімен құттықтауда.

Суретті түсірген **М. Чумин** (ҚазТАГ).

ралы үнемі бюллетеньдер шығарады, олар барлық цехтарға ілінеді. Олар адамдарға күшті ықпал етеді, яғни оларда шаруашылықты кімнің қалай жүргізетіні, еңбек тиімділігін тұрақты арттыру үшін не істеу керек екені нақты аталады. Және үстіміздегі жылы заводта еңбек өнімділігі 1,6 процент артатынын, ал өзіндік құн 0,5 процент кемитінін қазірдің өзінде кәміл сеніммен айтуға болады. Кәсіпорын коллективінің Серов ферросплав заводының металлургтерімен жарысы туралы стенд тоқсан сайын толтырылады. Одан цифрлы деректерді ғана емес, сондай-ақ жарыстас бәсекелестері мен еңбектес жолдастары — уралдық металлургтердің қалай өмір сүріп, еңбек етіп жатқаны туралы түрлі хабарларды табуға болады.

Заводта «қара тақта» да бар — оған қыдырымпаздардың, хауіпсіздік техникасын бұзушылардың фамилиялары жазылады. Осындай тақтаға жазылу — демек жұртшылықтың қатаң талқысына түсу деген сөз. Әрбір тәртіп бұзу оқиғасы жөнінен қандай шаралар қабылданғаны туралы хабар «қара тақтада» жария етіледі. Басқа кәсіпорындарда да көрнекі үгіт арқылы жоспардан тыс процент жолындағы жарыс кеңінен көрсетіледі. Кондитер фабрикасының кіре берісінде жұмысшыларды «Жұмыс уақытын бағала» деген стенд қарсы алады. «Жұмыс уақытының бір минутын зая жіберу — 186 сомның өнімін кем беру деген сөз». «Ал бір минутта, — деп көрсетіледі онда, — 124 килограмм кондитер тағамдары жасалады».

Облыстық байқауда Ақтөбе трикотаж бірлестігінің коллективіне жүлделі орындардың бірі берілді. Мұнда тақырыптық мүйістер мен стендтерді құру арқылы ілгері басты. Олар — «Еңбегіне қарай абыройы мен даңқы», «Қол еңбегін машиналарға жүктейік», тағы басқалар. Олардың әрқайсысында бағалы және басты деректер — қазіргі кезде коллективке қажетті информация жиналады. Айталық, «Озаттар тәжірибесі — баршаға» деген стендте таңдаулылардың таңдаулысы — он екінші бесжылдықты аяқтап қалған тігінші-моторист, аудандық партия комитетінің мүшесі З. А. Самошинаның, 1987 жылдың үшінші тоқсанының есебіне еңбек етіп жатқан тоқымашы Г. А. Ковальдың және басқалардың жұмыс тәсілдерімен танысуға болады.

Бірлестікте үнем мен ұқыптылық жөніндегі комиссия белсенді жұмыс істейді, және оның бүкіл жұмысы стендтердің бірінде бейнеленген. Коллек-

Digitized by Google

тивтегілердің бәрі жұмысшылар мен қызметшілердің ұсыныстарының, олардың іскер сынының қалай жүзеге асырылып жатқанын көріп отыр, ал мұның өзі резервтерді шын мәнінде жаппай іздестіруге көмектеседі.

«Ақтөбжилстрой» трестінде сапа экрандары үнемі жаңартылып тұрады, одан үздік орындалған жұмыстардың да, ақаулардың да суреттерін көруге болады. Осы экрандардың әрбір жаңа санында бұрын жарияланған сын материалдар бойынша қандай шаралар қабылданғаны туралы хабар беріледі.

Көрнекі үгіт селолық коллективтерде де анағұрлым тегеурінді бола түсті. Ақтөбе ауданында, мысалы, көрнекі құралдарды еліміздің Азық-түлік программасын орындауды насихаттауда, аса маңызды ауыл шаруашылығы науқандарын идеологиялық жағынан қамтамсыз етуде пайдаланудың қыруар тәжірибесі жинақталды. Аудандық партия комитеті көктемгі егіс, егін жинау, мал қыстату алдында партия ұйымдарының бірінің базасында семинар-практикум өткізеді, онда өзге проблемалармен қатар көрнекі үгіт мәселелері қаралады. Семинарға қатысушыларға үгіт машиналарын, егіс қостарын, астық қырмандарын т. б. безендірудің эскиздері таратылады.

Осының бәрі еңбекшілерді жұмылдыру ісіне сенімді қызмет етеді, алайда байқау-конкурс кейбір жерлерде көрнекі құралдар статистикалық жинақтардың беттерін елестетеді. Олар шексіз цифрлар тізбегімен толтырылған. Мұның бәрі, әрине, игі тілекпен, коллектив қызметінің барлық жағын анағұрлым толық көрсету талпынысымен жасалады, бірақ бұдан түсетін пайда шамалы. Адамдардың көрнекілікті қабылдау сезімі әлсірейді. Және осындай «көрнекіліктің» клубтарда, көшелерде, демалыс орындарында қойылуы тіпті үйлеспейді. Біз суретші-безендірушілерді айшықты образдың тақырыпты анағұрлым сыйымды және дәлме-дәл бейнелеп, тауып айтылған, есте қаларлықтай сөзбен байланыстырылуы үшін экономика тақырыптарын бейнелі, әсерлі шешуге бағыттаймыз.

Көрнекі құралдардың дұрыс орналастырылуына үлкен мән беріледі, Бұл кәсіпорындардың көпшілігінде көрнекі үгіт жөніндегі методикалық советтер әзірлейтін жоспарлар негізінде жасалады.

Еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формаларының дамуына орай бригадалық мүйістерді құру қажеттілігі пайда болды, онда жергілікті коллективтердің еңбек және қоғамдық істері айнадағыдай көрінеді. «Ақтөбрентген» заводында әрбір бригадалық мүйісте бригада паспорты қойылған, еңбек өнімділігінің артуы, міндеттемелер және олардың орындалу барысы, өндіріс рационализациясына қатысу, материалдарды үнемдеу көрсетілген. Мұнда жалақы жайымен де танысуға болады. Мұның өзі әрбір жұмысшының өз коллективінің істерін жақсырақ бағдарлауына, демек, оларға белсендірек ықпал етуіне мүмкіндік береді.

Көшелер мен алаңдарды үгіт-көркем безендірудің стилі де өзгеруде. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумынан кейін барлық қалалар мен аудан орталықтарында оларды безендірудің перспективалы жоспарлары әзірленді. Мысалы, Ақтөбеде біздің облысымызда мұнай қойнауларын игеру қалай жүргізіліп жатқанымен, Азық-түлік программасының қалай жүзеге асырылуымен танысуға болады. Стендтердің бірі мектеп ісі реформасы мен оның советтік қоғам үшін қандай мәні бар екені, осы бағытта Ақтөбе облысында қандай жұмыстар белгіленгені туралы әңгімелейді. Қалада орнатылған сәулелі хабаршы аса бай информация береді.

Облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі анағұрлым маңызды мәселелер бойынша баспахана тәсілімен шығарылатын қазақ және орыс тілдерінде плакаттар әзірлеуде. Таяуда еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыру және өнімнің өзіндік құнын кемітуге жолындағы бүкілхалықтық күрестің мәнін түсіндіретін листовкалар әзірленді. Ұрандар сериясы ұқыптылыққа тәрбиелеуге арналды. Олар біздің облысымыз экономикасы салаларының нақты материалдарында құрылды. Олардың екеуінің текстісі мынадай: «Диқан, есіңде сақта! Бір шаршы метрде қалдырылған екі масақ —бұл бір гектарда бір пұт астықты ысырап ету деген сөз. Облыс бойынша астық ысырабы 2 милион пұт құрайды. Осы шығындарға жол бермейік!», «Облыс механизаторлары мен малшылары, жемшөпті үнемдеңдер! Жемшөптің үнемделген бір проценті облыс бойынша 15 мың тонна құрайды».

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы февраль және апрель Пленумдарының шешімдерін, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдастың олардағы сөйлеген сөздерінде айтылған қағидалар мен тұжырымдарды кеңінен түсіндіру облыс еңбекшілерінің творчестволық күш-жігерінің жаңа өрлеуін тудырды, Бұл күндері барлық еңбек коллективтерінде бесжылдық тапсырмаларын, КПСС XXVI съезінің және КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының тарихи шешімдерін орындау жолында табанды күрес жүргізілуде. Көрнекі үгітті ұйымдастырушылар мен суретші-безендірушілердің қызметі осы үлкен мақсаттарға жетуге бағытталған.

А. ШЫҢБАЕВ,
Қазақстан Компартиясы Ақтөбе облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Digitized by Google



Халықаралық өмір мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

ӘСКЕРИ БИЗНЕС АГЕНТІ

АҚШ-тың қазіргі әкімшілігінде «қаскөй қырғи» атағына ие болу оңай емес. Министрлер У. Кларк пен Э. Миз, Орталық барлау басқармасының директоры У. Кейси, АҚШ информация агенттігінің директоры Ч. Уик, олардың қамқоршысы Рональд Рейган туралы айтпағанның өзінде, бірінші антисоветші мен антикоммунистің, соғыс өртін бірінші тұтандырушының атағына толық негізде үміттенуде. Дегенмен осыншалықты қаптаған бәсекелік жағдайдың өзінде біріншілік жұлдесі аса қаскөйлердің, қырғилардың бірі, қазіргі қорғаныс министрі Каспар Уайнбергерге тиесілі екенін мойындауға тура келеді.

66 жасар Уайнбергер — «калифорниялық мафияның» аса қаскөй өкілдерінің бірі, ол калифорниялық Рейган Ақ үйге келісімен мемлекеттік пирогты бөлісуге ұмтылып, «өз» штатының монополиясы үшін көптеген миллиард долларлық әскери заказ түрінде оның тым майлы жентектерін ала бастады.

Уайнбергер қорғаныс министрі болып тағайындалғанға дейін аса ірі трансұлттық «Бектел» монополиясының вице-президенті болды. Ол Калифорнияда орналаса отырып, дүние жүзінің 40 елінде іс жүргізеді. Бұл корпорация қазіргі әкімшіліктің жоғарғы қызметтеріне өзінің бірнеше өкілдерін, ішінара айтқанда, мемлекеттік секретарь Дж, Шульцті, АҚШ-тың Таяу Шығыстағы бертіндегі арнаулы өкілі Ф. Хабибті, шағын тұлғалардың басқа да бірқатар «бетке шығарларын» жіберді.

Уайнбергер шыққан тегі жағынан «билеп-төстеуші топты» толықтырушы американ қоғамының айрықша жігіне жатады. Табысқор юристің баласы соғысқа дейін-ақ беделді Гарвард университетінің заң факультетін бітірді. Жас кезінен-ақ оның мінез-құлқының айрықша қасиеттерінің бірі — мықты дүниеге толық бейімделу, олардың көңіл-күйін тап басу және басшылардың пікіріне дереу икемделу қабілеттері айқын көрінді.

Соғыстан кейін капитан шенінде оралған Уайнбергер «алтынды» штаттың қызмет баспалдақтарымен өрлей бастады, Америкада Калифорнияны осылай деп атайды: 50-ші жылдары ол штаттың заң шығару жиналысының мүшесі, 60-шы жылдардың басында — Калифорнияда республикалық партия орталық комитетінің председателі.

АҚШ-тың қазіргі президенті Калифорнияның губернаторлығына алғаш дауысқа түскен 1966 жылы Уайнбергер қателік жіберіп алды — Рейганның бәсекелесін қолдады. Бірақ ол дереу «түзелді», сөйтіп екі жыл өткеннен кейін Рейган оны штат казначейі етіп тағайындады. Содан бері демеушісі өз сүйенішісіне әбден риза.

Рейган губернаторлық қызметте ішкі саясат мәселелерінде өзінің шектен шыққан кертартпалығын көрсетіп бақты. Әлеуметтік қажеттерге арналған қаржыларды аяусыз қысқарта отырып, ол Уайнбергерден нағыз ынталы қолжаулығын тапты.

Уайнбергердің «финанс тұрғысынан саналылығы мен жауапкершілігі», оның монополия мүдделерін қорғауға жанұшыра ұмтылуы үлкен бизнес топтарында да бағаланды. Никсон мен Форд әкімшіліктерінде үміт күттірген чиновникті түрлі қызметтерде пайдаланды. Алайда 1976 жылы республикашылдардың жеңілісінен кейін Уайнбергер «Бектел» корпорациясы вице-президентінің жайлы орнын иеленіп, саяси сахнадан уақытша тайды. Рейганның Ақ үйге келуіне байланысты оның жұлдызы қайта оңынан туды. «Калифорния мафиясы» билекті сыбанды — оның аспаннан «алтын жауатын сәті» басталды.

Калифорния штаты — бұл АҚШ-тың әскери-өнеркәсіп комплексінің өзегі. Аса ірі әскери-өнеркәсіптік кәсіпорындар, әскери теңіз күштерінің, әскери әуе күштерінің, құрлықтағы әскер күштерінің базалары және теңіз жаяу әскерлерінің корпустары, аса маңызды полигондар, сондай-ақ жанталаса құрылып жатқан космос күштерінің орталығы осында тұр. Мұнда Ливермор мен Лос-Аламоста аса маңызды ғылыми-зерттеу орталықтары да орналасқан, онда американдық ядролық қарудың барлық түрі жасалып жатты. Осы жерде әскери-өнеркәсіп комплексінің жетекші «маңызды трестері», әскери техника сияқты, әскери-стратегиялық доктриналарды әзірлеумен айналысатын ішінара «РЭНД» корпорациясы бар.

Калифорнияның алып қару-жарақ индустриясы АҚШ-тың стратегиялық қаруларының барлық негізгі жүйелерін өндіреді. Пентагонның заказдары бойынша калифорниялық 8850 компания конвейерлерінен «МХ» континентаралық баллистикалық ракеталардың, «Трайдент—2» сүңгуір қайықтарына арналған ракеталардың, Батыс Европаға орналастырылып жатқан «Першинг—2» және қанатты ракеталардың компоненттері шығарылады. Осында «В—1» стратегиялық бомбардировщиктерді өндіреді,

Digitized by Google

«көзге көрінбейтін» деп аталатын «Стелс» бомбардировщигін жасайды.

Сенімді болу үшін Уайнбергерді министр креслосына отырғызып, оны калифорниялық әскери-өнеркәсіп алпауыттарының Пентагондағы жарлығын орындаушы ету ұйғарылды. Нәтижелер онша күттірген жоқ: 1981 жылы-ақ «алтын штат» әскери сатып алу статьялары бойынша ғана 16,9 миллиард доллар алды — мұның өзі қайсыбір басқа штаттағыдан екі есе көп. Келесі жылы пентагондық заказдың 22 миллиард доллары Калифорнияның үлесіне тиді.

Рейганның әскери қаржыларға байланысты мақсаты баршаға жақсы мәлім. АҚШ-тың СССР-ден әскери басымдыққа жету бағытын ашықтан-ашық жүргізе отырып, президент соғыс құдайына барған сайын көбірек құрбандық шалуын талап етеді. Бүгінгі күнде пентагондық бюджет Рейган үкімет басына келгенге дейінгі АҚШ-тың әскери шығындарынан біржарым еседен астам асып түседі.

Өз бастығының ыңғайын жақсы білетін Уайнбергер «рим папасынан да асқан әулие» болуға тырысып бағуда. Әскери бюджетті талқылау барысында ол әскери қаржының әкімшілік конгреске ұсынған мөлшерінен де жоғары цифрларды жанұшыра жақтайды. Мәселен, Уайнбергер 1985 финанс жылына 322 миллиард доллар (яғни, күніне аз-кемі жоқ 1 миллиард долларға жуық) бөлуді талап етті, ол «СССР тарапынан өсе түскен хауіп алдында тірі қалу» үшін «өмірлік қажеттілік». Президент 305 миллиард доллар цифрымен «шектелді».

Сонымен бірге АҚШ-тың мемлекеттік қарызы ешқандай да ақталмаған әскери шығынның орасан зор көлемде ұлғая түсуінің салдарынан астрономиялық мөлшерге-шамамен 1,5 триллион долларға дейін жетті. Осы орайда белгілі американ журналисі Дж. Андерсонның: «Егер оларға тосқауыл қоймаса, Уайнбергер мен пентагондық өзге де ысырапшылдар бүкіл елді ғаріп-қасерлер мекеніне айналдырады» деген пікіріне қосылмау қиын.

Уайнбергердің әскери қаржы жобаларын талқылау барысында заң шығарушылармен шайқастағы төгеурінділігі Ақ үйді ерекше сүйсіндіріп отыр. Оның АҚШ конгресіндегі қарыспалығы туралы анекдоттар айтылып жүр. Рас, Пентагон басшысы әскери шығындарды жанталаса өсіру қарсыластарын патриотизмнің жоқтығымен, «антиамериканизммен» кінәлай бастаған кезде конгресмендердің шынында да күлуге шамалары келмейді. Бұл күлетіндей жағдай емес, өйткені осындай айып тағудан шектен шыққан маккартизм лебі еседі.

Мемлекеттік орынсыз қарыздарды, орасан зор бюджеттік дефицитті туғызатын шамадан тыс әскери шығындарды қалай ақтауға болады?

Қисынды дәлелдері болмағандықтан, Рейган мен Уайнбергердің «советтік әскери қатер», «советтік әскери басымдық» туралы «үлкен өтіріктерге баруына тура келеді.

Геббельстік насихат дәстүрлерінде қалыптасқан бұл өтірік Рейган әкімшілігі таңған Совет Одағына қарсы психологиялық соғыстың негізін құрайды. Оны жүргізуге жүздеген миллион доллар қаржы бөлінуде, мұның барысында аса жетілдірілген техникалық құралдар, орасан зор насихат аппараты пайдаланылады. Осыған орай Уайнбергер кисынсыз өтіріктерге дейін барып отыр. Гитлерлік Германия тарапынан төнген қатер сияқты бүгінгі дүниеде советтік қатер соншалықты зор, — деп лепіреді ол. Фашизммен күресте өзінің 20 миллион ұлы мен қызынан айрылған елдің адресіне мұндай айып тағуға қаскөй антисоветшілердің өздері де бара алмас еді.

Осыған орай Пентагон басшысы бәсеңдік кезінде бірқалыпты дамыған советамерикан экономикалық сауда қарымқатынастары АҚШ-ты өзінің әскери шығындарын арттыруға мәжбүр етті-міс деуге дейін барды. Ол қол қойған Пентагонның конгреске баяндамасында былай деп пайымдалды: «Қазіргі уақытта Совет Одағын күшейтіп отырғанның бәрі дүние жүзіндегі бостандық ісін әлсіретеді». Батыс технологиясы, деп атап көрсетіледі баяндамада, СССР-дің өзінің саяси системасын «либералдандыру қажеттігін болдырмауға» көмектеседі-міс, ол СССР-дің одан әрі экономикалық дамуының «міндетті шарты» болып табылады-мыс».

Уайнбергердің біздің экономикалық гүлденуіміз туралы «аялы қамқорлығына» таңқалып қана қоясың.

Уайнбергер АҚШ-тың әскери-стратегиялық доктринасының өрістеуіне де өзінің атаққұмарлық үлесін қосты. 1982 жылы оның қатысуымен қабылданған «Пентагонның қорғаныс саласындағы директивалары» АҚШ-тың сыртқы саясатын жүргізудің шын мәніндегі аспабы ретінде «созылмалы ядролық соғыстың» концепциясын негіздеді. Кейін ол АҚШ-тағы және шетелдердегі наразы бұқараның алдында осы жалмауыздық директивалардан бекер жалтарды Штаб бастықтары біріккен комитетінің бұрынғы председателі генерал Д. Джоунстың: «Егер сендер ұзаққа созылатын ядролық соғысты жүргізу үшін барлық мүмкіндікті жасауға тырыссаңыздар, онда түпсіз тұңғиыққа құлаумен тынасыңдар» деп мәлімдеуі таңқаларлық жағдай емес.

Шектен шыққан қырғи міне, осындай. Адамзат оның бейнесінен жер бетіндегі ондаған миллион адамдарды қырудың жоспарларын салқын қандылықпен жасаушы қауіпті жыртқышты көреді. Және ол қазіргі Вашингтон әкімшілігіндегі көптеген арбаушылардың бірі ғана.

В. ЛИННИК.

Digitized by Google

«ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ» — «АГИТАТОР КАЗАХСТАНА»

журналына 1985 жылға жазылу жүріп жатыр

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналы партияның ішкі және сыртқы саясатының актуальды проблемаларын жазады, еліміз бен республика өміріндегі аса маңызды оқиғалар туралы әртүрлі хабарлар жариялайды.

Журналда партия ұйымдарының бұқаралық-саяси және тәрбие жұмысының тәжірибесін қорытуға, олардың КПСС XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының және Қазақстан Компартиясы XV съезінің шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін кеңінен көрсетуге көп орын беріледі. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумы өзірлеген идеологиялық, бұқаралық-саяси жұмысты жетілдіру программасының қалай жүзеге асырылып жатқанын ашатын материалдар номер сайын жарияланады.

Саяси, экономикалық және мәдени өмір, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің әртүрлі мәселелері бойынша методикалық талдаулар мен анықтама материал үгітшілерге, саяси хабаршыларға, саяси баяндамашыларға көмек ретінде тұрақты басылып тұрады. Атаулы күндерге, революциялық, мемлекеттік және кәсіптік мерекелерге мақалалар жүйелі жарияланады.

«Ұлы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында», «Үгітшінің бесжылдыққа қосар үлесі», «Азық-түлік программасы — бүкілхалықтық іс», «Бұқаралық-саяси жұмыс: тәжірибе, бастама», «Комплексті тәрбие аясы», «Методикалық шеберлік мектебі», «Атеистік тәрбиені ұйымдастырушылардың сырттай семинары» т. б. сияқты негізгі рубрикалар журналдың мазмұны туралы түсінік береді.

Журнал беттерінде өндіріс озаттары, үгітшілер, саяси хабаршылар, баяндамашылар, тәлімгерлер, сондай-ақ республика министрліктері мен ведомстволарының басшылары сөз сөйлейді. Социалистік жарысты идеологиялық жағынан қамтамасыз етуге, бригадалық мердігерлікті насихаттауға, еңбек коллективтерінің еңбек өнімділігін арттыру қарқынын жеделдету, үнем мен ұқыптылық жолындағы күресіне көп көңіл бөлінеді. Осы мәселелер бойынша методикалық және анықтама материалдар, цифрлар мен фактілер топтамалары жүйелі басылады.

Оқырмандар хаттары, сұраққа жауаптар жүйелі жарияланады.

Журналдың тұрақты тақырыптары — жаңа дәстүрлер мен ғұрыптарды тұрмысқа енгізу, тұрғылықты жер бойынша ауызша саяси үгіт активистерінің жұмысы. Жұмысшы және оқушы жастарға коммунистік тәрбие беру мәселелері анағұрлым кеңінен баяндалады. Жастар аудиториясында әңгіме өткізетін активистерге көмек ретінде материалдарды жүйелі жариялау жоспарлануда.

Журнал қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады. Оның бір данасының бағасы 15 тиын тұрады. Бір жылға жазылу құны — 3 сом 60 тиын.

Журналдың индексі — 75328.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-07, 33-80-56.

33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. ЖҰРСІМӘМБЕТОВА.
Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.

Сдано в набор 26.07.84. Подп. к печати 13.08.84. УГ01283. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 3,52. Печать высокая. Тираж 65 196. (казахское издание — 33 177 экз. русское издание — 32 019 экз.). Заказ 124. Цена 15 коп.

Индекс 75328.


Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



«Өнер» баспасы.

Digitized by Google



Digitized by Google

7 ОКТЯБРЬ – СССР КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ



Қазақстан УҒІТШІСІ

17
1984

Digitized by Google



Қарағанды облысы. «Қаратау» совхозының шопаны Заманбек Бәкенов үш Еңбек Даңқы орденімен наградталды. Ол жыл сайын әр жүз саулықтан 120 қозыдан және одан да көп алады. Коммунист З. Бәкенов совхоз бен ауданның қоғамдық өмірінде де үлкен жұмыс жүргізеді. Ол халық депутаттары поселкелік Советінің депутаты, аудандық партия комитетінің мүшесі, үгітші. Озат шопан үстіміздегі жылы әр жүз саулықтан 125 қозыдан алу үшін күресуде.

Суретте: Заманбек Бәкенов.
Суретті түсірген **В. Петухов** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

17 СЕНТЯБРЬ 1984

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС
XXVI
СЪЕЗІНІҢ
ШЕШІМДЕРІН
ТОЛЫҚ
ОРЫНДАЙМЫЗ

1931 жылдан бері
шығып келеді

Қазақстан Компартиясы
Орталық Комитетінің
баспасы
«Қазақстан үгітшісі», № 17.

НӨМІРДЕ:

КПСС Орталық Комитетінде 2

Партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарының шешімдеріне, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдастың нұсқаулары мен ұсыныстарына сәйкес партиялық жұмыстың стилі мен әдістерін одан әрі жетілдіру, республика еңбекшілерінің үстіміздегі жыл мен бесжылдық тапсырмаларын орындау жөніндегі күш-жігерін жандандыру туралы. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIV пленумында жасаған баяндамасы . 4

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ӘҢГІМЕЛЕР ҮШІН

Д. Избақиев. Советтер елінің Негізгі заңы . 18

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

И. Сибиряк. Бригадалық мердігерлік көмектесуде 21
Ғ. Есмұқанов. Қайтарымды үдете түсейік . . 23

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

А. Ешниязов. Тәжірибе алмасу қажет . . . 26
И. Семенов. Саяси информация клубы . . 27

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ӘҢГІМЕЛЕР ҮШІН

А. Караваев. Бүкіл резерв — бесжылдыққа . 30

Digitized by Google

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ «ЭСТОН ССР БАСШЫ КАДРЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ.

Қаулыда былай деп атап өтілді: Эстония Компартиясының Орталық Комитеті, партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь, 1984 жылғы февраль және апрель Пленумдарының шешімдерін, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдастың нұсқауларын орындай отырып, идеологиялық, саяси-тәрбие қызметіне назарды күшейтті. Республикалық партия ұйымы нысаналы қарсы насихат жүргізеді, шетелдік телевизия мен радионың, реакцияшыл эмиграцияның және клерикалдық орталықтардың идеологиялық диверсияларына тойтарыс беріп отырады.

Еңбекшілер арасындағы саяси жұмыста партия комитеттері басшы кадрларға сүйенеді. Партия, совет, кәсіподақ қызметкерлері, шаруашылық басшылары КПСС мен Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын түсіндіруге және жүзеге асыруға белсене қатысады, идеологиялық, ұйымдастырушылық және шаруашылық қызметтің барған сайын тығыз бола түскен бірлігін қамтамасыз етуде.

Республика Компартиясы Орталық Комитетінің, Жоғарғы Советі Президиумының, Министрлер Советінің басшы қызметкерлері, қалалық, аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьлары, министрлер баспасөз конференцияларында, баспасөз бетінде, телевизия мен радио арқылы жүйелі түрде сөйлеп, халықты басқару органдарының қызметі жөнінде хабардар етіп отырады, сұрақтарға жауап береді.

Олардың қатысуымен бірыңғай саяси күндер, қоғамдық-саяси оқулар, ашық хат күндері өткізіледі. Насихатшылар, баяндамашылар және лекторлар арасында шаруашылық басшыларының саны көбейді. Олардың көбісі үгіт коллективтерін, экономикалық білім беру советтерін, халық университеттерін басқарады, идеологиялық комиссиялардың құрамына енген. Партия комитеттері адамдарды тәрбиелеу үшін басшы кадрларға қойылатын талапты күшейтуде. Бұл мәселелер бойынша әңгімелер өткізіледі, партия және жұмысшы жиналыстарында, Компартия Орталық Комитетінің, қалалық және аудандық партия комитеттерінің бюролары мен пленумдарында есептер тыңдалады.

Басшы кадрлардың саяси-тәрбие жұмысы еңбекшілердің өндірістік және қоғамдық белсенділігін дамытуға, республиканың алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге жәрдемдеседі. Коллективтердің көпшілігінде тәртіп нығайды, жұмыс уақытының ысырабы, кадрлардың тұрақтамауы азайды. Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқару жетілдірілуде. Еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1 процент арттырып, өнімнің өзіндік құнын қосымша 0,5 процент кемітуге жөніндегі социалистік міндеттемелер ойдағыдай орындалуда. Ұлттық табыстың өсу қарқыны бесжылдықтың тапсырмасынан артық.

Сонымен бірге партия ұйымдарының, басшы кадрлардың еңбекшілерге идеялық-саяси тәрбие беру жөніндегі қызметінде кемшіліктер мен олқылықтар бар. Идеологиялық жұмысқа қатысуды басшылардың бәрі бірдей әлі де болса өзінің төл міндеті деп қарамайды. Олардың идеялық-теориялық дәрежесін көтеруіне пәрменді бақылау жасалмайды. Кейбір басшы қызметкерлер әкімгершілікке, өркөкіректікке, дандайсушылыққа жол береді, қызмет бабын өз мүддесіне пайдаланады.

Жекелеген басшылар патриоттық және интернационалдық тәрбиеге тиісті дәрежеде назар аудармайды. Ұлттық қатынастардың, интернационалдық сананың қалыптасу проблемалары терең зерттелмейді. Мәдениет мекемелері мен творчестволық одақтарды басқаратын коммунистерден әдебиет пен өнер шығармаларының идеялық және көркемдік дәрежесі үшін әрдайым бірдей, тиісінше жауапкершілік талап етілмейді.

Партия, совет, кәсіподақ, комсомол қызметкерлері жастар аудиторияларында, сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет, денсаулық сақтау коллективтерінде, халықтың тұрғылықты жерлерінде сирек сөйлейді. Баяндамалар мен әңгімелерге, баспасөздегі мақалаларға кейде нақтылық, нанымдылық, саяси өткірлік жетіспейді. Кейбір насихатшы-шаруашылық басшылары сабақтарға қанағаттанғысыз әзірленеді, оларды өткізуді өз орынбасарларына тапсыра салады. Тәрбие жұмысының жекелей жүргізу әдістері жеткілікті дәрежеде пайдаланылмайды.

Еңбекшілердің әл-ауқатының өсуі олардың идеялық-адамгершілік және мәдени дәрежесінің артуымен ұштастырылуы жөнінде барлық жерде бірдей қамқорлық жасалмайды. Социалистік жарыстың, еңбекті ұйымдастыру мен ынталандырудың бригадалық формасының тәрбиелік әсері жете бағаланбайды. Басшылардың бәрі бірдей мемлекеттік жоспарлар мен міндеттемелерді орын-

Digitized by Google

дауға, жоғары өнімді еңбек пен тұрмыс үшін қажетті жағдайлар жасауға жоғары жауапкершілікпен қарай бермейді. Бірінші жарты жылдықта әрбір сегізінші кәсіпорын өнім беру жөніндегі шарттарды бұзды. Шикізат пен материалдарды үнемдеу жөніндегі тапсырмалар орындалмайды. Бесжылдықтың басынан бері ет пен сүт сатып алу жөнінен артта қалушылыққа жол берілді. Кәсіпорындардың қосалқы шаруашылықтары өте баяу дамытылуда.

КПСС Орталық Комитеті Эстония Компартиясының Орталық Комитетін, қалалық, аудандық партия комитеттерін, бастауыш партия ұйымдарын атап өтілген кемшіліктерді жоюға міндеттеді. Қаулыда басшы кадрлардың ұйымдастырушылық және саяси қызметі кемелденген социализмді жетілдіру міндеттеріне, партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь, 1984 жылғы февраль және апрель Пленумдарының талаптарына толық сай келуге тиіс екені атап айтылған. Бұқара арасындағы күнделікті саяси жұмыстың лениндік стилі мен дәстүрлері барлық деңгейдегі басшылардың ішкі қажеттігіне айналуы маңызды. Олар партияның халықпен байланысын дамылсыз тереңдете беруге, сөзбен ғана емес, сонымен бірге іспен де — еңбекті мінсіз ұйымдастырумен, адам жөніндегі нақты қамқорлықпен, жеке өнегесімен, өзінің моральдық бейнесімен тәрбиелеуге тиіс.

Партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары, басшы кадрлар еңбек коллективтерін өндірісті барынша интенсивтендіруге, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, Азық-түлік және Энергетика программаларын жүзеге асыруға жұмылдыру үшін ұйымдастырушылық және идеологиялық жұмыс құралдарының, формалары мен әдістерінің бай арсеналын шебер пайдалануға міндетті. Халық тұтынатын тауарлар өндіру және қызмет көрсету саласын кеңейту, халықтың тұрғын үй жағдайларын, оларға медициналық және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту мәселелеріне назарды күшейту қажет.

Еңбекшілерге таптық тәрбие беруді күшейту республика партия ұйымының аса маңызды міндеті деп саналсын. Бұқара арасындағы саяси жұмыстың мазмұны адамдар санасы мен білімділігінің өскелең деңгейіне толығырақ сай келуіне күш салынсын. Партияның экономикалық және әлеуметтік саясаты терең де көкейге қонымды етіп түсіндірілсін, социалистік өмір салтының артықшылықтары нанымды насихатталсын. Эстон халқының тарихи тағдыры Совет мемлекетінің дамып, нығаюымен етене байланысты екені жарқын көрсетілсін. Антисоветтік идеологиялық орталықтардың өсек-жаласы дәлелді түрде әшкереленіп, көпірмелер мен жалақорларға лайықты тойтарыс берілсін.

Насихат пен үгіт халықтың түрлі топтарының нақты жағдайлары мен ерекшеліктері ескеріле отырып жүргізілсін. Жастардың идеялық, еңбекте адамгершілік шыңдалуы, оларға әскери-патриоттық тәрбие беру жөнінде тұрақты қамқорлық жасалсын. Ғылыми және суреткер интеллигенцияға партиялық ықпал күшейтіліп, ғылым мен мәдениет қайраткерлері бұқаралық-саяси жұмысқа белсендірек тартылсын.

Эстония Компартиясының Орталық Комитеті, қалалық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары, басшы кадрлар еңбекшілерді советтік патриотизм мен социалистік интернационализм рухында тәрбиелеуді жақсартатын болсын. Осы мақсатта совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына және республиканың гитлерлік фашизмнен азат етілуінің 40 жылдығына әзірлік кеңінен пайдаланылсын. Басшы кадрлар шаруашылық және тәрбиелік қызметтің басқа одақтас республикаларда жинақталған тәжірибесін табанды түрде меңгеруге, халықты СССР халықтарының көп ұлтты мәдениетінің жетістіктерімен кеңірек сусындатуға міндетті.

Республиканың партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары партия шешімдерінің мүлтіксіз жүзеге асырылуы, еңбекшілер арасындағы саяси жұмысқа тікелей қатысуы, шаруашылық қызметтің тәрбиелік нәтижелері үшін басшы кадрлардың жауапкершілігін арттыратын болсын. Бағыныштыларын адамдар басшыдан іскерліктің, партиялық принциптіліктің, адалдықтың, парасаттылықтың үлгісін көрген кезде ғана олардың арасында бүкпесіз, шын пейілді қатынастар қалыптасатыны басшылыққа алынсын.

Кадр саясатында партияның сенімді талапшылдықпен ұштастыру жөніндегі қағидасы бұлжытпай жүзеге асырылсын, сын мен өзара сын дамытылсын. В. И. Ленинің анықтамасы бойынша «істі айтыспен алмастыруға, жұмысты — сөзбен алмастыруға» бейім инициативасыз, тәртіпсіз қызметкерлерден арылу керек. Жергілікті халық ішінен білікті жұмысшы кадрларын даярлау ұлғайтылсын, көп ұлтты коллективтер нығайтылсын.

Эстония Компартиясының Орталық Комитетіне, партия комитеттеріне басшы кадрлардың идеялық-теориялық оқуын табанды түрде жетілдіру, олардың бойында жоғары саяси мәдениет, экономикалық ойдың жаңа типін қалыптастыру ұсынылды. Бұл үшін жоғары партия оқу орындарының, марксизм-ленинизм университетінің, қайта даярлау курстарының мүмкіндіктері жақсы пайдаланылсын.

Қалалық, аудандық партия комитеттері бірінші секретарьларының партия-шаруашылық активі мектептерінің жұмысы үшін жауапкершілігі арттырылсын. Оқу тыңдаушылардың қоғамдық практикасының қажеттеріне жақында-

Digitized by Google

тылсын, олар басқарудың, саяси тәрбиенің пәрменді әдістеріне, педагогика, әлеуметтік психология, социология негіздеріне үйретілсін. Партия саясатының актуальды мәселелері бойынша кадрлар жедел хабардар етіліп отырсын.

КПСС Орталық Комитеті еңбек коллективтері туралы СССР Заңын жүзеге асыруда, социалистік демократияны одан әрі өрістетуде басшы кадрлар үлкен роль атқаратынын атап көрсетті. Олар ұдайы қоғамдық ұйымдарға сүйенуге, жұмысшылардың ортасынан шыққан үнге құлақ асуға, бұқарадан үйренуге, онымен кеңесуге, іскерлік ұсыныстар мен сын ескертпелерді ескеруге, олардың толық жүзеге асырылуына күш салуға міндетті. Әлеуметтік әділет принципі барлық жерде және барлық істе әрдайым орнықтырылсын, хаттар, өтініштер, шағымдар мұқият қаралсын. Еңбекшілер олар үшін ыңғайлы уақытта қабылдансын.

Эстония Компартиясы Орталық Комитетінің, партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының, басшы кадрлардың бұзақылыққа, маскүнемдікке, социалистік меншіктің талан-таражға салынуына, сұғанақтыққа және басқа да право бұзушылыққа қарсы күресті күшейтуі қажет.

Газеттердің, журналдардың, радионың, телевизияның редакциялары еңбекшілерге таптық, патриоттық, интернационалдық тәрбие берудің тәжірибесін жүйелі түрде тұжырымдап, насихаттасын, партия мен мемлекеттің сенген өкілі — басшының сан қырлы өндірістік және қоғамдық қызметі туралы баяндап беретін болсын; әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық қызметтегі кемшіліктердің себептерін ашып көрсетіп, теріс құбылыстарды принциптілікпен сынайтын болсын.

СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, СССР Финанс министрлігіне, СССР Байланыс министрлігіне, СССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетіне бұқаралық информация және насихат құралдарының материалдық базасын нығайту ісінде республикаға көмек көрсету тапсырылды.

Партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарының шешімдеріне, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. ЧЕРНЕНКО жолдастың нұсқаулары мен ұсыныстарына сәйкес партиялық жұмыстың стилі мен әдістерін одан әрі жетілдіру, республика еңбекшілерінің үстіміздегі жыл мен бесжылдық тапсырмаларын орындау жөніндегі күш-жігерін жандандыру туралы

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. ҚОНАЕВ жолдастың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIV пленумында жасаған баяндамасы

Жолдастар! Қазіргі жағдайда партиялық басшылықтың стилін, партиялық жұмыстың формалары мен әдістерін одан әрі жақсарту проблемасы күн тәртібіне барған сайын табанды түрде қойылып отыр. Осы тұрғыдан алғанда партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі, әсіресе 1984 жылғы февраль және апрель Пленумдарының шешімдері, Константин Устинович Черненко жолдастың нұсқаулары мен ұсыныстары бізді нақты, ғылыми

Digitized by Google

негізделген және іс жүзінде тексерілген іс-қимыл программасымен қаруландырады.

Партия жинақтаған өте құнды ұйымдастырушылық және саяси тәжірибе өндірісті барынша арттыру жолындағы табанды күрестің тиімділігіне, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін кеңінен енгізуге, барлық жерде реттілікті, ұйымшылдық пен тәртіпті нығайтуға жәрдемдесуде.

Еліміздің экономикалық, рухани және қорғаныс потенциалының одан әрі ұлғайтылуы, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесінің артуы, олардың еңбектегі және саяси белсенділігінің, кемелденген социализм қоғамының істеріне саналы түрде, мүдделілікпен қатысуының дамуы осынау ауқымды іс-қимылдың нәтижесі болып отыр.

«Басшылық ету стилі мен әдістері, — деп атап көрсетілді КПСС XXVI съезінде, — бүкіл партия үшін, барша халық үшін маңызды мәселе. Мұны күн сайын есте ұстау және барлық жағдайда лениндік нормаларды басшылыққа алып отыру кез-келген партиялық басшының тікелей міндеті».

Лениндік партияның, оның Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдері, Константин Устинович Черненко жолдастың, партия мен үкіметтің басқа да басшыларының мақалалары мен сөздері, КПСС Орталық Комитетінің соңғы кезде қабылдаған бірқатар аса маңызды документтері біздің назарымызды осы түйінді проблемаға шоғырландырады.

Молдавия Компартиясы Орталық Комитетінің партия ұйымдары қызметінің стилі мен әдістерін жетілдіру жөніндегі жұмысы туралы, Эстон ССР басшы кадрларының еңбекшілер арасындағы саяси-тәрбие жұмысына қатысуы туралы КПСС Орталық Комитетінің қаулыларын, Саратов облыстық партия комитетінің, Орел облысындағы Глазунов аудандық партия комитетінің, Қостанай облысындағы «Путь к коммунизму» колхозы партия комитетінің қызметіне қатысты және басқа шешімдерді біздің бәріміз де өзіміздің практикалық қызметімізде мүлтіксіз басшылыққа алып отыруға міндеттіміз.

Біздің іс жүзінде он бірінші бесжылдықтың шешуші кезеңіне аяқ басқанымызды ескеретін болсақ, бұл одан сайын қажет. Қазір республикада істелетін іс пен назар аударарлық қам-қарекет өтемөте көп. Ал қалған уақытты жылдап емес, айлап, апталап есептеуге тура келеді.

Басқаша айтқанда, біз бүгінгі пленумда табыстар мен олқылықтарды сын көзімен салмақтап, үстіміздегі жыл мен жалпы бесжылдықтың тапсырмаларын барлық салалар мен көрсеткіштер бойынша іс жүзінде толық және асыра орындауға неғұрлым нәтижелі түрде жәрдемдесуге мүмкіндік берерліктей негізделген іс-қимыл жоспарын жасауымыз керек.

Халық шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті дамытуға, толысқан социализм қоғамының барлық істеріне шебер партиялық басшылықты қамтамасыз ету ұйымдық-партиялық жұмыстың өзегі болды және солай болып қала береді. Республиканың сан-салалы экономикасындағы істің жайына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұдан бұрынғы пленумдарында егжей-тегжейлі талдау жасалған болатын.

Өткен жарты жылдықтың қорытындылары Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде, облыстық партия комитеттерінде, көптеген қалалық және аудандық партия комитеттерінде қаралды. Бұл қорытындылар республика еңбекшілері өздерінің еңбек абыройын жоғары ұстап, еліміздің экономикалық, рухани және қорғаныс потенциалына лайықты үлес қосып отырғанын, қауырт қарқынмен, ең бастысы жемісті жұмыс істеп жатқанын аңғартады.

Жыл басынан бері біздің халық шаруашылығымыз негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштердің барлығы бойынша айтарлықтай ілгері басты. Өнеркәсіпте 4 процент өсімге қол жетті, бұл жоспарлы тапсырмалардан біршама жоғары. Барлық облыстар, көптеген министрліктер өнімді жоспардан тыс өткізуге қол жеткізді. Еңбек өнімділігі 3,5 процент артты. Өнімнің өзіндік құнын жоспардан тыс кеміту жөніндегі партия тапсырмалары орындалуда.

Құрылысшылар 2,5 миллиардтан астам сомның негізгі қорларын жаңадан іске қосты, 4 миллиард сом күрделі қаржы игерді. Тұрғын үйлер мен жалпы білім беретін мектептерді, кәсіптік-техникалық училищелер мен поликлиникаларды іске қосудың жарты жылдық жоспарлары асыра орындалды.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің қызметкерлері қауырт еңбек етуде.

Ендігі жерде осы игі өзгерістердің бәрін баянды ету, оларды сенімді түрде дамыту, жекелеген позициялар бойынша ілгерілеу, барлық жерде жоспарлы шептерге шығару, олқылықтың орнын толтыру керек.

Бұл оңай міндет емес, бірақ орындауға әбден болатын міндет.

Бұл міндетті өнеркәсіп пен село экономикасының, күрделі құрылыстың, транспорт пен байланыстың, басқа да салалардың тиімділігін арттырудың мол резервтері мен мүмкіндіктері есебінен әсіресе осы резервтер күні бүгінге дейін жарым-жартылап қана пайдаланылып келген жерлерде оларды толық іске қосу арқылы орындауға болады және солай ету керек те.

Артта қалып келе жатқан кәсіпорындарды алайық. Өкінішке қарай, олар кай-кай облыстан да табылады. әсіресе Жезқазған, Торғай, Гурьев, Алматы облыстарында баршылық.

Пәрімбетов, Макиевский, Алыбаев, Жерембаев және басқа жолдастар басқара-

---

Баяндама қысқартылған стенограмма бойынша жарияланып отыр .

Digitized by Google

тын министрліктер жүйелерінде артта қалушылар саны азаяр емес. Энергетика (Казачков жолдас) осал буын күйінде қалып отыр. Темір жолдардың, әсіресе Алматы темір жолының жұмысында тиісінше ырғақтылық жоқ.

Осындай жағдайда талап жолдардың басшылығына ғана емес, сондай-ақ партия және совет органдарына, соның ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің тиісті бөлімдеріне де қойылатын болуға тиіс.

Қостанай (Демиденко, Сағдиев жолдастар), Қарағанды (Коркин, Іңкәрбаев жолдастар), Солтүстік Қазақстан (Степанов, Болатбаев жолдастар), Семей (Құбашев, Еременко жолдастар), Маңғышлақ (Мұқашев, Горшенин жолдастар) және басқа да облыстардың өнеркәсібі шарт бойынша өнім беру жөнінен борышты болып қалып отыр.

Тәкежанов, Бекболатов, Мырзағалиев, Ибрагимов, Караваев, Егоров жолдастар басқаратын министрліктер мен ведомстволардың жекелеген кәсіпорындары өнім беру жоспарларын орындамайды. Бөлшек сауданың товар айналымы жөніндегі тапсырмалар кем орындалды (Танцюра, Тәнекеев жолдастар). Тұрмыстық қызмет кәсіпорындары (Жомартов жолдас) бір миллионнан астам сомның қызметін кем көрсетті.

Ет және сүт, Тамақ өнеркәсібі, Жеміс-өсімдік шаруашылығы, Балық шаруашылығы министрліктерінің (Алыбаев, Тымбаев, Жерембаев, Саржанов жолдастар) атына жергілікті жерлерден көптеген орынды арыз-шағымдар айтылуда. Өндіріске жұмсалатын күрделі қаржы едәуір арта тұрып, осы салалардың бірқатар кәсіпорындары жоспарларын үнемі орындамайды.

«Село сүт пен малды кем берді», — деп Алыбаев жолдас мұндай сәтсіздіктерді кейде тіпті оп-оңай түсіндіреді. Ал, айталық, Гурьев, Көкшетау, Торғай және Жезқазған облыстарында сүт дайындау жоспарлары асыра орындалса да осы облыстардың сүт заводтары өнім өткізу жөніндегі бірінші жартыжылдықтың жоспарларын неге орындамады — министр мұндай жағдайдың не себепті болып отырғанын анықтағысы келмейді.

Осындай және басқа мүлде қалыпсыз құбылыстардың негізінде аталған министрліктер мен ведомстволардың, тиісті партия, совет, шаруашылық кәсіподақ және комсомол органдарының жарамсыз жұмыс стилі, халықтық бақылаудың енжарлығы, бұқаралық информация құралдарының жасқаншақ, кейде тіпті жалтақтық позициясы жатыр.

Кейде күш басқа зая болады — мәжіліс құмарлық, қарбалас пен көпірме сөзге, алуан түрлі мәліметтер жинауға, бұйрықтар мен нұсқаулар жазуға кетеді. В. И. Ленин сонау 1922 жылдың мартында былай деп ескерткен болатын: «Шынында да біз үнемі мәжіліс өткізе беретін, комиссиялар құрып, жоспарлар жасай беретін адамдардың кейібіне түсіп отырмыз, ал мұның өзі өте жаман кейіпке түсу екенін де айта кету керек».

Бұдан бұрынғы пленумдарда Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі (Пәрімбетов жолдас) әділ сыналғаны Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мүшелерінің есінде. Демек, тиісті қорытынды жасалуы керек сияқты еді. Ал осы министрлік жақында партияның Орталық Комитетіне қандай хабар жолдағанын қараңыз:

«Үстіміздегі жыл мен жалпы бесжылдықтың жоспарларын толық және асыра орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, саланың көптеген кәсіпорындарының коллективтері белгіленген жоспарлар мен көтеріңкі социалистік міндеттемелерді ойдағыдай орындауда. Алайда 16 кәсіпорында (бұл олардың үштен біріне жуығы) технологиялық жабдық қарап тұр, — деп хабарлайды министрлік. — Жалпы алғанда цемент, шартты кірпіш, құрастырмалы темір-бетон жоспардағыдан кем шығарылды. 13,9 миллион сомның товарлы өнімі кем берілді».

Министрлік қызметкерлері одан әрі де ешбір жауапкершілікті сезбестен былай деп жазды: «Кәсіпорындардың жұмысын жақсарту мақсатында шикізатпен, отынмен, энергиямен қамтамасыз ету және технологиялық жүктерді темір жол транспортымен дер кезінде жеткізу ісінде Орталық Комитеттен көмек көрсетуді өтінеміз».

Басқаша айтқанда, Орталық Комитет министрліктің міндетін мойнына алуға міндетті де, ал оның басшылары тек осындай қатынас қағаздарға қол қойып қана отыратын болмақ. Бұл жерде бәрі де керісінше жасалып отырған жоқ па?

Кейбір министрлік, ведомство, кәсіпорын партия органдарын өздерінің өтімді дәнекершісі ретінде пайдаланғысы, қызмет бабы бойынша жауапкершілік жүктелетін адамдарды барлық жауапкершіліктен құтқарғысы келетінін дәлелдейтін көптеген фактілер бар.

Күрделі құрылыс туралы айтқанда, мұнда, КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы декабрь, 1984 жылғы февраль Пленумдарында атап көрсетілгеніндей, жекелеген элементтерді ғана пысықтап қоймай, бүкіл құрылыс конвейерін реттеу, саланың ұйымдық құрылымын, оның басқа бөлімшелермен өзара іс қимылын жетілдіру маңызды екенін атап өткен мақұл.

Айталық, тіпті Алматының өзінде ірі панельді құрылыс салдыр-салақ жүргізілетіні, бірқатар цемент заводтары ылғида олқылыққа малтығып, соның салдарынан цементті алыстан тасуымызға тура келетіні жөн бе? Ал біздегі қуаты аз ведомстволық құрылыс ұйымдары қаншама? Олардың кейбіреулері нульдік циклден аса алмайтындай дәрменсіз. Олар туралы «іргеші» деп бекер айтылмаған: яғни іргетас қаланады да, сонымен іс тәмәмдалады.

Басқа да олқылықтар бар. Олар, ең алдымен, жұмыстың жіті ұйымдастырыл-

Digitized by Google

мауы, шашыраңқылық, жоба—смета документациясы мен жабдық жеткізудегі елеулі сәйкессіздіктер, жоспарсыз объектілер.

Бірқатар жерлерде іске қосылатын объектілердің кезінде пайдалануға берілмеуі, әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық құрылыстар мен тұрғын үйлердің сапасыз салынуы бір дағдылы кеселге айналған.

Партия комитеттерінің ең бірінші міндеті — салаға іс жүзіндегі басшылықтың стилі мен әдістерін түбегейлі өзгерту, жұрттың бәріне жақсы мәлім кемшіліктерді батыл жою. Ал бұл іске комсомол мен жастар неғұрлым белсенді қатысады деп үміттенуге хақымыз бар. Республикада әрбір құрылыс екпінді еңбектің, білгір шаруақорлықтың, коммунистік тәрбиенің шынайы мектебіне айналуы қажет.

Жолдастар! Барлық партия, совет, шаруашылық органдары белсене қатыса отырып шешетін үлкен мәселе—халық тұтынатын товарлар өндірісі. Жақында бұл проблема республикалық партия-шаруашылық активінің жиналысында егжей-тегжейлі қаралды.

Істің жайы, әрине, жақсарып келеді. Халыққа арналған товарлар жөніндегі бірінші жартыжылдықтың жоспары асыра орындалды. Бұл жалпы республика бойынша. Ал жеке-жеке алғанда жағдай өте алаңдатарлық. Біреулер жұмысты жақсы істейді, ал екінші біреулер селқос істейді. Солтүстік Қазақстан облысында көпшілік қолды товарлар шығару жөніндегі жарты жылдық тапсырма орындалмай қалды. Ақтөбе, Жамбыл және Семей облыстарында мұндай товарлар өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден кем шығарылды.

Сондай-ақ Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі (Алыбаев жолдас) мен Қазақстан Тұтынушылар одағы (Тәнекеев жолдас) жарты жылдық тапсырманың орындалуын қамтамасыз етпеді.

Товарлардың түр-түрі мен сапасы және, әсіресе тұрмыстық қызмет мәселелері Талдықорған, Қызылорда, Орал, Ақтөбе, Гурьев және тіпті Алматы облыстарында бұрынғысынша өткір күйінде тұр.

Бізде бұл туралы көп айтылады, жазылуы одан да көп, бірақ, егер әділін айтсақ, әсіресе принципті сынға дұрыс көзқарас тұрғысынан алғанда, істеліп жатқан іс мүлде жеткіліксіз. Кейде жең ұшынан жалғасып жатқан томаға тұйық сауда—коммуналдық «қамалдар» пайда болады, оларға ешқандай сын өтпейді.

Сауда мен тұрмыстық қызмет, коммуналдық, медициналық қызмет саласы, мәдениет пен спорт мекемелері — осының барлығы бұл қызметтерді қара басының қамы үшін пайдалануға тырысатын жылпостар үшін емес, еңбекші халық үшін екенін есте сақтап, мұндай құбылыстарға барынша қатаң түрде принципті баға беру керек.

Жақында республика комсомол ұйымдарының балаларға арналған товарлар шығаруға тұрақты қамқоршылық жасауы жөнінде ізгі инициатива білдірген комсомол бұл жерде үлкен роль атқара алады және атқаруға тиіс. Комсомол қамқоршылығын басқа да салаларға тарату, атап айтқанда, «тұрмыстық қызметке — комсомолдық қамқорлық» қозғалысын қайтадан жандандыру керек.

Бізде артта қалушыларды болғызбай, қолдағы қуаттарды толық күшінде пайдаланып, жаңа қуаттарды барынша игере отырып, әрбір учаскеде жоғары еңбек мәдениетімен мінсіз, тиімді және сапалы жұмыс істеу үшін барлық мүмкіндіктер бар. Бірақ бұл үшін жұмыстың, ең алдымен партия жұмысының стилі мен әдістерін өзара сын тұрғысынан қайта бір тексеріп, оны индустрияның, күрделі құрылыстың, транспорт пен байланыстың барлық салаларында, қызмет көрсету саласында партия қойған талаптар деңгейіне шығару, үстіміздегі жыл мен бүкіл бесжылдық тапсырмаларының ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету керек.

Қабылданған міндеттемелерге сәйкес, республика өнеркәсіп программасын мерзімінен үш күн бұрын орындауға, құрылыста — көптеген объектілерді пайдалануға беруге, барлық басқа салаларда — белгіленген тапсырмаларды асыра орындауға тиіс. Біз берген уәдемізді орындауға тиіспіз.

Партиялық және шаруашылық басшылықтың стилі мен әдісі туралы айтқанда мәселелердің тағы біріне тоқталғым келеді. Әңгіме жергілікшілдіктің, келеңсіздіктің келелі перспективаға нұқсан келтіре отырып, бір сәттік пайдаға иек артудың көріністері жайында болып отыр.

Иә, біздің тындырып жатқан істеріміз аз емес. Бірақ қараңыздаршы, кейбір жерлерде кейіннен солардың қаншасын қайта жасауға тура келіп жүр? Ал мұндай «стиль», турасын айтқанда,— тек экономикаға ғана емес, сонымен қатар адамдардың коммунистік тәрбиесіне де тікелей нұқсан.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII[1] пленумында жоспарлар мен тапсырмаларға түзету жасауға болмайтыны туралы қатты айтылды. Бірақ осы жарамсыз практика әлі күнге дейін орын алып келеді. Сіздердің қай-қайсыңыз да бұл жөнінде көптеген нақты фактілер келтіре аласыздар.

Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің (Ибрагимов жолдас) бір өзі ғана қарамағындағы ұйымдардың тапсырмасын 75 рет азайтқан. Сонда мынадай сұрақ туады: егер өз сөзінде тұра алмайтын болсаң, соншама бос сөзді айта беріп не керек?

Басқару мен шаруашылық жүргізудің қазіргі әдістерін меңгере отырып, ең алдымен, экономикалық ойлау жүйесін қайта құру, кесірлі дағдылар мен әдістердің кеселін үзілді-кесілді жою, оларға қарсы ымырасыз белсенді күрес жүргізу, келісімпаз шала-шарпы шаралармен шектеліп қалмау керек. Басқаша емес, дәл осылай істеп үйрену — әрбір басшының, әрбір ұйымдастырушының,

Digitized by Google

сайып келгенде,— әрбір коммунистің парызы және мәртебелі міндеті.

Қандай да болсын партия органының стилі іскерлік пен принциптіліктің, істің орындалуын ұйымдастыру мен оған бақылау жасау бірлігінің, кадрларға сенім көрсетіп, оны жоғары талапшылдықпен ұштастырудың үлгісі болуға тиіс екені жалпыға мәлім. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар өз қызметін нақ сол партия комитеттерінің жұмысына қарап салғастырады.

Демек, қандай да болсын партия комитеті қоғам өмірінің барлық саласында партиямыз атқаратын ұлы ролді нақты ескере отырып, іс-қимыл жасауға тиіс. Басқаша айтқанда — өзгеге үлгі боларлықтай, қатаң коллегиялы түрде, әрбір сәттің бүкіл ерекшеліктерін ескере отырып, ең алдымен, Константин Устинович Черненко жолдастың атап көрсеткеніндей, жұмысшы табының ойымен, оның ғаламат зор әлеуметтік-саяси тәжірибесімен және таптық сезімталдығымен үнемі салыстыра отырып, іс-қимыл жасауға тиіс.

Партиямыздың айбынды штабы — лениндік Орталық Комитет және оның Саяси Бюросы осы тұрғыдан алғанда шын мәніндегі үлгі болып табылады.

Біздің бәріміз партия тұрмысының лениндік нормаларын барлық жерде қатаң сақтауға, экономикадағы, әлеуметтік қарым-қатынастағы, еңбек пен тұрмыстағы қандай да болсын жағымсыз көріністерге ымырасыздық ахуалын жасауға міндеттіміз.

Ал осының бәрін, әлбетте, өзімізден, біздің облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің, парткомдардың және бастауыш, цехтық партия ұйымдары партбюроларының іс-қимылынан бастауымыз керек. Олар өмір тынысын тап басып аңғара ала ма, саяси басшылықтың беделді органы болып отыр ма, заман рухына сай жұмыс істей ме, халық сенімін қадірлей ме — міне осыларды ұдайы тексеріп, біліп отыру керек.

Парткомдары жоқ бастауыш партия ұйымдарында, цехтық ұйымдарда, сондай-ақ партия топтарында есеп беру мен сайлауға байланысты бұл ерекше маңызды. Осынау маңызды науқан кезінде одан бұрынғы есеп беру мен сайлаудың тәжірибесін жақсы ескеріп, баянды ету, бүкіл жұмысты «Партияда есеп беру мен сайлаудың негізгі қорытындылары және партия ұйымдарының міндеттері туралы» КПСС Орталық Комитеті қаулысының қағидалары мен тұжырымдарына қатаң сәйкес құру керек.

Бізде ашық талдау жасаудан, өзара сын тұрғысында әңгімелесуден қорқатындай, сын мен өзара сыннан жалтаратындай, ақауларды, олқылықтар мен сәтсіздіктерді жасырып-жабатындай ешқандай негіз жоқ. Біз мұны бірінші рет айтып отырғанымыз жоқ, іс жүзінде өткір фактілерді әрқашанда және барлық жерде, кез-келген дәрежеде келтіріп жүрміз. Басқаша болуы мүмкін де емес. Бірақ, жолдастар, кемшіліктерді жою жөніндегі орасан зор жұмысқа қарамастан, олар көбінесе қайта жаңғырып, былайша айтқанда, жаңа түр мен формада қайта туындап шыға келеді.

Мұның негізгі себебі неде?

Тым тоқмейілсушілік, жайбарақаттық, босаңсушылық, партия жұмысын жете білмей, формальды түрде жоспарлаушылық фактілерімен әлі де болса ұшырасып қалып жүрміз, міне осыдан келіп ебедейсіз іс-қимыл туады. Жанды іс неше түрлі штабтар мен комиссиялардың мәжілістерінде, ойластырылмаған командировкаларда, қағаз тасқынында тұншығып, аяқсып қалатынын, ақыр-аяғында, бақылау жасау мен шешімдердің нақты орындалуы күні осы уақытқа дейін стиль мен әдістің ең әлсіз буыны болып отырғандығын дәлелдейтін мысалдар бар.

Мәселен, бесжылдықтың аса маңызды екпінді құрылысы—Жәйрем кен байыту комбинаты жөніндегі КПСС XXVI съезінің директивалық нұсқауларын орындауға нақты бақылау жасауды мүлде ұмытып кеткенде, Жезқазған облыстық партия комитеті, оның бюросы мен бірінші секретары Давыдов жолдас не ойлады екен? Жәйремге Түсті металлургия министрлігі де (Тәкежанов жолдас), республика Компартиясының Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің тиісті бөлімдері де жете көңіл бөлмегенін айта кету керек.

Бірақ облыстық партия комитетінің өз позициясы қандай жағдайда да ешуақытта енжар болмауға тиіс қой. Егер қиын жағдай қалыптасқан болса, қол қусырып қарап отырмай, былайша айтқанда, жан-жақты дабырлата дабыл қағу керек.

Алайда осы облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің қызмет аясында «ақ таңдақ» болып отырған жалғыз Жәйрем ғана емес. Облыста мемлекеттік және кооперативтік сауда, халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, еңбекшілердің хаттары мен өтініштеріне байланысты жұмыс, қоғамдық тәртіп, идеологиялық жұмыс сияқты аса маңызды учаскелер бетімен жіберілген болып шықты.

Жолдастар, бізде кейбір партия комитеттері қабылдаған бірқатар қаулылар тіпті орындалмай қалады. Мұндай шешімдер жадағай-жайдақ, көп сөзді, тұрлаусыз болып келеді. Қызылорда облыстық партия комитетіндегілер (Есетов жолдас) ескі тақырыпқа жаңа қаулы шығаруға әуес. Мұнда селодағы құрылыс жөнінде талай рет шешім қабылданған. Бірақ олардың бірде-бірі орындалған емес. Көңілдегі көрікті ойдың бәрі де қағаз жүзінде қалды. Бұл жерде Владимир Ильич Ленинің 1921 жылы жазылған мына бір сөздерін қалай еске алмассың: «Бізде қарарлардың көп жиналғаны соншалық, оларды ешкім оқымайтыны былай тұрсын, тіпті жинамайды да. Біз қарармен емес, іспен айналысуға тиіспіз».

Бізде қағаз бен телефонның құдіретті күшіне кереметтей сенетін, іскерлік ко-

Digitized by Google

мандировкалардың орнына «атүстінен» желе-жортып өтетін, ал жұмыс істеудің орнына — ақпар мен мәлімет жинайтын адамдар әлі де бар.

Торғай облысындағы Амантоғай аудандық партия комитетінде (Дүйсенбаев жолдас) жұмыс уақыты түгелдей дерлік көптеген шешімдер әзірлеуге кетеді. Мұнда қаулылар үсті-үстіне тоғытылып жатады, өткізілетін кеңестер мен мәжілістерде шек жоқ, ал аудандық партия комитетінің қызметкерлері аудан еңбекшілерінің арасында барған сайын сирек көрінетін болды.

Шығыс Қазақстан облысындағы Глубокое аудандық партия комитеті (Мамонтов жолдас) үш жылдың ішінде 1644 шешім қабылдаған — өмірдің барлық құбылыстарын түгел қамтыған дерсің. Мұнда бюро мәжілістерінде елуге дейін, тіпті одан да көп мәселе қаралады. Ал соның нәтижесі қандай? Табиғат жағдайы ешкімнен кем соқпаса да бұл аудан өз көрсеткіштерін жылдан жылға төмендетіп барады.

Жамбыл облысындағы Луговой аудандық партия комитеті (Стародубцев жолдас) жұмысты ескі әдіспен істейді. Мұнда да жыл басынан бері жүздеген мәселе қаралған. Тек май айында ғана аудандық партия комитеті жанынан мынадай штабтар құрылыпты: жемшөп жөніндегі штаб, дәнді және техникалық дақылдар жөніндегі штаб, қой қырқымы жөніндегі штаб және тіпті ешкі сауу жөніндегі штаб. Штабтардан аяқ алып жүре алмайсыз, ал бірақ одан не шықты? Тіпті аудандық партия комитетінің өзінде де тәртіп шамалы. Қызмет жағдайын теріс пайдаланып, елеулі қылмыс жасағаны үшін екінші секретарь қызметінен босатылды. Аудандық халықтық бақылау комитетінің председателі орнынан алынды. Ауданда үш жылдың ішінде номенклатурадағы қызметкерлердің тең жартысынан астамы ауыстырылған.

Ал облыстық партия комитеті (Жақыпов жолдас), былайша айтқанда, жүз жыртыспау үшін осындай құбылыстар мен фактілерді тіркеумен ғана отыр.

Жолдастар! Қазір шаруашылықпен шұғылдану дегеннің мәнісі—партия көрсетіп отырғанындай, ең алдымен шаруашылықты жүргізетін адамдармен шұғылдану екенін түсінудің ерекше зор маңызы бар. Бұл тұжырымды барынша нақты мазмұнмен толықтырған жөн.

Ол ғылым мен мәдениеттің, ағарту мен жоғары мектептің барлық салаларымен, идеологиялық мекемелермен, творчестволық одақтармен, қоғамдық ұйымдармен, әкімшілік органдарымен, армия бөлімшелерімен, қысқасы, коммунистер бар жердің бәрімен партия комитеттерінің қатынасына түгел қатысты екені түсінікті.

Партиямыздың кадр саясатын басты назарда ұстап отырғаны белгілі. Қазақстан Компартиясында да қыруар іс істелуде. Соңғы есеп беру мен сайлау кадрлар құрамын едәуір жақсартты. Енжар адамдар азайды. Партиялық жұмысқа білгір кадрлар келді, әйелдердің, жастардың, жұмысшы коллективтерінде шыңдалу мектебінен өткен мамандар мен инженер-техник қызметкерлердің саны өсті. Алматы жоғары партия мектебі кадрлар даярлауды жақсартуда.

Қысқасы, қазір бізде өздерінің іскерлік, саяси және моральдық қасиеттерімен жұмысты қазіргі заманның ырғағында, көңіл күйінде мейлінше жақсылап жүргізуге, алға қойылған міндеттерді ойдағыдай шешуге мүмкіндік беретін кадрлар бар.

Бірақ бұдан, әрине, енді біз кадрлар жөніндегі кемшіліктен арылдық деген ұғым тумайды. Өз жолдастарын партиялық басшы органдарға сайлағанда коммунистер оларға алдын-ала сенім көрсетеді деген Константин Устинович Черненко жолдастың қанатты сөзін бүкіл партия мақұлдайды.

Бірақ кей жағдайда бұл сенімді кейбіреулер, жұмсартып айтқанда, партиямызға кездейсоқ еніп кеткен адамдар қалай пайдаланады? Баяндамашы осыған мысал ретінде Орал облысының «Шілік» совхозындағы бұрынғы партком секретары Әбдіровтің, Солтүстік Қазақстан облысындағы Мамлют қалалық атқару комитетінің бұрынғы председателі Грязновтың, лайықсыз істерімен партияның беделіне нұқсан келтірген және өздерін масқара еткен басқа да адамдардың мораль нормаларын өрескел бұзған бірқатар нақты фактілерін келтірді. Солардың ішінде қалалық және аудандық партия комитеттерінің бірнеше секретарьлары бар. Олар қызметтерінен босатылды, бірақ әсте де денсаулық жағдайына байланысты емес.

Ауыл шаруашылығы министрлігі (Моторико жолдас) жүйесіндегі кадр мәселесінде бәрі бірдей ойдағыдай емес. Мұнда күні бүгінге дейін әрбір оныншы шаруашылықты арнаулы білімі жоқ адамдар басқарады. Жамбыл облысында тек соңғы бір жарым жыл ішінде ғана 56 совхоз директоры мен колхоз председателі ауыстырылды, бұл олардың тең жартысына жуығы.

Мемлекеттік жабдықтау комитетінде, Қазақстан Тұтынушылар одағында, Селолық құрылыс, Жеміс-овощ шаруашылығы, Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрліктерінде кадр мәселесі түгел реттеле қойған жоқ.

Кейбір қызметкер жоғары дәрежеге қол жеткен бойда-ақ көзбе-көз өзгеретінін, бұрынғы кішіпейілділіктен ада болып, меннен, тәкаббар болып шыға келетінін, төңірегіне жағымпаздар мен жемқорларды жинап, нысаптан айрылатындығын көрмеуге болмайды.

Жуырда дачалар мен меншікті баубақша учаскелерін тексеру кезінде өрескел бұрмалаулар анықталды. Ереже бұзушылардың арасында министрлер мен мемлекеттік комитеттер председательдерінің орынбасарлары, басқармалар мен бөлімдердің бастықтары да табылды. Алматы және Талдықорған қалалық атқару комитеттері председательдерінің

Digitized by Google

орынбасарлары Каруценко және Топоровский жолдастар да осы тізімнің ішінде болып шықты.

Мұндай істің немен тынатыны жақсы белгілі. Олардың бәрі партиялық және мемлекеттік жауапқа тартылды.

«Партия мен мемлекет, өздеріңіз білесіздер, — деп көрсетеді Константин Устинович Черненко жолдас, — мемлекет қаржысын талан-таражға салу, көзбояушылық және қызмет бабын теріс пайдалану, ұрлық және пара сияқты масқара құбылыстарға қарсы күресті күшейтті. Бұл уақытша науқан емес. Бұл — тұрақты түрде мүлтіксіз жүргізілетін бағыт. Мұнда ешкімге кешірім жоқ және болмайды да. Бұл жөнінде ешкім ешнәрседен дәмеленбесін».

Жолдастар! Партиялық жұмыс стилі мен әдістерін жетілдіруде сын мен өзара сынның ролі ерекше. Олар қазір бұрынғыға қарағанда неғұрлым іскер бола түскендігі даусыз. Дегенмен көбіне-көп жоғарыдан естілетін сын басым, сынға қысым жасау, тіпті ол үшін құрынға салу әрекеттері де бар, мұның бәрін, сондайақ басшы коммунистердің дербес істерін қарағанда бастауыш партия ұйымдарын аттап өту сияқты жарамсыз практиканы біржолата және түбегейлі жою керек.

Бұлай жасау арқылы біз жекелеген басшыларды өз жолдастарының сынынан қорғаштаймыз, оларды ерекше, артықшылық жағдайға қоямыз, ішкі партиялық демократияның аясын жасанды түрде тарылтамыз. Бұған мүлде жол беруге болмайды.

Барлық жерде де жалпылама сөйлеуді тоқтату керек, нақты фактілерді, кінәлілердің аты-жөнін жиірек атау, адамдарды, олардың мүмкіндіктерін, жақсы жақтарын және, әлбетте, кемшіліктерін егжей-тегжейлі білу керек. «Эстон ССР басшы кадрларының еңбекшілер арасындағы саяси-тәрбие жұмысына қатысуы туралы» қаулысында КПСС Орталық Комитеті атап көрсеткеніндей, кадр саясатында сенімді талапшылдықпен ұштастыру, сын мен өзара сынды дамыту, В. И. Лениннің анықтамасы бойынша «істі айтыспен алмастыруға» жұмысты — сөзбен алмастыруға бейім тұратын инициативасыз, тәртіпсіз қызметкерлерден арылу қажеттігі туралы партиянын нұсқауын мүлтіксіз жүзеге асыру керек.

Партия және совет органдары қызметінің аралық шегін дәл анықтау туралы партияның мейлінше нақты нұсқауын орындауда да сөзден іске көшетін уақыт жетті. Бұл — ұсақ-түйек қамқорсуды, қажетсіз қайталау мен қосарлануды түбірімен аулақ серпіп тастайтын тікелей лениндік талап.

КПСС Орталық Комитетінің аппаратымен кездесуде сөйлеген сөзінде Константин Устинович Черненко жолдас былай деп атап көрсетті: «Әрбір партия қызметкері еңбекшілердің мұқтаждары мен талап-тілектеріне мейлінше мұқият қарап, олармен жаңды байланысты титтей де әлсіретуге жол бермеу керек деген Лениндік дәстүрге әрқашан адал болуға тиіс».

Осындай байланыстардың бір формасы еңбекшілердің партия және мемлекет органдарына беретін жазбаша немесе ауызша өтініші болып табылады.

Өкінішке қарай, нақ осы учаскеде күні бүгінге дейін елеулі кемшіліктер жойылмай отыр. Ақтөбе облыстық партия комитетін (Ливенцов жолдас) алайық. Осыдан бір жыл бұрын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында осы обкомда көп ретте еңбекшілердің негізді өтініштері мен шағымдарына төрешілдікпен қарайтындығы атап өтілген. Алайда облыстық партия комитеті әділ ескертпеден тиісті қорытынды шығарған жоқ. Мұндағылар тіпті ең бір дабылды шағымдарды да бұрынғысынша елеусіз қалдыра алады. Мәселен, «Жабасақ» совхозының жұмысшылары мен қызметшілерінен ондаған хат түсіп жатса да не аудандық комитет, не облыстық комитет шара қолданған жоқ. Тек Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті араласқаннан кейін ғана совхоздың бұрынғы директоры Күнтуғанов партиядан шығарылды да, республика прокуратурасы оған қарсы қылмысты іс қозғады.

Бұл оқиғадан тек Ақтөбе облысында ғана тиісті тағылым алып қоймауы керек.

Әрине, шағымның да шағымы бар. Кез-келген шындық, қаншалықты қатты айтылғанымен, ешқашан ешкімге зиян келтірген емес. Бірақ, жолдастар, «әділет іздеген» қайсыбіреу әртүрлі орындарды жөнсіз мазалауды өзінің тұрақты кәсібіне айналдырып, адал адамдарға оңды-солды даттайтын жағдайлар да кездеседі. Өкінішке қарай, арам ниетті арызқойлардың ішінде тіпті партия мүшелері, керек десеңіз — бұрынғы жауапты қызметкерлер де кездеседі. Мұндай адамдар: өсек—жала — көмір секілді. күйдірмесе де күйесі қалады, деген принципті ұстанады.

Жолдастар, партия осындай әрбір фактіге ымырасыз, принципті баға беруді, неше түрлі өсекшілер, жалақорлар, домалақ арызшылар мен мансапқорлар атаулының «қызметін» батыл тыйып тастауды талап етеді.

Жолдастар! КПСС Орталық Комитетінің партиялық жұмыстың стилі мен әдістеріне қатысты қаулыларынан байқалып отырғанындай, барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, ең алдымен халық депутаттары Советтері қызметінің стилі мен әдістері біздің тұрақты қамқорлық жасайтын ісімізге айналуға тиіс.

Жуырда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы Советтерге басшылық ету жөніндегі Орал облыстық партия комитетінің есебін қарады. Алайда олардың жұмысындағы кемшіліктер Орал облысына ғана тән емес. Жезқазған, Гурьев, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған облыстарында депутаттардың белсенділігі әлі де болса төмен. олардың арасында лайықсыз қылық жасаушылар да бар. Өткен жылы жалпы республика бойынша әртүрлі тәртіп бұз-

Digitized by Google

ғаны үшін жергілікті Советтердің құрамынан 71 депутат кері шақырып алынды, бұрынғы 16 депутат қылмысты жауапқа тартылды.

Дабыл қағарлық фактілер. Сондықтан депутаттардың жауапкершілігін арттырған жөн, тегінде, олардың кандидатураларын іріктеуге қатаңырақ қарау, әсіресе алдағы сайлау қарсаңында осылай істеу қажет болар.

Барлық буындағы Советтер, олардың атқару комитеттері, тұрақты комиссиялары, депутаттар топтары мен активі нақты экономикамен және қоғамдық өмірмен қазіргіден әлдеқайда жақсырақ шұғылдануға, өздерінің территориясында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, шаруашылықтардың қызметін дәлірек үйлестіріп, жұмыс стилі мен әдістерін үнемі жақсартып отыруға тиіс. Мұның әсіресе Азықтүлік программасын, жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасын жүзеге асыру, көпшілік қолды тауарлардың сапасы мен түр-түрін, тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылысты, қызмет көрсету саласын жақсарту, халықтың праволық мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық право тәртібі мен социалистік заңдылықты нығайту мәселелеріне қатысы бар.

Тәрбие жұмысын, социалистік жарысты, еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формаларын дамытуда кәсіподақтар неғұрлым табандылықпен қызмет атқаруға тиіс. Олар қыруар жұмыс атқаруда. Алайда басқа бір жәйт те байқалып жүр.

Кәсіподақ комитеттерінің барлығы бірдей, тіпті республикалық дәрежедегі комитеттер де құбылыстар мен фактілердің мәнісіне терең бойлай бермейді. Мұның әсіресе салалық кәсіподақтарға (Панарин, Құлғарин, Нүркина жолдастар) қатысы бар, олар өздерінің жұмысын шұғыл жақсартуы қажет. Еңбекшілердің ең бұқаралық ұйымы іс жүзінде шаруашылық жүргізу, басқару мектебі, коммунизм мектебі болуы үшін көп жұмыс істеуі керек. КПСС Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес кәсіподақтардағы есеп беру мен сайлауды жоғары ұйымдық және саяси дәрежеде өткізу маңызды.

Халықтық бақылау органдары айтарлықтай жұмыс жүргізуде. Алайда олардың еңбегін кемітпей-ақ, бұл жұмыс барлық жерде бірдей әрдайым нысаналы да тиімді емес екенін көрмеске болмайды. Жыл басынан бері тоғыз мыңнан астам әртүрлі рейдтер мен тексерулер өткізілді. Жұмыста өріс бар сияқты. Алайда көбінесе осы статистиканың әр жағында жағымсыз құбылыстар мен фактілерді батыл жою жөніндегі нақты шаралар емес, оларды егжей-тегжейлі тіркеу ғана жатады.

Тексерудің санын қумау керек, неғұрлым байыпты да принципті жұмыс істеу, ашылған олқылықтар мен кемшіліктерді партия, совет, шаруашылық органдарының, бұқаралық информация құралдарының көмегімен толық жоюға күш салу қажет.

Комсомол арасындағы бүгінгі және ұзақ перспективаға арналған жұмыс туралы айрықша айту керек. Бұл жұмыс, өздеріңіз білесіздер, жуырда қабылданған КПСС Орталық Комитетінің қаулысымен, Константин Устинович Черненко жолдастың комсомол ұйымдары секретарьларының Бүкілармиялық кеңесінде берген нұсқауларымен айқындалады.

Бұл жерде ең бастысы — жастар қозғалысына партиялық басшылықты күшейту. Жастар ортасында болып жататын, әлеуметтік-идеологиялық процестерге үнемі терең бойлап отыру, оларды дұрыс талдап, бағыттап отыру, практикалық тұжырымдар жасау, комсомолдың қызметіндегі құнды және пайдалы атаулының бәрін дер кезінде қолдап отыру керек. Сонымен бірге ұсақ-түйек қамқорсуға әсте жол беруге болмайды. Барынша көз жеткізу, жолдастық ықылас, практикалық көмек — комсомолға партиялық басшылық стиліне қойылатын міндетті талап осындай.

Комсомол комитеттерінің өздеріне келетін болсақ, олар жұрттың бәрін жалықтырған жаттандылықтан, даңғазалықтан және даурықпадан мүмкіндігінше батылырақ арылуы керек. Жас адамдарға қазір өрелі ой, соны сөз бен әрекет, берік дүниетанымдық тұрақтылық қажет. Дегенмен соңғы кезде комсомолда ұзақ мәжілістер, семинарлар, алуан түрлі «форумдар» өткізіп, оларда ұзынсонар баяндамалар жасау жиілеп кетті. Жастар арасында дүниеқоңыздықпен, батыс модасының нашар үлгілерімен және жалған өнермен әуестенушілік бой алдырып барады.

Осының бәрімен тып-тыныш қатар өмір сүруге болмайды, өйткені жастардың моральдық тазалығы — жолдастар, ұсақ-түйек емес, біздің болашағымыздың негізі.

Бұл жерде де комсомол басшысының беделі, оның біліктілігі, мәдениеті мен ой өрісі, қарапайымдығы мен мейірбандығы мейлінше маңызды. Өйткені қазір көптеген комсомол секретарьлары телефонға және басқа да техникалық құралдарға орынсыз иек артып, жастармен негізінен қабылдау бөлмелері мен хатшы қыздар арқылы байланыс жасайды.

Комсомол жұмысын қайта құру, партия талап етіп отырғанындай, жастардың азаматтық белсенділігін одан әрі арттыруға, олардың жоғары дүниетанымдық және адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға, буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық идеологияның қандай да болсын ықпалына қарсы, жаңа тоғышарлық психологияның қандай да болсын көріністеріне қарсы берік иммунитет қалыптастыру ісіне бағытталуға тиіс.

Егер, мысалы, тимуршылардың дәстүрлі ізгі қозғалысына жылпостық микробы араласатын болса, ал дискотекалар әдепсіз, арзанқол талғамдар тарататын болса, онда комсомолдың, айталық, әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі шараларының құны шамалы болып шығады.

Digitized by Google

Партия комитеттері, әсіресе олардың идеологиялық кадрлары мұны назардан тыс қалдырмауға тиіс. Сөйте тұра кейбір қызметкерлер нақ осындай нақты мәселелерге уақыт таппайды. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі секретары Пенчук жолдас; мысалы, жақында «Ең бастысы — адамдар арасындағы жұмыс» деген мақала жариялады. Мақаланың атына қарап көп нәрсе күткен едік, бірақ онда өз кемшіліктері туралы бір ауыз сөз жоқ, ал осы облыстық комитеттің идеологиялық қызметінде ондай кемшіліктер тіпті де аз емес.

Айта кетелік, Пенчук жолдас жақында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретариатында облыстың кәсіптік—техникалық білім жүйесіндегі істің жайы туралы есеп берген кезінде нақты проблемаларды білмеді, жағдайдан бейхабар болып шықты. Секретариат облыстық комитет жүргізіп жатқан жұмысты қанағаттанғысыз деп бағалауға мәжбүр болды.

Өткен пленумда жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасына байланысты шұғыл шаралар туралы егжей-тегжейлі айтылды. Бұл әңгіме одан соң жергілікті Советтердің сессияларында, облыстық комитеттердің пленумдарында, актив жиналыстарында нақтыланды.

Жақсы сөздер, тіпті өте жақсы сөздер аз айтылған жоқ. Бірақ жыл басынан бері мектептер мен кәсіптік-техникалық училищелер құрылысында қаржының үштен бірі де игерілмеді. Реформаны жүзеге асыру жөнінде өзіміз белгілеген шаралардың табанды түрде жүзеге асырылуына әлі де тиісті бақылау болмай отыр. Бұрынғысынша, көптеген оқушылар жазғы еңбек тоқсанынан тыс қалды. Кейбір жерлерде мектептердің жаңа оқу жылына әзірлігі тиісті дәрежеде емес.

Осының бәрі бізді ырғалып-жырғалуды доғаруға, барлық жерде мектеп реформасының ісін мақсатты да табанды түрде, партия талаптарының рухында қолға алуға міндеттейді.

Партия жұмысының стилі мен әдістерін жетілдіруде, КПСС Орталық Комитетінің Молдавия жөніндегі қаулысында атап көрсетілгеніндей, баспасөз, телевизия мен радио, барлық бұқаралық информация құралдары ерекше роль атқарады. Олар озық тәжірибені шебер насихаттап қана қоймай, кез келген кемістіктерге де талапшыл болуға тиіс.

Алайда республикалық, облыстық және аудандық баспасөздің көптеген материалдары күні осы уақытқа дейін асығыс, жадағай әзірленеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология мәселелерін талқылаған X пленумында бұл туралы әділ айтылған болатын. Біздің партиялық газеттеріміз — «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» тұрақты творчестволық ізденіспен ерекшеленбейді. Партиялық жұмыстың стилі мен әдістері, оның экономикамен байланысы үстірт көрсетіледі. Ол ол ма, «Казахстанская правда» газетінде (Устинов жолдас) соңғы кезде қателер, бұрмалаулар жиілеп кетті, алыпқашты дақпыртпен әуестенушілік орын алып отыр.

«Вечерняя Алма-Ата» газетінде, мысалы, «Жарты жылдық ойдағыдай аяқталды» деген даңғаза тақырып беріліп, оның астында қаланың әрбір оныншы өнеркәсіп орнының жоспарды орындамағаны, 34 кәсіпорынның тапсырмаға түзету енгізгені, тағы да 23 кәсіпорынның шарттық өнімді дер кезінде бермегені хабарланған.

Көріп отырсыздар, «табыс» толық, бірақ тырнақша ішінде.

Кейбір аудандық, қалалық және облыстық газеттердің дәрежесі төмен. Кадрлар жайы ойдағыдай емес, материалдық база нашар, тәжірибелі полиграфистер жоқ. КПСС Орталық Комитетінің жақында қабылданған қаулысы тұрғысынан келгенде бұл кемшіліктерге төзуге болмайды. Республиканың Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті (Елеукенов жолдас) аудандық және қалалық баспасөздің материалдық-техникалық базасы мәселелерімен неғұрлым нақты шұғылдануға міндетті.

Ғылыми-техникалық интеллигенцияның, ғылыми мекемелер, жоғары мектеп, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесі, мәдениет саласы коммунистерінің творчестволық потенциалы әлі де нашар пайдаланылады.

Барлық осы мәселелерде Орталық Комитеттің тиісті бөлімдерінің, ең алдымен, насихат және үгіт, ғылым және оқу орындары, мәдениет бөлімдерінің елеулі күш-жігерін жандандыру керек.

Партия тұрмысын баспасөзде, телевизия мен радио арқылы экономикаға ғана байланыстырмай, адамзат тағдырының бүкіл байлығы, қоғамдық қатынастардың сан алуандығы тұрғысынан да көрсету маңызды.

Бұл мағынада алғанда творчестволық одақтар мен ұйымдар республикалық және одақтық аудитория алдында көп қарыздар.

Жолдастар! Бесжылдықтың қалған бір жарым жылы біздің бәріміз үшін—саяси кемелдігімізге, пәрменді де мінсіз жұмыс істей білуімізге емтихан. Әркім өз қабілетін осы сөздің ең жақсы мағынасында нақты дәлелдеуге тиіс. Бұл елеулі емтиханнан әрбір адам абыроймен өтуге міндетті. Адамдардың бесжылдық тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауға бағытталған еңбектегі және саяси белсенділігін бұрынғыдан да жоғары көтеру, болашаққа арнап берік іргетас қалау керек.

Бүкіл еліміздегі сияқты, республикада қазір совет халқының Ұлы Отан соғысындағы даңқты Жеңісінің 40 жылдығына әзірлік кеңінен өрістеп келеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы Өскемен конденсатор заводы мен қорғасын-мырыш комбинаты, Жамбыл суперфосфат заводы, «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» бірлестігі, Қостанайдың «Больше-

Digitized by Google

вичка» тігін фабрикасы, Маңғышлақтың «Комсомольскнефть» басқармасы, басқа да озық кәсіпорындар коллективтерінің «Жеңістің 40 жылдығына — 40 екпінді апта» деген инициативасын мақұлдады. Бұл қозғалыс біздің барлық еңбек коллективтерімізді түгелдей қамтуы, бесжылдық міндеттерін, жастарды тәрбиелеу мәселелерін, оларды аға ұрпақтардың ұлы жауынгерлік және еңбек ерлігіне баулу мәселелерін шешуге белсенді түрде жәрдемдесуі үшін қажет нәрсенің бәрін де істеу керек.

Қазіргі кезеңнің қиын ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір облыстық комитет халық шаруашылығының барлық салалары бойынша, ең алдымен өнеркәсіп пен құрылыс, қызмет көрсету саласы бойынша жағдайға мұқият талдау жасауға міндетті. Барлық жерде жұмысты бірде-бір артта қалған учаске болмайтындай етіп, қолда бар және іске қосылатын қуаттардың неғұрлым толық игерілуіне, ғылым мен озық тәжірибе жетістіктерінің пәрменді түрде енгізілуіне, әрбір облыстың, әрбір ауданның, кәсіпорын мен шаруашылықтың үстіміздегі жылды және бүкіл бесжылдықты ойдағыдай аяқтауы жолында пәрменді жарыс ұйымдастырылуына ұмтылған көңіл күйі қамтамасыз етілетіндей дәрежеде ұйымдастырғанымыз жөн.

Енді селодағы күнделікті қам-қарекеттеріміз жайында.

Қазақстан совхоздары мен колхоздары бесжылдықтың үш жылы ішінде, өте қолайсыз ауа райы жағдайларына қарамастан, 66,5 миллион тонна астық өндіріп, оның 2,5 миллиард пұтын Отан қоймасына құйды. Ал мұның өзі —жылына орта есеппен 853 миллион пұт.

Ақтөбе облысының дихандары, ондаған аудандар және екі жүзден астам совхоз бен колхоз 1986 жылдың есебіне жұмыс істеуде.

Шымкент дихандары астық дайындау жөніндегі төрт жылдық тапсырманы орындады. Қостанай, Орал, Қызылорда және Жезқазған облыстары астық сатып алу жөніндегі үш жылдың жоспарларынан асып түсті. Күріш, жүгері, тары, жүзім, бақша дақылдарын, жеміс-жидек өндіру мен дайындаудың өсімі қамтамасыз етілді. Оныншы бесжылдықпен салыстырғанда еттің, сүттің, жұмыртқа мен жүннің жыл ішінде сатып алынған орташа мөлшері өсті.

Республика бойынша тұтас алғанда үстіміздегі жылдың басынан бері де салада сапалық көрсеткіштер біршама жақсарды.

Мал шаруашылығында сүт, жұмыртқа, қаракөл және басқа өнім түрлерін берудің жарты жылдық жоспары орындалды. Сауылған сүт мөлшері мен шошқаның тапсыру салмағы өсті. Бұзау, торай және құлын өткен жылғыдан көп алынды. Қойдан басқа малдың өлім-жітімі кеміді. Ірі қара малдың, шошқаның, жылқы мен құстың саны көбейтілді.

Селоны әлеуметтік жағынан қайта құру, су шаруашылығы құрылысы, өндіріс тиімділігін арттыру жөнінде атқарылған іс аз емес. Көптеген облыстарда, аудандарда, совхоздар мен колхоздарда оң өзгерістер болғаны күмәнсіз.

Бірақ, енді, жолдастар, бесжылдықтың аяғына дейін азғантай ғана уақыт қалған кезде, біздің бәріміз, жинақталған тәжірибені ескере отырып, Отанымызға ауыл шаруашылығы өнімдерін, ең алдымен Қазақстан астығын барынша көп беретіндей есеппен алға қарауға міндеттіміз.

Биылғы жыл оңай соғып тұрған жоқ. Ия, ауа райы біздің беріктігімізді тағы да сынға салып отыр. Бірақ, сіздер мен біздер бұл сынға төтеп берерміз деп ойлаймын. Жергілікті жердегі істің жағдайымен нақты танысу, дихандармен, партия және совет активімен кездесулер қазір еңбеккерлеріміздің зор білгірлікпен және жағдайды толық түсіне отырып қарекет жасап жатқанына көзімізді жеткізеді.

Қазір Қазақстанның сүбелі астығын алу үшін қолда бар мүмкіндіктердің бәрін іске қосудың ерекше зор маңызы бар. Бұдан кейін баяндамашы осындай күрделі жағдайда астықтың барынша мүмкін мөлшерін дайындау үшін не қажеттің бәрін істеу керектігін атап көрсетті. Ешкім,— деді Д. А. Қонаев жолдас,— жоспарды орындаудан босатылмайды. Жоспар — заң, ал заңды жүрттың бәрі түгелдей қатаң басшылыққа алуы керек.

Қазақстан өзінің астығымен бүкіл елімізге әйгілі болды. Сондықтан еліміз бізден астық күтеді. Біз Қазақстанның мол астығы жолында күресе отырып, ең алдымен, жайбарақаттықты ұмытуға, қай жерде де барлық күш-жігермен білікті жұмыс істеуге, Отанға азық-түліктік астықты, әсіресе бидайдың күшті және қатты сорттарын, сондай-ақ қарақұмық пен тарыны мүмкіндігінше көп беруге міндеттіміз.

Астық сату жөнінде алған міндеттемені орындауда күрішшілер мен жүгері өсірушілер елеулі роль атқарады, жалпы алғанда күріш атыздарындағы жағдай жақсы. Осыны пайдалана отырып, Қызылорда, Алматы, Шымкент және Талдықорған облыстарының еңбеккерлері мемлекет қоймасына кемінде 32 миллион пұт күріш құюға тиіс. Жүгері плантациялары тәуір өнім беретін түрі бар, ал бұл да Талдықорған, Шымкент, Алматы және басқа облыстар шаруашылықтарының жүгері дәнін сатып алу жоспарын асыра орындауы үшін алғы шарттар жасайды.

Қайталап айтамын,— деп атап көрсетті Д. А. Қонаев жолдас, — мүмкіндігінше мол және ең жоғары сапалы астық беру — астық өсіретін барлық шаруашылықтардың, аудандар мен облыстардың ең бірінші міндеті, ал мұның, өздеріңіз де түсінесіздер, қазіргі жағдайда экономикалық қана емес, сонымен қатар орасан зор саяси да маңызы бар.

Әрбір шаруашылықтың өзін-өзі түгелдей қамтамасыз етуі, механизаторларға қажетті мөлшерде заттай ақы бөлуі де сөзсіз маңызды.

Егін жинау мен астық дайындауды

Digitized by Google

дер кезінде сапалы өткізу үшін бізде куатты техника, дайындау ұйымдарының қомақты базасы, тамаша кадрлар, тың игерген ерлікке толы 30 жыл ішінде жинақталған мол тәжірибе бар.

КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметі, бұрынғысынша, республикаға нақты зор көмек көрсетуде. Бізде дәнді дақылдар бастыруды қысқа мерзімде ысырапсыз өткізу үшін қажет нәрсенің бәрі бар. Бұл үшін техника әзірлеуді әсіресе Торғай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарында тездету керек. Казсельхозтехника (Егоров жөлдас), Ауыл шаруашылығы, Дайындау министрліктері (Моторико, Клевцов жолдастар), олардың жергілікті бөлімшелері міне осы тұрғыда өздерінің қамсыздығынан дереу арылуға, жан-жақты шаралар қолдануға тиіс.

Қазір бәріміздің міндетіміз біреу, ол— егін жинайтын техниканың, транспорттың жоғары өнімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, ысыраптың жолына тосқауыл қою, еліміздің астық ресурсына барынша мол үлес қосу, ал мұны шешу үшін қолдан келгеннің бәрін де істеуге міндеттіміз.

Қант қызылшасы туралы. Жамбыл, Талдықорған, Алматы облыстарында қазір бұл дақыл егінінің бітімі өткен жылғыдан анағұрлым тәуір. Бұл қызылша дайындау жоспарын орындап қана қоймай, өткен жылдардан қалған борышты барынша молырақ өтеуге негіз береді.

Шымкент мақташыларының мақта дайындау жоспарын едәуір асыра орындауына, оның сапасын мықтап арттыруына тура келеді.

Шығыс Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарының шаруашылықтары күнбағыстың дәнін өндіруді көбейтуі керек.

Картоп, овощ және жеміс жинауды мейлінше мұқият жүргізу, бұлардың тіпті зәредей де ысырабына жол бермеу, қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының халқын кідіріссіз жабдықтауды қамтамасыз ету керек.

Мал шаруашылығын одан әрі дамыту мәселелеріне ерекше тоқталып өткен жөн. Биыл мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерін сатып алу жоспарын орындау үшін нақты мүмкіндіктер бар.

Егер Жамбыл, Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Семей, Торғай облыстары — мал мен құс, ал Қостанай облысы — ет пен сүт дайындау жоспарын ақсатпағанда, біз тағы да қаншама іс тындырған болар едік. Міне, жолдастар, біздің резервтеріміз, шын мәнінде ұшан-теңіз жұмыс қайда жатыр, ал оны кейінге қалдыруға болмайды.

Мал шаруашылығы өнімдерін одан әрі көбейтудің жолдары мен тәсілдері баршаға мәлім. Сойыстық және сауындық мал шаруашылығын жедел дамытуға үнемі көңіл бөліп отыру, қой шаруашылығымен, басқа да салалармен көбірек шұғылдану, кәсіпорындар мен халықтың қосалқы шаруашылығына қамқорлық жасау қажет.

Малдың өлім-жітімі мен ауруын, оның ішкі шаруашылық мұқтаждар дейтінге шамадан тыс көп жұмсалуын, талан-таражға түсуін үзілді-кесілді жою керек. Бұдан былайғы жерде мұның бәріне де жол беруге болмайды. Барлық жерде үлгілі тәртіп орнатудың зор маңызы бар.

Бірақ мал шаруашылығында түбегейлі өзгерістерге берік жемшөп базасы жасалған жағдайда ғана жетуге болады. Алайда кейбір басшылар оны нығайтуға қамқорлық жасаудың орнына үнемі мемлекеттік ресурстан жемшөп бөлуді өтінумен жүр. Бұл — жарамсыз практика.

Қазір әрбір шаруашылықта алдағы мал қыстатуға әзірлікті, жемшөп цехтарын салып, жөндеуді күшейтудің маңызы зор.

Болашақ егіннің тағдыры жөнінде күнделікті қамқорлық жасау қажет. Егінді жинап алумен және жемшөп дайындаумен бірге сүдігерді дер кезінде және сапалы өзірлеу, пар танабына шаруақорлықпен қарау, күздік дақылдарды қолайлы мерзімдерде себу, жоғары сапалы тұқым қорын құю керек.

Бір сөзбен айтқанда, жолдастар, өз жеріміздің неғұрлым құнарлы ету, барлық дақылдардың жалпы түсімін табандылықпен арттырып отыру, ауа райының қолайсыз жағдайына бой бермейтіндей егіншілік жасау керек.

Сондықтан мелиорацияның ауқымын бұрынғыдан да жігерлі кеңейту қажет. Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Су шаруашылығы министрлігінің, Главриссовхозстройдың, (Мұхамед-Рахимов, Қыпшақбаев, Гончаров жолдастар), Жамбыл облысындағы Шөміш және Мерке су қоймаларының құрылысын тездету мәселесін ойластыруы, Үлкен Алматы каналының екінші кезегін, Ертіс бассейнінде су шаруашылық объектілерін, тың игерілген солтүстік облыстарда топтық суағарлар салуды одан әрі жүргізу, жер астының су көздерін пайдалану ісімен неғұрлым пәрменді шұғылдану қажет.

Осының бәрі одан әрі ілгерілеу жөніндегі біздің ортақ күш-жігеріміздің ең маңызды практикалық құрамдас бөлігінің бірі ретінде Азық-түлік программасының орындалуына қызмет етуге тиіс.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплекс проблемалары жөніндегі Бүкілодақтық экономикалық кеңесте село экономикасының алдында тұрған міндеттер нақты тұжырымдалды. Осы кеңесті аша отырып, Константин Устинович Черненко жолдас селоны дамудың интенсивті жолына көшіру, жасалған потенциалдың қайтарымын арттыру «...жаңа көзқарасты, аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктердің қызметін үзілді-кесілді жақсартуды, бүкіл экономикалық жұмыс дәрежесін арттыруды, шаруашылық есепті, коллективтік мердігерлікті кеңі-

Digitized by Google

нен енгізуді, басқа да экономикалық тұтқаларды пайдалануды талап етеді» деп атап көрсеткен болатын.

Бұл талаптың біздің республикамызға да түгелімен толық қатысы бар. Бізде ортақ жұмыста дұрыс бағыт алған, назарды перспективалы проблемаларға шоғырландырған, салааралық байланыстарды тиімді жолға қойған аудандық және облыстық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер советтері аз емес.

Бірақ сонымен бірге бірлестіктердің, олардың советтерінің бәрі бірдей жұмыстың мәнін, өздерінің праволары мен мүмкіндіктерін дәл түсіне алған жоқ. Оларға инициатива мен іскерлік едәуір жетіспей жатыр. Таптаурындылық күші, ескіге бой алдыру байқалып қалады. Кей жерлерде былық пен берекесіздік белең алған.

Осылардың бәрін де партия талаптары рухында түбегейлі ашып алу керек.

Жолдастар! Пленумда талқылануға тиісті мәселелер ауқымы шамамен міне осылар. Мұнда әлбетте, тақырып толығынан қамтылды деуге болмайды, себебі партиялық жұмыстың стилі мен әдістері — сан қырлы ғана емес, сонымен бірге мейлінше творчестволық ұғым, онда тоқырауға, кертартпалыққа, кеңсешілдік пен төрешілдікке орын болмауға тиіс.

Барлық кадрларымызға біз нақ осы жұмыс стилі бойынша, оның практикалық қорытындылары бойынша, партиялық өмірдің лениндік нормалары қалай сақталып отырғандығына қарап баға беруіміз, қол жеткен табыстар мен олқылықтарды байсалды түрде таразылап, талдауымыз керек. Себебі стиль дегеніміз біздің кез-келген іс-қимылымыздың мәнінің іргелі факторы, олардың табысты болуының кепілі мен кілті, олардың орындалмауының немесе сәтсіздігінің тікелей себебі болып келді және солай болып қалады.

Лениндік стиль — сырттай бақылау стилі емес, жан аямай істеуге және болмысқа ғылыми көзқарасқа, социалистік интернационализмнің, халықтардың ұлы достығының, олардың мызғымас біртұтастығының өміршең күшіне сүйенген мақсатты, білгір іс-қимыл стилі. «Саясат дегеніміз, — В. И. Ленин айтқандай, — ғылым мен өнер, ол аспаннан түспейді, өзінен-өзі келмейді».

Бұл дұрыс та әділетті сөздер, сондықтан біздің ең бірінші парызымыз, Константин Устинович Черненко жолдастың ерекше атап өткеніндей, лениндік стильді бүкіл сан түрлілігімен және байлығымен жан қажетіне, әрбір партия, совет, шаруашылық басшысының, әрбір коммунистің және комсомолецтің таптырмайтын жұмыс құралына айналдыру болып табылады.

Ұлы Ленин партиясы алға айқын қойған біздің барлық қазіргі және болашақ мақсаттарымызға ойдағыдай жету үшін осының бәрі мейлінше қажет, маңызды және оны ештеңемен алмастыруға болмайды.

Жолдастар!

Қазір партияда және елімізде КПСС-тің XXVII съезіне әзірлік өрістеп келеді. Жаңа бесжылдыққа және таяудағы перспективаға арналған экономикалық және әлеуметтік дамудың негізгі бағыттарының жобасы жасалып жатыр. Партия Константин Устинович Черненко жолдастың осы мәселе жөніндегі аса дәл, егжей-тегжейлі нұсқауларымен қаруланған.

Еліміз бен республикамыз жаңа кезеңге аса ірі әлеуметтік-саяси міндеттерді шешу үшін қажетті орасан зор мүмкіндіктермен аяқ басты. Еңбек адамы жөніндегі, оның өскелең материалдық және мәдени қажеттері жөніндегі қамқорлық біздің бәріміз үшін және біздің ішкі саясатымыз үшін ең басты мәселе болып келді және солай болып қала береді, партия халықтың әл-ауқатын, совет адамдарының тұрмыс сапасын көтеруді — товар тұтыну мен тұрмыс қызметін пайдалануды, тұрғын үймен қамтамасыз етуді, білім, денсаулық сақтау саласын, еңбек жағдайларын, пенсиямен қамтамасыз етуді, рухани дамуды бұдан да жоғары сатыға көтеру міндетін қойып отыр.

Осының бәрі және басқа көптеген нәрселер — қазіргі және ең таяудағы болашақтың зор да ең жоғары дәрежедегі ізгі нақтылық бейнесі, біздің коммунизмге қарай өрлеген қарышты қадамымыздың нақтылық бейнесі.

Экономиканы, ғылым мен мәдениетті, халықтың әл-ауқатын одан әрі өрге бастырудың актуальды проблемаларын күрделі халықаралық жағдайда шешуімізге тура келіп отыр, ал мұның өзі бейбітшілік дұшпандарының әрекеттерін қырағылықпен қадағалауға, оқ-дәріні әзір ұстауға міндеттейді.

Біртұтас совет халқын және оның қаһарман Қарулы Күштерін ешкім де, ешқашан да қапы қалдыра алмайды, бірақ біздің ең басты мақсатымыз, өздеріңіз өте жақсы білесіздер, бүкіл дүние жүзіндегі әділетті бейбітшілік болып табылады, онсыз біздің программалық міндеттерімізге қол жеткізу мүмкін емес.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін, қымбатты жолдастар, ой жүгірте, білгірлікпен, толық қайтарыммен жан сала жұмыс істеуге тұрады және солай жұмыс істеу керек те.

Сондықтан, кәне, алдағы кезде де өзіміздің әрбір еңбек күніміз бен сағатымызды жоспарлағанда біз, күш біріктіре отырып, ең жоғары сапалық дәрежеде, өзіміз істеуге міндетті жұмысты басқа ешкім істеп бермейтінін сезініп, «қалай да алға басу керек, қалай да зор нәтижеге жету керек» деген лениндік ұлы өсиетті бұлжытпай орындай отырып, ұйымшылдықпен жұмыс істейтін болайық.

Digitized by Google

Зерде вахтасы: ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ

Біздің республикамыздың еңбек коллективтерінде москвалықтардың «Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына — 40 екпінді еңбек вахтасы» девизімен социалистік жарысты өрістету жөніндегі патриоттық бастамасы кеңінен қолдау тапты. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті республиканың озық кәсіпорындарының Ұлы жеңіске арналған зерде еңбек вахтасына қазақстандықтардың белсене қатысуы жөніндегі инициативаларын қолдау туралы қаулы қабылдады.

* Целиноград шойын құю заводының № 5 цехында жиналыс салтанатты әрі тебіреністі өтті. КПСС Орталық Комитетінің совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығы туралы қаулысы талқыланды.

— Бұл — барлық совет адамдарының, бүкіл прогрессіл адамзаттың мерекесі, — деді цехтық партия ұйымының секретары, слесарьлар бригадирі Е. С. Чуйкова. Ол өз бригадасының атаулы күн құрметіне көтеріңкі социалистік міндеттеме қабылдап, Жеңістің мерекесіне дейін бесжылдық жоспарды орындайтынын хабарлап, цехтың бүкіл коллективін зерде еңбек вахтасына тұруға ұсыныс енгізді.

Совет Одағының Батыры Ю. Малахов бригада құрамына бірауыздан енгізілді. Бір күн тегін жұмыс істеп, тапқан қаржыны Бейбітшілік қорына аудару ұйғарылды.

Жиналғандардың бәрі бұл ұсыныстқ қызу қолдады. Сондай-ақ олар екпінді еңбек вахтасына тұрып, жылдық жоспардан тыс 50 мың сомның өнімін өндіруге, оның өзіндік құнын жоспарға қарағанда



Алматы. Н. Г. Чернышевский атындағы № 19 орта мектептің жас ізшілері В. В. Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының жауынгерлік жолы туралы бай материал жинады. Мектептің «Жауынгерлік даңқ» музейіне басқа мектептерден оқушылар, ата-аналар келеді; мұнда тақырыптық кештер өткізіледі, балалар пионер қатарына қабылданады және басқа шаралар ұйымдастырылады. Жеңістің 40 жылдығына әзірлік күндерінде соғыс ардагерлері жас ізшілерде жиі қонақ болады. Бертінде панфиловшы ардагерлер (солдан оңға қарай) С. Бақбергенов, И. А. Ахметов, Т. Н. Дордий, А. У. Усонов, Л. А. Әбдішахитов және В. Д. Дубинин мектепте болды.

Суретті түсіргендер М. ЧУМИН мен Ю. БЕККЕР. (ҚазТАГ).

Digitized by Google

40 ЖЫЛДЫҒЫНА — ЕҢБЕК ТАРТУЫ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына әзірлік пен оны мерекелеу партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыруда, 1984 жылдың және тұтас алғанда бесжылдықтың тапсырмаларын орындау жолындағы социалистік жарысты дамытуда совет адамдарының еңбек және саяси белсенділігін одан әрі арттыру үшін толық дәрежесінде пайдаланылсын.

КПСС Орталық Комитетінің «Совет халқының 1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығы туралы» қаулысынан.

0,5 процент кемітуге үйғарды.

* Талдықорғанның қорғасынды аккумулятор заводы құюшыларының М. Ағалиев басқаратын озық бригадасы Совет Одағының Батыры Е. Есеболатовты өз коллективінің құрамына енгізді: оның атына жазылған қаржы Бейбітшілік қорына аударылуда.

Осы кәсіпорынның Т. Қайыров басқаратын комсомол-жастар бригадасы зерде еңбек вахтасына тұрып, графиктен бір айдан астам озық жұмыс істеуде.

* Ф. Э. Дзержинский атындағы Алматы өндірістік трикотаж бірлестігінің коллективі атаулы дата құрметіне көтерінкі социалистік міндеттеме қабылдады. Жоспардан тыс 235 мың сомның өнімін өткізу, еңбек өнімділігін тапсырмадан тыс 1,2 процент арттыру және өнімнің өзіндік құнын қосымша 0,54 процент кемітуге үйғарылды. Трикотаж өндірісінің 200-ге жуық озаты мен жаңашылы жеке он бірінші бесжылдықтарын Жеңіс мерекесіне дейін аяқтауға сөз берді.

Астаналық облыс еңбеккерлері юбилейлік вахтаның бірінші айын осыдан 40 жыл бұрын Отанымыздың бостандығы үшін күрескен адамдарға құрмет көрсете отырып, жауынгер-қазақстандықтарға арнады.

* Семей автомобиль жөндеу заводының коллективі «Он қаһарман қалаға — 10 екпінді еңбек айы!» деген девизімен социалистік жарысты өрістетуде. Екпінді вахтаның алғашқы айы — июль Брест қаласының қорғаушыларына арналды. Жарыстың осы формасын Калинин ауданының 15 кәсіпорны қостады. Жарысушы коллективтерде еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыру үшін резервтерді кеңінен іздестіру өріс алды.

* Село еңбеккерлері зерде вахтасына тұрды. Алматы облысы Үйғыр ауданының Ленин атындағы колхозының еңбеккері, Ленин және Октябрь Революциясы ордендерінің иегері А. Романов әр гектардан 122 центнерден ацы сарымсақ жинауға үйғарды, мұның өзі үш жылдық тапсырмадан астам құрайды. Осы шаруашылықтың механизаторы К. Бекбосынов жемшөп дайындауда күндік нормасын бір жарым есе орындауда.

* Соғыс ардагерлері Жеңістің 40 жылдығына арналған социалистік жарысқа серпін беруде. Үйіне жеңіспен оралған коммунист А. М. Бурнашов Семей облысы Новошульба ауданының Ленин атындағы совхозында бейбіт диқан ісімен айналысты. Соғыс ардагері механизатордан бөлімше басқарушысына дейінгі еңбек жолынан өтті. Биыл құрметті демалысқа шықты, әйтсе де коммунист, ардагер ретінде сырт қала алмады. Александр Иванович жемшөп дайындауда үнемі жұмыс істеп, сменалық нормасын асыра орындап отырды. Оған жарыстағы жеңісі үшін алқызыл вымпел салтанатты жағдайда тапсырылды.


* Ардагерлер жастарды екпінді еңбекке жұмылдыруда. Торғай облыстық комсомол комитетінде өткен ардагерлер советінің мәжілісі осы мәселеге арналды. Мұнда юбилейге әзірлік жөнінен шаралар жоспары жасалды.

* Бұл күндері мәдениет үйлерінде, кітапханаларда, үгіт алаңдарында, қызыл мүйістерде, еңбек коллективтерінде совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына және зерде еңбек вахтасына арналған көрмелер ұйымдастырылып, соғыс ардагерлерімен кездесулер өтуде. Мысалы, Талғарда «40 лет Қазахстана» кинотеатрында «Артымызда Москва» фильмін көрсету алдында соғыс ардагерлері советінің председателі Совет Одағының Батыры Н. В. Ведренко мен бұрынғы жауынгер - панфиловшы М. Д. Середа сөз сөйледі. Қапшағайда «Қазақстан кинодокументалистері Ұлы Отан соғысы туралы» кеш өтті.

Жеңіс юбилейіне әзірлік, зерде еңбек вахтасы ауызша саяси үгіт активистерінің назарында болуға тиіс. Таңдаулы коллективтер мен өндіріс озаттарының тәжірибесін кеңінен насихаттау, бұқаралық патриоттық қозғалыс формаларын жетілдіру, еңбекшілер күш-жігерін еңбек өнімділігінің ұдайы осуі үшін резервтерді іздестіруге белсенді түрде бағыттау — олардың парызы.

2. «Қазақстан үгітшісі», № 17.

Digitized by Google



Жалпы саяси мәселелер жөніндегі әңгімелер үшін

СОВЕТТЕР ЕЛІНІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ алғашқы шағында, жұмысшылар мен шаруалар мемлекеті енді ғана дүниеге келген сәтте Владимир Ильич Ленин біздің Конституциямыздың басты ерекшеліктерін сипаттап, ол бірде-бір буржуазиялық мемлекет өзі өмір сүрген 200 жыл ішінде бере алмағанды еңбекші халыққа беруде деп атап көрсетті. Совет адамдары Ильичтің осы даналық көрегендігінің дұрыстығына көрнекі түрде иланды.

Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1977 жылы қабылданған СССР Конституциясы коммунизмге қарай қозғалысымыздағы жаңа үздік межені — кемелденген социалистік қоғам орнатуды және пролетариат диктатурасы мемлекетінің жалпы халықтық мемлекетке ұласуын заңды түрде баянды етіп, толысқан социализмнің артықшылықтарының мейлінше толық көрініп, пайдаланылуы үшін кең мүмкіншіліктер жасады.

Біздің Конституциямызда Совет мемлекетінің саяси, экономикалық және әлеуметтік міндеттерінің тығыз өзара байланысы жарқын көрінісін тапты. Совет өкіметінің алғашқы күнінен-ақ нақ осы функциялардың қоғамды социалистік қайта құру жолындағы күресте шешуші маңызы болды. Социализм тұсындағы экономика мен саясат қатынастары туралы лениндік қағидаларды творчестволықпен қолданып, дамытушы Коммунистік партияның басшылығы арқылы елде соңғы жылдары басқаруды жақсарту, жоспарлауды жетілдіру және экономикалық ынталандыруды күшейту, еңбек тәртібін арттыру жөнінен шаралар комплексі жүзеге асырылды, мұның өзі оңды нәтижелер берді. КПСС XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының бағытын жүзеге асыра отырып, партия халық шаруашылығына мемлекеттік басшылық жасауды жақсартумен тікелей байланысты бірқатар жаңа міндеттерді бүгінде алға ұсынуда.

Біртұтас халық шаруашылығы комплексі ретінде ел экономикасы туралы конституциялық қағида осы күрделі проблемаларды жалпы мемлекеттік позиция тұрғысынан шешуге дұрыс қарауға сөзсіз комектесуде, оған басшылық жасау экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспары негізінде жүзеге асырылуда. Төмендегідей цифрлар осы қызметтің алып ауқымы туралы сипаттайды. 1936 жылдан бері жалпы қоғамдық өнім мөлшері 18 есе, өнеркәсіпте еңбектің энергиямен қаруланууы 8 еседей, ауыл шаруашылығында — 15 еседен астам өсті.

«МЕМЛЕКЕТ ДЕГЕНІМІЗ — БІЗ!», деп толық негізде айта алады совет адамдары. СССР Конституциясы мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруда оларға көлемді праволар берді.

Маңызды партиялық және мемлекеттік документтер жобаларын бүкілхалықтық талқылау еліміз еңбекшілерінің әлеуметтік-саяси белсенділігінің көрнекі көріністерінің бірі болып табылады. Бір ғана, әйтсе де әсерлі мысал мынадай. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасын талдап жасауға 120 миллион адам қатысты. Шын мәніндегі бүкілхалықтық осы педагогикалық советте 7 миллион кісі соз сөйледі және 1,2 миллион ұсыныс енгізілді. Оның үстіне баспасөзде қаншама ұсыныстар айтылды.

Реформа халық ағартуды, жеткіншек ұрпақты оқытып, тәрбиелеуді, оларды еңбекке, дербес өмірге даярлауды дамытуда жаңа перспективалар ашады. Ол елдің идеялық-саяси, экономикалық және қорғаныс потенциалын нығайтуға, кемелденген социалистік қоғамның жаңжақты прогресіне, оның коммунизмге қарай ілгері басуына белсенді ықпал жасауға міндетті.

Өткен жылы еңбек коллективтері және кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды басқаруда олардың ролін арттыру туралы СССР Заңының қабылдануы конституциялық принциптерді дамытып, социалистік демократияны жетілдірудегі ірі қадам болды.

Еңбек коллективтеріне үлкен праволар бере отырып, заң әр совет адамының елдің иесі, коммунизм жолындағы белсенді күрескер болуы үшін қолайлы жаңа жағдай жасауда.

Совет адамдарының мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайтуға бағытталған шараларға қатысуы олардың жоғары әлеуметтік-саяси белсенділігінің жарқын мысалы қызметін атқармай ма? Олар жұмысшы жиналыстарында сөйлеген сөздерінде; баспасөздегі мақалаларында қыдырымпаздық, жұмысқа кешігушілік үшін жауапкершілікті арттыруды, істі нашар ұйымдастырып, еңбек пен тұрмыс жағдайын жақсартуға қол жеткізбейтін лауазымды адам-

7 октябрь — СССР Конституциясы күніне.

Digitized by Google

дардан қатал сұрауды өктем ұсынды. Нақ осы талаптар мен ұсыныстар партия мен үкіметтің социалистік еңбек тәртібін одан әрі нығайту жөніндегі қаулысының негізіне алынды, ал ол бүкіл совет халқынан қызу мақұлдау тапты.

Осы шараларды жүзеге асыру қазірдеақ өз нәтижелерін берді. Еңбек коллективтерінің көпшілігінде әр адамды күштің толық қайтарымымен еңбек етуге бастайтын іскерлік, принциптілік ахуалы қалыптасты. Өткен жылы республикамыздың өнеркәсібінде жұмыс уақытының өнімсіз ысырабы 14,9 процент, құрылыста — 17,9 және сауда мен тұрмыстық қажетті өтеу кәсіпорындарында — 39,8 процент қысқарды. Әйтсе де әлі де көп нәрсе жасауға тура келеді. Өйткені реттілік пен ұйымшылдықты нығайту жолындағы күрес — бұл бүкіл халық пен әр еңбеккердің мүддесі үшін өмір мен еңбектің бұлжымас нормаларын орнықтыру, біздің Отанымыз ауқатты да қуатты болуы, совет адамдарының әл-ауқатының ұдайы өсуі үшін күрес.

БҮГІНГІ КҮНДЕ партия мен халықтың басты күш-жігері он бірінші бесжылдықтың жоспарлы тапсырмасын жүзеге асыруға шоғырланған. Бесжылдықтың қазіргі төртінші жылы өте-мөте маңызды, өйткені оның нәтижелері жоспарлы тапсырмаларды тағайындалған мерзімінде орындауға, партия белгілеген ірі әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға жетуге айтарлықтай ықпал жасайды.

Біздің халық шаруашылығымыз қарышты дамып келеді. Алғашқы жарты жылдықта өнеркәсіп өнімдерінің мөлшері өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 16,6 миллиард сомға, немесе 4,5 процентке өсті. Мемлекеттік күрделі қаржы есебінен негізгі қорларды іске қосу 9 процент көбейді. Ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу негізінде еңбек өнімділігі өсіп келеді. Ол өнеркәсіпте жарты жылда 4,2 процент өсті. Мұның өзі жоспарланған мөлшерден қыруар көп.

Бесжылдықтың басынан бері қоғамдық шаруашылықта ет өндіру 7 процент, жұмыртқа — 4 процент көбейді.

Біздің республикамызда экономиканың даму қарқыны қыруар өсті. Алғашқы жарты жылдық тапсырмасы асыра орындалды. Еңбек өнімділігі өнеркәсіпте және халық шаруашылығының тұтасынан бірқатар басқа салаларында жалақыға қарағанда жедел артты. Ол былтырғы бірінші жарты жылдықпен салыстырғанда 3,5 процент өсті. Осының есебінен өндіріс өсімінің 87 проценті алынды. Өзіндік құнды жоспардан тыс кемітуден алынған үнем 0,5 проценттей болды. Жоғары сапалы өнім шығару мөлшері 9,6 процент көбейді, ал оның аттестациялауға жататын өнім мөлшеріндегі үлесі 37 процент құрады.

Ауыл-село еңбеккерлері сүт өндіруді 3 процент, жұмыртқаны — 8 процент көбейтті. Қалалар мен селоларда күрделі құрылыс ауқымы өсті.

Табыстар айқын. Сонымен бірге қол жеткенмен тоқырауға болмайды. «Біз бесжылдықтың әрбір ай есепте болатын тәтенше жауапты шебіне шықтық, — деді КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумында. — Сонымен бірге біздің шаруашылық жұмысымыздың қауырттығын одан әрі арттырмай-ақ қоюды жағдай тіпті де көтермейді». Осының бәрі партия, совет, шаруашылық және қоғамдық ұйымдардың мейлінше мақсатты жұмысын талап етеді.

Бұқараның инициативасы мен творчествосын кеңінен өрістетпейінше, оларды қоғамдық өмірдің төрапты проблемаларын шешуге аса белсенді тартпайынша мұндай жұмысты атқаруға болмайды. Мұның өзі партияның тұрақты міндеті болып табылады.

«Бұл бағытты біз алдағы кезде де жүргізе беретін боламыз», — деді К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумында, сөйтіп бұқараны жұмылдырудың, социалистік демократияны, қоғамның бүкіл саяси системасын одан әрі жетілдіруде жатқан резервтерін қайткенде де жақсырақ пайдалану қажеттігін атап көрсетті.

СССР-ДІҢ САЯСИ НЕГІЗІ, социалистік құрылыстың қуатты құралы — Советтердің қызметін одан әрі жақсартудың мұнда бірінші кезекті маңызы бар. Советтер 2 миллион 300 мың депутатты, жұмысшылар, шаруалар және интеллигенция өкілдерін, барлық ұлттар мен халықтар еңбекшілерін, ондаған миллион активисті біріктіреді. Бізде нақ олар мемлекеттік проблемаларды шешеді, өмірдің қайнаған ортасында жүреді, совет адамдарының қам-қарекетімен өмір сүреді.

Біздің республикамызда халық депутаттары Советтеріне 128923 депутат сайланды. Өткендегі және биылғы сайлауларда ғана әрбір төртінші қазақстандық Советтер арқылы мемлекетті басқару мектебінен өтті.

Советтер қызметін терең талдап, КПСС Орталық Комитетінің апрель Пленумы олардың шаруашылық және мәдени құрылыстағы ролін арттырудың нақты программасын талдап жасады. Сөз сөйлеуші осы, туралы айтқанда партия белгілеген жоспардың қалай жүзеге асырылып жатқанын өз қаласының, ауданының, селосының, ауылының мысалы арқылы көрсетуге тиіс.

Үстіміздегі жылы 4 мартта өткен СССР Жоғарғы Советінің сайлауы совет халқының моральдық-саяси бірлігінің, оның лениндік партия төңірегіне тығыз топтасуының тебіреністі шеруіне айналды. Біздің халқымыз еліміздің заң шығарушы жоғарғы органына ең жақсы, ең лайықты үлдары мен қыздарын жіберді. Депутаттар құрамында 527 жұмысшы немесе 35,2 процент, 242 колхозшы не-

Digitized by Google

месе 16,1 процент, барлығы 769 жұмысшы мен колхозшы немесе 51,3 процент болды. Жоғарғы Советке 492 әйел сайланды — депутаттардың жалпы құрамының 32,8 проценті, 30 жасқа дейінгі 331 депутат бар — ол 22 процент.

Капиталистік дүниеде қандай мемлекет осындай фактілермен мақтана алады? Ешқандай! АҚШ-та соңғы сайланған конгрестің мүшелері арасында бірде-бір жұмысшы жоқ, ал елдің еңбекке қабілетті халқының 83 процентін жалдамалы қызметкерлер құрайды. Англия парламентінде депутаттардың проценті — өнеркәсіп пен финанс шонжарлары, жер иеленушілер, ірі юристер мен экономистер, қалғандары — түрлі компаниялардың директорлары. Германия Федеративтік Республикасы бундестагының құрамында депутаттар арасында жұмысшылар үлесі 2 процентten аспайды.

Пролетарлық интернационализм принциптерін заңды түрде баянды ету советтік Конституцияның маңызды ерекшелігі болып табылады. Онда барлық ұлттардың тең правалылығы, оларды сыйлаушылық, дүние жүзінің барлық халықтарымен достық көрініс табады.

Одақтық және ұлттық мемлекеттік бірлігін нығайту, оның демократизмін тереңдету жөніндегі мақсатты жұмысты жалғастыра отырып, КПСС ұлтаралық қатынастарды жетілдіруде Советтердің ролін арттыруға маңыз береді. Ол қатып қалған, бұлжымайтын, жаңа жағдайлар мен уақыт ықпалына ұшырамайтын нәрсе емес. «Ал мұның өзі, — деп атап көрсетілді КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумында, — жұмыстың қолданылып келе жатқан, өзін-өзі іс жүзінде ақтаған ұйымдық формалары мен әдістерін дамыта отырып, ұлттардың гүлденуіне және олардың жақындасуына көмектесетін басқа да әдістерді ұдайы іздестіре беру»

СОВЕТ АДАМДАРЫ өз жетістіктерінің бәрін лениндік партияның қажымас қызметімен орынды байланыстырады. Конституция Совет Одағының Коммунистік партиясы совет қоғамының басшы және бағыт беруші күші, оның саяси системасының, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарының ұйытқысы деп жариялады. Владимир Ильич Ленин жиырмасыншы жылдарда «большевиктер партиясы — елдің бүкіл халқымен салыстырғанда адамдардың шағын тобы» деді. «Осы ұйтқы.— деп бейнелеп айтты В. И. Ленин,— бәрін қайта құру міндетін өзінің алдына қойып отыр және ол қайта құрады да».

Лениндік осы көрегендік жүзеге асты!' Бір ұрпақ өмірінің ұзақтығынан аспайтын мерзімде жүзеге асты. Қазір Коммунистік партия қатарында 18 миллионнан астам адам, белсенді күрескерлер, жұмысшы табының, колхозшы шаруаның, халық интеллигенциясының таңдаулы өкілдері бар. Олар — әрдайым халықтың қалың ортасында, әрдайым ең қиын жерде жүреді. Сондықтан да бүкіл совет адамдары өздерінің жеңілмес күшін сезінеді.

Ғасырдың барлық сындары мен дауылдарына қарамастан Советтер елі келешекке сеніммен қадам басып келеді. Оны коммунистер, өздерінің жүрегі мен ақыл-ойына халықтың ежелгі арманы мен мүддесін жинақтаған адамдар бастап келеді. Олар — дәуіріміздің ақыл-ойы, абыройы және ар-ожданы.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы міндеттерін шешу үстінде табандылықпен жұмыс істей отырып, совет халқы қазіргі халықаралық жағдайдың барлық ерекшеліктерін толық мөлшерінде ескеріп, өздерінің ойлары мен жоспарын онымен мөлшерлейді. Совет Одағы ұлы социалистік держава ретінде халықаралық қауіпсіздікті сақтау мен нығайту үшін өз жауапкершілігін толық сезінеді, халықаралық аренадағы қазіргі күрделі жағдайда жалпы адамзаттың көкейтесті міндеті — империализмнің агрессияшыл күштерінің авантюристік қимыл-әрекетінің салдарынан қаупі өсе түскен ядролық апатты болдырмау үшін өзіне тәуелдінің бәрін жасауда.

ТЫҢДАУШЫЛАР НАЗАРЫН совет азаматтарының праволары мен міндеттерінің тығыз бірлігі туралы қағидаға аудару қажет. Әңгімеде партия мен үкімет халықтың тұрмыс дәрежесін өрге бастыру бағытын ұдайы әрі дәйекті түрде жүргізіп, СССР Конституциясында жазылған совет адамдарының правосын толық жүзеге асыруға арналған базаны кеңейтіп отырғанын көрсеткен жөн.

Әйтсе де адамның өзінің әлеуметтік белсенділік дәрежесінсіз, азаматтың еңбекке, мемлекеттік және қоғамдық істерге мүдделі қатысуынсыз, олардың мемлекет алдындағы міндетін орындамайынша право мен бостандықты ойдағыдай жүзеге асыру мүмкін емес. СССР Конституциясы мен одақтас республикалардың Конституциялары атап көрсеткеніндей, азаматтардың праволар мен бостандықтарды пайдалануы қоғам мен мемлекет мүддесіне, басқа азаматтардың правосына нұқсан келтірмеуге тиіс. Түбегейлі әлеуметтік әділеттілік нақ осында тұжырымдалған.

Жоғары өнімді еңбектің маңызын, тәртіпті, совет заңдарын қатаң сақтауды, қоғамымыздың жан-жақты дамуы, совет адамдарының өскелең тұрақты сұранымы мен қажетін қанағаттандыру үшін творчестволық инициатива көрсетулі барынша қолдау қажет.

Жаңа СССР Конституциясы жеті жыл бойы өмір сүріп, жұмыс істеуде. Оның өміріміздің барлық жағына жасар ықпалы орасан зор. Мемлекетіміздің Негізгі заңы оның жоғары мақсатына — коммунистік өзін-өзі басқару дамытылатын тапсыз қоғам құруға сенімді қызмет етуде. Бұған барлық күшпен ықпал жасау — әрбір совет адамының қасиетті парызы.

Д. ИЗБАҚИЕВ,
тарих ғылымының кандидаты.

Digitized by Google



БРИГАДАЛЫҚ МЕРДІГЕРЛІК КӨМЕКТЕСУДЕ

И. СИБИРЯК,
Көкшетау облысындағы Чистополь ауданының «Чистополь» совхозы трактор-егіс бригадасының механизаторы, Социалистік Еңбек Ері, үгітші

Бригадамыздың егістігінде көктемгі науқан күні кеше ғана аяқталған еді, міне бүгін масақ толысып келеді. Соған қарағанда егіннің бітік болатын сыңайы бар. Отанды тағы да мол астықпен қуантамыз, өзіміз міндеттенгендей, төрт мыңнан астам гектар егістіктің әр гектарынан 15,3 центнерден астық аламыз. Басқаша болуы мүмкін де емес. Егістіктер теңіздей толқыған егінімен қуантуы үшін өте-мөте көп күш-жігер жұмсалды.

Демек мен үшін биылғы орақ ерекше атаулы және жауапты болып отыр. Өйткені тың және тыңайған жерлерді игерудің 30 жылдығын мерекелеу қарсаңында озық трактор-егіс бригадалары, атақты диқандар мен малшылар — тың ардагерлері 1984 жылдың тапсырмалары мен міндеттемелерін табысты орындау жолындағы облыстық социалистік жарыс инициаторлары болды. Осы патриоттық бастаманы бастаушылар қатарында мен де бармын. Биыл мен жөндеу жұмысында жанар-жағар май материалдары мен құралдарын үнемдей отырып, трактормен 3250 эталонды гектар жер өңдеуге және 1000 тонна астық бастыруға міндеттендім.

Берген уәдеде тұру — менің диқандық ар-ожданымның, коммунист абыройының ісі. Оның үстіне мен бригадамызда үгітшімін. Ал осы атақпен тең ортада жүруім мүмкін бе? Керісінше, ол адамдарды сөзбен екпінді еңбекке бастауға, жоғары өнімді жұмыс үлгілерін көрсетуге міндеттейді. Мен осылай жасауға ұмтыламын.

Жас механизатор Иосиф Цезарскиймен К-701 тракторында жұмыс істеймін. Жас диқанды серіктес етіп алуым кездейсоқ емес. Селолық кәсіптік-техникалық училище түлегінің аяғынан нық тұрып, өз кәсібін жетік меңгеруіне отыз жылын егістікте өткізген мен көмектеспегенде кім көмектеседі.

Оның үстіне біздің бригаданың барлық он «Кировеці» қазір құрамында жас және тәжірибелі диқандар бар экипаждармен жасақталған. Осының өзі — моральдық қана емес, сондай-ақ экономикалық қыруар тиімділік те береді. Қуатты тракторлар жыл бойы екі сменада толық жүктеліммен пайдаланылады.

Бірге жұмыс істеген уақыт ішінде Иосиф жақсы механизатор болды. Біз екеуміз жеті ай ішінде онымен 4200 эталонды гектар жер өңдедік немесе орта есеппен әрқайсысымызға 2100 эталон гектардан келеді.

Жанар-жағар май материалдарын үнемдеуге келсек, техникаға ұқыпты қарау, тораптар жұмысын тұрақты бақылау, бос жүріске жол бермеу, бес минуттық аялдамалардың өзінде моторды сөндіру ережесін сақтау — осының бәрі Иосиф екеуміздің 250 килограмм отынды үнемдеуімізге көмектесті.

Ал тракторды дер кезінде баптау сияқты «ұсақ-түйек» «Кировецті» жөндеуге бір тиын жұмсамауға бірнеше жыл бойы мүмкіндік берді.

Үстіміздегі жыл күрделі болды. Соған қарамастан біз ауа райының рақымсыздығына қарсы тұра білдік. Бұл жерде агротехника талаптарын мүлтіксіз орындау көмектесті. Біздің экипаж 500 гектар алқапқа минералдық тыңайтқыштармен бірге тұқым септі және бүкіл бригада егістігі осындай әдіспен себілді.

Жеке үлгі-өнеге, әрине, жақсы ғой. Дегенмен үгітші ретінде адамдарды иландыра білудің адал еңбек етуден маңызы кем емес деп есептеймін. Өткен жылы дирекция бригадада бірыңғай нарядты енгізуді ұсынды. Механизаторлар бұл ұсыныста біршама сақтықпен қарсы алды. Мені бұл көрініс ренжітті. Демек, мен бір жерде ағаттық жіберіп алғанмын, адамдарды жаңа істің артықшылықтарына иландыра алмағаным ғой. Сондықтан да озық коллективтердің өмірінен алынған мысалдармен дәлелдей отырып, адамдарға еңбекті ұйымдастырудың прогрестік формасы оларға, шаруашылыққа, мемлекетке не беретінін толық түсіндірдім. Осы әңгімелерге совхоздың партия комитетінің секретары Е. Д. Байғазин қатысып отырды, ол біздің бригадада жиі болады, әрбір адаммен тіл табыса біледі. Сөйтіп бригада коллективі көктемгі егіс басталмас бұрын бірыңғай нарядпен жұмыс істеуге көшті.

Қазір біздің диқандар, бейнелеп айтқанда, сол бұрынғы нәрселерге басқаша қарайды. Бұрын механизатордың гектар санын қуалап, ең бастысы — сапаны ұмытып кетуі жиі кездесетін. Осыдан барып тұқым себу технологиясы бұзылады, күзде өнімнің кем алынуына, оның ысырабына жол беріледі.

Қазір мұндай олқылықтар жойылды.

Digitized by Google

Бәрінің мақсаты біреу — совхоз қырманына мүмкіндігінше көбірек астық жөнелту, ал агрономия талаптарын қатаң орындамайынша, жоғары егіншілік мәдениетінсіз, ынта-жігерсіз бұған қол жеткізе алмайсың.

Мен үгітші ретінде жалпы материалдық мүдделілік түпкі нәтижеде әрбір механизатордың үлесін ескеретіндей етіп еңбек сайысын ұйымдастыруға көмектесуге ұмтылдым. Озаттар бірыңғай наряд барысында да ескерілуге тиіс деп есептеймін.

Сондықтан да егін егу тәжірибесіне сүйене отырып, орақ кезінде құрамында мен де бар бригада советі бригаданың әрбір мүшесінің жұмыс қорытындыларын еңбекке қатысу коэффициенті бойынша күн сайын шығаратын болады. Бізде еңбекке қатысу коэффициентінің бірнеше төмендеткіш және жоғарылатқыш факторлары бар. Жұмыста үздік шыққандар мадақталады.

Бір сөзбен айтқанда, бригадалық мердігерлік адамдарды екпінді еңбекке ынталандырады. Олар нақ осындай көңілкүймен орақ-84-ке кірісті.

Биыл бригада қырмандарға астық тасуға арналған автомашиналарды қатыстырудан бас тартуды ұйғарды. Оларды трактор тіркемелері ауыстырады. Бүкіл звено ортақ табыс үшін жұмыс істейді, сондықтан да әрбір «Ниваға» қорап бекіту міндет емес. Тіркемелерді өз күшімізбен «Кировец» тракторына тіркеп, қырманға жөнелтеміз. Қосымша төрт бункер-жинағыш монтаждалды.

Мен өткен жылдардағыдай, құрамында көмекші Иосиф Цезарский (ол «Кировецпен» астықты қырманға тасиды) Х. Гинц, Спасибушкин, Г. Цонкало бар орақ-трактор звеносын басқарамын. Төртеуміз 4000 тонна астық бастыруға міндеттендік және сөзімізде тұрамыз.

Үгітші міндеттері де қалыс қалмайды: «молниялар», «жауынгерлік листоктар», озаттарды смена сайын моральдық көтермелеу, көрші бригадалардағы, совхоздағы, аудандағы, облыстағы істер туралы нақты әңгімелер, егін жинаудың озық тәжірибесін тарату — осының бәрі менің міндетіме жатады.

Жалпы біздің ой-пікіріміз бір мақсатқа — Отанға мүмкіндігінше көбірек жоғары сапалы астық беруге бағытталған.

Жазып алған, Е. КУХТА.





Шымкент облысында егін орағы аяқталды. Сарыағаш ауданы «Дарбаза» совхозының озат механизаторлары Темірбай Күмісбеков пен Нашан Артықбаев орақтың қауырт күндерінде социалистік жарыс көшін бастады. Олардың әрқайсысы 10 мың центнерден астам астық бастырды. Шаруашылықтың партия комитеті олардың жұмыс тәжірибесін совхоздың барлық механизаторлары арасында таратты.

Суретте: механизаторлар Т. Күмісбеков (сол жақта) пен Н. Артықбаев.

Суретті түсірген А. ЫДЫРЫСОВ. (ҚазТАГ).

* * *

Орал облысы. Октябрь Революциясының 50 жылдығы атындағы Ленин орденді Орал жөндеу заводының коллективі бірнеше жыл бойы егін жинауда ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне көмектесіп келеді. Өткен жылы заводтың 30-дан астам комбайншысы станоктарын комбайн штурвалына ауыстырды. Биылғы науқанда Шығырлау ауданының шаруашылықтарына орақ комплексі жіберілді. Оның құрамында үгіт клубы, техникалық қызмет пен тұрмыстық қажетті өтеу шеберханасы бар. Қамқорлықтағы шаруашылықтарға көмек көрсетіп, өсірілген егінді ысырапсыз жинап аламыз — жұмысшылар астық танабында осындай ұранмен еңбек етуде.

Слесарь Виктор Валуй жетекшілік ететін заводтың орақ звеносы былтыр 16 мың центнер астық бастырды. Олар биыл да жоғары қарқынмен жұмыс жасауда.

Суретте: (солдан оңға қарай) комбайншылар В. Д. Валуй, С. К. Қазыкенов және И. И. Дервисов.

Суретті түсірген **Ф. САЛЬНИКОВ. (ҚазТАГ).**

Digitized by Google

ҚАЙТАРЫМДЫ ҮДЕТЕ ТҮСЕЙІК

1966 ЖЫЛЫ ауыл шаруашылық қызметкерлерінің күнін тағайындау — бұл село қызметкерлерінің көп миллион адамдық армиясының еңбегін терең сыйлаушылық пен жоғары бағалау. Республиканың совхоз жұмысшылары, колхозшылары, аграрлық-өнеркәсіп комплексінің қызметкерлері өздерінің биылғы мерекесін партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының тарихи шешімдерінен, тың эпопеясының 30 жылдық даңқты юбилейін мерекелеуден туындаған жоғары саяси және еңбек өрлеуі жағдайында қарсы алуда. КПСС Орталық Комитетінің барлық тың игерушілерге, партия мен халықтың ұлы ерлігіне қатысушыларға жолдаған құттықтауы творчестволық күштің жаңа тасқынын, іскерлік ахуалын күшейтті.

Кәсіптік мерекелерін атай отырып, село еңбеккерлері ең алдымен қазіргі ауыл шаруашылығы өндірісінің негізін қалағандарға тиісті баға береді. В. И. Ленин республикамыздағы алғашқы коллективті шаруашылықтардың идеялық дем берушісі және ұйымдастырушысы болды. Петроградтық жұмысшылардың үлкен тобының коллективті шаруашылықты ұйымдастыру үшін сонау Алтай мен Шығыс Қазақстанға бару ниеттері туралы біліп, В. И. Ленин Жер халық комиссариатына запискасында былай деп жазды: «Осы хатты берушілерге жерді қалай және қайдан алуға болатыны жөнінде кеңес, нұсқау беріп... көмектесуіңізді сұраймын. Бастама тамаша, ол бастаманы барынша қолдаңыз».

Коллективті шаруашылықты ұйымдастыру идеясы Қазақстан селолары мен ауылдарының еңбекшілерінде жанды үндестік тапты.

КПСС Орталық Комитетінің 1954 жылғы февраль-март Пленумының «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысы социалистік ауыл шаруашылығы құрылысының теориясы мен практикасына КПСС-тің қосқан үздік үлесі болды. Осы документтің қондырмаларын жүзеге асыру тамаша жемісін берді.

Тың жерлерді игергенге дейін Қазақстан мемлекетке жыл сайын орта есеппен 70—80 миллион пұт астық сататын. Өткен 30 жыл ішінде республикада оны жалпы өндіру 594,7 миллион тонна, соның ішінде бидай — 439,5 миллион тонна құрады. Мемлекет қамбасына 343 миллион тоннадай астық түсті. Мұның өзі 21 миллиард пұттан асады. Осы уақыт ішінде 7 рет 1 миллиард пұттық межеге қол жетті және одан асып түсті. Еліміздегі бүкіл сапалы астықтың 74 процентке жуығы республикамыздың совхоздары мен колхоздарында дайындалады. Қазақстан егістігінің жомарттығын, оның нанының дәмін еліміздің барлық мүйістерінде бүгінде жақсы біледі.

Астық шаруашылығын нығайту, жемшөп базасын жақсарту мал шаруашылығын жоғары қарқынмен дамытуға көмектесті. Тыңды игеру басталғаннан бері Қазақстанда ірі қара мен қой саны екі есе көбейді. Мал мен құс сатып алу 4,3 есе, сүт — 4,7, жүн — 3,8, жұмыртқа — 51 есе өсті.

Отанымыз қазақстандықтардың еңбегін лайықты бағалады. Отыз жыл ішінде ауыл шаруашылығының барлығы 242 мыңнан астам озаты СССР ордендерімен және медальдарымен наградталды, ал бір жарым мыңға жуық еңбеккер Социалистік Еңбек Ері болды.

АЛҒАШҚЫ ТЫҢ ИГЕРУШІЛЕРДІҢ даңқты дәстүрлерін дамыта отырып, бүгінде ауыл-село еңбеккерлері еліміздің Азық-түлік программасын табандылықпен жүзеге асырып келеді. Партия XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің соңғы Пленумдарының, Қазақстан Компартиясы XV съезінің қондырмаларына сәйкес астық және ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін өндіріп, дайындауды одан әрі молайту жөнінен ірі шаралар талдап жасалып, жүзеге асырылуда. Бұл республикамыздың барлық партия ұйымдары мен еңбек коллективтері қызметінің сара бағыты болып табылады. КПСС Орталық Комитетінің 1982 жылғы май Пленумы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді үдету, халық шаруашылығы мен халықтың оған деген қажетін барынша толық қанағаттандыру үшін жаңа көкжиектерді ашты, Пленум Қазақстанның осы заманғы қуатты аграрлық-өнеркәсіптік комплексін қалыптастыруда шешуші роль атқарды. Оның құрамына Қазақ ССР өнеркәсіп орындары мен өндірісінің 37,4 проценті енеді. Бүкіл халық шаруашылығының негізгі қорларының үштен бірі осында шоғырланған, жұмыс істеушілердің 38 проценті онымен айналысады, республиканың ұлттық табысының шамамен 40 проценті құралуда.

Қазақстанда 19 облыстық және 217 аудандық аграрлық бірлестік ұйымдастырылып, жұмыс істейді. Оларды құру серіктестер қызметін басқарып, үйлестіруді жақсартуға, олардың еңбектің түпкі нәтижелеріне деген мүдделілігін күшейтуге көмектесті. Ақтөбе мен Шымкент облыстық, Целиноград облысының Астрахань, Солтүстік Қазақстан облысының Совет, Көкшетау облысының Щучье, Талдықорған облысының Панфилов және басқа бірқатар аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктерінің советтері аграрлық-өнеркәсіп комплексінің барлық серіктестерінің іскерлік ынтымақтастығын экономиканы өрге басты-

---

14 октябрь — ауыл шаруашылық қызметкерлерінің күніне.

Digitized by Google

руға, өндірісті өсіруге, сапалық көрсеткіштерді жетілдіруге шебер бағыттауда.

Ауыл шаруашылығы аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің негізгі әрі өзекті буыны болып табылады. Қазір республикада 2500-ден астам совхоз бен колхоз бар, олар жоғары механикаландырылған социалистік ірі кәсіпорындарға айналды. Олардың әрқайсысына орта есеппен 75 мың гектар ауыл шаруашылығы жерінен, соның ішінде 14 мың гектар егістіктен, 2600 ірі қарадан, соның ішінде 750 сиырдан; 12 500 қой мен ешкіден келеді. Әр қызметкерде еңбектің энергиямен қаруланууы 44 ат күшіне тең.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің қажеті үшін жаңа техниканы, машиналар мен жабдықтарды беру жыл сайын көбейіп келеді. Мелиоративтік құрылыс жоғары қарқынмен жүргізілуде, сортаңды және шығымдылығы төмен басқа жерлер игерілуде.

Республика облыстарында егіншіліктің аймақтық ғылыми негізделген жүйесін толық игеру жөнінен үлкен жұмыс жүргізілді. Соңғы жылдары орта есеппен зябтың 79—80 проценті, егістіктің 85—87 проценті жалпақ тілгіштермен және терең қопсытқыштармен әзірленеді, жердің 90 процентке жуығы тұқым себер алдында культиватормен өңделеді. Дәнді дақылдардың 89—92 процентке жуығына тұқым СЗС-2,1 сеялкасымен себіледі.

Минералдық тыңайтқыштарды және химияландырудың басқа құралдарын пайдалану жыл сайын ұлғайып келеді. Соңғы үш жыл ішінде ғана тыңайтылатын алаң 37 процент көбейді, тұқым мен бір мезгілде қатар аралықтарға шағын мөлшерде тыңайтқыш енгізу екі есеседей көбейді. Жыл сайын 30—35 миллион тонна органикалық тыңайтқыш пайдаланылады. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің индустриалды технологиясы барған сайын көбірек таралуда.

Селолар мен ауылдарды әлеуметтік дамытуға, село тұрғындарының тұрмыс дәрежесін арттыруға көп көңіл бөлінуде. Соңғы үш жарым жыл ішінде 6,6 миллион шаршы метр тұрғын үй берілді, 42,3 мың орындық клубтар, 116 мың орындық жаңа мектептер, 24 мың орындық бала бақша мен ясли салынды.

Село еңбеккерлері партия мен мемлекеттің дарқан көмегіне қажырлы еңбекпен жауап беруде. Тым қуаңшылық болғанына қарамастан бесжылдықтың үш жылы ішінде Отан қамбасына 2,5 миллиард пұт, немесе жылына 853 миллион пұттан астық құйылды.

Шымкент облысының шаруашылықтары былтыр төрт жылдық, ал Ақтөбе облысы — бесжылдық жоспардан асып түсті. Республикада барлығы 20-дан астам аудан мен 200-ден астам совхоз бен колхоз он екінші бесжылдық есебіне астық тапсыруда.

Мал шаруашылығында оңды нәтижелерге қол жетті. Үстіміздегі бесжылдықтың үш жарым жылы ішінде оныншы бесжылдықпен салыстырғанда жылына орта есеппен дайындалатын мал мен құс 11 процент, сүт — 8, жұмыртқа — 15, жүн — 9 процент өсті. Кәсіпорындар мен ұйымдардың қосалқы ауыл шаруашылығы, сондай-ақ тұрғындардың меншікті шаруашылығы ойдағыдай дамып келеді.

Үстіміздегі жыл шымкенттік «Красная нива» совхозының механизаторы Атабек Сатмырзаев пен целиноградтық «Ижев» совхозының бригадирі Иван Алексеевич Трененков үшін өте-мөте қуанышты болды. Олар Социалистік Еңбек Ері жоғары атағына ие болды. Көкшетаулық механизатор Алексей Федорович Ратник пен Қызылорда облысынан күрішші-суарушы Әлиаскар Сұлтанов Еңбек Даңқы ордендерінің толық иегерлері болды.

Коммунистер, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттары, Гурьев облысы «Тасшағыл» совхозының аға шопаны Қалыбай Жұмағалиев пен Семей облысының Амангелді атындағы совхозының аға жылқышысы Қазбек Дәмеубаев өндірістік жоғары көрсеткіштерімен әйгілі, олар өткен жылы Социалистік Еңбек Ерлерінің даңқты қатарын толықтырды. Еңбек Даңқы ордендерінің толық иегерлері: астаналық облыстан сауыншы Ағиба Дүйсенбекова, Целиноград облысынан шошқа фермасының меңгерушісі Анна Михайловна Платонова құрметті беделге және жаппай сый-құрметке бөленуде. Маңғышлақ облысының «Жаңажол» совхозынан түйеші Еркінбай Табылғанов пен Шығыс Қазақстан облысы «Чапай» совхозынан агроном Петр Павлович Смолярдың еңбегі Отанымыздың жоғары наградалары — Ленин орденімен аталды.

Бесжылдықтың шешуші межесіне шыға отырып, село еңбеккерлері онімнің барлық түрін өндіру мен дайындауды ұдайы молайтып, ауыл шаруашылығына жұмсалған орасан зор қаржының қайтарымын жан-жақты арттыруға міндетті. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдастың Бүкілодақтық экономикалық конференция сөйлеген сөзінде айтқан: «Бүгінде біздің алдымызда астық, техникалық дақылдар өндіруде және халықты тамақ онімдерімен, ең алдымен етпен, сүтпен, жеміспен және овощпен қамтамасыз етуде неғұрлым жоғары шептерге шығу міндеті тұр» деген сөзі барша үшін іс-қимылға басшылық қызметін атқарады.

Белгіленгенге қол жеткізудің басты жолы — ауыл шаруашылығын дамудың интенсивті арнасына ауыстыруды жеделдету, колхоздар мен совхоздарда құрылған потенциалдың қайтарымын қыруар арттыру.

Мұның өзі жаңа қатынастарды, аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер қызметін батыл жақсартуды, бүкіл экономикалық жұмыс дәрежесін арттыруды, шаруашылық есепті, коллективті мердігерлікті енгізуді, экономикалық басқа тұтқаларды пайдалануды талап етеді.

Осы міндеттерді шешу көп нәрсеге,


Digitized by Google

колхозшылардың, жұмысшылар мен мамандардың жоғары біліктілігіне де, бүгінде олардың қолында бар орасан зор қаржыны тиімді пайдалана білуге де, олардың іске деген саналы қатынасына да, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының, халық депутаттары жергілікті Советтерінің ұйымдық және саяси-тәрбие жұмысының дәрежесіне де тәуелді.

Бүгінде совхоздар мен колхоздарда 520 мыңнан астам механизатор мен малшы еңбек етеді. Олардың қатары селолық кәсіптік-техникалық училищелер мен жалпы білім беретін мектептер түлектері есебінен ұдайы толығуда. Соңғы үш жыл ішінде ғана 95 мыңға жуық жігіт пен қыз кәмелеттік аттестатпен бірге комбайншы және тракторшы куәлігін алды. Өткен жылы орта мектептердің 38 мың түлегі совхоздар мен колхоздарда қалуға тілек білдірді және олар жұмысқа орналастырылды. Партия комитеттері шаруашылықтарды білікті кадрлармен нығайту жөнінде шаралар қабылдап, жас мамандарды басшы қызметтерге батылырақ ұсына бастады.

Мектеп ісі реформасын практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға қатыса отырып, еңбек коллективтері ауыл шаруашылығы өндірісі мен мектептердің байланысын нығайтуға, жеткіншек ұрпаққа кәсіптік бағдар беруді күнделікті жүргізуге, мектеп бітіруші әр жастың өз селосында көңілі қалаған іс табуына қамқорлық жасауға міндетті. Оқушылардың өндірістік бригадаларын нығайту, оқушыларды үлкендердің істеріне кеңінен тарту — әр коллективтің, шаруашылық басшысының төл ісі. Бұлай етпейінше жерді қадірлейтін, танаптар мен фермаларда жұмыс істей алатын шынайы еңбеккерді қалыптастыру мүмкін емес.

Бұл тұрғыдан Целиноград ауданының «Краснояр» совхозының коллективі тамаша үлгі көрсетуде. Мұнда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру арқылы бүкіл жыл бойына олардың өнімді еңбек етуі жолға қойылған. Олар совхоз фермалары үшін гидропонды көк балауса өсіреді, балабақшаға қамқорлық жасайды. 4—8 класс оқушылары үшін овощ қоймаларында, тұқымдық лабораторияда, жұмысшылар кооперативінде жұмыс істейтін звенолар құрылды. Жоғары кластардың балалары оқушылар бригадаларында еңбек етеді, онда 700 гектар алаңда дәнді дақылдар мен жемдік қызылша өсіріп, гектарына 500—600 центнерден өнім алады. 1975 жылдан бері бригада толық шаруашылық есепте жұмыс істеп, кіріс береді. Бригада қол жеткен табыстары үшін республика Жоғарғы Советінің грамотасымен наградталды. Балалар — еңбек даңқының совхоздық мерекелеріне, озаттарды атауға белсенді қатысушылар. Саяси хабаршылар, «Білім» қоғамының лекторлары педагогтар мен оқушылар алдында жүйелі сөз сөйлейді. Совхоз директоры, Социалистік Еңбек Ері Д. В. Бурбах басқаратын коммунистік тәрбие жөніндегі совет бүкіл осы жұмысқа бағыт береді. Шаруашылық пен мектептің ынтымақтастығы тамаша жемісін беруде. Оқушылардың көпшілігі мектепті бітіргеннен кейін туған селосында қалып, бірден іскер жұмысшылар ретінде ауыл шаруашылығы еңбегіне қосылады.



«Плакат» баспасы.

Біз бесжылдықтың шешуші межесіне шыққан бүгінгі таңда саяси-тәрбие жұмысын күшейту, мұнда басшы мен маманның ролін көтеру өте-өте маңызды. Жұмыстың тапсырылған учаскесі, жоспарды, технологиялық және еңбек тәртібін сақтау үшін кадрлардың жауапкершілігін жер-жерде арттыру қажет.

Кезек күттірмейтін міндет — егін жинау жұмыстарын толық әрі ысырапсыз аяқтау. Үстіміздегі жылдың ауыр жағдайында астық, егіншілік пен мал шаруашылығының барлық өнімдерін барынша көп дайындауды қамтамасыз ету. Әр шаруашылықта жемшөп қорын жасау, алдағы мал қыстатуды табысты өткізу үшін барлық мүмкіндікті пайдалану қажет.

Алдағы өнім: тұқым, парды өңдеу, күзгі егіс, техника жөндеу туралы көп қамқорлық жасалуға тиіс.

Бір сөзбен айтқанда, партия комитеттерінде, селоның барлық еңбеккерлерінде іс өте-мөте көп, оның бәрі үстіміздегі жылға қабылданған міндеттемені, Азық-түлік программасының тапсырмасын табысты орындауға бағытталған. Олар бұдан ел алдындағы басты парыздарын көреді.

Ғ. ЕСМҰҚАНОВ,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Digitized by Google

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ҚАЖЕТ

Бізде идеология активінің аудандық мектебі 1981 жылы жұмыс істей бастады. Онда бастапқыда идеология мәселелерімен айналысушы насихатшылардың, партия ұйымдары секретарьлары орынбасарларының, үгіт коллективтері мен саяси хабаршылар топтары жетекшілерінің бөлімшелері жұмыс істеді. Өткен жылы «Білім» қоғамы бастауыш ұйымдары председательдерінің бөлімшесі ашылды. «КПСС-тің идеологиялық жұмысының теориялары мен әдістері мәселелері» курсының программасына сәйкес мектепте сабақ айына бір рет өтеді.

Мектептегі сабақтар, тыңдаушылардың пікірі бойынша, олардың жұмысына жақсы көмектеседі. Мұнда насихатшыларды іріктеу айрықша роль атқарды, негізінен аудандық партия комитеті аппаратының идеология қызметкерлері, партия ұйымдарының секретарьлары оның насихатшылары. Облыстық партия комитетінің жауапты қызметкерлері, Ақтөбе қаласының жоғары оқу орындарының оқытушылары жүйелі түрде лекциялар мен баяндамалар жасайды. Оқытудың белсенді формаларын барынша кеңінен қолдануға ұмтыламыз. Мысалы, өткен оқу жылында насихатшылар бөлімшесінің тыңдаушылары ауданның аса тәжірибелі насихатшылары Т. Қанамқұловтың, Н. Студеникинаның, А. Белоглазовтың және басқалардың ашық сабақтарына қатысты.

Тыңдаушылардың бәрі оқудың техникалық және көрнекі құралдарын пайдалануды үйренді.

Үстіміздегі жылдың январь айында үгіт коллективтерінің жетекшілерімен сабақ «дөңгелек стол» басындағы кездесу формасында өтті.

«Социалистік еңбек тәртібіне тәрбиелеуде, үнем мен ұқыптылық үшін күресте үгітшілердің ролін қалай арттыру керек» деген мәселе талқыланды. Кездесуге совхоздар мен колхоздардың партия комитеттерінің секретарьлары, таңдаулы үгітшілер қатысты. Мектеп тыңдаушылары Қарғалы геологиялық барлау экспедициясынан С. Сайфутдинованың, Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясынан Л. Гончарованың, «Хлебодар» совхозынан М. Избановтың әңгімелерін жылы қабылдады. Карл Маркс атындағы совхоздың үшінші бөлімшесі үгіт коллективінің жетекшісі Б. Күзембаев үгітшілердің өндіріс озаттарының кеш-портреттерін өткізуге көмектесетіні, малшылар мен дикандар күндеріне қатысатыны, әрбір адамның қауырт социалистік міндеттемені әзірлеуіне жәрдемдесетіні туралы әңгімеледі. Б. Күзембаев жолдастарын өткен күзде аудан комбайншылары социалистік жарысының жеңімпазы болған механизатор Н. Завадскийдің кеш-портретінің сценарийімен таныстырды.

Тәжірибені қызу алмасу, мезгілі жеткен проблемаларды ашық талқылау — осының бәрі адамдармен жұмыс істеуде әрбір тыңдаушыға үлкен пайда береді. Мектептің барлық бөлімшелерінің тыңдаушылары қатысатын ғылыми-практикалық конференция да осы мақсаттарға қызмет етеді. Өткен жылдың октябрь айында «Идеологиялық жұмыс — бүкіл партия ісі» тақырыбы бойынша конференция өтті. Оған қатысушылар КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумы мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің X пленумы шешімдерінің партия ұйымдарында қалай жүзеге асырылып жатқаны, идеялық-тәрбие жұмысын жетілдірудің нақты жолдары туралы әңгімеледі. Конференция тыңдаушыларды теориялық біліммен байытып, практикалық міндеттер білімімен қаруландырды.

Еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын 0,5 процент кеміту жөніндегі социалистік міндеттемелерді орындау жолдарын талдауға арналған конференция да тыңдаушыларға көмектесті. Кейін тыңдаушылар еңбекшілердің көтеріңкі социалистік міндеттемелерін әзірлеуіне білгірлікпен көмектесті. Ал биыл ауданда еңбек өнімділігі біржарым процент өсіп, егіншілік өнімінің өзіндік құны жоспарға қарағанда 3 процент, мал шаруашылығында — 2 процент кемиді.

Үстіміздегі жылдың март айында өткен «Коллективтік мердігерлік — түпкі нәтижелерге жетудің және ресурстарды үнемдеудің маңызды жолы» деген ғылыми-практикалық конференцияға бригада жетекшілері: тәжірибе станциясынан В. Алтухов, «40 лет Казахской ССР» совхозынан А. Ваймер және Карл Маркс атындағы совхоздан бригадир көмекшісі В. Меркушев шақырылды, олардың коллективтері біздің ауданда бригадалық мердігерлікке бірінші болып ауысты. Сөз сөйлеушілерге қойылған сұрақтарға қарағанда бұл тақырыптың әрбір тыңдаушыны қатты қызықтырғаны байқалды. Бұл түсінікті де. Өйткені нақ сол күндерде шаруашылық есептегі бригадалар құрылып жатты, сондықтан да бәрі де осындай алғашқы коллективтердің «сырын» жақсырақ білгісі келді. Тыңдаушылар мердігерлік бригадалар мен звено-

Digitized by Google

лардың жетістіктері туралы әңгімелейтін стендтерден де көптеген пайдалы істерге қанықты. Конференция активистердің осы бір күрделі істе жақсырақ бағдар ұстауына көмектесті. Олар үгіт-насихат жұмысы үшін түрлі материалдар алды. Үстіміздегі жылы бізде бригадалық мердігерлікті меңгеруде шұғыл өзгеріс болды — ол ауданның 28 трактор-егіс бригадасының он жетісінде қолданылуда.

Аудандық ұйымдардың жауапты қызметкерлерімен және шаруашылық басшыларымен кездесулер де белсенді өтеді. Мысалы, январь айында аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары А. Бижанов бесжылдықтың үшінші жылының социалистік міндеттемелерінің орындалу қорытындылары туралы хабар жасады, ал басқа бір кездесуде аудандық ұйымдар мен мекемелер басшылары мектеп тыңдаушыларының ауданның әлеуметтік дамуы туралы сұрақтарына жауап берді.

Мектепте рефераттар қорғау кеңінен қолданылуда. Тыңдаушыларға практикалық тапсырмалар беріледі. Адамдармен жүргізілетін жұмыс тәжірибесін қорытатын анағұрлым мазмұнды рефераттардың материалдары бойынша аудандық газетте мақалалар жарияланады.

Мысалы, саяси хабаршылар топтарының жетекшілері М. Жаналин мен А. Белоглазов, насихатшылар тобының жетекшілері С. Битурин мен А. Мишанов, сондай-ақ басқа да бірқатар тыңдаушылар қызықты жұмыс әзірледі. Үгіт коллективтерінің жұмысын жоспарлау мәселелері жөніндегі тапсырманы аудандық партия комитеті мақұлдап, методикалық құрал ретінде партия ұйымдарына ұсынды, оны «Хлебодар» совхозынан тыңдаушылар Г. Жұмашев пен Р. Бондаренко орындады.

Идеология активі мектебінің мақсаты, егер осылай деп айтатын болсақ, «дәп-дәйын» оқу материалын ұсыну емес, әрбір адамды оқуға, өзінің партиялық тапсырмасын орындауға творчестволықпен қарауға үйрету. Біз мектеп жұмысын жетілдіре отырып, осыны үнемі естен шығармаймыз.

Биылғы оқу жылында тыңдаушылардың дербес жұмысын күшейтуге баса назар аударылуда. Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері, партия мен үкіметтің қаулылары бойынша әңгімелесулер өткізіледі. Сонымен қатар партия ұйымдарының идеологиялық жұмыстың әртүрлі бағыттарындағы тәжірибесін оқып-үйренуге анағұрлым көп уақыт бөлінеді. Әрбір тыңдаушы актуальды проблемалардың бірі бойынша курс жұмысын орындайтын болады. Бірқатар сабақтарды тікелей партия ұйымдарында өткізуді жоспарлап отырмыз. Мысалы, үгіт коллективтері мен саяси хабаршылар топтарының жетекшілері анықтама-информация орталықтарының, мәдениспорт комплексінің жұмысымен, екінші партия ұйымындағы үгіт-бұқаралық жұмысты жоспарлаумен танысады. Мектеп реформасына байланысты «Мектеп және кәсіптік-техникалық училище оқушылары арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жетілдірудің ерекшеліктері мен жолдары» деген тақырыпта ғылыми-практикалық конференция өткізуді белгілеп отырмыз.

Жасыратыны жоқ, идеология активі мектебінің жұмысы аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі қызметкерлерінің көп уақытын алады, әйтсе де біз оның қайтарымын да толық сезінеміз. Активистердің теориялық даярлығын жақсарту, оларды таңдаулы тәжірибемен қаруландыру — осының бәрі бүкіл идеологиялық, бұқаралық-саяси жұмысқа терең ықпал етеді.

Аудан еңбекшілері 1983 жылдың жоспарын барлық техникалық-экономикалық көрсеткіштер бойынша мерзімінен бұрын аяқтады және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және ЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болды. Мемлекетке ет, жұмыртқа, жүн сату жөніндегі бірінші жарты жылдық тапсырмасы табысты орындалды. Егін бітік өсірілді. Аудан еңбеккерлері астық пен картопты сатып алу жөніндегі бесжылдық жоспарды төрт жылда орындап шығу үшін күресуде.

А. ЕШНИЯЗОВ,
Қазақстан Компартиясы Ақтөбе аудандық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.
Ақтөбе облысы.

САЯСИ ИНФОРМАЦИЯ КЛУБЫ

«Целиноградтяжстрой» тресі партия комитетінің саяси информация клубының жұмыс істегеніне үш жыл болды.

Клуб құрылғаннан бері А. М. Рогозина бастаған совет оған жетекшілік етеді. Анна Марковна — жігерлі, мақсатты, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге әдеттенген адам. Ол советте бұқаралық-саяси жұмыстың нағыз активистерін топтастыра білді. Мысалы, саяси хабаршылар тобының жетекшісі И. И. Гавров — трест ардагерлерінің бірі. Ол Ұлы Отан соғысының майдандарында жауынгерлік жолдан өтті, трестің барлық басты құрылыстарында жұмыс істеді. Жастарға кәдуілгі еңбек істері туралы әңгімелей отырып, Илья Иванович өндірістік тәртіпті одан әрі нығайту қажеттігін шебер түсіндіреді.

Совет мүшелерінің қатарында үй құрылысы комбинаты комплексті бригадасының бригадирі Н. А. Семенчук, Жилстрой құрылыс басқармасы комплексті бригадасының бригадирі Г. И. Чмелев,

Digitized by Google

жатақхана тәрбиешісі Б. К. Тәженова, трестің комсомол комитеті секретарының орынбасары С. В. Розов бар.

— Әрине, жұмысты бастаған кезде бәрі бірдей оңай бола қойған жоқ,— дейді Анна Марковна Рогозина. — Біз советтік өмір салтын насихаттауды түрлі адамдар арасында жүргіземіз. Сондықтан да бізге лекция тыңдауға немесе диспутқа келген адамның өзін еркін сезініп, ашық әңгімеге араласуы үшін клубта еркіндік жағдайын жасауға ұмтыламыз. Мысалға жастардың эстрада өнеріне әуесқойлығы сияқты сәтті алайық. Проблема эстетикалық тұрғыдан ғана маңызды емес. Өйткені күмәнді, батыс үлгісіндегі эстрада әншісымақтарына еліктейтін жігіттер мен қыздар кездеседі. Әсіресе, олардың сыртқы жақтары үшін ғана қызығады: емін-еркін би әуендері, түрлі дыбыс эффектілері озіне тартады. Балалардың жақсы музыкаға, оның ішінде эстрадалық музыкаға деген дұрыс талғамын қалай тәрбиелеуге болады?

Әрине, магнитофонды, дыбыс күшейткішті алып, отандық және шетел эстрадасының таңдаулы шығармаларын тыңдау бәрінен оңай болар еді. Клуб басқа жолды таңдады: мұнда колемді репертуары бар оздерінің вокалды-аспапты ансамблін құрды.

Жоғарыда айтылғандай, клуб жұмысының бағыттары әртүрлі. Мысалы, жастардың еңбекке деген қарым-қатынасы туралы диспут есте қалды. Адамды толғандыратын, пайдалы әңгіме болды. Целиноград педагогика институтының оқытушылары доцент В. А. Гавриловтың жетекшілігімен диспуттың теориялық бөлімін әзірледі. Онда социалистік қоғамдағы еңбек туралы мәселелер, адамның еңбек және қоғамдық қызмет проблемалары, осы орайда марксизм-ленинизм классиктерінің пікірлері айтылды.

Еңбек және партия ардагерлері А. Д. Ануфриев, А. П. Сенчило, КПСС XXVI съезінің делегаты, «Целиноградсельмаш» заводының штамптаушысы А. С. Рогозина диспутта құрылысшылардың алғашқы бесжылдықтар, тыңайған жерлерді игеру жылдарындағы ерлігі туралы айтты.

Жұмысшы адамның сөзі ерекше қымбат, өйткені ол іспен тығыз байланысты. Жастар Сантехмонтаж басқармасының жұмышысы Б. М. Оспанованың сөзін ықыласпен тыңдады. Бикеш Мәденқызы облыстық XXI партия конференциясының делегаты болды. Оның клубта сөйлеген сөзі коп жыл бойы өзі жұмыс істейтін бригада өмірінен алынған мысалдарға толы еді. Және оған сұрақтар көп қойылды. Жас жұмысшыларды ең алдымен бригаданың авариясыз жұмысқа қалай қол жеткізгені, еңбек тәртібін бұзу оқиғасын қалай жойғаны қызықтырды.

—Осының бәрі,— дейді Б. М. Оспанова,— бірден келген жоқ. Коллективтегі ұйымдастырушылық және тәрбие жұмысымыздың көптеген жоспарлары мен әдістерін қайта қарауымызға тура келді. Ең алдымен «Кім жақсы жұмыс істесе — сол кобірек алады, жақсы өмір сүреді» деген принципті заңдандырдық. Біз осы арқылы жазасыз қалуға, жауапсыздыққа және теңгермешілікке сенген адамдардың сүйенішін бірден жұлып тастадық. Бригада шешімі бірауыздан, нақты қабылданды: әрбір адамды тәртіпті терең сыйлауға, іске саналы, творчестволықпен қарауға тәрбиелеу қажет.

Б. М. Оспанованың әңгімесі клуб мәжілісінде қызу талқылау туғызды. Көпшілігі өз пікірлерін ортаға салды.

Клубтың өз базасы бар, оған «Целиноградтяжстрой» тресі № 2 жатақханасының кітапханасы мен демалыс бөлмесі, Циолковский көшесіндегі жазғы үгіт алаңы кіреді. Осының бәрі құрылысшылар, клуб советінің мүшелері А. А. Кернің, М. С. Шовенскененің, А. С. Мироновтың және басқа да біздің ерікті көмекшілеріміздің қолдарымен жабдықталғанын атап өткен жөн.

И. СЕМЕНОВ.
(Облыстық «Целиноградская правда» газеті).


Әңгімелерде айтыңыз

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ТОВАРЛАР КӨП БОЛСЫН

Алматыда 27 июльде өткен республикалық партия-шаруашылық активінің жиналысында халық тұтынатын товарлар өнеркәсібін одан әрі дамыту, олардың сапасын арттыру және олармен сауда жасауды жақсарту мәселелері қаралды.

Жиналысты КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас кіріспе сөз сөйлеп ашты. Халық тұтынатын алуан түрлі сапалы товарлар өндіруді сенімді түрде молайту соьет адамдарының материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін одан әрі арттыру программасының ажырамас бөлігі болып келді, болып отыр және бола береді, деп атап көрсетті Д. А. Қонаев жолдас. Партияның осы мәселе жөніндегі шешімдерін белсенді іс-қимылға, орын алған барлық кемшіліктерді неғұрлым батыл жоюға, халық үшін сапалы товарлар шығаруды молайтудың резервтерін табанды түрде нәтижелі іздестіруге мейлінше

Digitized by Google



Ақтөбенің № 100 қалалық кәсіптік-техникалық училищесі Батыс Қазақстан мұнайшылары мен геологтары үшін кадрлар даярлайды. Училище жұмыс істеген 15 жыл ішінде 3 мыңнан астам маманды: бұрғышыларды, биік мұнарашыларды, дизельшілерді, химиялық анализ лаборанттарын, электр дәнекерлеушілерін даярлады. Олардың көпшілігі «Запказгеология» және «Ақтөбнефтегазгеология» өндірістік бірлестіктерінің білікті мамандарына, мастерлері мен озаттарына айналды.

Училищеде жастарға коммунистік тәрбие беруге, оны совет халқының даңқты еңбек дәстүрлеріне адалдыққа баулуға көп көңіл бөлінеді. Училищенің еңбек даңқы музейі осы жұмыстың орталығына айналды. Мұнда қала мектептерін бітірушілер жиі болады.

Суретте: училищенің еңбек даңқы музейінде.

Суретті түсірген Д. КАРАЧУН (ҚазТАГ).

тікелей басшылық жасау деп қарастыруды талап етеді.

Жиналыста Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Қ. Т. Тұрысов баяндама жасады.

Баяндамада, партия-шаруашылық активіне қатысушылардың сөйлеген сөздерінде қуатты көп салалы индустриясы бар республикада соңғы жылдары тұрғындарды кеңінен тұтынылатын товарлармен қамтамасыз ету жөнінен көптеген істер атқарылғаны атап көрсетілді. Оларды шығару жөніндегі үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы мен алты айының жоспары табысты орындалды. 30 жаңа кәсіпорын мен өндіріс пайдалануға берілді. 100-ден астам цех пен учаске кеңейтіліп, қайта құрылды. Сонымен бірге қолда бар үлкен резервтер мен мүмкіндіктер халық тұтынатын товарлар шығаруды одан әрі ұлғайту үшін толық пайдаланылмайды.

Халық тұтынатын товарлар өндірісінің материалдық-техникалық базасын анағұрлым тиімді дамыту, шикізат пен материалдарды үнемді және ұтымды пайдалану қажет. Партия-шаруашылық активінің жиналысында атап көрсетілгеніндей, халық үшін товарлар шығаруды одан әрі арттыру жөніндегі міндеттерді орындау жұмыстың осы учаскесіне партиялық басшылықты одан әрі жетілдіруді мейлінше талап етеді. Елімізде халық тұтынатын товарлар шығаруды кеңейтуге және олардың сапасын жақсартуға республиканың қосатын үлесін ұлғайту жөніндегі ұйымдық және саяси жұмыстың жоғары пәрмеңділігін қамтамасыз ету қажет.

Актив жиналысының материалдары үстіміздегі жылдың 28 июлінде «Правдада», республикалық газеттерде жарияланды.

Digitized by Google

БҮКІЛ РЕЗЕРВ — БЕСЖЫЛДЫҚҚА

А. КАРАВАЕВ,
Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрі.

Коммунистік партия транспортты жедел дамытуды, оның жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруды еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының түйінді бағыттарының бірі деп есептейді. Бесжылдықтың тапсырмаларының табысты орындалуы көбіне-көп автомобильшілердің қаншалықты топтасқан түрде және нақты еңбек етуіне байланысты.

Осыны жақсы түсіне отырып, Қазақстан автомобиль транспортының қызметкерлері партияның XXVI съезі, КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдары және Қазақстан Компартиясының XV съезі ұсынған міндеттерді табысты жүзеге асыру жолындағы бүкілхалықтық күреске қосар үлестерін табандылықпен арттыра түсуде. Үстіміздегі жылдың жеті айының қорытындысы бойынша еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырма 1,2 процент асыра орындалды, жүк тасымалының өзіндік құнын қосымша 0,6 процент кемітуге қол жетті. Бесжылдықтың тұтасынан үш жарым жылы ішінде жоспардан тыс 23 миллион тоннадан астам халық шаруашылығы жүгі тасымалданды, 438 миллион жолаушы-километр жол жүрілді, жеңіл таксидің ақылы жүрісі 10 миллион километр болды.

Жүздеген бригадалар мен колонналар Жеңістің 40 жылдығын, стахановтық қозғалыстың басталуының 50 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы бүкілхалықтық әзірлікке қосылып, он бірінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау үшін күресуде.

Сонымен бірге біз қолда бар көптеген резервтердің әлі де іске қосылмағанын және КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі 1983 жылы августе қабылдаған «Халық шаруашылығында автомобиль транспорты құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыру, автомобиль транспортымен жүк тасымалдау кезінде асырып жазуға қарсы күресті күшейту және жанар-жағар май материалдарының сақталуын қамтамасыз ету туралы» қаулыны орындау жөнінен орасан зор жұмыстар тұрғанын жақсы түсінеміз.

Ең алдымен, жүк тасымалын ұйымдастыруды жетілдіруде ірі резервтер жатыр. Мысалы, автомобильдердің жүксіз жүрісін қысқартудың әрбір проценті еңбек өнімділігін тура дерлік пропорционал түрде ұлғайтады, транспорттың 7 миллион сом шығынын және 11 мың тонна жанар-жағар май материалдарын үнемдейді. Үстіміздегі жылы жолай жүк тиелген автомобильдер 14 процент өссе де олардың бос жүруі әлі де жаппай сипат ұстап келеді.

Орталықтандырылған және жүйелі қалааралық тасымалдар, темір жол тораптарына комплексті транспорттық-экспедициялық қызмет көрсету, автотранспорттың электронды есептеу машинасында есептелген сағаттық график бойынша жұмысы жедел дамытылуға тиіс. Қазіргі уақытта жүк жөнелтуші 1700 кәсіпорын мен ұйымға, барлық ірі темір жол станцияларына, өзен порттары мен пристаньдарына орталықтандырылған қызмет көрсетіледі. Және осы жұмысты бүкіл ауқымында аяқтау міндеті тұр.

Контейнерлі тасымал көлемі бес есе, ал пакетті тасымал екі жарым есе арты. Бірқатар қалаларда нан тағамдары, басқа да азық-түлік және өнеркәсіп товарлары сауда жүйесіне арнаулы контейнерлермен және жабдықтармен жеткізіледі. Осының нәтижесінде жүк жеткізу тездетіліп, қол еңбегі қысқаруда және ең маңыздысы — өнімнің жоғары сапасы сақталады.

Автомобиль тіркемелерімен жүк тасымалдау көлемін ұлғайтуды қамтамасыз ету — маңызы зор іс. Оларды шығаруды бір процент ұлғайтудың өзі тұтасынан министрлік кәсіпорындары бойынша транспорт жұмыстарының көлемін 50 миллион тонна-километр арттыруға және өзіндік құнды бір миллион сомға дерлік кемітуге мүмкіндік береді.

Қазір әрбір екінші автомобиль дерлік тіркемелермен жарақтанған. Ауыр салмақты автопоездарды қалыптастыруға ерекше көңіл бөле отырып, осы жұмысты жігерлі түрде жалғастыру қажет. Бізде 10 мыңнан астам автопоезд құрылды. Тасымал көлемінің 65 процентінен астамы автопоездардың көмегімен орындалады.

Ауыр салмақты автопоездар жүргізушілерін мадақтау мақсатында министрлік пен республикалық салалық кәсіподақ комитеті «Автопоезды жүргізу шебері» деген арнаулы белгі тағайындады, ол қазірдің өзінде бес мың озат жүргізушіге тапсырылды. Өз ісінің тамаша шеберлері ауыр салмақты поездарды жүргізушілер қозғалысын бастап келеді.

28 октябрь — автомобиль транспорты қызметкерлері күніне.

Digitized by Google

Олардың ішінде таңдаулылар — Социалистік Еңбек Ерлері В. П. Щербаков, Н. И. Киреев, З. С. Бесбаев, Т. Ж. Тілеулин, СССР Жоғарғы Советінің депутаты А. У. Юнусов, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Н. П. Плясунов, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары А. Пішенбаев, Н. П. Мирчев, С. А. Балян, К. Т. Самарханов және басқалар бар.

Астықты және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін дер кезінде тасымалдау, еліміздің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға қатысу — Қазақстан автомобильшілерінің екпінді ісі. Автомобильшілер КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының қаулысын үлкен жігермен қабылдады, онда астық тасымалдауды түбірінен жақсарту жөнінен шаралар белгіленген. Үстіміздегі жылы достық еңбек одағы мен бригадалық мердігерлік шарттары негізінде автотранспорт кәсіпорындарының ауыл шаруашылығы және дайындау ұйымдарымен іскерлік өзара байланыстары қыруар нығайды. Шаруашылықтармен бірлесіп, тасымалдың комбитрейлерлік және үлестік жүйесін қолданатын 2600 комплексті орақ-транспорт бригадасы құрылды. Осы бригадалар бойынша орташа есеппен бір автомобиль жұмыс күні ішінде қырманға 55—60 тоннадан астық тасиды, бұл жұмыстың кәдуілгі әдісіне қарағанда 3,3 есе көп.

Астық 150 элеваторға электронды есептеу машинасында есептелген сағаттық график бойынша ауыр салмақты автопоездармен жеткізіледі. Мұның өзі жүк тиеу-түсіру операциялары кезінде автомашиналардың кідірісін күрт қысқартуға, жұмыста ырғақтылыққа қол жеткізуге және астық қабылдау кәсіпорындарының өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы өзінің жуырда қабылдаған қаулысында жолаушылар транспортының жұмысын жақсарту жөнінен шаралар қабылдауды талап етті. Соңғы жылдары Целиноградта, Теміртауда, Екібастұзда, Павлодарда, Талдықорғанда, Жітіқарада, Лисаковте, Арқалықта ірі автобус парктері, Шымкентте такси паркі және басқа кәсіпорындар пайдаланылуға берілді. 130 автостанция, 16 автовокзал және олардың ішінде еліміздегі аса ірі Алматының жаңа автовокзалы салынды.

Бесжылдықтың басынан бері 700-ге жуық жаңа автобус маршруты ашылды. 230 селолық елді мекенде қосымша жүйелі қатынас ұйымдастырылды. Бүгінгі күнде маршрут желісінің жалпы ұзындығы 423 мың километрге жетті, автобустармен күн сайын тоғыз миллион адам тасылады. Қазақстан астанасында автобус тасымалын диспетчерлік басқарудың (АСДУ—АП) автоматтандырылған жүйесі өнеркәсіптік пайдаланылуға берілді. Осындай жүйелер қазіргі уақытта Қарағанды мен Өскеменде әзірленуде.

Үстіміздегі бесжылдықта 400-ден астам елді мекенді жүйелі автобус қатынасымен қосымша қамту, 56 елді мекеннің өз ішінде автобустар жұмысын ұйымдастыру, қосымша 1570 тұрақты, маусымдық және арнаулы маршрут ашу, 6 автовокзал және 30 аудандық автостанция салу белгіленді. Сонымен қатар транспорт қызметкерлерінің қызмет көрсету мәдениеті жолындағы жауапкершілігі артуда, бұған тұрғындардан әлі де көптеген ескертулер түседі.

Тұрғындарға транспорт-экспедициялық қызмет көрсету маңызды салаға айналды. Үстіміздегі жылы 17,4 миллион сомның қызметі көрсетіледі, бұл өткен жылғы дәрежеден 7 процент жоғары. Тұтынушылардың отын, мебель, үй заттарын, ауыл шаруашылығы өнімдерін колхоз рыноктарына тасымалдауға, әдет-ғұрыптарды енгізуге т. б. сұранысын толығырақ қанағаттандыру үшін агенттіктер мен қабылдау пункттерінің жүйесін, оның ішінде ірі өнеркәсіп орындарында кеңейту белгіленді.

Тәртіпті одан әрі нығайту, әрбір еңбеккердің тапсырылған іске деген жауапкершілігін арттыру автомобильшілер алдында тұрған үлкен міндеттерді орындаудың сөзсіз шарты болып табылады. Өткен жылы сала кәсіпорындарында жұмыс уақытының өнімсіз ысырабы үштен біріне кемітілді.

Биылғы жылдың бірінші жартысында жұмыс уақытының ысырабы қыдырымпаздықты кеміту есебінен Шымкент жолаушылар және жүк автомобилі басқармаларында төрттен біріне, Солтүстік Қазақстан жолаушылар басқармасында — 39 процент, Маңғышлақ автомобиль басқармасында 36 процент қысқарды. Дегенмен кейбір коллективтерде тәртіп бұзушылармен шындап күрес жүргізілмейді. Мұның ең алдымен Алматының № 1 автокомбинатына, Алматы жүк автомобилі басқармасына, Қарағанды жолаушылар автомобиль басқармасына қатысы бар, оларда қыдырымпаздық тіпті көбейіп кетті.

Транспорттағы хауіпсіздік те еңбек тәртібімен өте тығыз байланысты. Жол қозғалысының жаңа ережелері енгізілгеннен кейін көптеген коллективтерде осы проблемаларға айрықша назар аударылатын болды. Автомобиль транспорты министрлігі 1982—1985 жылдары саланың автомобиль кәсіпорындарында жол-транспорт оқиғаларының алдын алу жөнінен комплексті программаны әзірлеп, жүзеге асыруда. Бірақ авариялардың біршама азайғанына қарамастан оның дәрежесі едәуір алаңдаушылық туғызады. Транспорт хауіпсіздігі қызметін көрсетуді қамтамасыз ету әрбір лауазымды адамның, кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбек коллективтерінің, және түптеп келгенде, саланың бүкіл автомобильшілерінің басты қамқорлығы мен міндеті болуға тиіс.

Транспорт жұмысының нақты есебін қамтамасыз ету, орындалмаған тасымалдардың көлемін асыра жазуды жою

— мемлекеттік үлкен маңызы бар іс. Осы мақсатпен біз жүргізушілердің еңбек өнімділігі кесімді ақы төлеуге қарағанда төмен болатынына қарамастан, олар мерзімді еңбек ақы төлемімен жұмыс істейтін жүк автомобильдерінің санын күрт ұлғайтуға кірістік. Маркшейдерлік өлшем топырақ тасымалдауда кеңінен қолданылатын болды. 260-тан астам түрлі параметрлер бойынша қатаң логикалық бақылауды қамтамасыз ету арқылы электронды есептеу машиналарында товарлы-транспорт документтерін әзірлеу жолға қойылды. Спидометр шаруашылығындағы жұмыс таретке келтірілуде. Кәсіпорындар штампсағаттармен, аспаптармен жарақтануда, олар бойынша тасымал қашықтығына бақылау жасалады. Осы жұмыстың бәрі бұдан былай аса жіті көңіл бөлуді талап етеді.

Отынды ұтымды пайдалану — біздің айрықша қамқорлық жасайтын ісіміз. Бұл үшін көп істер атқарылуда. Бензин құятын станциялар құрылысы интенсивті жүргізілуде. Таяудағы екі-үш жылда олар барлық автомобиль кәсіпорындарында құрылады. Дизельді автомобильдер жүк айналымының үлес салмағы 41 проценттен 62,1 процентке дейін өсті. Алматыда екі мыңға жуық жүк автомобилі мен такси сұйытылған газбен жұмыс істейді. Осы шаралардың бәрі оңды нәтижелер беруде. 1981—1983 жылдары жүк транспорты жұмысының көлемін 15,6 процент арттыру барысында отын шығыны (шартты есеппен) 0,6 процент қана көбейді. Үстіміздегі жылы бензиннің үлесті шығыны өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,6 процент, дизель отыны — 4 процент, ал шартты отынның үлес шығыны 7,3 процент қысқарды.

Бірақ осы көрсеткіштердің әр жағында партия мен үкімет талаптарынан әлі де тиісті қорытынды жасамаған коллективтер аз емес. Ішінара айтқанда, Алматы облыстық жүк және Гурьев автомобиль басқармалары бүкіл отын-энергетика ресурстарын үнемдеу жөніндегі тапсырмаларды орындай алмауда. Алматы қалааралық тасымал басқармасы, Шығыс Қазақстан жүк және жолаушылар, Жамбыл жүк және басқа да бірқатар автомобиль басқармалары отын-энергетика ресурстарының жекелеген түрлерін үнемдеу жөніндегі тапсырмаларды орындаған жоқ. Бұл жағдайды жедел түзету қажет.

Автомобильшілер өздерінің кәсіптік мерекесін қарсы ала отырып, өз күштерін бесжылдықтың басты міндеттерін шешуге, өндірісті интенсивтендіруге шоғырландыруда. Еңбек коллективтерінің социалистік жарысы, творчестволық инициативасы осыған бағытталған. Партия ұйымдарының басшылығымен сала еңбеккерлері халық шаруашылығы мен халықтың тасымал қажетін мейлінше толық қанағаттандыру үшін не қажеттің бәрін жасайды.

«ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ» — «АГИТАТОР КАЗАХСТАНА»

журналына 1985 жылға жазылу жүріп жатыр

Журнал қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады. Оның бір данасының бағасы 15 тиын тұрады. Бір жылға жазылу құны — 3 сом 60 тиын.

Журналдың индексі — 75328.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-07, 33-80-56,

33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. ЖҰРСІМӘМБЕТОВА.
Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.

Сдано в набор 10.08.84. Подп. к печати 27.08.84. УГ01311. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 3,52. Печать высокая. Тираж 65 092 (казахское издание — 33 146 экз., русское издание — 31 946 экз.). Заказ 125. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана, Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

УАҚЫТ – БІЗДІҢ ҚОҒАМДЫҚ БАЙЛЫҒЫМЫЗ



Digitized by Google

ОКТЯБРЬ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

1917



Қазақстан УҒІТШІСІ

19
1984

Digitized by Google



Гурьев облысы Индер ауданының Ленин орденді «Передовик» совхозының аға шопаны Ізбасқан Бисенғалиев жоспар мен социалистік міндеттемені орындаудағы үздік табыстары үшін Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды. Ғалымдармен және мамандармен ынтымақтаса отырып, ол облыста бірінші болып қозыларды бөлек бағуды енгізді, мұның өзі оларды өсіру барысында жоғары нәтижелер берді. Бесжылдықтың үш жылы ішінде әр жүз саулықтан орта есеппен 150 қозыдан алынды. Олар қаракөл елтірісін өндіру жоспарын қыруар асыра орындады.

«Құрмет Белгісі», II және III дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегері; республиканың еңбек сіңірген мал өсірушісі І. Бисенғалиев жастар тәлімгері. Аудан шаруашылықтарында оның ондаған шәкірті жұмыс істейді.

Суретте: И. Бисенғалиев.

Суретті түсіргендер Е. ШЛЕЙ мен В. КОЛИНКО (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

19

ОКТЯБРЬ

1984

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVI СЪЕЗІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ТОЛЫҚ ОРЫНДАЙМЫЗ

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы «Қазақстан үгітшісі», № 19.

НОМЕРДЕ:

Әлеуметтік прогресс авангардында . . . 2
Халық пен партия біртұтас 6

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

Баршаға ортақ жеңіс 7
Н. Дудкин. Қыс — қатал сыншы 9

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

С. Голобородько. Анықтама-информация орталығы 13
Үгіт активінің оқуы 14
Жастарға коммунистік тәрбие беру мәселелері жөніндегі лекциялардың, баяндамалардың, әңгімелердің үлгі тақырыбы . . 16

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Э. Басаров. Милиция, азамат, заң . . . 17

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Машкунов. Жұмысшы кадрларының ордасы 20
М. Көккөзова. Еңбек тәрбиесі — жастарға . 23

ӨМІРГЕ ЕНГЕН ЖАҢА ҒҰРЫПТАР

МЕН ДӘСТҮРЛЕР

Р. Мұзафаров. Адамдарды жақындастыруда 24

КӨРНЕКІ ҮГІТ

М. Омаров. Көркемдеуші-суретшілер оқуда. 26

ЖАҢА КІТАПТАР

М. Қаратаев. Тәрбиенің маңызды буыны . 27

СҰРАҚҚА ЖАУАП

К. Қажығалиев. Қайталама шикізат пайдасы 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Зеленин. Халықтар еркімен (Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа елдеріндегі революцияның 40 жылдығына) . . . 30

Digitized by Google

ӘЛЕУМЕТТІК ПРОГРЕСС АВАНГАРДЫНДА

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 67 жылдығы жақындап келеді. «Бұл ұлы күн бізден неғұрлым алыстаған сайын, Россиядағы пролетарлық революцияның маңызы солғұрлым айқындала түсуде, сондай-ақ біз өз жұмысымыздың тұтас алғанда практикалық тәжірибесіне де солғұрлым тереңірек ой жібереміз» деген лениндік сөздер осы атаулы датаға арналған әңгімелерді талдап жасау үшін бастапқы нүкте қызметін атқара алады. Тәжірибені ой елегінен өткізу «осы жылдың ішінде біз өзіміздің ең басты... міндетімізге қаншалықты дайындалуымызға» көз жіберуіміз үшін қажет.

1. Ұлы Октябрь социалистік революциясы — россиялық және бүкіл дүниежүзілік тарих дамуындағы бетбұрыс пункт. Ленин партиясы — совет халқы жеңістерінің ұйымдастырушысы әрі цемберушісі.

2. Ұлы Октябрь және Советтік Қазақстан.

3. СССР — бейбітшіліктің ту ұстаушысы.

4. Ұлы Октябрь ісі — сенімді қолда.

ҰЛЫ ОКТЯБРЬДІҢ жылдығы — совет адамдарының ең жарқын да қуанышты мерекесі. Бұл түсінікті де. Демек біздің жетістіктеріміздің бәрі 1917 жылғы 7 ноябрьден басталады, онда Ленин партиясының басшылығымен жұмысшылар мен шаруалар өз елінде қанаушы құрылысты батыл түрде жойып, адамзаттың капитализмнен социализмге өту дәуірінің бастауын қалады. «Ұлы Октябрь еңбек адамдарының творчестволық күштерін жүздеген жылдар бойына тұншықтырып келген әлеуметтік және рухани бұғауларды жойды, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдас, — Революция жұмысшы табын қазіргі заманның бел ортасына қойды, еңбекші халықтың жасампаздық алып қайрат-жігеріне еркіндік берді. Советтік характердің ең асыл белгілері нақ осыдан бастау алады».

Ұлы Октябрь социалистік революциясының басты қорытындысы — елімізде кемелденген социалистік қоғамның құрылуы. Бұл бүгінде қоғамдық прогрестің ең жоғары жетістігі. Осы қағиданы аша отырып, сөз сөйлеуші Советтер елінің ұлы жетістіктерін, социализмнің тарихи артықшылықтарын көрсетуге міндетті. Олар қоғамдық өмірдің барлық саласында өте-мөте айқын көрінеді. Енді біздің елімізде бес күнге жетпейтін уақыт ішінде 1913 жылы революцияға дейінгі Россиядағыдай мөлшерде сонша қоғамдық өнім, ал екі жарым күн ішінде сонша өнеркәсіп өнімі өндіріледі. Совет Одағы жан басына шаққанда өнімнің тұтасынан бірқатар маңызды түрлерінің мөлшері, сондай-ақ оларды өндіру жөнінен дүние жүзінде бірінші орынға шықты.

КПСС-тің лениндік аграрлық саясатын дәйектілікпен жүзеге асырудың нәтижесінде елімізде ауыл шаруашылығын өркендету жөнінен орасан зор жұмыс жүргізілді. Оның жалпы өнімінің жылдық орташа мөлшері 3,6 еседен астам, ал ауыл шаруашылығы жері алаңының бір өлшеміне шаққанда оның алынуы 2 есе көбейді. Партия белгілеген Азық-түлік программасын жүзеге асыру еңбек өнімділігін шамамен 1,5 есе, ал жер алаңының әр гектарынан ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді кемінде үштен біріне көбейтуге көмектеседі.

Соңғы жылдар совет экономикасының сарқылмас мүмкіншіліктерінің иланымды жаңа көріністерін берді. Өткен бес жыл ішінде СССР-дің ұлттық табысы АҚШ-тағы 6 проценттік өсіммен салыстырғанда 19 процентпен артты. Осы уақыт ішінде өнеркәсіп өнімдерін өндіру бізде 18 процент, ал Құрама Штаттарда — небәрі 1 процент, бізде өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 14 процент, ал АҚШ-та — 3 процент өсті.

Тағы да бірқатар салыстырулар келтірген орынды. Совет адамдары жұмыссыздық, келешекке деген сенімсіздік дегенді білмейді. АҚШ-та бүгінгі таңда ресми деректер бойынша 9 миллион, ал кәсіподақтар деректері бойынша барлығы 15 миллион адам жұмыссыз, ал тұтасынан өнеркәсіп жағынан дамыған капиталистік елдерде 30 миллион адамның жұмысы жоқ.

Тағы бір салыстыру келтірейік. Совет халқын жер бетіндегі ең сауатты халық деп атайды. Бізде міндетті орта білім нормаға айналды. Үстіміздегі бесжылдықта ғана 24 миллион жігіт пен қыз орта білім алады және 10 миллион жас жоғары оқу орындары мен техникум-

---

7 ноябрь — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 67 жылдығына.

Digitized by Google

дарды бітіреді. Балаларды мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне орналастыруға байланысты мәселе жержерде шешіледі. Бүкіл халықтық мереке — Білім күнін алғаш атап өтуге қатысқандар бертінде осының бәрін қанағаттанғандықпен атап өтті.

АҚШ-та — 2 миллион бала жалпы оқымайды. 17 жастан асқан американдықтардың 22 проценті мүлдем сауатсыз. Ал ЮНЕСКО деректері бойынша, дүние жүзінде сауатсыздардың жалпы саны енді 842 миллион адамды құрайды. Ал революцияға дейін Россия халқының мектептен қамтамасыз етілуі Ұлыбританияға, Германияға, Францияға, Швецияға және Швейцарияға қарағанда 6—7 есе, Грецияға, Португалияға және Түркияға қарағанда 2—3 есе төмен болды.

Халықтың төрттен үші дерлік сауатсыз еді. Тек Ұлы Октябрь, Совет өкіметі білімге, мәдениет қазыналарына жол ашты.

Коммунистік партия еліміздің рухани және интеллектуалдық потенциалын, совет адамдарының мәдени және материалдық тұрмыс дәрежесін жан-жақты үдету бағытын дәйектілікпен жүргізуде Партияның XXVI съезі мен КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының шешімдері осы жайлы орасан зор қамқорлыққа толы. Он бірінші бесжылдықтың тапсырмалары қоғамдық тұтыну қорларының өсуі, кадрларды даярлау, балалар мен емдеу мекемелерін және басқаларын дамыту секілді маңызды параметрлер бойынша дәйекті түрде орындалуда. Бесжылдықтың үш жылының жоспарлы тапсырмасынан тыс тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытуға ғана 9 миллиард сом ақша жұмсалды.

Халық тұтынатын бірқатар тауарлардың мемлекеттік бөлшек бағасын 1 сентябрьден арзандату партия қамқорлығының жарқын жаңа көрінісіне айналды. Соңғы бір жарым жыл ішінде бағаны кемітуден, сондай-ақ осы бағыттағы басқа шаралардан халықтың ұтысы жылға есептегенде 9 миллиард сомнан астам құрайды. Тағы салыстыру келтірейік: АҚШ-та өнеркәсіп тауарларының бағасы күн сайын өсуде, 1979—1983 жылдары олар 31,4 процент көтерілді. Қазіргі әкімшілік басқарған уақыт ішінде тұрмыс дәрежесі 20 проценттен астам кеміді, ал «кедейлік шегінің сыртында» тұрған адамдар саны — онда кедейлерді осылай атайды — 25 миллион адамға дейін өсті.

Ал совет адамдары өмір сүретін тамаша идеялық-саяси және адамгершілік ахуалды — түбегейлі өкімет, әлеуметтік оптимизм мен әділеттілік, барлық ұлттар өкілдерінің түбегейлі коллективизм мен туысқандық өзара көмегі ахуалын қандай цифрлармен мөлшерлеуге болады. Осының бәрі — социалистік цивилизацияның, советтік өмір салтының ажырамас белгілері, олар да үнемі дамытылып, байи түсуде.

Бұл тұрғыдан КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумы белгілеген идеологиялық, бұқаралық-саяси жұмысты одан әрі жетілдірудің программасы бірінші кезекті роль атқарады. Оны дәйекті түрде жүзеге асыру совет адамдарының маркстік-лениндік дүние танымын күшейтуге, олардың саяси саналылығының, еңбек пен қоғамдық істердегі белсенділігінің өсуіне қызмет етеді.

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумының «Халық депутаттары Советтерінің жұмысын одан әрі жақсарту туралы» қаулысы, еңбек коллективтері және олардың кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді басқарудағы ролін арттыру туралы заң, сондай-ақ СССР Конституциясының және одақтас республикалар Конституцияларының қағидаларын практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға, социалистік демократияны жетілдіруге бағытталған басқа шешімдері еліміздің қоғамдық және саяси өміріне терең ықпал жасауда. Қоғамның әр ұясында тәртіп пен ұйымшылдық нығайып, еңбекшілер инициативасы мен творчестволық дамуда.

В. И. Ленин болашақ ұрпақ тәрбиесі революция жеңіп алғанның бәрімен нығайтылады деді. КПСС Орталық Комитетінің бертіндегі «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы» қаулысы нақ осыған қызмет етеді. Елімізде қазір жүзеге асырылып жатқан жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасы жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу ісінде кең жаңа мүмкіншілікті ашуда. Ол қоғамымыздың экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдетуге белсенді ықпал жасауға тиіс. Мұны барша адам терең ой елегінен өткізуге тиіс. Үстіміздегі ғасырдың соңы мен келешек ғасырдың басындағы орасан зор міндеттерді бүгінде мектеп партасында отырғандар шешетін болады, — делінген «Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарында».— Олар Ұлы Октябрьдің ісін жалғастыратын болады, олардың иығына елдің тарихи тағдыры үшін, қоғамның жан-жақты прогресі, оның коммунистік құрылыс жолымен ойдағыдай ілгерілеуі үшін жауапкершілік артылады».

ТУЫСҚАН РЕСПУБЛИКАЛАР шоғырында Советтік Қазақстан тамаша табыстарға жетті, олардың бәрі үшін 1917 жылғы Октябрь мәре алаңына айналды. «Ұлы Октябрь және Советтік Қазақстан». Бұл сөздер бір-бірінен бөлінбейді. Өйткені, біздер, қазақтар Совет Одағының тең праволы көптеген басқа халықтары сияқты Ұлы Октябрьдің, лениндік дана ұлт саясатының арқасында алғаш рет өз мемлекеттігімізге ие болдық»,— деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық

Digitized by Google

Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев.

Қуатты отын-энергетика комплекстері, қара және түсті металлургия, машина жасау мен химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, мықтап өркендеген ауыл шаруашылығы, оқу орындарының, ғылым мен мәдениеттерінің тармақталған жүйесі республикамыздың бүгінгі бейнесін бейнелейді.

Қазақ ССР-іне еліміздің Энергетика және Азық-түлік программасын жүзеге асыруда маңызды роль берілуде. Бұл тартымды. Демек революцияға дейін өлкеміздегі барлық электр станцияларының жиынтық өнімділігі қазіргі бір электровоздың қуатынан аспайтын. Ал енді республика жыл сайын 70 миллиард киловатт-сағатқа дейін электр энергиясын береді. Ал бесжылдықтың соңына қарай оны өндіру 90—95 миллиард киловатт-сағатқа дейін өседі. Құрылысы үстіміздегі жылы аяқталатын Екібастұздың № 1 мемлекеттік аймақтық электр станциясы ғана энергиясын ГОЭЛРО жоспары бойынша қарастырылған барлық электр станцияларынан көп өндіруге қабілетті.

Советтік Қазақстан халық шаруашылығының барлық саласындағы осындай әсерлі көрініс көз алдымызға келеді.

Қаһармандық тың эпопеясы республиканы және бүкіл елімізді әлеуметтік-экономикалық дамытудың қуатты тездеткіші болды, оны игерудің 30 жылдығын биылғы көктемде жалпы халық болып атап өтті. Совет адамдарының бірлескен күш-жігерімен көтерілген Қазақстан даласындағы миллиондаған гектар жер бүкіл елімізге сенімді қызмет етуде. Ал республика жалпы одақтық астықты өлкеге айналды.

«Советтік Қазақстан,— деп атап көрсетеді Францияда шыққан СССР туралы кітаптың авторы Жан Радвани,— елдің басты өнеркәсіпті аймақтарының бірі және көптеген көзқарас тұрғысынан советтік дамудың үлгісі қызметін атқара алады. Оның қалыптасуы, сөз жоқ, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамыту жолындағы шайқастың СССР тарихына тән көріністердің бірі».

Советтік Қазақстан экономикасы асқақ өрлеу үстінде. Үстіміздегі жылы 8 миллиард сом қаржы игеріледі, мұның өзі 1940 жылғы қаржыдан 36 есе көп. Бесжылдықтың басынан бері жүздеген жаңа кәсіпорын мен ірі өндірістік қуат іске қосылды. Республика халқы күн сайын 270—280 жайлы пәтер алады.

Советтік Қазақстанның социалистік мәдениетті, ғылым мен білім беруді дамытудағы табыстары жалпыға мәлім. Бүгінде әрбір мың ересек халықтан 858 адамның жоғары немесе орта (толық және орталау) білімі бар. Республика тұрғындардың әрбір он мыңына келетін студенттер саны жөнінен Ұлыбританиядан, Италиядан, Канададан, Германия Федерациялық Республикасынан, Франциядан және Жапониядан асып түсті. Биыл елу жылдықтарын атап өткен С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті мен В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтында ғана қызметтің түрлі салалары бойынша 85 мыңнан астам маман даярланды.

Қазақ халқы, республика еңбекшілері осы барлық ұлы жетістіктердің бастауын жақсы көреді. «Атқарылған және атқарылуға тиісті істің негізі,— деп атап көрсетті Д. А. Қонаев жолдас 1984 жылғы 23 февральда Алматы — Ленин сайлау округының сайлаушыларымен кездесуде,— бұл совет қоғамының мызғымас моральдық-саяси бірлігі, бұл оның Ленин партиясының төңірегіне тығыз топтасқандығы, бұл КПСС-тің лениндік ұлт саясаты».

Тыңның мүшәлді мерекесін тойлау күндерінде қазақстандықтар Ленин өсиет еткен халықтардың ұлы достығын алдағы уақытта да сақтап, нығайта береміз, өзіміздің социалистік Отанымыздың қуатын барлық күшпен нығайтамыз деп Ленин партиясы мен Совет үкіметін салтанатты түрде сендірді.

ҮШІНШІ МӘСЕЛЕНІ баяндай отырып, КПСС Орталық Комитетінің партия XXVI съезіне Есепті баяндамасының «Жиырмасыншы ғасыр бұған дейінгі ғасырлардың қай-қайсысынан болса да көп өзгерістер әкелді. Бұл өзгерістерге Ұлы Октябрьдің Отаны — жеңген социализмнің тұңғыш елі — Советтік Социалистік Республикалар Одағындай бірде-бір ел қомақты үлес қосқан жоқ», деген қағидасын ашу керек.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Россия халықтарының тарихында ғана емес, сондай-ақ бүкіл адамзат қоғамының даму барысындағы түбегейлі бетбұрыс болды. Ол «бүкіл дүние жүзіне социализмге баратын жол сілтеді және буржуазияға оның дәурені бітуге таянғанын көрсетті».

Советтер елінен кейін Европаның, Азияның, Латын Америкасының халықтары социалистік даму жолына ауысты. Заманымыздың жетекші революциялық күші—дүние жүзілік социалистік система қалыптасты. Ол халықаралық оқиғалардың бүкіл барысына барған сайын көп ықпал жасай отырып, ұдайы нығайып, алға басуда. Туысқан мемлекеттердің достық одағы отыз бес жылдан астам өмір сүріп, жемісті дамып келеді. Ол елдер арасындағы қатынастар тарихында жаңа, болып көрмеген үлгіні бейнелейді. Планета территориясының 19 процентін және халқының оннан біріне жуығын иелене отырып, социалистік достық одақ елдері дүние жүзілік өнеркәсіп өнімдерінің үштен бірін өндіреді. Ұлттық табыстың төрттен бірі және ауыл шаруашылығы өнімдерінің үштен бірі олардың үлесіне келеді. Олар дүние жүзілік ғылыми-техникалық потенциалдың үштен біріне жуығын құрайтын ауқымды ғылыми-техникалық базаны иеленіп отыр. Өткен он бес жыл

Digitized by Google

ішінде социалистік достық одақ елдері өнеркәсіп өндірісінің көлемін екі есе көбейтті, осы уақытта капитализм оны үштен бірінен сәл астам арттырды.

Үстіміздегі жылы июньде Москвада өткен жоғары дәрежедегі Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің экономикалық кеңесі социалистік экономикалық интеграцияны дамытуда, жаңа қоғам құру міндеттерін шешуде партиялар мен халықтардың туысқандық ынтымақтастығы мен өзара қимыл-әрекетін күшейту бағытын жүзеге асыру үшін бұрынғыдан да ауқымды перспективалар ашты.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы отаршылдықтың масқара жүйесіне күшті соққы берді, сөйтіп ұлт-азаттық қозғалысты дамытудың қуатты стимулы болды. Дүние жүзінің саяси картасында жүзден астам мемлекет пайда болды, олардың халықтары табанды күресте ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алды.

Біздің елімізде социалистік революцияның жеңісі қазіргі халықаралық коммунистік қозғалыстың дүниеге келуін бейнеледі. Егер 1917 жылы октябрьде дүние жүзінде жалғыз ғана Коммунистік партия болса, енді коммунистік және жұмысшы партиялары дүние жүзінің жүзден астам елінде қимыл жасайды. Коммунистердің жалпы саны 70 миллион адамнан асты.

Коммунистер бейбітшілік жолындағы күресті бастап келеді. Осы ұлы іске Ленин партиясы, Октябрь елі шешуші үлес қосуда. Совет өкіметінің алғашқы декреті—бітім туралы декреттің болуы түбегейлі символды болды. Ол соғысты «адамзат алдындағы зор қылмыс» деп жариялады. Тарих бейбітшілік, империалистік соғысты болдырмау туралы мәселеде «біздің Октябрь революциясы бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа заманын ашты» деген лениндік сөзді тамаша қуаттады.

Ленин партиясы алғашқы советтік декреттің игі туын тарихтың барлық тұтқиыл бұлтарыстарынан алып өтті. Империализмнің кінәсінен халықаралық жағдай шиеленіскен қазіргі жағдайда ол адамзатты термоядролық соғыс құламасына итермелеуші агрессияшыл күштерді ауыздықтау үшін бәрін жасауда. Барлық континенттегі адамдар Ленин партиясының осы қажымас қызметін жоғары бағалайды. Сіздер, совет халқы және Совет Одағының Коммунистік партиясы өздеріңіздің бейбітшілік миссияңызды, бейбітшілік пен бәсеңдік жолындағы күреске қосқан тарихи үлесіңізді әрқашан мақтан ете аласыздар,— деді АҚШ коммунистік партиясының бас секретары Гэс Холл.— Сіздердің бейбітшілік ісіне ымырасыз, бұлжымас және қаһармандық берілгендігіңізсіз біздің планетамыз қазір ядролық апаттың жансыз күл-қоқысына айналған болар еді».

Өткен соғыс тағылымдары бізді бейбітшілік жолындағы күреске, оның жауларының тіміскілеулеріне қарсы жоғары қырағы болуға, экономикалық және қорғаныс қуатын нығайта беруге шақырады. «Мұның ең бастысы мынау,— делінген КПСС Орталық Комитетінің «Совет халқының «1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығы туралы» қаулысында,— соғысқа қарсы күресті ол басталмай тұрғанда жүргізу керек. Тарихи тәжірибе мынаған үйретеді: бейбітшілікті қорғап қалу үшін империализмнің агрессиялық, авантюристік бағытына қарсы барлық бейбітшілік күштердің топтасқан, келісілген және белсенді іс-қимылы қажет. Халықтардың қырағылығын арттыру, социализмнің жеңістерін сақтап, молайта беру қажет».

БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ ұланғайыр, дегенмен коммунистерге, совет адамдарына тоқыраушылық жат. Олар өзінің шешілмеген проблемалары мен кемшіліктерін жақсы біледі. Олар еліміздің жаңадан айтарлықтай ілгері қарай басуын қамтамасыз ету үшін бұрынғыдан да табанды әрі жоғары өнімді жұмыс істеу керектігін жақсы біледі.

Қарапайым, сонымен бірге өте-мөте ауқымды «Бейбітшілік миллиондаған адамдардың еңбегімен нығайтылуда» деген сөздер сан миллион совет адамдарының сана-сезіміне, олардың күнделікті істеріне енді. Олар совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдық және стахановтық қозғалыстың дүниеге келуінің 50 жылдық даңқты юбилейіне елімізде кеңінен өріс алған әзірлікке қатысушылардың жауынгерлік ұранына айналды.

Әңгіменің қорытынды бөлігінде қала, аудан, кәсіпорын еңбекшілерінің Ұлы Октябрьдің кезекті жылдығына немен келе жатқаны туралы айта отырып, олардың еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1 процент арттыру, өзіндік құнды қосымша 0,5 процент кеміту үшін не жасағанын талдау қажет. Сөз сөйлеуші өз коллективінің шаруашылық қызметінің нәтижелерін жоспарлы тапсырма мен социалистік міндеттеммемен салыстыруға тиіс. Межелер халық шаруашылығының барлық саласында жоғары. Бүкіл бесжылдықтың тағдыры шешуші дәрежеде үстіміздегі жылдың табысты аяқталуына тәуелді екенін көрсету маңызды.

СОВЕТТЕР ЕЛІ жетпіс жылға жуық уақыт ішінде өткен жолға шолу жасай отырып, совет адамдары өздерінің барлық жетістіктері мен жеңістерін коммунистердің лениндік партиясымен тығыз байланыстырады. Партия халқымыздың Ұлы Октябрь жолымен алға басуын қамтамасыз етуші қуатты творчестволық, жұмылдырушы күш болды, бола береді. КПСС төңірегіне өз қатарын тығыз топтастырып, көп миллиондық совет халқы осы даңқты жолда барған сайын жаңа жеңістерге жетуге берік ұйғарып отыр.

Digitized by Google

ХАЛЫҚ ПЕН ПАРТИЯ БІРТҰТАС

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдастың «Халық пен партия біртұтас. Таңдамалы сөздер мен мақалалар» атты кітабы қазақ тілінде жарыққа шықты.

Жинаққа К. У. Черненко жолдастың 1976 жылдан 1984 жылдың апреліне дейінгі кезеңдегі сөздері, мақалалары мен баяндамалары енгізілген. Бұларда партия мен халықтың КПСС XXV—XXVI съездерінің шешімдерін орындау, Отанымыздың экономикалық қуатын арттыру және қорғаныс қуатын нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру және жаңа адамды тәрбиелеу жөніндегі жасампаздық қызметі, партиямыз бен мемлекетіміздің термоядролық соғыс қатеріне қарсы, баянды бейбітшілік жолындағы, социализмнің халықаралық аренадағы позицияларын нығайту жолындағы тынымсыз күресі жан-жақты әрі айқын ашып көрсетілген. Қоғамымыздың жетекші күші, совет халқының саяси және идеялық авангарды — Коммунистік партия, оның бұқарамен байланысының дамуы жинақта жарияланып отырған барлық еңбектердің өзегі. Партия мен халықтың бірлігі тақырыбы — бүкіл жинақтың негізгі арқауы.

Кітапта тұжырымдалған бірқатар қағидалар партиялық және мемлекеттік құрылыстың актуальды теориялық және практикалық мәселелерін талдап белгілеуге, өмірдің коллективистік укладын орнықтыруға, социалистік сананы қалыптастыруға сүбелі үлес қосады. КПСС қызметінің барлық кезеңдерінде оның саясатының айрықша ерекшелігі жаңа қоғам құрудың түбегейлі мәселелерін алға қойып шешудегі сабақтастық пен жаңашылдықтың етене бірлігі болып келді деген ой дәйекті түрде өрбіп отырады.

Кітапта КПСС Орталық Комитетінің, Орталық Комитеттің Саяси Бюросының партиялық және мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіру, қазіргі жағдайда СССР-дің саяси негізі, социалистік құрылыстың қуатты құралы — Советтердің жұмысын одан әрі жақсарту жолдарын белгілеу жөніндегі нысаналы қызметі терең ашып көрсетілген.

Жинақта жарияланып отырған бірқатар еңбектерде, ең алдымен К. У. Черненко жолдастың КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында жасаған «Партияның идеологиялық, бұқаралық-саяси жұмысының актуальды мәселелері» баяндамасында КПСС-тің идеологиялық қызметінің дәрежесі мен тиімділігін арттырудың толғағы жеткен мәселелері өзекті орын алған. Бұл еңбектерде кемелденген социализмді жетілдіру идеясы теориялық қана емес, сонымен бірге бүкіл насихат, тәрбие жұмысының негізінде алынуға тиіс дейтін принципті мәні бар тезис жан-жақты негізделген.

К. У. Черненко жолдастың сөздері мен мақалаларында КПСС-тің ішкі және сыртқы саясатының ажырағысыз бірлігі, оның планетада бейбітшілікті сақтап қалу жолындағы, шиеленіскен тарихи оқиғаларға толы күрделі дәуірде партияның совет адамдарының бейбіт жасампаз еңбегін қамтамасыз ету жолындағы күресі айқын бейнеленген, бәсеңдік тамырларының қаншалық терең жатқаны, біздің мемлекетіміз қорғап отырған қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принциптерінің жер бетіндегі халықтар үшін қаншалықты тартымды екені көрсетілген.

Кітапты «Қазақстан» баспасы шығарды.

Digitized by Google



БАРШАҒА ОРТАҚ ЖЕҢІС

В. КАЛТАЙС,
Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы «Фурманов» совхозының механизаторы, үгітші, Ленин орденінің иегері.

Сол күн менің жадымда ұзақ сақталды. 19 августа біздің бригадаға комбайн бункерлерінен «Орақ-84» астығының алғашқы тонналарын тасу сеніп тапсырылды. Транспаранттармен безендірілген «Қызыл керуен» Булаев элеваторына жөнелтілді. Бұған бізді, диқандарды да шақырды. Элеваторда дәм-тұзбен қарсы алды. Совхоздың партия комитетінің секретары Виктор Артурович Цейнер былай деп ескерткені есімде: «32 тонна — бұл бастама ғана. Біздің совхоздың астығы сүбелі болсын».

Күндер өтіп жатты. Олар, әдеттегідей, қауырт болды. Биыл ауа райы онша еркелете қойған жоқ, астық біз үшін едәуір қиындықпен алынды. Әйтсе де емтиханды абыроймен тапсырдық: бесжылдық жоспар мемлекетке астық сату жөнінен асыра орындалды, Отан қамбасына оның 15 мың тоннадан астамы құйылды. Қысқа 20 мың центнерге жуық пішен дайындалды.

Біздің жұмысымызда бір-біріне ұқсас күндер болмайды. Әрқайсысы қандай да бір жаңалық әкеледі, міндеттер қояды, ізденуге мәжбүр етеді. Бірде біз бригадир А. П. Ткаченкомен бірге социалистік жарыс қорытындыларын шығаруға шамалы түзетулер енгізуге: әрбір комбайнның өнімділігін ғана емес, сондай-ақ жанар майдың күнделікті шығынын да ескеруге әрекеттендік (бұрын айлық норманың ғана жұмсалуын ескеретінбіз). Мені толғандырған көрініс анықталды; жекелеген механизаторлар өткен жылдардағы танаптарда жұмыс істей отырып, жанар май шығынын қыруар азайтты. Істің мәні мынада: жанар-жағар май материалдарын пайдаланудың алғашқы есебін жұмысшылардың өздері жолға қойды. Біздің аса тәжірибелі механизаторымыз Я. А. Лейфрид осындай дербес бақылаудың инициаторы болды. Соның ізінше басқа механизаторлар күн сайын жұмыс соңында өлшеу жүргізіп, шығындарды және басқаларды есептей бастады.

Адамдарды бұған не ұмтылдырды? Әрине, бригадалық мердігерлік бойынша жұмыс, түпкі нәтижеге деген мүдделілік себеп болды. Қысқа үзіліс уақыты ішінде мен бригадамыз мүшелеріне, — ал ол бізде комплексті ірі бригада, — орақ сияқты осындай қауырт күндерде бірлескен есепті жолға қою өте қиын болған кезде дербес бақылаудың не беретінін әңгімеледім. Коллективтік мердігерлік біздің бригадада ғана емес, сондай-ақ совхоз өндірісінің барлық учаскелерінде орнықты. Ол адамдарды ілгері бастады, тәртіп нығайды. Еңбеккерлеріміздің, былайша айтқанда, моральдық қоры кеңейді, олардың шаруашылықтағы істің жайы үшін жауапкершілігі артты. Мысалы, жұмысшы жиналыстарының бірінде шошқа өсіруші Э. Н. Гарвард ірілендірілген звеноларын құруды, күтілетін мал санын көбейтуді ұсынды. Малшылардың қам-қарекеті, әрине, көбейді, әйтсе де адамдар өз күштерінің жұмыста шашырауымен келіспейді.

Мынадай оқиға да еске түседі. Коммунистер егіншілер бригадирі В. А. Нейверт пен шошқа өсірушілер комплексінің бастығы И. М. Маркельге еңбек демалысы кезінде оңтүстік курортқа жолдамалар беруді ұсынды. Дегенмен, олар СССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде озық тәжірибемен танысуға бару мүмкіндігі бар екенін біліп, соңғысын қалады. Осы сапардың өздеріне ғана емес, сондай-ақ совхозға да пайдалы екенін түсінді.

Совхоздың партия комитеті коммунистердің өндірістің барлық учаскелеріндегі авангардтық ролін арттыруға ерекше көңіл бөледі. Және партияның барлық мүшелері социалистік жарыс озаттары болып табылады, бәрі жылдық тапсырмаларын орындады немесе оны аяқтап қалды.

Біз бүкіл бұқаралық-саяси жұмысты озаттар тәжірибесі адамдарды алға тартатындай етіп құрамыз. Коллективтің қатысуымен жеңімпаздарды құттықтау, оларға алғыс хаттарын, вымпелдер тапсыру; «молниялар», листовкалар шығару — осының бәрі партия ұйымы, үгітшілер жұмысының арсеналында бар. Биылғы орақта біздің диқандарымыз бірнеше рет аудандық және облыстық құрмет тақталарына жазылды және

Digitized by Google

әр ретте совхоз басшылары, партия комитетінің мүшелері адамдарды еңбек табыстарымен құттықтау үшін егіс басына келді. Ал Иван Никитович Стрижаның комбайнында оның он мың центнер астық бастырғанының белгісі ретінде он жұлдыз салынғанда үгіт бригадасы, мектеп оқушылары құттықтауларымен және гүл шоқтарымен егіс басына келді.

Адамдар өздеріне, өздерінің әрбір табысына көңіл бөлуді, қиын жағдайда көмек алуды күнделікті сезінеді. Жастарға қолдау жасау өте-мөте қажет, партия олармен жұмысқа ерекше көңіл бөлуде. Жастардың істері мен қажеттеріне қамқорлық жасау өз жемісін беруде.

Совхозда кадрлардың тұрақтамаушылығы мүлде жоқ, жастар туған селосында жұмыс істеуге ықыласпен қалады. Мұнда көп нәрсе: тұрғын үймен қамтамасыз етілу, өндірісті механикаландырудың жоғары дәрежесі, бастапқы кездегі материалдық жәрдем осында қалуға жетелейді. Жігіттер әскери борышын өтеп, үйлеріне қайтқан кезде әрқайсысына төрт айлық еңбек ақы тегін беріледі. Ондаған жігіттер мен қыздар совхоздың жолдамасы бойынша кәсіптік-техникалық училищелерде, техникумдарда, жоғары оқу орындарында оқиды. Жуырда Әлима Майлыбаева оқуын бітіріп, бөлімше агрономы болып жұмыс істей бастады. Өндірістік оқу комбинатын бітірген кешегі мектеп оқушылары Валя Митина мен Надя Иваненкоға жұмысқа жолдама салтанатты түрде тапсырылды.

Комсомолец Анатолий Шавкунның менімен бірге егіс даласына шыққаны кеше ғана сияқты еді. Ол үздік механизатор, бітік егін өсірудің шебері атанды. Біз онымен талай орақта жарыстық. Ал қазір Анатолий Иванович — бөлімше басқарушысы, совхоздың партия комитетінің мүшесі. Ол Омбының ауыл шаруашылығы институтын бітірді. Ол істі жетік білу, адамдарға талапкершілік пен сенім көрсету сияқты жақсы қасиеттерді ұштастыра білді.


Совхоз үгітшілерінде маңызды науқандар қарсаңында партия комитетіне жиналу бұрыннан келе жатқан дәстүр. Мұнда дикандар да, малшылар да, құрылысшылар да адамдардың назарын неге аудару, өз жұмысын қалай жақсырақ құру керек екені туралы ақылдасады.

Жуырда мен осындай кеңестен кейін Новый быт бөлімшесінің механизаторы, селолық Советтің депутаты, тәжірибелі үгітші Александр Павлович Щербамен әңгімелестім. Және екеуміз коллектив-

ОРАҚ ЕРЛЕРІ

Целиноград облысы. «Бірде-бір масақ ысырап болмасын, ұбүкіл егінді толық жинап алайық» — Қорғалжын ауданының Амангелді атындағы совхозында республикада «Қыздар — тракторға» деген қозғалыстың және басқа бастамалардың инициаторы ретінде кеңінен танымал болған СССР Жоғарғы Советінің депутаты Наталья Владимировна Гелерттің мердігерлік звеносы орақта осындай девизбен жұмыс істеді. Биыл ол басқаратын звено үш мың гектар алаңның астығын мерзімінде жинап алып, орақта жоғары қарқынмен еңбек етті, озаттар өз таңаптарында егін жинауды бітіргеннен кейін көрші бригадаларға көмек көрсетті.





Суретте. орақ ерлері — механизаторлар (солдан оңға қарай) Н. Кенжебеков, З. Хасенов, Ф. Сморгунов, Е. Тұраров, Н. Геллерт, А. Рақымжанов, С. Кәрімов жұмыс күнін жақсы көңіл-күймен бастауда.

Суретті түсірген А. ПАВСКИЙ (ҚазТАГ).

Семей облысы. «Уржар» совхозынан социалистік жарыстың ұдайы көшбастаушысы, «Құрмет Белгісі», II және III дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегері Валентина Алексеевна Ященко басқаратын, нарядсыз жұмыс істейтін бригада орақты облыста бірінші болып аяқтады. Коллектив жоспардан тыс 500 тоннадан астам астық алды.

Суретте: еңбектес жолдастары мен оқушылардың өндірістік бригадасының мүшелері орақтағы социалистік жарыс жеңімпазы В. А. Ященконы құттықтауда.

Суретті түсірген В. МЕДВЕДЕВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

тік мердігерлік бригаданың күші мен достығын нығайтады деген ортақ пікірге келдік — ол түсінікті де. Ортақ мақсат, ортақ қам-қаракет пен толғаныстар бар. Адамдарда бұрын болмаған басқа салалардың жұмыс нәтижелеріне мүдделілік пайда болды. Қазір мен шошқа шаруашылығы комплексіне келіп, мұнда жұмыстың қалай жүріп жатқанын, біздің озат шошқа өсірушіміз, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Светлана Павловна Шохтың, басқа да еңбеккер әйелдердің айлық тапсырманы қалай аяқтағанын, олардың қандай проблемалары бар екенін сұраймын. Адамдар осының бәрін білгісі келеді. Және біздің шаруашылық коллективі өткен мал қыстату науқанының қорытындылары бойынша КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградталған кезде малшыларды құттықтауға бүкіл совхоз болып жиналды.

Еңбегіне қарай молшылық. Өткен жылы егіншілер, оның ішінде біздің бригада астық тапсыру жөніндегі жоспарды асыра орындады, жемшөптің бір жарым жылдық қорын дайындады. Мал шаруашылығы еңбеккерлері ең алдымен шошқа өсірушілер көзге түсті. Соның нәтижесінде шаруашылық 2 миллион 35 мың сом таза кіріс алды. Осы қаржының төрттен бір бөлігі — бес жүз мыңнан астам сом материалдық мадақтау қорына, әлеуметтік-мәдени шараларға және тұрғын үй құрылысына бөлінді.

Бұл іс жүзінде қалай көрінеді? Ол үшін біздің село көшелерімен жүріп өтсек, жеткілікті. Қора-қопсылары бар тап-түйнақтай бір пәтерлі үйлер (жылына жиырмаға дейін салынады), Мәдениет үйіміз, оқушылар совхоз үшін көшет өсіретін үлкен теплицасы, тамаша кабинеттері бар мектеп. Тұрғындар село орталығына парк отырғызды, онда қайың шоғы сәтті үйлескен (біз оны құрылыс салу кезінде сақтап қалуға тырыстық). Қазір мұнда аттракциондар жасап, Еңбек Даңқы аллеясын безендіріп, Жеңістің 40 жылдығына «Біздің жерлестеріміз — Ұлы Отан соғысына қатысушылар» деген жаңа стенд әзірлеп жатырмыз. Мұнда комсомолецтер өз сөздерін айтты.

Селоның қалай көркейіп, жерлестеріңнің қандай молшылықта тұрып жатқанын көре отырып, бұрынғыдан да жақсы еңбек еткің келеді. Биылғы орақта біздің бәріміз осындай көңіл-күймен жұмыс істедік. Гектарына 15 центнерден астық жиналды. Оны мемлекетке сату жоспары асыра орындалды. Жаңа жеңіске, баршаға ортақ жеңіске қол жетті.

ҚЫС—ҚАТАЛ СЫНШЫ

Бұл күндері малшылардың қам-қаракеті көбейе түсті: мал қолда ұстауға көшірілуде. Бұл үйреншікті іс болғанымен, әрбір мал қыстату науқаны — ферма еңбеккерлері үшін жауапты сын. Оған ұйымшылдықпен кірісу, малдың қоңдылығын жоғары дәрежеде сақтау, мал басының толық сақталуы мен өсімін қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасау маңызды.

Бұл оңай міндет емес. Өткен жылғы мал қыстатудың оңай болмағаны, әйтсе де бірқатар облыстардың, аудандардың, көптеген совхоздардың, колхоздардың және мамандандырылған шаруашылық бірлестіктерінің малшылары оны табысты өткізіп, ферма өнімдерін өндіруді молайтқаны мәлім. Бүкілодақтық социалистік жарыс қорытындылары бойынша Қазақ ССР-інде Алматы, Павлодар, Орал, Шымкент облыстары, 15 селолық аудан және 60 шаруашылық жеңімпаз деп танылды. Олар КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамоталарына ие болды.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі, Қазақ республикалық кәсіподақтар советі және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті 1983—1984 жылдарғы қысқы маусымда мал қыстатуды ойдағыдай өткізу жолындағы республикалық социалистік жарыс қорытындыларын шығарды. Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Маңғышлақ және Торғай облыстары жеңімпаздар деп танылып, ақшалай сыйлығы бар Қызыл тулармен наградталды. Колхоздардың, совхоздардың, шаруашылықаралық және басқа ауылшаруашылық кәсіпорындарының үлкен бір тобының коллективтері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ақшалай сыйлығы бар Құрмет грамоталарына ие болды.

Мал қыстатуды ойдағыдай өткізуде, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатып алуды арттыруда жақсы нәтижелерге жеткен Қарағанды және Қызылорда облыстарының оң жұмысы атап өтілді.

Озаттардың жетістіктері — олардың табанды, творчестволық еңбегінің, социалистік жарысты кеңінен өрістетудің, прогрестік технологияны тиімділікпен енгізудің, партия комитеттерінің, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, шаруашылық органдарының көлемді ұйымдық және саяси жұмысының нәтижесі.

Бүкілодақтық жарыс жеңімпаздарының арасында Семей облысы Абай ауданының Жданов атындағы совхозы бар. Ол ет өндіруге мамандандырылған.

Digitized by Google

Мұнда малшылар күзгі жайып семірту есебінен малдың қыстамаға күйлі келуін әдетке айналдырды. Бұл да малды қолда ұстау кезінде оны толық сақтап, өнімділігін арттырудың сенімді кепілі. Ждановтықтар өткен мал қыстатуда мемлекетке жоспардағы 310 тоннаның орнына 400 тонна ет тапсырды. Есепті салмақпен 920 центнер жүн сатылды. Шаруашылықта ет ресурстарын молайту мақсатында табынды кеңінен толықтыру, сондай-ақ олардың қоңдылығын арттыруға ерекше көңіл аударылуы үлгі аларлықтай. Мұнда әр жүз сиырдан орта есеппен 90 бұзаудан алады. Саулықтар да көп төл беруде. Ждановтықтар ірі қара малдың орташа өткізу салмағын 507 килограмға, қойды 54 килограмға дейін жеткізді. Өгізшелердің бәрі етке жоғары қоңдылықпен өткізіледі.

Астаналық облыстың «Ақсай» асыл тұқымды мал заводының фермалары сүт шаруашылығында үлгі бола алады. Мұнда алатау тұқымының жоғары өнімді табындары топтастырылды. Фермаларда сүт өндіру мен табынды толықтырудың цехтық құрылымы енгізілді. Шаруашылық өзін пішенмен, пішендемемен, сүрлеммен жеткілікті түрде қамтамасыз етті. Мұнда бүкіл жем малдарға әзірленген, жемшөп қоспасы түрінде беріледі. Балдыр цехы жұмыс істейді.

Осының арқасында нәтижелер де жақсы. Өткен мал қыстатуда шаруашылықта міндеттемедегі 3185 тоннаның орнына 3643 тонна сүт өндірілді. Бұрнағы мал қыстату кезеңімен салыстырғанда жалпы сүт сауу мөлшері 28 процент өсті. Мына көрсеткіш әсерлі: әр сиырдан орта есеппен 3642 килограмнан сүт сауылды. Оның 90-95 проценті бірінші сортпен өткізілуде.

Республика қой өсірушілерінің теңелетін озаттары баршылық. Қызылорда облысы Қазалы ауданының Қазақ ССР-нің 40 жылдығы атындағы совхозының коллективі өнім өндіруді сенімді түрде үдетуде, онда қаракөл шаруашылығы интенсивті жүргізілуде. Мұнда әр жүз саулықтан 140 қозыдан және одан да көп алады. Мемлекетке 28,5 мың қаракөл елтірісі сатылды — мұның өзі жоспардан 60 процент көп.

Алматы облысы Жамбыл ауданының «Қастек» асыл тұқымды қой заводында биязы жүнді асыл тұқымды қой шаруашылығын дамыту жолындағы прогресс айқын байқалады. Мұнда жүз саулықтан 107 қозыдан алады. Қойды 57 килограмдық орташа тірідей салмақпен өткізеді.

Шошқа шаруашылығы шапшаң дамитын сала болып табылады. Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданының «Фурманов» совхозында ол комплекске шоғырландырылған, мұның өзі барлық жаңа, озық тәжірибені жақсырақ енгізуге мүмкіндік берді. Мұнда 1983 жылы әр жүз негізгі мегежіннен 826 торайдан алынуы кездейсоқ емес. Малдың орташа тәуліктік салмақ қосуы 316 грамға жеткізілді. Ет комбинатына бордақыланған шошқаларды 115—118 килограмдық салмақпен, олардың 90 процентке жуығы бірінші және екінші категориямен жөнелтіледі.

Озық тәжірибенің тағы бір адрестерін атайық: олар — Орал облысы Жаңақала ауданының «Красногор» асыл тұқымды жылқы заводы, Маңғышлақ облысы мұнайлы ауданының «Жаңажол» түйе совхозы, Қостанай облысының «Қостанай» құс фабрикасы. Красногорлықтар жоғары класты асыл тұқымды жылқы өсіреді. «Жаңажол» совхозы өткен мал қыстату тұсында мемлекетке 309 тонна шұбат және 497 тонна ет сатты, бұл тиісінше жоспардың 142 және 191 проценті. Сондай-ақ жүн өткізу жөніндегі тапсырма асыра орындалды. Мұнда түйелердің орташа тапсыру салмағы 460 килограмнан асты. Әр жүз түйеден 40 ботадан алады.

«Қостанай» құс фабрикасы жұмыртқа өндірумен айналысады. Әйтсе де ол диеталық ет те өндіреді. Мемлекетке жоспардағы 380 тоннаның орнына 712 тонна ет сатылды. Мұнда тауықтардың құнарлылығы айтарлықтай жоғары.— Әрбір мекиеннен орташа есеппен 193 жұмыртқадан алынды. Сауда орындарына 59420 мың жұмыртқа берілді. Мұның өзі жоспардағыдан 6420 мың дана көп.

Өскемен тәжірибе станциясы бройлер өсірумен ерекшеленеді: мұнда мал қыстату кезеңінде 6.7 мың тоннаға жуық диеталық ет, оның жартысынан астамы — бірінші категориямен өндірілді.

Ферма еңбеккерлерінің қыс кезінде малды қыстатуды табысты өткізу, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатып алуды молайту жолындағы Бүкілодақтық социалистік жарысы дәстүрге айналды. Биыл ол КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің 1982 жылы 9 ноябрьде жарияланған № 974 қаулысында қарастырылған жағдайда жалғастырылады. Және республика совхоздары, колхоздары, мамандандырылған шаруашылық бірлестіктері, фермалары коллективтерінің оған мал қыстату науқанының алғашқы күндерінен бастап белсене қатысуы маңызды.

1984—1985 жылдардағы мал қыстату кезеңіндегі жарыс қорытындыларын үстіміздегі жылдың төртінші тоқсанының және алдағы жылдың бірінші жарты жылдығының көрсеткіштерін ескере отырып шығару белгіленді.

КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес еңбек коллективтерінің назарын ет, сүт және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді ұлғайтуда әрбір колхоздың, совхоздың, фермаңың резервтерін анағұрлым толық пайдалануға аударған жөн.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIV пленумында мал қыстату науқанына сапалы әзірлену мен оны ұй-

Digitized by Google

ымшылдықпен өткізу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажеттігі айрықша атап көрсетілді. Саланы одан әрі интенсивтендірудің маңыздылығын атап көрсете отырып, КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас пленумда жасаған баяндамасында былай деп атап көрсетті: «Биыл мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерін сатып алу жоспарын орындау үшін нақты мүмкіндіктер бар». Осы мақсатқа жетуге әрбір шаруашылық, әрбір ферма барынша көп үлес қосуға тиіс.

Республиканың көптеген совхоздары мен колхоздары осы жауапты науқанға сақадай сай әзірлікпен кірісті, көшетті жемшөп қоры, әзірленген мал қоралары, маман кадрлар бар. Мысалы, Көкшетау облысының «Қотыркөл» совхоз-техникумында жағдай нақ осындай. Шаруашылық малшылары мемлекетке сүт сатудың жылдық жоспарын орындап шықты. Тапсырмадан тыс кемінде 300 тонна сүт өткізіледі. Сауыншылар О. К. Әбдіразманова, В. А. Матюшкина, Т. Х. Журун, М. М. Сәдуақасова әр сиырдан орта есеппен үш мың килограмнан және одан да көп сүт алуға ұмтылуда. «Қотыркөл» совхоз-техникумында малды күтудің прогрестік технологиясы енгізілуде. Соңғы үш жылдың ішінде ғана мұнда 700 сиырға арналған үш типті қора, басқа да объектілер іске қосылды. 175 малшыдан 95 адамның бірінші және екінші класты шеберлер екені ферма еңбеккерлерінің жоғары шеберлігі туралы сипаттайды.

Мал қыстатудың табысты болуын адамдар шешеді. Ферма өнімділігі олардың іске деген қарым-қатынасына, жүктелген міндеттерді орындауына байланысты. Астаналық облыстың «Каменка» асыл тұқымды мал заводы бірінші фермасының еңбеккерлері үстіміздегі жылға әр сиырдан орташа есеппен 5200 килограмнан сүт саууға, әр жүз сиырдан 99 бұзаудан алуға үстеме жоспар қабылдады. Сондай-ақ олар еңбек өнімділігін 3 процент арттыру, өнімнің өзіндік құнын 2 процент кеміту, қосымша 30 мың сом кіріс алу жөніндегі тапсырманы асыра орындауға ұйғарды.

Әрбір ферма коллективінде іскерлік, өзара талапкершілік, жоғары жауапкершілік ахуалы орнығуға тиіс. Нақ осының өзі, мысалы, Талдықорған облысы «Пограничник» совхозының товарлы сүт фермасы еңбеккерлерінің тапсырманы табысты орындауына және кемшіліктерді жоюына мүмкіндік береді. Оның коллективі жылдық тапсырманы 20 ноябрьге дейін орындап шықпақшы. Дегенмен табыстар кемшіліктерді көлегейлей алмайды. Кәсіподақ тобының жиналысында принципті әңгіме болды. Фермада алынатын өнім базисті деңгейден төмен, соның салдарынан жарты жылдық ішінде ғана 52 тонна сүт зая кетті. Малды жемдеу графигін сақтамау, еңбек тәртібін бұзу оқиғалары ұшырасты. Сиырларды қант қызылшасының жапырағымен азықтандыруды жақсарту мүмкіндіктері жеткіліксіз пайдаланылды. Қазір осы мәселелердің бәрі барлық еңбеккерлердің белсене қатысуымен шешілуде.

Басқа фермаларда да іс жағдайын осылай терең талдап, резервтерді іске қосып, кемшіліктерді жою қажет. Адамдарды мал шаруашылығының шешуші учаскелеріне дұрыс орналастыру, коммунистерді, депутаттарды, комсомолецтерді, кәсіподақ активистерін алғы шепке көбірек жіберу, социалистік жарыс жариялылығын қамтамасыз ету және әрине, малшыларға көбірек қамқорлық көрсету, оларға қажетті өндірістік және мәдени-тұрмыстық жағдай жасау, еңбекте тәртіп пен ұйымшылдықты жанжақты нығайту маңызды.

Мал қыстату—қатал сын. Бірақ, өкінішке орай, кейбір шаруашылықтарда өткен жылдар тағылымдарынан тиісті қорытындылар шығармады және жауапты науқанға жеткілікті әзірленбеді. Бірқатар шаруашылықтарда жемшөп ресурстарының тапшылығы алаңдатады. Бұл жағдайдан жол тауып шығу қажет. Және мұнда ең бастысы—жемшөпті ұқыпты ұқсату, оларды тиімді пайдалану. Жемшөп қоспаларын әзірлеу, сабанның құнарлылығын арттыру тәсілдері мәлім. Талдықорған облысының «40 лет Октября» колхозында жүгерінің ұнтақталған собығын да жемшөпке пайдаланады. Павлодар облысының Қазақ ССР-нің 30 жылдығы атындағы колхозында қолданылатын сабанды барро-термикалық ұқсату тиімді. Осы және басқа да көптеген шаруашылықтарда «Жемшөптің сол мөлшерінен көбірек өнім алайық» деген ұранмен басталған инициатива кеңінен қолдау тапты.

Алайда, Гурьев және Торғай облыстарының шаруашылықтарында өткен мал қыстатуда малға ірі жемшөптің бесінші бөлігі ғана әзірленген күйінде берілгенін ескертпеуге болмайды. Биыл да мұнда жемшөп цехтарының жөндеуі мен жаңаларын салуды кешеуілдетуде. Қызылордa облысында жемшөп дайындауға онша көңіл бөлінбейді.

Жемшөпті толық сақтау барлық жерде бірдей қамтамасыз етілмейді. Шымкент облысы Бөген ауданының Сыпатаев атындағы совхозының шофері Раманқұлов бес тоннадан астам тайланып буылған пішенді ұрлады, сол үшін қылмысты жауапкершілікке тартылды. Осындай фактілерді қатаң жою қажет.

Бұл күндері малдың қыруар бөлігі қысқы жайылымда. Оларды Жезқазған облысының «Жеңіс» совхозындағыдай тиімді пайдалану қажет. Мұнда қысқы жайып бағу есебінен жемшөп үнемделеді, ал мал мемлекетке жоғары қоңдылықпен тапсырылады.

Кейбір шаруашылықтарда малды орналастыруға байланысты қиындықтар туындайды, бірақ құрылысшылардың кінәсінен жаңа баздарды іске қосу кешеуілдеуде. Мысалы, Солтүстік Қазақ-

Digitized by Google

стан облысының «Смирнов» совхозында 800 сиырға арналған сүт комплексі 1977 жылдан бері салынуда. Биыл оны екінші тоқсанда іске қосу жоспарланған еді, бірақ график тағы да ығыстырылды. Республиканың Селолық құрылыс және Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрліктерінің бөлімшелері тұрғызып жатқан осындай «көне» объектілер аз емес. Қаланың ферма еңбеккерлеріне қамқорлық көмек көрсетуін дамыту қажет.

Жаңа жағдайда шаруашылықтардың ет және сүт өнеркәсібі орындарымен тікелей байланыстарын кеңінен енгізу маңызды. Бұл бағытта ілгерілеушілік баршылық, бірақ шешілмеген проблемалар да аз емес.

Мал қыстату басталысымен-ақ әрбір ферма коллективінде еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің прогрестік формаларын қолдану, шаруашылық есепті жетілдіру қажет. Демек өткен мал қыстату науқанында бригадалық мердігерлік енгізілген жерлерде үздік көрсеткіштерге қол жетті. Мысалы, Қарағанды облысындағы тәжірибе станциясының А. Б. Лукашенко басқаратын сауыншылар звеносы «Коллективтік мердігерліктің негізінде жоғары түпкі нәтижелерге жетейік» деген ұранмен өткен республикалық байқау-конкурстың жеңімпазы болды. Ол әр сиырдан орта есеппен 3025 килограмнан (шаруашылық бойынша — 2710 килограмм) сүт алды. Әрбір еңбеккерге шаққанда 21769 сомның өнімі өндірілді, мұның өзі жоспардағыдан 3039 сом көп. Мұнда бір центнер сүттің өзіндік құны жоспардағыдан үш сом кем.

Мердігерлікті мал шаруашылығының барлық салаларында қолдануға болады. Бірақ еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің прогрестік формасы Ақтөбе облысының фермаларында әзірше баяу енгізілуде, онда ферма еңбеккерлерінің үш проценті ғана мердігерлік коллективтерде жұмыс істейді.

Кадрлардың кәсіптік және экономикалық оқуын жақсарту қажет. Гурьев, Семей және басқа облыстардың шаруашылықтарында бірінші және екінші класты малшылар әлі аз. Жастар фермаларға ықыласпен келуі, тәжірибелі тәлімгерлер басқаратын комсомол-жастар коллективтерін көбірек құру үшін мүмкін нәрсенің бәрін жасау қажет.

Қазір бұқаралық-саяси жұмыс орталығы фермаларға ауыстырылуда, онда үгітшілер мен саяси хабаршылар өз қызметін жандандыруға міндетті.

Республика малшылары барлық село еңбеккерлерімен бірге совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығы құрметіндегі екпінді вахтаға тұрды. Мал қыстату науқанын ұйымшылдықпен өткізу, Отанға жоғары сапалы өнімді көбірек беру, Азық-түлік программасын жүзеге асыруға қосатын үлесті көбейту—олардың ең бірінші кезекті парызы.

Н. ДУДКИН.

Жеңістің 40 жылдығына — 40 екпінді апта

Республиканың қалалары мен селоларында совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына әзірлік кеңінен өрістеуде. Осы жұмыстың барысында идеялық-тәрбие жұмысы жаңа серпін алды, еңбекшілердің инициативасы мен творчествосы барынша кеңінен дамуда.

Гурьев. Облыс орталығында фашистік Германияны жеңу Жеңісінің 40 жылдығына арналған бұқаралық-саяси оқулар «КПСС — Ұлы Отан соғысындағы бүкіл дүниежүзілік-тарихи Жеңістің ұйымдастырушысы және дем берушісі» деген лекциямен басталды. Атаулы датаны лайықты қарсы алу жолында жарысушы еңбек коллективтерінде партия, совет, кәсіподақ және комсомол қызметкерлері, партия, соғыс және еңбек ардагерлері сөз сөйлейді.

Жеңістің 40 жылдығы құрметіндегі оқулар облыстың барлық аудан орталықтарында, поселкелері мен селоларында өтеді. Гитлерлік басқыншылардың талқандалуын бейнелейтін суретті-кітап көрмелері ұйымдастырылып, кинофестивальдар, үгіт коллективтерінің өнері, жастардың Ұлы Отан соғысына қатысушылармен, еңбек ардагерлерімен, бесжылдық озаттарымен кездесуі болады.

Целиноград. «Целиноградтяжстрой» тресінде еңбек даңқы кітабы жүргізіледі. Оған еңбек коллективтерінің Жеңістің 40 жылдығы құрметіндегі екпінді вахтасында қол жеткен жетістіктері жазылады.

Кітап Г. И. Чемелевтің комплексті бригадасы апталық программаны 140 процент орындағаны туралы жазумен ашылады.

Ақтөбе. КПСС Орталық Комитетінің «Совет халқының 1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығы туралы» қаулысынан туындаған міндеттерге арналған «Партия мен халықтың ұлы ерлігі» деген саяси күн үлкен аудиторияны жинады. Саяси баяндамашылар өз әңгімелерінде ауданның еңбек коллективтерінде атаулы юбилейді мерекелеуге әзірлік жөнінен өрістеген жұмыстар, көтеріңкі социалистік міндеттемелердің қалай орындалып жатқаны туралы әңгімелейді.

Талдықорған. Панфилов ауданының Үшарал селосында, осы аттас колхоздың орталық усадьбасында жерлестерінің жауынгерлік даңқ аллеясы жасалды. Мұнда Ұлы Отан соғысына қатысқан, майдан даласынан оралмаған және күні бүгінге дейін туған селосында өмір сүріп, шамаларына қарай еңбек етіп жатқан үшаралдықтардың портреттері бар.

Digitized by Google



АНЫҚТАМА-ИНФОРМАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ

Біздің қазіргі заманымыз информацияға бай. Лектор, саяси хабаршы немесе үгітші өздерінің әңгімелері актуальды және білікті болуы үшін адамдармен жүргізілетін жұмысқа қажетті фактілер жиынтығын барлық орасан көп деректерден, информацияның ұлан-ғайыр тасқынынан іріктеп алуы қажет. Мұнда анықтама-информация орталықтары ауызша саяси үгіт кадрларына көрсететін методикалық көмексіз болмайды.

Бізде осындай орталық саяси оқу кабинеті жанынан құрылды. Орталықты методикалық совет басқарады, оның құрамына аса тәжірибелі активистер, орта мектеп мұғалімдері кірді. Олардың білімі мен тәжірибесі жұмысты творчестволықпен, идеялық-теориялық және методикалық жоғары дәрежеде жүргізуге көмектеседі.

Анықтама-информация орталығында саяси хабаршылардың лекция мен әңгіме өткізу, идеологиялық активтің оқу жоспарларымен танысуға болады. Мұнда насихатшылар, саяси хабаршылар және үгітшілер үшін қажетті методикалық және анықтама материалдары бар. Оларды нақты хабардар етуді қамтамасыз ету үшін жеке папка жүргізіледі.

Сондай-ақ методикалық мүйіс те бар, онда таңдаулы лекторлардың, насихатшылардың, саяси хабаршылардың және үгітшілердің тәжірибесімен танысуға болады. Оның үстіне ол ауызша әңгіме методикасы, тіл мәдениеті, шешендік өнері, коммунистік насихат негіздері т. б. туралы әдебиеттерді қамтиды.

Активистердің қарауында энциклопедиялық және философиялық сөздіктер, Қазақ совет энциклопедиясы, жылнамалар, «Физкультура және спорт» шағын энциклопедиясы, үгітшілер мен саяси хабаршылардың сөздік-анықтамалары, ауыл шаруашылығы экономикасы бойынша қысқаша сөздік, «Саяси экономия» сөздігі және басқа әдебиеттер бар.

Үгітшілерге «Облыста және ауданда», «Жемшөп дайындау — ортақ міндет» деген оперативті папкалар үлкен көмек көрсетеді. «Күнделікті информация» папкасы мал шаруашылығы мен егіншілік жөніндегі мәліметтермен таныстырады, оны совхоздың диспетчерлік қызметі әзірлейді, ал жоспарлау бөлімі «Шаруашылық қызметін талдау» папкасын жүргізеді.

«Тыңның ерлікке толы 30 жылы», «Совет мектебі жаңа кезеңде» және басқа папкалар үнемі толықтырылады.

Саяси хабаршылардың, лекторлардың және үгітшілердің жұмысы үшін түпнұсқалар қажет. Бізде В. И. Ленинның толық шығармалар жинағы, К. Маркс пен Ф. Энгельстің шығармалары, К. У. Черненконың, Д. А. Қонаевтың, партия мен үкіметтің басқа да басшыларының мақалалары мен сөйлеген сөздерінің жинақтары бар.

Біз 40-тан астам газет пен журнал аламыз.

Анықтама-информация орталығында диапозитивтер, пластинкалар, карталар, репродукциялар топтамалары және басқа көрнекі құралдар бар.

Алайда диапозитивтер мен пластинкалар түрлері шектеулі, кейде олардың қажеттісін табу оңай емес екенін айту керек. Сондай-ақ техникалық құралдар арсеналын ұлғайту қажет.

Анықтама-информация орталығының жұмысында бағдар беру, методикалық көмек көрсету және идеологиялық активке нұсқау беру жүйесі қалыптасты. Үгітшілер мен саяси хабаршылардың тұрақты нұсқау кеңестері практикаға енді. Оларды, әдетте, айына 1—2 рет, ал кейде коллектив алдына қайсыбір жаңа міндеттер қойылған кезде мүмкіндігінше одан да жиі өткізеді. Совхоз және өндірістік учаске басшыларымен кездесулер жиі ұйымдастырылады.

Біз нұсқау-кеңестерде үгітшілер мен саяси хабаршыларға әңгімелерге арналған нақты тақырыптар, адамдармен жүргізілетін жекелеген жұмыс бойынша тапсырмалар ұсынамыз, әңгімені қалай өткізу, қандай негізгі сәттерге көңіл бөлу, әңгімеде ең бастысын ерекше атап өту керек екенін түсіндіреміз.

Тура сол жерде үгіт жұмысын жүргізуге еңбекшілерді сол сәтте толғандырған қайсыбір мәселелерді түсіндіруге арналған бағдарларды, қосымша материалдарды тапсыруымыз өте маңызды. Жергілікті өмірдің көкейтесті мәселелерін қарауға ерекше назар аударылады.

Идеология активінің семинар-кеңесі тоқсанына бір рет шақырылады. Мысалы, 1984 жылдың январында коллективтерде және тұрғылықты жер бойынша бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру мәселелері, ал апрель айында «Дала жұмыстары кезіндегі үгіт жұмысының ерекшеліктері» тақырыбы бойынша осындай семинар өтті. Ауызша саяси үгіт кадрларының егін жинау кезеңіндегі міндеттері талқыланды.

«Лектор мүйісі» жақсы безендірілген, онда еңбек коллективінде білімдерді насихаттаудың барлық бағыттары бойынша әдебиеттер жинақталған, методикалық, техникалық құралдар бар. Әсіресе,

Digitized by Google

қайсыбір мәселелер бойынша жас лекторларға арналған консультациялар тұрақты өткізіледі. Ішкі және сыртқы саясат мәселелері жөніндегі информациямен семинар-кеңес өткізу, қарсы насихат жұмысын ұйымдастыру, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму, еңбек коллективі жұмысының социалистік жарыс қорытындыларын шығару т. б. практикаға енгізілуде. Лекцияларды рецензиялау жүйеленді.

Совхоз партия комитетінің анықтама-информация орталығы өз жұмысының бүкіл мазмұнымен еңбекшілерде марксистік-лениндік дүние-танымды қалыптастыруға, олардың қоғамдық-саяси және еңбек белсенділігін арттыруға айтарлықтай ықпал етуде.

С. ГОЛОБОРОДЬКО,
Көкшетау ауданы «Көкшетау» совхозының қоғамдық негіздегі саяси оқу кабинетінің меңгерушісі.
(Көкшетау облыстық «Степной маяк» газеті).

ҮГІТ АКТИВІНІҢ ОҚУЫ

«Правда» баспасы идеология актив мектебі үгіт коллективтері жетекшілерінің бөлімдері үшін «Ауызша саяси үгіт» курсының оқу жоспары мен программасын шығарды.

Программаны КПСС Орталық Комитеті жанындағы Бүкілодақтық саяси оқу үйі Москваның, Ленинградтың, Украинаның т. б. үгіт активімен жұмыс тәжірибесін қорыту негізінде әзірледі.

«Ауызша саяси үгіт» курсы үгіт коллективтеріне басшылық жасаудың ерекшеліктерін, партияның идеология кадрларының аса бұқаралық отряды — үгітшілер жұмысының мазмұнын, формалары мен әдістерін ашатын теориялық және практикалық мәселелердің кең ауқымын қамтиды.

Курста сабақ беру мен оқу ең алдымен совет адамдарына коммунистік тәрбие беруде, партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының шешімдерінен, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдастың еңбектерінде айтылған қағидалар мен қондырғылардан туындайтын міндеттерді жүзеге асыруда үгіт активіне методикалық көмек көрсетуге бағытталған.

Оқу процесінде лекциялармен қатар семинарлар және практикалық сабақтар, тыңдаушылардың ауызша саяси үгіттің анағұрлым актуальды проблемалары бойынша баяндамалар мен рефераттар әзірлеуі, жұмыс тәжірибесін алмасуы қарастырылады. Сабақтар партия ұйымдарының үгіт-бұқаралық жұмысының практикасын зерттеу және қорыту негізінде құрылуға тиіс.

Тыңдаушылардың марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларымен, КПСС документтерімен, партия басшыларының еңбектерімен дербес жұмыс істеуіне ерекше көңіл бөлу орынды. Сабақтар тыңдаушылардың ауызша саяси үгіттің методикалық шеберлігін, үгіт коллективтерінің жұмысын ұйымдастырудың практикалық дағдыларын меңгеруіне көмектесуге міндетті.

«Агитатор» журналы курсты оқып-үйренушілерге көмек ретінде мақалалар мен консультациялар жариялауды жалғастырады.

Сондай-ақ программа үгітшілер мектебінде пайдаланылып, ауызша саяси үгіт теориясын, методикасы мен тәжірибесін дербес оқып-үйрену барысында негіз бола алады.

Партия комитеттері мен бюролары, саяси оқу үйлері мен кабинеттері үгіт коллективтері жетекшілерінің оқуының жоғары идеялық және ұйымдық дәрежесін қамтамасыз етуге, лекциялар мен семинарларды өткізу үшін білікті лекторларды, жетекші мамандарды, партия, совет және шаруашылық басшыларын тартуға міндетті.

«АУЫЗША САЯСИ ҮГІТ» КУРСЫНЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫ

№№	Тақырыптар	Сағат	Саны
	Оқудың бірінші жылы		
1.	Үгіт-бұқаралық жұмыс — КПСС-тің идеологиялық қызметінің құрамдас бөлігі	2	2
2.	Ауызша саяси үгіттің лениндік принциптері Қазіргі жағдайда үгіт жұмысының формалары мен әдістері	2	2
3.	Үгіт коллективінің партия ұйымдары үгіт-бұқаралық жұмысының жүйесіндегі орны. Үгітшіге қойылатын талаптар	2	2

Digitized by Google

4.	Үгіт коллективтерінің социалистік жарысты жетілдірудегі ролі	2	2
5.	Үгітшінің еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасы жағдайындағы жұмысы	2	2
6.	Коммунистік моральға жат көріністермен күрес. Үгіт коллективтерінің еңбек тәртібі мен ұйымшылдықты нығайтудағы ролі	2	2
	КПСС документтерін оқып-үйренуге арналған резервтегі уақыт	8	
	Барлығы:	8	
	Оқудың екінші жылы		
7.	Үгітшілермен жүргізілетін нұсқау-методикалық жұмыс	2	2
8.	Үгітшінің әңгіме өткізуге әзірлігі	2	2
9.	Үгітші әңгімесінің методикасы	2	2
10.	Ауызша саяси үгітте баспасөз, экран материалдарын, дыбысты және басылып шыққан көрнекі құралдарды пайдалану	2	2
11.	Үгіт коллективінің жұмысында қарсы насихат бағытын күшейту	2	2
12.	Үгіт коллективінің жұмысына басшылық жасау	2	2
	КПСС документтерін оқып-үйренуге арналған резервтегі уақыт	8	
	Барлығы: 32 сағат		

(«Агитатор», 1984, № 16).

Журнал почтасынан

СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ

Облыстық партия комитеті Павлодар қаласының Ильич ауданы базасында тұрғындардың тұрғылықты жері бойынша бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастырушылардың семинар-практикумын өткізді. Оған микроаудандардың басты партия ұйымдарының секретарьлары, Павлодар облысының қалалары қоғамдық советтері мен право тәртібін сақтаудың тірек пункттерінің председательдері, үгіт алаңдарының меңгерушілері қатысты.

Семинарға қатысушылар қоғамдық советтерде, аулалық клубтарда, спорт және балалар ойындары алаңдарында (әрбір аулада дерлік тұрғындардың белсене қатысуымен салынған және жабдықталған), право тәртібін сақтаудың тірек пункттерінде болып, активпен әңгімелесті, үгіт алаңдарындағы шараларға қатысты. Семинарда Ильич аудандық партия комитетінің секретары Т. Стоянова, микроаудандардың қоғамдық советтерінің председательдері С. Жидилов, пен Б. Гольштауб, № 16 орта мектептің кластан тыс жұмысты ұйымдастырушысы С. Лысак, ауданның кәмелетке толмаған жасөспірімдер істері жөніндегі инспекциясының бастығы Г. Головачева және басқалар сөз сөйледі.

А. ЖАҚИНА,
Қазақстан Компартиясы Павлодар облыстық комитетінің нұсқаушысы.

Digitized by Google

Жастарға көммунистік тәрбие беру мәселелері жөніндегі лекциялардың, баяндамалардың, әңгімелердің үлгі тақырыбы

Партияның шешімдері К. У. Черненко жолдастың сөздері — комсомол қызметінің айбынды программасы.

Коммунистік партияның комсомол мен жастарға қамқорлығы.

Ленин комсомолы — партияның сенімді резерві және жауынгер көмекшісі.

Комсомолдың коммунистік құрылыстағы өскелең ролі.

Кемелденген социализмді жетілдіру жөніндегі жұмысқа белсене қатысу — комсомолдың басты міндеті.

Жастардың өзекті экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешуге қосар үлесі.

Халық шаруашылығын интенсивтендіру — комсомолдың төл ісі.

Жастар және техникалық прогресс.

Екпінді комсомолдық құрылыстар — совет жастарының азаматтық қалыптасу мектебі.

Сібірдің, Қиыр Шығыстың, Қиыр Солтүстіктің байлықтарын игеруде жастардың еңбектегі ерлігі.

Байкал — Амур магистралін салу — комсомолдың еңбек даңқы шежіресінің жарқын беті.

Россияның Қаратопырақсыз аймағын түлетудегі комсомолдың ролі.

Комсомолдың Азық-түлік программасын жүзеге асырудағы актуальды міндеттері.

Қоғам игілігі жолындағы саналы да тәртіпті еңбек — әрбір комсомолецтің ең бірінші міндеті және патриоттық парызы.

Комсомол-жастар коллективтерінің қозғалысы кеңінен дамытылсын.

Біздің коллектив жастарының онбірінші бесжылдық тапсырмаларын орындауға қосар үлесі.

Біздің кәсіпорын өндірісінің жас жаңашылдары.

Біздің коллективтің жастары үнем тәртібін күшейту жөніндегі тапсырманы қалай орындауда!

Біздің кәсіпорында жастар арасындағы еңбек тәртібі.

Жастарға еңбек және адамгершілік тәрбиесін беруде тәлімгерліктің маңызы.

Ленин комсомолы советтік қоғамның саяси системасында.

Жастардың мемлекет және қоғам істерін басқаруға белсене қатысуы — социалистік демократияның сипатты белгісі.

Біздің селолық, аудандық, қалалық Советтеріміздегі жас депутаттардың қызметі.

Советтік қоғамның лайықты азаматы болу — жастардың асқақ парызы.

Жан-жақты жетілген жеке адамды қалыптастыру — партияның стратегиялық мақсаты.

Жеткіншек ұрпаққа тәрбие беруді одан әрі жақсарту — аса маңызды партиялық, мемлекеттік, жалпыхалықтық іс.

Коммунизмді үйрену — жастарға өшпес лениндік өсиет.

Басшы — жеткіншек ұрпақтың қамқор тәрбиешісі.

Жастардың бойында маркстік-лениндік дүниетанымды, таптық сана-сезімді, буржуазиялық идеологияға ымырасыздықты табандылықпен қалыптастырайық.

Совет жастарының патриотизмі мен социалистік интернационализмі.

Жастарды партия мен халықтың революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлерінде тәрбиелейік.

Жас ұрпақтың бойында жоғары идеялық-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырайық.

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру күшейтілсін.

Жастарға лениндік аманат — әскери істі шындап үйрену.

Социалистік Отанды қорғау — Советтер елінің әрбір жас азаматының қасиетті борышы.

Комсомол — Ұлы Отан соғысы жылдарында.

Соғыс ардагерлеріне — комсомолдық қамқорлық.

Комсомолдың мектеп реформасын жүзеге асырудағы ролі.

Комсомол — мектептегі педагогикалық коллективтердің сенімді тірегі.

Пионер ұйымдарының инициативасын, өнерпаздығы мен творчествосын дамытайық.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде семьяның ролі арттырылсын.

Жасөспірімдерге атеистік тәрбие берудің міндеттері.

Әркімнің тұрғылықты жері — жастарға тәрбие берудің белсенді саласы.

Коммунистің комсомолдағы жұмысы — жауапты партиялық тапсырма,

Комсомол жұмысының стилі, формасы мен әдісі жетілдірілсін.

Партиялық басшылық — комсомолдың идеялылығының, жауынгерлігі мен творчестволық белсенділігінің кепілі.

Совет жастарының елдің, социализмнің және бейбітшіліктің тағдыры үшін тарихи жауапкершілігі.

Digitized by Google

Жалпы саяси мәселелер жөніндегі әңгімелер үшін

МИЛИЦИЯ, АЗАМАТ, ЗАҢ

Е. БАСАРОВ,
Қазақ ССР Ішкі істер министрінің орынбасары

СОВЕТ МИЛИЦИЯСЫНЫҢ тарихы Владимир Ильич Ленинның есімімен берік байланысты, ол милицияны ұйымдастыру мен оның қызметінің негізгі мәселелерін терең талдап жасап, ұсынды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі үшінші күні, 1917 жылғы 20 октябрьде (10 ноябрьде) В. И. Ленинның ұсынысы бойынша РСФСР Ішкі істер халық комиссариатының «Жұмысшы милициясы туралы» қаулысы қабылданып, телеграф арқылы берілді.

Совет милициясы — Ұлы Октябрь перзенті Ф. Э. Дзержинский, М. И. Калинин, М. В. Фрунзе, К. Е. Ворошилов, Г. И. Петровский және партия мен Совет мемлекетінің басқа көрнекті қайраткерлерімен жасақтауға, қалыптастыруға және тәрбиелеуге көп күш пен жігер жұмсады.

Телеграф арқылы «Жұмысшы милициясы туралы» қаулының текстісі алынысымен-ақ Қазақстанда совет милициясының органдары құрыла бастады. Коммунистер милиция органдарында ұйтқы, ұйымдастырушы орталық болды, большевиктер Ә. Жангелдин. П. М. Виноградов, Г. А. Казаков, Ш. Масанчи, Т. Рысқұлов, А. В. Наумов, Ә. Әйтиев, Н. Нұрмақов, К. Сармолдаев және басқалар Қазақстан милициясының алғашқы ұйымдастырушылары арасында болды.

Еңбекшілер мүддесін қорғауды өзінің басты мақсаты етіп жариялап, милиция Совет өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы күндерден-ақ контрреволюциямен және қылмыс жасаушылықпен шешуші күрес жүргізді. Оның қызметкерлері социалистік жасампаздық істеріне тікелей қатысты, Ұлы Отан соғысы майдандарында шайқасты. Олардың бірқатары Совет Одағының Батыры атағына ие болды, көпшілігі ордендермен және медальдармен наградталды. Осы адамдар эстафетаны қазіргі право тәртібі солдаттарының сенімді қолдарына тапсырды.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА милицияның бүкіл қызметі басты міндетке — мемлекет мүддесін, әр азамат мүддесін қылмысты қол сұғудан қорғауға, совет заңдарын мүлтіксіз сақтау негізінде үлгілі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағындырылған. «Партия мен мемлекет.., — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдас Москваның Куйбышев сайлау округы сайлаушыларымен кездесуде сөйлеген сөзінде, — мемлекет қаржысын талан-таражға салу, көз бояушылық және қызмет бабын пайдалану, ұрлық және пара сияқты масқара құбылыстарға қарсы күресті күшейтті. Бұл уақытша науқан емес. Бұл — тұрақты түрде мүлтіксіз жүргізілетін бағыт».

Қазіргі жағдайда ішкі істер органдары шешуге тура келетін міндеттердің жаңа ауқымы мен жаңа сипаты жұмыста оның қызметкерлерінің мәдениетін арттыруды, милицияның бүкіл қызметін одан әрі жетілдіруді талап етеді. Қазіргі уақытта офицерлік қызметтер негізінен жоғары білімді қызметкерлермен, ал қатардағы және сержант құрамының қызметі орта білімді адамдермен жасақталған. Милиция өз қатарын негізінен партия мен комсомол өкілдері, еңбек коллективтерінің таңдаулы өкілдері, Совет Армиясының запасқа шыққан жауынгерлері есебінен толықтыруда.

Милиция қызметінде право бұзушылықтан сақтандыру, оны профилактикалау мәселелері барған сайын үлкен орын алады. Республикада партия және совет органдарының басшылығымен право бұзушылықтан сақтандырудың ауқымды жүйесі құрылып, жұмыс істейді. Мұнда ішкі істер органдары еңбек коллективтерінің, олардың профилактика советтерінің күші мен беделіне кеңінен сүйенеді. Жер-жерде құрылған тәртіп қорғаудың қоғамдық пункттері тұрғын үйлер секторларында право тәртібін нығайту үшін көп нәрсе жасауда.

Республиканың Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Маңғышлақ және басқа облыстарының бірқатар қалалары мен селоларында право бұзушылықты профилактикалау жақсы ұйымдастырылған. Талдықорған облысының Текелі қаласында тәртіп күзетуді нығайту, балалардың қадағалаусыздығымен күрес, маскүнемдік пен арамтамақтық мәселелерін қалалық партия комитетінің бюросы, қалалық Советтің атқару комитеті, партия ұйымдары, еңбек коллективтері жүйелі түрде қарайды. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі секциялар, ерікті халық жасақтарының

10 ноябрь — совет милициясы күніне.

Digitized by Google

қалалық штабы белсенді жұмыс істейді.

Право бұзушылықтан сақтандыруда милицияның учаскелік инспекторларының ролі өсті. Олар қоғамдық тәртіпті қорғауда, ішкі істер органдарының тұрғындармен байланысын қамтамасыз етуде шын мәнінде түйінді тұлға. Азаматтар көбіне олардың оперативтілігі мен принциптілігіне қарай бүкіл милиция жұмысы туралы бағалайды.

Орал облысы Чапай аудандық ішкі істер бөлімінің аға учаскелік инспекторы, коммунист, халық депутаттары селолық Советінің депутаты, Ұлы Отан соғысына қатысқан Х. Сұлтанғалиев өзінің қызмет парызын үлгілі орындайды. Учаскелік инспектор жүртшылықтың пәрменді көмегіне тұрақты сүйенеді, тұрғындармен тығыз байланыс жасайды, право бұзушылыққа бейім орындарды үнемі өз назарында ұстайды. Нақ сондықтан да ол қамтитын учаскеде ашылмай қалған қылмыс жоқ, иә, право бұзушылықтың өзі де шұғыл азайды.

Әйтсе де әрбір учаскелік инспектор қазіргі талаптар деңгейінде жұмыс істеуі үшін әлі де көп нәрсе жасауға тура келеді. Ақтөбе, Қостанай, Торғай, Жезқазған және басқа бірқатар облыстарда учаскелік инспекторлар қызметін ұйымдастыруда белгілі бір олқылықтар баршылық. Әрбір ішкі істер бөлімінде учаскелік милиционерлерге бірінші кезекте көңіл бөлінуі, олардың жақсы жолға қойылған оқуы, тұрақты тәжірибе алмасуы қажет.

Учаскелік инспекторлардың бәрін жұмыс істеу үшін қажетті жайлармен қамтамасыз ету — кезек күттірмейтін міндет. Біз бұл тұрғыдан халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерінің, шаруашылық басшыларының көмегіне үміт артамыз.

Профилактикалық шаралармен қатар социалистік меншікті қорғауға, халық игілігіне қол сұғуға жол бермеуге зор маңыз берілуде. Социалистік меншікті ұрлаумен күрес қызметіне ұрлықпен, парақорлықпен, алыпсатарлықпен күресті күшейту үшін айрықша жауапкершілік жүктеледі.

Қазіргі уақытта аграрлық-өнеркәсіптік комплексте, құрылыста, саудада, транспортта ұрлыққа жол бермеу жөнінен оның белсенділігі арттырылды. Социалистік меншікті ұрлаумен күрес қызметінің ревизиялық-финанс органдарымен, халықтық бақылау постыларымен, маманданған халық жасақтарымен өзара қимыл-әрекеті күшеюде. Тамақ, ет-сүт және өнеркәсіптің басқа салаларының бірқатар кәсіпорындарында социалистік меншікті ұрлаумен күрес қызметкерлері және учаскелік инспекторлар жасақшылармен, халық бақылаушыларымен, «Комсомолдық прожектормен» бірге «қымқырушыларға» тосқауыл қойып, ұсақ ұрлыққа жол бермеуде.

Үлгілі қоғамдық тәртіп советтік өмір салтының ажырамас элементі болып табылады. Қалалар мен селоларда осындай тәртіпті қамтамасыз ету милицияның маңызды міндеті болып табылады. Соңғы уақытта көшелерде, алаңдарда, парктер мен скверлерде, еңбекшілер жаппай тынығатын жерлерде милицияның патруль-пост нарядтары көбейтілді.

Мемлекеттік автомобиль инспекциясына үлкен міндет жүктелген. Өткен жылы ғана оның қызметкерлері 16 мың километрден астам жолды, 2 мыңға жуық темір жол қиылыстарын тексерді, көптеген хауіпті авариялық орындар түзетілді. Республиканың бірқатар облыс орталықтарында жол қозғалысын үйлесімді басқарудың телемеханикалық жүйесі енгізілді.

Осының бәрі жол-транспорт оқиғаларының азаюына көмектеседі. Көкшетау, Целиноград, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарының мемлекеттік автомобиль инспекциясының қызметкерлері біршама жақсы нәтижелерге жетуде. Онда транспорт авариясымен күреске жүртшылық күштері кеңінен тартылуда.

Милиция қызметкерлері жаппай ауыл шаруашылық науқандарын өткізуге белсене қатысады. Орақ кезінде үлгілі тәртіпті сақтау, өртке және жол-транспорт оқиғаларына, жаңа егіннің астығын ұрлауға жол бермеу, техниканың, жанар-жағар май материалдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін социалистік меншікті ұрлаумен күрес, өрттен қорғау және ведомстводан тыс күзет, мемлекеттік автомобиль инспекциясы, милицияның учаскелік инспекторлары шаруашылықтарда, танаптарда, қырмандарда, фермаларда, астықты ұқсататын кәсіпорындарда қызмет атқарады. Олар осы арқылы еліміздің Азық-түлік программасын орындауға өз үлестерін қосуда.

Милициямен бірге ерікті халық жасақтары право тәртібін күзетеді. Үстіміздегі жылы елімізде оларды құрудың 25 жылдығы кеңінен аталды. Осы атаулы юбилейге байланысты жеке батылдық көрсеткен белсенді жасақшылар үкімет наградаларына ие болды. Олардың бірқатары «Қазақ ССР-інің үздік жасақшысы» белгісімен аталды.

Өскеменнің ерікті халық жасақшылары Ф. Э. Дзержинский атындағы оперативті комсомол отрядының, Қарағанды, Теміртау, Павлодар, Петропавл, Орал және басқа қалалар жасақшыларының есебінде жақсы істер көп.

Бүгінде милиция қызметкерлеріне көтеріңкі талаптар қойылады. Олардың ең бастысы — совет заңдарын мүлтіксіз сақтау, азаматтар праволарын сыйлау. Ешқандай, тіпті мұнда болмашы ауытқушылыққа жол беруге болмайды. Біздің милициямыз — халықтық милиция, ол партия, халық, Отан алдындағы өз парызын орындай отырып, өз қызметін адал атқаруда.

Digitized by Google

Жамбыл облысы Жуалы, Целиноград облысы Вишнев, Көкшетау облысы Володар және Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық ішкі істер бөлімдерінің коллективтері қоғамдық тәртіпті қорғауда жақсы көрсеткіштерге жетуде, ал оларды милиция қызметінің үздіктері, коммунистер О. Бектұранов, В. М. Занора, Б. Болташев, В. И. Банин басқарады.

Милиция подполковнигі С. Ысқақов басқаратын Екібастұз аудандық ішкі істер бөлімінің коллективі жатық қимыл жасайды. Мұнда қылмысты істерді іздестіру бөлімшесінің бастығы Б. Әбеновтың, социалистік меншікті ұрлаумен күрестің аға инспекторы, милиция капитаны К. Херчиевтың, мемлекеттік автомобиль инспекциясының аға инспекторы, милиция лейтенанты Е. Дүйсекеновтың, тергеуші Р. Келлерттің, өрттен қорғау бөлімшесінің бастығы В. Логуттың, милицияның кіші сержанты А. Астафьевтің және басқалардың қызметі зор, олар өздерінің ауыр міндеттерін орындауға жоғары жауапкершілікпен қарайды.

Коммунистік партияның қамқорлығы арқасында милиция қызметі жылдан-жылға жетілдіріліп келеді. Ішкі істер министрлігі жүйесінде саяси органдарды құру осындай қамқорлықтың жаңа көрінісі болды. Саяси органдар ішкі істер органдарының қызметін жақсарту, адамдарды коммунистік партия ісіне шексіз берілгендік, совет халқына, антқа адалдық, заңды қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті күзету және қылмыспен күрес жөніндегі қызмет міндеттерін орындау барысындағы қажырлылық пен адалдық рухында тәрбиелеу туралы талаптарын қатаң және мүлтіксіз жүзеге асыруға тиісті. Павлодар, Целиноград, Шымкент, Семей облыстық атқару комитеттері ішкі істер басқармаларының, сондай-ақ Шығыс және Батыс Қазақстанның транспорттағы ішкі істер басқармаларының саяси бөлімдері белсенді жұмыс істей бастады. Партия және совет органдарының басшылығымен еңбек коллективтерінің белсенді көмегі арқылы республиканың ішкі істер органдарының коллективтері өз қызметінің тиімділігін арттырып, жұмыстағы кемшіліктерді дер кезінде анықтап, жоюға ұмтылуда.

Республиканың Ішкі істер министрлігі, облыстық басқармалар азаматтардың дабылдары мен өтініштеріне милицияның оперативті ұн қатпауының қай сыбір фактілер жөнінен батыл шаралар қабылдайды. Біздің қатарымызда немқұрайдылыққа, өркөкіректікке, адамды сыйламаушылыққа орын болмауға тиіс екенін толық түсінеміз. Милиция мұндай адамдардан үзілді-кесілді түрде арылуда.

Ішкі істер органдарының жетекші қызметтері — қылмысты істерді іздестіру, тергеу, социалистік меншікті ұрлаумен күрес қызметтерін кадрлармен нығайту шаралары қабылданды. Олардың алдына тиімді профилактикалық жұмысты қамтамасыз ете отырып, жасалған қылмыстарды толық ашуға қол жеткізудің маңызды міндеті қойылған. Заңды сақтамаған бірде-бір адам оның алдындағы жауапкершіліктен құтылмауға тиіс. Милиция қызметкерлерінің парызы, олардың қасиетті міндеті — жасаған қылмыс үшін сөзсіз жазалану принципін қатаң орындауды қамтамасыз ету.

МИЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ өз мерекесін жоғары өрлеу жағдайында қарсы алуда. Олар КПСС XXVI съезі, КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдары, Қазақстан Компартиясының XV съезі қоғамдық тәртіпті нығайту жөнінен қойған міндеттерді абыроймен орындауға толық ұйғарып отыр.

Шара қабылданды

«ДЕМАЛЫСҚА — ЖҰРТШЫЛЫҚ ҚАМҚОРЛЫҒЫ»

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының үстіміздегі жылғы 13-ші санында жарияланған «Демалысқа — жұртшылық қамқорлығы» деген мақала партия ұйымдары секретарьларының қатысуымен өткен қалалық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінде өткен кеңесте талқыланды.


Сын-ескертпелер бойынша шаралар қабылданды. Үгіт алаңдарын безендіру мен жабдықтау жақсарды. Мұнда тұрғындардың партия, совет қызметкерлерімен, кәсіпорын басшыларымен, мамандарымен, халық депутаттарымен кездесулері айына екі рет ұйымдастырылады. Тұрғындардың кездесулер барысында айтқан сын-ескертпелері, ұсыныстары қалалық партия комитетінде қорытылып, олар бойынша шаралар қабылдануда.

Партия, үкімет документтері насихатталады, лекциялар, Мәдениет сарайы қызметкерлерінің қатысуымен лекция-концерттер, сұрақ және жауап кештері ұйымдастырылуда.

Сондай-ақ партия ұйымдары тұрғылықты жер бойынша дінге сенуші адамдармен жүргізілетін жекелеген жұмысты жандандырды.

З. ХОДОВА.
Қазақстан Компартиясы Текелі қалалық комитетінің секретары.
Талдықорған облысы.

Digitized by Google



Мәдениет және мораль мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

ЖҰМЫСШЫ КАДРЛАРЫНЫҢ ОРДАСЫ

В. МАШКУНОВ,
Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі

БІЗДІҢ РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ әрбір үшінші жұмысшысы мамандықты кәсіптік-техникалық училищеде алады. Жүзден астам Социалистік Еңбек Ері, мыңдаған орденді адамдар, өндіріс озаттары, коммунистік еңбек екпінділері — кәсіптік- техникалық білім жүйесінің түлектері.

Бесжылдықтың төрт жылы ішінде республиканың халық шаруашылығы үшін 737 мың білікті жұмысшы даярланды. Күндіз оқытатын кәсіптік-техникалық училище түлектерінің 74 проценті — орта білімі бар маман жұмысшылар. Бүгінде республиканың 465 оқу орнында ширек миллионға жуық болашақ жұмысшы оқиды. 360 кәсіп бойынша оқытылады.

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумы мен он бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советі бірінші сессиясының шешімдері бойынша жүзеге асырылып жатқан мектеп ісі реформасы кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің беделі мен маңызын айтарлықтай арттыра түсуде. Таяуда селолық кәсіптік-техникалық училищеге орталау мектеп түлектерінің 50 проценттейі оқуға түседі. Оларды кәсіптік-техникалық училищеге қабылдауды екі есе көбейтудің, жұмысшы кадрларын күрделі жаңа мамандықтар бойынша даярлауды кеңейтудің перспективалы міндеті қойылуда. Қазіргі кәсіптік-техникалық училищелердің түрлері оқу орнының бірыңғай түрі — «орта кәсіптік-техникалық училище» болып құрылуда. Олар өндірістің ғылыми-техникалық және экономикалық негіздерін терең білетін, жоғары интеллектуальдық және физикалық дамуды меңгерген, әрине, еңбекке творчестволықпен қарайтын жұмысшыларды даярлауға тиіс.

«...Еңбек етуге дағдыланбаған адам жаңа дүниені саналы түрде орнатушы бола алмайды», — деді К. У. Черненко жолдас 1984 жылғы 2 мартта Москва қаласындағы Куйбышев сайлау округі сайлаушыларымен кездесуде сөйлеген сөзінде.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі бертінде қабылдаған халыққа білім беру мәселелері жөніндегі қаулылар реформаның берік материалдық және ұйымдық базасын қалайды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумында кәсіптік-техникалық білім жүйесі қызметкерлерінің алдына ірі міндеттер қойылды.

Партия мен үкіметтің жаңа талаптарына сәйкес оқу-тәрбие процесінің дәрежесін, жас жұмысшыларды даярлаудың сапасын күрт арттыру бірінші кезекке қойылуда. Ал мұның өзі ең алдымен, инженер-педагог кадрларының іске деген көзқарасына, шеберлігіне тәуелді. Олардың құрамы ұдайы жақсартылуда. Республиканың кәсіптік-техникалық училищелерінде 21 мың инженер-педагог қызметкер, оның ішінде жоғары білімді мамандардың 90 проценті еңбек етуде. Олардың арасында 2 Совет Одағының Батыры, 7 Социалистік Еңбек Ері бар.

1983 жылдың өзінде ғана республиканың кәсіптік-техникалық училищелеріне 2 мыңнан астам жас маман жіберілді. 350-ден астам мұғалім училищелерге педагогикалық жұмысқа ауысты. 240 байырғы жұмысшы өндірістік оқу мастерлері болды. «Казмедьстрой» тресінің бригадирі, Социалистік Еңбек Ері В. М. Раковский осы тамаша қозғалыстың инициаторы, ол Жезқазғанның № 36 кәсіптік-техникалық училищесінің өндірістік оқу мастері болды. Осындай энтузиастар әрбір облыста, әрбір қалада бар. Бұлар — Жамбылда Социалистік Еңбек Ері, депо слесары Т. Аппаев, Қостанай облысында — трактортшы А. Жарасбаева, Павлодарда — құрылысшылар бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Г. Ф. Есин.

Перспективада оларға деген қажеттілікті толық қамтамасыз ету үшін республиканың жоғары оқу орындарында инженер-педагогтарды, техникумдарда— өндірістік оқу мастерлерін даярлауды кеңейту белгіленуде.

Бүгінде таңдаулы тәжірибені баршаның игілігіне айналдыру өте-мөте ма-

Digitized by Google

қызды. Жалпы білім беретін және кәсіптік циклдарды оқып-үйренуде тығыз бірлікті қамтамасыз ету — актуальды міндет. Осы тұрғыдан бірқатар училищелерде қыруар жұмыстар атқарылуда. Мысалы, Арқалықтың № 80 селолық кәсіптік-техникалық училищесінде «Математика және құрылыс», «Физика және техника» апталықтары өткізіледі. Математика пәнінің оқытушылары П. Я. Збарский, К. Б. Ермағанбетова, В. Н. Трукина, В. Я. Радыгига сабақтарда өндірістік сипат ұстайтын есептерді пайдаланады. Өскеменнің № 8 селолық кәсіптік-техникалық училищесінің Ф. И. Витковская жетекшілік ететін математика кабинеті базасында «Пәнаралық байланыстар мен математика пәнін оқытудағы кәсіптік бағдар» деген озық тәжірибе мектебі жұмыс істейді. Алматының № 169 селолық кәсіптік-техникалық училищесінің тарих пәнінің оқытушысы Л. П. Рутковскаяны, № 61 селолық кәсіптік-техникалық училищенің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы А. П. Склифасты, Қызылорданың № 113 селолық кәсіптік-техникалық училищесінің арнаулы технология пәнінің оқытушысы, Қазақ ССР халық мұғалімі Т. С. Қасымовты ,Жезқазғанның № 3 селолық кәсіптік-техникалық училищесінің оқу ісінің меңгерушісі С. К. Нарбаеваны, өндірістік оқу мастерлері Ш. Бекбосынов пен З. С. Жылқыайдаровты және басқаларды үлгі-өнеге етіп көрсетуге болады.

Сонда да көптеген училищелерде жалпы білім беру мен кәсіптік оқу арасында алшақтық үлкен, және осының өзі болашақ жұмысшыларды даярлау сапасына теріс ықпал етуде. Ғылым негіздерін оқып үйрену әрбір жасты коллектившілдік психология, социалистік еңбек тәртібі рухында белсенді тәрбиелеуге көмектесуге тиіс.

Көптеген үйірмелер мен көркем және техникалық творчество коллективтері, физкультура-бұқаралық жұмыстар болашақ жұмысшылардың үйлесімді дамуында маңызды роль атқарады. Бізде 17 мәдениет үйі, 4 стадион, 386 спорт залы, 5 жүзу бассейні, 250-ге жуық атыс тирі жұмыс істейді. Өткен жылы Талдықорғанда үш залды спорт комплексі іске қосылды, таяу арада мұнда жабық жүзу бассейнінің құрылысы аяқталады.

Училищелерде бес мыңға жуық үйірме мен көркем творчество коллективі жұмыс істейді, оларға 95 мыңнан астам оқушы қатысады. Екі мыңнан астам техникалық творчество үйірмесінде 110 мың оқушы техникалық ойды дамытып, шеберліктерін жетілдіруде. Өткен жылдың өзінде ғана олар 8 мың көрнекі оқу құралын, 210 мың сомның 1,5 мың аспабы мен тетігін әзірледі, экономикалық тиімділігі 350 мың сомнан асатын 470 рационализаторлық ұсыныс берді. Кәсіптік-техникалық училище оқушыларының техникалық бұйымдары СССР мен Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмелерінде қойылып, олардың көпшілігі медальдар мен дипломдарға ие болды.

МЕКТЕП РЕФОРМАСЫ материалдық-техникалық базаны нығайту жөнінен үлкен міндеттер ұсынуда. Бізде атқарылып жатқан істер аз емес. Оныншы бесжылдық пен он бірінші бесжылдықтың үш жылы ішінде ғана кәсіптік-техникалық училищелердің 79 жаңа комплексі іске қосылды. Кәсіпорындар, совхоздар, колхоздар 1980—83 жылдар ішінде қамқорлықтарындағы училищелерге 600 трактор, 230 комбайн, 284 автомашина, 129 арнаулы машина, көптеген жабдықтар мен құрал-саймандар берді. Өткен жылы мемлекет училищелердің оқу кабинеттерін, лабораторияларын, шеберханаларын, полигондарын жабдықтау үшін 14 миллион сом қаржы бөлді.

Дегенмен шешілмеген проблемалар әлі де аз емес. Бірқатар училищелерде оқу программасын табысты өтуге қажетті жабдықтар жоқ. Мұның өзі болашақ жұмысшыларды даярлауда елеулі кемшіліктерге әкеп соғады. Д. А. Қонаев жолдастың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумында жасаған баяндамасында материалдық-техникалық базаны нығайту жөніндегі әлсіз жұмысы үшін құрылыс министрліктері мен ведомстволарының, сондай-ақ кәсіптік-техникалық білім жөніндегі республикалық комитеттің адресіне айтылған сын әбден дұрыс. Мемлекеттік комитет осы мәселелердің шешілуіне бақылау жасауды күшейтіп, училищелер мен басқармалар басшыларына деген талапты арттырды.

Жезқазған облысындағы училищелердің материалдық базасының жағдайы өте-мөте алаңдатады, онда бірінші жарты жылдық жоспары 15,2 процент қана орындалды. Қызылорда облысында жоспардың орындалуы небары 13 процент, Маңғышлақ облысында — 15,9 процент құрады. «Прибалхашстрой» тресі Жезқазған облысындағы Ақтоғай селолық кәсіптік-техникалық училищесін 1976 жылдан бері тұрғызуда. Қызылорда облысының № 34 Қазалы, Шығыс Қазақстан облысының № 123 Боран және Гурьев облысының № 46 Индер, Қарағандының Молодежный, Талдықорған облысының № 76 Сарқанд селолық кәсіптік-техникалық училищелерінің бірнеше жылдан бері салынып жатқан комплекстерінде қаржыларды игеру көрсеткіштері төмен. Ақтөбе облысының Октябрь қаласындағы кәсіптік-техникалық училище комплексінің құрылысына қаржы алты жылдан бері бөлініп келеді, бірақ «Чилисайтяжстрой» тресі ешқандай жұмыс жүргізбей отыр. Кәсіптік-техникалық білім базасының құрылысына деген мұндай көзқарасты өзгертетін уақыт жетті.

Жұмысшы жеткіншегін даярлау мүдделері кәсіптік- техникалық училищелердің өндірістік коллективтермен достық ынтымақтастығын одан әрі нығайтуды талап етеді. Бізде кәсіптік-техни-

Digitized by Google

калық училищелер туралы күнделікті қамқорлық жасайтын коллективтер аз емес.

Бірқатар базалық кәсіптік-техникалық училищелері бар «Карагандауголь» өндірістік бірлестігінде, Қ. И. Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатында, Алматы мақта-мата комбинатында жұмыс осылай жолға қойылған, оларда кадрларды даярлауға терең ықылас білдіреді, кәсіптік-техникалық училищелерді сабақтарға қажетті нәрсенің бәрімен жабдықтауға көмектеседі. Осы кәсіпорындардың еңбек коллективтері оқушыларды тәрбиелеуге қатысады.

Қарағанды, Қостанай, Торғай облыстарының халық тұрмыс қажетін өтеу басқармалары мен оларға бекітілген кәсіптік-техникалық училищелер арасында жақсы іскер өзара қарым-қатынастар қалыптасуда. Халық тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының кәсіптік-техникалық училищелерге деген қарым-қатынасында түбегейлі өзгеріс бола қойған жоқ. Қызылорда облыстық басқармасы көптен бері № 67 техникалық училище үйін күрделі жөндеуден өткізу мәселелерін шеше алмай келеді. Шығыс Қазақстан облыстық басқармасы оқушылардың өндірістік оқуы үшін училищеге материалдар, № 13 техникалық училищеге оқу-өндірістік шеберханаларды жабдықтау үшін қазіргі заманғы тігін машиналары мен механизмдерді бөлмейді. Шымкент, Талдықорған және Жезқазған облыстық басқармалары оқушыларды жұмыс орындарымен толық қамтамасыз етпейді, қолданылып жүрген ережелерге сәйкес олардың еңбектеріне әрдайым ақы төлемейді, училище түлектерін алған мамандығы мен кәсібіне қарай жұмысқа орналастыру жөнінен тиісті шараларды қарастырмайды. Республиканың халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі кәсіптік-техникалық училищелердің оқу-материалдық базасын нығайту жөнінен тиімді шараларды қарастырмайды, олардың көпшілігі тар және тозығы жеткен үйлерде орналасқан.

Бүгінде педагогтар мен өндіріс қызметкерлерінің күш-жігерін оқу базасын жетілдіруде, сондай-ақ оқу мен тәрбиеде бұрынғыдан да тығыз біріктіру маңызды. Әрбір оқушылар тобының озат жұмысшылар, таңдаулы бригадалар есебінен педагогы, ал әрбір оқушының тәжірибелі тәлімгері болуына қол жеткізу қажет.

Қазір бұл жұмысқа 10 мыңнан астам байырғы жұмысшы қатысады. Болашақ жұмысшылардың көптеген тәлімгерлері баға жетпес педагогикалық тәжірибені меңгерген. Олардың арасында Социалистік Еңбек Ерлері, Целиноград облысы «Колутон» совхозының бригадирі В. А. Дитюк, Қостанай облысы «Харьков» совхозының механизаторы К. Дөненбаева, «Ақтөбжилстрой» тресінің сылақшылар бригадирі Л. М. Солдатова және басқалар бар. Және біз осы тамаша еңбеккерлердің жұмысшы табының лайықты жеткіншектерін қалыптастыру жөніндегі игілікті жұмысында ізбасарларының барған сайын көбейе беретініне кәміл сене аламыз.

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептердің өзара іс-қимылы анағұрлым тығыз болуға тиіс. КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумының басты қондырмаларының бірі осында. Мұнда тар шеңберлі ведомстволық қарым-қатынас әзірше байқалып қалады, мұның өзі іске елеулі кедергі жасайды. Мысалы, бірқатар облыстарда жалпы білім беретін мектептердің сегізінші және оныншы кластарының түлектерін орналастырудың бірыңғай жоспарлары дер кезінде жасалып, бекітілмейді.

Жастарды тікелей базалық кәсіпорындардан кәсіптік-техникалық училищеге жіберу арқылы жасақтау нашар пайдаланылады. Еңбекке орналастыру жөніндегі органдар осы жұмысқа жеткілікті қатыспайды. Ақтөбе, Көкшетау, Торғай, Целиноград және басқа да бірқатар облыстарда кәсіптік-техникалық училищеге комсомолдық жолдамамен келген оқушылар аз қабылданады.

Барлық мүдделі ұйымдар мен ведомстволардың назарын, реформа талап етіп отырғандай, кәсіптік мектеп жұмысын жақсартуға шоғырландыратын уақыт жетті. Бұл тұрғыдан әрбір ауданда қоғамдық негізде кәсіптік бағдар орталықтарын құрған Шығыс Қазақстан облыстық аткару комитетінің инициативасын атауға болады.

БІР СӨЗБЕН АЙТҚАНДА, мектеп ісі реформасы біздің алдымызға күрделі де жауапты қыруар міндеттерді ұсынып отыр. Партия және совет органдарының, жұртшылықтың өскелең көмегіне сүйене отырып, кәсіптік-техникалық білім жүйесінің қызметкерлері оларды табысты шешу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тиіс.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналына дер кезінде жазылуды ұмытпаңыздар.

Журнал қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады. Оның бір данасының бағасы 15 тиын тұрады. Бір жылға жазылу құны — 3 сом 60 тиын.

Барлық почта бөлімшелерінде, кәсіпорындарда, құрылыстарда, совхоздар мен колхоздарда, мекемелер мен оқу орындарында қоғамдық баспасөз таратушылар арқылы журналға жазылуға болады.

Журналдың почта индексі — 75602.

Digitized by Google

ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ — ЖАСТАРҒА

Жан-жақты дамыған адамды қалыптастыру тәрбие мәселесіне комплексті тұрғыдан келу, оны жан-жақты жасампаздық қызметке қалыптастыру, оқуды, еңбекті және қоғамдық-саяси қызметті тиімді ұштастыру, бос уақытты дұрыс пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Коммунистік партиямыз жас ұрпаққа сапалы білім берумен қатар еңбекке баулуға кәсіптік бағдар беруге үнемі қамқорлық жасап келеді. Қазір барлық жерде КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жалпы білім беретін мектептерде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді және оларды еңбекке даярлауды одан әрі жетілдіру туралы» қаулысын орындау барысында жеткіншектердің еңбек тәрбиесін жаңа деңгейге көтеруге баса мән беріп, игі ізденіс жасауда. Бұл орайда алдағы уақытта атқарылатын кең көлемді шаралар өріс ала бермек.

Біздің Советтік Отанымыздың өткен жолы күрес пен өнегеге толы. Совет адамы барлық сындардан өте жүріп, идеялық сенімділік пен орасан зор күш-жігерді, мәдениетті, білімді және соларды қолдану шеберлігін бойына сіңірген. Олардың осындай жақсы қасиетін жастарымызға дарыта беру — семья, мектеп және еңбек коллективтерінің негізгі борышы саналады.

Бұл күрделі міндетті ойдағыдай жүзеге асыруда жастарға берілетін еңбек тәрбиесінің маңызы зор. Өйткені біздің қоғамымыздың бар байлығы, жасалып жатқан материалдық-техникалық базасы — ерлік еңбектің жемісі. Отан игілігіне еткен еңбек әрқашанда адамдарды абыройға, даңққа бөлейді. Ал еселі еңбекпен жеткен табыстар еліміздің байлығын тасқындатып, мерейін арттырады.

Сондықтан да жастарымыз үшін тәрбиенің ең бір ықпалды да жақсы құралы — еңбек. Кішкентайынан адал еңбекке баулынған, одан өзіне ләззат алған, қуаныш тапқан жасөспірім коммунистік мораль қағидаларын бойына сіңіріп, белсенді азамат болып өседі. Осындай жақсы өрендер түлеп өскен еңбекшіл семьядағы, еңбек коллективтеріндегі үлгілі өнегенің жарқын мысалдарын республика өмірінен жиі ұшырастыруға болады.

Қазіргі уақытта ауыл-село жастарын, соның ішінде мектеп түлектерін еңбекке тәрбиелеудің бірден-бір тиімді тәсілі — жастарды еңбекке тәрбиелеудің, олардың өмірлік позициясын қалыптастырудың өнегелі мектебіне айналып отырған оқушылардың өндірістік бригадалары болып табылады. Осы ретте төмендегі мысалдарды келтіргеніміз көп нәрсені аңғартады. 1983 жылы республика бойынша 14 мың түрлі еңбек бірлестіктері ұйымдастырылды, оларда жоғары кластардың 673 мың оқушысы қамтылды. Мектеп оқушылары ауыл шаруашылығында жұмыс істеді, ауыл-селоларды көріктендіруге қатысты, өнеркәсіп орындарында, транспортта, байланыста және қызмет көрсету саласында еңбек етті. Оқушылар бригадаларының мүшелері өздерінің еселі еңбектерімен он бірінші бесжылдық тапсырмаларын орындауға лайықты үлес қосты.

Республиканың көптеген жерлерінде жақсы көрініп жүрген оқушылардың өндірістік бригадалары, еңбек пен демалыс лагерлері және басқа да мектеп оқушыларының еңбек бірлестіктері бар. Көптеген оқушылардың өндірістік бригадалары базалық шаруашылықтар мен кәсіпорындардың шын мәніндегі өндірістік бөлімшелеріне айналған. Соның нәтижесінде мектептердің алдында тұрған оқытуды өндірістегі еңбекпен ұштастыра жүргізу міндеті ойдағыдай жүзеге асырылып келеді.

Бұл жөнінде кейбір фактілер мен цифрларды мысал ретінде айтқанымыз артық емес. 1983 жылы республикадағы орта мектептердің 175 мың түлегінің 14 мыңы еңбекке баулудың салалары бойынша мамандық дәрежесінде емтихандар тапсырды. Ал 75 мың оқушы халық шаруашылығының түрлі учаскелерінде жұмыс істеді, олардың көпшілігі алған мамандықтары бойынша кәсіптік даярлықтарын жетілдірді. Сөйтіп, орта білім алғандардың басым көпшілігі жұмысшы мамандығын таңдады.

Материалдық өндіріс саласында, әсіресе жұмысшы кадрлары аса қажет учаскелерде еңбек етуге тілек білдірген мектеп түлектерінің қозғалысын одан әрі дамыту жөнінде Целиноград облысында бірқатар игі жұмыстар жүргізіліп отыр. Мұнда жастарды еңбекке баулу және кәсіптік бағдарды ұйымдастыру, мектеп бітірушілерді материалдық өндірісте тұрақтандыру бағытында едәуір тәжірибе жинақталған.

Жастарға еңбек тәрбиесін беру ісін үлгілі ұйымдастыру жұмысы Қостанай облысында да дұрыс жолға қойылған. Мұнда жыл сайын 34 мыңдай мектеп оқушысы ауылшаруашылық жұмыстарына қолғабыс тигізеді. Былтырғы жазда қостанайлық оқушылардың өндірістік бригадалары, еңбек және демалыс лагерьлері, жоғары кластардың еңбек отрядтары үш миллионнан астам сомның жұмысын атқарып, көп өнеге көрсетті.

Облыстағы оқушылардың өндірістік бригадалары қарауына 18 мың гектар жер, 284 трактор, 98 комбайн, 140 автомашина бекітіліп берілген. Мектеп жас бағбандары өткен күзде 2100 тонна көкөніс, 12 мың тонна картоп, 2500 тонна капуста жинады. Ал Боровской

Digitized by Google

АДАМДАРДЫ ЖАҚЫНДАСТЫРУДА

Бізде Жеңіс күні Ұлы Отан соғысына қатысушыларды шақырын, әйтсе де жүрек тебірентерлік сый күтіп тұрады. Ертеңгілікте ардагерлердің пәтерлеріне пионерлер келеді. Балалар гүл шоқтарын, құттықтау ашық хатын және қалалық мерекеге шақыру қағазын тапсырады. Н. И. Кузнецов атындағы қалалық әскери-патриоттық клуб тәрбиеленушілері де ардагерлерге барып тұрады, оны Текелі қорғасын-мырыш комбинатының инженері В. А. Бацких 15 жыл бойы ұдайы басқарып келеді.

Жеңіс мерекесінің бүкіл рәсімі түрлі ұрпақ адамдарына патриоттық тәрбие беруге, оларды жақындастыруға қызмет етеді. Ол «Майдангерлер, ордендеріңізді омырауларыңызға тағыңыздар» деген ұранмен «Металлург» стадионында өтеді. Театрланған жарқын ойын-сауық соғысқа қатысушылардың біздің Отанымыздың қуатын нығайтуға қосқан ұлы үлесі туралы әңгімелейді. Ал оның қарсаңында мектептерде соғыс ардагерлерімен кездесулер, ерлік сабақтары, «Орленок» және «Зарница» әскери-спорт ойындары өтеді. Еңбек коллективтерінде және тұрғылықты жер бойынша үгіт алаңдарында Отанымызды жаудан қорғаушыларды атау ұйымдастырылады. Мерекенің жарқын, айшықты рәсімі барлық ұрпақ адамдарын өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілік рухында тәрбиелейді.

Ал Текелі қорғасын-мырыш комбинатында қалыптасқан дәстүр былай «жұмыс» істейді. Комбинат басқармасының үйі алдындағы алаңда жарыс жеңімпаздарының құрметіне еңбек даңқы жалауы ай сайын салтанатты жағдайда көтеріледі, ауыспалы Қызыл тулар тапсырылады, озаттар есімдері аталады.

Басқа да мерекелер мен салттардың тәрбиелік мәні орасан зор. Қорғасын-мырыш комбинаты, тігін фабрикасы, Ф. Э. Дзержинский атындағы Алматы трикотаж бірлестігінің филиалы коллективтерінде жұмысшы қатарына қабылдау ғұрыптары салтанатты жағдайда өтеді. Жаңадан келген жұмысшыларға

ауданындағы Ә. Жангелдин атындағы орта мектептің оныншы класының түлектері комбайн штурвалына отырып, 20 мың центнер астық бастырды. Сондай-ақ Комсомол ауданы оқушылардың өндірістік бригадалары мүшелері 2800 тонна астық бастырып, Отан қоймасына жөнелтті.

Бұл облыстың бірқатар аудандарында соңғы жылдары еңбек бірлестіктерінің материалдық базалары жақсы нығайып келеді. Ауыл-село жастарын еңбекке тәрбиелеу ісі көбіне оқу-өндірістік комплекстерінде де, шаруашылықтардың өндірістік базаларында және мектеп шеберханаларында жүргізіледі. Ауылдық жердегі білім ошақтарында автомобиль, трактор, комбайн және түрлі ауыл шаруашылығы машиналарын жүргізуді игеруге, агротехника негіздерін үйренуге, мал фермаларын механикаландыру ісін жетік білуге, тағы басқа шаруашылық салаларын меңгеруге тиісті жағдай жасалған.

Шымкент облысының Қызылқұм ауданындағы М. О. Әуезов атындағы орта мектеп оқушыларының өндірістік бригадасына Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі М. Нүсіпәлиев жетекшілік етеді. Бригада мүшелері сүрлемдік жүгері өсіруде жыл сайын жақсы көрсеткіштерге жетіп келеді. Сондай-ақ осы облыстың Түркістан ауданының бірқатар мектептеріндегі өндірістік бригада мүшелері мақта өсіруде жемісті еңбек етуде.

Семей облысының Қарақол орта мектебінде оқушылар өндірістік бригадасының құрылғанына біраз уақыт болды. Бұл бригаданы ауыл шаруашылық маманы әрі тәжірибелі педагог П. А. Еремин жолдас басқарады. Бригада мүшелері жыл бойы үздіксіз жұмыс істейді. Жаз маусымында оқушылар бағалы дақыл — жүгеріні күтіп-баптаудың агротехникалық шараларын оқып үйренеді. Сонымен бірге мектеп түлектері тәжірибе жасау жұмыстарының негіздерімен, ауыл шаруашылық өндірісін жоспарлау шараларымен танысады.

Мұның өндірістік бригада мүшелеріне еңбек процесінде тигізетін пайдасы көп. Соның нәтижесінде олар қарауындағы егістіктен жыл сайын тәуір өнім алуға жетіп келеді. Мәселен, мектеп өндірістік бригадасы мүшелері әр гектардан жоспардағы 180 центнердің орнына 360 центнерден сүрлемдік жүгері жинады.

Сайып келгенде, жасөспірімдерге берілетін еңбек тәрбиесінің аясы кең. Бұл маңызды істі жемісті жүргізуде семья, мектеп және еңбек коллективінің маңызды роль атқаратынын елемеуге болмайды. Сондықтан да жастарымызға еңбек тәрбиесін беру жұмысын комплексті түрде жүргізіп отыруға баса көңіл бөлінуі тиіс.

М. КӨККӨЗОВА.

Digitized by Google

еңбек кітапшалары, ескерткіш сыйлықтар тапсырылады. Ардагерлер оларға аманат тапсырады. Осы жерде кімнің кімге тәлімгер болатыны жарияланады. Шағын митингілерге кеншілердің балалары мен әйелдері шақырылады. Осы оқиға құрметіне жарыс жеңімпаздары суретке түседі. Олардың семьяларына алғыс хаттар жолданады. Сондай-ақ жарыс жеңімпаздары комбинат цехтарында да салтанатты түрде аталды, алайда қорытындылар әр апта сайын шығарылады. Таңдаулы коллективтер мен жұмысшыларға олардың Жеңістің 40 жылдығы құрметіндегі екпінді вахтада қандай табыстарға жеткені жазылған ескерткіш кезінде бағалау еңбеккерлердің белсенділігін арттырады. Кеншілер бесжылдықтың төртінші жылына қабылданған социалистік міндеттемелерді табысты орындауда. Бірінші жарты жылдықта комбинатта өнімділік 2,8 процент өсті, ал өнімнің өзіндік құны қосымша 2,3 процент кеміді.

Басқа да мерекелер мен салттардың тәрбиелік мәні орасан зор. Қорғасын-мырыш комбинаты, тігін фабрикасы, Ф. Э. Дзержинский атындағы Алматы трикотаж бірлестігінің филиалы коллективтерінде жұмысшы қатарына қабылдау ғұрыптары салтанатты жағдайда өтеді. Жаңадан келген жұмысшыларға еңбек кітапшалары, ескерткіш сыйлықтар тапсырылады. Ардагерлер оларға аманат тапсырады. Осы жерде кімнің кімге тәлімгер болатыны жарияланады. Үгіт алаңдары жаңа мерекелерді насихаттайды. Мұнда көше мерекелері өткізіледі. Еңбек әулеттерін, еңбек озаттары мен жаңашылдарын, қоғамдық жұмысқа белсенді қатысушыларды атайтын көркем өнерпаздар концерті, үгіт бригадаларының өнері жылы қабылданады. Жүргізушінің кіріспе ретіндегі қысқаша әңгімесі осы адамдардың бейнесін ашады, олардың үлгі-өнегесін баршаның игілігіне айналдырады.

Біз қалалық зерде күнін үшінші жыл өткізіп отырмыз. Қайтыс болған жақын адамдарыңды еске алу әдет-ғұрпы бұрыннан белгілі, біз оған азаматтық сипат беруге ұмтыламыз. Бұл күні социализмді белсенді құрған, Отанымызды фашистік басқыншылардан қорғаған адамдар туралы айтамыз. Әдет-ғұрыптың мағынасы — қайтыс болған адамдарды еске түсіру және оларға алғыс сезімін білдіру ғана емес, сондай-ақ бүгінгі адамдарға аманат болып табылды.

Митинг басталғанша зиратта Э. Григтің, Ф. Листтың және басқа композиторлардың шығармаларынан әуендер орындалады, совет ақындарының өлеңдері оқылады. Митинг Р. Рождественскийдің «Реквием» өлеңімен ашылады.

Митингіде соғыс және еңбек ардагерлері, қаланың сыйлы адамдары сөз сөйлейді. Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосқан кісілер туралы көптеген жылы сөздер айтылады, өшпес із қалдырған адамдардың бәрін жылы лебізбен еске алады. Содан кейін бір сәт үнсіз тұрады.

Осы ғұрып қала тұрғындарынан қолдау тапты, оған көптеген пікірлер мен хаттар дәлел болады. Ол діни ұғымдарды ығыстыра отырып, текеліктердің өміріне берік енуде.

Партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, қалалық атқару комитетінің бөлімдері мерекелер мен салттарды ұйымдастыруға қатысады. Мәдениет сарайы, кітапхана, физкультура ұйымдары қызметкерлерінің, мұғалімдердің және басқа мамандардың күш-жігерін топтастырған мәдени-спорт комплексінің қызметкерлері өзіне жұмыстың қыруар болігін алды. Мәдениет сарайында жаңа мерекелер , ғұрыптар мен салт жоралар жөніндегі методикалық мүйіс бар, оның қызметін көп адамдар пайдаланады.

Қалалық атқару комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі Э. Н. Гаснинов, мәдениет сарайының директоры Л. Ф. Самойлова, қорғасын-мырыш комбинаты партия комитетінің секретары Н. И. Русинов, коммуналдық кәсіпорындар комбинатының бастығы М. Т. Гура, ЗАГС меңгерушісі М. Н. Шалқыбекова жаңа ғұрыптардың үздік насихатшылары болып табылады.

Әрине, жаңа ғұрыпты ұйымдастыруда бізге бәрі бірдей оңай тиіп жатқан жоқ. Әлі де көптеген мәселелерді шешу қажет. Жаңа мерекелер мен ғұрыптардың текеліктердің жүрегінде игі із, жақсы үлгі-өнегеге ұмтылу, аға ұрпақ тәжірибесін пайдалану тілегін қалдыра отырып, олардың өмірінде берік орын алғаны даусыз.

Р. МҰЗАФАРОВ,
Текелі қалалық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Талдықорған облысы.

БАҚЫТ САРАЙЫ

Большенарым аудандық Мәдениет үйі әр сенбіде бақыт сарайына айналуда: мұнда некеге тұру салтанатты жағдайда тіркеледі.

Бұл күні жас жұбайлар мен салтанатқа қатысушылар арнайы жүргізілетін кітапқа өз қолдарын қояды. Жаңа үйленгендерге «Сіздерді күміс тойды да біздің клубта мерекелеуге шақырамыз»... деп жазылған шақыру билеті тапсырылады.

Жуырда «Жас жұбайларға тілек» әні В. Полунц пен Л. Иванюк үшін шырқалды. Ғұрыпты басқарушы, Мәдениет үйінің методисі В. Нечаева оларды өз өмірлеріндегі атаулы оқиғамен құттықтап, махаббат пен бірін-бірі сыйлауды өмір бойы сақтауларына тілек білдірді.

Шығыс Қазақстан облысы.

Digitized by Google

КӨРКЕМДЕУШІ-СУРЕТШІЛЕР ОҚУЫ



Павлодар қалалық партия комитеті жанындағы көркекі үгітті көркемдеуші-суретшілер мектебі бұдан бес жыл бұрын құрылды. Оны ұйымдастыруға Қазақ ССР Көркемсурет қоры көркем-өндірістік шеберханалары мен облыстық бейнелеу өнері музейінің қызметкерлері белсене қатысты.

Мектептегі сабақтарды профессионал суретшілер, өнер танушылар, Павлодар педагогика институтының оқытушылары өткізеді. Олар барлық жұмысты қоғамдық негізде жүргізеді. Мектептегі оқу мерзімі — екі жыл. Оған арнаулы білімі жоқ көркемдеуші-суретшілер қабылданды.

Оқу процесі төмендегідей негізгі бағыттарды қамтиды:

— Арнаулы пәндер бойынша жалпы саяси тақырыптарға арналған лекциялар;

— Көрнекі үгіт құралдарының эскиздері мен жобаларын жасау жөніндегі практикалық сабақтар;

— Қайсыбір жобаны жүзеге асыру процесінде көркемдеушілерде туындайтын мәселелер бойынша консультациялар;

— Көрнекі үгіт құралдарының эскиздері мен жобаларын жасау жөніндегі практикалық сабақтар;

— Үй тапсырмаларын орындау. Олар әдетте тыңдаушы жұмыс істейтін өндірістік коллективтің алдында тұрған міндеттерді ескеру арқылы беріледі. Орындалған жұмыстар коллективте талқыланады және мұның өзі олардың авторларына ғана емес, сондай-ақ барлық тыңдаушыларға да пайдалы.

Сабақтар айына екі рет өткізіледі.

СССР Суретшілер одағының мүшелері: мектептің қоғамдық негіздегі директоры П. Г. Лысенко, Қазақ ССР Көркемсурет қорының өкілі В. Н. Баранов, П. Г. Величко, педагогика институты философия және саяси экономия кафедрасының меңгерушісі Л. И. Рогова, суретші Н. А. Петерии мектепте белсенді жұмыс жүргізеді. Оқу бөлімін басқаратын облыстық бейнелеу өнері музейінің өнер зерттеушісі Л. А. Кузнецова мектепке көп күш-жігерін жұмсайды.

Кәсіптік даярлықта адамдардың ақыл-ойы мен жан-дүниесіне анағұрлым белсенді әсер ететін, оларды нақты асуларға жетуге жұмылдыратын көрнекі үгіт түрлеріне зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар тыңдаушылар живопись, графика туралы негізгі ұғымдармен, әртүрлі үгіт-бейнелеу құралдарын жасау принциптерімен, интерьерді, экстерьерді безендірумен танысады, және әрине, қағаз бен желімді, фанер мен картонды және безендіру барысында пайдаланылатын басқа да материалдарды ұстай білу шеберлігіне үйретеміз. Шрифт мәдениетін меңгеруге уақытымызды аямаймыз — өйткені бұл безендіру ісінің негізі. Практикалық тапсырмаларды орындау барысында жұмыстағы, әсіресе тақырыптың композициялық шешімінде, бояу таңдауда т. б. теріс дағдылар мен әдеттерді жоюға көп көңіл бөлінеді.

Біз — тыңдаушылардың үгіт-бейнелеу өнерінің тәсілдері мен дағдыларын меңгеруіне, олардың алдында тұрған міндеттерді практикада табысты шешуі үшін көркемдік талғамын байытуға көмектесу басты міндет деп білеміз.

Мектеп программасы ұдайы жетілдірілуде. Практикалық тапсырмаларды орындау сапасына қойылатын талаптар күшейтілуде. Көрнекі үгіттің оперативті құралдарына (листовка, «молния», «жауынгерлік листок») көңіл бөлу жылдан жылға өсіп келеді. Практика, еңбек өнімділігі мен сапасын арттыру жолындағы күресте, бағалы бастамаларды таратуда т. б. осы құралдардың пәрмеңділігін арттыру мүдделері мұның қажет екенін көрсетті.

Суретшінің дүниетанымын қалыптастыруға үлкен мән беріледі. Тыңдаушылар партияның ішкі және сыртқы саясатының актуальды проблемаларымен, коммунистік тәрбие мәселелерімен, қом-

Digitized by Google

мунистік эстетика негіздерімен терең танысады.

Мұнда тыңдаушылардың оқу процесінде оқытушылармен және парталас жолдастарымен қатынасы, идеялық-тәрбие жұмысының актуальды проблемаларын, көрнекі үгіт жағдайын, графика мен живопись өнерінің дамуын және басқаларды бірлесіп талқылауы елеулі роль атқарады. Ашық, іскер әңгімелер суретшінің қалыптасуына көмектесуде.

Тыңдаушылардың творчестволық есептері жыл сайын өткізіледі. Олардың әрқайсысы өздерінің таңдаулы жұмыстарының көрмелерін көркемдейді, оның экспонаттары барлық тыңдаушылардың қатысуымен толық талданады.

Әрбір оқу жылының соңында бақылау жұмысы өткізіледі. Тыңдаушылар нақты тақырып алып, белгіленген уақыт ішінде эскиз жасауға тиіс. Мұның социалистік міндеттемелерді орындауға арналған стенд немесе өндіріс озаттарын дәріптейтін панно, саяси немесе техникалық плакат, немесе көрнекі үгіттің қайсыбір басқа құралы болуы мүмкін.

Тыңдаушылар өз оқытушыларының және басқа да суретшілердің шеберханаларында болады, музейлерге, көрмелерге барады, қаланың, кәсіпорынның, мәдениет мекемелерінің, оқу орындарының үгіт-көркем безендірілуімен танысады. Көргенді талдау, қайсыбір тапқырлықты немесе қателікті талқылау — аудиториядағы оқу жұмысына жақсы қосымша болады.

Мектептегі оқу диплом жұмысын орындаумен аяқталады. Мұнда ұсынылатын тақырып шеңбері өте кең, әйтсе де осының барысында міндетті шарт қойылады — жұмыс тыңдаушының өзі еңбек ететін өндірістік коллективтің өмірін бейнелеуге тиіс.

Оқу программасын ойдағыдай аяқтаған тыңдаушыларға мектепті бітіргені туралы куәлік салтанатты жағдайда тапсырылады.

Бірауызды пікір бойынша, мектептегі сабақтар қаладағы үгіт-көркем безендіру дәрежесінің өрлеуіне едәуір ықпал етті, дегенмен бізде қиындықтар да бар. Біздің басты қиындығымыз — программаның жоқтығы. Қазақстан Суретшілер одағының творчестволық секциялары республикамыздың түрлі облыстарында жұмыс істейтін көркемдеуші-суретшілер мектептерінің жұмысын талдап, практика берген, бүгінде көрнекі үгітті жасаушылардан талап етіліп отырған нәрсенің бәрін ескеретін типтік программа әзірлеуге көмектесуі өте-мөте қажет.

М. ОМАРОВ,
Қазақстан Компартиясы Павлодар қалалық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Жаңа кітаптар

ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫ БУЫНЫ

Философия ғылымдарының кандидаты, доцент Нәби Елікбаевтың таяуда «Қазақстан» баспасынан жастардың философиялық шағын кітапханасы сериясымен **«Социалистік ұлттық психология және интернационализм»** деген кітапшасы жарық көрді.

Автордың еңбегінде социалистік ұлттық психологияның ерекшеліктері, ұлттық және интернационалдық мүдделер бірлігі, советтік өмір салтының интернационалдану процесінің сипаты көрсетіледі. Кемелденген социализм кезеңінде өмір сүріп отырған ұлттар мен халықтардың әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани өмірі барған сайын бір арнаға тоғысуда. СССР-дегі барлық ұлттар мен халықтардың туысқандық одақ шеңберінде емін-еркін дамуы мен бір-бірімен ұдайы жақындасу тенденциясы жайлы тоқтала келіп, КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында К. У. Черненко жолдас: «Патриоттық және интернационалдық тәрбиені табиғи түрде ұштастыруға, әркімнің бойында ұлтаралық қатынастың жоғары мәдениетін, біздің Советтік Отанымыз үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға күш салу керек», — деп атап көрсетті. Автор социалистік ұлттар психологиясының толысқан социализм кезеңіндегі сапалық элементтерін көрсете отырып, интернационалдық тәрбиенің маңызын, сипатын ашып береді. Республикамыздағы көп ұлтты еңбек коллективтері өмірінен нақтылы мысалдарға сүйенеді, жастарды интернационализм рухында тәрбиелеу проблемаларына айрықша көңіл бөледі. Кітапша көпшілік оқырмандар ұлттық қарым-қатынастар проблемаларын оқып үйренуші жастар, бүкіл идеология активі үшін бағалы құрал болып табылады.

М. ҚАРАТАЕВ,
философия ғылымдарының кандидаты, доцент.

Digitized by Google

ҚАЙТАЛАМА ШИКІЗАТ ПАЙДАСЫ

Біздің республикамызда тұрмыстық қалдықтарды мейлінше толық пайдалану тұрғысынан не жасалуда?

А. БОЛАТБАЕВ,

Семей қаласы.

Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі Мемлекеттік комитетінің қайталама материалдық ресурстарды дайындау, беру және пайдалану жөніндегі бас басқармасының бастығы ҚҰСАЙЫН КЕРЕЙҰЛЫ ҚАЖЫҒАЛИЕВ біздің оқырман сұрағына жауап береді:

Біздің республикамызда жылына 3 миллион тоннаға дейін қатты тұрмыстық қалдық жиналады. Есептеулер көрсеткеніндей, егер оларды ұқсататын болсақ, онда 24 мың тоннаға жуық металл сынығын, 150 мың тоннадан астам шыныны, 120 мың тонна ағаш қалдығын, 60 мың тонна шүберекті, сондай-ақ басқа да көптеген материалдарды халық шаруашылығына қайтаруға болады. Алайда тиімділік осымен шектелмейді. Қалдықтарды пайдалану дегеніміз — демек айналадағы ортаны сақтау, бүгінде қоқыс тасталатын жүздеген мың гектар жерді шаруашылық және басқа қажеттерге босату деген сөз.

Бүкіл еліміздегідей, Қазақ ССР-інде соңғы бірнеше жыл ішінде өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинау және ұқсату жөнінен елеулі жұмыстар атқарылды. Расында осы қызмет бізде қайтадан құрылды. Ол қайталама шикізатты ұқсатумен айналысатын 250-ге жуық тұрақты және жылжымалы пункттерді және бірқатар өндірістерді қамтиды. Республикада 1980 жылмен салыстырғанда қайталама шикізатты дайындау көлемі 18,4 процент, оның ішінде ескі қағаз — 23, тоқыма материалдары — 13 және тозған шиналар — 19 процент өсті. Халықтан жиналатын тұрмыстық қалдықтар үштен біріне жуық көбейді.

Қайталама материалдық ресурстарды дайындау, беру және пайдалану жөніндегі бас басқарма жүйесінде тоқылмайтын материалдар фабрикасы бар, 13 түрлі өнімін (еден төсеніші, мебель қаптауға арналған тоқылмайтын материалдар, тегістегіш материал, ватин, мақта, линолеум, әшекейлі кілемшелер, төбе жабатын резина және басқалар) шығарады.

Шын мәнінде қайталама шикізатты жинау мен ұқсату халық шаруашылығының дербес маңызды саласына айналуда, және республикада оларды барынша ұқсату жөнінен мақсатты комплексті программа жасалды.

Халықтың қалдықтарды жинауға деген мүдделілігін арттыру жөнінен шаралар қабылданды. Бұл — «Кітап үшін ескі қағаз» эксперименті және Алматыда (елімізде алғаш рет) магазиндерде қайталама шикізатты тапсырғаны үшін берілетін талон-квитанцияларды товармен қамтамасыз ету жөніндегі бөлімдер ашу, қажетті товарларды айырбастап сатуды енгізе отырып тұрақты және жылжымалы қабылдау пункттері — магазиндерінің кең жүйесін жасау т. б.

Сонда да тұрмыстық қалдықтардың қыруар бөлігі қоқыс үйінділеріне тасталады, немесе құртып жіберіледі. Істің мәні мынада: дайындау ұйымдары мен тұрғын үй-коммуналдық органдардың материалдық базасы әлі де әлсіз.

Қалдықтар үйінділерінің тым көбеюі оларды ұқсататын заводтар жасау қажеттігін тудырды. Біздің елімізде олар әзірше аз (Москвада, Ленинградта, Алматыда және бірқатар басқа қалаларда бар). Осы заводтарда қара металл сынықтары ғана бөлінеді және ауыл шаруашылығы қажеттері үшін шірінді өндіріледі. Және қазір мамандар қалдықтардан басқа да бағалы материалдарды анағұрлым толық айырып алуды жолға қою жолында жұмыс істеуде.

Дегенмен үйіндіге тасталатын өндірістік және тұтыну қалдықтарының 80 проценті қалдықтарды ұқсатушы соңғы саты болып табылатын қоқыс өңдейтін заводтар үшін емес, қайталама шикізаттан товарлардың түр-түрін шығаратын өнеркәсіп үшін шикізат ретінде қызмет ете алатынын атап көрсеткен жөн. Өйт-

Сіздің блокнотыңызға

Металл сынығынан болат балқыту барысында ауаның ластануы 86%, судың ластануы 4 есе азаяды.

Digitized by Google

кені үйіндіге тасталған қайталама шикізаттың құны қыруар төмендейді.

Дайындау ұйымдарының тұтыну қалдықтарының орасан зор мөлшерін қабылдамайды деп алаңдаушылық білдіретін шикізат тапсырушылардың наразылығы бізге түсінікті. Олар тұрғындарда қыруар мөлшерде жиналып қалатын тұрмыстық полимер материалдары біздің республикамызда (олардың оннан бірі ғана ұқсатылады), синтетикалық және жасанды талшықтан жасалған қайталама тоқыма, керамика, тозған аяқ киім, түрлі шыны ыдыстардың металл және жасанды талшықтан жасалған пайдаланылған ұстаралар, консерві қалбырлары осының бәрі орасан зор байлыққа айнала алады, алайда бүгінде елімізде оларды қайта өңдеу жөніндегі технология әзірше жоқ. Үкімет шешімдерімен осындай жабдықты жасау міндеті алға қойылды. Бұл проблема мәселен Қазақ ССР материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі Мемлекеттік комитеті Алматыда әжетхана қағаздарын өндіретін завод пен Семейде тоқылмайтын материалдар фабрикасын салуды белгілеуде. Целиноградта қайталама полимер материалдарын ұқсату заводы құрылысының мақсаттылығы анықталуда, онда тамшылап суландыруға арналған полиэтилен түтіктерін, полиэтилен пленкаларын, канистер, химиялық заттарды салуға арналған ыдыстар жасау т. б. қарастырылуда. Елімізде тозған шиналардың барлық маркасын пайдалануға арналған қуаттарды кеңейту және жасау жөніндегі жобалар бар — осындай заводты республикада да салу қажет.

Сонымен бірге халық шаруашылығы салаларында қайталама шикізатты қайта пайдалануға болатынын (шығарылатын өнімнің сапасына зиян келтірмей) нақты талдау талап етіледі. Осы жұмыстың мемлекеттік мәні қыруар, мұнда Д. И. Менделеевтың «...озық технологияның бүкіл мақсаты пайдасыз нәрседен пайдалы зат өндіруде» деген сөздерін еске алмасқа болмайды.

Тұрғындардан қайталама шикізатты жинауды ұйымдастырудың өзі мәз емес. Мұның өзі бірқатар облыстарда Қазақ ССР Министрлер Советінің тұрғындардан шикізат қабылдау жөніндегі пункттердің жүйесін кеңейту туралы қаулысын қанағаттанғысыз орындаумен байланысты. Мұның Шығыс Қазақстан Маңғышлақ, Қызылорда, Көкшетау облыстарына қатысы бар, осы мәселемен мұлде айналыспайды. Ал бұл іс көңіл бөлуді талап етеді. Қала құрылысының нормалары бойынша бір қабылдау пункті 5—6 мың адамды қамтуға тиіс, ал бізде әзірше 1 қабылдау пунктіне 20 мың тұрғыннан келеді, аталған облыстарда одан да көп.

Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық туралы да айтпауға болмайды. Үкімет шешімдері бойынша олар тұрғындардан қайталама шикізат жинауға жүйелі қатысуға міндетті.



«Плакат» баспасы.

Алматы үй басқармаларының коллективтері осы тапсырмаларды тұрақты орындайды. Алайда, Ақтөбе, Қызылорда, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Шымкент және Орал облыстарында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басшылары тұрғындардан қайталама шикізатты жинауды әлі күнге дейін басқалардың ісі деп есептейді және олар осы көрсеткіш бойынша тапсырманы орындамайды.

Республикада пайдаланылған қағаздың шамамен оннан жеті бөлігін пионерлер мен оқушылар дайындайды. Олар жыл сайын 10 мың тоннаға дейін осы бағалы шикізатты тапсырады. Бізге Алматы, Целиноград, Орал, Теміртау, Арқалық, Өскемен, Қызылорда, Семей оқушылары жақсы көмектесуде. Бірақ Гурьевте, мысалы, қағаз жинау жөніндегі тапсырманы оқушылар өткен жылы 12 процент қана, Шевченкода — 60, Талдықорғанда — 61, Ақтөбеде 70 процент орындады.

Әзара сын тұрғысынан мынаны мойындау керек: Казглавторресурсқа бағынатын кәсіпорындар жұмысында кемшіліктер көп. Коллективтердің бәрі бірдей жоспарлар мен міндеттемелерді орындап отырған жоқ. Тұрғындар арасында түсінік жұмыстарын жеткіліксіз жүргіземіз.

Қазір біз жоспарға қосымша 1000 тонна қайталама шикізат дайындау үшін күресудеміз. Таяу уақытта «Кітап — ескі қағаз» экспериментін республиканың барлық қалаларына тарату жолында жұмыс істеп жатырмыз. Барлық облыс орталықтарында қайталама шикізатты тапсырғаны үшін берілетін талон-квитанциялар бойынша көпшілік қолды тауарлар сату енгізіледі.

Digitized by Google

ХАЛЫҚТАР ЕРКІМЕН

ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЕВРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚЫРЫҚ ЖЫЛДЫҒЫНА

Фашизмді талқандаудың нәтижесінде Европада еңбекшілер бұқарасының өзінің ұлттық және әлеуметтік азаттығы жолындағы күресі үшін қолайлы жағдай жасалды. Орталық және Оңтүстік-шығыс Европа елдерінің үлкен тобының капитализмнен бөлінуі, социализмнің дүниежүзілік системасының құрылуы бүкіл дүние жүзілік-тарихи қорытынды болды. «Европа мен Азия елдеріндегі социалистік революциялар—дүние жүзілік тарихта 1917 жылғы Октябрьден кейінгі ең ірі оқиға болды», — 1961 жылы қабылданған КПСС Программасы 40-шы жылдардағы революцияның маңызын осылай анықтайды.

Бұдан 40 жыл бұрын Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа елдерінде революциялық процесс қалай дамыды? Маркстік-лениндік коммунистік және жұмысшы партияларының басшылығымен осы мемлекеттердің еңбекшілері дүниені революциялық қайта құру қазынасына қандай үлес қосты? Туысқан халықтар мен партиялардың революциялық күресіне біздің еліміз қандай көмек көрсетті? Осы және бірқатар басқа сұрақтарға тарих ғылымының докторы В. В. ЗЕЛЕНИН жарияланып отырған мақаласында жауап береді.

Гитлерлік Германия таңған дүниежүзілік екінші соғыстың алғашқы жылдарында фашистік блок қыруар табысқа жетті: 1941 жылғы июньге дейін бүкіл Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европада гитлерлік «жаңа тәртіп» орнатылды. Англия мен Франция үкіметтерінің Гитлермен және Муссолинимен мюнхендік сөз байласуы (1938 жылғы сентябрь) фашистік агрессияға «жасыл көше» ашты. Ол Чехословакияны бөлшектеу негізін қалады: гитлершілдер 1939 жылы мартта чех жерін басып алып, қолжаулық «тәуелсіз» Словакияның құрылғанын жариялады. 1939 жылы апрельде фашистік Италия Албанияны басып алды, ал сол жылы 1 сентябрьде гитлерлік тобырлар Польшаға бас салды. Венгрияның, Румынияның және Болгарияның фашистік үкіметтерін агрессияшыл Үштік пактісіне қосқаннан кейін неміс-фашист әскерлері осы елдердің территориясына енгізілді, 1941 жылы 6 апрельде Югославияға басып енді.

Соғыс және оккупация Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европаның барлық елдерінде таптық қайшылықтардың шұғыл шиеленісуіне, саяси күштердің тереңірек танымал болуына жеткізді.

Польша мен Чехословакияның буржуазиялық үкіметтері, Югославияның монархистік кликасы өздері басқарған мемлекеттердің тәуелсіздігін қорғауға қабілетсіз болып қалып, шетелге қашып, Лондонда баспана тапты (Албанияның королі Зогу да сонда болды), сөйтіп өздерінің бүкіл үмітін Отанға оралуының айырылып қалған өкіметті қалпына келтіруінің батыс державаларының фашистік блокты жеңуінің болашақ жеңісімен байланыстырды. Олардың елдерінде қалған жақтастары, ішінара айтқанда экономикалық және саяси тұрғыдан Англия мен АҚШ-қа бағдар ұстаған буржуазиялық топтар мен партиялар енжар анысын аңду позициясын ұстады.

Еңбекшілер бұқарасы — жұмысшы табы мен еңбекші шаруа оккупанттар мен олардың қолжаулықтарының батыл қарсыластары болды. Соғыс және оккупация оларға қанаудың зұлымдық шегіне, мүлдем теңсіздікке және таптық күрес барысында жеңіп алған барлық жеңістерді жоюға, адамдарды құртуға дейін жеткізілген қанды террорды әкелді. Реакцияшыл режимдерге қарсы күресте шыныққан маркстік-лениндік партиялар еңбекшілердің, патриоттық ниеттегі интеллигенцияның мүдделерін мейлінше дәйекті де табанды білдірушілер болды. Олар гитлерлік Германия СССР-ге шабуыл жасағаннан кейін өрістеген антифашистік күресті, Қарсыласудың барлық формаларын басқарды.

БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДІҢ, СОВЕТТІК ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ гитлерлік басқыншыларға қарсы қаһармандық күресі Европаның құлдыққа ұшыраған елдерінің халықтарын фашизмді жеңуге деген алдағы жеңіске қанаттандырды.

Халықтық, ұлттық, отандық майдандар антигитлерлік барлық күштердің жауынгерлік одағының формасына айналды, коммунистік және жұмысшы партиялары олардың ұйымдастырушылары және жетекшілері болды. Майдандардың программаларын тұжырымдай отырып, олар фашизмді жеңіліске ұшырату мақсатымен халықтың ең қалың

Digitized by Google

жіктерін топтастыруды бірінші кезекті міндет ретінде ұсынды. Халық майдандары антифашистік күрестің басты соққысын оккупанттар мен олардың жергілікті қолжаулықтарына (оккупацияланған елдерде), отандық фашистік және диктаторлық режимдерге (Германияның қолжаулық елдерінде) қарсы бағыттады. Фашизм монополистік капиталдың аса реакцияшыл қаруы болғандықтан халықтық майданға біріккен демократиялық күштер күресінің осы кезеңінде анық бейнеленген антимонополистік бағыты болды.

Бірқатар елдерде (Югославия, Албания) антифашистік күрес ұлт-азаттық соғыс формасын қабылдады, оның барысында ұлт-азаттық армиялары қанаудың оккупациялық-квислинттік аппаратын құртты, жаңа өкімет органдары — халық-азаттық комитеттері (Югославия ұлттық-азаттық советтері (Албания) құрылып жатты. 1944 жылы Польшада, Чехословакияда, Венгрияда осындай комитеттер мен советтер дүниеге келді.

1942 жылы ноябрьде Югославия Коммунистік партиясының инициативасы бойынша Югославияның азат етілген территориясында Югославияны халықтық азат етудің Антифашистік вечесі құрылды, ол өзінің екінші сессиясында (1943 жылғы ноябрь) өзін жоғары заң шығарушы орган деп жариялап, Югославияны азат етудің Ұлттық комитетін құрды. Албанияның ұлт-азаттық майданы 1944 жылғы майда осындай қадам жасады.

Польшада Поляк жұмысшы партиясы бастаған фашистік оккупанттарға қарсы қарсыласу 1944 жылғы июльде ұлттық азаттықтың Поляк комитетін құрғаннан кейін революцияға ұласты, ол поляк патриоттарының поляк коммунистерінің инициативасы бойынша совет жерінде жасақталған Поляк халық әскерлерінің қатысуы арқылы Совет Армиясының азат етуіне қарай ел территориясында халықтық өкіметті орната бастады.

Совет Армиясының Болгарияны, Румынияны, Венгрияны азат етуі жергілікті фашистік режимдердің күйреуіне жеткізіп, өкіметтің ұлттық майдандарға біріккен халық бұқарасы қолына өтуі үшін қолайлы жағдай жасады. 1944 жылы 23 августе Бухаресте антифашистік көтеріліс Антонескеудің фашистік диктатурасын құлатты. Мұнда П. Грозаның үкіметі алғашқы халықтық-демократиялық үкімет (1945 жылғы май) болды. Болгарияда 1944 жылғы 9 сентябрьдегі жеңісті көтеріліс, Чехословакияда — Словак ұлттық көтерілісі (1944 жылғы август), ал Венгрияда — Дебреценде уақытша үкіметтің (1944 жылғы декабрь) құрылуы революциялық кезеңнің басталуы болды.

ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЕВРОПА елдерінің бәрін фашизмнен азат етуге, революция жеңісіне байланысты антифашистік Қарсыласудың аса белсенді, сонымен бірге мейлінше ұйымдасқан күші болған пролетариат алдында демократиялық қайта құрылымдарды тереңдетіп, капиталистік қатынастар шеңберінен шығару, дамуға социалистік бағыт беру үшін демократиялық қайта құрылымдар жолында күресті басқару міндеті тұрды. Осы мүмкіндіктерді жүзеге асыру әр елдегі және халықаралық ауқымдағы таптық-саяси күштер қатынасына тәуелді болды.

Ұлттық азаттық жолындағы аса дәйекті күрескерлер ретінде коммунистік және жұмысшы партияларының ықпалы мен беделі өлшеусіз өсіп, фашизмді, сондай-ақ басқарудың барлық және түрлі реакцияшыл формаларын құртуға, демократияны дәйектілікпен дамытуға мейлінше мүдделі қалың еңбекші бұқарасы тарапынан оларға деген ынтықылас күшейді.

Сонымен бірге тап ретінде, буржуазияның позициясы ұлтты басқарып, оған жетекшілік етуге қабілетті күш ретінде оның беделі мықтап әлсіреді, бірқатар елдерде толығынан күйреді. Фашизммен ынтымақтастығы үшін өзін әшкерелеген оңшыл, реакцияшыл буржуазиялық топтар, партиялар белсенді саяси өмірден іс жүзінде шығып қалды.

Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа елдерінің жұмысшы табының өріс алған күрестегі гегемониясы үшін күресі жолында мынадай фактінің орасан зор саяси және моральдық маңызы болды: Совет Одағы гитлерлік Германияны, ал сосын милитаристік Жапонияны талқандауда шешуші роль атқарды. Бұл жеңіс социализмнің даусыз артықшылығын иланымды қуаттады.

Болашақ Герман Демократиялық территориясында, Шығыс Германияда революциялық процестің дамуы белгілі бір ерекшеліктермен ерекшеленді. Нацистік қылмыскерлерді жазалау, фашизмнің сарқыншақтарын толық жою, еңбекшілердің өмірін жақсарту, қоғамдық өмірдің барлық жағын демократияландыру Шығыс Германияның демократиялық күштері алдында тұрған бірінші кезекті міндеттеді. Антифашистер мен демократтардың қалың тобына сүйенген, Германия денацификациялау, демилитаризациялау және демократияландыру туралы Ялта мен Потсдам конференцияларының шешімдерін қатаң орындаушы, Германиядағы Советтік әскери әкімшіліктің жан-жақты қолдауын пайдаланған коммунистер осы мақсатты жүзеге асыру жолындағы дәйекті күрескерлер болды.

Өкімет басына келген халықтық, ұлттық майдандар үкіметі ескі тәртіпті мүлдем жойып, дүние жүзілік екінші соғыстың қатерлі оқиғаларының қайталану мүмкіндігіне жол бермеуді талап еткен халық еркіне сәйкес барлық жерде дерлік қоғамдық-экономиялық негізгі қайта құрылымдарға бірден кірісті. Олардың ең маңыздысы — өнеркәсіп-

Digitized by Google

тің түйінді салаларын, банктерді национализациялау, «жерді оны өңдейтіндерге беру» принципімен аграрлық реформа, капиталистік кәсіпорындарға жұмысшы бақылауын тағайындау, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу, демократиялық сайлау реформасы — Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа елдеріндегі даму классикалық буржуазиялық демократия шеңберінен шыққаны туралы бейнеледі. Олар капиталистік құрылыстың негізгі тірегі, буржуазияның экономикалық өкіметін мықтап күйретуді бейнеледі. Социалистік жолмен бұдан былайғы даму үшін алғы шарттар жасады. Қоғамның қоғамдық-саяси ұйымының айрықша формасы құрыла бастады. Ол кезде ол халықтық демократия деп аталды. Пролетариаттың, еңбекшілердің пролетар емес жіктерінің, ең алдымен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы оның таптық мазмұны болды.

Революциялардың бейбіт сипаты барлық 8 революцияның маңызды қасиеті болды. Бұл, бір жағынан, қанаушы таптардың дереу әлсіреуімен, екінші жағынан, азаматтық соғысты бастауға және контрреволюция экспортына жол бермеген Совет Армиясының аймақта болуымен анықталды. Революциялық процестің бейбіт дамуы оның барлық уақыттағы елеулі ауқымын белгіледі.

Монополия өкіметінен айырылған буржуазия халықтық өкіметтің демократиялық қайта құрылымдарына қырқысқан қарсылық білдірді. Ол Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа елдерінің ішкі істеріне араласу жолымен олардың қарышты прогрестік дамуын кері оралтуға ұмтылған (кейбір елдердегі сайлауға өз «бақылауын» тану, дипломатиялық тұрғыдан танудан бас тарту қоқан-лоққысы, экономикалық қысым т. б.) батыс державаларының көмегі мен қолдауына сүйенді.

Әйтсе де батыс державаларының, әсіресе Ұлыбритания мен АҚШ-тың барлық килігуін Совет Одағы үзілді-кесілді қабылдамады, олар сол кезде антигитлерлік коалицияға қатысушылардың өз правосы мен өкілдіктерін бұлдіру үшін пайдаланды. Біздің еліміз әр халықтың өздері қалаған жолмен даму правосын дәйектілікпен қорғады.

Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа елдеріндегі революциялар түбегейлі халықтық революциялар болды. Оларға еңбекшілердің қалың бұқарасы қатысты. Олардың соғыстан кейінгі жылдардағы алғашқы жалпыға бірдей сайлаудағы жеңістері тұрғындардың халықтық, ұлттық майдан үкіметтерін қолдауының кепілі болды.

Осыдан төрт он жыл бұрын Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа халықтары жаңа социалистік қоғам құру жолына түсіп, тарихи таңдау жасады. Мұнда бәрі бірдей сәті түспегені, қиыншылықтар, объективті сондай-ақ субъективті себептерге байланысты қиыншылықтардың және іркілістердің болғаны түсінікті. Әйтсе де ең бастысы мынада: Октябрь отаны — СССР тарапынан жасалған жан-жақты көмектің арқасында, пролетарлық интернационализм, туысқандық бірлік пен ауқымды ынтымақтастық негізінде Экономикалық Өзара Көмек Советі шеңберінде социалистік елдердің көпшілігінде әлеуметтік прогрестің жоғары межелеріне шығу қамтамасыз етілді. Енді ұлттық кірістің төрттен бірі және дүние жүзі өнеркәсіп өнімдерінің үштен бірі социалистік достық одақ елдерінің үлесіне келеді. Социализм, К. У. Черненко жолдас Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің Экономикалық кеңесіне қатысушылар құрметіндегі Кремльдегі қабылдауда атап көрсеткеніндей, өзінің шын мәніндегі тең праволылық пен прогресс, экономиканы ұдайы өркендету қоғамы, жұмысшы табының, еңбек адамдарының мүддесі бірінші орынға қойылған қоғам екендігін іс жүзінде көрсетіп отыр.

Мұқабаның 4-ші бетінде:
«Ерікті елдердің мызғымас одағы» стенді (Алматы қаласы).
Суретті түсірген Е. Гаврилов.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-07, 33-80-56,

33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. ЖҰРСІМӘМБЕТОВА.
Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.

Сдано в набор 11.09.84. Подп. к печати 27.09.84. УГ05446. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 4,3. Печать высокая. Тираж 65092. (казахское издание — 33146 экз. русское издание — 31946. экз). Заказ 126. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана, Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



ЫҢҒАЙЛЫ РЕЖИМДЕ ЖҰМЫС ІСТЕ! ДВИГАТЕЛЬДІҢ ЖЕТІМСІЗ ЖӘНЕ АРТЫҚ ЖҮКТЕЛІМІ ОТЫННЫҢ КӨП ЖҰМСАЛУЫНА СОҚТЫРАДЫ!

ТРАКТОРҒА ШЕЛЕКПЕН МАЙ ҚҰЮ БАРЫСЫНДА ӘР РЕТТЕ 500 ГРАМДАЙ ДИЗЕЛЬ ОТЫНЫ ТӨГІЛЕДІ!

ЕГЕР БІР ТРАКТОРДЫҢ БАГІНЕН ЖЕРГЕ СЕКУНДЫНА БІР ТАМШЫ ЖАНАР МАЙ ТАМАТЫН БОЛСА, ОНДА ТӘУЛІГІНЕ ОНЫҢ 4 КИЛОГРАМЫ ЗАЯ КЕТЕДІ!

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ҮНЕМДЕЙІК!

«Плакат» баспасы

Digitized by Google



Digitized by Google



Казақстан

20

УҒІТШЫСЫ

Digitized by Google



Оңтүстік Қазақстан өндірістік бірлестігі Жаңатас геологиялық барлау экспедициясының бұрғылау мастері Николай Михайлович Казбанов басқаратын № 11 бұрғышылар бригадасының коллективі «Бесжылдықты — үш жылда» деген инициатива жасап, бірінші болып бесжылдық тапсырманы орындағаны туралы өткен жылы-ақ рапорт тапсырды. Бұрғышылар Қаратау фосфорит бассейні жағдайында бұрғылау жөнінен жылдық рекорд тағайындады. Еңбекті ұйымдастырудың прогрестік формалары, коллектив жетекшісі жүргізетін мектептегі экономикалық сабақ жоғары нәтижелерге жетуге ықпал етуде.

Бұрғылау мастері Н. М. Казбанов өндірістік үздік көрсеткіштері үшін 1983 жылғы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды.

Суретте: Н. М. КАЗБАНОВ.

Суретті түсіргендер Е. ШЛЕЙ мен В. КОЛИНКО (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, біріғіңдер!

Қазақстан үгітшісі

20 1984 ОКТЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVI СЪЕЗІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ТОЛЫҚ ОРЫНДАЙМЫЗ

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі», № 20. 1984 ж.

НӨМЕРДЕ:

Өмір шындығын, социализмнің биік мұраттарын орнықтырайық. К. У. ЧЕРНЕНКО жолдастың СССР Жазушылар одағы басқармасының мерекелік пленумында 1984 жылғы 25 сентябрьде сөйлеген сөзі 2

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

Б. Мұстапаева. Гектар қайтарымы үшін . . . 8
Мал қыстатуды табысты өткізейік! (Баяндамалардың, саяси хабарлардың, өңгімелердің үлгі тақырыбы) 11

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Р. Мырзабеков. Халық атынан (Халық заседательдерінің сайлауына) 12

ҚЫЗЫЛ ТУЛЫ КОЛЛЕКТИВТЕРДЕ

Ж. Естілеуов. Инициатива және есеп 14

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н. Дулатов. Ынтымақтастық мүмкіндіктері мол . 16
Р. Нұрымова. Адамдарға қамқорлық 19

ОТ-ЖАЛЫНДЫ ЖЫЛДАР ШЕЖІРЕСІ

С. Жылқышев. Ұмытылмайды 20
М. Суворин. Есте сақтайды 20
В. Пархоменко. Ардагерлер — балаларға . . 21

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЭНТУЗИАСТАРЫ

Ф. Кузовков. Жүректерге жол тапқан 22

АТЕИСТІК ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР ҮШІН

А. Дуздаль. Жаныңдағы жақсы адам 24

СҰРАҚҚА ЖАУАП

Ә. Қанафин. Мектепке — алты жастан . . . 27

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Л. Никишин. Роботтар: қожайындарға — пайда, жұмысшыларға — жұмыссыздық 29

Digitized by Google

ӨМІР ШЫНДЫҒЫ, СӨЦИАЛИЗМНІҢ БИІК МҰРАТТАРЫН ОРНЫҚТЫРАЙЫҚ

К. У. ЧЕРНЕНКО жолдастың СССР Жазушылар одағы басқармасының мерекелік пленумында 1984 жылғы 25 сентябрьде сөйлеген сөзі

Қымбатты жолдастар!

Сіздердің пленумыңыз совет мәдениетінің тарихындағы аса өлеулі оқиғаның — совет жазушыларының Бірінші Бүкілодақтық съезінің елу жылдығына арналып отыр. Сондықтан біз бұл күндері Ұлы Октябрьден туған совет әдебиетінің жүріп өткен жолына мақтанышпен қараймыз. Оны XX ғасырдағы революциялық өзгерістерді жарқын бейнелеген әдебиеттің жолы деп қараймыз. **[Қол шапалақтау].**

Бұл — халықпен, партиямен, елмен бірге өмір сүретін әдебиет. Оның беттерінен Ленин мен оның серіктерінің, азамат соғысы мен алғашқы бесжылдықтар қаһармандарының, Ұлы Отан соғысының мәңгі өлмес жауынгерлерінің асқаралы тұлғалары еңселеніп көрінеді. Бұл — қалың ортасында еңбек адамы және еңбек үстіндегі адам, талпынғыш, ізденгіш, тынымсыз адам, социализмнің белсенді құрылысшысы тұрған әдебиет. Бұл — өзінің замандасын ішкі дүниесі мен адамгершілік ізденістерінің бүкіл күрделілігімен, сүйініш-күйіністерімен, шындық пен әділетке ұмтылған талабымен түсіне білетін және бейнелей білетін әдебиет.

Горький мен Маяковский, Фадеев пен Шолохов соншалықты тамаша бастаған істі бүгінде біздің көп ұлтты әдебиетімізде белсене, жемісті жұмыс істейтін жазушылар мен ақындар жалғастырып келеді. **[Қол шапалақтау].** Мен, әлбетте, бұл жерде адам аттарын немесе нақты шығармаларды атап жатпаймын. Бір ғана нәрсені атап өтейін: соңғы жылдары әдебиетте пайда болған жаңа, талантты да терең шығармалар, совет оқырманын толғандыратын, ойландыратын, айтысқа итермелейтін нәрселер — сіздер мен біздің көз алдымызда советтік, тіпті дүние жүзілік классикаға өз заманының шеңберінен асып, ол жайында ұрпақтарға шыншылдықпен айтып беретін туындылар қосылып жатқандығының ең сенімді дәлелі.

Мен әдебиет пен жалпы өнер табысының ең дәл өлшемі — оның халықтың идеялық-адамгершілік бейнесінің қалыптасуына тигізетін ықпалының нақты дәрежесі десем, сірә, қателеспейтін болармын. Осы мағынада алғанда совет әдебиетінің шын мәнінде де теңдесі жоқ. Ол өзінің бойына жаңа, социалистік цивилизацияның рухани байлығын сіңірген. Міне, сондықтан да партия, халық жазушылардың, барлық өнер шеберлерінің ізгі еңбегіне соншалық құрметпен қарайды. **[Қол шапалақтау].**

Жолдастар, жазушылардың тұңғыш съезінің мерекесі әдебиеттегі істің жайы туралы ғана емес, сонымен бірге жалпы көркем творчествоның проблемалары туралы, біздің өміріміздегі өнердің орны туралы да ашық, келелі әңгімеге жетелейді. Мұндай әңгімеге қажеттік сіздерде, советтік өнер қайраткерлерінде, бар деп ойлаймын. Бұған сіздердің ондаған миллион оқырмандарыңыз, көрермендеріңіз, тыңдаушыларыңыз — бір сөзбен айтқанда, біздің бүкіл қоғамымыз мүдделі екеніне сенемін. Жасырмайын: осы әңгімеге менің де қатысқым келеді. Әлбетте, көркем творчествоның проблемалары туралы айтқанда, мен оларды қалай шешу керектігі жайында сіздерге рецепт бермекші емеспін. Мен алдымен осы проблемалардың саяси аспектілері жөнінде пікір айтып, өзімнің қам-қаракетімді ортаға салғым, бүгінгі партия саясатының түбегейлі міндеттері жайында, біздің оларды қалай түсінетініміз, қандай іс-қимыл жасап жатқанымыз жайында айтқым келеді.

Көркем творчествоның проблемасы саясаттан тыс өмір сүрмейді. Біз үшін бұл айдан анық ақиқат. Алайда бұл ақиқаттың жолды өзіне оңайлықпен салмағаны мәлім. Ал оның принципті түрде орнығуына жазушылардың Бірінші съезі қосқан үлеске баға жеткізу неғайбыл болар.

Онда әдебиеттің социалистік қоғамдағы қызметі туралы, оның жаңа адамды тәрбиелеудегі ролі туралы, әдебиетшінің азаматтық парызы туралы әңгіме болды. Бұл мәселелерге Алексей Максимович Горький кең, лениндік тұрғыдан келді. Сіздер, әлбетте, оның негізгі ойын ұмытқан жоқсыздар: жазушы өзіне социализм берген ұлы правоны белсене пайдаланып үйренуге тиіс. Ол — жаңа өмірді орнатуға тікелей қатысу, барлық кертартпа, ескілік атаулының қатаң қазысы болу, өзінің өнері арқылы шынайы гуманизмді, социализмнің биік мұраттарын орнықтыру правосы. Біздің әдебиеттің, өнердің негізгі көркемдік әдісі — социалистік реализмнің саяси мәні, сайып келгенде, міне осында.

Бірінші съезд жаңа, социалистік бағыттағы әдебиеттің қалыптасу процесіндегі бетбұрыс кезеңге айналды. Және ол, былайша айтқанда, таза ақ қағаздан басталған жоқ, алдыңғы қатарлы орыс әдебиетінің, Россиядағы барлық халықтардың демократияшыл мәдениетінің, дүние жүзілік классикалық мұраның негізінде өсіп шықты.

Съезді қорытындылай келіп, Горький

Digitized by Google

оны большевизмнің жеңісі ретінде бағалады. Және оның бұл айтқаны сөзсіз дұрыс еді: коммунистік партиялылық пен ұйымшылдықты әдебиет саласына енгізу, Ленинның болжап білгеніндей, оның шын мәнінде еркін, еңбек адамымен ашық байланысты әдебиет болуына көмектесті. Әдебиетшілерді біріктірудің ұзақ ізденістерден кейін табылып, съезде баянды етілген ұйымдық формасы басқа да өнер шеберлерінің жарағына қабылданды. Сөйтіп ол уақыт сынына төтеп берді.

Алайда бірінші съездің маңызы көркемдік өмірдің шеңберінен асып кетті: ол советтік интеллигенцияның қалыптасу тарихында да белеске айналды. Еске түсіріңіздерші: съезд делегаттарының үштен екісі шыққан тегі жағынан жұмысшылар мен шаруалар болатын. Басқаша айтсақ, бірінші буынның интеллигенттері еді. Бұл факті біздің қоғамда жаңа интеллигенция дүниеге келіп, лайықты орынға ие болғанын қай сөзден болса да жақсырақ баян етті.

Әдебиетшілердің съезі еңбек пен мәдениеттің Октябрьден кейін қалыптасқан одағын нығайта түсті. Жұмысшы табы тұтастырғыш күші болған және солай болып қала беретін мұндай одақсыз, жұмысшылар, шаруалар, интеллигенция одағынсыз социализмді ойдағыдай орнату тіпті мүмкін емес. Бұл осыдан жарты ғасыр бұрын дұрыс еді. Ал бүгін, интеллигенция енді білімді адамдардың азғантай ғана жігі емес, қайта еңбекші халықтың қалың қабатына айналған кезде, бұл одан сайын дұрыс болып отыр. Біздің ортақ ісімізге — СССР-де орнатылған социализмді жетілдіруге оның қосар үлесі ұдайы өсіп отырған жағдайда әсіресе солай.

Бұл, әрине, күрделі іс. Ол жеңіл-желпі, үстірт көзқарасқа көнбейді. Ақыл таппай баптанба деген мәтел бұл жерде тұп-тура тілге оралады. Иә, нақ солай. Біз бүгінде тіпті машиналардың да ақылды болуын талап етеміз. Бұл жай шендестіріп қана айтылғанымен, ол қазіргі өндірістік процестің айрықша ерекшелігін — оның өсе түскен интеллектуалдық қабілетін дұрыс көрсетеді. Халық шаруашылығының тиімділігін арттыруды, өндірісті интенсивтендіруді біздің ғылым жаңалықтарын, инженерлік ой-пікір жетістіктерін жедел игерумен мейлінше тығыз байланыстыратынымыз тегін емес қой. Және, әрине, экономикалық ойлау жүйесінің өзін де қайта құрумен байланыстырамыз.

Жалпы алғанда, жолдастар, партиялық, мемлекеттік, шаруашылық жұмыстың қай саласын алсақ та, еш жерде біз терең білімге, барлық еңбекшілердің жоғары саналылығы мен мәдениетіне сүйенбей, ойдағыдай алға баса алмаймыз. Совет адамдарының ұрпақтары жинақтаған ғаламат мол рухани, творчестволық потенциалға сүйенеміз. XXVI съездің, Орталық Комитеттің соңғы кездегі Пленумдарының шешімдері, дұрысын айтқанда, осы потенциалды толық жұмылдыруға бағытталған. Бұл, біздің сеніміміз бойынша, бүкіл дамуымызға қуатты жеделдік бере алады.

Осы залға дәстүр бойынша творчестволық интеллигенция деп аталатын кәсіптің өкілдері жиналып отыр. Бірақ, егер мен былай десем, сіздер мені қолдарсыздар деп ойлаймын: еңбектің творчестволық сипаты, өзінің ісіне творчестволық көзқарас бүгінде әрбір интеллигенттің — ғалымның немесе инженердің, мұғалімнің немесе дәрігердің өзгеше белгісі болуға тиіс. Әлбетте, бұл әрбір жұмысшының, әрбір колхозшының, біздің ұлы Отанымыздың гүлдене беру мұддесіне абыройлы, адал еңбек етіп жүргендердің бәріне де тән. Ал мұндай адамдар бізде сан миллиондап саналады.

Сіздер, жолдастар, тегінде, менің қандай ойға жетелегім келіп тұрғанын байқаған боларсыздар: біздің қоғамның алдында тұрған міндеттер сипатының өзі советтік интеллигенцияның барлық отрядтарының творчестволық күші мен жігерін жұмсайтын шын мәніндегі шексіз де шетсіз өріс ашып береді. Олардың қызметінің формалары мен бағыттары мейлінше алуан түрлі. Бірақ оларды біріктіретін ортақ нәрсе де бар. Мен жұртшылықтың санасына, қоғамның рухани өміріне интеллигенция тигізетін орасан зор ықпалды айтамын. Партияның саясатында, оның идеологиялық және ұйымдастырушылық жұмысында мұны, Ленин үйреткеніндей, әрқашан ескеріп отыру керек. Бірақ бұл қоғам сапалық жаңа міндеттермен бетпе-бет келетін кезеңдерде, оларды шешу үшін, әлбетте қоғамдық сананың жаңа деңгейі талап етілетін кезеңдерде ерекше маңызды.

Қазіргі кезде де, істің жайы нақ осылай болып отыр. Партияның теориялық ақылойы бізді кемелденген социализм концепциясымен қаруландырды: бұл концепцияның күші мынада: ол жаңа қоғамның біз жеткен әлеуметтік-экономикалық кемелдік дәрежесін дәл анықтауға, таяудағы және перспективадағы мақсаттарымызды дәлірек елестетуімізге мүмкіндік береді. Бәлкім, бір қарағанда, бұл біршама жалаң да естілер. Бірақ ойланып қарасақ, партиялық документтерді зер сала оқысақ, бір нәрсені байқамауға болмайды: әңгіме өте нақты, өмірлік нәрселер жайында болып отыр. Әңгіме біз бастан кешіп отырған кезеңнің ерекшеліктерін салмақтап, реалистікпен бағалау, біздің ұлы, даусыз жетістіктерімізді кемітіп көрсетуге де, өмір шындығын боямалап көрсетуге де, кемшіліктерді асқындырып көрсетуге де жол бермеу қажеттігі жайында. Алдымыздан туындайтын міндеттерді шешудің жаңа, осы ерекшеліктерге сай келетін жолдарын творчестволықпен іздестірудің маңызы жайында.

Бұқараның КПСС саясатын қолдауы — оны тиімді жүзеге асырудың аса маңызды шарты. Ал мұндай қолдау адамдармен ашық әңгімелесу арқылы қамтамасыз етіледі. Саясаттағы адалдық, шынайылық — партия үшін бұлжымас заң. В. И. Ленин жазғандай, «саясаттағы адалдық, яғни жекелеген адамдарға емес, миллиондаған адамдарға байланысты қатынастар саласындағы адалдық, — саясаттағы адалдық дегеніміз тексеруге әбден болатын сөз бен істің бір-біріне сәйкес келуі». Демек, жолдастар, кемелденген социализм концепциясында ғылыми мазмұнның үстіне орасан зор моральдық-саяси да мән бар.

Digitized by Google

Болмысты реалистікпен қабылдау туралы талап тіпті де біз күнделікті іспен шектеліп қаламыз деген сөз емес. Партия алға қарайды. Ол елдің, халықтың болашағы, ал көп ретте тіпті дүние жүзілік аренадағы істердің жайы өзіне байланысты проблемаларға бірінші дәрежелі назар аударып отырады.

КПСС XXVII съезі жақындап келеді. Әрбір съезд партия мен халықтың өмірінде орасан зор роль атқарады. Бірақ қазірдің өзінде бір нәрсе күмәнсіз: кезекті съездің мән-маңызы КПСС Программасының жаңа редакциясы қабылдануымен айқындалады, біз ондаған жылдар бойы соның негізінде жұмыс істейтін боламыз.

Мен бұған дейін Орталық Комитеттің программалық комиссиясында айтқанымдай, біз қалыптасқан шындықты басшылыққа алып, соңғы ширек ғасырдай уақыт ішінде қоғамдық практика мен теорияда көрінген барлық елеулі жаңалықты ескеруіміз, бұқараның жинақталған тәжірибесін ескеруіміз керек. Ал бұл тәжірибе тікелей коммунизм орнатумен байланысты міндеттерді шешуден бұрын, біздің еліміз бастауында тұрған кемелденген социализмнің тарихи ұзақ кезеңінен өту қажет екендігін көрсетіп берді.

Еңбекшілер хаттарын, жұртшылық пікірлерін талдау нәтижесі көрсеткеніндей, мәселенің бұлайша қойылуы сөзсіз қолдау табуда. Сонымен бірге адамдармен әңгімелескенде, почтамен танысқанда кей-кейде: осы біз сол арқылы коммунистік болашақты алыстатпаймыз ба! — деген сұраққа кезігесің. Оған берілетін жауап айқын да кесімді: әрине, алыстатпаймыз. Керісінше, біз бәрін де осы перспективаны жақындата түсу үшін істеп жатырмыз. Ал бұл перспективаны тек бір ғана жолмен — коммунистік формацияның бірінші фазасының белгілі бір басқыштарына қатысы бар зор да күрделі проблемалардың бүкіл комплексін шешкенде ғана жақындатуға болады. Бұл «коммунизм дегеніміз социализм дамуының ең жоғары сатысы» деген лениндік қағидаға толық сай келеді. Сондықтан мен, жолдастар, мынаны ерекше атап көрсеткім келеді: кемелденген социализм кезеңінің ұзақтығы әсте де біз қарқынды ұдайы арттыру туралы қамқорлық жасамауымызға болады, қандай да бір толғағы жеткен істерді кейінге қалдыра тұруға болады деген сөз емес. Біз бүгін таңда халықтың бүкіл творчестволық күшін, оның еңбек инициативасын өз дамуымызды барынша жеделдетуге бағыттап отырмыз

Демек, «кемелденген социализм» формуласын, былайша айтқанда біздің бұрынғы табыстарымызды куәландыратын және біздің болашақтағы табыстарымызға өзіненөзі кепілдік беретін грамота ретінде пайдалануға болмайды. Ол бізді басқа нәрсеге мегзейді. Советтік қоғам өмірінің барлық жақтарын социализм туралы ең жоғары, ең талапшыл және, әрине, ғылыми негізделген ұғымдармен сәйкестендіруге мегзейді.

Мұның өзі қажырлы шаруашылық және ұйымдастырушылық күш-жігерді талап ететіндігі айқын. Сонымен бірге бұқараның саналылығын арттыру жөнінде, қоғамдық сана партия алға қойған жаңа идеяларды тезірек игеріп, ескірген, мешеу көзқарастардан батыл арылуы үшін оны, керек десеңіздер, белгілі дәрежеде қата бағдарлау жөнінде табанды жұмыс жүргізу қажет. Ал, осы маңызды идеялық-саяси жұмыста біз интеллигенциямыздың белсенді көмегіне сүйенгіміз келеді.

Мен бұл міндеттің біздің әдебиет пен өнер қайраткерлері үшін орасан зор жігерлендіруші маңызы бар екендігіне сенемін. Олар өз құралдарымен өмір, оның проблемалары жөніндегі партия мақұлдаған, күш салып жатқан көзқарасты орнықтыруға тиіс. Айтпақшы, егер бұл көзқарастың мәнін қысқаша тұжырымдау қажет болса, онда, бәлкім, өздеріңізге жақсы таныс — социалистік реализм деген сөздерді пайдалануға болар.

Қазір әдебиет, кино, театр күрделі, қайшылықты құбылыстарға жиі барып жүр. Ал бұған таңданатын ештеңе жоқ. Социалистік қоғамның даму процесінде қайшылықтар табиғи және болмай қоймайтын нәрсе. Және де, әрине, олар әрдайым адамдардың тағдырына белгілі бір түрде ықпал етіп, адамгершілік қақтығыстардың көзіне айналады. Оның үстіне, бұл қайшылықтар бізде антагонистік сипатта болмағанымен, оларды жою үшін бірсыпыра күш-жігер жұмсау, үлкен азаматтық батылдық, принциптілік талап етіледі. Бұл — жазушының ойланып-толғануы үшін, әдебиеттің ежелгі мұратын: қоғамды, әрбір адамды өзіне көз тоқтата, сын көзімен қарауға баулу мұратын орындау үшін аса мол қорек. Бұл оның әрқашан және барлық істе біздің ортақ ісіміз жолындағы табанды күрескердің белсенді позициясын ұстануына көмектесу үшін қажет.

Адамдарды коммунистік рухта тәрбиелеуде, шынайы советтік характерді қалыптастыруда партияға көмектесе отырып, біздің әдебиет, өнер осындай характердің табиғатын ашу үшін, халыққа, социализмге қалтқысыз берілген, жаңа дүние орнату қаһармандығын бейнелейтін адамдардың шынайы, сом бейнелерін жасау жолында көп іс тындырды. Бәріміз де білеміз: мұны атқару, осындай адамдарды өмірден көркем шығармаға көшіру оңай емес. Міне сондықтан, тегінде, творчестволық ортада ұнамды кейіпкер қандай болуға тиіс деген таластардың болып жатуы табиғи да қажет нәрсе. Мен, әрине, оларға араласпақшы емеспін. Тек бір ғана ойымды айтқым келеді. Маған кейіпкердің ұнамды және ұнамсыз қасиеттерін «мысқалдау» қай мөлшерде болуы керек деген айтыстардың пайдасы шамалы сияқты көрінеді. Маңыздысы, жолдастар, суреткердің творчестволық ізденістерінің, егер осылай айтуға болса, бір ғана түпқазығы болуға тиіс, ол — өмір шындығына, социалистік мұраттарға адалдық. Бұл өнердің партиялылығының, халықтығының қажетті шарты.

Әлбетте, оқырман, көрермен, әсіресе жас адам кітап беттерінен немесе экраннан өзі сене алатын, өзі сүйе алатын, елікteуге тұрарлық замандасын жиірек ұшыратқысы келеді. Орталық Комитеттің июнь

Digitized by Google

Пленумында айтқан сөздерімді қайталайын, себебі өзім кәміл сенемін, қоғамдық мінез-құлық пен адам сезімдерін тәрбиелеуде ,ақыл-ойға да, жүрекке де ықпал ету қабілеті жөнінен әдебиетті, өнерді басқа ешнәрсе де алмастыра алмайды.

Осыған байланысты мына бір нәрсені де айтқым келеді. Адамды көркем мәдениеттен сусындату, эстетикалық тәрбие жас кезден басталғанда ғана баянды нәтижелер бермек. Бізде классик әжуалаған «митрофанушкалар» іс жүзінде жоқ екендігі біздің мектептің даусыз еңбегі. Ал бірақ эмоциялық-психологиялық жағынан өспей қалған тоғышарларды, өкінішке қарай, ұшыратып қаламыз. Сірә, әдебиет пен өнердің адамды қалыптастыруға тигізетін ықпалын күшейту үшін мектеп реформасын пайдалану керек болар. Бүгін таңда жеткіншек ұрпақтың идеялық-адамгершілік дамуына, сезім мәдениетін тәрбиелеуге ғылым негіздерін үйретуден кем назар аударылмауға тиіс екендігіне кәміл сенемін. Партия бұл істе творчестволық одақтардың, біздің суреткер интеллигенцияның нақты көмегіне үміт артады.

Азаматтықты, советтік патриотизмді, интернационализмді тәрбиелеудің маңызды құралы тарих арқылы тәрбиелеу болып келді және солай болып қала береді. Сондықтан әдебиетте, өнерде тарихи тақырып өзінше бір қайта өрлеу кезеңін бастан кешіріп отырғандығы жақсы-ақ. Өткен заман туралы байыпты, салмақты етіп, маркстік-лениндік дүниетаным тұрғысынан айта білу — практика көрсетіп отырғанындай, бұл істе табысқа жеткізетін міне осылар. Тарихты қайта жазуға да, оны аршып көрсетуге де болмайды. Совет халқының социализм жолындағы күресінің тарихын көркем бейнелеу ерекше ойлы, нағыз таптық көзқарасты талап етеді. Және де шындықтан алшақ кетпеу үшін суреткер фактілерге берік табан тіреуге, қоғамдық дамудың заңдылықтары мен нақты барысын білуді сезімге ұрынумен және қиялдың қияс шарықтауымен алмастырмауға міндетті.

Тағы бір мәселе туралы. Совет суреткерлерінің публицистикаға жиірек қалам тарта бастағаны қуантады. Бұл олардың ең көкейтесті проблематикаға, адамдарды толғандыратын нақты экономикалық және әлеуметтік мәселелерге батыл да дер кезінде араласуына мүмкіндік береді. Бұл толғағы жеткен өмірлік проблемаларды батыл алға қойып, оларды шешудің нақты жолдарын ұсына отырып, өнер құралдары арқылы көбіне-көп уақыттан озып кететіндей шығармалар жасауға көмектеседі.

Қысқасы, жолдастар, суреткер қандай тақырыпты — қазіргі заманғы немесе тарихи тақырыпты, ішкі немесе халықаралық тақырыпты алмасын, ол қандай жанрда жұмыс істемесін, оның еңбегінің қоғамдық құндылығы ең алдымен ол ұстанып, орнықтыратын белсенді идеялық-саяси, дүниетанымдық позициямен айқындалады.

Жолдастар! Біздің ілгерілеу қарқынымызға сыртқы саяси жағдай едәуір дәрежеде ықпал етеді. Ал бұл жағдай қазір өте-мөте мазасыз болып отыр. Соңғы кезде менің бұл туралы талай рет айтуыма тура келді. Сондықтан тек кейбір ойларды ғана ортаға салуға рұқсат етіңіздер.

Қазіргі халықаралық жағдайдың қатал шындығы сондай, ядролық соғыс хаупі, өкінішке қарай, орасан зор. Одан тығылып қала алмайсың, әзілмен құтыла алмайсың. Ядролық соғыс қатеріне қарсы белсенді де мақсатты түрде күресу керек. Біз нақ осылай істеп отырмыз.

Құрама Штаттармен қатынасқа біздің көзқарасымыз ең әуелі осымен айқындалады. Өйткені халықаралық аренадағы істердің жағдайы едәуір дәрежеде осы қатынастардың жай-күйіне байланысты. Алайда, барлық жағынан қарағанда, АҚШ-тағылар совет-американ қатынастарын теңдік, өзара құрмет және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принциптеріне негіздеп қалыпқа келтіруден басқа парасатты жол жоқ екендігін яки түсінгісі келмейді, яки әлі де түсінуге әзір емес.

Қазіргі кезде қуатты ядролық потенциалға ие болу — орасан зор ауыртпалық. Мен тіпті бұл потенциалдың қаншалықты қымбатқа түсетіндігін де айтып отырғаным жоқ. Мен бұл жағдайдың саяси қайраткерлерге орасан зор жауапкершілік ауыртпалығын жүктейтінін, олардан соғыс пен бейбітшілік мәселелеріне, жанжалды ситуацияларға мейлінше байсалды қарауды талап ететінін айтып отырмын. Біз осыны басшылыққа аламыз. Біздің мақсаттарымыз айқын да бұлжымайды, біз әскери саладағы егеске үзілді-кесілді қарсымыз. Біз жанталаса қаруланудың түбегейлі шектеп, қысқартуды, ядролық қаруға тыйым салып, оны толық жоюды батыл жақтаймыз.

Бүгінде шет елдерде де көзқарастары мен сенімдері алуан түрлі сан миллиондаған адамдар дәл осы мақсаттар жолында қимыл жасауда. Олардың бірлескен қимылдары соғысқа қарсы қоғамдық пікір қалыптастыруға елеулі ықпал жасап отыр. Ал мұның өзі өте маңызды, жолдастар. Дәл осы тұста интеллигенция, мәдениет қайраткерлері көп нәрсе істей алады. «Сіздер кіммен біргесіздер, мәдениет шеберлері» деген Горькийдің әйгілі ұран-сауалы бүгін таңда бұрын-соңды болмаған дәрежеде елеңдетіп, өктем естілетіні де міне сондықтан. Және де іс, әрине, антикоммунистердің жиі айтатынындай, жай ғача СССР мен АҚШ арасынан таңдау жасауға тірелмейді. Іс біздің цивилизациямыздың өмірі мен өшуінің арасынан таңдау жасауда болып отыр. Бұл жерде ешқандай «алтын аралық» жоқ: сен немесе соғыс әзірлеп жатқандармен біргесің, немесе империализмнің авантюристік саясатын серпіп тастаушылармен, бейбіт қатар өмір сүру жолында, қарусыздану жолында күресіп жатқандармен біргесің.

Міне сондықтан біздің творчестволық интеллигенцияның шет елдердегі әріптестерінің осындай таңдау жасауына көмектесуі соншалықты маңызды. Мұнан, айтпақшы, Батыстың билік жүргізуші топтары қатты қорқады. Олар өз елдерінің интеллигенциясы алдында социализм идеялары мен практикасының беделін түсіруге, оны социалистік мемлекеттердің творчестволық интеллигенциясымен араздастыруға тырыса-

Digitized by Google

ды. Бейбітшілік дұшпандары мәдениет шеберлерінің топтасуынан қорқады, өйткені олардың үніне миллиондаған адамдар құлақ асады.

Сөйте тұра Батыстағылар идеялар мен көзқарастарды салыстырудың, адамдар арасындағы қатынастарды дамытудың пайдасы туралы өзеуреуге құштар. Әрине, біз қатынастарды жақтаймыз. Бірақ іс жүзінде біз қандай нәрсеге тап болып отырмыз? Біздің ішкі істерімізге арсыз араласу әрекеттеріне, нағыз психологиялық соғысқа тап болып отырмыз. Ал оның бір мақсаты — біздің мәдениет қайраткерлеріміздің партиямен бірлігін сәл де болса әлсірету.

Өздеріңіз білесіздер, турасын айтайық, интеллигенттікке жатпайтын амалдар — өтірік, фактілердің өңін айналдыру, ұғымдарды алмастыру тәсілдерін қолданады. Мысалы, социализм творчество еркіндігіне «төзбейді», КПСС суреткерлік ізденістердің алдынан жолды жауып қояды, әдебиет пен өнерде «біржақтылық» талап етеді деседі. Бұл арада бәрінің бас-аяғы шатастырылған. Және, әлбетте, әсте де білместіктен емес. Демек біздің идеялық дұшпандарымыздың көзқарасын өзгертіп жату, әрине, үмітсіз іс. Бірақ өз көзқарастарымызды қорғау және түсіндіру, жаңа құрылыстың арамза «сыншыларын» қолма-қол әшкерелеп отыру, социализм туралы шындықты адамдарға жеткізу, совет адамдарын, әсіресе, жастарды таптық қырағылық, ұлы Отанымызды қорғауға әзірлік рухында тәрбиелеу ісін тынымсыз жүргізу қажет.

Мынаны да айта кеткім келеді. Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығын мерекелеуге әзірлік кезеңінде творчестволық одақтар мен ұйымдардың басшылары өнер шеберлерінің назарын әскери-патриоттық тақырыпқа бұрынғыдан да тереңірек аударудың мүмкіндіктерін табады деп үміттенеміз. Бүгін таңда біз мәдениет қайраткерлеріміздің творчествосында баяғыдан бері лайықты орын алып келе жатқан осы тақырыпқа арналған туындылардың саны жөнінде өкпе айта алмаймыз. Бірақ мұндай туындылардың пайда болуы еліміздің суреткерлік өнеріндегі, совет әдебиеті мен өнерін дамытудағы шын мәнінде оқиғаларға жиірек айналуын қалар едік.

Жолдастар! Біздің партия мен мемлекетіміз таланттың толық кемелінде ашылып, халық игілігіне қызмет етуіне көмектесетін жағдайлар жасап отыр. Біз творчестволық еңбек адамдарына ұсақ-түйек қамқорсуға үзілді-кесілді қарсымыз. Творчестволық творчество екені де сондықтан, ол еркін: шынында да таяқтың күшімен ешқандай тамаша да жаңа туынды жасай алмайсың. Бұл ежелгі ақиқат, оны дәлелдеп жату — босқа арамтер болумен бірдей.

Бірақ творчество еркіндігі — таңдаулыларға арналған артықшылық емес. Партия талантқа мәпелеп қарайды, оны қоғамның аса бағалы игілігі деп біледі. Алайда қоғамның баршаға бірдей міндетті талаптарынан, оның заңдарынан адамды ешкім де, еш нәрсе де босата алмайды. Біздің құрылыстың адамгершілік-саяси негіздерін қаралауға, сөйте тұра одан игіліктер мен құрмет күтуге болады, деп ойлау аңғалдық. Ендеше, әрине, бүгіндері дүниеде болып жатқан аса шиеленіскен күресте біздің дұшпандарымыздың жағына шығып кеткен бірде-бір адамға халық кешірім жасамайды. Бұл арада екіұдай пікір болуы мүмкін емес.

Иә, жолдастар, өнерге партиялық көзқарастың мәнінің өзін бұрмалау үшін Батыста талай-талай дөрекі, анық далбаса нәрселер жазылды да, айтылды да. Кейде мынадай да болады. Советтік бір автордың өмірді көркем әдіспен зерттеу орнына жалаң сөзге салынған сәтсіздеу шығармасын алады. Сөйтіп жұрттың бәріне: міне, КПСС мәжбүр ететін үлгі осындай, — деп жар салады. Ал партиялық позициялардан жазылған, терең мазмұнды былайша айтқанда, өткір кітапты нормадан «ауытқығандық» деп сипаттайды. Нақты мысалдар келтірмей-ақ қоюыма рұқсат етерсіздер деп ойлаймын: осы залда отырған кейбір жолдастар мұндай құлық-сұмдықтардың құрбаны болып көрген.

Терең идеялылық, азаматтық және көркемдік шеберліктің жоғары дәрежесі — партияның, халықтың өнер қайраткерлеріне қоятын басты талабы міне осындай. Орталық Комитеттің 1983 жылғы июнь Пленумының шешімдері де, мәдениет мәселелері жөніндегі соңғы кездегі өздеріңізге мәлім бірқатар қаулылар да біздің творчестволық интеллигенцияны дәл осыған бағдарлайды.

Біздің ұлы ісіміз, біздің гуманистік мақсаттарымыз ұйқастырылған және қара сөзбен жазылған қан-сөлсіз көпірме мадаққа мұқтаж емес. Қызықты, соны ой орнына, Щедрин кекете айтқандай, әліппелік ақиқатты манаурап малжаңдайтын шығармаларды мысқыл ретінде ғана көркем шығарма деуге болады. Нашар жазылған кітаптар мен опералар, олақ түсірілген телефильмдер мен кинофильмдер, дүмбілез жасалған мүсіндер мен картиналар миллиондаған адамдардың талғамын бүлдіріп қана қоймайды.

Мұндай шығармалар оларды жасаушылардың қолға алған тақырыптары мен идеяларының беделін түсіреді. Демек өмірдегі сүреңсіздік пен жадағайлыққа қарсы табанды да принципті күрес жүргізу қажет. Және, әлбетте, идеясыздық немесе дүниетанымдық парықсыздық көріністеріне ешқандай жеңілдік болуы мүмкін емес.

Орайы келгенде айтайық, жолдастар, біздің кейбір сыншыларымыздың міні іске біржақты келіп, нашарлау романды, спектакльді, фильмді «тақырыбы маңызды» деп жер-көкке сыйғызбай мадақтайтынында, немесе идеялық жағынан дәрменсіз шығарманың «эстетикалық тапқырлықтарына» елтітіндігінде емес пе екен?

Ал біздің отандық тәжірибеміз де, тіпті дүние жүзілік тәжірибеде өрісі биік білгір, азаматтық жауапкершілігі жетілген сын болмайынша, ұлы әдебиет, үлкен өнер өмір сүре алмайтынын көрсетеді. Ал мұның

Digitized by Google

өзі біздің марксшік-лениндік сын қайсыбір шығармаларды дәл бағалап қана қоймауға тиіс деген сөз. Біз көркем сыннан бұдан үлкенірек нәрсе күтеміз. Шығармаларда қозғалған проблемалардың терең қоғамдық мәнін ашып көрсете білуді, егер авторлар проблемаларды дұрыс көтерсе, оларды қолдап отыруды, ал адаса қалса, дәлелді түрде дауласа білуді күтеміз. Қысқасы, біздің сын халықтың рухани өмірінің ілгерілеуіне көмектесуге тиіс. Міне сондықтан да, Ленин айтқандай, «әдеби сынды да партиялық жұмыспен тығызырақ байланыстыру» қажет.

Өнер саласында лениндік бағыт жүргізуді партия сеніп тапсырғандардың бәрі мұны ақылды, инициативалы істеуге тиіс. Ал мұның мәнісі — творчестволық еңбек адамдарымен бүкпесіз, принципті әңгімелесу деген сөз. Суреткерді толғандыратын өткір проблемалардан тіпті де жалтармау керек. Олардың шешімін жоғары инстанциялар дейтінге аудара салмау, сұхбаттасты иландыра, қажет болса пікірін өзгерте де білу керек. Мұнсыз әдебиет пен өнерге партиялық басшылық болуы мүмкін емес. Горькийдің өте дәл айтқанындай, оны «моральдық жағынан беделді күшке» айналдыратын нәрсе де міне осы.

Жолдастар! Творчестволық одақтардың саяси ұйтқысы, топтастырушы күші — оларда жұмыс істейтін коммунистер. Олар суреткер ортада партиялылық рухын дәйектілікпен орнықтырып, творчествоның идеялық бағыттылығына белсенді ықпал етуге, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің бойында марксшік-лениндік дүниетанымды қалыптастыруға, творчестволық жастардың аяқтануына көмектесуге тиіс. Суреткерлердің бір-біріне талғампаздық пен талапшылдық ахуалын нығайтудың ерекше маңызы бар. Бұл суреткерлердің өздеріне де, жалпы өнерге де тек қана пайда береді.

Совет мәдениеті бүгінде еліміздің барлық ұлттары мен халықтары жасап жатқан рухани байлықтардың табиғи құймасы ретінде көрініп отыр. Міне сондықтан да жазушы мен суретшінің, музыкант пен архитектордың, өз халқының сан ғасырлық мәдени дәстүрлеріне арқа сүйеп, өз республикасының өмірін тереңірек, жарқынырақ көрсетуге ұмтылуы әбден түсінікті. Сонымен бірге көркем творчество практикасы мынаған көз жеткізіп отыр: ұлттық мәдениет басқалармен неғұрлым тығыз байланыста болып, туысқан халықтардың рухани және көркем творчестволық тәжірибесінің интернационалдық маңызға ие болған қасиеттерін өз бойына неғұрлым жедел сіңірген сайын ол солғұрлым тезірек және жемістірек дамитын болады. Ол бүкіл совет халқының, біздің бүкіл қоғамымыздың рухани өмірін байытуға солғұрлым зор үлес қосады.

Қымбатты жолдастар! Сөзімді аяқтамас бұрын бір жаңалықты хабарлағым келеді, ол сіздердің бәріңізді де қуантатындығына күмәнданбаймын. Совет әдебиетін дамытудағы қызметі, совет жазушыларының коммунистік құрылысқа қосқан зор үлесі үшін және СССР Жазушылар одағы құрылуының 50 жылдығына байланысты СССР Жоғарғы Советінің Президиумы оны Халықтар Достығы орденімен наградтады. **(Ұзақ, ду қол шапалақтау).**

Ал енді сіздердің баршаңызға мықты денсаулық, творчестволық табыстар тілеп, Жазушылар одағына өзі ие болған жоғары награданы тапсыруға рұқсат етіңіздер. **(Ұзақ, ду қол шапалақтау).**

Digitized by Google

ГЕКТАР ҚАЙТАРЫМЫ ҮШІН

Б. МҰСТАПАЕВА,
«Шіркейлі» совхозының звено жетекшісі,
үгітші, Социалистік Еңбек Ері

Халықта бір тал күріш өсіру үшін онымен күніне бірнеше рет сөйлесу қажет деген сөз бар.

Әрі бейнелі, әрі дұрыс айтылған. Біз егістік көктесімен-ақ оны күтімге ала бастаймыз. Үстеп қоректендіру, өңдеу ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Сондай-ақ мерзімінен де аспау қажет. Ал күріш сабақтары жетіле келе қам-қарекет те көбейеді. Сонда мөлдекті күніне бірнеше рет айналып өтіп, әбден өсіп жетілгенше өсімдіктің әр түбін қолыңмен мәпелеуге тура келеді.

Бізде әрбір күріш өсірушіге жиырма бес гектар учаске бекітілген, дегенмен бригаданың істері үшін жауапкершілікті біз тең бөлісеміз. Бұған бізді коллективтік мердігерлік үйретіп отыр. Екі жыл ішінде еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің нарядсыз жүйесінің пайдалы екендігіне қазірдің өзінде әбден көзіміз жетті. Бригада бойынша көрсеткіштер теңелді, техниканы, тыңайтқышты, гербицидтерді пайдалану тиімділігі артты, жанар-жағар май материалдарының шығыны азайды, жалақы қоры үнемделетін болды.

Біз орақты бар-жоғы бір аптаның ішінде совхозда бірінші болып аяқтадық. Өткен жылдағыдай, біздің звено биыл да 72 центнерден дән алды. Ал маған бекітілген мөлдектегі көрсеткіш бұдан да жоғары — гектар басы — 103,7 центнерден келді.

Күріш өсірумен айналысқаныма ширек ғасырға жақындап қалды. Соңғы он бес жыл бойы гектарына кемінде 100 центнерден өнім алып келемін. Шаруашылықтағы екі жүз күріш өсіруші мен механизатордың төрттен үші менің шәкірттерім екенін де мақтаныш етемін. Бақыт Ромашев, Дүйсенбек Абыхожаев, Сағымбай Айтбаев күріш өсіруге әбден шеберленіп алды. Озаттар арасында ұлым Алтынбек те бар, бұл да маған үлкен мақтаныш.

Еңбеккерлеріміздің шеберлігі мен талабы «Шіркейлі» совхозының атағын шығарып отыр. Бүгінде ол облыстағы озат шаруашылықтардың бірі. Жыл сайын кемінде 44 мың центнер күріш тапсырады. Оның шығымдылығы жоспардағыдан әлдеқашан-ақ асып кетті. Біздің шаруашылық Қызылорда облысында ең арзан күріш өсіреді. Оның бір центнерінің өзіндік құны 20 сомға дейін кеміді. Соның нәтижесінде егіншіліктен жылына үш мың сомнан астам таза



пайда түседі. Биылғы жылы шаруашылықта әр гектардан жоспардағыдан бес центнердей өнім артық алынды. Совхоз еңбеккерлері күріш өндіру және сны мемлекетке тапсыру жөніндегі бесжылдықты белгіленген мерзімінен бір жыл бұрын аяқтады.

Жерлестерім жұмысты жақсы істейді, сондықтан да тұрмыстары да жақсы. Соңғы жылдары еңбек өнімділігі шаруашылықта жиырма процентке жуық артты және қазір ол жалақы өсімінен үнемі артып отырады. Сондай-ақ село тұрғындарының табысы да көзге түсерліктей өсуде: әр үйде дерлік машина бар, үйлері де кең әрі жайлы: телевизор, тоңазытқыш, жақсы мебель.

Совхоздың орталығы да жақсарып, көріктеніп келеді. Қазіргі заманғы жарық коттеджддер, жаңа Мәдениет үйі, орта мектеп, сауда және тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының комплексі желектер саясында орналасқан.

Бұны тәптіштеп айтып отырған себебім мынау. Селоның көптеген проблемалары білікті кадрлардың жетіспеушілігінен, жастардың туған жерінде тұрақтамауынан туындайды деген әңгімені жиі естуге тура келеді. Біріншісімен келісемін. Шебер қолдарсыз егінді өсіре де, жинай да алмайсың. Демек, адамдардың өз селосында қалып, толық қайтарыммен жұмыс істеуі үшін жағдай жасау қажет.

Бұл жерде батыл шаралар қажет екендігін совхозымыздың тәжірибесінен білемін. Біз мектептен бастадық. Ол бізде қаладағыдан ешбір кем емес. Алайда кең кластармен, жақсы жабдықталған оқу кабинеттерімен ғана іс бітпейді. Балаларды еңбек сүйгіштікке, әкелері мен аналарының істерін сыйлап өсуге бүкіл совхоз коллективі, бүкіл село болып тәрбиелеу қажет.

Digitized by Google

Менің бес балам бар. Бәрі бірдей күріш өсіруші болмағанымен, олардың қай-қайсысы да еңбекпен есейді. Солай болса аналарының ауыр жұмысының қадірін біледі. Қалай болғанда да ауылда өсті. Сондықтан мектепке ылғи барып тұрамын. Бізде оқушылар трактор, комбайн жүргізуді, күріш өсіруді үйренеді. Біздің совхоз коллективінің жастар коллективі болуы да кездейсоқ емес, механизаторлардың көпшілігі отызға да толған жоқ. Бізге қонаққа келген адамдардың бәрі осыған көңіл аударады. Ал шаруашылыққа келіп жататын қонақтар аз емес. Олар тәжірибе алмасуға келеді.

Сол коллективтік мердігерліктің өзін алайық. Біз оған ауданда алғашқылардың бірі болып көштік және қазірдің өзінде барлық звенолар нарядсыз жүйе бойынша жұмыс істейді. Қонақтарды қуана қарсы аламыз: шаруашылығымызда көрсететін жетістіктеріміз баршылық: техниканы толық күшінде пайдаланамыз, агротехникалық шаралардың бүкіл комплексін дер кезінде өткіземіз. Дала қостары да біздің аймақтағы таңдаулылардың бірі. Біз үшін ол күріш өсірушілерге арналған егіс даласындағы уақытша баспана ғана емес. Бригада қосы олар үшін жылына бірнеше ай бойына туған үйіндей сияқты. Мұнда жылжымалы шағын кітапханалар жұмыс істейді, жаңа газеттер мен журналдар бар, медицина қызметкерлері, тұрмыстық қызмет көрсететін шеберлер үнемі келіп тұрады. Сөйтіп адамдардың өз үйінен алшақта екендігін сездірмеуге тырысамыз.

Егіс қостарында үгітшілер мен саяси хабаршылар үлкен жұмыс жүргізеді. Менің құрбым, үгітші Бексұлу Сынаева да звено жетекшісі. Еңбек сүйгіш, әрі іс білетін адам. Еңбегіне қарай екі Еңбек Даңқы орденін алған. Бексұлу — көп балалы ана, әйтсе де ол тамаша еңбек етуге де, қоғамдық жұмыс жүргізуге де үлгереді. Биыл ол мөлдегінің әр гектарынан 100 центнерден астам өнім алды. Осындай беделді адамның әңгімесі адамдардың санасында әрдайым сақталып қалады.

Ауызша саяси үгіттің басқа активистері сияқты Б. Сынаева да табыстарымыз туралы ғана емес, сондай-ақ кездесетін кемшіліктер, шешілмеген проблемалар туралы да айтады. Совхозымызда бәрі бірдей тиісті қайтарыммен еңбек етпейтіні бізді толғандырады. Маскүнемдік, тәртіп бұзушылық та кездеседі және біз осы туралы адамдармен ашық, партиялық тұрғыдан сөйлесеміз. Жекелеген еңбеккерлердің ұқыпсыздығынан қандай мүмкіндіктерді қолдан шығарып алатынымызды нақты мысалдар арқылы көрсетіп отырамыз.

Бізді аудандағы аграрлық-өнеркәсіп-

Сіздің блокнотыңызға

МЕХАНИЗАТОР, ЕСІҢДЕ САҚТА!

Ауыл шаруашылығы календары жұмыста іркіліс дегенді білмейді. Бір науқанды екіншісі алмастырады, қайсыбір совхоз бен колхоздың көп салалы шаруашылығы тракторлардың, автомобильдердің жыл бойғы дерлік жүктелімін қамтамасыз етеді.

Алайда ауыл шаруашылығы машиналарының басым көпшілігі, ең алдымен топырақ өңдейтін және егін жинайтын машиналар күздің осы күндерінде машина аулаларына оралып, қысқы сақтауға қойылады. Осы техниканың алдағы көктемдегі жұмыс істеу қабілеті көп жағдайда оның сақталуына байланысты.

Механизаторлар, машина аулаларының жұмысшылары, қыс кезінде ауыл шаруашылығы машиналарын сақтауды ұйымдастырумен айналысатын адамдардың бәрі есте ұстауға тиісті бірқатар қарапайым ақиқат мынадай:

— Тегіс емес алаңдарға тіреусіз қойылған агрегаттар мен машина бөлшектерінің формасы өзгереді.

— Егін қалдықтарынан, балшықтан, ылғалдан, улы химикаттар мен минералдық тыңайтқыштардан тазартылмаған машиналар мен механизмдердің металл қабаттарын тот басады. Оның үстіне металл осы жағдайда жылына бір шаршы метрде 300 грамнан 800 грамға дейін бұзылады, ал машиналардың конструкциялары мен детальдарының беріктігі 25—50 процент кемиді.

— Егін жинайтын комбайндарды қыста сақтауға қоюға байланысты шығындардың бәрі шаруашылыққа 10—12 сомға түседі. Осы жұмыстарды орындамау немесе олардың сапасының төмендігі, оны жөндеудегі қосымша 80—150 сом шығынға соқтырады.

— Комбайндардан ажыратылған және майлы ванналарда тазартылған втулкалы-роликті үзбелер, сондай-ақ тазартылған жабық орындарда сақталатын клинді тартпалар екі-үш есе ұзақ қызмет етеді.

— Қысқы сақтауға қою барысында комбайндардың және басқа ауыл шаруашылығы машиналарының қоспалар бүркілген, ал ондағы қысым номиналдың 70 процентіне дейін кемітілген шиналары ғана толық амортизациялық мерзімнен өтеді.

Механизатор, есіңде сақта! Маусымаралық кезеңде ауыл шаруашылығы машиналарын сақтау ережелерін қатаң орындау — материалдық-техникалық қаржыларды үнемдеудің маңызды резерві, техниканы тиімді пайдаланудың міндетті шарты.

Digitized by Google

тік комплекс жөніндегі серіктестеріміздің қимыл-әрекеттерінде ұйымшылдықтың жеткіліксіздігі де толғандырады. Атап айтқанда, құрылысшылардың тұрғын үй, өлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы, ауыл шаруашылығы жерлерін мелиорациялау объектілерінің құрылысы жөніндегі жұмыстары баяу.

Бізге жаңа жоғары өнімді машиналар мен механизмдер әлі де аз келеді. Біздің «Қзылордарисмаш» заводымыз тамаша ЖРК-5 жатқаларын шығарады, бірақ олар өзірше өте аз. Ал мұндай жатқалар жеткілікті болса, күріш жинауда еңбек өнімділігін үш есе арттыруға мүмкіндік берер еді.

Ауылдастарымның, совхоздың барлық күріш өсірушілерінің атынан завод жұмысшылары мен мамандарын комбайндарды көбірек шығару үшін өздерінің барлық күші мен білімін жұмсауға шақырғым келеді. Біздің еңбегіміздің нәтижелері, күріш гектарының қайтарымы осыған тікелей байланысты.

Қазір біз алдағы жылдың егініне өзірленіп жатырмыз. Сүдігерді керегінше жырттық. Жергілікті тыңайтқыштарды барынша толық пайдалануға ұмтылудамыз. Бесжылдықтың соңғы жылында бригада бойынша гектарына кемінде 75—80 центнерден күріш алып, Отанды мол өніммен қуантамыз деген ойдамыз.

Тереңөзек ауданы,
Қызылорда облысы.



Шығыс Қазақстан облысы. Самар ауданының Ленин атындағы колхозында бөгет пен көлемі 10 миллион текше метр су қоймасының құрылысы басталды. Оны пайдалануға бергенде шаруашылық қосымша 1000 гектардан астам жерді қосымша суаруға және егістіктің өнімділігін 6 есе арттыруға мүмкіндік алады. Осының есебінен қосымша 7 мың гектарға жуық жер босайды. Оған дәнді дақылдар егілетін болады.

Суретте: № 1 құрылыс-монтаж басқармасының прорабы П. А. Лой (сол жақта) және Ленин атындағы колхоздың председателі Ұ. Н. Лопаткин құрылыстың кейбір мәселелерін талқылауда.

Суретті түсірген **В. Медведев** (ҚазТАГ).

Журпал почтасынан

Науқанның ең қызу жерлерінде

Қарағанды қаласының Совет ауданы мен облыстың Молодежный ауданы еңбеккерлерінің арасында берік достық одақ орныққан. Өнеркәсіп орындарының жұмысшылары ауыл шаруашылығы науқандарының қауырт күндерінде село еңбеккерлеріне көмекке келеді. Биылғы күзде дәстүр бойынша егін жинауға қамқорлық жасаушы үгіт поезы жіберілді. Лекторлар, облыстық өлкетану музейінің қызметкерлері, тұрмыстық қызмет көрсету қызметкерлері, медиктер, көркемөнер коллективтері аса қызу өтіп жатқан науқанның жерлерінде болды.

Ш. ЖАРЫЛҒАПОВ,
үгіт поезының жетекшісі.
Қарағанды қаласы.

Үш мыңыншылар клубы

Ленгір аудандық газетінің редакциясы жанынан сауыншы үш мыңыншылар клубы құрылды. Оның міндеті — сиырды машинамен сауудың таңдаулы операторларының тәжірибесін қорыту және тарату. Клуб советіне озат сауыншылар З. Зиябекова, Л. Гурьянова, Т. Рахметова, К. Кокенова және М. Мамедова енді.

Қазір клубта әр сиырдан үш мың килограмнан астам сүт сауған 30 еңбеккер әйел бар. Бірақ бұл бастамасы ғана. Осы жылдың соңында үш мыңыншылар қатарына әлі кемінде 20 сауыншы қосылады.

Ф. ФАТКУЛИН.
Шымкент облысы.

Digitized by Google

МАЛ ҚЫСТАТУДЫ ТАБЫСТЫ ӨТКІЗЕЙІК!

Мал қыстату науқанын өткізу кезеңіне арналған баяндамалардың, саяси хабарлардың, әңгімелердің үлгі тақырыбы

Мал шаруашылығы — селодағы екпінді майдан.

Біздің коллективтің КПСС XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының, Қазақстан Компартиясы XV съезінің шешімдерін орындауға, еліміздің Азық-түлік программасын практикалық жүзеге асыруға қосар үлесі.

Коллективтің социалистік міндеттемелерді орындауына әрбір еңбеккер жауап береді.

Барлық резервтер мен мүмкіндіктер — бесжылдық тапсырмасын табысты орындауға жұмсалсын.

Жеке міндеттемелерді орындау — ортақ табыстар негізі.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатып алу жөніндегі үстіміздегі жылдың жоспарлары мен міндеттемелерін толық және асыра орындаймыз.

Мал шаруашылығының тұрақтылығы мен дамуын арттыру жолдары.

Өндіріс шығындарын қысқарту, еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыруға және өнімнің өзіндік құнын кемітуге қол жеткізу — уақыт талабы.

Ет, сүт, жұмыртқа және фермалардың басқа да өнімдерін өндіруді үнемі үдете берейік.

Елімізге тек қана жоғары сапалы өнім берейік.

Қыс кезінде малдардың құнарлылығын арттыруды қамтамасыз ету — бүгінгі күн талабы.

Мал шаруашылығының барлық салалары интенсивті дамытылсын.

Ет және сүт шаруашылығын дамытуға көбірек көңіл бөлінсін.

Қазақстан — еліміздің аса ірі қой шаруашылығы базасы.

Сүтті көп сауудың резервтері.

Селекциялық-мал тұқымын асылдандыру жұмысының жоғары дәрежесі үшін.

Табынды толықтыруды жақсартып, төлді аман сақтайық.

Фермалар мен комплекстерге — мал дәрігерлік сапалы қызмет.

Малды тиімді, ұтымды азықтандыру — қыс кезіндегі табыстар негізі.

Қысқы жайылымды тиімді пайдаланайық.

Бүкіл жемшөп малдарға тек ұқсатылған күйінде берілсін. Рационды теңгеруге, малды белокты және басқа да қоспалармен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлейік.

Жемшөп цехтары мен күхняларының үзіліссіз жұмыс істеп, жұрымды мал азығын көп өндіруін қамтамасыз етейік.

Жемшөп толық сақталып, шаруагерлік есепке алынсын.

Фермаларда машиналар мен жабдықтарды жоғары өнімділікпен пайдалануды қамтамасыз етеміз.

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп қажет ететін процестер машиналарға жүктелсін.

Мал шаруашылығында коллективтік мердігерлік, еңбекті ұйымдастыру және оған ақы төлеудің прогрестік формалары мен әдістері кеңінен енгізілсін.

Фермадағы екі сменалық жұмыс — мал шаруашылығының тиімділігін арттыру жолы.

Жоғары тәртіп пен реттілік істің табысты болуын анықтайды.

Ферма күн тәртібі қатаң сақталсын.

Мал фермалары мен комплекстеріне — білікті кадрлар.

Зоотехник — фермалардың бас технологы.

Малшылардың қысқы оқуына — жоғары нәтижелілік.

Фермаларда тәлімгерлік кеңінен дамытылсын.

Бүкіл класымызбен — мал шаруашылығына.

Мал шаруашылығындағы комсомол-жастар бригадалары.

Коммунистер — фермадағы екпінді жұмысты ұйымдастырушылар.

Артта қалушыларсыз жұмыс істейік.

Мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізуде аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктердің ролі арттырылсын.

Село серіктестерінің малшылармен өзара қарым-қатынасын жақсартайық.

Фермаларға, комплекстерге және мал жайылымы учаскелеріне техникалық қызмет көрсету дәрежесін тұрақты арттыру — Госкомсельхозтехника қызметкерлерінің міндеті.

Құрама жем, микробиология және химия өнеркәсібі еңбеккерлерінің мал қыстату науқанын табысты өткізуді қамтамасыз етудегі міндеттері.

Ет, сүт, тамақ өнеркәсібі қызметкерлерінің парызы — ферма өнімдерін дер кезінде қабылдау және сапалы ұқсату.

Қосалқы және меншікті шаруашылықтардың азық-түлік ресурстарын арттырудағы ролі.

Малшыларға үлгілі сауда, мәдени және медициналық қызмет көрсетейік.

Мал қыстату науқанын үлгілі өткізу, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, он бірінші бесжылдықтың жоспарлары мен міндеттемелерін табысты орындау жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістетілсін.

Өндіріс озаттарының, Бүкілодақтың және республикалық социалистік жарыс жеңімпаздарының мал қыстатуды табысты өткізу жолындағы тәжірибесі кеңінен қолдау тауып, жаппай қолданылсын.

Digitized by Google



Жалпы саяси мәселелер жөніндегі әңгімелер үшін

ХАЛЫҚ АТЫНАН

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указына сәйкес аудандық (қалалық) халық соттары халық заседательдерінің сайлауы өткізіледі.

Біздің еліміздегі сот органдары социалистік заңдылықты күзетеді, сөйтіп халық мүдделеріне қызмет етеді. Олар қылмысқа қарсы күресте және право бұзушылықтың алдын алуда маңызды роль атқарады.

В. И. Ленин сотты мемлекеттік өкіметтің органикалық, құрамдас бөлігі, еңбекшілер мүдделерін қорғаудың құралы ретінде қарай отырып, азаматтарды әділ сотты жүзеге асыруға кеңінен тарту қажеттігін атап көрсетті. Ол былай деп жазды: «Біз өзіміз соттауымыз керек. Азаматтар сотқа және елді басқаруға тегіс қатысуға тиіс». (Толық шығармалар жинағы, 36 т. 58-бет).

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті сот ісін жүргізуде демократияны дамытуға ұдайы қамқорлық жасап келеді. Бұны олар әділ сотты жүзеге асырудың аса маңызды шарттарының бірі деп біледі.

Партияның XXVI съезінде юстиция, сот, прокуратура органдарының социалистік заңдылық пен право тәртібін нығайтудағы жауапкершілігі атап көрсетілді. «Совет халқы, — деп атап көрсетілді КПСС Орталық Комитетінің съезге Есепті баяндамасында, — олардың жұмысы бойынша пәрменді болуын, әрбір қылмыстың тиісінше тергеліп, кінәлі адамдардың лайықты жазасын алуын талап етуге хақылы».

Осы жауапты міндетті орындауда сот органдарының жұмысына қатысушы халық заседательдері де үлкен үлес қосуда.

Халық заседательдерінің сайлауы — маңызды саяси оқиға. СССР және Қазақ ССР Конституцияларына сәйкес аудандық (қалалық) соттардың халық заседательдері жұмыс орны немесе тұрғылықты жер бойынша азаматтардың жиналыстарында екі жарым жылдық мерзімге ашық дауыспен сайланады.

Заседатель кандидаттарына жоғары талаптар қойылады. Олардың саяси іскерлік пен адамгершілік қасиеттері, жақсы өмір тағылымы болуы, қиын жағдайларда, адамдардың өзара қарым-қатынасын дұрыс қарағанда жол тауып шыға білуі ескеріледі.

Біздің республикамызда аудандық (қалалық) сот органдарының жұмысына бес мыңнан астам халық заседателі қатысады. Олар өндірісте де және тұратын жерлерінде де үлкен құрметке ие болған, өмірлік тәжірибесі бай адамдар. Заңға сәйкес сайланған судьялар мен халық заседательдеріне әділ сотты жүзеге асыруы үшін өкілдіктер беріледі.

Қылмысты сот ісін жүргізу негіздері бойынша қылмысты істер барлық соттарда тек қана халық заседательдерінің қатысуымен қаралатын болып белгіленген.

Сот талқысына қатысуда, шешім қабылдауда заң халық заседательдеріне судьялармен бірдей право беріп, халық заседательдерінің толық дербестігін қамтамасыз етеді. Оларды профессионал судьялар беделінің ықпалынан қорғауға ұмтыла отырып, заң олардың пікірлерін бірінші айтатын етіп белгілеген. Сот шешімді қарапайым көпшілік дауыспен қабылдайды. Көпшілік пікірімен келіспеген жағдайда халық заседателі ерекше пікір айтуға правосы бар. Ол үкімге немесе сот шешіміне қосылып тіркеледі. Мұндай жағдайда істі міндетті түрде жоғары соттар тексереді.

СССР Конституциясы мен Қазақ ССР Конституциясы заседательдердің тәуелсіздігін қамтамасыз етеді, онда олардың сот міндетінен сайлаушылардың кері шақыруы бойыншэ ғана немесе сот үкімінің күшіне қарай босатылатыны айтылған.

Халық заседательдері өз міндеттерін орындауға кезегімен және жылына көп дегенде екі аптаға шақырылады. Ал олардың қатысуымен басталған іс ұзартылатын жағдайлар есептелмейді. Осы міндеттерді орындаған уақытта олардың жалақысы сақталып, сот жұмысына байланысты басқа да шығындары төленеді.

Халық заседательдері әділдікті жүзеге асыруға қатысумен қатар право бұзушылықтың алдын алу, адамдарды коммунистік моральды қатаң сақтау рухында тәрбиелеу, социалистік заңдылық пен

Халық заседательдерінің сайлауына.

Digitized by Google

право тәртібін нығайту жөнінде үлкен жұмыстар жүргізуде.

Халық заседательдері — немқұрайды көзқарас жат, белсенді өмір позициясы бар адамдар. Олар тұрмысымыздың нормаларын бұзуға ымырасыздықпен қарайды.

Заседатель, коммунист Александр Семенович Толстяков бірнеше жылдан бері Алматының Әуезов халық сотының құрамында істеп келеді. Ол — озат жұмысшы-машина жасаушы, жастардың тәжірибелі тәлімгері. Александр Семенович принципшіл әрі адамдарға сенім арта қарайтын жан. Сот қызметкерлері оның пікіріне әрдайым құлақ асады, өйткені А. С. Толстяковтың әрбір істі мұқият зерттейтін, қиын жағдайда да істі аяғына дейін жеткізуге ұмтылатынын жақсы біледі. Халық заседателі тәрбиелеуі қиын жасөспірімдермен жүргізілетін жұмысқа көп уақытын бөледі. Ол милицияның балалар бөлмесінде жиі болады, жайсыз семьялардың балаларына қамқорлық жасайды.

Павлодар облысындағы «Экибастузэнергострой» трестінің сылақшысы, коммунист, халық заседателі Әлима Ертаева өз қаласында үлкен құрметке бөленуде. Ол тұрғылықты жер бойынша право тақырыптарына жиі әңгіме өткізіп, сайлаушылармен кездеседі. Еңбектес жолдастары, қала тұрғындары одан ақылкеңес сұрайды.

Қоғамдық жұмысқа жауапкершілік сезімімен қарайтын тәжірибелі халық заседательдері республикада көп. Олардың бәрі өздеріне халық сеніп тапсырған істі абыроймен атқаруда.

Халық заседательдерінің маңызды конституциялық міндеті — сайлаушылар алдында есеп беру. Олар, әдетте, заседательді сайлаған коллективтердің қоғамдық ұйымдарының немесе халық соттарының инициативасы бойынша өткізіледі.

Үстіміздегі жылғы сайлау қарсаңында Қарағанды металлургия комбинатында, Қостанайдың «Большевичка» тігін фабрикасында, Гурьев мұнай өңдеу заводында, Жамбыл өндірістік «Химпром» бірлестігінде және басқа кәсіпорындарда заседательдердің мазмұнды есептері өтті. Мұнда сайлаушылар аманаттарының қорытындысы шығарылып, заседательдер жұмыстары туралы әңгімеледі, жастарға право тәрбиесін беруді жақсарту жөніндегі пікірлерін ортаға салды.

Республиканың бірқатар аудандары мен қалаларында сайлау қазірдің өзінде өтіп болды. Ол Алматының Әуезов және Совет, Шымкенттің Дзержинский, Ақтөбе облысының Қобда және Мәртөк аудандарында жоғары ұйымшылдықпен өтті. Сайлаудан кейін халық заседательдеріне салтанатты жағдайда куәліктер тапсырылды. Ендігі маңыздысы — олармен сабақ өткізу ұйымдастырып, праволар мен міндеттерді түсіндіру, соттарда халық заседательдерінің советтерін сайлау.

Халық заседательдеріне күнделікті көңіл бөлініп отырса, олардың қоғамдық парызды орындау жолындағы жауапкершілігі арта түседі.

Р. МЫРЗАБЕКОВ,
Қазақ ССР Жоғарғы сотының жауапты қызметкері.



Арқалық. Торғай боксит-руда басқармасының финанс бөлімінің бастығы Жүсіпхан Молдыбаевтың коммунистік еңбек коллективі — теміржол цехында насихатшы болып істегеніне 10 жылдан асты. Ол «Партияның экономикалық саясаты» курсын жүргізеді. Теорияны цехтың өндірістік қызметімен шебер байланыстырады. Оның тыңдаушылары еңбектегі жоғары жетістіктерімен, қоғамдық өмірдегі белсенділігімен мәлім болып отыр. Бұлардың барлығы Жеңістің 40 жылдығы құрметіне көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады.

Суретте: Ж. Молдыбаев.

Суретті түсірген **Б. Әділбеков** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

ИНИЦИАТИВА ЖӘНЕ ЕСЕП

«Кустанайтяжстрой» трестінің коллективі биржарым жыл ішінде 437 тонна металл, 1800 тонна цемент, 900 текше метрге жуық ағаш, 11,6 мың шаршы метр жұмсақ жамылғы, 3 мың шаршы метрге жуық шыны, 467 гигакалорий жылу және 482 мың киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеді. 1982 жылы трест құрылыста шикізатты, материалдарды, отын мен электр энергиясын тиімді пайдалану жолындағы Бүкілодақтық байқауда жеңімпаздар қатарында аталды, ал өткен жылы ол КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болды.

«Кустанайтяжстрой» тресі партия комитетінің секретары ЖАҚСЫЛЫҚ ҒАЗИЗҰЛЫ ЕСТІЛЕУОВПЕН әңгімеміз жоғарыда келтірілген цифрларды талдаудан басталды.

— КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Шикізат, отын-энергетика және басқа материалдық ресурстарды үнемдеу және ұтымды пайдалану жөніндегі жұмысты күшейту туралы» қаулысы жарыққа шыққаннан кейін бізде үнем мен ұқыптылық жолындағы қозғалыс шын мәнінде бұқаралық сипат алды, — деді Естілеуов жолдас. — Содан бері барлық бригадалар, көптеген жұмысшылар жыл сайын социалистік міндеттемелерде үнем жөнінен нақты межелерді қарастырады.

Бригадалық мердігерлік көмектесуде. Өткен жылы жұмыс көлемінің 60 проценті мердігерлік әдіспен орындалды. Сөйтіп алынған үнем есеп құнынан 220 мың сом асып түсті. Үстіміздегі жылдың соңында еңбегіне қарай кесімді ақы төленетін жұмысшылардың 90 проценті онымен қамтылатын болады. Біздің ең ірі екі объектіміз — дизельді двигательдер және химиялық талшық заводтары сабақтастық мердігерлік бойынша тұрғызылуда.

— Демек, үнем мен ұқыптылық жолындағы күрестегі табыс шаруашылық есептегі бригадаларда шешіледі ғой. Осы бағытта трестe бастапқы буын коллективтерінің инициативасы қалай дамытылуда?

— Ең алдымен, социалистік жарыс ұқыптылық ісіне белсенді қызмет етеді. Үнемделген ресурстардың көрсеткіші оның қорытындыларын шығару барысында ең бастысына айналды, басқа көрсеткіштер қаншалықты жоғары болғанымен, онсыз ешкім жүлделі орындарға үміттене алмайды. Еңбекке ақы төлеу де үнеммен мейлінше тығыз байланысты.

Енді әрбір бригадада резервтерді интенсивті іздестіру жүргізілуде. Коммунист Иван Михайлович Ярошевич басқаратын комплексті бригаданы мысалға келтірейін. Жуырда оған «СССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігінің таңдаулы шаруашылық есептегі бригадасы» деген атақ берілді. Соңғы бір жарым жыл ішінде ол 4 мыңнан астам сомның материалын, отынын, электр энергиясын үнемдеді. Бұрыннан-ақ нақты тәртіп орныққан коллективте үнем көзін табу оңай емес, бұл жерде экономикалық және техникалық ой белсенді жұмыс істеуге тиіс. Өткен жылы мұнда жұмысшылар экономикалық тиімділігі 21 мың сомның дерлік 10 рационализаторлық ұсынысын енгізді.

Бригадада жұмыс істейтін үгітшілер Николай Ильич Киношевскийдің, Юрий Васильевич Пономаревтың, Вадим Анатольевич Сеньчевтың үлестерін де атап өтпеуге болмайды.

Біздің басқа да көптеген коллективтеріміз осындай табыстарға жетуде. Ең алдымен, Г. П. Гурьяновтың, Ш. С. Көшеғұловтың, Л. М. Варфоломееваның, Н. М. Кундельдің, А. М. Смоляковтың бригадаларын атаған жөн.

— Ал трест коллективі өзінің еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыру және өзіндік құнды кеміту жөніндегі міндеттемелерін қалай орындауда?

— Біз бұл жұмыспен күн сайын дерлік айналысамыз. Осы көрсеткіштерді асыра орындау есебінен үстіміздегі жылы қосымша 1 миллион сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын игеріп, тапсырмадан тыс 15 миллион сомның тауарлы құрылыс бұйымдарын өткіземіз. Қосымша екі түрғын үй, дизельді двигательдер заводының қосалқы қойма корпусы тапсырылады, бала бақшаны мерзімінен бір жарым ай бұрын пайдалануға береміз.

И. М. Ярошевичтың, М. Ф. Заботиннның, А. Ф. Крайцердің, Г. П. Гурьяновтың, Л. В. Олейниктың және басқалардың бригадалары бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын, 1985 жылдың 9 майына дейін орындауға міндеттенді.

Бесжылдықтың алғашқы үш жылы мен жеті айы ішінде трестe еңбек өнімділігі жоспардағы 16,5 процеттің орны-

Digitized by Google

на 22,6 процент өсті. Бригадалық мердігерлік осы көрсеткішке де өз ықпалын тигізді.

— Ғылыми-техникалық прогрессіз ресурстарды ұтымды пайдалану мүмкін емес қой. Сіздерде осы жұмыс қалай қойылған?

— Трестe рационализаторлар мен жаңашылдардың белсенділігі күрт артты. Материалдық және отын-энергетика ресурстарын үнемдеу жөніндегі таңдаулы рационализаторлық ұсынысқа жарияланған конкурс зор үндестік тапты. Ірі техникалық мәселелерді шешу үшін творчестволық бригадалар құрылды. Мәселен, «Химстрой» құрылыс басқармасынан аға прораб В. П. Божевольный мен шағын механизация учаскесінің бастығы А. А. Галяминскийдің басшылығымен осындай бригадалар 170 мың сомға жуық экономикалық тиімділік берген тетіктер мен механизмдерді өндіріске енгізді.

Барлық инженерлер мен техниктер әр жылға жеке творчестволық жоспарлар әзірлейді, онда әрбір адамның үнем мен ұқыптылық жолындағы күреске, жаңа техниканы енгізуге нақты қатысуы қарастырылады.

— Ал ұйымдық-механикалық шаралар бұқаралық-саяси, тәрбие жұмысымен қалай нығайтылады?

— Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігінің жыл сайын өткізілетін бұқаралық байқауы көп пайда береді. Тексеру барысында анықталған кемшіліктер байқау комиссияларының, халықтық бақылау топтарының, «Комсомол прожекторының» мәжілістерінде, жұмысшы жиналыстарында талқыланып, олар бойынша жедел шаралар қабылданады. Әрбір коллективте «Комсомол прожекторының» суретті-айыптау стендтері, рационализаторлық және жаңашылдық экраны бар.

1983 жылы «Үнем мен ұқыптылық — біздің жоспарларымыздың негізі» деген бірыңғай саяси күн өткізілді.

Партия комитеті мен цехтық партия ұйымдары экономикалық-жоспарлау қызметтерімен бірлесіп, саяси хабаршылардың, үгітшілердің үнем мен ұқыптылық мәселелері жөніндегі семинарларын жүйелі өткізеді, онда трест басқарушысының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары Г. Н. Тяпухин, трестің жоспарлау бөлімінің бастығы З. Г. Першина, біріккен кәсіподақ комитеті председателінің орынбасары А. Н. Сеньчева, трестің халықтық бақылау тобының председателі А. А. Попов және басқа басшылар сөз сөйлейді.

Бізде шаруашылықты жүргізудің таңдаулы тәжірибесін қорытатын, техникалық және ұйымдық жаңалықтарды насихаттайтын плакаттар жедел шығарылады.

Экономикалық білім беру жүйесінде шаруашылықты жүргізудің таңдаулы тәжірибесін белсенді түрде оқып-үйренеді. Мысалы, «Водоканалспецстрой» құрылыс басқармасының аға экономисі, коммунистік еңбек мектебінің жетекшісі Светлана Степановна Русак тыңдаушылардың белсенділігін шебер дамытады. Оның мектебінде 21 тыңдаушы «Ұқыптылық — коммунистік қасиет» курсын оқып-үйренді. Олардың бәрі В. И. Колотыгиннің құбыр төсеушілер бригадасына кіреді. Бұл негізінен — орта және арнаулы техникалық білімі бар жастар.

Насихатшы практикалық тапсырмалардың түрлі формалары мен әдістерін пайдаланады. Мысалы, Светлана Степановна «Бүкіл жұмыс уақытын адал еңбекке жұмсайық» деген тақырыптағы сабаққа бригаданың жұмыс күнін бейнелейтін сурет шығаруды бригадирге тапсырды. Еңбек күнін ұтымды пайдалану жолдары, әрбір еңбеккердің өз міндеттерін орындау жолындағы жеке жауапкершілігі туралы мазмұнды өңгіме болды.

«Шығынды аз жұмсай отырып, жоғары сапалы өнім берейік» деген тақырыпқа арналған сабаққа әзірлік барысында насихатшы тыңдаушы И. В. Корецкиймен бірге тапсырылуға тиісті объектілердегі жұмыс сапасын талдады. Үнем мен ұқыптылық мәселелерін оқып-үйрену барысында насихатшының тапсыруы бойынша тыңдаушы П. М. Борщов сөз сөйледі, ол бригада объектілеріндегі материалдардың қалай сақталатынын тексеріп, орын алған кемшіліктерді анықтады.

Осы сабақтар, өмірдің өзі көрсеткеніндей, зая кеткен жоқ. Бригада бір жыл ішінде алты текше метрге жуық ағаш материалын, 9 текше метр ерітінді мен бетон, бір тоннаға жуық цемент үнемдеді. Егер 1982 жылы жалпы бригада бойынша еңбек өнімділігі бір адам-күнге шаққанда төселген 6,8 погон метр құбырды құраса (нормадағы 6,68 погон метрдің орнына) кейін ол он погон метрге дейін өсті.


Партия комитетінің мәжілістерінде ауызша саяси үгіт активистерінің еңбек коллективтеріндегі істерге қалай ықпал жасайтындары туралы есептер жүйелі түрде тыңдалады. Мысалы, саяси хабаршылар: өндірістік бөлім бастығы М. Х. Ваисовтың, оқу комбинатының аға мастері И. К. Никитиннің, трестің бас технологы А. А. Поповтың тәжірибелері қорытылды. Партия комитетіндегі есептер активтің еңбекшілермен жүргізетін жұмысында жақсы бағдар ұстауына көмектеседі.

Трест коллективі жыл сайын жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша орындап келеді, бірде-бір «ұзақ мерзімді құрылыс» жоқ. Барлық құрылыстар «жақсы» деген бағамен және нормативті мерзімінде іске қосылады. Алайда бізде пайдаланылмаған резервтер әлі де баршылық. Сондықтан да партия ұйымы кемшіліктерді жоюға табандылықпен қол жеткізуде.

Әңгімені жүргізген

С. ХАРЧЕНКО.

Digitized by Google



Экономика мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ МОЛ

Москвада 1984 жылғы 12—14 июньде өткен Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің жоғары дәрежедегі Экономикалық кеңесі Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің ұзақ перспективаға арналған экономикалық қимыл-әрекетінің негізгі бағыттарын белгіледі. Оның документтерінде атап көрсетілгеніндей, ынтымақтастықты тереңдетуді және социалистік экономикалық интеграцияны дамытуды көздеп, коллективті түрде белгіленген бағыттың дұрыстығы мен дер кезінде жасалғаны толық қуатталып, олар туысқан елдердің әрқайсысының жан-жақты прогресі мен олардың экономикалық даму деңгейін жақындастырудың маңызды факторы болды.

Халықаралық социалистік еңбек бөлісін одан әрі дамытудың және тереңдетудің, ғылыми-техникалық прогрестің маңызды учаскелерінде күштерді одан әрі біріктірудің, социалистік экономикалық интеграцияны жан-жақты дамытудың бірлескен стратегиясы талдап жасалды.

«Экономикалық саясатты келісіп алуда алға қарай ірі қадам жасалды, — деп атап өтті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдас кеңесте атқарылған жұмыстардың нәтижелерін бағалай келіп. — Біз маңызды программалық документтерге қол қойдық. Туысқан елдердің шаруашылық өзара қимылының ұзақ мерзімді бағыттары айқындалды. Осының бәрі халықтарымыздың игілігі үшін социалистік интеграцияның артықшылықтарын жақсылап пайдалануға, өндірісті интенсивтендіру міндеттерін неғұрлым тиімді шешу үшін алғышарттар жасауға, Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің даму дәрежесін одан әрі теңдестіре түсуге мүмкіндік жасауға тиіс. Әрине, егер жүзеге асыру жөнінде белсенді де мақсатты қимылдар жасалмаса, тіпті жақсы шешімдер де өздігінен нәтиже бермейтіні түсінікті. Сондықтан қол жеткен уағдаластықтарды жүзеге асыру біздің достық одақтағы барлық елдердің мүдделеріне, социализмнің және жер бетіндегі бейбітшілікті нығайтудың мүдделеріне сай келеді».

Қазақ ССР-нің еңбекшілері барлық совет адамдарымен бірге осы үлкен міндеттерді шешуге өз үлестерін қосуға міндетті. Біздің республикамыздың экспорттық өнімдерінің 70 процентінен астамы енді Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдерге келеді.

Республиканың 55 өндірістік бірлестігі мен кәсіпорны СССР-дің туысқан елдерге өнім беруіне қатысады. Олардың арасында — Балқаш және Жезқазған кен-металлургия, Лениногор полиметалл және Қарағанды металлургия, Донской кен-байыту комбинаттары, Ақтөбе хром қоспалары, Жаңа Жамбыл фосфор заводтары, Жамбыл өндірістік «Химпром» бірлестігі, Алматының ауыр машина жасау, «Октябрьдің XX жылдығы» станок жасау, Өскемен конденсатор заводтары және басқалар бар.

Біздің республикамыздан берілетін өнімдер есебінен социалистік достық одақ елдері өздерінің түсті металл прокатына, ферросплавқа, хром рудасына, фосфорға, натрий хромпикесіне және басқа да өнімдерге деген қажетін қыруар дәрежеде қанағаттандырады. Біздің металдар бүкіл дүние жүзінде жоғары бағаланады. Сонымен қатар жыл сайын цемент, асбест және асбесті-цемент құбырлар экспортқа шығарылады.

Машина жасау өнімдері: кен-шахта, прокат, ұста-пресс, электр-техникалық және медицина жабдықтары, шағын литражды двигательдер, ауыл шаруашылығы машиналары, түрлі аппараттар, аспаптар және басқа да бұйымдар беру жоғары қарқынмен өсуде.

«АЗТМ» маркасы бар, түсті металдан құбыр созуға арналған стандар, ұнтақты сым мен өте жұқа қабатты салқын прокаттау өндірісі Болгарияда, Венгрияда, Герман Демократиялық Республикасында, Польшада, Румынияда, Чехословакияда және басқа елдерде жұмыс істейді. Сондай-ақ осы жабдықтарды дамыған капиталистік елдер: Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Жапония, Германия Федеративтік Республикасы сатып алатынын қоса айтайық. Англияның «АККЛЗ энд Поллак» фирмасының жетекшісі АЗТМ-ның өнімі туралы былай деп лебіз білдірді: «АККЛЗ энд Поллак» фирмасы атынан жуырда біздің заводта орнатылған салқын прокаттау станына өзіміздің толық қанағаттанатынымызды білдіргім келеді. Біз бұл машиналарды конструкциясы мен жасалуы жағынан үздік деп есептейміз және олар арқылы алынатын құбырлар бірінші класты өндірісімен ерекшеленеді».

Шымкенттің ұста-пресс жабдықтарын шығару жөніндегі өндірістік бірлестігі дайындайтын бұрандалы престер салқын отырғызылатын автоматтар және табақ қайшылар достық одақ елдерінің бәріне жіберіледі.

Целиноградтың эрозияға қарсы техника жөніндегі өндірістік бірлестігі шығаратын машиналарды беру жылдан

Digitized by Google



Көкшетауға жақын жерде республикадағы ең ірі фарфор заводының құрылысы жүріп жатыр. Ол жыл сайын жиырма түрлі 27 миллион фарфор бұйымдарын шығаратын болады. Завод коллективі алғашқы өнімді үстіміздегі жылдың декабрь айының ортасында шығаруды көздеп отыр. Жабдықтарды құрастыруда совет құрылысшыларымен бірге Чехословакия инженерлері де жұмыс істеп жатыр.

Суретте: (солдан оңға қарай) мастер В. Головашов, «Казпромтехмонтаж» трестінің бригадирі А. Гусев және инженер-механик А. Микло (ЧССР) пеш желдеткіштерін құрастыру үстінде.

Суретті түсірген **С. Мағзұмов** (ҚазТАГ).

жылға өсуде. Кең алымды сеялкалар мен культиваторлар егіншіліктің топырақ қорғау жүйесінде негізгі құрал ретінде пайдаланылады. Қазір тың жерлерді игеру кеңінен жүргізіліп жатқан Монғол Халық Республикасында жаңадан құрылған екі мемлекеттік шаруашылықта қолданылатын егіншіліктің топырақ қорғау жүйесінің элементтері осы елдің жағдайына икемделіп жетілдірілді. Оларда жерді өңдеу целиноградтықтар шығарған машиналар комплексінің көмегімен жүргізілетін болады.

Жақсы сапасымен және жоғары техникалық дәрежесімен ерекшеленетін «Актюбрентген» заводының өнімдері еліміздің медициналық рентген аппараттары экспортында үлкен орын алады.

Экспорттық өнімдер құрылымында жеңіл және тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, жергілікті өнеркәсіп өнімдері қыруар орын алады. Бұл — талшықты мақта, «дунза» темекісі, керамикадан жасалған ежелгі бұйымдар, асхана аспаптары, нан салғыштар және басқа да көптеген товарлар. Көптеген халықаралық жәрмеңкелер мен көрмелерде қазақстандық қаракөл мен қаракөл елтірісі ұдайы өте жоғары баға алды, ал 1977 жылы халықаралық Лейпциг жәрмеңкесінде Алтын медальға ие болды. Алматының биокомбинаты шығаратын мал дәрігерлік препараттар социалистік елдерде үлкен сұраныммен пайдаланылады.

Қазақстан кәсіпорындары Герман Демократиялық Республикасы үшін экспорттық өнімдердің жалпы көлемін орындауда. Республиканың 35-ке жуық заводы, комбинаты мен фабрикасы өз өнімдерін осы туысқан елге жөнелтеді. Олардың ішінде Қарағанды металлургия, В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаттары, Шымкент қорғасын, Жаңа Жамбыл фосфор, Алматы станок жасау, Өскемен конденсатор заводтары бар.

Герман Демократиялық Республикасының кәсіпорындарынан да ірі товарлар беру жүзеге асырылуда. Мысалы, Екібастұздың «Богатырь» разрезінде «Тақраф» комбинаты жасаған өнімді роторлы экскаваторлар өздерін жақсы көрсете білді.

Герман Демократиялық Республикасында шығарылатын құрылысқа және автомобиль жолдарын ұстауға арналған түрлі машиналар Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінің машина сынау станцияларында жан-жақты сынақтан өтуде. Олардың нәтижелері бойынша жаңа машиналар жасауда Қазақстан жұмысшылары мен инженерлерінің тілектері мен ұсыныстары ескеріледі. 1982 жылғы майда «Баукеме» комбинатының республика жолшыларына мыңыншы асфальт төсегішті тапсыруы салтанатты түрде атап өтілді.

Импорт бойынша Қазақстанға түсетін өнімдер номенклатурасы Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдермен халық шаруашылығы жоспарларын үйлестіруді, ұзақ мерзімді мақсатты программалар базасында социалистік экономикалық интеграцияны одан әрі тереңдетуді, Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдерді өнімнің қайсыбір түрін шығаруға мамандандыруды бейнелейді. Мысалы, Болгарияның көтергіш-трактор жабдығы мен автоматты телефон станциясы, Венгрияның автобустары, Польшаның автокрандары мен микроавтобустары, Чехословакияның автомашиналары, авторефрижераторлары, жіп иіру және тоқу станоктары республикада жоғары баға алды.

Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдерден жоғары сапалы өнім шығаруды қысқа мерзімде реттеуге көмектесетін топтама жабдықтарды, технологиялық комплексті желілерді беру жедел қарқынмен өсіп келе жатқанын атап өту маңызды. Болгариядан, Герман Демократиялық Республикасынан, Венгриядан, Польша мен Чехословакиядан берілген жабдықтардан қара және түсті металлургияның, химия, жеңіл, тамақ, ет-сүт, орман және ағаш өңдеу өнеркәсібінің, құрылыс материалдары өнеркә-

Digitized by Google

сібінің бірқатар кәсіпорындары салынып, іске қосылды.

Ғылыми-техникалық ынтымақтастық та тез дамып келеді. Бірлескен зерттеулер, озық технология мен өндірістік тәжірибені оқып-үйрену жүйелі түрде жүргізіледі, информация алмасу жолға қойылды. Біздің республика мамандары, мысалы, Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдерде халық тұтынатын жоғары сапалы товарлар шығару, жылжымалы опалубкасы бар монолитті темір-бетон конструкциясын қолдану арқылы тұрғын үйлер мен өнеркәсіп орындары құрылысын құс және мал шаруашылығы комплекстерін, ауыл шаруашылығы комплекстерін ұйымдастыруды, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің индустриалды технологиясын және басқа проблемаларды зерттеді. Туысқан елдердің өкілдері біздің тәжірибемізді зор ықыласпен үйренеді. Республикада Экономикалық Өзара Көмек Советінің бірқатар көрнекі цехтары мен кәсіпорындары жұмыс істейді. Оларға Ащысай полиметалл комбинаты жатады, оның жер асты кендерін шығарудың өздігінен жүретін жабдықтарын пайдалану жөніндегі тәжірибесі социалистік достық одақ елдерінде кеңінен қолданылуда.

Біздің республикамызда орындалған көптеген ғылыми-техникалық талдаулар (гелии айыру технологиясы, құрамында алюминийі бар төмен сортты руданы ұқсату, шикізатты комплексті пайдалану және т. б.) туысқан елдер мамандарының зор ықыласын тудырды.

Қарағанды шахтерлері мен Польша, Чехословакия, Герман Демократиялық Республикасы кеншілері арасындағы еңбек ынтымақтастығы жылдан жылға нығая түсуде. Қарағанды бассейні шахтерлерінің бірінші класты техниканы, автоматиканы және телемеханиканы кеңінен пайдалану базасында көмір өндіруді дамытудағы жетістіктері осы елдерде кеңінен танылды. Сондықтан да Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің көмір өнеркәсібі мамандары кеңесінің Қарағандыда өтуі кездейсоқ емес.

Ғылыми мекемелер арасындағы ынтымақтастық белсенді түрде дамып келеді. Бүкіл социалистік достық одақ үшін халық шаруашылық маңызы зор ірі проблемалар солардың бірлескен күшімен шешілуде. Мысалы, А. Н. Сызганов атындағы Қазақ клиникалық және эксперименттік хирургия институты мен Герман Демократиялық Республикасындағы Магдебург академиясының өкпе аурулары клиникасының коллективтері арасында көп жылдық байланыс орнықты. Қазақ минералды шикізат ғылыми-зерттеу институты Герман Демократиялық Республикасы Геология министрлігінің Орталық институтымен зерттеулердің бірлескен программасын жүзеге асыруда.

Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты рак ауруларын емдеу мен профилактикалауды зерттеу саласында Экономикалық Өзара Көмек Советінің программасын жүзеге асыруға белсене қатысуда. Орта Азияның обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты кадрлар даярлау саласында Венгриямен және Вьетнаммен ынтымақтаса жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта Қазақ ССР Ғылым академиясының 14 ғылыми мекемесі туысқан елдердегі әріптестерімен үкіметаралық келісімдерді жүзеге асыруға, бірлескен экспедициялық жұмыстарға қатысып, ғылыми әдебиеттерді және информация-анықтама материалдарын алмаса отырып, 49 тақырып бойынша байланыс жасайды.

Республикамыздың еңбек коллективтері еліміздің социалистік елдерге экономикалық және техникалық көмек көрсету жөніндегі программаларына кеңінен қатысуда. Қазақстандық геологтар, мысалы, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде және геологиялық қызметтердің материалдық-техникалық базаларын нығайтуда Болгарияға, Вьетнамға, Куба Республикасына, Монғолияға техникалық көмек көрсетуде. Біздің өкілдеріміз совет-вьетнам ынтымақтастығының аса ірі объектілерінің бірі — «Фалай» жылу электр станциясының құрылысында еңбек етуде. Республика металлургтері кубалық жолдастарының никель кәсіпорындарын салуына және қайта құруына көмектесуде. Біздің мамандар Пунта-Гордада жылу электр орталығы мен Пинос аралында дизельді электр станциясын салуға жәрдемдесуде. Қазақстандықтар Монғолияда «Эрдэнэт» кен-байыту комбинатын салуға және пайдалануға беруге белсене қатысуда.

Туысқан социализм елдеріне экспортқа шығарылатын өнім өндіруді қамқорлықтарына алған республиканың комсомол ұйымдары өте пайдалы инициатива көтерді. Осы бастаманың ықпалы аз емес. Мысалы, Қазақстан Магниткасында жөнелтілетін металдың сапасын тексеру жөнінен рейдтер өткізіледі. Оны шығарумен айналысатын учаскелерде комсомол-жастар бригадалары құрылды.

Социалистік достық одақтың туысқан елдерімен байланысты нығайту — біздің аса маңызды патриоттық және интернационалдық парызымыз. Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің жоғары дәрежедегі Экономикалық кеңесінің шешімдеріне сәйкес, экспортты ұлғайту, әрбір заказды қатаң мерзімінде, жоғары сапамен орындау мүмкіндіктерін іздестіру — осының бәрі дүние жүзілік социалистік достық одақ елдерінің алдында тұрған жалпы міндеттерді табысты шешуге белсенді түрде ықпал ететінін түсіну — әрбір коллективтің абыройлы ісі.

Н. ДУЛАТОВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті сыртқы байланыс бөлімінің бастығы.

Digitized by Google

АДАМДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Р. НҰРҒЫМОВА,
Қазақ ССР Сауда министрінің орынбасары

Республика қалаларының бәрінде күздің осы күндерінде универмагтар мен магазиндерге адамдар көптеп келуде. Осы кезде әрдайым сатып алушылар тасқыны әжептәуір болғанымен, биыл ол ерекше көп. Мұның өзі совет адамдарының тұрмыс дәрежесі мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған сауда саласындағы екі маңызды шарамен байланысты.

Мәлім болғанындай, 1 сентябрьден бірқатар көпшілік қолды товарлардың мемлекеттік бөлшек бағалары орта есеппен 19—30 процент кемітілді. Бұл тізімге тігін және галантерея бұйымдары, ацетатты және триацетатты жіптен жасалған маталар, мопедтер, еспелі қайықтар мен қайық моторлары, мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы басқа да товарлар кіреді. Балаларға арналған заттардың 30 процент дәрежесінде арзандатылғанын атап өткен жөн.

Бағасы төмендетілген товарлардың жалпы көлемі еліміз бойынша 10 миллиард сом құрайды. Тұрғындар 2,5 миллиард сомнан астам семья бюджетін үнемдейді.

Тұтынушылар сұранымы адамдардың бағалардың кезекті төмендетілуіне қанағаттанғандықпен қарайтынын сипаттайды. Алматы облысының Іле ауданынан Әлиевтер семьясы астаналық орталық универсал магазинінің талап-тілек кітабына мынадай пікір жазыпты.

«Біз көп балалы семьямыз, сондықтан да төмендетілген бағалар бойынша заттар сатып алу бізге қыруар үнем берді. Балалар товарларының өте жоғары сапасы ұнады. Балалар туралы қамқорлық үшін көп рахмет».

Сонымен қатар сұранымды зерттегеннен кейін уақытша баға мерзімі өткен, «Н» индексті сапасы жақсарған жаңа товарларға тұрақты бағалар енгізілді.

Бұл күндері сатып алушылардың назары сауда саласында тағы бір маңызды шараға аударылуда. Сентябрь-октябрь айларында бағалары 40 процентке дейін төмендетілген көктемгі-жазғы товарлардың түр-түрін маусымды сату өткізілуде. Онда заттардың түр-түрі сонша көп емес — олар киім, аяқ-киім, галантерея, спорт пен туризмге арналған товарлар. Маусым қарсаңында немесе дер шағында түрлі себептермен өз сатып алушысын таппаған ұзақ пайдаланылатын, жақсы сапалы товарлардың маусымдық саудаға түсетінін атап өткен орынды.

Биыл март айында өткізілген күздік-қыстық товарлардың түр-түрін алғаш рет сату оның халыққа пайдалы екенін көрсетті. Өздеріне қажетті жеті миллионнан астам сомның товарын ала отырып, сатып алушылар семьялық бюджеттің үш миллион сомға жуырын үнемдеді.

Биыл республика магазиндеріне 20 миллионнан астам сомның товары сатуға түседі — бұл көктемгі саудадан үш есеге жуық көп. Төмендетілген бағалардың айырмасы тоғыз миллион сомға жуық құрайды.

Маусымдық сауда мемлекетке де пайдалы. Товарларды шығаруға жұмсалған қаржы толық көлемінде болмаса да, тез өтеледі. Қойма орындары босатылып, заттар жақсы товарлы түрін сақтай отырып, тұтынушылар қолына тиеді.

500 магазин, осыған арнайы бөлінген мыңға жуық универмаг пен ірі магазиндердің бөлімдері, секциялары бағасы арзандатылған товарларды сатуда. Республика қалаларының алаңдарында, рынокторында 120 жәрмеңке-базар, 75 товарлар көрмесі ұйымдастырылды. Бүкіл еліміз бойынша сатып алушыларға ыңғайлы болу үшін төмендетілген бағалар бойынша сауда жүргізілетін ортақ жарнамалық безендірудің эмблемасы мен стилі жасалды. Тұрғындар радио, баспасөз, телевизия арқылы кеңінен хабардар етілуде.

Қарағандының сауда кәсіпорындарында маусымдық сауданы өткізудің жақсы тәжірибесі баршылық. Мұнда товарлар тікелей тұрғындардың жұмыс орындарына — шахталарға, заводтарға, құрылыстарға жеткізіледі. Бұл күндері Павлодар, Жезқазған, Рудный және басқа қалалардың магазиндерінде адамдар заттарды көптеп сатып алуда. Товарларды осылай сатып алудың пайдасы мен өзара тиімділігі туралы сатып алушылардың өздері айтады. Магазиндер мен жәрмеңкелердің талап-тілек кітаптарында жазып қалдырылған бірнеше алғыстарды келтірейік:

«Мен жәрмеңкеде бірнеше рет болдым және бұл жерден сатып алушыларды әрдайым көп көремін. Өзім де заттар сатып алдым. Адамдардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған шаралар өте маңызды және оларды бәрі үлкен мақұлдаумен қарсы алды.

Ұлы Отан соғысына қатысушы МАНАПОВ». (Семей).

«Жәрмеңкеге келгенімізге разымыз. Сауданы жақсы ұйымдастырғандары үшін магазин қызметкерлеріне рахмет айтамыз. Біздің семьялық бюджетімізде қыруар үнем жасалды. Халыққа деген қамқорлығы үшін партия мен үкіметке алғыс айтамыз.

Қастеевтер семьясы». (Көкшетау).

Төмендетілген бағалар бойынша товарларды маусымды сату жылына екі рет көктемде және күзде тұрақты өткізілетін болады.

Digitized by Google



ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

С. ЖЫЛҚЫШЕВ,
отставкадағы подполковник

Жақында Москвада полктас жолдасым — Алексей Егорович Мальцевте қонақта болдым. Қазір ол полковник, астананың бір ауданының әскери комиссары. Мен болсам оны жап-жас лейтенант, Ұлы Отан соғысында батыл ұшқыш болған кезінен білемін. Алексей Егорович екеуміз қаза тапқан жолдастарымызды, жауынгерлік эпизодтарды есімізге түсірдік. Мен қандай да болмасын оқиғаға байланысты бармаған едім, бірақ Словакиядағы көтерілістің 40 жылдығы сол күндерде аталып өтті. Біздің де есімізге көп нәрсе түсті...

Чехословакия, 1944 жылдың күзі. Ол кезде біз де жаңа соғысқалы тұрғандар емес едік. Мальцев көптеген жауынгерлік ұшу сапарында болған. Мен ақ финдермен соғысқа қатысып, Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Ленинград ауданында әуеде барлау отрядын басқарып, содан соң Карпат операциясында жеке майдан бөлімінің командирі болдым. Міне, енді бәрімізді толқытқан көптен күткен сәт те туды: біз Совет Одағының шекарасына жеттік. Соғыстың алғашқы күнінен армандағанымыз орындалды. Жау территориямыздан қуылды!

Азат ету миссиясымен совет әскерлері Чехословакияға кірді. Генерал Людвик Свобода басқаратын 1-ші Чехословакия армия корпусының жауынгерлері бізбен бірге соғысты. Сол күндерде біздің бөлім Собранцы қаласы маңындағы алқапқа шықты. Ол арада фашистердің мықты бекінісі бар еді. Жау артиллерия оғы жетпейтін қолайлы биіктікке орналасқан-ды. Біздің әуе барлаушыларына іске кірісуіне тура келді. Атыс ұяларының координаттарын анықтау қажет еді, оны артиллерия бригадасы шыдамсыздана тосып отырған болатын.

Жігіттер ұрысқа қалай құлшынды десеңізші! Жағдай анықталған соң бақылаушы ұшқыш аға лейтенант Олег Широков әуеге көтерілді. Командалық пунктте болғандардың бәрі де оның ха-

Журнал почтасынан


Есте сақтайды

Біздің селоның орталығында туысқандар қабірі бар. Бұдан жиырық жыл бұрын біздің селоны неміс-фашист оккупанттарынан азат ету барысында қаза тапқандар арасында — әртүрлі ұлттың өкілдері бар.

1944 жылдың мартында біздің Гранов селомызды азат ету жолындағы табанды шайқастар 4 күн бойына созылды. Көптеген жауынгерлер ерлікпен қаза тапты, олардың арасында жас қазақстандықтар — Семей облысынан Сергей Кузьмич Козубов (ол сол кезде 21 жаста ғана еді) пен Қарағандыдан Александр Демидович Петриков болды.

Біздің село тұрғындары қаза тапқан қорғаушыларын әрдайым есте сақтайды. Туысқандар қабірінде ескерткіш орнатылған, мәңгі алау жанып тұр. Мұнда гүл шоқтары ешқашан солмайды.

М. СУВОРИН,
учаскелік аурухана фельдшері.
Украин ССР-і
Винница облысы
Гайсинск ауданының
Гранов селосы.



Digitized by Google

барын тағатсыздана күтті. Ол сәтте танк және жаяу әскер бөлімдерінің ілгері жылжуы бір ғана адамға байланысты болатын. Широковтың дауысы да естілді-ау: «Иовса — Немецка селосының оңтүстік шетінен зеңбірек стволдарын көріп келемін. Атыңдар. Бағыт беруге әзірмін». Дауысында абыржу жоқ, нық. Біз батыл ұшқыштың борап тұрған оқ ішінде ұшып жүріп барлау жасағанын тек кейіннен білдік. Осы ұшқаны үшін Широков жауынгерлік орденмен наградталды.

Гитлершілердің Чехословакиядағы жүгенсіздігін ұмытуға болмайды. Олар көпірлер мен тоспаларды қопарып, өнеркәсіп кәсіпорындарын құртты. Ал чехтар мен словактарға қаншама қасірет шегуге тура келді десеңізші

Ол жерде біздің жауынгерлерді зор қуанышпен қарсы алды. Ал олар болса ілгері тарта берді. Барлаушылардың орны алғы шеп болса, біздің бөлім сонда болды. Әсіресе Солтүстік Моравиядағы ұрыс есімізде қалды. Мұнда фашистік Германияның әскери экономикасында маңызды орын алған ірі өнеркәсіп комплексі бар еді. Әрине оның бекінісінің аса мықты болуы табиғи нәрсе. Сондықтан операция мұқият әуе барлауынан кейін жүзеге асырылды. Біз жаудың барлық артиллериялық батареяларының тұрған жерлерін анықтауға тиіс едік.

Ауа райының қолайсыз болғандығына қарамастан ұшқыштар күндіз-түні әуеде болды. Алексей Мальцев өзін міне осы арада көрсеткен еді. Ол ондаған рет ұшып шығып, фашист қорғанысының әр метрін қадағалап өтті деуге болады. Сол күндердің хабарында оның фамилиясы жиі ұшырасатын: «артиллерия бригадасының атысын бағыттады», «Остраваның батыс бөлігінде жасырулы тұрған батареяны тапты»...

30 апрельдегі шешуші шабуылдан соң Солтүстік Моравияның басты қаласы Острава азат етілді. Құрамына біздің бөлім де кірген 4-ші Украин майданының әскерлері Праганы азат етуге кірісті.

Гүл атқан май айында құлпырған сұлу Алтын Праганы ұмытуға бола ма? Халықтың қуанышында шек болмайтындай көрінген-ді.

Мерекелі көшемен біздің бөлімнің ұшқыштары да жүріп өтті. Алексей Мальцевтің, Марк Криушенконың, Владимир Кончицтің кеуделерінде Советтің жауынгерлік ордендерімен бірге Чехословакияның жоғары әскери наградасы — «Жауынгерлік Крест» тағылған болатын.

...Сол кеште көп нәрсе есімізге түсті, Алексей Егорович екеуміз ұзақ әңгімелестік. Ол бейбіт өмір кешіп жатқан балаларымыз бен немерелеріміз, бәріміз болып қорғап, сақтауға тиісті бейбітшілік, совет және чехословак халықтарының ұлы сын, — фашизммен күрес жылдарында дүниеге келген мәңгі достығы жайлы әңгіме еді.

Алматы қаласы.

Ардагерлер — балаларға

Целиноградтағы соғыс және еңбек ардагерлерінің бақ өсірушілер кооперативі төрт жүзден астам семьяны біріктіреді, олардың бәрі өз еңбектерінің жемістерін балалар үйіндегі бөбектермен бөлісті.

Соғыс және еңбек ардагерлері Тәтімова, Яковлев, Владыкин, Соболевская, Банкевич, Петров, Богданов және басқалар өз сыйлықтарын балаларға бірінші болып әкелді. Сыйлық сүбелі болып шықты — 140 килограмм таңқурай, қарақат, шие, қарлыған, 30 килограмм алма және жүз килограмнан астам помидор мен қияр.

— Біздің тәрбиеленушілерімізге жасаған қамқорлықтарыңыз үшін шын жүректен алғыс айтамыз, — деді ардагерлерге балалар үйінің меңгерушісі Ш. Т. Жұмабаева. — Бізде балалар барлық қажетті нәрселермен қамтамасыз етілгені даусыз, әйтсе де үлкендердің қамқорлығы ешқашан артық болмайды.

В. ПАРХОМЕНКО.

Ерлердің құрметіне

Петропавл. Қаланың механика техникумында «Ерлік обелискілері» деген тақырыпқа арналған әдеби кеш өтті. Ол Ұлы Отан соғысының майдандарында қаза тапқан жазушылар мен ақындарға арналды. Оқушылар Аркадий Гайдар мен Мұса Жәлелдің шығармаларынан үзінділер оқыды. Техникумның вокалды-аспапты оркестрі соғыс жылдарының әндерін орындады.

Семей. Мұнда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына арналған жастар мен әскер қатарына шақырылушылардың облыстық спартакиадасы өтті. Программасына жүзу, шағын калиберлі винтовкадан ату, гранат лақтыру, екі мың метрге автоматпен жүгіру, әскери эстафета енген жарыстар болашақ жауынгерлердің Совет Армиясы қатарындағы қызметке даярлығының алғашқы емтиханына айналды.

Облыс орталығының Ленин ауданы мен Аягөз ауданының командалары үздік нәтижелер көрсетті.

Digitized by Google

ЖҮРЕКТЕРГЕ ЖОЛ ТАПҚАН

Төкен Рақымжанұлы Рақымжановтың өмірбаяны өз жерлестерінің өмірбаянынан онша ерекшеленбейді. Ол өмір онша еркелете қоймаған адамдардың ұрпағына жатады. Шаруаның үлкен семьясында өсіп, тәрбиеленді, диқан еңбегінің қиыншылығын, нан қадірін ерте білді. Кенеттен соғыс басталып, майданға аттанған ерлердің орнын басу үшін мектептегі оқуын тастап, туған колхозында еңбек етуге кірісті. Өзінен кейінгі іні-қарындастарын қатарға қосу үшін анасына көмектесті. Олардың семьясында алты бала болды. Буыны бекімеген он үш жасар балаға түскен ауыртпалық жеңіл еместі. Колхозда ол кім болып жұмыс істемеді дейсің: тұқым сеуіп, астық жинады, мал бақты, пішен дайындады.

— Ол кезде бәрімізге жеңіл болған жоқ, — деп еске түсіреді Төкен Рақымжанұлы. — Бірақ ешкім жүрексінген жоқ. Бәрі — жас балалардан еңкейген қарт адамдарға дейін зұлым жауды талқандауға қолынан келгенше үлес қоса отырып, аянбай еңбек етті.

Ал еліміз бейбіт еңбекке оралған жарқын күн туған кезде мектепті әбден сағынған Төкен Рақымжанов қайта отырды. 1948 жылы ол Абай атындағы Қарқаралы педагогика училищесін өте үздік бітірді. Өте жақсы оқығандар тобының құрамында Ленинград университетіне жібергенін естіген кезде ол қандай шексіз қуаныш пен бақытқа бөленді десеңізші. Мұнда ол философия факультетіне түсті.

Ол білім алуға бейімділікке қоса ынтызарлық көрсетті. Университетті бітіргеннен кейін оған аспирантурада қалу ұсынылды.

Тынымсыз оқудың тағы да төрт жылы елеусіз өте шықты. 1958 жылы кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғағаннан кейін жас ғалым шахтерлердің Қарағанды қаласына келді. Алғашында педагогика институтында философиядан сабақ берді, кейін медицина институтында жұмыс істеді, енді міне, он жылдан астам уақыттан бері СССР Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғары мектебінде философия қафедрасын басқарады.

Ауқымды теориялық даярлық, практикалық бай тәжірибе Төкен Рахымжанұлының кез келген, тіпті ең күрделі мәселенің өзін қарапайым, ұғынықты түсіндіруіне мүмкіндік береді.

— Философия — білімнің көптеген салаларына, практикаға, тәжірибеге сүйенетін пән, — деп түсінік береді ол. — Медицина институтында биологияның, медицинаның, физиологияның т. б. философиялық мәселелерімен мықтап айналысуға тура келді. Көптеген монографиялық әдебиеттерді, әртүрлі медициналық журналдарды, кітаптарды ақтардым. Кейін осы тынымсыз еңбектің есесі қайтты. Демек, бұл студент-медиктерге теорияны олардың кәсіптік мүдделерімен ұтымды ұштастыра отырып, философиядан лекция оқуыма мүмкіндік жасады.

Өзінен дәріс алатын адамдардың философияға «құмарлығын» арттыруға Төкен Рахымжанұлының өте қабілетті екені асырып айтқандық емес.

Төкен Рахымжанұлы — Қарағанды облыстық партия комитетінің штаттан тыс лекторы, «Білім» қоғамы облыстық ұйымы басқармасы председателінің орынбасары. Бүкіл облыс, шахтерлер, металлургтер, құрылысшылар, диқандар оның аудиториясы деуге болады. Бұл адамдар әртүрлі жас шамасындағы, әртүрлі мамандық иелері ғана емес, сондай-ақ өзіріктері де әртүрлі деңгейдегі адамдар. Осындай аудиторияның алдында сөз сөйлеу қаншалықты күрделі іс екенін насихатшылар жақсы біледі. Төкен Рахымжанұлы да өз аудиториясының өзіндік ерекшеліктерін, оның талап-тілектерін, білім дәрежесін әрдайым ескеріп отырады.

Қазақстан Магниткасы жұмысшыларының жатақханасында «Материя дегеніміз не?» деген тақырыпта ауызша журналда сөз сөйлегенім есімде. Лекция басталар алдында мен өзім алып келген шыны құтыларды, мензуркаларды, шишаларды стол үстіне қоя бастағанымда адамдар «мына философ шыны сауыттармен не істегелі жүр» дегендей таңырқап қалды. Ал іле бәрі түсінікті болды. Әңгіме барысында мен материяның, химиялық, биологиялық қозғалыстың, жылу формасының тәжірибелерін көрсете бастадым. Адамдардың бәрі ден қойып бақылап отырды. Ал біздер, лекторлар үшін адамдардың сенің ой-пікіріңді толық сеніммен қабылдап, керек десең оны бірлесіп ойлап тапқан және дәлелденген өз ойларым деп есептеуі аудиторияны осындай рухани күйге келтіру өте маңызды.

Лекциялардың тиімділігін қалай арттыруды, аудиторияны қалай ынталандыруды ойластыра отырып, ол материалды

Digitized by Google

танымал ынғайлы түрде баяндауды өте маңызды деп есептейді, ойткені қарапайымдылық, оның өзі айтқандай, таланттың серігі.

— Мен барлық жағдайда дерлік лекцияны қағазға қарап оқымай, аудиторияның өзімен сөйлескенді дұрыс көремін, — деп түсіндіреді Төкен Рахымжанұлы. — Мінбеге шыққан кезде кеңейтілген жоспар, тезистер бойынша сөйлеймін. Егер әңгіме тыңдаушылардың назарын бірден аударса, онда оған қызығушылық одан әрі артып, аудиториямен байланыс бірден орнайды.

Саяси және ғылыми білімдерді насихаттау — едәуір күш-жігер жұмсауды талап ететін күрделі, творчестволық процесс. Демек, шабытты сөз ғана тыңдаушыларды толғандырып, жұмыс істеу тілегін, жан дүниесінің игі серпінін тудыра алады. Егер Төкен Рахымжанұлының лекциясы үлкен беделге ие болып, тыңдаушылар жүрегіне жол тапса, онда оның әр жағында лекторлық шеберлікті шыңдау, ұдайы іздену жолындағы тынымсыз еңбек жатыр.

— Лекция оқуға шығар күні мен өзімді жайбарақат сезіне алмаймын, — дейді Төкен Рахымжанұлы. — Конспектілерді қайталап қарап шығамын. Бүкіл материалды қайталап ой елегінен өткізу мен үшін өте маңызды. Бұл өзімді жан-жақты толық даярлауға мүмкіндік береді.

Төкен Рахымжанұлы өзінің бай тәжірибесін жас лекторлармен жомарттықпен бөліседі. Ішкі істер министрлігінің мектебінде жас лекторларға арналған оқу кабинеті құрылған. Мұнда дыбыс жазатын аппаратура, лекцияны суретпен сипаттауға қажетті құралдар-слайдтер, диафильмдер, кинопленкалар бар. Магнитофонға жазылған әңгімеге қатысты лекцияның сәтті, иә сәтсіз жақтары, өзгерту мен өңдеуді талап етуде, қандай суреттерді, материалды баяндау методикасын қажет ететіні сияқты мәселелер Төкен Рахымжанұлының және басқа да тәжірибелі лекторлардың қатысуымен талқыланады.

Маркстік-лениндік теорияны насихаттау мен еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі белсенді, жемісті еңбегі үшін ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Құрмет Грамотасымен және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды. Ал өткен жылы республика Жоғарғы Советі Президиумының Указымен Төкен Рахымжанұлына «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген құрметті атақ берілді. Оның көп нәрсеге қолы жетті. Оның бойында тағлым алар лық өнеге баршылық! Әйтсе де ол бұрынғыша өз шеберлігін жетілдіруді жалғастырып келеді. Оның өзіне қоятын талабының жоғары өлшемі — қол жеткенмен тоқырап қалмау, жауапкершілік сезімі оның мінезіндегі жай ерекшелік қана емес, бүкіл табиғатына тән көрініс.


Ф. КУЗОВКОВ,
СССР Журналистер одағының мүшесі.

«Планета» саяси фильмінің клубы

Павлодар облыстық партия комитетінің саяси ағарту үйінде идеология активіне арналған «Планета» саяси фильмінің клубы құрылды. Кезекті сабақтарда «Социалистік өмір салты және идеологиялық күрес», «Империализмнің психологиялық соғысы және қарсы насихат мәселелері» деген тақырыптарда лекциялар оқылып, содан кейін «Саламандра» және «Европа хикаясы» атты көркем фильмдер көрсетілді.

СССР-дің бейбітшіл сыртқы саясатын насихаттауда, империализмнің агрессиялық бағытын әшкерелеуде, социалистік құрылыстың, советтік өмір салтының артықшылықтарын көрсетуде және капиталистік шындықты, буржуазиялық идеологияны дәлелді сынауда совет және шетел кино шығармаларын барынша пайдалану клубтың негізгі міндеттері болып табылады. Программаға сабақ өткізудің мынадай түрлі формалары мен әдістері енді, лекциялар, пікір таластар, «дөңгелек стол» басындағы әңгімелер, кино сыншыларымен және кинорежиссерлермен, кинематографияшылар Одағының мүшелерімен кездесулер, кинофильмдерді көріп және талқылау.

Digitized by Google



ЖАНЫҢДАҒЫ ЖАҚСЫ АДАМ

А. ДУЗДАЛЬ,
Лебяжье орта мектебінің директоры,
үгітші-атеист

Жуырда біздің селода комсомолдық той өтті. Жас семьяны мен өте жақсы білемін. Люба Терентьева мен Сергей Пальянов — біздің мектептің түлектері. Қазір олар колхозда жұмыс істейді. Сергей — механизатор, Люба—есепші. Оларды бүкіл село құттықтады. Ата-аналары жастарды дәм-тұзбен қарсы алып, өздері құрметті орынға барып отырды. Бақытты жас жұбайлар мен олардың аналарына қарап отырып, той қарсаңында жерлес, дінге қатты сенетін бір адаммен арамызда болған әңгімені есіме алдым. Ол жастардың шіркеуге баруын қатты қалап еді. Люба мен Сергейдің дінге сенетін ата-аналары сөзімді сөйлер деп үміттенді. Алайда мен жас семьяның алғашқы күні шіркеу салт-жорасынан басталмайтынына сендім...

Бір кездері ұзақ сақталып келген шіркеу жораларының орнына Лебяжье селосының дәстүріне жаңа салт берік енді. Бірақ бұл өздігінен бола қойған жоқ. Партия ұйымы, селолық Советтің атқару комитеті мақсатты жұмыс жүргізді. Өскелең ұрпаққа атеистік тәрбие беру орталықтарының бірі мектеп болды.

Мектептің педагогикалық советінде атеистік тәрбие жоспарының қалай талқыланғаны әлі есімде. Жұмысты екі бағытта жүргізу ұйғарылды. Ең алдымен— мектеп оқушылары арасында физика және география кабинеттерінде біз атеистік насихат орталығын құрдық. Мұнда атеист мүйісі бар, тақырыптық көрмелер өткізіледі. Оларды балалар әрдайым ықыласпен әзірлейді. Ал «Космос дінге қарсы», «Білім —қуатты қару» сияқты көрмелер село тұрғындарының назарын аударды. Физика және астрономия сабақтарында мен табиғат заңдары мен жұмбақ құбылыстарын түсіндіріп, физикалық, химиялық тәжірибелер жүргіземін. Көптеген сабақтар мен үшін программалық материалдың мәнін ашу ғана емес, сондай-ақ үгітші-атеистің тікелей жұмысы.

Тұрғылықты жер бойынша жүргізілетін жұмысты да маңызды деп есептеймін Біз дінге сенетін адамдардың діни дүниетанымын бірыңғай әңгімелермен ғана өзгерту қиын екенін жақсы түсінеміз. Сондай-ақ олар айтқанынды ықылас қойып тыңдай да бермейді. Бірақ әрекетсіз қалуға да болмайды. Діннің еліртпе шырмауы атеистік жұмыс назардан тыс қалған жерлерде өрістеп кетеді.

Сөйтіп біз дінге сенуші адамдармен жұмыс жүргізудің мынадай әдісін пайдалануға әрекеттендік. Жетінші класта кезекті ата-аналар жиналысы туралы хабарлағанда балалардан олардың әкешешелері емес, аталары немесе әжелері келуін өтіндік. Әрине, бұған ол семьядағылар таңданып қалды, өйткені мұндай шаралар бұған дейін өткізілген жоқ еді. Дегенмен белгіленген уақытта бәрі мектепке жиналды. Москал адамдарға өздерін педагогикалық советке шақырғанымыз ұнады. Неге осылай болмасқа. Аталары мен әжелері де бала тәрбиесіне белсене араласады ғой. Ендеше оларды да қатыстыру қажет. Жиналысты атеистік тақырыпқа арналған лекциядан бастадық, содан кейін барып мектеп ісіне көштік.

Үгітші-атеист, география пәнінің мұғалімі Владимир Васильевич Крестининмен бірге осы кездесуге тиянақты әзірлендік. Өйткені бізге көзқарасы мен дағдысы әбден қалыптасқан, жасы ұлғайған адамдар келді ғой. Мақсат мынадай болды: немерелерінің қандай жағдайда оқып, білім алатынын жасы келген адамдарға көрсету, сөйтіп оларды қызықтыру еді (бізде физика кабинеті тамаша жабдықталған, мұнда көптеген приборлар, аппаратуралар бар). Бұған дейін олардың ешқайсысы қазіргі заманғы мектептің мүмкіндіктерін тіпті елестете де алмайтын. Сөйтіп кездесу сәтті болды. Тыңдаушылар лекцияға да, немерелерінің өмірі мен оқуы туралы әңгімезге де үлкен ықылас білдірді. Адамның пайда болуы, әлем туралы көптеген сұрақтар қойды.

Осындай ата-аналар жиналыстарын біз жүйелі түрде, оқу жылы ішінде қырықтан астам рет өткіздік.

Дінге сенетін адамдармен жұмыс жүргізу біліміңді әрдайым толықтырып отыруға мәжбүр етеді. Атеистік қызметте мен ғылыми әдебиеттерді «Наука и религия», «Знание — сила», «Наука и жизнь» және басқа журналдарды тұрақты пайдаланамын. Адамдардың да осындай кездесулерге әзірленіп, сұрақтарды бірлесіп ойластыратынын аңғардым. Оның ішінде күрделі, шытырман сұрақтар да болады. Менің қағидам — ақырына де-

Digitized by Google

йін ашық әңгімелесу. Бірақ келесі кездесуді әрдайым сұраққа жауап беруден бастаймын. Тағы да қайталап айтамын: біз өзімізге келген адамның балалары мен немерелерінің мектептегі істері туралы да әрдайым әңгімелеп отырамыз.

...Біздің селомызда Палеевтер семьясы тұрды. Ата-аналары дінге қатты сенетін адамдар еді. Біз олардың қызы — өзіміздің оқушымыз Любаның тағдыры үшін қатты алаңдадық. Онымыз тегін емес екен: діни ықпал қызды шырмай бастады.

Ата-аналарымен әңгімелестік, әйтсе де ең басты жауапкершілікті біз мектеп коллективіне, пионер дружинасына, комсомол ұйымына жүктедік. Олар жас қызды қоғамдық өмірге тарта білді. Педагогтар осы жұмыста шебер бағыт-бағдар беріп, Любаның оқуына сергек және ұқыпты қарады. Сабақтағы табыстары, көркөмөнерпаздар үйірмесіне қатысу, спорт оқушының өзіне деген сенімін арттырып, оны нығайтты. Ата-аналары да мектептің қызына тек қана көмектесетінін тез түсініп, оған кедергі жасамады. Люба комсомол қатарына қабылданды, мектепті жақсы бітірді. Жуырда Любовь Палееваның медицина институтын бітіріп, біздің облыстың бір селосында дәрігер болып жұмыс істейтінін біліп, қуанып қалдым.

Жеке адамның қалыптасуы — күрделі де жауапты процесс. Осы кезеңде жасөспірімнің қасында сенімді де талап қойғыш ақылшысы, қайырымды жолдасы, жақсы коллективі болғаны өте маңызды. Егер бозбала немесе қыз діни ортада өмір сүрсе, олардың ролі ерекше артады. Люба Палееваның оқиғасы адамға әрдайым қол ұшын беруге болатынын тағы бір рет дәлелдеді, бірақ оның дер кезінде көрсетілгені дұрыс. Бірде мен жоғары класс оқушылары арасында шағын анкета тараттым, онда «Сендер адам қандай жағдайда құдайға сене бастайды деп ойлайсыңдар?» деген сұрақ та болды. Балалар бұл сұраққа өте дәл жауап берді: «Егер адам жалғыз болып, басына қайғы түссе, сол кезде шіркеуден жиі көмек сұрайды».

Несі бар, мұндай да болады. Оның үстіне егер шіркеу қасында болса. Селолық совет те, жұртшылық та, мектеп те қайғыға ұшыраған жалғыз басты адамдарға көмек көрсетіп, оларды село өміріне тартады. Советтік әдет-ғұрыпты енгізеді.

Бұл істе тікелей табысқа жету қиын, өйткені бұл жерде әңгіме адамның терең сезімдері туралы болып отыр, ал оған дақ түсіруге болмайды. Міне, сондықтан да Лебяжье селолық Советінің председателі Владимир Иванович Островноймен бірге біздің селода ескі түсіру күнін алғаш рет өткізуге ерекше ұқыптылықпен әзірлендік.

Зират басына көп халық жиналған кезде шағын қаралы митинг болды. Адамдар біздің селоны Қызыл қамалға айналдырып, жыртқыш аң сияқты колчактықтарға қарсы жан аямай күрескен Совет өкіметінің қорғаушыларын, 20-шы жылдардың соңында құрылған біздің колхозды ұйымдастырушыларды және Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерді құрметпен еске түсірді. Бертінде қайтыс болған колхоз еңбеккерлері туралы да жылы лебіздер айтылды. Ал шіркеу қызметшілері бұл күні село тұрғындарының арасынан орын таппады.

Содан бері Еске алу күні ұдайы өткізіліп тұрады. Басқа советтік әдет-ғұрыптар — комсомол тойлары, балаларға ат қою күндері, қысты шығарып салу, т. б. өмірден берік орын алуда. Соңғы жылдары Лебяжье мен біздің селолық Советтің құрамына кіретін селолардың бірде-бір тұрғыны шіркеуде некеге тұрып немесе шоқынған жоқ. Селоның 50 жастан төмен бірде-бір тұрғыны дұға оқуға бармайды.

Әрине, атеистік жұмыста бірыңғай шаралармен оңай табысқа жете қоймайсың. Мысалға діни ғұрыптарды алайық. Олардың көпшілігінің сан ғасырлық тарихы бар, оның үстіне олардың діни ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік негізі бар. Осындай құбылыстардың ұзақ сақталып келе жатқаны жөнінде үндемей қалуды дұрыс емес деп есептеймін. Сондықтан да оқушыларға пасха, басқа да діни мерекелердің мәнін түсіндіремін. Оларды дінге сенетін адамдардың нанымдарына әдеппен қарауға үйретемін.

...Орта мектепте еңбек еткен жылдарымда қызық адамдармен, өз ісінің нағыз шеберлерімен көп кездестім. Біздің Лебяжье селомыздың атағы ерлік тарихымен, тамаша еңбеккерлерімен шыққан. Және біздің мектеп өмірі де селолықтардың күнделікті қам-қаракетімен тығыз байланысты. «Красная крепость» колхозында мектеп оқушылары еңбектің алғашқы сабақтарын алады. Оқушылардың өндірістік бригадасына 30 гектар совхоз жері бекітілген.

Лебяжьеде еліміздің болашақ иелері өсіп келеді. Біз олардың өздеріне сенімді болып, тіршілік тізгінін берік ұстағанын көргіміз келеді. Осыны жүзеге асыру үшін біздер, олардың педагогтары, тәлімгерлері көп жұмыс атқаруға міндеттіміз. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасын жүзеге асыруға қатыса отырып, ең алдымен жас ұрпақтың бойына коммунистік сенімді, еңбексүйгіштікті, рухани тазалықты дарытамыз, балаларды көпұлтты социалистік Отанымызды сүюге және оны қорғауға әзір тұруға тәрбиелейміз.

Үлкен істер атқаратын адамдар өмірінде тіршілікке енжар қарайтын дінге орын жоқ.

Солтүстік Қазақстан облысы.

Digitized by Google

Жаңа басылымдар

«МЕЛОДИЯ» ТҮСІНДІРЕДІ

Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасы «Ғылыми атеизм негіздері» пластинкаларының сериялары шығара бастады. «Мелодия» грамзапись фирмасы Бүкілодақтық студиясы қоғамдық-саяси және деректі әңгімелерді жазу редакциясының меңгерушісі Людмила Гавриловна Гаврикова пластинкалар сериясын шығару жұмысының қалай жүргізілгені туралы әңгімелейді.

— Людмила Гавриловна, бұл серия кімдерге арналған?

— КПСС Орталық Комитетінің «Плакат» баспасы бұдан бір жыл бұрын бізге партиялық оқу жүйесі үшін «Ғылыми атеизм негіздері» деген жалпы атпен пластинкалар сериясын шығаруға заказ берді. Сондықтан да пластинкалар ең алдымен лекторларға, насихатшыларға, үгітшілерге арналуда. Серияда еліміздегі дін мен шіркеудің жайы, қазіргі кезеңдегі атеистік тәрбиенің міндеттері туралы мазмұнды әңгіме қозғалады.

— Серияға қандай тақырыптар енді?

— Мысалы, СССР Министрлер Советі жанындағы дін істері жөніндегі совет председателі В. А. Куроедов «СССР Конституциясы ождан бостандығы және совет заңдары діни культ туралы», Ғылыми атеизм институтының аға ғылыми қызметкері, философия ғылымының кандидаты Ю. Б. Пищик «К. Маркс пен Ф. Энгельс атеизм және дін туралы», ал осы институттың әлеуметтік лабораториясының меңгерушісі, философия ғылымының кандидаты Р .А. Лопаткин «Социалистік ғұрыптардың діни дәстүрлер мен салттарды жоюдағы ролі», КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясы Ғылыми атеизм институты директорының орынбасары Э. Г. Филимонов «Діннің қоғам мен жеке адам үшін залалы туралы» деген тақырыптарда сөз сөйлейді.

Серия жеті пластинкадан тұрады. Әрбір дискі — шамамен бір сағаттық академиялық лекция. Оларды оқу үшін аса білікті дикторлар шақырылды. Серия бес мың дана тиражбен шығарылуда. Біздің солар туралы насихатшылардың пікірін біліп, сын-ескертпелерін естігіміз келеді.

БАҒАЛЫ ҚҰРАЛ

Идеология активі бағалы құралға ие болды. Саяси әдебиет баспасынан «Атеистік тәрбие. Сұрақтар мен жауаптар»[1] жинағы шықты. Ол үгітшілер мен насихатшылар атеистік лекциялар мен семинарларда анағұрлым жиі сұрайтын, ал оларға партия және совет қызметкерлері, ғалымдар жауап беретін сұрақ жауап формасында берілген.

Жинақта атеистік тәрбиенің барлық негізгі бағыттары ашылып, түрлі республикаларда қалыптасқан тәжірибелер жинақталған. Ол, сөз жоқ, практикалық жұмыста қолданылады.

Мәселен, активистер Молдавия партия ұйымдарындағы атеистік тәрбиені жоспарлау тәжірибесімен, Латвиядағы атеистік жұмыс жөніндегі советтер жұмысымен танысады. Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің секретары Қ. А. Аманбаев атеист кадрлармен жұмыс жүргізу тәжірибесі туралы әңгімелейді. Кітап оқырманды еңбек коллективіндегі, әйелдер, жастар, мектеп оқушылары арасындағы, дінге сенушілермен жекелеген жұмыстағы атеистік тәрбие методикасымен қаруландырады. Бөлімдердің бірі социалистік әдет-ғұрыптың атқаратын роліне арналған. Активистер Калуга облысындағы нақты социологиялық зерттеулер жүргізу практикасымен таныса алады. Кітапта тексеру барысында қойылған анағұрлым маңызды сұрақтар келтіріледі, зерттеулер жүргізу принциптері көрсетіледі.

Тәжірибені жинақтау негізінде бүгінде баспасөздің, радио мен телевизияның, клубтардың, кітапханалардың, музейлердің назарын атеистік тәрбиенің қандай бағыттарына аудару қажет екені көрсетіледі.

Жинақтың «Қазіргі идеологиялық күрес және дін», «Совет заңдары діни культ туралы», «Біздің еліміздегі негізгі діни бағыттар» және тағы басқа бөлімдері насихатшылардың, үгітшілердің, атеистік тәрбиені ұйымдастырушылардың тікелей ықыласын туғызады.

Жинақта марксизм-ленинизм классиктерінің, көрнекті партия қайраткерлерінің дін және атеистік тәрбие туралы айтқан пікірлерінің топтамалары, партия мен үкімет қаулыларынан үзінділер берілген. Бірқатар қоғамдық мерекелер мен салт-жораларға сипаттама берілген.

Атеистік тәрбие. Сұрақтар мен жауаптар. Құрастырушы В. М. Кувенева. Жалпы редакциясын басқарған В. П. Поляничко. М., Саяси баспа, 1983.

Digitized by Google

МЕКТЕПКЕ — АЛТЫ ЖАСТАН

Мектепте балаларды алты жастан бастап оқытуға көшу қандай жағдайға байланысты болды және біздің республикамызда осыған әзірлік қалай жүргізілуде?

З. ДМИТРИЕНКО,
Қарағанды қаласы.

Қазақ ССР Оқу министрінің орынбасары Ә. К. ҚАНАФИН сұраққа жауап береді.

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасы қарастырған алты жастан бастап оқытуға ауысу қиын, әйтсе де өте-мөте қажетті іс. Қаптаған оқу информациясын толық көлемінде ойдағыдай меңгеру үшін балалардың ең алдымен тез оқуға, жазуға және есептеуге жаттығуы қажет. Мысалы, орта мектеп оқушыларының минутына 150—160 сөз оқуы керек.

Осындай дағдыны бастауыш мектептің өзінде-ақ қалыптастыру қажет. Ол, бейнелеп айтқанда, кейін оқушылардың орта және жоғары кластардың программасын жеңіл оқып-үйренуге мүмкіндік беретін қуатты трамплин ретінде қызмет етуге тиіс.

Балаларды оқу процесіне бір жыл бұрын қоса отырып, мектеп балалардың алты жасар кезінде ояна бастайтын және оның жеке адамның үйлесімді дамуы үшін орасан зор маңызы бар барлық қабілетін толық, жан-жақты дамытуға анағұрлым қолайлы жағдай жасау үшін қосымша уақыт резервін алады.

Реформада қарастырылғанындай, бастауыш мектеп үш жылдықтың орнына төрт жылдық мектеп болады: бірінші класта жеті жастағы балалардың орнына алты жастағылар оқиды, олардың жас айырмашылығы онша емес — бірақ жыл, немесе одан да аз. Алайда шын мәнінде алты және жеті жастағы балалар психикалық және физиологиялық ерекшеліктері жағынан бір-бірінен тым ерекшеленеді. Ең алдымен алты жасар балаларға оқыту үшін маңызды жүйелердің толық дами алмауы тән. Бұл жерде организмнің сыртқы қолайсыз жерге жоғары сезімталдығын анықтайтын орталық нерв жүйесі, көру және есту анализаторлары, тірек-қозғалыс жүйесі туралы әңгіме болып отыр. Халық ағарту қызметкерлері де, ата-аналар да осының бәрін ескеруі қажет.

Бастауыш мектепті қайта құруға әзірлік бұдан үш жыл бұрын басталды, онда барлық одақтас республикаларда балаларды 6 жастан бастап оқытуға біртіндеп ауысу үшін алғы шарттар жасау жөнінен экспериментті жұмыс жүргізілді. 1981 жылы тәжірибе ретінде Алматы, Талдықорған, Жамбыл облыстарында және Алматы мен Қарағанды қалаларында жалпы білім беретін мектептердің 12 дайындық класы мен бала бақшалардың 12 ересек балалар (даярлық) тобы осындай оқыту жүйесіне көшірілді. Биылғы оқу жылында олардың саны бірнеше есе өсті.

Ы. Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары республикалық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлерінің және авторлар коллективтерінің күшімен қазақ және ұйғыр тілдерінде программалар, оқу және методикалық әдебиеттер құрастырылды. Олар үшін «Әліппе», «Әліппе сергі», «Жазу үлгілері», «Русский язык в картинках», «Суретті математика» оқулықтары мен құралдары шығарылды.

Экспериментті даярлық кластарында және топтарында жұмыс істеуге тура келетін мұғалімдер мен тәрбиешілер үшін жыл сайын жаз айларында мұғалімдер білімін жетілдірудің Орталық институт жанында қайта даярлау курстары өткізіледі.

Эксперимент нәтижелері көптеген маңызды сұрақтарға жауап табуға мүмкіндік берді. Демек, балалардың басым көпшілігі программалық материалды табысты меңгеретіні, ал алты жастағы балалардың ықыласпен оқитыны анықталды. Экспериментті кластар мен топтарды бітірген балалар өздерінің басқа тетелестеріне қарағанда бірден көзге түседі. Олар анағұрлым жетілген, тәртіпті, ынтызар әрі қайырымды болады. Балалардың осы және басқа да жағымды қасиеттерінің одан кейінгі кластарға көшу барысында сақталуы және еселене түсуінің маңызы бұдан кем емес.

Демек, бұл үшін режимді, оқу сабақтарын демалыспен ұтымды алмастыруды нақты қадағалау, балалардың жеткілікті жоғары қозғалыс белсенділігін (уақыттың 50 процентіне дейін) және нәрлі тамақтануын қамтамасыз ету қажет.

Осы жайында сөз ете отырып, балалардың мектепте атқаратын жүктелімнің барлық түрлері ішінде ол үшін ең қиыны — белгілі бір уақыт ішінде қозғалмай отыру қажеттігі екенін атап өту маңызды. Сондықтан да алты жастағы балалармен жұмыста үзілістерде дене шынықтыруға, қимыл ойындарына, сабақ барысында динамикалық паузаларға, екі-үш сабақтан кейінгі спорт

Digitized by Google

Үстіміздегі ғасырдың соңы мен келешек ғасырдың басындағы орасан зор міндеттерді бүгінде мектеп партасында отырғандар шешетін болады. Олар Ұлы Октябрьдің ісін жалғастыратын болады, олардың иығына елдің тарихи тағдыры үшін, қоғамның жан-жақты прогресі, оның коммунистік құрылыс жолымен ойдағыдай ілгерілеуі үшін жауапкершілік артылады.

«Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының Негізгі бағыттарынан».

сағатына көп уақыт бөлінуге тиіс, ол жұмыс қабілетінің әлсіреуін тоқтатуға көмектеседі. Егер алты жастағы балалар оқитын мектепте осындай жағдайлар жасалса, онда олардың денсаулығы мен өсу жағдайына мектеп істерінің қолайсыз ықпалы байқалмайды.

Мұнда көп нәрсе ата-аналарға да байланысты. Алты жастағы оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер және гигиеналық дәрігерлер ата-аналарға балалардың күн тәртібін қатаң бақылауға үйретуді ұсынады. Режим заңға айналған семьяларда балалар әрдайым жақсы оқиды, сонымен қатар спортпен де, музыкамен де айналысуға уақыт табады. Балалар кемінде 10 сағат ұйықтап, үй жұмысында ата-аналарына көмектесетіндей ету қажет. Кейбір балалардың бос уақытының көпшілігін телевизордың алдында отырып өткізетін зиянды әдеті жөнінде де айтпай кетуге болмайды. Төменгі класс оқушыларына телевизиялық хабарларды аптасына екі реттен артық қарамауға және мұның өзінде оның сағат жарымнан аспауына ұсыныс жасалады.

Міне, осының барлығы төменгі класс оқушыларының сабақты жақсы оқуының қажетті шарттары. Оның бәрі ең алдымен семьяға байланысты.

Дайындық класында табыспен оқу үшін көп нәрсені тез арада игеріп алу қажет. Бұл өзін ұстай білу, кітапты пайдаланалу, сондай-ақ оқулық заттарын қолдану жөніндегі дағдылар. Сондықтан педагогтар балаларды бірте-бірте мектеп ережелеріне үйрету үшін әрбір қолайлы жағдайды пайдаланулары қажет.

Балалар үшін күрделі оқу еңбегінің көңілді ахуал жағдайда өтуіне, оның ынтымақтастыққа тартылуына, ал мұғалімнің өзінің балалардың қуаныштары мен реніштеріне ортақтасу сезімін көрсетуіне ұмтылудың маңызы зор.

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттары балаларды алты жасынан бастап оқытуды енгізе отырып, жалпы білім берудің жаңа құрылымына біртіндеп ауысуды жүзеге асыруды қарастырады. Қазақ ССР-інде 1986 жылы жалпы білім беретін мектептерде алты жастағы балалардың 44,5 проценті, 1990 жылы — 72,6 және 1993 жылы 100 проценті оқитыны анықталды. Осының барысында ең алдымен селолық жерлердегі алты жасар балалар жалпы білім беретін мектептердегі оқумен қамтылатын болады.

Алғашқы кезеңде алты жастағы балаларды оқыту мектептердегі сияқты, бала бақшалардың ересек балалар топтарында да бірыңғай программа бойынша жүргізіледі. Сабақтарды мектеп мұғалімдері жүргізуге тиіс. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері жанынан ашылған әрбір класс территориялық орналасуы тұрғысынан таяу мектепке бекітіледі, бірінші класты бітіргеннен кейін балалар бүкіл коллективімен соған ауысуға тиіс.

Қажетті материалдық оқу базасын жасау балаларды алты жастан бастап оқытуға ауысу үшін маңызды шарт болып табылады. Жер-жерде мектеп үйлерін қайта құру, оларға жапсарлас қосымша жаңа құрылыс салу жөнінен үлкен жұмыстар жүргізу талап етіледі. Алты жастағы балаларға ойын және демалыс, дене шынықтырумен айналысатын, ал әлжуаз балаларға ұйықтайтын бөлмелер қажет.

Алдын-ала жасалған есептеулер бойынша, 1986 жылдың өзінде қосымша 88 мың оқушы орыны талап етіледі. Бастауыш кластардың 1800 мұғалімі мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің 3300 тәрбиешісін даярлау қажет. Мектеп үйлерінің типтік жобаларын өзгерту туралы мәселені шұғыл шешуге тура келеді, ол даярлық кластары мен ұзартылған күн топтарындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін ескеруге тиіс. Алты жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мектеп мебелін жасау туралы мәселе де жедел шешуді талап етеді.

Біздің республикамыз территориясының кеңдігі, елді мекендердің бір-бірінен қашықтығы шағын мектептердің көпшілігін (бастауыш мектептердің жалпы санының 70 процентіне дейіні) сақтауды талап етеді. Мұның өзі, өз тарапынан, «мектеп — бала-бақша» деген жаңа типті мекемені құру қажеттігін тудырады. Селолық елді мекендердегі осындай мекемелер шағын мектептер мен бала бақшаларда балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі жұмысты жақсартуға, ағарту жүйесінің осы екі буыны арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге көмектесуге міндетті.

Көріп отырғаныңыздай үлкен жұмыстар атқаруға тура келеді. Және оның табысты болуы көбіне мұғалімдердің, ата-аналардың, еңбек коллективтерінің және бүкіл жұртшылықтың бірлескен күш-жігеріне тәуелді.

Digitized by Google

Халықаралық өмір мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

РОБОТТАР: ҚОЖАЙЫНДАРҒА — ПАЙДА, ЖҰМЫСШЫЛАРҒА — ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

Біздің ширақ дәуіріміздің не жаңаның бәрі кенеттен пайда болады. Транзисторлы радиоқабылдағыштардың өзінің жаңалық болғаны кеше ғана еді, енді қазір кассетті видеомагнитофондар дүниеге келді. Бұдан 20 жыл бұрын «биотехнология» деген сөзді ешкім естімеген еді. Роботтар да ол кезде фантастикалық романдар беттерінде ғана айтылды. Енді міне орныққан көріністерді елеусіз түрде өзгертіп, бір позициядан соң екіншісін жеңіп ала отырып, олар адамдар ортасынан бір-ақ шықты.

Адамзат механикалық көмекшілер туралы, демек, ертеде-ақ армандады. Көне қиссалар мен аңыздарда өздерінің барлық бұйрықтарын орындайтын, адамға ұқсас машиналар жасаған ақылды сиқыршылар туралы әңгімеленді. Осындай «сиқыршылардың» кейбіреуі шынында да болды. Орта ғасырлық епископ А. Магнустың үйіндегі күзетші-автомат, XVIII ғасырда француз жаңашылы Жак де Вокансон құрастырған сырнайда ойнаған «тірі» бақташы туралы әңгімелер бізге жетті.

Алайда қазіргі заманғы роботтар ежелгі «бабаларына» қарағанда адамдарға мүлде ұқсамайды. Және олар ең алдымен завод цехтарында пайда болды, онда бұрын адамдар орындайтын әртүрлі жұмыстарды атқарады. Сондықтан да оларды өнеркәсіптік роботтар немесе автоматты манипуляторлар деп атайды. Өнеркәсіптік роботтарды дүние жүзілік өндіру келесі он жылдықта жыл сайын 30—35 процент өседі деп есептейді. Бүгінде капиталистік дүниеде олардың басым көпшілігі басқа елдерді, оның ішінде АҚШ-ты басып озған Жапонияда жұмыс істейді.

Өнеркәсіптік роботтар дегеніміз не? Олар — жылжымалы немесе жылжымалы «аяқтары», механикалық қысқыштары бар, өңдеуші құрал-саймандармен, сезімтал аспаптармен, қуат жетектерімен жарақтанған және басқарушы электронды- есептеу машинасының бақылауымен жұмыс істейтін тым күрделі қондырғылар. Және олар өте қымбат тұрады.

Ендеше олардың өнеркәсіптегі қысымы сонша неліктен күшті.

Бұрынғы автоматты жабдықтардан олардың бір орасан зор артықшылығы бар. Ескі автоматты желілер өнімнің бір түрін жаппай шығаруға бағытталған еді. Ал роботтар түрлі өндірістік операцияларды атқара алады — ол үшін қайсыбір программаны басқарушы электронды есептеу машинасына енгізіп, олардың «қолындағы» құралды ауыстыру жеткілікті. Сөйтіп олар дәнекерлеу, құю, темір соғу, сырлау, құрастыру, тиеу-түсіру жұмыстарын орындайды. Бүгінде Батыс елдерінде олардың көпшілігі автомобиль, тоқыма, электр-техника өнеркәсіптерінде шоғырланған. Әйтсе де басқа салалар да олармен тез жарақтана бастады. Операцияларды дәлме-дәлдікте және тиянақты орындау, еңбек өнімділігі жөнінен адамдар арасында, тіпті өте білікті жұмысшылар болса да, оларға тең келетін ешкім жоқ. Роботтар шаршау дегенді білмейді.

Сонымен бірге лабораториялар мен конструкторлық бюроларда олардың жаңа, аса жетілдірілген үлгілері жасалуда. Олар «сезім» органдарының мүшелерімен толығынан жабдықталуда және олар көреді, естиді, сезінеді. Және олар адамның сезім органдарының эквиваленттері емес, роботтың «көзі», мысалы, инфрақызыл және ультракүлгін сәулелерді сезініп, микроскоп, телескоп немесе радиолокатор сияқты «көріп», өте жылдам процестерді аңғара алады.

Адамзаттың өнеркәсіптік өндірістегі елеулі өзгерістер қарсаңында тұрғанында күмән жоқ. Ауыр, қиын жұмыстан босаған адамдар өздерінің творчестволық мүмкіндіктерін толық мөлшерде пайдаланып, өздерін анағұрлым лайықты еңбекке арнайтын перспективалар өте айқын елестейді.

...Бірақ Батыста өндірісті роботтандыру жөніндегі қаптаған дауыстардан ешқандай оптимизм естілмейді. Керісінше, онда үрейлі ескертулер барған сайын қаттырақ айтылуда. Істің мәнісі неде?

Өнеркәсіптік роботтардың пайда болуына байланысты капиталистік системаның негізгі қарама-қайшылықтары, өндірістік қатынастардың қоғамның өндіргіш күштерінің сипатына толық сәйкессіздігі анағұрлым айқын көзге түсуде. Капиталистік кәсіпорындар қожалары өз заводтарының цехтарын роботтармен жарақтандыра отырып, өздеріне енді қажеті жоқ адамдарды жұмыстан шығара салады. Олардың күні не болады — онда ешкімнің ісі жоқ.

Американдық «Ю. С. ньюс Энд Уорлд рипорт» журналының деректері бойынша, 1980 жылдан 1982 жылға дейінгі кезең ішінде АҚШ-тың ұқсатушы өнеркә-

Digitized by Google

сібінде екі миллион жұмыс орны жабылды. «Өндірісті 1981—1982 жылдардағы дағдарыс салдарына сәйкес жаңғырту өнеркәсіптің автомобиль, шойын құю және тоқыма сияқты негізгі салаларында еңбек ететін жұмысшылар санына зиянды әсер етуде», — деп жазды жуырда осы журнал. Бұған, басқа деректер бойынша, осы уақыт ішінде автомобиль өнеркәсібінде ғана 200 мыңнан астам жұмысшының саланың бүкіл жұмысшы күшінің 19 процентті жұмыс орнынан айырылғанын қосуға болады.

Американдық экономист Э. Карневейлдің атап көрсеткеніндей, мұның барысында өздерінің орнын автоматтар алмастырған жұмысшылар тым құлдырап кетті — олардың тұрмыс дәрежелері күрт төмендеуде. «Мен луддиттердің рухын қайта тірілтуді және микрожобаларды талқандай бастауды ұсынбаймын, — дейді американдық кәсіподақтар басшыларының бірі Г. Сэмюэл, — бірақ біз жұмыс орындарының жойылуынан, бірыңғай инженерлермен және қоқыс жинаушылармен қаламыз ба деп қауіптенеміз».

Карнеги-Меллон университетінің мамандары есептегеніндей, 1990 жылға дейін автоматтандырудың басқа формаларымен қатар роботтарды өндіріске енгізу үш миллионға жуық американдық жұмысшыны жұмыстан шығаруға, ел ішінде алмастыруға және қайта даярлауға әкеп соғады. «Біз адамдар тауарлардың негізгі түрлерін жасауға қатыспайтын өндірісті ұйымдастыруға келе жатырмыз», — бұл АҚШ-тың Ұлттық стандарттар бюросынан робот техникасы жөніндегі маман Дж. Альбустың пікірі.

Иә, дабыл қағарлықтай негіз бар. Нью-Йорктың «Пэрэйд» журналы былай деп жазады: «Тұтасынан бір ұрпақ тіршілік ету қаражатынсыз қалуы мүмкін». Бірақ өнеркәсіп алпауыттарының мұнда шаруасы қанша! Қатаң бәсеке күресінде бір-бірінің алқымынан алып жатқан олар «философиялық тірі қалу» рухында ойланады. Батыс германиялық «Гео» журналы жазғанындай, тілшісі Шварцвальд қаласынан тоқыма фабрикаттарының бірімен әңгімелескен, соңғысын жалақыға оның ақша айналымының ~ проценті жұмсалатыны толғандырады, ал оның «экзотикалық» елдердегі бәсекелестері көп дегенде 15 процентін ғана береді. Сондай-ақ Батыс дүниесінің «технократтары» да, роботтандырудың идеологтары мен энтузиастары да қақпа сыртында қалған адамдар тағдырына арсыздықпен қарайды. «Сіз кейде жұмыссыз қалған адамдардың сыртыңыздан қадала қарауын сезінесіз бе? Демек олардың өзі екі жарым миллион адам ғой», — деп сұрады солардың бірі, робот техникасы жөніндегі белгілі батысгерманиялық маманнан. «Роботтарды басқарушы электронды-есептеу машинасы үшін программаларды талдап жасаушының оның салдары туралы ойлануының қажеті жоқ», — деп салқынқандылықпен жауап берді ол.

Батыста роботтандыру нәтижесінде

Жаңа кітаптар

«Көрнекі. Нақты. Жедел.»

Көрнекі үгітті жетілдіру жөніндегі республика партия ұйымдарының тәжірибесін жинақтаған жинақ осындай атпен «Қазақстан» баспасынан шықты. 1983 жылы өткен көрнекі үгітті ұйымдастырушылар мен безендірушілердің республикалық семинар-кеңесінің материалдары оның негізін құрайды.

Кітап Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Г. М. Шестаковтың мақаласымен ашылған, онда идеологиялық қызметтің осы жауынгерлік учаскелерінің біріндегі жағдайға талдау жасалады.

Мақалаларда Шығыс Қазақстан облысы партия ұйымдарының көрнекі үгіт құралдарын совет адамдарын социалистік интернационализм мен СССР халықтарының туысқандық достығы рухында тәрбиелеуде пайдалану, Солтүстік Қазақстан облысының — еңбек белсенділігі мен социалистік жарысты дамыту, Алматы облысының — социалистік еңбек тәртібін нығайту, Қостанай облысының — Азық-түлік программасын насихаттау және орындау, Жамбыл облысының — советтік өмір салты мен адамгершілік тәрбиесін жетілдіру жөніндегі тәжірибесі көрсетілген.

Оқырмандар Қазақстанның жетекші кәсіпорындары — Қарағанды металлургия комбинатында, «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінде және басқалардағы үгіт-көркем безендіруді ұйымдастырумен танысады.

Құрастырушылардың саяси-ағарту үйлері мен кабинеттерін, клубтарды, мәдениет демалыс парктерін, үгіт пункттері мен жазғы үгіт алаңдарын безендіру жөніндегі жұмыстың ерекшеліктерін көрсетуге ұмтылуы мақтауға тұрарлық. Жекелеген мақалалар жоғары оқу орындарындағы, кәсіптік-техникалық училищелердегі, жалпы білім беретін мектептердегі көрнекі үгіт тәжірибесіне арналған.

Сонымен қатар ұйымдастырушылар мен безендірушілер Алматыны мерекелік безендіруге, Қарағандының алаңдары мен көшелерін безендіру жүйесіндегі монументті формаларға және ірі ауқымды декоративті аялдамаларға, Павлодар алюминий заводында модульді қондырғыларды пайдалануға, Целиноградта безендірушілер кадрларын даярлау тәжірибесіне арналған мақалалардан қызықты материал таба алады.

В. КОСТРОВ.

Digitized by Google

жабылған жұмыс орындарынан көбірек жұмыс орны құрылатын болады деп дәлелдеуге әрекеттенуші оптимистер де бар. Кейбір жұмыс орындарының жасалып жатқаны рас. Жаңа техникалық жабдықты қамтуға, реттеуге, жөндеуге, бақылауға байланысты кәсіптер пайда болуда; программашылар көптеп талап етілуде. Игілік елесі осылай пайда болады. Бірақ жаңадан құрылған жұмыс орындары бұрынғы жабылған орындардың орнын толтыра алмайды және жаңа жұмыс орындарының көпшілігі қазір жалақы өте нашар төленетін қызмет көрсету саласында құрылуда. Және мамандардың алдын-ала болжауынша, роботтар қоқыс жинаушылар, автоматты аспаздар, ыдыс жуушылар, почта тасушылар т. б. міндеттерін де таяу арада «өз қолына алады». Сол кезде бұл салада да жағдай бұрынғыдан да бетер күрт өзгереді.

Шетелдік мамандар 2000 жылға қарай капиталистік дүниеде автоматтандыру және роботтандыру салдарынан өнеркәсіпте 10—15 миллион және қызмет көрсету саласында да соншама жұмыс орнының жабылуы мүмкін деп есептейді. Француздың «Монд» газеті жуырда былай деп жазды: «Роботтар ауқаттылар өкіметінің қазіргі заманғы бейнесіне айналды. Олар өз қожаларына құл ретінде қызмет етеді. 80-ші жылдардың соңына қарай қол жеткен техниканың даму дәрежесінің өзінде роботтар өз қожаларын «көріп», олардың әділдігі мен билігіне ешбір күмән келтірместен әңгімелесе алатын болады. Робот техникасының барған сайын көптеп таралуы әлеуметтік өзекті проблемалардың бірде-біреуін шеше алмайды. Керісінше, мұның өзі қазіргі әлеуметтік қарама-қайшылықтардың бұрынғыдан да күшті шиеленісуіне әкеп соғады».

Мұндай бағалаумен келіспеу қиын.

Роботтар капиталистік кәсіпорындардың цехтарында енді ғана пайда бола бастаған кезде жұмысшылар, әдеттегідей, оларды ықыласпен, жылы шыраймен қарсы алды. Жапонияда оларға тіпті атақты актерлердің, эстрада әншілерінің есімдерін, гүл аттарын берді. Бірақ іс неғұрлым алға қарай жылжыған сайын, жұмыс орындарында роботтар неғұрлым көбейген сайын еңбекшілердің роботтар өздеріне тек қана жаңа ауыртпалық әкеледі деген түсінігі солғұрлым белсенді өсіп келеді. Қожайындарына үстеме пайда табуына көмектесетін тиімді робот жұмысшы табына үнемі қауіп төндіруде, біреулерді қайыршылық күйге душар ете отырып, кәсіпорын қақпасының сыртына шығарып тастайтын, ал енді біреулерді өсіп келе жатқан жұмыссыздық қаупінен бел жазбастан істеуге «машиналық» режимде, шектен тыс дене еңбегімен және нерві-психикалық зорлықпен жұмыс істеуге мәжбүр ететін қанаушылық системасында қосымша пресске айналуда. «Біздің елімізде, — деді СОХИОның (Жапониядағы аса ірі кәсіподақ бірлестігі) бас секретары Э. Магара совет журналисімен әңгімесінде, — өндірісті роботтандыру және компьютериза-

НОЯБРЬ АЙЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР

1 — Алжирде ұлттық-демократиялық революцияның басталғанына 30 жыл (1954).

— Бұдан 45 жыл бұрын (1939) СССР Жоғарғы Советі Батыс Украинаны СССР құрамына енгізіп, оны Украин ССР-іне қосу туралы заң қабылдады.

2 — Бұдан 45 жыл бұрын (1939) СССР Жоғарғы Советі Батыс Белоруссияны СССР құрамына енгізіп, оны Белорус ССР-іне қосу туралы заң қабылдады.

6 — В. И. Ленинің «Совет өкіметі және әйелдің жағдайы» деген мақаласының жарияланғанына 65 жыл (1919).

7— Ұлы Октябрь социалистік революциясына 67 жыл.

8 — 1917 — Советтердің Бүкілроссиялық II съезі бүкіл өкімет билігі Советтердің қолына өткенін жариялады. Съезд Бітім, Жер туралы декреттер қабылдап, тұңғыш Совет үкіметін — В. И. Ленин бастаған Халық Комиссарлар Советін құрды.

9 — Дания коммунистік партиясының құрылғанына 65 жыл (1919).

10— Совет милициясы күні.

17—1970 — Жерден басқарылып, өздігінен жүретін советтік автоматты «Луноход — 1» аппараты тарихта тұңғыш рет Айға жеткізілді.

— Студенттердің халықаралық күні.

19—Ракета әскерлері мен артиллерия күні.

20— Монғол Халық Республикасы жарияланғанына 60 жыл (1924).

28—1820 — Фридрих Энгельс туды.

29—1945 — Югославия Федерациялық Халық Республикасы (қазір Югославия Социалистік Федерациялық Республикасы) жарияланды. Югославияның ұлттық мейрамы.

— Бұдан 40 жыл бұрын (1944) Албания фашист басқыншыларынан азат етілді. Албанияның азаттық алған күні.

— 1920 — Арменияда Совет өкіметі орнады.

Digitized by Google

циялаудың жоғары дәрежеге жеткені соншалық ол жұмысшыларды автоматты механизмдер жәрдемшілеріне айналдыра отырып, оларды әбден тұралатады».

Бірақ істің мәні психикалық қосымша жүктелімде ғана емес. Американдық мамандардың байқауы бойынша, біліктілік дәрежесінің «қайғылы» түрде төмендеуі адамның роботпен бір «желіде» жұмыс істеуінің салдары болып табылады. АҚШ-та сандық программамен басқарылатын кейбір жүйелерде ақыл-ойы кемтар немесе 12 жасар баланың дамуы деңгейіндегі адамдар ғажап жұмысшы бола алады **деп есептейді.**

Сонымен қазір Батыста өте көп және ықыласпен жазылып жүрген «робот техникасының революциясы» іс жүзінде капиталдың еңбекті қатал билеп-төстеуін күшейтуге бастап келеді. Жұмысшы табы мен буржуазия арасындағы бұрыннан келе жатқан қарама-қайшылықтардың одан бетер тереңдей түсуі заңды да. Және таптық күрес шиеленісіп қана қоймай, сондай-ақ жаңа мазмұнмен толыға түсуде. Еңбекшілердің көптеген отрядтары қазір өндіріске өз бақылауын енгізу, жұмыс орнына кепілді право, ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін пайдалануда кәсіпорын иелерінің правосын шектеу туралы мәселені барған сайын жиі қоюда.

Мұқабаның үшінші бетінде

ХОККЕЙ АЛАҢЫ

Қыс жақындап келеді. Қалалар мен селоларда тұрғылықты жер бойынша спорт жұмысын ұйымдастырушылар, ата-аналар балалардың хоккей алаңдарын жабдықтауына көмектеседі. Көпшілігі оларды барлық талаптарға сай жасауға ұмтылатынын ескере отырып, біз оларды салудың ыңғайлы түрлерінің бірін ұсынып отырмыз.

Жарыс нормаларына сәйкес келетін алаңды салу мүмкін болмаған жағдайда (чертежды қараңыз) оны оңайлатуға болады, әйтсе де көлемі кемінде 25х12 метр болуға тиіс.

...Сонымен тегіс орын таңдалып алынды, сіздер алаңды жабдықтауға кірістіңіздер. Жақтауларды дайындау үшін кепкен ағаш материалдарды қолдануға болады. Тақтайлар қалыңдығы 20—40 миллиметр, ені бірдей болуға тиіс.

Жақтаулардың тез жарамсыз болып қалатын төменгі жақтарын кейін оңай ауыстыратындай етіп, тақтайларды көлденеңінен орналастырған дұрыс. Ойыншыларға арналған қақпалар сыртқа ашылады және сырт жағынан бекітіледі. Тіреу мен топсалар алаңның ішкі жағына шықпауға тиіс. Жақтауларды монтаждау үшін тірек бағаналарын дайындайды. Оларды жерге қадалатындай етіп диаметрі 50 миллиметрлік құбырдан немесе 100х50 миллиметрлік ағаштан жасауға болады.

Шеңберлі алаңның жақтауларын былай әзірлейді: тірек бағаналарын орнатқаннан кейін жақтау бойымен ие отырып, ені 200 миллиметрлік тақтайлар бекітіледі. Осы көлденең белдеулерге тақтайлар тігінен бекітіледі. Жақтаудың төменгі бөлігін алдыңғы жағынан ені 150х15 миллиметрлік тақтаймен қаптайды. Таяныштары өзара бір-біріне бекітіледі.

Қақпалардың сыртындағы қоршау торларының металдан, жіптен немесе капроннан жасалуы мүмкін. Оның торлары шайба диаметрінен кем болуы керек. Торлар құбырдан немесе ағашдан жасалған тіреуішке бекітіледі.

Чертеж бен текстті баспаға әзірлеген.
М. ӘБДІРАСЫЛОВ.

Мұқабаның төртінші бетінде: «Он бірінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындайық!» стенді (Алматы қаласы).

Суретті түсірген Е. ГАВРИЛОВ.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-07, 33-80-56,

33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. ЖҰРСІМӘМБЕТОВА.
Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.


Сдано в набор 26.09.84. Подп. к печати 11.10.84. УГ05484. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 3,52. Печать высокая. Тираж 65075 (казахское издание — 33140 экз. русское издание — 31935 экз.). Заказ 128. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ХОККЕЙ КОМАНДАСЫ



Digitized by Google
«Плакат» баспасы



Digitized by Google

Reransiyn

ҰҚЫПТЫЛЫҚ ОТАНЫМЫЗДЫ НЫҒАЙТАДЫ!



Казақстан үгітшісі

21
1984

Digitized by Google

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ



А. Ф. Раткиннің Көкшетау облысының «Рузаев» совхозында жүргізуші болып жұмыс істегеніне ширек ғасырдан асты. Егін орағында бірнеше жыл қатарынан аса үздік нәтижелерге жеткені үшін ол Социалистік Еңбек Ері атағын алды, Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды, Еңбек Даңқы ордендерінің толық иегері болды. А. Ф. Раткин халық депутаттары аудандық Советінің депутаты, цехтық партия ұйымының секретары. Науқан кезінде комбайн жүргізіп, жоғары көрсеткіштерге жетеді. Шаруашылықта оның тәжірибесі кеңінен таратылған. Көптеген жүргізушілер мен механизаторлар оған еліктеп, аралас мамандықты меңгерді.

Алексей Федорович жастардың тәжрибелі тәлімгері. Оның шәкірттерінің ішінде інілері Федор мен Николай, ұлы Анатолий бар. Олардың бәрі де озат жүргізушілер.

Суретте: А Ф. Раткин.

Суретті түсірген **С. Мағзұмов** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

21

НОЯБРЬ

1984

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Съездің шешімдерін және үстіміздегі бесжылдықтың тапсырмаларын абыроймен орындау керек — біздің күш-жігеріміз қазір осыған шоғырландырылуға тиіс. Өнеркәсіпте де, құрылыста да, транспортта да, ауыл шаруашылығында да, ғылым мен оқу саласында да, тұрмыстық қызмет саласында да, басқару аппаратында да — барлық қызметкерлердің күш-жігері керек. Көп күш-қайрат жұмсауға тура келеді, бірақ белгіленген шептер міндетті түрде алынуға тиіс. Ел мүддесі осыны талап етеді.

К. У. ЧЕРНЕНКО.

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі», № 21.

Digitized by Google

ХАЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУШЫНЫҢ БИІК АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫ

К. У. ЧЕРНЕНКО жолдастың халықтық бақылаушылардың Бүкілодақтық кеңесінде 1984 жылғы 5 октябрьде сөйлеген сөзі

Қымбатты жолдастар!

Сіздер айрықша маңызды мәселелерді — халықтық бақылауды одан әрі жандандыру, оның тиімділігін арттыру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырсыздар. КПСС Орталық Комитетінің есептеуінше, өте дер кезінде жинальдыңыздар. Оның себебі мынадай. Біз қоғамымызды басқару жүйесін құрайтын барлық буындардың жұмыс сапасына өмірдің өзі жаңа, көтеріңкі талаптарды өктем қойып отырған кезеңге қадам бастық. Ал халықтық бақылау — осы жүйенің ажыратылмайтын және, мен айтар едім, еш нәрсемен алмастырылмайтын бөлігі. Ендеше өз қызметімізді бүгінгі таңда алдымызда тұрған зор міндеттер деңгейіне көтеру жөніндегі уақыт талабының толық көлемінде сіздерге де қатысы бар.

Қуатты материалдық және рухани потенциалға арқа сүйей отырып, біз күш-жігерді өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, транспорт пен құрылыстың барлық салаларын барынша дамытуға, өндірісті интенсивтендіруді жеделдетуге, совет ғылымы мен техникасының, білім беру және денсаулық сақтау саласының, халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесінің жаңа өрлеуін қамтамасыз етуге шоғырландырып отырмыз. Қазіргі күрделі, шиеленіскен халықаралық жағдай бізді еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға, Қарулы Күштеріміздің жауынгерлік әзірлігін арттыруға міндеттейді.

Біз белгілі бір мағынада бетбұрыстық сипаты болатын шептерге таяу келдік, әңгіме біздің дамуымыздың бүкіл барысы, КПСС XXVI съезінің, Орталық Комитеттің одан кейінгі Пленумдарының шешімдері негізінде өрістетілген партия мен халықтың орасан зор творчестволық жұмысы арқылы әзірленген сапалық ілгерілеушілік туралы болып отыр.

Мұндай ілгерілеушілік толғағы жетіп, өндіргіш күштердің дамуында, оларды ғылыми-техникалық прогреске негізделген қайта құруда қажетті іске айналды. Мұндай ілгерілеусіз экономиканы басқару жүйесінде де, оны жоспарлауда да өрге баса алмайсың. Біздің шаруашылық механизмімізді елеулі түрде жақсарту қажет. Халықтың әл-ауқаты сапалық жағынан жаңа сатыға көтерілуге тиіс. Және, әрине, мұның бәрі совет адамдарының — баршаның және әркімнің саналы, мүдделі, инициативалы еңбегінсіз мүмкін болмақ емес. Демек, бұл жерде де ілгерілеу қажет: бұқараның еңбек және қоғамдық белсенділігі бұған дейінгідей жай ғана өсіп қоймай, сөздің дәл мағынасында еселене түсуі қажет.

Мұның бәрі, жолдастар, біз өзімізде орнатылған социализмді жетілдіру деп атап жүрген процестің жаңды өзегін құрайды. Қазір партияның, оның Орталық Комитетінің назары нақ осыған байланысты туындайтын проблемаларға шоғырландырылып, ойы осыған аударылып отыр. КПСС XXVII съезіне әзірлікті, партия Программасының жаңа редакциясын әзірлеу жөніндегі жұмысты бағыттап отырған басты нәрсе де, міне, осы. Демек, экономикалық және әлеуметтік дамудың кезекті бесжылдық және одан да ұзақ мерзімді жоспарларын жасау жұмысын бағыттайтын да осы.

Біз зор шешімдер қабылдап, зор жоспарларды бекітуіміз керек. Ендеше, ол-

Digitized by Google

ардың орындалуының кепілдіктері жөнінде күні бұрын қам жасауымыз қажет. Ал ол кепілдіктердің ішінде Ленинше жолға қойылған халықтық бақылауға көрнекті орын беріледі. Турасын айтайық: біздің еліміздің бұдан былайғы прогресінде халықтық бақылаудың жұмысына өте-мөте көп нәрсе байланысты. Біздің өткендегі бүкіл тәжірибеміз де, социализмнің ғылыми теориясы да осындай тұжырым жасауға міндеттейді.

Пәрменді бақылауды жолға қоюға, оған жұмысшыларды, еңбекшілерді жаппай қатыстыруға В. И. Ленинның орасан зор маңыз бергенін бәріміз де жақсы білеміз. Мұны ол партияның, Советтердің, кәсіподақтардың саяси және ұйымдастырушылық қызметінің көптеген учаскелерінің бірі деп қана білген жоқ. Лениндік ой одан әріге, тереңге үңілді. Ол халықтық бақылауды социалистік құрылыстың өз мәнімен, оның демократиялық сипатымен тығыз байланыстырды.

Көнекей, елімізде социализмнің қалыптасып, даму тарихына көз жіберіп көрейік. Осы жолдың неғұрлым жауапты әрбір бөлігінде бақылау проблемасы ылғи өзекті проблемалардың қатарына қойылып отырғанын байқау қиын емес. Октябрь қарсаңында жұмысшы бақылауы жөніндегі лениндік идея революциялық пролетариаттың жұмылдырушы ұрандарының қатарына орнықты.

Азамат соғысы мен шаруашылықтың күйзелуі жағдайында жас Совет өкіметі жаңа қоғам орнатуға кірісе отырып, Ленинның: «Есеп пен бақылау — басты экономикалық міндет міне осы...» деген нақты нұсқауымен қаруланып, сеніммен ілгері басты. Экономикада «кімді кім жеңеді» деген мәселе шешіліп жатқан жаңа экономикалық саясат жылдарында партияның таптық, шынайы халықтық бақылау жөніндегі қамқорлығы тағы да бірінші кезекте тұрды. Нақ сол уақытта, нығайып келе жатқан социалистік қоғамның ең көкейтесті қажетін білдіре отырып, Ленин «Біз рабкринді қалай қайта құруымыз керек» атты программалық маңызы бар еңбегін жазды. Лениндік идеяларға құрылған біздің бақылау, мемлекеттік және қоғамдық бақылау органдарымыздың қызметі ондаған жылдар бойы социалистік жасампаздық ісіне сүбелі үлес қосып келеді.

Баршаға айқын: табиғатында стихиялы емес, жоспарлы, ұйымдасқан бастауы бар қоғам—мұндай қоғам өзі белгілеген мақсаттардың нақты қалай жүзеге асырылып келе жатқанын жүйелі тексеріп отырмайынша алысқа бара алмас еді. Ал біз социалистік құрылыста өте алысқа ұзап кеттік. Еліміз кемелденген социализм кезеңіне аяқ басты. Біздің осыған қол жеткізуімізде халықтық бақылау едәуір және, тағы қайталап айтайын, өзінше айрықша роль атқарды.

Нақ қазіргі жағдайда, нақ кемелденген социализм кезеңінде халықтық бақылаудың праволары мен мүмкіндіктерінің едәуір кеңейіп отырғаны әбден заңды. Және, әрине, оның жауапкершілігі де арта түседі. Мұның өзі СССР Конституциясында, соның негізінде қабылданған Халықтық бақылау туралы Заңда айқын көрсетілген. Ал ең маңыздысы сол, мұның өзі біздің күнделікті мемлекеттік-басқару, шаруашылық, қоғамдық практикамызға елеулі де жемісті әсерін тигізіп отыр.

Сіздер, жолдастар, халықтық бақылаушылардың он миллион адамдық отрядының өкілісіздер. Он миллион, бұл көп пе, аз ба? Әлбетте, қыруар цифр. Ол сіздердің жұмыстарыңыздың кең құлаш жайғанына және оған қатысу шын мәнінде бұқаралық іске айналғанына айғақ болады. Бұл жақсы.

Бірақ, көнекей, қол жеткен нәрсені ғана еске алып қоймайық. Көнекей, қазіргі жағдайды социализмнің ғылыми теориясының жоғары талаптарымен салыстырып көрейік. Ленин социалистік қоғамда бақылау жұмысы шын мәнінде бүкілхалықтық іс болуға тиіс деп үйретті. Совет өкіметінің елең-алаңында, болашаққа көз жібере отырып, ол: бақылауды «әуелі жұмысшы ұйымдары, содан соң түгелдей бүкіл халық жүзеге асыруға» тиіс, деп жазды. Сонымен бірге ол «түгелдей» деген сөздің астын сызып көрсетті. Қазір де партия мәселені осылайша, ленинше қойып отыр. Нақ осы мақсатқа ұмтылу қажет. Әрбір адам — естеріңізде болсын, әрбір совет адамы — өзін халықтық бақылаушы ретінде сезінетін болуы, осынау биік азаматтық қызметке сәйкес ой толғап, қимыл жасайтын болуы қажет.

Сіздер мені дұрыс түсінесіздер ғой деп ойлаймын. Әңгіме әсте де халықтық бақылаудың мыңдаған комитеттеріндегі оның штаттарын кеңейтумен шұғылдану туралы болып отырған жоқ. Сіздерде дербес қызметкерлер, әсіресе, аудандық, қалалық буында көп емес екенін біз, әлбетте, жақсы білеміз. Бұл жерде маңыздысы цифр емес, маңыздысы — істің мәні. Ал істің мәні — халықтық бақылаудың дамытылуы социалистік демократияны тереңдетудің қажетті бағыттарының бірі болып табылатындығында.

Біздің демократия әрбір адамға өзін елдің қожасы ретінде белсене таныту жөнінде право береді және соны міндет етіп жүктейді және өз бастарыңыздан білесіздер, бақылауға қатысу осы правоны пайдалануға да, осы міндетті сезінуге де жақсылап үйретеді. Партия сіздердің жұмыстарыңызға миллиондаған жаңа еңбекшілерді қатыстыру қажеттігін қарастырғанда міне осындай басты, керек десеңіз, стратегиялық көзқарас тұрғысынан келеді. Олар тікелей аты жағынан болмаса да, өзінің қоғамдық қызметінің рухы мен мазмұны жағынан, әуелі ең болмағанда өздерінің еңбек коллективтерінің шеңберінде, нағыз

Digitized by Google

талапшыл халықтық бақылаушыларға айналатын болсын. Олар, мұны Ленинның сөздерімен айтайын — «ең қарапайым жұмыстан... бара-бара мемлекеттік істердегі маңыздырақ қызметтерге ауысатын» болсын.

Нақтылық — біздің демократияның баға жеткізгісіз сапасы. Сондықтан да партия оны нақты дамытып, тереңдетуге орасан зор маңыз береді. Орталық Комитеттің 1984 жылғы апрель Пленумы бұл мәселені қандайлық елеулі түрде алға қойғаны сіздерге жақсы мәлім. Оның шешімдері тікелей Советтердің жұмысын жандандыруға бағытталған. Бұл жердегі міндет мемлекеттік өкіметтің осынау бұқаралық органдары өздерінің барлық конституциялық өкілдіктерін іс жүзінде пайдаланып үйренуінде болып отыр. Бұл міндетті партия кәсіподақтар, комсомол, еңбек коллективтері үшін де актуальды деп санайды. Дәл сондай дәрежеде халықтық бақылау үшін де актуальды. Жалпы алғанда әңгіме халықтың социалистік өзін-өзі басқаруының жасампаздық күшін барынша кеңінен өрістету туралы болып отыр. Қоғамымыздың саяси системасын жетілдірудің мәнісі де осында. Оны социализм мұраттарына жақындату дегеніміз де міне осы.

Жалпы, жолдастар, социализмнің жоғары нормаларына теңелу бізде ережеге айналуға тиіс. Қол жеткенді бағалау кезінде оларды ұмытуға тіпті де болмайды. Бүгінгі практиканы да, болашаққа арналған жоспарларды да сонымен салғастыру керек. Ал сіздердің қызметтеріңіз үшін бұл, былайша айтқанда, бірінші парыз. Өйткені, сайып келгенде, халықтық бақылау социализмнің табиғатына қайшы келетін, оның принциптерінен алшақ кететін нәрсенің бәрін анықтап, жоюға көмектесу үшін өмір сүреді.

Мысалға, социализмнің біз үшін қастерлі принципін — «әркімнен—қабілетіне қарай, әркімге — еңбегіне қарай» деген принципті алып қараңыздар. Бұл тарихта тұңғыш рет нақ біздің жұмысшы табымыз, біздің халқымыз арманнан ақиқатқа айналдырған әлеуметтік, әділеттілік негіздерінің негізі. Бірақ, осы жеңістің бүкіл ұлылығын сезіне отырып, оны сақтау да, дамыту да қажет екенін ұмытуға болмайды. Бізде «Еңбегіне қарай» деген принциптің сақталуы айрықша қамқорлықты қажет ететіндігіне үйрететін тәжірибе жеткілікті. Әйтпеген күнде оның бұзылуына тап боламыз. Біздің экономикамызға едәуір зиянын тигізетін оқиғаларға ұшырасамыз. Және совет адамдарын қатты ренжітіп, әділет жөніндегі біздің түсінігімізбен мүлдем сыйыспайтын жәйттерге де кездесеміз.

Бұл қандай құбылыстар? «Теңгермешілік тенденциясы», «шамадан тыс асып-тасыған өмір» — бізде олар көбіне осындай сөздермен бейнеленеді. Бұл, мен айтар едім, мәймөңке сөздер. Егер оның ар жағындағы мән-мағынасына үңілетін болсақ, бұл тегінде, тым сыпайы сөздер.

Теңгермешілік тенденциясы — бұл жалқауға, сапасыз өнім шығарушыға кеңпейілділік жасау және сонымен бірге жақсы, адал қызметкерді жәбірлеп, оған нұқсан келтіру тенденциясы. Өздеріңіз білесіздер, айталық, сыйлықтардың өндіріс озатына да, артта қалушыға да бірдей мөлшерде жазылатыны әлі де аз емес. Өкінішке қарай, көптеген адамдар бұған көз жұмып қарайды. Тіпті кейде халықтық бақылау да мұндай фактілерді көрмей өте шығады, оларды, сірә, ұсақ-түйек және некен-саяқ жәйттер қатарына жатқызатын болулары керек. Ал істің шын мәніне келгенде бұл социализмнің іргелі принципінен дөрекі алшақтағандық болып табылады.

Барынша күш салып еңбек ететіндерге бізде әрқашанда және барлық жерде — табыс жағынан да, тұрғын үй, жолдама және басқа әлеуметтік игіліктерді бөлу кезінде де айтарлықтай артықшылықтар қамтамасыз етілуге тиіс. Мен өзім бұрын да айтқан нәрселерді қайталап тұрмын. Бірақ сіздердің алдарыңызда әдейі қайталап тұрмын, өйткені халықтық бақылаудың міндеті — социалистік бөлу системасының міндетті нормаларының іс жүзінде қалай сақталуын ұдайы қадағалап отыру. Ленинның сөздерімен айтсақ, тұтыну мөлшерінің еңбек мөлшерімен қалайша нақты байланыстырылатынын тексеру.

Енді атышулы «шамадан тыс асып-тасыған өмір» жайында. Ал егер әр нәрсені өзінің атымен атасақ — бұл тек моральға жат қана емес, сонымен қатар кейде қылмысты да мәні бар бүкіл арамтамақтық құбылыстар жайында. Жасыратын несі бар, әзірге мұндай құбылыстарды құрта алғанымыз жоқ. Өздерінің рақатын басқалардың есебінен, қоғам есебінен жасауға тырысатын да, соған жылпостанып алған да адамдар әлі таусылып, біткен жоқ. Мұндай құбылыс социалистік тұрмысымыздың ешқандай нормаларымен сыйыспайтыны анық.

Соңғы жылдарда біз, былайша айтқанда, үй ішінде тәртіп орнату ісін мықтап қолға алдық. Міндет айқын етіп қойылды: парақорлық пен алыпсатарлықты, социалистік меншікті талан-таражға салу мен ұрлап-жырлауды, қызмет бабын теріс пайдалануды тыю керек. Біз заңдылықты нығайту жолындағы, біздің право қорғау органдарымыздың жұмысын жақсарту жолындағы, басшы қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру жолындағы, жалпы ұйымшылдық пен тәртіп жолындағы күресті шұғыл күшейттік. Партия мен мемлекеттің орталық органдары бұл бағытта біраз нақты шаралар қолданды. Қайсыбір жағдайларда, мысалы, Краснодар өлкесіндегі, Өзбекстандағы, Ростов облысындағы бірқатар қызметкерлер жөнінде едәуір қатаң да шаралар қолданылды.

Digitized by Google

Бұл бағытты халқымыз мақұлдайды, қолдайды. **(Қол шапалақтау).** Бірақ мынадай сұрақ туады: оны үнемі, жүйелі түрде қолдау керектігін, және де жалпылап емес, бір ғана салтанатты уәделермен ғана емес, қайта нақты іс-қимылдармен қолдау керектігін жұрттың барлығы бірдей санасына сіңірді ме? Бұл сұрақ, жолдастар, халықтық бақылаудың басшылары мен активистері, сіздерге де қойылады. Сіздерге айрықша қойылады. Өйткені халық өзінің қадір-қасиеті мен ар-ожданын қорлайтын құбылыстарға кез болғанда, біздің төл, яғни нақ **халықтық** бақылаушыларымыз қайда жүр деп әбден орынды түрде таң қалады. Дәл осы талап, әрине, халық депутаттарының Советтеріне, право қорғау органдарына, мемлекеттік және қоғамдық басқа ұйымдарға да қойылады. Бірақ бұл сіздерге жүктелетін жауапкершілікті ешқандай да кемітпейді. Сіздердің тікелей борышыңыз — кемшіліктер мен жолсыздықтарға қарсы әлі де іспен емес, сөзбен ғана күресіп жүрген жерлерде өздеріңіздің зор праволарыңызды батыл қолдану.

Жолдастар, алкогольді шектен тыс көп тұтынушылыққа қарсы көптеген жылдар бойына қолданылып келе жатқан шаралар нәтижесінің төмендігі елеулі түрде алаңдатып отыр. Спирттік ішімдікке салынушылық адамдардың денсаулығын құртады, үй ішіне пәле әкеледі. Маскүнемдіктің өндіріске тигізетін зияны аз емес. Және жалпы біздің өмір салтымызға көлеңке түсіреді. Қоғамды осындай үлкен кеселден арылту мақсатымен неғұрлым табанды және анағұрлым ойластырылған іс-қимылдар қолданатын кез, сірә, жеткен болар. Маскүнемдікке қарсы күрес пәрменді болуы үшін, оның формальды «шараларға» саймауы үшін халықтық бақылау да өзіне байланысты нәрсенің бәрін істейді деп сенемін.

Бақылау — бұл ең әуелі адамдармен жанды жұмыс жүргізу. Бұл арада білікті көзқарас — іске қатал, талапшыл және сонымен бірге ізгі тілектестік тұрғыдан келудің қаншалықты маңызды екеніне практика көз жеткізіп отыр. Жөн-жосықсыз сенімсіздік пен күдікшілдік халықтық бақылау өкілдеріне жараспайтын мінез.

Бақылау жұмысы өміріміздегі үлкенді-кішілі кінәраттарды анықтаумен және кінәлі адамдарды еркінсітпеумен шектеліп қала алмайды. Бәріміздің есімізде, Ленин былай деп атап көрсеткен болатын: бақылаудың міндеті — «тек ұстап алу», «әшкерелеу» ғана емес, тіпті де ол емес, оның міндеті — т ү з е й б і л у...», «қажетті практикалық өзгерістерді дер кезінде **жүргізу,** оларды іс жүзіне асыру».

Кем-кетіктерді дер кезінде байқап, олардың ірі олқылықтарға ұласып кетуіне жол бермеу керек — айрықша маңыздысы міне осы. Кемшіліктердің, теріс қылықтардың себептерін мейлінше мұқият зерттеуге баса назар аудару керек. Теріс құбылыстарды зерттеу және осының негізінде олардың алдын алатын шаралар қолданылуына коллективті түрде күш салу қажет. Және де, әрине, тексерудің қандайын болса да сөзсіз аяғына дейін жеткізу, жағдай түзетілгенге дейін кейін шегінбеу мақұл. Демек, халықтық бақылау жұмысында тексеру, кемшіліктердің алдын алу және оларды түзету біртұтас болып ұштаса жүргізілуге тиіс.

Сіздердің қызметіңіздің, жолдастар, тіпті басым болмаған күннің өзінде едәуір бөлегі экономика проблемаларымен, оның тиімділігін арттыру жөніндегі қамқорлықпен байланысты. Бұл табиғи нәрсе. Экономика саласы біз үшін — өзекті сала.

Қазір бұл салада бірінші кезекті міндет — үстіміздегі бесжылдықты лайықты түрде аяқтап шығу. Біз өткен кездегі көптеген олқылықтардан арыла алдық. Бірақ жоспарлы тапсырмаларды, қабылданған социалистік міндеттемелерді орындау үшін әлі де аса елеулі күш-жігер жұмсау қажет. Мұндай күш-жігер жұмсауды біз халықтық бақылаудан да күтеміз, ол қолда бар резервтердің мейлінше толық пайдаланылуына жәрдемдесуге тиіс. Ал ондай резервтер ең алдымен еңбек ұйымдастыруды одан әрі жақсартуда, тәртіпті, үнем тәртібін нығайтуда жатыр.

Жұмыстағы мінсіздік пен ұйымшылдық жолында өрістеткен күресіміз айтарлықтай жемістерін берді. Кәсіпорындардың шарттық міндеттемелері жақсырақ орындалатын болды. Босқа қарап тұру, кешігу, қыдырымпаздық елеулі түрде азайды. Бұдан өндіріс бірден-ақ, едәуір дәрежеде ұтты. Дегенмен де өнім беру жөніндегі міндеттемелердің бір бөлегі бұрынғысынша орындалмай келеді, жұмыс уақытының бір бөлігі зая кетеді. Осы екі себеп бойынша біз өткен жылдың қорытындысында да, биылғы жылы да миллиардтаған сомның өнеркәсіп өнімін кем алып отырмыз.

Күрделі құрылыста ұйымшылдық әлі де жетіспейді. Құрылыс жұмыстарының сапа жағынан төмен деңгейде жүргізілетін, оларды орындау мерзімі сақталмайтыны жиі кездеседі. Бұл біздің өндірістік жоспарларымызға да, еңбекшілердің жеке мүдделеріне де ауыр тиеді. Құрылыстағы іркілістер мен ақаулар әр жерде тұрғын үйдің, мектеп үйлерінің, бала бақшаларының, ясли-лердің жеткіліксіздігін одан сайын шиеленістіре түседі. Жуырда, өздеріңізге мәлім, Орталық Комитеттің Саяси Бюросы күрделі құрылыстағы істің жайын түзету мақсатымен тұтас бір шаралар комплексін белгіледі. Бұл шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылғаны қажет. Бұл істе де біз халықтық бақылаудың белсенді көмегіне үміт артамыз.

Шаруашылық істердегі берекесіздік көріністерінің бірі — шикізатқа, материалдарға, энергияға ысырапқорлық,

Digitized by Google

үнемсіздік көзқарас. Завод ауласында тот басып жатқан аса бағалы жабдықты көргенде әрқайсыңыздың-ақ жаныңыз ауыратынына сенемін. Ал дер кезінде егіс даласына тасылмай тау-тау болып үйіліп жататын тыңайтқыштар ше? Ал қисапсыз көп газды босқа жандырып, өкініш туғызатын баршаға әйгілі алаулар ше? Шаруадағы мұндай қырсыздық халықтық бақылаудың белсене араласуын әбден-ақ талап етеді.

Бізде үнем жолындағы күрестің жақсы тәжірибесі бар. Мынадай мысалдарды ғана келтіріп өтейін. Өткен үш жыл ішінде үнемделген отын мен энергия буларды өндірудегі өсімнің тең жартысына тең болды. Ал қара металдардың прокаты жөнінен ол бүкіл өнімнің өсімінен асып түсті. Халықтық бақылау осы жетістіктерге сүбелі үлес қосты. Ал ендеше, жолдастар, оларды барынша дамыта берейік.

Үнемшілдік біздің бүкіл экономикалық өміріміздің бұлжымайтын заңына айналуға тиіс. Ал бүгін мен сіздердің назарыңызды осы заңның ауыл шаруашылығында қатаң сақталуын қамтамасыз етудің қаншалықты маңызды екеніне айрықша аударғым келеді. Егін оңай еңбекке түспейді, сондықтан орақ кезінде, өнімді тасымалдау, сақтау кезінде оның аз да болса ысырабына жол беретіндерге ешқандай ақтау болуы мүмкін емес. Міне қазір де жиналған егінді аман сақтау жайында мықтап қамқорлық жасаған жөн. Мал шаруашылығында қол жеткен жетістіктерден айрылып қалмау туралы да қамқорлық жасау керек. Көбейе түскен мал басының қыстан жақсы шығуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдану қажет. Халықтық бақылау бұл жерде көп нәрсеге көмектесе алады, көп нәрсе тындыра алады.

Тұрмыстық қызметтің, бөлшек сауданың, жолаушы тасымалының көлемі бізде, жолдастар, тез өсіп келеді. Ал мұндағы істің жайы жөнінде еңбекшілердің орынды наразылығы әлі де аз емес. Оған көбінесе халыққа қызмет көрсету жұмысында міндетті деп саналатын реттілік пен қалыптасқан ережелерді өрескел бұзудың өзі негіз болады. Адамға қолайлы жағдайлар туғызуға тиісті кейбір кәсіпорындар мен мекемелер оны шын мәнінде азапқа салады, қыруар қымбат уақытын жоғалтып, жүйкесін тоздыруға мәжбүр етеді. Халықтық бақылау біздің өмірімізді уландыратын осындай кемшіліктерді назардан тыс қалдырмайды. Бірақ олар сақталып отырғандықтан, сірә, бұл жерде неғұрлым батылырақ қимылдау қажет болар.

Қандай жағдайда тәртіп шын мәнінде құрыштай берік, ал жұмыс үйлесімді болатынын күні бұрын білу үшін бізде қазір тәжірибе жеткілікті. Тәрбие шаралары еңбекті, өндірісті мінсіз ұйымдастырумен ұштастырылған жерде босаңсуды, иесіздікті толық жоюға болады. Мәселен, шаруашылық есептегі озық бригадаларды алып қараңыздар. Мұнда қыдырымпаздықтың не екенін ұмытқан, мұнда халықтың қаражатын есептей біледі. Мұнда іске иелікпен қарау, өзара көмек және талапшыл өзара бақылау тұтас бір арнаға құйылған. Мұнда, былайша айтқанда, бәрі де — қожа, бәрі де — бақылаушы.

Осындай бригадалар ұйымдастыру — халық шаруашылығын жеделдете интенсивтендіру үшін қажетті экономикалық жағдайлар жасау жөніндегі тынымсыз үлкен жұмыстың бір бөлігі. Бұл жұмыс қазір көптеген бағыттарды, соның ішінде бірқатар салаларда ірі көлемді экономикалық эксперимент өткізуді қамтып отыр. Оның барысында орталық басқару органдары мен өндірістік кәсіпорындардың арасындағы праволар мен жауапкершілікті дұрыс бөлуге мүмкіндік беретін жаңа шаруашылық механизмінің элементтері іс жүзінде пысықталып жатқаны мәлім. Әңгіме жоспарлауды және басқару құрылымын елеулі түрде жақсарту, әрбір қызметкердің өз еңбегіне деген жеке мүдделілігі мен жауапкершілігінің қуатты тұтқаларын іске қосу туралы болып отыр.

Осынау үлкен жұмысқа партия орасан зор маңыз береді. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының басқаруды жетілдіру және халық шаруашылығының тиімділігін арттыру жөніндегі комиссиясы құрылып, жұмыс істеуде. Шаруашылық механизмін қайта құру жөнінде негізді, жақсы ойластырылған ұсыныстар әзірлеу, өздеріңіз жақсы түсінесіздер, — бірінші кезекті маңызы бар іс.

Жолдастар! Халықтық бақылау партия комитеттерінің, Совет өкіметі органдарының барлық қажетті қолдауын алып отырса, оның ықпалы мен беделі сан мәрте арта түсетінін сіздер тәжірибеден білесіздер. Партия мен мемлекет халықтық бақылауды біздің жалпы партиялық, жалпы мемлекеттік ісіміздің аса маңызды учаскесі ретінде, ал оған күнделікті көмек көрсетіп отыруды — өзінің жауапты міндеттерінің бірі ретінде қарайды. Оның үстіне осы арқылы басқару мектебі, совет адамдарының белсенді азаматтық позициясын тәрбиелеу мектебі ретінде халықтық бақылаудың ролі де арта түседі.

Міне сондықтан да партия өзінің барлық комитеттерінен, басшы-коммунистерден халықтық бақылаушыларға мейліншe сергек, мейліншe құрметпен қарауды табанды түрде талап етеді. Олардың лениндік жұмыс стилін меңгеруіне, үлкенді-кішілі кез-келген істе коллективке, айналадағы адамдардың білімі мен тәжірибесіне сүйене білу, олардың көңіл-күйі мен талап-тілегін ескеру қабілетін игеруіне қамқорлықпен көмектесіп отыру керек. Әрбір ха-

Digitized by Google

лықтық бақылаушы жоғары саяси және кәсіптік мәдениеттің өнегесі, адалдықтың, принциптіліктің, тазалықтың үлгісі болуы керек. Халықтық бақылаушы халықтың атынан ғана емес, сонымен қатар халықтың, әрбір еңбеккердің мүддесі үшін жұмыс істейді, Сондықтан оның әрбір іске берген бағасы, жасаған тұжырымдары, оның әрбір қадамы мінсіз болуға тиіс. Іскерлік тұрғысынан алғанда да, әділеттілік тұрғысынан алғанда да мінсіз болуға тиіс. Және, әлбетте, біздің социалистік заңдылық тұрғысынан алғанда да солай болуға тиіс.

Халықтық бақылау қызметкерлері, оның қырағылары әрдайым істі ақырына дейін жеткізуге, Ленин үйреткеніндей, оның нақты орындалуын тексеріп отыруды басты орынға қоюға тиіс. Нақ осы істе оларға бәрінен бұрын партия комитеттерінің, халық депутаттары Советтерінің көмегі қажет. Ең алдымен халықтық бақылаудың дабылдары мен ұсыныстарына жедел түрде іскерлікпен құлақ асып отыру қажет.

Сөз жоқ, халықтық бақылау партиялық бақылау органдарымен, халық депутаттары Советтерінің комиссияларымен, қоғамдық бақылаудың активистерімен тығыз бірлесіп жұмыс істесе, оның тиімділігі айтарлықтай арта түседі.

Кейде нақты бақылау қағаз жүзіндегі бақылаумен алмастырылатыны құпия емес. Кәсіпорындардан, мекемелерден қисапсыз көп мәліметтер, есептер, жазбаша түсініктемелер талап ететін жәйттер болады. Бұл қағаздарды, әдетте, осындай жарамсыз тәсілмен жұмысы тексерілгелі тұрған адамдардың өздері жасайды. Осының нәтижесінде шығарып салма жауаптар, ал кейде, Ф. Э. Дзержинскийдің айтуынша, «мінсіз өтіріктер» пайда болады. Мұндай бюрократтық бұрмалаулармен батыл күресу керек.

Тегінде, алуан түрлі тексеру жұмыстарын үйлестіріп отыруда да халықтық бақылауға көмектескен артық болмас. Әзірше бұл жерде келіспеушілік, былық әлі көп. Заводтан бір комиссия аттанып үлгірмей, оған екіншісі, ал біраздан соң, қарасаң, үшіншісі де келіп жататын кездер болады. Сондағы бәрінің айналдыратыны бір мәселе. Мұндай практика еңбек коллективтерін күйгелектікке ұшыратады, олардың жұмыс істеуіне кедергі келтіреді. Қысқасы, ревизиялар үйымдастыруды тәртіпке салу қажет. Бұл, әлбетте, тексерілушілердің де, тексерушілердің де жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, жолдастар, партия және совет органдарының қажетті қолдауы мен көмегі болған жағдайда біздің халықтық бақылау мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту үшін көп нәрсе істей алады. Бұл жұмыста формализмге, қағазбастылыққа және әуре-сарсаңға салушылыққа орын болмауы үшін көп нәрсе істей алады.

Тағы бір мәселе туралы — халықтық бақылаушыларға, олардың сын-ескертпелері мен ұсыныстарына жұмысы тексерілген адамдардың көзқарасы туралы. Лауазымды адамдардың басым көпшілігі — мұны сіздер білесіздер — халықтық бақылаушылардың тексерулері мен тұжырымдарын, ақыл-кеңестерін принципті түрде, өзара сын тұрғысынан қабылдайды. Бірақ — сіздер мұны да білесіздер — халықтық бақылаушыларды, жұмсартып айтқанда, ұнатпайтын, ал олардың ұсыныстарын өздерінің беделіне нұқсан келтіру деп қабылдайтын қызметкерлер бар.

Бұл біздің партиялық позициямызға қайшы келеді. КПСС халықтық бақылау органдарының қоғамымыздың мүдделеріне қайшы келетін құбылыстардың бәріне қарсы, осы мүдделерге нұқсан келтіре отырып, заңды орағытып өтіп әрекет жасаудың қандай да болсын көріністеріне қарсы неғұрлым батыл, табанды түрде күресуіне күш салып келді және әлі де күш сала береді. Бұл әрекеттер қай жерден байқалса да, кімнің тарапынан шықса да, оларға қарсы күресте халықтық бақылаушылар ең көрнекті роль атқарады. Олар бұл рольді әрқашан лайықты орындайтын болады деп сенім білдіруге рұқсат етіңіздер.

Бақылау қызметінің ерекше сипаты бар және ол айрықша шыңдалудан өткен адамдарды қажет етеді. Оларға игілік иесінің қырағы көзі, іске терең үңіле білу, бәрін әділетті түрде, егжей-тегжейлі анықтай білу қабілеті тән. Оларға бұра тартушылық, өркөкіректік пен тәкаппарлық жат.

Мен, жолдастар, кейде мынадай ойға қаламын: халықтық бақылаушының қиын жағдайларға ұшырайтын кездері болады ғой. Айталық, тексеру болып, әкімшілік атына елеулі сын айтатындай материал берді. Өз бастықтарының бет-жүзіне қарамай сын айтуға тура келеді. Не десеңіздер де, бұл батылдықты, берік рухты, төзімділікті қажет етеді. Әлдекім тосыннан: «Немене, жалғыз саған керек пе?» — деген сияқты пасықтық сұрақты былш еткізіп қойып қалған кезде де осы қасиеттер қажет-ақ.

Халықтық бақылаушы әрқашан, барлық жерде, кез-келген жағдайда — күрескер. Сондықтан ол мұқалмас күрескер бола берсін! **(Қол шапалақтау).**

Сіздерді, қымбатты жолдастар, партия сіздердің зор, құрметті де өте қажет жұмыстарыңызды жоғары бағалайды, біздің алдымызда күні бүгін тұрған және ертең де тұратын жауапты міндеттерді шешуде халықтық бақылаудың күшіне, оның көмегіне кәміл үміт артады деп сендіргім келеді. **(Ұзақ, ду қол шапалақтау).**

Digitized by Google

ҮГІТШІ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ТӘРТІБІ

Социалистік еңбек тәртібіне тәрбиелеу міндеттері Коммунистік партия қызметінің әрдайым басты назарында. В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ еңбек тәртібін қатаң сақтау мәселелеріне жете көңіл аудару қажеттігін көрсетіп, оны жұмысшылар тарапынан да, басшылар тарапынан да қандай да болмасын бұзуға төзуге болмайды деп есептеді. Ол социлистік құрылыс табыстарын «еңбек ету кезіндегі темірдей қатаң тәртіппен...» тікелей байланыстырып, бұл мәселенің «бүкіл шаруашылық құрылысының түйіні» екенін атап көрсетті.

Қоғамдық өндіріс ауқымы орасан кеңейген қазіргі уақытта экономиканың дамуы үшін еңбек тәртібінің маңызы да еселеп артты. Өйткені республика өнеркәсібінің өзінде ғана еңбек өнімділігін 1 процент арттырып, өнімнің өзіндік құнын жоспардан тыс 0,5 процент кеміту жылына тиісінше 260 және 107 миллион сомнан астам пайда береді. Және әрбір жұмыс минутының ысырабы қоғам үшін елеулі материалдық шығынға айналады.

Алайда тәртіпті нығайту — шаруашылық қана емес, идеялық- рухани міндет. Бұл міндет совет адамдарында озық сананы, белсенді өмір позициясын, өз еңбегімен социалистік Отанның экономикалық және қорғаныс қуатын нығайту әзірлігін қалыптастырумен байланысты. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдас «Орақ пен балға» заводының жұмысшыларымен кездесуде «Орталық Комитет салдыр-салақ жұмыс істейтін, заңнан аттап кететін, КПСС Уставын бұзатын адамдардан қатаң сұрайды және сұрай да бермек» деп ерекше атап көрсетті.

Соңғы уақытта социалистік еңбек тәртібіне тәрбиелеу мәселелеріне көңіл бөлу едәуір күшейді. Бұған үгіт коллективтері де өз үлесін қосуда. Үгітшілер: Жаңа Қарағанды машина жасау заводының токары, Қарағанды қалалық партия комитеті бюросының мүшесі Х. Адамбосынов, Шығыс Қазақстан облысының Большенарым ауданындағы «40 лет Казахстана» совхозының аға шопаны, Социалистік Еңбек Ері С. Слободчиков, Целиноград облысы Целиноград ауданының Киров атындағы совхозының мал өсірушілер бригадирі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты С. Есенжолова, Шығыс Жезқазған рудниғінің бригадирі В. Мұрзаева және ауызша саяси үгіттің басқа да көптеген активистері еңбек коллективтеріне белсенді ықпал етеді.

Үгітшілер ең күрделі де жауапты істі әрдайым бірінші болып қолға алады. Мысалы, Алматы мақта-мата комбинатында олар үнем мен ұқыптылық жолындағы жарыстың инициаторлары болды, үнемнің жеке есебін бірінші болып әзірледі, ал қазір жолдастарын осы жарыстың барысы туралы ұдайы хабардар етіп, таңдаулыларды «молниялар» мен «жауынгерлік листоктарда» атайды, озық тәжірибені насихаттайды, белгіленген тапсырманың орындалуына бақылау жүргізуге көмектеседі. В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының активистері москвалықтардың Жеңіс юбилейі құрметіне 40 апталық екпінді еңбек вахтасына тұру жөніндегі инициативасын облыста бірінші болып қостады. Олардың әрқайсысы юбилейлік жылда барынша көп қайтарыммен еңбек етуге міндеттеме алып, уәделерін күнделікті ісімен дәлелдеуде.

Өткен жылы республиканың халық шаруашылығында жұмыс уақытының ысырабы азайды. Алайда бірқатар кәсіпорындарда ол әлі де көп мөлшерде қалып отыр. Мысалы, Қапшағай фарфор заводында өткен жылы жұмыстан қалу әрбір жұмысшыға есептегенде 2,17 күн құрады, мұның өзі тіпті 1982 жылғыдан да көп. Жезқазған облыстық сүт өнеркәсібінде, Қызылорда ет комбинатында және кейбір басқа кәсіпорындарда тәртіп бұзушылық әлі де жиі кездеседі. Мұнда үгітшілер еңбек коллективтеріндегі жағдайға өзірше тиісті ықпал жасамай келеді.

Еңбек тәртібіне негізгі тәрбиелеушілер бригада, смена, цех коллективтері екенін есте сақтау маңызды. Егер ондағы адамдар тәртіп бұзушыларға төзбестікпен қараса, табыс сөзсіз қамтамасыз етіледі деуге әбден болады. Еңбек коллективтері және олардың кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді басқарудағы ролін арттыру туралы заң нақ осыған жұмылдырады. Оның қабылдануына байланысты коллективтердің озаттарды көтермелеуде де, тәртіп бұзушыларға ықпал жасауда да өкілдіктері кеңейді. Ендеше осы кең праволар өндірісті дамыту және адамдарды тәрбиелеу мүдделерінде тиімді пайдаланылуы қажет.

Мысалға Павлодар алюминий заводының бригадирі, үгітші Л. Гороховты алайық. Бұдан бірнеше жыл бұрын ол артта қалған бригадаға ауысып, оны озаттар қатарына шығарды. Ол басқаратын бригада «Еңбек тәртібі мен қоғамдық тәртіпке — коллективтік жауапкершілік» деген бастама көтерді. Бригада жиналысы оның мүшелерінің біреуі ғана тәртіп бұзғанның өзінде оның бүкіл құрамы жоспарлы тапсырманы асыра орындағаны үшін берілетін айлық сыйлық ақыдан ерікті түрде бас тартады деп қаулы етті.

Бүгінде осы бағалы бастама кеңінен қолдау тапты. Оны республиканың екі

Digitized by Google

мыңға жуық еңбек коллективі қостады және бұл жақсы нәтижелер беруде. Мысалы, өткен жылы «Карагандауголь» өндірістік бірлестігі «Кировская» шахтасының 25 бригадасы өздеріндегі еңбек тәртібі үшін коллективтік жауапкершілік енгізді. Осындай мақсаттылық шахта коллективінің бесжылдықтың төрт жылының жоспарын үстіміздегі жылдың июнь айында-ақ орындап шығуына көмектесті. Кеншілер тапсырмаға қосымша 100 мың тоннадан астам көмір өндірді.

Сонымен қатар кейбір кәсіпорындарда тәртіп бұзушыларды айыптау ахуалы жасалмайтынын көрмеуге болмайды. Ішінара айтқанда, осындай жағдай Көкшетау такси паркінде орын алды, онда жұмыстан қалушылар, ішімдікке әуес адамдар бригада және учаске коллективтерінде сирек қаралды. Жуырда мұндағы партия топтарында өткен есеп беру-сайлау жиналыстарында атап көрсетілгеніндей, осындай немқұрайдылық іске залал келтіріп, салдыр-салақтыққа жол береді.

Үгітшілер мұндай көріністерден сырт айналып кете алмайды. Олардың парызы — өзінің жұмысшы абыройын қастерлемейтін, еңбек коллективінің мүдделерімен санаспайтын адамдарға ықпал ету. Бір жағдайда бұл ықпал жеке әңгімелесу, олардың үйлеріне бару болса, басқа жағдайда еңбеккерді жұмысшы жиналысында талқылауға ұсыну, үшінші жағдайда — қабырға газетінде мақала беру, т. б. болуы мүмкін.

Бір сөзбен айтқанда, бізде адамдармен жұмыс жүргізу амалы өте көп. Ең бастысы — іске немқұрайдылықпен қарау фактісінің бірде-біреуінің коллектив назарынан тыс қалмауында.

Моральдық және материалдық ынталандыру шеберлікпен қолданылатын, жұмысшылардың, инженерлер мен техниктердің инициативасы дер кезінде қолдау табатын, социалистік жарыс әрдайым жетілдіріліп отыратын коллективтерде тәртіптің жоғары екенін көрмеуге болмайды.

Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығын және стахановтық қозғалыстың 50 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысты дамытуға барлық күшпен ықпал ету — аса маңызды іс. Әрбір еңбеккердің он бірінші бесжылдықтың тапсырмасын табысты аяқтау жөніндегі өз межесін анықтаған-анықтамағанын нақты талдау қажет. Жоспарлар мен социалистік міндеттемелердің орындалуы туралы жүйелі түрде, апта сайын хабарлауды жолға қоюдың маңызы да бұдан кем соқпайды. Өйткені тәртіп деген ұғымды сменаға дер кезінде келумен ғана шектеуге болмайды. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас республика партия ұйымы Орталық Комитетінің пленумында атап көрсеткендей, «біздің ұғымымыздағы тәртіп, — ең алдымен адамның жоғары қайтарыммен еңбек етуі, оның пайдалы іс-қимылының жоғары коэффициенті, бірақ бұл, кей жағдайда болатынындай, әсте де энергияны, шикізат пен материалдарды, ақыр-соңында, өзінің жұмыс күшін бей-берекет жұмсай беру емес».

Орта мектептердің, кәсіптік-техникалық училищелер мен техникумдардың ондаған мың түлектері еңбек коллективтеріне қосылды. Үгітшілердің парызы — жаңадан келген жұмысшыларға әкелік қамқорлық жасау, олардың еңбек тәртібінің талаптарын тезірек меңгеруіне, өндірісте берік орнығуына көмектесу.

Тәртіп жағдайына көп нәрсе — мақсатты бұқаралық-саяси жұмыс та, еңбекті ұйымдастыру да, оның шарттары да, қызметкерлердің демалысын ұйымдастыру да және басқа факторлар да ықпал етеді.

Үгітшілер осының бәрін жан-жақты ескеруге тиіс. Олар адамдардың еңбекке деген қарым-қатынасына теріс ықпал ететін маскүнемдікке және тұрмыстағы басқа да келеңсіз көріністерге қарсы ымырасыздықпен күресуге міндетті.

Үгітшілер өндірістегі тәртіп пен реттілік жолындағы күрестің белсенді ұйымдастырушылары болуға, тәртіпсіздік пен қырсыздық фактілерінен сырт айналмауға тис. Мысалы, «Семипалатинскгяжстрой» трестінің құрылыс алаңдарында әзірлеуіне көптеген тонна цемент пен металл жұмсалған темір-бетон конструкциялары шашылып, жарамсыз болып жатқанда бұқаралық-саяси жұмыстың жоғары пәрменділігі туралы қандай сөз болуы мүмкін. Мұнда шығының 17 процентінен астамы қалдыққа кетеді.

Ысырапшылдық құрылысшылар коллективіне де қымбатқа түседі, бірақ үгітшілер осы тақырыпта принципті әңгіме жүргізбейді. Ал активистер істі ойдағыдай қолға алса, жағдай басқаша болар еді. Бұған «Қазақстан үгітшісі».— «Агитатор Казахстана» журналының осы санында толық әңгімеленіп отырған «Кустанайтяжстрой» трестінің партия ұйымы мен коллективінің тәжірибесі дәлел болады.

Үгітшілерді социалистік еңбек тәртібіне тәрбиелеу мәселелеріне мамандандыратын, оларды тәртіп бұзушы жекелеген еңбеккерлерге бекітетін партия ұйымдары дұрыс жасайды.

Тәртіпті жан-жақты нығайта отырып, сол арқылы совет адамдарын тәрбиелеуге, бесжылдық тапсырмаларын орындауға, еліміздің алға қарай табысты қадам басуына белсенді ықпал ететінімізді есте сақтаудың маңызы зор.

Digitized by Google

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП

А. САПАРОВ,
Ақтөбе облысы Новоресей ауданының «Құдықсай» совхозының аға малшысы, Ленин орденінің иегері, үгітші

Мен фермада мал шаруашылығын дамытудың резервтері туралы әңгімелер өткізген кезде біліміңді толықтырмайынша, озық тәжірибені оқып-үйреніп енгізбейінше, әрбір адамның жеке басының жоғары жауапкершілігін арттырмайынша алға қойылған міндеттерді табысты орындау мүмкін емес екенін әрдайым нақты мысалдар арқылы көрсетемін.

Бұл туралы бізде К. У. Черненко жолдастың СССР Жазушылар Одағы басқармасының мерекелік пленумында сөйлеген сөзін талқылау барысында әңгіме болды. Оның «...партиялық, мемлекеттік, шаруашылық жұмыстың қай саласын алсақ та еш жерде біз терең білімге, барлық еңбекшілердің жоғары саналылығы мен мәдениетіне сүйенбей, ойдағыдай алға баса алмаймыз», — деген сөздері есте қалды.

Бізде инициативалы қызметкерлер аз емес. Олардың тәжірибесі мен білімін басқалар да үйреніп, бәрі де іске беріліп, творчестволықпен жұмыс істеуі үшін ұмтыламын. Таңдаулыларды үлгі етемін, әртүрлі нәтижелерді салыстырып, табыстар мен сәтсіздіктердің себептерін бірге іздестіруді ұсынамыз. Мысалы, КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумының материалдары бойынша әңгімелерде малшылар Е. Қарабаев пен У. Мұхамбетқалиевтің жұмыс қорытындыларын салыстырдым. Екеуінің де көрсеткіштері жаман емес. Дегенмен. Е. Қарабаевтың жетістіктері біршама жоғары, өйткені ол әрдайым ізденіп, озық тәжірибе болса тез үйреніп отырады. Мысалы, бізбен жарыстас Комсомол ауданы малшыларының жұмыс тәжірибесімен таныса отырып, ол көршілерде жақсы нәтиже берген малды азықтандырудың жетілдірілген рационын шаруашылықта бірінші болып қолданды. Мұнда тәулігіне әр малдың қосатын салмағы аса көп — 500—650 грамм.

Мен келтірген осындай салыстырулар У. Мұхамбетқалиевті ойға қалдырды. Ол бұрынғыдан да гөрі зор ынтамен жұмыс істей бастады, рационды әзірлеуді ғылыми тиянақты қадағалап, малды азықтандыру графигін қатаң сақтайтын болды. Бір сөзбен айтқанда, жұмысындағы резервтерді тапты. Осы фактіні маған адамда толық қайтарыммен жұмыс істеу тілегін оятудың, қоғамға көбірек пайда келтіруге ұмтылдырудың қандай маңызды екенін көрсетті. Ал бұған қол жеткізу үшін үгітшінің коллективтегі әрбір адамның жұмысының қалай жүріп жатқанын жақсы білуі қажет. Сондықтан да жолдастарымның өндірістік көрсеткіштерін, совхоздағы істің жағдайын анықтап алуға ұмтыламын. Мамандармен міндетті түрде кездесемін.

Бертінде экономиканың және партия мен үкіметтің жер бетінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қабылдаған шараларының өзара байланысы туралы әңгімеге әзірлендім. Партком секретарының идеология жұмысы жөніндегі орынбасары, совхоз экономисі Ыбырай Жолтаев кейбір жайларды анықтауға, қажетті әдебиетті іріктеп алуға көмектесті. Содан кейін малшылармен кездескен кезде әңгімеге ұқыпты әзірлену керектігіне тағы да бір рет көзім жетті. Менің жолдастарымды совхоз қызметінің экономикалық нәтижелері де, біздің селоның даму перспективалары да, халықаралық жағдай мәселелері де қызықтырады. Малшылардың әңгімеден кейінгі пікірі бір жерден шықты: бейбітшілік ісі берік болуы үшін үлкен қайтарыммен жұмыс істеу қажет.

Біздің теңелетін, үлгі-өнеге алатын адамдарымыз баршылық. Аға малшы А. Ермағанбетов аудандық социалистік жарыста үш жыл қатарынан жеңімпаз атанды. Ол жыл сайын жүз сиырдан кемінде жүз бұзаудан алып, мал басын толық сақтауды қамтамасыз етіп келеді. Малшылар С. Мәмбетжановтың, С. Кенжалиннің, З. Байжановтың, М. Ниеталиннің, Ж. Диқанбаевтың нәтижелері де жоғары. Біздің малшыларымыз бесжылдық жоспарды орындап шығуға таяп қалды. Тапсырмадағы 37,6 мың центнердің орнына 1 октябрьге дейін мемлекетке 33 мың центнер ет тапсырылды.

Үгітшілік сөзімді нақты істеріммен нығайта түсуге ұмтыламын. Қарамағымдағы әр мал тәулігіне 650 грамм салмақ қосады, мемлекетке тапсырылған малымның 93 проценті жоғары қоңдылықпен өтті. Жыл соңына дейін коллективпен бірге бесжылдық тапсырманы орындап шығамын.

Біз биылғы мал қыстату науқанын мейлінше жақсы қарсы алдық. Шаруа-

Digitized by Google

ішылықта жемшөптің сенімді қоры жасалды. Дәстүр бойынша малшылар жиналыс өткізіп, онда мемлекетке қыс айларында қосымша 50 тонна ет сату, мал басын аман сақтау жөнінде міндеттемелер алды.

Осы міндетті орындау үшін көп іс атқаруға тура келеді. Малшылар жұмысындағы өте маңызды фактор — жемшөпті тиімді жұмсау туралы ерекше айтқым келеді. Біздің совхозда малшы Н. Нұртазиннің тәжірибесі қорытылып, кеңінен таратылды, ол біздің фермада озық шеберлік мектебін басқарады. Мен әңгімелерімде Н. Нұртазиннің жұмыс әдістері, оның мал дәрігерлік негіздерін жақсы білетіні, азықтандыру рационының түрлі вариантарын шебер пайдаланатыны туралы толық әңгімелеймін. Аудандық партия комитетінің мүшесі ретінде аудан шаруашылықтарында болғанда фермаларда Н. Нұртазиннің және біздің ферманың басқа да озаттарының жұмысын зейін салып қадағалайтынын көрдім.

Совхоздың еңбек асуларында, ал олар көзге түсерліктей — бесжылдықтың үш жылының қорытындысы бойынша шаруашылық КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен наградталды, —жақсы жолға қойылған бұқаралық-саяси жұмыспен тікелей байланысы барын көремін. Біздің фермада саяси хабаршылар, «Білім» қоғамының лекторлары жиі әңгіме өткізеді. Бірыңғай саяси күндерге көпшілік зейін қоя бастады. Онда біз аудандық партия комитетінің бірінші секретары И. Е. Дулямен, аудандық партия комитетінің бюро мүшелері, жауапты қызметкерлер Ж. Берғалиевпен, Я. С. Гринченкомен және басқаларымен кездесеміз.

Совхоздың үгіт бригадасы малшылардың асыға күтетін қонағы. Оның мүшелері бізді совхоздағы, аудандағы социалистік жарыс нәтижелерімен таныстырады, озаттарды атайды, ауыл шаруашылығындағы жаңа, озық тәжірибені насихаттайды, кемшіліктерді сынайды.

Бізде жарыс қорытындыларын шығаруға көп көңіл бөлінеді. Ол қазір пәрменді, іскер сипат алуда. Әрбір айдың қорытындысы бойынша малшылар күні өткізіледі, оған барлық қоғамдық ұйымдар, бас мамандар қатысады, Уақыты жеткен мәселелер сол орында шешіледі, ал кейбіреулері бақылауға алынып, келесі кездесуде еңбеккерлерге олардың орындалғаны туралы хабарланады.

Мысалы, малшылардың соңғы өткен күндерінің бірінде партия комитетінің секретары М. Жаржанов шаруашылықтағы жұмыс жағдайы, мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізу үшін совхоз әкімшілігі алған шаралар туралы әңгімеледі. Мал қораларын жөндеу мерзімінде аяқталды, сиыр төлдейтін бөлімшелер жылытылды. Осы кездесуде малшылар Жеңістің 40 жылдығы құрметіне көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. А. Ермағанбетов, Е. Қарабаев және басқа да өндіріс озаттары жарты жылдық тапсырмаларын атаулы күнге дейін орындауға сөз берді.

Еліміздің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға қосатын үлесіміздің ауқымдылығы көбінесе совхоз өндірісінің барлық учаскелеріндегі жұмысты жақсартуға байланысты екенін жақсы түсінеміз. Өткен бесжылдықта біздің совхозда астық өндіру біраз қиыншылық туғызды. Партия ұйымы шаруашылықты механизатор кадрларымен нығайтты, мамандарды орналастыруды жақсартты. Міне, жуырда біз мемлекетке астық тапсыру жөніндегі бесжылдық жоспардың орындалғаны туралы рапорт тапсырған диқандарымызға құрмет көрсеттік. Диқандар малшылармен бірге шаруашылық экономикасын нығайтуға елеулі үлес қосты. Совхоз бесжылдықтың үш жылын бес миллион сомнан астам таза пайдамен аяқтады.

Әркімнің де ортақ іс үшін жауапкершілігі адамдарды біріктіреді. Мал қыстату науқанына кіріскенде біз барлық сала қызметкерлерінің көмегін сезініп отырмыз. Ал мұның өзі міндетті түрде жаңа табыстарға жетеміз деген сөз.

Бесжылдықтың еңбек ырғағы

«МЫҢЫНШЫЛАР» ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Жезқазған. № 57 шахтадан В. Ченсенің забойшылар бригадасы Жезқазған кен-металлургия комбинатында төрт жылдық жоспарды бірінші болып аяқтады. Бригада бесжылдықтың басынан бері жоспардан тыс 85 мың тонна минералды шикізат өндірді, еңбек өнімділігі сменасына бір адамға есептегенде 62,1 текше метрге дейін жеткізілді, мұның өзі осы саладағы ең үздік көрсеткіштердің бірі болып табылады. Бригаданың мақсаты — бесжылдықты стахановтық қозғалыстың 50 жылдығына дейін аяқтау.

ҚАРАҚҰМЫҚ ТҮСІМІ МОЛ

Өскемен. Шығыс Қазақстанның совхоздары мен колхоздары мемлекетке қарақұмық сату жөніндегі жоспарды асыра орындады. Элеваторлар мен астық қабылдау кәсіпорындарына жоспардағы төрт мың тоннаның орнына 25 мың тонна астық түсті. Глубокое ауданының совхоздары мен колхоздары оны бәрінен де көп тапсырды.

Digitized by Google

ЖАҢА ЕГІН ҮШІН

Республиканың астықты алқабы орасан зор. Оның көлемі 24 миллион гектардан асады. Егін шығымдылығы шамалы артқанының өзінде көлемі осындай жерден қосымша едәуір түсім алуға болады. Және егістіктің қайтарымы жыл сайын молырақ бола түсуі үшін ең алдымен тұқым шаруашылығын жетілдіру қажет. Бұл істе тікелей қолхоздар мен совхоздарда осы жұмысты жолға қою маңызды роль атқарады.

Соңғы бес жыл бойы республика шаруашылықтары егістікке өз тұқымдарын ғана сеуіп келе жатқанын атап өткен жөн. Үстіміздегі жылы сортты егіс көлемі 98,9 процент, олардың ішінде жекелеген аймақтарда аудандастырылған, яғни тұқым сапасы тексеруден өткен егістік көлемі 95,2 процент болды.

Тұқым шаруашылығының дамуына оны өнеркәсіптік негізге көшіру, жаңа, анағұрлым шығымды, биологиялық сапасы жақсы сорттарды енгізу және тезірек тарату ықпал етеді. Белгілі совет селекционері В. Н. Ремесло былай деп жазды: «Ауыл шаруашылығы дақылдары шығымдылығының артуы бірқатар факторларға байланысты екені белгілі: топырақтың құнарлылығы, механикаландыру, агротехника, химияландыру, мелиорациялау дәрежесі т. б., әйтсе де басқа жағдайлары бірдей болғанда тұқым сорты негізгі жетекші роль атқарады». Жаңа сорттар қосымша еңбек және материалдық шығынсыз-ақ егін шығымдылығын арттырады.

Қазақстанда элита тұқымын өндірумен 42 тәжірибе-өндірістік шаруашылық, ғылыми-зерттеу мекемесі, жоғары оқу орындары мен техникумдардың оқу-тәжірибе шаруашылығы, элита тұқым шаруашылығы айналысады. Олар жыл сайын 70 мың тонна және одан да көп бірінші репродукция тұқымы мен дәнді және ірі бұршақты дақылдардың элита тұқымын өсіреді.

Республикада соңғы бес жыл ішінде ғана қырықтан астам жаңа сорт, оның ішінде күздік дақылдың 5 сорты, жаздық бидайдың 14 және жаздық арпа мен тарының бірнеше сорттары аудандастырылды. Олардың жалпы көлемі биылғы жылы 7 миллион гектардай болды. Өткен жылы ғана республикада жаңа сорттарды енгізудің экономикалық тиімділігі 41 миллион сомнан асқан болатын. Қуаңшылыққа төзімді сорттарды енгізуге баса көңіл бөлінуде.

Республикада «омская-9» жаздық бидайы біржарым миллион гектарға жуық жерді алып жатыр, ол сынау жылдары Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарында бұрын аудандастырылған «саратовская-29» сортынан шығымдылығы жөнінен гектарына 4—5 центнер асып түсті. Жаздық бидайдың жаңа «целинная-21» сорты да осыған жуық түсім береді.

Қостанай облысы Федоров ауданының КПСС XXIII съезі атындағы совхозында және Комсомол ауданының «Қазақстан» совхоз-техникумында аудандастырылған «саратовская-46» жаздық бидайы шығымдылығы жөнінен «саратовская-29» сортынан тиісінше гектарына 2,3 және 6,4 центнер асып түсті.



«Плакат» баспасы.

Тың облыстарында дүние жүзілік рынокта ұлпасының мөлшері көп болғандықтан ерекше бағаланатын қатты бидайдың жаңа сорттары жүйелі түрде аудандастырылуда. Шығымдылығы жоғары сорттар өндірісте қатты бидайдың жалпы егісінің 50 проценттен астамын алады. Оларды анағұрлым тез енгізу осы бағалы дақыл түсімін молайтуға ықпал етеді.

Жаздық арпаның «донецкий-8» және «целинный-5» жаңа сорттары ескі сорттардың орнын басты. Олар гектар сайын қосымша алты центнерге дейін түсім береді.

Алайда ең жақсы сорттың өзі де егіс сапасы жоғары болғанда ғана өзінің мүмкіндіктерін көрсете алады. Тұқым шаруашылығын жақсартуға тиісті көңіл бөлінетін шаруашылықтар үнемі жоғары өнім алады. Оларға Целиноград облысының Д. В. Бурбах басқаратын «Красноярский», Қостанай облысының

Digitized by Google

Тельман атындағы (директоры Н. И. Машинец), Көкшетау облысының «Константиновский» (директоры А. А. Кныш) совхоздары, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Торғай облыстарының бірқатар шаруашылықтары жатады.

Үстіміздегі жылы партия мен үкімет әрбір колхоз, совхоз, қосалқы шаруашылық 1985 жылдың егіні үшін өзін тұқыммен қамтамасыз етуге қажетті сақтық және ауыспалы тұқым қорларын жасауға, сондай-ақ сорты және будандық тұқымдардың мемлекеттік ресурстарын әзірлеу жоспарын орындаулары жөнінде аса жауапты міндетті алға қойды. Оның орындалуы үшін республикада бірқатар шаралар қабылданды. Мысалы, шаруашылықтарға қажетті күтімді қамтамасыз ете отырып, дәнді, майлы дақылдардың және шөптердің таңдаулы товарлы егістіктерінен қосымша тұқымдық учаскелер бөлуді ұйымдастыру ұсынылды.

Сортты егістіктер дер кезінде және сапалы тексеруден өткізіліп және жүгері мен күнбағыс будандастыру учаскелерінде зерттелді. Кейбір шаруашылықтар шаруашылықаралық тұқым алмасуды ұйымдастырды. Сондай-ақ дәнді және майлы дақылдар мен шөптерді көп өндіру үшін мамандандырылған тұқым шаруашылығы кәсіпорындарының мүмкіндіктері барынша толық пайдаланылуда.

Жергілікті жерлерде дәнді дақылдардың жаңа аудандастырылған және болашағы мол сорттарының тұқымдарын толығырақ пайдалануға ұмтылуда. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметкерлері көп іс атқарды.

Республика бойынша тұтас алғанда тұқым жеткілікті мөлшерде әзірленді. Енді оларды қыс түскенше жоғары кондицияға жеткізу маңызды. Мұны әсіресе тұқымды ылғалы көп және шығымдылығы төмен күйінде құйып алған шаруашылықтар ескеруі қажет. Қырмандардағы барлық тазалағыш-кептіргіш механизмдер мен комплекстердің тәулік ішінде жоғары өнімді жұмыс істеуін ұйымдастыру қажет.

Бұл жұмыста ұсақ-түйек болуы мүмкін емес. Республиканың озық шаруашылықтары — Қарағандының «Маржанкөл», Шығыс Қазақстанның Крупская атындағы, Қостанай облысының «Раздольный» совхоздарының т. б. тәжірибесі осында жасалған жақсы мәдени-тұрмыстық жағдайлардың, тұқым өндеумен айналысатын қызметкерлерді моральдық және материалдық ынталандырудың кеңінен қолданылатын шараларының елеулі қайтарым беретінін көрсетті. Мұнда тұқымдық қор сапасы жақсы болғандықтан одан қосымша едәуір түсім алынады. Биылғы жылы да олар жақсы егін өсірді.

Тұқым өсірушілер үшін қазіргі қауырт күндерде агрономиялық қызмет мамандарының көмегі мол болуға тиіс. Республикада Көкшетау, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының шаруашылықтарының тұқым өсіретін агрономдары Г. А. Озарянскийдің, А. П. Варвалевтың, Г. Г. Горицкийдің, Т. Құсайыновтың тәжірибелері көпке танымал. Олар білімімен, адамдармен жұмыс істей білуімен көзге түсуде. Бұл күндері ерекше тиянақтылықпен жұмыс істеп, тек бірінші класты тұқым құйып алуға күш салуда.

Тұқымды жоғары себу кондициясына дер кезінде жеткізу, олардың толық сақталуын қамтамасыз ету үшін Қазақ ССР Дайындау министрлігінің астық қабылдау кәсіпорындарының да көптеген іс атқаруына тура келеді.

Мемлекеттік тұқым инспекциясы дәнді, майлы дақылдардың және шөптер тұқымының сапасын дер кезінде тексеруі қажет.

Бір сөзбен айтқанда, болашақ егінге қамқорлық бүгіннен басталады. Халықта осыған орай «Тұқым жақсы болса, астық қамбасы да толық болады» деп тегін айтылмаған.

А. ГИРШ,
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі тұқым шаруашылығы басқармасының бастығы.


Әңгімелерде пайдалан

«ИНТЕНСИВТЕНДІРУ: АДАМ, ЕҢБЕК, ТЕХНИКА»

«Казахстанская правда» газетіндегі жаңа рубрика осылай аталады. Онда республикадағы қоғамдық өндірісті интенсивтендірудің тәжірибесі мен проблемалары жайындағы материалдар жарияланатын болады. Жаңа рубрикамен ашылған (Газеттің үстіміздегі жылдың 4 октябрьдегі санын қараңыз) Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинаты коллективі ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктері негізінде он екінші бесжылдыққа және 2000-шы жылға дейін арнап жасаған өндірістік қорларды жаңалау программасы жөнінде әңгімелейді.

Алдағы жылдары комбинат жаңаратын болады. Онда бағалы жаңалықтар қолданылады. Шикізатты өңдеудің комплекстілігі шұғыл артады. Қол еңбегінің үлесі екі есе азаяды. Өндіріс қалдықтарының атмосфераға шығуы шұғыл азаяды. Ульба өзеніне ағатын лас су мүлде тиылады. Таза су мүлде пайдаланылмайтын болады. Комбинат қалдықсыз технологияға көшеді. Осы және басқа да жұмыстарды комбинат металлургтері ғалымдармен ынтымақтаса отырып істейді.

Digitized by Google



БІРЫҢҒАЙ САЯСИ КҮН

Октябрь революциясының 60 жылдығы атындағы Ермак мемлекеттік аймақтық электр станциясы — еліміздің аса ірі жылу электр станциясы. Станция Екібастұз көмірімен жұмыс істеп, Омбыны, Рубцовскіні, Целиноградты, Қарағандыны, Семейді және Өскеменді электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

Осының өзі-ақ біздің коллективтің еліміз алдындағы жоғары жауапкершілігін анықтайды, және осы мәселелер саяси хабаршыларымыздың әңгімелерінде басты орын алады.

Станцияның саяси хабаршылар тобында 47 адам бар, олардың басым көпшілігі коммунистер, электр станциясы мен оның цехтарының басшылары.

Жекелеген адамдардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін, бейімділігі мен тілектерін ескере отырып, біз халықаралық жағдай және еліміздің саяси өмірі мәселелері бойынша маманданушы топтарды анағұрлым сапалы түрде топтастыра білдік.

Саяси хабаршылар — орталықтандырылған жөндеу цехы турбина бөлімшесінің аға мастері Н. И. Пряников, электрлі фильтр учаскесінің мастері В. Ф. Безруков, жылу автоматикасы мен өлшеу аспаптары цехының мастерлері В. А. Борноволоков, В. С. Гоенко және басқалар өз тапсырмаларын табысты орындауда.

Еңбеккерлердің тілектері ескеріліп, хабар өткізудің бірыңғай күндері мен сағаттары тағайындалды — әр жұмада смена басталардан 30 минут бұрын өткізіледі. Оларды өткізу орындары да белгіленді. Адамдар ескертусіз-ақ тиісті уақытта саяси хабарға жиналады.

Бізде саяси хабарды өткізу графигі қайсыбіреудің ауырып қалуы немесе демалысқа шығуы ескеріліп, резервте екі-үш саяси хабаршы болатындай етіп жасалады.

Партия комитеті жанынан құрылған бұқаралық-саяси жұмыс жөніндегі методикалық совет бізге үлкен көмек көрсетеді. Оның мүшелері Н. В. Безик, Л. А. Николаева, Р. Н. Суленова, Б. К. Баймағанбетова саяси хабаршылардың әңгімелеріне тұрақты қатысады, оларға өздерінің ақыл-кеңестерімен көмектеседі.

Біздің топтың барлық мүшелері тұрақты семинар сабақтарына қатысады, онда методиканы меңгеруге көп көңіл бөлінеді. «Ауызша әңгімеге әзірлену методикасы туралы», «Материалдарды жинақтау жөніндегі жұмыс туралы» т. б. тақырыптар бойынша сабақтар тыңдаушылардың жоғары белсенділігімен өтті. Ағымдағы саяси оқиғалар, соңғы уақытта қабылданған документтер туралы хабарлар әрбір сабақта міндетті болып табылады. Сондай-ақ станцияда қазіргі уақытта шешіліп жатқан міндеттер, социалистік жарыс барысы туралы жедел әңгімеленеді. Әдетте, таңдаулы саяси хабаршылар өз тәжірибесін алмасады, партия қызметкерлері, электр станциясы басшылары сөз сөйлейді.

Анықтама-информация орталығы бізге жақсы көмектеседі. Мұнда төрт бағыт бойынша материалдар жиналатын папка жүргізіледі. Оларда нақты ұсыныстар бар, газет-журнал мақалалары мен методикалық талдаулар жинақталған. Цехтар арасындағы социалистік жарыс материалдарымен, цехтардың және қызметтердің жұмысымен, электр станциясының техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен кез келген уақытта танысуға болады.

Біз озық тәжірибені таратуға және қорытуға үлкен мән береміз. Саяси хабаршылар Б. К. Нәбиевтің, В. А. Борноволоковтың және басқалардың тәжірибесі туралы буклеттер шығарылды.

Активпен жүйелі түрде жұмыс істеу зая кеткен жоқ. Саяси хабаршылар коллективке үлкен ықпал етеді, әрбір адамды жоғары белсенділікке тәрбиелейді. Электр станциясы бұрынғыдан жақсы жұмыс істейтін болды, оның коллективі бесжылдықтың төртінші жылына қабылданған социалистік міндеттемелерді табысты орындауда.

Г. ГОРШЕЛЕВ,
Ермак ГРЭС-нің саяси хабаршылар тобының жетекшісі.
Павлодар облысы.

ЖАҢА БАСЫЛЫМ

«Плакат» баспасы «Еңбек өнімділігін арттырудың резервтері іске қосылуда» деген плакаттар топтамасын шығарды. Онда ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске кеңінен енгізу, еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру, еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту сияқты еңбек өнімділігін арттырудың аса маңызды жолдары туралы әңгімеленеді. Социалистік жарысты ұйымдастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген.

Digitized by Google

ЗЕРДЕ ВАХТАСЫ ӨТУДЕ

Жеңістің 40 жылдығына — 40 екпінді апта!

Ондаған жылдар өтіп, жаңа ұрпақ өмірге келіп, өсіп-жетілуде, бірақ халықтың есінен неміс-фашист басқыншыларымен күресте көрсеткен Совет елінің ұлы ерлігі ешуақытта кетпейді. КПСС Орталық Комитетінің «Совет халқының 1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығы туралы» қаулысын еңбекшілер зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Онда Жеңістің 40 жылдығына дайындық совет адамдарының еңбектегі және саяси белсенділігін арттыруға ықпал ететін болуы тиіс деп атап көрсетілген.

Алматының Москва ауданында митингілер өтіп, онда алдағы юбилейді жаңа еңбек жетістіктерімен қарсы алуға әзір екендігін еңбеккерлер бірауыздан білдірді.

Москвалықтардың «Жеңістің 40 жылдығына — 40 екпінді апта» деген патриоттық бастамасы, Алматы облысының озық кәсіпорындары мен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің атаулы датаны жоғары өндірістік жетістіктермен қарсы алу жөніндегі шақыруы барлық жерде қызу қолдау тауып отыр. Аудандық партия комитетінің бюросы бірқатар озық кәсіпорындардың он бірінші бесжылдықтың тапсырмаларын «Майдангерлер соғыста ерлік көрсетті, ал біз еңбекте ерлік көрсетеміз!» деген девизбен мерзімінен бұрын орындап шығу жөніндегі инициативасын мақұлдады. Мысалы, СССР-дің 50 жылдығы атындағы Алматы мех комбинатының коллективі 1985 жылдың 20 декабріне дейін бесжылдық жоспарды орындап, жоспардан тыс 2 миллион сомның өнімін өткізіп, өнімнің 39 процентін мемлекеттік Сапа белгісімен шығаруға міндеттенді. Жеңіс күніне комбинаттың 120 қызметкері өздерінің жеке бесжылдықтарын орындайды.

Г. А. Колесникова басқаратын бригаданың пішушілері «Жеңіс күні құрметіндегі еңбек вахтасының әр күнін екпінді етейік!» деген девизбен еңбек етуде. Олар өздерінің коллективінің қатарына Совет Одағының Батыры Әлия Молдағұловаңы тіркеді. Және оның өндірістік нормасын орындап, еңбек ақыны Советтік бейбітшілік қорына аударуды ұйғарды.

«Эталон» тәжірибе заводының еңбеккерлері бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын, 1985 жылдың 15 ноябріне орындап шығуға және өндіріс көлемін бесжылдық ішінде 62 процеңттен астам арттыруға міндеттенді. 1985 жылдың 9 майында олар бесжылдықтың төрт жарым жылының жоспарын орындап шығатын болады.

«Қазақстан астанасына — үлгілі қоғамдық транспорт!» деген патриоттық қозғалыстың инициаторлары — № 1 автобус паркінің төрт бригадасы Жеңіс күніне бесжылдық тапсырманы орындап шығуды ұйғарды.

«Батырдан үлгі ал!». Ауданның озат еңбеккерлері жоғары нәтижелерге жету жолындағы социалистік жарысты осындай девизбен өрістетіп отыр. Мысалы, 1 Май атындағы өндірістік тігін бірлестігінің тігіншісі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, аудандық партия комитеті бюросының мүшесі Т. А. Сафронова он бірінші және он екінші бесжылдықтардың тапсырмаларын В. И. Ленинның туған күніне орындап шығуға міндеттенді.

Алда тұрған бүкілхалықтық мерекеге дайындық әрбір коммунисті партияның нағыз жауынгері болуға, өз айналасына еңбектегі жолдастарын тығыз топтастыруға, берілген сөзге адалдығы жөнінде үлгі көрсетуге міндеттейді. Аудандық партия комитеті бюросының соңғы мәжілістерінің бірінде КПСС мүшелігіне кандидаттар өздерінің кандидаттық стажды қалай өткізіп жаткандықтары жөнінде есеп берді. «Казкинодеталь» заводының әрлеушісі Ю. Фещенко коммунистік еңбектің екпінлісі болды, бригада мүшелерімен бірге Жеңістің 40 жылдығы күніне 1985 жылдың жарты жылдық жоспарын орындап шығуға міндеттенді . Ал тері-галантерея фабрикасының тігіншісі М. Бакимова қазірдің өзінде келесі жылдың мартының есебіне еңбек етуде. Ол жеке бесжылдығын В. И. Ленинның туғанына 115 жыл толатын күні орындап шығуды ұйғарып отыр. Бюро мүшелерінің бұл жоспарларды орындап шыға аласыз ба деген сұрағына олар былай деп жауап берді: «Бұл партия мен Отанымызға берген жұмысшының сөзі. Оны орындап шығу біздің абыройлы ісіміз». Оларды КПСС мүшесіне өтуімен шын жүректен құттықтап, жұмыста жаңа табыстарға жетуге тілек білдірдік.

Аудандық партия комитетінің идеологиялық комиссиясы еңбек коллективтерінде және тұрғылықты жер бойынша саяси-бұқаралық жұмысты ұйымдастыру жөнінде методикалық нұсқаулар жасады. Екпінді вахтаның әрбір айы, әрбір аптасы Ұлы Жеңіс құралған ерлік оқиғаларға арналады.

Апта сайын және әр айдың бірінші күні коллективтерде қоғамдық-саяси шаралар өткізіледі. Жұмыс күні міндетті түрде мұның алдындағы аптаның, айдың қорытындысын шығарудан және кезекті вахтаға арналатын тақырыпқа әңгіме өткізуден басталады. Жеңіп шыққандардың құрметіне еңбек даңқы жалауы көтеріледі, оларға ауыспалы вымпелдер мен ескерткіш жалаушалар тапсырылып, олар жөнінде завод радио газетінде әңгімеленеді. Ауданның бар-

Digitized by Google

лық еңбек коллективтерінде де Зерде вахтасының экрандары, күнделіктері, календарлары жабдықталған.

Аудандық партия комитетінің анықтама-информация орталығы іске кірісті. Онда аудандағы Жеңістің 40 жылдығына дайындықтың барысы мен социалистік жарыстың қалай өріс алып отырғандығы көрсетіледі, оң тәжірибелер тұжырымдалып, ол басқа коллективтерде насихатталып, енгізуге ұсынылады.

Ауданда «Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің дүние жүзілік тарихи маңызы» деген саяси-қоғамдық оқулар өтіп жатыр.


Саяси-бұқаралық жұмысқа бұл күндері үгітшілермен, саяси хабаршылармен, марксшіл-лениндік білім жүйесінің насихатшыларымен, «Білім» қоғамының лекторларымен бірге ардагерлер советінің мүшелері де белсене қатысады. Республиканың еңбек сіңірген мұғалімі С. М. Деревянко, ардагер панфиловшы, партия мен халықтың революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрін насихаттау жөніндегі ардагерлердің аудандық советінің председателі И. У. Стогнеев жүргізген әңгімелер және естеліктер қызықты да мазмұнды. Аудандық әскери комиссариат жанындағы запастағы офицерлерге көмек комитеті де белсенді жұмыс жүргізеді. Оның мүшелері 19 кәсіпорында 300-ге жуық адам қатысатын соғыс ардагерлері ішінен инициативалы топтар құрды. Олардың ішінде «Казгеофизприбор» заводының директоры, аудандық Советтің депутаты И. К. Кравцов, соғыс және еңбек ардагері, Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің Орталық конструкторлық - технологиялық бюросының инженері А. Е. Пучков, запастағы офицерлер В. Мұзафаров, М. Жақсылиев (олар «Алматы» мебель өндірістік бірлестігінде жұмыс істейді), партия оқуының насихатшысы, қалалық статистика басқармасының бастығы Д. В. Қабылбеков және басқа да көптеген адамдар бар.

Халық депутаттары аудандық Советінің жанында соғысқа қатысқандардың тұрмыс жағдайын, денсаулығын тексеретін топ іске кірісті. Аудандық тамақтандыру орындары партия, соғыс және еңбек ардагерлеріне қызмет көрсету мәдениетін арттыру жөнінде байқау-конкурс жариялады.

Кинотеатрлар, кітапханалар, көркем өнерпаздар үйірмесінің коллективтері, ДОСААФ комитеттері, дене шынықтыру ұйымдары, кітапқұмарлар және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамдары юбилейге әзірлікке белсене кірісті.

5 мыңға жуық адам қатысатын 130-дан астам көркем өнерпаздар үйірмесі коллективінің программасы бейбітшілік тақырыбына арналған.

Жеңістің 40 жылдығына арналған көркем өнерпаздар творчествосының бүкілодақтық фестивалі барлық еңбек коллективтерінде совет халқының ерлігін дәріптеуге ұмтылдырып отыр. Ауданда өткен патриоттық әндер мерекесіне де көп адам қатысты. № 3 такси паркінің «Зеленый огонек» вокальды-аспапты ансамблі, мех комбинатының вокалдық тобы, «Эталон» заводының эстрадалық ансамблінің программасы қызықты болды.



«Плакат» баспасы.

Жеңістің 40 жылдығына әзірлік барысында саяси плакат та кеңінен пайдаланылуда. Коллективтерде «СССР — бейбітшілік жолындағы күресте» деген плакаттың тұрақты көрмесі ашылды. Ауданда өнерпаз суретшілердің «Жастар және бейбітшілік» деген тақырып бойынша плакатының конкурсы өткізілді.

Бүгінгі күндері партия ұйымдары жүргізіп отырған барлық ұйымдастыру және партиялық жұмыстар партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарының, Қазақстан Компартиясы XV съезінің шешімдерін жүзеге асырып, 1984 жылдың және тұтас бесжылдықтың тапсырмаларын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге бағытталып отыр.

Ғ. ҚАРАТАЕВА,
Қазақстан Компартиясы Москва аудандық комитетінің секретары.
Алматы қаласы.

Digitized by Google

ХАЛЫҚ ЕРЛІГІ МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

Цифрлар мен фактілер

1942 ЖЫЛ

15 июль. Совет информациялық бюросы Қазақстанда егін жинау басталғанын хабарлады. Республиканың бес облысында ғана 60000 гектар дәнді дақыл орылды. Бірқатар колхоздардағы алғашқы астық бастыру дәнді дақылдардың бітік өсірілгенін көрсетті.

21 июль. СССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1941 жылдың ноябрінде Дубосеково разъезінде фашистік танкілерге қарсы жанқиярлықпен шайқасқан 28 панфиловшыға Совет Одағының Батыры атағын беру туралы Указ қабылдады.

24 июль. Гвардиялық корпус пен генерал-майор Панфилов атындағы қос орденді 8-ші гвардиялық дивизия делегациясы Алматыға келді.

2 август. СССР Жоғарғы Советінің Президиумы еліміздің бірқатар темір жолдарының, оның ішінде Қарағанды темір жолының еңбеккерлерін үкіметтің қорғаныс және халық шаруашылығы жүктерін тасымалдау жөніндегі тапсырмасын табысты орындағаны үшін орденмен және медальдармен наградтау туралы Указ қабылдады.

14 август. «Правда» Қазақстанда мұнай өндірудің артып келе жатқаны туралы хабар жариялады. Жаңа скважиналар іске қосылуда. Мастерлер Есқариев пен Өтеулиевтің бригадалары әдеттегідей, скважиналарды мерзімінен бұрын пайдаланылуға тапсырады.

15 август. «Правда» Зеленов ауданынан Фрунзе атындағы озық ауыл шаруашылығы артелі колхозшыларының патриоттық бастамасы туралы хабарлады, олар мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін беру жөніндегі барлық тапсырманы орындап және Қызыл Армия қорына 1621 центнер астық тапсырып, Батыс Қазақстанның барлық еңбекшілерін Ленинград облысының фашистік басқыншылардан азат етілген аудандарын қамқорлыққа алуға шақырды. Олар Ленинград облысы Тихвинск ауданының еңбекшілеріне көмек көрсету қорына 750 центнер бидай, 20 бұзау, 10 жылқы, 30 қой, 10 торай, 40 мың сом ақша және әрбір колхозшының тапқан еңбек күнінің 3 процентін аударды.

18 август. Майданда 16 июньнен 30 июльге дейін өнер көрсеткен өнер шеберлерінің бригадасы солтүстік-батыс майданнан Алматыға қайтып оралды. Бригада 80 концерттің 40 концертін алғы шепте, 16-ын Москвада қойды. Бригаданың құрамында 16 адам, олардың ішінде Күләш Бәйсейітова, Жамал Омарова, Е. Өмірзақов, М. Ержанов болды.

24 август. Совет информациялық бюросы Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы он екі ауданның колхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындағанын хабарлады. Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының ауыл шаруашылығы артельдері Қызыл Армия қорына 600 мың пұттан астам жаңа астықты 20 августқа дейін тапсырды.

Август. Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы М. Әуезовтың «Абай» романының алғашқы кітабын қазақ тілінде шығарды.

3 сентябрь. СССР Халық Комиссарлары Советі мен ВКП(б) Орталық Комитеті «Өзбек, Түркімен, Тәжік, Қырғыз және Қазақ ССР-інде дәнді дақылдар егісін кеңейту туралы» қаулы қабылдады.

13 сентябрь. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті «Қарағанды көмір бассейнінде көмір өндіруді ұлғайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулы қабылдады.

16 сентябрь. «Правда» Ақтөбе облысы Ойыл ауданының «Құрман» колхозында звено жетекшісі Шығанақ Берсиевтің әр гектардан 1050 пұт тары, Қызылорда облысы Шиелі ауданының «Авангард» колхозынан звено жетекшісі Ким Ман-Сам әр гектардан 1350 пұт күріш алып, рекорд жасағаны туралы хабарды жариялады.

22 сентябрь. СССР Халық Комиссарлары Советі мен ВКП(б) Орталық Комитеті «СССР-дің Шығыс аудандары: Алтай және Краснояр өлкелерінің, Новосибирск, Омбы, Челябинск және Қазақ ССР-ның Ақмола, Павлодар, Қостанай, Семей облыстарының совхоздарында дәнді дақылдар егісін кеңейту туралы» қаулы қабылдады.

Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті Қазақстан мұнай комбинатында және еліміздің басқа да трестері мен комбинаттарында мұнай өнімдерін шығаруды арттыруды барынша тездету жөніндегі шаралар туралы қаулы қабылдады.

24 сентябрь. ВКП(б) Орталық Комитеті «Көмір өндіруді арттыру міндеттеріне байланысты Қарағанды көмір бассейнінде партия жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдады.

27 сентябрь. Майданға көмек көрсетуді күшейтуге арналған совет интеллигенциясының республикалық радиомитингісі болды. Митингіде Қ. И. Сәтбаев, А. Толстой, Шара және басқалар сөз сөйледі.

29 сентябрь. «Правда» Қарағанды бассейнінің ірі № 20 шахтасының коллективі Қарағанды мен Кузбасстың барлық кеншілерін еліміздің екі шығыс көмір бассейнінің қорғаныс заводтары үшін отын өндіруді барынша арттыру жолындағы социалистік жарысын бастауға шақырғанын хабарлады.

(Жалғасы. Басы журналдың № 7, 11, 12, 16 сандарында),

Digitized by Google

БӘРІМІЗГЕ ҚАЖЕТТІ ШЕЖІРЕ

Партия ұйымдары еңбекшілер арасында жүргізетін үгіт-насихат жұмысына Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві қызметкерлерінің коллективі белсене қатысып келеді. Соңғы бес жыл ішінде ғана он суретті-деректі көрме ұйымдастырылды. Облыстық партия комитетінің партия архивімен бірлесе отырып, «Халық бақыты жолындағы күрескерлер» деген буклет шығарылды.

СССР-дің құрылғанына 60 жыл толуы қарсаңында «Күрес пен жасампаздық жылдары» рубрикасымен шығарылған документтер топтамасы жұртшылықтан жақсы бағасын алды.

Қазір біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына бүкілхалықтық әзірлікке байланысты жұмысты кеңінен өрістетудеміз.

Архив қорларында майданға көмек, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтың патриоттық өрлеуі, Совет Одағының Батырлары И. Г. Подольцев, Г. Н. Ковтунов, В. М. Счастнов, Ж. Нұрсейітов, Г. Ф. Шляпин және өмірі жас ұрпақтар үшін ізгі мұраттар жолындағы күресте ерлік, табандылық үлгісі болған басқа да адамдар туралы документтер бар.

Соғыс жылдарында Тереңөзек ауданы жергілікті Советтерінің қызметі баяндалған «Бәрі — майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» деген біздің облыстық газеттер үшін әзірлеген мақаламыз ерекше көңіл аудартты. Онда документтер тілімен сол бір қиыншылық кезеңде колхозшылардың қажырлы еңбегі туралы әңгімеленеді. Архив материалдары нақты фактілермен, оқиғалармен таныстыруға, социализмнің тарихи жетістіктерін, оның орасан зор артықшылықтарын, бір кездегі мешеу өлкенің бүгінгі гүлденуін айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Мәселен, архив мұнда бұрын өнеркәсіп орындарының мүлде болмағанын дәлелдейді. 1925 жылы Қызылордада он тоғыз мұғалім жұмыс істеген небары үш мектеп қана болған еді. Ал 1924 жылғы деректер бойынша уезде небары 809 бала ғана оқыған.

Мәдени-ағарту мекемелері де жоқтың қасы еді: бүкіл уезде бір кинотеатр мен кітапхана болатын.

Қазір облыста қазіргі заманғы техникамен жарақтанған 80-нен астам өнеркәсіп орны бар. Олар өнімдердің 509 түрін шығарады. 298 мектеп, соның ішінде 175 орта, 67 сегізжылдық және 53 бастауыш мектеп жұмыс істейді. Онда 140 мыңнан астам бала оқиды. Жалпы қорында 3 миллион 298 мың кітабы бар 339 кітапхана, 300 клуб мекемесі, оның ішінде 200 селолық клуб бар. Облыс республиканың күріште аймағына айналды.

Қызылорда архивінің қоймаларында 1917 жылдан бергі 100 мыңға жуық документ бар. Біз олардың бүгінгі күннің кәдесіне жарауы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаудамыз. Совет үкіметінің алғашқы декреттерін жариялаған Перовск уездік атқару комитетінің қоры туралы ерекше атап өткен жөн, олардан біздің әрқайсысымызға қадірлі жерлестеріміз, Совет өкіметі жолындағы күрескерлер А. Червяковтың, Н. Селиверстовтың, А. Құдабаевтың, С. Есқараевтың, М. Тоқтыбаевтың және басқалардың есімдерін оқимыз. Архив материалдары және облыстық газеттерде жарияланған материалдар бойынша үгіт-насихат активіне арналған.

Мысалы, «Баға жетпес қастерлі дүние» деген мақалада В. И. Ленинның Арал балықшыларына жолдаған хатының 60 жылдығы қарсаңында табылған жаңа архив мәліметтері келтірілген. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Перовск қаласындағы (Қызылорда қаласы) милиция жұмысы туралы әңгімеленген «Революция перзенті» деген мақала оқырмандарда көптеген үндестік тудырды. Материалдар облыстық ішкі істер басқармасының музейін құру барысында пайдаланылды.

Бізде көптеген оқу орындарымен достық байланыс қалыптасты, облыстың ескерткішті және революциялық жерлері бойынша экскурсиялар ұйымдастырылады. Архив қызметкерлері экскурсия жетекшілері үшін документтер негізінде құрастырған маршруттар мен текстер әзірленді.

Біздің материалдарымызды үгітшілердің, саяси хабаршылардың, лекторнасихатшылардың пайдалануына тырысамыз. Біздің өлкеміздің шежіресіне байланысты жарияланған документтер топтамасы көптеген саяси-ағарту кабинеттері мен анықтама-информация орталықтарында бар. Жеңістің 40 жылдығы мен стахановтық қозғалыстың 50 жылдығына дайындық жүріп жатқан бұл күндерде идеология активистері осы баға жетпес информацияның қайнар көзін жиі пайдаланады. Архивтер қызылордалықтардың партия жоспарларын жүзеге асырудағы еңбек ерлігінің жаңа куәліктерімен толықтырылуда.

Т. МӘМИЕВ,
Қызылорда мемлекеттік архивінің қызметкері.

Digitized by Google

Мәдениет және мораль мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

НАННЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІ

Нанға қастерлеп қарау адамға әрдайым тән қасиет. Міне сондықтан да нанның Отан байлығының басты қайнар көздерінің бірі болғаны, болып отырғаны және бола беретіні жайлы ақиқат кейде естен шығарылатындығы алаңдатады.

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының редакциясы рейд өткізді. Оның барысында бригада халықтың нан тағамдарын қалай пайдаланатынына, нан пісіруде ысырапқа жол берілетін-берілмейтіндігіне, оған анағұрлым шаруагерлікпен қарау резервтері неде екеніне ерекше көңіл аударды.

Рейд бригадасының құрамына Алматы қалалық халық депутаттары Советінің депутаттары, сауда және қоғамдық тамақтандыру жөніндегі тұрақты комиссияның мүшелері, — «Каменское плато» санаторийінің экономисі Р. Әлікеева, № 3 қоғамдық тамақтандыру комбинатының аспазшысы Н. Концевая, № 2 автобус паркінің автоэлектригі В. Руденский және редакция қызметкері А. Молчанова кірді.

...Ертеңгілікте және кешке қарай қала көшелерінің бойымен «Нан» деген қысқа жазуы бар жабық машиналар келе жатады. Алматылықтардың сұранымын қанағаттандыру үшін астананың нан заводтары тәулігіне 300 тонна-ға дейін нан шығарады. Біздің рейд бригадамыз Алматыдағы ең ірі және байырғы № 2 нан заводында болды.

— Кәсіпорын еңбеккерлері өздерінің әрбір адамның дастарқан басында алдымен қолына алатын басты өнімді шығаратындарын мақтаныш етеді. Әрбір өндірістік кеңесте нанның сапасы туралы сөз болады, — деп әңгімелейді оның директоры В. Г. Егоров.— Нанның дәмділігі — социалистік жарыстағы бірінші шарт.

Коллективте тәжірибелі еңбеккерлер, нан пісірудің нағыз шеберлері бар. Завод соғыстың алғашқы жылы іске қосылды, ал 1942 жылы жараланғаннан кейін мұнда Г. А. Приземлин келді. Қазір ол жетпісте, осы күнге дейін еңбек етіп, жас наубайшыларды тәрбиелеуде. А. А. Марушкинаны республиканың барлық нан пісірушілері жақсы біледі. Ол жоғары көрсеткіштері мен шеберлігі үшін СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды. Анастасия Акимовна озық бригаданы басқарады.

Завод коллективі өнім сапасын жақсартудың резервтерін іздестіруде. Бұған цехтағы көрнекі үгіт те дәлел. Плакаттарда өнімдерді тиімді пайдалануды, технологиялық операцияларды қатаң сақтаудың не беретіні көрсетілген.

Заводта норма бойынша өнімнің 0,2 процентіндей ғана брак жасауға жол беріледі. Әйтсе де кәсіпорын коллективі сапасы төмен нан шығаруды азайтуға үнемі ұмтылып отырады Мысалы июль айында брак тек 0,07 процент қана болды. Дегенмен нан пісіргенде брак сияқты көрініс мүлде болмауға тиіс. Завод ардагерлері еңбеккерлерді осыған шақырады.

— Мінеки, біз өзіміздің жас әріптестерімізді ұнды, ашытқыны тиімді пайдалану, пешті бостан-босқа жағып қоймау керек деп үйретеміз, — дейді нан пісіруші М. Г. Федотова, — сондықтан да өз басым жерде жатқан нанның бір үзімін көрсем, жүрегім сыздайды.

Біз рейд кезінде осы бір ащы да әділ айтылған наразылықты талай еске алдық.

«Рахат» магазинінің нан бөлімі өнімді № 2 нан заводынан және түрлі нанбөлке өндіретін заводтардан алады.

— Өнім жеткізушілермен арамызда келіспеушілік деген болмайды, — дейді бөлім меңгерушісі Е. Г. Филилеева. — Егер дұрыс піспеген нан кездессе, бізге оны тез ауыстырып береді. Тегінде, нанды сатып алушылардың өздері бұзады. Оны қолымен қысып көреді. Соның салдарынан тоқаштар сынып қалады да оны ешкім алмайды.

Бөлменің іші тар, ал рейд кезінде біз

Ұқыпты бол!

Мамандар мынаны есептеп шығарды: егер төрт адамнан тұратын семьяда күніне 100 грамм нан қалса, онда жылына ол 36,5 килограмға жетеді. Ал егер осыны еліміз бойынша алсақ, онда ысыраптың орнын толтыру үшін қосымша 1,3 миллион гектар жер жыртып, тұқым себу қажет болар еді.

Digitized by Google

мұнда товардың 10 түрі тұрғанын көрдік. Қандайын аламын десе де бар. Сатып алушылар асығыс. Міне, тоқаш жерге түсіп кетті. Оны ешкім көтерген жоқ. Магазин қызметкері оны алып, басқа жерге қойды — ол енді жарамсыз.

«Нанды өлшеп қана ал, ол баға жетпес байлық, босқа ысырап етпе!», «Сатып алушылардың тілегі бойынша нан 2 және 4 бөлікке бөлінеді» деген ескертулер көрнекі орынға ілініпті. Магазин халықтан кепкен нан қалдықтарының килограмын 12 тиыннан қабылдайды деген хабарландыру да бар.

— Ешкім нан тапсырмайды, — деп түсіндіреді Екатерина Геннадьевна.

— Болмашы тиын үшін кім нан кептіреді дейсің.

Келесі күні рейдке қатысушылардың бірі магазинге кіріп, кепкен нанды қашан әкелуге болатынын сұрады. Сатушылар «қабылдамаймыз» деп бірден үзілді-кесілді жауап берді, ал нан қалдықтарын тапсыруға шақырған жазуларды алып тастапты.

Демек, істің мәнісі адамдардың нан тапсырғысы келмейтіндігінде ғана емес. Коммунистік проспекті мен Гоголь көшесінің бұрышында орналасқан № 36 «Радуга» нан магазиніне барғанда бұған көзіміз жетті.

— Біз жыл басынан бері 120 килограмм нан тапсырдық, — деді бізге магазин меңгерушісі В. В. Левина. — Бұл туралы сатып алушылардың үнемі есіне салып отырамыз.

Осы магазинде өнімді сақтау және сату жағдайы өте жақсы. Мұнда өнім берушілерге арналған ақау карточкалары жүргізілді, нан заводтары оған жазылып қалмауға ұмтылады. Алайда мұнда да әртүрлі заводтардың айына орта есеппен біржарым тоннаға жуық нан тағамдары жарамсыз болып қалады. Аз ысырап емес. Және әсіресе жетінші заводтың қызметкерлері нашар піскен нанды жиі жібереді.

Күн сайын қоғамдық тамақтандыру саласына нан көп түседі. Алматы ауыр машина жасау заводының асханасы 150 адамға есептелген, сондай-ақ тікелей өндірістік корпустарда оның екі филиалы бар. Осы тамақтандыру комбинаты нан заводынан күніне 300 килограмға жуық нан алады, сонымен қатар өзі де тоқаш, жұқа нан пісіреді. Жұмысшылар негізінен нанды өлшеммен алады, әйтсе де ол қалып жатады.

— Біздің қалдық жинау жөніндегі кеңсемен байланысымыз бар, — дейді өндіріс меңгерушісі Т. И. Баланова. — Айына орта есеппен 100 килограмм нан қалдығын тапсырамыз.

100 килограм нан ысырап болады... Асхана қызметкерлерімен әңгімелескенде оларда бұдан ешбір өрескелдікті, ерекшелікті көрмейтінін түсіндік. Алайда жүздеген килограмм нан (кейін анықталғандай, мұнда нан қалдықтары толық тапсырылмайды) бірнеше жүздеген адамның түскілік тамағына жетер еді.

Завод коллективінде асхана қызметкерлерінің де, үгітшілердің де, саяси хабаршылардың да адамдармен біздің негізгі өнімімізге қастерлеп қарау туралы өте сирек әңгіме қозғайтыны нанға ұқыпты көзқарастың жоқтығынан болар деген ой келеді. Мұнда осы тақырыпқа арналған ешқандай көрнекі үгіт те жоқ.

Біз нанға бұдан да ұқыпсыз қарау фактілерін Фурманов және Пастер көшелерінің қиылысындағы Ленин аудандық асханалар мен ресторандар трестіне қарайтын педьменханадан көрдік. Онда столдардың үсті толған нан қалдықтары, ал бактарда олардың 4 килограмға жуығы жиналыпты. Жұқа нанды асхананың өзінде ең жоғары сапалы ұннан пісіретінін атап өткен жөн. Егер мұнда күніне 40 килограмға жуық нан жұмсалатынын ескерсек, біз келген сәтке дейін оның 10 процентейі қалдыққа кетті.

Рейдке қатысушылар оқу орындарының асханаларында да болды. Мұнда жастарды нанға шаруагерлікпен қарауды белсенді түрде тәрбиелеуге тиіс емес пе? Өкінішке орай, мұнда да нанға немқұрайдылықпен қарау фактілері орын алған.

№ 19 селолық кәсіптік-техникалық училищенің түстік ішетін залында күлімсіреп тұрған аспаз, оның қасында аспаннан түсіп жатқандай батондар, бөлкелер, тоқаштар бейнеленген панно көзге түседі. Басқа ешқандай көрнекі үгіт жоқ. Осының өзі болашақ байланысшыларға нанның миллиондаған адамдардың табанды еңбегінсіз, дастарханға өзінен өзі түседі деген пікір қалыптастырмай ма?!

Өзге асханалардың қызметкерлерін тыңдай отырып, олардың көпшілігінің бұл істе дәрменсіздік көрсетіп, осындай жұмысты қалай жүргізуді білмейтінін аңғармауға болмайды. Ал енді Алматыда нанға ұқыпты қараудың қызықты тәжірибесі бар. Коммунист Е. А. Стрепкова басқаратын асхананың комсомолжастар коллективі медицина училищесінің оқушыларын ұқыптылыққа баулиды.

Асхана қызметкерлері педагогтармен бірлесе отырып, класс сағаттарын өткізеді, көрнекі үгіт құралдарын пайдаланады. Нанды жасөспірімдердің қажетіне қарай ұқыптап, есеппен кеседі. Сондықтан оның қалдықтары мұнда күрт азайды.

— Бір таңқаларлық жағдай, — дейді Екатерина Александровна, — дайындаушылар бізде қалдықтардың азғырына наразылық білдіреді, ал біздің мақсатымыз — оларды мүлде болдырмау емес пе?!

№ 33 орта мектептің педагогтары балаларды нанға ұқыпты қарауға ғана емес, сондай-ақ жоғары тұтыну мәдениетіне тәрбиелейді. Біз ұзартылған күн тобындағы бірінші класс оқушыларының түскі тамақты қалай ішкенін көрдік. Бір тілім нан қалдыққа кеткен жоқ. Бұған жеткіншектерді қабырға-

Digitized by Google

ларға ілінген айшықты плакаттар мен мұғалімдердің ескертулері үйретеді.

— Біз әдетте түскілікке бір тілім ғана нан береміз. Қайсыбіреуге жетпегендер тағы да алады. Егер таңертеңгілік мәзірде ботқа немесе шайға тоқаш болса, онда нан берілмейді, оның орнына айран немесе шырын ұсынамыз. Балалар да, олардың ата-аналары да риза, — деп түсіндірді мектеп асханасының аспазшылар бригадирі В. Г. Шестакова. — Бізде нан өте аз қалады.

Рейдке қатысушылар Алматы қалалық қоғамдық тамақтандыру басқармасының бастығы Р. А. Рүстемоваға асханаларға барғанда қандай әсер алғандарын айтты. Ол жоғары тұтыну мәдениетіне тәрбиелеу жөнінен өткізілген бірқатар пайдалы шараларды атады. Кепкен наннан тағамдар жасаудың рецептісінің жинағы бекітіліп, осындай үлгілердің көрмелері өткізіледі, басқарма қызметкерлері еңбек коллективтерінде жүйелі түрде әңгіме өткізеді. Әйтсе де басқармада жұмыстың нақты жүйесі әзірше жоқ.

Рейдке қатысушылар жұмыстың тұрғылықты жер бойынша қалай жолға қойылғанын байқады. Мұнда да нанға немқұрайдылықпен қарау фактілері кездесті. № 42 үй басқармасының территориясына қойған тамақ қалдықтары салынған бактардан жартылай күйіндегі нанды көп көрдік, ал оның тілімдері туралы айтудың қажеті жоқ. Осы қалдықтар деп аталатын нан малды азықтандыруға кетеді. Сондай-ақ нанның қоқысқа айналған контейнерлерде де жатқанын көрдік.

— Жылына 400 тоннаға жуық тамақ қалдықтарын тапсырамыз, — деп әңгімелейді басқарушы А. С. Купрейчук. — Тоғыз қабатты үйлерде қалған нанды қоқыс өткізгішке тастайтын кездер болады. Кейбіреулер лифтімен төмен түсуге ерінеді де антисанитарияға жол береді. Мысалы, кооперативтік және ведомстволық үйлердің тұрғындары қалдықтарды арнаулы ыдыстарға мүлде тастамайды, олай істеуді әбден қойған.

Басқарушының бұл позициясы таңдандырады?! Тұрғындар «сырт айналды», «антисанитарияға жол береді» дейді. Сонда олармен үй басқармасы жұмыс істемегенде, кім істеуге тиіс?

Жыл басында тағам қалдықтарын жинайтын кеңсе «25 килограмм қалдық малға бір килограмм салмақ қосады» деген листовка шығарды. Оны № 42 үй басқармасы да алды. Бірақ подъездерде біз нанға қастерлеп қарауға тәрбиелейтін ешбір көрнекі үгітті көре алмадық. Ол Алматы ауыр машина жасау заводының партия ұйымы жұмысына бағыт беретін осы үй басқармасының үгіт алаңында да жоқ. Мұнда айшықты плакаттар, ішінара айтқанда, «Өнер» баспасы шығарған плакаттар пайдаланылмайды. Бұл туралы лекциялар мен баяндамаларда да сөз болған жоқ.

Біздің елімізде нан пісіруге мемлекеттің көп қаржысы мен халықтың еңбегі жұмсалады. Міне, көптеген жылдар бойы халықтың нан тағамдарына, ұнға және дәннен дайындалатын басқа да тағамдарға деген сұранымы егіннің шығымдылығы қандай болғандығына қарамастан толық қанағаттандырылуда. Біздегі нанның бағасы дүние жүзіндегі ең төмен баға және ол ондаған жылдар бойына өзгерген жоқ. Осының бәрі партиямыздың, халқымыздың тамаша жетістіктері. Совет адамдары мұны орынды мақтаныш етеді. Және біз негізгі өнімге немқұрайды қарайтын адамдар жайлы қоғамдық пікір қалыптастыруға тиіспіз.

Нан және қалдық деген екі ұғымның сыйымсыздығы әбден түсінікті.

«Бидайдан жақсы пісірілген бір үзім нан — адамзаттың ақыл-ойының орасан зор жетістігінің бірі-ау деген ой, шынында, көп адамға келді ме екен...»— деп жазған болатын К. А. Тимирязев. Бір үзім нанды лақтырмас бұрын осы орасан зор жетістікті — нанға жұмсалған еңбекті есімізге түсірейікші.

Сіздің блокнотыңызға

Небары бір процент

Еліміздің ауқымында еңбек өнімділігін бір процент арттыру үстіміздегі жылы жоспардан тыс 7 миллиард сомнан астам өнеркәсіп өнімін алуға мүмкіндік береді. 400 мыңға жуық адамның еңбегі сақталады — осыншама жұмысшы мен қызметші бүтінде барлық су транспортында жұмыс істейді.

Энергетиктер үшін жоспардан тыс процент қосымша 15 миллиард киловатт-сағатқа жуық электр энергиясына тең — оның осындай мөлшерге жуығын Грузияның барлық электр станциялары өндіреді.


Мұнай өндірушілер, шахтерлер, газ өндірушілер өздерінің еңбек өнімділігін тағы бір процент арттырса — сонда халық шаруашылығы 20,5 миллион тонна шартты отын алады. Айтпақшы, Углегор, Запорожье, Рефтинский сияқты үш аса ірі жылу электр станциясына жылына осындай мөлшерде отын керек.

Металургтерде еңбек өнімділігі өсімін жоспардан тыс бір процент арттырғанда бір миллион тоннадан астам қара металл прокатын СССР Станок жасау және аспап өнеркәсібі министрлігінің барлық кәсіпорындары жыл бойына оны осынша мөлшерде пайдаланады.

Еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыру машина жасаушылар үшін де қыруар пайда келтіреді. Мысалы, трактор жасаушылардың оған қолы жетсе, еліміздің егістіктеріне тағы да 6 мыңға жуық жаңа трактор шығады.

(КПСС Орталық Комитетінің «Политическое самообразование» журналының материалдары бойынша, 1984, № 9).

Digitized by Google



ЖҰМЫСШЫ ПЕДАГОГТАР

Т. ҚҰЛИЯСОВ,
Лениногор полиметалл комбинатының механигі, тәлімгерлер советінің председателі, ВЛКСМ XVI съезінің делегаты

Біздің ұйымшыл заводтық семьямызға жыл сайын жас жұмысшылар қосылады. Олар — негізінен № 9 орта кәсіптік-техникалық училищенің түлектері. Жігіттер әдетте өздері практикадан өткен, өндіріспен танысқан жұмыс орындарына жіберіледі.

Алғашқы жұмыс күні завод директорымен, бас мамандармен, цех бастықтарымен, қоғамдық ұйымдар басшыларымен кездесуден басталады. Олардың әрқайсысынан қай цехта, қай сменада жұмыс істегісі келетінді сұралады. Және бұл формальды сұрақ емес. Біз жігіттер мен қыздардың өз жұмысшы коллективін саналы түрде таңдауына ұмтыламыз. Бұған көп нәрсе — еңбекке деген қарым-қатынас та, оның өзін-өзі ұстауы да тәуелді.

Алғашқы үш күнде болашақ жұмысшыға тәлімгер бекітіледі. Әдетте тәлімгер кандидатурасын бригада талқылайды. Осындай тұрғыдан қарағанда, әдеттегідей, ағаттыққа жол берілмейді.

...Өз ісін жетік білетін, коммунистік еңбек екпіндісі Анна Афанасьевна Цуркан кадмий бөлімшесінде 25 жыл жұмыс істеді Осы әйелдің мінез-құлқындағы тамаша бір қасиет — өзімен қатар жұмыс істейтін адамдардың тағдыры үшін алаңдаушылық және онда педагогикалық талант та бар. Ол байсалды, ұстамды, қиын жағдайда ешқашан мойымайды және өзгелерді де үнемі жігерлендіріп отырады. Осының бәрі оның жақсы тәлімгер болуына көмектесті. Анна Афанасьевна 15 жас өндірісшіні өзінің қиын кәсібіне үйретіп шығарды және кейін олардың біреуі де ұятқа қалдырған жоқ. А. А. Цуркан жуырда құрметті демалысқа шықты, әйтсе де цехқа жиі келіп, тәлімгерлердің заводтық советінде жұмыс істеуді жалғастыруда.

Петр Григорьевич Звонцовтың өзі училищенің бұрынғы түлектерінің бірі. Оны қамқорлыққа алынған училищенің өмірі әрдайым қызықтырады. Ал оған практикаға келген балалар біз де осындай шеберлікке жете аламыз ба деп ардагер жұмысына қызыға қарайды. «Жете аласыңдар, — деп жауап береді Петр Григорьевич, — тек қана жалқауланбаңдар, сұраңдар, үлкендерден үйреніңдер!».

Таңдаулы тәлімгерлердің бірі — сілті бөлімшесінің электр монтері Николай Андреевич Мещеряков. Оның шеберлік мектебінен 12 жасөспірім өтті. Олардың бәрі бүгінде заводта жұмыс істейді, олардың арасында тәртіп бұзушылар, қыдырымпаздар, жалқаулар жоқ. Бәрі дерлік — өздерінің ұстазы сияқты белсенді рационализаторлар. Және тағы бір қызығы: А. Цурканның, П. Звонцовтың және Н. Мещеряковтың кәсіптік шеберлік мектебінен өткен жастардың бәрі қоғамдық өмірге белсене қатысады.

Бізде тәлімгерлік жұмысын цехтық және заводтық советтер басқарады. Заводтық советте 11 адам бар. Олардың бәрі — өндіріс озаттары, көпшілігі — еңбек ардагерлері. Совет заводтың кәсіподақ комитеті бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді.

Совет мүшелері ай сайын, соңғы бейсенбіде мәжіліс өткізеді. Бұл күні олар, әдетте, тәлімгерлердің бірінің жұмысы туралы есебін тыңдайды, егер бұл тәжірибе назар аударарлықтай болса, оны тарату туралы шешім қабылдайды. Егер талқылау және одан бұрынғы тексеру барысында тәлімгердің өзіне тапсырылған істі атқара алмайтыны, оны адал орындамайтыны анықталса, көмек көрсету немесе оны анағұрлым лайықты адаммен ауыстыру туралы шешім қабылданады.

Совет мәжілісінде сменалардағы, бригадалардағы еңбек тәртібінің жайы, жас жұмысшылардың оқуы, олардың адамгершілік бейнесі туралы жиі әңгіме болады. Қажет болса — советке ата-аналар шақырылады.

Совет мүшелерінің күнделікті өмірінде істер аз емес. Оларды жаңадан келген жұмысшыларға қажетті жағдайдың жасалуы, еңбек туралы заңдардың сақталуы толғандырады. Заводтың кәсіподақ комитеті өз тарапынан совет председателінің атқарылған жұмыс туралы есептерін жүйелі тыңдайды. Бұл мәселе идеологиялық планеркаларда, жұмысшы жиналыстарында бірнеше рет талқыланды.

Әкімшілік пен кәсіподақ комитеті коллективте тәлімгерлікті ұйымдастыру туралы ережені, «Заводтың таңдаулы тә-

Digitized by Google



Ақтөбе облысы. Еңбек ардагері, озат сауыншы Альбертина Романовна Вольтер Мәртөк ауданының «Победа» колхозында сүт сауууды арттыру жолындағы малшылар жарысын бастап келеді. Ол — жастардың таңдаулы тәлімгерлерінің қатарында.

Суретте: А. Р. Вольтер жас сауыншы Күләш Күпеновамен бірге.

Суретті түсірген **Д. Карачун** (ҚазТАГ).

лімгері» атағын алу жолындағы социалистік жарыс шарттарын бекітті, моральдық және материалдық ынталандыру шаралары анықталды. Жыл сайын 29 октябрьде, Ленин комсомолының туған күнінде қорытындылар шығарылады. Жеңімпаздарға дипломдар, грамоталар, ақшалай сыйлықтар тапсырылады, олардың суреттері еңбек даңқы галереясына қойылады. Бүкіл ұйымдық істерді тәлімгерлердің заводтық және цехтық советтері жүзеге асырады.

Басқа қам-қарекеттердің ішінде тәлімгерлердің оқуы туралы ерекше айтсақ деймін. Олар үшін халық университеті құрылды, онда сабақтарды қамқорлықтағы мектептер мен кәсіптік-техникалық училищелердің педагогтары жүргізеді. Тәлімгерлер үнемі тәжірибе алмасады.

Соңғы жылдары бізде заводта жаңа форма — коллективтік тәлімгерлік пайда болды. А. Ешанов басқаратын электролизшілердің комсомол-жастар бригадасының қамқорлық жұмысы бұған мысал бола алады. Жас металлургтер № 99 қалалық кәсіптік-техникалық училище топтарының біріне қамқорлық жасайды. Қамқорлық жасаушылар мен қамқорлықтағылар бір-бірінің алдында социалистік міндеттемелердің орындалуы туралы есеп береді, бірлескен демалыс ұйымдастырады, спорт жарыстарына қатысады.

А. Азметов осы бригаданың өз өмірінде қандай роль атқарғаны туралы әңгімелейді. Қазір оның өзі тәлімгер.

— Мен заводқа келген кезде бригаданы Петр Петрович Пермяков басқаратын. Пермяков пен Ешановтың басшылық жасау стилі біреу деп ойлаймын, оның негізі — талапты қайырымдылық. Бригадирлердің дауыс көтергені немесе көп қиындық келтірген балалардан құтылуға ұмтылғаны есімде жоқ. Бригадирлер жазаламас бұрын коллектив мүшелерімен ақылдасады, тәртіпсіздіктің себептерін анықтайды. Мен бригада жұмысының ең жоғары бағасы — артта қалушылардың болмауы деп ойлаймын. Бір-екі жылдан кейін жас жұмысшылар тамаша металлургтерге айналады.

Тәлімгерлер училищеге, өздерінің қамқорлығындағы топқа жиі келеді. Сабақтарда, оқу шеберханаларында болып, журналдарды зейін қойып қарайды. Жұмысшы сөзі балалардың жан-дүниесіне ықпал етеді. Училище педагогтары, мастерлері емес, жұмысшылардың жақсы оқуға әдеттегідей иландырып жатқаны қандай орынды. Жұмысшылар иландырмайды — олар осыны талап етеді, өйткені ертеңгі күні олардың қамқорлығындағы жастар бригадаға қосылып, барлық жауапкершілікті бірге бөліседі. Және бригада тәрбиеленушілердің семьяларымен тығыз байланыс жасайды. Олар балалардың үйіне «төтенше жағдайда» емес, ай сайын барады. Демек, «төтенше жағдайдың» өзі бригадада өте сирек кездеседі.

Тәлімгерлер жұмысының тиімділігі айтарлықтай. Лениногор полиметалл комбинатының цехтары арасында жас жұмысшылардың орнығуы біздің заводта жоғары. Олардың басым көпшілігі жоспарлар мен міндеттемелерді тұрақты орындайтын комсомол-жастар сменаларына біріктірілді. Жаңадан келген жұмысшылар өндірістік жұмысты қоғамдық жұмыспен табысты ұштастырады, жұмысшы жастар мектептерінде, жоғары және орта оқу орындарында оқиды. Ал тәлімгерлер үшін шәкіртінің есейіп, өз ісінің шебері, азамат болуын көруден артық награда жоқ.

Digitized by Google

ТӘЛІМГЕРЛІК

Дүниеге келген жаңа дәстүр

С. М. Ожегов редакциясын басқарған орыс тілінің түсіндірме сөздігінде тәлімгер деген сөздің тұсында ескірген деген белгі бар. Сөздік 1967 жылы шықты, тәлімгерлік қозғалыс та сол кезде пайда болды. Оны бастаушылардың бірі Ленинградтың «Электросила» бірлестігінің жұмысшысы С. С. Витченко болды. Ол жастар тәлімгері ретінде 20 жасөспірімнен бригада құрып, жұмысшы, жауынгер-ардагер, коммунист ретінде жинаған өзінің өмірлік және өндірістік тәжірибесін оларды тәрбиелеуге жұмсады.

1971 жылы Ленинград кәсіпорындарында тәлімгерлік туралы ереже бекітіліп, «Тәлімгер» деген құрметті атақ енгізілді.

Ленинградтық жұмысшының бастамасы біздің басқа да қалаларымыздың көптеген кәсіпорындарында, сондай-ақ туысқан социалистік елдерде қолдау тапты.

1975 жылы ВЦСПС Президиумы мен ВЛКСМ Орталық Комитетінің Бюросы «Жастар тәлімгері» және «Жастардың таңдаулы тәлімгері» деген құрметті белгілер туралы Ережені бекітті. Осы белгілермен жұмысшылар мен колхозшыларды оқытуда және тәрбиелеуде аса үздік нәтижелерге жеткен тәлімгерлер наградталады.

Бүгінде біздің республикада тәлімгерлік қозғалысқа 160 мың адам қатысуда. 1981 жылдың октябрь айында Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген жастар тәлімгері» деген құрметті атақ тағайындалды. Атақты механизатор К. Б. Дөненбаева, Қазақстан Магниткасының бригадирі С. В. Дрожжин және жұмысшы-педагогтардың тағы бір тобы осы атаққа алдымен ие болды. Олардың есімдері «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының 1981 жылғы 21-ші санында жарияланды.

Тәлімгер деген сөздің өзі тым ерте кезден белгілі. Ол орыстың ежелгі көне жазуында XI-ғасырдан бастап «басшы», «мұғалім» деген мағынада қолданылды. Ежелгі орыс тілінде **тәлімгер** зат есімі **ақыл беру** деген етістіктен пайда болған — «үйрету», сөзбе-сөз аударғанда «бағыт көрсету», «дұрыс жолға салу» деген сөз.

XVIII—XIX ғасырларда **тәлімгер** деген сөз әрі «мұғалім», әрі «тәрбиеші» деген мағынаны білдірген. Осы кезде үй шаруасының тәлімгері және класс тәлімгері сияқты мамандық аттары пайда болды. **Тәлімгерлік** деген сөз революцияға дейінгі кезеңде тар шеңберде, «тәлімгер қызметі» деген арнайы мағынада қолданылды.

Қазіргі орыс тілінде **«тәлімгер»** деген сөзбен көптеген күрделі сөздер мен сөз тіркестері қолданылады. Мысалы: капитан-тәлімгер, машинист-тәлімгер, жаттықтырушы-тәлімгер, бригадир-тәлімгер, тәлімгерлер советі.

Қазір **тәлімгер** және **тәлімгерлік** деген сөздер жаңа мағынаға ие болды деп сеніммен айтуға болады: олар біздің социалистік құрылыспен тікелей байланысты, советтік өмір салтынан ажырамайды.

Тәлімгерлік — бұл тәлімгерлер қозғалысы. Ал **тәлімгер** — жастарды дұрыс жолға салатын, оны өзінің шеберлігіне үйрететін, коммунизмнің жас құрылысшыларына тәжірибесін беретін адам.

Журнал почтасынан

«Арал» совхозы бірінші фермасының барлық істеріне партия тобының жасар ықпалы айтарлықтай. Коммунистер жеке көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдап, оларды табысты орындауда. Мысалы, Ш. Аймаханов, К. Есенов, Ж. Егізбаев және басқалар әр жүз саулықтан 120 қозыдан алып, оларды толық сақтады.

Б. Ибрахимов басқаратын партия тобы жарыс жариялылығына зор көңіл бөледі. Фермаңың әрбір еңбеккерінің, әрбір шопанның өндірістік көрсеткіштері күн сайын стендке жазылады. «Молниялар» апта қорытындылары бойынша жарыстың жеңімпаздары туралы хабарлайды. Коллективтің жалпы жиналысында оларға вымпелдер тапсырылады. Мұнда үгітшілер жемшөпті тиімді пайдаланбайтын, малға дұрыстап күтім жасамайтын адамдармен ашық әңгімелеседі.

Малшылар жемшөп дайындауға қатысады. Партия тобы техниканы барынша тиімді пайдалануға, қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруға қамқорлық жасайды.

Г. ПРОТОПОПОВ,
аудандық сырттай оқу мектебінің мұғалімі.

Қызылорда облысының
Арал қаласы.

Digitized by Google

ҮГІТ БРИГАДАСЫНЫҢ ШАҚЫРУЫ

«Үгіт бригадасы — бізде қонақта» — осы сөздерді егіс қостарынан да, завод цехтарынан да, село клубтарынан да, үгіт алаңдарынан да естуге болады. Адамдар үгіт-көркемөнер коллективтерінің келгеніне әрдайым қуанышты.

Біздің облысымыздың клуб мекемелерінде қазір 300-ге жуық үгіт-көркемөнер бригадасы бар. Олар идеологиялық жұмыста партия ұйымдарының сенімді көмекшілеріне айналды. Ленин, Қарасу, Камышин, Жітіқара, Орджоникидзе, Федоров аудандарында, Рудный қаласында оларға көп көңіл бөлінеді. Әйтсе де, өкінішке қарай, шаруашылық басшылары шаруашылық науқандары кезінде бұқаралық-саяси жұмыста үгіт коллективтерін барлық кезде бірдей пайдаланбайды. Ал адамдардың көңіл-күйін көтеру, жақсы істерге жігерлендіру, іске қарым-қатынасы жайында қайсыбіреулерге ой салу үшін тұжырымды, алдағы күн міндеттері мен кемшіліктер сынға алынған жиырма минуттық өткір әңгіменің өзі жетіп жатыр ғой.

Еңбек коллективтері үшін қолайлы уақытта үгіт бригадаларының әңгімесін өткізудің нақты графигі қазірдің өзінде қалыптасты. Бұл — жұмыс басталар алдындағы таңертеңгілік шақ, түскі үзіліс, смена ауысатын кез, жұмыс күнінің аяғы, сондай-ақ адамдар клуб мекемесіне келуге мүмкіндігі болатын кешкі уақыт.

Үгіт-көркемөнер коллективтерінен өмірмен тығыз байланысты, насихат тұрғысынан актуальды, нақты сын бар өткір, жауынгер әңгімелерді күтеді. Бұл істе коллективтерге тұрақты көңіл бөлу және көмек көрсету қажет екені сөзсіз.

Халық творчествосы мен мәдени-ағарту жұмысының облыстық ғылыми-методикалық орталығы үгіт бригадаларына тұрақты көмек көрсетуде. Осы коллективтердің байқау-конкурстары мен творчестволық есептерін өткізу дәстүрге айналды.

Соңғы облыстық байқауда Рудный қаласы кеншілері мәдениет және техника сарайының халықтық «Сигнал» үгіт бригадасы (жетекшісі Л. Ғайнутдинова) үлкен программа көрсетті. Ол еңбек тәртібін нығайтуға арналды және қаланың еңбек коллективтерінің өмірінен алынған материалдар негізінде құрылды. Осы бригаданың сыны пәрменді. Ол жұмысқа келмей қалушылықты, авариялық іркілістерді қысқартуға, техниканың жақсы сақталуына ықпал етеді.

Қарасу аудандық мәдениет үйі «Нива» үгіт бригадасының «Біздің ауданда той» деген программасы да (жетекшісі А. Божаков) күнделікті қажет мәселелерді қозғады. Бәйгенің, айтыстың, дастарқан басының дәстүрлі белгілері арқылы аудан шаруашылықтарының бүгінгі программалары мен жетістіктерін ашып көрсетіп, бұл үгіт бригадасы конкурс жюриінің жоғары бағасына ие болды.

Ленин аудандық Мәдениет үйінің «Пламя» үгіт бригадасы (жетекшісі В. Штанько) да мақтауға тұрады. Оған творчестволық ізденіс, көрсету құралдарының айшықтығы мен айқындылығы, әдеби негіздің тереңдігі мен толымдылығы, орындау шеберлігінің жоғары дәрежесі тән.

Еңбекке адал қарау тақырыбы Камышин аудандық Мәдениет үйі «Камышинка» үгіт бригадасының (жетекшісі Кербель Т.) «Көңілді аңыз! Кім туралы? Біз туралы!» деген ойын-сауығының өзегіне айналды.

Қостанай ауданы Краснопартизан селолық Мәдениет үйінің «Искатели» (жетекшісі Э. Кауфман) мен Камышин ауданы Фрунзе селолық Мәдениет үйінің «Культиватор» (жетекшісі В. Полевода), Боровской ауданы Буденовка селолық Мәдениет үйінің «Сигнал» (жетекшісі М. Шабунько) және Қостанай тәжірибе станциясы «Современник» Мәдениет үйінің «Нива» (жетекшісі А. Скикевич) үгіт бригадаларының программалары фактілердің нақтылығымен, оптимизмдігімен көзге түсті.

Аудандық және облыстық конкурстарға тұрақты қатысып, село еңбеккерлерінде жиі қонақ болатын Жітіқара ауданы Чайковский атындағы совхоздың «Зернышко» балалар секторының үгіт бригадасы да (жетекшісі Н. Мелузова) көрермендердің сүйіспеншілігіне бөленді.

Урицкий аудандық Мәдениет үйінің (жетекшісі Г. Шабурова), Орджоникидзе ауданы Покровский селолық Мәдениет үйінің (жетекшісі Л. Пащенко), Семиозер аудандық Мәдениет үйінің (жетекшісі Н. Малер) үгіт бригадаларының программалары бейбітшілік пен халықтар арасындағы достық жолындағы күрес ісіне арналды.

Үгіт-көркемөнер бригадаларының жұмысында өз дәстүрлері қалыптасты. Партия мен үкімет шешімдерін насихаттауға, жоспарлы тапсырмаларды, социалистік міндеттемелерді орындауға,

Digitized by Google

өндіріс озаттарының тәжірибесін таратуға негізгі орын беріледі. Сын нақты жеке адамдарға — жалқауларға, маскүнемдерге, социалистік меншікті талантаражға салушыларға, қоғамдық тәртіпті бұзушыларға қарсы бағытталған.

Үгіт бригадалары сынап қана қоймай, оған қалай мән беріліп жатқанын қадағалап отыруға ұмтылады. Қабылданған шаралар туралы тұрғындарға дер кезінде хабарлап отырады. Мысалы, Камышин аудандық Мәдениет үйі үгіт бригадасының өңгімесінен кейін аудан орталығының территориясында ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеген мұнара кранының иелері табылып, жазаланды. «Пламя» үгіт бригадасының сын ескертпесіне жауап ретінде аудан орталығы үшін қосымша маршрутпен жүретін автобус бөлінді. Бұрын қараусыз қалған «Новопокровка» совхозының жеміс бағы енді шаруашылық күшімен тәртіпке келтірілді, оны күтімге алып, ара өсіру үшін қызметкерлер тағайындалды. Ал «Ершов» совхозында мал қораларында электр энергиясын жұмсау тәртіпке келтірілді.

Облыстық ғылыми-методикалық орталық үгіт бригадаларының тәжірибелерін үнемі қорытып отырады. Олардың басшылары үшін облыстық және аймақтық семинарлар, таңдаулы коллективтердің көрнекі өнерлері ұйымдастырылады. Таңдаулы программалар жылына кемінде екі рет «Үгіт-көркем өнер бригадаларына көмек» деген арнайы методикалық жинақта жарияланады. Облыс еңбеккерлері арасындағы үгіт бригадаларының жұмыс тәжірибесі «Әрдайым ізденісте» деген плакаттар мен буклеттерде тұжырымдалады. Олар да соңғы екі жыл ішінде алты коллективтің қызметі туралы өңгімеленді. Осы материалдар көптеген тиражбен басылып, облыстың әрбір клуб мекемесіне жеткізіледі.

Кәсіпорындардың, оқу орындарының, қалалық, аудандық Мәдениет үйлері мен сарайларының, совхоздардың орталықтары мен бөлімшелерінің творчестволық күштері идеологиялық жұмысқа тартылады. Жыл сайын тұқым себу және егін жинау науқандары кезінде үгіт поездары жөнелтіледі, олардың құрамына облыстық музей, кітапхана, ғылыми-методикалық орталық қызметкерлері кіреді. Облыстық театрлар мен басқа да мәдениет мекемелерінің қызметкерлерін біріктіретін «Целинная юность» үгіт бригадасы — үгіт поезына ұдайы қатысады.

Уақыт идеология майданының жауынгерлерінің — мәдени-ағарту қызметкерлерінің алдына өнер құралдары арқылы еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруді күшейту жөнінде жаңа міндеттер қойып отыр. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында, — адамның рухани қажеттерін қалыптастыру, ардақтау, жеке адамның идеялық-саяси және адамгершілік бейнесіне белсенді түрде ықпал жасау социалистік мәдениеттің аса маңызды міндеті екені ерекше атап көрсетілді. Үгіт-бригадалық жанр өзгелер сияқты емес, көптеген сұрақтарға дер кезінде жауап беріп, еңбекшілерді еліміздегі және ауданымыздағы оқиғалар туралы хабардар етеді, жағымсыз құбылыстарға көңіл аударып, олармен ымырасыз күрес жүргізуге мүмкіндік береді. Осы мүмкіндіктерді толығынан пайдалану — барлық мәдениет қызметкерлерінің ісі.

Ю. БОНДАРЕНКО,
Қостанай облыстық халық творчествосы мен мәдени-ағарту жұмысы ғылыми-методикалық орталығының директоры.

Идеология жұмысының хроникасы

Петропавл. «Коллективтегі тәрбие жұмысындағы бригадирлердің ролі». СССР-дің 60 жылдығы атындағы шағын литражды двигательдер заводында өткен семинардың тақырыбы осындай болды. Онда Киров аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Э. С. Красикова баяндама жасады. Бригадирлер П. И. Ассельборн, В. И. Ассельборн, В. К. Сафронов және басқалары тәжірибелерін ортаға салды.


Жезқазған. Ақтоғай ауданында аудандық партия ұйымының селода мұғалімдер кадрларын тұрақтандыру және оларды идеялық-саяси тұрғыдан шынықтыру жөніндегі тәжірибесін үйренуге арналған облыстық семинар-практикум өтті.

Мұнда оқытушылардың 90 проценті осы ауданның орта мектептерін бітірген азаматтар екендігі көңіл аудартады. Ауданда әрбір мұғалімге қамқорлық көрсетіліп отырады. Олардың бәрі де пәтермен қамтамасыз етілген. 56 педагог ордендермен және медальдармен наградталған. Аудандық партия комитетінде мектеп коллективтерінің басшыларымен кездесулер, өңгімелер өткізіп отыру практикаға айналуда. Аудандық партия комитетінің саяси ағарту кабинеті жанында мұғалімдерге марксистік-лениндік білім беру жөніндегі методикалық совет жұмыс істейді. Күні бүгін аудандағы үгіт-насихат жұмысын мұғалімдердің қатысуынсыз өткізем деудің өзі қиын. Тек үгітшілер және саяси хабаршылар болып 300-ден астам оқытушы жұмыс істейді.

Шевченко. Маңғышлақ халық университеттерінің жүзге жуық ректоры, деканы, оқытушылары халық университеттері жүйесінде оқу-тәрбие процесін одан әрі жетілдіру міндеттеріне арналған облыстық семинарға қатысты.

Жас буынға коммунистік тәрбие беру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы білімі халық университеттерінің Азық-түлік программасын орындаудағы ролі, право білімі халық университеттерінің мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту жөніндегі жұмыстары жайлы әңгіме болды.

Digitized by Google



КЕҢІНЕН ТАНЫМАЛ

Целиноград тұрғындарының арасында жастар сарайы жанында қызмет істейтін «Фламинго» клубы кеңінен танымал. Ол совет және шетел композиторларының әндері мен вокалды-аспапты шығармаларын орындайтын қырықтан астам орындаушыны біріктіреді. Клуб мүшелері Целиноград, Алматы, Қарағанды, Омбы, Томск, Свердловск студенттерімен, техникумдардың, кәсіптік-техникалық училищелердің және мектептердің оқушыларымен көптеген қызықты кездесулер өткізді. Олар «БАМ-83» фестивалінне қатысты.

Бүкілодақтық әуесқой әндер фестивалінің лауреаты Виктор Барановтың концерті ерекше табыспен өтеді. Ол бейбітшілік және біздің ерлікке толы өмірімізге арналған «Менің тәлімгерім», «Үлкен жер», «Тыңның адамдары», «Бақытым менің», «Менің тыңым» сияқты әндердің авторы. Ол қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз және итальян тілдерінде ән салады.

ОРАЛУ

Біздің жоғары оқу орнымызда жақсы дәстүр пайда болды. Оның қабырғасында оқыған түлектері туған қаланы көріктендіру жөнінен сенбіліктер өткізеді. Биыл олар Целиноградтың 150 жылдығы атындағы паркте жұмыс істеді, жаңа оқу корпусының іргесін қалау және жер қазу жұмыстарына қатысты. «Өзіміз оқыған қалада аз болса да еңбегіміз мәңгілік қалсын», — деді оқуды аяқтаған түлектер.

Мектеп реформасы жүзеге асырыла бастаған жылы біздің барлық түлектеріміз селолар мен ауылдарға кетті. Олардың әрқайсысы дерлік қоғамдық мамандық университетін бітіріп, лектор, үгітші-атеист пионервожатый, кітапхана қызметкері, насихатшы деген екінші мамандық алды.

Көпшілігі туған жерлеріне оралды. Техникалық еңбек мұғалімі Б. Б. Сүлейменов бұрын өзі оқыған және педагогикалық практикадан өткен Қорғалжын ауданының Сабынды орта мектебіне жолдама алды. Музыка мен ән пәнінің мұғалімі М. Ж. Сарина да сонда баруға тілек білдірді. Ал физика пәнінің жас мұғалімі Г. А. Алдоңғарова кезінде өзі оқу бітірген Теңіз ауданының Сарыөзек мектебіне жолдама алды. Орыс тілі мен әдебет пәнінің мұғалімі Б. Ш. Пішенова өзін Малинов ауданының Культурненский орта мектебіне және математика пәнінің мұғалімі Ш. К. Қаңтарбекова Астрахань ауданының Жамбыл орта мектебіне жіберуді қалады. Мұнда олар мектеп қабырғасында жүргенде-ақ еңбек етуді үйреніп, шыңдалған болатын.

Біздің педагогика институты — тыңдағы ең ірі жоғары оқу орындарының бірі. Қысқа уақыт ішінде ол педагогика кадрларының ордасына айналып, қазірдің өзінде тоғыз мыңнан астам маман даярлап шығарды.

В. САКОВЦЕВ,
С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогика институтының доценті.

ШЕБЕРЛЕР

Теміртау қаласындағы 125-ші кварталдың үгіт алаңында қолданбалы көркемөнер кеші табыспен өтті. Оған ересектер де, балалар да қатысты. Балалар асфальтқа сурет салудан өнер көрсетті. Микроауданның тұрғындары пенсионерлер Е. Чухрай және Л. Кононованың еңбектерімен танысты. Олар мұнда көркем творчество бұйымдарын әкелді. Н. Фешевская тоқыған кілем көпшіліктің назарын аударды. Ісмерлер көрмеге келгендерге өздерінің тәжірибесін ықыласпен айтып берді. «Карбид» бірлестігінің қызметкері А. Буянов көркем бедер салынған бұйымдар көрмесін дайындады. Үй шаруасындағы әйел О. Бастер көрмеге келгендерді өзінің бұрын-соңды кездеспеген кестелерімен таныстырды.

Л. АЛЕКСЕЕВ.

Digitized by Google

Сұраққа жауап

ҚАРА ТОПЫРАҚСЫЗ АЙМАҚТАҒЫ ҚҰРЫЛЫС

Қазақ ССР-нің үстіміздегі жылға қабылдаған социалистік міндеттемелерінде Қара топырақсыз аймақтағы құрылыс жұмыстарының көлемін табысты орындау қажеттігі туралы жолдар бар. Осы үлкен жалпы халықтық программаны жүзеге асыруға біздің республикамыздың өкілдері қалай қатысып жатқанын білуге болар ма екен?

А. ҚОЖАМСЕЙІТОВ.
Талдықорған қаласы.

Қазақ ССР Селолық құрылыс министрінің орынбасары Т. Х. БҰҚАРБАЕВ оқырман сұрағына жауап береді.

РСФСР-дің қара топырақсыз аймағын игеру тың далаларын игеру сияқты совет адамдарының патриоттық өрлеуін туғызды. Барлық республикалардың өкілдері еліміздің орталығындағы орасан күрделі құрылысқа қатысуда. Оған қазақстандықтар да белсене атсалысуда.

Біздің республиканың село құрылысшыларына 1982—1985 жылдары Пермь облысында «Южный» мен «Суксунский» совхоздарының, «Рассвет» және «Заветы Ленина» колхоздарының поселкелерінде еңселі үйлер тұрғызу тапсырылды. Мұнда Қазақстаннан құрылыс материалдары мен конструкциялары және басқа да көптеген бұйымдар тиелген эшелондар жөнелтілді.

Қамқорлыққа алынған құрылыстардағы жұмыс вахталық әдіспен ұйымдастырылған. Әрбір кезекті вахтылық сменада еңбек етуге және демалуға жағдай жасалған. Құрылыс алаңдарының жанында Павлодар мен Қостанайдан, Алматы мен Қапшағайдан, Петропавл мен Семейден келген құрылысшылардың шағын вагондары орналасқан.

Қапшағайлық құрылысшылар көлемді жұмысты істегелі отыр.

Жасанды теңіз жағасына орналасқан Қапшағай село құрылысы комбинатынан дайын темір-бетон конструкциялары жөнелтілуде, оларды осы кәсіпорынның № 1 жылжымалы механикаландырылған колоннасының жұмысшылары құрастыруда.

1983 жылдың соңында-ақ қазақстандықтар көмек ретінде 5,7 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берді, 400 гектардан астам батпақты жерді құрғатты, асфальттау үшін 5 километр жолға топырақ төседі.

Осы уақытта біздің жерлестеріміз арасында село құрылысшылары көш басында келеді. Олар екі жыл бойы жоспарды асыра орындап жүр. Үстіміздегі жылдың тоғыз айы ішінде ғана 1,7 миллионнан астам сомның құрылыс-монтаж жұмысы істелді. Жыл соңына дейін міндеттемеге сәйкес 5700 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі.

Біздің қамқорлыққа алған шаруашылықтарымыздағы өзгерістер таңқаларлықтай. «Южный» совхозында жұмысшылар барлық жағдай жасалған 10 жайлы бір пәтерлі және 30 екі пәтерлі үйлерге қоныстанды. «Суксунский» совхозында 40 үй тұрғызылды, оларда өңдеу, электр-монтаж және сантехникалық жұмыстар қарқынды жүргізілуде. «Рассвет» колхозында 21 үй құрастырылып, онымен бір мезгілде «Заветы Ленина» колхозында 14 үйдің іргетасы қаланды.

Ондаған село құрылысшылары еңбек ерлігінің үлгісін көрсетуде. Олардың арасында монтажшылар: Петропавлдан В. Н. Назаров пен Қапшағайдан Б. Жақыпов, Павлодардан М. Н. Кензычаков, ағаш шеберлері Қапшағайдан В. С. Степанцев пен Петропавлдан В. П. Владимиров, өңдеушілер: Қостанайдан Л. А. Москвина мен Н. В. Ульянова, Қапшағайдан Ж. Иманқұлова мен А. Тілеуқұлова, сыршы-сылақшылар бригадирі Н. Н. Книсе, тас қалаушы В. В. Шперлинг және басқа да көптеген жұмысшылар, инженерлер мен техниктер бар. Қара топырақсыз аймақтағы Бүкілодақтық құрылыс совет адамдарының топтасқандығы мен жанқиярлығының тағы бір жарқын үлгісіне айналды.

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ТӘРТІП

«Еңбек пен өндірістік тәртіп үшін күресейік» деп айту дұрыс па? Олай болса, онда еңбек тәртібі мен өндірістік тәртіп ұғымдары арасындағы айырмашылық неде? Өйткені еңбек және өндіріс деген сөздер өзара тығыз байланысты ғой.

Еңбек тәртібі — бұл әрбір қызметкердің ұйымшылдығы, жұмыс уақытына ұқыпты қарауы, жұмыс графигін, күн тәртібін т. б. қатаң сақтауы.

Ал **өндірістік тәртіпке** келсек, ол сыртқы ұйымшылдықпен емес, еңбек процесінің нәтижелерімен, мемлекеттік жоспарлар мен тапсырмаларды орындаумен, өндіріс технологиясын сақтаумен, жұмыстың жоғары сапасымен, еңбек өнімділігімен т. б. байланысты басқа ұғымдармен ұштасады.

Біз өндірісті ұйымдастыру мен оған әрбір еңбеккердің қатысуының түрлі жақтарын ескере отырып, еңбек және өндірістік тәртіп туралы айтамыз.

«Еңбек пен өндірістік тәртіпті сақтайық», «Еңбек пен өндірістік тәртіп үшін күресейік» деген ұғымдар дұрыс, әдеби сөздер.

Digitized by Google

Халықаралық өмір мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

ФРГ: «ҚОСЫМША ҚАРУЛАНУ» ЖӘНЕ РЕВАНШИСТІК ЖЫН-ОЙНАҚ

Алты қабат зор бетон бункер жердің астында 200 метр тереңдікте орналасатын болады. «Архитекторлардың» ойынша бұл оның «ядролық соғыс жағдайында» да қызмет істеуіне мүмкіндік береді. Батыс германиялық ДПА агенттігінің хабарына қарағанда Линних қаласының (Солтүстік Рейн-Вестфалия өлкесі) маңында салынып жатқан бұл бункерде НАТО блогының екінші тактикалық әскери-әуе құрамасының және «Солтүстік» армия тобының командалық пункт қызметтері орналасады. АҚШ, ФРГ, Ұлыбритания, Бельгия және Нидерланды әскери командованиесінің өкілдері осы жерасты панасынан «жауынгерлік» операцияларды басқара бастайды.

Германия Федерациялық Республикасының көрнекті қоғам қайраткері, Бейбітшілік, ынтымақтастық және қарусыздану комитеті бюросының мүшесі Маттиссен НАТО-ның жаңа командалық орталығын салу Германия Федерациялық Республикасы халқының көпшілігінің еркіне қайшы екендігіне қарамастан Германия Федерациялық Республикасының американдық алғашқы соққы беретін ракеталық-ядролық құралдарды орналастыра бастауына тікелей байланысты деп атап көрсетті. Германия Федерациялық Республикасында және Батыс Европаның басқа да бірқатар елдерінде «Першинг — 2» ракеталарын орналастыруға кіріскен АҚШ ракеталық-ядролық қаруланудың зор программасын жүзеге асыруда, деп мәлімдеді Маттиссен. Мұның өзінде, — деп атап көрсетті ол, — НАТО-ның әскери дайындықтарында Германия Федерациялық Республикасына басты орындардың бірі беріліп отыр.

Ал бұл кезде 36 «Першинг—2», яғни ФРГ-да орналастыруға арналған 108 американдық жаңа ракетаның үштен бірі осы елдің оңтүстік-батыс бөлігіндегі АҚШ-тың әскери базаларында орнығып та болды. «Шпигель» журналының деректері бойынша 27 ракета Мутлангенде, ал тоғызы Хайльброн маңайына қойылған. Июльде ракеталарды оларды қолдану әдістерін үйреніп алу үшін арнайы маневр өткізген далалық артиллерияның 56 американдық бригадасы оларды қамтиды.

Вашингтонның милитаристік қара ниетінің тағы бір қырын атап көрсету қажет. АҚШ әкімшілігі өзінің батыс германиялық серіктестеріне тағы бір «қосымша қаруланану» программасын — олардың қарулы күштерін «әдеттегі» қарудың сапасы жағынан жаңа түрлерімен жарақтандыруды күштеп таңып отыр. Бұл қару «Першинг—2» және қанатты ракеталарды орналастыруға байланысты стратегиялық есебін жүзеге асырудың қосымша құралы болуға тиіс.

Үстіміздегі жылдың июлінде Германия Федерациялық Республикасының қорғаныс министрі Вернер мен АҚШ қорғаныс министрі Уайнбергер арасында Вашингтонда өткен келіссөздердің қорытындылары, мысалы, нақ осы тұрғыдан ғана қарастырылуы тиіс. Онда Батыс Германияға «Жер-әуе» класына жататын 720 ракетасы бар американдық 28 «Пэтриот» ракеталар комплексін сату жөнінде келісімге қол қойылған болатын. Келісім шеңберінде ФРГ территориясында сондай-ақ Батыс Германия-Франция жасаған 95 зениттік-ракеталық «Роланд» системасы орналастырылады. ФРГ-нің осы «қосымша» ракеталарды сатып алуға арналған шығы 2,5 миллиард доллар құрайды ФРГ территориясындағы АҚШ-тың әскери базалары мен НАТО қарулы күштерінің «қорғанысын қамтамасыз етудің» жалпы жүйесінде болғанымен «Пэтриот» системасының барлық қондырғыларымен және «Роланд» ракеталарының 27 қондырғысымен бундесвер бөлімдері жарақтанады. Мына фактіге де көңіл аудармай кетуге болмайды: Германия Федерациялық Республикасының әскери потенциалын арттыру жөніндегі жаңа шаралар Бонн Батысевропалық одақ советінен халықаралық келісімдерге сай стратегиялық мақсатқа арналған бомбардировщиктер, сондай-ақ алысқа ұшатын ракеталар шығаруға салынған тиымды бұзуды көздеген және оны бұзған кезде алынып отыр. Сөйтіп ФРГ көрші ғана емес, өзінен алыс орналасқан мемлекеттердің қауіпсіздігіне де қатер төндіре алатын өте қашыққа жететін шабуылдау қару-жарағын жасап, оны орналастыру мүмкіндігіне ие болуда.

Вашингтондағылар Бонның бұл ниетіне қошаметпен қарайды. Жағдайға қарағанда Батысевропалық одақ өзінің шешімін қабылдағанда оны АҚШ-тың әскери-саяси топтарына білдірген және олар бұны қоштаған деуге болады. Ал НАТО шеңберіндегі АҚШ пен ФРГ арасындағы барған сайын жымдаса түскен одақты бүркемелеу үшін Батыс елдерінің бұқаралық информация құралдары Батысевропалық одақты жандандыру мақсаты Вашингтонның НАТО блогындағы жетекші роліне кейбір «қарсы күш» қоюға саяды деген тезисті таратып отыр. Бірақ бұл тезисті басқа ешкім де емес, ФРГ сыртқы істер министрі Геншердің өзі жоққа

Digitized by Google

шығарды. Батысеуропалық одақ ассамблеясының Париждегі сессиясында сөз сөйлеп, ДПА агенттігінің есебіне қарағанда, ол «Батысеуропалық одақ қызметінің жандануынан НАТО-ның қарсы күш құруын көретіндер немесе бұл арада Европаны Америкадан бөлуге түрткі жасалады деп есептейтіндер қателеседі», деп мәлімдеді.

ФРГ-ның әскери-өнеркәсіп комплексі кәсіпорындарының конструкторлық бюролары мен сынау өтетін полигондарында қазірдің өзінде 80-ші жылдардың соңы мен 90-шы жылдардың басында бұндесвер алатын қарулардың түрлерін жасау жөніндегі жұмыстар өрістетілуде. Франция-Батысгермания ынтымақтастығы шеңберінде екі ел де танкке қарсы жауынгерлік «ПАХ-2» вертолетін жасауға кірісті. Германия Федерациялық Республикасының әскери әуе күштеріне құны 5 миллиард маркадан асатын осындай типті 212 машина берілетін болады. Бронетанк әскерлері таяу жылдары 4,5 мың жаңа бронемашина алады. Бұл программаның құны 12 миллиард маркадан асады. ФРГ-нің әскери-теңіз күштеріне аса жаңа алты жауынгерлік корабль-фрегат пен 18 сүңгуір қайығын сатып алу үшін 10 миллиардқа жуық марка керек болады. Франция, Англия, Италия және Испания әскери концерндерімен бірлесе отырып, ФРГ 90-шы жылдардың истребитель-бомбардировщиктерінің жобасын жасауда. Бұл жұмыстарға 17 миллиардтан астам марка бөлінуде.

ФРГ-нің Батысеуропалық одақтағы жаңа роліне және сол одақ шеңберінде ФРГ мен Франция арасындағы әскери-саяси тығыз ынтымақтастыққа байланысты тағы бір нәрсеге көңіл бөлмей кетуге болмайды. НАТО-ның тұтастай жанталаса қарулануына байланысты тиімді конъюнктураны пайдалана отырып, батыс германиялық соғысқұмарлар ракеталық-ядролық пультке қол жеткізуге тағы да тырысып бағатыны анық көрінеді. Бұл тұрғыдан алғанда Батыс Германия телевизиясының ФРГ мен Франция арасындағы ынтымақтастыққа, атап айтқанда «Европалық біріккен ядролық қарулы күштер» құру идеясына арналып жақында берген хабарларының бірі көңіл қоярлық. Хабарға ФРГ қорғаныс министрі Вернер, сондай-ақ ФРГ-нің қазіргі үкіметінде жетекші роль атқаратын блок — ХДС/ХСС-тың бірқатар ықпалды қайраткерлері қатысты. ХДС/ХСС фракциясының қауіпсіздік мәселелері жөніндегі эксперті Тонденхефер пікірін бәрінен де ашық айтты: «Мен Англияның, Францияның және АҚШ-тың Батыс Европада орналасқан барлық стратегиялық ядролық қаруын біріктіріп, Европаның ядролық қорғаныс мәселелері жөніндегі советіне бағындыруды ұсынамын, — деп мәлімдеді ол. — Бұл советтің негізгі міндеттері мақсатты жоспарлаумен қатар ядролық қаруды қолдану жөнінде шешім қабылдау болуы тиіс». Одан әрі: «Бұл советте ядролық қаруы жоқ батыс европалық елдер, оның ішінде ФРГ-де орын алып және дауыс правосына ие болуы тиіс» деді.

«Европаның біріккен ядролық күштерін» құру жоспары бұрыннан да айтылып келген болатын және еске сала кететін жай сол, ол әруақытта халықаралық жағдайдың шиеленіскен кезеңдерінде пайда болып отырды. Кезінде социалистік елдермен тайталасты жанталаса жақтаушы ХСС председателі Штраус та мұндай күштер құруға барын салды. Бұл жоспардың АҚШ әкімшілігі жанталаса қарулануға жол ашып, ФРГ территориясында «Першинг-2» ракеталарын орналастырып жатқан қазіргі кезде тағы да көтерілуі көңіл аударды.

ФРГ-де реваншистік және неонацистік топтар белсене бас көтеріп отырғанда сонымен қабаттаса әскери дайындықтар да интенсивті қарқынмен өріс алуда. Елдің демократиялық ұйымдары мұндай фактінің АҚШ президенті Рейганның коммунизмге қарсы «крест жорығы» деп аталатынды жариялап және ФРГ-де, сондай-ақ Батыс Европаның басқа да бірқатар елдерінде алғашқы соққы беретін американдық ядролық ракеталарды орналастырумен тікелей байланысты екенін атап көрсетуде. Ресми Боннға келетін болсақ, оның өкілдері реваншистік көңіл-күйдегі топтардың бой көрсетуін тікелей қолпаштап отыр.

Бұл топтардың өлдеқашаннан-ақ белгілі бір схема бойынша құрылғандығын атап көрсету қажет. Қатарында 2,5 миллион адам бар «қуылғандар одағы» өзіндік «авангард» болып табылады. Оның құрамында 20-дан астам «территориялық» жерлестік және 11 жер тобы бар. Одақ қуатты насихат аппаратын — жалпы тиражы 1,5 миллион данадан асатын 300-ден астам газетті билейді. Өздерінің жиын-тобырларында (ал өткен жылы бұлар мұндай 370 жиын-тобыр өткізді!) «қуылғандар» герман мәселесін ашық қоюға барынша дауыс көтеріп, соғыстан кейінгі шекараларды қайта қарауды талап етуде.

«Судет немістері жерлестігі» басшыларының бірі, ХСС-тың бундестагтағы депутаты Виттман бертінде Боннда сөз сөйлеп былай деп мәлімдеді: «Біз Боннда өкіметтің ауысуына байланысты саяси теңкеріс болғандығын сезіндік. Біз жаңа үкіметтің бізге қамқорлық жасап отырғандығын сезінудеміз». Реваншист басшының бұлай деп ағынан жарылып мойындауына толық негіз бар. Ресми өкімет қазір реваншизм терминологиясын саяси өмірдің сөздік қорына да және практикасына да, сондай-ақ насихатшылық айналымына да барынша енгізіп отыр. ФРГ-нің германдық ішкі қатынастар жөніндегі министрлігі алдағы уақытта Германияның 1937 жылғы шекарасы бойынша «ресми географиялық картасы» шығарылатындығын жариялады. «Немістерге қарсы қылмыстар туралы документтер» деп аталатын шығарылды. Оның авторлары қараңы ақ деп нацистердің зұлымдық қылмысын ақтауға және екінші дүниежүзілік соғыс қорытындыларын қайта қарауға тырысады. Реваншистердің мұқтажына ФРГ-нің мемлекеттік бюджетінен және өлкелердің бюджетінен үстіміздегі жылы 40 миллионнан астам марка бөлінді. Бавар үкіметі жақын айларда ашылатын «Судеттік неміс үйін» салуға жұмсалатын шығынның жартысын беруді өз міндетіне алды. Онда «Судет немістері жерлестігінің» ұйымдық

Digitized by Google

және насихаттық штабтары шоғырландырылатын болады.

Реваншистер мен Бонның билеуші коалициялы партиялары — ХДС—ХСС арасында тығыз байланыс бар. Бір жағынан «қуылғандар одағының» 40-тан астам басқарушы қайраткері негізінен ХДС және ХСС партияларынан бундестагқа депутат болып сайланады, өкілдері одақ президиумының құрамына кіреді. Реваншистердің соңғы жиын-тобырының бірінде одақ басшылығына қосымша христиан демократтардың тағы бір өкілі — ХДС/ХСС фракциясының Дреггер бундестагындағы жеке референті Рейхерт кірді. Ол сонымен қатар «судет немістері жерлестігі» басшылығының мүшесі болып табылады.

Бонн үкіметінің өзінде екі министр-германиялық ішкі қарым-қатынастар министрі Винделен және ішкі істер министрі Циммерман «Мәңгі кешегілердің» мүддесін жанын сала көздеп отыр. Олар өздерінің қамқорлығындағылармен «іскерлік жағдайда кездесу» деп аталатынды жиі-жиі өткізіп, оның барысында социалистік елдерге қастық насихаттың жолдары мен құралдары жасалып отырады. Социалистік елдермен жасалған шарттарда қазіргі европалық шекараларды ФРГ мойындағаннан бері ешуақытта реваншистік ұйымдардың көпшілік жиын- тобырларында 1984 жылдың жазындағыдай үкімет пен билеуші партияларының басқарушы қайраткерлері мұншама көп қатыспаған болатын. Боннда нацизм тұсында құдаланған адамдар бірлестігі — антифашистер одағы (ОЛПН) жариялаған документте атап көрсетілгеніндей, өздерінің көкірек керген пиғылдарын жүзеге асыруды реваншистер мен ресми Бонн Қырым және Подстам конференцияларының шешімдерін қайта қарауымен, Европадағы қазіргі территориялық-саяси шындықты өзгертумен барған сайын ашық түрде байланыстыра түсуде.

...Батысгерманиялық «мәңгі кешегілер» қосынында алақайлап отыр. Енді ше? Олардың көзалартуын Бонн ғана қолдап отырған жоқ. Мұхиттың арғы бетінен де Европадағы соғыстан кейінгі саяси құрылыстың іргесіне су жіберуден басқаша бағалауға болмайтын мәлімдемелер естіліп қалады. Ақ үйде шыққан тегі поляк бір топ американдық алдында сөз сөйлеген АҚШ президенті Рейган 1945 жылы февральда өткен Қырым конференциясының шешімдеріне күмән келтіріп, онымен қоймай халықтық Польша мен Совет Одағына қара күйе жағуға тырысып бақты. Вашингтон әкімшілігі басшысының ол айтқандары шын мәнінде қазір ФРГ-дегі түрлі бейнедегі реваншистер алға тартып отырған талаптармен үндесіп жатыр.

Ақ үй мақұлдап және ФРГ үкіметінің қолдауын пайдаланып отырған батыс германиялық реваншистік топтар барған сайын арсыздана түсуде. Жасөспірімдер арасында көрші халықтар мен мемлекеттерге өшпенділік таратуға тырысып, олар табан тіреп мектептер мен гимназияларға шабуылдау үстінде. Бұл тұрғыдан үкімет пен «жерлестіктер» мектептерде «шығыстану» деп аталатынды оқытуға маңызды орын беріп отыр. Бұл пәннің мақсаты мектеп оқушыларының ұлттық сезімдеріне от салуға, Польша, Чехословакия және СССР құрамына кіретін белгілі бір территориялардың «бұрынғыша Германиянікі болып табылады» дегенді олардың санасына сіңіре беруге саяды.

Оқушылар арасында нацизм идеяларын ашықтан ашық насихаттайтын адамдарды мектепте білім беру жүйесіне тартып отырған факті де көңіл аударады. Француз және ағылшын тілдерінің оқытушысы Декерт Ладенбург қаласындағы (Баден-Вюртемберг өлкесі) жаңа мектепте жұмысқа кірісті. Ол 16 жыл бойы неонацистік ұлттық демократиялық (НДП) партияда жоғары орындарда болды, өзімен ниеттестермен өткізілген жиын-тобырларда адамдарды жек көруге арандататын ұрандар тастап сөз сөйлейді, мектепте берген сабақтарында да фашизмнің жан түршігерлік қылмыстарын ақтап алуға тырысты. 1975 жылы демократиялық жұртшылықтың талап етуіне орай Баден-Вюртемберг өлкесінің мәдениет министрлігі бұл неонацисті сабақ беруден алыстауға да мәжбүр болған еді. Декерт бұл шешімді сот арқылы бұздырды. Сөйтіп бұдан біраз уақыт бұрын судьялық шендер «жуас», педагог атына айтылған айыптауларды негізсіз деген желеумен оны мұғалімдік жолға қайта салды.

Батыс германиялық мектеп білімі жүйесінде неонацист-мұғалімдерге қазір есік айқара ашылып отыр.

Ауық-ауық жарқ етіп көзге түскен реваншистік желікпен жалғасатын ФРГ территориясында әскери дайындықты өрістету бүкіл дүние жүзінің бейбітшілікті сүйгіш жұртшылығын алаңдатпай қоя алмайды.

В. ВИНОГРАДОВ.

АНЫҚТАМА БӨЛІМІ

ДЕКАБРЬ АЙЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР

1 — Әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясы құрылды.

2—1975 — Лаос Халық-Демократиялық Республикасы жарияланды.

3—Жапон және халықаралық коммунистік жұмысшы қозғалысының қайраткері Сэн Катаяманың туғанына 125 жыл. (1859—1933).

7 — Румынияның мемлекет және саяси қайраткері Петру Грозаның туғанына 100 жыл (1884—1958).

12 — Бұдан 70 жыл бұрын (1914) В. И. Ленинның «Великоростардың ұлттық мақтанышы туралы» деген мақаласы жарияланды.

19 — Чехословак және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері Антонин

Digitized by Google

1957)

Запотоцкийдың туғанына 100 жыл (1884—

20 — СССР Жоғарғы Советі Президиумының «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Лениндік сыйлықты белгілеу туралы Указы жарияланғанына 35 жыл (1949).

22 — Энергетик күні.

26—Халық Комиссарлар Советінің РСФСР халықтары арасында сауатсыздықты жою туралы декрет қабылдағанына 65 жыл (1919).

26 — Совет мемлекеті мен партия қайраткері Т. Рысқұловтың туғанына 90 жыл (1894—1938).

30 — Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылған күні.

НОМЕРДЕ:

Халықтық бақылаушының биік азаматтық борышы. К. У. Черненко жолдастың халықтық бақылаушылардың Бүкілодақтық кеңесінде 1984 жылғы 5 октябрьде сөйлеген сөзі 2

Үгітші және еңбек тәртібі 8

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

А Сапаров. Озық тәжірибеге сүйене отырып 10

А. Гирш. Жаңа егін үшін 12

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Г. Горшелев. Бірыңғай саяси күн 14

Ғ. Қаратаева. Зерде вахтасы өтуде 15

Халық ерлігі мәңгі жасайды (Цифрлар мен фактілер) 17

Т. Мәмиев. Бәрімізге қажетті шежіре 18

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нанның қадір-қасиеті. («Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналы рейд бригадасының материалы) 19

ҰСТАЗ ТРИБУНАСЫ

Т. Құлиясов. Жұмысшы педагогтар 22

Төлімгерлік 24

КОМПЛЕКСТІ ТӘРБИЕ АЯСЫ

Ю. Бондаренко. Үгіт бригадасының шақыруы 25

СҰРАҚҚА ЖАУАП

Т. Бұқарбаев. Қара топырақсыз аймақтағы құрылыс 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Виноградов. ФРГ: «қосымша қарулану» және реваншистік жын-ойнақ . 29

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-07, 33-80-56,

33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. ЖҰРСІМӘМБЕТОВА.
Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.

Сдано в набор 11.10.84. Подп. к печати 25.10.84. УГ05509. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 4,3. Печать высокая. Тираж 65075. (казахское издание — 33140 экз. русское издание — 31935 экз.). Заказ 129. Цена 15 коп.

Индекс 75328.


Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана, Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google



93

II-ші БЕСЖЫЛДЫҚҚА — ЖАСТАРДЫҢ ЕКПІНДІ ЕҢБЕГІ, БІЛІМІ, ИНИЦИАТИВАСЫ МЕН ТВОРЧЕСТВОСЫ

Қазақстан мұғалімі

22

Digitized by Google



Еңбектегі үздік жетістіктері, дәнді дақылдан жоғары әрі тұрақты түсім алғаны үшін Ленин орденінің, Октябрь революциясы, «Құрмет Белгісі» ордендерінің иегері, Солтүстік Қазақстан облысындағы Москва ауданының «Бұлақ» совхозының механизаторы Орал Балқыұлы Тәттібаев Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды.

Үстіміздегі жылы да атақты диқан егін орағында көзге түсті. Оған бекітілген егістіктің әр гектарының орташа шығымдылығы 20 центнерден асып түсті. Бұл шаруашылықтағы ең жақсы көрсеткіш.

Орал Балқыұлы ғылыми-техникалық қоғамның белсенді мүшесі, бірқатар рационализаторлық ұсыныстың авторы. Ол совхоздың жас механизаторлары техникалық білімдерін көтеретін үйірмеге жетекшілік етеді.

Суретте: О. Б. Тәттібаев.

Суретті түсіргендер: **Е. Шлей** мен **В. Колинко** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, біріғіңдер!

Қазақстан үгітшісі

22 | 1984 НОЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Идеологиялық майданның қызметкерлері, бұқаралық информация құралдары алдында атқарылар көп жұмыс тұр. Олардың тікелей міндеті—партияның селода жүргізіп отырған жұмысын басты назарда ұстап, село еңбекшілерінің істерін неғұрлым толығырақ көрсету, солардың еңбегінің беделін көтеру.

К. У. ЧЕРНЕНКО.

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумында сөйлеген сөзінен.

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі», № 22. 1984 ж.

Digitized by Google

КПСС Орталық Комнтетінің Бас секретары К. У. ЧЕРНЕНКО жолдастың КПСС Орталық Комнтетінің Пленумында 1984 жылы 23 октябрьде сөйлеген сөзі

Жолдастар!

Бүгін КПСС қызметінің ең жоғары мақсаты болып табылатын нәрсеге — совет адамдарының тұрмыс дәрежесін ұдайы арттыруға тікелей қатысы бар мәселе қаралып отыр. Әңгіме ауыл шаруашылық өндірісін дәйекті түрде интенсивтендіру, жерді кең көлемде мелиорациялау негізінде азық-түлік проблемасын шешуге бағытталған ірі қосымша шаралар туралы болып отыр.

Орталық Комитеттің 1982 жылғы май Пленумында біз еліміздің Азық-түлік программасын коллективті түрде өзірлеп, бекіткеніміз мәлім. Содан бері небәрі екі-ақ жыл уақыт өтті, бірақ мұның өзі жемісті кезең болды деп сеніммен айтуға болады.

1983 жылы еліміздің бүкіл тарихында ауыл шаруашылық өнімінің ең көп мөлшері алынды. Үстіміздегі жылы да көптеген аудандарда өте қолайсыз ауа райы жағдайларында, аса қатты қуаңшылық болғанына қарамастан, село еңбеккерлері нәтиженің одан кем болмауы үшін қаһармандық күрес жүргізуде. 1983—1984 жылдардағы ауыл шаруашылық өнімінің жалпы өндірісі бесжылдықтың алғашқы екі жылы ішіндегіден шамамен 20 миллиард сомдай артық болатыны қазірдің өзінде айқын.

Әсіресе мал шаруашылығында байқалған өзгерістер қуанышты. Сүт өндірудің жылдық орташа мөлшері 7,4 миллион тонна, ет — 1,4 миллион тонна, ал жұмыртқа — 4,6 миллиард дана көбейді. Овощ пен жемістің түсімі едәуір артты. Бұл кейбір бағалы өнімдердің тұтыну дәрежесін арттыруға мүмкіндік берді, оның өзі совет адамдарының тамақтану құрылымын жақсартуға да әсер етті.

Қысқасы, ауыл шаруашылық өндірісінде табыстар бар және бұл даусыз. Оларды айтпау—егін далалары мен ферма қызметкерлерінің жанқиярлық қиын еңбегіне тиісінше баға бермегендік болар еді. Селодағы партия комитеттерінің, совет және шаруашылық органдарының қауырт ұйымдастырушылық және саяси жұмысын лайықымен бағалаған жөн. Сондай-ақ өнеркәсіп, құрылыс, транспорт, бүкіл халық шаруашылығы еңбек коллективтерінің ауыл шаруашылығын дамытуға орасан зор үлес қосқанын атап өту керек.

Әрине, біз ауыл шаруашылық өнімін шығаруды молайту жөніндегі күш-жігерімізді одан әрі еселей беруге, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің барлық салаларының ойдағыдай жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасауға міндеттіміз.

Өзекті проблема, бұрынғысынша,— астық өндірісін ұдайы арттыру. Оның өсу қарқынын еліміздің барлық қажеттерін таяудағы жылдарда толық қанағаттандыратындай етіп қамтамасыз ету қажет.

Екінші шұғыл міндет — мал шаруашылығындағы оң тенденцияларды баянды ету, оны жеделдете дамыту үшін қажет нәрсенің бәрін істеу. Біз ең алдымен табынның сапасын жақсарту және жемшөп базасын батыл нығайту жолымен малдың өнімділігін арттыруымыз керек. Жемшөпті, еңбек пен қаржыны ұтымды жұмсай отырып, малдың бұрынғы санымен көбірек өнім алу — мал шаруашылығын дамытудың негізгі бағыты осындай болуға тиіс.

Осы түйінді міндеттерді шешудің бірден-бір дұрыс жолы — ауыл шаруашылық өндірісін жан-жақты интенсивтендіру, оны индустриялық арналарға көшіру екені даусыз. Әрине, біз ауыл шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржыны бұдан былай да көбейтіп, оны техникамен, басқа да материалдық құралдармен молынан жарақтандыра береміз. Бірақ ең бастысы — барлық осы ресурстарды бүгін де, алдағы уақытта да жоғары қайтарыммен пайдалану, оларды ең мол және шапшаң пайда алуға болатын учаскелерге шоғырландыру.

Іске осы тұрғыдан келу өнеркәсіптік құс шаруашылығында, мал бордақылауда, жүгеріні, қант қызылшасын, басқа да дақылдарды индустриялық технология бойынша өсіруде қазірдің өзінде қомақты нәтижелерді қамтамасыз етті. Жуырда Орталық Комитеттің Саяси Бюросы күздік және жаздық бидай өсірудің интенсивті әдістерін енгізу жөніндегі шараларды мақұлдады, олар елімізге қосымша миллиондаған тонна астық беруге тиіс. Ауыл шаруашылық өндірісінің барлық салаларында осы сара жолмен кең майданда алға баса беру керек.

Жолдастар! Қазіргі кезеңде қол жеткен оң нәтижелер де, алда атқаруымызға тура келетін нәрселер де көбіне—көп

Digitized by Google

селоны әлеуметтік жағынан қайта құру жөнінде қолданылып жатқан шаралармен байланысты. Адамдарға қамқорлықты, олардың еңбегі мен тұрмысы, мәдени өмірінің одан әрі гүлденуі үшін тиісті жағдайлар жасауды партия өндірістік табыстардың негізі деп біледі. Бұл мәселелерге Саяси Бюро ұдайы назар аударып келді және әлі де назар аудара береді. Бүгінде біз село еңбеккерлерінің өмірінде түбегейлі өзгерістер болып жатыр деп, деревнямыздың бейнесі жақсылыққа қарай өзгеріп жатыр деп әбден айқын айта аламыз.

Бесжылдықтың төрт жылы ішінде селода жалпы көлемі 132 миллион шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға беріледі, мұның өзі 10 миллионнан астам адамның тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Мектептер, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, денсаулық сақтау және мәдениет объектілері құрылысының көлемі ұлғайтылды, тұрмыстық қызмет көрсету жетілдірілуде. Колхозшылар мен совхоз қызметкерлерінің нақты табысы жылдан-жылға артып, товар сату көлемі тез өсуде.

Жолдастар, мына цифрларға ой жіберіп көріңіздерші. СССР Орталық статистика басқармасының деректері бойынша, бүгінде селодағы әрбір жүз семьяның 85-інде телевизор, 87-інде радиоқабылдағыш, 73-інде тоңазытқыш бар, 60-қа жуық семьяда кір жуатын машина бар. Селолық жердегі әрбір екі семьяның бірeуінде дерлік — жеңіл автомобиль немесе мотоцикл бар. Осының бәрі программалық міндеттеріміздің бірін шешу — село халқының тұрмыс дәрежесін қаладағы тұрмысқа жақындату жолындағы елеулі жетістіктеріміздің айғағы.

Ал мына мәселені алып қарайық. Өзіндік қосалқы шаруашылықтарды дамыту туралы белгілі қаулылар қабылданғаннан кейін халыққа тиісті ірі қараның саны бір миллион 600 мың бас көбейді, шошқа саны да осыншалықты өсіп отыр. Қой мен құс көп өсірілетін болды. Бұл біздің колхоз-совхоз өндірісіне едәуір қосымша.

Соңғы жылдары село халқының қалаға кетуі қысқара бастағанын ерекше атап өткім келеді. Турасын айтайық — бұл көптен күткен процесс еді, енді ол шындыққа айналды. Үш жылдың ішінде адамдардың селодан кетуі жалпы алғанда 8 процент кеміді. Россия Федерациясында — 24 процент, ал Қара топырақсыз аймақта — 30 процент қысқарды. Сондай-ақ селодағы семьяларда бала тууының көбеюі де өте маңызды. Үстіміздегі бесжылдықта бұл жәйт РСФСР, Украина, Белоруссия, Прибалтика республикалары үшін мейлінше тән құбылыс болып отыр, әйтсе де бұл аймақтарда демографиялық сипаты бар белгілі қиындықтар әлі де сақталып отыр. Еліміз бойынша тұтас алғанда 1983 жылы селода бала тууы соңғы 20 жыл ішінде ең жоғары дәрежеге жетті.

Жолдастар, қысқаша сөзде Азық-түлік программасын орындаудың алғашқы қорытындыларына егжей-тегжейлі талдау жасауды мақсат етіп тұрған жоқпын. Бір нәрсені кесіп айтуға болады: Азық-түлік программасы жүзеге асырылуда, совет адамдары мұны өз көздерімен көріп отыр.

Әрине, біз тоқмейілсуден аулақпыз. Ауыл шаруашылығында бірқатар учаскелердегі жағдай қиын күйінде қалуда. Бұл саладағы өнім өндіру еліміздің өскелең қажеттерінен әлі де артта қалып келеді. Барлық оң нәтижелерге қарамастан, көптеген қалаларда халықты азық-түлік өнімдерімен, ең әуелі етпен жабдықтау әлі күн тәртібінен түскен жоқ. Сондықтан бұл мәселе Орталық Комитетті алаңдатып, оның күнделікті қамқорлық жасайтын мәселесіне айналып отыр.

Ауыл шаруашылығын экономиканың жоғары дамыған секторына айналдыру жолында өмір алға қойып отырған проблемалар жаңа, неғұрлым тиімді шешімдерді талап етеді. Сондықтан бұл жерде әңгіме біздің директиваларымыздағы мәселелердің орнын алмастыру жайында емес, қайта шын мәніндегі жаңаша творчестволық әдістерді іздестіру жайында болып отыр.

Осыны басшылыққа ала отырып, Орталық Комитет бүгін жерді мелиорациялаудың кең көлемді өрістету туралы мәселе қойып, оны ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетудің, еліміздің азық-түлік қорын тұрақты түрде арттырудың шешуші факторы деп қарауда.

Сіздер, жолдастар, ауыл шаруашылық өндірісін қандай қиын жағдайда жүргізуімізге тура келіп отырғанын жақсы білесіздер. Өйткені егіс алқаптарының басым бөлігі табиғат-климат жағдайлары қолайсыз жерлерге орналасқан, қуаңшылыққа жиі ұшырайды. Осындай жағдайда егіннен тұрақты өнім алу үшін ауыл шаруашылығының табиғаттың құбылмалы жағдайларына тәуелділігін барынша азайту керек.

Бұл аса ірі міндет, диқанның ғасырлар бойғы арманы. Оны шешудің жолдары туралы В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ ойластырған болатын. 1921 жылы оның инициативасы бойынша «Құрғақшылықпен күрес туралы» Еңбек және қорғаныс Советінің қаулысы қабылданып, онда былай делінген: «Құрғақшылықпен күрес елдің ауыл шаруашылық өмірі үшін бірінші дәрежелі маңызды іс және бұл бағытта қолданылып жатқан шаралар — жауынгерлік мәні бар шаралар деп танылсын».

Дәл сол жылы Владимир Ильич Кавказдың коммунистеріне хат жазады. Мейлінше айқындықпен және терендікпен ол былай деп көрсетеді: «суландыру бәрінен де гөрі керек және бәрінен де гөрі өлкені қайта жаңғыртады, оны жандандырады, ескілікті құртады, социализмге өтуді нығайтады».

Digitized by Google

Сол кезде міндет лениншe данышпандықпен және көрегендікпен осылайша қойылған еді. Бұл міндет қазіргі кезде де өзінің актуальдылығы мен өткірлігін жоғалтпағанын дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас деп ойлаймын. Сайып келгенде, адамдарды егіннің тағдыры үшін алаңдап әуре болудан құтқарып, оларға табиғатты жеңудің қуанышын сыйлау керек. Бұл біздің борышымыз, бұл біздің міндетіміз.

Жерді мелиорациялаудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арнап СССР Министрлер Советі әзірлеген және Орталық Комитеттің Саяси Бюросы бекіткен жоспарын Николай Александрович Тихонов егжей-тегжейлі баяндайды.

Бүгін қабылданатын шешімдер, сөз жоқ, жердің құнарлығын арттыру жолындағы күресте жаңа ірі кезеңді ашатын болады. Біршама қысқа мерзімде суармалы және құрғатылған жерлердің көлемін бір жарым есе кеңейту көзделіп отыр, мұның өзі олардан жиналатын өсімдік шаруашылығының өнімін екі есе арттыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде еліміз ауа райының құбылмалылығына қарамастан егіншіліктің бүкіл өнімінің тең жартысына жуығын алатын болады. Бұл, жолдастар, ең бастысы.

Көріп отырсыздар, ауқым өте қомақты, бірақ мәселе тек ауқымда да емес. Істің мәні жердің құнарлылығын жақсарту жөніндегі жұмыстың сапалық жағында. Ауылшаруашылық өнімін өнеркәсіптік негізде кепілді түрде өндіретін ірі-ірі аймақтар, астықтың, жемшөптің, овощтың өзіндік бір фабрикаларын құру көзделіп отыр. Әлбетте, бұл жұмысты қазіргі заманғы инженерлік, шын мәнінде автоматтандырылған жүйелерді пайдаланып жүргізу керек. Жаңартылған жерлерде бірінші кезекте егіншіліктің ғылыми негізделген әдістері, ең үздік сорттар мен будандар, озық технологиялар, егін шығымдылығын программалау қолданыс табуға тиіс.

Шынын айтсақ, біз бұған дейін селода принципті түрде жаңа сипаты бар бұл сияқты міндеттерді күн тәртібіне қойып, шешуді арман ете де алған жоқпыз. Қазір бізде мұндай мүмкіндіктер бар. Егер бұрын шаруашылықтар бөлек-салақ және оның үстіне өнімділігі төмен техника алып келсе, ал қазір машина жасау саласы машиналардың ең қазіргі заманғы комплектілері мен жүйелерін шығаруға көшуде. Өсімдіктерді қорғаудың неғұрлым тиімді химиялық құралдары, интенсивті өсетін дақылдардың сорттары мен будандары шығарылды. Минералдық тыңайтқыштар шығару арта түсуде. Біздің ауыл шаруашылығымызда қазіргі кезде өндірістің білікті маман және ірі ұйымдастырушы кадрлары бар. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті интеграциялаудың негізгі формасы ретінде аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер, әсіресе аудандық буында күш жинап келеді. Селода экономикалық механизм дәйекті түрде жетілдіріліп, бригадалық мердігерлік дамытылуда. Ендігі мәселе барлық осынау жаңа мүмкіндіктерді мейлінше толымды етіп іске қосуда болып отыр.

Ең алдымен, жолдастар, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі қамқорлық біздің ең бағалы байлықтарымыздың бірі — жерге басқаша қарауды талап етеді. Ал енді суармалы және құрғатылған жерлерге бұдан да гөрі ұқыптырақ қарау керек. Диқанның тілімен айтқанда, бұл жақсартылған гектарға қажетті нәрсенің бәрін беру керек, оған бүкіл жан-тәніңді салу керек деген сөз, сонда ғана жер еңбекті еселеп қайтаратын болады.

Мынаны басшылыққа алу керек: көптеген жағдайда мелиорация, сөздің толық мағынасында, шаруашылықтар мен тұтас бір аудандардың өміршеңділігін айқындайды. Саратов облысын алып қараңыздар. Мұнда құрғақшылықтың зардабы өте жиі, өте қатал болатыны сонша-лық, тіпті соңғы кезге дейін көптеген шаруашылықтар жылдар бойы жемшөптің тапшылығынан құтыла алмай келген. В. К. Гусев жолдас маған мынадай әңгіме айтты: жерге су келгеннен кейін адамдар серпіле түскен, болашаққа көз жеткізіп, тұрмыстары да, еңбектері де тәуірлене бастаған. Қазір, суармалы алқаптың көлемі жарты миллион гектарға жеткен кезде, облыс мемлекетке мал шаруашылығының өнімін сату жөніндегі жоспарларды тұрақты түрде орындап келеді. Халықты овощпен жабдықтау проблемасы шешілді.

Суару Ставропольдегі Ноғай даласы сияқты ежелден құлазып жатқан жерлерді де мүлде түлетіп жіберді. Н. Д. Терещенко жолдас басқаратын «Путь к коммунизму» колхозында суару жүйесі жасалғаннан кейін көп жылдық шөптер мен сүрлемдік дақылдардың шығымдылығы 128 центнер жемшөп өлшеміне дейін артты, ал бұрын небәрі 5 центнер болатын. Дәнді дақылдардың шығымдылығы үш есе өсті. Миллиорацияда міне осындай орасан зор мүмкіндіктер жатыр!

Жолдастар! Жерді жақсартудың жалпы мемлекеттік программасын жүзеге асырғанда күрделі қаржы жұмсауда және өнімдер өндіруде басты бағыттарды дұрыс таңдап алу өте маңызды. Жаңа жоспарда астық пен жемшөп өндіруді молайту сияқты ауыл шаруашылығының өзекті проблемаларын шешуге басты орын беріледі. Овощ шаруашылығын суаруға көшірудің аяқталатыны да маңызды.

Проблеманың территориялық аспектісіне келетін болсақ, бұл арада біз суару жұмыстарының ең зор көлемін орынды түрде еліміздің оңтүстігіне қарай аустырып отырмыз. Мұндағы жерлер жақсы, жылу жеткілікті, еңбек ресурстары бар, басқаша айтқанда, мейлінше мол нәтижелерге тезірек қол жетеді. Қара топырақсыз өңірде мелиорациялық жұмыстар одан әрі жалғастырылып, бұл

Digitized by Google

осы аймақты түлетуде маңызды роль атқаратын болады.

Мелиорацияны кеңінен өрістетуге кіріскенде, ең алдымен суармалы және құрғатылған жерлерді пайдаланудың тиімділігін мықтап арттыру қамын ойластыру қажет.

Елде әзірге суармалы жерлердің тек үштен бір бөлігінде ғана жобаланған егін шығымдылығына қол жеткізіліп отырғаны кешірілмейтін нәрсе. Белоруссияда. Молдавияда. Россия Федерациясының әрбір екінші облысында дерлік жақсартылған жерлердің өнімділігі көптеген жылдар бойы артпастан келеді. Ростов облысында, мысалы, суармалы жерлерде астық, жемшөп және басқа өнімдер Қырым облысынан гөрі бір жарым еседей кем алынып жүр. Ал олардағы далалық аудандардың табиғат жағдайлары біршама лас.

Біз су шаруашылығы құрылысының әрдайым сапалы және комплексті жүргізілмейтініне, мелиорациялық жүйелердің ұзақ уақыт пайдаланылып, мол қайтарым беруі көзделмейтініне де қанағаттана алмаймыз. Бірқатар облыстарда бұл жүйелерді пайдалану ісі бетімен жіберілген болып шықты. Шығынды аз жұмсап, егін даласының жайын елеулі түрде жақсартуға мүмкіндік беретін ең қарапайым мелиорация шараларын жүргізу негізсіз кейінге ысырылып келеді. Көптеген аймақтарда, турасын айтайын, су ресурстары бейберекет жұмсалады.

Кейбір жолдастар мұның бәрін қандай себептермен түсіндірсе де, ұқыпты шаруашылық иелері істі бұлай жүргізбесе керек.

Министрлер Васильев, Месяц және Козлов жолдастар іске зиянын тигізетін бытыраңқылықты, ал кейде жиі кездесетін жұмыстағы ведомствошылдықты да батыл жоюлары керек. Су шаруашылық құрылысын ұйымдастыру және жерді пайдалану жөніндегі міндеттерді бірлесе күш салып, іскерлікпен және сындарлы түрде, партия мен үкімет алдында зор жауапкершілікпен орындаған жөн.

Аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер, орталықтағы және жергілікті жерлердегі барлық ауылшаруашылық органдары бұл проблемаларды шешу ісін неғұрлым нақты және табанды түрде қолға алулары керек.

Мынадай мәселені айрықша бөліп айтқым келеді. Мелиорацияның бүкіл циклы бойынша — объектіні таңдап алудан бастап, егіннен жобалы өнім алғанға дейінгі — жұмыстарды жүргізуге сөзсіз комплексті көзқарас болуы қажет. Су шаруашылық құрылысы, жерді игеру, ол жерлерге шаруашылықтарды орналастыру проблемаларын шешу әуел басынан-ақ бір-бірімен өзара байланыстырылуы тиіс. Жерді суару мен құрғатуға қажетті нәрселердің бәрін: тыңайтқыштарды, техниканы, егінді қорғайтын химиялық құралдарды, басқа да барлық материалдық-техникалық ресурстарды, оның ішінде жүйелерді пайдалануға қажетті ресурстарды толық мөлшерінде беру керек. Шынында да, жолдастар, біз мелиорацияға халықтың тым көп қаржысын жұмсаймыз және оған тым көп үміт артып отырмыз, сондықтан басқарудың қайсыбір дәрежесінде ең жақсы нәтиже алудың мүмкіндіктерін жоққа шығаратын олқылықтарға жол беруге болмайды.

СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, министрліктер мен ведомстволар он екінші бесжылдыққа арнап негізгі бағыттар әзірлегенде қазіргі кезде мелиорациялық және ауыл шаруашылық машиналарын жасауға, минералдық тыңайтқыштар мен қажетті химия өнімін өндіру ісіне қойылатын жаңа талаптарды ескергендері жөн.

Көп нәрсе жергілікті органдарға байланысты. Мелиорацияның бірінші кезектегі объектілерін таңдауға реалистік тұрғыдан, салмақтап қарау керек. Экономикалық жағынан әлсіз шаруашылықтарға ерекше көзқарас қажет. Ондай шаруашылықтарды инженерлік мелиорациялық жүйелер қолданылатын жерлерді пайдалануға күні бұрын әзірлеу керек. Оларды кадрлармен нығайту, өндірістік база жасау, егіншілік мәдениетін арттыру қажет.

Біз сондай-ақ колхоздар мен совхоздар өздеріне біреулер келіп, жұмысты бастап береді екен деп енжар күтіп отырмас деп те үміттенуге хақылымыз. Олар инициатива көрсетуге, ішкі мүмкіндіктерді пайдалануға, су шаруашылық ұйымдарымен бірлесіп, өз жерлерінде мелиорациялау жұмыстарын жүргізу үшін өз күші мен қаржысын жұмылдыруға тиіс.

Кезек күттірмейтін іс — табиғи жемшөптік алқаптарды ретке келтіру. Өздеріңізге мәлім, олардың көлемі орасан зор. Сондықтан, жолдастар, мен айтар едім, табиғи жемшөптің іс жүзінде сарқылмас қоймасының резервтеріне баға жеткізу мүмкін емес. Барлық шабындықтар мен жайылымдардың шығымдылығын арттыруға дереу, барлық күшті салып, барынша табандылықпен кірісу керек.

Бүгін талқыланып отырған мәселеге байланысты экологиялық проблемалар туралы айтпауға болмайды. Кең көлемді мелиорацияны жүзеге асыра отырып, біз қайткенде де табиғатқа араласамыз. Жерді түлеткенде, оған зиян келтірмеу былай тұрсын, қайта оны жақсарту, құнарландыру, табиғаттың мүмкіндіктерін еселей түсу үшін өте абайлап қимылдау қажет. Біздің бәріміз де бүгінгі күнді ғана емес, ертеңгі күнді де ойлауға, ойластырылмаған, асығыс шешімдерге жол бермеуге міндеттіміз. Бұл жерде К. Маркстің жерді пайдаланатын адамдар, семьяның қамқор әкелері сияқты, оны ұрпақтарға жақсартылған күйінде

Digitized by Google

қалдыруға тиіс, деген пікірін еске сала кеткен орынды болмақ.

Орайын пайдаланып, мына бір жәйтті айтқым келеді: табиғаттың бір ұлы сыйы — орман. Су және жер ресурстарын сақтауда, айналадағы ортаны жақсартуда және, батыл айтуға болады, жер бетіндегі бүкіл өмірді сауықтыруда ол орасан зор роль атқарады. Ел экономикасы үшін орман өнімдерінің орасан зор маңызы бар. Жер сияқты, оған да ұқыпты қарау керек.

Кейбір өлкелік және облыстық комитеттердің секретарьлары маған: орман алқаптары бар, сай-салалар мен құмды өңірлер орманмен қорғалған жерлерде егістіктер аңызақ желден, жел және су эрозиясынан зардапты аз шегеді, дегенді айтты. Тегінде, бұл жерде мәселе бар болар, сондықтан онымен шындап шұғылдану қажет. Мұның өзі орман-шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға да, ормандарды қалпына келтіруге де, оларды озық қарқынмен ұлғайтуға да қатысты. Бұл туралы тереңірек ойластырып, бәлкім, кейбір көзқарастарды қарағанжөн болар.

Күн тәртібінде тұрған мәселелерге байланысты ортаға салғым келген ойларым міне осындай.

Жолдастар! Біздің партия өзінің кезекті, XXVII съезіне іс жүзінде әзірлік кезеңіне қадам басты. Қазір Орталық Комитеттің Саяси Бюросы КПСС Программасының жаңа редакциясын әзірлеуге ерекше көңіл бөліп отырғанын мен Жазушылар одағы басқармасының мерекелік пленумында айтқанмын. Сонымен бірге партия Уставына енгізілетін ықтимал өзгерістер туралы ұсыныстар әзірленуде. Біздің осынау іргелі документтердің табиғи бірлігін қамтамасыз етуіміз өте маңызды.

Партияның ішкі өмірін ұйымдастыруға, оның әрбір буынының қызмет стилі мен әдістеріне, коммунистердің жұмысы мен мінез-құлқына, олардың белсенділігіне, жауапкершілігі мен тәртібіне қойылатын, КПСС-тің саяси бағытынан туындайтын жоғары талаптар Программаның жаңа редакциясы сияқты, Устава да көрініс табуға тиіс.

Съезге әзірліктің ажыратылмайтын құрамдас бөлігі — он екінші бесжылдыққа және перспективаға арналған жоспарларды жасау, оларда партияның осы ғасырдың аяғына дейінгі экономикалық стратегиясын бейнелеп, нақтылай түсуге тура келеді.

Бұл жоспарлардың негізгі мақсаты айқын. Ол совет адамдары еңбегінің барған сайын қомақты нәтижелеріне сүйене отырып, халықтың әл-ауқатын сапалық жаңа сатыға көтеру, халқымыздың материалдық және рухани тұрмыс дәрежесін едәуір арттыру болып табылады.

Партия әлеуметтік-экономикалық прогрестің жаңа шептеріне жетудің басты жолдарын айқын белгілеп берді. Бұл қоғамдық өндірісті жеделдете дамыту, өсудің интенсивті факторларын барынша мол пайдалану. Халық шаруашылығының тиімділігін арттыруда түбегейлі бетбұрысқа біз он екінші бесжылдықтың өзінде-ақ жетуге тиіспіз.

Экономиканы интенсивтендіру арнасына көшіруге тек ғылыми-техникалық прогресс негізінде ғана жетуге болады. Барлық жерде еңбек өнімділігін батыл арттыруға және өнім сапасын жақсартуға қол жеткізу керек. Барлық салаларда үнем тәртібін күшейту, басқару мен шаруашылық механизмін жетілдіру бағытын табандылықпен жалғастырудың маңызы да бұдан да кем емес.

Өндірістің жоғары қарқыны, тиімділігі, бұйымдардың мінсіз сапасы — осылардың бәрі әрбір сала, әрбір кәсіпорын жұмысының міндетті ережесіне, мен айтар едім, әрбір қызметкер еңбегінің нормасына айналуға тиіс. Сондықтан мұнда ешқандай жеңілдік жасалмауға тиіс!

Осы принципті нұсқауларды партияның экономикалық саясатын жүзеге асырудың басты құралы — мемлекеттік жоспарлардың тапсырмалары мен көрсеткіштерінің нақты тіліне аудару қазір ерекше маңызды.

Орталық Комитеттің Саяси Бюросы перспективалы жоспарларды жасау жұмысының алғашқы қорытындыларын қарады. Өндірісті дамыту, оның тиімділігін арттыру, халықтың тұрмыс дәрежесін өсіру жөнінде неғұрлым жоғары, қауырт жоспарлы тапсырмалар көздеу міндеті қойылды. Қазір Мемлекеттік жоспарлау комитетінде, министрліктер мен ведомстволарда, республикалар мен облыстарда, кәсіпорындарда біздің жоспарларымызды барынша мол түпкі нәтижелерге жетуге бұрынғыдан да көбірек мегзеу үшін резервтерді жұмылдыру жөніндегі жұмыс өрістетілуде.

Мысалы, Электротехника өнеркәсібі министрлігі жоспарда бес жыл ішіндегі өнімнің үстеме өсімін 35 процент дәрежесіне жеткізу мүмкіндіктерін тапты. Бұл СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің осы министрлік бойынша белгілеген бастапқы жобасынан жоғары.

Владимир облыстық партия ұйымы іске творчестволық тұрғыдан келді. Қосымша резервтерді іздестіріп табу өнеркәсіп өндірісінің үстеме өсімі жөніндегі бұрын белгіленген көрсеткішті 1,3 есе арттыруға мүмкіндік берді.

Өздеріңіз білесіздер, жуырда Орталық Комитет Ленинград облыстық партия комитетінің экономиканың тиімділігін арттыру жөнінде жүргізіп отырған жұмысын мақұлдады. Бұл бағытта Москвада, Украинада, Қазақстанда, Грузияда және басқа аймақтарда көптеген жұмыс істелуде. Мұндай жұмысты әрбір республикада, облыста, барлық министрліктерде, әрбір кәсіпорында белсендірек жүргізу қажет деген ой келеді.

Digitized by Google

Съезге әзірлене отырып, партия еңбекшілердің күш-жігерлерін үстіміздегі жылдың және бүкіл бесжылдықтың жоспарларын ойдағыдай аяқтауға шоғырландыруда. Үстіміздегі жылдың қорытындылары жаман болмас деп қазірдің өзінде айтуға болады. Халық шаруашылығы одан әрі қарқын алуда, сапалық көрсеткіштер жақсаруда, совет адамдарының тұрмыс дәрежесі де арта түсуде.

Бірақ біз олқылықтарды да айқын көріп отырмыз. Көптеген кәсіпорындар мен шаруашылықтар, бірқатар салалар өз мүмкіндіктерінен төмен жұмыс істеп, жоспарлар мен міндеттемелерді орындамай отыр. Әлі уақыт бар. Бесжылдықтың аяғына дейін жылдан астам уақыт қалды, сондықтан көп нәрсені түзетуге болады. Өндірісте тәртіп орнатуға неғұрлым жігерлі және табанды түрде күш салып, ұйымшылдықты арттыру, жоспар және өндіріс тәртібін әсіресе артта қалған учаскелерде нығайту қажет.

Ауыл шаруашылық жылын аяқтау және болашақ егінге әзірлену туралы бірнеше сөз. Ауа райының салдарынан бірқатар аудандарда егістік зардап шекті, соның салдарынан едәуір астық кем алынбақшы. Мал шаруашылығын жемшөппен қамтамасыз етуде белгілі бір қиындықтар қалыптасты. Орын алған қиындықтарды жеңу үшін село еңбеккерлері қала тұрғындарының белсене қатысуымен барлық жерде жанқиярлықпен жұмыс істеуде. КПСС Орталық Комитеті бұл күш-жігерлерді жоғары бағалайды. Мал қыстатудың ойдағыдай өткізілуін қамтамасыз ету, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен дайындауда титтей де олқылыққа түсуге жол бермеу үшін қазіргі кезде барлық мүмкіндіктерді пайдалану өте-мөте маңызды. Көктемгі егіс жұмыстарына бүкіл әзірлікті жоғары дәрежеде жүргізу қажет.

Жалпы айтқанда, үстіміздегі жылдың қалған айларында және бесжылдықтың соңғы жылында баршамыз толық қайтарыммен екпінді еңбек етуіміз, жаңа бесжылдықты сенімді түрде бастау үшін тиісті негіз жасауымыз керек.

Жолдастар! Бүгін Орталық Комитеттің Пленумы жер құнарын арттыру жөнінде аса көлемді жасампаздық жұмыстардың жоспарын талқылайды. Оны жүзеге асыруды партия таяудағы жылдардың екпінді бағыты деп есептейді.

Пленумға қатысушылар КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің мелиорациялау программасын нақтылай түсетін қаулыларымен таныстырылды. Орталық Комитеттің Саяси Бюросы атынан одақтас республикалар Компартиялары Орталық Комитеттерінің, өлкелік және облыстық партия комитеттерінің бірінші секретарьларына сөз арнап, осы шешімдердің орындалуын қатаң партиялық бақылауға алуды өтінгім келеді.

Істің табысты болуы да қойылған міндеттердің саяси мәнін әрбір еңбеккердің, әрбір коллективтің түсінуіне, барлық учаскелерде істің ұйымдастырылуына байланысты болмақ. Партия ұйымдарының ұйымдастырушылық және саяси жұмысын, совет және шаруашылық органдарының қызметін осыған шоғырландыру қажет.

Әрбір республика мен облыста, әрбір ауданда жергілікті өндіріс және табиғат-климат жағдайларын ескере отырып, белгіленген шараларды жүзеге асырудың нақты жоспарын ойластыру және жүзеге асыру керек. Бұл арада творчестволық көзқарас, шаруашылықта тапқырлық, іскерлік көрсетіп, дағдылы, бірақ ескірген тәсілдерден арылу айрықша маңызды. Жоғары маман мелиораторлар, агрономдар, ауыл шаруашылығының басқа да мамандарын даярлау ісін жақсарту жұмысы бірінші орынға қойылатын болуы тиіс. Мелиорация жөніндегі жұмыстардың тиімді жүргізілуі және жақсартылған жерлерде шаруашылық жүргізудің нәтижелері үшін талапты күшейту керек.

Жаңа міндеттер тұрғысынан колхоздар мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдарына, селолық аудандық партия комитеттеріне қойылатын талаптар арта түседі. Олар адамдар арасындағы тәрбие жұмысын күшейтуге, селодағы еңбек өмірінің барлық буындарында ұйымшылдық пен реттілікті арттыруға күш салып, әрбір еңбеккердің тапсырылған учаскедегі істер үшін зор жауапкершілік сезімін дамытуға міндетті.

Идеологиялық майданның қызметкерлері, бұқаралық информация құралдары алдында атқарылар көп жұмыс тұр. Олардың тікелей міндеті — партияның селода жүргізіп отырған жұмысын басты назарда ұстап, село еңбеккерлерінің істерін неғұрлым толығырақ көрсету, солардың еңбегінің беделін көтеру.

Партия мелиорация программасына біздің комсомолымыз қызу үн қосып, оны қолдар деп үміттенеді. Миллиондаған гектар жаңартылған жерлерді совет адамының кәдесіне жарату — біздің даңқты жастарымыз үшін бұл әрі романтика, әрі еңбекте шыныңу мектебі.

КПСС Орталық Комитеті жерді мелиорациялауды дамытудың ұзақ мерзімді программасын орындау бүкіл халықтық іске айналады деп кәміл сенім білдіреді. Мұның өзі жоғары дәрежеде дамыған және тұрақты ауыл шаруашылық өндірісін құруда жаңадан ірі қадам жасап, бүкіл совет экономикасын неғұрлым жоғары сатыға көтеруге мүмкіндік береді.

(Сөз зор ықыласпен тыңдалып, оған талай рет ұзақ қол шапалақталды).

Digitized by Google

МЕЛИОРАЦИЯ — ҚҰНАРЛЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОЛЫ



С. ҚАЛДЕНОВ,

Талдықорған облысы Сарқанд ауданының «Бақалы» совхозы қызылша өсірушілер звеносының жетекшісі, үгітші, Ленин орденінің иегері

Совхозымызда қызылша шаруашылығы жаңа жерлерде дами бастады. Ал қырды игеру — бұл ең алдымен оны суландыру деген сөз. Ол қаншама еңбекті талап етті. Бір кезде құлазып жатқан сан мың гектар жер уақытына қарай қызылша өсіретін жаңа ірі учаскеге айналды.

Совхозымыздың өмірі КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдастың КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумында сөйлеген сөзінде айтылған пікірдің көрнекі дәлелі қызметін атқара алады: «Мынаны басшылыққа алу керек: көптеген жағдайда мелиорация, толық мағынасында, шаруашылықтар мен тұтас бір аудандардың өміршеңдігін айқындайды». Мелиорациясыз біз бүгінде шаруашылығымыз беріп отырған өнімнің жүзден бірін де ала алмас едік. Демек біз жартылай шөлейт далада жұмыс істейміз, онда жерді суармайынша және тыңайтпайынша егінді өсіре алмайсың.

Біздің әр еңбеккеріміз «ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі қамқорлық біздің ең бағалы байлықтарымыздың бірі — жерге басқаша қарауды талап етеді. Ал енді суармалы және құрғатылған жерлерге бұдан да гөрі ұқыпты қарау керек. Диқанның тілімен айтқанда, бұл жақсартылған гектарға қажетті нәрсенің бәрін беру керек, оған бүкіл жан-тәніңді салу керек деген сөз, сонда ғана жер еңбекті еселеп қайтаратын болады» деген пікірді жүрекке жақын қабылдады.

Жаңа жерлерді игеру барысында біз кездестірген қиыншылықтар есімде.

Алғашқы өнім қуанта қоймады. Гектарына 80—90 центнерден сәл астам өнім жинадық. Өнімнің өзіндік құны жоғары болды. Кейбір адамдар біздің топырақ-климат жағдайымызда бұдан көпке үміт артуға болмайды деп айта бастады. Бірақ олардың болжамы ақталмады.

Қызылша өсіріп, жинаудың индустриалдық әдісін енгізген алғашқы жылдың өзінде-ақ түбірлі бетбұрыс болды. Еңбекті ұйымдастырып, ақы төлеудің прогрестік формасы адамдардың жерге деген көзқарасын елеулі түрде өзгертті.

Мен танапта 12 жыл жұмыс істеймін. Жаңа дақылды игеру менің көзалдымда өтті. Біздің звеномыздың нарядсыз жүйеге ауысуының алғашқы жылы табысқа жеткізді: 80 гектар алаңның әр гектарынан 526 центнерден қант қызылшасын жинадық. 1981 жылы колхоздың басқа звенолары да жоғары нәтижелерге жетті. Шаруашылық мемлекеттік жоспарды 128 процент орындады. Осы тұста қызылша өсірушілеріміз жұмысында қант қызылшасынан мейлінше жоғары тұрақты өнім алу түпкі нәтижеге айналды.

Егіншілердің жатықтылығы, өзара ұғынушылығы, жоғары жауапкершілігі бірден қалыптасқан жоқ. Алғашқы екі жылда бригадаларда тәртіпті сақтау, агротехникадағы ауытқушылық туралы талай мәрте әңгіме қозғауға тура келді. Звено мүшелері А. Торбаев, П. Азаматов, С. Бакаевтардың еңбекке қатысудың мейлінше дәлме-дәлдіктегі коэффицентін енгізу туралы мәселені талай мәрте көтергені есімде, бірақ алғашқы кезде оның еңбек өнімділігі дәрежесіне ықпал жасау принципін жалпы тұрғыдан ғана елестеттік.

Көршілес Панфилов ауданындағы таңдаулы шаруашылықтарда еңбекке қатысу коэффицентін енгізу тәжірибесімен таныстым. Сосын озық тәжірибе туралы әңгімелерде үнемі айттым. Кейіннен тәртіпті немесе жұмыс технологиясын бұзушылық жайлы әңгімелеуді тоқыраттық. Совхоздың әрбір қызылша өсірушісі жоспардан тыс өнім үшін қосымша ақы алды. 1979 жылмен салыстырғанда шығымдылық гектарына 80 центнерден 450 центнерге дейін артты. Қант қызылшасының өзіндік құны кеміді. Сөйтіп қазір әр егінші шығынды есептеп, резервтерді үнемдеу туралы қамқорлық жасайды.

Коллективті шешімнің қаншалықты объективті екенін мына факті әңгімелейді: соңғы екі жыл ішінде звеномызда да, бригада да еңбекке қатысу коэффицентін анықтау барысында кикілжің болған жоқ. Ал әсіресе алғашқы тұста тым қатал шешімдер қабылданды. Менің звеномнан суарушылардың бірі үш күн жұ-

Digitized by Google

мысқа шықпай қалды. Бұрынырақ бұл үшін ол сөгіс немесе ескерту алар еді. Ал енді бригада қыдырымпазды ақшадан қақты. Ол дауласып жатқан жоқ.

Шаруашылықта іс қазір жақсы жүруде. Бесжылдықтың басынан бері қант қызылшасының егістігі 780 гектардан 1 мың гектарға дейін ұлғайды. Егер 1980 жылы шаруашылық мемлекетке 27408 тонна тамыр түйнек тапсырса, енді 1983 жылы қант қызылшасын беру 32 мың тоннаға жеткізілді.

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумының шешімі бізді жаңа асуларға шақырады. Бұл күндері менің жолдастарым қызылша мен басқа дақылдар өндіруді ұлғайту үшін қолда бар резервтерді мұқият талдауда. Ол резервтерді көріп отырмыз: бізде суармалы гектар анағұрлым тиімді жұмыс істей алады. Кейде оралымсыздықтан суару мерзімі өткізіп алынады, техниканы әрдайым іскер пайдалана бермейміз. Қайсыбір қызметкердің салдыр-салақтығынан бүкіл совхоз коллективінің елеулі залал шегуі де болып қалады.

Демек дербес жауапкершілікті көтеріп, әр еңбеккердің белсенділігін дамыта беру керек. Бүгінде совхоз үгіт коллективінің қызметі нақ осыған бағытталған.

КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумынан кейін совхоз үгітшілерінің, бүкіл идеология активінің жұмысы өте-мөте күшейді. Өткен орақ күндері қызу болды. Біз егінді жақсы өсірдік. Гектарына 420 центнерден тамыр түйнек алынды. Егінді прогрестік тасқынды әдіспен жинадық. Науқан тұсында совхоздың таразы шаруашылықтары идеология жұмысының орталығына айналды. Мұнда қызыл мүйіс жабдықталды. Онда саяси хабаршылар мен үгітшілер әңгімелер өткізді. Партия комитетінің секретары С. С. Бейсенбаев, кәсіподақ комитетінің председателі Е. Н. Нүсіпов, совхоз мамандары экономикалық тақырыптарға саяси хабарлар жасады.

Бригадада «молнияларды» жиі шығардық. Бюллетеньдерде егін жинау барысын баяндап, әр күн ішіндегі жұмыс нәтижелерімен таныстырдық. Жарыс жеңімпаздары құрметіне Еңбек даңқы жалауын көтердік.

Біз социалистік жарыс материалдарын озық тәжірибені әңгімелерде тұрақты пайдаланамыз. Мәселен, әңгімелердің бірінде мастерлер У. Күмісқалиев пен С. Әбдірахимовтың үлгі-өнегесі арқылы олардың техниканы іскер пайдалануға және оны жетік білуі есебінен жоғары нәтижелерге қол жеткізетінін көрсеттім. Совхоз үгітшілерін егін жинау, сондай-ақ қызылшаны тасып алу да толғандырды.

Озат қызылша өсірушілер, үгітшілер Шаймухан Қарауамбеков, Төлеу Күнтуов және Дулат Садықов автомобилшілермен тығыз байланыс жасап, әңгіме кезінде олардың жұмыс қорытындылары жайлы үнемі хабарлады. Осы үгітшілердің мол тәжірибесі бар, олар қырсыздық, кемшіліктер жанынан ешқашан өте шықпайды. Жеке әңгімелерде, егер қажет болса, адамдарды салдыр-салақтығы мен берекесіздігі үшін ұялтып, ұқыптылар үлгісі арқылы ысырапқа тосқауыл қоюға үйретеді.

Егін жинау кезінде үгіт бригадасы құрылды. Ол әдебиеттермен, методикалық материалдармен қамтамасыз етілді, көрнекі үгіт құралдарын дереу көркемдеуге көмектесті.

Сохоздың партия комитеті үгітшілер білімін арттыруға көп көңіл бөледі. Ауызша саяси үгіт активистеріне көмек ретінде сөйлеметін сөздер мен әңгімелердің тақырыптары беріледі. Біз олар үшін материалдарды анықтама-информация орталығынан аламыз.

Біздің жұмысымызда шешілмеген мәселелер де баршылық, Үгітшілік қызметке жас коммунистерді, комсомолецтерді батылырақ тарту керек деп ойлаймын. Жастарда алғырлық бар, олар жаңаны жедел қабылдайды. Иә, партиялық тапсырманы орындай отырып, өздеріне де қатаңырақ қарайтын болады. Осы мәселені партия комитеті мәжілістерінің бірінде талқылауды қажет деп есептейміз.

Әңгімелерде айтыңыз

БАСТАМАҒА—ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ!

Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығының еңбеккерлері еліміздің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға өзінің қосар үлесін молайта беруге үнемі ұмтылып келеді. Үстіміздегі жылы олар егін жинауды табысты аяқтап, астық дайындау жоспарын 115 процент орындады. Қарақұмық пен ас бұршақ өндіру қыруар өсті. Шаруашылықтар өздерін тұқыммен толық қамтамасыз етті.

Малшылар да жақсы еңбек етті. Тоғыз айдың ішінде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда облыста ет дайындау 1,1 мың тонна, сүт дайындау — 4 мың тонна, жүн дайындау 86 тонна артты. Ірі қараның, шошқаның, жылқы мен құстың саны көбейді.

КПСС-тің алдағы XXVII съезін лайықты қарсы алуға әзірлене отырып, облыс еңбеккерлері мал қыстату тұсына арнап жоғары міндеттеме алды.

Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің 1984—1985 жылдарғы қысқы маусымда мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізу, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен дайындауды арттыру жөніндегі республиканың совхоздары мен колхоздарының, аграрлық-өнеркәсіптік комплексі кәсі-

Digitized by Google

порындарының барлық коллективтеріне үндеуін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдады. Онда мал шаруашылығы өнімдерін көбейту жөніндегі нақты жоспары белгіленді. Бастама инициаторларының жаңа межелері мынадай.

— 1984 жылдың сентябрінен 1985 жылдың июліне дейін мемлекетке 67 мың тонна ет пен 121 мың тонна сүт, яғни өткен мал қыстату деңгейімен салыстырғанда тиісінше 2 мың және 2,4 мың тонна көп өнім береді.

— Мал бордақылауды интенсивтендіру арқылы ірі қараның орташа салмақ қосуы 600 грамға жеткізіледі.

— Әрбір сауын сиырдан 1500 килограмм — өткен жылға қарағанда 35 килограмм көп сүт сауылады.

Өнімнің сапасы арттырылып, өзіндік құнын кеміту қамтамасыз етіледі.

Қысқы маусымда кемінде 86 мың бұзау, 193 мың торай, 791 мың қозы алынады, туған төлдің барынша аман сақталуы қамтамасыз етіледі, қой шаруашылығы мен жылқы шаруашылығын дамытуға ерекше назар аударылады.

Ірі қараның тапсыру салмағы 400 килограмға, қой — 40 және шошқа 106 килограмға жеткізіледі.

Белгіленген жоспарды орындау үшін қандай резерв бар.

Біріншіден, облыста 790 мың тонна пішен, 276 мың тонна пішендеме, 28 мың тонна витаминді шөп ұны, 1,6 миллион тоннадан астам сүрлем дайындалды. Фермаларда 105 жемшөп цехы, 230 жемшөп кухнясы және 93 түйіршектегіш жұмыс істейді.

Үшіншіден, әр шаруашылықта жемді дайындау мен оны жұмсаудың тиянақты есебі мен бақылауы тарайындалды.

Қысқы маусымда жоспарды орындауды идеологиялық жағынан қамтамасыз етуге көп мән берілуде. Аса жауапты учаскелерге коммунистер, комсомолецтер, халық депутаттары жіберілді. Жастарды мал шаруашылығында орнықтыру үшін тәлімгерлік кеңінен пайдаланылуда.

Облыста аудандар, шаруашылықтар, бөлімшелер мен фермалар малшылары арасындағы социалистік жарыс шарттары талдап жасалды.

Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығының еңбеккерлері өз үндеуінде республиканың барлық малшыларын ұлы Жеңістің 40 жылдығын және стахановтық қозғалыстың 50 жылдығын еңбек табыстарымен қарсы алуға шақырады.

Республика ауызша саяси үгіт активистерінің міндеті — осы үндеуді барлық малшыларға жеткізу, сөйтіп Шығыс Қазақстан облысы еңбеккерлерінің инициативасын кеңінен қолдауды қамтамасыз ету.

Үндеу 1984 жылы 23 октябрьде республикалық және облыстық газеттерде жарияланды.

БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕҢБЕК ЫРҒАҒЫ



Ақтөбе. Облыс кәсіпорындарында стахановтық қозғалыстың құрметіне жарыс өрістеп келеді. Ақтөбе электр жылу орталығының энергетиктері оған бірінші болып қосылды. Олар жыл басынан бері 700 тоннаға жуық шартты отын және 1 миллион 271 мың киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеді. Қазан машинисі, коммунист Жеткіншек Аяпбергенов оған лайықты үлес қосуда. Ол — тәжірибелі маман, жастар тәлімгері.

Суретте: Ж. Аяпбергенов.

Суретті түсірген **Д. Карачун (ҚазТАГ).**

Петропавл. «Покровка» совхозының малшылары жылдық жоспар мен социалистік міндеттемелерді мерзімінен үш ай бұрын орындап шықты. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда тоғыз ай ішінде мың центнерден астам сүт артық өндірілді, ал әр сиырдан сауылған сүт орта есеппен бір килограмм артты.

Осы жетістікке үшінші бөлімшенің машинамен сүт сауатын операторлары З. М. Чуприна, Ф. Р. Новицкая, М. А. Плюснина сүбелі үлес қосты.

Жезқазған. «Даңғыл жол — жыл бойына!» — Жаңаарқа темір жол торабы жол дистанциясының коллективі осындай девизбен еңбек етуде. Жеңістің 40 жылдығы құрметіндегі еңбек вахтасында И. Мамин мастер болып істейтін алтыншы учаскенің коллективі үздік нәтижелерге жетуде. Бұл учаске он жыл бойы коммунистік еңбек коллективі атағын жоғары ұстап келеді.

Семей. Шығыстау етегіндегі шалғай жатқан «Қызыл ту» совхозы енді сыртқа кірпіш тасымайтын болды. Мұнда шаруашылық қаржысына кірпіш заводы салынды. Оған шикізат ретінде жергілікті жердің балшығы пайдаланылады. Заводтың қуаты жылына бір миллион кірпіш өндіруге жетеді.

Облыстың колхоздары мен совхоздарында қазір 19 кірпіш заводы жұмыс істейді. Олар жыл сайын 20 миллионнан астам кірпіш береді.

Digitized by Google



КЕЗДЕСУ ОРНЫ — БРИГАДА

Партия комитеттері совет, кәсіподақ, шаруашылық органдарының, қоғамдық ұйымдардың жастар арасындағы жұмысын күшейту шараларын қолдануға, олардың іс-қимылын үйлестіруді жақсартуға тиіс. Партиялық басшылардың жастармен үнемі әңгімелесіп отыруы, коммунистердің, барлық басшы кадрлардың жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие беру ісіне белсене қатысуы туралы партия талабының мүлтіксіз жүзеге асырылуына күш салынсын. Олар жастар еңбек ететін, оқитын, тынығатын жерлерде жүйелі түрде болып, толғағы жеткен мәселелер жөнінде олармен ашық, бүкпесіз әңгімелесуге, оларға толымды жауаптар беруге тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы» қаулысынан.

Бұдан екі жыл бұрын аудандық партия комитетінің бюросында Абай атындағы совхоздың «Тұлпар» комсомол-жастар бригадасының тәлімгері Тілеген Мұқашевтың есебі тыңдалды.

Тілеген ол кезде өзінің бригадирлік қызметін жаңа ғана бастаған еді. Ол тағайындалғанға дейін көп жыл осы коллективте қатардағы шопан болып жұмыс істеді. Алғашқы кезде оның ісі бірден алға баса қойған жоқ, сондықтан да жас бригадирді қалай да қолдау қажет болды.

Аудандық партия комитеті бюросында Тілегеннің жұмыста күш-кігерін аямайтыны, барлық жерде үлгеруге ұмтылатыны туралы жылы сөздер айтылғаны есімде. Сонымен бірге ол қарамағындағылардан тапсырылған істі сұрап, адамдармен әңгімелесуге үлгере алмайтын.

Тәлімгер есебі, оның ұшыратқан қиындықтары — осының бәрі комсомол-жастар бригадалары жетекшілерінің шаруашылық, ұйымдастырушылық және тәрбие жұмысын тығыз байланыстыруына көмектесу жайын ойлануға мәжбүр етті.

Бұрын аудандық партия комитеті мен оның бөлімдері комсомол-жастар бригадаларының істерімен айналыспады демеймін, бірақ бұл жұмыс аракідік атқарылды, нақтылық, жүйелілік жетіспеді. Енді осы коллективтерге жасалатын ықпалды қалай да күшейту, комсомол ұйымдарын алмастырмай-ақ, жас малшыларды қалыптастыруда оларға көбірек көмектесу мәселесі алға қойылды. Сонда ауданда бригадирлердің тұрақты семинарын ұйымдастыру, оның сабақтарына партия, кәсіподақ топтарының жетекшілерін, комсомол активистерін тарту ұйғарылды.

Сондай-ақ партия, совет, кәсіподақ, комсомол қызметкерлерінің, шаруашылық басшыларының бригадаларда жүйелі түрде болып, онда кездескен қиындықтарды жоюға көмектесу үшін олардың есебінен әрбір бригадаға тәлімгерлерді бекіту ұйғарылды. Олардың әрқайсысы «өз» бригадасының істерімен қызу айналысады, фермалардың жас иелеріне сөзімен де, ісімен де көмектеседі. Аудандық атқару комитетінің председателі А. М. Досалиев, РАПО председателі С. Мұқанов, совхоз директорлары Ж. Есқайыров пен С. Омаров және басқа да басшылар жастармен кездесу үшін өз уақыттарын аямайды.

Бригадаларды аралай жүріп, олардың өмірінің барлық жақтарына үңіледі, жастармен ашық әңгімелеседі.

Аудандық комсомол комитетіне өндірістік және мәдени-тұрмыстық жағдайларға белсендірек ықпал ету үшін ай сайын «Комсомол прожекторының» рейдтерін өткізу ұсынылды. Бірыңғай саяси күнде бригадаларда аудандық партия комитеті саяси баяндамашыларының әңгімелерін ұйымдастыру, мал шаруашылығындағы жастар жұмысына арналған аудандық газет бетін ай сайын жариялау келісілді.

Бюрода мал шаруашылығы үшін кадрлар резервтері, мектеп оқушыларына еңбек тәрбиесін беруді жақсарту туралы ойластырылды. Бізде жыл сайын мектеп түлектері мен жас малшылардың аудандық слеттері өткізіледі. Жаз айлары күндері барлық жоғары класс оқушылары қайсыбір формада қоғамдық пайдалы еңбекке қатысады.

Бұл шаралар қазірдің өзінде өз нәтижелерін берді. Қазір ауданда 27 комсомол-жастар бригадасы бар, олар қоғамдық малдың үштен бірінен астамын күтімге алған. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана орта мектептердің 116 түлегі мал шаруашылығындағы жұмысқа келді.

Digitized by Google

Жас малшылардың қалай өсіп келе жатқанын көру қуанышты. Комсомол-жастар бригадаларының көрсеткіштері өзге коллективтерге қарағанда жоғары. Т. Мұқашевтың сол бригадасы аудандық партия комитетінің бюросындағы есептен кейін жұмыс қарқынын үдете түсті. Биылғы көктемде ол әр жүз саулықтан 130 қозыдан алды. Бұл табыстар коллективтегі тамаша моральдық-психологиялық ахуалсыз, бригадир мен оның көмекшілері адамдармен жүргізетін жүйелі жұмыссыз мүмкін емес еді.

Жас малшылар өз күштерімен қызыл мүйісті жабдықтады. Онда әрдайым радиоқабылдағыш, радиола, музыка аспаптары бар. Кешке қарай, бүкіл бригада жиналған кезде мұнда міндеттемелердің қалай орындалып жатқаны, өзге коллективтердің қалай жұмыс істейтіні, кімнен үлгі алу керек екені туралы қызу әңгіме болады.

Шопандардың тәлімгерлері А. Торғызбаева, Б. Малқаров және В. Төлеуов болып табылатын «Гурьев» асыл тұқымды мал заводынан «Гүлдер», Ленин атындағы совхоздан «Самал» және «Тасшағыл» совхозынан «Сұңқар» комсомолжастар бригадалары жарыста үздік табыстарға жетуде. Аудандық газеттің жекелеген беттері олардың тәжірибесіне арналды.

Ленин атындағы совхоздың жас жылқышысы, КПСС мүшесі Оңғар Мекебаев үлкен беделге ие болуда, ол жыл сайын әр жүз биеден жүз құлыннан алады. Совхоздағы барлық еңбеккерлер оған теңелуде. Ол жылқышылар арасындағы өз әңгімелерінде еліміздің, республиканың, облыстың, ауданның әлеуметтік-экономикалық өмірінің маңызды оқиғалары, аудан еңбеккерлері қабылдаған социалистік міндеттемелердің орындалуы туралы әңгімелеп, сын-ескертпелер жасайды.

Жастардың үлкен отряды Энгельс атындағы совхоздың фермалары мен жайылымдарында жұмыс істейді. Биыл тұтасынан осы шаруашылық бойынша 100 саулықтан 134 қозыдан алынды. Ж. Есенәлиевтің звеносы үздік нәтижелерге жетті. Оның өмір жолы көптеген жігіттер мен қыздар үшін еліктерлік үлгі-өнеге болып табылады. Семей облысы Шұбартау ауданының жас еңбеккерлерінің бастамасын қостай отырып, орта мектепті бітіргеннен кейін ол мал шаруашылығына келді. Комсомол-жастар бригадасында жұмыс істей бастады. Қазіргі уақытта ол комсомол-жастар бригадасының бұрынғы түлегі, өзінің әйелімен бірге әр жүз саулықтан 160 қозыдан алушы шопандар звеносын ұйымдастырды. Жас звено жетекшісі «Ерлік еңбегі үшін» медалімен наградталды, аудандық комсомол комитетінің мүшесі болып сайланды.

Аудан жағдайын ескере отырып, аудандық партия комитеті үгіт коллективтері мен саяси хабаршылар топтары жетекшілерінің аймақтық мектептерін ұйымдастырды. Қазір ауданда олардың төрт мектебі бар. Сабақтар екі айда бір рет өткізіледі. Тікелей шаруашылықта бұқаралық-саяси жұмыс тәжірибесімен танысу жөнінен практикалық сабақтар жиі ұйымдастырылады.

Аудандық партия комитетінің саяси ағарту кабинеті бірқатар активистердің тәжірибесін қорытты. Мысалы, саяси хабаршылар Д. Әбілғазиев пен Ж. Тұрдығалиевтің, үгітші Р. Есқалиеваның тәжірибесі туралы әңгімелейтін плакаттар шығарылды.

Автоклубтар мал шаруашылығының шалғай учаскелеріне қызмет көрсету үшін белсенді түрде пайдаланылады. Оларда социалистік міндеттемелерді, таңдаулы бригадалар жетістіктерін насихаттайтын стендтер безендірілген. Ауданның өндіріс озаттарының магнитофонға жазып алынған әңгімелерін тыңдап, кинофильмдер көруге болады. Шопандарға олардың семьялары жолдаған дыбысты хаттарды ұдайы жеткізіп тұрамыз.

Малшылар КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумының шақыруына іспен жауап беруге, бесжылдықтың төртінші жылын еңбектегі жоғары нәтижелермен атап өтуге ұмтылуда. Жарты жылдық жоспар ет сату жөнінен 147 процент, сүт — 167 процент және жүн — 100 процент орындалды. Аудан бойынша орташа есеппен жүз саулықтан 117 қозыдан алынды.

Үстіміздегі жылдың күрделі жағдайында осындай нәтижелерге жету оңай болған жоқ. Әйтсе де адамдардың энтузиазмі көмектесуде. Ол жемшөп дайындауда өте-мөте толық көрінді. Шаруашылықтарда олардың қорын толықтырудың барлық мүмкіндіктері пайдаланылды, өткен жылдан қалған барлық жемшөп мұқият ескерілді. Сөйтіп, қуаншылық жазға қарамастан, біз қысқа кепілді жемшөп қорымен кіріскелі отырмыз.

Партия ұйымдары мал шаруашылығын дамытудың перспективаларын мұнда жастарды тартумен тығыз байланыстырады. КПСС Орталық Комитетінің «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және оның жастарға коммунистік тәрбие берудегі ролін арттыру туралы» қаулысын және мектеп ісі реформасының Негізгі бағыттарын талқылай отырып, партия және комсомол ұйымдары біздің ауданның басты саласына қосылатын комсомолдық үлестің анағұрлым сүбелі болуы үшін нақты шаралар белгілеуде.

Т. ТІЛЕГЕНОВ,
Қазақстан Компартиясы Қызылқоға аудандық комитетінің екінші секретары.

Гурьев облысы.

Digitized by Google

ӨЗАРА ТИІМДІЛІК

Үстіміздегі жылдың август айында Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы Өскемен титан-магний комбинаты мен Глубокое ауданы Киров атындағы колхозының өндіріс тиімділігін арттырудың перспективалы жоспарларын жасау жөніндегі бағалы бастамасын мақұлдады. Осы коллективтердің екеуі де резервтердің ең терең қабаттарын батыл ашуда.

Мысалы, металлургтер алдағы бесжылдықта өз кәсіпорнының қуатын арттыруды ұйғарды және ол өндірісті қайта құру мен оны ұйымдастыруды жетілдіру негізінде жасалады. Мұнда 6,5 миллион сомнан астам күрделі қаржы үнемделеді. Ондаған миллион киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеу жолдары табылды. Киров атындағы колхоздың еңбеккерлері, өз тарапынан, машина-трактор паркінің жұмысын ұтымды ұйымдастырұ есебінен оны 18 машинаға қысқартуды ұйғарды және осыншама механизатор босатылады. Жерді мелиорациялау жөнінен де кең программа белгіленді.

Облыстық «Коммунизм туы» және «Рудный Алтай» газеттерінің беттерінде инициатива, оны өзге коллективтердің қалай қолдап жатқаны туралы жүйелі хабар көрнекі орын алды. Осыған орай редакция оқырмандардың қалың тобының мүдделерін ғана ескеріп қойған жоқ, сондай-ақ өз құралдарымен еңбекшілер арасында осы бастаманы түсіндіретін үгітшілерге, саяси хабаршыларға, насихатшыларға бірқатар материалдарды арнады. Оларға көмек ретінде өндірісті интенсивтендіру жолдары, өндірістік коллективтердің ғылыми-техникалық прогресті тездету мен кәсіпорынды қайта құрудағы ролі туралы мақалалар жарияланды.

Бұл газет науқанының облыстық партия ұйымдарында жүргізіліп жатқан бұқаралық-саяси жұмыспен тығыз байланысының бір ғана мысалы. Насихат және үгіт бөлімі үгітшілер мен саяси хабаршылар арасында жүргізген сұраулар олардың әңгімелер мен сөз сөйлеуге әзірлік барысында облыстық газет материалдарын күнделікті және кеңінен пайдаланатынын көрсетті.

Мысалы, егін жинау мен жемшөп дайындау кезінде жұмыс істеген баспасөз орталығының, сондай-ақ малшылардың социалистік жарысының барысы туралы материалдар активтің жақсы пікіріне ие болды. «Екі дүние — екі өмір салты» деген газет беттері де ықпаласпен қабылданады. Оларда жергілікті фактілер арқылы біздің құрылысымыздың артықшылықтары, біздің ұлы праволарымыз бен бостандықтарымыз көрсетіледі. Сонымен қатар сол тақырыптарға капиталистік елдер өмірінен материалдар беріледі. «Рудный Алтай» газетінде шыққан соңғы мақалалардың бірінде Ұлан ауданы «Никитин» совхозының сауыншысы Шәмшия Төленбаева еңбектес жолдастарының, совхоз коллективінің, мемлекеттің өзі мен күйеуінің он ұл мен қызды тәрбиелеуіне қалай көмектесетіні туралы әңгімеледі. Бұл сонша сирек кездеспейтін факті болса да, мақаланы оқи отырып, басты байлығы адам болып табылатын және әрбір адамның тағдыры қоғам үшін терең мәні бар біздің еліміз үшін мақтаныш сезіміне бөленесіз. Осы беттен орын алған АҚШтағы еңбекшілер семьясының ауыр жағдайы туралы материал осы әсерді күшейтіп, маңызды салыстыруларға ұмтылдырады.

«Діндар және дінге сенбейтін адамдарға арналған лекторий» топтамасының, әскери-патриоттық тәрбие туралы беттердің материалдары үгіт-насихат активінің ынта-ықыласын туғызады.

«Бұлақ» деген рубрикамен берілген газет материалдары туралы айтпауға болмайды. Оларда халық депутаттары облыстық Советі жариялаған облыс қалалары мен селоларында су қоймаларының тазалығына байқаудың қалай өткізілгені туралы әңгімеленді. Оған облыстың барлық тұрғындары қатысты. Олардың күштерімен жүздеген бұлақтар мен қайнарлар тазартылды, көптеген өзендер мен жылғалар қалпына келтірілді. Бұл туралы материалдарды саяси үгіт активистері тұрақты пайдаланады.

Ай сайын облыстық газеттерде саяси хабаршылар мен үгітшілердің әңгімелерінің үлгі тақырыбы жарияланады. Оны облыстық партия комитетінің саяси оқу үйі әзірлейді. Әрбір тақырып қысқа методикалық басшылық нұсқауымен және әдебиеттер тізімімен беріледі. Сонымен бірге саяси хабаршылар үшін төрт бағыттың әрқайсысы бойынша тақырыптар әзірленеді. Мұның өзі олардың ең басты нәрсеге назар аударуына, түсінік жұмысын партия ұйымдары шешетін міндеттермен тығызырақ байланыстыруына көмектеседі.

Немесе мына бір сәтті алайық. Үстіміздегі жылы алғаш рет аталып өткен Білім күніне дейінгі бір апта ішінде облыстық газеттер КПСС Орталық Комитетінің «Агитатор» журналының осы мерекеге арналған мақаласын жариялады. Онда мерекені қалай жақсы өткізу жөнінде кеңестер беріліп, оның салтжорасының басты элементтері туралы айтылды. Осы мақаланы қайта басып, газеттер активистердің ең үлкен тобына, жастармен жүргізілетін жұмысқа қатысы бар барлық адамдарға жедел бағдар беруге көмектесті.

Digitized by Google

Редакцияның үгітшілерге, саяси хабаршыларға, баяндамашыларға мүмкіндігінше жиірек сөз беруге, бұқаралық-саяси жұмысты жолға қоюға белсене араласуға ұмтылуы мақтауға тұрарлықтай. Мысалы, «Казгипроцветмет» институтындағы басшылық стилі терең талқыланды. Корреспонденция авторы журналист В. Носкина партия бюросының осы маңызды іске немқұрайды қарау фактісін ашып, пайдалы ұсыныстар жасады. «Рудный Алтай» газеті үгіт алаңдары бойынша жұмысшы тілшілер рейдін бірнеше рет өткізді. Ал «Коммунизм туы» газеті шалғай елді мекендер мен мал жайылымы учаскелерінде бұқаралық-саяси және тәрбие жұмысын жетілдіруге байланысты тақырыптарды жүйелі түрде әзірлейді.

Баспасөз бен ауызша әңгіменің тығыз өзара іс-қимылы — біздің партиямыздың лениндік дәстүрі. Дегенмен редакциялардың бұл үшін газет беттерінің барлық мүмкіндіктерін толық пайдаланбайтынын айтқан жөн. Облыс еңбекшілерінің үнем мен ұқыптылық жолындағы күресін ашатын, осы жұмыстың таңдаулы үлгілерін көрсететін материалдарды сирек жариялайды. Немесе бригадалық мердігерлікті алайық. Ол туралы материалдар қалалардан да, селолардан да аз жарияланбайды, бірақ әңгіме көбінесе қарапайым, қайсыбір адамды иландыра алмайтын схемаға жиі саяды: қайсыбір учаскеде жұмыс мандымай қойды, енді міне мердігерлікті енгізгеннен кейін жұмыс өрге басты.

Оқырмандар табыстың нақ қалай келетінін және еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің жаңа формаларының неліктен барлық жерде бірдей тиісті үнем бермейтінін ашатын терең талдау жасалған материалдарды күтеді.

Алдағы уақытта өткізілетін бірыңғай саяси күндер және оларды өткізу қорытындылары туралы материалдар жүйелі түрде жарияланады. Баяндамашыларға қойылған сұрақтарға жауаптар да беріледі. Мұның өзі саяси күнге ұсынылатын проблемаларға еңбекшілердің назарын аударатыны сөзсіз. Бірақ осындай материалдар тым үстірт беріледі. Өзен балығы неге аз сатылады деген сұраққа мынадай жауап берілген: республиканың Сауда министрлігі қормен толық, қамтамасыз етпейді. Осындай жауаптың тұрғындарды қанағаттандыра қоюы нәйбыл, өйткені қорлардың шектеулі екені осы информациясыз-ақ белгілі ғой. Ал егер саяси күнге қатысушылардың сұрағы өзен және көл суларына бай облыстың балық шаруашылығындағы істерді талдауға арқау ретінде қызмет етсе, сол дұрыс болар еді.

Редакцияларға одақтық және республикалық журналдардың кезекті сандарына жүйелі түрде аннотация беруді ұсынудың артықшылығы жоқ — бұл да идеологиялық активке жедел бағдар беруге көмектеседі.

Баспасөз бен ауызша әңгіменің өзара байланысы бүкіл идеологиялық жұмыстың тиімділігін арттыруға ықпал етеді, демек осы ынтымақтастықтың анағұрлым тығыз және жемісті болуына тұрақты қол жеткізу маңызды.

В. КОСТРОВ.

САЯСИ ХАБАРШЫЛАР ОҚУЫ

Идеология активі мектебі саяси хабаршылар бөлімінің оқу жоспары КПСС Орталық Комитеті «Агитатор» журналының 1984 жылғы 20-сыншы санынан аударылып басылды. Саяси хабаршылар «Агитатор» журналының сол санынан «Ауызша саяси хабарландыру методикасы» курсы бойынша алғашқы оқу жылының программасын оқи алады.

Идеология активі мектептерінде саяси хабаршылар бөлімінің оқу процесі маркстік-лениндік теория негіздерін, ауызша саяси хабарландыру методикасын, саяси хабаршыларды мамандандыруға сәйкес «КПСС-тің әлеуметтік саясаты», «Үнемді экономика», «Социалистік көркем мәдениет дамуының өзекті проблемалары», «Халықаралық қатынастар» және «Совет Одағының сыртқы саясаты» деген оқу курстарының бірін оқып үйренуді қарастырады.

Саяси хабаршыларға арналған КПСС-тің ағымдағы саясаты мәселелері, экономикалық және әлеуметтік дамудың комплексті жоспарын жүзеге асыру барысы және еңбек коллективтері алдында тұрған міндеттер туралы лекция тақырыптарын партия комитеттері, саяси оқу үйлері мен кабинеттері белгілейді.

Оқу процесінде лекциялармен қатар сабақтың белсенді формалары: семинарлар, саяси хабаршылардың баяндамалар мен рефераттар әзірлеуі, практикалық тапсырмаларды орындауы, жұмыс тәжірибесін алмасуы, ғылыми-практикалық конференциялар көзделген. Оқу проце-

Digitized by Google

сін пленарлық және секциялық сабақтар түрінде құру ұсынылады. Пленарлық сабақтарда саяси хабаршылар «Ауызша саяси хабарландыру методикасы» курсы және КПСС-тің теориясы мен саясатының өзекті мәселелері бойынша жалпы лекциялар тыңдайды. Секциялық сабақтарда саяси хабаршыларды мамандандырудың негізгі бағыттары жөніндегі мәселелер оқылады. Семинарлық сабақты көп дегенде 25 адамы бар топтар бойынша өткізу ұсынылады.

Оқу процесінде саяси хабаршылардың марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, КПСС документтерін, партия мен Совет мемлекеті басшыларының еңбектерін оқу жөнінен дербес жұмыс істеу қарастырылуда.

I. «АУЫЗША САЯСИ ХАБАРЛАНДЫРУ МЕТОДИКАСЫ» КУРСЫНЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптары	Сағат саны	
		Лекциялар	Семинарлар, конференциялар
	ОҚУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫ		
1.	Саяси хабарландыру — бұқараның саналығын, еңбек және қоғамдық-саяси белсенділігін арттырудың маңызды құралы	2	
2.	Саяси үгітің лениндік принциптері және оларды ауызша саяси хабарландыру практикасында қолдану	2	2
3.	Саяси хабарландырудың негізгі бағыты мен мазмұны	2	
4.	Саяси хабарландырудың еңбек коллективі өмірімен байланысын нығайту	2	
5.	Саяси хабаршылар жұмысында қарсы насихат бағытын күшейту	2	2
	КПСС документтерін оқып үйренуге арналған резервтегі уақыт	4	
	Барлығы:	18 сағат	

II. «КПСС-ТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ КУРСЫНЫҢ» ОҚУ ЖОСПАРЫ

(саяси хабаршылардың еліміздің саяси өмірі мәселелері жөніндегі секциясы)

№	Тақырыптары	Сағат саны	
		Лекциялар	семинарлар, конференциялар
	ОҚУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫ		
1	Социалистік қоғамдағы әлеуметтік саясаттың мәні мен негізгі міндеттері	2	
2	Халықтың әл-ауқатын арттыру және социалистік өмір салтының материалдық негіздерін нығайту	2	2
3	Халықтың материалдық-тұрмыс жағдайын жақсарту	2	
4	Еңбекте прогрестік өзгерістерді жүзеге асыру — адамдардың өмірлік қызметінің маңызды жүйесі	2	2
5	Бұқараның еңбек белсенділігін ынталандыру	2	
	Барлығы:	14 сағат	

Digitized by Google

III. «ҮНЕМДІ ЭКОНОМИКА» КУРСЫНЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫ

(экономика мәселелері жөніндегі саяси хабаршылар секциясы)

№	Тақырыптары	Сағат саны	
		лекциялар	семинарлар
1	ОҚУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫ		
2	Интенсивті даму жолдары	2	2
3	Ғылым мен техниканың озық шептеріне	2	
4	Еңбек ресурстарын ұтымды пайдалану, еңбек өнімділігінің өсімі	4	2
	Негізгі қорлар мен күрделі қаржыны үнемді пайдалану	2	
	Барлығы:	14 сағат	

IV. «СОЦИАЛИСТІК КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» КУРСЫНЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫ

(мәдениет пен коммунистік мораль мәселелері жөніндегі саяси хабаршылар секциясы)

№	Тақырыптары	Сағат саны	
		лекциялар	семинарлар
1	ОҚУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫ		
	В. И. Ленин, КПСС көркем мәдениет дамуының негізгі заңдылықтары туралы	2	2
2	Социалистік көркем мәдениеттің қалыптасып, дамуы	2	
3	Кемелденген социализм қоғамында көркем мәдениет ролінің өсуі	2	
4	Социализмнің көркем мәдениетінің жаңашылдық сипаты	2	2
5	Социализмнің көркем мәдениетінің эстетикалық көп түрлілігі	2	
	Барлығы:	14 сағат	

V. «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ЖӘНЕ СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ» КУРСЫНЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫ

(халықаралық жағдай мәселелері жөніндегі саяси хабаршылар секциясы)

№	Тақырыптары	Сағат саны	
		лекциялар	семинарлар
	ОҚУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫ		
1	80-ші жылдары халықаралық қатынастар дамуының негізгі тенденциялары	2	
2	Социализмнің дүние жүзілік системасы және қазіргі халықаралық қатынастар		
3	Варшава Шарты Ұйымы мен Экономикалық Өзара Көмек Советінің социалистік достық одақ елдерінің сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметін үйлестірудегі ролі	2 2	2
4	Дамыған капиталистік елдер халықаралық қатынастарда	2	2
5	Совет-американ қатынастары және олардың дүние жүзілік саясаттағы орны	2	
	Барлығы:	14 сағат.	

Digitized by Google

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

Талдықорған. Облыста «Жастар тәрбиесіне — тұрақты қамқорлық» деген тақырып бойынша бірыңғай саяси күн өтті. Облыстық саяси баяндамашылар тобының жетекшісі, Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің бірінші секретары А. А. Тыныбаев баяндамашылар еңбек коллективтеріне барар алдында олармен нұсқау-кеңес өткізді.

Шымкент. Бөген ауданының «Қараспан» совхозының клубында өткен кезекті ашық хат күніне соғыс және еңбек ардагерлері шақырылды. Олардың аудан партия ұйымының, совет және шаруашылық органдарының, тұрмыстық қажетті өтеу мен мәдени-ағарту мекемелерінің қызметіне қатысты сұрақтарына аудандық атқару комитетінің председателі С. Әлібеков, ауданның басқа басшылары жауап берді.

Ардагерлер көтерген проблемалар партия және совет органдарының бақылауына алынды.

Павлодар. «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінде информация-методикалық орталық құрылды. Саяси оқу мен экономикалық білім жүйесіндегі, биылғы оқу жылына дейін түрлі тақырыптар бойынша материалдар бар елуге жуық папка, «Жеңістің 40 жылдығына — 40 екпінді апта!», «Стахановтық қозғалыстың 50 жылдығын лайықты қарсы алайық!» деген стендтер әзірленді.

Орталықта консультанттар кезекшілік етеді, олар үгітшілердің, саяси хабаршылардың, насихатшылардың әдебиеттерді, диафильмдерді, грампластинкаларды, магнитофон ленталарын, плакаттарды іріктеп алуына көмектеседі.

Көкшетау. Еңбекшілдер ауданында таңдаулы егіс қосына арналған байқау-конкурстың қорытындысы шығарылды. Біржан атындағы совхоздың О. М. Мырзахметов жетекшілік ететін трактор-егіс бригадасының дала қосына бірінші орын берілді. Осы коллективке ауыспалы қызыл вымпел, құрмет грамотасы мен ақшалай сыйлық тапсырылды.

Жамбыл. Мұнда жастар арасында білімді насихаттау апталығы өтті. Оған жоғары оқу орындарының ғалымдары мен Алматы қаласынан лекторлар тобы қатысты.

Өскемен. Облыс орталығы «Октябрь» кинотеатрының коллективінің қарауында көрермендермен бұқаралық жұмыс жүргізудің түрлі формалары баршылық. Мұнда «Бүгінгі дүние жүзі» деген саяси фильмдер клубы тұрақты «орнықты». Оның программасы кино кештер, лекциялар, әңгімелер өткізуді қарастырады. Клубта сабақ сәрсенбіде өткізіледі. Бұл күні оған өз білімдерін толықтырып, саясат, халықаралық өмір мәселелерінде дұрыс бағдар ұстау үшін жоғары оқу орындарының, техникумдардың, училищелердің, мектептердің студенттері мен оқушылары келеді.



Қарағанды. «Карагандауголь» бірлестігіндегі ең жас «Тентек» шахтасының кеншілері көмірді жеделдетілген график бойынша қазуда, ал ол он бірінші бесжылдықтың құрдасы. «Тентек» шахтасында қабырға газеті озық тәжірибені, бірыңғай наряд бойынша жұмысты насихаттауға қызмет етеді.

Суретте: редакция коллегиясының мүшелері Людмила Кондрацкая, Светлана Шин, Александр Фролов, Серік Төкенов «Тентековец» қабырға газетінің кезекті санын шығаруда.

Суретті түсірген В. ПЕТУХОВ (ҚазТАГ).

Шевченко. Көрме залында облыстық қолданбалы және бейнелеу өнерінің көрмесі ашылды. Ол совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына арналған көркемөнер творчествосының Бүкілодақтық байқауы аукымында өтуде.

Мұнда Маңғышлақтың әуесқой суретшілерінің, халық ісмерлерінің жүзге жуық еңбегі қойылған.

Талдықорған. Облыста автоклубтар мен қызыл отаулардың қысқы жағдайдағы жұмысқа әзірлігінің дәстүрлі байқауы өтті. Жылжымалы 131 клуб пен 15 қызыл отау автомашиналарды алыс сапарларға әзірлеу, безендіру, материалдық-техникалық базаны жасау шеберліктерін көрсетті.

Жеңімпаздар облыстық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысады.

Digitized by Google



СОВЕТТЕР БЕЛСЕНДІЛІГІ ӨСУДЕ

Бұқара творчествосын дамытуда, оларды шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерін табысты шешуге жұмылдыруда СССР-дің саяси негізі, социалистік және коммунистік құрылыстың қуатты құралы — халық депутаттарының Советтері зор роль атқарады. Ол, Лениннің сөзімен айтқанда, «...жұрттың бәрі үшін ашық, барлық істерін бұқараның көз алдында істейтін, бұқараға жақын, тікелей бұқарадан шыққан өкімет».

СССР-дің жаңа Конституциясы қабылданғаннан кейін Советтер қызметі мейлінше жоғары сатыға көтерілді. КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының және СССР Министрлер Советінің «Шаруашылық құрылысында халық депутаттары Советтерінің ролін одан әрі арттыру туралы» қаулысының шығуы маңызды кезең болды. Онда халықтық өкімет органдарын әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге комплексті тұрғыдан қарауға, олардың үйлестірушілік функциясы мен финанс мүмкіншіліктерін кеңейтуге, олардың өндірістік коллективтердің ведомстволық бағыныштылығына қарамастан жұмысына жасар ықпалын күшейтуге бағытталған қызметінің ұзақ мерзімді бағдарлары анықталды.

КПСС Орталық Комитетінің «Халық депутаттары Советтерінің жұмысын одан әрі жақсарту туралы» мәселені қараған 1984 жылғы апрель Пленумы қуатты жаңа серпін берді. Пленум шаруашылық және мәдени құрылыста Советтердің ролін дәйекті түрде көтеруде, еңбекшілердің сұранымдарын мейлінше толық қанағаттандыруда, халық тұтынатын тауарлар өндірісін ұлғайтып, сапасын жақсартуда, тұрғын үй мен әлеуметтік-мәдени мақсаттағы құрылыс жоспарларын орындауда, қызмет көрсету жүйесін, совет адамдары өмірінің барлық жақтарын жақсартуда олардың жауапкершілігін күшейту қажет деп тапты. Советтердің халық арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жетілдіру, басқару органдарының жұмысын бақылауда олардың пәрмеңділігін арттыру маңыздылығы айрықша атап көрсетілді. Советтер лауазымды адамдар мен шаруашылық басшыларының қызметін қатал әрі әділетті түрде бағалап, сайлаушылар аманатын орындауға көп көңіл бөлуге міндетті.

«Нақтылық — біздің демократияның баға жеткісіз сапасы, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдас халықтық бақылаушылардың Бүкілодақтық кеңесінде сөйлеген сөзінде. — Сондықтан да партия оны нақты дамытып, тереңдетуге орасан зор маңыз береді. Орталық Комитеттің 1984 жылғы апрель Пленумы бұл мәселені қандайлық елеулі түрде алға қойғаны сіздерге жақсы мәлім. Оның шешімдері тікелей Советтердің жұмысын жандандыруға бағытталған. Бұл жердегі міндет мемлекеттік өкіметтің осынау бұқаралық органдары өздерінің барлық конституциялық өкілдіктерін іс жүзінде пайдаланып үйренуінде болып отыр. Бұл міндетті партия кәсіподақтар, комсомол, еңбек коллективтері үшін де актуальды деп санайды. Дәл сондай дәрежеде халықтық бақылау үшін де актуальды. Жалпы алғанда әңгіме халықтың социалистік өзін-өзі басқаруының жасампаздық күшін барынша кеңінен өрістету туралы болып отыр. Қоғамымыздың саяси системасын жетілдірудің мәнісі де осында. Оны социализм мұраттарына жақындату дегеніміз де міне осы».

Республикамыз Советтерінің міндеттері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің тоғызыншы сессиясында жан-жақты талқыланды. Жер-жерде өткен, КПСС Орталық Комитеті апрель Пленумының қорытындыларын талқылаған республика жергілікті Советтерінің сессияларында депутаттар негізінен күрделі құрылысты, халыққа қызмет көрсету жүйесін жақсартуға, басшылық жасау формалары мен әдістерін жетілдіруге бағытталған 6 мыңнан астам ұсыныс енгізді. Оның үстіне түрлі объектілер құрылысына қатысты мыңнан астам депутаттық сұраулар түсті.

СОДАН БЕРІ көп уақыт өткен жоқ, әйтсе де, КПСС Орталық Комитеті апрель Пленумының шешімдері тудырған игі өзгерістер қазірдің өзінде айқын көрінеді. Ең алдымен халық депутаттары Советтерінің күштері жұмсалатын басты жүйе — мемлекеттік, шаруашылық және әлеуметтік-мәдени құрылыстың барлық саласына басшылық жасауда олардың ықпалы күшейді. Мұнда осы жұмыстың бағыты өте-мөте алуан түрлі. Жергілікті Советтер, депутаттар жұрт-шылығы бесжылдық тапсырмасын табысты орындау жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыруға, үнем мен ұқыптылық жолындағы қозғалысты өрістетуге, еңбек өнімділігі өсімінің қар-

Digitized by Google

қынын жеделдетуге, мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайтуға тиянақты қатысады.

Мәселен, Советтердің өндірісті үдету, халық тұтынатын товарлардың түр-түрін көбейтіп, сапасын жақсарту жөніндегі жұмысының тиімділігі артты. Қазір магазиндерде жаппай тұтынылатын бұйымдар түрі бұдан бірнеше жыл бұрынғыға қарағанда анағұрлым көбейе түсті.

Советтердің бәрі Азық-түлік программасын жүзеге асырудағы өз орындарын анықтады. Агроөнеркәсіптік бірлестіктер ықпалы жер-жерде өсіп келеді, олардың советтерін тиісінше атқару комитеттері председательдерінің бірінші орынбасарлары басқарады. Республика халық депутаттарының Советтері жерді мелиорациялауды дамытудың ұзақ мерзімді программасын ұсынған КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы қазан Пленумының шешімдерін өздерінің төл ісі ретінде қызу қабылдады. Советтердің тікелей өндіріс жүйесінде тұрған төменгі буындары енді ынталы жұмыс жасайды. Мәселен, Қостанай облысындағы Костриков селолық Советінің (селолық Советтің председателі З. Т. Коробченко) жұмысы көңіл бөлуге тұрарлық. Олар осы совхозда мал шаруашылығы мен егіншілікті интенсивтендіру, еңбек тәртібін, сауда, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету мәселелерін жүйелі қарайды. Мұнда оқу, клуб және медицина мекемелерінің, сауда және қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының, коммуналдық және тұрмыстық қызмет т. б. жүйесі дамыған. Мамандар, мұғалімдер, механизаторлар, медицина қызметкерлері тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Соңғы жылдары кадрлардың тұрақтамауы шұғыл қысқарды. Совхозда ауыл шаруашылық жұмыстарының бәрін сырттан адамдар тартпай-ақ орындайды.

Республиканың совет органдары кәсіпорындардың қосалқы шаруашылықтарын, коллективті бақ пен бауды дамыту жөніндегі жұмысты күшейтті. Үстіміздегі жылдың басына дейін республикада бір мыңға жуық қосалқы шаруашылық болды. Егер, мәселен, 1981 жылы Алматы қаласы кәсіпорындарының сегіз қосалқы шаруашылығы болса, бір жылдан кейін 13 шаруашылық болды, сосын тағы 20 коллектив жергілікті партия, совет және кәсіподақ органдарының көмегі арқылы қосалқы ірі комплекс құрылысында күш-жігерді біріктірді. Бесжылдықтың бірінші жылында алматылықтардың коллективті бауына 1 мың гектардай, ал 1983 жылы — 1300 гектар жер бөлінді. Олардың пайдалануында 30 мыңға жуық бақ учаскелері бар.

Совет органдарының еңбек пен тұрмыс жағдайын, медициналық және коммуналдық қызмет көрсетуді жақсартуға, жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасын жүзеге асыруға байланысты мәселелерді шешуге де жасар ықпалы күшейді. Басқа көптеген мәселелер сияқты осы проблемалар кәсіподақтармен және барлық қоғамдық ұйымдармен тығыз өзара қимыл-әрекетте шешілуде. Мәселен, Советтер мен кәсіподақ еңбекшілердің сауықтыру шараларын мен демалысын ұйымдастыруда, мәдени қызмет көрсетуде, физкультура мен спортты одан әрі дамытуда іскерлік достық одақты нығайта түсті. Қазіргі уақытта республикада кәсіподақ комитеттері мен Советтердің 254 орталықтандырылған клуб жүйесі құрылды. Сондай-ақ 300-ден астам мәдениспорт комплексі ұйымдастырылды. Олар Жамбыл, Қарағанды, Көкшетау және басқа бірқатар облыстарда мейлінше белсенді жұмыс істейді.

Жергілікті Советтердің тікелей қатысуы арқылы халықтың коммуналдық-тұрмыстық қызметке, транспортқа, сауда қызметіне, тұрғын үй жағдайын жақсартуға деген өскелең сұранымын қанағаттандыру жөнінен шаралар жүзеге асырылуда. Үстіміздегі бесжылдықтың басынан бері ғана республикада 2 миллионға жуық адам жаңа қоныстарын тойлады.

Азаматтардың еңбегі мен тұрмысының көкейтесті мәселелерін шеше отырып, Советтер халықпен байланысты нығайту туралы тұрақты қамқорлық жасайды. КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумының өзекті талаптарының бірі нақ осында.

Енді сессиялар мен атқару комитеттерінің мәжілістерінде мәселелер мейлінше мұқият әзірленеді. Тұрлі мәжілістер саны қысқарды. Сонымен бірге орындаушылық тәртіпті нығайту, шешімдердің атқарылуын тексеру мәселелеріне көңіл бөлушілік күшейтілді.

Совет жұмысының жариялылығы ұлғайтылды. Мәселен, Өскемен қалалық атқару комитеті Совет сессиясынан көп бұрын оның күн тәртібімен, баяндамалар мен шешімдердің жобасымен еңбекшілерді таныстырады. Мұның өзі көп тиражды газеттер, қабырға газеттері, депутаттардың, атқару комитеті мен оның бөлімдері басшыларының сөз сөйлеуі арқылы жасалады. Алматы қалалық атқару комитеті де осылай жасайды. «Вечерняя Алма-Ата» газетінің беттерінде «Қалалық Совет сессиясына әзірлік жүріп жатыр», «Қалалық Совет атқару комитетінде» деген рубрикалар ашылды. Шымкент қалалық атқару комитеті азаматтардың хаттарына, шағымдарына және өтініштеріне байланысты жұмыстың жайын он күн сайын талдайды, ал нәтижелерін атқару комитеті аппаратының кеңесінде талқылайды. Рудный қалалық атқару комитеті еңбекшілердің ұсыныстары мен өтініштерін телефон арқылы жазып алуды енгізіп, еңбекшілермен байланыстың оперативті формасын тапты. Мұның өзі тұрғындармен жұмыстың дәстүрлі әдістерін жақсырақ толықтыра түседі.

Атқару комитеттері, депутаттар өз жұмыстары жайлы еңбек коллективтерінде және тұрғылықты жер бойынша жүйелі есеп береді. Партия және совет қызметкерлерінің тікелей еңбек кол-

Digitized by Google

лективтері мен тұрғылықты жерлерде азаматтарды қабылдауы кеңінен қолданылуда. Депутат күні, ашық хат күні, селолық жиындар жүйелі өтеді. Совет қызметкерлері партия комитеттерінің информация-насихат топтарының құрамына енеді және бірыңғай саяси күндерге белсене қатысады...

Көптеген депутаттық құрамалардың қызметі күшейді. Халық тұтынатын тауарлар шығаруды бақылауға алған Қарағанды резина-техникалық бұйымдар заводындағы депутаттар тобын олардың қатарына жатқызуға болады.

Сайлаушылар аманаттарын орындау жөнінен үлкен жұмыс жүргізілуде. Мәселен, бертінде Алматы облыстық Советінің сессиясы осы мәселеге арналды. Қабылданған шаралар көптеген объектілердегі істі қыруар жақсартуға көмектесті. Үстіміздегі жылдың августына дейін облыстың жергілікті Советтерінің депутаттарына берілген сегіз мың аманаттың жеті мыңнан астамы орындалды, ал 750 аманат орындалу үстінде.

Қайсыбір Советтің табысты қызметі халық депутаттарының белсенділігі мен беделіне тура әрі тікелей тәуелді. Павлодар қалалық Советінің депутаты, алюминий заводының аға жентектеушісі М. С. Софьин еңбекте, өзінің қоғамдық парызын орындауда лайықты үлгі көрсетеді. Оның бригадасы «Энергетика ресурстарының аз шығынымен өнімді өте сапалы берейік» девизімен жарысты ұйымдастыру инициаторы болды, енді оған заводтың барлық еңбекшілері қатысады. Көкшетау облысы Володар ауданының Луначарский селолық Советінің депутаты, «Лавров» совхозы тракторегіс бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Т. Әбілпейісов биыл басқа озат диқандармен бірге облыстың барлық егіншілерін орақ мерзімін қысқартуға, оның жоғары сапасын қамтамасыз етуге шақырды. Жұмысты екі сменада ұйымдастырып, техниканы іскер қолдана отырып, бригада егін жинауды ауданда бірінші болып аяқтады. Гектарына орта есеппен жоспардағы 17 центнердің орнына 18 центнерден астық жинады.

Мұндай мысалдарды жалғастыра беруге болады. Совет адамдары күнделікті істерімен жаппай сый-құрметке бөленген өз қалаулыларын орынды мақтаныш тұтады. Қазіргі уақытта республикамызда 2964 халық депутаттары Советі жұмыс істейді, олардың құрамында 128 мыңнан астам депутат бар.

Депутаттар халықтың барлық жіктері мен әлеуметтік топтарын бейнелейді, республикамыз жергілікті Советтері депутаттарының үштен екісі — жұмысшылар мен колхозшылар, 50 процентке жуығы — әйелдер, үштен бірі — 30 жасқа дейінгі жас адамдар. Халық қалаулыларының 42 проценті коммунистер және 20 проценттен астамы комсомолецтер. Республикамыздың тұтасынан Советтерінде 70-тен астам ұлт қамтылған.



«Плакат» баспасы.

Осы цифрлардың өзі-ақ әсерлі. Әйтсе де депутаттар өздерінің күнделікті жұмысында сүйенетін активистерді де ескерген жөн. Олардың саны 2 миллионға жуықтайды.

ЖЕРГІЛІКТІ совет органдары, олардың көп адамдық активі орасан зор жұмыс жүргізеді. «Совет Одағының туысқан семьясында көрнекті орын алатын Советтік Қазақстан өзінің әлеуметтік-экономикалық жағынан қаулап өсуі үшін көбіне-көп партияның тікелей басшылығымен жұмыс істейтін халық депутаттары Советтеріне қарыздар», — деп атап көрсетті Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумында.

Сонымен бірге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы мен республика Жоғарғы Советінің тоғызыншы сессиясында жергілікті Советтердің, олардың атқару комитеттерінің жұмысындағы елеулі кемшіліктер де аталды. Бұқарамен байланысты одан әрі жандандырып, формализм көріністерін жою маңызды. Қызмет көрсету жүйесінде өте-мөте көп нәрсе жасауға тура келеді. Бүгінде халықтық өкімет органдары толық көлемінде, барынша қайтарыммен өз мүмкіншіліктерін және қоғамға барынша пайдалы болу үшін өз өкілдіктерін пайдалануы, сөйтіп әлеуметтік-экономикалық құрылысқа, бесжылдық тапсырмасын орындауға қосар үлесін молайта түсуі өте-мөте маңызды.

А. ЕРЕМИН,
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Советтер жұмысы мәселелері жөніндегі бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Digitized by Google



ПАРТИЯ ЖЕҢІСКЕ БАСТАДЫ

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ Жеңістің 40 жылдығы туралы қаулысында совет халқының гитлершіл фашизмге қарсы күресінің дем берушісі және ұйымдастырушысы — лениндік Коммунистік партияның ролі айрықша атап көрсетілді: «өзінің сан қырлы қызметімен ол саяси, мемлекеттік және әскери басшылықтың, армия мен халықтың, майдан мен тылдың берік бірлігін қамтамасыз етті. Оның шақыруымен бүкіл еліміз фашизмге қарсы өліспей беріспейтін шайқасқа аттанды».

Социалистік Отанды қорғау туралы лениндік өсиеттерді орындай отырып, Коммунистік партия және оның жауынгерлік штабы — Орталық Комитет соғыс басталысымен елді бірыңғай әскери лагерьге айналдырудың, оның бүкіл өмірін әскери тәртіпке ауыстырудың, барлық күш пен құралды жауды талқандау үшін жұмылдырудың түбегейлі ғылыми, нақты міндетін әзірледі. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ «Бәрі майдан үшін! Бәрі жеңіс үшін!» деген ұран ұсынылды.

Социалистік жеңістерді қарулы күшпен қорғау жағдайларында, деп үйретті В. И. Ленин, «пролетариат партиясының мұраты — **соғысушы партия**». Ұлы Отан соғысы жылдарында Совет Одағы Коммунистік партиясы нақ осындай шайқасушы партия ретінде көз алдымызға келеді. Ол фашистік шабуылдың алғашқы күндерінен әскери жағдай міндеттеріне сәйкес өз қатарын, жұмыс формалары мен әдістерін қайта құрды, партиялық тәртіп пен оперативтілік барынша арттырылды.

Соғыс жағдайы партиялық және мемлекеттік бірқатар төтенше органдарды құру қажеттігін талап етті. Мысалы, 1941 жылдың 30 июлінде елімізде мемлекеттік және партиялық басшылық, бүкіл өкімет билігі қызметін біріктірген жоғары орган — Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті құрылды. Сондай-ақ Орталық Комитет мүшелері мен мүшелікке кандидаттары арасында әскери, шаруашылық және идеологиялық жұмыстың түрлі учаскелеріне басшылық жасау жөніндегі міндеттер бөлінді.

Партияның Орталық Комитетінің басты күш-жігері Совет Қарулы Күштері мен әскери экономиканы басқаруға шоғырландырылды. Қарулы Күштердің жауынгерлік іс-қимылдарына басшылық жасау үшін қарулы күрестің стратегиялық басшылығының жоғары органы болып табылған Жоғарғы Бас Командованиенің Ставкасы құрылды.

Партияның Орталық Комитетінің басшы органдары — Саяси Бюро, Ұйымдық Бюро және Секретариат елімізді басқарудың және соғысты жүргізудің барлық аса маңызды мәселелерін шешті. Соғыс жылдары ішінде осы органдардың 200-ден астам мәжілісі өтті, онда жауды талқандауды ұйымдастырудың аса маңызды мәселелері талқыланды.

Партия қызметінде Қарулы Күштерді өрістету, әскери-мобилизация жұмысы үлкен орын алды. 1941 жылғы 1 июльге дейін ғана армияға 5 миллионнан астам адам шақырылды. Соғыс жылдарында Қарулы Күштер мен тылдағы еңбек армиясы қатарына 1870 мың қазақстандық қосылды.

Партия офицер кадрларын даярлау туралы айрықша қамқорлық жасады. Қысқа мерзім ішінде әскери оқу орындарының кең жүйесі өріс алды. 1942 жылдан бастап соғыстың өн-бойында жыл сайын олардың қабырғасынан 400—500 мың офицер оқып шықты.


Әскери құрамаларда партиялық ықпалды күшейту, партиялық-саяси жұмысты жетілдіру Совет Қарулы Күштерін нығайтудың маңызды шартына айналды. Соғыстың алғашқы тұсында партияның Орталық Комитеті мүшелері мен мүшелікке кандидаттарының үштен бірі, одақтас республикалар Компартиялары Орталық Комитеттерінің, өлкелік, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің 500 секретары Қарулы Күштерге жіберілді.

Соғыс барысында СССР Қарулы Күштері саяси органдары мен партия ұйымдарының құрылымы, олардың жұмысының формалары мен әдістері жетілдірілді. Соғыс жылдары ішінде әскери құрамалардағы партиялық-саяси жұмысқа запастан 200 мыңға жуық саяси қызметкер, оның ішінде 14 мыңдай басшы партия қызметкері шақырылды. Соғыс кезеңі ішінде армия мен флотқа барлығы 1 миллион 640 мыңнан астам коммунист жіберілді.

Қазақстан Коммунистік партиясы құрамының үштен екі бөлігі майдандарда шайқасты. Соғыстың алғашқы екі жылы ішінде ғана республиканың партия ұйымдары 5 мыңға жуық коммунисті армиядағы саяси жұмысқа ұсынды.

Коммунистердің авангардтық ролін күшейту — соғыс жылдарындағы партия тұрмысына мейлінше тән көрініс болды. Олар ең қиын және жауапты

Digitized by Google



Алматы. Ұлы Отан соғысының ардагері М. Н. Ниязов — Брест қамалының қаһарман қорғаушыларының бірі. Оның жауынгерлік ерлігі Отанымыздың жоғары наградаларымен аталды. Мақсұт Ниязұлы көп жылдар бойы мұғалім болып жұмыс істеді. Қазір құрметті демалыста болғанымен ол жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруге белсене қатысады.

Суретте: М. Н. Ниязов жастармен кездесуде.

Суретті түсірген **Е. ШЛЕЙ** (ҚазТАГ).

учаскелерде тұрды. Соғыс жылдарында коммунистердің ерлігі шексіз еді. Совет Одағының Батыры атағына ие болған жауынгерлердің 74 проценті — партия мүшелері. Коммунистер жеңіс жолында ешбір аянған жоқ. Соғыс жылдары ішінде партия өзінің соғысқа дейінгі құрамының жартысынан астамынан айрылды. Әйтсе де оның қатары әлсіреген жоқ. Партия халықтан жаңа күш жинады. Соғыстың бүкіл кезеңі ішінде 5,1 миллионнан астам адам партия мүшелігіне кандидаттыққа, 3,3 миллионға жуық адам партия мүшелігіне қабылданды.

Соғыс жылдарында Қазақстанның Коммунистік партиясы да идеялық тұрғыдан шынығып, өсті. Оның қатарына 130 мың адам кірді.

КОММУНИСТЕР солдаттар бұқарасына лениндік шындықты таратты, шайқастың ең ауыр учаскелеріне тайсалмастан барды, өздерінің қаһармандық үлгісімен ерлікке шақырды. Ұлы Отан соғысы батырларының арасында қазақстандықтар аз емес. Неміс-фашист басқыншыларымен күресте көрсеткен батылдығы, табандылығы мен ерлігі үшін біздің түрлі ұлттан құралған 96638 жерлесіміз СССР ордендерімен және медальдарымен наградталды. Олардың арасында 130 адам үш дәрежелі Даңқ орденінің иегері, 500-ге жуық адам, оның ішінде 98 қазақ Совет Одағының Батыры атағына ие болды.

Әскери мәліметтер қазақстандықтардың батылдығы мен ерлігі туралы жиі хабарлады. Астананы қорғаған Панфилов дивизиясы гвардияшыларының ерлігі бүкіл дүние жүзіне мәлім, ал олардың политругі Василий Клочковтың «Россия кең байтақ, бірақ шегінер жер жоқ — артымызда Москва» деген сөзі совет халқының табандылығы мен батылдығының символына айналды.

Коммунист Қарсыбай Сыпатаев Сталинград шайқасы күндерінде фашистік танкпен бетпе-бет келді. Жараланған ол бар күшін жинап орнынан тұрып, бронды құбыжыққа қарсы қадам басып, гранатпен оның шынжыр табанының астына түсті.

Снайпер Әбдібай Құрмантаев Сталинград түбінде ерлікпен қаза тапты. Ол басқарған взвод жаудан қайтарып алған биіктікті қосымша күш келгенше қорғап тұрды. Коммунист командирдің өзі жүзден астам гитлершіл солдаттар мен офицерлерді жойды.

КПСС мүшесі Михаил Черников бөлімше командирі еді. Новгород түбіндегі Холм қаласы үшін шайқастарда оның бөлімшесінің жауынгерлері жаумен қоян-қолтық шайқасқа шықты. Шайқас соңында екі-ақ жауынгер қалды. Командование бұйрығы орындалды, бірақ ең соңғы сәтте жау автоматшысы Черниковты мерт етті. Осы ерлік жайында әңгімелей отырып, дивизиондық газет «Партбилет» деген мақаласында былай деп жазды: «Коммунистер оны жүрегінде сақтайды: әрбір қан қысымы мен әр-

Digitized by Google

бір сезім ұшқыны онда біте қабысқан. Партбилет пен жүрек большевиктерде тұтасып бітken. Егер сізге тесілген партбилетті көрсетсе, — демек жүректің де жараланғаны».

Қаһарлы соғыс күндерінде майдангерлер «Егер қаза тапсам, мені коммунист деп есептеулеріңді өтінемін» деп жиі өтініш жасады. «Мен осы шайқастарға, — деп жазды взвод командирі Х. Қайдауылов Берлинге шабуыл күндері парткомиссияға, — коммунист болып қатысқым келеді. Коммунист атағын абыроймен ақтаймын». «Рейхстагты партия мүшесі болып шабуылдауға тілек білдіремін!» — деп өтініш етті взвод командирі Р. Қошқарбаев.

«Соғысты шындап жүргізу үшін берік ұйымдасқан тыл болуы қажет» деген лениндік нұсқауға сүйене отырып, партия халық шаруашылығын әскери мақсатқа құру жөнінен шын мәнінде орасан зор жұмыстар жүргізді. Өте қолайсыз жағдайларда еліміздің батыс бөлігінің өндіргіш күштерінің негізгі бөлігін шығыс аудандарға эвакуациялау жүзеге асырылды. Көшірілген кәсіпорындардың көпшілігі қысқа мерзім ішінде іске қосылып, әскери өнім бере бастады. Колхоз құрылысы да сынақтан абыроймен өтіп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Аса күрделі жағдайларда колхоздар совхоздармен бірге армия мен тылды азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтауды қамтамасыз етті.

Қазақстан соғыс жылдарында майданның сенімді арсеналы және СССР-дің негізгі әскери-өнеркәсіп базаларының бірі болды. Соғыстың төрт жылы ішінде өнеркәсіп өнімін шығару 1,5 есе, электр энергиясын өндіру 93 процент, көмір 68 процент артты. Республика жалпы одақ бойынша өндірілген мыстың, молибденнің, қорғасынның қыруар бөлігін берді, Қазақстан Совет Армиясы мен елімізді ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етуші тірек базаларының біріне айналды.

ҰЛЫ ОТАН соғысының қорытындылары Совет Одағы мен социалистік басқа да елдерге қарсы соғыс жоспарларын жасаушылардың бәріне қатал тағылым ретінде қызмет етеді. Және өткен соғыстың басты тағылымы туралы айтар болсақ, ол КПСС Орталық Комитетінің Жеңістің 40 жылдығы туралы қаулысында атап көрсетілгеніндей, соғысқа қарсы күресті ол басталмай тұрғанда жүргізу керек.

Халықтардың қырағылығын арттыру, социализмнің жеңістерін сақтап, молайта беру қажет. «...АҚШ пен НАТО мемлекеттерінің тарапынан біздің елімізге ракеталық-ядролық хауіп төніп отырған кезде, — деп атап көрсетті К. У. Черненко жолдас, — күштердің арақатынасы империализмнің пайдасына қарай өзгеріп кетпеуі үшін, сөйтіп, біз әлсіздеу болып қалмауымыз үшін оқ-дәріні сайлап ұстау, әрқашан қырағы болу керек».

Партия ұйымдары күнделікті бұқаралық-саяси жұмыста Жеңістің 40 жылдығын мерекелеуге әзірлікті совет адамдарының еңбек және саяси белсенділігін одан әрі арттыру үшін пайдалануда. Және біздің халқымыз атаулы күнді қарсы ала отырып, еліміздің экономикалық және қорғаныс қуатын өзінің жанқиярлық еңбегімен нығайтып, партияның XXVI съезінің және КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының шешімдерін, он бірінші бесжылдық тапсырмаларын жүзеге асыру жолында табандылықпен күресуде.

Ш. ЖАМАНСАРИН,
тарих ғылымының кандидаты, доцент.

Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысында

«КАЗАХФИЛЬМ» КИНОСТУДИЯСЫ ШЫҒАРҒАН ХРОНИКАЛДЫ-ДЕРЕКТІ ФИЛЬМДЕР

Әлия. (1970 ж.). Қазақ халқының даңқты қызы, Совет Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың өмірі мен ерлігі туралы.

Қазақстан Ұлы Отан соғысында. (1975 ж.). Қазақстанның Ұлы Отан соғысына қатысуы, республиканың фашистік Германиямен соғыстағы жеңіске қосқан үлесі туралы.

Сурет қажет. (1975 ж.). Балқаш металлургия комбинатының еңбеккерлері, соғыс ардагерлері туралы.

Мәңгілік туралы ақыз. (1975 ж.). Фильм біздің еліміз бен Болгария халқының фашизмге қарсы бірлескен күресінде нығайған туысқандық достығына арналған.

Байқоңырдан шыққан екеу. (1978 ж.). Ұлы Отан соғысында Отан үшін шайқастарда қаза тапқан Баубек Бұлқышев пен Серікбай Асатов туралы.

Талғаттың биік аспаны (1979 ж.). Фильм даңқты әскери ұшқыш, екі мәрте Совет Одағының Батыры Талғат Бигелдинов туралы.

Мәншүк. (1980 ж.). Кинолента — Советтік Шығыстан Совет Одағының Батыры атағы тұңғыш берілген Мәншүк Мәметова туралы.

Жеңіс солдаты. (1980 ж.). Рейхстаг қабырғасына алғашқылардың бірі болып шабуыл туын тіккен қазақстандық Рақымжан Қошқарбаев туралы.

Апалы-сіңлілер. (1980 ж.). Фильм Ұлы Отан соғысы жылдарында жүздеген солдаттарды құтқарған жауынгерлік ерлігі үшін қайырымдылықтың жоғары белгісі — «Флоренс Нейтингейль» медалі берілген екі медициналық сестра туралы фильм.

Фамилиясы Яровой. (1981 ж.). Социалистік Еңбек Ері, Даңқ орденінің толық иегері, бұрынғы пулеметші Михаил Яровой туралы.

Digitized by Google

ХАЛЫҚ ЕРЛІГІ МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

(Цифрлар мен фактілер)

1942 ЖЫЛ

9 октябрь. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы, Халық Комиссарлар Советі және Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті майдангер қазақстандықтарға — Сталинград шайқасына қатысушыларға «Бір қадам шегінбеңдер!» деген шақыру жолдады.

27 октябрь. Қазақстанда ірі ирригация құрылысы — Талас плотинасын салу аяқталғаны туралы хабар жарияланды.

30 октябрь. Солтүстік Қазақстан облысы Қарағанды көмір бассейнінің № 1, 2 және 18 шахталарын қамқорлыққа алды.

2 ноябрь. Октябрьдің 25 жылдығына арналған республикалық радио митингі болды. Оған қатысушылар Қазақстанның барлық еңбекшілерін Қызыл Армияға көмекті күшейту үшін Октябрь қарсаңындағы социалистік жарыс табыстарын молайтуға шақырған үндеу қабылдады.

6 ноябрь. Текелі қорғасын-мырыш комбинатының байыту фабрикасы пайдалануға тапсырылды.

7 ноябрь. Балқаш молибден заводы іске қосылды.

20 ноябрь. Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті республика облыстарының Қарағанды көмір бассейні шахталарына қамқорлық жасауы туралы қаулы қабылдады.

1 декабрь. «Правда» Батыс Қазақстан облысы Буденный МТС-ның П. Н. Ангелина басқарған трактор бригадасы 1942 жылы трактор жұмыстарының жоспарын 1700 гектарға асыра орындап, 12 тонна жанар май үнемдегені туралы хабар басты. 1150 гектар зябь көтерілді, мұның өзі жоспарлы тапсырмадан 510 гектар асып түсті.

11 декабрь. Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Ақтөбе облысы Новоресей ауданының Буденный атындағы ауыл шаруашылық артелі колхозшыларының инициативасын мақұлдады. Олар ноябрь айында республиканың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдерін «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасының құрылысына қаржы жинауды бастауға шақырды.

26 декабрь. «Правда» Қазақстан еңбекшілерінің Қызыл Армияға арналған қару-жарақ жасауға 16 миллиондай сом жинағанын хабарлады.

1942 жылы Қазақстанда жүзге жуық көмір разрезі, екі мұнай кәсіпшілігі, оннан астам қалалық және заводтық электр станциясы, жеңіл, тамақ және балық өнеркәсібінің 30-дан астам кәсіпорны және қару-жарақ пен оқ-дәрі өндіретін 20-дан астам завод, ірі цех салынып, іске қосылды.

Қазақстанда 1 январьда 301 майдандық комсомол-жастар бригадасы болды. Олар өз қатарына 2499 жігіт пен қызды біріктірді. Бір жылдан кейін осындай 1280 бригада болды, олардың құрамында 5747 комсомолец, сондай-ақ комсомолда жоқ 9485 жас жұмысшы жұмыс істеді.

24 январь. «Правда» газеті Қазақ ССР еңбекшілерінің Қызыл Армияға арналған қару-жарақ құрылысына берген 270.685.000 сомға қоса «Советтік Қазақстан» авиақұрамасының құрылысына 100.573.000 сом бергені туралы хабар жариялады. Бұған қоса олар Қызыл Армия қорына және өнеркәсіп орындарының жұмысшылары үшін 1.574.820 пұт астық, 128.203 пұт күріш және 6074 пұт басқа ауыл шаруашылық өнімдерін берді.

31 январь. Ташкентте Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан, Қазақстан және Қырғызстан халықтары өкілдерінің антифашистік митингісі болды. Ол туысқан республикалардың барлық ресурсын шабуыл жасаушы Қызыл Армияға жанжақты көмек беруге одан әрі жұмылдыру белгісімен өтті. Митингіде Қазақ ССР еңбекшілері атынан жазушы С. Мұқанов пен жас ғалым Н. Базанова сөз сөйледі.

Январь. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті екпінді еңбегі үшін Петропавл ет комбинатының коллективіне ауыспалы Қызыл ту берді. Сол жылы ет комбинаты августегі жұмыс қорытындысы бойынша да Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туын алды.

6 февраль. «Правдада» қазақ халқының майдангер қазақтарға жолдаған хаты жарияланды, онда республика еңбекшілері өздерінің патриоттық еңбек істері жайлы майданға рапорт беріп, әскерлерді жауды талқандауды жеделдетуге шақырды. Жаумен қиянкескі шайқастардан кейін окоптар мен блиндаждарда отырып, жауынгерлер мен командирлер жүрек тебірентерлік сөздерді оқыды: «Сіздердің әкелеріңіз, әйелдеріңіз, ініліріңіз бен апа-қарындастарыңыз сіздер туралы өз үйлерінде емес, амалсыз қауіп пен естеліктерде емес, — деп жазды қазақстандықтар, — жалпыға бірдей оқу батальондарында, сіздерді алмастырған заводтар мен цехтарда сіздер жайлы ойлайды. Олар бірде-бір станокты, бірде-бір тракторды, бірде-бір плугты... иесіз қалдырған жоқ.

Табанды, қайсар болыңыздар, бауырларыңыз орыстармен, грузиндермен, украиндермен, қырғыздармен, белорустармен, өзбектермен және ұлы Одағымыздың басқа халықтарымен қол ұстаса отырып, шебер әрі қажырлы түрде шайқасыңдар...».

(Жалғасы. Басы журналдың 7, 11, 12, 16, 21 сандарында).

Digitized by Google



КИНО — СЕНІМДІ КӨМЕКШІ

Үгіт-насихат жұмысында деректі фильмдер мен көркем ленталардың фрагменттері жиі-жиі пайдаланылады. Мұның қажеттігін В. И. Ленин атап көрсеткен еді. 1920 жылы 27 октябрьде ол Шатур және Богород шымтезек шығаратын кәсіпорындарға арналған алғашқы советтік өндірістік «Гидроторф» фильмін көрді. Владимир Ильич оған жақсы баға берді, сонымен бірге бірқатар кадрларды қайта жасау қажеттігін атап көрсетіп, фильмнің режиссер-операторы Ю. А. Желябужский берген түсініктер туралы мақұлдаған пікір білдірді. Ленин кейінірек Халық Комиссарлар Советі істерін басқарушы Н. П. Горбуновқа осы кинокартинаны көрсету барысында өндірістік насихат пен үгітке ықпал ететіндей түсініктер берілуін қадағалауды тапсырды.

В. И. Ленин үгіт-нұсқау поездары мен пароходтарының жұмысы туралы нұсқауларында былай деп жазды: «Киноленталарды мұқият таңдап алып, әрбір кинолентаны көрсету кезінде оның халыққа тигізген әсерін есепке алу қажеттігіне назар аударылсын». (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 40 том, 79-бет). Көсемнің киноның үгіт пен насихат ісіндегі мүмкіндіктерін жоғары бағалағандығын сипаттайтын басқа фактілер де жақсы белгілі.

Қазіргі уақытта көптеген хроникалды-деректі және ғылыми-көпшілік кинофильмдер бар. Оларды үгіт-насихат жұмысында пайдалану еңбекшілерді саяси хабардар ету мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді, шараларға деген ықыласты арттырады, оларды қабылдау қабілетін күшейте түседі.

Кино ғылыми-техникалық және өндірістік білімді насихаттауда информацияның дербес қайнар көзі ретінде табысты қолданылып келеді. Мысалы, «Чимкентстрой» тресінде «Новатор» техникалық фильмінің клубы жұмысты жақсы істейді. Жылжымалы кино қондырғысының көмегімен объектілерде құрылыс, техникалық прогресс, қауіпсіздік техникасы проблемалары туралы фильмдер жиі көрсетіледі. «Строитель» клубында жыл сайын техникалық фильмдер айлығы өткізіледі. «Білім» қоғамының қалалық ұйымы тәлімгерлер университетінде сабақ өткізуге тұрақты көмек көрсетеді. Сабақтың әрбір тақырыбы бойынша хроникалды-деректі, ғылыми-көпшілік фильмдер топтамасы, сондай-ақ көркем фильмдерден фрагменттер іріктеліп алынады. Еңбектің озық әдістері мен ғылым жетістіктері туралы фильмдер фестивалі өткізіледі.

Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында деректі фильмдермен жұмыс жүргізу жақсы жолға қойылған. Олар цехтардың қызыл мүйістерінде, үгіт алаңдарында және тұрғылықты жер бойынша қоғамдық саяси клубтарда көп жылдан бері жүйелі түрде көрсетіледі. Бұл адамдардың мүдделері мен сұранымдарын, партия ұйымдары шешетін міндеттерді ескеру арқылы жасалады. Басқа коллективтерде де қызықты тәжірибе баршылық.

Лекцияны, саяси хабарларды өткізу, саяси және экономикалық білім беру жүйесіндегі сабақтар барысында фильмдер немесе олардан фрагменттер пайдалану өте пайдалы. Бұл творчестволық іс және әрбір активист оған деген өз көзқарасын қалыптастырады. Әйтсе де осындай амалдар көп болғанның өзінде де практикада қалыптасқан белгілі принциптерді сақтау қажет. Олардың негізгілері мынадай:

Фильмді көрсететін уақыт шектеулі болуға тиіс, өйткені оны көру барысында тыңдаушылар конспект жаза алмайды. Фильм екі бөлімнен (әр бөлімі 10 минутқа есептелген) аспауға тиіс. Жалпы ағарту мақсатында екі-үш бөлімнен тұратын қысқа метражды фильмдерді пайдалануға болады. Егер толық метражды картина алынса, одан ұзақтығы 10—20 минуттық фрагменттерді алған дұрыс.

Тыңдаушылардың назарын фильмдегі басты мәселеге аудару үшін лектордың кіріспе сөз сөйлеуі қажет-ақ. Қорытындысында көрген фильмге қысқаша түсінік беру керек.

Фильм тыңдаушыларға эмоциялық әсер етіп және психологиялық көңілкүйіне ықпал ете алатын болғандықтан ол лекцияға немесе сабаққа кіріспе ретінде қызмет ете алады. Ол үшін дербес хабар беретін картинаны іріктеп алу керек.

Материалды толықтыра түсу үшін лекция соңында кино көрсеткен пайдалы.

Лекция немесе сабақ барысында кинофрагменттер жиі көрсетіледі. Оларды таңдап алуға фильмге қоса берілетін монтаж жазбалар (беттер) көмектеседі. Айтпақшы, кинокартинадан жекелеген кадрларды қиып алып көрсетуге үзілді-кесілді тиым салынады, сондықтан да көрсетуге қажетті жерлерге таңба салады. Фильмдерді немесе фрагменттерді іріктеу барысында олардың лекцияның барысында көрсетілуге немесе онда айтылғандарды көзбен көріп отыруға ғана

Digitized by Google

емес, сондай-ақ тақырып мазмұнын терендететін информацияның жаңа қайнар көзі болуға тиіс екендігін де ескеру қажет.

Кинофильмдерді басқа көрнекі құралдар — магнитофон жазбаларын тыңдаумен, диапозитивтерді, плакаттарды т. б. көрумен ұштастыру қажет.

Фрагменттерді әуелі 2—3 минут көрсетіп, содан соң түсіндірген дұрыс. Екі сағаттық лекцияда 6—7 фрагменттен артық көрсетпеген жөн, әйтпесе тыңдаушылардың көңілі бөлініп, олар басты мәселелерден гөрі жеке, екінші кезектегі мәселелерге назар аударып кетеді. Демек мұндай шаралар киносеансқа айналмауға тиіс.

Жаңа фильмдердің әкелінгені туралы мәліметтерді кинопрокаттың жергілікті кеңселерінен, «Білім» қоғамының қалалық және аудандық ұйымдарынан, саяси ағарту кабинеттерінен табуға болады. Олардың тақырыптық топтамалары «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының беттерінде де беріледі.

СССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті кинофикация және кинопрокаты бас басқармасының информациялық жарнама бюросы жаңа фильмдер жайлы проспектілер, каталогтар мен басқа да анықтама материалдарды жүйелі түрде шығарады. Жыл сайын айналымдағы фильм қорының каталогы да кинопрокаттың барлық кеңселеріне жіберіледі. Оған қосымша советтік көркем, деректі және ғылыми-көпшілік фильмдер туралы «Пресс-информация» ай сайын шығарылады. Кейде осы бюллетеньдер «СССРдің сыртқы саясаты», «Ауыл шаруашылығы білімінің кино насихатшысы» т. б. сияқты тақырыптар бойынша да шығарылады.

Кинопрокат кеңселеріне таратылатын ай сайын шығатын «Новые фильмы» информациялық жинағы үлкен көмек көрсетеді.

Киноның түрлі құралдарын творчестволықпен пайдалану саяси хабаршылар мен лекторлардың әңгіме мазмұнын байытып, олардың тиімділігін арттыруына көмектеседі.

И. СИҚЫМБАЕВ,
педагогика ғылымының кандидаты, «Білім» қоғамының лекторы.
Шымкент қаласы.

Журнал почтасынан

СУРЕТШІЛЕР СЕМИНАРЫ

Екібастұзда көрнекі үгітті көркемдеуші суретшілер мен оны ұйымдастырушылардың аймақтық семинары өтті. Оған қатысушылар — Екібастұз бен Ермак өкілдері — көрнекі үгіттің композициясы мен айшықтығы жөнінен лекция тыңдап, Екібастұз отын-энергетика комплексінің істері мен адамдарына арналған павлодарлық суретшілер еңбектерінің көрмесінде болды. Оған қатысушылардың безендіру жұмыстарының эскиздері, макеттері көрсетіліп, талқыланды.

Семинарда СССР суретшілер одағының мүшесі В. Баранов, облыстық көркемдеу-өндірістік шеберханасының суретшілері В. Поликарпов, Ф. Яцик және басқалар сөз сөйледі.

А. ЖАКИНА,
Қазақстан Компартиясы Павлодар облыстық комитетінің нұсқаушысы.

ҚОҒАМДЫҚ МАМАНДЫҚТАР

Жеңіл және тамақ өнеркәсібі Жамбыл технология институтының қоғамдық мамандық факультеті жанындағы лекторлар мен атеистік жұмысты ұйымдастырушыларды даярлау жөніндегі екі жылдық студенттер мектебі бірнеше жылдан бері жұмыс істейді. Білікті мамандар оның тыңдаушылары алдында сөз сөйлейді, семинарлар, диспуттар өткізеді.

Студенттер қаланың орта мектептерінде, кәсіптік-техникалық училищелерінде, кәсіпорындарында қоғамдық-саяси практикадан өтеді, оларда лекциялар оқиды, институтта оқытушылардың социологиялық зерттеулер өткізуіне көмектеседі.

«Ғылым діннің жалғандығын әшкерелейді» деген атеистік кеш қызықты өтті. Философия кафедрасының доценті Қ. М. Мұқанов қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Оқытушы О. И. Дмитриева, студенттер А. Фукс, Ф. Хасанова және басқалар кешке қатысушылар пікірлерін жинады, ол студенттердің ғылыми атеизмді мейлінше тиянақты білуге деген тілектерін анықтады.

Жаңа оқу жылында мектепте 100-ге жуық адам оқуға кірісті.

А. ПАК,

Сіздің блокнотыңызға

Нанның бағасы

Басқа да тамақ өнімдері сияқты нанның да бөлшек сауда бағасы капиталистік елдерде ұдайы артып келеді. 1982 жылы бір килограмм бидай нанының бағасы мынадай болды:

АҚШ-та — 1,92 доллар (1,6 сом шамасында)
Англияда — 0,54 фунт стерлинг (60 тиын шамасында)
Францияда — 8,68 франк (80 тиын шамасында)
(«Агитатор», 1984, № 19).

Digitized by Google

ЖЫЛЖЫМАЛЫ КӨРМЕ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінде жылжымалы көркем көрмені заводтан да, дала қосынан да, село клубынан да, жатақхананың қызыл мүйісінен де көруімізге болады. Совет адамдары профессионал және әуесқой суретшілердің шығармаларын барған сайын көбірек көріп-білуге ұмтылуда. Өнер зерттеуші М. Юферова жылжымалы көрмені безендіру туралы кеңес береді.

Жылжымалы көрмелер үшін графика мен плакат шығармалары өте қолайлы, олардың көлемі шағын, алып жүруге ыңғайлы. Тақырыпты таңдау барысында аудиторияның ерекшелігін, оның мүддесі мен сұранымын ескеру қажет.

Көрме тақырыбы табылып, экспонаттар іріктеліп, тасып әкелінді, енді орналастыру керек дейік. Мұндайда орынның бәрі бірдей қолайлы бола бермейтіндіктен қиыншылық келуі мүмкін.

Сурет ілу жоспарланған қабырғаның жоғары жағына бірдей түске боялған жіңішке металл тұрбасын бекіткен дұрыс — ол бөлменің сәнін кетірмейді, бірақ асқ ыңғайлы, өйткені экспонаттарды қолайлы деңгейде, қажет кезінде екі-үш қатар етіп орналастыруға мүмкіндік береді. Суреттер рамадағы шегеге байланған жіппен тұрбаға бекітіледі.

Сонымен қатар кенеп ернеумен қапталған, алып жүруге жеңіл қалқан каркастар жасауға да болады. Фон үшін матаның бейтарап-сұрғылт түсті болғаны дұрыс. Қабырғаларды да ашық әртүрлі түске боямау керек, өйткені ондай қабырғалар живопиське зиянды әсер етеді. Қалқандар құрастыруға және қажет кезінде алып тастауға қолайлы, оларды көрме қойылатын бөлмеге жарайтын кез-келген жерге орналастыруға мүмкіндік бар: шағын, ұзын қабырғаға тік орналасқан қосымша қалқандардың екі жағына да сурет ілуге болады; залдың ұзына бойына қиғаштап немесе үш және төрт бұрышты тумбалар ретінде қойғанда мұның өзі көрмеге ерекше сән беріп, жинақы етіп көрсетеді. Қалқандарды кеңістікке тіреп қоюдың көптеген тәсілі бар, бірақ мұны залдың ішін қалай болса солай толтыра бермей, оған адамдардың келіп-кетуіне кедергі жасамайтындай етіп әбден ойластырып алу керек.

Экспозицияны құрастыруға кіріскенде анағұрлым елеулі шығармаларды бірден таңдап алып, оларды көзге түсетін әрі қолайлы орындарға қоюды ойластыру қажет. Осы «екпінді» еңбектер көрермендердің назарын ең алдымен аударуға, оларға көрменің идеялық бағытын ашып беруге, суреттерді дұрыс көріп қабылдай алатындай көңіл-күйге бөлеуі тиіс. Көрермен еңбектерді бірінен соң бірін қарағанда белгілі бір суретші, тақырып немесе жанр туралы анағұрлым иланымды және толық мәлімет алуы үшін шығармаларды бірінен кейін екіншісін қою логикасы да ойластырылуы тиіс. Көрмені топтау принциптері орын құрамына байланысты: еңбектерді түрлері (живопись, графика, т.б.), жанрлары (пейзаж, натюрморт, тақырыптық картина), хронологиясы бойынша (бір ұрпақ шеберлерінің жұмысы) біріктіруге болады.

Шығармаларды қатар орналастырғанда олардың көлемі мен форматын, сурет ерекшелігін, бояуы, жалпы үндестігі мен ашықтығын ескеру қажет. Мысалы, қою, күңгірт түсті живопись ашық суреттің қасында нашар көрінеді. Және керісінше.

Живопись үшін бүйір жағынан жылжып түсетін жарық жақсы болатынын есте ұстаған жөн, ал графиканы техника қарама-қайшылығын бәсеңдететін сәл көлеңкелеу жерге қойса, көп ұтады. Скульптураның бірыңғай қабырғаларға немесе колонналарға жағалата қойылғандығын жиі көруге болады. Бұл мүлде дұрыс емес. Кез келген көлемді шығарма (скульптура, қолданбалы сәндік қолөнері) жан-жағынан қарағанда жақсырақ көрінеді. Шығармалар сериясын автордың ойына сәйкес, өзге сериялы емес жұмыстарға қарағанда бір-біріне жақынырақ орналастыру қажет.

Насихаттық жарнамалар, тілек кітабы, көрменің немесе жекелеген еңбектерге қысқаша сипаттама берілген аннотациялар елеулі роль атқарады, мұның өзі көрген сурет туралы анағұрлым толық хабардар болуға ықпал етеді. Өнердің басқа түрлері қосымша құралдар ретінде қызмет етеді. Мысалы, пейзаж көрмесінде көңіл-күйді көтеруге көмектесетін арнайы таңдап алынған музыка орындалуы мүмкін. Немесе көрмедегі сол тақырыптағы, бірақ еліміздің әртүрлі музейлерінен алынған шығармалардың слайдтары көрсетілуі мүмкін. Сондай-ақ жергілікті жерде ашылатын еокерткіш эскиздерінің көрмесі де практикалық жағынан әрі пайдалы, әрі қызықты бола алады. Мұны еліміздің, республиканың анағұрлым елеулі монументті ғимараттарының репродукцияларын көрсетумен де ұштастыруға болады.

Алматының, Көкшетаудың, Целиноградтың, Қарағандының, Семейдің, Өскеменнің жылжымалы сурет көрмелері селоларда және өнеркәсіп орындарында, жатақханаларда, институттарда, мәдениет үйлерінде т. б. жиі көрсетіледі. Қазақ

Digitized by Google

ССР Мәдениет министрлігінің Көрме дирекциясы қызметкерлерінің инициативасы арқасында астаналық «Арман» кинотеатрында көермендер киносеанс алдында фойеде талғаммен іріктеліп алынған шағын экспозицияны (20—30 еңбек) әрдайым көре алады. Онда көермендермен экскурсиялар, әңгімелер өткізіледі. Экспозициялар 15—20 күн ішінде ауыстырылып тұрады. Сондай-ақ осы кинотеатрда Алматының жас суретшілерінің шығармаларын көрсету де дәстүрге айналды.

Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына бүкілхалықтық әзірлік күндерінде бейнелеу өнерінің шығармалары маңызды роль атқарады. Мысалы, Жамбылдың тарихи-өлкетану музейінің инициативасы жанжақты қолдауға тұрады. Оның қызметкерлері атаулы юбилей құрметіне қалаларда, ауылдарда, дала қостарында, шалғай мал жайылым учаскелерінде әуесқой суретшілердің, соғыс ардагерлерінің жылжымалы тақырыптық экспозициялары мен дербес кормелерін өткізуде.

Республикада жүздеген селолық және жұмысшы клубтары, мәдениет үйлері, кинотеатрлар жұмыс істейді. Кәсіпорындар мен оқу орындарында акт залдары, қызыл мүйістер, қолайлы фойелер бар.

Осы орындардың бәрі профессионал және әуесқой шеберлердің, суретке түсіретін әуесқойлардың шығармаларын көрсету үшін, Советтер елінің жетістіктерін, біздің өмір салтымызды өнер туындыларымен насихаттау үшін пайдаланылуға тиіс.

Есіңізде болсын

ӨЗІҢІЗДІ ҰСТАЙ БІЛІҢІЗ

Статистика мынаны көрсетеді: біздің әрқайсысымыз күн сайын орта есеппен 15 мың сөз айтады екенбіз. Олардың кейбірі өзге бір адамды сабасынан асырып, көңіл-күйін бұзады. Өйткені сөздер тек бір нәрседен хабар беріп қана қоймайды. Оларда айтарлықтай әсерлі потенциал жиі кездеседі, организмде психологиялық-физиологиялық өзгерістер туғызады. Ондайда қанда биологиялық белсенді заттар көбейіп, олар организмнің көптеген жүйесін шектен тыс интенсивті қызмет етуге мәжбүр етеді. Соның салдарынан жүрек күрт жиі соғып, асқазан сөлі көп бөлінеді, қан қысымы артады т. б.

Мұндай өзгерістер сөздердің «өткірлігіне», адамның ондай жағдайға қаншалықты жиі ұшырауына, оның денсаулығының күйіне, мінез-құлқының ерекшелігіне, жас шамасына, сезімталдығына байланысты. Мысалы, дені сау және жас адамдарға қарағанда науқас және жасы келген адамдардың жаны әдетте анағұрлым тез жараланады. Абайсызда айтылған сөз олардың денсаулығын оп-оңай бұза алады. Сондықтан бір ақынның «Сөзбен адамды өлтіруге болады... Сөзді балқыған қорғасынға айналдыруға болады» деуі өте орынды.

Адамдар сөздің мағынасына, оның боюына ерекше мән береді. Бүгінде адамдар арасында байланыс ауқымы едәуір кеңейді, олардың психологиялық-эмоциалық және информациялық жүгі артты. Біз өз абыройымызды анағұрлым жоғары ұстап, көргенсіздікке, әділетсіздікке, мейірімсіздікке анағұрлым үлкен мән береміз. Алайда біздің кейбіріміздің ішкі мәдениетіміздің дәрежесі, өзін-өзі ұстау мәдениеті әлі де ойдағыдай емес. Сондықтан да қоғамдық орындарда, транспортта, семьяда, жұмыста психологиялық қақтығыстар болуы ықтимал.

Сөз таластыру, тіпті түрлі түсініспеушіліктер мен келіспеушіліктер, кейде екі жақтың бірі шектен шығып кетсе, жанжалға айналады.

Біздің мінез-құлқымыздың төрттен үш бөлігі өзгермейтін дағдыдан тұрады. Даусымызды қатты шығарып, жәбірлі, орынсыз сөздер айтуға бір рет ерік берсек, біз өзімізде адамның ісі мен сөзіне дөрекелікпен жауап қату рефлексін қалыптастыруға және оны нығайтуға алғы шарт жасаған болып шығамыз. Біз сөйлеу тәртіпсіздігіне, жүгенсіздікке неғұрлым жиі жол берсек, сөзге құлақ аспайтын жанжал шығарушыға соғұрлым тез айналамыз. Осы арқылы өз денсаулығымызға, туысқандарымыздың, жұмыстағы әріптестеріміздің денсаулығына зиян келтіреміз, балаларға жаман үлгі көрсетеміз. Ал олар өздері еліктейтін ересектердің мінез-құлқынан үйренеді.


Өзіңді-өзің әрдайым ұстай білу өте қиын екені сөзсіз.

Әдепті, сыпайы болу кейде өзіңді-өзің орынсыз еркін ұстаудан гөрі қиынырақ. Жалпы, ашу-ыза, кек, абыржу және осыған жақын сезімдердің денсаулықты нығайтуға, белсенді өмірді ұзартуға тұк пайдасы жоқ екенін есте сақтай отырып, кез келген ұстамсыздыққа жол бермеуге барынша ұмтылу қажет.

В. КРУПНЕВ.
дәрігер-психиатор.

Digitized by Google

Халықаралық өмір мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін



ВЕЛОСИПЕД ОЙЛАП ШЫҒАРУ КЕРЕК ПЕ?

Бүкілодақтық «Лицензинторг» экспорт-импорт бірлестігінің бас директоры А. К. Кузьминмен журналист Леонид Плешаков әңгімелеседі.

— Батыстағы саяси қайраткерлердің айтқан сөздерінде советтік ғылыми-техникалық пікірдің артта қалушылығы, соның салдары ретінде және біздің экономикамыздағы прогрестің өнеркәсібі дамыған капиталистік елдерде жасалған жаңа технологияны өндіріске енгізуге тәуелділігі тезистері жиі келтіріледі. Батыстың ғылыми-техникалық көмегінсіз СССР тұтасынан халық шаруашылығын және оның жекелеген салаларын дамытудың тиісті қарқынын қамтамасыз ете алмайды-мыс деп тұжырымдайды.

Осыған сүйеніп, Батыстың кейбір лидерлері Совет Одағына жаңа технология, қазіргі заманғы станоктар, машиналар, жабдықтар шығару лицензиясын сатуға тиым салуға тырысуда.

— Айтыңызшы, Александр Константинович, осындай тұжырымдаулар қаншалықты негізді және шетелдерден сатып алынған лицензиялар саны бойынша өндірістің ғылыми-техникалық дәрежесі туралы пайымдау орынды ма?

— Менің ойымша, бұл сұраққа цифрлар мен фактілер бәрінен де жақсы жауап бере алады.

Қазіргі уақытта Совет Одағы өнеркәсіп өнімдерінің ондаған аса маңызды түрлерін өндіру жөнінен бірінші орын алады. Біздің негізгі және қолданбалы ғылымға бөлетін қаржыларымыз жылына 30 миллиард сомнан асып түседі. Салыстыру үшін мынаны айта кетейін, мұның өзі скандинавиялық үш елдің бәрін қосқандағы жылдық жалпы өнімінің құнына тең. Сондықтан да біздің Батыс технологиясына тәуелділігіміз және еліміздің экономикасы алдында тұрған техникалық проблемаларды дербес шеше алмайтынымыз туралы тұжырымдар бір ғана мақсатты — СССР-дің ғылыми-техникалық прогресс саласындағы жетістіктерінің беделін түсіруді, осы саладағы өзара пайдалы өнім алмасуға кедергі жасауды көздейді. Совет Одағы капиталистік елдермен жүргізетін лицензиялармен сауда жасау тәжірибесі біздің техникалық идеяларды сатып алушылар ретінде ғана емес, сондай-ақ сатушылар ретінде де пайдалы серіктестер бола алатынымызды тағы да қуаттайды.

— Александр Константинович, капиталистік фирмалар жүзеге асырған советтік лицензиялардың жоғары тиімді болып танылғаны және осы салада ынтымақтастықты кеңейтуге қызмет еткені туралы мысалдар келтіре алмайсыз ба?

— Шетелге сатылған қайсыбір советтік лицензия туралы осылай деуге болады. Демек біздің капиталистік елдердегі сауда серіктестеріміз ақшаны есептей біледі және өздеріне шығын келтіретін қайсыбір затты сатып алмайды. Олар анағұрлым қысқа мерзімде аса көп пайда беретін технологияны жоғары бағалайды. Тәжірибе көрсеткеніндей, бұл тұрғыдан біздің сататын заттарымыз баршылық. Соңғы бес жыл ішінде біздің лицензияларымызды сатудан түскен өсімнің орташа қарқыны жылына 40 процент деңгейінде болды. 1983 жылы, мысалы, батысгерманиялық фирмалардың өзі ғана бізден он миллионнан астам сомның лицензиясын сатып алды.

Біз АҚШ, Жапония, Англия, Франция, Италия сияқты елдерге лицензияларды ойдағыдай сатамыз. Біздің елімізде жасалған шойынды үздіксіз құю тәсілі Жапонияның барлық металлургия заводтарында және басқа да бірқатар мемлекеттерде енгізіле бастады.

Біздің мамандар ұсынған коксты құрғақтай сөндіру әдісі де шетелдерде кеңінен қолданылды. Ол аса ірі советтік жаңалықтардың бірі болып есептеледі. Барлық фирмалардың тәжірибесі көрсеткеніндей, коксты құрғақтай сөндірудің бізде құрастырылған қондырғысы экономикалық жағынан пайдалы, жоғары сапалы кокс алуға мүмкіндік береді, зиянды заттардың атмосфераға таралуын күрт қысқартады. Айналадағы ортаны қорғау проблемасы мейлінше зор мәнге ие болған қазіргі кезде оның соңғы артықшылығы өте-мөте құнды. Жапониялық бірнеше қалалар муниципалитеттері өздерінде осындай қондырғыларды салуға келісім беруі таңқаларлық, ал бұрын олар батареяларды сөндірудің дәстүрлі әдісімен орналастыруға қарсылық білдірген еді.

Біз шетелдерге турбобұрғы, су астында қанаты бар кемелер жасау, магистралды құбырларды су астында дәнекерлеу, көмірді жер астында газдандыру әдісі, алюминий мен мысты магний өрісінде құю, шарап ашытушыларымыз жаса-

Digitized by Google

ған шараптан үздіксіз тасқынмен шампан жасау технологиясы т. б. лицензияларын сатамыз.

1984 жылдың басында Бразилияда эвквлипт ағашынан метанол жасайтын батыс жарты шарындағы алғашқы завод іске қосылды. Осы технологияның лицензиясы Совет Одағынан сатып алынды, ол оны Главмикробиопром жүйесінің Рига ғылыми-зерттеу институты жасады. Бразилия — мұнайдан басқа пайдалы қазбалардың барлық түріне дерлік өте бай ел. Эвкалипт ағашынан метил спиртін өндіру оның сұйық отын проблемасын айтарлықтай дәрежеде шешуіне көмектеседі. Демек эвкалипт ағашы тез өніп-жетіледі. Бразилияның ауа райы жағдайларында осы ағаштардың плантациялары жанармайдың сарқылмас қайнар көзіне айналады. Жаңа кәсіпорынның ел үшін қаншалықты маңызды екенін мына факті әңгімелейді. Оны іске қосу рәсімін Бразилия президенті басқарды. Және салтанатқа қатысушы журналистер американдық емес, нақ советтік технологияның неліктен таңдап алынғанын сұраған кезде мемлекеттік «Коалбра» компаниясының президенті былай деп жауап берді. «Қазір дүние жүзінде осындай технологияны меңгерген екі ел бар, олар — Совет Одағы және Бразилия».

Мен осы мысалдардың өзі жеткілікті ғой деп ойлаймын. Бұған қоса мынаны айтайын: дүние жүзілік техникалық идеялардың рыногында советтік ғылым мен техника жетістіктерін ықыласпен қадағалайды. Біздің елімізде жыл сайын тіркелетін көптеген мың өнертабыстары мен жаңалықтар — біздің елімізде ғана емес, сондай-ақ шетелде де техникалық прогрестің сарқылмас қайнары. Қазір «Лицензинторгтың» экспорт қоры экспорт бойынша қолданылып жүрген лицензиялық келісімдерді есептемегеннің өзінде екі мың технологиядан асып түседі. Сондықтан да Совет Одағы дүние жүзілік рынокта батыстық технологияны сатып алушы ролін ғана атқарады деп мәлімдеу мүлдем өтірік.

— Дегенмен, осыншама елеулі ғылыми-техникалық потенциалға ие бола отырып; біз басқа елдерде жасалған ғылыми-техникалық жобаларды сатып алатынымыз неліктен? Осы жерде белгілі қарама-қайшылық жоқ па екен?

— Керісінше, бәрі де қисынды және оп-оңай. Ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі уақытта жоғары қарқынға жеткені соншалық, бір ғана елдің тіпті ғылыми және техникалық тұрғыдан аса дамыған елдің «идеялар банкісіне» сүйене отырып оған ілесуінің өзі мүмкін емес. Ғылым мен техниканы дамытуға ұмтылатын жиынтық дүние жүзілік шығындардың көптігі соншалық, тіпті экономикалық потенциалы қандай болса да бірде-бір мемлекеттің экономикасы оларды жекелеп «көтере» алмайды.

Одан әрі. Кейбір елдердің металлургияда, енді біреулері жер үстіндегі транспорт пен жеңіл өнеркәсіпте, үшінші біреуі химиялық талшықтар өндірісінде, дақылдар селекциясында анағұрлым үлкен табыстарға қол жеткізуі тарихи тұрғыдан қалыптасты. Принципінде өзінің қайсыбір салада артта қалушылығын жою мақсатын көздеуге болады. Дегенмен мұның өзі материалдық шығындарды, адамдар еңбегін, уақытты талап етеді.

Ендеше тағы да велосипед ойлап шығарудың қажеті қанша? Халықаралық еңбек бөлісіне сүйену: өзгелердің озық жетістіктерін сатып алу және өзіміздің қолда барымызды сату оңай емес пе. Мұның өзі едәуір арзанға түседі және ең соңғы техникалық идеяларды өндіріске енгізуге көмектеседі.

Біз шетелдерден қайсыбір жабдық немесе технологиялық процестер лицензияларын сатып ала отырып, нақ осы ниетті басшылыққа аламыз.

— Ал осы саладағы советтік экспорт пен импорттың арақатысы қандай? Біздің техникалық идеялар тұрғысынан дүние жүзілік қауымдастыққа «қарыздар болып қалғанымызды» немесе керісінше «ортақ банкке» алғанымыздан бергеніміз көп екенін сол арақатынас бойынша анықтауға бола ма?

— Бұл жерде біздің экспорттық операцияларымыздың құны импорт жөніндегі шығындардан біраз асып түссе де олардың арақатысы бірдей деуге болады.

Алайда лицензиялармен халықаралық сауда — едәуір күрделі және нәзік іс екенін ерекше атап көрсеткім келеді және қызмет көрсетудің басқа да экономикалық салалары сияқты оған да солбір өлшеммен қарау қателік болар еді.

Мысалы, бұған дейін айтқанымыздай, Батыстың бірқатар лидерлері Советтер жаңа жобаларды жасау саласында артта қалып келе жатқандықтан шетелдік технологияны сатып алуға мәжбүр болып отыр-мыс деп тұжырымдайды. Әйтсе де фактілер мынадай: өткен жылы бізге қарағанда итальяндықтар «таза технология» импортына үш есе, батыс немістері — жеті, ал жапондықтар — тіпті елу есе көп қаржы жұмсады. Ал Италияны, ФРГ-ны және Жапонияны өнеркәсіптік жағынан артта қалған елдер деп атауға бола ма? Расын айтқанда, соғыстан кейінгі кезеңде Жапония экономикасы дамуының жоғары қарқыны ең алдымен бұл елдің басқалардың техникалық идеяларын сатып алып, оларды өндіріске жедел енгізуімен түсіндіріледі. Жапония дүние жүзілік инженерлік ойпікірдің «қаймағын» сүзіп алып, оларды енгізуде белгілі табыстарға жетті.

Бірақ біз әңгімеден ауытқып кеттік...

— Менің түсінгенімдей, лицензиялармен сауда жасау — біз үшін қызмет көрсетудің біршама жаңа саласы ғой...

— Иә, «Лицензинторг» бірлестігі 1962 жылы ұйымдастырылды және біз сол кезде өзіміздің алғашқы келісімімізді жасадық.

Digitized by Google

— Шамасы, мұның өзі, егер лицензиялармен сауда жасау, өзіңіз айтқандай, «нәзік іс» екенін айрықша ескеретін болсақ, кейбір қиындықтар туғызады ғой?

— Әрине, біздің ісімізде қиындықтар баршылық. Мысалы, сауда серіктестеріміз бізге әрдайым технология лицензиясымен бірге топтама жабдықтар сатуға тырысады. Бұл оларға пайдалы, өйткені өздерінің машина жасау қуаттарын жүктеуіне, қосымша пайда табуына көмектеседі. Соңғы жылдар тәжірибесі топтама жабдықтарды жаппай сатып алу адрестері Араб Шығысы мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне ауыса бастағанын көрсетіп отыр. Индустриалдық жағынан дамыған капиталистік елдер үшін осындай сауда ішінара сипат алуда, өйткені әдетте олар бірегей жабдықтары бар лицензияны «пакетімен» алуға ұмтылады, өз күштерімен оларды өндіру қосымша шығындар жұмсауды талап етеді.

Сондықтан да біз шетелден технологиясымен бірге ұсынатын жабдықтардың бәрін бірдей сатып алуға тиіс емеспіз, тек қазіргі уақытта өзіміз шығара алмайтын немесе оны шығаруды таяу мерзімде жолға қоя алмайтын жабдықтарды ғана аламыз. Қалғанының бәрін өзіміз жасауымыз керек.

Сатушы ретінде де біздің анағұрлым белсенді болуымыз қажет. Бізде жыл сайын қаншама ғылыми және техникалық идеялар пайда болады. Оларды дер кезінде патенттеп, потенциалды алушыларға ұсыну керек. Мұның барысында барлық техникалық процестің басты идеясы қосымша жобалармен нығайтылуына, «жарақтануына» ұмтылу қажет. Кейде бізден лицензия сатып алған қайсыбір шетелдік фирма онда қаланған идеяны жан-жақты және терең жетілдіріп, кейін соның бәрін комплексімен сата отырып, бізге қарағанда үлкен табысқа ие болатын сәттері кездеседі.

— «Лицензия», «озық технология», «техникалық идеялар импорты» — осы ұғымдардың бәрі сыртқы саудамен тікелей байланысы жоқ адамдар үшін біршама дерексіз сипат ұстайды. Нақты мысал ғана оларды тікелей қабылдауға көмектесе алады. Сіз соны келтіре алар ма екенсіз?

Жауап бермес бұрын Александр Константинович мені көрші бөлмеге ертіп барды, онда столдың үстінде шараптарға, коньякка, шампанға, минералды суға арналған кәдімгі шөлмектердің тұтас батареясы, сондай-ақ бұрын көрмеген сыйымдылығы екі литрлік қырлы және екі жүз-үш жүз грамдық мөлдір, күңгірт, әртүсті шағын шыны ыдыстар тұр екен.

— Шөлмектердің бәрі шыныға ұқсас пластмассадан жасалған. Шыны ыдыстарға қарағанда бұл шөлмектер сынбайды, жеңіл, пайдалануға ыңғайлы. Біздің минералды және жеміс суларының жарты литрлік шөлмегі қанша тартады? Төрт жүз грамм. Ал осы мақсатқа пайдаланылатын мына екі литрлік шөлмек — небары қырық грамм, оның өзіндік құны — жарты тиын. Кәдуілгі жолаушылар самөлеті бір сапарға қанша «Боржоми» суын алатынын есептеп көріңіз. Біз есептедік: Москва — Тбилиси маршрутында шөлмек шынысының салмағы төрт жолаушының салмағына тең. Көрдіңіз бе, қаншама үнем? Ал егер темір жол, автотранспорт бойынша әрі ауыр, әрі нәзік шыны ыдыстарының тасымалын ескеретін болсақ — бұл көптеген миллион тонна жүк деген сөз! Ал босаған ыдысты тапсырудың тұрақты проблемасы ше? Пластикалық шөлмектердің бүкіл пайдасын есептеудің өзі қиын. Біз оларды өндіру лицензиясын бір француз фирмасынан алдық. Осы жаңа бұйым біздің тұтынушыларымызға ұнайды.

— Және соңғы сұрақ. Сіз «Ноу-хау» сияқты сыртқы сауда «товары» туралы қысқаша әңгімелей алмас па екенсіз?

— «Ноу-хау »— сөзбе-сөз аударғанда «қалай екенін білемін» деген ұғымды білдіреді. Қайсыбір технологиялық процесті немесе операцияны бірде-бір нақты чертеж, технологиялық карта және суреттеу толық және нақты түсіндіре алмайды. Олардың бәріне қоса өндірісті жолға қоя алатын, қайсыбір жұмыстың қалай орындалатынын көрсететін маманның тәжірибесі қажет. Адамзат қызметінің түрлі салаларында соңғы уақытта кеңінен қолдау тапқан «ноу-хау» қызметі деген міне осы.

СССР-дің заказы бойынша қазір Финляндияда жаңа «Таймыр» мұз жарғышы жасалуда. Біз фирмаға оның корпусына арналған арнаулы болат жеткізіп, металдың осы сортымен жұмыс істеу тәжірибесі бар дәнекерлеуші-мамандарды ферфьке жібердік. Бұл туралы дайындаушы-фирма өтінді.

Немесе тағы бір мысал келтірейік. Профессор Федоровтың клиникасында кейбір көз ауруларын емдеудің бірегей методикасы жасалды. Біз мұны құпия ұстамасақ та, оны сырттай суреттеу бойынша меңгеру мүмкін емес, бәрін өз көзіңмен көріп, өз қолыңмен ұстау қажет. Бұл іс негізінде күрделі емес: шетелдік мамандар осы әдісті небары бір күн ішінде үйренеді. Ал осындай «сабақ» екі жарым мың доллар тұрады. Әйтсе де ол, «шәкірттер» айтқандай, алған білімдермен еселеп өтеледі.

«Ноу-хауды» біз де пайдаланамыз.

Техникалық идея, инженерлік алғыр ой, шеберлік, тәжірибе қазіргі уақытта өте мол өзара тиімді товарға айналды. Егер велосипедтің құрылғысын өзгелер жасаса, оны жаңадан ойлап шығарудың қажеті қанша? Одан дайын идеяны сатып алып, өз күшімізді жаңасын жасауға жұмсаған жақсы ғой.

Digitized by Google

НОМЕРДЕ

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдастың КПСС Орталық Комитетінің Пленумында 1984 жылғы 23 октябрьде сөйлеген сөзі 2

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

С. Қалденов. Мелиорация — құнарлылықты арттыру жолы 8
Бастамага — жан-жақты қолдау 9

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Т. Тілегенов. Кездесу орны — бригада 11
В. Костров. Өзара тиімділік 13
Саяси хабаршылар оқуы 15

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ӘҢГІМЕЛЕР

А Еремин. Советтер белсенділігі өсуде 18

ОТ-ЖАЛЫНДЫ ЖЫЛДАР ШЕЖІРЕСІ

Ш. Жамансарин. Партия жеңіске бастады . . . 21
Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысында 23
Халық ерлігі мәңгі жасайды 24

МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

И. Сықымбаев. Кино — сенімді көмекші 25

БІЗДІҢ КОНСУЛЬТАЦИЯ

Жылжымалы көрме тиімділігі 27
Өзіңізді ұстай біліңіз 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Велосипед ойлап шығару керек пе? 29

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-07, 33-80-56,

33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. ЖҰРСІМӘМБЕТОВА.
Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.

Сдано в набор 26.10.84. Подп. к печати 12.11.84. УГ00139. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 3,52. Печать высокая. Тираж 65012 (казахское издание — 33127 экз. русское издание — 31885 экз.). Заказ 130. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ДҮНИЕҚОҢЫЗДЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ



Digitized by Google

СЕМЕЙНАЯ ЭКОНОМИКА

Пәтеріңіз жылы болсын десеңіз:

БАТАРЕЯ ҮСТІНЕ ГАРДИНА ІЛМЕҢІЗ; ТЕК АЙНАЛЫМЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕНДЕ ҒАНА БӨЛМЕДЕГІ АУА ЖЫЛИДЫ; ЕСІК ПЕН ТЕРЕЗЕЛЕРІҢІЗДІ МҰҚИЯТ ҚЫМТАҢЫЗ, ЖЕЛ КІРСЕ, ЖЫЛУ БОЛМАЙДЫ; БАТАРЕЯҒА СЫРДЫ НЕҒҰРЛЫМ ҚАЛЫҢ ЖАҚСАҢЫЗ, ПӘТЕРІҢІЗДЕ ЖЫЛУ СОҒҰРЛЫМ АЗ БОЛАТЫНЫН ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ.



ЖЫЛУДЫ САҚТА!

«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—2430



ЕҢБЕКТІ ЫНТАЛАНДЫРУ МЕН ОНЫ БРИГАДАЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ТҮРІНЕ - ДАҢҒЫЛ ЖОЛ!

Қазақстан ҮГІТШІСІ

23

Digitized by Google



Екібастұз. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, коммунист Т. Әрбиев басқаратын экскаваторшылардың коммунистік еңбек бригадасы «Әрбір технологиялық комплекс пен агрегатқа — жобалық өнімділік» қозғалысында жоғары нәтижелерге қол жеткізуде, бұл қозғалыс бұдан бірнеше жыл бұрын «Экибастузуголь» бірлестігінде дүниеге келді. Экскаваторлардың жобалы өнімділігінен үнемі асып түсе отырып, олар жыл басынан бері жоспардан тыс 300 мың тоннадан астам көмір қазды.

Жастардың тәжірибелі тәлімгерінің көптеген тұлектері бірлестікте еңбек етеді. «Северный» көмір разрезінің № 3 учаскесінде Төлебаймен қатар оның екі ұлы да кәсіптік-техникалық училищені бітіргеннен кейін экскаваторларды жүргізуде.

Суретте: Т. Әрбиев

Суретті түсіргендер: Е. ШЛЕЙ мен В. КОЛИНКО. (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

23

ДЕКАБРЬ 1984

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVI СЪЕЗІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ТОЛЫҚ ОРЫНДАЙМЫЗ

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі», № 23.

НОМЕРДЕ:

Жастарға — партиялық қамқорлық 2

ҮГІТШІНІҢ БЕСЖЫЛДЫҚҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ

Бері де адам игілігі үшін, адам үшін 5
Д. Сатаев. Құрылыс иесі болайық 6

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

В. Песоцкий. Суармалы алқап қайтарымы . . . 8
Өмірдің ауқатты болуы үшін (Цифрлар мен фактілер) 8
Солтүстік қазақстандықтардың үндеуі . . . 10

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

К. Кемелиев. Методикалық жұмыс орталығы . . 11
Идеология жұмысының хроникасы 12

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Халықтың еркімен құрылған 13
Ғ. Сапарғалиев. Советтер — халықтық өкімет . 16
Г. Боярская. Семья мықты болса держава да мықты 18

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Казачков. Прогрестің базалық саласы . . . 19
Қ. Бижанов. Көпке ортақ тәжірибе 22

ОТ-ЖАЛЫНДЫ ЖЫЛДАР ШЕЖІРЕСІ

Соғыстың ауыр тағылымы 24

МӘДЕНИЕТ ПЕН МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Д. Әбдірахимова. Халық ерлігіне арналады . . 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н. Ермошкин. Жалауы және ар-ожданы жоқ тонаушылар 30

Digitized by Google

ЖАСТАРҒА—ПАРТИЯЛЫҚ ҚАМҚОРЛЫҚ

КПСС Орталық Комитетінің «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы» қаулысы Коммунистік партияның комсомол, бүкіл совет жастары туралы аталық қамқорлығының жаңа көрінісі болды. Партияның осы программалық документінде Лениннің «коммунизмді үйрену керек» деген тарихи өсиеті кемелденген социализм жағдайына бейімдеп дамытылды.

КПСС Орталық Комитеті атап көрсеткеніндей, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу ісін одан әрі жақсартуды аса маңызды партиялық, мемлекеттік және жалпы халықтық іс деп санау керек. Партия түптеп келгенде бұл Отанымыздың болашағын сенімді қамтамасыз ету мәселесі екенін басшылыққа алады. «Ленин комсомолының елімізді дамытуға қосатын үлесі өсіп, молая беретініне біз кәміл сенеміз, — деді КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдас комсомол ұйымдары секретарьларының Бүкілармиялық кеңесінде сөйлеген сөзінде. — Одан да гөрі жеткізіңкіреп айтайын: таяудағы бесжылдыққа және келесі ғасырдың басына дейінгі кезеңге арнап жоспар жасағанда, біз нақ осы қазіргі жастарымыздың шебер қолына, ұшқыр ақыл-ойына, еңбек ожданына едәуір дәрежеде үміт артамыз. Өйткені бұл жоспарларды орындау жөніндегі негізгі жұмыстың бүгінгі комсомол жасындағы жастар атқарады ғой».

Қазақстанның партия ұйымы, республика комсомолы КПСС Орталық Комитетінің қаулысын, К. У. Черненко жолдастың тұжырымдары мен нұсқауларын іске жұмылдыратын нақты, жауынгерлік басшылық ретінде қабыл алды. Үстіміздегі жылы октябрьде болған республика партия активінің жиналысында қаулыдан туындайтын міндеттер, комсомолға партиялық басшылық жасау стилі мен әдістерін жетілдіру мәселелері қаралды. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев активте жасаған баяндамасында былай деп атап көрсетті: «Енді практикалық іс-қимылдың ең жауапты кезеңі басталып отыр. Белгіленген нәрсенің бәрі жүзеге асырылуға, дәйектілікпен, жедел түрде көрнекті, нақты іске асырылуға тиіс».

Жастарға коммунистік тәрбие беру жөніндегі ауқымды міндеттер арасынан еліміздің экономикасы мен мәдениетін көтеруде жігіттер мен қыздардың белсенділігін және инициативасын дамыту мәселелері алдыңғы қатарға шығуда. Республика комсомолиясының есебінде жақсы істер көп. Бұл — «Жастардық екпінді еңбегі, білімі, инициативасы мен творчествосы — бесжылдыққа!», «Қой шаруашылығы — жастардың атқаратын ісі!» қозғалысына қатысу, балаларға арналған товарлар шығаруға және комсомолдық сапаның сабақтас бригадаларын енгізуге қамқорлық жасау және басқалар.

Партия ұйымдарының жігіттердің күш-жігерін қажетті арнаға бағыттап, әр жас адамды кемелденген социализм жағдайында партия мен совет халқы шешіп жатқан алуан қырлы іске тартуы керек, КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумы ұсынған жерді мелиорациялаудың ұзақ мерзімді программасы жастардың екпінді ісіне айналуға тиіс. Партия, деді К. У. Черненко жолдас Пленумда, программаға «біздің комсомолымыз қызу ұн қосып, оны қолдар деп үміттенеді. Миллиондаған гектар жаңартылған жерлерді ссэет адамының кәдесіне жарату — біздің даңқты жастарымыз үшін бұл әрі романтика, әрі еңбекте шыныру мектебі».

Жастар көп нәрсе жасауға қабілетті. Мынадай фактілерге ой жіберейікші. Бертінде Екібастұзда өткен кәсіптік шеберліктің республикалық конкурсында 40 адам небары бес күн ішінде тұтас бір ай ішінде көлемді құрылыс ұйымы атқаратын жұмысқа тең жұмыс ауқымын игерді. Жұмысқа бейімделу, өзіңді тәрбиелеген коллективке ұқсау талпынысы дегеніміз осындай.

Сонымен бірге Жезқазған облысының Жәйрем, Ақтөбе облысының Шилісай, Павлодар облысының Екібастұз қалаларының екпінді құрылыстарында жастар арасындағы идеялық-саяси жұмыстағы олқылықтар да айқын көрінеді. Оларда комсомол-жастар коллективтері аз, құрылысшыларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мәз емес. Д. А. Қонаев жолдас республикалық партия активінің жиналысында атап көрсеткеніндей, «комсомол жұмысындағы кемшіліктің аржағында, жастар тәрбиесіндегі әрбір тоқыраудың аржағында — біздің, партиялық жұмыстағы олқылықтарымыз тұр». Партия талабына сәйкес жастардың мал шаруашылығын қамқорлыққа алуын дамыту үшін, «Қой шаруашылығы — жастардың атқаратын ісі!» қозғалысын күшейту үшін көп нәрсе жасауға тура келеді. Республикалық партия активінің жиналысында осы маңызды істегі елеулі кемшіліктер айрықша атап көрсетілді. Бірінші кезекті іс — жастар инициативасын КПСС XXVII съезіне, совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына және стахановтық қозғалыстың 50 жылдығына бүкілхалықтық өзірлікке белсенді түрде бағыттау.

Бұл үшін мүмкіншіліктер көп. Ең алдымен әр коллективте үгітшілер мен саяси хабаршылардың жақсы жұмыс істеуі жайлы қамқорлық баршылық. Бұл тұрғыдан Шымкенттің «Фосфор» өндірістік бірлестігінің партия комите-

Digitized by Google

ті жақсы үлгі көрсетуде. Мұнда КПСС Орталық Комитетінің қаулысы шыққаннан кейін комсомол комитетімен бірлесіп, ауызша саяси үгіт кадрларын жастар коллективтерінде орналастыру мәселелері мұқият талқыланды. Жастар коллективтерінің бірқатарында саяси хабарлардың жүйелі өткізілмейтіні, ал жекелеген бригадалар мен сменаларда даярлығы жеткіліксіз үгітшілер бекітілгені анықталды. Енді жастармен жұмыс істеу үшін аса тәжірибелі коммунистер, бірлестік, цехтар мен сменалар басшылары, партия, соғыс және еңбек ардагерлері іріктелді. Бұқаралық-саяси жұмысқа ВЛКСМ мүшелері мейлінше кеңінен тартылуда. Ішінара айтқанда, олар жастар жатақханасы мен заводтық микроаудан жанынан құрылған үгіт коллективінің құрамына енді. Партия комитеті соңғы уақытта қарсы насихат жұмысын, социалистік өмір салтының артықшылығын түсіндіруді күшейтті. Бірлестік коллективінде өткізілетін саяси хабарлар, лекциялар мен әңгімелер тақырыптарында жастар аудиториясын толғандыратын проблемалар анағұрлым жақсы көрініс табады. Мұның өзі жас өндірісшілердің еңбек және саяси белсенділігінің өсуіне оңды әсер етуде.

Жеткіншек ұрпаққа идеялық-саяси, еңбек және адамгершілік тәрбие беруге нақты қатысу — әрбір үгітші мен саяси хабаршының, тәлімгерлердің, барлық коммунистер мен саналы еңбеккерлердің мерейлі ісі. КПСС Орталық Комитетінің қаулысында атап көрсетілгеніндей, «бұл жұмысты кең көлемде жүргізу, жастардың әртүрлі категорияларының ерекшелігін, оның білім дәрежесін, хабардарлығын, мүдделері мен бейімділігін ескеру, жас адам тұлғасы қалыптасатын салалардың барлығын қамту керек». Бұл үшін жастарды толғандыратын проблемаларды жақсы білу, жастар ортасында болып жатқан процестерге терең араласу қажет. Бұқаралық-саяси жұмыс жігіттер мен қыздар өмірінің барлық жағын қамтуға тиіс.

Партия және комсомол ұйымдарының маңызды міндеті — жігіттермен және қыздармен жеке жұмыс жүргізуді күшейту. Республикалық партия активінің жиналысында мынадай факті аталды: өнеркәсіптің 30 мыңға жуық жас жұмысшысы өнімділік нормасын үнемі орындамайды.

Мұнда әрбір жас адаммен мүдделі жұмыс жүргізу керек, мұны жастар тәлімгерлерінен басқа ешкім жақсы жасай алмайды. Міндет мынада: тәлімгерлікті, жеке жұмысты ұйымдастырудың таңдаулы тәжірибесін жер-жерде тиімді пайдалану. «Жастарға, — деп атап көрсетті Д. А. Қонаев жолдас актив жиналысында, — аға дос, тәлімгер, жан дүниесі бай адам, шынайы тәрбиеші керек. Мұндай тәлімгер бар жерде жастар тез жетіліп, бір биіктен соң бір биікті алады».

Кейде жастар тәрбиешілері арасына еңбек пен қоғамдық істе дербес үлгі көрсетуге қабілетсіз кездейсоқ адамдар ұсынылатын кейбір кәсіпорындардағы тәлімгерлікті ұйымдастыруға немкеттілікпен қарау принципті тұрғыдан өткір сыналды.

Петропавл локомотив депосы партия ұйымында жасалып отырғанындай, тәлімгерлердің ізгі бастамаларын жандақты қолдау керек. Мұнда озат слесарь, тәжірибелі үгітші П. Я. Мироненконың инициативасы бойынша жас жұмысшы клубы құрылды. Кәсіптік-техникалық училищенің күні кешегі түлектеріне еңбектің озық тәсілдері жайлы айтып қана қоймай, сондай-ақ кәсіпорынның даңқты тарихымен таныстырады, жеке комплексті творчестволық жоспарларын жасауға көмектеседі, сөйтіп қоғамдық өмірге қатысудың сенімді бағдарын белгілейді. Жігіттер мен қыздар да өздерінің аға жолдастарының бастамаларына қызу үн қатуда. КПСС Орталық Комитеті өзінің қаулысында былай деп атап көрсетті: «Партиялық басшылардың жастармен үнемі әңгімелесіп отыруы, коммунистердің, барлық басшы кадрлардың жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие беру ісіне белсене қатысуы туралы партия талабының мүлтіксіз жүзеге асырылуына күш салынсын. Олар жастар еңбек ететін, оқитын, тыныгатын жерлерде жүйелі түрде болып, толғағы жеткен мәселелер жөнінде олармен ашық, бүкпесіз әңгімелесуге, оларға толымды жауаптар беруге тиіс».

Партия ұйымдарының көпшілігінде коммунистердің жастар арасындағы түсінік жұмысына қатысуының түрлі формасы қалыптасты. Мәселен, Қарағанды, Алматы, Жезқазған облыстарында бірыңғай саяси күндер жастардың белсенді мүдделілігі жағдайында өтеді. Аудандық партия комитетінің секретарьлары, кәсіпорындардың басшылары еңбек коллективтерінде, жоғары оқу орындарында, жастар жатақханаларында сөз сөйлейді.

Басшының дербес үлгісінің маңызы зор. Семей облысы Абай ауданының артта қалған Жданов атындағы совхозын бұдан бірнеше жыл бұрын тәжірибелі маман, облыстық партия комитетінің мүшесі Ж. Қорғанбаев басқарды. Шаруашылықта кадрлардың тұрақтамауы жоғары еді, жігіттер мен қыздар селодан кетіп қалатын. М. Қорғанбаев алғашқы күннен-ақ жұмыстың нақ осы учаскесіне айрықша көңіл бөлді. Оның қолдауы арқасында қой шаруашылығында, егіншілікте, құрылыста 11 комсомол-жастар бригадасы ұйымдастырылды, олардың еңбегі мен тұрмысы үшін жағдай жасалды. Мектеппен тығыз байланыс жолға қойылды. Енді оның түлектерінің үштен екісі жыл сайын шаруашылықта қалады. Совхоз директоры комсомолдың саяси оқу жүйесінің насихатшысы, ол бригадаларда жиі сөз сөйлейді: Жастар арасында артта қалушы жоқ. Жігіттер мен қыздар өздері жайлы қамқорлыққа ек-

Digitized by Google

пінді еңбекпен жауап беруде. Шаруашылықтың, өндірістік көрсеткіштері шұғыл көтерілді, ал өткен жылдың қорытындысы бойынша ол КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен наградталды.

Жастармен жұмыс істеудің мұндай стилі жер-жерде нормаға айналуға тиіс. Республикалық партия активінің жиналысында студенттермен және оқушылармен саяси-тәрбие жұмысына көп көңіл бөлінді. Республикамызда жастардың осы отряды өз қатарына 4 миллионнан астам адамды біріктіреді. Бүгінде жүзеге асырылып жатқан жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасы өзіне жалпы және нақты көңіл бөлуді талап етеді. Идеология активі оқушыларды саяси хабарландыруға жүйелі қатысып, заводтағы, фабрикалардағы, селолық кәсіпорындардағы еңбек асулары жайлы мектеп коллективтерінде де тартымды әрі ашық әңгімелеуге міндетті. Мектептердің базалық кәсіпорындарының жетістіктеріне айрықша көңіл бөлу, жігіттер таяу уақытта еңбек өмірін бастайтын коллектив үшін оларды мақтаныш сезіміне тәрбиелеу керек.

Күн талабы — жалпы білім беретін мектептің әр класының, орта кәсіптік-техникалық училищелер мен техникумдардың әр тобының озат жұмысшы, маман, партия, соғыс және еңбек ардагері немесе бригада, смена коллективі арқылы өз тәлімгерінің болуы. Кезінде жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие беруде мектептің, семьяның және жұртшылықтың күш-жігерін біріктіру жөніндегі патриоттық қозғалыстың инициаторы болған екібастұздықтар мұнда да жақсы үлгі көрсетуде. Мұнда әр кластың, әр пионер отрядының, кәсіптік-техникалық училищенің барлық оқу топтарының таңдаулы жұмысшылар мен инженерлер, партия мен еңбек ардагерлері есебінен тәлімгерлері бар. Жұртшылықтың күшімен балалардың он бір аулалық клубында секциялар мен үйірмелер жүргізіледі. Бір ғажабы сол, қаланың көмір разрездері мен басқа кәсіпорындарында құрмет тақталарында өндіріс озаттарымен қатар олардың балаларының — оқу озаттарының портреттері ілінеді. КПСС XXVI съезінің делегаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Х. Т. Досмағамбетов кәсіптік-техникалық училищенің «қиын» оқушыларымен айрықша айналысады. Оның көмегімен жасөспірімдердің көпшілігі өмірде дұрыс жолды тапты, өндірісте табысты жұмыс істейді, оқуларын жалғастыруда, армияда қызмет етуде.

Жастардың бос уақытын ұйымдастыру көп қамқорлық жасауды талап етеді. «Жігіттер мен қыздардың бос уақытын мағынасыз қызыққұмарлықпен өткізбеуі, барлық демалыс түрлері олардың идеялық жағынан баюына, дене тәрбиесінің дамуына, жоғары мәдени талаптілегі мен эстетикалық талғамы қалыптасуына, отандық және дүние жүзілік мәдениеттің таңдаулы жетістіктерінен сусындауына көмектесетін болуы маңызды», — деп атап көрсетілген КПСС Орталық Комитетінің қаулысында.



«Плакат» баспасы.

Мұнда үлкендердің күш-жігері жұмсалатын жұмыс ауқымы көлемді. Тұрғын үйлер аймағында, жатақханаларда, клубтарда, кинотеатрларда, кітапханаларда жастардың барлық категориясымен жүргізілетін жұмысты жан-жақты жетілдіру қажет.

Жастарға коммунистік тәрбие беру проблемаларының ауқымы көлемді де алуан түрлі, олардың бәрі коммунистердің, бұқаралық-саяси жұмыс активистерінің үнемі назарында болуға тиіс. Республикалық партия активі жиналысында атап көрсетілгеніндей, жастармен жұмыс формалары мен әдістерін тағы да сын тұрғысынан ой елегінен өткізу, санды қуаламау, жастарды шыңдап тәрбиелеп, баурайтындарын ғана қалдыру маңызды.

Бүкіл совет халқымен бірге Ленин өсиеттеріне адал еліміз жастары КПСС XXVI съезінің, партия Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының шешімдерін орындау жолында екпінді еңбек етіп, он бірінші бесжылдық жоспарын табысты аяқтауға елеулі үлес қосуда. Жер-жерде коммунистік тәрбиеге қатысып, жігіттер мен қыздардың күш-жігерін жасампаздық жұмысқа бағыттау, өзіңнің өмірлік тәжірибең мен біліміңді олармен алмасу — бұқаралық-саяси жұмыстың әр активісінің маңызды парызы.

Digitized by Google

БӘРІ ДЕ АДАМ ИГІЛІГІ ҮШІН, АДАМ ҮШІН

Партия ұйымдарында, еңбек коллективтерінде КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумының документтерін, он екінші бесжылдыққа және 2000 жылға дейінгі перспективаға арналған мелиорацияның және мелиорацияланған жерлерді пайдалану тиімділігін арттырудың ұзақ мерзімді программасын түсіндіру мен насихаттау жөніндегі бұқаралық-саяси және лекциялық жұмыс басталды. Үстіміздегі жылғы ноябрьде барлық жерде бірыңғай саяси күндер өтеді.

Бірыңғай саяси күндерді ұйымдастырушылар, баяндамашылар, лекторлар, насихатшылар, саяси хабаршылар және үгітшілер үшін өткізілетін әңгімелердің үлгі тақырыбы жарияланып отыр.

К. У. Черненко жолдастың сөзі, КПСС Орталық Комитеті октябрь Пленумының шешімдері — партия мен халықтың нақты жұмыс программасы.

КПСС-тің аграрлық саясаты — КПСС-тің экономикалық стратегиясының аса маңызды құрамдас бөлігі.

Жер мелиорациялаудың ұзақ мерзімді программасы — маңызды саяси-шаруашылық міндет.

Азық-түлік қорын молайтуда мелиорацияның ролі арттырылсын.

Экономиканың аграрлық секторы тұрақты дамытылсын.

Мелиорация — ауыл шаруашылық өндірісін интенсивтендірудің қуатты құралы.

СССР-дің Азық-түлік программасы іс үстінде.

Өнеркәсіп, құрылыс, транспорт еңбек коллективтерінің ауыл шаруашылығын дамытуға қосар үлесі.

Ауыл шаруашылық өнімін өндіруді ұлғайту жөніндегі күш-жігер арттырылсын.

Бүкіл аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің ойдағыдай жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасалсын.

Астық өндіруді үздіксіз арттыру — өзекті проблема.

Мал шаруашылығы жедел дамытылсын.

Ауылшаруашылық өндірісін жаңжақты интенсивтендірудің жолдары.

Еңбек, материал және финанс ресурстарының қайтарымы арттырылсын.

Селодағы өндірістік табыстардың әлеуметтік базасы.

Біздің деревнямыздың келбетіндегі игі өзгерістер, село халқының тұрмыс дәрежесінің қала халқының тұрмыс дәрежесімен жақындаса түсуі.

Село еңбеккерлерінің материалдық және мәдени дәрежесінің өсуі.

Селода тұрмыстық қызмет жетілдірілсін.

Селоны әлеуметтік жағынан қайта өзгерту жөніндегі аса маңызды шаралар.

Жер мелиорациялауды кең көлемде өрістету — ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетудің шешуші факторы.

Мелиорациялау программасы — жердің құнарлылығын арттыру жолындағы күрестің маңызды кезеңі.

Ұзақ мерзімді мелиорация программасының негізгі бағыттары.

Мелиорацияланған жерлерде егіншіліктің жоғары мәдениеті қамтамасыз етілсін.

Жерді мелиорациялау сапалық жаңа дәрежеде жүргізілсін.

Мелиорациялық құрылыстың жаңа міндеттері.

Жер мелиорациялау программасын жүзеге асырудағы рылымның ролі.

Комплексті көзқарас — мелиорациялау программасын ойдағыдай жүзеге асырудың аса маңызды шарты.

Жер мелиорациялауға аграрлық-өнеркәсіптік комплекске қатысушылардың барлығының инициативасы мен іскерлігі жұмылдырылсын.

Озаттарға, ең үздік өндірістік тәжірибеге тең елейік.

Шабындықтар мен жайылымдардың әр гектарынан мол қайтарым алайық.

Шарын суландырудың мол резервтері.

Жаңартылған жерлердің тиімділігі мен пайдаланылуы түбегейлі арттырылсын.

Ауа райының қолайсыздығына ауыл шаруашылығының тәуелділігі мейлінше азайтылсын.

Экономикалық механизмді, бригадалық мердігерлікті жетілдірудің мүмкіндіктері неғұрлым толық пайдаланылсын.

Жер мелиорациялаудың басым бағыттары.

Табиғи жемшөп танаптарын ретке келтіру — кезек күттірмейтін іс.

Мелиораторлар кадрларын даярлау жетілдірілсін.

Жер мелиорациялаудың экологиялық проблемалары.

Жерді шаруақорлықпен пайдаланып, оны болашақ ұрпақтарға жақсартылған күйінде қалдырайық.

Су және жер ресурстарын сақтаудағы орманның ролі.

Жерді жаңартуға жастардың қосар үлесі.

Мелиорациялау программасы — бүкілхалықтық іс.

Біздің жоспарларымыздың әлеуметтік бағыты.

Ғылым мен техника жетістіктері — өндіріске.

Digitized by Google

ҚҰРЫЛЫС ИЕСІ БОЛАЙЫҚ

Құрылыс ұйымдарында еліміздің құрылыс комбинаттары озық бригадирлерінің КПСС Орталық Комитеті мақұлдаған ашық хаты талқыланған жұмысшылар жиналысы өтті. Алматы үй құрылысы комбинатында осы хаттың қандай үндестік тапқаны туралы монтажшылар бригадирі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, үгітші Дәрменбай САТАЕВ әңгімелейді:

— Озық бригадирлердің хаты жарияланған «Правда» газетінің жаңа санын құрылысқа әкелгенімде бригадамыз мүшелерінің бәрі онымен танысып үлгерген екен. Осы арада пікір алмастық. Әріптестеріміз өз хатын «Құрылысшының абыройы туралы сөз» деп өтемөте орынды атапты, онда көтерілген мәселелер де мейлінше мезгілі жеткен, әрі өзекті. Бригадамыз мүшелерінің бәрі осы хаттың әр жолының астына қол қоюға әзір еді.

Сосын хатты құрылыс басқармамыз бен комбинатымыздың жұмысшы жиналыстарында талқыладық. Алматының құрылысшы бригадирлерінің жиналысы да болды. Көптеген іскер ұсыныстар, өткір пайымдаулар айтылды, әділетті реніштерді де қаншама естідік.

Осының бәрі дұрыс қой, деп ойладым. Сабақтас кәсіпшілер арасындағы өзара қатынас, өнім беру графигін сақтау, материалдармен жабдықтау — өте-мөте маңызды мәселелер, оларды ойдағыдай шешу жұмыс қарқыны мен сапасына тікелей ықпал етеді. Бізде әлі де көптеген оралымсыздықтар бар. Басқару механизмі соңына дейін реттелмеген. Бұл, әрине, бізге кедергі келтіреді. Сонда да «Құрылысшының абыройы туралы сөз» мақаласында көтерілген әңгіменің бастапқы тақырыбына — парыз, ождан, шеберлік, жұмысшы абыройы ұғымдарына оралайық. Өздеріңіз байқаныздаршы. Объектімізге сапасыз секциялар келіп түскенде қинала жүріп сынған панельдерді монтаждай бастағанда: «Онда олар не жасауда!» деп еріксіз реніш білдіресің. «Олар» — біздің сабақтас кәсіпшілеріміз — № 1 заводымыздың қызметкерлері, олар құрылыс алаңына ақаулы бұйымдарды жөнелтеді. Олар да сонау қиырда жатқан жоқ.

Егер біздер, үйлерді монтаждаушылар, кемшіліктерге қарсы бар екпінімізбен дауыс көтерсек, құрылыс алаңына ақаулы өнімнің келуіне ертеде-ақ тосқауыл қойылар еді. Өйткені қайсыбір шешілмейтін мәселе жоқ. Біз ақаулы конструкцияларды іске жаратуға дағдыланып кеткенбіз ғой, ал біздің ақауларымызды әрлеушілер өңдеп әуре болады. Оның әр жағында үйді қабылдау жөніндегі комиссия мүшелері кемкетіктерге жете қарамайды. Бұған жол бермеу үшін, К. У. Черненко жолдас халықтық бақылаушылардың Бүкілодақтық кеңесінде сөйлеген сөзінде айтқанындай, әр адам өзін бақылаушымын, кәсіпорнында және бүкіл елде болып жатқанның бәріне жауаптымын деп сезінуге тиіс.

Қазір бүкіл құрылыс тізбегі бойынша жұмысты қабылдауға мейлінше қатал қарау жөнінен өзіміздің сабақтас кәсіпшілерімізбен келістік. Қазір осындай тәртіп орнықты, заводтан ақаулы өнім анағұрлым аз түсе бастады.

Жұмыс сапасын өзара тексеру туралы келістік. Мұндай тексерулер өз жұмысының сапасы үшін жауапкершілікті арттырады. Бертінде Рифат Сұлтанов бригадасынан әрлеушілер бізде болды. Олар әр пәтерді ұқыптылықпен қарап,

---

Еңбек өнімділігі батыл арттырылсын. Үнем тәртібі күшейтілсін.

Басқару және шаруашылық механизмі жетілдірілсін.

Күш-жігерді 1984 жылдың жоспарларын, бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындауға шоғырландырайық.

Инициатива мен іскерлік барынша дамытылып, оларға қолдау көрсетілсін, тәртіп пен реттілік нығайтылсын.

Бақылаудың пәрмеңділігі арттырылсын.

Еңбек коллективтеріндегі социалистік жарыстың тиімділігі арттырылсын.

Шаруашылық есептегі бригадалық мердігерлік, озық шаруашылықтардың тәжірибесі кеңінен енгізілсін.

Біздің жоспарымыз — жасампаздық жоспары.

КПСС-тің бейбітшілік, халықтардың хауіпсіздігі мен ынтымақтастығы жолындағы дәйекті күресі.

КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумының шешімдері — партияның совет адамының игілігі жөніндегі тұрақты қамқорлығының айғағы.

Digitized by Google

жақсы жақтарымызды мадақтады, кейбір кемшіліктерімізді атап көрсетті. Мұның өзі адамдарды іскерлікке бейімдей түсті.

Хатты талқылай отырып, біз өз резервтеріміз жайлы тиянақты айттық.

Бригадамыз комплексті, онда 24 адам бар. Олардың әрқайсысына кәміл сенемін, өйткені тәжірибелі жұмысшылардан бригада ұйытқысының қалыптасуына талай жылдар бойы ұмтылдық, ал олар өз кәсіптерін, өздерінің жұмысшы абыройын ардақ тұтады.

Партия тобымыздың ұйымдастырушысы Геннадий Сергеевич Истомин бригадамызда үлгі-өнеге болып табылады. Оның өзі ақауға ешқашан жол бермейді және кемшіліктер жанынан өте шықпайды. Виктор Федорович Слиженков, Абалхан Жылгелдиев, Марат Бекболов — жұмыс стажы көп құрылысшылар, олар ондаған жылдар бойы үйлер тұрғызды. Дегенмен бригадаға жаңа адамдар келеді, олардың әрқайсысына да өте көп нәрсе тәуелді.

Біз әр жас жұмысшыға тәлімгерді бекітеміз, оның жұмысына бәріміз бағыт береміз. Әйтсе де жас құрылысшыларды тәрбиелеу үшін атқарған ісіміз әзірше аз. Істің мәні мынада: кейбір ардагерлеріміз көш бастаушы жағдайына дағдыланып кеткен. Олар ар-ұжданымен жұмыс істейді, ақау туралы сөз болуы мүмкін емес. Олпы-солпы жұмыс киімінен, абайсыз айтылып қалған анайы сөздерден бастап шашылып жатқан электродтарға, техника қауіпсіздігінің сақталмауына дейінгі ұсақ-түйектегі ұқыпсыздық назар аудартады. Осының бәрі жастардың көз алдында өтеді ғой. Біз іске деген мұндай көзқарасқа біржола тиым салуды ұйғардық. Мұның өзі жас жұмысшыларды тәрбиелеуімізге және құрылыс сапасына оңды әсер ететіні даусыз.

Озат бригадирлердің хатында шеберлікке сый-құрметпен қарау туралы тағы бір маңызды мәселе көтерілді. Комбинатымызда ісмер шебер адамдарды бағаламайды деп айта алмаймын. Оларға әрдайым сый-құрмет көрсетіледі. Тіпті «Ісмер шебер» белгісімен наградтайды. Біздің бригадамызда ертеден-ақ мынадай қағида қалыптасты: құрылысшы болған екенсің, аралас мамандықты меңгер. Қазір коллектив мүшелерінің бәрі монтажшылар ғана емес, сондай-ақ дәнекерлеушілер, бетоншылар.

Сонда да, жолдастарым жиналыста айтқанындай, бүгінде мұның өзі жеткіліксіз. Мастерлерді мақтаныш етумен қатар оларды тәрбиелеп, аялап өсіру керек. Біз оларды әзірше аталарымыздың әдістері бойынша даярлаймыз. Әлдебіреу жаңа адамның бір операцияны меңгеруіне көмектеседі, екіншісі қалай дәнекерлеу керектігін көрсетеді. Әйтсе де комсомолецтеріміздің кәсіптік шеберлік конкурстарға қатысқаны есімде жоқ. Есептер бойынша, комбинатта олар өткізіледі, бірақ бұқаралық жетіспей жатады.

Немесе жас құрылысшыларды жұмысшы табы қатарына қабылдау секілді маңызды тәрбиелік кезеңді алайық. Бірде осындай шараның Мәдениет сарайымызда өткенін білдім. Онда барлық құрылыс-монтаж басқармаларынан жігіттердің неліктен болмағанына тағы да таңырқадым. Бұл көрнекі шара, сондықтан бөлімшелердің бірі ғана таңдап алынды деп жауап берді. Бірақ адамдарды іріктеп тәрбиелеуге болмайды ғой, мұның өзі тіпті зиянды.

Армиядағы қызметін өтегеннен кейін жігіттердің бригадамызға оралғанына өте-мөте қуанамын. Олар әскери қызметін атқарып жүргенде жігіттерді назардан тыс қалдырмай, хат жазысып тұрамыз. Қазір Василий Мишутин мен Валерий Кошман қайтадан коллективіміздің мүшелері болды. Олардың нағыз шеберлерге айналатынына кәміл сенемін. Егер өзіміздің лайықты жеткіншектерімізді аялап өсіргіміз келсе, онда бірде-бір адамды назардан қалыс қалдырмауға, әр адамға жол табуға тиіспіз. Ал көрнекілік шаралар арқылы бұған жете алмайсың.

Біздің ісімізде қиыншылықтар жеткілікті. Қазір жоспар үшін тағы да қам жеп жүрміз. Комсомол көшесінде көрікті тоғыз қабатты үйді монтаждауды аяқтап келеміз. Бригада осы объектіге айрықша бір сезіммен ауысты — демек ол біздің есебіміздегі 50-ші үй.

Мұнда өзімізді барлық қырынан көрсетіп, үйді мерзімінде және өте жақсы сапамен тапсырамыз деп ұйғардық. Әйтсе де тағы да оралымсыздықтар басталды. Ұзақ уақыт бетон болмады, мұның өзі жолдастарымызды қиналтып, жұмыс қарқынын бұзды, сосын завод секция блоктарын беру ретін бұзды. Сонда да құрылысшылардың «Правдадағы» хатынан, КПСС Орталық Комитетінің осы мақала жөніндегі қаулысынан кейін сабақтас кәсіпшілер жұмысында оң өзгерістер байқалды.

Бұқаралық-саяси жұмыс та жанданды. Құрылысшылар жиналыста еңбектің озық әдістерін насихаттаудағы үлкен олқылықтар туралы әділетті айтты. Қала құрылысындағы жаңалықтар құрылысшыларға әрдайым мәлім бола бермейді.

Мен осы мақаламда жұмысымыздағы кемшіліктер мен ағаттықтар туралы көбірек айттым. Бүгінгі күнде бұған төзуге болмайтындықтан олар жайлы айтып отырмын. Құрылысшы беделін бұрынғыдан да көтеріп, дәстүрлерімізді көбейте беру керек. Біздің тамаша дәстүрлеріміз бар. Демек коллективіміз көрікті Алматының бейнесін жасауға үлкен үлес қосты. Біз тұрғызған үйлерде жүздеген мың адам тұрады. Егер бүгін кемшіліктер туралы айтсақ—мұндағы мақсатымыз — жаңа қоныстанушыларға еңбегіміз арқылы қуаныш әкелу, республика астанасын бұрынғыдан да көрікті әрі тартымды ету. Бұл үшін біздің әрқайсымыз құрылыстың иесі сезіміне бөленуге тиістіміз.

Digitized by Google

СУАРМАЛЫ АЛҚАП ҚАЙТАРЫМЫ

В. ПЕСОЦКИЙ,
Павлодар совхоз-техникумының мердігерлік жемшөп өндіру бригадасының бригадирі, үгітші

Мен Ертіс бойында жатқан осы алқапта аз-кемі жоқ үшінші он жыл жұмыс істеймін. Төңіректегі соқпақтардың бәрімен жүріп өттім, әрбір төбешік, әрбір жыра таныс. Ал мына танаптың жанынан тоқтамай өте алмаймын. Қазір, қыс қарсаңында ол көдуілгідей көрінеді, басқа алқаптардан ешбір ерекшеленбейді. Сонда да мен үшін осы бірнеше гектар жер өте-мөте қымбат — шаруашылығымызда мелиорацияны осы жерден бастадық.

Павлодар Ертісінде болғандар, әлбетте, Ертіс төңіректегі совхоздар мен колхоздарды асырайтынын, тұтас аудандарға ылғал беретінін біледі. Бірақ адамдар осы байлықты әрдайым дұрыс пайдалана білген жоқ. Су тасыса болды, көктемде ол үйлердің терезесіне дейін көтеріледі, ал кері қайтқанда, танап құрғап қалады, көп өнімді күтпей-ақ қой.

«Біздің жеріміз осындай құмдауыт қой, — деп көбіне реніш білдіретін байырғы тұрғындар. — Мұнда егін қалай өссін?»

Расында да Павлодар жерінің топырағы құмдауыт. Мұнда астық, овощ, жемшөп дақылдарын алу соншалықты оңай емес. Мұндай жағдайда суармалы гектар күшін пайдалана білу керек. Әйтсе де мұны жасауға әзірше бәрі бірдей үйрене алған жоқ.

Совхозымызда бұрын осылай болатын. Суарылатын жерге көлемді алқап бөлінетін, бірақ олар тиісті қайтарымын бермеді. Соның салдарынан шаруашылық жемінің тапшылығын үнемі сезінетін.

Совхоз-техникумның дирекциясы және партия комитеті қалыптасқан жағдайдан шығу жолын іздестіре бастады. Аудандық партия комитетінде, аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестікте ақылдасты. Аудан ұйымдары техникамен, материалдармен көмектесуге уәде етті.

Цифрлар мен фактілер

ӨМІРДІҢ АУҚАТТЫ БОЛУЫ ҮШІН

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумы ұсынған еліміздің азық-түлік қорын тұрақты үдету мақсатында мелиорацияның, мелиорацияланған жерлерді пайдалану тиімділігін арттырудың ұзақ мерзімді программасы еліміздің ауыл шаруашылығын дамытуда жаңа кезеңді ашуда. Оны талдап жасау совет халқының өл-ауқатын өсіру туралы партияның ұдайы қамқорлығы жайлы бейнелейді. «Бүгін, — деді К. У. Черненко жолдас Пленумда.—КПСС қызметінің ең жоғары мақсаты болып табылатын нәрсеге — совет адамдарының тұрмыс дәрежесін ұдайы арттыруға тікелей қатысы бар мәселе қаралып отыр».

◆ Программада еліміз бойынша 1990 жылға дейін мелиорацияланған жерлерден жалпы астық жинауды 32 миллион тоннаға, ал 2000 жылға дейін 50—60 миллион тоннаға, соның ішінде дәндік жүгеріні 18—20 миллион тоннаға дейін жеткізу көзделген. Бұл — қазір осы жерлерден өндірілетін астықтан 2,5—3 есе көп.

◆ Мұнда мәселе оның ауқымында ғана емес, дегенмен олар, Пленумда атап көрсетілгеніндей, өте-мөте көлемді. Істің мәні жерді жақсарту жөніндегі жұмыстың сапалық жағында. Алдағы жылдары өнеркәсіптік негізде ауыл шаруашылығы өнімдерін кепілді түрде өндіретін ірі аймақтар, астықтың, жемшөптің, овощтың өзіндік фабрикаларын жасау белгіленді.

◆ Үстіміздегі ғасырдың соңына дейін еліміздің суармалы және құрғатылған жерлерінің алаңы бір жарым есе ұлғайып, тиісінше 30—32 миллион гектарға және 19—21 миллион гектарға жетеді.

◆ КПСС Орталық Комитетінің 1966 жылғы май Пленумынан кейінгі кезеңде Қазақ ССР-інде 800 мың гектардан астам жаңа суармалы жер берілді, ірі, бірегей су бөгендері мен каналдары салынды. Қазір республикада суармалы жер 2,2 миллион гектарды құрайды. Егістіктің 5 процентін ала отырып, ол ақшаға шаққанда егіншіліктің бүкіл жалпы өнімі мөлшерінің үштен біріне жуырын береді.

◆ Суармалы жерлерді игеру республиканың көптеген аудандарының әлеу-

Digitized by Google

Несі бар, программаны бірлесе орындау оңайға түседі ғой. Әйтсе де біз ең алдымен өз күшімізге, совхоз жұмысшылары мен мамандарына сүйендік. Еңбекті жаңаша ұйымдастыруға, бригадалық мердігерлікке үлкен үміт арттық.

Біздің есептеріміз ақталды. Мердігерлік тәртіпті нығайтты, егіншілердің агротехникалық шараларды орындау, техниканы, тыңайтқышты және басқа материалдық ресурстарды пайдалану үшін жауапкершілігін арттырды.

Мен жоғарыда әңгіме еткен танапта өткен жылы гектарына 400 центнерден сүрлемдік балауса алдық, бұрын ол бұдан екі есе кем беретін.

Үстіміздегі жылғы нәтижелер мейлінше жоғары болды. Сүрлемдік балауса түсімі гектарына 450 центнерден, ал бір жылдық шөп — 150 центнерден асты. Бригадаға бекітілген алқаптан — 843 гектардан — жұмыс істеушілердің аз санымен енді өнімді бесжылдықтың басына қарағанда екі есе көп аламыз.

Нәтижесінде мал шаруашылығының көрсеткіштері де көтерілді: сүт сауумен салмақ қосу көбейді, табындағы мал саны өсіп келеді. Өзгерістер айқын, біз оларды мақтаныш етеміз. Сонда да біз суармалы жерден оның бере алатынының бәрін ала алмай отырғанымызды түсінеміз.

Жемшөп өндіруді молайту, К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумында айтқанындай, ауыл шаруашылығының маңызды міндеттерінің бірі. Біз осы міндетті шешуге тиістіміз.

Пленум шешімдерін талқылай отырып, совхозымыздың еңбеккерлері шаруашылықта бар резервтерді іске қосуға өздерінің басты назарын шоғырландырды. Суарушы Николай Шубин жиналыста жұмысшылардың байқамауынан ылғал мен тыңайтқыштың ысырап болуының бірқатар мысалдарын келтірді. Орақ техникасы жетіспейді, осы машиналардың бірқатары сапасыз жөнделген. Бұл өнім ысырабына соқтыруда. Мұнымен ешбір келісуге болмайды, деді жұмысшы.

Механизаторлар А. Исқақов, Н. Окулов, А. Нұрғозин және басқа жолдастар нақты ұсыныстар енгізді. Олардың бәрі шаруагерлікпен қимыл жасау, жұмыстағы кемшіліктерді батыл жою жайлы айтты. Мәселен, бүкіл шаруашылық алқабын сумен қамтамасыз етуші бас насос станциясы мықтап жөндеуді қажетсінеді. Демек оның бір күнгі кідірісінің өзі көптеген тонна өнімнің ысырабына соқтырады. Әйтсе де оны жөндеу жыл сайын кейінге қалдырылуда, ал уақыт күтпейді ғой.

Қазір агротехникалық шаралардың бүкіл комплексін дер кезінде орындап, танапты жаңа егінге әзірлеу керек. Біз осылай жасаудамыз. Сүдігер жыртуды шаруашылықта бірінші болып аяқтадық. Алдағы өнім егістігіне органикалық тыңайтқышты енгізудеміз. Ол танаптарға өткен жылға қарағанда бір жарым есе көп тасылады. Тракторларды, суару машиналары мен агрегаттарын жөндеуді февральда аяқтаймыз, сөйтіп көктемгі дала жұмыстарын сақадай сай әзірлікпен қарсы аламыз.

Павлодар облысы.

меттік-экономикалық бейнесін өзгертуге жеткізді. Мұнда комплексті түрде 48 жаңа совхоз құрылысы жүзеге асырылды, 2,2 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй, ондаған мектеп, бала бақша мен ясли, аурухана мен поликлиника, клубтар, тұрмыс үйлері мен асханалар берілді. 11 мың километрден астам су құбыры жұмыс істейді.

◆ Ертіс — Қарағанды — Жезқазған каналының бірінші кезегін іске қосу Қарағанды мен Павлодар облыстарының өнеркәсіп орындарын сумен қамтамасыз етті және картоп пен овощ өндіру жөнінен тұрақты база жасады. Оның екінші кезегі іске қосылғаннан кейін су Жезқазғанға келеді, канал аймағында 120 мың гектардай жер суландырылатын болады.

◆ Салынып жатқан Бартоғай су қоймасы мен Үлкен Алматы каналы бірегей құрылыстар болып табылады. Олар қосымша су бөгенін жасамай-ақ оннан астам тау өзенінің су ағысын реттеуді қамтамасыз етеді. Табиғат қорғау шараларын ескеру арқылы объектінің сенімді жұмысы каналды бетонды қаптаумен, 500-ден астам гидротехникалық құрылыс: лайлы суды өткізу, өзен арнасы арқылы көпірлер, дюкерлер, канал астынан құбыр салу т. б. арқылы қамтамасыз етілген. Мұнда елімізде су шаруашылық құрылысы практикасында алғаш рет диаметрі 3 метрлік темір-бетонды қысым құбырлары қолданылды. Каналды іске қосу астаналық облыстың суармалы жерлерін сумен қамтамасыз етуді жақсартуға көмектеседі.

◆ 2000 жылға дейін Қазақстанда суармалы жердің жалпы көлемін 3—3,5 миллион гектарға жеткізу белгіленуде. Сонымен бірге 5 миллион гектардан астам алаңда қазіргі суармалы плантацияларды комплексті түрғыдан қайта құру жүзеге асырылады. Осының бәрі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді үштен біріне көбейтуге көмектеседі. Демек суармалы танаптан картоптың, жемшөптің және басқа дақылдардың жалпы түсімі 3 есе, астық — 2 есе өседі.


◆ Сортаңды жерлерді мелиорациялау республиканың село еңбеккерлері үшін маңызды іс. 1990 жылға дейін осындай 6 миллион гектар жерді ауыл шаруашылығы айналымына қосу қажет.

Digitized by Google

Қарағанды облысы. Қарқаралы ауданы «Первомайский» совхозының механизаторы Нұрбақыт Көбдікәрімова аса үздік қызметі үшін Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Ол СССР Жоғарғы Советінің депутаты. Ол бұдан 15 жыл бұрын өзі бітірген орта мектеп оқушыларын тәрбиелеуге көп күш жұмсайды.

Суретте: атақты еңбеккер пионерлермен кездесуде.

Суретті түсірген В. ПЕТУХОВ (ҚазТАГ).



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҮНДЕУІ

Бұл туралы әңгімелерде айтыңыз

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Солтүстік Қазақстан облысы дықандарының 1985 жылы көктемгі дала жұмыстарына ұйымшылдықпен жоғары сапалы әзірленіп, өткізу жөніндегі республиканың совхоз жұмысшылары мен қызметшілеріне, колхозшыларына, аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің барлық қызметкерлеріне үндеуін мақұлдады.

Облыс егіншілері өз алдарына нақты міндет: **егіншіліктің аймақтық топырақ қорғау жүйесін, прогресті технологияларды неғұрлым творчестволықпен қолдану, егістік жерлердің құрылымын жетілдіру, интенсивті үлгідегі жаңа мол өнімді сорттарды өндіріске енгізу, техниканы, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды тиімді пайдалану есебінен 1985 жылдың астық сатып алу жөніндегі жоспарларын асыра орындаумен қатар пайда болған қарызды барынша өтеу** міндетін қойды.

Жаңа егіннің іргетасы қазірдің өзінде қалануда. Шаруашылықтарда топырақты және пар егістерін өңдеу агротехникалық қолайлы мерзімде жүргізілді. Жоғары сапалы сортты тұқым құйып алынды. Олар қазірдің өзінде бірінші және екінші кластан төмен болмайтын, ал бидай бойынша тек бірінші класты себу кондициясына жеткізілді.

Техниканы дер кезінде әрі сапалы әзірлеуге айрықша көңіл бөлінуде. **Тракторларды, топырақ өңдейтін және тұқым себетін машиналарды 1 апрельге, пішен жинайтын техниканы 1 июньге, комбайндар мен жатқаларды 20 июльге дейін және олардың 70 процентін қысқы кезең ішінде әзірлеуді аяқтау жоспарлануда.**

Қалыптасқан дәстүр бойынша көктемге әзірленуде және егіс жұмыстарын жүргізуде совхоздар мен колхоздарға облыстың өнеркәсіп орындарының, құрылыс, транспорт және басқа ұйымдарының қамқоршылыққа алған коллективтері зор көмек көрсетеді. Петропавл қаласының кәсіпорындары мен аудан орталықтарында, жоғары оқу орындары мен техникумдарда, кәсіптік-техникалық училищелерде, тікелей шаруашылықтарда ұйымдастырылған курстарда 7300 механизатор даярланады.

Солтүстік қазақстандықтар жемшөппен қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі. Жемшөп өсіріп, дайындау ісімен 200 жемшөп өндіретін бригада айналысады, олар жемшөптік ресурстардың бүкіл мөлшерінің 70 процентін дайындайды.

Облыста егін алқаптарының шығымдылығын молайтудың аса маңызды резерві — мелиорациялау ісін одан әрі дамыту жөнінен шаралар қабылдануда. Сәйтіп Есіл өзені мен Сергеев бөгенінің суы толығынан пайдаланылады, ирригация жүйелерін жөндеп, қайта құру жүргізілуде.

Солтүстік Қазақстан облысының еңбеккерлері республиканың барлық егіншілерін совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығын еңбектегі жаңа табыстармен, Азық-түлік программасын жүзеге асырумен, КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумының шешімдерін орындаумен, КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алумен атап өтуге шақырды.

Үндеу мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысы 1984 жылғы 28 октябрьде республикалық және облыстық баспасөзде жарияланды.

Digitized by Google



МЕТОДИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ОРТАЛЫҒЫ

Торғай боксит рудасы басқармасы идеология активінің қатарында бес жүзге жуық адам бар. Оның жұмысына барып бере отырып, партия бюросы саяси оқу кабинетінің және оның жанынан жұмыс істейтін анықтама-информация орталығының көмегіне күнделікті сүйенеді.

Кабинет 1975 жылы құрылды, алғашында ол қоғамдық негізде жұмыс істеді, ал өткен жылдан штатты кабинетке айналды. Осы уақыттың бәрінде оны тәжірибелі насихатшы Л. И. Иванова басқарады, енді ол руда басқармасы партия комитеті секретарының орынбасары. Оның көп күш-жігер жұмсауы арқасында кабинет техникалық және көрнекі құралдарымен жақсы жарақтанды. Қоғамдық-саяси әдебиеттердің көлемді кітапханасы жиналды, ондағы кітаптар 3 мың томнан асады.

Кабинет негізінде анықтама-информация орталығы бірнеше жылдан бері жұмыс істейді. Елдің, республиканың, облыстың, қаланың, еңбек коллективінің экономикалық және әлеуметтік дамуын, социалистік жарыс пен еңбек тәртібінің жайын сипаттайтын материалдар осында жиналып, жүйеленеді.

Бұл үшін төмендегідей қайнарлар: қала мен руда басқармасында жоспар мен міндеттеменің орындалу барысы туралы статистикалық хабар, лекциялардың, партия, совет және шаруашылық қызметкерлері сөздерінің магнитофон жазбалары, жергілікті радио хабарлары, сұрақ және жауап кештерінің жазбалары, мерзімді баспасөздің мақалалары, сондай-ақ саяси оқу кабинетіне түсетін көрнекі құралдар кеңінен пайдаланылады.

Анықтама орталығында халық депутаттары облыстық және қалалық Советтері сессияларының шешімдерімен, руда басқармасы мен тұрғын үйлер ауданында жұмыс істейтін депутаттық топтар материалдарымен танысуға болады. Осының арқасында халық депутаттары Советтері мен қоғамдық ұйымдар жұмысының барынша жариялылығына қол жетеді. Активистер, өз тарапынан, жергілікті өмір мәселелерінде анағұрлым сенімді бағдар ұстайды.

Анықтама-информация орталығында айына бір рет хабар күні өткізіледі. Онда активистер жаңадан түскен материалдармен танысады. Бұл күні сондай-ақ консультациялар, партия, совет және шаруашылық басшыларымен кездесулер ұйымдастырылады.

Тоғыз адамнан тұратын совет анықтама-информация орталығының жұмысына жетекшілік етеді. Оның құрамында есеп пен жоспарлау, материалдарды талдау топтары, сондай-ақ насихатшылар, саяси хабаршылар, лекторлар және үгітшілер секциялары бар.

Руда басқармасы күрделі құрылыс бөлімінің бастығы А. П. Писарев басқарған есеп пен жоспарлау тобы әңгімелер мен саяси хабарлардың үлгі тақырыптарын әзірлеуге көмектеседі, бұқаралық-саяси жұмыстың перспективалық және ағымдағы жоспарларын жасауға қатысады, идеология активінің оқуын ұйымдастырады.

Химия лабораториясының бастығы А. Ф. Малиновская басқаратын талдау тобы анықтама материалдарды жинап, топтаумен айналысады, идеология активімен кездесу кезінде қойылған сұрақтарды талдайды. Материалдар саяси хабарландырудың төрт бағыты бойынша жүйеленеді. Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығы құрметіндегі және бесжылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа арналған папкаларға аса бай материалдар жинақталған. Біртектес кәсіпорындарда бригадалық мердігерлікті енгізу тәжірибесін ашатын материалдар білікті іріктеледі. Бұл бөлімді партия бюросының тапсыруы бойынша коммунистер — руда басқармасы еңбек және жалақы бөлімінің қызметкерлері жүргізеді.

Анықтама-информация орталығында түрлі мәселелер бойынша баспасөзде жарияланған мақалалардың көрсеткіш картотекасы жүргізіледі, диафильмдер тізімі бар. Маңызды даталар мен оқиғаларға арналған кітап көрмелері жүйелі ұйымдастырылады. Анықтама-информация орталығы советінің жұмыс жоспары, лекциялар мен саяси хабарларды өткізу графиктері арнаулы стендке ілінеді. Коллективтегі идеология жұмысының тәжірибесіне арналған стенд те осында қойылады.

Анықтама-информация орталығының беделі өсіп келеді. Апта сайын 30-40 активист оның көмегін пайдаланады, олар

Digitized by Google

көптеген мәселелер бойынша бірден жауап табады.

Совет руда басқармасының цехтары мен учаскелерінің тым бытыраңқы орналасуын да ескереді. Цехтық партия ұйымдарына жіберілетін методикалық талдаулар мен бағдар-анықтамалар идеология активіне жақсы көмектеседі. Олар екі-үш беттен аспайды және активке сол сәтте қажетті оперативті материалдар болады. Оны қайсыбір кезде пайдалануға болады. Үгітшілер мен саяси хабаршылар, насихатшылар телефон арқылы консультация ала алады. Бұл арада әңгіме мен саяси хабар кезінде еңбекшілер қойған сұрақтар туралы сөз болып отыр. Жақсы жолға қойылған бұқаралық-саяси жұмыс коллективтегі моральдық-саяси ахуалға айтарлықтай әсер етеді, еңбек пен қоғамдық істерде кеншілер белсендігінің өсуіне оңды ықпал жасайды.

Облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі руда басқармасы анықтама-информация орталығының тәжірибесін мақұлдап, оны облыстың партия ұйымдарына таратуды ұсынды.

К. КӘМӘЛИЕВ,
Қазақстан Компартиясы Торғай облыстық комитеті саяси оқу үйінің меңгерушісі.

Идеология жұмысының хроникасы

Петропавл. Саяси хабаршылар топтары мен үгіт коллективтері жетекшілерінің облыстық семинары қоғамдық мал шаруашылығында қыстаманы ұйымшылдықпен өткізу, ферма өнімдерін өндіруді үдету міндеттеріне арналды. Онда облыстық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі С. М. Пресняков, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары В. Н. Паращенко, облыстық кәсіподақ советінің секретары Т. Б. Шатковская баяндамалар жасады. Семинарға қатысушылар Солтүстік Қазақстан мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының тәжірибе шаруашылығы малшылар үйінің жұмысымен, осы коллективтегі бұқаралық-саяси жұмыс тәжірибесімен танысты.

Шымкент. Мұнда қарсы насихат мәселелері жөнінен облыстық семинар болды. Онда Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің секретары К. Т. Әліпова баяндама жасады.

Партия және комсомол қызметкерлері, ғалымдар семинарда жұмыстың түрлі бағыттары мен формалары туралы айтты. Семинарға қатысушылар қоғамдық-саяси фильмдер клубының алғашқы мәжілісінде болды.

Орал. Трикотаж фабрикасында Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арналған еңбек пен мәдениет эстафетасын тапсыру өтті. А. С. Пушкин атындағы Орал педагогика институты оны фабрика коллективіне тапсырды.

Институт ректоры Е. Ақелеуов онбірінші бесжылдық жылдарында институт жетістіктері, коллективтің ұлы Жеңісті атап өтуге қалай әзірленіп жатқаны жайлы айтты.

Фабрика директоры Л. Машняга мен пішуші В. Шмелева жауап сөздерінде жарыстың қалай өтіп жатқаны, еңбек сайысының шамшырақтары жайлы айтты.

Студенттік көркемөнер коллективі концерт қойды, ал фабрика қызметкерлері трикотаж бұйымдарының жаңа модельдерін көрсетті.

Жезқазған. № 4 орта мектепте «Собеседник» қоғамдық-саяси клубының алғашқы мәжілісі болды. Клубтың мақсаты — жоғары класс оқушыларының СССР саясатын, халықаралық өмір проблемаларын терең оқып үйренуіне көмектесу, жігіттер мен қыздарды коммунистік наным рухында тәрбиелеу.

Мәжілісте облыстық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі К. К. Байшуманова «Жастар және идеологиялық күрес» тақырыбында әңгіме өткізді.

Мұндай клубтар басқа мектептерде, техникумдарда, кәсіптік-техникалық училищелерде құрылуда. Сонымен бірге партия, совет, комсомол басшыларының, өндіріс мамандары мен озат жұмысшылардың оқушылар алдында әңгімелер өткізіп, лекциялар оқуы қарастырылуда.

Қарағанды. Жаңа Қарағанды машина жасау заводында «Атеизм және дін» тақырыбына сұрақ және жауап кеші болды. Кездесуге кәсіпорынның партия комитеті завод еңбеккерлерімен бірге мемлекеттік университеттің, медицина институтының ғалымдарын, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясы Ғылыми атеизм институтының тірек пункті активистерін шақырды.

Digitized by Google

Халықтың еркімен құрылған

СОВЕТ АДАМДАРЫ 30 декабрьде Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылған күнін атап өтеді. Бұдан 62 жыл бұрын нақ осы күні Советтердің Бүкілодақтық I съезі СССР-дің құрылуы туралы Декларацияны қабылдап, одақтық шартты бекітті.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының дүниеге келуі лениндік ұлт саясатының шеруі болды және бүкіл дүние жүзілік тарихи маңызы болды. Бұл оқиға «сөз жоқ,—деп атап көрсетті К. У. Черненко жолдас,— адамзаттың жаңа тарихындағы ең жарқын және маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. ССР Одағының дүниеге келуіне Россияның халықтарын әлеуметтік және ұлттық езгіден азат еткен Ұлы Октябрь социалистік революциясы жол ашып берді. Жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш көпұлтты мемлекетінің қалыптасу тәжірибесі бүгінгі таңда әлеуметтік прогресс жолындағы көптеген күрескерлер үшін өзіндік бір жарық жұлдыз болып буырқанған күрделі XX ғасырдың істеріне терең ықпал жасап келеді».

ССР Одағының қалыптасуы Коммунистік партияның басшылығымен жұмысшы табы бастаған бұқараның революция творчествосының нәтижесі болды. Советтік республикалардың тығыз одағының қажеттігін түбегейлі негіздеген В. И. Ленин көпұлтты мемлекетіміздің сәулетшісі болды. Владимир Ильич 1920 жылдың өзінде-ақ советтік республикаларды экономикалық жағынан тығыз жақындастыру қажеттігін атап көрсетті, онсыз өндіргіш күштерін қалпына келтіру және еңбекшілердің әл-ауқатын қамтамасыз ету мүмкін емес еді.

Көсеміміз тұжырымдаған тәуелсіз республикаларды біріктіру принциптері тең праволылық және ССР Одағына еркін ену, Одақтан ерікті түрде шығу правосы, оған жаңа социалистік республикалардың енуі СССР Советтерінің Бүкілодақтық I съезі қабылдаған тарихи документтер негізіне алынды.

Советтік республикаларды біріктіру олардың күшін молайтты, әр республиканың және тұтасынан бүкіл еліміздің дамуын жеделдетті. Сонымен бірге ол Совет Одағын халықаралық капитализмнің қол сұғуына қарсы алынбас қамалға, бейбітшіліктің демократия мен прогрестің сенімді тірегіне айналдырды.

СССР-дің қалыптасып, дамуына барлық ұлттар мен халықтар, ең әуелі ұлы орыс халқы өз үлесін қосты. Ұлы Отан соғысы Совет Одағының беріктігінің, өміршең күшінің және мызғымастығының қатал сыны болды, совет адамдары Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығын алдағы жылы атап өтеді.

Бүгінгі таңда ССР Одағы — бұл 53 ұлттық-мемлекеттік құрылым: 15 одақтас және 20 автономиялы республика, 8 автономиялы облыс пен 10 автономиялы округ. Елімізде жүзден астам халық, ұлт және этникалық топ біртұтас ұйымшыл семьяда жаңа қоғамды құруда.

СССР-дің алты он жыл ішінде өткен жолы — бұл экономиканың барлық саласында, социалистік қатынастарда, мәдениетте аса үздік жетістіктермен аталған тұтас дәуір. Кемелденген социалистік қоғамды орнату біздің ұлттарымыз бен халықтарымыздың бәрінің бірлескен қызметінің ұлы қорытындысына айналды. Бүгінде ол қоғамдық прогрестің асқақ жетістігін бейнелейді. Біздің елімізде совет халықтарының достығы мен туысқандығының ұлы идеялары, социалистік интернационализм идеологиясы шексіз билік жүргізуде. Адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы— совет халқы қалыптасты. Ұлттардың жақындасу процесі өтуде. Бұл процесте жұмысшы табы шешуші күш болуда, ал оның қоғам дамуына жасар ықпалы үнемі өсіп келеді.

Совет қоғамының өмірінде болған аса елеулі өзгерістер, біздің мемлекетіміздің демократиясы СССР Конституциясында және одақтас, автономиялы республикалардың конституцияларында өз көрінісін тапты. Оларда барлық ұлттар мен халықтар үшін социалистік өмір укладының ортақ түбегейлі қондырмалары баянды етілді, республикалардың суверенді праволарының кепілдігі күшейтілді. Жалпы халықтық міндеттерді шешуде олардың ролі арттырылды.

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ алғашқы күнінен-ақ Коммунистік партия мен мемлекет халықтары революцияға дейін қасырлық мешеулікке ұшыраған ұлттық аймақтарды жедел дамыту бағытын дәйектілікпен жүргізді. Егер 20-шы жылдардың орта тұсында орталық пен шет аймақтар экономикасы арасындағы қатынас 36:1 болса, социализмнің материалдық-техникалық базасын жасауға орай бұл алшақтық жойылды.

1923—1982 жылдары тұтасынан еліміз бойынша өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 528 есе көбейді. Осы тұста ол Белорус-

30 декабрь — СССР-дің құрылған күніне.

Digitized by Google

сия мен Қырғызстанда 700 еседен астам, Тәжікстанда — 900 еседей, Қазақстанда — 900 еседен астам, Арменияда — 1000 еседен астам өсті. Еліміздің барлық халықтарының қалтқысыз көмегіне сүйеніп, бұрынғы ұлт аймақтарының халықтары капитализмге соқпай-ақ социалистік қоғамға сеніммен қадам жасады.

Әр республикада мәдениет, оқу, ғылым шарықтап гүлдеуде. Сауатсыздық патшалық Россияның ең ауыр мұраларының бірі болды. Революцияға дейін төрт бала мен жасөспірімнің әрбір үшеуі тіпті бастауыш мектепке бара алмады. Орта, оның үстіне жоғары білім халықтың тек мүлікті жіктеріне ғана дерлік тиесілі болды. Ұлттық аймақтарда сауатсыздық деңгейі өте-мөте төмен еді. Сауаттылар қырғыздар арасында 0,6 процент, түркмендер арасында — 0,7, өзбектер арасында — 1,6, қазақтар арасында — 2 процент құрады. Қырықтан астам халықтың тіпті өзінің жазу мәдениеті болмады. В. И. Ленин 1913 жылы күйіншпен былай деп жазды: «Оқу, көз ашу және білім алу мағынасында алғанда халық бұқарасы осынша жұрдай болған мұндай тағы елдің мі не, осындай елдің Европада Россиядан басқа біреуі де қалған жоқ».

Енді совет халқын дүние жүзіндегі аса білімді халық деп есептейді. 1983 жылғы 1 январьда тұтасынан СССР бойынша халық шаруашылығында істейтін әр мың адамнан 858 адамның, ал Өзбекстанда— 899, Қазақстанда — 859, Грузияда — 895, Қырғызстанда — 858, Түркменстанда — 879 кісінің жоғары және орта білімі болды. Өнеркәсіпте 1936 жылмен салыстырғанда жоғары білімді мамандар саны 34 есе, ауыл шаруашылығында — 47 есе өсті. Қазір жүзеге асырылып жатқан жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасы жеткіншек ұрпақтың жан-жақты және үйлесімді дамуы, бүкіл қабілеті мен дарынының ашылуы үшін жаңа мүмкіншіліктерді ашады.

Мәдениеттің шарықтап гүлдеуі жайлы мынадай факті иланымды әңгімелейді; бізде жыл сайын екі миллиард дана жалпы тиражбен 83 мыңнан астам кітап пен кітапша шығады. Совет өкіметі жылдары ішінде СССР халықтарының 89 тілінде кітап басылды.

Мұндай фактілерді жалғастыра беруге болады. Біздің бүкіл ақиқатымыз КПСС Орталық Комитетінің «Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылуының 60 жылдығы туралы» қаулысында айтылған пікірді иланымды түрде қуаттайды: «Ұлттар мен халықтардың жан-жақты дамуы үшін өте қысқа мерзім ішінде көп іс тындырған біздің барлық халықтарымыздың социалистік Отаны — СССР-дей мемлекетті тарих естіп білген емес».

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ СССР-дің туысқан халықтарының семьясында зор табыстарға жетті. «Қазақстан, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас,— Ленин және Ұлы Октябрь бағытымен феодалдық орта ғасырлық деңгейден социалистік прогресс шыңдарына самғап өтті. Республикамыздағы келелі өзгерістердің динамикасы мен өрісінің ғажайып үлгілері шын мәнінде шексіз. Бүгінгі таңда кешегі көшпелілердің немерелері — диқандар мен малшылар, құрылысшылар мен металлургтер, геологтар мен машина жасаушылар, түрлі кәсіптің және түрлі жастағы адамдар Советтік Қазақстанның сарқылмас байлығын еліміздің халық шаруашылығына қызмет етуге қоюда.

Бүгінде республика индустриясы небары бір күн ішінде бүкіл 1922 жылы шығарылған өнімнен 2,5 есе көп өндіреді.

КПСС XXVI съезі мен Қазақстан Компартиясы XV съезінің шешімдерін жүзеге асырудың нәтижесінде оның индустриалдық потенциалы мейлінше қуатты бола түседі. Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде жүздеген өнеркәсіп орыны, жекелеген өндіріс салынды. Олардың ішінде Екібастұз № 1 ГРЭС-інің аса қуатты агрегаттары, Қазақстан Магниткасының бірегей қаңылтыр-прокат цехы, Павлодар мұнай айыру заводы, социалистік индустрияның басқа алыптары бар.

Еліміздің астықты өлкесі және ірі мал шаруашылық базасы болып есептелетін республикамыздың ауыл шаруашылығы жоғары механикаландырылған ірі салаға айналды. Бір ғажабы сол, қазіргі уақытта Қазақстанда 100 гектар егістікке шаққанда энергиямен қаруланы жалпы одақтық көрсеткіштен екі есе асып түседі. Бұл революцияға дейін қол еңбегі селолық тұрғындар еншісі болған өлкеде жасалып отыр. Совет халқының ұлы ерлігі — тың және тыңайған жерлерді көтеру республиканың ауыл шаруашылығының және оның экономикасының барлық басқа салаларын дамытуға игі ықпал етті. «Тыңға шабуыл,— деп атап көрсетілді үстіміздегі жылы тың эпопеясы 30 жылдығының аталуына байланысты КПСС Орталық Комитетінің құттықтауында.—шын мәнінде бүкілхалықтық іс.барлық одақтас республикалар еңбекшілерінің туысқандық достығы мен интернационализмінің жарқын көрінісі болды. Тыңның мол астығы жолындағы шайқаста коммунистер алдыңғы сапта жүрді. Тың Ленин комсомолының жүздеген мың өкілдері үшін азаматтық пен патриотизмнің, еңбек тәрбиесі мен идеялық адамгершілік тәрбиенің тамаша мектебіне айналды».

Даңқты тың дәстүрлерін жалғастыра отырып, қазақстандықтар бүгінде барлық республикалардың өкілдерімен бір-

Digitized by Google

ге Қаратопырақсыз аймақты және Батыс Сібірдің мұнай байлығын игеру, БАМ құрылысы, территориялық-өндірістік комплекстер жасау, Азық-түлік және Энергетика программаларын жүзеге асыру сияқты бүкілхалықтық үлкен істерге қатысуда.

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумының шешімдерін және ол ұсынған жерді мелиорациялаудың ұзақ мерзімді программасын жүзеге асыру барлық совет адамдарының төл ісіне айналды.

СОВЕТТЕР ЕЛІНІҢ, оны құрайтын әр республиканың табыстары планетамыз еңбеккерлері үшін оның келешекке қарай жолына нұр шашушы шамшырақ қызметін атқарады. М. И. Калининнің Советтердің Бүкілодақтық I съезінің трибунасынан оның делегаттары халықтар достық пен туысқандықта өмір сүре алатын «туысқандық өмірдің алғашқы тасын» қалады деген сөзін тарих тамаша түрде қуаттап берді.

Біздің таптық қарсыластарымыз нақты социализмнің тартымды күшін әлсірету үшін қаржы аяр емес. СССР туралы ақиқатты жасыра алмайтын болғандықтан олар республикаларымыздың ұлы жетістіктерінің себептерін түрліше бұрмалайды — біресе оларды XX ғасырдың қайдағы бір жалпыға бірдей «социологиялық заңдарының» іс-қимылының, яғни бүкіл дүние жүзінде өтіп жатқан индустриализация прогресінің нәтижесі деп жариялайды. Енді бірде дәлелденбейтін «дәлелдерді» ойлап шығарады. Әйтсе де жер бетінің көптеген халықтары неліктен қазірде де революцияға дейінгі Россияның бұрынғы отар аймақтары болған әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесінде қалып отырғаны туралы мәселе жөнінде жұмған ауыздарын ашпайды. Сондай-ақ бүгінде капитализм дүниесінде 800 миллионнан астам сауатсыз адам бар екені, адамзаттың үштен екісіне жуығы аштық пен жетімсіздік шегінде тіршілік ететіні туралы мәселені қасақана бүркемелейді.

Бұл сұрақтардың жауабы біреу: халықтардың артта қалушылығы мен мұқтаждығына капитализм және оның таптық-ұлттық езгісінің қатал жаныштағышы кінәлі, социализм ғана әр халықтың прогресінің көлемді перспективасын ашуға қабілетті.

БІЗ толық негізде былай дейміз: совет халықтарының лениндік достығы мен өзара көмегі — еліміздің күші мен қуаттылығының сарқылмас қайнары, прогрестің қуатты тездеткіші. Осыны ұғынушылықтың өзі совет адамдарына патриоттық және интернационалдық тәрбие берудің бірінші кезекті маңызын көрсетеді. Біздің партиялық насихатымыз, бүкіл өмір салтымыз СССР-дің әр азаматының ұлттық қасиетін сыйлауға, совет адамдарын біртұтас ұлы Отанымызға деген сүйіспеншілік рухында, басқа елдер еңбекшілерімен туысқандық ынтымақ рухында тәрбиелеуге үйретеді.

Жұмысты осы бағытта жүргізе отырып, «интернационализм құрғақ сөздерден емес, ынтымақтастық сөздер айтудан емес, қарарлардан емес, істен көрінеді» деген лениндік қағиданы терең ашу қажет.

Жоғары өнімді еңбек, әр адамның бүкіл ел мүддесі туралы қамқорлығы біздің ілгері қарай қозғалысымыздың қуатты двигателі. Қазақстанның материалдық өндірісінде басқа республикалардың 90 саласының өнімдері пайдаланылады. Сонымен бірге Қазақ ССР-і советтік республикалардың 63 саласына өнім береді. Осындай интенсивті өндірістік-экономикалық байланыстар өндіріс құралдарын, жұмыс уақытын, шикізаттарды, материалдарды ұтымды пайдалану, өнім беру жоспарын тиянақты орындау үшін әр еңбек коллективі мен әр еңбеккерге жоғары жауапкершілік жүктейді. Демек, біздің елімізде құрылған біртұтас халық шаруашылығы комплексі жарғайында өндірістік бір учаскелегі немесе бір аймақтағы іркіліс кейде көптеген басқа кәсіпорындардың, тіпті тұтас салалардың залал шегуіне соқтырады. Демек бүгінде жоспарлы тапсырманы мүлтіксіз орындау біздің патриоттық және интернационалдық парызымызбен, бүкіл ел мен оның әр республикасының гүлденуі туралы қамқорлықпен тікелей байланысты.

Үстіміздегі жылдың мәресі, сондай-ақ бесжылдықтың алдағы аяқталар жылы партия мен халықтың КПСС-тің кезекті XXVII съезіне практикалық әзірлігімен түспа-түс келеді. «Съезге әзірлене отырып, — деп атап көрсетті К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумында,— партия еңбекшілердің күш-жігерлерін үстіміздегі жылдың және бүкіл бесжылдықтың жоспарларын ойдағыдай аяқтауға шоғырландыруда. Үстіміздегі жылдың қорытындылары жаман болмас деп қазірдің өзінде айтуға болады. Халық шаруашылығы одан әрі қарқын алуда, сапалы көрсеткіштер жақсаруда, совет адамдарының тұрмыс дәрежесі де арта түсуде».

Сан миллион совет адамдары өзінің көпұлттық мемлекетінің кезекті жылдығын қарсы ала отырып, «Жылды екпінді аяқтаймыз!» девизімен еңбек етуде. Бүгінгі еңбек асуларынан еліміздің ертеңгі, мейлінше жарқын күні туындауда.

Digitized by Google

СОВЕТТЕР—ХАЛЫҚТЫҚ ӨКІМЕТ

Социалистік демократияны дәйекті түрде кеңейтіп, тереңдете беру — совет қоғамының саяси системасын дамытудың басты бағыты. Осы игі процесс Коммунистік партияның басшылығы арқылы жүзеге асырылуда.

Халық депутаттарының Советтері еліміздің халықтық өкіметтің еркін білдіреді. 1905—1907 жылдарғы революция барысында алғашқы Советтердің дүниеге келгеніне алдағы жылы 80 жыл толады. Олар қарулы көтерілістің бұқараның революциялық творчествосы құрған органы ретінде, «халықтың өзіндік творчествосының жемісі ретінде, ...халықтың талап-жігерінің көрінісі ретінде» дүниеге келді (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 12 том, 332—333 беттер). Жұмысшы ортасында дүниеге келіп, Советтер кемелденген социализм қоғамында бүкіл халықтың ұйымына айналды.

Советтер — мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қасиеттерін қабыстырған аса өкілді де бұқаралық ұйымдар. Оларда демократиялық мемлекеттік негіз өздігінен басқарудың қуатты бастауымен бірігеді.

Мемлекеттің саяси негізі бола отырып, Советтер мен олар құрған органдар бүкіл мемлекеттік, шаруашылық және әлеуметтік-мәдени құрылысқа, қоғамдық өмірдің барлық жүйесіне басшылық жасайды, заң шығару, басқару және бақылау қызметін атқарады.

КПСС В. И. Лениннің Советтерді еңбекшілер үшін ғана емес, сондай-ақ еңбекшілер арқылы да жұмыс істей алатын мемлекеттік басшылық органдарына айналдыру туралы нұсқауын дәйектілікпен жүргізіп келеді. Қазір бұл міндет негізінен шешілді деп толық правомен айтуға болады, деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумында. Ондаған миллион совет адамдары Советтерде мемлекетті басқару мектебінен өтеді.

Советтер өкілдігі ұдайы кеңейтілуде. СССР-дің Жаңа Конституциясы қабылданғаннан кейін бұл процесс өте-мөте елеулі болды.

Еліміздің мемлекеттік өкімет органдарының біртұтас жүйесі қазір селолық, ауылдық және поселкелік Советтерден бастап, СССР Жоғарғы Советіне дейін барлық деңгейдегі 61,7 мыңнан астам Советті біріктіреді. Олардың құрамында 2,3 миллион депутат жұмыс істейді, олардың арасында жұмысшылар мен колхозшылар 69,2 процент құрайды.

Халықтың барлық жіктерінің жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте сайлау правосы негізінде оларды құруға қатысуы Советтерге тән маңызды қасиет болып табылады. Мәселен, онынші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауына 8.595 мың сайлаушы (99,99 процент) қатысты. Депутаттыққа кандидаттар үшін сайлаушылардың 99,95 проценті дауыс берді. Қазақ ССР Жоғарғы Советіне 510 депутат: 221 жұмысшы (43,3 процент), 34 колхозшы (6,7 процент), 182 әйел (35,7 процент), 336 КПСС мүшесі мен мүшелікке кандидаты (65,9 процент), 174 партияда жоқтар (34,1 процент) сайланды. Республика Жоғарғы Советінде Қазақстанда тұратын халықтың барлық жіктері мен ұлттары қамтылған.

СССР-дің жаңа Конституциясы қабылданғаннан кейін Қазақстанда жергілікті Советтердің сайлауы екі рет өткізілді. 1980 жылы онда 125 622 депутат, ал 1982 жылы — 128 365 депутат сайланды. Қазіргі сайланған жергілікті Советтерде 87 951 жұмысшы мен колхозшы, 53 885 КПСС мүшесі мен мүшелікке кандидат, 74 480 партияда жоқ адам бар. Советтер құрамының өзі социалистік құрылыстың түбегейлі демократиялылығы — мемлекет қанаушы таптар құралы ретінде қимыл-әрекет жасайтын буржуазиялық қоғам жағдайында мүлдем мүмкін емес демократия туралы барлық сөзден де әсем баяндайды.

Советтердің халықтың түрлі жіктерімен жанды әрі мықты байланысын нығайтуда депутаттар құрамын мезгіл-мезгіл жаңарту принципі маңызды роль атқарады. Мүмкіндігінше еңбекшілердің көпшілігінің басқару өнерін үйренуіне жергілікті Советтер депутаттарын қайта сайлау бағытталған. Өткен сайлауда Қазақ ССР Жоғарғы Советі депутаттары құрамының 70,4 проценті жаңарды, 1982 жылы сайланған жергілікті Советтер депутаттарының 50,5 проценті бұған дейін оның құрамына сайланбаған еді.

Мемлекеттік өкіметтің жоғары органы ретінде Қазақ ССР Жоғарғы Советі СССР Конституциясымен республика қарауына енгізілген мәселелердің бәрін шешуге праволы. Ол социалистік қоғамдық қатынастарды одан әрі жетілдіру міндеттеріне сәйкес еңбеккер мүддесі үшін өз өкілдігін жүзеге асырады. Заңдар қабылдау оның қызметінің маңызды қасиеті болып табылады. Онынші сайланған сайлаудан бергі уақытта ол республикада демократиялық институттарды дамытуға бағытталған 30-дан астам заң, сондай-ақ Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының ондаған нормативті указдары мен қаулыларын қабылдады.

Одақтас республикалардың Жоғарғы Советтері, олардың органдары өз территориясында басшылық жасауды жүзеге асырып, басқару және бақылау қызметін күшейтті. Республика Жоғарғы Советінің сессияларында, оның Прези-

Digitized by Google

СССР-де бүкіл өкімет билігі халықтың қолында.
Халық мемлекеттік өкімет билігін СССР-дің саяси негізі болып табылатын халық депутаттарының Советтері арқылы жүзеге асырады.
Басқа мемлекеттік органдардың бәрі халық депутаттары Советтерінің бақылауында болады және соларға есеп беріп отырады.

СССР Конституциясынан
(Негізгі Заңынан).

диумының мәжілістерінде, тұрақты комиссияларында экономикалық және әлеуметтік даму жоспарлары, үкіметтің, министрліктер мен ведомстволардың конституциялық қағидаларды жүзеге асыру туралы, жоспарлы тапсырмаларды орындау барысы, аманаттарды орындау, мемлекеттік тәртіпті нығайту туралы т. б. баяндамаларын жүйелі талқылайды.

Өткен жылы республикамыздың барлық деңгейіндегі Советтерінде барлығы 17 мыңдай сессия өткізілді, оларда өмірдің барлық саласына тікелей байланысты 45 мың мәселе қаралды.

Депутаттардың саяси белсенділігі үнемі өсіп келеді, мұның өзі Советтердің экономика мен мәдениетті көтеруге жасар ықпалын күшейтуге көмектесуде. 1983 жылы жергілікті Советтердің сессияларында ғана 82 мыңнан астам депутат сөз сөйледі. Олар жыл сайын 3 мыңға жуық сұрау қояды, олардың совет заңдары мен қабылданып жатқан шешімдерді сақтауға бақылау жасауға қатысы бар. Депутаттар Советтердің тұрақты комиссияларының құрамында үлкен жұмыс жүргізеді.

Советтер қызметінде сайлаушылар аманатымен жұмыс істеу маңызды орын алады. Бұл социалистік демократияның нақты көріністерінің бірі. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттарына ғана 2 мыңнан астам аманат берілді. Олардың бір жарым мыңнан астамы орындауға қабылданды. Республиканың соңғы сайланған жергілікті Советтері 100 мыңға жуық аманат қабылдады. Сайлаудан кейінгі бір жарым жыл ішінде олардың 60 мыңнан астамы орындалды. Аманаттар бойынша мектептер, ауруханалар, клубтар, магазиндер, асханалар салынды, елді мекендер территориясы көркейтілуде, транспорт, сауда жұмысы жақсартылуда, мемлекеттік органдар қызметі жетілдірілуде, заңдылық нығайтылуда.

Халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы жаңа заң экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларын жасап, жүзеге асыруда, оларға бағынышты ұйымдар қызметіне бақылау жасауда олардың правосын ұлғайтты. Жоғары орындарға бағынышты кәсіпорындар жұмысына байланысты мәселелер Советтердің сессиялары мен атқару комитеттерінің мәжілістерінде жүйелі талқыланады. Республиканың барлық облыстарында, қалалары мен аудандарында, кәсіпорындары мен совхоздарында 1981 — 1985 жылдарға және 1990 жылға дейінгі кезеңге арналған экономикалық және әлеуметтік дамудың комплексті жоспарлары қабылданды, олар халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық саласын ойдағыдай дамытуға, резервтер мен мүмкіндіктерді мейлінше тиімді пайдалануға, халықтың әл-ауқатын арттыруға көмектесуде. Мәселен, Павлодар облысының жергілікті Советтері одақтық және республикалық бағыныстағы өнеркәсіп, құрылыс және басқа кәсіпорындар жұмысшылары мен қызметкерлерінің қажеттілігін қарап, келісті. 2000-шы жылға дейінгі тұста облыста өндіргіш күштерді дамытып, орналастыру схемасы жасалды.

Соңғы жылдары жергілікті бюджеттің кіріс базасын нығайту жөнінен шаралар қабылданды. Одақтық және республикалық бағыныстағы кәсіпорындардың аса тиімді жаңа өнімдер мен мемлекеттік Сапа белгісі бар өнімдерді өткізуден алынған қосымша кірісінің 10 проценті енді оларға берілуде. Сондай-ақ, Советтердің территориясында орналасқан су шаруашылығы жүйелерінен өнеркәсіп орындары алатын су төлемдерінің жартысы беріледі. Бұл ресурстар мәдени-тұрмыстық, медициналық қызметті жақсартуға, халық ағартуды дамытуға байланысты т. б. түрлі жұмыстарды қаржыландыруға жұмсалуда.

Бүгінде барлық деңгейдегі Советтер қызметіндегі басты бағыт — қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық міндеттерін шешуде олардың ролін, ықпалы мен беделін күшейту. Бұл бағытта атқарылып жатқан істер аз емес, әйтсе де көптеген мүмкіншілік әзірше толық пайдаланылмайды. «Барлық буындағы Советтер, олардың атқару комитеттері, тұрақты комиссиялары, депутат топтары мен активі, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIV пленумында жасаған баяндамасында, — нақты экономикамен және қоғамдық өмірмен қазіргіден әлдеқайда жақсырақ шұғылдануға, өздерінің территориясында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, шаруашылықтардың қызметін дәлірек үйлестіріп, жұмыс стилі мен әдістерін үнемі жақсартып отыруға тиіс. Мұның әсіресе Азық-түлік программасын, жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасын жүзеге асыру, көпшілік қолды товарлардың сапасы мен түр-түрін,

Digitized by Google

тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылысты, қызмет көрсету саласын жақсарту, халықтың праволық мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық право тәртібі мен социалистік заңдылықты нығайту мәселелеріне қатысы бар».

Осы міндеттердің бәрін шешуге партия комитеттері жан-жақты көмек көрсетуде. Коммунистік партия Советтерге басшылық жасай отырып, партия және совет жұмысын дәлме-дәлдікте шектеуді жүргізеді, мемлекеттік өкімет органдары жұмысының тиімділігін арттыру, олардың бұқарамен байланысын жан-жақты нығайту туралы қамқорлық жасайды. КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумының шешімдері мұның жарқын үлгісі қызметін атқарады. Пленумда қабылданған «Халық депутаттары Советтерінің жұмысын одан әрі жақсарту туралы» қаулыда Советтердің, қоғамымыздың бүкіл саяси системасының бай мүмкіндіктерін мемлекеттік істерді басқаруға, еліміз өмірінің барлық проблемаларын шешуге еңбекшілердің қалың бұқарасын одан әрі тарту жөнінен барынша пайдаланудың кең программасы белгіленді. «Советтердің заң шығарушылық қызметі де, атқарушылық қызметі де, бақылаушылық қызметі де бұқараның күш-жігерін ұйымдастырып, дамытуға қызмет етуге тиіс, — деп атап көрсетті К. У. Черненко жолдас он бірінші сайланған СССР Жоғары Советінің бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде. Мұның өзі еңбекшілердің мүдделеріне, талап-тілектеріне көбірек назар аударуды да, Советтердің жұмысында, өкінішке қарай, әлі де кездесетін формализмді, жаттандылықты дәйектілікпен жоюды да талап етеді.

Егер КПСС XXVI съезінің және Орталық Комитеттің одан кейінгі Пленумдарының нұсқауларын басшылыққа ала отырып, біз таяудағы болашаққа арнап өзіміздің алдымызға мынадай негізгі міндет қойсақ, дұрыс болар деп ойлаймын:

Советтердің конституциялық праволарды толық дәрежесінде пайдалануы үшін, біздің халықтық өкімет органдары еңбекшілердің халық шаруашылығын, қоғамның, мемлекеттің барлық істерін басқаруға мейлінше белсенді, саналы, мүдделі қатысуын қамтамасыз етуі үшін табандылықпен күш салу керек».

Бұл Коммунистік партия Советтердің басты назарын шаруашылық және мәдени құрылыстың барлық учаскелеріне басшылық жасауды жақсартуға, басқару органдарына қойылатын талапты күшейтуге, бұқараның инициативасы мен творчествосын белсенді пайдалануға шоғырландырып отырғанын бейнелейді.

Ғ. САПАРҒАЛИЕВ,
заң ғылымдарының докторы, профессор.

Өмірге енген жаңа ғұрыптар

Семья мықты болса держава да мықты

Бұл сөздер сентябрьде демалыс күндерінде Никольск қаласында өткен советтік семья мерекесінің өзіндік ұранына айналды.

Мереке түрлі бұқаралық шараларды қамтыды. Бұл — көркемөнер коллективтерінің концерті, «Папам, мамам және мен — спортшылар семьясымыз» жарысы, үй шаруашылығындағы әйелдер конкурсы, қаланың байырғы тұрғындарымен, құрметті азаматтарымен кездесулер. Сондай-ақ, фотоконкурстар, әдебиеттер көрмесі, «Бәрі үй үшін, семья үшін» деген күзгі жәрмеңке, мамандардың «Семьядағы өзара қарым-қатынас» мәселелері жөніндегі әңгімелері мен консультациялары, жас семьялардың демалыс кештері өткізілді. Көшелер, стадиондар, үгіт алаңдары, скверлер мен парктер мерекеге қатысушылар іс-қимылының сахнасына айналды. «Юность» стадионында өткен «Сенің абыройың мен даңқың арта берсін, советтік семья!» деген ойын-сауық көрінісі мерекенің басты оқиғасы болды. Ол совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына арналды.

Қала тұрғындары Бимағанбетовтердің, Бобковтардың, Шнайдмиллердің семьялық еңбек әулеттерін атады. Балаларды дұрыс тәрбиелеу туралы көп қамқорлық жасайтын, оларды жастайынан еңбекке баулитын басқа семьялар тарапына да ізгі сөздер айтылды. Көп балалы аналарға салтанатты жағдайда «Ана даңқы» ордені тапсырылды.

Наградталғандардың ішінде Аманкүл Қарбұзова болды. Ол күйеуі Қалмағанбетпен екеуі жеті баланы тәрбиелеуде. Награданы қабылдап тұрып, ол тебіреніспен былай деді:

— Совет семьясы туралы қамқорлық, біздің үстіміздегі бейбіт аспан үшін партия мен үкіметке рахмет. Біздің балаларымыздың бәрі бақытты болып өсіп келеді, оларды Ұлы Отанымыздың нағыз патриоттары етіп тәрбиелеу үшін бәрін жасаймыз. Ал мереке маған өшпес әсер қалдырды. Біздің өмірімізде семьяның қандай маңызы бар екенін және оны сақтау керек екенін тағы да иландым.

Осы сөздер арқылы мерекеге барлық қатысушылардың көңіл-күйі білдірілді.

Мұндай мереке сондай-ақ бертінде кеншілердің Қаражал поселкесінде өтті.

Г. БОЯРСКАЯ.
Жезқазған облысы

Digitized by Google

Экономика мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

ПРОГРЕСТІҢ БАЗАЛЫҚ САЛАСЫ

В. КАЗАЧКОВ,
Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрі

В. И. Ленин бүкіл елді электрлендіруді жүзеге асырудан социализм мен коммунизм орнатудың маңызды экономикалық шартын көрді. Партия мен үкімет осы міндетті дәйекті түрде жүзеге асырып келеді. Өткен жылы қабылданған СССР-дің ұзақ перспективаға арналған Энергетика программасы ғылыми-техникалық прогрестің базалық саласы — электр энергетикасын дамытуға жаңа қуатты серпін берді.

Энергетика программасында еліміздің біртұтас электр энергетикасы жүйесін қалыптастыруды таяудағы екі он жыл ішінде аяқтау, қуатты электр станцияларын, аса қуатты кернеулі ауыспалы және тұрақты электр желілерін салу жолымен оның ыңғайлылығын, сенімділігін арттыру, тұтынушыларға босатылатын электр энергиясының сапасын жақсарту еліміздің шығыс аудандарында ашық әдіспен қазылатын арзан көмірді пайдаланушы жылу электр станцияларын, ірі су электр станцияларын салу қарастырылған. Осының есебінен энергетика мақсатына мазут пен табиғи газды пайдалану қыруар кемітіледі. Электр және жылу энергиясын құрама өндіру одан әрі дамытылады.

Энергетика программасы табысты жүзеге асырылып келеді. Мәселен, 1983 жылы елімізде 1416 миллиард киловатт-сағат электр энергиясы өндірілді, ал үстіміздегі бесжылдықтың соңына қарай 1.465 миллиард киловатт-сағат электр энергиясы алынуға тиіс.

КПСС XXVI съезінде жалпы мемлекеттік міндетті шешуде әрбір одақтас республиканың үлесін молайту қажеттігі атап көрсетілді. Энергетика программасын орындауда да Қазақ ССР-іне айтарлықтай роль берілуде. Бұл үшін бізде ауқымды база баршылық.

Республикамыздың үлкен энергетика ресурстары бар. Ол қазбалы отынның қоры жөнінен (РСФСР мен Украинадан кейін) және гидроэнергетика ресурстарының қоры жөнінен, (РСФСР мен Тәжікстаннан кейін), сондай-ақ көмір қазу ауқымы жөнінен үшінші орын алады. Қазақ ССР-інің потенциалды отын қорының 80 процентten астамы көмірдің үлесіне келеді. Олар ірі бассейндер мен қойнауларда шоғырланған, көпшілігі ашық әдіспен қазу үшін ыңғайлы. Қарағанды облысында Бөрлі қойнауын өнеркәсіптік пайдалану басталды. Торғай облысындағы Торғай, Павлодар облысындағы Майкөбе, Жезқазған облысындағы Жәйрем және Алматы облысындағы Төменгі Іле бассейндері келешекте көмір қазудың перспективалы қойнаулары болады. Мұнай-газ отыны ресурстарын молайту перспективасы Каспий ойпаты ауданымен байланысты.

Еліміздің шығысында ірі отын-энергетика комплекстерін қалыптастыруға үлкен маңыз берілуде, олардың ішінде Екібастұз комплексі де бар. Ол елімізде ашық әдіспен қазылатын, ең арзан көмірдің едәуір бөлігін береді. КПСС XXVI съезінде Екібастұз бассейнінің көмірін пайдаланатын жылу электр станциялары құрылысын жедел қарқынмен жүзеге асыру міндеті қойылған еді. Оның базасында жалпы қуаты 20 миллион киловаттық бес ірі жылу электр станциясы салынады. Ұлы Октябрьдің 67 жылдығы қарсаңында үлкен еңбек жеңісіне қол жетті. Екібастұздың № 1 ГРЭС-інің соңғы, сегізінші блогы электр энергиясын өндіре бастады. Оны іске қосу арқылы осы ірі электр станциясының құрылысы аяқталып келеді.

Екібастұздың № 2 ГРЭС-і мен Оңтүстік Қазақстан ГРЭС-інің құрылысының қарқыны үдей түсуде. Еліміздің Энергетика программасына сәйкес таяудағы жылдары жұмыс істеп тұрған жылу электр орталықтарының бірқатары ұлғайтылады. Оларға қуатты жылу агрегаттары орнатылады.

Шульба және басқа ГЭС-терді салу есебінен гидроэнергетика одан әрі дамытылуда.

Дүние жүзінде тұңғыш рет 1500 киловольттық тұрақты ток беру үшін Екібастұз — Орталық және 1150 киловольт ауыспалы токтың Екібастұз — Урал және Екібастұз — Сібір аса жоғары кернеулі бірегей желілері салынуда. Осы жерлер арқылы Сібір мен Қазақстаннан энергия тасқыны Урал мен Орталыққа берілетін болады. Сөйтіп Қазақстанның біріккен энергетика жүйесі Совет Одағының біртұтас энергетика жүйесінің жекелеген энергетика бірлестіктері арасындағы байланыстырушы орталық буынға айналуда (белгілі мөлшерде айналды да).

Екібастұз комплексі мен Шульба ГЭС-і — екпінді комсомол құрылыстары. Д. А. Қонаев жолдас республикалық

22 декабрь — энергетик күніне.

Digitized by Google

партия активінің бертіндегі жиналысында жасаған баяндамасында осы объектілерге кадрларды орнықтыру жөніндегі жұмысты күшейту қажеттігін атап көрсетті. Министрлік партия, комсомол және совет органдарымен бірлесіп, жас құрылысшылармен және пайдаланушылармен жұмысты жақсарту жөніндегі нақты шараларды талдап жасады. Жатақханалардағы тәрбие жұмысының жолға қойылуы, еңбек пен тұрмыс жағдайы үшін барлық буындағы басшылардың жауапкершілігі арттырылды.

Азық-түлік программасын және КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы қазан Пленумы талдап жасаған жерді мелиорациялаудың ұзақ мерзімді программасын жүзеге асыру жөніндегі үлкен де жауапты жұмыстарды атқару белгіленуде.

Ауыл шаруашылығында энергетика басым қарқынмен дамып келеді. Ол өндірістік процестерді механикаландыру, ауыл шаруашылық өнімдерін алуды көбейту және жақсарту есебінен еңбек өнімділігін арттыруға көмектеседі.

Энергетика программасын жүзеге асыру Қазақстанды еліміздің ірі энергетика орталығына айналдырады. Оны практикалық тұрғыдан жүзеге асыру республика энергетиктеріне жоғары талаптар қояды. Отын-энергетика ресурстарын барынша үнемдеуге, өндіріс тиімділігін арттыруға қол жеткізу қажет. Осыған орай республиканың энергетика кәсіпорындарында жұмыс істеп тұрған жабдықтарды қайта құру және жаңғырту, сондай-ақ жаңаларын іске қосу есебінен олардың жұмысының тиімділігін арттыру жөнінен шаралардың тұтас комплексін орындау жоспарлануда.

Республиканың электр станциялары 1984 жылдың тоғыз айы ішінде өткен жылғы деңгейге қарағанда электр энергиясын өндіруді 9,2 процент, соның ішінде жылу энергиясын — 7,7 есе көбейтті. Сондай-ақ тұтынушыларға жылу босату, товарлы өнім көлемі көбейді. Жоспардан тыс 1 миллион сомның дерлік өнімі өткізілді.

Таңдаулы коллективтер — социалистік жарыс жеңімпаздары ішінде Қарағандының № 2 ГРЭС-і, Алматының электр-механика заводы және басқа кәсіпорындар бар. Еңбек Қызыл Ту орденді Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Жамбыл ГРЭС-інде жылына бірнеше күн бойы үнемделген отынмен істеу жақсы дәстүрге айналды. Оның инициаторларының бірі, смена бастығы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, коммунист Т. И. Таменов өндірістің белсенді жаңашылы болып табылады.

Ермак ГРЭС-інің қазан бөлімшесінен В. К. Саутенконың электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі бригадасы тамаша нәтижелерге жетті. Еңбекті ұйымдастырудың озық әдістерін қолдана отырып, бригада мүшелері үстіміздегі жылы өнімділікті 2,3 процент арттырды.

Озық кәсіпорындардың еңбек коллективтері Жеңістің 40 жылдығын және стахановтық қозғалыстың 50 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы салалық социалистік жарыстың инициаторы болды. Партия ұйымдары коллективтегі бұқаралық-саяси жұмысты жоспарлы тапсырманы сөзсіз орындауға, материалдық және еңбек ресурстарын ұтымды пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттауда. Мәселен, Жамбыл ГРЭС-інің еңбеккерлері Жеңіс күніне дейін 1600 тонна шартты отын үнемдеп, 9 майда осы отынмен жұмыс істеуге ұйғарды. Ермак ГРЭС-інде еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1,1 процент арттыруға, қуаттарды пайдалану коэффициентін 1 процент көтеруге ұйғарды.

«Казэлектросельстрой» басқармасының Талдықорған механикаландырылған колоннасында коммунистер Г. К. Атмачиадидің, М. П. Соловьевтің және В. П. Лепскийдің бригадалары стахановшыларша еңбек етеді. Олардың бәрі жылдық тапсырманы 15 августке дейін аяқтауға ұйғарды.

Республика энергетикасының кәсіпорындарында жастар тәлімгері тапсырмасын орындайтын 4 мыңнан астам адам бар. Олардың қамқорлығымен жастар таңдаған кәсіптерін тез меңгереді, еңбекке коммунистік көзқарас жолындағы қозғалысқа, рационализаторлық қызметке қатысады. Мамандарға «Казэнергоналадка» кәсіпорында ғана бесжылдық жылдары ішінде жас рационализаторлар экономикалық тиімділігі 170 мың сом болатын жүзге жуық рационализаторлық ұсыныс әзірлеп, өндіріске енгізді.

Саладағы шешілмеген проблемалар туралы сөз еткенде ең алдымен энергетика объектілері құрылысы қарқынының қанағаттанғысыз екенін атап өту керек. Бірқатар жылдар бойы күрделі құрылыс жоспары 80 процентten сәл астам орындалуда. Екібастұз ГРЭС-і, Алматының № 2 жылу электр орталығы т. б. секілді маңызды объектілердегі арта қалушылық қатты алаңдатады. Партия ұйымдарының басшылығы арқылы энергетиктер артта қалушылықты жойып, өндірістік тапсырмаларды орындауды, құрылыс жұмыстары қарқынын жеделдетуді қамтамасыз етуге міндетті.

Кейбір станцияларда техникалық жағынан қайта жарақтандыру мен қайта құру мәселелері де баяу шешілуде, мұның өзі республиканың бірқатар аймақтарындағы энергетика потенциалының үдеуін тежейді және олардың үнеміне кері әсер етеді. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту қарқынын бағыт түрде жеделдету — министрлік және оның барлық бөлімшелері үшін бүгінде бұл тарапты мәселе.

Кәсіпорындардың бәрінде бірдей үнем мен ұқыптылық, халық шаруашылығын электр энергиясымен іркіліссіз қамтамасыз ету жолында шындап күрес жүргізілмейді. Әр коллективтің парызы — елі-

Digitized by Google

міз бен республикамыз кәсіпорындарының озық тәжірибесін үйреніп, ұдайы енгізу.

Басталған қысқы кезеңде республика энергетиктері алдында өте-мөте жауапты міндеттер тұр. Партия, қоғамдық, шаруашылық органдары бүкіл күшті ең алдымен электр станциялары мен жүйелерін пайдаланудың жоғары дәрежесін қамтамасыз етуге, еңбек коллективтерін отынды, электр және жылу энергиясын үнемдеп жұмсауға, диспетчерлік тапсырмаларды мүлтіксіз орындауға бағыттауға тиіс.

«Бүгінгі күннің міндеттерін шеше отырып, — деді К. У. Черненко жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы февраль Пленумында, — біз болашақта анағұрлым биік шептерге жету үшін алғы шарттар жасаймыз». Партия бізді алдағы бесжылдық өндірістегі түбегейлі сапалық өзгерістердің басталуы, халық шаруашылығының барлық саласын интенсивтендіру ісіндегі шешуші бетбұрыс бесжылдығы болуға тиіс екеніне бағыттайды. Электр энергетикасын одан әрі дамыту, әрқашандағыдай, бұл үшін негіз болуға тиіс.

Бесжылдық картасында

Қазақстан газы берілді



Сіздер суреттен көріп отырған комсомолец Е. Жарылғасов армиядағы қызметін өтегеннен кейін Қарашағанақ қойнауында жұмыс істей бастады. Бұрғышылар бригадирі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, оның әкесі А. Жарылғасов жас жұмысшының тәлімгері болды. Еркін кәсіпті тез меңгерді.

Суретті түсірген Ф. САЛЬНИКОВ (ҚазТАГ)

Міне, Батыс Қазақстанда, шалғай Қарашағанақта мереке: жаңа қойнаудың өнеркәсіптік газы төрт километрлік тереңдіктен газ жинау орнына берілді. СССР Мұнай және газ кәсіпорындары құрылысы министрлігі бөлімшесінің еңбеккерлері Газ өнеркәсібі министрлігінің пайдаланушыларымен достық одақта скважиналарды жайғастыруды, газды комплексті дайындаудың тәжірибелік қондырғысын, автомобиль жолын, 150 километрлік газ құбырын және кәсіпшіліктің ондаған басқа объектілерін салуды мерзімінен екі айдан астам бұрын аяқтады. Социалистік міндеттеме толық орындалды.

Орал қаласына таяу жерде энергетика мен газ-химияның ірі жаңа орталығы бой көтеріп келеді. Кәсіпшіліктің орталық торабында іске қосу-реттеу жұмыстары және 150 километрлік Қарашағанақ — Орынбор құбырын сынау үшін газбен толтыру басталды.

«Оренбурггазстрой», «Средазнефтегазмонтаж», «Востокгазспецстрой» трестері құрылысшыларының және басқалардың жұмысты жүргізуіне санаулы ғана ай қалды. Олар да өздеріне бөлінген әр сағатты тындырымды пайдалануға ұмтылды.

Оренбурггазстрой» тресінен Андрей Кривошеев пен Анатолий Крыловтың, «Востокмонтажгаз» тресінен Петр Миронов пен Зұлқарнай Аюповтың, «Востокгазспецстрой» тресінен Борис Тлатовтың бригадалары мен учаскелері Батысқа қарай жылжи берді. Құрылысшылар еңбегі жаңаша — бірыңғай наряд негізінде, түпкі өнім, пайдалануға тапсырылған газ құбырының әр километрі үшін ақы төлеу, еңбекке қатысу коэффициенті көмегімен жалақыны бөлу арқылы ұйымдастырылды.

Социалистік жарыс серпіні бәсеңдеген жоқ. Оны кәсіп бойынша ғана емес, сондай-ақ тұтасынан бригада мен учаске бойынша, түпкі құрылыс өнімінің көлемі бойынша апта сайын шығарды.

— Уақыттан екі айдан астам ұту, бұған жарысушылардың жоғары энтузиазмы мен кәсіптік шеберлігі арқасында жеттік, — дейді СССР Мұнай және газ өнеркәсібі кәсіпорындарды құрылыс министрінің орынбасары М. Хуснутдинов, — құрылысшылардың, монтажшылардың, баптаушылардың бұрынғыдан да табысты еңбегі еліміздің осы аймағындағы отын-энергетика комплексінің жаңа қойнауын жоспарланғаннан аса қысқа мерзімде игеруімізге көмектеседі.

Б. ЛЬВОВ,
«Известия», 1984 жылғы октябрь.

Digitized by Google

КӨПКЕ ОРТАҚ ТӘЖІРИБЕ

Социалистік жарыс, еңбекке коммунистік көзқарас жолындағы қозғалыс бұқараның белсенділігін дамытудың, жаңа адамды тәрбиелеудің қуатты құралына айналды. Демек, жарыс ауқымы өндіргіш күштердің даму барысына және өндірістік қатынастарға қарай анықталады. Оның әрбір жаңа формасы өткендегі тәжірибенің таңдаулыларын қабылдай отырып, жарысты мейлінше жоғары сатыға көтереді.

Социалистік жарысты ғылыми-техникалық революциядан бөліп қарауға болмайды. Ол ғылым мен техниканың аса прогрестік бағыттарын жедел дамытуға көмектеседі. Бұл тұрғыдан Екібастұз көмір бассейнін мысалға келтірейік. Онда жарыс бүкіл жұмыстың тиімділігі мен сапасын одан әрі жақсарта беруге бағытталған. Мәселен, «Богатырь» разрезінің экскаватор машинисі, Социалистік Еңбек Ері А. И. Виттің бастамасы бойынша «Әрбір технологиялық комплекс пен агрегатқа — жобалық өнімділік» жолындағы бұқаралық социалистік жарысқа бүгінде жүзден астам кен-транспорт бригадасы қатысуда. Оның мақсаты — кен жабдықтарының аса жоғары жүктеліміне жету. Бұл алғашқы нәтижелерін берді де. 1983 жылы 69 экскаватор, локомотив және бұрғылау бригадасы тағайындалған нормадан асып түсумен қатар өздерінің көтеріңкі социалистік міндеттемесін де толық орындап шықты. Сөйтіп Екібастұз көмір бассейнінде қазылған көмірдің 70 процентке жуығы осы бригадалардың үлесіне келді. Ал тұтасынан «Богатырь» разрезі жылына 50 миллион тонналық межеге өткен жылы-ақ шықты.

Осындай ірі табысқа жетуде өндірістегі ұйымшылдық, тәртіптілік пен реттілік үлкен роль атқарды. КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің және ВЦСПС-тің «Социалистік еңбек тәртібін нығайту жөніндегі жұмысты күшейту туралы» қаулысын орындай отырып, Екібастұз бірлестігінің коллективтері тәртіпті нығайту және реттілікті жолға қою жөнінен шаралар комплексін жүзеге асырды. Мұнда «Еңбегіне қарай абыройы мен даңқы» ұранымен өріс алған қозғалыс жұмыс уақытын ұтымды пайдалану, кідірістерді, өнімсіз басқа ысыраптарды қысқарту жолдарын іздестіру жөніндегі жұмыс аса нәтижелі болып шықты, оның үстіне ол еңбек тәртібін нығайту, өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жолындағы күреспен қабысты. Соның арқасында 1983 жылы көмір разрездерінде жұмыс уақытының ысырабы оның алдындағы жылмен салыстырғанда 27 процент қысқарды.

Бірлестікте еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің бригадалық формасын қалыптастыру жөнінен айтарлықтай тәжірибе жинақталды. КПСС Орталық Комитетінің өндірісте еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасының тиімділігін және оны ынталандыруды одан әрі дамыту туралы қаулысының талаптарына сай еңбек коллективтерінде бригадалық мердігерлікті енгізу жөнінен тұрақты комиссиялар құрылды. Сөйтіп олар мұндай бригадалардың тиянақты жұмыс істеуіне де көмектесіп келеді. Оның алғашқы нәтижелері баршылық. Мәселен, «Богатырь» разрезінде С. И. Зубконың бригадасы көмірді эшелондарға бәрінен бұрі жедел тиейді. Ол вагондарға көмір тиеу уақытын небары 12 секунд қысқартқанымен тәулік сайын жоспарға қосымша бір жарым мың тонна көмір жөнелтеді. Сөйтіп Зубконың бригадасы сағатына 3 мың тонна көмір қаза алатын роторлы алыпты пайдаланған он жыл ішінде 50 миллион тонна көмір берді. Ал 1983 жылы осы коллектив жыл ішінде 6,8 миллион тонна өнімді тұтынушыларға жөнелтіп, Бүкілодақтық рекорд жасады.

Бассейнде мұндай озық коллективтер көбейіп келеді. Мәселен, В. Г. Сахаровтың, В. Ж. Мұқышевтің бригадалары нормаларын асыра орындап келеді. Сондай-ақ осы разрезден В. Н. Левиков, Р. Х. Фецер, Г. В. Киселев, А. А. Шишилов, С. Н. Семенов бригадалары кен жабдықтарының жоғары жүктеліміне қол жеткізді.

Кен жұмыстарын механикаландыру дәрежесінің өсуіне қарай жұмысшылардың кәсіптік шеберлігі арта түсті. Екібастұз 1961 жылы алғашқы «миллионерлерді» — В. Ф. Крослоев пен М. И. Евстигнеевтің экипаждарын атаған еді. Кейінгі жылдары Г. И. Мозердің, Н. Н. Колетовтың, Ф. Ф. Белкиннің, Б. С. Егоровтың, Э. Д. Гельверттің т. б. бригадалары миллиондық межеден асып түсті. Ал Социалистік Еңбек Ері А. И. Витт басқаратын роторлы экскаватор экипажы бес жыл ішінде жоспардан тыс 1 миллион тоннадан астам отын берді.

Екібастұз бассейнінде көмір қазу қарқынын үдетуге жоғары өнімді техниканы енгізу, сондай-ақ кеншілердің еңбек бастамалары әсер етуде. Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, республиканың еңбек сіңірген шахтері, коммунист Г. И. Мозер көмір бассейнінде роторлы экскаваторларды пайдалануға бірінші болып кіріскен еді. Он жыл ішінде ол 29 миллион тонна отын қазды — бұл жоспардағыдан қыруар көп. Осы коллективте экскаваторды баптау әр экипажға жүктеледі. Соның нәтижесінде машинаның жұмыс қабілеті өсіп, пайдасыз іркілістер толығынан дерлік жойылды. Г. И. Мозер мен оның еңбектес жолдастары мұнда бірінші болып, еңбекті ұйымдастыру мен ақы төлеудің комплекстi формасына ауысты. Мұның өзі машиналардың сменалар аралығындағы кідірістерін толығынан жойып, забойдың тиеу жолдарының жүктелімін арттыруға көмектесті.

А. Шишилов пен Г. Фецердің брига-

Digitized by Google

далары «Богатырь» разрезінде көп жылдан бері еңбек етеді. Олар отандық алып экскаваторларды басқарады, ал осы машиналардың әрқайсысы сағатына 5 мың тоннаға дейін көмір тиейді. Сөйтіп нақ осы экипаждар көмір бассейнін жеделдете игеруге сүбелі үлес қосты. Ал бригадалық мердігерлік принципі бойынша жұмыс істейтін А. В. Зеленковтың коллективі нормасын 164 процент орындайды.

Екібастұз көмір бассейнінде жоғары өнімділік жолындағы жарысқа қатысушы 120-дан астам транспорт бригадасы тиянақты тасымал жұмысын қамтамасыз етеді. Олардың көпшілігі тағайындалған нормадан қыруар асып түсіп, өздерінің социалистік міндеттемелерін толық орындауда. Мәселен, А. К. Сергеев, Б. Е. Греха, А. А. Страшко, И. К. Пронуза, В. И. Бондарь, А. И. Бабкин, Л. Л. Крысаков, Л. К. Белин, П. И. Мураховский, К. Е. Новиков және басқалар аса жоғары өнімділікке жетті.

Әрине, кен-техникалық жабдықтарды шебер пайдалану өндірістік көрсеткіштерге әсер етті. Ал осы табысты аса өнімді де күрделі техниканы толық меңгерген адамдар қамтамасыз етуде. Қазір көмір разрездерінде 170 бригадалар советі мен бригадирлердің 7 советі жұмыс істейді. Таңдаулы экипаждардың озық тәжірибесі зерттеліп, қорытылып, бұқаралық және ғылыми-техникалық құралдар арқылы таратылады. Мұнда кен-техникалық жабдықтарды тиімді пайдалану тәжірибесін зерттейтін Бүкілодақтық мектеп жұмыс істейді. Оның сабақтарына «Александруголь», «Тулауголь», «Красноярскуголь», «Челябинскуголь», «Эстонсланец», «Якутуголь» т. б. бірлестіктері разрездерінің басшылары мен мамандары қатысады. Олар көмір қазудың технологиялық схемасын қолданатын комплексті экскаватор бригадаларының жұмыс тәжірибесімен танысады.

Бірлестікте роторлы экскаваторлардың жылдық өнімділігінің рекордтары жасалды, қазу барысында көмір ысырабын барынша азайту қамтамасыз етілді. Кен техникасы мен технологиясын жетілдіру, геологиялық-технологиялық карталар негізінде көмірді қазу процесінде оның сапасын реттеу жөнінен тұтас ғылыми-техникалық және ұйымдық шараларды талдап жасап, енгізудің арқасында осындай зор жетістіктер мүмкін болды.

Бассейннің кен-геологиялық түрлі жағдайына арналған роторлы экскаваторлар жасалды. Күрделі кен қабаттарын ұқсатудың геологиялық-техникалық карталары көмір қазу процесін реттеумен қатар оның сапасын жақсартуға, әр вагонға тиелген көмір сапасын анықтаудың күрделі процесін ықшамдауға көмектесті, осының есебінен вагондар айналымы жақсарды.

Демек, Екібастұз бассейні көмір қазу қарқыны мен өндірістің техникалық дәрежесі жөнінен елімізде жетекші орын алады. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас айрықша атап көрсеткеніндей, Совет елінде жаңа, төртінші Бүкілодақтық көмір ошағы бар, ол Екібастұз көмір бассейні. Соңғы 15 жыл ішінде мұнда көмір қазу 5 есе өсіп, 70 миллион тонна құрады. Мұның өзі революцияға дейін бүкіл Россияда қазылған көмір мөлшерінен екі еседен астам асып түседі.

«Богатырь» разрезінде көмір қазудың аса тиімді әдісін қолдану жоғары бағаға алды. 1972 жылы бірлестіктің бір топ қызметкерлері СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Роторлы техниканы енгізу кен қазу ісінде үлкен өзгерістер жасады. Қазір разрездерде сағатына 1 мың тоннадан 5 мың тоннаға дейін көмір қазатын қуатты экскаваторлар жұмыс істейді. Олар бассейндегі қазылатын бүкіл көмірдің 80 процентін өндіруді қамтамасыз етеді. Сөйтіп жаңа техника мен прогрестік технологияны енгізу арқылы елімізге отын барған сайын көптеп берілуде.

Роторлы техниканы енгізу қазірдің өзінде 100 миллион сомнан астам мөлшерде үнем берді. Демек, разрездерді осындай техникамен қайта жарақтандыру арқылы техникалық-экономикалық жоғары көрсеткіштерге қол жетті. Бұл тұрғыдан бірер мысал келтірейік. Қазір разрезден әрбір 40 минуттай уақыт ішінде көмір тиелген темір жол составы Қазақстанның, Сібірдің, Уралдың электр станцияларына жөнелтіледі. Ғылым мен еңбектің берік одағы Екібастұзды еліміздегі ең арзан көмір беретін аймаққа айналдырды. Бірақ оның көмірі қаншалықты арзан болғанымен, мамандардың есептеулері көрсеткеніндей, оны жергілікті электр станцияларында тұтыну аса тиімді болып шықты.

«Богатырь» разрезінің коллективі биыл графиктен бір апта оза жұмыс істеуде. Жы.. басынан бері мұнда жиырма миллион тонна көмір өндірілді, оның 150 мың тоннасы жоспардан тыс қазылды.

Кеншілер аса жоғары еңбек өнімділігіне —— өткен жылғыдан төрт процентгей көп өнімділікке қол жеткізді. Қуатты технологиялық комплекстердің әрқайсысына енді үш-төрт бригаданың орнына ірілендірілген бір бригада қызмет көрсетеді. Бұрғылаушы-жарғыштар, кірме жолдарының монтерлері, басқа да жұмысшылар роторлы алыптар үшін толық жұмыс ауқымын қамтамасыз етуде. Мұның өзі жыл басынан бері комплекстердің бос тұру мерзімін үштің біріндей қысқартуға көмектесті.

Техниканы біріктіру, ірілендірілген бригадалар құру ісі еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Разрез коллективі сала бойынша социалистік жарыстың көш басынан көрінді. Сөйтіп Екібастұз қойнауы бүкіл еліміздің халық шаруашылығына еселі қызмет етіп келеді.

Қ. БИЖАНОВ,
тарих ғылымының кандидаты,
доцент.

Digitized by Google



СОҒЫСТЫҢ АУЫР ТАҒЫЛЫМЫ

Коммунистік партияның, совет халқының, оның Қарулы Күштерінің даңқты жауынгерлік дәстүрлерін насихаттау, әскери-патриоттық және бұқаралық-қорғаныс жұмысын күшейту маңызды міндет болып табылады. Совет адамдары, ең алдымен жастар әскери істің дағдыларын меңгеруге, социалистік Отанды қорғауға әзір болуға тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің «Совет халқының 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығы туралы» қаулысынан.

«Оларсыз біз жеңіп шыға алмас едік», — В. И. Ленин Совет өкіметін орнату үшін күреске белсене қатысқан әйелдерге осындай жоғары баға берді. Әйелдер өздерінің бүкіл күшін Ұлы Отан соғысы жылдарында социализмді қорғаудың ұлы ісіне сондай қажырлылықпен жұмсады.

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының редакциясында «дөңгелек стол» басындағы кездесу әйелдердің майдан мен тылдағы ерліктеріне арналды.

— Әйелдер соғыстың алғашқы күнінен-ақ жауынгерлермен ауыртпалықты бөлісті. Олардың ішінде Мария Ивановна Сыдықова да болды. Ол Брестте тұрып, тым бейбіт іспен айналысты — кітапханашы еді.

М. И. СЫДЫҚОВА: Соғыстың алғашқы дүрсілімен біз, комсомолецтер, жаумен күресте өз орнымызды табуға ұмтылдық. Жау соққысын бірінші болып қабылдаған және күші басым фашистік әскерлерге қарсы бір ай бойы дерлік ерлікпен қорғанған Брест қамалын қорғаушылардың батылдығы бізге дем берді. Іле мені лейтенант С. С. Шиканов құрған Белоруссиядағы алғашқы партизан отрядына қабылдады.

Біз партизандармен бірге қару-жарақ, оқ-дәрі тауып, оларды отрядқа жіберіп тұрдық. Кейіннен мені отрядқа жақындау жерге апарып орналастырды. Мен темір жол станциясында болып, өтіп жатқан жау составтары туралы мәліметтер жинадым. Бізге жергілікті тұрғындар барлық жағынан көмектесті. Федора апайды алғыспен еске аламын. Ол төрт баласы болғанымен бізбен, партизандармен соңғы тамақтарын бөлісті.

Отрядта өжет жауынгер, батыл партизандар шайқасты. Мен үшін коммунист М. И. Прошина үлгі болды. Ол ерлермен бірдей тапсырманы орындауға барып жүрді. Отрядымыздың жастармен жұмыс жөніндегі саяси комиссар Ф. Г. Тронкина ержүректігімен ерекшеленді. Ол жергілікті халық арасында жиналыс өткізіп, Совет информация бюросының листовкаларын таратты. Біз онымен күні бүгінге дейін достасып жүрміз. Фаина Георгиевна бізге Алматыға келді, қаруластас құрбыларымыз бен достарымызды еске алдық.

Балалардың өздері нағыз жауынгерлерге айналды. Мәселен, 13—14 жастағы бала — Петя Клыпа есімде қалды, ол қоршаудағы қамалға су да, қару-жарақ та жеткізіп тұрды.

А. И. ХАЛИМОЛДИНА (ПРОКОПЕНКО): Мария Ивановна орынды ескертті: біздің әрқайсымыз Отанды қорғауға әзір едік. Мен де, Қырғыз педагогика институтының үшінші курсының студенті, жүздеген қыздарымыз сияқты соғыстың алғашқы күнінен-ақ мені майданға жіберуді өтініп, арыз жаздым. Бірақ үш қызды ғана: Зоя Шабановаңы, Паша Натальченконы және мені іріктеп алды. Сірә, біздің спортпен көп айналысқанымыз көмектесті ғой деймін. Байланысшылар курсын бітіргеннен кейін Алматыда жасақталған жүзінші атқыштар бригадасына жіберді.

13 августе бізді майданға аттандырып жатты. Біздің әйелдер вагонына сүйкімді қыз келді. Мәншүк Мәметовамен танысуым осылай басталды.

Майданда санитарлық инструктор да, байланысшы да, батальон командирінің байланысшысы да болдым. Невельдің солтүстік-батысында, Псков жеріндегі шайқас жадымнан ешқашан өшпейді. Октябрь айы еді. Күн суық, төңірегіміз батпақ... Жаралылар көп болды. Жанжағынан: «Сестра, сестра, жәрдемдес...» деген сөздер естіледі. Ұрыс алаңынан қанша солдатты алып шыққаным есімде жоқ, сосын өзім жараландым: санитарлық батальонда үш айдан астам жаттым. Осы шайқаста менің құрбым Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты.

— Майданда адам тағдырының қалай қабысқаны таңқаларлық қой. Міне, алдымызда әскери құрбымыз Мәншүк тұр делік. Сіз оны қай қырынан білдіңіз?

— 1943 жылдың февралына дейін Мәншүкпен бір жер кепеде тұрдық. Ол саяси бөлімде машинистка еді. Оның табандылығы мені қатты таңырқататын. Медицина институтының бірінші курсының студенті соғыстың алғашқы күнінен-ақ майданға аттануға ұмтылды. Оны алмады. Сонда ол әскери жалпыға бір-

Digitized by Google



М. И. СЫДЫҚОВА



Д. С. АМАНБАЕВА



Л. Г. СЕМЕНОВА

дей оқу батальонына қабылдануына қол жеткізді. Мұнда оны политруктың орынбасары етіп сайлады. Ол әр семьядан адамдардың Отанымызды қорғап жатқанын білді. Өтінішінде өзінің семьясынан майданға жіберетін ешкімнің жоқ екенін, сондықтан өзін жіберуді өтініп жазды.

1942 жылы 23 декабрьде Мәншүк 20 жасқа толды. Комиссар Сақтаған Бәйішев оған «Батыл бол» деген жазумен «Абай лирикасы» кітабын сыйлады. «Саяси бөлімде машинка жанында отырып, өз батылдығымды қалай көрсете аламын?» — деді ренішпен Мәншүк. Сол күні — туған күні — Мәншүкті жалғыз ғана санитарлық инструктор қалған екінші атқыштар батальонына жіберді. Ол да шайқаста өз орнын тапты — жаралыларды от-жалын ішінен алып шығып отырды. Ал аға сержант Нүркен Құсайынов жараланғанда, оның пулеметі жанына жайғасты. Мәншүк шайқас кезінде батальон жағдайына үш мәрте көмектесті. Ол жайлы бүкіл бригада білді. Түптеп келгенде Мәметова пулеметші етіп батальонға жіберуге қол жеткізді.

Ол взвод үгітшісі еді, ал кейіннен оны пулеметшілер батальонының комсоргы, ал мені байланыс батальонының комсоргы етіп сайлады. Біз сол кезде Великие Лукиде жерге көмілген миналарды алып тастаумен айналысып жатқан саперлер ротасына кітап алу үшін бірге баратынбыз. Мәншүк орыс тілінде еркін сөйлейтін. Ол шайқас аралықтарында жауынгерлерге өзінің сүйікті кітабы — Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысын» оқитын.

Ол ұялшақ, кішіпейіл еді, әйтсе де өжет солдат ретінде шайқасып, ерлікпен қаза тапты.

Н. Я. СКУДАРНОВА: Александра Игнатьевна қауырт шайқастар орталығында болған Великие Луки қаласын еске алды. Бұл менің туған жерім, мен Великие Лукиді және өзімнің үйім тұрған Бежаницкий ауданындағы Финьково деревнясын азат етуге қатыстым. Мен 1942 жылы Панфилов дивизиясымен байланысы бар партизан отрядына кеттім, ал 1942 жылы сентябрьде біздің отрядымыз оның құрамына қосылды. Мен медициналық санитарлық батальонда жаттығудан өттім. Панфилов дивизиясының құрамында туған жеріме ораддым. Үйімде бейтаныс қартты кездестірдім. Одан анам мен сіңлімнің Германияға қуып әкетілгенін білдім. Соғыс басталғаннан бері алғаш рет жыладым. Ал ертеңінде тағы соғыс жолдары басталды.

— Сол кездегі майдандық газет Надежда Яковлевнаның ерлік ісі жайлы жазғанын бұған қоса айту керек. Ол батарея командирі, гвардия аға лейтенанты Капитановты құтқарды. Шайқас алаңында өздеріне медициналық жәрдем көрсеткен медициналық сестра Надяны гвардияшылардың алғыспен еске алатыны аталған. Ол III дәрежелі Даңқ орденімен және «Батылдығы үшін» медалімен наградталды.

Редакцияның «дөңгелек столы» басында жиналғандардың арасында тағы бір медицина қызметкері бар, ол 237-ші Перятинск Қызыл тулы атқыштар дивизиясының дербес медициналық-санитарлық батальонының құрамында шайқасқан Анна Андреевна Новикова.

А. А. НОВИКОВА: Менің тағдырым біздің ұрпағымыздың көптеген қыздарының тағдырына ұқсас. Мектепті бітіргенім сол ғана еді — соғыс басталды. Әскери комиссариатқа өтініш бердім.

1942 жылы апрельде біз Липецкіге келдік. Санитарлық батальонымызда әйелдер: орыс, қазақ, татар, т. б. әйелдері көп еді. Біз шатыр ішінде жұмыс істедік. Көптеген апталар бойы үйқымыз қанбай жүрді. Шатырдан шығып, таза ауаны

Digitized by Google



Н. Я. СКУДАРНОВА



А. А. НОВИКОВА



А. И. ХАЛИМОЛДИНА

жұтасың да қайтадан жаралыларға барасың.

Батальонымыз тарихи жауынгерлік операцияларға — Курск иініндегі, Днепрдегі шайқастарға қатысты. Киевтің түбінде Днепрден өту ерлігі үшін Мария Шербаченко Совет Одағының Батыры атағына ие болды. Қазіргі уақытта да достығымыз үзілген жоқ. Өзіміздің жауынгер құрбыларымыз Вера Коржды, Мария Тараскинаны, Татьяна Умеренкованы әрдайым еске аламыз. Таня рота комсоргы еді. Шайқасқа бірінші болып кірді. Сонда ауыр жараланды. Біз оған көңілді хаттар жаздық. Политрук Вера Соломина серпілтіп, жігерлендіре алатын, шайқаста жеке үлгі көрсететін. Бұлар қандай қыздар десеңізші! Бәрі, жауынгерлік наградалармен аталмағандардың өздері батырлар болды деп есептеймін.

— Ал Анна Андреевнаның өзі жайлы (оның қыз кезіндегі фамилиясы Мальцева) майдандық «Сталинский удар» газеті былай деп жазды: «Аня — белсенді комсомолец, бастауыш комсомол ұйымы бюросының мүшесі. Ол редакциялайтын «Жауынгерлік листоктар» бес күнде бір рет жүйелі түрде шығады. Медицина службасының кіші сержанты Мальцева жауынгерлік айырым белгісі — «Жауынгерлік қызметі үшін» медалін және «Санитарлық служба үздігі» белгісін өңіріне мақтанышпен тағып жүреді».

Кейінірек Анна Андреевна Қызыл Жұлдыз орденіне ие болды. 1944 жылы сентябрьде совет әскерлерінің Карпаттағы шабуылы алдында оны партия мүшелігіне қабылдады.

Әйелдер әскер түрлерінің бәрінде шайқасты! Мәселен, осында қатысын отырған Дидаш Сапышқызы Аманбаева зенитші болды.

Д. С. АМАНБАЕВА: Мен байырғы алматылықпын. Соғыс басталысымен снайперлер мектебіне түстім. Сонда мені комсомолға қабылдады. Снайперлік мектепті бітіргеннен кейін госпитальда медиктерге көмектесіп жүрдім, майданға қашан жіберетінін білу үшін күн сайын әскери комиссариатқа барып тұрдым. Мені Алматыда жасақталған 731-ші зенитті-артиллерия полкына жазды. Менің жауынгерлік жолым екінші Украина майданының құрамында Донда ғы Ростовта басталды. Сосын Молдавия, Яссы-Кишинев операциясы болды. Бұл қандай қиянкескі шайқастар еді десеңізші! Біз, зенитшілер, аспанды қорғадық, шайқаса отырып Румыния мен Венгрия арқылы өттік. Жергілікті тұрғындар зенитті қондырғы жанынан қызды көргенде таңырқайтын.

Біздің батареямыз бір семьяның адамдарындай ұйымшыл еді. Біз Галя Дашкинамен, Дуся Акимовамен достастық. Жау самолеттерін құртқанымыз үшін бізді «Батылдығы үшін» медалімен наградтады. Чепельде, Венгрияда маршал Рокосовский маған «Үздік артиллерист» белгісін тапсырды.

Л. Г. СЕМЕНОВА: Мен Москва түбінде снайперлер мектебінде оқыдым. Біздің арамызда Әлия Молдағұлова да бар еді. Ол өз шеберлігін сондай бір табандылықпен үштады. Нысанаға дөп тиетін. Бірақ мектепті бітірген күні, майданға жіберу туралы бұйрық оқылған кезде Әлия өзінің фамилиясының тізімде жоқ екенін білді. Сөйтсек оны мектепте отделение командирі етіп қалдыруды ұйғарыпты. «Бұл болмайды, — деп өтініш айтты командирге Әлия, — бәрібір майданға кетемін». Оның талапты өтініші бойынша Әлияны Ленинград майданына жіберді. Ол Псков облысының Новосокольники темір жол станциясы маңында өзінің ерлігін жасады. Молдағұлова «Солдаттар, соңымнан еріңдер» деп қазақша айқайлап, ротаны ұрысқа көтерді. Рота құрамында негізінен қазақтар еді. Пулемет оғы Әлияны мерт етті.

— Сізде, Любовь Григорьевна, сіздің өңіріңізде жоғары награда — Даңқ ор-

Digitized by Google

дені. Оны қандай жауынгерлік ерліктеріңіз үшін алдыңыз?

— Бұл Таллинге кіре берісте болды. Нарвадағы шағын аралдан жаудың атқылаған оғы астында қару-жарақ пен тамақты қайықпен өткізіп тұрдық. Мен жауды байқап, құртып жіберуге тапсырма алдым. Мұның сәті бірден түскен жоқ. Сосын бұталар арасынан оптикалық нысана шынысының жарқ еткенін байқап қалып, жау снайперін атып түсірдім. Нарва мен Таллинді азат ету барысында 40 фашисті құрыттым. Бұл үшін Даңқ орденіне ие болдым.

Біз тәжірибелі солдаттармен бірдей шайқастық. Демек жастықтың аты жастық қой. Менің өмірімде ұмытылмас мынадай оқиға болды. Өздігімнен морзе азбукасын үйреніп, жеңіс туралы хабарды бірінші қабылдадым. Шыдай алмай, «Жеңіс!» деп айқайлап жібердім. Бүкіл полк көтерілді. Мені бұл үшін қатал жазалау керек еді. Тап сол сәтте ресми хабар алынды, мені оперативтілігім үшін тіпті мадақтады.

— Көп күткен Жеңіс... Ол бұдан төрт он жылдай бұрын келді, ал ардагерлерге бұл күні кеше болғандай көрінеді. Ескі жаралар да өзін сездіріп қояды. Шығын да ұмытылған жоқ, соғыс қасіреті жадыңнан кетпейді. Бүгінгі күнде де дүние жүзі мазасыз. Міне, сондықтан партия соғыс ардагерлеріне сөз арнайды: жастарды Отанға шексіз сүйіспеншілікке, оны қорғауға қайсыбір минутта әзір тұруға, жоғары өнімді еңбекпен ел қуатын нығайту ниетіне тәрбиелеңдер.

Д. С. АМАНБАЕВА: Бұл міндеттер маған етене жақын. Соғыстан кейінгі бүкіл өмірімде балалар ортасында жүрмін. Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің нұсқаушысы болып жұмыс істедім, бала бақшада тәрбиеші болдым. Енді бала бақшада, мектептерде болғанда балалармен соғыс және бейбітшілік туралы, олардың аталары мен әжелері өткерген ауыртпалықтар туралы әңгімелесемін.

А. А. НОВИКОВА: Иә, патриотизм сезіміне адамды жастайынан тәрбиелеу маңызды. Мен мектеп оқушыларымен байланыс жасап тұрамын, жауынгерлермен кездесуге жиі шақырады. Мен адамның шынығуына, төзімділігіне әрдайым назар аударамын.

М. И. САДЫҚОВА: Мен жолдасым Нұрым Садықұлымен бірге, онымен қоршаудағы Бресте танысқан едік, басқа адамдармен хат жазысамын, түрлі ұрпақ адамдарының Ұлы Отан соғысына қатысқандар жайлы қасиетпен есте сақтайтынына иланамыз. Норильск және Удмурт АССР-ы Момги қаласының пионерлерімен достық байланыс орнықты. Онда Брест қамалын қорғаушылардың мектептік музейі бар. Әрине, Белоруссияның жас лениншілдерімен хат жазысып тұрамыз. Өзімізді жастайымыздан қалай шыңдағанымыз, құрбыларымыздың Осоавиахим және Қызыл Крест қоғамы курстарында парашютпен секіруді, нысана көздеуді, алғашқы медициналық жәрдем беруді қалай үйренгеніміз туралы естеліктерімізді алмасамыз.

Л. Г. СЕМЕНОВА: Мен жас балаларға Элия Молдағұлова, оның ізгі ниеті мен батылдығы туралы жиі әңгімелеймін. Мәңгі алау жанында сөз сөйлегенде біздер, ардагерлер, біздің жас жеткіншектеріміз шайқас даласынан оралмағандармен берік дәнекер арқылы байланысты екенін сезінемін.

Н. Я. СКУДАРНОВА: Целиноград, Қостанай, Талдықорған, Барнауыл оқушыларымен хат жазысып тұрамын. Пионерлер мен комсомолецтердің Панфилов дивизиясының ерлік жолы туралы бәрін білгісі келеді. Біздің жастарымыз жақсы. Тұрмыста маған тұрақты көмек көрсететіні үшін Алматының В. Клочков атындағы № 23 мектебінің оныншы класс оқушыларына алғыс айтқым келеді.

А. И. ХАЛИМОЛДИНА (ПРОКОПЕНКО): Мен де жастармен, әсіресе 30-шы гвардиялық дивизиямыздың музейі бар № 12 мектеп-интернаттың оқушыларымен жиі кездесемін. Алматы мен Семей медицина институттарының студенттерінде боламын. Жастарға идеялық-саяси және адамгершілік тәрбие беруге көп көңіл бөле беру керек деп ойлаймын. Нақ идеялық наным мен жоғары адамгершілік азаматты, патриотты қалыптастырады, Отан үшін ерлікке даярлайды.

Әңгімені жүргізген А. МОЛЧАНОВА.


Бесжылдықтың еңбек ырғағы

Ақтөбе. Ақтөбе ауданының «Елек» совхозында суармалы алқап 300 гектарға ұлғайтылады. Келесі жылы 2 мың гектар осындай суармалы жер болады.

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумының шешімдерін талқылай отырып, шаруашылық қызметкерлері мелиорацияланған жердің қайтарымын шұғыл көтеруге ұйғарды. Шаруашылық есеп бұған белсенді көмектесетін болады. Үстіміздегі жазда оны 7 звено қолданды. Соның нәтижесінде сырттан адам тартпай-ақ егістік бапталды, ал овощ өткен жылға қарағанда көп тапсырылды.

Қостанай. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 67 жылдығы қарсаңында темір рудасы геологиялық-барлау экспедициясының коллективі темір рудасы қорының өсімі жөнінен бесжылдық тапсырманы орындады. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты И. С. Донцов басқаратын бұрғылау бригадасы социалистік жарыста таңдаулы нәтижелерге жетті. Ол 1986 жылдың июнь айы есебіне еңбек етеді, ал И. Д. Гноев пен М. Б. Белов басқаратын бригадалардың еңбек календарында тиісінше келесі жылдың октябрь және ноябрь айлары.

Digitized by Google



Мәдениет пен мораль мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

ХАЛЫҚ ЕРЛІГІНЕ АРНАЛАДЫ

Д. ӘБДІРАХИМОВА,
Көркем творчествоның Бүкілодақтық байқауын өткізу жөніндегі республикалық ұйымдастыру комитетінің председателі,
Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің секретары

Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына арналған көркем өнер творчествосының Бүкілодақтық байқауын өткізу туралы шешім қабылдағаннан бері бір жылдан астам уақыт өтті. Осы кезде халық таланттарының күшімен совет адамдарының ерлігін мадақтау, ал әуесқойлық өнер құралдары арқылы жоғары азаматтылыққа, патриотизмге, интернационализмге, әлеуметтік және еңбек белсенділігіне тәрбиелеу үшін көп нәрсе жасалды. Оның ауқымында республикамызда көркемөнер коллективтерінің творчестволық есептері, СССР халықтарының еңбегі мен достығы туралы ән мен музыка мерекелері, ерлік-патриоттық және революциялық әндер мейрамы, үрмелі оркестрлердің марш-парады, музыка, театр апталығы, балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптар он күндігі және басқа шаралар өтті.

Осы байқаудың басты ерекшелігі мынада: бұл шаралардың бәрі тікелей еңбек коллективтері мен оқу орындарында өткізілді. Ол көркемөнер коллективтерінің мейлінше бұқаралық болуына көмектесті. Олар заводтар мен фабрикалардың цехтарында, жатақханалардың қызыл мүйістерінде, әскери бөлімдерде құрылды. Соның арқасында әуесқойлық творчествоға жұмысшылар мен колхозшылар барған сайын көптеп қосылуда. Бір ғана кәсіпорын бойынша деректер мынадай: Еңбек Қызыл Ту орденді Қарағанды кондитер фабрикасында көркемөнерге 366 қатысушыдан 306 адам коммунистік еңбек екпіндісі, көпшілігінің үкімет наградалары бар. Ал «Халықтық әуесқой коллектив» жоғары атағына ие болған республиканың творчестволық бірлестіктерінде өндірісшілер олардың тең жартысынан астамын құрайды. Олардан мыңнан астам адам ордендермен және медальдармен наградталған. Бес жарым мыңы көркемөнерге белсене қатысқаны үшін ВЦСПС белгісімен, грамоталармен және дипломдармен аталды.

Көркемөнер коллективтерінің көпшілігі концерттен түскен қаржыны Советтік бейбітшілік қорына аударады. Мәселен, олар үстіміздегі жылы январь-октябрьде бейбітшілік қорына 50 мыңнан астам сом аударды.

«Өнер мен еңбек одағы» девизімен соғыс және еңбек ардагерлері өндірістік коллективтер алдында творчестволық есептер береді. Еңбек пен мәдениеттің лениндік эстафетасы дәстүрге айналды. Әуесқой артистер маңызды ауыл шаруашылық науқандарын идеологиялық жағынан қамтамасыз етуге белсене қатысуда.

Байқау қала мен деревня арасындағы қамқорлық байланысты одан әрі нығайтуға көмектесіп келеді. Павлодар металлургтерінің Мәдениет сарайы мен Май ауданының қамқорлықтағы клубтарының бірлескен жұмысының тәжірибесі үлгі қызметін атқара алады. Қамқорлық жасаушылар село клубтарында тақырыптық кештер, ойын-сауық мерекелерін өткізуге көмектеседі, қамқорлықтағы совхоздар мен колхоздарға концерттермен баратын үгіт поездарын жасақтайды. Мұнда жарыс жеңімпаздарын атап, демалыс кештерін өткізеді. Сондай-ақ, қамқорлықтағы мәдени-ағарту мекемелерінің материалдық базасын нығайту туралы қамқорлық жасалады.

ҚПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында әуесқой өнер коллективтері репертуарының идеялық мазмұны мен көркемдік дәрежесі үшін мәдениет мекемелерінің жауапкершілігін күшейту жайлы айтылды. Байқау барысында концерттік программаларға жоғары талаптар қойылуда. Оларда азаматтық, патриоттық тақырыптар, көп ұлтты Советтік Отанымыз, замандасымыз, еңбек қаһарманы туралы шығармалар көп орын алады.

Әйтсе де, істің жайы барлық жерде бірдей емес. Республикамыздың бірқатар қалалары мен аудандарында вокальды-аспапты ансамбльдер қызметін бертіндегі зерттеу, ал жастар олардың негізгі аудиториясы, олардың репертуарында Отан, жұмысшы табы туралы әндер аз екенін көрсетті. Бұл, ішінара айтқанда, үстіміздегі жылы февральда өткен Алматы мектептері ансамбльдерінің соңғы қалалық конкурсы үшін тән көрініс болды.

Көбіне репертуарлар тым талғамсыз жасалған. Мұнда мәдениет органдары, кәсіподақ және комсомол ұйымдары тарапынан кемістіктер сезіледі. Бүкілодақтық байқауды өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің бюросы бертінде оған Қазақстанның вокальды-аспапты ансамбльдерінің қатысуы туралы

Digitized by Google

мәселені қарап, репертуардағы кемшіліктерді, көркемдік творчествоның ғылыми-методикалық орталықтары тарапынан оларға берілетін көмектің әлсіздігін атап көрсетті. Қазақстан Композиторлар одағының мүшелері эстрадалық-музыка коллективтері үшін шығармаларды өте аз береді. Республикалық ұйымдастыру комитеті, жергілікті жерлердегі ұйымдастыру комитеттері ансамбльдерге басшылық жасауды жақсарту шараларын қабылдауда. Бүкілодақтық байқау барысында мәдениспорт комплекстерінің күші толысып келеді, қазір і республикада 300-ден астам комплекс бар. Мәдени-спорт комплекстерін құруға сәйкес қалалар мен аудандардың көпшілігінде көркемөнерге қатысушылар саны қыруар өсті. Сонда да бірқатар облыстарда, мәселен, Жамбыл, Қостанай және басқа кейбір облыстарда оларды құру созбұйдаға салынуда.

Байқау программасы бойынша өткізілетін бұқаралық шаралармен тұрғындардың барлық категориясы қамтылуда. Мәселен, Шевченкода оның ауқымында өткізілген бейбітшілік апталығы соғыс ардагерлерімен кездесуден басталды. Жастар үшін «Ән жұмыс істеп, өмір сүруімізге көмектеседі» деген концерт, «Оқ тескен жолдар» поэтикалық кеші, пионерлер мен оқушылар үшін «Батылдық сағаты» кеші, «Адамдар қуанышына» деген балалар операциясы болды.

Басқа бір міндет — клубтан тыс жұмыс істейтін музыка коллективтерінің байқауына дербес жұмыс істеуші суретшілерді,фотосуретшілерді және кино әуесқойларын, бейнелеу өнері шеберлерін, семьялық ансамбльдерді тарту ойдағыдай шешілуде. Қазір Қазақстан облыстарының бәрінде бейнелеу және декоративті-қолданбалы өнер, әуесқой суретшілер' еңбектерінің көрмесі өтуде. Жерде оларға көңіл бөлу қажет.

Байқауға республикада тұратын барлық ұлттар өкілдері белсене қатысуда. Қазақстан қалалары мен селоларында құрылған немістің, ұйғырдың, корейдің, өзбектің, дүнгеннің, түріктің, гректің, курдтың және басқалардың музыка, драма және би коллективтері көрермендер қошеметіне бөленді.


Адамды суреткерлік өнерге тарту, эстетикалық тәрбие жастайынан басталса, ол тиянақты нәтижелер береді. Бір ғажабы сол, байқауға қатысушылардың тең жартысы — жастар, мектеп оқушылары, кәсіптік-техникалық училище оқушылары, студенттер. Мәселен, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің әрбір алтыншы студенті — көркемөнерге қатысушы. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, көптеген облыстық кәсіптік-техникалық білім жөніндегі басқармалары орта кәсіптік-техникалық училище оқушыларын байқауға тарту жөнінен белсенді жұмыс жүргізеді. Өкінішке қарай, кейбір жалпы білім беретін мектептерде, жекелеген жоғары оқу орындары мен техникумдарда көркемөнер коллективтері байқау кезінде ғана құрылады. Бұл кемшілік қазірде де жойыла қойған жоқ. Жеткіншек ұрпақты идеялық нанымға тәрбиелеу, адамгершілік және эстетикалық мұраттарды қалыптастыру мақсатымен оқу орындарында әуесқой өнер коллективтері жұмысын үнемі жетілдіре беру керек. Әйтсе де бірқатар облыстардың халық ағарту бөлімдері, жоғары оқу орындары мен техникумдардың басшылары суреткерлік творчествоға тиісінше көңіл бөлмейді.

Бүкілодақтық байқау туралы ереже творчестволық одақтардың, мәдениет пен өнердің профессионал қайраткерлерінің оған белсене қатысуын қарастырады. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдастың СССР Жазушылар одағы басқармасының мерекелік пленумында сөйлеген сөзінде ұсынылған талаптарға сәйкес бұл өте-мөте маңызды: «қоғамдық мінез-құлық пен адам сезімдерін тәрбиелеуде, ақыл-ойға да, жүрекке де ықпал ету қабілеті жөнінен әдебиетті, өнерді басқа ешнәрсе де алмастыра алмайды».

Осыншалықты асқақ миссияны табысты орындау үшін әдебиет пен өнер қайраткерлері еңбек коллективтерімен творчестволық байланысты нығайтып, әуесқойлық творчествоны дамытуға белсенді көмектесуге тиіс. Мәселен, бейнелеу және декоративті-қолданбалы өнердің әуесқой коллективтерінің жетекшілері мен оған қатысушылары СССР Суретшілер одағының мүшесі Н. И. Павленконы жақсы біледі Ол көптеген жылдар бойы бейнелеу және декоративті-қолданбалы өнердің әуесқой коллективтері жетекшілерінің семинарын өткізуге белсене қатысады. Үстіміздегі байқауды өткізу барысында ол Талдықорған, Шымкент, Алматы, Көкшетау облыстарының коллективтеріне көмектесті, республикалық ұйымдастыру комитетінің жұмыс тобына белсене қатысады. Көркемөнерге қатысушылар Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері М. Т. Балтабаевқа, СССР Суретшілер одағының мүшесі Н. А.Полонскаяға, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының аға оқытушысы Ж. Т. Темірғалиевқа және басқа адамдарға тұрақты кәсіптік көмегі үшін алғыс сөздерін айтады.

Халық творчествосы идеялық-көркемдік жаңа сатыға көтерілуде. Мұның өзіне мәдени-ағарту жүйесінің өсе түскен материалдық мүмкіншіліктері, әуесқойлық творчествоның талантты энтузиастжетекшілері, ең бастысы — совет адамдарының рухани және көркемдік талғамының орасан зор өсуі көмектесуде. Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына арналған Бүкілодақтық байқауды табысты өткізудің басты кепілі, байқаудың совет адамының саяси және еңбек белсенділігінің жаңадан өрлеуіне, асқақ адамгершілік бейнесінің қалыптасуына жақсы қызмет етуінің кепілі осында.

Digitized by Google



Халықаралық өмір мәселелері жөніндегі әңгімелер үшін

ЖАЛАУЫ ЖӘНЕ АР-ОЖДАНЫ ЖОҚ ТОНАУШЫЛАР

Спорт хабарларының тұрақты телекөрермендеріне халықаралық кездесулерді трансляциялау кезінде кадрлар сөзсіз тап болатын түрлі-түсті жарнамалық қалқандар, әлбетте, көрінген болар. Қызықты көрініс: Монреалдан, Нью-Йорктен, Парижден, Мадридтен немесе Токиодан хабар, немесе футбол ойыны, баскетбол немесе волейбол командаларының кездесуі, жеңіл атлетика жарысы немесе бокс трансляцияланып жатқан кезінде телевизор экрандарынан сол бір атаулар, жарнамалар мен сауда марқалары ұшырасады. Сөйтіп қысқартылып ТНК деп аталған трансұлттық корпорациялар орасан зор шығынмен есептеспей-ақ қарапайым адамға арналған «жалауы және ұлттық тегі жоқ планетарлық әрекет ету ұйымы» ретінде өзін орнықтыруда. Әйтсе де батыстың осы ірі империалистік монополиясының нақты өмірі олардың телевизиялық жарқыраған жылтыр, әрі сырттай елеусіз жарнамадан шұғыл ерекшеленеді.

СОҢҒЫ ОНЖЫЛДЫҚТА Біріккен Ұлттар Ұйымының документтерінде «заңдастырылған» «трансұлттық корпорациялар» деген атаудың аржағында осы заманғы капиталистік дүниенің аса ірі және ашқарақ монополиясы жатыр, ол бір мезгілде бірнеше елде өндірістік, финанс, сауда және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады. Оның түрлі капиталистік мемлекеттерде, сондай-ақ бұрынғы отар елдерде шашырай жатқан ондаған заводы бар, жүздеген мың жұмысшы мен қызметшіні қанайды, тармақталған транспорт, информация және сауда жүйесі, өз банкілері мен ғылыми-зерттеу мекемелері бар. Өздерінен бұрынғылар — жазалаушылармен, трестермен салыстырғанда, монополистік капиталдың осы заманғы бұл өкілдері өз қызметінің географиялық және саяси шекарасын болып көрмеген мөлшерде кеңейтті, ал экономикалық операциялардың ауқымы жөнінен тұтасынан бірқатар мемлекеттермен бәсекелесе алады. Трансұлттық корпорациялар шағын және орташа капиталистік шаруашылықтар тасқынында сонша көп болмағанымен,— небары 11 мыңға жуық, 46 миллион адам еңбек ететін өздерінің 82 мың филиалдарының көмегі арқылы өз қармауыштарын өкіметтің экономикалық тұтқаларына ғана созып отырған жоқ, сондай-ақ халықаралық қатынастарға ибасыздықпен еніп, суверенді мемлекеттердің ішкі істеріне араласады, жалдамалыларды құпия түрде қаржыландырады, қарулы жанжалдарға арандатады.

Жанталаса қаруланудан орасан зор кіріс ала отырып, трансұлттық корпорациялар әскери желікті өршітушілермен бір қатарда келеді. Өз елдерінде мейлінше қуатты монополистік бірлестіктер болып отырған трансұлттық корпорациялар, әдетте, өзінің мейлінше әлсіздеу бәсекелестерін әскери заказдардың «пайдалы жерінен» оңай серпіп тастайды. АҚШ-та, мәселен, Пентагон контрактарының үштен екісін небары 50 фирма алады. Батыс Европа мен Жапонияда әскери өндірістің шоғырландырылуы осыншалықты жоғары. Монополия мен мемлекет мүддесінің астасуы империализмнің әскери-өнеркәсіп комплексін құруға жеткізуде. Ал ол өз төңірегіне аса реакцияшыл және консервативті күштерді топтастыруда.

Жер бетіндегі халықтың үштен екісі тұратын Азия, Африка және Латын Америкасы елдерін жанталаса қаруландыруға тартқаны үшін нақ трансұлттық корпорациялар жауапты. Азат болған елдер халықтарын бір-біріне айдап салып, осы аймақтарда өзінің әскери базаларын жасап, нақты ішкі тұрақсыздықпен және жалған коммунистік қауіппен үрейлендіріп, өткеннен мирас боп қалған территориялық дауларды өршітуде. АҚШ және оның НАТО бойынша одақтастары батыстық пиғылдағы реакцияшыл режимдерді өздерінің арсеналдарынан қару-жарақ алуға итермелейді. Рейган әкімшілігі өкімет басында болған жылдар ішінде қару-жарақ экспорты жаңадан үдетіліп, рекордты деңгейге жетті. 1982 финанс жылында, мәселен, американдық монополия қару-жарақ үшін 20,8 миллиард доллар алды, ал 1950 жылдан қазіргі уақытқа дейін олардың қару-жарақ экспортынан тапқан бүкіл кірісі 148,3 миллиард долларлық астрономиялық соманы құрады.

БАЙЛЫҚ — ол трансұлттық корпорациялардың өз елдерінің саясатына бақылауына, сондай-ақ, шын мәнінде оны талдап жасауына мүмкіндік береді. Жекеменшік пен өкімет Батыстың империалистік орталықтарында мыңдаған арқаулар арқылы біртұтас түйінге айналған. Мәселен, АҚШ парламентінде іс-әрекет жасайтын алпауыттар барлық трансұлттық корпорациялардың дерлік мүдделерін бейнелейді. Әйтсе де мұның

Digitized by Google

өзі ірі капиталға жетімсіздеу көрінеді, содан барып ол капитал иелерінің өзін парламент және өкімет орындықтарына отырғызады. Бұл тұрғыдан американ өкімшілігіндегі ірі жүз чиновниктің әрбір төртіншісі миллионер екенін ескерту артық болмас. АҚШ президентінің өзі де миллионер, ал вице-президент Буш, Пентагон басшысы Уайнбергер және финанс министрі Риган мультимиллионерлер қатарына енеді. Кемінде жүз миллионер АҚШ конгресінде мәжіліс құрады. Трансұлттық корпорациялар жоғары басқарушыларының жоғары өкімет чиновниктеріне дейін және кері қарай «көбеюін» басқа батыстық «демократиялардан да» байқауға болады. Бұл Италия, ФРГ, Франция, Англия... үшін тән. Жапонияда, мәселен, қызметкерлері «уақытша үкімет қызметшісі» қызметін қоса атқармаған бірде-бір ірі банк қалған жоқ. Сонымен бизнес өкімет тұтқасын тікелей өз қолында ұстап отыр.

Дегенмен трансұлттық корпорацияларда өз мүдделеріне жетуінің қосымша құралдары да аз емес. Бұл, ең алдымен корпорациялардың партиялар мен жекелеген кандидаттардың сайлау қорына беретін жарналары. АҚШ-та, мәселен, корпорациялар жанынан 3 мыңнан астам «саяси іс-қимыл комитеті» құрылды. Қосымша үкімет ұйымдары деп аталатындар — түрлі бейнедегі комитеттер, советтер т. б. таралды. Олар бір мезгілде чиновниктер мен бизнесмендерден тұрады.

Осы тығыз одақта бәрі: коррупция да, боспа да, бұқаралық информация құралдарын пайдаланушылық та іске қосылады. Оның үстіне соңғысы толығынан дерлік Батыста жекеменшік иелігінде тұр. Бұл байланыстардың нәтижелері айқын. «Рейганомика», «тетчеризм» немесе ФРГ-дегі «жаңа коалицияның» экономикалық саясаты кімдердің мүддесіне жұмыс істейтіні бірден көрінеді. Демек осы саясатқа дем берушілер жасырынбақшы емес. Мәселен, Европалық экономикалық қауымдастық елдерінің кәсіподақ бірлестіктері трансұлттық корпорация кәсіпорындарында кәсіподақ правосын қорғау туралы заң жобасын европалық парламентке ұсынғанда осы корпорациялар алпауыттарының іс-әрекеті арқылы заң жобасының сипатын түбірінен өзгерткен 35 түзету енгізілді.

Корпорациялар өздерінің қайсыбір қадамын өздерінің таптық мақсатымен мөлшерлеп, империализмнің стратегиялық жоспарымен сәйкестендіреді. Батыс үкіметтерінің басшылары, парламентарийлері және тәжді басшылары монополистік бірлестіктер тарапына кейде сын-ескертпелер жасайды, кейде осы жыртқыштардың тәбетін әйтеуір ауыздықтау қажетімен сөз жүзінде келіседі, ал шындығында олардың мүддесін қорғау үшін мүмкін болғанның бәрі жасалады. Бұл сырттай наразылық — саяси тұрғыдан танымал болу ниетімен жасалған небары тактикалық айла-шарғы. АҚШ трансұлттық корпорацияларға қызметке қойылған мемлекеттік саясаттың үлгісі болып табылады. Мәселен, трансұлттық корпорациялар шығынын өтегісі келмейтін кәсіпорындарын национализациялаған жағдайда жекеменшік сақтандыру компанияларын алмастырып, АҚШ үкіметі шетке шығарылатын капиталдың 20 жыл бойы сақталуына кепілдік береді.

Трансұлттық корпорациялардың мүддесіне қауіп төнгенде американ үкіметі пайдаланатын тікелей қысым жасау әдісін де бұған қосқан жөн. Бұл «заңды» негізде жасалуда. Өйткені 1965 жылдың өзінде АҚШ конгресі американдық трансұлттық корпорациялар мүлкін национализациялауға ниеттенген мемлекеттерге экономикалық қысым жасауды көздейтін арнаулы түзету қабылдады. Дегенмен корпорациялардың өздері де бұрынғы отарларда өздерін кедей туыс-қандар ретінде сезінбейді, олар үшін уақыт сол күйінде қалған сияқты. Олар контрреволюция отрядтарын жасақтауға, олардың жас прогресшіл мемлекеттер территориясына басып кіруін, ұлтазаттық қозғалысқа қарсы күресін қаржыландыруға белсене қатысады. Мәселен, Анголада, Мозамбикте, Бенинде осылай болды. Мемлекеттік төңкерістерге тікелей қатысады. Гватемалада, Ирандa, Конгодо, Чилиде, Боливияда осылай болды.

Олар өздеріне жағымсыз үкіметтерге қарсы зиянкестік қызмет жүргізеді, бұл үшін өзінің полициясы мен барлауына қоса қуатты аппарат ұстайды.

Оңтүстік африкандық нәсілшілдік режимнің өзіндік «халықаралық таянышы» ролін атқара отырып, нақ трансұлттық корпорациялар апартеид системасының сақталуына жауапты. Шетелдік капитал операциясы енді Оңтүстік Африка республикасы экономикалық өсімнің үштен бірінен астамын қамтамасыз етеді және Біріккен Ұлттар Ұйымының трансұлттық корпорациялар жөніндегі Орталығы сарапшыларының атап көрсеткеніндей, осы елдің әскери потенциалының негізін құрайды, яғни Оңтүстік Африка республикасының халықаралық тиым салуды орағытып, өзінің қару-жарағы болуына мүмкіндік береді. Іс жүзінде мұнда жергілікті капиталмен немесе жекелеген түрде өз жарнамасымен немесе аздап өзгертілген және құпияландырған жарнамамен 1.600 шетелдік трансұлттық корпорация қамтылған.

АРЗАН ЖҰМЫСШЫ КҮШІН аяусыз қанау шетелдік капитал үшін жоғары түсімнің өзгермес қайнары болып қалды. Жекелеген «кедей» елдерде халықтың 50 процентіне жететін жұмыссыздық жағдайында, әрине, еңбекке деген бағаны төмендетеді. Американдық корпорациялардың Африкадағы, Сингапурдағы, Гонгонктегі филиалдарында істейтін жұмысшылардың жалақысы осындай жұмыстарды атқаратын олардың американдық әріптестеріне қарағанда 10—15 есе төмен. Батыс германиялық «Фолькс ваген» концерні жетекші-

Digitized by Google

лерінің бірі тікелей былай деді: «Америкада бір марка алу үшін маған керекті уақыт ішінде Бразилияда қалтама 5 марканы оп-оңай саламын».

Трансұлттық корпорациялардың азиялық, африкалық және латин американдық елдердегі филиалдары, әдетте, бас корпорациялардың негізінен еңбекті көп керек ететін өнімдерді өндіру, дайын көйлек пен аяқ киім тігу, радио электронды және басқа аппаратураны, тұрмыстық электр техникасын, сағаттарды т. б. құрастыру жөніндегі жекелеген құрастыру цехтары болып табылады. Оларда әйелдер мен балалар еңбегі кеңінен қолданылады. Мәселен, 250 американдық монополия иелік жасайтын Мексиканың экспорттық шекара аймағында 40 мың адам жұмыс істейді. Олардың басым көпшілігі — 80 процентten астамы 16 жастан 25 жасқа дейінгі әйелдер. Олардың еңбегі осындай жұмысты атқаратын ерлер еңбегіне қарағанда қыруар аз төленеді.

Трансұлттық корпорациялар мол түсім алу үшін бәріне дайын. Олар өз қызметін өрістеткен елдің проблемалары оларды мүлдем толғандырмайды. Мәселен, соңғы жылдары трансұлттық корпорациялар Африкада, Азияда және Латын Америкасында көлемді егіс алаңдарын өз қолдарына алды. Сөйтіп, онда экспортқа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіреді, мұның өзі ішкі тұтынуға арналған азық-түлік өндіруді қысқартуға және ашаршылыққа табиғи түрде әкеп соқты. Шетелдік монополиялар 80 миллион акр жерді сатып алған Бразилияда сыртқа тасылатын соя бұршақтарын өндіру өте-мөте өсті, оның есесіне халықтың, әсіресе кедейлер тағамының дәстүрлі өнімі — фасоль өсіру шұғыл кеміді.

Сонымен ел мал жеміне арналған соя бұршақтарын арзан бағамен сатады. (осы операциядан алынған бүкіл түсімдер американдық трансұлттық корпорациялар сейфіне түседі) және сонымен бірге солбір трансұлттық корпорациялардан жоғары баға бойынша сыртқы рыноктан фасоль сатып алуға мәжбүр болып отыр. Оңай, сонымен бірге тиімді айла. Империалистік осындай айла-шарғылардың салдарынан соңғы жылдары сол Бразилияда сыртқы қарыз 95 миллиард долларға дейін өсті, ал шетелдік вкладчиктердің кірісі дүние жүзіндегі ең жоғары деңгейге жетті.

Монополияның тонаушылық саясаты — Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің экономикалық жағдайының ұдайы нашарлау себептерінің бірі. Азат болған дүниеде трансұлттық корпорациялар кірісінің орташа нормасы индустриалды капиталистік мемлекеттердегі осы нормадан екі еседен астам асып түседі. Мынаны атап көрсету қажет: империализмнің отарлық системасы тұсында мүлдем кедейлік шегіне жеткізілген адамдарды аяусыз қанайды, оларға кем төлейді, тонайды.

Азат болған елдерде трансұлттық корпорациялардың және трансұлттық банктердің жыл сайынғы кірісі 150 миллиард доллардан асады. Яғни Батыс өз өнеркәсібін жаңартуға жұмсайтын сомадан асып түседі. Сөз жүзінде батыс азиялық, африкалық және латин американдық елдер өнеркәсібін қаржыландырады деп тұжырымдайды, ал іс жүзінде азат болған елдер империалистік мемлекеттердің одан әрі өнеркәсіптік өсуін қаржыландыратын кері көрініс туындайды.

«Күштерді қайта орналастыру», «технология экспорты», «капитал жұмсалатын сыртқы жүйеге бағдар ұстау» — осы секілді олардың ғылыми терминдерімен буржуазиялық зерттеушілер қазіргі трансұлттық корпорациялар іс-әрекетінің империалистік мәнін бүркемелеп, дамушы елдер халықтары олардың экономикасына трансұлттық корпорациялардың қатысқаны үшін тағдырға разы болуға тиісті деп көрсетуге әрекеттенуде. Сонымен бірге объективті талдау мынаған көз жеткізеді: бүгінгі трансұлттық корпорациялар қайырымдылар емес, жалауы мен ар-ұжданы жоқ тонаушыларды бейнелейді. Азат болған жас елдер үшін отаршылдық дәуіріндегі капиталистік трестерге, жазалаушыларға және монополияларға қарағанда олар көбірек қауіп төндіреді.

Н. ЕРМОШКИН,
тарих ғылымының кандидаты.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-07, 33-80-56,

33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.
Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. ЖҰРСІМӘМБЕТОВА.
Техникалық редактор Л. И. ЛОСЕВА.

Сдано в набор 11.11.84. Подп. к печати 28.11.84. УГ00148. Формат 70×108¹/₁₆. Печ листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 4,3. Печать высокая. Тираж 65000 (казахское издание — 33124 экз., русское издание — 31876 экз.). Заказ 131. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



Digitized by Google

«Плакат» баспасы.




Digitized by Google

Digitized by Google

Digitized by Google





Digitized by Google